

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY



ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 2(72)



ISSN 1728-7804

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№2(72)

Алматы, 2020

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы,
№2(72), 2020

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор

п.ғ.д., профессор, академик

Б.Ө. Сманов

Бас редактордың орынбасары

ф.ғ.д., профессор **Б.Әбдіғазилұлы**

Ғылыми редакторлар

ф.ғ.д., проф. **С.Ж. Әбішева,**

ф.ғ.д., проф. **Қ.Ө. Есенова,**

ф.ғ.к. **А.Д. Ибраева**

Редакция алқасы:

ф.ғ.д., проф.

У.М. Бахтиреева (Ресей),

PhD докторы, проф.

И.З. Белобровцева (Эстония),

ф.ғ.д., проф.

Ердоған Алтынқайнақ (Түркия),

ф.ғ.д., проф.

А.К. Киклевич (Польша),

ф.ғ.д., проф.

Г.Л. Нефагина (Польша),

магистр, проф.

Нонако Сусуму (Жапония),

п.ғ.д., проф.

Н.И. Ишекеев (Қырғызстан),

ф.ғ.д., проф. **Жан Динжиң** (Қытай),

п.ғ.д., проф. **Чан Дин Лам** (Вьетнам),

PhD доктор **Г.С. Каримова**

(жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2020

Қазақстан Республикасының

мәдениет және ақпарат

министрлігінде 2009 жылы мамырдың

8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 21.09.2020 қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 82.5 е.б.т.

Таралымы 300 дана. Тапсырыс 456.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университетінің

«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
C o n t e n t

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Алдаш А. Қазақ тілі қазіргі жағдайда: қазақ тілін жаңғырту және реформалау.....	11
Aldash A. Kazakh language in modern conditions: modernization and reform of the language.....	
Қосымова Г. Ауызша сөйлеу актісі - күрделі құбылыс.....	17
Kossymova G. Verbal speech act is a complex phenomenon.....	
Құрманбайұлы Ш., Әділов М. Абай шығармаларындағы «тұғын» жұрнақты есімшенің қолданысы.....	21
Kurmanbaiuly S., Adilov M. The use of the sacrament “thugin” in the works of Abai.....	
Күдерінова Қ. Қазақ тіл біліміндегі сөздердің бірге жазылу процесінің зерттелу тарихы.....	34
Kuderinova K. History of studying the process of fused writing words in kazakh linguistics.....	
Сағындықұлы Б., Раева Г. Вариантные слова втюркских языках...	40
Sagyndykuli B., Raeva G. Optional words in Turkish languages.....	
Қапалбек Б. Орта мектептегі қазақ тілі пәнінің бағдарламасын жетілдіру керек.....	46
Karalbek B. It is necessary to improve the kazakh language program in secondary schools.....	
Кажигалиева Г., Орынханова Г., Каримова Б. Аксиологические ориентиры модернизации общественного сознания в Казахском дискурсе СМИ: лингвокогнитивный аспект.....	50
Kazhigalieva G., Orynkanova G., Karimova B. Axiological guidelines for the modernization of public consciousness in the Kazakh media discourse: linguistic and cognitive aspect.....	
Әбдуәлиұлы Б. Антропонимдік өзек және лексикалық сабақтастық	
Abdualiyuly B. Anthroponymic basis and lexical continuity.....	57
Молдасанов Е. Таңжарық Жолдыұлының шығармаларындағы “концепт” мәселесі, оның ақын шығармаларындағы көрнісі.....	63
Moldasanov E. The problem of "concept" in the works of Tanjaryk Gadioli, it is reflected in the works of the poet.....	
Ильясова Н., Абилдаева А. Сөйлеу мәдениеті: антрополигвистикалық талдау.....	69
Ilyassova N., Abildayeva A. Culture of speech: antropolinguistic analyses.....	
Әміржанова Н. Қазақ грамматологиясының негізгі түсініктері мен параметрлері.....	76
Amirzhanova N. Basic concepts and parameters of Kazakh grammatology.....	
Жиренов С. Қазақ ертегілеріндегі орнитологизмдердің тілдік-танымдық табиғаты.....	84
Zhirenov S. Language and cognitive nature of ornitologism in kazakh tales.....	

Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки»,
№2(72), 2020

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.п.н., профессор, академик
Б.У. Сманов

Зам. гл. редактора
д.ф.н., профессор Б.Абдигазулы

Научные редакторы
д.ф.н., проф. С.Д. Абишева,
д.ф.н., проф. К.О. Есенова,
к.ф.н. А.Д. Ибраева

Редакционная коллегия:
д.ф.н., проф.

У.М. Бахтиреева (Россия),
доктор Ph(D), проф.

И.З. Белобровцева (Эстония),
д.ф.н., проф.

Ердоган Алтынкайнар (Туркия),
д.ф.н., проф.

А.К. Киклевич (Польша),
д.ф.н., проф.

Г.Л. Нефагина (Польша),
магистр, проф.

Нонако Сусуму (Жапония),
д.п.н., проф.

Н.И. Ишекеев (Кыргызстан),
д.ф.н., проф. Жан Динжин (Китай),
д.п.н., проф. Чан Дин Лам (Вьетнам),
доктор PhD Г.С. Каримова
(ответ. секретарь)

© Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2020

Зарегистрировано в Министерстве
культуры и информации Республики
Казахстан 8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 21.09.2020.
Формат 60x84 1/8. Объем 82.5
уч.-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 456.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского
национального педагогического
университета имени Абая

Жиренов С. Қазақ ән мәтіндеріндегі орнитологизмдерге лингвистикалық шолу.....	90
Zhirenov S. Linguistic review of ornithonyms in texts of kazakh songs...	
Орынбаева Д. Материалдық мәдениеттің символдық мәні.....	95
Orynbayeva D. Symbolic significance of material culture.....	
Қосымова Г., Исаханова Қ. “Бабалар сөзіндегі” педагогикалық идеялар (ойлар).....	101
Kossymova G., Issahanova K. Pedagogical ideas (thoughts) in “Babalar sozi (Words of the Ancestors)”.....	
Kulakhmetova M., Tasbolatov O. Sociocultural aspect as a component of foreign language communicative competence	105
Кулахметова М., Тасболатов О. Шет тілінің коммуникативті күзiреттiлiгiнiң бөлiгi ретiндегi әлеуметтiк-мәдени аспект	
Қосымова Г., Бурибаева Ж. Мақсат категориясының қазақ тіл біліміндегі көрінісі	112
Kossymova G., Buribayeva Z. Approach to the purpose category in kazakh linguistics	
Алдашева К. Жаңа сөздердің менталды лексикондағы кумуляциясын зерделеу: өзектілік және қажеттілік	117
Aldasheva K. Studying the cumulation of new words in the mental lexicon: relevance and necessity	
Сейітбекова А. Кейбір кірме бірліктердің дыбыстық игерілуі жайында.....	125
Seitbekova A. About phonetic transformations of some borrowed words	
Шакенова М., Ташимханова Д., Баймаханбетов М. Манипулятивный потенциал лексических единиц (на материале казахстанского массмедийного дискурса)	130
Shakenova M., Tashimkhanova D., Baymakhanbetov M. Manipulative potential of lexical units (based on the material of the kazakh mass media discourse)	
Атабаева М., Булекбаева Л., Жылқыбаева А. Ш.Сарыбаев аймақтық лексикадағы тағам атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері жайында	137
Atabayeva M., Bulekbayeva L., Zhilkibayeva A. Sh.Sarybayev on lexico-semantic features of food names in regional vocabulary	
Zhumagulova B., Ershai G. Dialectic interaction of reality and unreality in Peter Ackroyd’s Work “Thames: Sacred river”	143
Жумагулова Б., Ершай Г. Питер Акройдтың “Темза: Қасиетті өзен” шығармасында шынайы және шынайы емес диалектикасының өзара әрекеттесуі	
Ashinova K. The semantic organization of diplomatic terms.....	151
Ашинова К. Дипломатиялық терминдердің семантикалық құрылысы	
Kartbayeva D., Zhambylkyzy M. Derivation and formation features of pharmacological terminology in russian and english languages	156
Картбаева Д., Жамбылқызы М. Фармакологиялық терминологияның ағылшын және орыс тілдерінде туындысы және құрылуының ерекшеліктері	

**Kazakh National Pedagogical
University named after Abai**

BULLETIN

**Series «Philological sciences»
№2(72), 2020**

Editor in chief

doctor of pedag. sc., prof., academician
B.U. Smanov

Deputy Chief Editor

doctor of philology, professor
B.Abdigaziuly

Scientific editors

doctor of philology, professor
S.D. Abisheva,
*doctor of pedagogical sciences,
doctor of philology sciences,
professor* **K.O. Esenova,**
candidate of Philology **A.D. Ibrayeva**

The editorial board members:

doctor of Philology, professor
U.M. Bakhtikireeva (Russia),
PhD, professor

I.Z. Belobrovceva (Estonia),
doctor of Philology, professor

Erdogan Altynkainak (Turkey),
doctor of Philology, professor

A.K. Kiklevich (Poland),
doctor of Philology, professor
G.L. Nefagina (Poland),
master, professor

Nonako Susumu (Japan),
*doctor of pedagogical sciences,
professor* **N.I. Ishekeyev** (Kyrgyzstan),
doctor of Philology, professor

Zhan Dingzhing (China),
*doctor of pedagogical sciences,
professor* **Chan Din Lam** (Vietnam),
PhD **G.S. Karimova**
(executive secretary)

**©Kazakh National Pedagogical
University named after Abai, 2020**

Registered in the Ministry of Culture
and Information of the Republic of
Kazakhstan 8 May 2009 №10109-Zh/Ж

Signed in print 21.09.2020.
Format 60x84 1/8. Volume 82.5
teaching and publishing lists.
Number of copies 300. Order 456.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
KazNPU named after Abai

Publishing House “Ulagat” of the
Kazakh National Pedagogical University
named after Abai

Карагулова Б. Түркі тілдеріне тән заттық-мәдени атаулардың эволюциясы	161
Karagulova B. Evolution of the real cultural names appropriate of turkic languages	
Мусатаева М., Кожаметова А. Языковые средства и способы реализации аксиологической семантики (на материале казахстанской прессы).....	166
Mussatayeva M., Kozhakhmetova A. Language tools and methods of realization of axiological semantics (on the material of the Kazakhstani press).....	
Бузаубагарова К., Оналбаева Г. Цветообозначения как составляющая языковой картины мира	176
Buzaubagarova K., Onalbayeva G. Color designations as a component of the language picture of the world	
Садуақас Н., Кушкимбаева А., Милов М. Қазақ тілтану парадигмасындағы Қ. Жұбанов еңбектері	183
Saduakas N., Kushkimbayeva A., Mirov M. The works by K.Zhubanov in the kazakh language paradigm	
Roziyeva D., Zhampeis K., Badalova S. Political correctness as a lingustical phenomenon	191
Розиева Д., Жампейіс К., Бадалова С. Саяси құқықтық тілдік феноменон	
Лепесбай Г., Смағұлова Г. Институционалды қарым-қатынастардың ерекшеліктері: әлеуметтік институттар.....	196
Lepesbay G., Smagulova G. Features of institutional relations: social institutions	
Койлыбаева Р., Жунисова М. Отбасы дискурсына тән негізгі белгілер	202
Koilybayeva R., Zhunisova M. The main characteristics of the family discourse	
Набидуллин А. Студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудағы “Жалпы тіл білімі” пәнінің артықшылықтары мен мүмкіндіктері	206
Nabidullin A. Prospects and opportunities of the discipline “General linguistics” in improving the scientific and cognitive potential of students	
Күзембекова Ж., Ақшолоқова Р. Қазақ тілінің беделі – оның өміршеңдігінің кепілі	211
Kuzembekova Zh., Aksholakova R. Prestige of the kazakh language – guarantee of its vitality.....	
Меркибаев Т., Нурбаева А. История изучения понятия бинарности в мифологии	217
Merkibayev T., Nurbayeva A. History of studying the concept of binarity in mythology	
Қалибекұлы Т., Райхан Б. Қытай тіл біліміндегі жай сөйлемнің ерекшеліктері	226
Kalibekuly T., Rayikhan B. Features of simple sentences in Chinese language	
Галиева К., Исакова С. Концепт как объект изучения лингвистики	232
Galiyeva K., Isakova S. The concept as the object of study of linguistics	

Mukushev B., Ayazbayeva S. Conditions for the formation of intercultural communication among students of non -linguistic specialties	238
Мүкүшев Б., Аязбаева С. Тілдік емес мамандықтарда білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынастың қалыптасуының шарттары	
Суамбекова Г., Қасым Б. Қазіргі зерттеу кеңістігіндегі қазақ тілінің етістікті лексикасы	244
Suambekova G., Kasym B. Verbal vocabulary of the kazakh language in the context of modern research	
Оразалиева Э. Тілдік жады – этнотанымдық феномен, ұлағатты жадыгерлік ұғым (Ә. Қайдар еңбектері негізінде)	250
Orazaliyeva E. Language memory - ethnic-cognitive phenomenon, historiographic concept (based on A. Kaidar's works)	
Досова А., Испандиярова А. “Бала” концептісінің тілдегі көрінісі	256
Dossova A., Ispandyarova A. Thelinguistic aspect of the concept of “child”	
Тулкинбаев Н. Специфика юридического дискурса в практике юриста пенитенциарной системы	263
Tulkinbayev N. Specifics of legal discourse in practice lawyer of the penitentiary system	
Снабекова М. Космонимдік атаулардағы әлемнің тілдік бейнесі мәселесі	269
Snabekova M. The problem of the linguistic picture of the world in nominations of celestial bodies	
ӘДЕБИЕТТАНУ	
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ	
LITERATURE	
Акбулатов А., Әбдіғазилы Б. Ғабиден Құлахметтің “Үйірі жоқ көкжал” романы: әлеуметтік-тұрмыстық проблемалар, қылмыс хроникасы	274
Akbulatov A., Abdigaziuly B. Gabiden Kulakhmet's novel "Wolf without a pack": social and domestic problems, chronicle of crimes ...	
Матыжанов К., Даутова Г. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклорының этнографиялық байланыстары	278
Matyghanov K., Dautova G. Ethnographic relations of the kazakh family ritual folklore	
Орынханова Г., Каримова Б., Ибраева Ж. Спор о правде в драме М. Горького “На дне”.....	285
Orynkhanova G., Karimova B., Ibrayeva Zh. Dispute about the truth in M. Gorky's drama “At the bottom”	
Жанбершиева Ұ. Жыраулар – азаттық жаршысы.....	294
Zhanbershieva U. Zhraus-freedom novators	
Тұяқбаев Ғ., Cengel Н.К. Н.Ә. Назарбаевтың “Тәуелсіздік дәуірі” еңбегінің жанрлық ерекшелігі және тарихи маңызы	300
Tuyakbaev G., Cengel Н.К. Genre feature and historical significance of N.A. Nazarbayev’s work “The epoch of Independence”	
Тұяқбаев Ғ., Өтегенова А. Мұқағали Мақатаев күнделіктеріндегі көңіл-күй сезімдері	305
Tuyakbaev G., Utegenova A. Feelings expressed by M.Makatayev in his diary entries	

Тебегенов Т., Айтимов М., Сағынған Н. Қазақ прозасындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығы.....	310
Tebergenov T., Aitimov M., Sagingan N. The realism of the character and integrity of the artistic imagination in the kazakh prose	
Мүтисев З., Ақбулатов А. Сағат Әбдұғалиев поэзиясындағы мәңгілік адамзаттық құндылықтар	318
Mutiyeu Z., Akbulatov A. Eternal human values in the poetry of Sagat Abdugaliyev	
Айтимов М., Каримова Г. Қазіргі қазақ романдарындағы тарихи шындық пен көркем шешім ерекшеліктері (Р.Токтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман - хамсасының негізінде).....	324
Aitimov M., Karimova G. Features of historical truth and artistic solutions in modern kazakh novels (based on the novel of anchovy R.Toktarova “Abaydyn zhumbagy” (Mystery of Abay)”.....	
Сұлтанова Б. Д.Әшімханұлының “Жер аңсаған Сарыатан” повесіндегі авторлық дүниетаным	332
Sultanova B. Author's ideology in the narrative of D. Ashimkhanuly “Camel Longing for the earth”	
Жұмақасева Б. Абай шығармашылығын танытудың тарихилық ұстанымы	337
Zhumakayeva B. Historical principle of cognition Abaya's creativity	
Қожағұлов С. Абайдың педагогикалық ой-пікірлері	341
Kozhagulov S. The pedagogical thoughts of Abay	
Миров М. Абайтану ілімінің негізін қалаушы	345
Mirov M. The founder of Abaology science	
Sartbayeva E., Tokshylykova G. The concept “nose and knee” as a symbol of magical abilities of midnight’s children in Salman Rushdie’s novel “Midnight’s children”	351
Сартбаева Э., Тоқшылықова Г. Салман Рушдидің “Түн койнауындағы балалар” атты романындағы “мұрын мен тізе” концептісі түн балаларының сиқырлы қабілетінің символы ретінде..	
Таңжарықова А., Сатемирова Д., Келгембаева Б. Қазақ прозасындағы мифтің көркемдік қызметі.....	356
Tanzharikova A., Satemirova D., Kelgembayeva B. Artistic function of myth is in kazakh prose	
Каримова Г. Оралхан Бөкей туындыларының көркемдік-идеялық ерекшелігі	361
Karimova G. Artistic and ideological peculiarities of works by Oralkhan Bokey	
Оралова Г. Әл-Фараби мен Абай дүниетанымының логикалық үндестігі	365
Oralova G. Logical harmony of Al-farabi and Abay's worldview	
Көшекова А. Ат – ер қанаты	370
Koshekova A. Horse - saddle wing	
Онгарбаева А., Каримова Г. Абай и современность: синергетический подход духовного наследия	374
Ongarbaev A., Karimova G. Abay and modernity: a synergetic approach to spiritual heritage	
Ермағанбетова З. Мырзабек Дүйсеновтің күнделік жазбалары ...	379
Yermaganbetova Z. Diary records of Myrzabek Duisenov	

Әбдіқалық К., Алиева Ж. Мұхтар Мағауин әңгімелеріндегі аштық мәселесі	383
Abdikalyk K., Alieva Zh. The problem of hunger in the stories of Mukhtar Magauin	
Мауленов А., Нүсіпәліқызы А. Абай шығармаларындағы ұлттық дүниетанымдық концептілерді мифологиялық тұрғыдан жаңаша зерделеу	388
Maulenov A., Nusipalikyzy A. A new mythological study of the concepts of national worldview in the works of Abay	
Ержанова С., Жугаева А. Қазіргі қазақ прозасындағы аполиттік көзқарас пен эстетикалық әсер	393
Yerzhanova S., Zhutayeva A. Apolitical approach and aesthetic effect in contemporary kazakh prose	
Каримова Г., Сейсенбаева Ж. Болат Қанатбаев шығармаларының көркемдік әлемі.....	399
Karimova G., Seisenbayeva Zh. The artistic world of Bolat Kanatbayev's works	
Асқарова Г. Омер Сейфеддин новеллаларындағы өршіл рух	404
Askarova G. Heroic spirit in the stories of Omer Seyfeddin	
Кенжебаева Ж., Қойшыбаева М. Дарынды жан азабы	408
Kenzhebayeva Zh., Koishibayeva M. Tragedy of a talent	
Саламатова Р. Абай шығармаларын талдап-танудың актуальды проблемалары	414
Salamatova R. Analusis of Abai's works – current issues in the problem of recorgnition	
Абишева М. Ж.Шаштайұлы романдарындағы заман және замандас бейнесі	420
Abisheva M. The epoch and the image of the contemporary in the novels of Zh.Shashtayuly	
Картаева А., Мұхаметқалиева Г., Балтабаева Г. Абай ғұмырнамасын зерттеудің алғашқы кезеңі	425
Kartaeva M., Muhametkaliyeva G., Baltabayeva G.S. The initial period of research of Abay's biography	
Нүрдәулетова Б. XVIII-XIX ғғ. Маңғыстау ақын-жыраулары тіліндегі араб-парсы элементтері	430
Nurdauletova B. Arabic-persian elements in the language of the mangistau zhyrau of the XVIII-XIX centuries	
Келгембаева Б., Таңжарықова А. Жанат Әскербекқызы лирикасындағы анимистік бастаулар мен мифопоэтика.....	436
Kelgembayeva B.,Tanzharykova A. Animism and mythopoetics of Zhanat Askerbekkyzy's lyrics	
Шегебаев А., Қырғызбаева А., Халидуллаева Г. Қазақтың құдалыққа қатысты тұрмыс-салт жырларының этнографиялық негіздері	445
Shegebaev A., Kyrgyzbayeva A., Khalidullayeva G. Ethnographic basis of kazakh ritual songs relating to matchmaking	
Zholmakhanova A. Turkish period in literature of Kazakh diaspora	
Жолмаханова А. Қазақ диаспоралық әдебиетінің Түркия кезеңі	454
Нұрғазиев Т. Қазақ ертегілеріндегі мәдени-әлеуметтік орта	459
Nurgazyiev T. Cultural and social environment of kazakh tales	

Әбелдаев Ж. Түрік тарихи романының генезисі	464
Abeldaev. Zh. Genesis of turkish historical novel	
Kazmagambetova A. The development of the genre of the short story in the works of american and british writers	470
Казмагамбетова А. Америка және ағылшын филологиялық зерттеулеріндегі қысқа әңгіме жанрының мәселесі.....	
Ананьева С., Арукенова О. Номадическая картина мира в повести “Белая аруана” С. Санбаева	475
Ананьева С., Арукенова О. Nomadic picture of the world in the novel of S. Sanbaev “White Aruana”	
ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PEDAGOGI AND METHODOLOGI PROBLEMS	
Таубаева Ш., Иманбаева С., Балтабаева Ж. Докторанттардың дидактикалық көрсетілімдер арқылы ауызша баяндау құзыреттілігін дамыту	481
Taubaeva Sh., Imanbaeva., S., Baltabaeva Zh. The development of oral compotency through didactic demonstrations by doctoral students..	
Рауандина А., Бабажанова Ж. Етістіктің шақтарын оқыту әдістері	487
Rauandina A., Babazhanova Z. Teaching methods of verb tenses ...	
Игенбай Т., Балтабаева Г., Каримова Г. Сәкен Жүнісовтің “Өткен күндер белгісі” повесін талдауда кубизм әдісінің тиімділігі	491
Igenbay T., Baltabaeva G., Karimova G. The effective methods of cubism in analyzing of the story of Saken Junusov “A sign of passed deys”	
Сағындықұлы Б., Кеңес Б. Этимологияны зерттеудің жаңа әдісі: математика-логикалық әдіс	496
Sagyndykuly B., Kenges B. New method for the study of the etymology: mathematic-logical method	
Рысбаев С. Илимий жана элдик пеадагогика: методдору, принциптері	502
Rysbaev S.K. Scientific pedagogy: methods, principles	
Zhambylkyzy M., Dzhusakinova S. Modern polylingual situation in Kazakhstan	509
Жамбылқызы М., Джусакинова Ш. Қазақстандағы полилингвалды білім беру мәселесі	
Әбдіқалық К., Алиева Ж., Куланова М. Мектепте прозалық шығармаларды оқытудың тиімді әдістері	513
Abdikalyk K., Alieva Zh., Kulanova M. Effective methods of teaching prosaic works at school	
Абитова Ж., Сүлейменова Ж. Қазақ тілі сөзжасамын жаңартылған оқу бағдарламасы аясында оқытуда студенттерге қолдау көрсету	519
Abitova Zh., Suleimenova Zh. Teaching the kazakh word formationstudents in training under the updated curriculum	
Қабатай Б., Арпабекова Ш., Калиева В. Оқушылардың сыни мақала жазу дағдыларын зерттеп оқу арқылы дамыту	524
Kabatay B., Arpabekova Sh., Kaliyeva V. Developing a skill of writing critical articles in students throuh reading for specific information	

Кажигалиева Г., Алекешова Л., Кайрлиева Н. Культуроведческий аспект в преподавании русского языка в вузе Kazhigaliyeva G., Alekeshova L., Kairliyeva N. Cultural aspect in teaching the russian language in the university	531
Дуйсенова К., Тұрғынов Е. Синтаксисті семантикалық тұрғыдан оқытуда қолданылатын лингвистикалық әдістер..... Duisenova K., Turgunov Ye. Linguistic methods used in semantic teaching syntaxis	535
Сарбасова А. Шығармашылық - ізденіс технологиясының маңызы мен ерекшелігі	543
Sarbassova A. The essence and feature of search technology	
Оспанова У., Акоева И. Методологические основы применения мультиагентного подхода к формированию, экспертной разметке и классификации корпуса новостных текстов	549
Ospanova U., Akoyeva I. Methodological basis of the multi-agent approach application to the formation, expert labeling and classification of the corpus of news texts	
Bazarova D., Raeva K., Umbetbekova K. Application of game technology in english lessons	557
Базарова Д., Раева К., Умбетбекова К. Ағылшын тілі сабағында ойын технологиясын қолдану	
Бекмамбетова З. Система упражнений при изучении паремий с лингвокультурологической точки зрения на уроках русского языка	561
Bekmambetova Z. The system of exercises in the study of paremias with linguistic and cultural perspective on the lessons of russian language	
Панзабек Б., Балтабаева Н. Этнографиялық әңгімелердегі этномәдени ақпаратты оқыту әдістері	568
Panzabek B., Baltabaeva N. Methods of teaching ethnic and cultural information in the ethnographic conversations.....	
Smailova F. The impact of globalization on the study of foreign languages in the republic of Kazakhstan	574
Смаилова Ф. Қазақстан республикасындағы шет тілдерді оқытудың глобализациясы	
Омарбаева Г. Особенности обучения письму на занятиях по английскому языку в высшем учебном заведении	582
Omarbayeva G. Features of writing training in english lessons in the higher education institution	
Askarova S., Tursynbayeva K., Chakibayeva A. Competence- based approach in the formation of intercultural-communicative competence in foreign language teaching	588
Аскарова С., Турсынбаева К., Чакибаева А. Шетел тілін оқытуда мәдениетаралық қатысым күзіреттілігін калыптастырудағы біліктілік амалы	
Ayazbayeva A., Aldaberdy A., Kabdenova A. Early learning of english with fairy tales, songs	593
Аязбаева Ә., Алдабердіқызы А., Кабденова А. Кіші жастағы балаларға ағылшын тілін ертегі мен ән арқылы үйрету	

**АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION**

Қалибекұлы Т. Қытай тіл біліміндегі атаулардың қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы жайында	597
Kalibekuly T. About the the translation of Chinese linguistic termins in to kazakh and russian languages	
Қойбақова А., Досымбекова Р. Қытай тіліндегі мәдени сөздерді қазақ тіліне аудару мәселелері	608
Koymbakova A., Dossymbekova R. Problems of translation of cultural words in chinese to kazakh language	
Қатбаева Г. Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі тұрақты тіркестердің қытай тіліне аударылуы	614
Katbayeva G. Translation of sustainable word combinations in the book of words by Abai Kunanbaev into chinese language	
Абенова Р. Linguo cultural aspectsoftranslation of modernamericangonzo-reporting	621
Әбенова П. Заманауи американдық гонзо-репортаж аудару тәжірибесінің линвомәдени аспектісі	

**ЖУРНАЛИСТИКА
ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALISM**

Есенбекова Ұ. Саяси және әлеуметтік мазмұндағы трансмедиялық жобаларда ықпалдасу формалары	627
Yessenbekova U. Integration forms in transmedia projects with political and social content	
Есенбекова У., Доспан Д. Телевещание в Казахстане в условиях информационного общества. Правовые аспекты	632
Yessenbekova U., Dospan D. Broadcasting in Kazakhstan in conditions information society. Legal aspects	
Moshkal M., Akhapov Y. News media discourse as the basis of the information space	639
Мошқал М., Ахапов Е. Жаңалықтар медиа дискурсы ақпараттық кеңістіктің негізі	
Біздің авторлар	649
Our authors	653
Наши авторы	657

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының (2003 жылғы 26 маусым №433-3 ж бұйрығы) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы журналының “Филология ғылымдары” сериясын филология ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (приказ №433-3 ж от 26 июня 2003 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия “Филологические науки” внесен в перечень изданий для публикаций основных научных результатов диссертаций по филологическим наукам.

On the basis of decision of Committee for control in sphere of education and science (order №433-3 ж from June 26.2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series “Philological sciences” is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertation of philological sciences.

**ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS**

МРНТИ 16.21.61

Алдаш А.

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан*

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА:
ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҒЫРТУ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАУ**

Аңдатпа

Қазақ жазуының тарихы түбегейлі жаңа кезеңге ауысты: жаңа ғасыр басталған кезден бері латын графикасы негізіндегі қазақ тілін жаңғыртуға бағытталған саяси, заңнамалық және лингвистикалық бағыттағы іс-шаралар жүзеге асырылуда. 2000 жылдан бастап қазақ әліпбиін, тұтастай алғанда, қазақ тілін жаңғыртудың нормативті-құқықтық және саяси бағыттары тіл саясаты мен тіл стратегиясына арналған құжаттар мен бағдарламаларда көрініс тапты. Олардың негізгілері – елдегі тілдердің дамуы мен қолданылуын арналған мемлекеттік бағдарламалар; оларда тіл саясатын түсіндіруге бағытталған жаңа терминдер мен терминдік тіркестер қолданылған. “Қазақ ұлттық жазуы” деген ұғым да қолданысқа түсті. Әлеуметтік-саяси мәні бар жаңа терминдер мен терминдік тіркестерді эксплицитті түрде түсіндіру маңызды болып саналады; бұл тарихи рухани қажеттіліктерге, сондай-ақ Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына социумның саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал жасауы жағынан да өзекті.

Түйін сөздер: бағдарлама, жаңғырту, реформалау, коммуникативтік кеңістік, ортологиялық қалыптандыру, латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі

Aldash A.

*Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Almaty, Kazakhstan*

**KAZAKH LANGUAGE IN MODERN CONDITIONS:
MODERNIZATION AND REFORM OF THE LANGUAGE**

Abstract

The history of Kazakh writing is experiencing a new turning point: since the beginning of the new century, political, legislative and linguistic work has been carried out aimed at modernizing the Kazakh language based on Latin graphics. Beginning of the 2000 year the legal and political prerequisites for the modernization of the Kazakh alphabet and in general kazakh language have been reflected in documents and programs on language policy and language strategy. The main ones are State programs for the development and functioning of languages in the country, in which new, requiring disclosure and interpretation of terms and terminology are used to implement and clarify the language policy. A new concept has appeared: “National Kazakh writing”. There is a need for an explicit explanation of the socio-political meanings of new terms and terminology; their importance is also relevant in the formation of a conscious social attitude of society towards historical spiritual needs, as well as the strategic plans of Kazakhstan.

Keywords: program, modernization, reform, communication space, orthological codification, Kazakh alphabet based on Latin graphics

Алдаш А.

Института языкознания имени А.Байтұрсынова,
Алматы, Казахстан

ҚАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ: МОДЕРНИЗАЦИЯ И РЕФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКА

Аннотация

История казахской письменности претерпевает новый переломный период: с начала нового века ведутся политического, законодательного и лингвистического характера работы, направленные на модернизацию казахского языка на основе латинской графики. Нормативно-правовые и политические предпосылки помодернизации казахского алфавита и в целом, казахского языка, начиная с 2000 года нашли отражение в документах и программах по языковой политике и языковой стратегии. Основными из них являются Государственные программы по развитию и функционированию языков в стране, в которых для реализации и разъяснения языковой политики употребляются новые, требующие раскрытия и толкования термины и терминосочетания. Появилось новое понятие “казахская национальная письменность”. Возникает необходимость эксплицитного разъяснения, имеющих социально-политические значения новых терминов и терминосочетаний; их важность также актуальна в формировании сознательного общественного отношения социума к исторической духовной потребности, а также стратегическим планам Казахстана.

Ключевые слова: программа, модернизация, реформирование, коммуникативное пространство, ортологическая кодификация, казахский алфавит на основе латинской графики

Кіріспе. Тәуелсіздің алған кезеңнен бері Қазақстанда тілдерді қолдану мен дамытуға арналған аса маңызды үш бағдарлама бекітілді [1; 2; 3]. Үйлесімді тіл саясатын кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағытталған осы үш құжаттан мемлекеттік тілге (қазақ тіліне) қатысты бірінен бірі тереңдей түсетін, сабақтастықпен ұштастырылған, әрі ең бастысы – қазақ тілінің 2001 жылдан бері қарай қандай деңгейде дамып, қандай дәрежеде қолданысқа түсіп келе жатқандығын саяси, ғылыми, әдіснамалық тұрғыдан таныта алатын нақты мәліметтер табуға болады.

Алғашқы Бағдарламаның (2001-2010 жж.) ілгері шығарылған саяси мазмұндағы міндеттерінің негізгілері болып қазақ тілін мемлекеттік басқару тілі ретінде, мемлекеттік органдар жүйесінде іскерлік қарым-қатынастың тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету; мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындауға қажетті деңгейде меңгеруі үшін шаралар қолдану тәрізді бағыттар анықталған болатын [1, 56б]. Бұл проблеманың іске асырылуы Екінші бағдарламада (2011 - 2020 жж.) “мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету” міндетімен ықшам түрде нақты аталады [2], ал Үшінші бағдарламада (2020– 2025 жж.) “көзделген барлық іс-шаралар жалпы мемлекеттік және ұлттық бірегейліктің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени, тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталған” [3]. Заңнамалық құжаттардың мазмұнындағы ең маңызды мәселелер, байқалып отырғанындай, бірте-бірте күрделеніп, әрқайсысы әр кезеңде өзекті сипат ала түскен. Бұл ретте қазақ тіліне қатысты саяси, әлеуметтік, функционалды іс-шаралардың қалайша және қандай жолдармен іске асырылғанына таратып айтпасақ та болады, өйткені бұл мәселе әр Бағдарламаның ағымдағы ахуалға талдау жасаған тармақтарында анық көрсетілген.

Заңнамалық құжаттардағы мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту жөніндегі ғылыми қамтамасыз ету бағыты “ғылыми-лингвистикалық зерттеулер мен олардың нәтижелерін іске асыруды жеделдету және қазіргі қазақ әдеби тілінің тілге ортақ әдеби нормаларын жүйеге келтіру” проблемаларымен басталып, қазақ тілінің әлеуетін әсіресе термин жасам ісінде кеңінен пайдалану міндеттерімен жалғасады (бірінші Бағдарлама); одан әрі қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру мен жүйелеу; тіл мәдениетін жетілдіру мәселелеріне айрықша мән беріледі (екінші Бағдарлама). Ал соңғы, 2020-2025 жылдар аралығына жоспарланған міндеттер әр күрделі, әрі ауқымды: әсіресе мемлекеттік тілді (қазақ тілін) ұлттық бірегейлікті сақтауға негіз болатын фактор ретінде анық көрсеткен, қазақ тілін дамытуға басымдық берілген соңғы құжаттағы қазіргі қазақ тілінің ахуалына және оның қолданысы мен дамытылуына ықпал жасайтын түрткі жайттардың анықталуы назар аудартады.

Әдістеме. Қазіргі қазақ тілінің және қазақ тіл білімінің дамуына ықпал жасайтын түрткіжайттарды анықтау және проблемаларды жүйелеу мақсатында мазмұны мен формасы жағынан өзара сабақтастықтағы негізгі дереккөздердің (тіл саясаты мен тіл стратегиясына қатысты заңнамалық құжаттар) мәтіндеріндегі ақпаратты пайымдау, байқау, жинақтау, гипотеза, эксплицитті мағынаны түсіндіру (дефиниендум және дефиниенс), интерпретация, интуитивті бағалау және лингвистикалық талдау жасау әдістерін қолдану арқылы зерттеу жүргізілді.

Талқылау және нәтижелер. Қазақстандағы тіл саясатының кезең-кезеңімен оңтайлы жоспарлануы нәтижесіндесаяси, ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан жүзеге асырылуын нақтылайтын тың аталымдарды актуалдандырды: *кеңістік, тілдің әлеуеті, ұлттық болмыс, контент, жаңғырту, реформалау, ортологиялық қалыптандыру* тәрізді жаңа ұғымдар қолданысқа түсті. Демек, қазақ тілінің қазіргі жағдайында алдымен саяси-әлеуметтік, ғылыми, әдіснамалық мәнге ие терминдердің ұғымдық аппаратын анықтау маңызды болып саналады. Актуалданған терминдер жаңа мағынада, алайда олардың мағыналары интуитивті түрде түсінікті болғанымен, ең мәнді белгілерін нақты білу қажет болады. Өйткені қандай да болмасын іс-шараның нәтижелі атқарылуы үшін іс-шараның көздеген негізгі мақсатын айқындайтын ұғымдарды жіті түсініп алуы ғылыми тұрғыдан талдағанда, практикалық тұрғыдан іске асырғанда маңызды рөл атқарады.

Әдетте, қандайда бір терминнің мағынасын ашу дефиниция арқылы жүргізілетіні белгілі, яғни ең маңызды белгілері – номиналды мағынасы көрсетіледі. Қысқаша түрде шолу жасауға болады, мәселен, ғалымдар терминнің дефинициясына маңызды және айрықшаланатын белгілерді анықтайтын логикалық операция жүргізілетінін айтып, “*анықтап алатын түсінік*” (дефиниендум) және “*анықтап беретін түсінік*” (дефиниенс) дегендерді ажыратады [4]. Бұл мәселелер термин жасамның негізгі әдіснамалық нысаналары болып табылады және тереңірек зерттеуді қажет етеді. Сондықтан қазақ тілінің қазіргі ахуалына қатысты тың аталымдарды (*жұмыста аталым сөзі термин сөзіне синонимдес қолданылады*. – А.А.) түсіндіру, салыстыру, терминнің мағынасын дәл анықтап беретін эксплицитті мағынаны ашу жолдарын пайдалануға ұмтылыс жасаймыз.

Кеңістік. Тілдерді қолдану мен дамытуға арналған бағдарламаның алғашқысында *кеңістік* сөзі қолданылған. Википедия анықтамаларының көрсетуіне қарағанда, *кеңістік* – математика және география салаларының термині [5]. Сөз болып отырған термин әлеуметтану, психология, философия, мәдениеттану, лингвопрагматика, коммуникативті лингвистика салаларының негізгі түсініктерінің біріне айналды. Қазіргі кезеңде саяси-әлеуметтік мазмұнға ие болған *кеңістік* сөзінің мағынасын алдымен мәнмәтін (контекст) арқылы ашуға болады: *әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік; әлеуметтік-функционалды кеңістік; функционалды кеңістік* деген тіркестер қолданылып, “қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру үшін... елде әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік құру” түрінде айқын көрсетіледі. Ғалымдардың көрсетуінше, *кеңістік* термині әлеуметтік шындықты (реалдылықты) айқындайтын сипатқа ауысып, әлеуметтану саласының ұғымына көшкен [6]. Терминдік аталымның мағынасы басқа сөздермен тіркесуі арқылы тіл ғылымы саласында да актуалды: *коммуникативтік кеңістік* терминдік тіркесі тілдің қолданылатын аумағы, өрісімен тілді қолдануға қатысты индивидтердің арақатысын көрсетеді. Әлеуметтану, психология, философия, мәдениеттану, лингвопрагматика, коммуникативті лингвистика салаларындағы біршама көзқарастарды зерделей келе, *коммуникативтік кеңістік vs. әлеуметтік-мәдени кеңістік* – белгілі бір даму кезеңіндегі қоғамның мәдени-тілдік сипаттары мен ерекшеліктері ескеріле отырып, сөйлеуші (жазарман) мен тыңдаушы (оқырман) арасындағы қарым-қатынаста пайда болатын кеңістік деген қарапайым қорытынды жасауға болады. Нақтырақ айтқанда, *коммуникативтік кеңістікте vs. әлеуметтік-мәдени кеңістікте* қоғам мүшелерінің мәдени және білім, саналылық және таным деңгейлері, реалды шындыққа көзқарасы бейнеленеді. Осы факторларды жазба нұсқалар, мәтіндер арқылы тануға болады, өйткені мәтін – коммуникативтік қарым-қатынас кезіндегі социум өкілінің әлеуметтік-мәдени деңгейі мен білім өрісінің, мәтінді құрастыру кезіндегі интенциясының және осылардың вербалдануының негізгі көрінісі. Қазіргі жағдайда, латын негізді әліпбиге көшу және жаңа әліпби арқылы жаңа ортологиялық құралдар әзірлеу және жетілдіру жұмыстары басталған кезеңде, “коммуникация алаңдарында қазақ тілінің *латын графикалы кеңістігін* қалыптастыру, ұйымдастыру, реттеу және дамыту жөніндегі шараларды іске асыру” анықталған, бұл – үшінші Бағдарламаның ең маңызды міндеттерінің бірі.

Тілдің әлеуеті термині тіл саясаты мен тіл стратегиясы қолға алынған алғашқы кезеңнен бастап маңызды сипатқа ие болды. Қазақ тілінің өміршеңдігін сақтау және ұластыруда, тілдің ресурстарын

сарқа пайдалану, терминжасамда, қазақыландырылған терминдер қалыптастыруда тілдің әлеуеті ұғымы барынша актуалданды.

Тілдің әлеуеті, сайып келгенде, тілдің лингвистикалық қуаты (ағыл. – *linguistic competence*) сүдегенмен тікелей ұштасады. Қоғам мүшесі тілдің әлеуетін толық пайдаланған жағдайда лингвистикалық тұрғыдан қанағаттанады, *Қазақ тілінің әлеуеті мен лингвистикалық қуатының деңгейі әбден мойындалған, алайда мемлекеттік тілге сұранысты арттыру мүддесіндегі жұмыстар жүйеленгенімен, коммуникативті кеңістіктегі қазақ тілінің орны мен таралуына қатысты бірқатар проблемалар бар, олар Бағдарламаларда талданған. Баяндалғандарға қатысты басты проблемалар төмендегі кестеде топтастырылған (Кесте 1).*

<p>– мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру керек; – қоғамдық санада мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру маңызды.</p>	<p><i>бірақ:</i></p>	<p>– елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тіл жеткіліксіз енгізілген.</p>
<p>– мемлекеттік тілді рухани-мәдени құндылық ретінде дәріптеу керек; – тілдік ортаны қалыптастыру маңызды.</p>	<p><i>бірақ:</i></p>	<p>– тілді қолдану мәдениетінің төмен деңгейі байқалып отыр; – тіл саласындағы кейбір келеңсіз дақырттардың, қисынсыз пікірлердің орын алуы да – негізгі қиындықтардың бірі; – мемлекеттік тілдегі өзекті контент көлемі жеткіліксіз; – жазбаша коммуникацияға қатысушылардың әрқелкі бөлінуі; контент жасаушылардың аздығы.</p>
<p>– лингвистикалық кеңістіктің одан әрі дамуы үшін терминология, антропонимика және ономастикадағы мәселелермен қатар сөйлеу мәдениеті мен жазу жүйесін жетілдіру керек.</p>	<p><i>бірақ:</i></p>	<p>– халықтың функционалдық сауаттылығының деңгейі, оның ішінде тілдік құзыреттілігінің деңгейі төмен.</p>

Кесте 1. Қазақ тілін қолдану мен дамытудың оңтайлы бағыттары және проблемалар

Ұлттық болмыс. Мемлекеттік тілді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етуіс-шараларының мазмұндалуында 2017 жылдан бері қарай *ұлттық болмыс* термині барынша актуалданды. Бір-бірімен сабақтастықтағы *ұлттық код* және *ұлттық болмыс* ұғымдары Елбасы Н.Назарбаевтың “Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар” еңбегінде алғаш рет қолданылды да, ұлт – тіл – тарих – мәдениет тұтастығына ие жаңа мазмұнға ие болды. Бірнеше ақпаратты атап өтуге болады: біріншіден, қазақ тілінің әртүрлі типтегі сөздіктерінде *ұлттық болмыс* термині тіркелмеген. Сөздіктер материалдарында көркем әдебиеттен, анықтамалықтар мен көсемсөзден алынған *объективті болмыс / реалистік болмыс / қоғамдық болмыс* тіркестері ғана кездеседі [7]. Осы тұрғыдан қарағанда, *ұлттық болмыс* – жаңа қолданыс, неологизм. Екіншіден, қоғам дамуының қазіргі сипаты енгізген ұлттық болмыс терминінің әсіресе тілге қатысты мәні неде деген сұрақ пайда болады.

Тегінде, *ұлттық болмыс* тілге қатысы жағынан қазақ ұлты өкілінің ойсанасында ұлттық құндылықтардың сақталуы деп интуитивті түрде пайымдауға болады. Ал ұлттық құндылықтардың ауқымы да кең, логикалық мағынасы да терең. Ұлттың негізгі белгісі боп саналатын ұлттық құндылықтардың бірі – қазақ тілінің қазіргі жағдайында тілдік ортаны қалыптастыруға, қазақ тілінің өз деңгейінде қолданысқа түсуіне әсер етіп келе жатқан бірқатар проблемалы тұстар бар, олардың негізгілері үшінші Бағдарламада нақты баяндалған. Мәселен, соңғы бағдарламада көрсетілгеніндей, тіл динамикасындағы жаңалықтарға қатысты қисынсыз пікірлердің орын алуы байқалады. Айталық, қазіргі актуалды жағдайларға сәйкес “*бетперде*” терминіне қатысты бір ғана фактіні сөзбе-сөз, түпнұсқа қалпында келтірелік. “Надо ли пытаться вытеснить и заменять из словоупотребления казахов привычное и на самом деле интернациональное, латинской основы, слово “маска” (латин. “*mascus*”, англ. “*mask*”)??.. слово “маска” произносится легко всяким носителем казахского языка, даже ребенком, и оно давно негласно принято обществом, проверено практикой. А

кто будет использовать в своей речи это искусственное и пугающее “бет перде”? Конечно, оно не приживется ввиду многих его недостатков”[8].

Жаңғыру / жаңғырту. Соңғы кезде саяси-әлеуметтік мазмұнға ие болған терминдердің бірі, шеттілдік “модернизация” терминінің баламасы ретінде ұсынылып, қабылданды. *Жаңғыру / жаңғырту* сөзінің негізгі денотат мағынасы – белгілі бір дүниені, халықтық мұраны жаңарту, қайта өңдеу [9, 57-59бб]. Модернизация және *жаңғыру / жаңғырту* терминдік ұғымдары жағынан бір-біріне сәйкес түседі: саясат, экономика және мәдениет салаларындағы бұрынғы нысананы қайта өңдеу, сапасын жақсарту, жетілдіру деген түсінікті білдіреді. “Рухани” сөзімен тіркесе пайда болған *жаңғыру / жаңғырту* қоғам мүшелерінің ойсанасында көмескілене бастаған ұлттық құндылықтардың қаншалықты құнды екенін орнықтыру мақсатында актуалданған. Бұл бағыттағы жұмыстар нақты және абстрактілі құндылықтарды жаңғырту мақсатында қарқынды жүзеге асырылып келеді. Ал нақты (мәселен, ескерткіштерді жаңғырту және насихаттау) және абстрактілі (Ұлы даланың жеті қыры туралы білімді дамыту) құндылықтардың кеңінен насихатталуы индивидтің, әрі қарай тұтас социумның менталды ойсанасында жаңа, жаңғырған түсініктерді бірте-бірте орнықтырып, қоғамдық сапалы өзгерістерді саналы түсінуге қалыптастыруға жол ашады. Бұл шараны жүзеге асыруда, сөз жоқ, тілге деген көзқарасты қалыптастырудың мәні зор. Латынграфикалы әліпбиге көшу арқылы қазақ тілін жаңғырту жұмыстары қолға алынды; ең алдымен әліпби жүйесі мен емле қағидалары арқылы қазақ тілінің табиғи қалпын қайта қалпына келтіру бағытындағы теориялық және практикалық зерттеулер қарқынды жүзеге асырылып келеді.

Контент. Ақпараттық технология саласының негізгі аталымы болып табылатын *контент* термині тіл саясаты мен тіл стратегиясына қатысты әлеуметтік лингвистикалық сараптау үшін сөйлеу, жазу арқылы жеткізілетін ақпараттың көлемі, мәні, ақпараттың көлеміне жинақталған мазмұн мағынасында қолданылады. Үшінші Бағдарламада кездесетін “мемлекеттік тілдегі өзекті *контент* көлемінің жеткіліксіздігі; жазбаша коммуникацияға қатысушылардың әркелкі бөлінуі; *контент* жасаушылардың аздығы” типтес сөз орамдары жоғарыда берілген анықтаманы дәл түсіндіреді.

Реформа. Қазақ тілінің қазіргі ахуалына байланысты қолданылған терминдердің бірі *реформа жасау / реформалау*. Ел Президенті Қ.Тоқаев “егер тілімізді жаңғыртқыларыңыз келсе, бізге қазақ тілін реформалау қажет” деген тұжырым жасады. Осыған байланысты көпшілік назарына іліккен терминнің мазмұнына үңілуге тура келеді, өйткені дәл осы арада қазақ тілін қалай реформалауға болады және оның жолдары мен әдістері қандай деген сұрақ пайда болады.

Реформа (лат. – *reformare* – қайтадан өзгерту) – ұғымдық аппараты жағынан саясатқа, экономикаға, мәдениетке қатысты қолданылатын күрделі терминдердің бірі. Анықтамаларға қарағанда *реформа жасау / реформалау*: а) белгілі бір әлеуметтік объектілердің, яки үдерістердің формасын емес, мазмұнын өзгерту; ә) мазмұнын емес, формасын өзгерту (мысалы, бірнеше мекемелерді біріктіру); б) қоғамдық қарым-қатынастардың негіздеріне қозғау салмай, форманы да, мазмұнды да өзгерту деген түсініктемелермен анықталады [10, 86].

Қазақ тілін реформалау дегенді нақты анықтап алу қажет болады. Әрине, бұл, біздің пайымдауымызша, энциклопедиялық анықтамалардағы тілдің негіздеріне қозғау салмай, формасы мен мазмұнын өзгерту деген түсінікпен үндеседі. Тілге реформа жасау мақсатындағы ең өзекті проблема – әліпбиді латынграфикалы негізге ауыстыру. Бұл мәселенің саяси, ұлттық терең мәні бар екендігі баршаның санасында позитивті түрде орныққаны мәлім. Жаңа әліпбиге көшу форманы ауыстыру дегенді білдіреді. Ұзақ жылдар бойы қолданыста болып келген кирилшеге негізделген әліпби (кирилше-қазақша әліпби делініп те жүр) арқылы қалыптасқан жазумен ауызша тілде қазақ тілінің табиғи мазмұнын (реформа терминінің анықтамасында көрсетілген “форма, мазмұн, негіз” терминдері пайдаланылды. – А.А.) елеулі өзгертті: әсіресе орфоэпиялық заңдылықтардан зор ауытқулар орын алды. Осы себепті жаңа әліпби құрамындағы өзгетілдік *ё, ц, х, э, ю, я, ь, ы* таңбалары мен белгілері латыннегізді әліпби құрамына енгізілмейді және бұл – күллі қоғам мүшелері зор позитивті түсінікпен қабылдаған өзгеріс. Жаңа әліпби құрамының өзгертілуі қазақ сөзінің айтылуы мен жазылуында төл тілдің табиғи заңдылықтарының қайта оралуына жол ашады, сөйтіп, тілдің мазмұны өзгере бастайды. Тілді реформалаудың бір ғана тұсын атап өте отырып, реформа дегеніміздің өзі: а) қоғам дамуында кездесіп отыратын әлеуметтік өзгерістердің қажетті элементі; ә) дамудың бір эволюциялық кезеңі; б) қоғамның жаңа талаптарға бейімделу қабілетін іске асыратын әдіс; в) қазірге дейінгі қоғам дамуы мен жаңа талаптар, жаңа мүдделер (тілді жаңғырту) арасындағы айырмашылықтарды реттеудің, жүйелеудің бір жолы; г) жаңғыртудың, жаңалықтар енгізудің бір әдісі. Демек, тілді реформалауда біржақты концепцияның басым болуы міндетті емес, керісінше,

мәселеніңғылыми негіздерін және қазақ тілінің қазіргі коммуникативтік кеңістіктегі жай-күйін саралау аса маңызды.

Тіл саясаты мен тіл стратегиясын сындарлы жүзеге асыру көзделген соңғы, үшінші Бағдарламадағыжаңа (алдыңғы құжаттарда көрсетілмеген) бағыттардың бірі – *ортологиялық қалыптандыру* (кей тұстарда ортологиялық кодтау деп қолданылған).

Ортологиялық қалыптандыру, шын мәнінде, тілді жаңғырту мен тілді реформалаудың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Өйткені латыннегізді әліпбиге көшу арқылы тілді жаңғырту мен реформалау тілдің жалпы табиғатына және құрылымына өзгерістер әкелетіні сөзсіз. Ал ол өзгерістер қандай болмақ?

Ортология терминітілдік бірліктердің тарихи қалыптасқан, нормаланған қағидаларын сөйлеуде дұрыс қолдана білу, норма нормаландыру және нормалану деген ұғымдарды қамтиды. Жалпы, қазақ тіл білімінде ортология саласын дамытуға айрықша өзектілік туындап отыр. Өзектіліктің ең маңызды тұсы қазақ тіл мәдениетіне тікелей байланысты. Міне, осы себепті соңғы Бағдарламада тіл мәдениетін арттыру жайы бірнеше мәрте аталған және оның контент пен инфрақұрылымға қатысты іске асыру жолдары нақтыланған. Тіл мәдениетін арттыру жайы ғылыми негіздерді талдапжәне тілдік фактілерді негіздей отырып, кеңінен қарастыруды қажет етеді. Осы себепті біз тек ортологиялық қалыптандыру (ортологиялық кодтау) ұғымына қатысты пікір ұсынамыз.

Ортологиялық қалыптандыру тілді жаңғырту мен тілді реформалау нәтижесінде пайда болған өзгерістерді ортологиялық құралдарда – емле ережелерінде, емле сөздіктері мен емле анықтамалықтарында көрсету дегенді білдіреді. Ал ол өзгерістер өте ауқымды: а) графема өзгереді, бұлқазақ сөзінің (“қазақ сөзі” тіркесі төл қазақ сөздері мен шеттілдік сөздерді тұтастай қамтитын ықшам атау ретінде шартты түрде алынған. – А.А.) орфографиялануына түбегейлі, сөздің айтылуы мен жазылуына қатысты, көзшалымға айтарлықтайға әсері баржаңалықтар әкеледі,мысалы,*laryq, shól,abyroi,urysty, biryñgai,akvarel, vestibyl, álternativ,komyńkasia*; ә)тілдің табиғи заңдылықтарын қайырадан қалпына келтіруге басымдық беріліп отыр; яғни тілді зерттеудің құрылымдық моделінің, сондай-ақ басқа тілдің ықпалының нәтижесінде қалыптасып келген заңдылықтардан арылып, тілдің өз табиғатын қалпына келтіру бағыты бар. Бұл ретте ортологиялық талдау маңызды орын алады; яғни біртектес құрылымдағы тілдік бірліктерді жинақтап, модель түзу арқылы бірыңғай орфограмманы қалыптастыру(айталық, бөлек және бірге, сондай-ақ дефис арқылы жазылатын сөздердің моделін түзу біртектес орфограммалардың нормалануына жол ашады); тілдік бірліктердің коммуникативтік кеңістіктегі қолданысына және қолданыс жиілігіне талдау жасап, норма түрінде орнықтыру қажет болады. Ортологиялық қалыптандыру кезеңінде: а) жазуда орфографиялық варианттар (әртүрлі орфограммалар немесе орфографиялық ауытқулар); ә) социумның жоғары сауаттылығына кедергі келтіретін басқа да жайттар; б) контенттің қарсылығы сияқты бірқатар факторлар пайда болуы мүмкін. Осы себепті жаңғыртылған, жаңартылған қазақ тілінің барлық лингвистикалық қуатын жүйелейтін ортологиялық жұмыстар мен ортологиялық құралдар жасау маңызды іс-шаралардың қатарынан саналады.

Қорытынды. Жаңа ғасыр басында социумның назарын аудартқан, гуманитарлық ғылымдардың және оның ішінде қазақ тіл ғылымының дамуы мен негізгі ғылыми-практикалық бағыттарына жаңа талаптар міндеттеген маңызды түсініктің негізгісі рухани жаңғыру атты аса күрделі ұғымға байланысты болды. Қоғамды рухани жаңғырту қоғам мүшесінің ойсанасын сілкіндіру, менталды санасында бар, алайда көмескілене бастаған ұлттық құндылықтарды қайтадан таныту, таныту арқылы Қазақ елінің жаһандану заманындағы орнын анықтап, бекіту жайының басты ұстанымына айналды. Рухани жаңғыртудың бір өзегі – мемлекетті мәртебе дәрежесіндегі қазақ тілі болып отыр. Әсіресе тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада бұл мәселеге айрықша мән берілді; елдегі ұлтты ұйыстырушы басты фактор болғандықтан, қазақ тілінің дамуы мен ғылыми-практикалық мәселелерін зерттеудің актуалды екендігіне назар аударылған. Жоғарыда баяндалған ұлттық болмыс пен ұлттық құндылық, жаңғырту / жаңғыру мен реформалау дегендерде өзара бір-бірімен тығыз байланыста. Осындай өзара ұштасатын саяси мәнге ие бағыттарды жүзеге асыруға үлес қосу үшін: а) қазақ тілінің қолданылатын аясын кеңейту, контент көлемі ұлғайту; ә) тілді үйрету мен меңгерудің әдіснамалық және әдістемелік жолдарын одан әрі жетілдіру бағыттары бойыншасоңғы ширек ғасырда тиімді, нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Ендігі тың міндеттер қазақ тілінің құрылымы мен мазмұнын жаңғырту, қазақ тілінің грамматикалық, лексика-фразеологиялық, оның ішінде терминологиялық және ономастикалық ресурстарын зерттеу,қазақ сөз мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін насихаттауортологиялық және басқа да құралдар арқылы жаңа ғылыми-лингвистикалық білімді тарату бойынша іс-шараларқарқынды түрде жүргізілетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы 550 Жарлығымен бекітілген // Жинақ: Мемлекеттік тіл саясаты. – Государственная языковая политика. – Алматы: “Арқас”. 2005. – Б. 49-66.-кітап
- 2 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1128 қаулысы –<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110> [Пайдаланылған уақыты: 15.04.2020]-электронды ресурс
- 3 Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> [Пайдаланылған уақыты: 15.04.2020]-электронды ресурс
- 4 Стернин И.А. Что такое лингвистика? – Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1987. – 90 с.-кітап
- 5 Уикипедия ашық энциклопедиясы – <https://kk.wikipedia.org/wiki/> [Пайдаланылған уақыты: 15.04.2020]-электронды ресурс
- 6 Чернявская О.С. Социальное пространство: обзор теоретических интерпретаций // Вестник Нижегородского университета им. Н.И.Лобачевского. Серия социальные науки. - №5. – 2008. – С. 329-335.-статья
- 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған А.Ысқақов, Н.Уәли. Он бес томдық. 3-том / Құраст. Б.Сүйерқұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 бет.-сөздік
- 8 ДаутбекқызыН. “Маска” или “бетперде”? Русизмы в казахском языке. – <https://centrasia.org/newsA.php?st=1581199860> [Пайдаланылған уақыты: 15.04.2020]-электронды ресурс
- 9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған А.Ысқақов, Н.Уәли. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ф.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 бет.-сөздік
- 10 Кравченко С.А. Социологический энциклопедический русско-английский словарь. – М., 2004. – 511 с.-словарь

МРНТИ 16.01

Қосымова Г.¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

АУЫЗША СӨЙЛЕУ АКТИСІ - КҮРДЕЛІ ҚҰБЫЛЫС

Аңдатпа

Бұл мақалада ауызша сөйлеу актісінің қоғам дамуындағы, жеке тұлғаның танылуындағы маңызды әрекет екендігі сөз болады. Ауызша сөйлеу өнері көпшіліктің алдында орындалатын болғандықтан, оған қойылатын талаптар да жоғары. Шешен сөйлеуге тән анық ойлау, дұрыс пайымдау, ойын ұтымды негіздеу сияқты шарттар – қатынас теориясының басты белгілері. Сондықтан оның ұжымдық сипаты бар, мақсат бірлігі арқылы топтасқан іс-әрекеттер жиынтығы екендігі үнемі басты назарда болу керек. Осы зерттеуде сөйлеу өнерінің шешеннің элеуметтік МЕН-ін, интеллектуалдық МЕН-ін, психологиялық МЕН-ін және тағы басқа қабылдаушының тұлғасын құрайтын әртүрлі бірліктерді бағдарға алатындығы айтылады.

Түйін сөздер: ауызша сөйлеу, сөйлеу актісі, интеллектуалдық әрекет, шешен мәдениеті

Kossymova G.¹

¹ *Kazakh National pedagogical university named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

VERBAL SPEECH ACT IS A COMPLEX PHENOMENON

Abstract

This article considers the speech act as an important activity in the development of society and self-knowledge of the individual. Since the art of speaking is performed in front of the public, the requirements are high. Conditions such as clear thinking, correct reasoning, and reasonably substantiating the thoughts are the main signs of a communicative theory. Therefore, we must keep this in the spotlight as a combination of grouped actions through the targeted unity, which have a collective description. This study discusses the importance of the social self, the intellectual self, the psychological self of the speaker of speech art, and other various units that form the personality of a person.

Keywords: oral speech, speech act, intellectual activity, oratory

Косымова Г.¹

¹ *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

УСТНОЙ РЕЧЕВОЙ АКТ – СЛОЖНОЕ ЯВЛЕНИЕ

Аннотация

В этой статье рассматривается речевой акт как важная деятельность в развитии общества и самопознании личности. Поскольку искусство устной речи совершается перед публикой, то и требования ставятся высокие. Такие условия как четкое мышление, правильное рассуждение, разумно обосновывать свои мысли - являются главными признаками коммуникативной теории. Поэтому мы должны держать это в центре внимания как совокупность сгруппированных действий с помощью целевого единства, которые обладают коллективным описанием. В этом исследовании рассказывается о важности социального Я, интеллектуального Я, психологического Я оратора речевого искусства и другие различные единицы формирующие личность человека.

Ключевые слова: устная речь, речевой акт, интеллектуальная деятельность, ораторское искусство

Кіріспе. Біздің қазіргі қоғамымызда шешендік өнердің көрінетін жерлері әлдеқайда кеңіді: ол саяси-әлеуметтік өміріміздің барлық саласында идеологиялық күрестің, тәрбие мен оқу-ағартудың, заң мен ғылымның, қоғамды басқарудың ең бір пәрменді құралына айналды. Сонымен қатар “шешендік –ауызша жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарының бірден-бір құралы. Жиналыс, конференция, съезд, симпозиум, семинар, диспуттар да шешендік өнер өте-мөте қажет. Бұл күнде шешендікті радио мен телевизия да көрсетеді, өйткені бұларға жазба тілмен қатар ауызша сөйлеудің үлгісі ортақ” [1,14].

Шешендік өнер ғалым Р.Сыздықтың негіздеуінің арқасында сөйлеу өнері ретінде тілдің зерттеу нысанына айналды. Бұрын жұртшылықтың арасында фольклордың бір жанры ретінде кең таралған, талай зерттеулерге материал болған шешендік сөзді сөйлеу өнерінің туындысы ретінде қарамасақ, шешендіктің соңғы дәуірде дамымай тоқтап қалған сала болып қалар сөзсіз еді. Осы тұрғыдан алғанда Р.Сыздық айтқан мына пікір өте маңызды болды: “Шындығында өте ерте замандардан бері өмір сүріп, біздің дәуірімізге дейін жетіп, бүгінгі мәдени-рухани өмірімізден орын алып келе жатқан шешен сөйлеу дәстүрі (құбылысы, актісі) бар. Және ауызша сөйлеудің аясы ұлғайған сайын, шешен сөйлеудің де қажеттілігі артып отыр” [2,42].

Әдістеме. Осы пікірдің жарық көруінен бастап-ақ, біріншіден, ауызша сөйлеу мәдениеті дербес зерттеу тақырыбына айналып, қарым-қатынас мәдениетінің нысанына айналды. Екіншіден, ауызша сөйлеу- акт ретінде назарға ілікті. “Акт” деген терминнің қолданысы сөйлеу дегеннің әрекет екенін ұғындырды. Сөйлеу- адам әрекеттерінің жай ғана бір түрі ғана емес, ол әрекеттердің ішіндегі адам

үшін, қоғам үшін ең маңыздысы. Барлық әрекет- белгілі бір нәтижеге жету үшін бағытталатын, ұжымдық сипаты бар, мақсат бірлігі арқылы топтасқан іс-әрекеттер жиынтығы [3,50-54]. Адам әрекеттерінің бәріне қозғаушы күш болатын, мақсаттың орындалу тетігіне айналатын сөйлеу актісі-өте күрделі құбылыс. Оның күрделілігі- адамға ғана тән үш негізден -сөйлеу, есту, ұғыну деген үш бөлімнен тұратындығында. Жоғарыдағы пікірден түйетін үшінші мәселе: “сөйлеу” тілдің өмір сүру формасы дегенді нақтылайды. Яғни тілді қатынас әрекетінде, өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз. Тіл “біздің өмір сүру салтымызды танытатын тәжірибелік дағдыларымыз бен идеяларымыздың әлеуметтік жинақтық қоры” [4,185] мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ойлауды жүзеге асыру формасы ретінде, бастысы қарым-қатынас құралы ретінде тіл мәдениетпен бірдей деңгейде тұра алады [5,48]. Бұл мақсат сөйлеу әрекетіне қатысты тек тілдік нормаларды дұрыс, дәл, айқындылықпен қолданғанда ғана емес, шешендік нормаларын біліп, ой айқындылығы, логикалық жүйе сақталғанда ғана жүзеге асады. Осыдан шешендік өнердің қоғамның барлық саласында қажетті қарым-қатынас құралы ретіндегі қоғамдық мәні таныла түседі. “Аса мәртебелі қарым-қатынас адамзатқа билік жүргізіп, оның өмірін, дамуын, іс- әрекетін, жалпы танымы мен жаратылыстың бір бөлшегі ретінде өзін-өзі тануын басқарып отыр” [6, 13].

Нәтижелер. Бұдан шешендік өнерді оның әлеуметтік мәні мен қоғамдық сипатына қарай антропоөзекті бағытқа қарай зерттеу қажеттілігі туындайды. Адами құндылықтарға назар аударуды қажет ететін бүгінгі қоғамда әлемдік дүниетанымда және қоғамды демократияландыруда зор үлес атқарған риториканың жалпыға ортақ ережелерін нақтылап еске түсіру, адам мінез-құлқын қалыптастыруда жоғарғы мораль үлгісі ретінде танылған шешендік сөздің танымдық-тәрбиелік мәнін анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Антропоөзекті зерттеудің мақсаты не болмақ: риториканың –сөйлеу өнерінің ең жоғарғы түрі екендігі және оның өркениетті қоғамға тән екендігін таныту; адамзаттың басынан кешірген барлық қоғамында риториканың атқарған қызметі қоғам мүшелерінің мінез-құлқын тәрбиелеу болғандығын дәлелдеу; адамдардың жүрегіне жол табатын сөздің шынайылығы, ашықтығы, анықтығы, мәнерлілігі, қызуғушылықты білдіруі- риториканың басқа сөйлеу түрлерінен ерекшелігі екендігін айқындау; риториканың қызметі-қоғамды басқару, мораль қалыптастыру болатындығын түсіндіру; бүгінгі қоғамдағы шешен бейнесін анықтау; тұлғатануда идея мен мәнердің бірлігін көрсету; адамның қоғамдағы орнын сезіне білуі-шешендікке апарар жол екендігін түсіндіру; қарым-қатынаста әр адамның бойындағы ұшқынды (искраны) таба білудің қажеттігін дәлелдеу; басқаларды тыңдай білушілік –пікірлесудің ұтымды тәсілі екендігін білгізу; сөз өнері ғылымының міндеті-жауапты әрі іскер, отаншыл азаматтарды тәрбиелеу екендігін айқындау.

Талқылау. Р.Сыздықтың шешендік өнер туралы зерттеуінің тағы бір маңызы мынада болатын: сөз мәдениеті және оған қойылатын талаптар тілдік қарым-қатынастың нормалары ретінде қаралып, риториканың тарихи мәні жоғалып, оған деген қызуғушылық төмендеген сәтте, риторика ғылымының қарастыратын мәселелерін анықтаудың және оның қоғамды гуманизациялаудағы рөлінің жоғары екендігін танытуында. Ғалым зерттеуіне негіз болған шешендік сөйлеу өнерінің қазіргі қоғамдағы түрлері, қолданылатын орындары, олардың өзіндік нормалары, сапалық белгілері, қоғамдық-тарихи аспектілері тек тіл білімі үшін ғана емес, қазіргі шешен бейнесін танып білу үшін де маңызды. Ғалым: “Шешендік өнер тіл мәдениетін көтеретін шарттардың бірінен саналады,-дей келіп,-біздіңше, “шешендік сөз” деген терминді шешендік өнердің іс жүзіне асқан нәтижесін атауға қалдыру керек, яғни фольклор мұрасының бір жанрын және қазіргі кезде шешен айтылған сөзді осылайша атау керек те, ал шешендік өнердің, сөзге шеберліктің өзін сәл болса да өзгеше атау қажет. Бұл ұғымға “шешендік” деген абстракт есімді теліп, “ол-шешен сөйлеу” деген актінің атауы болса дейміз”,- деген еді [2,39-40]. Міне, содан бері шешендік атауы бір ғылым саласының туып, қалыптасуына тірек сөз болды. Ол қоғамның барлық салаларында адамды танытудың және қоғамды ізгілендірудің жолы ретінде қарастырылатын тірек ойдың тууына себепші болды.

Р.Сыздықтың “Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі” деген кітапқа енген зерттеуінде орын алған тірек ойлардың бірі- монологтік шешендік сөйлеу түрінің сипаты. Оған дейінгі және кейінгі біраз еңбектерде шешендік сөз таласқа түскен дискурстық сипаты бар, тілдік қарым-қатынастағы сөз жарысы ретінде қарастырылды. Ғалым қазіргі шешендік сөздің түрлерін жіктеп, әрқайсысына тән белгілерді анықтағанда зерттеу материалы ретінде монологтік сөйлеу үлгілерін тілге тиек етті. Монологтік сөзде дискурста қарағанда шешен бейнесі айқынырақ танылады. Оның себебі мынада: тілдік қарым-қатынастағы сөз мәдениеті шешеннің “МЕН-мен” тығыз байланысты. Әрбір ойдың иесі сөйлейтін сөзін өз танымына сәйкес құрып, өзіне тән әлемін жасайды. Адам айналасындағы

шындыққа бейімделіп, өзін қоршаған әлемді өз санасында қалыптасқан ұғым-түсінікпен қабылдайды, сөйтіп өз көзқарасын қалыптастырады. Қоршаған ортаға өзіндік көзқарасын танытатын шешеннің ішкі әлемі әсіресе монологтік сөйлеуде айқынырақ көрінеді. Шешеннің ішкі әлемінен туындаған мәтін автордың “МЕНІН” тануға мүмкіндік береді. Кез келген мәтіннің негізгі мақсаты- тілдік жағдаяттарда пікіралмасуды іске асыру, тыңдарман не оқырманның жан дүниесіне әсер етіп, оны “ояту”, “реакция туғызу”. Бұл әрекет шешеннің ішкі таным дүниесінің дәрежесіне, «сөз құдіретіне» байланысты болады. Адамның түрлі формада қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті оның сана-сезім деңгейіне байланысты. Әрбір шешен тілдік тұлға болып саналады. Тілдік тұлға деп танылуы үшін сөйлеген сөздердің негізінде жатқан құндылықтарды танып білуі керек.

Шешен өзінің коммуникативтік диттеміне сәйкес әлеуметтік МЕН-ін, интеллектуалдық МЕН-ін, психологиялық МЕН-ін және тағы басқа қабылдаушының тұлғасын құрайтын әртүрлі бірліктерді бағдарға алады. Шешеннің алдына қойған мақсатына жетуі, оның коммуникативтік диттемін тыңдаушының дұрыс зерделеуі, ой елегінен дұрыс өткізуі тілдесудің ойдағыдай өтуінің негізгі шарты болып табылады. Тілдік қатынасқа түскен сөз иелері – шешен мен тыңдарман (оқырман) арасындағы тілдік қатынас олардың әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшеліктері, жыныс айырмашылығы, таныс-бейтаныстығы немесе тілдік қатынастың ресми-бейресмилігіне байланысты болып қана қоймайды, сөз құрылымымен, сөз иелерінің танымдық санасымен, яғни білім, түсіну, түйсіну, ойлау, пайымдау, ой қорыту қабілеттерімен де байланысты.

Монологтік сөз-аса күрделі коммуникативтік құрылым. Сөз айтылғанға (жазылғанға) дейін де шешеннің айтсам, жазсам деген диттемі, нені айтсам, қалай айтсам, кімге айтсам деген мақсаты, қызығушылығы болады. Осы диттемі сөзді қабылдаушының белсенді іс-әрекетін, назар аудару, ден қою, түсіну, қабылдау амалдарын туғызуы керек. Қабылдаушының түсіну амалы бірінен кейін бірі айтылған сөз тізбектерін ой елегінен өткізуден басталып, шешеннің нені айтпақ болғанын ұғынумен, ой қорытындысын шығарумен аяқталады. “Шешеннің сөзі арқылы берілетін ойы мен сезімі тыңдарманға белгілі бір жолдау сияқты түрткі беруі керек. Тыңдаушы оны сезбесе, айтылған сөз оның жүрегіне жетпесе, мұндай шешеннің сөзі сахарадағы құмға сіңген сөзбен бірдей болады” деген Дейл Карнеги шешен сөзінің аса күрделі коммуникативтік құрылым екенін көрсетеді [7,305].

Осы жағдайларға сәйкес, монологтік шешендік сөйлеуде қолданылатын ережелер бар. Әр адамның өзіндік сөйлеу мәнеріне сәйкес көңіл күйін, ішкі толғаныстарын, айтып тұрған хабарға көзқарасын білдіретін алуан түрлі мағыналық реңктер тек сөйлеу әрекетінде ғана болады. Сол себепті сөйлеуде ешкімге ұқсамайтын даралықтың болуы шешен тұлғасын тануға мүмкіндік береді. Маңызды сөздерге акцент қойып, ал қалғандарын соларға бағындыру қажеттілігінің ескерілуі шешеннің шеберлігіне байланысты.

Дауыс ырғағын ауыстырып отыру және сөйлеу барысында кідіріс жасау, сондай-ақ сөйлеудің темпін өзгертіп отыру маңызды. Мәтіннің идеясын білдіретін басты сөйлемнің алдында және кейін кідіріс жасау жетістікке жеткізеді.

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінің қорытындысы бойынша, жетістіктердегі басты рөлді атқаратын нәрсе – ол жоғарғы интеллект емес, адамның тұлғасы және оның көзқарасы. Әрине, бұл қағида шешенге тікелей қатысты екені даусыз. Жақсы дайындықты санамағанда, шешен тұлғасының сәттілікке жеткізуде маңызы ерекше. Элберт Хаббард айтқан екен: “Шешендік өнерде мәнер сөзден де маңызды. Дәл айтқанда, мәнер және идея. Бірақ тұлға – бұл көзге көрінбейтін, қолға ілінбейтін, талдауға келмейтін шегіргүлдің иісі сияқты белгісіз нәрсе. Ол адам бойындағы барлық қасиеттердің: физикалық, рухани, интеллектуалдық, психологиялық, сондай-ақ талғамдарының, қабілеттерінің темпераментінің, ойлау дағдысының, қуатының, тәжірибесінің, білім деңгейінің және жалпы өмірінің жиынтығы.

Егер сөйлеуде тұлғаңыздың қабілеттерін бар қуатымен жұмсағыңыз келсе, онда тыңдаушылар алдына жақсылап демалып, тамақтанып, сөйлейтін сөзді алдын-ала асықпай жақсылап жүйелеп барып шығуыңыз керек. Басқа жағдайда сіздің дауысыңыз, энергетикаңыз, адамдарға магниттік ықпалыңыз бәсеңдейді де, сөзіңіз сәтсіз шығуы әбден ықтимал”.

Шешендік өнер теориясында шешен тұлғасын негіздеу ісі басталғанымен, әлі де толыққанды зерттелген жоқ. Шешендік өнер теориясын жасаған әлемге әйгілі ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан төмендегі көптеген мәселелер қазақ тіл білімінде әлі де зерттеуді қажет етеді.

Шешеннің дауыс ырғағы, күші шешендік сөздің мазмұнын тыңдаушылардың дұрыс түсініп, қабылдауына әсер етеді. Өте тез қарқынмен сөйлеу анықтықты азайтады; баяу, баппен сөйлеу анықтықты күшейтеді. Қатты дауыспен сөйлеу айқындылықты өсіреді; жәй, бәсең дауыспен сөйлеу

айқындылықты кемітеді. Үзіп-үзіп сөйлеу көңіл бөлуді әлсіретеді, үзіліссіз сөйлеу көңіл бөлуді күшейтеді. Тыңдаушылар жиналған орынның акустикалық мүмкіншілігінен тыс дауыс қаттылығы немесе мейлінше ақырын дауыс айқындылықты азайтады, бірақ шектен тыс қатты дауыс көңіл бөлуді әлсіретсе, баяу, ақырын сөйлеу көңіл бөлуді күшейтеді. Осылайша шешен дауыс күшінің сапасын сөйлеудің түсініктілігіне қол жеткізу мақсатында өзгертіп пайдаланып отырады. Шешен сөйлеу қарқынын өзгерту нәтижесінде тыңдаушыларға әсер етеді [1, 244].

Р.Сыздықтың бастауымен жалғасын тауып келе жатқан зерттеулерде орын алған ой-тұжырымдар мыналар:

- шешендік өнер-тек әдемі сөйлеу ғана емес, адамдарды өзін-өзі бағалауға үйрететін ғылым;
- шешендік өнер- тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс;
- шешендік өнер- қоғамды ізгілендірудің бірден бір жолы;
- шешен тұлғасы-этика мен мәнердің, білім мен ақылдың тоғысуы;
- шешендік өнер- адамдарды сендірудің, ізгі істерге жетелеудің, адамдар арасында жылы қарым-қатынастың орнауының кепілі;
- шешендік өнер-іскер, ұғымтал, алдын болжағыш, жауапты, интеллектуалды тұлға қалыптастыратын ғылым саласы.

Қорытынды. Шешендік өнерге байланысты жоғарыда айтылған тұжырымдар сөйлеуді өнер етіп қабылдап, оны әлеуметтік мәні мен қоғамдық сипатына қарай антропоэлекті бағытқа қарай зерттеу қажеттілігі туындайды. Сөйлеу актiсi көп қырлы құбылыс болғандықтан, оның зерттеу аясы кең, болашақта зерттелу мүмкіндіктері мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. –Алматы: 2015. –258 б.-кітап
- 2 Сыздықова Р. Шешендік сөз/Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. –Алматы: 1987. – 26–112 б.
- 3 Абдулжанова З. (2013). Ауызша тілдегі тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты . Әл –Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы: Қазақстан. –Диссертация.
- 4 Сепир Э. Язык . Введение в изучение речи// Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва: 1993. – 656 с. – книга
- 5 Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. М: 1975. – 284 с. –книга
- 6 Светлана Тер-Минасова. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. –Астана: 2018. –317 с.
- 7 Карнеги Д. Как завоевывать друзей и оказывать влияние на людей. Алматы:1992. – 496 с.

МРНТИ 16.21.41

Құрманбайұлы Ш.,¹ Әділов М.²

*^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТҰҒЫН» ЖҰРНАҚТЫ
ЕСІМШЕНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

Аңдатпа

Мақалада ертеректе кеңінен жұмсалып, қазіргі күні тек белгілі өңірлерде ғана айтылатын бірақ көркем әдеби шығармаларда әлі де қолданылатын «тұғын» формасы зерттеліп қарастырылды. XIX ғасырда қазақ жазба тілінде актив қолданылған «тұғынды» қазақтың ұлы ақыны Абай өз шығармаларында пайдаланған. Оны хакім Абайдың қалай әрі қанша рет қолданғанымысалдармен көрсетілді. Түркі ескерткіштері мен тілдерінен алған талдаулар негізінде «тұғын» формасын шағатайшаның элементі әрі говорлық ерекшелік емес екендігі дәлелденді. Ақын тіліндегі *тұғын* қазақ тілінде жыраулар дәуірінен бері қолданылып келе жатқан дәстүр жалғастығының көрінісі болғандығы айтылды. Сондай-ақ, есімшенің бұл түрінің қазіргі поэзия тілдегі қолданысына да назар аудару мақсатында М.Жұмабаев, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов сияқты XX ғасырдың көрнекті ақындары тіліндегі қолданыстарына тоқталып, салыстырмалы талдау жасалды.

Түйін сөздер: Абай, Абай шығармалары, -тұғын қосымшасы

Kurmanbaiuly S.,¹ Adilov M.²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University after Abay,
Kazakhstan, Almaty

THE USE OF THE SACRAMENT “TUGIN” IN THE WORKS OF ABAI

Abstract

The article analyzes the process of transformation of the participle “tyn” which is actively used in the modern literary language. In particular, we are talking about the dialectical character of the ending “tugyn” used earlier in the Kazakh language, and is currently used only in some regions of Kazakhstan. The grammatical form “tugin” occurs frequently in the writings and texts of XIX beginning of XX centuries. The great Kazakh poet Abay actively used this form in his works. Using examples, we analyze the frequency of use in Abay's works. Based on the analysis of Turkic monuments and languages, we will try to prove that the suffix “tugyn” is not an element of the Chagatai language and a dialect exception, that this form is native Kazakh on the bright examples of akyn-zhyrau, poets and researchers of Kazakh literature. Also, in order to draw attention to the use of this type of participle in the modern language of poetry, a brief comparative analysis of the works of outstanding poets of the twentieth century, such as M.Zhumabayev, K.Amanzholov, M.Makataev and Zh. Nazhimedenov.

Keywords: Abay, Abay communion, “tugin” participle

Қурманбайұлы Ш. ¹ Адилев М. Е. ²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, Алматы

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИЧАСТИЯ «ТУГЫН» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ

Аннотация

В статье анализируется процесс трансформации причастия «тын» которая активно используется в современном литературном языке. В основном, речь идет о окончания «туғын» применяемом ранее активно в казахском языке, а в настоящее время используется только в некоторых регионах Казахстана и в художественной литературе. Грамматическая форма «туғын» часто встречается в произведениях и текстах XIX начало XX веков. Великий казахский поэт Абай в своих произведениях активно использовал эту форму. На примерах мы проводим анализ частотности употребления в произведениях Абая. На основе анализа тюркских памятников и языков попытаемся доказать, что суффикс «туғын» не является элементом чагатайского языка и диалектным исключением, что эта форма является исконно казахской на ярких примерах акын-жырауов, поэтов и исследователей казахской литературы. Также в целях привлечения внимания к использованию данного вида причастия в современном языке поэзии, приведен краткий сравнительный анализ произведений выдающихся поэтов XX века, таких как М.Жумабаев, К.Аманжолов, М.Макатаев и Ж.Нажимеденов.

Ключевые слова: Абай, произведений Абая, причастие «тугын»

Кіріспе. Қазақтың ұлы ақыны Абай поэзиясының тілі, шығармалары тілінің лексикалық құрамы, грамматикалық құрылысы белгілі тілші, әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан едәуір жақсы зерттелді. Абай шығармаларының тілі, поэтикасы жайында жазылған алғашқы арнайы көлемді еңбек Қажым Жұмалиевке тиесілі. Қ. Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты еңбегі 1948 жылы жарық көрді. Қайым Мұқаметхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959) атты кітабын, Рабиға Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968) және «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971) атты монографияларын Абай шығармаларының тілін танып-білуге зор септігін тигізген еңбектер десек қателеспейміз. Алайда, Абай шығармаларының тілі толық зерттеліп қойды деп, оның тілін зерттемей қоюға әсте болмайды. Белгілі ғалым Рабиға Сыздық «Абайдың тілі – кең тақырып. Бұл тақырыпқа бір емес, әлденеше кітап арналуға тиіс» (Сыздықова 2014: 4) деп айтқандай, бұл бағытта әлі де жаңа зерттеулер жүргізіп, ақын

өлеңдері мен қара сөздерінің тілін түрлі аспектіде қарастыруға болады. Біз де Абайдағы кейбір морфологиялық тәсілдің сыртқы тұлғалануы жағынан өзгешелеу болуына назар аударып, ақын тіліндегі ерекше грамматикалық тұлға-тәсілдер туралы сөз етпекшіміз. Сондай грамматикалық ерекшеліктердің осы «тұғын» тұлғасы.

Әдістеме. «Тұғын» жұрнағы дағдылы есімше белгілі бір әрекеттің бұған дейін де болғанын, қалыптасқан дағдылы әрекет екенін, үнемі қайталанып отыратынын білдіреді. Бұл форма қазіргі әдеби тілде айтарлықтай белсенді болмағанымен Абай тілінде «тұғын» және «тұғұн» түрінде жиі қолданады. Қара сөздермен салыстырғанда өлеңдерінде едәуір аз кездеседі (6 жерде ғана).

Қазақ тіл білімінде етістікті жан-жақты зерттеген ғалым Ы.Маманов қазіргі қазақ тіліндегі дағдылы есімше жасайтын «-атын/-етін, йтын/-йтін (-тын/-тін)» жұрнағы ескі түркі тілдерінде «бара тұрған», «келе тұрған», «ойлай тұрған» түрінде қолданылған «тұрған» көмекші етістігінің ықшамдалуы арқылы жасалғанын және бұл форманың халық ауыз әдебиетінде, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларында көп кездесетінін айтады [1, 87].

Ғалымның бұл форманың Абай шығармаларындағы қолданысына қатысты пікірінің негізді айтылғанын біз анықтаған статистикалық деректер растайды. Нақты айтқанда: «тұғын» формалы етістік Абайдың қара сөздерінде – 124 рет, «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» еңбегінде – 7 рет, яғни прозалық шығармаларында – 131 рет қолданылған. Ал поэзиясына келер болсақ, тек өлеңдерінде ғана 5-ақ рет кездеседі де, поэмаларында 4 жерде ғана көрінеді. Сонымен, Абай шығармаларында «тұғын» формалы етістік барлығы – 140 рет қолданылған.

Мәселен, прозалық шығармаларда қолданылған «тұғын» формалы етістіктер мыналар: *азатұғын, азғыратұғын, айдындыратұғын, айыратұғын, алатұғын, алмайтұғын, арланатұғын, артылмайтұғын, асырайтұғын, атанатұғын, ауыртатұғын, беретұғын, бермейтұғын, болатұғын, болмайтұғын, бұзылатұғын, бұзылмайтұғын, білдіретұғын, білетұғын, дейтұғын, дөңбекшітетұғын, еретұғын, еритұғын, ететұғын, жалықпайтұғын, жарамайтұғын, жасайтұғын, жейтұғын, жетпейтұғын, жиіркенетұғын, жіберетұғын, жібермейтұғынын, келмейтұғын, келтіретұғын, келіспейтұғын, кететұғын, көрмейтұғын, көрінетұғын, кіріспейтұғын, қалатұғын, қалшылдайтұғын, қарайтұғын, қартайтатұғын, қимайтұғын, құтқаратұғын, қылатұғын, өкпелейтұғын, өлетұғын, өлтіретұғын, өтетұғын, пайдаланатұғын, сақтайтұғын, сенбейтұғын, сыбайтұғын, сынататұғын, табатұғын, тартатұғыны, тартыспайтұғын, табылмайтұғын, танитұғын, танымайтұғын, тимейтұғын, тоздыратұғын, түсетұғын, тынбайтұғын, тілеспейтұғын, ұғатұғын, шошитұғын, шыдайтұғын.*

Бұлардың арасында: «болатұғын» – 10, «дейтұғын» – 9, «алатұғын» – 5, «білетұғын» – 5, «кететұғын» – 3, «сақтайтұғын» – 3, «жіберетұғын» – 3, «қылатұғын» – 2, «жетпейтұғын» – 2, «беретұғын» – 2, «болмайтұғын» – 2, «алмайтұғын» – 2, «бермейтұғын» – 2, «жүретұғын» – 2, «кететұғын» – 2 реттен қайталанып қолданылады.

Прозалық шығармаларында өте жиі қолданылған «тұғын» формасының ақын өлеңдерінде, керісінше, тым сирек кездесетіндігі бір жағынан қазақ тілінде бұл сөзбен тұлғалас, үндес сөздердің аз ұшырасатындығына байланысты оның ұйқас құрауға сұранып тұрмағандығы себеп болса, екінші жағынан белгілі ғалым Р.Сыздық: «Артық буын керек жерде есімшенің ауыспалы шағы үшін *-тұғын*, бір буыны кем тармақ керек болса, *-тын* варианты еркін пайдаланыла береді [2, 270] – деп орынды атап көрсеткеніндей, бұл жұрнақтың толық түрін Абай негізінен өлеңнің буын санына қарай пайдаланған. Оны ақынның «тұғын» формалы етістік кездестірген өлең жолдарынан анық байқауға болады. Мәселен:

«Асқа, тойға баратұғын

Жаны асығып жас жігіт

Қолға кетті жауға бір күн,

Тірі адамның ісі үміт» [3, 116] – деген шумаққа назар аударып көрелік. Осы шумақтың екінші және төртінші тармағын аяқтап тұрған «жігіт» пен «үміт» сөздері өзара үндесіп, ұйқас құрап тұр. Ал бірінші, үшінші тармақтарындағы «баратұғын» мен «бір күн» сөздерін ұйқас деуге келмейді. Бұл сегіз буынды өлең. Шумақтағы «баратұғын» сөзі ұйқас құраудан гөрі, буын санын толықтыруға көбірек қызмет етіп тұр. Егер «баратұғын» етістігінің орнына онымен мағыналас «баратын» сөзі пайданылғанда тармақ жеті-ақ буын болып, өлеңнің буын саны толмай қалар еді. Ал «баратұғын» құрамындағы «тұғын» формасы етістік мағынасын сақтаумен қатар оған бір буын қосып, тармақтың буын санын сегізге толтырып тұр. Мына төмендегі өлең жолында да дәл солай.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын(өлмейтұғын) артына сөз қалдырған? (Абай 228).

Бұл 11 буынды өлең. Мұндағы «өлмейтұғын» сөзі тармақтың басында тұрғандықтан ұйқас құрауға қатыспайды. «Өлмейтін» деп алғанда, өлең жолының бір буыны кеміп қалар еді. Келер шақ көсемшенің *-й* жұрнақты «өлме» болымсыз етістігіне жалғанған «тұғын» қосымшасы сол кемдікке жол бермей тұр. Сол себепті *-тін* емес, *тұғын* таңдалған.

Ал «тұғын» формалы бұл төрт етістіктің екеуі ақынның М.Лермонтовтан аударған «Дұға» деп аталатын өзі үш-ақ шумақтан тұратын шағын өлеңінің:

Өмірде ойға түсіп кем-кетігің,
Тулағыш мінезің бар, жүрек сенің,
Сонда сенің отынды басатұғын.

Осы өлең – оқитұғын дұғам менің» [3, 199] – деген бірінші шумағының соңғы екі тармағында қолданылған. Жалпы бұл ААБА үлгісіндегі қара өлең ұйқасына құрылған туынды болғандықтан шумақтың үшінші тармағындағы «басатұғын» сөзінің ұйқас түзуге тікелей қатысы жоқ. Ұйқас құрып тұрған осы шумақтың бірінші, екінші және үшінші тармақтарындағы «кем-кетігің», «сенің», «менің» сөздері. Ал төртінші жолдағы «оқитұғын» сөзі, керісінше, 11 буынды өлеңді 12 буынға айналдырып тұр. «Оқитұғын» сөзін алмастыратын қажетті сөз табудың ешқандай қиындық туғызып тұрмағаны айқын. Дәл сол мағынаны беретін әрі буын санын бұзбайтын «оқитын» сөзі осы жерге сұранып тұрғандай. Сондықтан «Неліктен осы жолда «тұғын» формасы қолданылды әлде бұл қолжазбаны көшіру, басу кезінде кеткен қате ме екен?» деген де сұрақ туындауына себеп бар. Егер автор өзі қолданған болса, мұнда бір мақсат бар. Әйтпесе, Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда «өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген», сөз тексергіш Абай қарапайым мәселеде мүлт кетуі мүмкін емес. Ақын бұл өлеңнің үшінші, төртінші жолдарындағы морфологиялық тұлғалары жағынан бірдей «тұғын» формалы «басатұғын», «оқитұғын» сөздерін әдейі алған сияқты. Мағыналық-дыбыстық және бунақтардың орналасуы тұрғысынан мұнда толық мәніндегі тармақаралық ішкі ұйқас болмағанымен, іргелес тармақтардағы «тұғын» формалы сөздер тұлғасы жағынан өзара үндеседі. Сондай-ақ, бұл өлеңнің соңғы тармағын тармақ басындағы бірінші бунақтағы дауыстыға аяқталып, дауыстыдан басталып тұрған екі сөзді бір-біріне кіріктіріп «осы + өлең = осөлең» түрінде *ы* дыбысын түсіріп оқысақ, бір буын жұтылып кетеді де буын саны реттеледі. Сонда: «Осөлең – *оқитұғын* дұғам менің» тармағы да 11 буынды болады.

Көңілде қайғы, қалың зар,
Айтатұғын сөзім бар,

Салсын құлақ ұққандар [3, 110] – деген 7 буынды өлеңде де «айтатұғын» формасы буын санын толықтырып тұр. Егер «айтатын» дегенде, буын саны кеміп қалған болар еді.

Ал енді бұл есімше жұрнағының ықшам нұсқасы *-тын/-тін(-атын -етін, -йтын, -йтін)* Абайдың қара сөздерінде: «Жоқшылықтың адамды хайуандандырып *жіберетіні* де болады. Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті *ауырмайтын* қылып жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы *асырайтын* қылып, хәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың хәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Кейбір антұрғандардың тым-ақ тату бола *қалатыны* қалай?» сияқты сөйлемдерде 22 рет қана қолданылады. Мұнда 3-4 мысал ғана беріліп отыр. Негізі барлық қара сөздерде кездесетін *-тын/-тін* жұрнақты есімшелер мыналар: *азғырылмайтын, алатын, асырайтын, ауырмайтын, бермейтін, берілетін, болатын, бұзатын(3), жарамайтын, жетпейтін, жіберетін, күлетін, қалатын(2), қылатын(2), қостамайтын, қоятын, тиетін, тұтатын*. Бұл есімшелер арасындағы «қылатын» және «қалатын» етістіктері екі рет, ал «бұзатын» үш рет қайталанады.

Жоғарыда аталған Абайдың қазақтың шығу тегіне қатысты «Біраз сөз қазақтың қайдан шықаны туралы» деген еңбегіндегі «тұғын» қосымшалы 7 есімше мыналар: *көретұғын, қайтатұғын, айтылатұғын, тұтынатұғын, жүретұғын, дейтұғын* (2 рет). Соңғы есімше «Өздерін өздері: «Қоңыр қазақ», «Қара қазақбыз» *дейтұғыны...*» [3, 404] әскердің алдымен *жүретұғыны* солар болып, Қазақтың «Үш жүздің баласы» *дейтұғыны* сол» [406] – деген сөйлемдер құрамында кездеседі.

Ал *-тын/-тін* тұлғалы есімшелер ақын өлеңдерінде – 5, поэмаларында –13, оларды қосқанда –18 рет қолданылады. Олар: *бастайтын, бұзатын, білетін, білмейтін, дейтін* (2), *ескермейтін, жолығатын, иілмейтін, көретін, көтеретін, күлмейтін, қалмайтын, қылатын, өлмейтін, өлтіретін,*

тиетін, ұғатын. Сонда Абайдың барлық шығармаларында есімшенің бұл формасы – 40 рет қолданылған. 140 рет қолданылған «тұғын» тұлғалы есімшемен салыстырғанда бұл 4 еседей аз. Яғни, ақын тілінде *-тұғын* жұрнақты есімше қолданысының басымдығы айқын.

Р.Сыздық есімшенің *-тын* мен *-тұғын* тәрізді толық варианттары параллель қолданылғанын айта келіп, «Бұлар поэзия шартына байланысты Абай өлеңдерінде кезек қолданылса, прозасында көбінесе толық түрлері пайдаланылған. Бұл құбылыс – Абай кезеңіндегі ауызекі сөйлеу тілінің де, сол тұстағы жаңа туған прозалық стильдердің де нормасы» [2, 315] – деп жазады.

Ғалым атап көрсеткендей, анықталған статистикалық деректер сол кезең прозасының стильдік нормасына сәйкес *-тұғын* нұсқасының Абай тілінде де едәуір басым екендігін мейлінше нақты көрсетеді. Ал енді поэзияға келсек, сол кезеңдегі тілде «тұғын» нұсқасының белсенді болғанына қарамастан, ақын өлеңдерінде *-тын* нұсқасы одан 4 еседей артық, яғни 18 рет жұмсалады. Мысалы:

Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңіл бөлмепті [3,172]
«*Жолығатын* қыз қайда терең сайда» [3,198]
Химия ғылымы бар *дейтін*, сүйтсе-дағы
Анасы басын шайқап, ішін тартты [3, 294].
Бір мезгілде шал айтты: – Балам, тоқта,
Мысты алтын *қылатын* дәрі осы жақта [3, 300] және т.б.

Алдыңғы 8 және 11 буынды өлеңдерде *өлмейтін*, *жолығатын* есімшелері буын санының сақталуына қызмет етіп тұр. Алайда одан кейінгі екі өлеңде *-тын* жұрнақты «дейтін», «қылатын» есімшелері қолданылғанымен буын саны бәрібір сақталмаған. Мұндағы 11 буынды өлеңдердегі буын саны –13 болып шыққан. Яғни, дәл осы тармақтарда қосымшаның қысқа нұсқасы буын санын ретке келтіріп тұр деуге келмейді.

Нәтижелер. *-тын*, *-тұғын* жұрнақты есімшенің қазіргі әдеби тілдегі, соның ішінде, поэзиядағы қолданысына назар аударар болсақ, ХХ ғасырдағы көрнекті ақындар тіліне жүгінуге тура келген болар еді. Бұл орайда біз әзірге М.Жұмабаев, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов шығармаларына ғана шолу жасап көрдік. Мәселен, **М.Жұмабаев** өлеңдері мен поэмаларында *-тын* жұрнақты есімшелер 79 рет қолдалылған. Олар: *алатын* (2), *алдайтын*, *баса алмайтын*, *айнымайтын*, *айрылмайтын*, *айтатын*(2), *арбайтын*, *бағынатын*, *балдырлайтын*, *батыратын*, *білмейтін*, *бітпейтін*, *дейтін*(3), *демейтін*, *жайқалатын*, *жалдайтын*, *жалдамайтын*, *жалғайтын*, *жалмайтын*(2), *жастайтын*, *жаумамайтын*, *жейтін*(6), *жемейтін*, *жетпейтін*(2), *жұбататын*, *келетін*(3), *кететін*, *көрінбейтін*, *күзететін*, *қажымайтын*, *қатыспайтын*, *қорықпайтын*, *қоятындай*, *ойнайтын*(2), *отыратын*, *өзгермейтін*, *өлетін*, *өлтірмейтін*, *өтпейтін*, *сабайтын*, *сақтайтын*, *сататын*, *селеңдейтін*, *сермейтін*, *сөнбейтін*, *сөнетін*, *сұрайтын*, *сүйетін*, *табатын*, *табынатын* (3), *табысатын*, *тастайтын*, *таусылмайтын*, *төгетін*, *тыңдайтын*, *ұстатпайтын*(2), *ұшпайтын*, *шайқалатын*, *шашатын*(2), *шыдайтын*, *шығатын* [4, 13-363] және т.б. Бұл қатарға М.Жұмабаевтың мақалалары мен «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде қолданылған дағдылы есімшелер қосылған жоқ. Бұлардың арасындағы ұйқас құрап тұрғандарын төмендегі өлең жолдарынан көруге болады:

Кейде жылан *арбайтын*,
Кейде аждаһа *жалмайтын*[4,49]
Мен – жыршы ешбір уайым *білмейтін*,
Қажу білмей, қолды көкке *сермейтін*.
Жігері мол қарындасқа өзіндей;
«Іс істелік, қане, қолың бер» – *дейтін* [4, 113].
Күн бар ма
Шайқалатын?
Жылы желмен
Жайқалатын? [4, 137].
Жалғайтын жұлып өзегін,
Сұм, сұрқия, пысық жоқ,
Үйірлеп малай *жалдайтын*,
Жалдамайтын, *жалмайтын*,
Еңбексіз обыр сасық жоқ [4, 288].

Ал *-тұғын* жұрнақты есімше Мағжан өлеңдері мен поэмаларында бар-жоғы үш-ақ рет кездеседі. Оларды мына төмендегі өлең тармақтарынан көруге болады:

Япыр-ай, айрылдык па қалың топтан,
Шабдылып қайтатұғын жауған оқтан?! [4, 55].

Жанға жан беретұғын тәтті жырлы,
Меруерттен тізілген қос қанаты [4, 81]

Кім білед, өлмейтұғын ел бар шығар,
Кім білед, ажалға да ем бар шығар [4, 224].

Бұл тармақтардағы *қайтатұғын*, *беретұғын*, *өлмейтұғын* есімшелері ұйқас құрап тұрмағанымен, 11 буынды өлеңнің буын санын толықтырып тұр.

Ал **Қ.Аманжоловтың** өлеңдері мен поэмаларында *-тын* жұрнақты мынадай есімшелер ғана қолданылады:

Өзге өлсе де, – *өлмейтін*,
Өліміңе *көнбейтін*[5, 16].

Таң алдында *қалғитын*
Қонақтаған тау қыран,

Дәл сол кезде *аңдитын*
Шакпақ болып сұр жылан [5, 65].

Тұтылғанмен бүгінгі күн, дәл ертең –
Күлім қағып *шығатыны* ып-рас [5, 130].

Өз-өзіңе *ойлайтының* қастық па? [5, 136].
Біз *жетпейтін* қиыр да жоқ,

Біз *алмайтын* қиын да жоқ! [5, 239].
«Есілдей» есіп жатқан көңілі бар,

Сәкеңе *өкпелейтін* «қай антұрған?» [5, 210].
Біз *жетпейтін* қиырда жоқ,

Біз *алмайтын* қиын да жоқ! [5, 239].
Өттең, жоқ қой, қанатым,

Жерім көп ұшып *баратын*.
Борышым көп *беретін*,

Сыбағам көп *алатын* [5, 262].
Ежелден жаудың сыры бізге мәлім,

Күлгірсіп *кететінді* сиқырланып [5, 317].

Біз қарастырған Қасым Аманжоловтың өлеңдері мен поэмалары енген бір томдық «Нұрлы дүние» атты таңдамалы жыр жинағында *-тын(-тін)* жұрнақты есімше 50 рет қолданылған. Олар: *айтатын(3)*, *ақтаратын*, *алатын*, *алмайтын(2)*, *аңдитын*, *балайтын*, *баратын*, *бармайтын*, *беретін*, *бермейтін*, *болатын*, *білмейтін*, *дейтін(3)*, *еліретін*, *жетпейтін*, *жүретін*, *жылайтын*, *көнбейтін*, *көретін*, *күлетін*, *күңгірлейтін*, *қаймықпайтын*, *қайтпайтын(2)*, *қалғитын*, *қаратпайтын*, *құритын*, *қызғанбайтын*, *ойлайтын*, *өкпелейтін*, *өлмейтін(2)*, *өртенбейтін*, *істейтін*, *семіретін*, *тамылжитын*, *тарылмайтын*, *тозбайтын*, *тоқтайтын*, *ұйықтайтын*, *ұрсатын*, *шоқынатын*, *шығатын*, *шырмалатын*, *істейтін*. Жақша ішінде қанша рет қайталанғаны көрсетілген. 400 бетке жуық таңдамалысында елу-ақ рет кездесуі жалпы ақынның дағдылы есімшені жиі пайдаланбайтынын көрсетеді. Мұны ақынның стильдік, өзіндік баяндау, сөз таңдау және сөз қолдану ерекшеліктерінің бірі деуге болады. Бұл жерде, тағы бір айрықша мән беретін жайт – ақын *-тұғын* жұрнақты есімшені мүлде қолданбаған. Қазіргі әдеби тілде жиі қолданылатын *-тын (-тін)* жұрнақты есімшенің өзін мейлінше көп пайдаланбаған қаламгер тілінде одан гөрі едәуір пассив нұсқаның кездеспеуін табиғи нәрсе деп қабылдауға болады. Тіпті 11 буынды өлең жолын толықтыруға орайы келіп тұрған «Күлгірсіп кететінді сиқырланып» деген тармақтың өзінде ол «кететұғын» демей, «кететінді» деп алады. Бұл жағдаймен қоса, жалпы *-тұғын* жұрнағы жалғанған есімшенің ақын өлеңдерінде бірде-бір рет кездеспеуі автор дағдылы есімшенің толық нұсқасын мақсатты түрде қолданбаған немесе бұл оның сөз саптау мәнеріне жат сипат деген ой түюге жетелейді.

Ал **Мұқағалиға** келсек, бәрі керісінше. Ақын өлеңдерінде жалпы дағдылы есімше өте жиі қолданылады. Ол тек қана *-тын (-атын, -етін, -йтын, -йтін)* жұрнақты есімшені – 1834 рет қолданған [6, 1039]. Одан бөлек *-тұғын* жұрнақты есімше де ақын өлеңдерінде салыстырмалы түрде жиі пайдаланылған. Оның туған жерінде жүріп 1949 жылы жазған алғашқы өлеңдерінде-ақ *-тұғын*

жұрнақты есімшені пайдаланғанын көруге болады. Оған ақынның мына төмендегі өлең жолдары мысал бола алады:

Адам боп дүниеге жаратылдым,
Мылқау емен надан боп қалатұғын.
Талабым зор, жүректе шырағым бар,
Өмірден өз үлесін алатұғын [7, I-т. 23].

Кезім ед Нарынқолға баратұғын,
Тәтті ұйқыдан амалсыз жаңа тұрдым [7, I-т. 30].

Міне, бұл 18 жастағы жас ақынның 1949 жылы жазған ең алғашқы өлеңдері. Өлең ұйқасы - *тұғын* жұрнақты есімшеге құрылған. Оның бұдан кейінгі ақын ретінде толықсыған шағындағы өлеңдерінде де есімшенің бұл нұсқасы жиі көрініс беріп отырады.

Теңіз болып жер беті тербелетін,
Қыбыр-қыбыр дүние сенделетін.
Таулар алып кемедей жүзетұғын,
Желпіндіріп желкені желге бетін [7, I-т. 157-158].

ААБА үлгісімен құрылған бұл өлеңнің осы шумағында -*тұғын* жұрнақты есімше үшінші тармақта келіп, ұйқас құрауға тікелей қатысып тұрған жоқ. Ал буын санының толықтырып тұрғаны анық.

Төмендегі шумақтағы «жөк-тұғын», «қамауда-тұғын» есімшелері өлеңнің ішкі үйлесіміне қызмет етіп тұрғанмен, ұйқас құрауға қатыспаған.

Артым бос, айтар тасбуын
Жөк-тұғын менің дәлелім. –
Қорада жемсіз ақырда,
Қамауда-тұғын қысырақ,
Аяндап келем, тақымға
Шетеннен құрық қысып ап [7, II-т. 143].

Ал мына шумақтың бірінші және төртінші тармақтарындағы есімшелер өзара ұйқасып тұр.

Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын. [7, III-т.119].

Біреу сонда жанымнан шықпайтұғын,

Жаны бірге менімен серігім бе ең?! [7, III-т.191] деген жолдарда есімшенің толық нұсқасы буын толықтығы үшін пайдаланылған. Соңғы жолдағы «серігім бе ең?» дегендегі қатар келген екі сөздегі е әрпі айтылуда бірігіп «серігім бең?» болып кетуі арқылы 11 буынға айналады.

Ақынның -*тұғын* жұрнақты есімшені ұйқас түзуге барынша қатыстырған тұсын төмендегі қос шумақтан көруге болады:

Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Асығыстық оларда болмайтұғын.
Қомағай көкқұтандар секілденіп,
Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын
Сондай-тұғын, аққулар сондайтұғын,
Ақ мүсін айдынға кеп орнайтұғын
Әдилеп ақ төсінде бермей тыным,
Ақ айдыны ақ мүсінін тербейтұғын.
Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,
Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.
Аққулар аман-есен қайтқанынша,
Суына «Жетім көлдің» шөлдейтұғын
(Суымен сырқаттарын емдейтұғын) [7, II-т.172].

Ақын осы «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында -*тұғын* жұрнақты есімшелерді пайдалана отырып, бірыңғай ұйқас құрайды. Алты тармақты өлең жолдарының екі шумағын тұтастай -*тұғын* тұлғасымен тиянақтайды. Он екі тармақтан тұратын осы екі шумақтың өзінде ғана ол -*тұғын* жұрнақты есімшелерді 11 рет ұйқастырып қолданады. Мұны қазіргі поэзиядағы -*тұғын* жұрнақты есімшені ұйқастыра қолданудың бір жарқын үлгісі деуге болады. Мұқағалида -*тұғын* жұрнақты

есімше жоғарыда келтірілген мысалдардағымен ғана шетелмейді. «Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын» [7, II-т. 167]. «Қарайтұғын айдынга, ақ отауға» [7, II-т.171], «Өмірдің сембейтұғын гүлісіндер» [7, II-т. 271], «Жабатұғын өмірді құмға оранып» [7, II-т. 349]. «Асау тай мөңкитұғын көрінбейді» [7, III-т. 282] сияқты өлең жолдары да сол қатарды толықтырады. Ақыннан бұл қатарға қосылатын мысалдар әлі де табылады. Біз оларды түгел көрсетпедік, мұнда 25 мысал ғана беріліп отыр. Осы келтірілген мысалдардың өзі *-тұғын* жұрнақты есімшенің Абай, Қасым ақындармен салыстырғанда Мұқағали өлеңдерінде көбірек қолданылғанын көрсетеді.

Ақынның *-тын/-тін* тұлғалы есімшелерді ұйқас құрау үшін пайдаланғанын бірнеше өлеңінен көруге болады. Мысалы:

Жалғыз көкек жүретін жаға талда.

Әлдекімді жоқтайтын күн батарда,

Әлдекімді жоқтайтын таң атарда [7, I-т. 87].

Бұл өлеңде морфологиялық тұлғасы бірдей «жүретін», «жоқтайтын» есімшелері қатар тұрған әр тармақта, ал «әлдекімді жоқтайтын» тіркесінің соңғы екі тармақта қайталанып параллель қолданылуы арқылы есімшелер ішкі ұйқас құрап тұр.

«Сағым» деп аталатын бұл өлеңнің мына шумағы да түгелдей *-тін* жұрнақты есімше ұйқасына құрылған:

Сиқырлы сан мың сәуле төгілетін,

Сан мың өрнек сәнімен өрілетін.

Көз ұшында мазарлар көтеріліп,

Тәжі Махал сияқты көрінетін [7, I-т. 158].

Мына шумақта да солай.

Дейтін еді,

Дейтін еді қарт ақын,

(Өзгелерге кінәні көп артатын)

Оңашада шарап ішіп екеуміз,

Өзі менен шылым сұрап тартатын [7, II-т. 212].

Қатар келген «дейтін еді» есімшелі тіркесі ішкі ұйқас, ал «артатын», «тартатын» есімшелері өлеңнің негізгі ұйқасын құраған.

Орган жіліктей,

Темекісін қарт орайтын,

Орайтын-дағы, бір-бірлеп бізді санайтын.

Санайтын-дағы, қойнынан алып күлшесін,

Тепе-тең бөліп,

Күрсініп, ұзақ қарайтын [7, III-т.162].

Осы соңғы шумақтың ішкі ұйқасын да: «орайтын-дағы», «санайтын-дағы», әр тармақ соңындағы өлеңге тән пішін беріп, негізгі ұйқас құрап тұрған да: *орайтын, санайтын, қарайтын* да *-тын* жұрнақты есімшелер. Ақын өлеңдеріндегі есімшенің бұл нұсқасы бұлармен ғана шектелмеді. Олар: *алыстайтын, ататын, білмейтін, жазылатын, жарататын, жарбиятын, жататын, жеткізбейтін, жетпейтін, ойнайтынмын, оралмайтын, опық жейтін, табынатын, тастайтын, тұратын, шаништын, шықпайтын* деп жалғасып кете береді. Олардың Мұқағалида өте көп екені, қолданыс статистикасы, саны жоғарыда нақты көрсетілді.

Жүмекен Нәжімеденовте де *-тұғын* жұрнақты есімшенің едәуір жиі қолданылатындығы анықталды. Мысалы:

Отырам қызыл күннің отын ұрттап,

Қанталап қайтатұғын кешкі бұлттай [8, I-т. 87].

Момын дала! Әр көңілдің түбінен

Тебіреніп туатұғын ел әні [8, I-т. 175].

Ұрсатұғын үлкендер

Жаман ырым ғой деп бұл [8, I-т. 280].

Тиятұғын тентек бала жылауын

Қиятұғын күлкілерін үлкендер [8, I-т. 281].

Ырым ғой бұл, алла бар, қамайтұғын,

Нан жарықтық бақсы емес алдайтұғын [8, I-т. 283].

Аспан құсап қарайтұғын паңданып,

Алдап-сулап *жөнелетін* мезгілді,
Және өздері қалатұғын алданып [8, I-т. 435],
Қошалақты қыстайтұғын қара шал,
Саған сәлем бермегелі көп болды [8, II-т. 49].

«Айтатұғын ақылым да көп менің, сол ақылдың керегі жоқ кісіге» [8, I-т. 400], «Қара бұлттай *жабатұғын* күн-бетін» [8, I-т. 429], «*Қалатұғын* кейде оңаша ойланып.» [8, I-т. 429], «Арылғысы *келетұғын* сол ойдан» [8, I-т. 429], «Жастығына *қалатұғын* жас тамып» [8, I-т. 439], «Сұлу жар бар – *сүйетұғын* жігіт жоқ» [8, I-т. 441], «Қолаң шаша бар – *тарайтұғын* жоқ тарақ,» [8, I-т. 441], «Кемпір байғұс *қарайтұғын* қуанып» [8, I-т. 478], «Сол күбіні *ыстайтұғын*» [8, III-т. 184], «Күлкісі кеп *тұратұғын* еркелеп» [8, III-т. 402], «...жатадұғын тып тыныш» [8, III-т. 404] сияқты өлең жолдарында да *-тұғын* жұрнақты есімше қолданылады. Мұндай есімшелер осы көрсетілгендермен ғана шектелмейді. Олардың қатарын әлі толықтыруға болады.

Ал *-тын* жұрнақты есімше де ақын шығармаларында аз ұшыраспайды. Мысалы:

Аңқаулық – *жабылмайтын* есіктерде,
Жалқаулық – *жиылмайтын* төсектерде [8, I-т. 330].
Сұлтан атай ерттей қалса сары атын
Ұлпа шешеші айыл алып *баратын*.
Келін үйден көпшік алып *шығатын*,
Сүйтіп, бәрі бір ат ерттеп *тұратын* [8, I-т. 430].
Кәрі қойшы жетектеп қотыр атын,
Отыратын, аңырып не *тұратын*.
Қотыр мұржа түтінін түйдектетті –
Әжем өстіп жүн түтіп *отыратын* [8, II-т. 115].

11 буынды бұл өлең тармақтарында дағдылы есімшелер буын санын сақтап та, ұйқас түзіп те тұр. Ақын шығармаларынан мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мәселен, *аршылмайтын*, *байланатын*, *барлайтын*, *жасалатын*, *жететін*, *жетпейтін*, *жоголмайтын*, *жығылмайтын*, *кететін*, *көрінбейтін*, *құлайтын*, *құтылмайтын*, *түсінбейтін*, *қия алмайтын*, *шеше алмайтын*, *өртейтін*, *сөйлемейтін*, *соғатын*, *таптырмайтын*, *ұғылмайтын*, *ұнайтын*, *шертетін*, *іздейтін* және т.б. көптеген есімшелердің қолданысы соны көрсетеді. Солай дегенмен де, Ж.Нәжімеденов *-тын* жұрнақты есімшені өте жиі пайдаланған деуге болмайды. Ал ақын шығармаларындағы есімшенің *-тын*, *-тұғын* нұсқаларының қолданыс жиілігін өзара салыстыра қарағанда *-тын* формасының басым екені байқалды.

XV-XVIII ғ. жыраулар поэзиясында да есімшенің ауыспалы шағын жасайтын «*-тұғын*» қосымшасы сирек болса да кездеседі:

1. Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің (Асан қайғы) (БҒЖ 23)
2. Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Өркімменен ұрыспа (Асан қайғы) (БҒЖ 26).
3. Рулының оғы қалса табылар,
Жалғыздың тартатұғын жағы қалса табылмас» (Бұхар жырау) (БҒЖ 85).
4. Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін
Қылмандар жанжал, ерегес (Бұхар жырау) (БҒЖ 93).
5. Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне
Түсіз терең көл екен,
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен (Бұхар жырау) (БҒЖ 95).
6. Басеке, мал жануар басқа бітер,
Қына шөп секілді ол тасқа бітер.
Үйінен ит жаланып шықпайтұғын,

Өзіндей жатып ішер насқа бітер (Шал ақын) (БҒЖ 126).

7. Сөйлеп қал, сөйле, тілім, арыс келді,

Алдына сөйлейтұғын намыс келді.

Сөйлеп қал, кызыл тілім, осындайда,

Кысқарып ұзын дүние, қарыс келді (Шал ақын) (БҒЖ 129).

Талқылау. Енді бұл форма қайдан шықты, этимологиясы қандай, ғалым-зерттеушілердің тұжырымдары қалай, қазіргі күні қолданыла ма, қолданылса қай өңірлерде жиірек айтылады, осы мәселелерге тоқталсақ.

Қазақ зерттеушілерінің «тұғынның» тарихи туралы тұжырымдары бір арнаға тоғысады. Мәселен, Ы.Маманов қазіргі қазақ тіліндегі дағдылы есімше жасайтын -атын/-етін, -йтын/-йтін (-тын/-тін) жұрнағы ескі түркі тілдерінде «бара тұрған», «келе тұрған», «ойлай тұрған» түрінде қолданылған «тұрған» көмекші етістігінің ықшамдалуы арқылы жасалғанын айтады [1, 87].

«Тұғынның» *тұрған* сөзінен келгені туралы Қазақ тілінің грамматикасында сөз етіледі:

«Негізгі және туынды етістіктер түбіріне алдымен көсемшенің «а, е, й» жұрнақтары, содан кейін «тын/тін» жұрнақтарының қосылуы арқылы ауыспалы осы шақты есімше жасалады. Бұл жұрнақтың арғы төркіні – *тұрған* сөзі, ол ықшамдалып, алғаш *тұғын* болған, әдеби тілде ол «тын/тін» болып қысқарып, жуанды-жіңішкелі фонетикалық варианттарға бөлініп қолданылады» [9, 179].

Бұл мәселеге қатысты орыс авторлары да жазады. Мәселен, Ильминский:

«Причастие *турган* занимая место вспомогательного после деепричастия на «а» теряет «р»: вместо *бара тұрған* говорят *бара тұғын* и еще сокращеннее *баратын* [10, 10].

Мелиоранский:

«*Тұрған* мало-помалу сократилось в *тұғын*. В современном разговорном языке сокращение идет еще дальше. Теперь в живой киргизской речи нередко слышится форма *алатын, түсетін*» [11, 62].

Катаринский 1906 жылғы «Грамматика киргизского языка» атты еңбегінде қазақ тіліндегі есімшенің екінші формасы «тұғұн» екенін жазып, оның «тұрған» сөзінен келгенін ескерткен:

«Причастие настоящее-будущее 2-е (или долженствовательное) образуется чрез прибавление «тұғұн» (сокращено *тын, тин* – от *тұрған*)» къ причастию на а, е, й, и означает: долженствующий, постоянно действующий, или заслужавающий, напр.: *қарайтұғұн, жүрөйтұғұн, қазақтың кун көретұғұны мал, сендей кісі соқтыратұғұн*» [12, 77].

Катаринскийде қазақ тілінен *-тұғын* есімшесіне байланысты мысалдар берілгенде *-тын* нұсқасы жақшаның ішінде берілген:

«Причастие настоящее-будущее 2-е: *қарайтұғұн (қарайтын), алатұғұн, күтөтұғұн (күтөтүн), тійетұғұн (тійетін), қойатұғұн, оқуйтұғұн (оқуйтун), шөлдөйтұғұн (шөлдөйтүн)*» [12, 86].

Б.Әбілқасымов та XVIII-XIX ғасыр кеңсе қағаздары тілінде есімшенің «тұғын» немесе «тын» тұлғалы түрінің орнына *тұрған* сөзі келеді деп көрсетеді: *шабуыл қылатұрған* [13, 20].

Ғалым Б.Әбілқасымов XIX ғасырдың екінші жартысында *тұғын* және *тұрғанның* қолданысына байланысты мынандай тұжырымдар айтады:

«Діни сарындағы кыссаларда көбінесе *тұрған* формасы басым келсе, өзгелерінде «тұғұн» мен «тын/тін» қатар келеді, дегенмен «тұғұн» формасы жиірек ұшырайды: Бұлардың ішінде сарайыны *қарай тұрған* яғни қарауылчы бір кәнізақ бар ерді» (Бозжігіт, 115-б.); Бұларының *қорықпайтұғұн* бәрі батыр (Зарқұм, 19-б.); *Айтатұғұн* шаһзаданың дәл өзімін (Таһир, 16-б.) [14, 185].

«Газеттер материалдарына келсек, «Түркістан уәләтінің газетінде» бұл есімше екі түрлі тұлғада (тұған және тұғұн) кездеседі, алғашқы жылдардағы номерлеріне *тұған* тән болса, кейінгі жылдарда *тұғұн* басым: Осы фебралдың жиырма үчінчү күніне че біздің казитді *ала тұған* кісінің есебі сарт тілінде басыл тұған казитті 440 кісі қазақ тілінде басыла тұған казитті 240 кісі болды (ТУГ, 1877, б.); Бұл жаңағы *болатұғұн* генерал губернаторға қарай тұғұн Ақмола облұсы Семей облұсы Жетісу облұсы дейді (ТУГ 1882, 4) [14, 185].

«Қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын *келетін, баратын* тұлғалы есімшелер Айқап журналында көбінде *келетұғын, баратұғын* түрінде қолданылып, «тын» қосымшасы сирек кездеседі, ал «Қазақ» газетінде керісінше «тұғын» тұлғалы есімше өте сирек кездеседі, көбінесе «тын» қосымшасымен қолданылады» [15, 143].

Тұғынның диалектілердегі қолданысына қатысты диалектолог ғалымдардың да зерттеулері бар. Мысалы, Ж.Досқараев Оңтүстіктегі халықтың тіліндегі ең негізгі тұлғалық ерекшеліктердің бірі «өткен шақтың ауыспалы түрі «тұғын» формасында жұмсалуды айтқан. Ғалымның ойынша бұның бастапқы түрі *тұрған* сөзі [16, 5]. Нұрмағамбетов Оңтүстік диалектісінің Шымкент, Қызылорда, Шу

говорларына ортақ грамматикалық ерекшелік – «тұғын» қосымшасының жұмсалуды деп түйіндейді [17, 98]. Досқараев, Обаған, Торғай аудандарында етістіктің өткен шағы «тұғын» сирек болсын кездесетінін жазады [16, 125]. Нұрмағамбетов Семейдің Аягөз ауданында әдеби тілімізде жиі қолданылатын «тын/тін» жұрнағы орнына *түкін* формасының да қолданылатынын жазады: Өзі ешнәрсе алмайтүкіндей ғой. Ол өзі бір қарамайтүкін кісідей болып жүр [17, 37].

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мен орта ғасыр жазба мұраларында есімшенің мұндай қазақ тіліндегідей формасы жоқ. *Тұрған* сөзі орта ғасыр ескерткіштерінде толық мағыналы немесе көмекшілік қызметтегі сөз болып жұмсалған.

«Тұрған» формасы орта ғасыр жазба ескерткіштерінде:

Диуани лұғатит түрkte *турған* «тұрған мәніндегі көмекші сөз»: *ол ер ышларқа турған* «ол жігіт іс-шаруасын тындыра алған» (DLT 294/247).

Хорезм, Алтынорда жазба мұраларынан Қиссасұл әнбияда *турған* «тұрған мағынасындағы форма» (KE.37r10).

Шағатай дәуірі жәдігерлерінен Шаджра-и түрkte *турған* «көмекшілік қызметтегі сөз, *тұғын* мәніндегі есімше»: Хан аңа киши иберди неч заманда йаманлашмаған қуданда болуб келе тұрғанмыз теб (ШТ46); Атасының келе тұрғанын ешитиб қаршұ чықты (ШТ.68) [14, 187]. Лұтфи диуаны ескерткішінде *турған* «көмекші сөз»: *ил билмесүн дип ортада жандур баһаней, биллаһ мини тириг тута тұрған хайалыдур* «мени тірі ұстап тұрған қиялыдур» (LD.430) [18, 47].

Томановтың материалдары бойынша бұл қосымша қазіргі түрік тілдерінен қарақалпақ т. «атыған», татар т. «атырған», өзбек т. «адиған», алтай т. «атан» формасында жұмсалады [19, 187].

Әбілқасымов қазіргі түрік тілдерінен татар және қырғыз тілдерінде «тұрған», өзбек пен ұйғырда «диған», алтайшада «тан», қарақалпақ тілінде «тұғын» есімше жасайтын форма ретінде сақталған деп жазады [14, 187].

«Тұғын/тұрған» тұлғасы түркі тілдерінде:

Қарақалпақ т. *атұғын/етұғын, йтұғын* (-тын тұлғасы мүлдем жоқ) «тұғын, тын мәніндегі есімше»: *айтатұғын сөзіне қара, балық тұтатұғын тор, қайтпайтұғын күш, алатұғын өш, ішетұғын ас.* т.б. (TLG 595). Масагеттердің бір белгісі – дұшпанын өлтіріп ғана қоймай геллесин (басын) алып келетұғын дәстүрі бар... Панай сүйектен ойып соққан қымыз ішетұғын ыдысты қолтығынан алып патшаның алдына қойды... Қамаққа түссе Масагеттердің дұшпаны қалай жазалайтұғынын ол жақсы біледі. Масагеттердің не менен ұрысатұғынын Кир бұл жерде келіп біліп атыр (Томарис һәм Кир әңгімесінен үзінді).

Ноғай т. *таған* «осы шақ жұрнағы»: *баратағанман* «бара жатырмын», *баратағанлар* «олар бара жатыр» *ишлейтағансың* «істеп отырсың», *кезбейтаған* «қыдырмай жүр», *көретағанларма* «көріп отыр ма», *ойнайтаған едім* «ойнайтын едім», *алатаған едің* «алатын едің», *келетаған едік* «келетін едік» (TLG 643).

Қырғыз т. *турған* сөзі көсемшеден кейін келіп, есімшенің аналитикалық түрін жасайды: *Үйдун алдында үч түп алма бак боло турған* «Үйдің алдында үш түп алма ағашы болатын». *Биз менен бара турған кишини тааныйм* «Бізбен барайын деп жатқан кісіні танимын».

Ажал ала турған күнін айтып келбейт «Ажал алатын күнін айтып келмейді». *Ата турған таңдын, чыга турған күнү болот* «Ататын таңның, шығатын күні болады». *Айыга турған оорунун дарымчысы өзү келет* «Айығатын ауруның емі өзі келеді». *Сүйлөгөн сөздү угууга сүйө турған ел керек* «Сөйлеген сөзді тыңдауға сүйетін ел керек» [20, 1-178].

Татар т. *турған* сөзі көсемшеден кейін келіп, есімшенің аналитикалық түрін жасайды:

Бізнің де басу уртасында

Түлкі уйны тұрған жирлер бар.

Бізнің де ауыл қала кібік,

Сүйіп туя алмаслық қызлар бар «Біздің де дала, атырапта, түлкі ойнайтұғын жерлер бар. Біздің де ауыл қаладайын, сүйіп тойа алмастай қыздар бар».

Ай қатында йақты йулдуз

Була ислам жирінде

Бехитлі бала шул бала

Тура тұрған иленде «Ай қасында жарық жұлдыз, болсын ислам жерінде. Бақытты бола сол бала, тұратұғын елінде» [21, 16; 61].

Өзбек т. *әдигән/йидигән* «ауыспалы осы шақ және есімшені білдіретін жұрнақ»: *күтәдигәнмән* «күтетін боламын», *тиләйдигәнсән* «тілейсің», *тоймәйдигән* «таймайды»; *мен йозадигән хат* «мен

жазатын хан», *келәдигән күнләр* «келетін күндер», Сен билән биз хәммә нәрсәгә *түшүнәдигән* одемләремиз «Сенімен біз бәрін түсінетін адамбыз», Әгәр шу гәп рост чықсә Бобирниң бу әтрофдә жон *сақләйдигән* жойи қолмәйди «Егер бұл сөз шын болса, Бабырдың осында жан сақтайтын жайы қалмайды» (TLG 329; 337).

Ұйғыр т. *идиган* «келер шақты білдіретін жұрнақ»: *билидигансән* «білетін боласын», *шләйдиган-биз* «істейтін боламыз», *күтүдигансиләр* «күтесіздер», *йезидиганмән* «жазамын» (TLG 392).

Алтай т. *атан* «атын/етін/тұғын»: *баратан едим* «баратын едім», *баратан едернез* «баратын едіңіз», *алатан* «алатын болады», *баратан емтириң* «баратын бопсың» (TLG 1061).

Қорытынды. Қорыта келгенде, бұл қосымша *тұрған>тұған>тұғұн>тұғын>тын* деген эволюциямен өзгерген. Яғни, қолда бар деректер негізінде о баста жеке *тұрған* болып қолданылған сөз ең бірінші *тұған*, одан кейін *тұғұн*, соңында *тұғын* және *тын* боп өзгерді деп тұжырымдауға болады.

Тұғын—ертеректе ғылыми әрі публицистикалық стильде қолданылған. Қазіргі күні аталған стильдерде қолданылмайды, ауызекі тілде белгілі өңірлерде ғана айтылады. Ал көркем әдебиетте әлі де қолданылады. Ерте уақыттан бері қазақтың ауызекі және жазба тілінде белсенді жұмсалған «тұғын» тұлғасын қолдану дәстүрін қазіргі ақын-жазушыларда жалғастырып келеді. Олар бұл тұлғаны стильдік немесе буын санын толықтыру, ұйқас құрау және тағы басқа мақсатта пайдаланады. «*Тұғынның*» жалпыхалықтық тілге немесе жазба тілге тән құбылыс екендігінің дәлелі – оның Абайға дейінгі ақын-жырауларда (Асан қайғы, Бұхар жырау, Шал ақын), Абаймен замандас ақындар қаламында (XIX ғ.) (Ыбырай, Дулат, Шернияз), сол тұстағы газет-журналдарда (Дала уәләяті, Айқап) Абайдан кейінгі қаламгерлер (Шәкәрім, Мағжан) шығармаларында, XX ғасырдың екінші жартысындағы (Жүмекен, Мұқағали) ақындар тілінде ұшырасуы.

Түркі ескерткіштері мен тілдерінен алған талдаулар негізінде «тұғын» формасын қазақ тіліне тән құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Абай сол дәуірде қазақ жазба тілінде актив қолданылған «тұғынды» өз шығармаларында пайдаланған. Сонда ақын тіліндегі *тұғын* шағатайшаның элементі емес әрі говорлық ерекшелік емес. Абайдағы «тұғын» қазақ тілінде жыраулар кезеңінен бері қолданылып келе жатқан дәстүр жалғастығының көрінісі. *Тұғынның* тек қарақалпақта сақталуы ол тілдің қазаққа ең жақын тіл, тіпті екі тіл арасында өзгешеліктер жоқ дегеннің белгісінің тағы бір дәлелі. Ал қазіргі тілдегі «тын» болса, түркі тілдерінен тек қазақ тілінде ғана бар. Соңғысының тек қазақ тіліне ғана тән екендігін өзге туыстас тілдер фактісі айқын көрсетеді.

Бұнымен бірге, XIX ғасырдағы орыс зертеушілерінің мәліметтеріне сүйенер болсақ, «тұғынның» сол уақыттағы актив форма екендігін байқаймыз. Ильминский бастаған ғалымдардың грамматикаларында ең бірінші «тұғұн» деп көрсетіліп, кейін барып «тын» беріледі. Кейбірі соңғы нұсқасының сөйлеу тілінде енді көріне бастағандығын жазады. Енді бірі «тын» вариантын жақша ішінде ғана көрсетеді. Соған қарап, «Абай сол кездегі актив форманы қолданған» деген деп тұжырымды жасауға әбден болады.

Тағы бір назар аударар тұс, бұл форманың Мүрсейіт жазбаларында «тұғұн» түрінде жазылуы. Абай өлеңдеріндегі кей сөздер мен формалардың қолжазбада ерін үндестігі сақталып жазылғанына қарап (мыс.: *үшүн, үйүр, күйдүрмекке*), «тұғынның» да «тұғұн» деп берілуі заңды. Қазір «тұғын» деп қолданып жүрсек, XIX-XX ғасырдағы орыс авторлары грамматика мысалдарында «тұғұн» деп көрсетеді. Бұл құбылыс – Абай кезеңіндегі ауызекі сөйлеу тілінің де, сол тұстағы жаңа туған прозалық стильдердің де нормасы.

Жалпы есімшенің *-тын, -тұғын* нұсқаларының қолданысы Р.Сыздық еңбегіндеталданғанына қарамастан, осы зерттеуімізде біз оған басқа қырынан тоқталды. Ғалымның талдаулары нақты статистикалық мәліметтермен және жекелеген пайым-тұжырымдармен толықтырылды. Сондай-ақ, есімшенің бұл түрінің қазіргі поэзия тіліндегі қолданысына да назар аудару мақсатында М.Жұмабаев Қ.Аманжолов, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов сияқты XX ғасырдың көрнекті ақындары тіліндегі қолданыстарына тоқталып, салыстырмалы талдау жасалды. Бірнеше тұлғаның шығармалары негізінде жасалған пайымдар *-тын, -тұғын* жұрнақты есімшенің қазіргі әдеби тілдегі қолданыс жиілігін толық ашып бермегенімен, оның бүгінгі поэзиядағы қолданысынан және есімшенің *-тұғын* нұсқасының көнеріп өткен ғасырлар еншісінде мүлде қалып кетпегенінен, соншалықты пассив емес екендігінен де хабардар етеді. Сонымен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Абай шығармаларының тілі мен XX ғасырда өмір сүрген Мағжан, Қасым, Мұқағали, Жүмекен сияқты көрнекті ақындар тіліндегі дағдылы есімше қолданысының кейбір авторлық, стильдік ерекшеліктерін де байқауға болады. Қорыта келгенде, Абай кезеңінде, Абай тілінде, әсіресе оның қара сөздерінде –

тын нұсқасына қарағанда *-тұғын* жұрнақты есімше әлдеқайда жиі қолданылған. Ал ХХ ғасыр поэзиясында есімшенің *-тын* нұсқасының басымдыққа ие болғандығы нақты мысалдармен көрсетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966. – 156 б. – кітап
- 2 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көп томдық шығармалар жинағы. /Рәбиға Сыздықова./ – Алматы: «Ел- шежіре», 2014. Т. 1: – 384 бет. – кітап
- 3 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жыйнағы. – Алматы: «Қазақтың біріккен мемлекет баспасы», 1945. – 506 б.; Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 696 бет. – кітап
- 4 Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. Құрастырғандар: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 448 бет. – кітап
- 5 Аманжолов Қасым. Нұрлы дүние. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 392 бет. – кітап
- 6 Б.Қалиұлы, Ж.Түймебаев, Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова. Мұқағали тілі сөздігі. – Алматы: «Керемет медиа» баспасы, 2019. – 1064. – кітап
- 7 Мұқағали Мақатаев. Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. – Алматы: «Жалын баспасы», 2013. 1-5 томдар. – кітап
- 8 Нәжімеденов Ж. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. 1-7 томдар. – кітап
- 9 Қазақ тілінің грамматикасы I бөлім, морфология. – Алматы, 1967. – кітап
- 10 Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861. – кітап
- 11 Мелиоранский П. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. 1. Фонетика и Этимология. – Спб, 1894. – кітап
- 12 Катаринский В. Грамматика киргизского языка. – Оренбург: Тургайская областная типография, 1906. – 217 с. – кітап
- 13 Әбілқасымов Б. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы: Ғылым баспасы, 1988. – кітап
- 14 Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1982. – кітап
- 15 ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана: Елорда, 2000. – 344 бет. – кітап
- 16 Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 144 б. – кітап
- 17 Нұрмағамбетов Ә. Қазақ говорларының грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1986. – 112 бет. – кітап
- 18 Karaağaç G. Lutfi Divanı. – Ankara: TDK Yay., 1997. – 729 s. – кітап
- 19 Тоғанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 192 б. – кітап
- 20 Kirgiz Atasözleri. – Ankara: TDK, 2002. – 262 s. – кітап
- 21 Kunos I. Kazan Tatar Manileri (çev. Kaçalin M.). – Ankara: TDK Yay., 2013. – 140 s. – кітап

МРНТИ 16.21

Күдерина К.¹

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ БІРГЕ ЖАЗЫЛУ ПРОЦЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақала қазақ тілі емлесіндегі күрделі мәселенің бірі сөздердің бірге немесе бөлек жазылу себептерін іздеуге арналады. Ол үшін қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге шолу жасап, біріккен сөздің морфологияда, семасиологияда және орфографияда танылуы зерделенді. А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың зерттеулерінен бастап осы тақырып арнайы зерттеу нысаны болған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Авторлардың кейбір тұжырымдары таратылып, сараланады. Күрделі сөздер бірігуінің фонетикалық себептері мен белгілерін профессор Қ. Жұбанов, семантикалық белгісін осы тақырыпта диссертация қорғаған Ә. Ермаков пен профессор М. Балақаев; сөздер бірігуінің арнайы форманттар арқылы және сөз тудырушы қосымшалар арқылы жүруінакадемик Р.Сыздық және профессорлар Н.Уәли, Б. Қалиев алғаш рет зерттеп, ғылыми айналымға түсіргенін, ал бөлек, бірге тұлғалауда коннотат-денотат теориясын қолдануды професор Н.Уәли ұсынғанын, осы негізде ғылыми тұжырым жасағанын ретімен баяндадық

Түйін сөздер: бірге таңбалану, бөлек таңбалану, біріккен сөз, семантикалық белгі, үндестік, күрделі сөз, коннотат-денотат теориясы

Kuderinova K.¹

¹*Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Kazakhstan, Almaty*

HISTORY OF STUDYING THE PROCESS OF FUSED WRITING WORDS IN KAZAKH LINGUISTICS

Abstract

The article considers one of the most difficult problems in the spelling of the In the spelling of the Kazakh language is the search for reasons for joint or separate spelling of words. According to this, Kazakh linguistics was conducted a review research, and studied the recognition of a joint word in morphology, semasiology, and spelling. Beginning with the research of A. Baitursynov and K. Zhubanov, a review of the works of scientists who became the subject of a special study of this topic was conducted. Some of the authors' conclusions are distributed and differentiated. Phonetic reasons and signs of merging complex words: Professor K. Zhubanov, semantic sign defended his thesis on this topic. As noted by academician R. Syzdyk and professors N. Uali, B. Kaliev for the first time studied and published in scientific circulation, and in particular, in the joint construction used the connotation-denotation theory of profesor N. Uali, on this basis they made a scientific conclusion

Keywords: fused marking, separate marking, fused word, semantic sign, consonant, compound word, connotation and enotation theory

Кудеринова К. ¹

¹ Институт языка знания им. А. Байтұрсынова,
г. Алматы, Казахстан

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ПРОЦЕССА СЛИТНОГО НАПИСАНИЯ СЛОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация

В статье рассматривается одна из сложных проблем орфографии казахского языка - причины слитного или раздельного написания слов. Для этого был проведен обзор исследований в казахском языкознании, изучено распознавание слитных слов в морфологии, семасиологии и орфографии. Был проведен обзор трудов ученых специально исследовавших данную тему, начиная с А. Байтұрсынова и К. Жубанова. Некоторые выводы авторов анализируются. По последовательности были даны научные выводы ученых: фонетические причины и признаки слитных слов был изучен профессором К. Жубановым; семантическую сторону исследовали А. Ермеков и профессор М. Балакаев, защитившие диссертацию на эту тему; академик Р. Сыздық и профессора Н.Уали, Б. Калиев впервые исследовали и ввели научную оборот образование слитных слов посредством специальных формантов словообразующих суффиксов; а применение теории коннотата-денотата было предложено профессором Н.Уали и он на этой основе сделал свое научное заключение.

Ключевые слова: слитное написание слов, отдельное написание слов, слитные слова, семантический знак, сингармонизм, сложные слова, теория коннотата-денотата

Кіріспе. Мақаланы жазудағы негізгі мақсат мынадай: жаңа әліпби негізіндегі қазақ жазуының емле нормаларын қалыптандыруда, оның ішінде күрделі сөздердің бірге жазылу себептерін іздеуде өткенге шолу жасау арқылы «Біріккен сөз мәселесі алғашында қалай шешілді?», «Бұл бағытта қандай ғалымдардың еңбегін ұмытпауымыз керек, қандай ғылыми негіздер айқындалды?» деген сауалдарға жауап іздеу болды.

Әдістеме. А. Байтұрсынұлы [1, 153] тіл үндестігімен жазылатын күрделі сөзді бірге, бір сыңары жінішке, бір сыңары жуан сөздерді дефис арқылы жазды: *басқұр, жел-бау, аққала, жүк-аяқ*, яғни бейүндес күрделі сөздерді [*жүк-аяқ, жел-бау, Тілеу-бай*] дефиспен бөліп, жінішке айтылатын сыңарына дәйекші қояды.

Ал кіріккен сөзді **азган сөз** терминімен атайды. “Сөздің азып өзгеруі бар, айнып өзгеруі бар. Соңғысы дыбысы айнып бірде олай, бірде былай айтылуынан болатын өзгеріс” дейді А. Байтұрсынұлы [2]. Ал дефисті **қосарлық** деп атайды: «қосалқы, қос, қосар, қосынды сөз бәрі қосарлық белгімен жазылсын” дейді. Яғни бірге жазуды қосарлық белгісімен де беруге болатынын айтады. Бірақ “Қазақ тілінде екі, үш, бес сөз бірлесіп, бір ұғым, бір мағыналы болып келуі жиі ұшырайды. Мәселен, *кете берер, кете берер ме, кете берермеекен, кете бере алар ма екен, кете бере алмай отырғанымды-ау*. Осыларды бірге айтылғанына қарай, бір мағына көрсетуіне қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естілуінше тұтастырып жазу емлені оңайлатпайды” дейді ғалым [2]. Сөйтіп, қазргі емледегі бірге жазудың алғашқы белгілерін негіздейді.

Қ. Жұбанов біріккен сөздерді **кіріккен сөз** терминімен атап, оған *белбеу, бүгін, биыл, келсап, таңертең, ұйт, бүйт, кішкене* т.б. сөздерді жатқызады. Ғалым “Кіріккен сөз болған жердің бәрінің бірдей дыбыстық өзгеруі шарт емес, бірақ дыбысында өзгеріс бар сөз тіркестерінің кіріккен сөз болуы шарт” [3, 155] деп және “олардың бір екпінге бағынуы” кіріккен сөзді танудың ең сенімді жолы дейді [3, 223]. Біріккен сөздерді қалыпқа түскен ортақ заңы жоқ, заңсыз қосынды дей отырып, олардың пайда болуының ұзақ сонарлы процесс екенін, аралық жағдайда көбірек өмір сүріп, жалған көзқарас қалыптастыру мүмкіндігін ескертеді. Ғалымның “*Қарға* қара құс болғанмен де қара құс емес, ақ сары, *қарақұс*, қара құс болмағанмен де, *қарақұс*” [3, 224] деген сөзі кіріккен сөз жасалуының тамаша мысалы. Деректі мағынадан дерексіз мағынағакөшу кіріккен сөз жасаудың тәсілі екеніне Қ.Жұбанов *қолғап* сөзін мысалға келтіреді. Мұндағы *қап* сыңары мешок мағынасында емес, чехол мағынасында қолданылғандықтан, тіркескен сөз бірігетінін айтады. Ал бөлек жазылатын сөздерді **күрделі сөз** терминімен атайды да, ол бірліктердің жасалуының семантикалық жолын былай түсіндіреді. *Сары май, сары жапырақ* тіркестеріндегі *сары* сыңарының беретін мағынасы әр сатыда. “*Сары майдың* ақ көгілдір түрлері де кездеседі” [3, 225] дейді зерттеуші. Бұл пікірдің мәнісі былай.

Сары май– әбден шайқалып, сүтінен мұқият ажыратылған, қойдың қарнына ұзақ уақыт сақтала сары түсін сақтаған, басқа тағамдық майлардан құнарлылығы өте жоғары май. Уақыт өте келе оның түсінің сап-сары, сары, ақшыл сары, ақ сары, көгілдір болуы емес, оның құнарлылығы, сапасының жоғары болуы мәнге ие болады. Бұл жерде "сары" сыңары *май*сөзінің алғашқы сын-сипатын абстракциялап қана тұр. *Сары май*тіркесі – денотатив, мұндағы *сары* – сигнификаттық компонент. "Сигнификат – денотат та емес, сондай-ақ ұғым да емес. Денотаттан айырмашылығы сол – ой субъективті қасиетке ие. Екінші сөзбен айтқанда, сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген идеалды денотатқа сүйенеді" [4, 54]. "Денотаттық мағына сөзді объектив дүниемен, заттармен байланыстырса, сигнификаттық мағына оны ұғыммен, ой элементтерімен байланыстырады" [5, 30]. "Мағынада бұл компонент денотаттық компоненттен қатар жүреді, тек оны ерекшелейтін нәрсе, бұл компонент денотаттың ерекше белгілерін абстракциялап бейнелейді" [6, 13]. Бұл макрокомпонент мынадай жолдар арқылы сөз мағынасының бір бөлігіне айналады дейді М. Оразов, яғни идеалды немесе жалпы денотат арқылы, екінші гнеосоологиялық бейне арқылы, үшінші қайта атау, төртінші ғылыми абстракция арқылы [6, 13]. Сонымен, Қ. Жұбановтың айтуынша, *сары май*тіркесі – бүгін бір атау.

Ғалым мұрасында күрделі сөздермына құрамнан тұрады [3, 227]:

- өзгерістерге түскен атау түбірлердің бірігуінен тұрған күрделі сөздер;
- табыс жалғаулы сөз бен сабақты етістік негізінде пайда болатын күрделі сөздер;
- анықтаушы мен анықталушылық қатынастағы күрделі сөз;
- заттанған сын есім мен зат есім тіркесінен туған күрделі сөз;
- күрделі жалқы есімдер;
- қысқарған сөздер. Бір өкініштісі, ғалымның бұл айтқандарына келтірген мысалдары табылмаған.

Біріккен жалқы есімдердегі атрибуттықсөз тіркестерінің кері орналасу тәртібіне назар аударған Қ.Жұбанов оны сын есімнің заттану қасиетімен және мұндай жағдайлар тек сын есімдердің кісі аттарымен [*Айжарық, Таңжарық, Еділбай, Айсұлу, Күнсұлу*] ғана тіркесіп, оның белгісін, қасиетін, кәсібін, қоғамдық орнын білдіріп, әрі анықталушы мүшелер қызметінде жұмсалып қабілетімен байланыстырады [7, 20]. Әрине, мұндағы *Айжарық, Күнсұлу* сөздерін оңай төркіндетуге болады: айдай жарық, күндей сұлу.

Қысқарған сөздерді де ғалым кіріккен сөздің бір түрі деп алып, оларды әріп қиюлы [*ССРО, МТС т.б.*],буын қиюлы[*ҚазТағ*],аралас қиюлы[*КазПИ, КазГУ*] деп бөледі.

Сонымен, проф. Қ.Жұбанов біріккен сөздердің өзіндік өлшемдері деп мыналарды көрсетті: 1. Сынарлардың фонетикалық өзгеріске түсуі, алайда “кіріккен сөз болған жердің бәрінің бірдей дыбыстық өзгеруі шарт емес, бірақ дыбысында өзгеріс бар сөз тіркестерінің кіріккен сөз болуы шарты. 2. Бір мағынаны білдіруі, дегенмен де, “жалғыз мағынаны өлшеу қылумен анықтық таныла қоймайды. 3. Бір екпінге бағынуы.

1938-1960 жылдарға, яғни қазіргі орфографиялық ережеміздің қалыптасу жылдарындағы сөздердің бірге-бөлек таңбалануына қатысты жарияланымдарға зер салсақ, мынадай екі үрдісті байқауға болады.

1. Бір деммен, бір үйлесіммен айтылатын еркін, тұрақты сөз тіркестерін, күрделі атау, лексикаланған тіркестерді жаппай біріктіру [8]. Бұған Қ. Жұбановтың біріккен сөздердіөзінеұқсас басқа тілдік бірліктерден ажырататын негізгі белгісидеп екпінді атауы бірден-бір себеп болды. *Ақ көңіл, тас бауыр, жат бауыр, дем алу, қол қою, бас салу, бой ұру, ат салысу, ат қою, ат үсті қараусияқты* фразеологизмдер бір екпінге бағына айтылу себепті бірге тұлғалануы ұсынылды [9].

2. Емледегі бір ізділік қағидасын арқау еткен форма қуу үрдісі. Мұнда ішкі мағыналық сәйкестік, компоненттердіңлексика-семантикалық арақатынасы, үйлесім сияқты сөздің ішкі формасына, мағыналықжылжуға назар аударудан гөрі, мысалы, *мал шаруашылығы* бір екпінмен айтылмағандықтан бөлек жазылатын болса, онда осыған ұқсас *ауыл шаруашылығы, халық шаруашылығы, егін шаруашылығы* сияқты құрама атауларды да бөлек жазу; *баспасөз* тәрізді сөздің қатарына *жарыс сөз, соңғы сөз, жаңа сөз, ескі сөз, кіріспе сөз, жазба сөз* сияқты лексикаланған тіркестерді қою; *ар, -ер* жұрнағының сөзжасамдыққабілетінерегламент қоймай, *бір киер, бір тартар, бір қырқар* сияқты формасы бір сөздерді жаппай біріктіру; бір заттың атауын[*іш киім, бас киім, аяқ киім, аққұман, қара құман, іш қалта, жер үй, тас қалта, жер төсек*] біреуі бірге жазылуына орай қалғандарын да бірге тұлғалау ұсынылды [10]. Яғни екі бағытта да бірге жазудың белгілерін іздеу болды.

Ә.Ермеков өзінің “Қазақ лексикасындағы біріккен сөздердің семантикасы” атты кандидаттық диссертациясында құрамдары кірігіп кеткен, қазақтілінің төл сөздерінің этимологиясын ашты. Автордың пайымдауынша, мына сөз сыңарлары сөйлемде қатар айтыла келе сөз тіркесіне, одан атаулық тіркестерге өтіп, біріккен сөзге айналған. Мысалы: *қоян*– “қой сияқты аң”, *жылан* – “жылжымайтын аң”, *жамбас*– “жанына бас”, *итмұрын* – “иттің мұрны тәріздес жеміс”, *жануар* – “жаны ару”, *жантаю*–“жанына таю”, *есіру*–“есі іріп кету” т.б. Ізденушінің пікірінше, біріккен сөздердің компоненттері универбтенбей тұрғанда көбінесе жалпы қолданыста жүреді де, процесс өткен соң, тіркес мағынасы шоғырланып, жалқыланады. Осы жалқылану біртұтас тұлғаланатын сөздердің пайда болуына себепші болып отыр дейді ғалым. Кейбір сөздердің мағынасын ашады: *алтынкүрек*–“көктемде оңтүстіктен соғатын жел”, *қанатжуар*– “көктемнің алғашқы жылы жаңбыры”, *көгентүп*– “көгендегі қозылардың ең кенжесі”, *қымызмұрындық* –“алғашқы қымыз сауымының ішілуі”, *желбұйда*– “мұрындық пен бұйданың арасына желі болып тартылатын жіп”, *қырықжілік*–“мал етінен сыбаға” т.б. [11, 2-6].

Г. Жәркешова “Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер” атты диссертациялық еңбегінде бірқатар кіріккен сөздерді Э.В.Севортянның “Соотношение грамматики и лексики в тюркских языках” еңбегі бойынша түбірін іздеп, жалпы мағынасын анықтайды. Біріккен сөздердің көбі араб, парсы, алтай, қырғыз, монғол тілдеріндегі мағыналас сөздермен қосарлана біріккенін айтады [12, 10-11].

Бұл зерттеулерді қазақ тіл біліміндегі біріккен сөздерді зерттеудің алғашқы кезеңі деп тануға болады.

А. Ысқақов алғаш рет күрделі сөздердің фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық факторларына бойлап, принципті мәселелерді алға тартады. “Күрделі сөз деп кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, ритм ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан бір тұтас, лексика- грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлескен құрама сөзді” танимыз дей отырып, олар “практикалық тұрғыдан қарағанда жалаң сөздердің өресі жетпейтін қызмет атқарады, олардың олқылықтарын толтырады, ал теориялық тұрғыдан, дара сөздермен жарыса өмір сүріп, сол дара сөздердің тууына негіз болып қызмет етеді” дейді [13, 120].

Ғалым біріккен сөздер идиомалану, лексикалану [“сөздердің логика-семантикалық, грамматикалық байланыстары көмескіленбей, жеке тұрып та мағына білдіруі” [13, 122], делексикалану [“күрделі сөз сыңарының дыбыстық өзгеріс нәтижесінде, я жиі қолданылу себебінен бастапқы мағынасынан ада-күде айырылу” [13, 122] құбылыстары нәтижесінде жүзеге асатынын айтып, сондықтан да біріккен сөздердің кездейсоқ шыға бермейтінін орынды ескертеді. Біріккен сөзге “компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөз” [13,139] деп анықтама береді.

Жалпы күрделі сөздерді типке бөлуде компоненттерінің арақатынасы назарға алыну керектігін айтады. Компоненттердің арақатынасы деп “бірігу, қосарлану, тіркесу арқасында туған күрделі сөздің сыртқы фонетикалық түр-түрпаты мен ішкі семантикалық құрылымында, олардың араларында заң ретінде орнығып қалыптасқан қарым-қатынастардың нәтижесін, я оның жиынтығын айтамыз” [13, 129] деп анықтайды. Сөйтіп, проф. А.Ысқақов зерттеулерінде біріккен сөздердің таптастырылуы, белгілерінің айқындалуы біршама сараланады.

М.Балақаев қазақ тіліндегі біріккен сөздердің негізгі белгісі деп, мағына тұтастығын атайды. “Біріккен сөздің бұрынғы мағыналары сақталады десек, бірікпегені, сақталмайды десек қаншалықты екенін айқындауға тиіспіз” [14, 203] деп, сыңарларына талдау жасауды ұсынады. “Қазіргі білдіретін мағыналары ауыс, мүлде басқа ұғымға ие болып” [14, 204] кеткен *ақсақал*, *алаяқ*, *жанталас*, *нақсүйер*, *маубас*, *әңгіртаяқ*, *кәріқыз* [өс.], *соқыртеке* [ойын], *қубас*, *құралақан* сөздерін бірге таңбалады. “Толық мағыналы екі сөздің тұтасып жымдасу нәтижесінде әдепкі лексика-грамматикалық мағынасынан айырылып [не күңгірттеніп], жаңа лексикалық, соған лайық жаңа лексика-грамматикалық мағына тудыратын сөздер бірлестігінің... сөз тіркесінің бір сыңары болуы олардың негізгі белгісі” [15, 50] деді.

Ғалымның көзқарасы, бойынша біріккен сөздер табиғи болуы керек, яғни “компоненттері алғашында белгілі мағыналық, синтаксистік байланыста жұмсалуды тиіс” [14, 204]. “Қабысқан сөз тіркестері түйдекті топқа, одан біріккен сөзге айналу процесінде, бір сөзге айналғанда олардың біртіндеп синтаксистік байланысы ыдырап кетеді. Сол процестің ұзақтығынан, бірігу дәрежелерінің әртүрлі болатындығынан біріккен сөзді айырып тану қиын” [14, 205] деді. Ғалым: “Біріктіру – жинақылықтың белгісі. Жинақылық – мәдениеттіліктің нышаны. Мәдениетті елдің жазуы тілдегі сөз

тұтастығын бұзбай, адамдардың психологиялық ойлау қабілетіне сәйкес болуға тиіс. Адамның жазу әрекеті мен көру әрекеті үйлесіп, қалыптасқан сайын тілдік сана-сезім күшейе түседі” [14, 207] деп, жазудың, жазба тілдің, жазу әрекетінің психологиямен, физиологиямен байланысын анық көрсетті, грамматологиялық зерттеудің негізін қалады.

К.Аханов жалпы күрделі сөздерді *күрделі - біріккен сөз, күрделі-қос сөз, күрделі-қысқарған сөз, күрделі-құрама* сөз деп таптастырып, оларды сөйлеу кезінде жасалмайтын, дайын тұрған тілдік тұлға деп таныды. Сөйтіп, ғалым күрделі сөзбен синтаксистік сөз тіркестерді ажырататын өлшемдерді алға тартты. *Бозторғай, кәрі жілік* сөздерінде алдыңғы сыңар соңғы сыңардың сынын да, сапасын да, белгісін де білдірмейді дейді [16, 76]. Біріккен сөзге “компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағынабилдіретінкүрделі сөздер” деген анықтама береді [16, 83].

Нәтижелер. Р.Сыздық 50-жылдардың аяғына дейін орфографияда орын алған бір зат не құбылысты білдіретін күрделі атауларды жаппай біріктіріп жазуға алғашқылардың бірі болып, негізді қарсылығын білдірген автор 1957 ж. фразалық атаулар мен лексикаланған атаулардың типін анықтап, бұларды біріккен заттық атаулармен қатар қоюға болмайтынын айтты[17]. 1960 жылы баспа бетін көрген “Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағышында” ғалым екі сыңары бірігіп, басқа зат, аң, құс, өсімдік, ағаш, құбылыс атаулары болып кеткен *кәріқыз, ақиық, бұзаубас, танатағар, алақоржын, өнеркәсіп, көзқарас, арасалмақ, көкжиек, кемпірқосақ, ешбір, бірнеше* сияқты күрделі атаулардың бірге жазылуын жүйеледі [18, 31]. Аталған анықтағыш өңделіп, толықтырылып, 1974, 1996 және 2000 жылдары тағы үш рет басылғаны белгілі. Соңғыларында ғалымныңбіріккен сөз қатарын молайту бағытында екенін көруге болады. Әсіресе, терминдік мәнге ие болған сөз тіркестерінің бірігуі баса көрсетілді. Фразеологиялық тіркестердің әр сыңарын қашан да бөлек таңбалауды ұсынатын автор, енді саяси-қоғамдық терминге айналған *алауыздықтар, көзбояушылық, сөзбұйда, шығарыпсалма, алытсатар, мұзойнақ, қағазбастылық, жұмысбастылық*, сияқты тіркестерді біріктіруді қостайды [19, 46].

Бірінші сыңары мал, аң, құс жалпы атаулары [*кой, сиыр, аю, коян*], болмаса *тау, шөл, құм, даласияқты* сөздер, екінші сыңары нақты өсімдік, аң-құс аты болса бірге жазылатынын алғаш жүйелеген [*құмбетеге, сиыржоңышқа, қойқарақат, итошаған, итбүлдірген*] ғалым[19, 50] бұл атаулардың лексикалық және терминологиялық қолданысынан шығады дейді. Р.Сыздық зерттеуіндегі тағы бір қол жеткен нәтиже– аралық, тану, сымақ, жай, хана, ақы, нама, хат, тас, бас сыңарлы біріккен сөздердің жүйеленуі [19, 55]. Ғалым аталған форманттар жалпылану процесінен өтіп, толық мағынадан жартылай мағынаға ауысу арқылы алдыңғы сөзбен бірігеді дейді. Проф. Р.Сыздықтың редакторлығымен жарық көрген «Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің» соңғы басылымдарында сөздердің бөлек, бірге жазылуы жүйелілік пен бірізділікке құрылғанын көруге болады.

Талқылау. Н.Уәли біріккен сөздердің бір заттың атауы болуы, бір мағынаны білдіруі сыңарларының бірігіп жазылуына таяныш бола алмайтынын, мәселеге жаңа қырынан, құрылымдық элементтер деңгейінен келу керектігін айтады. Біріккен сөз сыңарларының мағыналық қатынасын проф. М.М.Копыленконың фразалықтіркес теориясымен анықтауды ұсынады. “Ол теория бойынша, экстралингвистикалық мәнге сәйкес келетін атау сыңары Д₁[денотат1]-мен, экстралингвистикалық мәнмен тікелей емес, жанама байланысы бар атау сыңарлар Д₂[денотат 2]-мен, “соларға ұқсас” деген сыңарлар К₁[коннатат]-мен, ал синхрондық тұрғыдан мүлде белгісіз, уәждемесі жоқ деген атау сыңарлар К₂-мен белгіленеді. Мұндағы семалар экстралингвистикалық мәннен [Д₁] алшақтап [Д₂К₂] және одан қол үзген сайын [К₂]екі құрамды күрделі есім сөздерді бірге жазу үрдісі күшейе түседі” деп анықтайды. Сөйтіп, *ақ аю мен ақбөкен* сияқты бір үлгідегі сөздердің әртүрлі жазылу себебін іздейді [20, 148].

Автор біріккен сөздердің жеке белгілері ретінде сыңарларының мағына көмескіленуін [*сайгүлік, ашудас*], екі сыңардың лексика-семантикалық контаминацияға түсіп, біртұтас мағына беруін [*өнеркәсіп, тауқұдірет*], сыңарлардыңбүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалып барып, бүтінге айналуын [*қосаяқ, бөрігүл, бозтіккен*], бір сыңардың жалпы мағынаға көшуін [*әулиеағаш, ауданаралық*], екінші сыңардың әртүрлі грамматикалық тұлғада келуін [*тамыратпалылар, батысгерманиялық, көріпкел, жатытатар*] көрсетеді [21, 67].

“Қазіргі қазақтілінің сөзжасам жүйесі”[1989] монографиясында авторлар ұжымы біріккен сөзге айналу процесін мына схемамен көрсетті[22, 213, 215]: сөз – сөз тіркесі –лексикаланған тіркес – біріккен сөз– кіріккен сөз. Мысалы: *ағайын –алыс ағайын, жақын ағайын, араз ағайын, тату ағайын,*

ара ағайын, жамағайын. Мұнда бір деңгейде тұрған лексикалық тіркестердің арасынан жам[а]сыңарының лексикалық мағынасы күңгірттеніп, жеке қолданыстан шығып қалғандықтан, жамағайын тіркесі бірігіп жазылған. Зерттеушілер сөздің бір буынды болуы да біріккен сөздің тууына жағдай жасайды дейді [22, 214]. Аталған монографияны орфографияның ғылыми-теориялық негіздерін қосқан үлес деуге болады.

Б.Қалиев көп құрамды өсімдік атауларының жазылуы, сөздікте берілуі, әсіресе сөздердің бірігу тәсілі жайлы құнды пікірлер айтты [23, 45]. *Аюдәрі, еркек, мыңбас, сарбас, майқарасияқты* атаулардың *аюддың ақ дәрісі, еркек шөп, мыңбас шырмауық, сарбас құрай, майқара жусан* атауларынан ықшамдалғанын көрсетті. *Ақбас жусан, көкбек жусандар* жусан түрлері емес, біреуі *алабота* туысына, біреуі шөптесін өсімдіктер туысына жататын өсімдіктер, сондықтан олар біріктіріліп реестрге шығарылуы керек деді [24, 108]. Күрделі сөздерді лексикографиялаудағы қиындықтарды алғаш рет айтты: «Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің» екінші томында болуы керек: *бет орамал, бал жапырақ, бояу тамыр, бел күрек, бие қарын, боз қараған, бұршақ қап, бұршақ қын, бір табан* [ойын] деген сияқты орфографиялық сөздікте бар сөздердің ол томда жоқ болып шығуын тек осы себептен ғана деп түсіндірмеске амалымыз жоқ» дейді [25]. Және бір маңызды мәселе қазіргі ұлттық түс атауларының емлесіне қатысты айтқаны болып отыр, ғалымның сөзін тыңдасак: «*қара кер, қара торы, қара көк, қара қошқыл, қара күрең, қара қоңыр, қара сұр, қара қызыл, ақ сары, ақ сұр, ақ құба, ақ боз, ақ қызыл, ақ құба, ақ боз, ақ қызыл, құла кер, қызыл күрең*, т.б. осы сияқты сын есімді тіркестерекі сөзден құралып, бір ғана түсті көрсетеді, бір ғана лексикалық единицаны білдіреді. Кейбір зерттеулерде айтылғандай, *қара көк* дегендегі *қара* сөзі *көк* сөзін анықтап тұрған жоқ, түстің негізгі белгісі соңғы *көк* сөзінде емес, қайта бұл екі сөз бірігіп, өзінше бір жеке түсті көрсетіп тұр. Яғни *қара* да емес, *көк* те емес, үшінші бір түс – *қаракөк*. *Қаракөк* десек, біз *қара* мен *көктің* аралығындағы үшінші бір түсті ұғынамыз. Қазақ тіл білімінде бұл сияқты тіркестер күрделі сын есімдер деп қаралып жүр. Сондықтан болу керек, бұл сөздер «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінде [§22]» бөлек жазылсын делініпті. Ал практикалық өмірде жоғарыда сөз болған біріккен сөздер сияқты, бұлардың жазылуында да ала-құлалық кездеседі. Бізше, бұларды күрделі сөздер дегеннен гөрі, біріккен сөздер деп қарап, бірге жазу әрі орынды, әрі тиімді болған болар еді. Бұлай еткен жағдайда бұл сөздердің жазылуында да ала-құлалық болмайды. Мектеп оқушылары *қара торы* дегендегі екі сөз бөлек жазылғандықтан, екі түс атауы деп ұғынып [*қара* және *торы*], арасына үтір қою қателігінен де арылған болар еді» [26]. Бұл біріккен сөз емлесін нормалаудағы жаңа және негізді ұсыныстар.

Қорытынды. Сөйтіп, сөздерді бірге, бөлек тұлғалаудың уәждемесін іздеген қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге шолу жасап, авторлардың кейбір тұжырымдарын таратып, саралауға тырыстық.

Олар – сөздер бірігуінің фонетикалық [Қ. Жұбанов], семантикалық факторы [Ә. Ермеков, М. Балақаев]; сөздер бірігуінің арнайы форманттар арқылы және сөз тудырушы косымшалар арқылы жүруі [Р.Сыздық, Н.Уәли, Б. Қалиев]; бөлек, бірге тұлғалауды коннотат-денотат теорияларын қолдану арқылы анықтау [Н.Уәлиев].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы / А. Байтұрсынұлы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 447 б. - кітап
- 2 Байтұрсынұлы А. Емле туралы / А. Байтұрсынұлы // “Еңбекші қазақ”, – 1929.27.03. - мақала
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. – Алматы: Ғылым, 1966. - 361 б.
- 4 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы / М. Оразов. – Алматы: Рауан, 1991. - 216 б. - кітап
- 5 Уфимцева А. Семантика слова. Аспекты семантических исследований / А. Уфимцева. – М., 1980. - 356 с. - кітап
- 6 Хасанов Б. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты / Б. Хасанов. – Алматы, 1997. - 25 б. – автореферат
- 7 Тектіғұлова Ж. Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары: фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты / Ж. Тектіғұлова. Алматы, 1994. - 24 б. - автореферат
- 8 Ахметов Ш. Күрделі сөздер мен біріккен сөздердің ережелері туралы / Ш. Ахметов // Қазақстан мұғалімі. – 1953. 4.04., №15; Балақаев М. Біріккен сөздердің емлесі туралы / М. Балақаев // Социалистік Қазақстан. – 1940, 05.05., №4.; Бегалиев Ф. Біріккен сөздердің емлесі жайлы / Ф. Бегалиев // Ғылыми еңбектер жинағы, XI том, – Алматы, 1946; Жәркешова Г. Біріккен сөздердің жазылуы / Г. Жәркешова // Халық мұғалімі, – 1950, №8.; Жиенбаев С. Тағы да біріккен сөздер емлесі

жайлы /С. Жиенбаев// Халық мұғалімі, – 1940, №7-8; Қозыбаев С. Бірге жазылатын сөздер емлесі /С.Қозыбаев// Социалистік құрылыс, – 1958.05.01. №4; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі /М.Мышанов// Социалистік құрылыс, 1957. 22.12.; Нүсіпов М. Жаңа ереже бойынша қосылып жазылатын сөздер /М.Нүсіпов// Халық мұғалімі, – 1940, №4; Сарыбаев Ш.Х. Қосылып жазылатын сөздер мен қосылмай жазылатын сөздер /Ш.Х. Сарыбаев // Жаңа жазу, – 1941, 17.10. №36; Сыздықова Р. Бөлек жазылатын сөздер /Р.Сыздықова// Социалистік Қазақстан, 1957.18.06.

9 Мұсабаев Ф. Біріктіріліп жазылатын сөздер/ Ф. Мұсабаев // Қазақ тілі мен әдебиеті, – 1958, № 6.; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі туралы / М. Мышанов // Халық мұғалімі, – 1951, № 2; - мақала

10 Шаменов К.Біріккен сөздердің жазылуы туралы / К. Шаменов// Халық мұғалімі, – 1951, № 4; Ысқақов А. Біріккен сөздердің жазылуы туралы / А. Ысқақов// Халық мұғалімі, – 1941, № 1-2.

11 Ермеков Ә.Семантика слитных слов в казахской лексике: автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд.фил. наук / Ә. Ермеков. – Алматы, 1950. -9 с. - автореферат

12 Жәркешова Г.Қазіргі қазақ әдеби тілінегі біріккен сөздер: фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты / Г. Жәркешова. – Алматы, 1949. -6 б.

13 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы / А. Ысқақов. – Алматы: Мектеп, 1964. -398 б.

14 Балақаев М.Б.Қазақ әдеби тілі / М. Б. Балақаев. – Алматы: Ғылым, 1987. -272 б.

15 Балақаев М.Б.Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту / М. Балақаев. – Алматы: Мектеп, 1989. -96 б. - кітап

16 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері / К. Аханов. – Алматы: Санат, 1996. -240 б.

17 Сыздықова Р.Бөлек жазылатын сөздер / Р. Сыздықова.– Социалистік Қазақстан, 1957.18.06. - мақала

18 Сыздықова Р. Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайындағы анықтағыш / Р. Сыздықова. – Алматы: Оқу пед. баспасы, 1959. -224 б. - кітап

19 Р. Сыздықова. Емле және тыныс белгілері жайында анықтағыш / Р. Сыздықова. Алматы: Рауан, 1996. -288 б. - кітап

20 Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ғыл. дәр. алу үшін дайындаған дисс. /Н. Уәлиев. –Алматы, 1993.-162 б. - диссертация

21 Уәлиев Н. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар / Н. Уәлиев, А. Алдашева. – Алматы: Ғылым, 1988. -111 б. - кітап

22 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. -368 б. - кітап

23 Қалиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке / Б. Қалиев. – Алматы: Мектеп, 1996. -168 с. - кітап

24 Қалиев Б.Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары / Б. Қалиев. – Алматы: Ғылым, 1988. -160 б.

25 [http://emle.kz/articles/get/77.](http://emle.kz/articles/get/77)

26 <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=18214>

МРНТИ 16.41

Сағындықұлы Б.,¹ Раева Г.²

¹Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,

² Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ВАРИАНТНЫЕ СЛОВА В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В данной статье рассматриваются варианты слова, произносимые через переднеязычные гласные, со словами, произносимыми через заднеязычные гласные, имеющие одинаковое значение.

В результате развития языков на протяжении бесконечно долгого времени заднеязычные и среднеязычные как гласные, так и согласные передвинулись к передней части языка. На это, безусловно, повлияли природные условия, изменения физических данных человека (понижение роста, уменьшение его комплекции и др.). В статье путем сравнительно-исторического изучения

восстанавливаются древние формы вариантных слов, которые в языкознании получили название «сингармонические варианты и параллели». Сингармонические варианты чаще встречаются в односложных словах в современных языках, что указывает на историческую природу этого явления. Количество сингармонических вариантов резко увеличивается, если мы сравним и сопоставим такие конкурирующие корни в отдельном языке или тюркских языках и их диалектах, которые образуются в результате свободного обмена гласными звуками, которые не отличаются в лексическом и семантическом смысле. Поэтому, чтобы доказать, что древние корни казахско-тюркских слов были произнесены с твердыми гласными, мы уделили особое внимание соответствию твердых и мягких гласных в сингармонических вариантах.

Ключевые слова: тюркские языки, сингармонизм, историческое соответствие, варианты, гласные, согласные

Sagyndykuli B.,¹ Raeva G.²

¹*Kazakh national university named after al Farabi,*
²*Kazakh national pedagogical university named after Abai ,*
Almaty, Kazakhstan

OPTIONAL WORDS IN TURKISH LANGUAGES

Abstract

This article discusses variant words spoken through front-lingual vowels, with words spoken through back-lingual vowels that have the same meaning. As a result of the development of languages over an infinitely long time, rear-lingual and middle-lingual, both vowels and consonants, moved to the front of the tongue. This, of course, was influenced by natural conditions, changes in the physical data of a person (decrease in growth, decrease in his complexion, etc.). In the article, by means of comparative historical study, the ancient forms of variant words are restored, which in linguistics are called “syngarmonic variants and parelli”.

Singharmonic variants are more often found in monosyllables in modern languages, which indicates the historical nature of this phenomenon. The number of synarmonic variants increases sharply if we compare and compare competing roots in a separate language or Turkic languages and their dialects, which are formed as a result of the free exchange of vowels, which do not differ in the lexical and semantic sense. Therefore, in order to prove that the ancient roots of the Kazakh-Turkic words were pronounced with solid vowels, we paid special attention to the correspondence of hard and soft vowels in syngarmonic variants.

Keywords: Turkic languages, syngarmonism, historical correspondence, variants, vowels, consonants

Сағындықұлы Б.,¹ Раева Г.²

¹*эль - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*
²*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*
Алматы, Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ВАРИАНТТЫ СӨЗДЕР

Аңдатпа

Бұл мақалада тіл алды дауыстылары мен тіл арты дауыстылары арқылы айтылып, бір мағына беретін сөздер салыстырмалы талданады. Тілдің ұзақ тарихи даму барысында тіл арты және тіл ортасы арқылы дыбысталатын дауыстылар, дауыссыздар тілдің алдыңғы бөлігіне жылжыды. Осыған, әрине, табиғат жағдайы, адамның физикалық мүмкіндіктерінің (адам бойының, дене қалпының) өзгеруі әсер еткен. Мақалада «сингармониялық варианттар мен параллельдер» деп тіл білімінде термин ретінде аталған осындай вариантты сөздердің көне формасы салыстырмалы талдаулар негізінде анықталады. Сингармониялық варианттар қазіргі тілдерде бір буынды сөздерде көп ұшырасады, бұл аталған құбылыстың тарихилығын байқатады. Егер лексика-семантикалық мағынасында айырмашылығы жоқ, дауысты дыбыстардың еркін алмасуынан жасалатын осындай жарыспалы түбірлерді жеке бір тіл аясында немесе түркі тілдерін, олардың диалектілерін бір-бірімен

салыстыра, салғастыра көрсетсек, сингармониялық варианттардың саны өте көп. Сондықтан қазақ-түркі сөздеріндегі ежелгі түбірлерді тіл арты дауыстыларымен дыбысталғанын дәлелдеу үшін біз сингармониялық варианттар ішіндегі жуан және жіңішке дауыстылар сәйкестігіне арнайы тоқталдық.

Түйін сөздер: түркі тілдері, сингармонизм, тарихи дыбыс сәйкестіктері, варианттар, дауыстылар, дауыссыздар

Введение. Тунгусо-маньчжурские, монгольские, тюркские (в широком смысле - языки урало-алтайской семьи) прежде чем стать агглютинативными, по мнению ученых, пережили полисинтетическое или аморфное состояние. В сложившейся структуре праязыка, которая, пережив разрушение по не известным нам причинам, вновь была восстановлена, чтобы сохранить общность семантики слова, появился закон сингармонизма. Среди алтайских языков сингармонизм хорошо сохранился в тюркских языках.

Фонетический, фономорфологический строй слова в каждом языке бывает различным. Характерная только лишь тюркским языкам черта - гармония гласных. По определению известного фонетиста А.Жунисбекова сингармонизм как фундаментальное структурно-типологическое явление образует (организует) звуки в тюркских языках в одно целое, разграничивает каждое слово в отдельности в процессе речи, вместе с тем служит как словообразующий элемент [1, 68-78]. В явлении сингармонизма особое место занимают, в частности, гласные, потому что они вместе с согласными образуют слог, определяют его общий характер. В результате последних достижений языкознания сингармонизм в наше время рассматривают не только как гармония гласных, но и как объединение в один фонетический комплекс гласных и согласных звуков в составе слова.

В современных тюркских языках сингармонизм проявляется в двух видах: гласные заднего ряда гармоничны с гласными заднего ряда, гласные переднего ряда гармоничны с гласными переднего ряда. Это называется палатальной гармонией. Наряду с этим, бывает, что губные гласные первого слога основы (корня) управляют негубными гласными в последующих слогах и порою уподобляют их себе. Это называется лабиальной гармонией.

Материалы и методы. В процессе исследования использованы методы: описательный, включающий такие приемы, как изучение фактического материала, обобщение, интерпретация, сравнительно-исторический (при исследовании данных тюркских языков, диалектов и материалов древнетюркских памятников). Такой комплексный подход позволил провести системное изучение сингармонических вариантов и параллели в казахском языке. С точки зрения истории языков значение сингармонических вариантов и параллелей заключается в следующем: данное явление играет весьма особую роль в методологическом аспекте по делу восстановления в прежней форме древних корней и фонем.

- “В своей статье Президент поставил много новых задач в области образования. Молодое поколение должно стремиться к знаниям, быть образованными, конкурентоспособными. Перед нами стоит задача воспитать молодое поколение в духе открытости” (kokshetautv.kz).

Образование является ключевой ценностью, определяющей успешность нового поколения казахстанцев:

- “В эпоху глобализации крайне важным является формирование нового поколения, принимающего все текущие вызовы и угрозы времени. Главным инструментом для этого является – образование. Перевод 100 ведущих учебников в социально-гуманитарной сфере является верным шагом в формировании нового поколения казахстанцев, воспитанных в духе конкурентоспособности и прагматизма” (kokshetautv.kz).

Внедрение в общественное сознание концепта “Новое” и других модернизационных концептов связано с обозначением идеи «объективной необходимости»:

- “В 21 веке мы подошли к объективной необходимости новой модернизации общественного сознания, которая будет проходить под эгидой сохранения национально-культурной идентичности полиэтнического населения Казахстана и отходом от экономики сырьевого типа в пользу генерации высокотехнологичных продуктов и идей” (newtimes.kz).

Лингвокогнитивные методы и приемы убеждения в репрезентации концепта “Новое”. Одним из эмоциональных аксиологических аргументов является обозначение времени – 21 века. Эта цифра стала символом нового, современного, инновационного, так как 21 век ассоциируется с технологиями и новым уровнем развития общества.

Таким образом, устойчивое словосочетание “объективная необходимость” вкупе с другими (новый век, 21 век, меняющиеся условия, в новых условиях, новые вызовы и т.д.) является

эффективным инструментом влияния на позитивное восприятие нового и закрепления его в общественном сознании.

Своеобразным приемом убеждения является, по нашему мнению, воздействие при помощи “рассуждения по аналогии”, например:

- “...в условиях конкуренции нужно также постоянно обновлять производство, вводить что-то новое, поддерживать образование и науку, развивать современные технологии. Это, как в жизни, не будешь над собой работать, отстанешь” (kazbei.org).

Потенциал воздействия и аксиологическая суть понятия “новое” раскрывается и при использовании приема повторения одного и того же слова.

- “Вызовы нового времени, глобальные вызовы, изменения во всей структуре жизни, в технологических платформах, образе жизни требуют, чтобы Казахстан соответствовал этому новому времени. И задача государства, народа заключается не только в том, чтобы построить новые заводы и фабрики, но и в том, чтобы люди, которые будут жить в Казахстане в ближайшие годы, соответствовали этому новому времени. Чтобы они ощущали себя Казахстанцами и в то же время, гражданами большого мира” (kokshetau.asia).

Так, в данном отрывке акцентировано внимание на слове “новый”, которое употребляется 4 раза: 3 раза в словосочетании “новое время” и 1 раз в словосочетании “новые заводы”. Таким образом, подчеркивается сложность данного периода и необходимость соответствовать этому новому времени.

Для усиления эмоциональности высказывания и его аксиологической направленности применяется градационное употребление лексемы “новый” в ряду однородных членов предложения, например:

- “По сути, модернизация общества есть модернизация его сознания, для чего требуются новые подходы, новые принципы и новая идеология” (kazbei.org).

- “Нынешнее время, новая эпоха, когда общество обновляется и меняется, требует постановки новых целей, нового взгляда на все сферы жизни общества” (newtimes.kz).

Новое – аксиологически это также переоценка ценностей:

- “Переоценка общественных ценностей будет основываться на национально-культурных корнях казахстанского народа, однако при этом усилия институтов гражданского общества будут направлены на духовный и интеллектуальный рост граждан, а также формирование новой гражданской идентичности, отвечающей современным вызовам и угрозам” (aqparat.info).

Следовательно, “новое” тесно связано с ключевой идеей “Рухани жанғыру” - духовным обновлением, модернизацией общественного сознания.

В структуре концепта “Новое” можно выделить 3 группы, определяющие значимость нового для влияния на общественное сознание в аспекте его модернизации и указывающие на их аксиологический статус. В первую группу входят “нейтральные” словосочетания, в которых лексема “новый” не имеет ярко выраженной эмоциональности и аксиологической направленности. К ним относятся: новые условия, новый период. В этих словосочетаниях лишь обозначается само явление.

Вторую группу образуют в основном словосочетания с метафорической семантикой, имеющие положительную коннотацию и ориентирующие на решение проблем: новые пути, новое общественное сознание, новые инициативы, новые идеи, новый импульс, новые смыслы.

В третьей группе лексема “новый” в сочетании с соответствующими именами существительными позволяет выразить уверенность в успехе и веру в лучшее будущее: новые возможности, новые горизонты.

Исходя из проведенного нами лингвокогнитивного анализа СМИ, можно сделать вывод о том, что в дискурсе казахстанских СМИ базовыми с точки зрения эмоционального и аксиологического выражения концепта “Новое” являются следующие значения: новый, обновленный, современный, передовой, ведущий к прогрессу, улучшению жизни, лучшему будущему.

Аксиологическая составляющая концепта “Единство” в языковой репрезентации в дискурсе СМИ. В концепте “Единство” аксиологическая составляющая является доминантной. Прежде всего репрезентируется идея общности: общности взглядов, идей, интересов:

- “Межнациональное и межконфессиональное согласие, равноправие всех граждан - наши вечные ценности” (zhuldyzkokpekty.kz).

Следующий ценностный ориентир, репрезентируемый в казахстанских массмедиа в аспекте модернизации общественного сознания, - сплоченность, единство нации:

- “*Нация Единого Будущего – это и есть, по сути, большая страна и большая семья, в которой найдет свое место, роль и значение каждый гражданин, каждый казахстанец*” (kazpravda.kz).

Аксиологически неразрывно связаны понятия “единство” и “стабильность” как приоритетные ценности модернизационных процессов:

- “*Провозглашая идеи межнационального согласия, консолидации и единения, суверенный Казахстан не только добился признания и уважения в глобальных аспектах международного сообщества, но и стал гарантом стабильности для своих граждан*” (oskementv.kz).

Концепт “Единство” в казахстанском дискурсе СМИ репрезентируется также понятием “толерантность”, аксиологическая составляющая данной лексемы зиждется на терпимости к любому многообразию - культурному, этническому, языковому, религиозному.

- “*Толерантность – основа казахстанского общества, и очень важно, чтобы духовная толерантность стала принципом функционирования Казахстана в будущем. Мироточие, сплоченность, взаимодействие, стремление, исповедуя свою веру, не диктовать свои принципы вероисповедания другим – это то, что нужно сохранить и пронести дальше, последующим поколениям казахстанцев*” (old.liter.kz).

Воздействующей силой обладает отмеченный нами выше прием эмоциональной метафоризации. Так, например, единство в СМИ ассоциируют с большой семьей, что нашло отражение в названии модернизационного проекта – “Большая страна – большая семья”:

- “*Стартовавший в Казахстане общенациональный проект “Большая страна – большая семья”, нацеленный на формирование казахстанской идентичности и общенационального единства, станет мощным драйвером формирования Нации Единого Будущего*” (kazpravda.kz).

Единство рассматривается также как важная часть успешного развития государства:

- “*В ходе акции ее участники выступили с докладами. Они остановились на достижениях нашей страны. Которые как подчеркнули собравшиеся, были достигнуты благодаря единству и согласию народа*” (taraztv.kz).

- “*Единство и межнациональное согласие - ключи к будущему Казахстана*” (inform.kz).

Единство ассоциируется также с периодом независимости Казахстана, так как эта идея являлась и является ключевой для казахстанского общества и была идеологически в новом формате обозначена именно в новейшее время:

- “*...молодежь возвеличивая историю независимого государства, воспели дружбу и единство страны*” (taraztv.kz).

Таким образом, единство - одна из ключевых идеологем, внедряемая в сознание казахстанского общества посредством СМИ.

Заключение. Как показал анализ дискурса реагирования на политические программы модернизации в казахстанских СМИ, их воздействующий лингвокогнитивный потенциал реализуется прежде всего посредством формирования в сознании людей позитивных концептов.

К важнейшим концептам модернизации, имеющим высокий аксиологический статус, относятся “Новое” и “Единство”.

Ключевую роль при этом играют слова и словосочетания, репрезентирующие концепты. Понятие “новое” тесно связано с модернизацией: обновлением сознания, инновационным мышлением. Оно ассоциируется с позитивными явлениями, соответственно, словосочетания с лексемой “новый” несут положительную эмотивность и способствуют позитивному восприятию контекста и его содержания.

“Новое” в дискурсе СМИ – аксиологически значимые изменения, ведущие к успеху страны и личности. Новые знания, новое видение, новое общественное сознание, новые пути развития страны – то, что расширяет возможности и ценно для “нового” поколения.

Внедрение в общественное сознание средствами массмедиа, различными методами убеждения, указанных выше представлений и модернизационных концептов связано с обозначением идеи “объективной необходимости”, продиктованной реалиями времени, эпохи технологизации и глобализации.

Воздействие основано и на таких лингвистических приемах, как: повторение одного и того же слова; градационное употребление лексемы “новый” в ряду однородных членов предложения; логической синонимии понятий “новое” и современное/передовое.

Концепт “Единство” репрезентируется связью единства с такими значимыми нравственными понятиями, как консолидация, толерантность, согласие, межнациональное согласие.

Воздействие базируется и на метафоризации - Нация единого будущего; Большая страна – большая семья.

Таким образом, применение указанных выше лингвокогнитивных методов и приемов воздействия позволяет создать эмоциональный фон, формирующий положительный образ внедряемых идеологических концептов.

Список использованной литературы:

- 1 Дускаева Л.Р. Диалогическая природа газетных речевых жанров: дисс. ... д. филол. н. – Пермь, 2004. – 359 с. – диссертация
- 2 Аннушкин В.И. Стиль речи СМИ - стиль жизни общества // Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. Тезисы докладов международной научной конференции. – М.: Изд-во МГУ, 2001. – С. 5 – 7. – сборник научных трудов
- 3 Дубских А.И. Реплики-реакции в диалогических текстах массово-информационного дискурса // http://revolution.allbest.ru/journalism/00293333_0.html. – статья
- 4 Кузьмина Н.А. Медиатекст как объект медиалингвистики // Современный медиатекст / отв. ред. Н.А. Кузьмина. – Омск: Омский гос. ун-т, 2011. – С. 11 – 55. – сборник научных трудов
- 5 Добросклонская Т.Г. Вопросы изучения медиатекстов. Опыт исследования современной английской медиаречи. – М.: Красанд, 2013. – 288 с. – книга
- 6 Добросклонская Т.Г. Язык средств массовой информации. – М.: КДУ, 2008. – 116 с. – книга
- 7 Жумагулова В.И. Сатира и юмор в прессе Казахстана: лингвистический аспект. – Алматы: Ғылым, 1999. – 207 с. – книга
- 8 Когнитивно-дискурсивный и лингвокультурологический аспекты изучения языка массовой коммуникации. – Алматы: Полиграфия сервис и К°, 2008. – 180 с. – книга
- 9 Прохоров Е.П. Свобода СМИ и журналистской деятельности на демократических принципах. – М.: Моск. гос. ун-т им. М.В. Ломоносова. – М.: Пульс, 2001. – 38 с. – книга
- 10 Назарбаев Н.А. Нұрлы жол – путь в будущее. 11 ноября 2014 г. – Статья.
- 11 Выступление Нурсултана Назарбаева на XVI съезде партии «Нур Отан». 11 марта 2015 г.
- 12 Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. 12 апреля 2017 г.
- 13 Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-образовательный. – М.: Рус.яз. 2000. – В 2-х т. – 1209 с.; (электронная версия). – словарь
- 14 Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингв. исследований; Под ред. А. П. Евгеньевой. – 4-е изд., стер. – М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999 (электронная версия). – словарь
- 15 Ожегов С.И. Словарь русского языка. / Под ред. Н.Ю. Шведовой. – 21 изд., перераб. и доп.. – М.: Рус.яз., 1989. – 924 с. – словарь.

МРНТИ 16.21.47

Әбдуәліұлы Б. ¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

АНТРОПОНИМДІК ӨЗЕК ЖӘНЕ ЛЕКСИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

Аңдатпа

Көне түркі дәуірлерінен бүгінге дейін байырғы болмысын сақтап жеткен кісі есімдері бар. Мақалада олар “антропонимдік өзекті” құраушы элементтер ретінде қаралады. Екінші жағынан, ғасырдан ғасырға үзіліссіз жалғасып келе жатқан осы антропонимжасаушы тұрақты компоненттер – лексикалық сабақтастықтың көрсеткіші. Бір компонент өзіне түрлі сөздер жалғайды, мысалы, көне дәуірлерде Ер тоғмыш, XV ғасырларда Ерқұтлық, қазіргі кезде Ернұр т.б. түрінде жаңа есімдер жасалды, яғни Ер компоненті тұрақты әрі әр дәуір талабына сай өзгеріп отыруға икемді. Осы секілді өзге де түрлі компоненттер өзара біріктіріліп, жаңа есімдер жасалады да, антропонимдік қор жаңа тұлғалармен толығып отырады. Антропонимжасамдағы осы құбылыстың ерекшеліктерін ескере отырып, мақалада көне мен жаңа есімдер салыстырылады, автор қазақ есімдерінің сөздігін жасауда осы мәселе ескерілуі тиіс деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: антропоним, лексика, өзек, кірме есім, төл есім, сабақтастық

Abdualiuly B.¹

¹L. N Gumilov Eurasian National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan

ANTHROPONYMIC BASIS AND LEXICAL CONTINUITY

Abstract

There are names of people who have preserved their ancient identity from ancient Turkic times to the present day. In the article they are considered as elements that make up the “anthroponymic foundations”. On the other hand, these stable anthroponymic components, continuing continuously from century to century, are an indicator of lexical continuity. For example, one component combines different words and creates new names in the form: in ancient times Er Togmysh, in the 15th century Erkutlyk, now Ernur and others, that is, the Er component is stable and flexible to change in accordance with the requirements of each era. Taking into account the peculiarities of this phenomenon when creating anthroponyms, the article compares old and new names, the author concludes that this issue should be taken into account when creating a dictionary of Kazakh names.

Keywords: anthroponym, lexicon, stem, borrowed names, original names, continuity

Абдуалиұлы Б.¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н Гумилова,
г. Нур-Султан, Казахстан

АНТРОПОНИМИЧЕСКАЯ ОСНОВА И ЛЕКСИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ

Аннотация

Есть имена людей, которые сохранили свою древнюю идентичность от древнетюркских времен до наших дней. В статье они рассматриваются как элементы составляющие “антропонимических основ”. С другой стороны, эти устойчивые антропонимические компоненты, продолжающиеся непрерывно из века в век, являются показателем лексической преемственности. Например один компонент присоединяет в себя разные слова и создаются новые имена в виде: в древние времена Ер Тогмыш, в XV веке Еркутлык, ныне Ернур и другие, то есть компонент “Ер” является стабильным и гибким для изменения в соответствии с требованиями каждой эпохи. Принимая во внимание особенности этого явления при создании антропонимов, в статье сравниваются старые и новые имена, автор приходит к выводу, что этот вопрос следует учитывать при создании словаря казахских имен.

Ключевые слова: антропоним, лексика, основа, заимствованные имена, төл есім, оригинальные имена, преемственность

Кіріспе. Қазақ есімдерінің шығу, қалыптасу тарихы көне дәуірлерден басталады. Бүгінге дейін олар түрлі өзгерістерді басынан кешірді. Сондықтан “ол өзгерістер қандай сипатта өтті және өзінің байырғы болмысын қаншалықты сақтап қала алды?” – дейтін сұрақ қазіргі зерттеушілерді және есім қолданушыларды да қызықтыратыны анық. Қазақ есімдерінің тарихы бойынша арнайы зерттеу еңбектері [1; 2; 3; 4] жарық көргенмен, көне мен жаңаны нақты тілдік деректер арқылы салыстыра зерттеулер арнайы қолға алынбай келеді. Әсіресе қазіргі кезде тарихи есімдердің жаңғыру көрсеткіштері жаңаша сипат алып келеді. Көне компоненттердің кісі есімдеріне қатысты бүгінгі ұғым-түсінік атауларымен бірігіп, жаңа есімдер жасауы жиікездеседі. Бұларды зерттеу лингвистикалық өзектілік қана емес, ұлттық руханият үшін де аса маңызды.

Кісі есімдерінің қорында әуелгі тарихи негізі сақталып келе жатқан тірек тұлғалар бар, олар сөз болғалы отырған антропонимдік өзекті құрайды. Өз ішінде *антропонимдік компонент* (ақ, бай, жан, хан т.б.) және *антропонимдік тұлға* (Досан, Құсан, Қапаған, Қапан, Қасым, Абылай т.б.) деп екіге бөліп қарауға болады. Басқа сөздермен бірігіп, қосымшалар жалғай отырып антропонимдік түрленулерге түскенмен, олар жалпы қордың ұйытқысы әрі өткен тарихымызбен жалғастырушы өзекретінде маңызды рөл атқарады. Қазақ есімдерінің лексикалық құрамы мен грамматикалық

жүйесіндегі мынандай екі түрлі үдеріс өзіне назар аударады: бірі – *кісі есімдерінің жасалуы*, екіншісі – *антропонимдік формалардың қалыптасуы мен тұрақтануы*. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты, бірінен-бірі туатын құбылыстар. Таратып айтсақ, балаға ат қою үшін белгілі бір сөз таңдалады немесе екі, үш, кейде есім туралы ойды толық қамту үшін одан да көп сөз біріктіріліп, тіркестіріліп, жаңа есім жасалады. Жалпы есім кісі есіміне айналғаннан кейін, адамды атау қызметі бойынша ішкі табиғатында белгілі бір өзгерістер болады, сөйтіп бұрын жалпы зат немесе құбылысты атаса, енді жаңаша сомдалып жеке адамды атау құралына айналады. *Антропонимдердің жасалуы* деп, ат қою дәстүрімен тікелей байланысты осы үдерісті айтамыз.

Жасалған жаңа есімнің бәрі бірдей тілде тұрақтана алмайды – бір рет қойылып, келесі кезеңде қолданыстан түсіп қалатындары да аз емес. Өмір сүруінің ұзақтығы оның сапалық дәрежесіне байланысты. Мағынасы шағын ортаға ғана белгілі оқиғаларды қамтыса немесе кездейсоқ қойыла салса, олар уақытша есімдер қатарына кіреді. Ал ұлттық танымның терең сырларын қамтитын, тұрмыс пен салттың бейнесін айшықтап көрсететін немесе адами болмыстың ерекше қасиеттерін сипаттай алатын алыс арманға негізделіп қойылса, ғұмыры да ұзақ болады. Олар ғасырлар бойы қолданыла келе тілде тұрақталады, антропонимдік қордан орын алып, нормаға айналады. Тілімізде көне замандардан тұрақты қолданылып келе жатқан сондай есімдер бар. *Антропонимдік формалардың қалыптасуы* дегенде осындай есімдерді еске аламыз. Олардың құрамы негізінен көнеден жеткен түркілік және кейінгі ғасырларда діннің ел ішіне таралуымен бірге енген кірме, сонымен қатар кейінгі уақыттарда туған жаңа есімдерден тұрады. Тұрақтылығының екі түрлі сипаты бар: бірінші – ұзақ уақыт қолданыстан түспей келе жатқандықтан, кісі есімі ретінде нормаға айналған. Алмас, Алтын, Алма, Аман, Батыр, Бақыт, Жұлдыз, Шолпан т.б. осы топқа жатқызамыз, олар әрі жалпылық, әрі жалқылықмағынада қатар қолданылады. Екіншісі – дербес антропонимдік тұлғалар. Олар өз ішінде *кірме* және *төл* есімдер болып екіге бөлінеді. Мысалы, Әли, Жүсіп, Иса, Махамбет, Мұса, Сұлтан, Ыбрайым, Ыдырыс, Ысмайыл т.б. тілімізге тікелей кісі есімі түрінде енген. Ал төл есімдер Айару, Айхан, Бектұрған, Байбота, Ботагөз, Қарагөз т.б. секілденіп келеді, олар құрылымы бойынша айқындалады. Күрделі тұлғалылардың бұлайша жасалуы тек кісі есімдеріне тән норма. Бұл топтағылар сыртқы кескіні жағынан сөзжасамның өзге түрлеріне ұқсамай, кісі есімі ретінде айшықталып тұрады. Осы ерекшелігі негізінде олар антропонимдік лексиканың дербес бірліктері қатарын құрайды.

Дайын антропонимдік формаларға қатысты айтылуы тиіс келесі бір жайт – тарихи тұлғалардың қоғамдық санадағы орны. Олардың есімдері дыбыстық және құрылымдық жағынан ешқандай өзгерістерге түспей, кейінгі ұрпаққа дайын күйінде беріледі. Тамирис, Елхан, Қасым, Әлихан, Дінмұхамет т.б. секілді есімдердің соңғы жылдарда қайталанып қойылуы, олардың дайын есімдерге айналып, антропонимдік қор бірлігі ретінде тұрақтағанының көрінісі. Бұл тілде сақталған бірліктердің қайта жаңғыруы болып табылады, демек лексикалық өзектің белсенді өмірі мен тарихы тек жаңа жасалымдардан ғана тұрмайды, сондай-ақ дайын үлгілердің жаңғырып отыруымен де бағаланады.

Әдістеме. Жасалым мен дайын формаларды бір үдерістің нәтижесі ретінде бірге алмай, екі бөлек қарастырудың өзіндік себебі бар. Белгілі бір есімдер тілде тұрақтап, нормаға айналғаннан кейін даму тоқтап қалмайды, жаңа есімдер жасалып, антропонимдік қор әрі қарай толығына береді. Сәтсіз жасалымдар уақыт сынына ұшырағанда қолданыстан түсіп қалып отырады. Сондықтан, есімдердің орнығуы мен жасалуының аражігін ашып көрсету үшін арнайы бөліп алу қажеттілігі туындайды. Тұрақты қалыптасқан тұлғалар ғасырдан-ғасырға, атадан балаға ауыса отырып, этностың ұйысуы мен біртұтастығына да қызмет етеді. Танымалдығы мен тұрақтылығы бойынша жалпы қорға ұлттық реңк, сипат беріп тұратын да осы өзек. Құрылымы жағынан тек дара тұлғалылардан ғана құралмайды, керісінше туынды, күрделі тұлғалылардың компоненттері қатарында тұрып та байырғы қызметін жалғастыра береді.

Антропонимдік өзек құрамындағы лексикалық бірліктер өзінің біртұтас сипатымен ерекшеленеді. Біртұтастану бірнеше жолмен жүзеге асады. Төл тұлғалардың да, өзге тілден енгендердің де сыртқы келбеті ұлттық тілдің заңдарына сәйкес ортақ қалыпқа құйылады және кез келген сөз кісі есіміне айналғанда заттануға ұшырайды да оның қай сөз табына қатыстылығы маңыздылығынан айрылады. Есім бойында болатын фонетикалық және грамматикалық үдерістер осылайша лексикалық өзектің біртұтас болмысын сомдайды. Олар осы табиғатымен “қазақ есімі” деген ұғымның негізін қалайды.

Талқылау. Қазақ есімдерінің сөздігі “қазақ есімі ұғымына сәйкес келетін есімдерді қамтуы тиіс. Мысалы, *ай, ақ, бай, батыр, бек, гүл, ер, жан, күн, нұр, хан* т.б. есім құрамындағы орны айқындалмай тұрған кезде өркениеттік ұғымдарды білдіретін атау сөздер болатын. Бүгінде басқа сөздермен бірігіп, алуан түрлі кісі есімінің формаларын жасайды. Бұлардың көне замандардан бүгінге дейін үзілмей жетуіне есім жасаудың тамаша үлгісі, қалыптасқан өзіндік жүйесі ықпал етіп отыр. Мұнда ғасырлар тәжірибесінің үздік белгілері сақталған, ол қазақ есімінің өзегін құрайтын негізгі факторлардың бірі. Жұртшылыққа ұсынарда оның тарихилығы мен ұлттық болмысына назар аударылса, дайындалатын сөздіктің танымдық мазмұны да толық болмақ. Ұлттық есімдердің қолданыстағы белсенділігі алдағы болашағы үшін маңызды рөл атқарады. Көне түркі жазба мұралары арқылы жеткен **Adaj** tutuq (Адай тутуқ), **Aj** қауап (Ай қаған *ә.е.*), **Aj** toldi (Ай толды), **Alp** aja (Алп ая), **Alp** qutluq (Алп қутлуғ), **Alp** tarqan (Алп тархан), **Altun** қауап (Алтун қаған), **Altun** qara (Алтун қара), **Altun** taj saun (Алтун тай саун), **Altun** tamqan tarqan (Алтун тамған тарқан), **Aqiš** (Ақыш), **Arıyıduq** (Арығ ыдук), **Aruq** (Арук), **Aq baš atıq** (Ақ баш атық), **Aq saj** (Ақ сай), **Aq saqal** (Ақ сақал), **Arslan** (арслан), **Anar** (Анар), **Beg arslan** (Бег арслан), **Beg bars** (Бег барс), **Beg temir** (Бег темир), **Beg turmiš** (Бег турмыш), **Bars beg** (Барс бег), **Er böri** (ер бөри), **Er buya** (Ер буға), **Er sančmiš** (Ер санчмыш), **Er toymiš** (Ер тоғмыш), **Er toqa** (Ер тоға), **El almiš saun** (Ел алмыш саун), **El bilgä qatun** (Ел билгә қатун), **Elči čur** (Елчи чур), **Elči tiri** (Елчи тири), **Julduz** (Жулдуз), **Kökamaš tutuq** (Көк амаш тутуқ), **Kümüš** (Күмүш), **Künbermiš säñün** (Күнбермиш сәнүн), **Meñlik** (Меңлик), **Muqsuz** (Мунсуз), **Ozmištegin** (Озмыш тегин), **Ozmištoğril** (Озмыш тоғрыл), **Temür buya** (Темүр бұға), **El temür** (Ел темүр), **Vaj temür** (Бай темүр) т.б. кісі есімдерінің көпшілігі қазіргі тілімізде де қолданылады, яғни көне антропонимжасамдық таным-түсініктерді сақтай отырып, бүгінге жетті. Атап айтар болсақ, *Адай, Ай, Алып, Алтын, Ақ, Ақыш, Арық, Арслан, Анар, Бек, Ер, Жұлдыз, Көк, Күміс, Күн, Меңді, Мұңсыз, Озған* секілді компоненттер қазіргі кезде жасалып жатқан жаңа есімдердің құрамында да белсенді. Бұл келтірілген мысалдар – V-XII ғасырларға тән мұралар материалдарында сақталған нұсқалар. Басқа да біршама есімдердің бар екеніне қарамай, аталған дәуірлерде қолданылған түркі антропонимдерінің барлығы бірдей сол жазба еңбектерде қамтылған деп айта алмаймыз. Бұл бағытта әлі де талай ізденістердің болары анық. Біз салыстырған XVI-XVII ғасырларға тән Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың ”Жами ат-тауарих (Шежірелер жинағы)” атты еңбегінде: **Айбұқа, Ай хан, Ақ бұқа, Ақбегім, Арық Бұқа, Арыстан хан, Алтын Бұқа, Бекташ, Беклеміш, Бектемір, Бектумыш, Елші ноян, Елтұтмыш хатун, Ерқұтлық, Йулдуз хан, Көк хан, Күн хан, Қарахан, Қара-Аюлы, Құтлы-Шах, Құтлық Темір, Құтлығ Туғмыш, Темір хан, Тағ хан (Тау хан), Теңіз хан, Тоқта Темір, Шынтемір** т.б. [5] және Әбілғазы Бахадүр ханның ”Шежіре-и түркі (Түрік шежіресі)” атты еңбегінде: **Айхан, Ақбұқа, Ақнұр, Арслан, Байдар, Байсұңқар, Байтемір, Бекі, Бекқұлы, Бердібек, Білегеш, Білгедай, Болат, Елшітай, Елбарыс (Илбарыс), Еліш, Елше, Елхан, Ерсары, Ерқұтлық, Есентемір, Жұлдыз, Көк, Көк мұран, Көкше, Күн, Күнше, Құтлық қаба, Құтты хатун, Қарахан, Қара үсүн, Меңді-кач, Меңлітай, Меңлік, Меңліхожа, Тастемір, Тұрмыш, Тұрсын, Темір мәлік, Темір шах, Темірбек, Темірташ** т.б. [6] көне түркі дәуірлерінен (мүмкін онан да әріден) жеткен кісі есімдерінің алтын арқауы болып табылады. Бірін-бірі сөзбе-сөз қайталайды. Бұл тұлғалардың қолданысы кейінгі дәуірлерде де өзінің белсенділігін жоғалтқан жоқ, керісінше жаңаша түрленіп, мағыналық жағынан толысып, кемелденіп әр замандағы қоғамдық сананың сұранысына сай бейімделіп отырды. Берілген мысалдардағы секілді, мағыналық әрі тұлғалық жағынан бірдей таным көкжиегіндегі мәңгілік мұраттармен астасып, үйлесім тапқан есімдер қазақ антропонимдерінің негізгі өзегін құрады. Қазіргі қолданысымыздағы антропонимдік қордың басым бөлігі осындай тұлғалар. Аталған *ай, ақ, алтын, арық, арыстан, бай, барыс, бегім, бек, бер, бұқа, біл, ел, темир, ер, есен, жұлдыз, көк, күн, қара, мең, сары, таш (жаңа нұсқасы – тас), темір, теңіз, тоқта, тумыш (жаңа нұсқасы – туған), тұр* компоненттері қазір мыңдаған жаңа есімдердің жасалуына негіз болып отыр. Бүгінде лексикалық қордың дамып жетілгенін, жаңа бірліктермен толыққанын жоққа шығара алмаймыз, алайда көне дәуірлерде қолданылған есімдердің барлығы бірдей біздің заманымызға жетті деу де қиын. Сондықтан, жазба мұраларда кездеспегенімен, қолданыстағы көптеген есімдерді көнеден жеткен тілдік жәдігерліктер қатарына қосуға болады.

Жоғарыда келтірілген түркі текті төл есімдеріміз, орта ғасырларда араб, парсы элементтерімен толықты. Жазба мұраларда төмендегідей кірме есімдер кездеседі. **ABBAZ (Аббаз) ар, ABU (АБУ): abu-bäkr al-mufid al-zarzarani** (абу-бәкр ал-муфид ал-зарзарани) **ibn abi-d-dünja** (ибн аби-д-дүниа) (Махмұт Қашқари, *әрі қарай* МК); **abu-bäkr al-qaffal uš-šaši** (абу-бәкр ал-қаффал уш-шаши) (МК); **abu-l-qasim ‘abdullah ibn-muhammad al-muqtadi bi-amrillah** (абу-л-қасим-‘абдуллах ибн-мухаммад

ал-муктади би-амриллах), **ADAM** (Адам), **Ahmad** (Ахмад), **Ali** (Али), **Jaqja** (Йақия), **Ja`qub** (Йақуб), **Musa** (Мұса), **Jusuf** (Юсуф), **Mubarak qoç** (Мүбәрәк қоç), **Omar** (Омар), **Osman** (Осман), **Qadir Cigši** (Қадыр чигши), **Sadiq** (Садық) т.б.[7] ислам дініне байланысты араб тілінен енген, негізінен пайғамбарлар мен дін қайраткерлерінің есімдері. Қазақ есімдерінің құрамында сақталып қана қоймай, антропонимжасамдағы белсенділігімен де танымал. Сол дәуірлерден бері қолданылғандықтан, олар қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестене отырып тілімізге сіңісіп кеткен. Ішінде тұрақты антропокомпоненттерге айналған тұлғалар көптеп саналады. Мысалы, тілімізге жалпы есім қолданысында еніп, кісі есімін жасауға қатысқан мынандай апелятивтер бар: *абат, азат, ақан (аһөн), ақыл, анар, арман, асыл, әділ, әкім (кәкім, хакім), әуез, базар, бақыт, бану, барша, бейбіт, бибі, бике, болат, бостан, бөбек, гәуһар, гүл, галым, дана, дариға, дастан, дәрмен, дәулет, дихан, дос, ділдә, жазира, жақан, жамал, жан, жар, жәмілә, жомарт, жора, жұма, зат, зиба, зия, иман, кеңес, қабыл, қайша, қайыр, қал, қали, қожә, мәлік, мейрам, мейір, меруерт, мұрат, мырза, наз, намаз, нау (жас, жаңа, таза: Науан, Науша, Наушабай, Наушатай), нәсіп, несіп, нияз, нұр, перизат, рай, сара, сая, дүйсенбі (Дүйсен), сейсенбі (Сейсен), сәрсенбі (Сәрсен), бейсенбі (Бейсен), жұма (Жұман), сенбі (Сембай), жексенбі (Жексен) сұлтан, сүгір, таза, тәжі, үміт, шайы (шаһи НО291), шаһ, шора, шынар, шырын, ырыс* т.б. Кейбірі жеке тұрып қолданылса, көпшілігі жеке тұрып та, қосымша мен алды-артынан компоненттер жалғап та жаңа есімдер жасауға қатысады.

Нәтижелер. Енді осылардың қатысуымен жасалған есімдерге тоқталып көрелік:

Анар: Анаргүл, Анарбай, Анарбек, Анархан т.б.

Асыл: Асылай, Асылайым, Асылбек, Асылбай, Асылжан, Асылхан, Асылболат, Асылзат, Асылгүл, Асылмұрат; Бекасыл, Жанасыл, Нұрасыл т.б.

Мейір: Мейірбек, Мейіргүл, Мейіржан, Мейірман, Мейіржамал, Мейірхан; Ақмейір, Гүлмейір т.б.

Дәулет: Дәулетбай, Дәулетжан, Дәулетсерік, Дәулетәлі, Дәулеткелді, Дәулетбек, Дәулетше, Дәулетқожа; Бағдәулет, Байдәулет, Бегдәулет; Ағдәулет, Байдәулет, Есдәулет, Жандәулет, Молдәулет, Нұрдәулет т.б.

Сырттан енген осы секілді көптеген сөздер, түркі текті болмаса да, төл есімдеріміздің қатарынан орын алып, антропонимдік өзектің негізгі элементтеріне айналып кеткен. Ғасырлар бойы қалыптасқан антропонимдік қордың негізгі бөлігін осы секілді уақыт сынынан өткен, “қазақ есімі” деген ұғымның талаптарына сай келетін тұлғалар құрайды. Есімге қойылатын талап үдесінен шыға отырып, көпшілігі нормаға айналған – лексикалық қордағы өзге элементтерден бұрын адам аты екені (Нұржан, Бекасыл, Айғаным т.б.) ерекше байқалып тұрады.

Жазба мұралар арқылы жеткен кісі есімдерінің әр дәуірдегі сипатын байқау үшін салыстырмалы төмендегі кестені ұсынып көрелік.

V-XII ғ. тән есімдер	XVI-XVII ғ. тән есімдер	Қазіргі есімдер
Ajqayan, Ajtoldi	Ай-бұқа, Айхан, Айхан	Айболат, Айдос, Айтуған, Айбосын, Айжан, Айғали т.б.
Adajtutun	Адай	Адай, Адайбек т.б.
Alpaja, Alpqtuluy, Alptarhan	Алыпбұқа	Алпамыс, Алыптуған, Бегалып т.б.
Altunqayan, Altunqara, Altuntajsanun, Altuntamyantarqan	АлтынБұқа	Алтын, Алтынбек, Алтынбай, Алтынай, Алтынкүл, Алтынхан, Алтынбике, Алтынжан, Алтын т.б.
Arıyıduq, Aruq	Арық	Арықбай (Аруай, Аружан, Арнұр, Арсен, Арилан) Ару, Аруерке, Арутаң т.б.
Aqış, Aqbaşatıq, Aqsaj, Aqsaqal	Ақбегім, Ақбұқа, Ақнұр	Ақыш, Ағжан, Ақмарал, Ақтай, Ақболат, Ақеділ, Ақырыс, Ақбота, Ақшабақ, Ақарыс, Ақжол, Ақжүніс, Ақсақал, Ақбике, Ақгүл, Ақниет, Ақбала, Ақбалта, Ақбалым, Ақбану, Ақбарақ, Ақбибі, Ақбаушан, Ақбаян, Ақберлі, Ақбәтима, Ақбет, Ақберген, Ақбозай т.б.

Arslan	Арыстанхан, Арслан	Арыстан, Арслан т.б.
Anar	Анар	Анар, Анаргүл, Анарбай, Анарбек, Анархан т.б.
Bajtemür	Байдар, Байсұңқар	Баймұқа, Баймұқан, Байдос, Байсерке, Байбек, Байжан, Байгелді т.б.
BEG: begarslan, begbars, begtemir, begturmış, barsbeg	Бекташ, Беклеміш, Бектемір, Бектумыш, Бекі, Бекқұлы, Бердібек	Бектай, Бегарыс, Бекберген, Бегай, Бегайым, Бегей, Бегайдар, Бегеш, Бегакмет, Бегалы, Бегім, Бегімше т.б.
Begturmış	Тұрмыш, Тұрсын	Тұрғанбай, Бектұрған т.б.
Barsbeg	Барысбек	Айбарыс, Барыс т.б.
Erböri, Erbuğa, Ersançmîş, Ertoymîş, Ertoğa	Ерсары, Ерқұтлық	Ержан, Ертай, Ердос, Ерсайын, Ерғали, Ерәлі, Ертай, Ернұр, Ерболат, Ерғалым т.б.
Elalmîşsağun, Elbilgäqatun, Elçičür, Elçitiri	Елшіноян, Елтұтмышхатун, Елшітай, Елбарыс (Илбарыс), Елш, Елше, Елхан	Елхан, Елшібек, Еламан, Елназ, Елнұр, Елжас, Елнұр т.б.
Qutluq	Құтлы-Шах, Құтлық Темір, ҚұтлығТуғмыш	Байғұт, Құтберген, Құттымұтар, Құттыбай, Құттымбет, Құттықадам т.б.
Elbilgäqatun	Білегеш, Білгедай	Білге, Білжан, Білім т.б.
Julduz	Жұлдыз, Йулдузхан	Жұлдыз, Жұлдызай, Жұлдызхан, Жұлдызбек, Жұлдызәлі т.б.
Kökamaştutuq	Көкхан, Көк, Көкмұран, Көкше	Көкбай, Көкберген т.б.
Kümüş	Күмүш	Күміс, Күмісай, Күмісжан, Күмісқан, Күмісбала т.б.
Küntäñri, Künbermişsäñün,	Күнхан, Күн, Күнше	Күнай, Күнболат, Күнсұлу, Күнсәуле, Күнтуар, Күн т.б.
Meñlik	Меңді-кач, Меңлітай, Меңлік, Меңліхожа	Меңдібай, Меңдібала, Меңдіғожа, Меңдігүл (Меңдігүл), т.б.
Muqsuz	Мұңсуз	Мұңсызбай т.б.
Ozmîştegin, Ozmîštoyril	Озмұш	Озғанбай т.б.
Temürbuğa, Eltemür, Bajtemürt.т.б	Тастемір, Темірмәлік, Теміршах, Темірбек, Темірташ, Байтемір, Есентемір, Темірхан, ТоктаТемір, Шынтемір (Болат)	Байтемір, Темірбай, Бектемір, Темірбек, Темір, Темірлан, Теміртас, Темірхан, Теміржан, Темірболат т.б.

Қорытынды. Кестедегі “қазіргі есімдер” түркі дәуірлерімен жалғасқан қазақ антропонимжасамының, яғни халықтың ғасырлар бойғы ат қою шығармашылығының жемісі. Ізденіс әлі тоқтаған жоқ, керісінше тарихи дәстүрмен сабақтастықты сақтай отырып, жаңа заманға сай жаңа тұлғалар жасалып жатыр. Статистика агенттігі жариялаған соңғы мәліметтерге қарағанда жаңа нұсқаларға деген сұраныс жоғары, сәтті шыққан жасалымдардың тұрақтылығы мен қойылу жиілігі артып отыр. Ол өз кезегінде лексикалық өзектің нығайып, тіл мәдениетінің антропонимдік тұрғыдан жаңа бір биікке көтерілуіне алып келеді. Мысалы, соңғы жылдарда сәбилерге ең жиі қойылған *Айзере, Ақзере, Айлан (Ай+лан), Айару, Айсезім, Ақсезім, Айжұлдыз, Айкөркем, Аймакен, Айсана, Айсұлтан, Айтөре, Айтұмар, Айша, Ақбота, Айжарқын, Арнұр, Ақтілек, Ағұлан, Аруай, Аруана, Еңлік, Айтөре, Ақжарқын, Әмина, Әлихан, Бегім, Бегназар, Бегнұр, Інжу, Гүлсезім, Фибрат, Даниал, Ерасыл, Ернұр, Ертуған, Жанерке, Кәусар, Мәдина, Нұрай, Нұрсая, Темір, Темірлан, т.б.* есімдер өзінің әрі жаңа, әрі тарихилығымен ерекшеленеді.

Лексикалық өзек – антропонимдік қордың ұйытқысы, негізгі тұғыры, көне мен жаңаны жалғастырушы алтын көпір. Айналасына жаңа заманға сай көркем, мағыналы компоненттерді жинақтай отырып, әр заманға бейімделе алады. Жасалу мен тұрақтану үдерісі олардың даму тарихындағы негізгі қағида болып табылады. Уақыт сұранысына сай қоғамдық сананың қалауымен түрлі есімдер жасалып отырады. Антропонимдік өзек аманда қазақ есімдері аман, екіншіден, “қазақ есімі дегеніміз не?” деген сұрақтың жауабын, әрі “қазақ есімі” деген ұғымның түсінігін осы аядан іздейміз. Себебі әр замандағы жағдайларға байланысты еліктеулермен түрлі есімдер қойылып, артынан тілде тұрақтай алмағандықтан, қолданыстан түсіп қалып жатады. Ешқандай өзгеріссіз түпнұсқа қалпында қойылып жатқан шет тілдік есімдерді осы топқа жатқызуға болады. Оларды ұлты қазақ азаматы қойғанына қарамай, ешқандай тілдік талаптарға сәйкес келмейтіндіктен қазақ есімдерінің қатарына кіргізу қиын. Осы тұрғыдан келгенде, антропонимдік өзек қазақ есімі деген ұғымның шарттарын айқындауға аса маңызды негіз бола алады. Кісі аттарының сөздігін жасағанда да бағыт түзер темірқазығымыз антропонимдік өзек болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: “Ғылым”, 1971. – 218 бет. -кітап
- 2 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: ҚазССР Министрлер кеңесі “ХОЗУ” баспасы, 1965. – 145 бет.- кітап
- 3 Агабекова Ж. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2005. – 26 б.-автореферат
- 4 Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік - Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2010 - 378 б.
- 5 Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. Алматы: “Қазақстан”, 1997. – 128 бет.-кітап
- 6 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: “Ана тілі”, 2006. – 200 бет.-кітап
- 7 Древнетюркский словарь. —Ленинград: “Наука”. 1969.—(XXXVIII) 676 с. кітап

МРНТИ 10.01.19

Молдасанов Е.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ТАҢЖАРЫҚ ЖОЛДЫҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «КОНЦЕПТ» МӘСЕЛЕСІ,
ОНЫҢ АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРНІСІ**

Аңдатпа

Таңжарық Жолдыұлының шығармаларының біразында “әйел” “ер жігіт”, “шындық”, “туған жер”, “ел” концептісі ұшырасады. Ақын өлеңдерінде туған жермен қатар жер мұңы – халық мұңы, ел мұңын қатар өреді. Бұл концепті ақынның ішкі жан дүниесімен астасып жатыр. Мұнда нәзік психологизм, Отанға, туған жерге деген ақынның көзқарасы, сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі ашық аңғарылады.

Т. Жолдыұлының тілдік тұлғасын зерттеу арқылы отаншылдық рухты, қоршаған орта сырларын ұлттық мәдени болмысты сипаттауы жағынан, ұлттық көзқарасты бейнелеудегі шеберлігі жағынан оқшау тұрған тілдік тұлғаны танимыз. Ақынның тілдік тұлғасын зерделеу арқылы– ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын айқын көруге болады.

Таңжарық Жолдыұлының азаматтық тұлғасынан қазақ қоғамына әсер етуге, қозғау салуға ұмтылысы айқын танылады. Осы бағытта оның шығармаларындағы ұлттық сипатты танытатын жеке сөз қолданыстары, авторлық метафоралар мен теңеулер көп. Ақын шығармаларының лексикалық қабаты қою: қазақтың ұлттық мәдени ортасы, болмыс, бітімі, әлемді көруі мен дүниетанымы айқын танылады. Болашақта тілдік тұлғаны толықтай тануға мүмкіндік беретін когнитивтік және прагматикалық деңгейлерде қарастыру ақын, суреткер, көркемсөз шебері ретіндегі тілдік тұлғаны тануымыз мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: әйел,еркек, шындық, туған жер, ел, концепт, зерделеу, сипаттау, сөз, айқындау, поэзия, мазмұн, жер мұңы, халық мұңы, ел мұңы, психологизм, Отан, ұлттық, мәдени, когнитивтік, прагматикалық

Moldasanov E.

*Abay Kazakh national pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

THE PROBLEM OF "CONCEPT" IN THE WORKS OF TANJARYK GADIOLI, IT IS REFLECTED IN THE WORKS OF THE POET

Abstract

In the works of Tanzharyk Zholdyuly the concepts of "woman", "man", "truth", "native land", "country" are found, the world of the poet. There is a subtle psychology, the attitude of the poet to the Motherland, the native land, love, a sense of patriotism.

With the help of the study of linguistic personality T. Zholdyuly, we recognize the linguistic personality, isolated by the nature of the national cultural existence, the national spirit of patriotism, the beauty of the environment, the mastery of the fine arts of the national worldview. Having studied the linguistic personality of the poet, it is possible to clearly see the national existence and worldview of the people.

Clearly, from the Civil personality of Tanzharyk Zholdyuly there is an aspiration to influence, movement in the Kazakh society. In this direction in his works there are many own word combinations, author's metaphors and comparisons, which represent the national character. The staging of the lexical layer of the poet's works: Kazakh national cultural environment, existence, truth, worldview and worldview. In further study at the cognitive and pragmatic levels, allowing us to fully recognize the language personality, allows us to recognize the language personality as a poet, artist, master of the artistic word.

Keywords: woman, man, reality, homeland, country, concept, research, description, word, definition, poetry, content, bitter earth, bitter people, bitter country, psychology, Motherland, national, cultural, cognitive

Молдасанов Е.

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМЫ «КОНЦЕПТА» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ТАНЖАРЫК ЖОЛДЫУЛЫ, ЕГО ОТРАЖЕНИЕ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ПОЭТА

Аннотация

В произведениях Танжарык Жолдыулы встречаются «концепты» «женщина», «мужчина», «правда», «родная земля», «страна». В стихах поэта, наряду с родными, происходит яркая земля – народная мудрость, народная мудрость. Этот концепт ассоциируется с внутренним миром поэта. Здесь ярко проявляется тонкий психологизм, отношение поэта к Родине, родной земле, любовь, чувство патриотизма.

С помощью изучения языковой личности Т. Жолдыулы мы узнаем языковую личность, обособленную по характеру национального культурного бытия, национального духа патриотизма, красок окружающей среды, мастерства в изобразительном искусстве национального мировоззрения. Изучая языковую личность поэта, можно наглядно увидеть национальное бытие и мировоззрение народа.

Очевидно, что от Гражданской личности танжарык Жолдыулы проявляется стремление к влиянию, движению на казахское общество. В этом направлении в его произведениях много собственных словосочетаний, авторских метафор и сравнений, которые представляют национальный характер. Постановка лексического слоя произведений поэта: Казахская национальная культурная среда, бытие, истина, миропонимание и мировоззрение. В дальнейшем изучение на когнитивном и прагматическом уровнях, позволяющее полностью распознать языковую личность, позволяет нам распознать языковую личность как поэта, художника, мастера художественного слова.

Ключевые слова: женщина, мужчина, реальность, родина, страна, концепция, исследование, описание, слово, определение, поэзия, содержание, горе земли, горе людей, горе страны, психология, Родина, национальная, культурная, познавательная, прагматическая

Кіріспе. Лингвистика ғылымында “концепт” термині кей жағдайда “ұғым” және “грамматикалық немесе семантикалық категория” мағынасында түсіндіріліп жүр. Жалпы концепт мәселесі – лингвистика мен философияның бір-біріне деген өзара ықпалының күшеюінің негізінде туындаған тілдік құбылыс. Оның лингвистикалық мазмұнға ие бола бастағанын тілдің мағыналық жағын талдауда көптеген құнды ескі де жаңа танымдық ақпараттардың пайда болуымен тікелей байланысты.

Қазақ тіл білімінде концепт мәселесі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистикалық бағыттарда жазылған зерттеулердің ғылыми аппаратына толықтай енді. Концепттің беретін мән-мағынасын дәйектеу, бұл термин арқалаған лингвистикалық ұғымды теориялық тұрғыдан тиянақтау әлі де толыққанды зерттелу үстінде. Бүгінгі таңда қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік парадигманың зерттелуі Г.Смағұлова, Ж.Манкеева, Н.Уәлиұлы, Э.Сүлейменова, А.Алдашева, Ф.Оразбаева, Г.Сағидолда, Б.Момынова, Г.Қосымова, Б.Қасым, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде тілдік тұлға, ақиқат болмыстың тілдегі бейнесі, танымдық әрекет, тілдік сана, тілдік және типтік модельдер, тілдік қатынастың маңызы, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы, ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісі, мәдени лексиканың табиғаты, ғалам бейнесіндегі тілдің орны, эстетикалық талғам мен тіл біртұтастығы деген мәселелерге байланысты қарастырылған.

Ғылыми еңбектерді саралау арқылы концептінің ұғымнан семантикалық жағынан бай болып келетіндігіне көз жеткіземіз. *Концепт* пен *ұғым* ішкі форма жағынан бірдей болғанымен, сыртқы көріністері бөлек. Ұғымды нақты ұғынуға болады, оның аясы – тар. Кез келген сөз концепт бола алмайды, бірақ ұғым болуы мүмкін. Концепт адамның ментальдық дүниесіне жақын, яғни мәдениетке және тарихқа да жақын, сол себепті де өзіндік сипатқа ие. Демек, ол ментальдық ғаламды тану тәсілі болса, ал концептінің басты идеясы – ғаламның тілдік бейнесі. Концепт ғылымның әртүрлі салаларындағы басқа ментальдық бірліктерге қарағанда құндылық элементке баса назар аударуымен ерекшеленеді. Концепт пен ұғымды олардың негізін, мазмұнын, көлемін салыстыру арқылы ажыратуға болады. Концепт ұғымнан тұрады, бірақ денотативтік, коннотативтік компоненттерді, ассоциативтік байланыстарды қамтитындықтан тек қана ұғыммен шектелмейді. Концепт өзінің ішкі мазмұны мен функционалдық қасиеттері бойынша ұғымнан әлдеқайда кең болып келеді.

Әдістеме. Ғалым Н.Уәли: “Концепт индивид санасында сәулеленген сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болады. Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңі түседі. Әлгі белгілердің қайсыбірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал”, – деген пікір білдіреді. [1,14].

Концептілер жиынтығы тұтас және белгілі бір құрылымдардан тұратын біртұтас концептосфераны құрайды. Әр мәдениетте элем моделі әмбебап концептілер мен констант мәдениетерден (кеңістік, уақыт, өлшем, себеп, адамгершілік, махаббат және т.б) тұрады десек те, мұнымен қоса әр халықтың өзіне тән ұлттық дүниетанымын бейнелейтін айырықша концептілер болатынын ескеруіміз қажет. В.А. Маслова барлық концептілерді тоғыз негізгі топқа бөліп қарастырады:

1. Әлем (кеңістік, уақыт, отан ...)
 2. Табиғат (су, от, ағаш)
 3. Адамгершілік концептілер (ар, ұят ...)
 4. Адам туралы ұғым (ұлы, зиялы...)
 5. Эмоционалды концептілер (бақыт, қуаныш...)
 6. Артефактілер (үй, қоңырау...)
 7. Әлеуметтік ұғымдар мен қатынастар (бостандық, соғыс...)
 8. Ғылыми білім (филология, жаратылыстану ...)
- Өнер концептосферасы (музыка, өнер...) . [2,38].

Тіл білімінде концептілердің түрлерін анықтауға бірыңғай пікір жоқ. Бұл мәселе концептінің модельдеуге, концептілік талдау жасауға да қатысты. Концептіге байланысты қанша зерттеу жұмысы болса, сонша талдау үлгісі бар. Сондай-ақ концепт пен лингвомәдени бірліктің, лингвомәдениеттаным мен этнолингвистиканың арасындағы айырмашылықтар мәселесі де толық айқындалып болған жоқ. Бұл бір жағынан когнитивтік лингвистика ғылымының психология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларымен тығыз байланыстылығында болса керек. Концепт бағалаушытық

бейнелік, ассоциативті сипаттамаларды жинақтайтын күрделі құрылым болғандықтан, оған қатысты мәселелердің күрделі болуы да заңды.

Көрсетілген деңгейлердегі жеке тұлғаның ұлттық болмысын ашудың маңыздылығы туралы ғалым Ж.А.Манкееваның пікірлеріне жүгінсек: “аталған деңгейлердің дамуының белгілі бір тілдік тұлғада көрініс табуы әртүрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан тілдік тұлғаны алдымен ұлттық тілдік тұлға ретінде түсінеміз. Себебі тілдік тұлға табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты”, –болып шығады. [3, 281-284]

Лингвомәдени концептілер әр алуан негіздерге сүйене отырып жіктеледі.

Н.Уәлиұлының пікірше: “концепт” индивид санасында сәулеленген сезімдік- заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болады.

Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңі түседі. Әлгі белгілердің қайсыбірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал. Концептілердің табиғатын жан-жақты саралай келе, терең танып білу үшін тілге қатысты сөз мағынасын жетік меңгерумен қатар концептілік талдау арқылы кең мағлұмат алуға болады. Тілдің ойды материалдандыру ерекшелігі концептінің көптеген тілдік ақпараттарды тарату қызметін жете зерттеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірінен саналады. Сондықтан да осы бағыттағы зерттеулердің әлі де болса аздығы бұл мәселенің шешімін толық таппағандығының айғағы. Б. Балтабаева : “дау” концептісінің құрылымын шартты түрде өзек пен шеткері аймақтарға бөлуге болады. Ғылыми еңбектерде көрсетіліп жүргендей, концепт ұғым негізінде қалыптасады, ал “дау” ұғымының негізін дау сөзінің және даудың түрлерінің ерекшеліктерін, мағыналарын беретінжер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы, ар дауы т.б. қатысты лексикалық бірліктердің мағыналары камтиды. [7,38].

Нәтиже.Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы *концепт* табиғатын нақты дәйектер негізінде ашуға бағытталған еңбектердің көбейіп келе жатқаны байқалады. Ғалымдардың зерттеулерінде *бақ, тағдыр, өмір, өлім, жан, қайғы, мұң, тары, батырлық, қаһармандық, соғыс, түр-түс, сұлулық, әсемдік* т.б. концептілердің мазмұны көрсетіліп, олар әр қырынан қарастырылған.

Мәңгілік тақырыптардың бірі – *әйел* мәселесі қоғамдық ғылымдардың ішінде, негізінен, қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы *әйел* бейнесіне қатысты зерттеулерде кездеседі. Шын мәнінде, қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен және сүйіспеншілігімен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ сүті арқылы, бесік жыры мен туған тілі арқылы сіңіре білген әйел-аналар аз емес. Қазіргі таңдағы ана тілінің тағдырында да, бүгінгі мен ертеңінде де бағзы замандардағыдай аналардың алатын орны, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше. Алайда қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі әйелдің шынайы орнын тіл арқылы таныту, жаңаша зерттеп-зерделеу міндеті толық шешілген жоқ. Осымен байланысты ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғатын, қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтас анықтау мәселесін ұлттық таным қорында тіл арқылы жинақталған *әйел концептісі* арқылы дәлелдеудің мәні ерекше. Оның өміршендік сипатына сәйкес қазіргі қазақ қоғамындағы “*қазақ әйелі*” *концептісінің* даму динамикасын, жаңару үрдісін анықтау зерттеу жұмысының негізгі ұстыны болып табылады, әрі оның өзектілігін де айқындайды.

Талқылау.Таңжарық Жолдыұлы шығармаларында әйел концептісі бірнеше ұғымда көрінеді. Әйел затын сипаттауда жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемаларда көрініс береді. Ақын шығармаларында әйел тезаурын түзетін халықтық ұғымдардың бірнеше сипаты көрінеді. Нақтырақ тоқталсақ:

Әйел – шеше (асыраушы, қамқоршы)

Әйел – бәйбіше (толысқан, кемелденген)

Әйел – жеңге (еркелетуші, қадірлеуші)

Әйел – абысын (сырлас, ошақтас, отандас)

Әйел – құдаша (қалжыңдас, думандас)

Әйел – құрбы (сырлас, тілек-ниеттес)

Әйел – ару қыз (пәктіктің, тазалықтың, сұлулықтың символы)
Әйел – сырлас жан (махаббат пен іңкәрлік иесі)
Әйел – қаралы ана (заман қасіретін тартушы)
Әйел – сүйген жар (отанасы, жанжолдасы)
Әйел – қылықты қыз (сезім түрткісі)
Әйел – мұңлы жан (ескілік салт құрбаны) т.б. образдарында көрінеді.
Барсың ба, аман-есен, шешелерім,
Қамығып қалып едің нешелерің.
Ағызып ақ сүтіңді емізумен
Өсірген аналарым кеше менің. [3,101].
Іленің тауы биік, ені жалпақ,
Жамылған жасыл көрпе, баста ақ қалпақ,
Жіберіп екі бұтын екі жаққа,
Көсіліп жатыр жайға, кеуде шалқақ.
Көз жетпес бұлдыр кезең, мойыны қашық,
Ақ мамық желкесінде, кеудесі ашық.
Жамылған түлкі ішігін бәбішедей,
Шынтақтап жатыр көлбеп, төсін шып.
Қалқиған қасындағы қара шоқы,
Отырған баласындай етін қасып. [3,97].
Өлкесі бәйбішенің денесіндей,
Мұхиттың кеудесі бар кемесіндей.
Барлығын бауырына алып, тұр тербеліп,
Өсірген өз қолымен енесіндей... [3,98].
...Сылқылдап бәйбішедей күліп қойып,
Салып қап шапалақпен, бұлаң қаққан ... [3,100].
Барсың ба, мархабатты **жеңгелерім,**
Естіліп қуантты ма мен келерім?
Алысып, аймалақтап мазанды алған
Айналып тағы келді делбелерің.
Сүйікті амансың ба, **келіндерім,**
Иба қып бетін басқан керімдерім.
Елестеп көз алдымда тұрғандайсың,
Сәлем қып күбірлеген еріндерің. [3,102].
Жас талдар бойын түзеп, моншақ тағып,
Керіліп кербез қыздай сылаң қаққан...
Жездесін ұрын келген көрген қыздай,
Суырлар кіріп-шығып, шұнаң қаққан...
Бүркеліп ақ пердемен таудың басы,
Күнменен шағылысып қарсы тасы.
Жағлай қатар шыққан балапан тал,
Сықылды сұлулардың қара қасы.
Астынан ақ перденің көгерген шөп,
Кәдімгі қыз баланың самай шашы...
Кезеңнен күн күлімдеп шыға келді,
Сұлудай бөркін біреу ала қашқан...
Ән салып, қиқу салып жар басында,
Әлі жүр келген құстар жазғытұрым.
Шай құйып ақ шайнектен келіншектер,
Еріне ерке наз қып, қарап қырын... [4,101].
Буырқай басын шайқап, бұрандаса,
Жас талдар майда, бұйра жайып шашын.
Қыздардай тойға жүрген ақ бас қурай,
Жағадан жарқылдатып ақ танасын... [3,50].

Ару қыз бейнесі бірнеше ұғымда жұмсалады: сүйген жар, қылықты қыз, теңіне қосыла алмаған мұңлы жан (“Мұңлы қыз”, “Балқияның зары”), шерлі сұлу (“Ақ Бекзаттың мұңы”) т.б.

“Ер адам” концептілері кез келген мәдениетте кездесетін концепт болғандықтан, әмбебаптық сипатқа ие. Дегенмен, бұл концептілердің белгілі бір қоғамға тән нақты ерекшеліктері де бар екені анық. “Ер адам” концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Ер адамдарды сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысы да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, “ер адам” тезаурсын түзетін ұл, ер бала, бозбала, жігіт, ер, еркек, күйеу жігіт, отағасы, әке, ата, баба, ақсақал, шал сөздері әр түрлі когнитивтік модельдерін құрайды. Таңжарық шығармаларында “Ер адам” концептісіне байланысты этностық дүниетаным мен халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігін аңғаруға болады. Ер адамға тән қасиеттерді халық аса бағалап-қастерлеген. Ер адамға тән ақылдылық, батырлық, өткірлік, білімділік, пысықтық т.б. қасиеттер ұлт мәдениеті шеңберіндегі “Ер адам” концептісін қалыптастыратыны белгілі. Таңжарық шығармаларында ер адам концептісі ұлттық көзқарас пен дүниетаным шеңберінде көрінеді.

Ер адам – құрдас, жолдас, дос концептісінде:

Дос деген сырын алдым жолдастың да,
Жолдас бола кетті де жалғастым да.

Ер адам – жезде:

Шыныққан әр нәрсеге жалғыз жан бар,
Аштан өліп, көштен де қалмаспын да.
Жеті аяқ “жездем сүйер” жылпылдақтың
Сөзіне ендігәрі нанбаспын да.

Ер жігіт – қайсар рух иесі, халықтың болашағы:

Толғанып кел жігіттер, ойланалық.
Жарамас бекер қарап жүре берген.
Елді ойлап ер бола ма, сін жиып,
Тар жерде күннен-күнге үдемеген.

Білімді ұл концептісінде:

“Нұр жауар талапты ерге” деген сөз бар,
Әрқашан талаптыға олжа дайын. (“Жұманға”) [3].
Бар болса ар жағында білімге ұмтыл,
Сол керек, ең алдымен жас жанына.
Оқы жастар қалам ал
Талпынар күнің туылды.
Біліммен шыққан даналар
Босатпай оқы буынды.
Әперетін теңдікті,
Нығайтатын елдікті... (“Оқы, жастар, қалам ал”) [4].

Ұл – ата жолын қуушы:

Кәрінің жасы жетті, уақыт бітті,
Із басып кейінгі жас туды басқа.
“Жақсы жігіт” стереотиптік үлгісінде:
Кейбіреу тапсе темір үзер шақта,
Тыс тұрмақ жарамай жүр астарына. [4,47].

Қорытынды. Таңжарық Жолдыұлының шығармаларының біразында “әйел”, “ер жігіт”, “шындық”, “туған жер”, “ел” концептісі ұшырасады. Бұл концепті ақынның ішкі жан дүниесімен астасып жатыр. Мұнда нәзік психологизм, Отанға, туған жерге деген ақынның көзқарасы, сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі ашық аңғарылады.

Т.Жолдыұлының тілдік тұлғасын зерттеу арқылы отаншылдық рухты, қоршаған орта сырларын ұлттық мәдени болмысты сипаттауы жағынан, ұлттық көзқарасты бейнелеудегі шеберлігі жағынан оқшау тұрған тілдік тұлғаны танимыз. Ақынның тілдік тұлғасын зерделеу арқылы– ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын айқын көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы 1998, 128б
- 2 Маслова В. А. М 31 Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб,
- 3 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1991, 272 б.
- 4 Жолдыұлы Т. Шығармаларының толық жинағы, 2- кітап, 271- бет
- 5 Жолдыұлы Т. Шығармаларының толық жинағы, 1- кітап, 481 бет
- 6 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. А., Арыс 2004.
- 7 Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы, №1(67), 2019

МРНТИ 16.01.11

Ильясова Н., Абилдаева А.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ: АНТРОПОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада адамзаттың болмысын айқындайтын тілдік фактілердің бірі сөйлеу мәдениеті екені көрсетіледі. Сөйлеу мәдениеті тіл мен әлеуметтік орта, тіл мен психология, тіл мен прагматика аясында зерделенеді. Нәтижесінде сөйлеу мәдениеті адамның тұлғалық мәдениетін, адамгершілік қасиетін, тілдік білімін айқындайтын кешенді құбылыс ретінде танылады. Сөйлеу мәдениетіне антрополилингвистикалық талдау жасаудың түрлері ұсынылады. Шаршы топ (көпшілік) алдында сөйлеу заңдылықтары сөйлеу мәдениетінің қоғамдық-әлеуметтік аспектісіне жатқызылса, сөйлеу барысындағы адамның адамгершілігін, парасатын, психологиялық қарым-қатынасын айқындайтын тілдік заңдылықтар психоллингвистикалық аспектіге жатады. Әдеби тілдік норманы игеріп, дұрыс сөйлеу мен сауатты жазу заңдылықтары сөйлеу мәдениетінің прагматикалық аспектісі аясында қарастырылады. Антрополилингвистикалық талдау жасауға дискурс, функционалды грамматика, когнитивті прагматика, әдеби тіл нормалары заңдылықтары арқау болады.

Түйін сөздер: тұлға, антропология, психология, сөйлеу, мәдениет, прагматика, этика, артефакт, орфография, орфоэпия

Ilyassova N., Abildayeva A.

*Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

CULTURE OF SPEECH: ANTROPOLINGUISTIC ANALYSES

Abstract

The research work is dealt with the culture of speech. Culture of speech is identified by language of speech, social surrounding, language and psychology, language and pragmatics. As a result of culture of speech, personal culture, human quality, linguistic knowledge of a person is realized. Several types of antropolinguistic analyses are mentioned. Public speech (in auditorium, in crowd) shows the social aspect of communicative, linguistic norms and humans morality in speaking expresses wisdom and psycholinguistic aspect of speaker. Literary norm, functional grammar, cognitive pragmatics, literary language are thoroughly explained.

Keywords: personality, anthropology, speech, culture, pragmatics, ethics, artefact, orthography and orthoepy

Ильясова Н., Абилдаева А.

Казахский Национальный педагогический университет им.Абая,
Алматы, Казахстан

КУЛЬТУРА РЕЧИ: АНТРОПОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В статье речевое изложение мысли, являющееся одним из инструментариев языка, рассматривается как определяющий фактор человеческого бытийствования. Культура речевого изложения рассматривается через призму применения языка в социальной среде, психологии а также в сфере прагматики. В результате, культура речевого изложения определяется как некое комплексное явление, которое является детерминирующим фактором в формировании личности человека, моральных качеств, а также языкового знания индивидуума. Правила выступления перед аудиторией относятся к социо-общественному аспекту речевого изложения мысли; тогда как такие качества как воспитанность и человечность, которые проявляются в ходе разговора, относятся к психолингвистическому аспекту речи. Овладения нормами литературной речи и правописание рассматриваются в аспекте прагматической культуры речевого изложения. Для антропологического анализа используются: дискурс, функциональная грамматика а также нормы литературной речи.

Ключевые слова: личность, антропология, психология, речь, культура, прагматика, этика, артефакт, орфография, орфоэпия

Кіріспе. Адамның айтатын ойы, ниеті тіл дыбыстарының тіркесімі, тізбегі арқылы сөйлеуге айналады. Бұл – адамзаттың табиғатына тән құбылыс. Адамдардың қоғамдасып, әлеуметтік ортаға бейімделуі барысында сөйлеу процесі дамып, жетіліп отырады. Оған сөйлеудің мәдениетті айқындайтын көрсеткішке айналуы дәлел. Қазіргі таңда сөйлеу мәдениеті лингвистика ғылымының парадигмалық шеңберінен шығып, «адам факторын» айқындайтын ғылым салаларымен өзара байланыстырылып, кешенді түрде зерттеуді қажет етеді. Себебі сөйлеу мәдениеті – тек тілші немесе филолог мамандардың меншігіндегі нәрсе емес, қоғамның барлық саласында өмір сүретін әрбір адамның өміріне қажетті аса маңызды фактор. Әрбір адам балабақшадан бастап қоғамның барлық саласында ауызша және жазбаша формада тілдік қатынасқа түседі. Тілдік қатынас барысында сөйлеу мәдениеті заңдылықтарын игеру – аса өзекті мәселе. Біріншіден, адамның тұлғалық мәдениетін, білімін, мінез-құлқын, адамгершілік қасиетін айқындайды; екіншіден, эстетикалық талғамын, шешендігін, логикалық пайымын көрсетеді; үшіншіден, ғасырлар бойы ұлттық құндылықтарды сақтаған тілдің табиғатын сақтауды, құрметтеуді зерделейді. Бұл әрбір адамның бойынан көрініс табатын құбылыс болып табылады. Сондықтан сөйлеу мәдениетін зерттеудің орталығын “адам” деп алып, оның сөйлеуі арқылы мәдениетті айқындауға болатынына көз жеткіземіз. Сөйлеу мәдениеті адамның мәдени болмысын айқындайтын құбылыс екенін дәлелдеуге тіл арқылы адам факторын айқындайтын антропологикалық талдау арқау болады. Антропологикалық талдау үшін Абайдың алтыншы қара сөзі, М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы, Қыз Жібек лиро-эпостық жыры, Қ.Жұмаділовтың «Соңғы көш» романы, Әсет Найманбеттың Кемпірбаймен қоштасу өлеңі дереккөз ретінде пайдаланылды.

Әдістеме. Сөйлеу мәдениетіне антропологикалық талдау жасау үшін адаммен байланысты айқындалатын тіл – психология – әлеумет – прагматика төрт тағанына негізделген ғылыми зерттеулер мен тұжырымдар басшылыққа алынады. Адамның танымдық және практикалық қызметін айқындайтын теориялық ілімдер сөйлеу мәдениеті аясында жүйеленіп, оның ұтымды жақтарын құрастыратын әдістер қолданылады. Философиялық, жалпы-ғылыми және жеке-ғылыми әдіснамада қолданылып жүрген әмбебап әдістер, жалпы-ғылыми ғылыми танымға ортақ жүйелілік, модельдеу, құрылымдық-функционалдық талдау, ықтималдылық әдістер, жеке ғылыми танымға ортақ, атап айтқанда, лингвистика ғылымына тән тілдік бірліктерді интерпретациялау, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды анықтау, тілдік бірліктердің функционалдық қызметін айқындау т.б. сияқты көптеген әдістер пайдаланылды.

Сөйлеу мәдениетіне антропологикалық талдау жасау үшін танымдық-теориялық зерттеу жүргізіліп, кешенді әдістер жүзеге асырылды. Таным мен қоғамдық тәжірибенің әрі қарай дамуына

жол ашатын ойлау, сөйлеу формаларына қоғамдық-әлеуметтік, психологиялық, тілдік тұрғыда талдау жасалып, сөйлеу мәдениеті лингвофилософиялық тұрғыдан зерделенді. Тақырыпты зерттеу кезінде қолданылған әдістер теориялық және эмпирикалық зерттеудегі пәнаралық әдістерге жатады. Оның негізгі міндеттері ойлау, зерттеу, іздену, оқу, дамыту т.б. сияқты ғылыми танымдағы әмбебап әрекеттердің ғылыми білімді игеруде атқаратын қызметін жүзеге асыру, соның негізінде ғылыми білімді негіздеу болып табылады. Ғылыми тұжырымдар мен теориялардың қабылдану өлшемдерін талдау, ғылыми ойлауда қолданылатын категориялардың жүйесін зерттеу, жаратылыстану ғылымы мен мәдениеттану ғылымының айырым белгілерін анықтау сияқты жалпы ғылыми методологияның негізгі мәселелерін толық қамтиды.

Нәтижелер. Сөйлеу мәдениетіне антропологистикалық талдау жасаудың нәтижелері тіл ғылымы мен қоғамдық-әлеуметтік ғылымдардың, тіл ғылымы мен психология ғылымдарының, тіл ғылымы мен философия ғылымдарының өзара байланысты, сабақтас екенін көрсетеді. Аталған ғылымдардың барлығына ортақ нысан адам факторы болып табылады. Сондықтан оларды бір-бірімен өзара байланыста, сабақтастықта зерттеу заңдылық. Зерттеу нәтижелері қоғамдық-әлеуметтік ортадағы сөйлеу мәдениетіне тән заңдылықтарды, адамның психологиялық жан-дүниесіндегі қасиеттердің сөйлеу мәдениетіндегі көрінісін айқындайтын заңдылықтарды, адамның сөйлеу мәдениетіне тән лингвистикалық заңдылықтарды игеруіне мүмкіндік береді. Оған сөйлеу мәдениетіне антропологиялық талдау жасаудың түрлері негіз болады. Сөйлеу мәдениетіне антропологиялық талдау жасау өз ішінде былайша топтастырылды: 1. Қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдау; 2. Психолінгвистикалық тұрғыда талдау; 3. Прагматикалық тұрғыда талдау.

Барлық қоғамдық салаларда шаршы топ алдында сөйлей білу заңдылықтары қоғамдық-әлеуметтік талдауда көрініс табады. Бұл талдауда экономикалық, саяси, идеологиялық т.б. дискурста түсу кезіндегі терминологияны дұрыс қолдану, нақты аргументке сүйену басты белгіге жатады. Психолінгвистикалық талдауда адамгершілік, ізеттілік, парасаттылық, тапқырлық т.б. сияқты психологиялық иірімге толы тілдік бірліктердің қолданысы мәдениетпен, таныммен байланысты зерделенеді. Прагматикалық талдауда әдеби тілдік норманы қолдану, тілдің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтары басшылыққа алынып, олардың сөйлеу мәдениетіне ықпалы айқындалады.

Талқылау. Сөйлеу мәдениеті – адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауы барысында анықталатын қоғамдық-әлеуметтік құбылыс; адамның адамгершілік, парасаттылық, әдептілік қасиетін айқындайтын психолінгвистикалық құбылыс; әдеби тіл нормасына сай қолданыстан туындайтын таза лингвистикалық құбылыс.

Сөйлеу мәдениетінің мәнін ашатын осындай кешенді жүйенің тірегі, орталығы – адам. Адамның өзін-өзі зерттеуі антропология деп танылса [1, 115 б.], адамның өзін зерттейтін лингвистикалық саланың бірі – сөйлеу мәдениеті. Ғалым Б.Хасанұлы сөйлеуді “адамға ғана тән туа біткен қабілет”, - деген еді [2, 232 б.]. Осы қабілеттің дамып, жетілуі барысында адам мәдениетті игереді. Сондықтан сөйлеу мәдениеті антропологистикалық категория ретінде ерекшеленеді.

Сөйлеу мәдениетінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін сөйлеушінің немесе пікіралысушылардың мүддесімен, сөйлеу жағдаятымен, көтерілген тақырыппен, білім дәрежесімен, әлеуметтік статусымен байланысты айқындауға болады. Дәлірек айтқанда, сөйлеушінің сөзінен қандай тақырыпты немесе мәселені көтергенін, оны тіл арқылы жеткізу шеберлігін, сөйлеген сөзінің қоғамға қаншалықты пайдалы екенін анықтай отырып, сөйлеушінің әлеуметтік тұлғасын танимыз. Ғалым, қайраткер, депутат, мұғалім, дәрігер, ақын, жазушы, президент, әкім, министр т.б. сияқты әлеуметтік статустарға ие болған немесе сол статустарға лайықты деңгейге жеткен сөйлеушілердің сөзінен олардың тұлғалық мәдениеті көрініс табады. Айтылған, жазылған сөз (сөйлеу) арқылы тұлғаның мәдениетін айқындайтын категорияларды сөйлеу мәдениетінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін айқындайтын категориялар деп тануға болады. Бұл категорияның басты ерекшелігі мынада: сөйлеуші тек өзінің кәсібі аясында ғана емес, өмірдегі болып жатқан процесстер мен қатынастарға байланысты маңызы бар кез келген тақырыпта шешен, шебер сөйлеп, тілді ұтымды қолдана алуы керек. Осыған орай, сөйлеу мәдениетінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін айқындайтын категорияларды эссе жаза білу және дискурс жасай алу заңдылықтары арқылы анықтауға болады. Эссе мен дискурста ортақ ұстанымдар – белгілі бір тақырыпқа қатысты өз пайымыңызды нақты аргументке, дәлелге сүйене отырып жеткізу. Қазақ халқы үшін бұл ғылыми жаңалық емес. Ұлы Абайдың қара сөздерінде эссе жанрының да, дискурстың та үлгісі тұнып тұр. Абайдың алтыншы қара сөзі “бірлік” тақырыбына арналған. Осы мәселенің шешімін, нәтижесін көрсету үшін қазақтың «өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік»

мақалын аргумент ретінде пайдаланады да өз пайымын баяндау, көркемдеу түрінде емес, қабылдаушымен оңашада ауызба-ауыз сөйлесу кезінде пайдаланатын ауызекі сөйлеу стилінде жеткізеді. Қабылдаушыға ой салатын “...Байлықтан не пайда, кедейліктен не залам?”, “ Ағайын құрымай мал іздеп не керек?”, “ Мұның қай жерінен бірлік шықты?”, “Бұрыс алды – тірлік” дейді, ол қай тірлік? “Ол осы жан кеудеден шықпағандық па?” түрінде түрткі сұрақтар қойып, оған өзінің танымдық көзқарасы, ой-тұжырымдары арқылы жауап береді. Осы әдіс арқылы қазіргі қазақ қауымының мақалды дұрыс түсінбей жүргенін, кемшілігін мәдениетті түрде жеткізеді. “Бұрыс алды – тірлік” дегенді “көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады” деп өзінің ойын, пайымын, көзқарасын бір-ақ ауыз сөзге сыйғызады.

Кеселді жалқау, қылжақбас,

Әзір тамақ, Әзір ас.

Сыртың- пысық, ішің – нас,

Артын ойлап ұялмас – деп, ондай адамдарды тірінің қатарына жатқызуға болмайтынын, одан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің артық екенін айтып, ойын қорытындылайды.

Дискурс та кез келген тақырып аясында жүзеге асырылады. Дискурстың ерекшелігі бір тақырып аясында бірнеше деректерді, аргументтерді пайдаланып, ортақ нәтиже шығара білу. Қазақты «көшпенділер» деп атайтыны белгілі. Қазақ үшін “көш”, “көшу” деген не? Осы сауалға Қыз Жібек лиро-эпостық жырындағы, Мұхар Әуезовтың “Абай жолы” роман-эпопеясындағы, Қ.Жұмаділовтың “Соңғы көш” романындағы т.б. аргументтерге сүйеніп, “көш” тақырыбына дискурстық талдау жасау арқылы жауап беруге болады. Қыз Жібек жырынан:

Қырық нарға жүк артып,

Қымқап зерлі кілемді,

Жүк үстіне жаптырған,

Қазыналы қырық нарға

Жібектен арқан тарттырған.

Әсемдіктің бәрін де,

Бұл жиһаннан арттырған,- деген тілдік қолданысты алсақ, “Абай жолы” роман-эпопеясынан “*Көктемде Шыңғыс асып, жайлауға көшу үлкен атаулыға, әсіресе, шаруа адамдар мен жоқ-жітікке соншалық ауыр, ұзақ бейнет көрінгенімен, балаларға сейіл сияқты. Абай да бұрынғы жылдар осы Көлқайнардан, сонау алыс, сырттағы Байқошқар өзеніне жеткенше он шақты көшіп баратын сапарды қызығы бітпес қан базардың көшкеніндей көретін.*

Биыл да көшу солай. Жолдағы белгілі қоныстар: Талдыбұлақ, Барлыбай, Қызылқайнар. Кей қонысқа таңертең кеп қона сала, кешке тағы көшеді. Үдере көшу. Кей қоныста бірді-екілі күн отырар-отырмастан кетеді: үлкен үйлер тігілмей – “ұраңқай”, “абылайша”, “жаппа”, “итарқа” деген неше түрлі кішкене, тар, аласа күркелер тігіледі...Қыс пен көктем, күздеуде бір-бірінен алыс жүретін ауылдар осы сапарда қоныс жағдайымен әлдеқайдан түйісіп, қым-қуат араласып қонысады. Адамдары, малдары, күркелері де қосылып бір ауылдан бір ауылды айырып та болмайды.

Өзеге жеңіл болса да, осылайша болған көшу қойшы, қозышы, жылқышыларға аса бір тынымсыз бейнет, масыл күндер болды. Біреудің жылқысына көш аттар, саяқ-сандырақтар кетіп қалған. Біреудің қойына бір ауылдың қозысы жамыраған. Қой мен қой араласып шатасып кеткен. Осындай қарбаласта “бармақ басты, көз қысты” боп, талай момынның тоқты- торымы сотқар ауылдардың жемі болып жүреді” деген үзінділер, ал “Соңғы көш” романынан «Екі желбауын қосып, шаңырақты қыдырпай нық ұста... е, солай. Ал, шаңырақты қай жаққа әперуді білесің бе? Бері мұнда әкел, ел көшетін жаққа... Әні-міне дегенше үйдің жүгі тең-тең болып буылып, қомдаулы көліктер де әкелінді. Нұрғазы, Бақтияр, Байжұмандай қарулы жігіттер сүйегі ауыр, жүгі мол Қанағат үйінің теңдерін шөгерілген түйенің үстіне дік-дік апарып қойып, бір-біріне «алдысың ба, артысың ба? деп алып, сонан соң белдеріне шалған арқанды шірне тартып жатыр. Естай ағаларын бүгін көргендей, таңырқап тұр. Қимылдарына көз ілеспейді, шапшаң да шалт қозғалыс... «Қазір жау келе жатыр екен» десе, сенесің. Бұлар да өз ісінің нағыз шеберлері. Егер күш-көлік сай болса, бір ауылдың жүгін бір сағатта артып болып, келген жауға жұрттын сипатып кететін азаматтар. Еркегі аттың жалында ұйықтап, әйелі түйенің қомында босанатын көшпенділер ұрпағы – міне, осылар” деген үзіндіні негіз етіп қазақ үшін көштің мәні неде екенін былайша түсіндіреміз:

КӨШ – қазақтың материалдық мәдениетін айқындайтын құндылық. Оған қырық нарға жүк арту, қымқап зерлі кілем жабу, жібектен арқан тарту т.б. дәлел.

КӨШ – балалар үшін кешті көңілді өткізіп асыр салатын сейіл.

КӨШ – қан базардың көшкеніндей қызығы бітпес он шақты рет көшу;

КӨШ – "ұраңқай", "абылайша", "жаппа", "итарқа" деген неше түрлі кішкене, тар, аласа күркелерге таңертең қонып, кешке көшу;

КӨШ – бір-бірінен алыс ауылдардың қым-куат араласуы;

КӨШ – үлкендерге, әсіресе, шаруа адамдар мен жоқ-жітікке соншалықты ауыр бейнет;

КӨШ - қарбалас шақта бармақ басты көз қыстылықпен момындардың малын пайдаланып кетуші малқорда бықсық байлар мен бәле қуған атқамінерлердің қылмысын әшкерелейтін көрсеткіш;

КӨШ – ұлттық сананы, қарулы және шапшаң қимылды қазақ жігіттерін, аттың жалында ұйықтайтын ер азаматтар мен түйенің қомында босанатын мықты әйелді танытатын қазақтың болмысы. Бұл дискурстық құрылым қазақтың дәстүріне, өмір салтына қатысты ой-пікіріңізді сенімді түрде жеткізуге қызмет атқарады. Дәл осылайша, экономикаға қатысты ой-пікірін шебер жеткізу немесе экономикалық дискурс; саясатқа байланысты ой-пікірді шебер жеткізу немесе саяси дискурс; идеологияға байланысты ой-пікірді шебер жеткізу немесе идеологиялық дискурс түрінде талдау жасауға болады. Көрсетілген талдау түрлері адамдарды әлеуметтік тұрғыда қауымдастырып, ортақ мүддеге жетелеуді көздейді. Сөйлеу мәдениеті тұрғысынан қарастырғанда, мынадай талаптар қойылады: кез келген адам қоғамдық қатынастарда дұрыс сөйлеп, сауатты жаза білуі керек; айтатын ойын нақты аргументтермен дәлелдей алуы керек; қабылдаушының қызығушылығын оятып, оны сендіре алуы керек. Сонда ғана көздеген мақсатқа жетеді, нәтиже шығады.

Сөйлеу мәдениетін психолингвистикалық құбылыс ретінде танудың маңызы зор. Адамның ішкі жан-дүниесінің дамуының мәдени-тарихи теориясын жасап, оның негізін қалаған ғалым Л.С.Выготский сөйлеуге, оның негізгі белгілеріне ерекше назар аударған. Ғалым бала тілді игергеннен бастап, оның ішкі дамуы биологиялық (төменгі) фазадан әлеуметтік (жоғары) фазаға өтетінін, сонымен бірге, адамзаттың барлық рухани тәжірибесіне араласатынын, нәтижесінде адамдық немесе мәдени психикалық функциялары дамитынын айтады. Ойлауды сөйлеудің функциясы ретінде қарастырады [3]. Расында, адамның ішкі жан-дүниесі, психологиялық дамуы сөйлеген сөзінен көрініс табады. Соның негізінде сөйлеу мәдениетінің психолингвистикалық қырларын анықтай аламыз. Оны этикалық және артефактілік категория түрінде екіге бөлуге болады.

Этикалық категория Аристотель қалыптастырып кеткен мораль, ізгілік, адамгершілік, парасаттылық, сыпайылық т.б. сияқты адами қасиеттерді танудан тұрады. Сөйлеушінің айтқан немесе жазған сөздері арқылы осындай ізгі қасиеттерді зерделеу сөйлеу мәдениетіндегі этикалық категорияның мәнін ашады. Психолог ғалым А.В.Брушлинский сөйлеуді “мінез-құлықтың әлеуметтік механизмі” деп, сөз (речь) басқалардың мінез-құлқын реттеуге, біртіндеп адамдардың вербализацияланған мінез-құлқының қалыптасуына қызмет атқаратынын айтады. Оған әлеуметтік күштер әсер ететін, соның негізінде мінез-құлық жанамалық, еріктілік, парасаттылық сияқты адами қасиеттерге айналатынын көрсетеді [4, 1246.]. Қазақ халқында этикалық категорияны анықтайтын тілдік деректер өте көп. Тұжырымды Кемпірбай ақын ауырып жатқанда көңілін сұрауға келген Әсет ақынның сөзіне талдау жасау арқылы дәлелдейік:

Ассалаумағалейкум, нар Кемпірбай,
Науқасқа шипа берсін патша құдай,
Аспанға айнала ұшқан ақ сұңқарым,
Кез келіп жайған торға бопсың мұндай.
Науқасың меңдеу тартты дегеннен соң,
Жыладым бәйіт айтып үш күн ұдай,
Дауысым танимысың, атым – Әсет,
Мен келдім әдейі іздеп көңіл сұрай.
Япырау, жауап қатпай кеткенің бе,

Алашқа атың шыққан қыраным-ай! - дегенде моральдық, ізгілік қасиеттерді айқындауға қызмет атқаратын тілдік фактілер жетерлік. “Нар Кемпірбай”, “ақ сұңқарым”, “қыраным” деген қолданыстар – адамды аса құрметтей білудің көрсеткіші. Көрметтеудің ең жоғары бағасы. “Ақ сұңқарым”, “қыраным” деген қолданыстағы **-ым**, тәуелдік жалғауы иемдену, меншіктеу мағынасын емес, аса қатты жақсы көру, жанандай жақсы көруді білдіреді. “Үш күн ұдай бәйіт айтып жыладым” деген қолданыста қайғыдан-азаптан құтқарудың жолын іздеген адал ниет, шын тілек көрініс табады. “Қыраным-ай” дегендегі **-ай**, **япырау** шылауы басқаның қайғысын бөлісе алуды, өкінішті, мұңаюды білдірсе, «көңіл сұрау үшін әдейі іздеп келуі» парасаттылықты көрсетеді. Бұл тілдік фактілер басқа

үшін қайғыра білу, шын ниетімен жақсылық тілеу т.б. сияқты адами қасиеттерді көрсетеді. Сондықтан сөйлеу мәдениетінің үлгісін танытуда адамгершіліктің тұғырын айқындайтын этикалық категориялық мәні басым мәтін ретінде қарастырылады. Ендеше, сөйлеу мәдениетін психоллингвистикалық құбылыс ретінде танытуға қызмет атқаратын этикалық категорияны “сөйлеу арқылы мінез-құлықтың әлеуметтеніп, парасаттылық қасиетке ие болуы” деп танымыз.

Артефактілік категория халықтың мәдениетін, танымын айқындауға негіз болатын көне жазба мұралардан, ауыз әдебиеті мұраларынан, би-шешендердің даналық сөздерінен, жыраулардың арнаулары мен толғауларынан т.б. айқын көрініс табады. Әрекеттер мен қарым-қатынастар жүйесінің уақыт сынағынан өтіп, белгілі бір қауымдастыққа тән мәдениетті көрсететін фактілер артефакт деп танылады [5]. Ендеше, ғасырлар бойы сұрыпталып, жинақталып жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрыпты бойына жинап, ұлттық психологияны, ұлттық мәдениетті, ұлттық сананы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын халықтың рухани азығына айналған мәтіндерден артефактілік категориялар анықталады. Оларды этнотанымдық (этноментальды) мәтіндер деп атап, оның лингвокоммуникативтік ерекшелігін сөйлеуші қызметі тұрғысында былайша саралаған едік: «Этноментальды мәтіндерде сөйлеушінің қызметі жай ғана ақпарат жеткізу емес, оның алдында тыңдаушының болашағына бағдар беретін мақсаттық прагматика (прагматика-установка) міндеті тұрады» [6, 146.]. Артефактілік категорияны анықтауда «мақсаттық прагматика міндеті» ерекше қызмет атқарады. Соның бірі – психологиялық иірімге негізделген мақсаттық прагматика міндеті. Оның мәнісін былайша түсіндіруге болады: қазақ халқы – адамның ішкі сезіміне, жан-дүниесіне ерекше әсер ететін хабарды ешқашан тікелей жеткізбеуді мақсат еткен халық. Ғашықтық сезімін білдіру, тосыннан келген аса қуанышты немесе аса қайғылы хабарды білдіруде мақсатты прагматика міндетінің орны ерекше. Ғалым Г. Піралиева бұл құбылысты “қандай да бір қуанышты хабарды алдын-ала психологиялық дайындық жасап барып жеткізу тәсілі” деп атайды. Аталған тәсілдің эпостық жырларда кездесетін дәлелдеп, Алпамыс батырдың мал бағып жүрген шешесіне дуана болып келіп, өзінің тірі екенін жеткізуін, Қобыландының анасына бөгде кісі болып, хабарын алған соң ғана айтуын нақты мысалмен көрсетеді:

Жасы жеткен анамыз,

Жоқ па еді туған балаңыз?

Бұл жастарда қой бағып,

Келе ме, шеше, шамаңыз? [7, 167 б.]. Осы өлең жолындағы риторикалық сұраулы сөйлем, қаратпа сөз мақсатты прагматиканың міндетін айқындайды. Қолданылған риторикалық сұраулы сөйлем жауап алу мақсатындағы сөйлем емес, хабарлайтын мәселе бойынша қабылдаушыны алдын ала психологиялық тұрғыдан дайындап, ойына түрткі салу қызметін атқарып тұр. Ал “шеше” қаратпа сөзі оны әрі қарай нақтылап, оның көңіліне сенім ұялату мақсатын міндет етеді.

Сөйлеу мәдениетін прагматикалық мақсатта зерделеуге сауатты жазып, дұрыс сөйлеу заңдылықтарын игеру категориялары арқау болады. Сауатты жазу категориясы орфографиялық нормалардың, дұрыс сөйлеу категориясы орфоэпиялық нормалардың қолданылуынан көрініс табады.

Сөйлеу мәдениетінде екеуінің қызметі бірдей. Орфографиялық норма жазбаша сөйлеу мәдениетіне қызмет атқарса, орфоэпиялық норма ауызша сөйлеу мәдениетіне қызмет атқарады. Тілдің ауызша формасын да, жазбаша формасын да сөйлеумен байланыстыра қараудың маңызы зор. Ғалым С.Мырзабек жазудан гөрі айту әлдеқайда маңызды екенін; әрбір адам алдымен сөйлеуді үйренетінін, содан соң жазуға көшетінін; күнделікте өмірде адамның сөзді жазуынан гөрі айтуы, оқуынан гөрі тыңдауы көп орын алатынын; тіпті, үндемей ойлау, жазудың өзі дыбыстарды іштей айтумен байланысты екенін; ойдың өмір сүру формасы сөз болса, сөздің өмір сүру формасы дыбыс екенін, ал әріп сол дыбысқа берілген шартты таңба екенін айтады [8,4-5б.]. Ендеше, кез келген нәрсенің екі жағы болатыны сияқты жазба тіл мен ауызша тіл сөйлеудің екі жағы болып табылады. Оған психолог ғалым Б.М.Тепловтың сөйлеуді ауызша диалогтық сөйлеу, ауызша монологтық сөйлеу, жазба сөйлеу түрінде жіктегені де дәлел болады [9, 70 б.]. Адамның әрбір сөзді әдеби тілдегі жалпыға ортақ нормада жазуы мен айтуы сөйлеу мәдениетінің басты белгісіне жатады. Ортақ нормада жазу мен айтудың сөйлеу мәдениетімен байланысын анықтайтын тілдік фактілерге мыналар жатады: қабылдаушыға неғұрлым анық, айқын, түсінікті болуы үшін сөздерді фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық принциптері негізінде сауатты жаза білу; сөздердің үнін, әуезін, сазын келтіріп дұрыс дыбыстау; айтылым барысында бір-бірімен «тіл табысып», үндесіп, үйлесіп жататын, сол үйлесімділік үшін сөздердің кейбіреулері бір-екі дыбысын «сындыруға», кейде тіпті

жоғалтуға дейін баратын қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи заңдылықтарын [10, 86] сақтау; стильдік нормаларды пайдалану.

Қорытынды. Сөйлеу мәдениетін антропологистикалық бағытта зерттеуде таза лингвистикалық заңдылықтарға тән категориялар, қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтарға тән категориялар, адамның психологиялық жай-күйіне тән категориялар жан-жақты сараланып, оларды өзара интеграциялау арқылы кешенді зерттеу жүргізілді. Қазақ тіл білімінде сөйлеу мәдениеті негізінен, орфоэпиялық заңдылықтар аясында зерттеліп келеді. Айтылым барысында сөздерді дұрыс айтпау, оған мән бермеу сөйлеу мәдениетіне кері әсерін тигізетін құбылыс екені дәлелденген. Сөйлеу мәдениетін тек айтылым аясында ғана емес, адаммен байланысты барлық факторлармен байланыстырып кешенді түрде зерттеу аса маңызды мәселе. Өйткені сөйлеу мәдениеті – адамның тұлғалық мәдениетін, адамгершілік қасиетін, қарым-қатынас әдебін, тілді қолдану мүмкіндігін, жинақтап айтқанда, адамның рухани болмысын айқындайтын кешенді құбылыс. Сөйлеу мәдениеті – елдің елдігіне негіз болатын басты көрсеткіш. Сондықтан ұлттық мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне де қызмет атқарады. Сөйлеу мәдениеті тілдің өз заңынан, табиғи болмысынан туындайтын антропологистикалық санатқа жатады. Сондықтан сөйлеу мәдениетіне сыртқы күштің әсерінен келген экстралингвистикалық факторлар кері әсерін тигізеді. Кеңес дәуіріндегі орыс тілінің қазақ тіліне ықпал етуінен қазақтың сөйлеу мәдениетіне кері әсерін тигізген көптеген факторлар қалыптасты. Оған сөздердің дыбысталуы мен жазылуы арасындағы кереғар қайшылықтардың орнауын, қазақ тілінде сөздер қалай жазылса солай оқылуын, өлең оқу, ән айту, телерадиодан хабар беру т.б. барысында әдеби тіл нормаларынан жөнсіз ауытқуға бой алдырған көптеген сөзқолданыстарды жатқызуға болады. Бұл – сөйлеу мәдениетінің мәнін айқындау үшін арнайы зерттеуді қажет ететін басты мәселелердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Клакхон К. Зеркало для человека. Введение в антропологию. – СПб., 1998 – 365 с.-книга
- 2 Хасанұлы Б. Махамбеттің тілдік тұлғасы // Әлеуметтік лингвистика және психолінгвистика сыр-сипаты: халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 230-235 бб.-ғылыми мақала
- 3 Выготский Л.С. Мышление и речь: сборник /Л.С. Выготский. – Москва: АСТ : Астрель, 2011. – 637 с.-.-книга
- 4 Брушлинский А.В. Ойлаудың мәдени-тарихи теориясы. Психология: адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. “Ойлау теориялары: ізденістер, келелі мәселелер, перспективалар”. 9-том. жетекшісі акад. Ә.Н.Нысанбаев. –Алматы: Баспалар Үйі” АҚ, 2006. -464 б.- кітап
- 5 Грушевицкая Т. Г. Инкультурация и социализация // www.countries.ru/Library/intercult/mkis.htm (дата обращения 09.12.2019)-Электрон.ресурс.
- 6 Ильясова Н.А. Этнотанымдық мәтіндердің лингвокоммуникативтік ерекшеліктері // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. № 4.(76)/2014. 10-16 б.- ғылыми мақала
- 7 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем).-Алматы. Алаш, 2003.-328 б.- Монография.
- 8 Мырзабектен С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001.-320 б.- кітап
- 9 Теплов Б.М. Психология. УЧПЕДГИЗ, Москва, 1953.-121 с.- книга
- 10 Сыздық Р. 2000 Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы) Астана: Елорда, 2000.-532 б.- кітап

МРНТИ 16.00.00

Әміржанова Н.¹

¹ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ГРАММАТОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ МЕН ПАРАМЕТРЛЕРІ

Аңдатпа

Грамматология – дәстүрлі тіл білімі саласы, ол әліпби әріптері мен сөйлеу дыбыстары арасындағы қатынасты белгілейді және зерттейді. Грамматология тіл білімінің саласы ретінде ертеректе пайда болған. Тіл білімімен қатар философиялық, мәні бар ерекше танымдық пән ретінде қарастырылады. Грамматологияға жазу мәдениетімен байланысты қарастырылады. Яғни жазу мен мәдениет тарихындағы қоғамды тануды қарастыратын ілім. Осымен байланысты мақалада грамматология саласына қатысты іргелі ұғымдар мен түсініктер, грамматологияға қатысты тілтанымдық терминдер сараланады. Графикалық лингвистика саласында қолданылатын көптеген терминдер түрлі семантикалық мазмұнға ие. Бұл лингвистикалық мектептің дәстүрін ұстануға байланысты. Осыған байланысты мақалада грамматологияға қатысты, графема, графика, орфография сияқты іргелі білімдер жүйесі өзара арақатынасы мен айырмашылықтары сараланады. Графика мен орфография салалары грамматологияның негізгі тілтанымдық аспектімен байланысты қарастырылатын ішкі бөкешектері. Себебі олар жазу мәселесіне тікелей қатысты. Бірақ екеуінің зерттеу нысаны да, қарастыратын объектілерінде де ерекшеліктер жоқ емес. Дегенмен, олар бірінсіз бірі болмайтын, ажырамас өзара тәуелді категориялар. Графика – жазудың таңбалану жүйесін реттейтін болса, орфография таңбаланған жазудың тұрақты қалпын қарастырады.

Түйін сөздер: грамматология, орфография, графема, графемика, фонема, фонология, жазу

*Amirzhanova N.*¹

¹*Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Kazakhstan, Almaty*

BASIC CONCEPTS AND PARAMETERS OF KAZAKH GRAMMATOLOGY

Abstract

Grammatology is traditionally a field of linguistics that establishes and studies the relationship between the letters of the alphabet and the sounds of speech. Grammatology as a branch of linguistics appeared long ago, almost simultaneously with linguistics. Along with language education, it is considered as a philosophical, special cognitive discipline that has significance. The study of grammatology is related to the culture of writing words. That is, the doctrine that provides for the recognition of society in the history of writing and culture. In this regard, the article analyzes the fundamental concepts related to the field of grammatology, language terms related to grammatology. Many terms used in the field of graphic linguistics have different semantic content. This depends on the traditions of the linguistic school. In this regard, the article analyzes the relationship and differences between the system of fundamental knowledge as grapheme, graphics and spelling. Internal components like graphics and spelling are considered with the main language aspect of grammatology. Because they are directly related to the problem of writing. They are inseparable, interdependent categories that cannot be one another. If the graphics regulate the spelling marking system, the spelling provides for the permanent position of the marked spelling.

Keywords: grammatology, spelling, grapheme, grapheme, phoneme, phonology, writing

Амиржанова Н. ¹

¹ Институт языкознания им. Байтурсынова,
Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ И ПАРАМЕТРЫ КАЗАХСКОЙ ГРАММАТОЛОГИИ

Аннотация

Грамматология – традиционно-область языкознания, которая устанавливает и изучает соотношения между буквами алфавита и звуками речи. Грамматология как отрасль языкознания появилась достаточно давно, практически одновременно с языкознанием. Наряду с языковым образованием рассматривается как философская, особая познавательная дисциплина, имеющая значение. Изучение грамматологии связано с культурой написания слов. То есть учение, предусматривающее признание общества в истории письменности и культуры. В связи с этим в статье анализируются фундаментальные понятия относящиеся к области грамматологии, языковые термины касающиеся грамматологии. Многие термины, используемые в области графической лингвистики, имеют различное семантическое содержание. Это зависит от традиций лингвистической школы. В связи с этим в статье анализируются взаимосвязь и различия системы фундаментальных знаний как графема, графика и орфография. Внутренние компоненты как графика и орфография рассматривается с основным языковым аспектом грамматологии. Потому что они непосредственно относятся к проблеме написания. Они являются неотъемлемыми взаимозависимыми категориями, которые не могут быть друг друга. Если графика регламентирует систему маркировки написания, орфография предусматривает постоянное положение маркированной правописаний.

Ключевые слова: грамматология, орфография, графема, графемика, фонема, фонология, письменность

Кіріспе. Қазіргі таңда қазақ орфографиясы нормасындағы динамизм жазу тәжірибесіндегі (практикасында) қарама-қайшылықтардың шешімін тауып, бір ретке келтіру мәселесін күн тәртібіне қойылып отыр. Бұл жайт – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай қоғамдағы қызметіне қатысты шешімін табуы тиіс қазақ тілтанымның өзекті мәселелерінің бірі. Бүгінгі таңдағы қазақ тілінің мәдени-әлеуметтік, ұлттұтастырушылық және бірегейлендірушілік мәніне орай қазіргі қазақ жазуының қоғам дамуының талаптарына, заманауи лайықты болуы жалпы қазақстандықтар үшін маңызды елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. Тәуелсіз ел ретінде халықаралық қатынас субъектісі болып отырған Қазақстанның ұлттық әліпбиінің жаңа жобасын талқылау барысында тілтанымшы (лингвист) ғалымдар мен белгілі әлеуметтанушы ғалымдар, саясаткерлер Қазақстанның Елбасына, Үкімет басшылығына әліпбиге өзгертулер енгізіп, жаңа сападағы ұлттық жазуды қалыптастыру мен жетілдіру туралы қоғамдық пікір қозғап, БАҚ арқылы өз ұсыныстарын жария етіп отырғаны белгілі. Осымен байланысты қазақ грамматологиясының негізгі ұғымдары мен категорияларын қайта қарастырып, негізгі параметрлерін айқындау қазіргі тілдік реформа барысында аса өзекті мәселеге айналды.

Әдістеме. Мақалада ғылыми зерттеуде қолданылатын әдістер, әсіресе объектіні танып-білу үшін өзара байланысты үш түрлі әрекет іске асырылды. Олар а) қажетті материалдар, фактілер жинау, ә) жиналған материалдарды, фактілерді сұрыптап, талдау, б) фактілер негізінде теориялық тұжырымдар, болжамдар жасауалдау, саралау, жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар **сипаттама немесе** синхрондық әдістері зерттеліп отырған объектінің мағынасы мен нысанын қарастыруда қолданылды.

Нәтижелер және талқылау. Грамматология ілімі жазба тілдің барлық параметрлерін қарастыратын сала. Бірақ жалпы тілтану ғылымында грамматология терминінің зерттеу объектісіне байланысты ғалымдардың көзқарасы әртүрлі. А.М. Кондратовтың ойынша грамматология – жазу туралы ғылым, оның құрамына жазудың тарихы, теориясы мен психологиясы, қолжазба, палеография мен эпиграфикасы және және басқа да білім салалары және бұрыннан жеке, бір-бірінен алшақ ғылыми пәндер кіреді деп көрсетеді [1, 68 б.]. Ал Д.А. Волков грамматологияның тікелей нысаны жазба тіл болуы тиіс деп есептейді. Грамматология семиотикалық пәндер аясында қарастырылады және жалпы немесе жеке семиотикалық және филологиялық деп екі түрге бөлінеді деп көрсетеді [2, 33 б.].

Графикалық лингвистиканың негізгі объектілері мен нысандарын зерттеген Т.Амирова тіл біліміндегі жалпы грамматология мәселесі дербес семиотикалық жүйе ретінде жазудың дамуын, оның дыбыстық тілмен байланысын және басқа да таңбалы жүйелермен қатар қызмет ету аясын зерттейді, ал жеке грамматология жазбаша тіл жүйесінің пайда болуының әртүрлі кезеңдеріндегі жазылу принциптерін, яғни жазудың жалпы нормативтерін құрудың тарихи реттілігін, жаңадан пайда болған қаріптердің тұрпаты мен жүйесін жинақтау мәселесін, жазу жүйесінің техникалық құрал арқылы көрінісін зерттейді деп көрсетеді [3]. Ал қолданбалы грамматологияның міндеттеріне 1) лингвистикалық дешифровка; 2) оқу мен жазуға үйрету; 3) жазудың орфографиялық нормасын құру және реформалау; 4) жаңа жазудың жүйесін құру [3,54 б.] деп көрсетеді. Т.Амирова «Грамматология» терминін «Графикалық лингвистика» терминімен атау керек деп көрсете отырып, Графикалық лингвистика жазба тіл мен дыбыстық тілдің арақатынасын зерттейтін сала деп көрсетеді.

Грамматология немесе графикалық лингвистика жалпылама алғанда жазу ғылымын зерттейтін сала ретінде танылады. Кейбір ғалымдар грамматология терминін «лингвистика» терминімен үндес «графистика» терминімен атауды ұсынады [4, 424 б.]. Көріп отырғанымыздай, зерттеушілер арасындағы пікір алшақтық, көзқарас айырмашылықтар грамматологияның негізгі құзыреттілігін белгілеу мәселелерінің басым бөлігіне, ішкі бөлінуіне, ұғымдық аппаратты және терминологиясына тікелей қатысты болып табылады. Әйтсе де қазіргі тілтану ғылымында арнайы жазба тілді зерттеумен айналысатын ғылыми пәннің қажеттілігі нақты түрде мойындалып, қазақ тіл білімінде жазба тілдің құрылымы мен оның жүйелілік сипатын қарастыратын саланың бар екені жазу реформасы барысында анық байқалып отыр.

Сонымен грамматология кез келген жазу типтері мен түрлерін қарастыратын сала. Грамматология жазба тілдің ең шағын бөлшектерінен бастап ірі категорияларында қарастыратын сала.

Грамматология терминін 1950-жылдары Дж. Гелб жазудың элеуметтік сипатына байланысты ұсынған болатын. Дж. Гельб жазу тек графикалық тұрпат қана емес, ол тілдің дыбыстық қатынасымен тең түспейтін, бірақ өзара байланыста жүретін бүтін бір бөлшек деп көрсете отырып, грамматология осы екі қатынастың негізінде пайда болатын жазба тілді қарастыратын сала деп, грамматологияның зерттеу ауқымы мен зерттеу салаларын көрсетеді. Ол грамматологияның негізгі салалары деп субграфемика, параграфемика, графемиканы атайды [3, 34 б.].

Грамматологияның субграфемика саласы әртүрлі мәдениетке тән жазуды және оның тарихи қалыптасуын қарастырылса, параграфемика бейвербалды таңбаларды және мәтіндегі графикалық амалдардың берілуін қарастырады. Параграфемика мәтінді түсінуге және оны тез қабылдау үшін аса қажет. Ал графемика саласы дыбыстық-әріптік жазуға тікелей қатысты. Себебі дыбыстық әріптік жазу – тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыстық әріптік жазуды кейде «әріптік жазу» деп те атайды. Дыбыстық әріптік жазу вокалды және консонантты деп бөлінеді. Вокалды жазуда мағыналық жүкті дауысты дыбыстар, ал консонантты жазуда дауыссыз дыбыстар атқарады. Қазақ тілі – вокалды жазуға жатады.

Қазіргі тілдік реформа барысында Дж.Гелбдің грамматологияға қатысты салаларының ішінде ерекше зерттеуді қажет ететін сала графемика болып табылады.

Графемика – жазбаша тілдің графикалық конститутивті элементтерін, олардың міндеттері мен негізгі ерекшеліктерін және жүйелілік сипаттарын қарастырады. Графемика ең алдымен графикалық элементтердің функционалдық қасиеттерін зерттеумен айналысады. Дәл лингвистикалық релеванттық мәндерді беру арқылы оларды лингвистикалық бірлік ретінде тануға болады. Сондықтан графемалық анализдің негізгі міндеті болып графемалардың репрезентативтік бөлшектерін, вариациялық шектерін, графемалар арасындағы жүйелік байланыс пен графемалық жүйе элементтерінің функционалды сәйкестендірілуін айқындау болып табылады.

Графемика жазбаша тіл мен дыбыстық тілдің ең шағын бөлшектерінен бастап қарастырады. Графемика графика және орфография, графема мен фонема, дыбыс – әріп – фонема – графема арақатынасын қарастыратын функционалды сала.

Графемикалық анализ тіл біліміндегі фонология ілімімен байланысты қарастырылады. Графемикалық анализде графеманың тұрпаты мен мазмұнын білумен қатар, оның бірімәнділік не көпмәнділік сипатын айқындау маңызды.

Графикалық лингвистика саласында қолданылатын көптеген терминдер түрлі семантикалық мазмұнға ие. Бұл лингвистикалық мектептің дәстүрін ұстануға байланысты. Мысалы, бірқатар еуропалық лингвистер Л.Ельмслев [5, 9-16 бб.] «графика» («фонематика» терминінің аналогы) термині дұрыс дес, А.Макинтош екі терминді енгізді: олар «графемика» және «графология».

Графологияның мәні «графемика» терминінен гөрі кеңірек (сондай-ақ «фонология» терминінің тұжырымдасы «фонемика» терминіне қарағанда кең), бұл графеманың жазбаша тілді білдіру жоспарының жалғыз функционалды бірлігі емес екенін көрсетеді [6, 98-99 бб.] Американдық зерттеушілердің бірқатары, мысалы, Р.П. Стоквелл, Э.П. Хэмп, Р.А. Холл, Дж. Келли («фонемика» терминіне ұқсас) «графемика» терминін қолданысқа енгізуді ұсынды [7].

Графемика синхронды және диахронды тұрғыда қарастырылады. Синхронды зерттеу барысында графикалық элементтердің жиынтығы мен графикалық элементтердің өзара арақатынас жүйесі, сонымен қатар олардың дыбыстық тілмен сәйкестігі анықталады. Диахронды тұрғыдан зерттеу деген графема жүйесінің қалыптасу тарихы және тілдің дамуы нәтижесінде пайда болатын өзгерістер, бөгде графикалық нормалардың, дәстүрдің әсері немесе лексика бірліктерінде этимологиялық форманы сақтауға деген ұмтылыс және т.б.

Шынында да, жазбаша және дыбыстық тілдің субстанциялық негізі әртүрлі, ал графикалық және дыбыстық бірліктердің комбинаторикасы түрлі жүйелілік заңдылықтарға байланысты. Графикалық элементтер және олардың дәйектілігі мен тіркесімдігі жазбаша тілдің негізі. Ал ауызша тілдегі код жазба тілге ауысқанда графикалық элементтер арқылы жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, графемика саласы ауызша және жазба тілдің кодификациялық жүйесі арасындағы арақатынасты, сол арқылы графика мен графеманы, графема мен фонеманы, фонема мен дыбысты қарастыратын сала.

Графика. Лингвистика теориясында графика термині мен оның қызметіне байланысты пікірлердің ортақтығын байқауға болады, бірақ бұл терминге берілген анықтама лингвистикалық тұрғыдан әртүрлі құрылымдарға ие. Кейбір зерттеушілер графика дыбыстық тілдің әртүрлі репрезентативтік бөлшектерін таңбалық жүйе арқылы ұсыну ережелерінің жүйесі деп көрсетеді. Л.Р.Зиндер: «графика – бұл белгілі бір тілдегі фонемалардың бейнесі, тұрпаты мен олардың тіркесімділік жүйесі» дейді [8,108 б.]. Ал Т.М.Николаева графикаға өзіндік сипаттама береді. Ол графиканы «дыбыстық сферамен тікелей үйлеспейтін тілдік сала» ретінде анықтап, оны «графемалар жиынтығы» деп көрсетеді [9]. Ю.Вахек графика тек техникалық құрал, ауызша тілді жазбаша кодтатын таңбалар тізбегі» дейді [10]

Графика грамматологияның негізгі бөлімі ретінде әліпби теориясымен тығыз байланысты. Әліпби теориясы, өз кезегінде, оның құрылу тарихын, типологиясын және саналы түрде қайта құрылуын, мысалы, оптикалық, эстетикалық, технологиялық, экономикалық және басқа көзқарастардан оның элементтерінің құрамын, сыртқы түрін, сапаларын зерттеуді көздейді. Дәстүрлі нормативті графика ауызша сөйлеуді жазу және жазбаша түрде «аудару» ережелерін белгілейді, осылайша жазбаша және ауызша-дыбыстық сөйлеудің ауызша байланысында функционалды негіздер бекітіледі. осыған байланысты грамматолог ғалымдар графиканың мынадай талаптарын көрсетеді.

- 1) әрбір әріп дыбысты білдіруі керек, яғни дыбысты білдірмейтін әріп болмауы керек;
- 2) әрбір әріп қатары екі немесе одан да көп дыбыстардың тіркесімін емес, тек бір дыбысты көрсетуі керек;
- 3) әрбір әріп оны қолданудың барлық жағдайында әр қилы емес, бірдей дыбысты білдіруі керек.

Графика жазба тілінде қолданылатын әріптердің дыбыстық «мағынасын» зерттейді. Осыған байланысты әліпбидегі әріптер жазбаша тілдің функционалды бірліктерін құруға және ажыратуға қызмет етеді, бірақ оның функционалды салмағын сипаттамайды. Әліпбиді қолдану ережелері маңызды, ол өз кезегінде әліпбидің өзімен де, дыбыстық тілдің сапалы түрде әлеуметтік-функционалды бөлінуімен де байланысты болады.

Жаңа графикалық жүйені жасау не құру үшін немесе әліпбидегі таңбаларды басқа бір дыбыстық тілдің жаңа жүйесіне бейімдеуде әліпбидің белгілі бір таңбаларын таңдау керек етеді. Белгілі бір графикалық элементтерді, графикалық жүйенің нысаны мен түрін, оның дыбыстық тіл жүйесімен байланысу принциптері мен негіздерін таңдау әр уақытта графиканың құрылымдық және жүйелік қасиеттерін, сонымен қатар белгілі бір дыбыстың тілдік, жүйелік ерекшеліктерін, сонымен қатар әртүрлі экстралингвистикалық жайттарды ескере отырып жүргізіледі (мәдени-лингвистикалық байланыстар т.б.).

Әріп кескінінің өзгертілген моделі объектінің қасиеттерін барынша дәл көрсете білуі шарт. Себебі графика дыбыстық тілдің функционалды артикуляциялық бірліктерін беру үшін жазба жүйесінің нақты мүмкіндіктерін дұрыс таңдалуын керек етеді. Бұл жаңа графикалық жүйенің табиғатын да, жазбаша тілдің қоғамдағы ауызша қарым-қатынасты дамыту тұрғысындағы жаңа міндеттерін де көрсетеді.

Әліпбидің кез келген құрылымы және графикалық жүйенің қалыптасуы инвариантты бірліктерді сонымен қатар әліпби белгілерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарының қасиеттерін анықтауға бағытталған модельдеу операцияларын қамтиды. Әліпбиді бекіту немесе бейімдеу кезінде, сондай-ақ ауызша қарым-қатынастың эволюциясы процесінде әрбір мағына ажырататын тілдің бөлшектің әліпбиде әріп ретінде тұруы маңызды. Себебі графика арқылы тіл эволюциясы көрініс табады.

Графикалық жүйені құруда төмендегі талаптар негізге алынады:

1) әріптерді жаңа графикаға сәйкес фонетикалық интерпретациялау және диакритикалық таңбаларды енгізу;

2) әліпбиді өзгерту, белгілі бір әріптерді қосу немесе алып тастау;

3) жаңадан түзілген әліпби үшін жаңа әріптер енгізу;

4) жазба тілдің заңдылықтарына сәйкес негізгі таңбаларды өзгерту.

Графема. Грамматология іліміндегі графемика саласының ең кіші бөлшегі – графема. Графема фонеманың жазба сөздегі өкілі. Графема фонема тәрізді дерексіз бірлік, бірақ ол нақты әріп арқылы көрініс табады. Графема фонема мен әріптің арасындағы күрделі қатынас. Яғни графема дыбыстық тілдің әрі қарай бөлшектенбейтін ең кішкене тұлғасы фонема мен жазба тілдің әрі қарай бөлшектенбейтін ең кішкене тұлғасы әріптің арасындағы қатынастың жиынтығы болып табылады. Профессор Н.Уәли «графема дегеніміз таңбаланушы (фонема) мен таңбалаушының (әріптің) бірлігі» деп көрсетеді [11, 68 б.].

Қазақ жазуында графеманың мынадай үш түрлі типі бар:

- бір графема – бір фонеманы белгілейді;

- бір графема бірнеше фонеманы белгілейді. Ал бұлардың тұрақты және факультативті түрлері болады;

- бірнеше әріп бір фонеманы белгілейді, бұлардың да тұрақты және факультативті түрлері болады [11].

Білгілі бір ұлт тілінің графикалық жүйесі жазудың ұлттық кезеңінде негізгі дыбыстарды (фонемаларды) белгілеуді арқау етеді. Негізгі дыбыстарды таңбалайтын графема арқылы жазу қалыптасады, сөйтіп жазудың да өзіндік жүйелі түрдегі таңбалану ерекшеліктері болады. Қазақ жазуы, кейбір жағдайлардағы ауытқуларды еске алмағанда, төте жазудан бастап негізінен басты дыбыстарды (фонемалардың негізгі дыбыстық түрлерін) белгілеу бағытын қағидат етіп ұстанады.

Тілдің графикалық жүйесі белгілі бір қатынаста анықталатын және біртұтас жүйені құрайтын, тілдің фонологиялық жүйесімен байланысты графикалық бірліктердің жиынтығы деп түсініледі.

Графикалық жүйенің бірліктері құрылымдық-функционалдық белгілері бойынша қызметтік жағынан алғанда екі негізгі топқа бөлінеді: а) графемалар, яғни фонемалық референттері бар графикалық бірліктер; ә) графикалық символ: екпін, тыныс белгілері, дефис, апостраф, пробел, абзац. Бұл дегеніміз әрбір таңба «тұрпат межесін» және «мазмұн межесін» сипаттайтын екіжақты бірлік екендігін көрсетеді.

Жазба таңбаның «тұрпаты» немесе оның «мазмұны» — бұл физикалық субстанция, мұның көмегімен таңбаның көріну репрезентациясы жүзеге асады. Жазба таңбаның «мазмұны» және «тұрпаты» белгілі бір ұғым, идея, сан, сөз, буын немесе жеке дыбысқа байланысты бір нәрсеге қатысты болады. Бұл таңбаның мазмұндық және тұрпаттық жағы – әріп дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, фонема – таңбаланушы да, әріп – таңбалаушы, демек, фонема мен әріптің бірлігі жазу теориясында графема деп ұғынылады.

«Графема» терминін Бодуэн де Куртенэ 1912 жылы «Об отношении русского письма к русскому языку» атты еңбегінде алғаш қолданған болатын. Осыдан кейін «графема» терминіне қатысты ғалымдардың пікірлері де біржақты емес. Мысалы, Л.В. Щерба, Б.И. Осипов т.б. ғалымдар графема және әріп түсініктері бір-бірімен тең дәрежеде деп көрсетсе, екінші топ ғалымдар графема әріптің төрт түрлі көрінісі (бас, кіші, курсив, жартылай қою) және графемаларға барлық графикалық таңбалар: әріп, тыныс белгілері, пробел т.б. жатады деп пайымдайды. Сонымен қатар, графема – фонемаларды таңба арқылы белгілеудің ең кіші бірлігі, әріп – вариант, графемалардың реализациясы, ал графема – инвариант деген тұжырымдар жасайды (В.М. Солнцев). Т.А. Амирова «фонема ауызша тілдің, ал графема жазба тілдің реализациясы» дей отырып [12, 476.], «графема әліпбидегі әріп санына қарағанда көп» дейді. Л.Р. Зиндер монографиясында графеманың әріптен айырмашылығы жөнінде айқын дәлелдемелер келтіреді. Айталық, «графема бір әріп тәрізді көрінуі (іскеасуы) мүмкін». Бұл олардың тіркесімділігіне (үйлесім) де тән. Мұнда әртүрлі жүйелілік деңгейлер нақты қарама-қарсылықта қойылып салыстырылған [13].

Н.Уәлиұлы жазба тілдің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең шағын тұлғасы – графема-инвариант, ал оның репрезентант-варианттары әріптер болып табылады деп анықтама береді [11]. Ал Қ.Күдерінова графема қазақ тілі жазба жүйесінің ең кіші абстракті бірлігі болып табылады. Графема әріп түрлері арқылы таңбаланады деген тұжырым жасайды [14,66-68 бб.].

Жоғарыда көрсетілгендерді қорытындылай отырып, графема дегеніміз – тілдің жазбаша түрінің минималды, абстрактілі (дерексіз), екіжақты бірлігі. Құрылымдаушылық пен репрезентациялаушылық оның негізгі қызметтері болып табылады. Графема – ең аз, минималды бірлік, бұл тілдің аталған деңгейінің ең түпкі мәнді бірлігі. Оның қызметтік өзіне тән ерекшелігін бұзып алатын болғандықтан, құраушы бөліктерін ары қарай бөлу (бөлшектеу) мүмкін емес. Графема қослатералдық, яғни түр көрінісіне (әріп) және мазмұн көрінісіне (фонема) ие.

Орфография. Орфография – гректің *orthos* – дұрыс және *grapho* – жазамын деген сөздерінен жасалған термин. Сондықтан орыс тіліндегі лингвистикалық терминдер сөздігі мен ғылыми әдебиетінде оның орысша баламасы ретінде *правописание* сөзін жұмсайды. Бұл терминнің қазақша баламасы болып *емле* сөзі қолданылады. Демек, орфография дегеніміз жазу процесіндегі дұрыстық, жазылған дүниенің адресатқа түсінікті етіп жеткізудің қарекеті. Ол түсініктілік біршама қалыптасқан, сол жазбаны оқитын және жазатын адамдардың қолдары мен көздері үйренген жазу тәртібін (емле қағидаларын) басшылыққа алып жазу арқылы жүзеге асады. Мұндай талап тек қазіргі күндері жазу үрдісінде ғана емес, ертеден орын алған және дұрыс жазу тәртіптері белгілі бір ережелер кодексі ретінде жоқ болған кездерде азды-көпті орын алып келген. Мысалы, ертеректегі, айталық, соңғы XVII-XVIII ғасырларда қазақ жазба дүниелерін жазғандар көбінесе қолжазбаны көшірушілер болса, олар өздері оқитын өзге жазбалардың жазу тәртібімен таныс болғандықтан, соларша жазғанды жөн көреді. Сондай-ақ оқырмандарға ұсынылып отырған дүниені (шығарманы, жарлықты, хатты т.б.) түсінікті етіп жазу үшін біршама немесе әбден қалыптасқан дұрыс жазу ережелерін басшылыққа алып таңбалауы да мүмкін.

«Орфография» терминін сөз етушілер бір-бірінен сәл өзгешелеу етіп анықтама береді. Мысалы, «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік» атты үлкен танымдық-түсіндірме еңбекте орфография дегеніміз: 1) бірлікті жазудың тарихи тұрғыдан қалыптасқан жүйесі, тіл білімінің жазу жүйесінің ережелерін зерттеп ұсынатын тармағы (раздел) деп анықтаса [15], қазіргі лингвистер қауымы көбірек жүгінетін О.С.Ахманованың сөздігінде: 1) орфография (правописание) – жазудың біркелкі амалдарын белгілейтін ережелер жүйесі; 2) сөздің нақты жазылған түрі (жазылуы) мысалы, *қате* (*бар орфография, дұрыс орфография деп айтқанда*[16]танылатын түрі. О.Э.Розенталь мен М.А.Теленкованың «Лингвистикалық терминдердің сөздік-анықтағышында»: орфография (правописание) – 1) сөз бен оның мәні бар бөліктерінің жазылуы; 2) бірге (қосылып) жазылатын, дефиспен келетін сөздердің жазылуы; 3) бас әріппен, кіші әріппен жазылатын сөздер; 4) сөздерді бір жолдан екіншісіне тасымалдау тәртібі туралы ережелер жүйесі [17]. Ал француз ғалымы Ж.Марузо болса, орфография дегеніміз, жазудың дұрыс амалы дегенді емес, қандай болса да әйтеуір жазудың түрі дегенді білдіреді, сондықтан дұрыс, қалыпты немесе қате, жүйесіз орфография туралы айтуға болады – дейді [18]. Бұлар орфография терминінің анықтамасын беруші сөздіктер мен анықтамасын беруші сөздіктер мен анықтағыш авторларының пікірлері. Демек, оның жалпы негізін зерттейтін ғылым саласына жататындығын, яғни тіл білімінің тармағы екендігін көрсете отырып, бір-бірінен сәл өзгеше анықтағандықтары байқалады. Дәлденкіреп айтсақ, бұл күндегі тіл мамандары орфография дегенді дұрыс жазудың қалыптасқан ережелеріне қарата қолданылатын болса, енді бір тобы қандай да болсын жазбаның хатқа түсірілуін орфография деп атағанды жөн көреді екен. Орфография туралы сөз қозғаған қазақ тіл мамандарының ішінде оған арнайы тоқталып, өзгеше анықтама бергендер жоқ. Қазақ тіл білімінде орфография мәселелері негізінен XX ғасырдың 10-20 жылдарынан бермен қарайғы сөз бола бастады, орфография дегенге жоғарғы анықтамаларды басшылыққа алып, осы саланың негізгі мәселесі емле ережелері, яғни дұрыс жазу шарттары (амалдары) сөз болып келді. Біздің танымымыз француз ғалымының пікіріне жанасады, яғни орфография деген ұғымды әр тілдің даму сатысына қарай әр түрлі түсінуге болады. Ал тіл айталық, қазақ тілі өзінің сатыларында әртүрлі жазуды қолданылып келуі мүмкін. Демек, бұл – тіл білімінің орфография тармағы графика (алфавит) түрімен тығыз байланысты деген сөз.

Дұрыс жазудың белгілі бір принциптері болады. Сөз екі не одан көп вариантта жазылатын жерде, яғни орфограмма жағдайында дұрыс жазудың біреуін белгілі бір принципке бағындырып таңдау керек болады. Ал ол принцип (принциптер) белгілі бір тілдегі дыбыстардың қандай әріптермен таңбаланатындығына қарай айқындалады да олардың біреуі не екі-үшеуі сол тілдің

орфографиясы үшін негізгі болып саналады. Емле ережелері емленің негізгі принциптеріне сүйеніп жазылады. Орфографиялық принциптер дыбыс-әріп жазбалы тілдерде (мысалы, орыс, қазақ, ағылшын, неміс) дегендер сияқты тілдерде бірнеше түрде ажыратылады. Олар: морфологиялық, фонематикалық, фонетикалық, дәстүрлі, этимологиялық принциптер. Бұлардан басқа кейбір тілдердің жазбасында ажыратушы (дифференцирующий) принцип деген де, орын алады оны символды принцип те атайды, мысалы, орыс тілінде компания, кампания, қазақ тілінде қайтіп-қайтып, үлгеру – үлгіру.

Графика мен орфографияның арақатынасы. Графика мен орфография салалары жазу мәселесіне тікелей қатысты болғанымен, екеуінің зерттеу нысанында, қарастыратын «дүниелерінде» өзді-өзіне тән ерекшеліктері бар. Дегенмен олар бірінсіз бірі болмайтын, ажырамас өзара тәуелді категориялар. Графика – жазудың таңбалану жүйесін реттейтін болса, орфография таңбаланған жазудың тұрақты қалыптану нормасын, белгілі бір ереже бойынша қолданылу заңдылығын реттеп отырады деп түсініледі. Бірақ орыс тіл білімінде орфографияның қызметі жөнінде екі түрлі көзқарас бар. Мысалы, бір топ ғалымдар орфографияны **ережелердің жиынтығы** деп қарастырса, енді бір топ ғалымдар қандай да болсын **жазбаның хатқа түсірілуін орфография** деп қарастыруды жөн көреді. Сонымен қатар ғалымдардың көпшілігі орфографияның негізгі міндеттеріне сөзде немесе морфем ішіндегі фонеманы әріп арқылы белгілеу ережесін, бірге және бөлек немесе дефис арқылы жазылатын сөздердің емлесін, бас және кіші әріптердің емлесін, тасымалдау ережелерін, графикалық қысқартылымдардың ережелерін жатқызады [19, 133 б.].

Қазақ тіл білімінде Р.Сыздықова орфографиялық ережелерге а) кейбір дыбыстардың жазылуын; ә) түбір сөздердің және қосымшалардың жазылуын; б) сөздердің бірге, бөлек, дефис арқылы жазылуын; в) шылаулар мен одағайлардың жазылуын; г) бас әріптің қолданылуын; ғ) сөздерді тасымалдауды жатқызады. Жұмысымызда талқыланатын мәселені ғалымның осы негіздеріне сүйене отырып талдаймыз [18].

Демек, орфографияның даму қарқыны графикаға қарағанда динамикалық күйде болады, ал графика орфографияға қарағанда статикалық күйде болады, сондықтан орфографиядағы динамизмді графикадағы кемшілік деуге болмайды және орфографиядағы өзгермелілік әліпби ауыстыруға негіз болып табылмайды.

Қазақ жазу тарихындағы графика мен орфографияның осылайша өзара байланысты және түрткі болуы, бірінің динамикалық, бірінің статикалық күйі жаңа әліпбиге көшуге себеп болмайды. Жаңа әліпбиге көшу графикалық жүйені басқаша құру сыртқы факторларға тәуелді болып келеді. Мысалы, халықты жаппай сауаттандыру, қоғамды ағарту қарқынды түрде жүргізуді қажет еткен жағдайда әліпбидегі әріптердің саны көбейіп кетуі немесе орфографияның тез сауаттандыруға кедергі болуы, дәстүрлі жазуда орфографиялық қиындықтардың көп болуы, қоғамдық сауаттандыруға кедергі болады. Осындай жағдайда қоғамдағы зиялы қауым өкілдері жаңа жүйедегі әліпбиге көшу, жазу жүйесін түбегейлі реформалау жөнінде пікір айтып, қоғамдық ойға қозғау салады. Мұндай елдік мәселе қазақ жазу тарихында бірнеше рет болды. А.Байтұрсынұлының қолға алуымен ескі қазақ жазба тілі халық тілі негізінде реформаланып, ХХ ғасырдың басында *төте жазу* дүниеге келді. Бұлай болатын себебі ескі жазба тіл жаппай сауаттандыруды, ағартуды жедел атқаруға жарамды болмады, жазудың бұл түрін игеруге бірнеше жылдар (кем дегенде үш-төрт жыл) қажет болды. Ал А.Байтұрсынұлының *төте жазуы* қалың жұртшылық қысқа мерзімде (үш-төрт айда) игеріп алатындай тиімділік деңгейі жоғары болды [20].

Қорытынды. Графикадағы динамикалық өзгеріске қарағанда орфографиялық динамика анағұрлым қарқынды болады. Бір жазу графикасы ұзақ жылдар бойы қызмет етсе, сол жылдарда бірнеше орфографиялық өзгертулер болуы әбден мүмкін. Себебі, тілдің өз ішінде сан түрлі даму, ықшамдалу, сығылу, бейімделу, кірігу, тарылу, кеңею сияқты өзгермелі құбылыстар болып жатады. Ал олардың сол өзгерген күйін белгілі бір ережеге негіздеп қалыптандырып отыратын орфография саласында әртүрлі өзгерімдер де кездеседі. Жалпы орфографиядағы динамизм, атап айтқанда, мынадай детерминдерден туындайды: 1) дефразеологиялану (*ала қол + -дық > алақолдық; ала көз (болу) + -дік > алақөздік*); 2) универбтену (*заң бұзу(y) + -шылық > заңбұзушылық*); 3) контаминациялану (*бұл жыл > биыл; барған соң > барсын*); 4) кірме сөздерді қазақыландыру (*станция – станса*); 5) делексистикализациялану (*әсірепатриот, әсіресақтық, әсіресауаттылық*); 6) жаңа сөздердің енуі; 7) сөздердің кірігуі т.б [21]. Сонымен грамматологияның графика мен орфография салалары жазу мәселесіне тікелей қатысты. Бірақ екеуінің зерттеу нысаны да, қарастыратын объектілерінде де ерекшеліктер болады. Дегенмен, олар бірінсіз бірі болмайтын, ажырамас өзара тәуелді категориялар.

Графика – жазудың таңбалану жүйесін реттейтін болса, орфография таңбаланған жазудың тұрақты қалыптану нормасын, белгілі бір ереже бойынша қолданылу заңдылығын реттеп отырады. Орфография тілдегі сөздердің, олардың грамматикалық формаларының біркелкі жазылу нормасын белгілейді. Демек, орфография дегеніміз – тілдегі жеке әдеби сөздердің, оларға жалғанатын грамматикалық формалар мен тіркесімділігінің, оның қолданылуын тұрақты біркелкі стандартқа сай жазылу нормасын белгілейтін заңдылық (ережелер) жиынтығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кондратов А.М. Грамматология и и порождающие модели письма. - М., 1986. – Вып. 228 .– С.74. – книга
- 2 Волков А.Г. Язык как система знаков. — М.: МГУ, 1966. – 87 с.– книга
- 3 Амирова Т.А.Графология как область лингвистических проблематики. Лингвистика и методика высшей школе. – М., 1970. – Вып. 5. – 34-с.– книга
- 4 Реннагель В.Р. Кодикология и палеография. – М., 1968. – Тезис докладов. – С. 424. – книга
- 5 Ельмслев Л. Язык и речь. – М., 1960. – С. 101-113. – книга
- 6 Макинтош А. К проблеме письменного языка. – М., 1976. – 98-99 с. – книга
- 7 Амирова Т. А. К истории теории графемики. – М., 1977. – С. 196. – книга
- 8 Зиндер Л.Р. Общая теория письма. – М., 1987, – 108 с. – книга
- 9 Николаева Т.М. Письменная речь и специфика её изучения. – М., 1961. – С.132-136. – книга
- 10 Вахек Й. К проблеме письменного языка. Письменный и печатный язык // Пражский лингвистический кружок: Сб. ст./Сост., ред., предисл. Н.А. Кондрашова. — М.: Прогресс, 1967.— С.524-559., 525 с. – книга
- 11 Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 1993.–162 б. – кітап
- 12 Амирова Т.А. Общелингвистические основания графемики: автореф. ... докт.фил.наук., 1981. – 47 с. – книга
- 13 Зиндер Л.В. К итогам дискуссии о русской орфографии // Вопросы языкознания. 1969. №6. – журнал
- 14 Кудеринова Қ. Қазақ жазуының онтогенездік дамуы. – Алматы, 2006. – 246 б. – кітап
- 15 Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990, 350-351-сс. –словарь
- 16 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.:Советская энциклопедия, 1966, –294 с. – словарь
- 17 Розенталь О.Э., Теленкоав М.А. Словарь-спавочник лингвистических терминов. – М., 1985, – 184 с. – словарь
- 18 Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. – М., 1960. – 191с. – словарь
- 19 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 532 б. – кітап
- 20 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – кітап
- 21 Н.Әміржанова. Латын жазуының тарихи тағылымы. Алматы, 2012. –118 бет. – кітап

МРНТИ: 16.01.07

Жиренов С. ¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ОРНИТОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ ТАБИҒАТЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ ертегілеріндегі орнитологизмдердің қатысуы мен олардың мәтін мазмұнындағы тілдік ерекшелігі лингвокогнитивтік тұрғыдан талданады. Орнитологизмдердің қазақ мәдениетіндегі орны ертегі мәтіні арқылы зерделеніп, құстар әлемінің этнос дүниетанымындағы орны көрсетіледі. Этнос мәдениетінің құрамдас бөлігі ертегі болса, сол ертегі мәтіндері ұлттық менталитеттің ерекшеліктері мен танымдық қатпарын бойына сіңірген тілдік бірлік екендігі көрсетіледі. Ертегі мәтіндері этнос болмысының дүниетанымын, этикалық дәстүрін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, бүкіл ұлттық психологиясын көрсететін көне жанрдың тілтанымдық сипаты баяндалады. Орнитологизмдер қатысқан ертегілерге тілдік сипаттама беріліп, танымдық мәні лингвистикалық аспектіде арнайы қарастырылады. Қазақ халқы үшін құстың орны, табиғатпен өзара қатынасы, көне замандардан бері өзара тығыз байланыста болғандығы көрсетіледі. Қазақ ертегілерінің тілдік материалдары негізінде құрастырылған көптеген мәтіндік материалдар арқылы жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: орнитологизмдер, лингвистика, когнитология, этнос, этнотаным, мәтін, ертегі, т.б.

Zhirenov S. ¹

¹ *KazNPU of Abay,
Almaty, Kazakhstan*

LANGUAGE AND COGNITIVE NATURE OF ORNITHOLOGISM IN KAZAKH TALES

Abstract

The article analyzes the linguistic features of ornithologisms in Kazakh tales from a linguistic and cognitive point of view. The role of ornithologisms in the Kazakh culture is studied through the text of fairy tales, and also reflects the characteristics of the bird world in the worldview of the ethnic group. An integral part of ethnic culture are fairy tales. The texts of these tales represent a linguistic unity that reflects the characteristics of the national mentality and its cognitive features. Fairy-tale texts describe the linguistic nature of the ancient genre, which reflects the worldview, ethical traditions and lifestyle, customs and psychology of the whole nation. Tales with ornithological features are given linguistic characteristics, and their cognitive value is considered in the linguistic aspect. The article discusses the role of birds from ancient times in the life of the Kazakh people and their interaction with nature. A large number of text materials based on the linguistic materials of Kazakh fairy tales are analyzed in detail.

Keywords: ornithology, linguistics, cognitology, ethnos, ethno science, text, fairy tales, etc.

Жиренов С. ¹

¹ *КазНПУ им. Абая,
Алматы, Казахстан*

ЯЗЫКОВАЯ И КОГНИТИВНАЯ ПРИРОДА ОРНИТОЛОГИЗМОВ В КАЗАХСКИХ СКАЗОК

Аннотация

В статье анализируются языковые особенности орнитологизмов в казахских сказках с лингвокогнитивной точки зрения. Роль орнитологизмов в казахской культуре изучаются через текст сказок, а также отражаются особенности птичьего мира в мировоззрении этноса. Неотъемлемой

частью этнической культуры являются сказки. Тексты этих сказок представляют собой языковое единство, которое отражает особенности национального менталитета и его познавательные черты. Сказочные тексты описывают лингвистическую природу древнего жанра, который отражает мировоззрение, этические традиции и образ жизни, обычаи и психологию всей нации. Сказкам с орнитологическими особенностями даются лингвистические характеристики, а их познавательная ценность рассматривается в лингвистическом аспекте. В статье обсуждается роль птиц с древних времен в жизни казахского народа и их взаимодействие с природой. Детально анализируется большое количество текстовых материалов на основе лингвистических материалов казахских сказок.

Ключевые слова: орнитология, лингвистика, когнитология, этнос, этнонаука, текст, сказки и др.

Кіріспе. Қазақ ертегілері – қазақ халқының рухани кеңістігіндегі маңызы жоғары, атқаратын қызметі зор, мәдени мазмұны басым, әдеби жанр. Ертегі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманалардан бері күні бүгінге дейін жеткен, көне де жаңа болып саналатын бай мұрасы. Ертегі ерте дәуірлердегі этнос дүниетанымының бар болмысын бойына сіңірген көркем мәтін. Мәтін – әмбебап категория. Мәтінді қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы көптеген ғылым салалары арнайы зерттейді. Біз бұл зерттеуімізде мәтінді яғни ертегі мәтініне арқау болған орнитологиялық бірліктерді арнайы лингвистикалық тұрғыдан зерттеуді мақсат еттік.

Ертегілер әдетте әдебиеттану ғылымы аясында арнайы қарастырылған болса, соңғы уақыттардағы ғылыми-техникалық прогрестегі интеграциялану процесі мен лингвистика ғылымындағы антропоцентристік бағыт аясындағы зерттеулер әртүрлі аспекті аясында қарастыруды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде қазақ ертегілерін лингвистикалық аспектіде қарастыру арқылы, этностың дүниетанымын, өмірлік көзқарасын (позициясын), мәдени түсінігін, адами болмысын, қала берді тұрмыс тіршілігінің бедерін ондағы тілдік қолданыстардан, этнографизмдерден, лексикалық бірліктерден анық көруге болады. Алайда ертегілерде тұтастай лингвистикалық аспектіде зерттеу ісі бір адамның қолынан келетін шаруа деп кесіп айтуға келмейді. Және мұндай істің қажеттілігі де ғылыми сұранысқа тікелей қатысты болып келеді.

Зерттеу материалы. Әдістемесі. Ертегі – халық ауыз әдебиетіндегі көркем проза жанрына жататын, сюжеті пен композициялық жағынан үйлесім тапқан, көркем-эстетикалық қызметі жоғары, танымдық-тағылымдық жүк арқалаған, тәрбиелік мәні басым жанр. Ертегінің типтері мен түрлері, әдеби мазмұны, жанрлық ерекшелігі, топтастырылуы, баспа бетіне әзірленуі, классификациясы деген мәселелерді Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Ж.Көбеев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Е.Ысмайлов, М.Ғабдуллин, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Ә.Диваев, А.Е.Алекторов, А.Васильев, Н.Пантусов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбраев, К.Матыжанов, Б.Дауылбаев, Б.Досымбеков, М.Ибрагимов, т.б. көптеген әдебиетші, фольклортанушы, тілші, тарихшы ғалымдар жан-жақты кеңінен қарастырды. Ертегілердің ерекшелігі өткен ұрпақты бүгінгі ұрпаққа жалғастырып, бір буын мен екінші буынды алмастыруда тұрақты түрде өз қызметін жалғастырып келе жатқан жасампаз жанр.

Қазақ фольклорын зерттеуде өзіндік қолтаңбасы бар ғалым, академик С.Қасқабасов: «Ертегі жанры – аңыздық прозаның дамыған, көркемделген түрі, яғни көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат беру ғана емес, сонымен бірге эстетикалық ләззат беру. Басқаша айтқанда, ертегі жанрының функциясы кең, ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық роль атқарады. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшеліктері осы екі функциядан шығады. Сондықтан ертегілік прозаның ең басты мақсаты – сюжеті барынша ғажайыпты етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек, ертегі шындыққа бағытталмайды, қайта, керісінше, әсірелеуді міндет тұтады. Ал, ертегіші әңгімесін өмірде шын болған деп дәлелдеуге тырыспайды» – деп, ертегінің анықтамасы мен функциясын көрсетіп береді. Ғалымның бұл пікірі, тек қазақ ертегісіне берген анықтама емес, әлем руханиятындағы ертегінің анықтамасы деп қабылдау керек [1, 185]. «Ертегілерде халықтың ауызекі сөйлеу тілі шындалды. Сөйтіп ол бірте-бірте жай ауызекі сөйлеу тілінің аясынан шығып, әдеби сөйлеу тіліне, көркем тілге айналды. Енді уақыты келгенде осы біршама қалыптасып қалған әдеби көркем тілді жазумен ақ қағазға түсіру керек еді, сүйтіп оны одан әрі жетілдіру қажет болатын. Қазақтың жазба, көркем прозасының негізін қалаған Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев секілді көркемсөз шеберлері кейін солай етті де» [2, 287].

Ертегілерді лингвистикалық аспектіде зерттеу арқылы әрбір жекелеген этностың дүниетанымындағы ғаламның ертегілік бейнесін сипаттаудың тілдік тұрғыдан таңбалануындағы тілдік-танымдық әлеуетін көрсетуге болады. Ертегілердің өзін әдебиеттану ғылымы төмендегідей

бірнеше түрге бөледі. Олар: 1) жан-жануарлар (хайуанаттар) туралы ертегілер, 2) қиял-ғажайып, батырлық ертегілер, 3) хикаялық, сатиралық ертегілер, 4) тұрмыс-салт ертегілері, 5) новеллалық ертегілер, 6) авторлық ертегілер деген бірнеше түрге бөлінеді. Осылардың ішіндегі жан-жануарлар немесе хайуанаттар туралы ертегілер ең жиі кездесетін түріне жатады. “Жануарлар жайындағы қазақ ертегілерін үш топқа жіктеуге болады. Біріншісі шығу мерзімі жағынан ең көне миф жанрымен байланысын толық үзе қоймаған, жануарлардың пішініндегі, немесе жүріс-тұрысындағы, я болмаса мінез-құлқындағы, әйтеуір қандай да болмасын ерекшелігін түсіндіре баяндайтын этиологиялық ертегілер. Екіншісі – Шығыс және Батыс халықтарының көпшілігіне мәлім, яғни дүние жүзі елдерінің жануарлық эпосын құрайтын классикалық ертегілер. Бұлар бүгінгі дәуірде балалардың үлесіне тиген. Қай елдің болмасын жануарлар жайындағы классикалық ертегілері адам мінезінің ақылдылық, ақымақтық, қулық-сұмдық сияқты жақтарын қарапайым аллегориялық формамен ашып береді. Үшінші топқа мысал ертегілер (апологтар) жатады. Бұл ертегілер көбінесе кітаби болып келеді де, әдебиетке жақын тұрады. Мұнда жануарлар бейнесі шартты түрде алынғанымен, ғибрат ашық айтылмайды” [1, 189].

Жан-жануарлар (хайуанаттар) туралы ертегілер мазмұнына көз жүгіртер болсақ, адамға жақын үй жануарынан бастап, түз жануары, қала берді жыртқыш аңдар мен құстардың басым бөлігінің қатысатынын көруге болады. Әрине, бұл жерде әр ұлттың ұлттық ерекшелігіне сәйкес, ұлттық тұрмыс-тіршілігі мен менталитетіне жақын жануарлардың қатысуымен болатын этникалық ерекшелігі де өзіндік басымдыққа ие болады. Мәселен, қазақ ертегілерінде қазақ болмысына жақын аң-құстар қатысса (Хайуандардың жыл басына таласуы, Қарлығаш пен дәуіт, Құмырсқаның қанағаты), орыс ертегілеріне орыс тұрмысына жақын жануарлардың қатысуымен болатын ертегілердің туындауын табиғи заңдылық ретінде бағалау (Семь козлят, Красная шапочка и серый волк, Три поросенка, Маша и медведь) керек. Біз бұл жерде хайуанаттар туралы ертегілердің ішіндегі орнитологиялық (құстар мен құстар әлемі) негізінде жасалған ертегілерді лингвокогнитивтік аспектіде зерттеуді басшылыққа алдық.

Қазақ ертегілерінің біршамасы құс атауларына тірек болып жасалса, кейбірінде құстар мен құс атауларының қатысуымен жасалады. Ал бұл дегеніміз адамның әлемді тануындағы орнитологизмдердің өзіндік орны бар екендігін көрсетеді. Ғаламның тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің қатысуымен жасалған ертегілердің алатын орны өте қызықты мәселеге құрылады. Орнитологизмдер арқылы жасалған ертегілер ғаламның кейіпкерлері адам мен құстың өзара қатынасы, мінез-құлық ерекшеліктері, өзіндік қасиеттері, тілдік құралдарда бедерленіп, белгілі бір тілдегі мәдениеттің үлгісі немесе символдық бейне ретінде қарастырылады.

Ертегі мәтіндеріндегі орнитологизмдердің қатысуымен жасалған әлем бейнесінің түп негізінде белгілі бір этномәдени қауымдастықтың ғасырлар қойнауынан бері қоршаған ортаны қабылдауы, таным талқысына салып дискурста түсіруде әлемді өзінше тілдік тұрғыдан бейнелейді. Ертегі мәтіндеріндегі орнитологизмдер адамдардың қарапайым тұрмыстық қарым-қатынасы аясындағы ғалам бейнесін түзеді, сондықтан ол бейне қарабайыр тұрпатта болып келеді.

Нәтижелер. Орнитологизмдердің қатысуымен жасалған ертегілердің мазмұны әрқелкі болып келеді. Қазақ ертегілеріндегі орнитологизмдер ертегілердің жасалуына тірек болып, тақырыптық атауынан бастап, ішкі мазмұнын түгел қамтып тікелей қатысса, енді бірінде ертегі мәтінінің сюжетінде яки оқиға желісінде ертегі кейіпкері ретінде жанама түрде ғана қатысады.

Қазақ ертегілерінің мазмұны мен мәтініне тікелей қатысатын орнитологиялық ертегілерге «Байғыз», «Бөдененің түлкіні тойғызуы», «Екі қаз бен бір бақа», «Жарқанат неге түнде ұшады», «Көк кептердің балапаны», «Қырғи мен бөктергі», «Сауысқан мен көкек», «Сүлеймен патша мен байғыз», «Тырнаның тапқырлығы», «Бөдененің құйрығы неге келте», «Түлкі мен қырғауыл», «Түлкі, қараторғай және қарға», «Екі этеш», «Ақ көгершін», «Этеш пен тоты», «Жапалақ көрсең атып ал», «Бала қарға», «Бұлбұл, жарқанат және қаракұрт», «Бүркіттің балапаны», «Қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер», «Қарлығаш пен дәуіт», «Қарлығаш пен шөже торғай», «Кептер мен қарға», «Қотыр торғай», «Қыран мен құзғын», «Сауысқан», «Суыр сұңқар су қайда», «Торғай мен тышқан», «Ұлар мен қарға», «Түлкі мен бөдене», «Түлкі мен қораз», «Түлкіден де өткен қу қаз», «Тырна мен түлкі», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Кептерлер кеңесі», «Құстар неге сөйлей алмайды», т.б. ертегілерді жатқызуға болады.

Ал ертегі мәтініне жанама түрде қатысатын орнитологиялық кейіпкерлердің араласуымен болатын мәтіндерге төмендегідей ертегілерді жатқызуға болады. Мәселен, **қиял-ғажайып, батырлық ертегілерге жататын:** «Алтын құс», «Алтын сақа», «Ертөстік», «Алтын құс пен сұр

қасқыр», «Қоңыр мерген», «Мерген мен баласы», «Есірік торғай», «Ғажайып бақ», «Құс тілін білетін адам», «Патша мен бүркіт», «Торғай мен адам», «Бақыт құсы», т.б.; **хикаялық, сатиралық ертегілерге жататын:** «Аяз би», «Балтеке», «Мархұма», «Минуар мен Бибатима», «Жыл мезгілдері», «Алып қара құс - Самұрық», «Кім күшті», «Жаналы», т.б.; **тұрмыс-салт ертегілеріне жататын:** «Қырық өтірік» секілді ертегілерді жатқызуға болады.

Құстардың тікелей қатысуымен жасалған қазақ ертегілерінің мазмұны мен мәтінінде құстардың адаммен бірлескен өмірі, оларды тілдік символдық деңгейге дейін көтереді. «Символ белгілі бір мазмұн идеясымен тығыз байланысты, ол өз кезегінде басқа бір, неғұрлым құнды мәдени мазмұнды білдіру қызметін атқарады. Символ - кез келген мәдениетке тән құбылыс. Символ әр түрлі мәдениет контексінде кодтала отырып, оларда түрлі мәнге ие болады. Бұл орайда қай ұлттың болмасын өзінің ұзақ даму тарихында эстетикалық ұғым-түсініктеріне, шаруашылық кәсібіне, мінез-құлыққа, ырым-нанымы, салт-дәстүр ерекшеліктеріне байланысты сүйкімді образдары, сөз-символдары болады [3, 133]. Әрбір құстың бойындағы жеке сапалық қасиеті адаммен шендестіріліп, оймен астарлап, сөзбен тұспалдап, жасырын ойдың тірегі құстар арқылы беріледі. Жоғарыда аталған ертегілердің бәріне толық талдау жасау мүмкін емес және міндет те саналмайды. Орнитологизмдердің қатысуымен жасалған ертегілерде адам бойына тән қасиеттер (жақсы мен жаман, жағымды-жағымсыз) құстардың қасиеті арқылы алмастырылып, символдық, аллегориялық, тәрбиелік қызмет атқарып, тілдік-танымдық мәнде жұмсалып, оқиғаны барынша тұспалдап суреттеп, поэтикалық образды түрде әрлеп баяндайды.

Орнитологизмдер арқылы жасалған ертегілер этностың дүниетанымы мен дәстүрлі мәдениетінен тілдік-танымдық ақпарат беруде ерекше қызмет атқарады. Этнос тілінің жасалуына сол ұлттың дүниетанымы мен дүниеге деген көзқарасы негіз болып, тілдік тұрғыдан таңбаланады. Тілдегі орнитологизмдер жай ғана құс атауы (номинациясы) емес, күрделі танымдық жүк арқалаған тілдік бірлік. Ал ол мәтін құрамында дискурсқа түсіп ертегі боп сыр шертетін болса, лингвофилософиялық мазмұны басым категория болып табылады. Ендігі жерде ертегі құрамындағы орнитологизмдердің мәтіндік танымдық семантикасына көз жүгіртсек. Мұнда құстардың қатысуымен жасалған ертегілерді ең алдымен бірнеше топқа топтастырып алуға тура келеді. Яғни, әдеби топтастырудың бұлжымас үлгісіне айналған «жағымды және жағымсыз» мәнді жіктемені құстардың қатысуымен жасалған ертегі мәтіндерінде шартты түрде пайдаланып сол үлгіде (жағымды және жағымсыз) топтастыруға болады.

Жағымды мәнді мәтінде жұмсалатын орнитологизмдер арқылы жасалған ертегілерге: «Байғыз», «Сүлеймен патша мен байғыз», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр болған», «Бөдененің құйрығы неге келте», «Қарлығаш пен дәуіт», «Қарлығаш пен шөже торғай», т.б. жатқызуға болады. Ал, **жағымсыз мәнді мәтінде жұмсалатын орнитологизмдер арқылы жасалған ертегілерге:** «Жарқанат неге түнде ұшады», «Қырғи мен бөктергі», т.б. жатқызуға болады.

Орнитологизмдердің қатысуымен жасалған ертегілерді құстардың бойындағы сапалық қасиеттеріне қатысты ертегі мәтіндерін тағы да бірнеше топқа топтастыруға болады. Мәселен, «тапқырлық, ақылдылық» мәндегі ертегілерге – «Тырнаның тапқырлығы», «Түлкіден де өткен қу қаз», «Түлкі мен қырғауыл», т.б.; «аңқаулық, алаңғасарлық» мәндегі ертегілерге – «Бөдененің түлкіні тойғызуы», «Тырна мен түлкі», т.б.; «жалқаулық, еріншектік» мәндегі ертегілерге – «Сауысқан мен көкек», т.б.; «қасиетті, өзіндік культтік сипатқа ие» мәндегі ертегілерге – «Ақ көгершін», «Жапалақ көрсең атып ал» т.б.; «менмендік, тәкаппарлық» мәндегі ертегілерге – «Әтеш пен тоты» т.б.; «қайырымдылық, мейірімділік, еңбекқорлық» мәндегі ертегілерге – «Қарлығаш пен дәуіт», «Қарлығаш пен шөже торғай», «Алтын сақа», т.б.; «Ниеті қараңдық» мәндегі ертегілерге – «Бұлбұл, жарқанат және қаракұрт», «Ұлар мен қарға», т.б.; «әлсіздік, қауқарсыздық» мәндегі ертегілерге – «Қотыр торғай»; «Торғай мен тышқан», «Қарлығаш пен шөже торғай», т.б. ертегілер мәтінін мағыналық-мазмұндық жағынан топтастыруға болады.

Талқылау. Жоғарыдағы көрсетілген ертегі мәтіндері бірі ерте бір кеш өмірге келгенімен, олардың бойындағы тілдік-танымдық мәні “құс пен адамның” өмірінің ұқсастығы құстардың қатысуымен жасалған ертегі мәтіндерінде өзара шендестіру, салыстыру, символдық астарлы ой арқылы берілген. Мұндағы тілдің қызметі ойды астарлап, оқиғаны құбылтып жеткізу арқылы, құстың бойындағы мінездің адамға өте-мөте жақын болатындығы тілдік-танымдық сипатқа ие болады. Әдетте адам табиғаты шынайылықты яки шындықты тікелей қабылдай алмайды. Көп жағдайда адам баласы өз шындығымен өзі бетпе-бет келе алмайтындығы анық. Бұл заңдылыққа айналғалы да неше ме заманалар өткеніне, ертегі мәтіндері анық дәлел болса керек. Ал осы арада танымдық ойды

жеткізудің міндеті тілге жүктеледі. Тіл ойды астарлап, сөзбен тұспалдап, ойды бүркемелеп жеткізу арқылы адресат пен адресантты өзара өкпесіз тіл табыстырады (коммуникацияға түсіреді). Тілдің бойындағы танымдық (когнитивтік) қызметі осылай да жүзеге асады. Тілдің танымдық қызметі бүгінгі күннің ғана емес, есте жоқ ескі заманалардан (ертегі туған) бері қарай келе жатқандығын көруге болады. Осы айтқанымыздың дәлелі ретінде орнитологизмдердің қатысуымен жасалған бірнеше ертегі мәтіндерінің астарына ой жүгіртіп, мағыналық-мазмұны мен танымдық мәнінен қатысты былайша сөз өрбітіп көрелік.

Мәселен, «Байғыз» ертегісіндегі «байғыз» құс атаулының ішіндегісіндегі қадірлісі. Себебі, байғыз өзге құс атаулыны қорғап қалған ерекше құс. Өзге құстардың тұмсығында тесік болса, байғыздың ғана тұмсығында тесік жоқ. Байғыздың ақылы өзге (патшаға сәуледен жіп есуді ұсынған) құстардың басына бостандық әпереді. Байғыз – құстардың ақылшысы саналады. Сүлеймен патшаны сөзден сүріндіріп, құс сүйегінен үй тұрғызбақ болған ниетін терістеген. Содан бері құс атаулы оған құрметпен қарайды. Ал байғыз болса сол құрметін өзге құстар ұмытпасын деп түн ішінде ызыңдауды әдетке айналдырған екен. Бұл күндері байғыздың түнгі дауысын ауыл баласы білмесе, қала баласы біле бермейді. Байғыздың құстар арасындағы құрметі ертегіде ғана сақталғаны болмаса, тұрмыстық өмірде, оның адамға қатысы көп айтыла бермейді. Ал байғыз туралы орнитолог, ақын Е.Раушанов: «шығыста ғана емес, біздің заманымызға дейінгі ХХІҮ-ХХІІ ғасырлардан бұрын Крит аралында өмір сүрген көне гректер ақыл құдайы Пасейдонның тас мүсінін қашағанда, оның қолына осы байғызды ұстатып қашаған. Әлгі сауалдың жауабын гректер де айтпаған. Сол елдің бүгінгі астанасы – Афина қаласы. Қала атауының дыбысталуы да байғыздың латынша атауымен үндес. Кейде көне афинаны «байғыз қаласы» дейтіндер де бар. Бірақ бұл қадым шаһардың қадырын түсірмейді, керісінше, жоғарыда айтқанымыздай, ақыл, парасат, білім, білік, данышпандық, көрегендік секілді қасиеттерімен ерекшеленетін түн құсын еске салады, жүрекке жылылық, рақым, мейір-шапағат ұялатады. Мейір-шапағат дегеннен шығады, жаңағы сауалдың жауабын осы төңіректен іздеген жан секілді. Ақ пен қара, махабат пен зұлымдық алмасып келіп жататын адам жүрегі-ай десеңізші. Бір қауым ел жазған құсты ақылды патшасы Пасейдонмен қатар қойса, енді бір тобымыз, үйіміз түгіл ауыл маңына жолатпай қуалаймыз, жын көргендей шошып, тілімізді кәлимаға келтіріп, зәре-құтымыз қашып қорқамыз. Қазақ этнографтарының жазбаларына қарағанда, ілгеріде үйдің шаңырағына байғыз қонса – ол үйдің орнын ауыстырып басқа жерге тігеді екен, жамандыққа жорып, сол шаңырақты дереу отқа жағып жібереді екен» - деген байғыздың атауынан бастап, оған қатысты көптеген танымдық ақпарат береді [4, 109]. Бұл деректің барлығы тілде, ертегіде сақталғаны болмаса, құс атаулының сиреп, құс пен адамның арасы алшақтаған уақытта, құстың түрі ертегіде сақталмаса, өмірде ұмыт бола бастағаны анық.

Құстардың қатысуымен жасалған ертегілердің әрбіреуіне жеке-жеке тоқталып, олардың астарын ашып, мазмұнын тарқатып, тілдік-танымдық семантикасын көрсетуді бір мақаланың көлемі көтермейді. Алайда, құстардың қатысуымен жасалған ертегілердің аз-кем сипаттамасын бірлі жарым сөзбен былайша келтіре кетуді жөн санадық. Мәселен: «Бөдененің түлкіні тойғызуы» (түлкіні тойғызам деп өзі мерт болған бөдененің аңғалдығы), «Екі қаз бен бір бақа» (көлдің суын суалтқан екі қаздың қамқорлығын пайдалана алмаған бақаның бассыздығы), «Жарқанат неге түнде ұшады» (Сүлеймен патшаға бар жүнін беріп, жүнсіз қалған жарқанатқа күндіз ұшуға тиым салынады), «Көк кептердің балапаны» (Айтқанды тыңдамаған, алаңғасарлығы орға жыққан, онысы өзіне сор болған кептердің ессіздігі), «Қырғи мен бөктергі» (Күшті мен күшті, әлсіз бен әлсіз ғана тең болады, тең теңімен тезек қабымен дегенді баяндайды), «Сауысқан мен көкек» (Ұя жасаудан ерінген көкек, саусақ бірікпей ине илекпейді дегенге көнбей, ұясыз-үйсіз қалуы), «Тырнаның тапқырлығы» (Аңшының тұзағынан өзінде түлкіні де құтқарған тырнаның тапқырлығы), «Бөдененің құйрығы неге келте» (Құс атаулыға қойылған қорғанды бұзып, құйрығы келте болады), «Түлкі мен қырғауыл» (Алтыс айдалы түлкінің қулығынан құтылу), «Түлкі, қараторғай және қарға» (Түлкінің қулыққа құрған тұзағынан қараторғайды қарға құтқарып, өзі де түлкінің тұзағынан құтылады), «Екі этеш» (Екеуара араздықтың салдары), «Ақ көгершін» (Бай мен кедей болмаған мамыражай заманда туған бала сараң әрі қызғаниақ боп туады. Оның қызғаниақтығы сол өз әкесі мен шешесін үйіне сыйдырмайды. Өзі екен алма ағашына ақ көгершіннің қонып отырғанын көре алмай оны атуы арқылы өз әкесін өлтіреді. Содан бастап көгершіннен тамған қан алманың ақ гүлін қызыл түске бояйды. Сол заматтан бері алма қызыл боп гүл ашатын болған екен.), «Әтеш пен тоты» (Бір замандарда әтештен өткен тәккаппар болмаған. Онымен тек тоты ғана дос болса керек. Бірде тоты тойға барам деп әтештің бар киімін алдап киіп, қайта қайтармай кетеді. Сол

уақыттан бері әтеш тотыны іздеп қоқиланып жүретін болса керек.), «Жапалақ көрсең атып ал» (Жапалақтың сатқындығы өзі тектес құс байғызды Сүлеймен патшаға ұстап берген кезден бастап, күндіз жүруге тыйым салынады. Осы кезден бастап бауырларына қамқор болған үкі киелі құс саналады.), «Бала қарға» (Бір шоқып екі қарауға баулыған қарғаның сақтығы.), «Бұлбұл, жарқанат және қарақұрт» (Жамандардың жақсыны қызғануы. Жақсылар жақсылықтың биігінде жамандар жамандардың деңгейінде жүреді.), «Бүркіттің балапаны» (Тектінің тектілігі), «Қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер» (Бала бауыр етің), «Қарлығаш пен дәуіт» (Мейірім мен достық), «Кептер мен қарға» (Өзара бір-біріне кедергі келтіру), «Қыран мен құзғын» (Әркімге бұйырған тағдырдың тайқы маңдайы.), «Сауысқан» (Басқа пәле тілден), «Торғай мен тышқан» (Әркімнің несібесі өзіне), «Ұлар мен қарға» (Өз басына өзі пәле табу), «Түлкі мен бөдене» (Ойыннан от шығады), «Түлкі мен қораз»/«Түлкіден де өткен қу қаз» (Түлкінің қулығы, қораздың (қаздың) тапқырлығы), «Тырна мен түлкі» (Тырнаның аңқаулығы), «Кептерлер кеңесі» (Жақсылыққа жақсылық әркез бола бермейді. Достықтың да достығы болады.), «Құстар неге сөйлей алмайды» (Өзара келісім мен бірлік жоқтықтан кімде болмасын ұтылады), т.б. ертегілерді жатқызуға болады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан орнитологизмдер қатысқан ертегілердің астарында қоршаған табиғат пен қоғамдық өмір құбылыстарындағы әртүрлі жағдайларды бейнелі және эмоционалды түрде бейнелеу арқылы құс пен адамның ұқсастығы суреттеледі. Қазақ халқы құстарға құс деп қана қарап қоймаған, олардың мінез-құлқына, қимыл-жүрісіне қарап неше алуан ерекшеліктерін байқап, адамдардың мінез-құлықтарын, болмыс-бітімін, іс-әрекетін сипаттау кезінде жануарлар туралы ертегілерді ұтымды пайдалана білген. Мәселен, құстардың қатысуымен жасалған ертегілерде «Сатқындық» - Жапалаққа, «Патшаның қол шоқпары» - Көкжендетке, «Әншілік» - Бұлбұл мен сандуғаш, «Ниеті қараңғылық» - Қарға, жарғанат, құзғынға, «Сақтық» - Сауысқан мен Қырғауылға, «Күштілік, мықтылық» - Бүркітке тән ретінде бейнеленуі тек құс атаулының сипаттамасы емес, оның ар жағында адам өз болмысын өзі құс арқылы тануының тілдік-танымдық суреттемесі жатқандығын көруге болады.

Қорытынды. Орнитологизмдердің қатысуымен жасалған ертегілер – қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірінде өзіндік орны бар. Олар жанры жағынан да, түрі жағынан да рухани мұра, қазақи танымға қатысты танымдық мәтіннің бір түрі, тәрбиенің құралы. Құстардың қатысуымен жасалған ертегі мәтіндерінің алуан түрлі қасиеті оның көркемдік-эстетикалық бітімінде ғана емес, этностың дүниетанымымен, тұрмыс-тіршілігімен, белгілі бір әдет-ғұрыпты ұстану әрекетімен де ерекшеленеді. Мәселен, құстың жаманы мен жақсысы, көріктісі мен көріксізі, сатқыны мен адалы, қуы мен зұлымы, әлсізі мен мықтысы, киелісі мен киесізі, жеуге жарамдысы мен жарамсызы есте жоқ ескі замандардағы ертегілерден бізге аңыз боп жеткен.

Қазақ ертегілеріндегі орнитологизмдер этностың дүниетанымымен байланысты, ұлттық мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің, ұлттық психикалық құрылымдарының көрсеткіші ретінде санауға болады. Қазақ ертегілеріндегі орнитологизмдер «Адам-Құс-Этнос» триадасының тілтанымдық кеңістігінде этностың өмірін, наным-сенімін, дүниетанымын, тұрмыстық мәдениетін тілдік деректер арқылы дәйектейді. Ертегілердегі орнитологизмдердің қатысуы адам өміріндегі тұрмыстық шындықтың ертегідегі бейнесі күнделікті өмірімен сабақтастыққа құрылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984, - 272 б.
- 2 Асылбекұлы С., Тоқшылықова Г. Қазақ повесінің генезисі // Абай ат. ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020.-№ 1 (71).-286-290 бб.
- 3 Қаирбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Дисс... филол. ғыл. канд., -Алматы, 2004, -138 б.
- 4 Раушанов Е. Құстар – біздің досымыз. –Алматы: Жазушы, 2007, - 256 б.

МРНТИ: 16.21.33

Жиренов С.¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘН МӘТІНДЕРІНДЕГІ ОРНИТОЛОГИЗМДЕРГЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ШОЛУ

Аңдатпа

Мақалада қазақ тіл біліміндегі ән мәтіндеріндегі орнитологизмдерді лингвистикалық аспектіде зерттеудің маңыздылығы көрсетілген. Ән мәтіндеріндегі орнитологизмдер этностың әлемді ән арқылы, соның ішінде құстарды қатыстыру арқылы тануының тілтанымдық ерекшеліктері көрсетілген. Ән мәтіндерін түзуші бірліктердің өзара сабақтастығы, ғылымаралық аспектіде қарастырылады. Этностың саналы ғұмырында орнитологизмдер тұрмыстық өмірінде біте қайнасып, этностың тілдік түпсаналық қатпарларын ән болып сақталып, бүгінге жалғасқан. Ән мәтіндерін орнитологиялық аспектіде зерттеу арқылы этностың тілі мен мәдениетінің ерекшеліктері көрсетіледі. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде зор маңызға ие, бүгінде ұлттық болмыс пен танымын танытатын орнитологизмдер арқылы жасалған ән мәтіндері этностың мәдени танымын білдіретін көрсеткіш екендігі баяндалады. Орнитологизмдер арқылы жасалған ән мәтіндері этностың дүниетанымы мен мәдени тұрмысына, салт-дәстүріне, әлеуметтік-қоғамдық факторларға байланысты әлемнің ән мәтіні арқылы жасалған бейнесін жасауға қатысты коннотациялық сипаттағы тілдік бірліктердің тұтастығы лингвистикалық аспектіде қарастырылады.

Түйін сөздер: ән, музыка, сөз, поэзия, мәтін, ән мәтіні, тілдік бірлік, адресат, адресант, этнос, мәдениет, т.б.

*Zhirenov S.*¹

¹ KazNPU of Abay,
Almaty, Kazakhstan

LINGUISTIC REVIEW OF ORNITHONYMS IN TEXTS OF KAZAKH SONGS

Abstract

The article reflects the significance of the study of ornithonyms in the texts of Kazakh songs in a linguistic aspect. Ornithonyms in the lyrics of songs reflect the linguistic features of cognition by the ethnic groups of the world. In an interdisciplinary aspect, the interconnectedness of linguistic units in the lyrics is considered. During the existence of an ethnic group, ornithology has taken root in its daily life, having shaped the cultural life of the ethnic group. The songs of the ethnic group are an important part of its linguistic units, which have not lost their significance to this day. The study of the lyrics in the ornithological aspect reflects the characteristics of the language and culture of the ethnic group. Ornithology takes a great importance in the life of the Kazakh people. Ornithonyms in the lyrics reflect the national identity, their knowledge and culture of the ethnic group. Lyrics, which are rich with ornithonyms, is formed on the basis of social factors through worldview and cultural life, the customs and traditions of the whole ethnic group. The integrity of linguistic units of a connotative nature in lyrics with ornithonyms is considered from the linguistic aspect.

Keywords: song, music, word, poetry, text, lyrics, language unit, addressee, addressee, ethnos, culture, etc.

Жиренов С. А.¹

¹ КазНПУ им. Абая,
Алматы, Қазақстан

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ОБЗОР ОРНИТОЛОГИЗМОВ В ТЕКСТАХ КАЗАХСКИХ ПЕСЕН

Аннотация

В статье отражена значимость исследования орнитологизмов в текстах казахских песен в лингвистическом аспекте. Орнитологизмы в текстах песен отражают лингвистические особенности познания этносом мира. В междисциплинарном аспекте рассматривается взаимосвязанность языковых единиц в текстах песен. За время существования этноса орнитология укоренилась в его повседневной жизни, сформировав культурную жизнь этноса. Песни этноса являются важной частью его языковых единиц, которые не потеряли своего значения и по сей день. Изучение текстов песен в орнитологическом аспекте отражает особенности языка и культуры этноса. Орнитология имеет большое значение в жизни казахского народа. Орнитологизмы в текстах песен отражают национальную идентичность, их познание и культуру этнической группы. Тексты песен, богатая орнитологией, формируется на основе социально-общественных факторов через мировоззрение и культурную жизнь, обычаи и традиции целого этноса. Целостность языковых единиц коннотативного характера в текстах песен с орнитологизмами рассматривается с лингвистического аспекта.

Ключевые слова: песня, музыка, слово, поэзия, текст, лирика, языковая единица, адресат, адресант, этнос, культура и т.д.

Кіріспе. Тіл – лингвистикалық бірлік. Тілдің қоғамдық өмірдегі, коммуникативтік акт кезіндегі, жекелеген тілдік бірліктерді қолдану барысындағы, поэтикалық, эстетикалық, аккумулятивтік секілді мүмкіндіктері жоғары, тіпті шексіз деп те айтуға болады. Осындай орасан мұңдігіне бола этнос мәдениетінде “тілде тиек жоқ, сөзде сүйек жоқ” деп текке айтылмаса керек. Яғни, тілдің мүмкіндігі қаншалықты жоғары болса, сол тілді текелей зерттеуші лингвистика ғылымының да мүмкіндігі жоғары, шекарасы шексіз, өрісі кең. Оған дәлел ретінде тіл біліміндегі көптеген жаңашыл (интеграцияланған) зерттеулер мен тың бағыттар, соны соқпақтар соның айқын айғағы.

Әдістеме. Қазақ тіл біліміндегі күрделі ұғымды бойына жинақтаған категориялардың біріне мәтін жатады. Мәтін – тілдің әлеуетін танытушы күрделі категория. Мәтіннің күрделі болатындығы, мәтін өзіне дейінгі тілдік бірліктердің барлығын бойына жинақтаған макроқұрылым. “Мәтін – сөйлеудің әр түрлі формаларына қолданыла береді. Сонымен қатар мәтін лингвистикасында бұл терминді макро және микромәтіндерді сипаттау үшін де қолдану үрдісі қалыптасқан. Солай болса да, ғалымдардың көпшілігі мәтін деп белгілі бір тәртіппен құрылған, ұйымдасқан сөйлеуді түсінеді. Демек, жүйелі байланыстардың негізінде құрылатын мәтіннің берілу жолдарының өзі әр түрлі болады. Сондықтан мәтін жазбаша әрі ауызша формада, монолог әрі диалог түрінде кездеседі және кез келген мәтін қандай формада көрінсе де, қатысым қызметін атқарып хабарды жіберуші (адресант) мен хабарды қабылдаушының (адресат) бірлігінен тұрады” [1, 11]. Яғни, мәтін – көп аспектілі, әмбебап лингвистикалық категория. Мәтін – тілге тән құбылыстардың бәрін бойына сіңірген, мағыналық қатпары терең, қолданыс өрісі кең, әмбебаптық сипаты басым, ғылым аралық мазмұнға ие бірлік.

Лингвистикадағы мәтін мәселесі бұл күндері өз алдына дербес ғылым саласы. Тілтанымда «Мәтін лингвистикасы» деген ғылымның пайда болып орныққанына, тіпті филологиялық мамандықтарда арнайы пән ретінде жүргізілуінің өзі көп нәрседен ақпар береді. Мәтін мәселесі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғылым салаларының барлығына тән. Мәселен, филология ғылымының бір арнасы әдебиеттану ілімінде мәтінді «мәтінтану», «текст», «текстология» «түпнұсқа» тұрғысында қарастырса, журналистикада «контекст», «мәнмәтін», «мәтін бөлшегі» ретінде қарастыру мәселесі басымдыққа ие. Тарих ғылымында мәтін «дерек», «дереккөз», «деректану», «дерекнама» ретінде қарастырылса, өнертану ғылымында «біртұтас бірлік» ретінде қарастырылады. Біз бұл зерттеуімізде мәтіннің мағыналық бөліктерінің бір түрі, ән мәтіндеріндегі орнитологизмдер қолданысының лингвистикалық аспектісін арнайы қарастыруды мақсат еттік.

Ән мәтіндері – филология мен музыкаға ортақ мәселе. Филологиялық кеңістікте әйгілі неміс ақыны Г.Гейнениң “Музыка начинается там, где заканчивается слова” (Сөз (поэзия) біткен жерден, музыка басталады) – деген сөзі кең тараған. Г.Гейнениң бұл сөзін әдебиетшілер де, ақындар да,

музыканттар да, жалпы көпшілік орта кеңінен қолдайды. Ән мәтінін лингвистикалық тұрғыдан арнайы қарастыру арқылы, этностың, халықтың, жалпы адамзат мәдениетінің рухани әлемінің тілдік синэргетикасын танытуға болады. Бұл жерде біз осындай мәселенің атын атап, көпшілікті құлақтандыра отырып, орнитологиялық бірліктердің ән мәтіндеріндегі қолданысын лингвокогнитивтік аспектіде қарастырамыз.

Ән – музыка өнерінің категориясы болса, ал оның мәтіні, яғни “ән мәтіні” – поэзияға (сөзге) жататындықтан, филологиялық категорияға болып табылады. Ал, музыка дегеніміз – ән, әуен ретінде ұғынылады. Музыканың энциклопедиялық анықтамасында “музыка (гр. *μουσική*, тура мағынасында музалар өнері) – белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі. Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады” – деп, түсіндіріледі [2].

Нәтижелер. Ән мәтіні туралы мәселені сөз еткенде, ән мен сөздің (поэзия) бірлігі деген мәселе көтерілетіндігі анық. Ән бар жерде сөз (поэзия) бар. Демек, ән сөзден (поэзиядан) тұрады. Екеуі тұтасып келіп ән мәтінін құрайды. Әдетте, «ән – ең кең таралған музыкалық шығармалар жанры, музыка мен поэзия өнерлерінің ортақ туындысы. Ән мазмұнына қарай (азаматтық, ревалюциялық, лирикалық, еңбек, әзіл, т.б.), шығу тегіне байланысты (халықтық, авторлық, қалалық, әскери, балаларға арналған, діни, т.б.) және орындалуы мен құрылымына байланысты (жеке дауысты, көп дауысты) болып бөлінеді. Әуендік-интонациялық, орындаушылық мәнер-нақышы және шырқау ерекшелігіне сай қазақ әндері Арқа әндері, Жетісу сазы, Батыс Қазақстан мектебі, Алтай әуені, Сыр бойы мақамы тағы басқа болып айқындалады. Халқымыздың ән шығармашылығы негізінен домбыра аспабының сүйемелдеуімен дамыған. Тақпақ-сазды екпіндегі нөсер терме, желдірме-толғаулар және кең тынысты созып айтатын көтеріңкі әндер көбіне халықтық әндерге тән. Қазақстанның кәсіпқой композиторларының әндеріне өмірдегі сан-алуан тақырып арқау болған» [2]. Ал сөз, яки «поэзия (гр. *poiesis, poieo* – жасаймын, тудырамын) – өлең үлгісіндегі әдеби туындылар. Поэзия сөздің ырғақтық құрылысына, ұйқасына негізделеді. Поэзиялық шығармаға сезім күйі, әсерлілік тән, ал прозалық туындыларда баяндау, бейнелеу жағы басым келеді. Поэзияның көркемдік сипаты мен бейнелеу құралдарын, тілдің ырғақтық, интонация байлығын қолдануында елеулі өзгешеліктер бар. Поэзиялық шығармаларға тән айрықша қасиет – өмір құбылыстарын терең эмоциялық сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем бейнелеу. Алайда поэзияда адамның ой-сезімі әдейі сырттай көркемделмейді, әдебиет пен өнердің басқа салаларындағы көркемдік, бейнелілік ойлау жүйесіне, сезім дүниесіне тән. Ой-сезімнің бейнелілігі шығарманың көркем пішініндегі әр алуан өзгешеліктердің тууына негіз болады. Поэзия ұғымы тарихи тұрғыдан ерте қалыптасқан. Қай халықтың әдебиетін алсақ та, поэзиясы ерте заманнан дамып өркендеген» [2]. Бұдан шығатын қорытынды ән мен сөз (поэзия) егіз ұғым. Ән мен сөз (поэзия) бірін-бірі толықтырып, адамның көңіл-күйін білдіретін, сезімге әсер ететін синтезделген бірлік.

Талқылау. Ән де сөз (поэзия) де бұрыннан бар рухани мұраның мұрындығы іспеттес мұралар. «Ән – өлшеуіш, өлең күміс, Қоспасаңыз мыс аралас. Артық алу, не кем салу, Қапы қалу жарамас» – деген Шәкәрім қажы жырына басқа жағынан келетін болсақ, ән мен өлеңнің әдемі үйлесімі, жұп-жұмыр ән мәтініне арқау болатындығын көрсетеді. Ән мен сөз бәлкім өлең мәселесі сонау Аристотель мен Платон заманынан бастап, арнайы зерттеуге тірек болған. Әнді әдетте музыка деп жатамыз. Осындағы музыка терминінің терминдік аталымының өзі ежелгі грек мифологиясындағы тоғыз құдай әйелдерді белгілеп, «музалар өнері» деген грек сөзінен шыққандығының өзі музыканың есте жоқ ескі замандардан бастау алатындығын көрсетеді.

Ән мәтіні бүгінгі күннің ғана мәселесі емес. Ол өткен заманның да басты мәселелерінің бірінен саналған. Әрине ол Хакім Абай айтқандай «есті ән» болса, қай уақытта болмаса күн тәртібіндегі басты мәселе болып қалары анық. Өлемнің екінші ұстазына баланған әл-Фарабиде ән мәтіні (музыка) қоғамдық ортадағы руханият кеңістігінің басты мәселесі болғандықтан да арнайы «Музыка және поэзия туралы трактатын» жазса керек. әл-Фараби ән (Музыка туралы үлкен кітап) мен сөзге/поэзияға (Поэзия өнерінің канондары туралы) жеке-жеке тоқтала келе, екеуінің маңыздылығы адамның жан азығы екендігін көрсеткен болатын. Яғни, сол заманнан бері ән мен сөз өнер биігінен көтеріліп, арнайы ғылым ретінде, қала берді мамандық ретінде қарастырылуда. Өлемдік музыка мен поэзияның бір бөлшегі сөз жоқ қазақ поэзиясы мен музыкасы десек артық айтқандық емес.

Қазақ музыкасы мен поэзиясы бұл күндері классикалық деңгейдегі іргелі ғылым салалары. Қазақ музыкасын зерттеуде А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні», «Қазақтың 500 әні мен күйі», Р.А.Пфенигтің «Музыкальные инструменты народов Среднии Азии Казахстана», А.Жұбановтың

«Замана бұлбұлдары», «Ғасырлар пернесі», Б.Ерзаковичтің «Песенная культура казахского народа» атты еңбектерінде арнайы қарастырылған қазақ музыкасы, М.Ахметова, А.Темірбекова, Б.Ж.Аманов, Ә.Мұхамбетова, Б.Қарақұлов, С.Еламанова, Г.Омарова, Б.Тұрмағанбетова, А.Күзеубай, т.б. секілді зерттеушілердің еңбектерінде әртүрлі аспектіде өз жалғасын табууда. Ал ән мәтіні саналатын қазақ поэзиясын зерттеуде алаш ардақтылары А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаметұлы, С.Сейфуллин, Б.Кенжебаевтардың еңбектерінен бастап, М.Ғабдуллин, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Ә.Кекілбаев, Р.Нұрғали, Қ.Өмірәлиев, Ә.Нарымбетов, М.Базарбаев, С.Әшімбаев, З.Серікқалиев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, С.Қасқабасов, Ш.Елеуқенов, Б.Майтанов, С.Негимов, Б.Кәрібаева, А.Егеубаев, Т.Шапай, А.Ісмақова, А.Шәріп, С.Ержанова, т.б. секілді бірнеше буынның зерттеулерінде жан-жақты қарастырылып, сөз өнерін (поэзияны) зерттеуді биік шыңға көтергендігі анық. Қазақтың ән өнері мен сөз өнерін зерттеу ісі бұл күндері жолға қойылған, өзіндік дәстүрі бар, үлкен ғылыми мектептердің аясында әртүрлі аспектіде қарастырылуда.

Қазақ халқы үшін «ән – көңілдің ажары» болса, «өлең – сөздің патшасы» саналады. Қазақ әндері тақырыптық атаулары мен мазмұны жағынан, жанрлық түрлері мен мақамы жағынан өте бай. Біз бұл зерттеуімізде ән мен сөзге тірек болған орнитологизмдердің тілдік қолданысының танымдық кодын ашуды арнайы қарастыруды мақсат еттік. Қазақ ән мәтіндерінің біраз бөлігіне құстар әлемі тақырыптық және мәтіндік жағынан негіз болған. Орнитологизмдер қазақтың қара өлеңінен бастап, классикалық поэзиясына дейін тірек болған. Құстардың өлең болып өрілуі бір басқа да, ән болып әуелеуі екінші басқа мәселе. Бұл екі мәселеде біздің зерттеуімізге негіз болған өзекті тақырыптардың бірінен саналады. Алайда біз бұл жерде құстар әлемінің ән болып қалықтауын арнайы қарастырамыз. Қазақ ақындары мен композиторлары ән мәтінін жазуда құстар әлеміне ерекше тоқталып отырған. Ал бұл дегеніміз орнитологизмдердің қазақ мәдениеті мен руханиятындағы орнының ерекше екендігін көрсетеді.

Қазақ руханиятының ән кеңістігінде құстар әлеміне өзінше орын берілген. Көптеген ән мәтіндері құстардың қатысуымен жасалып, ән болып әлемді шарлаған. Қазақ халық музыкасының қайнары бұл күндері авторы ұмытылған, халықтық сипат алған халық әндері болып табылады. Халық әндерінің біразы орнитологизмдер арқылы жасалған. Демек, халық әндерімен бірге жасасып келе жатқан орнитологизмдер «Құс пен ұлттың» ертеден-ақ бірлесіп кеткендігін көрсетеді. Орнитологизмдер арқылы жасалған халық әндеріне «Саядағы бұлбұл-ай» (Халық әні), «Ақ Сұңқар» (Халық әні), «Балапан қаз» (Халық әні), «Бозторғай» (Халық әні), «Бұлбұлым» (Халық әні), Сырдың «Қара торғайы» (Халық әні), т.б. әндерді жатқызамыз. Бұл әндер сонау ерте кезден бастап, күні бүгінге дейін этностың ән кеңістігінен түскен емес. Бәлкім халық әнінің халықтық сипаты да осындай өлмес-өшпес қасиетінде жатқан болар.

Халық әндерінен кейінгі орнитологизмдер қолданысы халық ақындары мен сал-серілерінің шабытына шабыт қосып, көптеген орнитологизмдерге негізделген ән мәтіндері өмірге келген. Қазақ руханиятындағы есімдері елге кеңінен танымал ақындар мен сал-серілердің орнитологизмдер арқылы жасалған ән мәтіндері бұл күндері дәстүрлі ән өнерінің алтын діңгегіне айналған. Мәселен, Ақан Серінің «Қараторғайы» мен «Көкжендеті», Кененнің «Бозторғайы», Үкілі Ыбрайдың «Қараторғайы», Біржан салдың «Көкегі», Садықожаның «Ақ қаз едің», Әсет Найманбайұлының «Қоңыр қазы», Естайдың «Сандуғашы» секілді туындылар этностың дәстүрлі ән өнерінің классикалық биігі ретінде саналады. Аталған туындылардың әні мен сөзі өзара үйлесім тауып авторларының орындауы арқылы халық жадында күні бүгінге дейін жатталып қалған. Бұл туындылардың мәтіні тілдің орасан мүмкіндігін «ән-сөз-әнші» үштігінің үйлесімі арқылы тыңдарманның жүрегіне жол тапқан. Ал оның жол табуы тек ондағы үштіктің үйлесімі емес, тілдің көзге көріне бермейтін танымдық иірімінің этноқауымдастықтың когнитивтік санасындағы орнығуына тікелей байланысты. Яғни, ғылыми кеңістіктегі «мәтін – таңбалық бірліктердің белгілі бір мәнді білдіру үшін біріктірілген жиынтығы. Оның негізгі қасиеттері: байланыстылық, тұтастық, аяқталғандық т.б. болып саналады. Ғылыми әдебиетте мәтін түрліше түсіндіріледі. Семиотикада мәтін кез келген таңбалардың қандай да мән жүктелген жиынтығы» болып табылады [3, 51]. Ал бұдан шығатын түйін орнитологизмдер арқылы жасалған қазақ ән мәтіндері жай ғана таңбалық бірліктердің жиынтығы ғана емес, өзіндік сазды танымдық мәдени кодқа ие, сюжеттік оқиғаға құрылған, композициялық иірімі күрделі категория болып табылады.

Дәстүрлі ән мәтіндерінен кейін бүгінге жеткен, орнитологизмдер тірек болған заманауи ән мәтіндері жанрлық-тақырыптық тұрғыдан дами түскен. Орнитологизмдердің заманауи ән мәтіндеріне арқау болған туындыларға төмендегідей шығармаларды келтіреміз. Мысалы: **Аққуға** қатысты:

«Аққуым» (С.Жиенбаев, М.Маңғытаев), «Аққу арман» (Қ.Бұғыбаева, Қ.Мәлібеков), «Аққу арман» (К.Салықов, Ж.Ысқақ), «Аққу арман» (А.Шәмшиединова, Ә.Ақниязов), «Аққу - арман» (Ш.Сариев, Т.Мұхамеджанов), «Жалғыз аққу»/Жылжиды аққу (К.Салықов, Ж.Әлімханов), «Аққулар, қош болыңдар!» (М.Мақатаев, Т.Шапай), «Ақсудан ұиқан аққуым» (М.Шаханов, Ш.Қалдаяқов), «Сыңар аққу болмайды» (Қ.Жүнісов, Қ.Баекенов), «Аққу - домбыра» (Ә.Әбдінұров), «Қаздар қайтып барады» (Т.Молдағалиев, Т.Базарбаев), «Сары ала қаз оралды» (М.Мақатаев, А.Қоразбаев), т.б.; **Бозторғайға** қатысты: «Бозторғай» (Ә.Асылбеков, А.Қоразбаев), «Бозторғай» (С.Жиенбаев, Д.Ботбаев), т.б.; **Бұлбұлға** қатысты: «Бұлбұл» (С.Мұқанов, Л.Хамиди), «Сайра Бұлбұл» (Т.Жароков, М.Ержанов), «Таң бұлбұлы» (С.Жиенбаев), «Бұлбұлым» (Б.Беделхан, Д.Сердалин), «Бұлбұл құс» (А.Рабжан), т.б.; **Балапанға** қатысты: «Балапан» (Р.Әлқожа), т.б.; **Көгершінге** қатысты: «Көгершін» (Жаяу Мұса), «Ақ көгершін» (Н.Баймұхамедов, А.Жұбанов), т.б.; **Қарлығашқа** қатысты: «Қарлығаш» (И.Мақатов, А.Жұбанов), «Қос қарлығаш» (Б.Ауданбаев, Н.Еспанов), т.б.; Жалпы **құстар** туралы: «Құстар қайтып барады» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев), т.б.; **Қасқалдаққа** қатысты: «Қара бауыр қасқалдақ» (Е.Раушанов, І.Аманов), т.б.; **Тоты құс** туралы: «Тоты» (Ә.Найманбайұлы), «Тоты құс» (Ү.Есдәулет, М.Жолдасбеков), т.б.; **Шағалаға** қатысты: «Шағала» (А.Дүйсенбі, Ұ.Жолдасов), «Ақ шағала» (Ә.Асылбеков, Қ.Жүнісов), «Ақ шағала» (Ә.Смайыл, Б.Үсенов), «Адасқан Шағала» (М.Мақатаев, А.Асанов), «Ақ шағала» (Н.Шәкенов, Н.Тілендиев), «Ұшты менің көңілімнен шағала» (А.Байғожаев, Б.Жұманиязов), «Арман шағала» (Д.Қалмырзаев, Ұ.Жолдасов), т.б.

Қорытынды. Жоғарыдағы мысалдарда көрсетілгендей орнитологизмдер арқылы жасалған ән мәтіндеріне Аққу (Қаз), Бозторғай, Бұлбұл, Балапан, Көгершін, Қарлығаш, Қасқалдақ, Тоты, Шағала, т.б. құстар қатысатындығын байқауға болады. Аталған құстар этностың психикалық жан әлемі мен сезім күйіне өте жақындығын көрсетеді. Жалпы этнос мәдениетіне мен тұрмысына етене жақын құстардың көп болғанымен, ән мәтінінен олардың таңдаулысының ғана қатысатын болған. Жоғарыда көрсетілген кестеге сәйкес ән мәтіндеріне тірек болған құстар мен ән мәтіндерінің саны көп те емес, аз да емес ұлт мәдениетіне жеткілікті екендігін көрсетеді. Солардың ішіндегі Аққу мен Шағалаға қатысты ән мәтіндерінің жиілігі махаббат лирикасының басым қолданыста екендігін көрсетсе, Бұлбұлдың әншілігі, Бозторғайдың шарасыздығы, Көгершіннің бейбіт сүйгіштігі, Қарлығаштың қайырымдылығы, Қасқалдақтың қадірі, Тотының тордағы күйі лирикалық кейіпкер ретінде алынып, тілдің эмоционалды-экспрессивтік қызметі арқылы сезімнің қылын шертетін ән болып өрілген.

Орнитологизмдер арқылы жасалған ән мәтіндерін кешенді түрде бірнеше ғылым салаларының (өнертану, музыка, мәдениеттану, этнология, филология, т.б.) тоғысында зерттеу қажеттігі туындайды. Орнитологиялық ән мәтіндерін салааралық аспектіде зерттеу арқылы, мәтіннің мазмұнын, мағынасын, мағына астарын, мәдени семантикалық кодын, когнитивтік семантикасын тануға болады. Орнитологиялық ән мәтіндері этностың дүниетанымдық әлемін, табиғатпен байланысын, құстармен қатынасын, «құс пен адамның» арасындағы көзге көріне бермейтін коммуникация ән арқылы жүзеге асатындығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. - Орал: «Ағартушы», 2008. - 148 б.
- 2 <https://kk.wikipedia.org/>
- 3 Есенова Қ., Сүйерқұл Б. Прагмалингвистикалық ұғымдық аппаратындағы негізгі бірліктер // Абай ат. ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020.-№ 1 (71).-49-53 бб.

МРНТИ 811.512.122:39

Орынбаева Д. ¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Аңдатпа

Тілді адамның әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениеттен, тарихтан тыс қарапайым таңбалық жүйе деп қарастыру ол туралы түсінікке кереғар әсер етеді және оны зерттеудің мүмкіндіктерін шектейді. Демек, тіл, көнеден айтылып келе жатқандай, таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет, сондықтан да ол – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. “Мәдениет” жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым. Мақалада мәдениет пен тілдің, мәдениет пен символдың арақатынасы туралы сөз болады. Мәдениеттің екі қыры, яғни материалдық және рухани мәдениет болатыны белгілі. Осыған орай, қазақ халқының материалдық мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын ұлттық киім (бас киім) үлгілерінің символдық мәні айқындалды. Символдың ұлт мәдениетін бойына сақтаған ұлттық код ретіндегі сипаты ашылды.

Түйін сөздер: тіл, мәдениет, материалдық мәдениет, символ, ұлттық киім, ұлттық таным

Orynbayeva D. ¹

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

SYMBOLIC SIGNIFICANCE OF MATERIAL CULTURE

Abstract

Consideration of language as a simple symbolic system outside of culture and history, which includes human social life, contradicts the notion of it and limits the possibilities of its study. Therefore, language, as it has been said since ancient times, is not just a system of symbols, it is a culture that supports this system, so it is a great heritage of every nation, a historical achievement of the nation. “Culture” is a very complex concept, which begins with the characteristics of the individual and includes the entire national mentality, national consciousness, worldview, traditions, spiritual and material wealth, formed over the centuries. The article deals with the relationship between culture and language, culture and symbol. It is known that there are two aspects of culture, material and spiritual. In this regard, the symbolic meaning of national costumes (hats), which are part of the material culture of the Kazakh people, was determined. The character of the symbol as a national code that preserves the culture of the nation was revealed.

Keywords: language, culture, material culture, symbol, national dress, national identity

Орынбаева Д. ¹

¹*КазНПУ имени Абая,
г.Алматы, Казахстан*

СИМВОЛИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

Рассмотрение языка как простой символической системы вне культуры и истории, которая включает в себя общественную жизнь человека, противоречит его понятию и ограничивает возможности его изучения. Поэтому язык, как говорили с древних времен, это не только система символов, но и культура, поддерживающая эту систему, и следовательно, это великое наследие

каждой нации, историческое достижение нации. “Культура” - это очень сложное понятие, которое начинается с характеристик личности и включает в себя весь национальный менталитет, национальное сознание, мировоззрение, традиции, духовное и материальное богатство, сформировавшееся на протяжении веков. В статье рассматриваются взаимоотношения культуры и языка, культуры и символа. Известно, что есть два аспекта культуры: материальный и духовный. В связи с этим было определено символическое значение национального костюма (шляпы), являющегося частью материальной культуры казахского народа. Раскрыт характер символа как национального кодекса, который сохраняет культуру нации.

Ключевые слова: язык, культура, материальная культура, символ, национальная одежда, национальная идентичность

Кіріспе. Қазіргі тіл біліміндегі антропоэзеттік бағыт белгілі бір ұлттың ұлттық ерекшеліктерін, ұлттық болмысын, ғасырдан-ғасырға қалыптасқан ұлттық мәдениетін тіл арқылы зерттеуге ерекше мән береді. Себебі “Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазысқан жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады” [1, 24]. Қандай да бір ұлтты өзге ұлттан ерекшелеп тұратын факторлар: оның тілі мен мәдениеті.

“Мәдениет” деп жеке адамның тіршілік әрекетіндегі табыстарының өркендеуін, яғни алға басуын айтамыз”, - дей отырып, С. Мұқанов мәдениетті екіге бөліп қарастырады: “Мәдениет екі саладан өрбиді: материалдық және рухани. Материалдық мәдениетті Абайдың тілінде – “тән азығы” деп, рухани мәдениетті – “жан азығы” деп те атайды. Олай атау дұрыс та, өйткені материалдық мәдениет жеке немесе қоғамдық тіршіліктің қажетіне керек” [2, 37]. Демек, кез келген мәдениет адам еңбегінің нәтижесінде қалыптасады. “Еңбек етсең, емерсің”, “Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей”, “Еңбектің наны тәтті” деген халық даналықтары да осы ойды нақтылайды. Сонымен қатар, зерттеуші, ғалым М.С.Атабаеваның: “Мәдениет – адам әрекетінің жиынтығы, оның қорытындысы, еңбек пен тәжірибе арқылы жинақталған рухани әлем, өнер арқылы танылған қабілетінің тілдегі заттанған бейнесі. Ол халықтың мінез-құлық, дүниетанымының айнасы ретінде сөз мағынасынан көрінеді” [3, 74], - деген пікірі де осы тұжырымды растайды.

Әдістеме. Жоғарыда атап өткендей, мәдениет екіге бөлінеді: материалдық және рухани. Материалдық мәдениет – адамның заттық пішінге түскен руханилығы. Яғни, адамның өмір сүруіне қажетті және бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелеп тұратын тұтынатын заттары: киген киімі, ішкен тағамы, салған ғимараттары, ескерткіштері, тіпті ыдыс-табағына дейін. Мысалы, сақ дәуірінің мұрасы болып табылатын “алтын адам” киімі арқылы сақтардың алтынға бай болғанын көреміз. Сол сияқты қазақ тіліндегі жабағы, түйе жүн шекпен, түйенің шуда жүні, боздақ бөстек, киіз етік, түбіт шәлі, қыл арқан, текемет, мамық жастық т.б. тіркестерден қазақтың мал шаруашылығымен айналысқанын және материалдық мәдениеті де мал өнімдеріне бай екендігін көруге болады.

Әр мәдениетте дүние, қоршаған ортаға деген сан қилы көзқарас, түсінік қалыптасады. Себебі, әр мәдениет заманына, діліне, моральдік нормаларына қарай адамға, өмір-өлімге, адамның іс-әрекетіне, сұлулыққа тағы да басқа әр халықтың басында бар негізгі құндылықтарға байланысты өзінің көзқарас жүйесін қалыптастырады. Міне, осы көзқарастың көрінетін, таралатын, сақталатын құралы – тіл. Мұны А.Байтұрсынұлы: “тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі” [1, 22], - деп жазды.

Әлемдіклингвистикалық ой-тұжырымдарда этнос тілінің ұлттық мәдениетпен тығыз байланыстылығы, ұлт мәдениетінің сол этностың тілінде сақталып, дамып, болашақ ұрпаққа жеткізілетіндігі туралы идея атақты ғалым В.фон Гумбольдтың: “Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрініс табады” деген белгілі концепциясынан бастау алады. Ғалым пікірінше мәдениеттің екі түрі – материалдық және рухани мәдениеттер ізі халық тілінде сақталады: мәдениет – ұлт нышанын танытып, тілде өз жүйесін табады; тіл – адам мен табиғатты жалғастырушы күш; мәдениет пен халықтық рух – тілдің ішкі формасына тән [4, 30].

Мәдениет танымның жемісі болғандықтан тіл оны бірліктер арқылы жарыққа шығарып таңбалайды. Тіл – таңба.

Рухани мәдениеттің тілдегі көрінісін ашуда символдардың рөлі үлкен және өте маңызды, себебі ол адамның іс-әрекетінің бағдарламасы және моделі тәріздес. Этномәдени нормаларға сай келетін символдар күллі этносқа тән жалпы мінез-құлық, тәртіп пен әрекетті анықтайды.

Белгілі бір этномәдени ортадағы өмір сүру жағдайы, эстетикалық норма, тұрмыстық дағдылар, пайымдаулар, этникалық көзқарас, жергілікті культ пен дәстүрлік тәжірибе – ғасырлар бойы

қалыптасқан бай “мәдениет тілі”. Мәдениет тілі – этномәдени әрекеттердің объективті және субъективті факторлары және ұлттық сана-сезімді айқындайтын генезис деп анықталады. Мәдениет тілін құрайтын таңба – символдар жиынтығы. “Мәдениет тілінің” мұндай дәстүрлі өзіндік құрылым элементтеріне кеңістікті бағдарлау, тұрғылықты жерді жоспарлау, тұрғын үй және оның ішкі жабдықтары, тағамның кейбір түрлері және оны жіктеу, киім т.б. жатады.

Нәтижелер. Мұндай ерекше мазмұнды, көлемді мәтіндерді қысқа да нұсқа түрде сақтап жеткізе білу қасиеті символда сақталған. Яғни символға біздің көзқарасымыз мәдениет шегінде қаралады. Бұл көзқарас бойынша символ кез келген мәдениетке тән құбылысқа жатады. Символ әртүрлі мәдениет контекстінде кодтала отырып, оларда әртүрлі мәнге ие болады. Біздің түсінігімізде символ өз мазмұнымен (мәдени хабарды беретін) сәйкес келеді. Мәдениет – бір жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен символдар. Ю. М. Лотман символдың мәдениеттегі қызметін көрсете келе, “символ – мәдениет ескерткіші” деген баға береді.

Кез келген символды талдап, түсіну барысында біз тек символдың өзімен кездеспейміз, оны жасаған бір ғана тұлға емес, тұтас халықтың дүниетанымынан хабардар боламыз. Бұл туралы Э.Спирова: “Образ всегда имеет автора. Базовые символы носят анонимный характер, они являются продуктами коллективного бессознательного. В этом смысле можно говорить о символах как кристаллизации опыта всех поколений, прошедших по земле. Такой глубиной образ, как правило, не обладает. У него есть создатель” [5, 214], -деп символдың халықтың ой елегінен өтіп барып жасалатынын, авторы болмайтынын көрсетеді. Мұның өзі символ арқылы сол халықтың мәдени бейнесімен танысуға алып келеді. Мысалы, қазақ халқының негізгі шаруашылығы – мал шаруашылығы екенін оның киген киімінен, қару-жарақ, ыдыс-аяқ т.б. материалдық мәдениетінің кішкене бөліктерінен-ақ және тіршілік ету қағидаттарынан, тұрмыс-салт жырларынан, тәлім-тәрбиесінен айқындалады.

Мәдени символдар – бұлар “мәңгілік ақиқатты” көрсету үшін қолданылған және осы уақытқа дейін қолданылатын символдар (әрине, барлығы дерлік емес). Бұл символдар көп өзгерістерді бастан кешірді. Осының негізінде ұжымдық санадағы образдарға айналады. Сондықтан архетиптік сипаттағы мұндай мәдени символдар өздерінде құпиялықты, құдіреттілікті сақтаған [6, 276]. Басқаша айтқанда, архаикалық және дәстүрлі заттың мәдени мәнділігі мен құндылығы қазіргіден қарағанда жоғары болған. Барлық уақытта заттарға қойылатын әмбебап практикалық талаптардан басқа, олар сонымен бірге ұлттық дәстүрлі қажеттіліктерді қамтамасыз етуі қажет етіледі. Бұл жағдайда кез келген дәстүрлі тұрмыстағы материалды нысана өзінің негізгі қызметімен қатар, ерекше этностық ерекшеліктер мен сипаттардың тұтастығын құрады. Мәселен, қазақтың киіз үйі бір ыңғайда зат және белгі болып табылады. Киіз үй қазақ халқының көшпелі тұрмысын айғақтайтын бір белгі. Сол арқылы ұлттың өмір сүру салтынан хабар алуға болады. Бұл тұста киіз үй материалдық мәдениет бөлшегі ретінде ғана емес, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрімен, рухани өмірімен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастырылады. Сол сияқты қазақ халқының терең тамырлы ақыл-ойының, өмірлік тәжірибесінің, ұлттық тәрбиесінің, наным-сенімінің көрінісін байқататын киімге байланысты атаулардың символдық мәніне назар аударайық.

Талқылау. “Халықтың өмірінен тіл арқылы көрініс беретін тағы бір материалды тобы – ол киім атаулары. Ата-бабаларымыздың ұлттық ерекшелігін танытатын, мәдениетінің өркендеу дәрежесін көрсететін киім-кешек атаулары тілімізде өте көп. Және олар өз ішінен қолданыс түрлеріне, жынысқа, әлеуметтік ортаға және жасқа деген сияқты бірнешеге жіктеледі” [7, 102], - деп С.Аманжолов киім атауларының ұлттың болмысын танытудағы рөліне баға береді.

Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі ел қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасты. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық киімдер қазақ этносы көшпенді өмір салтын ХІХ ғасырға дейін сақтап келген халықтардың бірі болғандықтан, көшпенді өмір салтына ыңғайлы функционалды және эстетикалық құндылықтарын өз бойына сақтап қалды. Қазақ халқының эстетикалық талғамы мен дүние болмысты қабылдауы ерекше көрінетін киім түрлерінің бірі – бас киім.

Бас киім - жоғарғы сакралды әлемдегі рухтар мен ата-бабалар аруағы шекараласатын бөлік деп саналған. Сондықтан да бас киім үйдің құты мен берекесі, басқа қонған бақтың (тұрағы) деп есептеледі. Ислам дінінің келуімен Тәңірге, тағдырға жазмышқа сенетін қазақтың түсінігінде адамның осы дүниеге келген сәттен бастап, арғы дүниеге кеткенге дейінгі тағдыры маңдайына

жазылады. Бұл – бас киімді ерекше қадірлеуінің бір себебі. Себебі бас киімді ауыстырып кесе немесе оны жерге тастаса, адамның тағдыры өзгеріп, ауысып кетуі мүмкін деген ұғым қалыптасқан.

Бас киім – үйдің құты мен берекесі, басқа қонған бақтың “тұрағы”. XIX-XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың ұлттық киімдерін зерттеген И.В.Захарова мен Р.Р.Ходжаева қазақ халқының адамдарының бас киімдерін төмендегідей түрлерге бөледі:

1. Дөңгелек, жеңіл, сырып, кестелеп матадан тіккен және қалпақ, тымақ астынан киетін кішігірім бас киім – тақия;

2. Мақтадан тігілген кішкентай, етегі терімен көмкерілген бас киім – төбетей;

3. Киізден тігілген бас киім – қалпақ;

4. Қалың матадан тігілген басшылық – “Күләпара”;

5. Тері қапталған жылы бас киім – бөрік;

6. Ат терісінен жасалып суықта киілетін бас киім – тымақ [7, 56].

Аталған бас киімдердің ішінде символдық мәнге ие болып, ерекше қадірленген түрлері – тымақ пен бөрік.

Тымақ – қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды, аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Ел арасында: “Шала туып, тымаққа салып өсірген екен”, – деген сөздер жиі естіледі. Қазақта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлеуге, ұстауға ыңғайлы болады. Қазақтар баланы көп жасаған, даңсалы қария, киелі адамдардың тымағына салады. Тымақтан кейін басқа кимей сақтап қояды. Қазақ балаға тәрбиені тереңнен ұғындырған. Тымаққа жатқан сәбиге жыраулардың өнегелі сөздерін сіндірген. Шала туған сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан, күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы: қырық күн кем болса, керегенің қырықшы басына бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Егер бала қыста туса, онда үй қабырғасына шеге қағылып ілінеді. Бұл да тымақтың қадыры мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі деп түсіну керек. Бұл үрдіс бүгінде “тымаққа салу” салты ретінде нормаға айналған.

Сонымен қатар, тымақ – сыйластықтың символы. Қазақта біреуге бас ұрғанда аяғына тымағын тастайтын әдет бар. “Тымақ ұру” немесе “Тымақ тастап кешірім сұрау” бітімге шақырудың ең үлкен көрінісі немесе айыпкер жағының беделді адамдары мен жасы үлкен, жөн білетін ақсақалдарының құныкердің ауылындағылардың алдына барып “Білместік, оқыс кездейсоқтық іс болды, кешірі!” деп өтінген кезде ортаға ең үлкен ақсақалы баскиімін тастап сөзге, мәмілеге шақырады. Қызды алып қашу үрдісінде қыз жағының “аяғына жығыла” барған кездейсоқ құдалар да бас киімін жерге, алдына тастайтындығы тағы бар.

Бөрік – ұлттық бас киім ішіндегі ең әдемісі саналған. Бөрікті қазақ жылдың қоңыр салқын, аумалы-төкпелі кезеңдері – көктем мен күзде киген. Өйткені ол киіп жүруге әрі жылы, әрі жеңіл. Бөрік үшін міндетті түрде қымбат тері қажет. Қазақта бөріктің атауларын қандай аң терісінен тігілгеніне қарай атау дәстүрі бар. “Сусар бөрік”, “Құндыз бөрік”, “Кәмшат бөрік” деген атаулар содан қалған.

Бөрік – көне сөз, “бөрі” – қасқыр деген сөзден шыққан. Қасқыр – түркі тайпаларының ежелгі тотемі. “Сені бөркіңнен, даусыңнан таныдық” – деген сөйлемдегі “бөрік” сөзі – қазақтың ұлттық бас киімі. Бөріктің қазақ халқы үшін қасиетті зат болып саналуының себебін Ә.Б. Алмауытова “Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты” атты еңбегінде былай түсіндіреді. “Бөріктің қазақ халқы үшін этникалық құндылығы мынада: сыпайылық көреткенде, не біреудің аяғына жығылып, кешірім өтінгенде, бөрікті шешіп, оның аяғының астына тастап, кешірімін алған. Міне, осыдан бөріктің қазақ халқы үшін қастерлі бас киім екенін көруге болады” [9, 52], – деп бөріктің ұлттық психологиясын анықтайды. Сонымен қатар, Ә.Б. Алмауытова бөріктің қазақ үшін символдық құрал болғанын айтады: “Қазақ халқы бөрікті символ ретінде бағалаған. Осыған байланысты “Бөркіңді теріс киме” деген тиым сөз бар. Оның себебі бас киімді теріс қаратып киген жаман істің белгісі деп санаған. Сондай-ақ, “Бөркін аспанға ату” деген тіркес қатты қуану, шаттану дағдысынан туған”, – деп тұжырымдайды.

Қамқаның бөрік кидім қиығынан,

Біреуге, біреу күлер миығынан...

Басында түлкі бөрік түбітелген,

Болар ма сенен артық жігіт деген...

Сермейсің жел сөз десе емін еркін.

Басыңа жарасымды кәмшат бөркің,- деген өлең жолдарынан бөрікті ерлер де, қыздар да кигені. Бірақ қыздардың бөрігі алқамен, үкі, көкқұтан немесе тауыстың қауырсынымен әшекейленген. Қазақтар осындай бас киімді “кәмшат бөрік” деп атайды. Үкі – әсемдіктің символы. “Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек, Тұрғандай өзі қимылсыз билеп” деп ақындардың тамсана жырлауына қарап, қыздарға тән бөріктің сәні мен әсемдігі ерекше болғанын аңғарамыз. Алайда қазақтың “Бөріктің намысы бір” деуінен оның көбіне еркектерге тән бас киім екендігін байқаймыз. Себебі бұл тіркес ер адамдарға қатысты айтылады. Сонымен қатар, “Бас жарылса бөрік ішінде” деген тіркес те ат үстінде елін, жерін қорғап, шайқасқа түсер азаматтарға қатысты айтылғаны белгілі. Бұл тұрғыда бөрік – қайсарлық пен азаматтықтың символына айналады.

Қазақ халқында әйел адамдарға арналған бас киімнің түрлері де өте көп: сәукеле, бөрік, қарқара, кимешек, жаулық, күндік, желек, шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар), бүркеніш, бергек, қасаба, тақия, шылауыш, жаулық т.б.

Орамал сөзінің бірнеше символдық мәні бар. Атап айтсақ:

Кестелі орамал – серттің символы. Өлі тұрмыс құрмаған жас қыздың ұнатқан жігітіне деген сезімін білдіру нышаны. Кестелі орамалды тарту ету арқылы ықыластарын білдірген.

Кестелі ақ жібек орамал,

Алыстан жолдаған сүйген жар.

“Жауынгер жарым, сен есіңе ал”, -деп жазған оюлап хаты бар.

Орамалды түр-түсіне қарай орнымен тарту сыры тағы бар. Мәселен, жас келінге сәукелесін шешкен соң ақ орамал тағу салты әлі де бар. Ақ орамал – қуанышты, жақсылықты аңғартады. Сонымен қатар, халық түсінігінде ақ орамал – аманатқа адалдық. Жас келіншектің, әйел затының басынан ақ орамалын тастамауы өзінің еріне деген адалдығын айқындап тұрған. Ал, қара орамал қайғы-қасіретті білдірген. Қайтыс болған адам үлкен жаста болса қара түстісін, жас жігіт болса, келіншегі қызыл түстісін басына тартатын көрінеді. Және оның екі ұшын қайтара байлап алады екен. Мұндайды “Орамалды кері тарту салты” деп атаған. Сонымен қатар, ежелгі “Жеті жарғы” заң ережелерінде “Сары жаулық” деп аталатын күн түрі болған. Кісі өлтірушінің туыстары күн төлеуге келісетіндерін білдіріп, өлген адамның үйіне жаулық жіберетін болған. Күйеуі өлген әйел өзінің қаралы екендігін таныту үшін бір жыл бойы сары жаулықты тағып жүретін болған.

Бертін келе үлкен кісілер қонаққа келген үй иесіне мата және оның қасына міндетті түрде орамал қосып алып келетін әдет пайжа болды. Осыдан келе “Орамал тон болмайды, жол болады” деген орамды сөз қалыптасқан. Қарап отырсақ, бір ғана орамал ұғымында қаншама сыр, құпия жатыр. “Орамалды құрметтегендер мойнына салады, қадіріне жеткендер оны басына шығарады”, - деседі халқымыз. Бұл – орамалдың ерекше бір қасиеттің символы екенін айғақтаса керек. Қазақ қыздары басына орамал салмас бұрын ұзатылар кезде сәукеле киеді.

Сәукеле – қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдері аса бай, керемет сәнді бас киімдер ішіндегі ең әшекейлі, әрі күрделі, ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы ғұрыптық бас киім. Сәукеленің әр бөлшегі белгілі бір ұғымды білдіріп, қазақы тәрбиеден, халықтың ырым-тыйымынан хабар береді. Мысалы, сәукеленің екі самайдан түсіп тұратын інжу, маржаннан жасаған шашақталған бөлігі төгілме моншақ, салпыншақ шекелік немесе жақтама деп аталады. Ол барған жерінің ұрпағын көбейтсін, өсіп-өңсін деген игі тілекпен жасалған. Ал екі жақ самай тұсына бетке жеткізе шолпы тәріздендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды сәукеленің бетмоншағы деп атайды. Қазақтың қыз баланың ибалылығын, әдептілігін, ұятын көрсету ниетімен айтатын “Бетмоншағы үзіліп тұр” фразеологизміндегі бетмоншақ сөзінің шығу төркіні де сәукелемен байланысып жатыр. Сәукеленің төбесіне жібектен желек салынып, оған үкі (қарқара) қадалады. Ту сыртынан жерге жететіндей ақ желең немесе ақ жібек жаулығы тағылады. Жаңа түскен келінге беташар айтылып, үлкендер тілек-батасын берген соң сәукелесінің сыртынан жабылған жамылғысы - бүркемесі (ақ бүркеншігі) қамшымен сабымен түріліп, беті салтанатты түрде ашылған соң ол алынып, оны желекпен алмастыратындығы белгілі. Ақ бүркеншек алғаш түскен келінді тіл мен көз сұғынан сақтайды, әрі ақ болуы – адалдық, тазалықтың белгісі, ибалықтың нышаны санайды. Демек, сәукеле – қыз баланың оң жақта ата-анасынан алған тәрбиесі мен ақ, адал келін болуының арасындағы көпір іспетті.

Кимешек – кие символы. Кимешектің киілуі – келіннің кердең мінезден тыйылуы, ата-салттың алдында иілуі. Келін болып келгені емес, келін болып қалғаны. Әулетке ұрпақ қосқаны үшін салтанатпен санатқа ілініп, өзінің лайықты орнын иеленгендігі. Кимешек киген соң әйел адам өзі келін болып түскен үйдің абыройы мен болашағы үшін жауапты, яғни сол отбасының киесі өзі

болмақ. “Кимешек – пайғамбардың ноқтасы” деген де сөз бар. Бұл жерде “ноқта” сөзі тура мағынасында емес, бейнелі мағынада: тыйым, тәртіп, белгілі бір өлшем деген түсінікті білдіреді. Кимешектің бір мәні әйел адамдардың шашын шаң-тозаңнан сақтап, додырап шықпауына септігін тигізеді. Бұл да діни наным-сенімнен туындап, мұсылман әйелдерінің шашын жасыруларына көмегі тиеді.

Әже, сен бірге жүрсің меніменен,
Өліге мен өзінді телімегем.
...Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса...

Нені көрем? – деп толғанған ақын жырынан да кимешектің қазақ үшін қасиеттің, ұлттық тәрбиенің, ата-бабадан қалған дәстүрдің сақшысы есебінде екені байқалады.

Қорытынды. “Арым – жанымның садағасы” деген қазақ үшін қыз бен ұл тәрбиесі, олардың толық адам болуы – негізгі арман. Неке қидырып, жеке отау құрған соң да ұл мен қыз бастағы бағын тайдырмай, бөркі мен орамалын қастерлеуі тиіс. Демек, қазақтың ұлттық бас киімдерінің бәрі де белгілі бір символдық мәнге ие.

Қорыта келе, символ ол – белгілі бір идеяны, түсінікті, ұғымды жеткізуші ұлттық код. Символ-сөздер – өне бойына сан алуан ақпарды жинақтайтын, құлыптайтын (кодтайтын) сөздер. Біздің түсінігімізде символ өз мазмұнымен (мәдени хабарды беретін) сәйкес келеді. Мәдениет – бір жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен символдар. Ю.М.Лотман символдың мәдениеттегі қызметін көрсете келе, “символ – мәдениет ескерткіші” деген баға береді. Кез келген ұлттың мәдениеті уақыт өте келе ерекше этникалық мәнге ие болып, ұлттық символға және сол ұлттың өмір сүру нормасына айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 1т. Алматы, 2013. – 384б. - кітап
- 2 Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Жазушы, 2005. – 303б. – кітап
- 3 Атабаева М. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: “Білім”, 2006 ж. - 288 бет. – Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация
- 4 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию.– М.: “Прогресс”, 2000. – 400 с. - кітап
- 5 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Наследие, 1993.-656 с.
- 6 Лотман Ю.М. и тартуско- московская семиотическая школа.М.,1994. - 560 с. - кітап
- 7 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959.- 452 с.
- 8 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Қазақстан сәндік өнері. – Алматы, 2002. -кітап
- 9 Алмауытова Ә. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Алматы, 2004. – 147б. – Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.

МРНТИ 16.25.35

Қосымова Г.¹, Исаханова Қ.²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

“БАБАЛАР СӨЗİNДЕГІ” ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР (ОЙЛАР)

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі таңдағы “Мәңгілік ел” идеясын көтеретін ұлттық рух, ұлттық сана, ұлттық идея, патриоттық, отансүйгіштік мәселелер қарастырылған. Қазақ фольклорындағы идеялық көркемдік қасиеттерін, жанрлық ерешеліктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты мәселелерде қамтылған. Ұлттық мәдениетіміздің тарихын қайта жаңғыртумен қатар жарық көрген “Бабалар сөзі” қазақ мәдениетінің әлемдік рухани-интеллектуалдық, ғылыми үрдіспен байланысын дамытуға үлкен үлес қосқан туындының бірі. “Бабалар сөзі” атты бұл көптомдық серия қазақ халқының аса бай, әрі көп жанрлы рухани мұрасының барлық үлгілерін түгел қамтыған, болашақ ұрпаққа берер танымдық-тәрбиелік маңызы ерекше. Қазақ халқының музыкалық шығармашылығы оның өмір - тіршілігімен тығыз байланысты болған, ұрпақ тәрбиесінде халық әндерін, өлеңдерін пайдалану өз Отанын сүйетін, туған халқын, оның салт-дәстүрлерін, тілі мен тарихын, өнерін құрмет тұтып, ұлттық рухты, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, жан-дүниесі сұлу, рухани мәдениеті бай адамды тәрбиелеуге мүмкіндік берген.

Түйін сөздер: жанр, интеллектуалды, идея, фольклор, эстетика, музыка, философия, педагогика

Kossymova G.,¹ Issahanova K.²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

PEDAGOGICAL IDEAS (THOUGHTS) IN “BABALAR SOZI (WORDS OF THE ANCESTORS)”

Abstract

This article discusses the issues of the national spirit, national identity, national idea, patriotism, patriotism, which today raises the idea of “Eternal Country”. “Babalar sozi” is one of the works that has made a significant contribution to the development of Kazakh culture in the world of spiritual, intellectual and scientific processes. This multivolume series “Babalar sozi” contains all the examples of the very rich and multifaceted spiritual heritage of the Kazakh people, and has special educational value for future generations. The musical creativity of the Kazakh people is closely related to their life, the use of folk songs and poems in the education of the next generation. This made it possible to raise a person with a beautiful, rich spiritual culture.

Keywords: genre, intellectual, idea, folklore, aesthetics, music, philosophy, pedagogy

Косымова Г.,¹ Исаханова Қ.²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ (МЫСЛИ) В “БАБАЛАР СӨЗІ”

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы национального духа, национального самосознания, национальной идеи, патриотизма, патриотизма, что сегодня поднимает идею “Вечной страны”. “Бабалар сөзі” - одно из произведений, которое внесло значительный вклад в развитие казахской культуры в мир духовных, интеллектуальных и научных процессов. Эта многотомная серия “Бабалар

сози” содержит все примеры очень богатого и многогранного духовного наследия казахского народа, имеет особую воспитательную ценность для будущих поколений. Музыкальное творчество казахского народа тесно связано с его жизнью, использованием народных песен и стихов в воспитании следующего поколения. Это позволило воспитать человека с красивой, богатой духовной культурой.

Ключевые слова: жанр, интеллектуал, идея, фольклор, эстетика, музыка, философия, педагогика

Кіріспе. Елбасының Жолдауындағы “Мәңгілік ел” идеясын көтеретін бірінші мәселе - ол рух, патриоттық, отансүйгіштік мәселелер. Осы мақсатта біз ата-бабаларымыздың ерлік істерін, ән-жырларын, мындаған жылдық жауһар шығармаларды өскелең ұрпаққа таныту арқылы ұлттық идеяны қалыптастыруға үлкен үлес қосарымыз анық. Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті өзінің құнары мен көлемі жөнінен әлемдік фольклор мұраларының арасында алдыңғы қатарда тұр. Осынау мол рухани құндылықтарымыздың тарихи-мәдени мәні мен көркемдік деңгейі жөнінде осыдан екі ғасырдай бұрын бірқатар шетелдік ғалымдар оң пікір білдірсе, кейін орыс фольклортанушылары мен отандық зерттеушілердің еңбектерінде де жан-жақты, салиқалы да терең ой-тұжырымдар жасалып, жоғарыдағы көзқарас ғылыми тұрғыда дәлелденді. Жалпы фольклор В.В. Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Диваев сияқты ғалымдар ғылыми құндылық ретінде қарастырды. Ал, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Көпеев, М.Тыныштықұлы ұлт азаматтары халық шығармаларының тарихи танымдық, идеялық көркемдік қасиеттерін, жанрлық ерешеліктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты қарастырған. Ұлттық мәдениетіміздің тарихын қайта жаңғыртумен қатар жарық көрген “Бабалар сөзі” қазақ мәдениетінің әлемдік рухани-интеллектуалдық, ғылыми үрдіспен байланысын дамытуға үлес қосары сөзсіз. “Бабалар сөзі” атты бұл көптомдық серия қазақ халқының аса бай, әрі көп жанрлы рухани мұрасының барлық үлгілерін түгел қамтиды. “Бабалар сөзі” атты көптомдық серияның бірі қадым заманнан бері сақталып келе жатқан фольклордың көне жанрының бірі қара өлең мен ән өлеңге арналады. Халық өлеңінің бұл түрі — өмір-тіршілігіміздің барлық саласын, сезім-түйсігіміздің барша қасиетін әсерлі көрсетіп келе жатқан икемді де өміршең жанр. Қазақ халқының музыкалық шығармашылығы оның өмір - тіршілігімен тығыз байланысты болған. Оның білім мен жақсылықтың, әдемілік пен құдіреттіліктің қайнар көзі болып табылатын ән, күй, айтыс, терме, жыр, толғау сияқты сан түрлі бай жанрларында қазақ халқының басынан өткен небір тарихи оқиғалар, жат жұрттық шапқыншылармен шайқастағы батырлардың ерлігі, жоғары адамгершілік сезімдер, күнделікті күйбең тіршіліктің қуанышы мен қайғысы және т.б. туралы жырланады. Оларда халықтың эстетикалық көзқарастары, моральдық - адамгершілік нормалары сақталған және халық өмірінің барлық салаларының мәні анағұрлым толық бейнеленген.

Әдістеме. Қазақ халқының шығармалары музыка салаларымен тығыз байланыста болған. Қара өлең, ән, күй, айтыс, терме, жыр, толғаулар арқылы әдет-ғұрыпты жырлап, -тәрбие берген. Халық музыка шығармашылығының ішінде айтыс өнері арқылы жас ұрпақтың бойында еңбекті қадірлеу, адамгершілік қасиеттер, Отанын, елін сүю уағыздалып, керісінше, өтірік, мақтаншақтық және т.б. адамды аздыратын жаман әдеттер сыналады. Қазақ халық музыка шығармашылығының эстетикалық талғамды қалыптастырудағы мүмкіндіктері, біздің ойымызша, оны игеру процесінде оқушыларда саналы – сезімдік қабылдау қабілеті қалыптасады. Эстетикалық талғам оқушылардың халық музыкасындағы эстетикалық құндылықтарды ұғынуға деген белсенді ұмтылысын бейнелей отырып, эстетикалық идеал, сезім, көзқарас, қажеттілік, қабілетті біріктіретін музыкалық – эстетикалық қабылдаудағы белгілі бір жүйелілікті туындатады. Оқушылар қазақ халық музыкасына ортақтасу барысында адамның жан-дүниесін, қазіргі заманның мақсаты мен мәнін, табиғатты терең түсіне білу қабілетін өз бойларында тәрбиелей отырып, міндетті түрде өз рухани мүмкіндіктерін байытып, эстетикалық талғамдарын дамыта түседі. Сондықтан халық педагогикасының маңызды құралы – музыка шығармашылығы құралдары арқылы қазіргі мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беру қажеттілігінің маңыздылығы арта түсетініне анық [1].

Нәтижелер мен талқылаулар. Қазақтың ән-өнері өз ішінде ғұрыптық әндер, салт-дәстүр және кәсіби әндер болып бөлінеді. Қара өлең осылардың ішіндегі ғұрыптық әндерге жатады. Қара өлең халықпен бірге туған. Барлық замандарда біте қайнасып өмір кешіп келеді. Бүгін де жалғасуда. Болашақта да өркен жаяры сөзсіз. Халқымыздың осы бір баға жетпес қазынасы болған қара өлең кенін белден қазып, ел шежіресінің ескі беттерін жалықпай парақтасақ, қатпары қалың сан дүниенің шекесі көрінеді. Қазақтың қара өлеңінің айтары көл-көсір. Жалғыз ел тарихы ғана емес, сол елдің

өмір сүрген ортасы, тұрмыс-тіршілігі, ой өрісі – философиясы, діні мен иманы, арман-тілегі осы бір елеусіз жатқан құнды мұрамызда аса мол сақталып қалған. Қара өлеңде Отанды, туған жерді, өскен елді сүю, оның қадір-қасиетін ұғыну, шексіз шараптын адал еңбекпен өтеу туралы ғибратты жолдар мен кәделі шумақтар жетерлік. Қара өлеңнің қырағы көз қиығынан қаға беріс қалатын тақырып жоқ, өмір мәні, имандылық туралы тақырыпқа да әлдебір соны қырынан келіп әдеттегіден де тереңірек сезіндіре түседі. “Қазақтың қара өлеңін дана қазақ өмірінің поэзиялық үлгідегі энциклопедиясы немесе галереясы деуге болады” [2,573].

Қара өлеңнің иесі, авторы-халық. Бұл дүниенің баянсыздығын, ұлы Жаратушының күдіретін, табиғатқа таңдануын, әділетті аңсауын, қиянатқа қынжылуын, баланың тәрбиесі, келіннің әдебі, қыздың қылығы, сүннет жолы, достың аманаты, ағайынға сәлем беру, інінің сәлеміне жауап қайтару қатарлы қарапайым танымдардан бастап ел қамы, халық тағдырын қамтыған ой өрнектері- қара өлеңнің құнды қасиеттері болмақ. Өлеңнің анықтаушы болып тұрған “Қара” атауы заттың түсін білдіретін негізгі мағынасынан әлдеқайда кең ұғымда. “Қара” - әлемнің алғашқы қалпы, ежелгі, байырғы деген ұғымды береді деп жазады ғалымдар. Демек, “қара өлең” дегеніміз-ежелгі, байырғы өлең, өлеңнің бастапқы қалпы деген сөз. Қара жер, Қаратау, қара халық, қара сөз, қара жол, қара шаңырақ деген тіркестегі анықтауыштар тек түсті білдіріп қана тұрмағандығы енді түсінікті: ежелгі тау, негізгі халық (байырғы), бастапқы сөз, басты жол, алғашқы шаңырақ деген ұғымдарды беретіндігі анық [3]. Даналық ойын қара өлеңге сыйғызған бабалар мұрасы – ұрпақтың рухани қазынасы. Қазақ өмірі тал бесіктен жер бесікке дейін өлеңмен сусындатқан. Құнарсыз топырақ қуарып тұрады. Қайнары жоқ өзен суалып тынады.

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті оның ән шығармашылығынан неғұрлым айқын көрінеді. Ұрпақ тәрбиесінде халық әндерін пайдалану өз Отанын сүйетін, туған халқын, оның салт-дәстүрлерін, тілі мен тарихын, өнерін құрмет тұтып, ұлттық рухты, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, жан-дүниесі сұлу, рухани мәдениеті бай адамды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан ол өскелең ұрпаққа халық дәстүрлерінің негізінде рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудегі аса маңызды құралдардың бірі болып табылатындығы сөзсіз. Қазақ халық музыкалық шығармашылығының тарихи сипаты басым көркем де құнды саласы – эпостық жырлар. Эпостық жырларда еңбекқорлық, патриоттық, ру-тайпалар арасындағы ізгі қарым-қатынастар, үлкендерге, әйел –аналарға деген құрмет, адалдық, тектілік, батылдық, кішілерге қамқорлық, туған өлкенің, ұлттық киімдердің сұлулығы және т.б. жырланды. Халық музыка шығармашылығының дәстүрлі жанрына толғау да жатады. Онда ой толғанысын, уақытқа, заманға, оқиғаға, құбылысқа көзқарасын ақын сөзді әуенмен сүйемелдей отырып білдіреді.

Халық музыка шығармашылығының эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері көптеген ғасырлар бұрын –ақ ұғыныла бастаған болатын. Құнды педагогикалық мәні бар ежелгі ұлттық мәдениетіміздің бір көрінісі Қорқыт атаның “Кітаби Қорқыт” /IX – X ғ.ғ/ атты еңбегіндегі ойлар болып табылады. Әсіет, нақыл сөздер түрінде жазылған “Кітаби Қорқыт” еңбегіндегі оның педагогикалық тұжырымдамасының басты идеясы - балаларды ата-бабалар дәстүріне адалдық, батырлық рухында тәрбиелеу. Қорқыт атаның жырлары жастарды өз халқын жаулардан қорғауға, керек болғанда ол үшін жанын қия білуге шақырады. [4,128].

Ал, ұлы ойшыл Әл-Фарабидің пікірі бойынша, музыка адамның жанына көркем әсер етудің тамаша құралы болып табылады. Ол өзінің “Музыканың ұлы кітабы” атты ғылыми трактатында практикалық музыка халық фольклорынан келіп туындаған деген маңызды философиялық тұжырым жасайды, яғни өнер - халық шығармашылығының нәтижесі дейді. Философ-гуманист ретінде Әл-Фараби адамдарға үлкен ләззат сыйлайтын музыка қандай да бір жеке тұлғаның немесе жекелеген халықтың меншігі емес, оны шығаруда барлық халықтар қосыла еңбектенген деген пікірін білдіреді. Өзінің музыкатанушылық еңбектерінде ұлы ғұлама халық музыкасының емдік қасиеттеріне тоқталып, оның тәрбиелік, қоғамдық рөліне аса үлкен мән береді [5,337].

IX-XII ғ.ғ. озық педагогикалық ойдың көрнекті өкілі Жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” атты еңбегінде дүниетанымдық идеалдар, педагогикалық ой-толғаулар баяндалады. Оның пікірінше, адалдық, әділдік, жақсылық жасауға күштарлық тек дұрыс тәрбие арқылы қалыптастырылады [6,613].

Қазақ халқының көрнекті ағартушылары Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев халықтың мәдени мұрасын мен оның жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін өте жоғары бағалаған. Халық ауыз шығармашылығының тамаша үлгілері олардың шығармашылық және практикалық іс-әрекетінің негізін құрады.

Ыбырай Алтынсарин (1941–1889 ж.ж.) халық ауыз шығармашылығының шексіз байлығын, ондағы ертегілердің, мақал-мәтелдердің білімдік және тәрбиелік мәніне аса жоғары баға берген. Өзінің “Қырғыз хрестоматиясы” (Орынбор, 1879 ж.) атты еңбегінде ол қазақ фольклорының көптеген үлгілерін қамтыды. Ы.Алтынсарин хрестоматияға ең алғаш рет музыкалық тақырыпқа байланысты жұмбақтарды енгізді. Сонымен қатар мектептегі музыка сабағының бағдарламасына міндетті түрде музыкалық аспаптарды, әсіресе, домбыраны пайдалануды енгізу қажеттілігін талап етті [7,288].

Шоқан Уәлиханов (1835-1865 ж.ж.) қазақ халық педагогикасының балалар тәрбиесіндегі алатын орнына, оның жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін, ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы рөліне үлкен мән берген. Оның еңбектерінде халықтың ауыз әдебиеті, музыка шығармашылығы, халық ақын-жыршыларының шеберлігі мәселелері кеңінен орын алған. Ш.Уәлихановтың пікірінше, қазақ халқының ауыз әдебиеті мен музыка шығармашылығы аса құнды рухани құндылық болып табылады. Ол жазып алған халық ауыз әдебиетінің туындылары (мысалы, “Қозы – Көрпеш, Баян - Сұлу”, “Ер - Көкше”, “Орақ”, “Манас”, “Едіге”, “Көкөтайдың асы” және т.б.) өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудің озық үлгілері болып табылады.

Сонымен қатар “Қырғыз шежіресі” атты еңбегінде Ш.Уәлиханов қазақтардың суырып салмалық қабілетке, музыкалық-әдеби өнерге бейімділігін, халық ақындарының асқан дарындылығын атап көрсетеді [8,528].

Қорытынды. «Көркем мәтін – жүйелі ықпал ету қабілеті бар, аяқталған белгісімен сипатталатын, байланыс түрлерімен анықталатын, авторлық танымды, оның прагматикалық ұстанымын білдіретін, сонымен бірге ақпараттың да көзі болатын өнер туындысы. Ақпаратты тарату, ақпараттылық – мәтіннің негізгі категориялары болып саналады [10, 1686] Сөз актісінде екі сана – адресанттың және адресаттың санасы жұмыс істейді. Осы екі сананың мүмкіндігінше бір-біріне сәйкес келуі коммуникацияның сәтті болуына оң әсерін тигізеді [11, 2526]

Қорыта келгенде, тілдегі мақсат категориясы автордың негізі ойын білдіреді. Ол сөйлеу актісі арқылы көрініс табады. Аталған категорияның берілуі барысында сөйлеу актісі, сөйлеу тактикасы мен стратегиясы, сонымен қатар “адресат факторлары” өзекті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том // Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
- 2 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра.2003.- 208б
- 3 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері филол.ғыл.д.автореф. – Алматы, 2007-48б.
- 4 Исмағұлова Б.Х., Шыныбекова А.С. Прагматиканың негізгі категориялары, экстралингвистикалық факторлар // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, № 3(133).2011 131-136 б.
- 5 Benveniste, E. On Discourse / E. Benveniste// The Theoretical Essays: Film, Linguistics, Literature. – Manchester: Manchester Univ. Press, 198 б.
- 6 Harris 1952 – Harris Z. Discourse analysis // Language – 1952. – Vol. 28. – P. 1 – 30; 474 – 494 б.
- 7 Дж.Р.Серль. что такое речевой акт // Новое в зарубежной лингвистике. Вып.17.- М.,1986.- 151-169б
- 8 Остин Дж. Л. Слово как действие / Новое в зарубежной лингвистике. Теория речевых актов. Вып ХУІІ. – М.,1986. – 22-129б.
- 9 Азнаурова Э.С. Прагматик художественного слова. Ташкент : Фан,1988.-121б.
- 10 Атаева Е.А., Паркина З.П. Художественный текст как информации \\\ Лингвистические исследования художественных текстов. Сборник научных трудов. - Ашхабад, 1987 – 168б.
- 11 Скворцов Л.И. Теоретические основы культуры речи. М. Наука, 1980. -252б.

МРНТИ 16.01.11

Алдашева К. ¹

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ МЕНТАЛДЫ ЛЕКСИКОНДАҒЫ КУМУЛЯЦИЯСЫН ЗЕРДЕЛЕУ: ӨЗЕКТІЛІК ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІЛІК

Аңдатпа

Ұлттық сананы жаңғырту жағдайында тілдік тұлғаның менталды лексиконындағы жаңа сөздердің кумулятивтену процесстерін ғылыми-қолданбалы тұрғыдан жүйелеу, негіздеу және қорытындылау – ғылым дамуының заманауи талабына сәйкес қажеттілік. Бұл Қазақстандағы тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруға нақты үлес қосады және қазақ тілінің инфрақұрылымын жетілдіруге, стандарттауға, “мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін” қалыптастыруға, латыннегізді жаңа қазақ әліпбиін енгізуде қазақ тіліне деген сұранысты арттыруға айтарлықтай ықпал етеді. Сондай-ақ менталды лексикондағы жаңа сөздердің кумулятивтенуін зерделеу тілдердің дамуы ұқсас қазіргі түркі тілдері үшін аса өзекті. Мұның нақты себептері бар, атап айтқанда тілді когнитивтік аспектіде қарастыратын зерттеулерде байқалады. Неологизмдерді когнитивтік аспектіде зерттеуге арналған бірқатар еңбектерге жасалған шолу қазіргі ғылыми парадигмада жаңа сөздерді зерттеу өзекті екендігін және қажеттілігін танытады.

Мақалада жаңа сөздердің тілдік тұлғаның менталды лексиконындағы кумуляциясын зерделеудің өзектілігі мен қажеттілігін көрсететін ғылыми межелер талданады.

Түйін сөздер: жаңа сөз, неология, тілдік тұлға, лексикон, менталды лексикон, когнитивті аспекті, сөз мағынасы

Aldasheva K. ¹

¹ Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

STUDYING THE CUMULATION OF NEW WORDS IN THE MENTAL LEXICON: RELEVANCE AND NECESSITY

Abstract

The systematization, justification and summing up of the cumulative processes of neologisms in the mental vocabulary of a linguistic personality under the conditions of modernization of national identity is a necessity in accordance with the modern requirement of the development of science. This will make a certain contribution to the implementation of priority areas of the language policy of Kazakhstan and will contribute to the improvement and standardization of the Kazakh language infrastructure, significantly affect the formation of a “prestigious image of a native speaker of the state language” and increase the demand for the Kazakh language in the context of introducing a new Kazakh alphabet based on the Latin graphics. And also the study of the cumulation of lexical innovations in the mental vocabulary is, of course, especially relevant for modern Turkic languages with a similar linguistic history of development. This has specific motives, in particular in studies where the language is considered in a cognitive aspect, neologisms are analyzed as a result of the creative work of human consciousness. A review of some work on the study of neologisms in the cognitive aspect proves the relevance and need for the study of new words in the modern new paradigm.

The article analyzes scientific criteria proving the relevance and necessity of studying the cumulation of new words in the mental vocabulary of a linguistic personality.

Keywords: new word, neology, linguistic personality, lexicon, mental lexicon, cognitive aspect, word meaning

Алдашева К.¹

¹ *Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ИЗУЧЕНИЕ КУМУЛЯЦИИ НОВЫХ СЛОВ В МЕНТАЛЬНОМ ЛЕКСИКОНЕ: АКТУАЛЬНОСТЬ И НЕОБХОДИМОСТЬ

Аннотация

Систематизация, обоснование и подведение итогов кумулятивных процессов неологизмов в ментальном лексиконе языковой личности в условиях модернизации национального самосознания – необходимость, соответствующая современным требованиям развития науки. Это внесет определенный вклад в реализацию приоритетных направлений языковой политики Казахстана и будет способствовать совершенствованию и стандартизации инфраструктурывказахского языка, существенно влияет формированию “престижного образа носителя государственного языка” и повышению востребованности казахского языка в условиях внедрения нового казахского алфавита на основе латинской графики. А также изучение кумуляции лексических инноваций в ментальном лексиконе, безусловно, особо актуально для современных тюркских языков с аналогичной языковой историей развития. Появляются конкретные мотивы, в частности в исследованиях, где язык рассматривается в когнитивном аспекте. Обзор проведенной по ряду трудов, где анализируются неологизмы в когнитивном аспекте доказывает, что изучение новых слов в современной парадигме приобретают особую актуальность и необходимость.

В статье анализируются научные критерии, доказывающие актуальность и необходимость изучения кумуляции новых слов в ментальном лексиконе языковой личности.

Ключевые слова: новое слово, неология, языковая личность, лексикон, ментальный лексикон, когнитивный аспект, значение слово

Кіріспе. Ғылымның қазіргі дамуындағы интеграциялық сипат лингвистиканың теориялық және қолданбалы аспектідегі проблемаларын кешенді зерттеуге жол ашып, дәстүрлі тұжырымдар мен көзқарастардың толығына, тіпті өзгеруіне ықпал етті. Бұл әсіресе лингвистикадағы ғылыми парадигмалардың ауысқан тұсында айқын байқалды, осымен байланысты тілтанымның салыстырмалы-тарихи және жүйелік-құрылымдық бағытындағы зерттеулерде жеткілікті деңгейде назарға алынбаған экстралингвистикалық, нақтырақ айтқанда антропологиялық факторлар алға шықты.

Тілдегі жаңа сөз құбылысын зерделеу салыстырмалы-тарихи және жүйелік-құрылымдық парадигма шеңберінде қалыптасқан іргелі сала неология мен неографияның аясында жүзеге асырылып келеді. Әрине тілдің динамикалық сипатын танытатын лексикалық жүйенің ауқымды бөлігін қамтитын неологизмдерді аталған ғылыми парадигмалардың аясында қарастыру өзектілігін жоймады. Десе де тілдің қазіргі даму сатысындағы неологизация процесінің қарқынды сипаты жаңа сөздердің пайда болуы мен қолданысына қатысты проблемалардың шешімін табуда айрықша мүмкіндіктерді ұсынып отыр. Неологизмдердің тіл жүйесіндегі орнын белгілеуде, тілде орнығуында сөйлеушінің рөлі аса маңызды екендігін соңғы жылдары антропоцентристік парадигма аясында адам санасының когнитивті спектріне тән тетіктердің ерекше қызметіне қатысты жасалған тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулар дәлелдейді.

Тіл – адамға берілген ерекше қабілет, сөйлеу әрекетін жүзеге асыратын көлемді ресурс, құрал және тіл білімді вербалдаумен (сөйлеудің пайда болуымен және оны қабылдаумен ғана емес, оқу, жазу, аудару сияқты түрлі әрекеттермен) байланысты тұтас процестер жиынтығын қамтамасыз етеді. Осымен байланысты “білімнің вербалдануы”, “тіл туралы білім”, “тілдік білім” деген не және осы білім адам миында қалай шоғырланады, қандай реттілікпен орналасады, шоғырлану, бөліну принциптері қандай деген сұрақтар туындайды. Таза лингвистиканың шеңберінде бұл сұрақтардың жауабын табу мүмкін емес, сондықтан ғылыми білімнің жаңа парадигмасына өту – пәнаралық сипатқа ие когнитивті ғылымның тұжырымдарына сүйену қажеттілігі туындайды.

Ғалым Е.С. Кубрякованың пікірінше, лингвистикадағы когнитивтік бағыт тілге жаңа тұрғыдан анықтама беруге, нақтырақ айтқанда тілді қабылдау, зейін, жады сияқты когнитивтік қабілеттердің қатарына қоса отырып, тіл жүйесінің құрамдас бөліктерін және олардың арақатынасын барынша кешенді интерпретациялауға, оның құрылымы мен шоғырлануына тән негізгі белгілерді қарастыруға жол ашады [1, 3286].

Әдістеме. Лингвистикалық жаңа парадигма шеңберінде жаңа сөздерді қарастыруда назарға алынуы тиіс басты ұғым-түсініктер бар. Солардың негізгісі –“тілдік тұлға” ұғымымен байланысты. Г.Б. Богин, С.Г. Воркачев, Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик және т.б. ғалымдардың еңбектерінде тілдік тұлға, оның құрылымы, түрлері мен қолданбалы аспектілері қарастырылды және бұл еңбектер тілді менгерудің тетіктері және оның қызметімен байланысты ғылыми білімнің кеңеюіне жол ашты. Алайда концепт, концептілік ая және олардың тілдік бірліктер арқылы тілдік тұлға құрылымында репрезентациялануының арақатынасы әлі де шешімін таппаған проблемалардың қатарында. Осымен байланысты тілдік тұлға – менталды лексиконды зерттеудің синтездік моделі ретінде қарастырылуы тиіс.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында жарияланған еңбектерге тән ортақ белгі – тілдік тұлға мәселесіне әр аспектіде назар аудару. Солардың қатарында Ю.Н. Караулов бұл проблеманың түйінін көрсетеді, яғни “адамды оның тілін танымай тану мүмкін емес”. Алайда, ғалымның пікірінше, ғылыми білімнің даму логикасы бұл түйін-тұжырымды түсіндірудің екі жағын ұсынды: адамды тілмен бірге және тілді адамда қарастыру. Осымен байланысты Ю.Н. Караулов бұл пікірін нақтылайды: тілді оның шеңберінен шықпастан,оны жасаушыны, оны тұтынушыны, пайдаланушыны – адамды, нақты тілдік тұлғаны ескермей, өз алдына тануға болмайды [2, 76].

Тілші ғалымдардың адамды негізгі зерттеу нысанына енгізуі – зерттеу нысанының интеграциялық сипаты тілдік тұлғаның шынайы лексиконның моделдеуге ықпал етті.

Соңғы жылдары жеке адамға тән базалық сөздіктің ерекшеліктерін анықтау мақсатынан пайда болған“менталды лексикон”, “ішкі лексикон”, “индивид лексикон”, “индивидуалды тезаурус” сияқты атаулармен байланысты проблемалар ғылыми қауымдастықтың қызығушылығын тудырып отыр. Лексикон ұғымын түсіндірудің әр алуан бағыттары және осы бағыттардың аясындағы іргелі проблемалар бойынша қарама-қайшы тұжырымдардың жасалуы зерттеу нысанасының, оның қызмет ету принциптерінің күрделі екендігін айқын танытады [3, 256].

Осы аталған мәселелердің кешенді сипатын ескерсек, олардың шешімін табуға мүмкіндік беретін басты тірек ұғым –менталды лексикон.

Менталды лексикон – жеке адамның сөз бен оған бара-бар бірліктер туралы білімін көрсететін, сондай-ақ сол тілдік бірліктермен байланысты экстралингвистикалық (энциклопедиялық) білім деңгейін танытатын күрделі қызметтерді орындаушы жүйе.

Тілдік тұлғаның лексикалық компоненті – оның лексиконы. Негізгі лексикон – негізгі концептілерді біріктіретін және базалық концептілік аясын қалыптастыратын, оған енетін лексикалық бірліктердің әлеуетін танытатын өзегі. “Лексикон” атауы (грек тіліндегі lexicon) алғаш рет “сөздік”, “сөздік-кітап” деген мағынада 1600 жылдары қолданылған [4].

Е.С. Курбрякованың пайымдауынша, тіл өмір бойы адам санасын қалыптастырады, алайда, керісінше адамның – тілдік тұлғаның креативті бастамалары да тілді белсенді түрде түрлендіре отырып, тілді жасайтындығы да ақиқат [5, 66]. Осы ретте жаңа сөздердің тіл жүйесінде орынын белгілеу мүмкіндігі тілдің ішкі әлеуеті мен тілдік тұлғаның тұтастай алғанда зияткерлік әлеуетінің арақатынасынан туындайтын күрделі мәселеге келіп тіреледі. Бұл сабақтастық тіл жүйесіне тән негізгі лексикон мен тілдік тұлғаның менталды лексиконының мәнін айқындауды қажет етеді.

Жеке алып қарастырғанда, тіл – жүйелі құрылымға ие тірі ағза. Тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ететін нақты факторлар оның дамуына тән заңлықтарды көрсетеді. Нақтырақ айтсақ, тілдің сөз байлығы – сол тілдегі барлық лексикалық бірліктерді қамтитын сөздік қор. Тілтанымда лексикология мен лексикографияның категориялық ұғымы болып саналатын “негізгі сөздік қор” (немесе “негізгі лексикон”) термині бар. Негізгі сөздік қор – тілдің лексикалық базасы, тілдегі ең үлкен жиілікпен қолданылатын сөздердің тобы, демек ол қоғамның әрбір мүшесінің күнделікті қарым-қатынасы үшін қажет. Негізгі сөздік қор түрлі ортологиялық құралдарда тіркеліп, заңдастырылып, бірізділікке түсіріледі, яғни кодификацияланады. Осы тұжырымға орайластырсақ, жеке адамның немесе тілдік тұлғаның өзінің базалық сөздігі болады, ол жеке адамның негізгі қызметіне, жас мөлшеріне, тәжірибесіне, аумақтық-географиялық ерекшеліктерге қарай санасында бекітілген. Демек, адам санасындағы “базалық сөздік” тіл жүйесіндегі “негізгі сөздік қорға” салыстырмалы түрде бара-бар. Бұл сөздіктің сақталатын, шоғырланатын орны – адамның менталды лексиконы.

Ең алдымен менталды лексикон ұғымының мәнін түсіндіру психолінгвистиканың және адам туралы басқа да ғылым салаларының жалпы даму тенденциясының көрсеткіші ретінде бағаланады. Ғалымдардың пайымдауынша, ең алдымен лингвистика, психология, нейрофизиология және нейролингвистика, психолінгвистика сияқты жекелеген ғылым салаларына тиесілі ұғым-түсініктерді

және теориялық тұжырымдарды интеграциялау арқылы пайдалану зерттеу нәтижелерін нақты түсінуге және түсіндіруге мүмкіндік береді.

Менталды лексиконды орталық бөлігі бар және периферияға ыдырай бағытталған, көптеген байланыстарды қамтитын ассоциативті желі ретінде түсіндіру тұлғаның индивидуалды санасын, оның тілдік құзыреттілігін зерттеудің заманауисипатын танытады [6, 166]. Себебі дәстүрлі лингвистикада тіл жүйесін лексика мен грамматикаға жіктеу қалыптасқаны белгілі. Алайда грамматикаға қарама-қарсы қойылып келген лексиконның қызметі мен табиғатына деген көзқарасты өзгерту лексикалық бірліктердің жаңа қырын ашуға деген қызығушылықты арттырды. Лексикалық грамматика деген атауға ие ғылыми бағыт бойынша (Дж.Бреснан, Р.Хадсона, Ст.Старосты және т.б.) сөз сөйлеудің пайда болуы мен қабылдануында бірінші дәрежелі мәнге ие және ақпаратты сақтаудың, оны пайдаланудың орталық бірлігі, сөйлеушінің жадындағы ақпаратқа қолжеткізудің және оны оқшаулаудың көзі ретінде анықталды [7, 196]. Басқаша айтқанда, вербалды қарым-қатынастың табыстылығын, қалыпты сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін сөзді және тілдік білімнің иесі ретінде тілдік тұлғаны жаңа қырынан зерттеу лексикон мен грамматиканың сабақтастыққа ие арақатынасы айқындай түсті.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында психоллингвистикада менталды лексикон туралы түсініктің кеңеюіне Ч. Осгуд пен Дж. Диздің лексиконның ішкі (категориялық) құрылымын және балаларда лексиконның қалыптасу ерекшеліктерін анықтау идеясымен байланысты ұсынған лингвистикалық концепциялары ықпал етті. Жарық көрген эксперименттік зерттеулердің нәтижелерінде сөздің коннотативті мағынасы мен сөздегі бірыңғай вербалды-когнитивтік құрылымға назар аударылған; сөз – тәжірибені шоғырландыратын құрал, ал сөздің ассоциативтік белгілері оған тән мағынаның көп бөлігін репрезентациялайды; лексикондағы бірліктердің шоғырлану негіздері күрделі. Осындай қорытындылар ұсынған зерттеулер кейін менталды лексиконды зерделеудің когнитивті аспектісі ретінде жіктелді [3, 486].

Менталды лексикон термині–тілдегі неологизация құбылысының мәнін когнитивті аспектіде зерделеуде де назарға алынуы тиіс ғылыми ұғым. Менталды лексиконда орын алатын түрлі процестердің, спецификалық тетіктердің сипаты мен қызметі – тілдегі жаңа сөздердің тілдегі “тағдырына” тікелей ықпал ететін факторлар. Себебі жаңа сөздің пайда болуында, тіл жүйесінде орнығуында ерекше рөл атқаратын тілдің ішкі әлеуетін тілдік тұлғаның лексикалық жаңа бірліктерді қабылдау, танып-түсінуәлеуетімен тоғыстыра қарастыру лингвистикалық – таза тілдік және когнитивтік параметрлердің арасалмағын анықтауға жол ашады.

Менталды лексикон – вербалды сипаттағы немесе вербалды формаға өткен, яғни ақпаратты вербалды формада өңдеумен байланысты адам жадының бөлінбес бөлшегі. Олай болса, ішкі лексиконның құрылымы, біріншіден, белгілі бір ұлттық тілдің ішкі жүйесі – сөздік қордың ерекше теңдесі ретінде, екіншіден, адам миына, оның интеллектісіне, адам жадына тән жалпы кеңістіктің бөлшегі ретінде анықталады [1, 246].

Жоғарыда атап өткендей, соңғы жылдары ғалымдар тарапынан менталды лексикон ұғымын зерттеуге қызығушылық артты, сәйкесінше аталған ұғымның мазмұндық көлемі кеңейді. Мәселен, Дж. Тейлор [8, 1126] зерттеу еңбегінде менталды лексиконды лексикалық бірліктерді ғана емес, олардың қолданысы туралы ақпаратты сақтайтын қойма ретінде қарастырады. Ол менталды лексиконды “менталды корпус” деп атайды және менталды лексикондағы бірліктер сөздің дыбысталуы, нақты бір сөздің тіркесімділігі, қолданыс жиілігі мен контекстік қолданысы туралы ақпараттарды да сақтайтындығын көрсетеді [9, 666].

Алайда, барқатар зерттеушілердің пайымдауынша, “адамның ақпараттық тезаурусы” мен менталды лексикон бір ұғым емес және біріншісінің мазмұн көлемі әлдеқайда кеңірек. “Адамның ақпараттық тезаурусы” – жеке адамға тән барлық білімінің қоймасы, демек әлем туралы вербалды және бейвербалды білімнің жиынтығы. Бұл көп жағдайда әлем бейнесі немесе концептуалды жүйе деген ұғыммен түсіндіріліп жүр. Басқаша айтқанда, менталды лексикон лексикалық бірліктер туралы білімді танытады, ал концептуалды жүйе лексемалардың ғана емес, түрлі типтегі менталды репрезентациялардың немесе концептілердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Менталды лексиконды когнитивті аспектіде зерттеу сөздің когнитивтік қызметімен қатар сөздіктің шоғырлану ерекшелігін нақтылаумен байланысты. Менталды лексиконның құрылымын, ондағы анағұрлым ірі сөздер тобын (лексикалық өріс, категориялар, фреймдер және т.б.) қалыптастыратын байланыс түрлерін анықтау арнайы эксперименттік тәжірибелерді ұйымдастыруды қажет етеді, бұл когнитивті ғылым шеңберінде лексиконды зерделеудің кешенді ғылыми-зерттеу

бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, тілдік тұлғадағы ядролық концептілік аяны реконструкциялау менталды лексиконның әлеуетін танытады.

Нәтижелер. Сөздік қор – ең ашық, қозғалысқа бейім, үздіксіз жаңғыру жүретін тілдің ішкі жүйесі. Тілдің сөздік қорына бара-бара құбылыс ретінде бағаланатын тілдік тұлғаның менталды лексиконына да осындай сипат тән. Бұған адамның онтогенездік даму мүмкіндіктерін зерттейтін салалардағы, атап айтқанда, психология мен психолингвистикадағы, когнитивтік психологиядағы және когнитивтік лингвистикадағы тұжырымдар дәлел бола алады. Жаңа сөздер тілдің сөздік қорын толықтыратын басты көз ретінде бағаланса, менталды лексиконның сапалық және сандық тұрғыдан толығының бір көрсеткіші ретінде жаңа сөздерді атауға болады. Осымен байланысты жаңа сөздердің менталды лексикондағы кумулятивтік сипатын зерделеу өзекті деп бағалауға негіз бар.

Жаңа сөз – сөздік қордың елеулі бөлігін құрайтын бірлік. Сөзге тән қызметтер, негізгі белгілер лексикалық инновацияларға да тән болуы заңдылық. Психолингвистикада, когнитивтік лингвистикада сөз мағынасының екіжақты “өмірі” деген ұғым-түсінік бойынша жасалған ғылыми пайымдаулар тілдегі жаңа сөздердің де екіжақты “өміріне” қатысты тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Сөзіміздің дәлелі ретінде сөз мағынасының екіжақты “өміріне” байланысты зерттеушілердің тұжырымдарын келтіре кетейік. Осы тұжырымдарға сүйене отырып, жаңа сөз – таза тілдік емес, психологиялық, танымдық категория, интеграциялық, кешенді зерттеуді қажет ететін феномендеген баға беруге болады.

А.А. Залевскаяның көрсетуінше, соңғы жылдары негізгі танымдық бірлік ретінде мағына түрлі ғылым салаларындағы, атап айтқанда когнитивтік лингвистика, когнитивтік психология, семиотика, биолингвистика және т.б. зерттеушілердің назарын аудартып отыр [10, 1606].

Сөз мағынасының теориялық мәселелері көптеген монографиялық және диссертациялық зерттеулерде талқыланып, ғылыми әдебиеттерде түрлі аспектіде қарастытылып келеді. А.А. Залевская сөз мағынасының екіжақты “өмір сүру” сипаты, оның қызметі мен “өмір сүру” формаларын, таным және қарым-қатынас процесіндегі мағынаның делдалдық рөлін қарастырған [10, 1606].

Ғалым А.А.Леонтьев мағынаның екіжақты онтологиясына назар аудартады: Біріншіден, “...мағына субъект үшін екіжақты өмір сүреді, бір жағынан, мағына – оның санасындағы нысана, екінші жағынан – түсінісудің тәсілі және тетігі” дейді. Екіншіден, мағынаның екіжақты “өмірі” олардың екі түрлі жүйеге – әлеуметтік және тұлғалық жүйеге енуімен байланыстырылады [11, 3166]: “Мағына қоғамдық сана жүйесіне (әлеуметтік тәжірибеге, әлеуметтік жадыға) енеді, яғни әлеуметтік құбылысқа айналады; алайда бір уақытта мағына тұлғалық жүйеге және жеке адамның қызметіне ене отырып, тұлғалық сананың бөлшегіне айналады. Олардың бір жүйедегі қозғалысы екінші жүйемен шектеледі және керісінше” [11,3166] (Сурет 1).



Сурет 1. А.А. Леонтьев бойынша мағынаның екіжақты “өмірі” [10, 1626]

Ғылым дамуының қазіргі сатысында рационалды-логикалық тұрғыдан сипатталатын мағына мен адамның шынайы қызметі арқылы көрінетін мағынаның арасындағы айырмашылық айқын байқалады. Умберто Эконың еңбегі табиғи семмозистің ерекшеліктеріне арналған. Соның ішінде У. Эко мағынаның екіжақты “өміріне” қатысты проблемаға тоқталады. А.А. Залевская У. Эконың тұжырымы бойынша мағынаның екіжақты “өмір сүру” қағидаларын жинақтап көрсетеді (Сурет 2):



Сурет 2. У. Эко бойынша мағынаның екіжақты “өмірі”[10, 163б]

У. Эко “мағына” терминінің тұрақсыздығына назар аудартады және “ядролық мазмұн” мен “когнитивті тип” ұғымдарын ажыратуды ұсынады: мағынаны “ядролық мазмұн” бойынша әлеуметтік, ал “когнитивті тип” бойынша менталды феномен ретінде түсіндіреді. Сондай-ақ оларды қоғамдық және тұлғалық; коммуникативтік консенсусқа негізделген (келісім бойынша) және перцептивті семиозис пен қарым-қатынасқа негізделген; алғашқысын “көруге” болады, ал екіншісі тану, сәйкестендіру, референция арқылы талдауға түседі деген мәжелер бойынша жіктейді.

А.А. Леонтьев пен У. Эконың мағынаның екіжақты “өміріне” қатысты тұжырымдарына орайластырсақ, жаңа сөздердің тіл – сөйлеу – узус үштігіндегі орналасу мүмкіндігін де жинақтау болады (Сурет 3):



Сурет 3. Жаңа сөздерді когнитивті ғылым аясында зерттеудің қажеттілігін интерпретациялау

Сөз мағынасының екіжақты сипатына орайлыстыра отырып, екіжақты салыстырудың нәтижесін кеңейте түсуге болады. Назар аударатын жайт, жаңа сөзге тән екіжақты сипат бір-біріне ықпал ететін межелерді қамтиды. Айталық, тіл ғылымы саласындағы қалыптану ұғымын, әрине, ең алдымен, жаңа сөздердің сөздіктерге енгізілуі деген анықтамамен шектеу қолайлырақ және оңтайлы. Бірақ бұл ретте қазіргі әдеби тілдің лексикалық құрамын сөздіктерге тіркеуде бірізділік сақталмаған; оның бірнеше себептері байқалады: біріншіден, жекелеген салалар бойынша жеке адамдардың авторлығымен түзілген сөздіктер бар; жеке тұлға мүмкіндіктерімен, оның зияткерлік қабілетімен, жаңа сөздерді енгізуге сан алуан көзқарастарды ескеруіне байланысты жасалғандықтан, оларда субъективті факторлар байқалады. Екіншіден, лексикография саласы тіл практикасынан біршама кешендеу қалатындығы ғылымда дәлелденген, сондықтан лексикографиялық еңбектердің ең соңғы басылымдарының өзі жаңа атауларды тіркеп, қамтып үлгермейді [12, 316]. Демек, тіл жүйесінде жаңа сөздердің кодификациясына жеке адамның (сөздік түзушінің немесе жаңа сөзді пайдаланушының) тұлғалық интерпретациясы, сөз байлығы, референциялау деңгейі сияқты субъективті факторлар тікелей ықпал етеді.

Сонымен қатар, жаңа сөздің сөйлеуде – узушта – жеке адамның менталды лексиконында орнығуына тіл жүйесіндегі сипаты, қоғамдық сана, ұжымдық интерпретация сияқты межелер тікелей ықпал етеді. “Terminology: Applications in interdisciplinary communication” деп аталатын жинақта С. Павел неология мен фразеологияны терминологиялық бірліктерді қалыптастырушы көз ретінде қарастырады [13, 56]. Еңбекте техникалық және ғылыми вокабулярдың дамуы, концептуалды өзгеріс, неологизмнің қабылдануы және оның “дұрыс” жасалуы, уәждемелік динамика (қажеттілік және құндылық), интербелсенді динамика (неологизмнің қарым-қатынас және өзара ықпал ету жолымен қабылдануы), құрылымдық үдерістер (ұжымдық жұмыс, неологизмдерді табуға арналған материалдарды қарау), тиімді коммуникация (әлеуметтік лингвистикалық қажеттілік) сияқты параметрлердің сабақтастығы талданған.


Талқылау. Жаңа сөздердің тілдік тұлғаның менталды лексиконындағы орналасу ерекшелігін зерделеудің қажеттілігін дәйектеуде назар аудартатын тағы бір жайт – жаңа сөз құбылысының ғылыми тұрғыдан қалай анықталатындығы. Жүйелік-құрылымдық лингвистика шеңберінде жаңа сөз “неологизм” терминінің аясында, яғни қоғамның тілдік жүйесінде бұрын болмаған лексикалық бірлік ретінде қарастырылады. Жүйелік-құрылымдық аспектіде неология саласындағы зерттеулерге жасалған шолу лексикалық бірліктің жаңашылдығын анықтаудың төмендегідей жалпы межелерін бөліп алуға мүмкіндік берді:

- лексикографиялық меже (Л.В. Млаховский, А.Е. Карпович);
- құрылымдық меже;
- сменатикалық меже (Е.В. Курасова, Г.О. Кипарисов, Н.В. Черникова);
- денототивті меже (В.А. Козырев, В.Д. Черняк);
- кеңістіктік-уақыт межесі (Н.З. Котелова);
- жаңашылдық эффектісі межесі (М.Н. Шанский).

Е.Н. Гришкинаның еңбектерінде лексикалық бірліктің жаңашылдығын интерпретациялау үшін жоғарыда аталған жүйелік-құрылымдық аспектіге когнитивті аспекті қарама-қарсы қойылады, осылайша “когнитивті тұрғыда жаңа сөз индивидтің менталды лексиконындағы бірлік ретінде танылады және ол периферияда орналасады” деп көрсетеді. Сондай-ақ зерттеуші “формалды жаңа сөзге” қарама-қарсы “субъективті жаңа сөз” атауын ұсынады [14, 36]. Бұл ретте “формалды жаңа сөз” ұғымы тіл жүйесіне енген, неология аспектісінде талданып жүрген нысана, ал “субъективті жаңа сөз” ұғымы – жеке адамның менталды лексиконы үшін жаңа сипатқа ие бірлік. Демек менталды лексиконға енетін жаңа сөз екіжақты сипатқа ие болып шығады:

– бірінші – сөйлеудің онтогенезі тұрғысынан неологизациялану процесі, басқаша айтқанда адамның менталды лексиконының кеңеюі және үздіксіз толығыуы. Зерттеулерге сүйенсек, 16 ай толғаннан бастап сәби күн сайын 10 жаңа сөзді меңгереді. Тіл жүйесінде бұрыннан бар, бірақ жеке адамның сөйлеу тәжірибесінде бұрын кездеспеген сөз – менталды лексиконға жаңа енген сөз;

– екіншісі – жаңа технологиялардың пайда болуы, ақпарат ағынының қарқыны және жаһандық ақпараттық, әлеуметтік, желілік кеңістіктің ұлғаюының ықпалымен тілдің сөздік қорындағы неологизациялану процесі. Алайда, жаңа сөздің осы сипаты біріншісімен кері сабақтастыққа ие, яғни сөйлеу онтогенезінің заңдылықтарына сәйкес тіл жүйесіне енген жаңа бірлік жеке адамның менталды лексиконы үшін де жаңа сипатқа ие, қабылдау үдерісінде когнитивті спектрде сөздің мағынасымен әрі дыбысталуымен байланысты оның “жаңашылдығы” сезіледі (Сурет 4):



Сурет 4. Жаңа сөздің құбылысын анықтаудың интеграциялық интерпретациясы

Шын мәнінде, лингвистикалық екі бағыт (когнитивті және жүйелік-құрылымдық) бойынша лексикалық бірліктің жаңашылдығын ажырату жаңа сөзді түсіну мен оның пайда болу ерекшеліктерін кешенді түрде нақтылауға мүмкіндік береді: жүйелік-құрылымдық тұрғыдан тілдік материалға логикалық-рационалды талдау жасау барысында сөздің жаңашылдығы анықталса, субъективті тұрғыда ішкі тәжірибесіне сәйкес индивидтің когнитивті спектрінде сөз мағынасының жаңа сипаты көрініс береді. Лексикалық бірліктің субъективті жаңашылдығын түсіндіру психолінгвистикалық (А.А. Залевская, С.И. Тогаева, Ю.В. Федурко, Э.В. Саркисова), онтолінгвистикалық (С.Н. Цейтлин, М.М. Баранова, Т.А. Гридина, Г.Р. Доброва және т.б.), лингвокогнитивтік (И.А. Стернин, З.Д. Попова, Е.О. Атланова) аспектілер бойынша зерттеулерде дәлелденді. Сонымен қатар субъективті жаңа сөз феноменін нейролінгвистика аясында да қарастырған зерттеулер бар (А.Р. Лурия, А.О. Роик, Г.А. Иванницкий, П.П. Дашинимаева). Сөзді субъективті тұрғыдан жаңа деп танудың негізгі межесі – “жаңашылдығын сезіну”, басқаша айтқанда индивидтің сөйлеу-ойлау тәжірибесіне енген сөздің “жаңашылдық эффектісі”, “жаңашылдық белгісі”. Демек тілдік тұлғаның менталды лексикондағы жаңа сөздердің кумуляциялануы кешенді, пәнаралық зерттеуді талап етеді.

Менталды лексикон үшін лексикалық бірлікті қабылдау – күрделі әрі интеграциялық типтегі үздіксіз процесс. Себебі лексикалық бірлікті қабылдаудың нәтижесінде сезім мүшелері және психикалық процестер арқылы үздіксіз интерпретация және алынған ақпаратты талдау жүзеге асады. Тұтастай алғанда адам санасының, соның ішінде менталды лексиконның “жаңашылдықты сезінуі” – қоршаған болмысты қабылдаудағы интеграциялық жүйе болып саналатын когнитивті спектр қызметінің нәтижесі.

Жаңа сөздің пайда болуы, оның “жаңашылдық” сипатының мойындалуына қатысты қысқаша осылайша тұжырымдауға болады. Зерттеудің мақсатына сәйкес негізгі міндет – тіл жүйесінің сөздік қорына жаңа енген және жеке адамның сөйлеу онтогенезінде жаңа сипатқа ие тілдік бірліктің менталды лексикондағы кумулятивтену сипатын анықтау.

Қорытынды. Тілдің дүниені танудағы қызметі өзіндік ғезектілігін ешқашан жоймайды. Тілсіз адамның танымдық үрдісінің жүзеге асуы мүмкін емес. Себебі тіл бірліктерінен дүниенің дерексіз, жалпы кәріністері адам санасында бейнелене алмайды [15, 2386]. Осымен байланысты жоғарыда аталған проблемалардың кешенді сипаты тілдік тұлғаның менталды лексикондағы жаңа сөздердің шоғырлануын зерделеу төмендегідей міндеттердің жүзеге асырылуымен байланысты екендігін танытады:

- менталды лексиконды жиілік, фонетикалық, сөзжасамдық, лексика-семантикалық және әлеуметтік лингвистикалық сипатты бойынша анықтау;
- менталды лексикондағы концептуалды аймақтарды реконструкциялау және тілдік, когнитивтік параметрлердің байланысын моделдеу.

Қорыта келгенде, ғылым дамуының жаңа бағыты сөйлеушінің когнитивті санасына тиесілі тетіктер мен тілдің арақатынасынан туындайтын проблемалардың көпқырлы, кешенді сипатын танытады. Бұл әсіресе тілдегі жаңа сөз құбылысына қатысты күрделі маңызды мәселелерді айқындауға және олардың шешімін табуға үлкен мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, тілдегі құбылыстарды, күрделі үдерістерді, олардың өзара байланысы мен арасалмағын когнитивті аспектіде зерттеу лингвистика ғылымының қазіргі даму сатысын сипаттайды. Сондықтан да когнитивтік лингвистиканың аясында жаңа сөздердің жасалу тетіктерін, жаңа лексикалық бірліктердің қалыптасу үдерісіне ықпал ететін когнитивтік факторларды, когнитивтік және тілдік құрылымдардың арасалмағын танып-түсіну – жаңа сөздердің менталды лексикондағы орнығуын зерттеу маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кубрякова Е.С. О ментальном лексиконе: лексикон как компонент речевой способности человека // Актуальные проблемы современной лингвистики. – М.: Флинта-Наука, 2011. – С. 327–343.
- 2 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 264 с. - книга
- 3 Залевская А.А. Ментальный лексикон с позиций разных подходов // Залевская А.А. Слово. Текст. Психолингвистические исследования: избранные труды. – М.: Гнозис, 2005. – 542 с.-книга
- 4 <https://www.etymonline.com/search?q=lexicon> [Пайдаланған уақыты: 30.03.2020]-электронный ресурс
- 5 Кубрякова Е.С. В поисках сущности языка // Вопросы когнитивной лингвистики. - №1. – 2009. – С. 5–12.-книга
- 6 Золотова Н.О. Ядро ментального лексикона человека как естественный метаязык: дисс. ...докт. филол.н. – Тверь, 2005. – 306 с.-книга
- 7 Чурилина Л. Ментальный лексикон: модели организации знаний в памяти человека // Чурилина Л. Актуальные проблемы современной лингвистики. – М.: Флинта, 2011. – 416 с. -книга
- 8 Taylor J. R. The mental corpus: How language is represented in the mind. – N.Y.: Oxford University Press, 2012. – 336 p.-book
- 9 Заботкина В.И. Слово и смысл. Монография. – М.: Издательский центр РГГУ, 2012. – 420 с.
- 10 Залевская А.А. Введение в психолингвистику: Учебник. – М.: Директ-Медиа, 2013. – 561 с.
- 11 Леонтьев А.А. Деятельностный ум (Деятельность. Знак. Личность): Монография. – М.: Смысл, 2001. – 392 с.-книга
- 12 Aldasheva K. New words in the modern Kazakh language: codification processes and their linguodidactic foundations: the dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). – Almaty, 2016. – 202 p.-dissertation
- 13 Silvia Pavel. Neology and Phraseology as Terminology-in-the-making // Terminology: Applications in interdisciplinary communication. – Canada, 1993. – 8 p.-article
- 14 Гришкина Е.Н. Новизна лексической единицы как интегративный параметр психологической структуры значения слова (на материале психолингвистического эксперимента): автореф. дис. ...канд.филол.наук. – Тверь, 2017. – 20 с.-диссертация
- 15 Кегенбекова А., Рамазанов Т. Терминдерді зерттеудің когнитивті сипаты // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – №1 (71). – 2020. – Б. 237-241.-журналда жарық көрген мақала

МРНТИ 16.01.09

Сейітбекова А. ¹

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан

КЕЙБІР КІРМЕ БІРЛІКТЕРДІҢ ДЫБЫСТЫҚ ИГЕРІЛУІ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Сөздік қорымыздың негізгі қабатын құрайтын араб, парсы сөздері қазақ тіліне ену жолдары мен фонетикалық, семантикалық өзгерістеріне бірқатар ғылыми-зерттеу еңбектер арналғаны белгілі. Тілімізге жазба және ауызша тіл арқылы енген араб және парсы сөздері қазақ тілінің әдеби тілінің сөздігіне де тіркеліп, дефинициясы ашылды. Кейбір сөздердің тілімізге сіңісіп кеткені соншалық қазіргі таңда өз сөзіміздей қабылданып, бөтендігі танылмай да қалды. Бұндай сөздердің қандай жолдармен дыбыстық өзгерістерге түскендігі жайында тілтанымдық ақпарат беріп, оларды жаңа әліпбимен түзілетін сөздікке тіркеп, жетілдіріп отыру – лексикографтар мен тілтанушылардың басты міндеті. Сондықтан аталмыш мақалада кірмелігі танылмай қалған тілдік бірліктердің фонетикалық игерілуіне, семантикалық өзгерістеріне талдау жасалып, жаңа латын әліпбимен түзілетін сөздіктің сөзтізбесіне енгізу жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер:сөздік, араб және парсы сөздері, дыбыстық өзгерістер, семантика

Seitbekova A. ¹

¹ A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty

ABOUT PHONETIC TRANSFORMATIONS OF SOME BORROWED WORDS

Abstract

It is known that a number of research works are devoted to Arabic and Persian words entered the Kazakh language through a number of ways, as well as phonetic, semantic changes. Arabic and Persian words, which entered our language through written and oral language, were also registered in the dictionary of the Kazakh literary language, and their definition was opened. Some words have become so ingrained in our language that they are no longer recognized. The main task of lexicographers and linguists is to provide linguistic information about the ways in which such words undergo phonetic changes, to register and improve them in the dictionary, which will be formed in the new alphabet. In this article, the author analyzes the phonetic assimilation and semantic change of borrowed units, along with this, suggests methods for introducing borrowed words into the dictionary of new Latin graphics.

Keywords: dictionary, Arabic and Persian words, sound changes, semantics

Сейтбекова А. ¹

¹ Институт языкознания имени А. Байтурсынова,
Алматы, Казахстан

О ФОНЕТИЧЕСКИХ ПРЕОБРАЗОВАНИЯХ НЕКОТОРЫХ ЗАИМСТВОВАННЫХ СЛОВ

Аннотация

Известно, что изучению способов проникновения, а также фонетического, семантического изменения арабских и персидских слов в казахском языке посвящено множество научных трудов. В процессе употребления заимствованные слова с в устной и письменной речи настолько укоренились до неузнаваемости, что потеряли свойства чужеродности. Поэтому основной задачей лексикографов, языковедов является предоставление лингвистического анализа преобразования, освоения, происхождения заимствованных слов. В данной статье автор анализирует фонетическое освоение и семантическое изменение заимствованных единиц, наряду с этим предлагает способы введения заимствованных слов в словарь новой латинской графики.

Ключевые слова: словарь, арабские и персидские слова, фонетические изменения, семантика

Кіріспе. Жаңа латын әліпбиіне көшуде қазақ тілінің лексикографиялық базасына да өзгертулер мен толықтырулар енетіні анық. Осыған орай бүгінгі сөздік қорымыздың негізгі қабатын құрайтын араб және парсы сөздеріндегі болып жақтан дыбыстық және семантикалық түрлену жолдарын, шығу төркінін қайта қарастырып, жаңа сөздікке тіркеп, жетілдіріп отыруды қажет деп санаймыз. Қазақ тіліне ертеден енген кейбір араб, парсы сөздері игерілгені соншалықты, төл сөзіміздей қабылдаймыз. Кейде бұл сөздер сөздікке тіркелгенмен, шығу төркіні қай тілден енгендігі нақты көрсетіле бермейді. Ол бір жағынан жөн де, себебі біржакты ғылыми дәлелденген пікірлер мен зерттеулер болмайынша, қате ақпарат беруден сақтанудың бірден бір жолы. Осыған байланысты зерттеу жұмысымыздың мақсаты – халықтың сөйлеу тіліндегі кейбір араб, парсы сөздерінің түп-төркінін анықтап, сөздікке белгілеуді қарастыру.

Жалпы, араб, парсы сөздері қазақ тіліне екі түрлі формада жазба және ауызша тілі арқылы енгені белгілі. Жазба тіл арқылы енген араб, парсы сөздері түркі тілдеріне бастапқы енген кезінен бастап ХХ ғасырдың алғашқы кезеңіне дейін түпнұсқасы сақтала отырып жазылды. Одан кейін араб, парсы сөздері халықтың сөйлеу тіліндегі дыбысталуына жуық жазыла бастайды. Дегенмен араб, парсы сөздері *халықтың сөйлеу тілімен* және *түпнұсқасымен* де әртүрлі нұсқада таңбаланғанын сол кезеңдердегі жарияланған газет тілі материалдарынан, XV-XVII ғғ. ақын-жыраулар мен жазушылардың шығармаларынан, халық арасына ауызша тараған діни қисса-дастандар мәтіндерінен байқауға болады. Уақыт өтпелі халықтың сөйлеу тілі арқылы енген белсенді қолданыстағы араб, парсы

сөздері қазақ тілінің дыбыстық табиғатына сәйкес әртүрлі фонетикалық (синкопа, эпитеза, апокопа, метатеза) құбылыстармен игерілгені белгілі. Айтылуы бойынша игерілген сөздердің құрамындағы сөз дыбыстарының жазудағы нормасы белгіленіп, орфографиясы да орнықты. Қазіргі қазақ әдеби және халықтың сөйлеу тіліндегі араб, парсы сөздерін игерілуі тұрғысынан екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа сөздің сыртқы тұрпатына қарай кірмелігі танылатын араб, парсы сөздері: *кітап, дәптер, періште, хат, азат, әпсана, дарақ, ұстаз, пайда, мектеп, дос, парасат*, т.б. жатады. Яғни, сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстардың қазақ тілінде сол дыбыстарға жуық дыбыстарға түрленуі арқылы игерілген сөздер.

Екінші топқа сөздің сыртқы тұрпатына қарай кірмелігі танылмайтын араб, парсы сөздері: *абүйір, әжептеуір, әмпей, әмісе, әрине, әсте, өжет, өбу, өгей, үлгі, үжіре*, т.б. жатады. Яғни, сөз құрамындағы жат дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуы немесе дауысты дыбыстарға түрленуі арқылы тұтасымен қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бейімделіп игерілген сөздер.

Әдістеме. Араб, парсы сөздерінің қазақ тілінде алатын орны, ену жолдары Л.З. Рүстемовтың, Е. Бекмұханов, Н. Оңдасынов, Б. Жұбатова, Ж. Есеналиеваның, т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелді. Алайда тілімізде кірмелігі танылмай кеткен тілдік бірліктер де жеткілікті. Сөз төркінін анықтауда дәстүрлі фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық принциптері негізінде салыстырмалы-салғастырмалы, жинақтау әдістері басшылыққа алынды. Зерттеу нысанымызға алынған тілдік бірліктердің семантикалық өзгерістері қазіргі қазақ әдеби тілі сөздігіндегі мағыналарына сілтеме беріліп отырады.

Нәтиже және талқы. Сөздің бастапқы позициясында дауыссыз дыбыстармен басталатын төл тіліндегі араб, парсы сөздері игерілу процесінде бір ғана белгіленген дауысты дыбысқа өзгеріп, игерілмеген, олар алуан түрлі дыбыстық өзгерістерге түрленіп, семантикалық өзгерістерге түскен. Қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмейтін арабтың *ح* “хә:”, *خ* “ха:”, *ه* “һә:”, *ع* “айын”, *غ* “ғайын” дыбыстары. Мәселен, *ح* “хә:” дауыссыз сөз басында түсіріліп, сөз жіңішке дауысты *ә, ө, ү* дыбыстарынан басталған: *حکم* – *өкім/үкім*, т.б. Кейде *ح* “хә:” қатаң дауыссыз дыбыстан басталады: *حاضر* – *қазір/әзір*; *حاراکات* – *қаракет/әрекет* т.б. Қазақ тілінде мұндай жуан дауыстылардың жіңішке дауыстыларға алмасуы тіл арты дыбыстарының тіл алдына жылжу үрдісімен түсіндіріледі [1., 149]. Әсіресе, бүгінгі тіл иелменіне танымастай игерілген кірме сөздердің ішінде *ә, ө*, *ұ* дыбыстарымен басталатын сөздер.

Ә-мен басталатын сөздерге назар аударайық. Тілімізде семантикасы күңгірт тартқан *ә*-мен басталатын бірқатар сөздер бар. Мәселен, *Бұлармен ә м п е й болған адамның Жанарынан қып-қызыл боп жас тамар!* (Қ. Мырзалиев, *Мәңгі майдан*).

Осы сөйлемдегі *әмпей* сөзі қазақ тіліне дыбыстық тұрғыдан игерілгені сонша бүгінгі тіл тұтынушылары төл сөзіндей қолданады. *Әмпей* сөзі парсы тілінің *һәм* (–бірге) және *но* (پا – аяқ) сөздерінің *һәмпа* бірігуінен туындаған болса керек. *Һәмпо* сөзінен *ие* және *ий* парсы тілінің қатысымдық жұрнақтары арқылы жасалған *һәмпойе*, *һәмпий* нұсқалары бар. Қазақ тілінде қатысымдық тұлғадағы соңғы *һәмпий* нұсқасындағы бірінші буындағы дауыссыз *һ* дыбысының түсіп қалуы (*һәм* – *әм*) және екінші буынның (*но* – *пей*) қазақ тілінің сингорманизм заңдылығына сәйкес өзара үндесіп, жіңішкеруі арқылы түрленген. Парсы тілінде бұл сөздің *һәмпо* (په) 1. жерсерік, жолдас; 2. жалға жерімен бірге берілген қос бұқаның иесі; 3. орта шаруа. *Һәмпойе*: тең дәрежелі, лауазымы мен атақ-дәрежесі бойынша бірдей; *һәмпий*: сүйемелдеу, жолдастық деген мағыналарына ие [2, 722]. Парсы тіліндегі бұл сөздің бірнеше мағынасына ортақ келетін семантикалық компонент “бірге орындалатын іс” дегенге саяды. Яғни, қазақ тілінде *әмпей* деп “бір-бірімен ауыз жаласқан көңілдес, сырлас” адамды атайды. Тілімізде “ашыналас, көңілдес” мағынасы да кездеседі [3, 2 т., 451].

Қазіргі таңда *әмпей* сөзіне қарағанда ауызекі сөйлеу тілінде “ым-жымы бір” мәніндегі *әмпи-жәмпик* қос сөзі жиі қолданылады. Осындағы *жәмпей* сыңарының да мәні бүгінгі оқырманға бейтаныс бірлік. *Жәмпей* тұлғасының жеке мағыналық дербестігі жоқ. Дауысты дыбыстан басталатын *әмпей* сөзінің алдына *ж* дауыссыз дыбысының қосылуы арқылы жасалған қос сөз. Тілімізде “*әмпей-жәмпейдің*” *әмпи-жәмпи*, *әмпай-жәмпай* нұсқалары да кездеседі.

Ә-мен басталатын тағы бір сөзге мысал келтірейік. *Мұнан бұрын балаларымыз ... төрт-бес жылда әптиектің қарасын жөндеп оқи алмай, тәлтiректeп, мыжып жүрмеушi ме едi?* (С. Торайғыров). Осындағы кірмелігі байқалмайтын, төл сөзіміздей игеріліп кеткен *әптиек* сөзінің де түп-төркіні парсынікі. Парсы тілінде бұл сөздің орфографиялық нұсқасы *хафт у иек* (يک و هفت – жетіден бір), яғни *хафт* (هفت – жеті) және *иек* (یک – бір) сандары байланыстырушы *у* (و) журнағы арқылы күрделі бөлшектік сан есімді тудырып тұр. Өткен ғасырдамұсылман мектептеріне қолданылған Құранның

қысқа сүрелері мен аяттарынан тұратын құранның жетінші бөлігін *әптиек* деп атайды. Яғни, *әптиек* – мұсылманша алғашқы сауат ашуға арналған оқулық түрі [3, 2 т., 470]. Сондай-ақ, байырғы қазақ арасында көзі ашық, санды есептей алатын адам “Ә таусыпты” деп дәріптелді. Әдетте халық арасында ем-домда жиі қолданылатын арнайы сүрелер мен дұғалар Ә-те беріліп отырды [4., 460].

Сонымен ә-мен басталатын сөздердің көпшілігінің түп-төркіні араб, парсы тіліне жатқызылады. Қ. Жұбанов: “Қазақ сөзі *әнге* келетін болсақ, ол түбірлі сөз емес, кейініректе иран тілінен енген сөз. Оның алғашқы нұсқасы *оһәник*. Біздегі *ән* сөзінің басындағы *ә* қазақ тілінде кейіннен араб-иран кірмелері арқылы пайда болған, бұл араб, иран сөзінің ассимиляциялық құбылуға ұшыраған түрі”, – дейді [5., 20]. Осындай *ә* дыбысынан басталатын сөздердің араб, парсы тіліндегі графикалық тұлғасы мынадай:

- а алиф: ابگیر әбгир – әбігер;
- أ алифпен хамза: أبدا әбдан – әбден, أبسته обдәсте – әбдәсте;
- ع алиф пен айын: عادل әділ, عالم әлем;
- ع айын: عبث әбес, عزيز әзиз;
- ح хә: حراكت әрекет/харекет, әддік;
- ه һә: هوا әуе/ауа; يكو هفت әптиек, هجو әжуа/ажуа, т.б.

Байқағанымыздай, арабтың *алиф*, *алиф хамза*, *айын алиф* және *айынмен* басталын сөздер қазақ тіліне *ә* дыбысымен түрленген. Ал дауыссыз *ха* және *һә* әріптерімен басталатын кейбір сөздер қазақ тілінде көбіне мағына ажыратушы фонетикалық вариант құруға негіз болған.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ә* дыбысынан басталатын сөздердің саны көп. Мысалы, *әбжет*, *әбзел*, *әдді*, *әжет*, *әзәзіл*, *әзіл*, *әзірет*, *әпсат*, *әсте*, *әсел*, *әдіс*, *әлем*, *әріп*, *әлек*, *әуселе*, т.б. Олардың көбі туынды сөздерге ұйытқы болған.

Ө-мен басталатын сөздердің декірмелігі байқала бермейді. Тілімізде адам тұлғасының қайсар мінезін білдіретін *өжет* сөзінің арабтың *худжәтун* حجة сөзінің дыбыстық түрленуінен жасалғаны көпшілікке беймәлім. Н. Оңдасыновтың арабша-қазақша сөздігінде *худжәт* حجة сөзі 1. дәлел; 2. сылтау; 3. иелік документ (бір нәрсеге); 4. ауыс. қайсар, табанды, өр [6., 117]. Парсы тілінің сөздігінде: 1. айғақ, дәлел; аргумент; 2. талас, пікірталас; 3. вексель деген мағыналарға ие [2., 492]. Сөздіктерден байқағанымыз бірінші, екінші, үшінші мағыналары өзара бірін-бірін толықтырып тұрған семалар. Қазақ тіліне тек “құжат” мағынасы сақталған. Ал ауыспалы мәндегі “қайсар, табанды, өр” *өжет* сөзі алдыңғы дауыссыз *һ* дыбысының түсіп қалуы және одан кейінгі жуан дауыстының жіңішке дауысты дыбысқа өзгеруі арқылы түрленген. Қазақ тілінде *өжет* сөзінің семалық өрісі кеңейген. Алдыңғы өзара мәндес үш семаны негізгі семаларға жатқызымыз: 1. *Ойын іркілмей, қысылмай, бетке айтатын, еш нәрседен қорықпайтын*; 2. *Батыл, қайсар, қайтпайтын*; 3. *Өткір, батыр*. Шеткері сема: 4. *Қыран құстардың шақар, өткір сыны* [3, 2 т., 470].

Осылайша көне және ортағасыр жазба ескерткіштер мәтіндерінде қолданылу жиілігі жоғары арабтың *һуббу* حبб сөзі де бастапқы позициясындағы *һ* дыбысының түсіп қалуы және одан кейінгі дауыстының өзгеріске ұшырауы арқылы *өбуболып* игерілген. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы кеңейген, көбіне ақын-жазушылардың шығармаларында кездеседі: 1. *Ернін тигізіп сүю*. 2. *Сүйіспеншілік, құштарлық*. 3. *Ауысп. Желпу, рақат сезімге бөлеу* [3, 12 т., 67]. Ауызекі сөйлеу тілінде *үбекте*, *өбекте*, *өпкенде* әртүрлі дыбыстық нұсқаларында кездеседі.

Қазақ тілінде **ө** дыбысымен игерілген араб тіліндегі *уә* дыбысымен басталатын бірқатар сөздер бар: *уәкил* وكيل – *өкіл*, *уәсийәт* تيصو – *өсиет*, т.б. Бұл сөздер де араб тіліндегі алдыңғы дыбыстың түсіп қалуы арқылы және екінші дауысты дыбыстың өзгеріске түсуі арқылы түрленген. Араб тілінде *өкіл* сөзінің *сенімді адам, қорғаушы, депутат* мағыналары бар. Қазақ тіліндесемантикалық өрісі кеңейген: 1. *Белгілі бір елдің, мекеменің, ұйымның көзқарасын, мүддесін білдіретін, оны жүзеге асыратын ресми адам*. 2. *Белгілі бір топтың (халықтың, ұйымның, таптың) атынан келген кісі*. *Өкіл* сөзінің бұдан бөлек “келісім бойынша жасалған туыстық атау” мәнінде *өкіл ата*, *өкіл бала*, *өкіл күйеу* тіркестері қалыптасқан.

Дегенмен парсы тілінен енген кейбір сөздердің қазақ тілінің дыбыстық табиғатына түрлену жолдары өзгеше. Мәселен, қазіргі сөйлеу тілінде кеңінен қолданылатын, танымастай игерілген сөздердің бірі парсының *өгей* сөзі. Парсы тілінде *оугей* اوگه ای сөзінің бастапқы позициясындағы (*алиф* және *вау*) қос таңбасымен жазылатын *о* дыбысы **ө** дыбысына түрленген. *Өгей* сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі мағыналары: 1. *Өзі тумаған (әке, шеше)*. 2. *Асырап алған, өзінен тумаған (ұл, қыз)* [3, 12 т., 69]. Қазақ лексикасына мұндай сөздердің етене болып кеткендігі соншалық ақын-жазушылар шығармаларының өлең жолдарын көріктеу тәсілдері ретінде “бөтен, жат” мағынасында *өгей* сөзімен

тіркесетін *өгей өңір, өгей өлке, өгей жүрек, өгей тағдыр, өгейлік қылды*, т.б. ауыспалы мәндегі тілдік бірліктерді жиі кездестіреміз.

Тілімізде бөтендігі байқалмайтын *у* дыбысымен басталатын араб, парсы сөздері: *үзір* (өтініш), *үкім* (билік), *үмбет* (халық), *үшір* (салық), *үміт, үрім-бұтақ*, т.б. *У*-мен басталатын сөздердің араб, парсы тіліндегі графикалық тұлғасы әртүрлі болып келеді.

- алиф: *الگو* олгу – үлгі, *الف* олфәт – үлпәт;
- *ح* һә: *حضور* хузур – үзір, *حجر* һоджре – үжіре;
- *ع* айын: *عشر* – үшір, *عدة* үддәт – үдде;
- *غ* ғайын: *غذر* – үзір, т.б.

Төл тіліндегі сөздің бастапқы позициясы әртүрлі болғанымен, қазақ тіліне бір ғана жіңішке еріндік *у* дыбысына алмасып, бұл дыбыс қалған буындарды да үндестік заңдылығына сәйкес жіңішкертіп, өзіне бағындырған. Осылайша тұтастай толық игерілген сөздер қазақтың төл бірліктеріне айналып, кірмелігі танылмай қалған.

Сондай-ақ, тілімізде сөздің алдына бір дыбыстың қосылуы (протеза құбылысы) арқылы жасалған *үлек* және *үрей* сөздері бар. Мәселен, парсының “түйе” мағынасындағы *лук*, “бет, жүз” мағынасындағы *ру* сөздерінің алдына *у* дыбысының қосылуы арқылы жасалған. Тілімізде *й, у, р, л*, үнділерінен басталатын сөздердің алдынан селбесіп айтылатын *удыбысы* жазуда сақталған және үндесім заңдылығына сәйкес *лук – үлек* және *ру – үрей* болып, тұтастай игерілу процесіне түскен. Профессор Н. Уәлидің сөздің абсолют басында *л, р* дыбыстары қолайлы еместігін және бұл позициядан “қашып» отырудың төрт фонетикалық тәсілі бар екендігін көрсетеді. Оның бірін ғалым былайша тарқатып түсіндіреді: “... *л, р* дыбыстары сөздің басында селбеспелі қысаң дауыстылармен айтылған. Мысалы, *лу* (тибет, қытай) – *ұлу*, [ылашын] т.б. Өзге алмасулармен салыстырғанда соңғы төртінші тәсілді *л, р* дыбыстарынан басталатын шеттілдік сөзді игерудің аса өнімді түрі деуге болады” [7., 75]. Қазіргі қазақ әдеби тілінде *үлек* сөзінің семантикалық өрісі кеңейген: 1. *Таза қанды нар түйенің таза тұқымды бұрасы*. 2. *ауыс. Төбе, биіктік* [3, 15 т., 54]. Тілімізде осы сөзбен байланысты *үлек бота, үлек нар* тіркестері, *үлекше, үлектей* сияқты туынды тілдік бірліктер бар. *Үрей* сөзінің екі мағынасы бар: 1. *Құр сұлдер, сырт бейне*. 2. *Ауыс. Зәре, құт, қорқыныш* [3, 15 т., 76]. “Бет, жүз” мағынасы көмескеленіп, қолданыстан шыққан. Ал “зәре, құт, қорқыныш” ауыспалы мәні қазіргі тілімізде кең өріс алған: *үрей биледі, үрей туғызды, үрейі қаишты, үрей салды*, т.б.

Дегенмен *у*-мен басталатын сөздердің үндестік заңына бағынбай, әртүрлі нұсқада жазылып жүрген кітаби бірліктер де кездеседі. Мәселен, *Айтасың өзің неге, - демей ме ол? Жел сөзге, дегенменен болма ү л п а т! Сен айтпа қара өлеңді мен айтайын, Дегендей көрініп тұр бұл ишарат (“Айтыс”). Ғаманның жалғыз қызы болған ү л ф ә т, бітпейді адамзатқа мұндай сипат (“Тарғын батыр жыры”)*. Осындағы “достық, қарым-қатынас, сүйіспеншілік” мәніндегі кітаби лексикада қолданылатын парсының үлфәт *الف* сөзі *ұлтат, ұлпәт, ұлтат*, т.б. нұсқаларда болуының себебі тіл иелменінің өлең шұмағына сәйкестендіру талабынан, немесе, жазылу нормасы белгіленбеген сөздердің қатарынан болуы мүмкін. Осындай әртүрлі нұсқада жазылып әрі айтылып жүрген тілдік бірліктер тілімізде біршама. Оларды қазақ тілінің дыбыстық табиғатына сәйкес орфографиялап, бірізді нормаға түсіруді назарда ұстауымыз қажет. Бұл жайында А. Кобланова, Қ. Есенова өз мақалаларында орфография және орфоэпия бойынша анықтағыштар тәрізді ортологиялық құралдардың жасалуы, гуманитарлық ғылым саласынағы аса зор табыс болады дегенді айтады [8., 17].

Қорытынды. Қорыта келгенде, сөздердің бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке айтылуы әрі жазылуы қазақ тілінің табиғатына тән құбылыс екенін ескерсек, *ә, ө, у* дыбыстары кейінгі буындарды да жіңішкертіп, бөтендігін білдіртпей, семантикалық өрісін де кеңейткен. Бөтендігі сезіле бермейтін сөздердің өте ертеректе енгендігінің дәстүрлі лингвистикалық белгілері анықталған: туынды сөз жасау мен сөз тіркестіру қабілеттілігі, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің құрамында актив қолданылуы. Бұдан бөлек Академик Р. Сыздық кірме сөздің ену дәрежесін былайша көрсетеді: “Шеттілдік сөздің семантикалық жағынан сіңісуі, олардың тілдегі бұрынғы бар сөздерден мағына жағынан дифференциялануы, стильдік сфераға жатпайтын болса, оның әдеби тілдің әр алуына жанрында қолданыла беру қабілеттілігі” [9., 103]. Сондықтан кірмелігі қай тілден енгендігі беймәлім сөздердің түп-төркінін, семантикалық өрісін анықтап, жаңа әліпбимен түзілетін сөздіктердің сөзтізбесіне белгісөзін, стильдік белгілерін (кітаби, діни) қоюды ескеруіміз қажет. Бұл жалпы сөздікті пайдаланушы әлеумет, зерттеуші, мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін сөз төркінін тануда қажетті ақпарат болатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002-784 б.-кітап
- 2 Персидско-русский словарь.– М.:Рус.яз., 1985. Т. II. 864 с.-сөздік
- 3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бестомдық. Алматы: 2011, II Т. –744 ., - XII Т, – 752 б., XV Т. – 828 б.-сөздік
- 4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011-737 б.-кітап
- 5 Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 2010-608 б.-кітап
- 6 Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп, 1984-255 б. -сөздік
- 7 Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы, 2018-250 б.-кітап
- 8 Қобланова А., Есенова Қ. Рәбига Сыздық және қазақ тілінің ортологиялық құралдары // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, “Филология ғылымдары сериясы”, № 1 (71), 2020 ж. -журнал
- 9 Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014-383 б.-кітап

МРНТИ 19.01.07

Шакенова М.,¹Ташимханова Д.,² Баймаханбетов М.³

*^{1,3} АО “Информационно-аналитический центр” при МОН РК,
²Евразийский национальный университет им. Л. Гумилева Казахстан,
г. Нур-Султан, Казахстан*

**МАНИПУЛЯТИВНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ЛЕКСИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ
(НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСТАНСКОГО МАССМЕДИЙНОГО ДИСКУРСА)**

Аннотация

В настоящей статье рассматриваются вопросы массмедиа манипулирования. В силу огромного влияния массмедийного дискурса на общественное сознание и поведение, нередко массмедиа используются как инструмент информационно-психологического воздействия на общество и представляют для него информационную угрозу. В связи с этим актуальность изучения феномена манипулятивности, а также распознавания манипулятивных текстов путем машинной обработки на большом корпусе текстов не вызывает сомнения. При этом, учитывая скрытый характер манипуляции, достаточно сложным представляется определение таких механизмов и средств манипуляции, которые могут стать валидными метриками диагностирования уровня манипулятивности новостных публикаций. В данной статье определен концепт манипулятивности, а также рассмотрены из всего комплекса манипулятивных средств некоторые лексические маркеры, обладающие высоким манипулятивным потенциалом. Материалом исследования послужили 500 текстов корпуса манипулятивных публикаций, отобранных лингвистами-экспертами после внимательного прочтения и наблюдения за языковым материалом.

Ключевые слова: манипуляция, воздействие, СМИ, корпус текстов

Шакенова М.,¹ Ташиимханова Д.,² Баймаханбетов М.³

^{1,3} Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы
«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ,

² Л. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ӨКТЕМДІК ӘЛЕУЕТІ (ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АҚПАРАТ ҚУРАЛДАРЫ ДИСКУРСЫ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП)

Аңдатпа

Мақалада бұқаралық ақпараттың өктемдік жүргізу мәселелері қарастырылады. Бұқаратық ақпарат құралдары дискурсының қоғамдық сана мен мінез құлыққа мықты әсер етуіне байланысты, көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары көпшілікке ақпараттық психологиялық әсер ету құралы ретінде қолданылады және оған қатысты ақпараттық қауіп төндіреді. Осыған байланысты өктемдік ету құбылысын зерттеудің өзектілігі, сондай ақ өктем мәтіндердің үлкен мәтіндер топтамасында машинамен өңделу арқылы танылуы ешқандай күман келтірмейді. Осындай жағдайда өктемдіктің жасырын сипатын ескерер болсақ, жаңалықтар жарияланымдарының өктемдік ету деңгейін анықтаудың мықты өлшемі бола алатын механизмдер мен құралдарды табу оңайға түспейді. Мақалада өктемдік концепті анықталған, сонымен қатар барлық өктемдік құралдарының ішінде өктемдік әлеуеті жоғары кейбір лексикалық маркерлер қарастырылған. Зерттеу материалы ретінде лингвист-сарапшылар зейін қоя, тілдік материалдарына да үлкен мән бере отырып, оқып шығып, таңдап алынған өктемдік жарияланымдар топтамасынан 500 мақала пайдаланылды.

Түйін сөздер: манипуляция, әсер ету, БАҚ, мәтіндік корпус

Shakenova M.,¹ Tashimkhanova D.,² Baymakhanbetov M.³

^{1,3} “Information-Analytical Center” JSC

² Eurasian National University after L. Gumilyov,
Nur-Sultan, Kazakhstan

MANIPULATIVE POTENTIAL OF LEXICAL UNITS (BASED ON THE MATERIAL OF THE KAZAKH MASS MEDIA DISCOURSE)

Abstract

This article considers the issues of mass media manipulation. Due to the enormous influence of mass media discourse on public consciousness and behavior, mass media are often used as a tool for informational and psychological impact on society and pose an information threat to it. In this regard, the relevance of studying the phenomenon of manipulateness, as well as recognizing manipulative texts by machine processing on a large corpus of texts, is beyond doubt. At the same time, given the hidden nature of manipulation, it is rather difficult to determine such mechanisms and means of manipulation that can become valid metrics for diagnosing the level of manipulateness of news. This article defines the concept of manipulateness, and also considers some lexical markers from the entire complex of manipulative means that have a high manipulative potential. The research material consisted of 500 manipulative publications, selected by linguistic experts after careful reading and observation of the linguistic material.

Keywords: manipulation, impact, MassMedia, text corpus

Введение. В силу быстрорастущей популярности СМИ, в особенности, Интернет-пространства, среди населения разных возрастных групп и социальных статусов не только Казахстана, но и во всем мире, чрезвычайно актуальным в современной науке является изучение влияния СМИ на массовое общественное сознание и поведение [1, с. 12]. Массмедиа оказывают воздействие не только на миропонимание и мировосприятие индивида, но и осуществляют контроль над обществом в целом.

В свете сказанного актуально изучение вопросов массмедиа манипулирования, манипулятивного воздействия транслируемой СМИ информации на читательскую аудиторию. В процессе данного

манипулятивного воздействия осуществляется наполнение массового сознания определенными поведенческими шаблонами и ассоциативными стереотипами, а также установками и ценностями, которые вследствие манипуляции воспринимаются массовым читателем как собственные. Современные исследователи справедливо отмечают, что в массмедийной дискурсивной практике масштабно применяются информационно-психологические методы воздействия посредством стереотипных представлений, внедряемых в поток новостей, через которые подсознательно возникают у читательской аудитории негативные либо позитивные реакции на сообщаемое [2]. Также исследователи подчеркивают силу влияния “четвертой власти” на общество, усиление гипноза и психологической зависимости от массмедиа, которая “стала не только отражением реальности, но и творцом мифа об этой реальности” [3, с. 7].

Высокий манипулятивный потенциал дискурса массмедиа, применение различных технологий манипулятивного воздействия представляет угрозу скрытого информационно-психологического управления массовым сознанием. Так, данные исследования EdelmanTrustBarometer показали, что каждый седьмой из десяти опрошенных убеждены в намеренной дезинформации СМИ [4]. Результаты социологического опроса в Казахстане также продемонстрировали, что практически половина воспринимают информационные порталы как инструмент дискредитации тех или иных политических событий и фактов (43,4%) и считают, что информация освещается в выгодном свете (52,7%) [5].

В рамках нашего исследования по разработке автоматизированной информационной системы распознавания уровня манипулятивности публикаций Интернет-СМИ, нами был проведен дискурсивный анализ на выявление речевых языковых (лексических и грамматических) маркеров, обладающих манипулятивным потенциалом. Материалом исследования являются 500 манипулятивных дискурсов, отобранных лингвистами-экспертами в результате внимательного, неоднократного прочтения. В данной статье сделан акцент на некоторых лексических маркерах манипулятивности казахстанского русскоязычного дискурса массмедиа.

Методы и основная часть. Современной научной парадигме свойственны антропоцентрические исследования и обращение к феномену дискурса и изучению различных дискурсивных практик. В данном аспекте текст рассматривается в его движении, как, справедливо определила ученый Н.Д. Арутюнова, “речь, погруженную в жизнь” [6, с. 136], в ее непосредственной связи с носителем языка, в случае с дискурсом массмедиа – автором публикации и читательской аудиторией. Исследователь ван Дейк также подчеркивает экстралингвистические факторы, в особенности, ментальные (когнитивные) процессы создания и понимания дискурса, поскольку это, по мнению ученого, синкретизм языка, знания и действия [7, с. 121].

Манипулятивность как явление исследовалось в ряде научных трудов [8, 9, 10, 11]. Исследователь Е.В. Доценко изучил психологию манипуляции и выделил его такие характерные свойства, как имплицитный (скрытый) характер психологического воздействия, заинтересованность манипулятора в получении выигрыша, осуществление игры на “слабостях”, болевых точках адресата, в том числе посредством сферы бессознательного, с учетом своих преимуществ, применение манипулятивных приемов и технологий и др. [8]. Данное определение постепенно исследователями вышло за рамки психологического аспекта. Так, например, расширяя рамки манипуляции за пределы психологического воздействия, В.М. Герасимов и другие рассматривают ее в качестве определенного метода социального и психологического контроля [12].

Зарубежный исследователь ван Дейк рассматривает феномен манипуляции с позиции критического дискурс-анализа. Ван Дейк использует триангулярный подход (triangulation framework), синтезирующий дискурсивный (дискурс), когнитивный (познание, мышление) и социальный (общество) аспекты. Манипуляцию ученый определяет как аргументированный дискурс, в рамках которого власть или политическая сила, выступающая в качестве манипулятора, пытается укрепить свои позиции и, сообщая неполную или предвзятую информацию (вместо релевантной и объективной), воздействовать на реципиента, находящегося в роли жертвы, не способной противостоять манипуляции в силу определенных факторов контекстуального принуждения [9].

Манипуляция имеет большой креативный потенциал: в нем проявляется негативная интенциональность манипулятора и скрытый характер воздействия. Также подчеркивается деструктивный характер манипуляции, ее неприемлемость с моральной точки зрения [13].

Исследователь D. Maillat и др., изучающий манипуляцию в аспекте когнитивной прагматики, определяет ее как выстроенный контекст возможных пресуппозиций, из которых манипулируемый

выбирает только один важный и актуальный манипулятору вариант. Под контекстом понимается набор мысленных представлений, которые используются в качестве предпосылок в процедуре понимания[10]. Исследователи подчеркивают, что при манипулятивном общении прежде всего наблюдается использование ошибочных и эвристических методов, посредством которых человеческий разум обрабатывает информацию. При таком общении происходит ограничение выбора контекста с учетом интенциональной силы высказывания в целях восприятия ограниченного контекста при блокировке доступа к альтернативным контекстным предположениям[14].

Исследователь О.Н. Быкова подчеркивает важность лингвистической стороны манипуляции и изучает языковые единицы манипуляции[11]. П.Б. Паршин также дает определение манипуляции как речевое воздействие с использованием естественного языка для создания сообщений, имеющих манипулятивный потенциал и оказывающих влияние на сознание коммуниканта[15].

Таким образом, обобщая вышеназванные дефиниции манипуляции мы определяем манипулятивность как определенное имплицитное манипулятивное воздействие, при котором реализуются интенции манипулятора в рамках выбранных стратегий и тактик манипуляции посредством грамотно отобранных языковых единиц. В результате манипулируемый непроизвольно из ряда альтернативных выбирает выгодную манипулятору пресуппозицию.

В современной лингвистике особый интерес вызывают исследования, связанные с рассмотрением манипулятивных языковых средств (лексико-грамматических, риторических, стилистических, просодических и другие) [16, 17, 18, 19]. В русле таких исследований нами проведен анализ русскоязычных казахстанских массмедийных текстов манипулятивного характера, извлеченных экспертами-лингвистами из оппозиционных информационно-аналитических порталов. Общий объем анализируемого материала составил 500 текстов. В результате анализа были выявлены и обобщены языковые маркеры нескольких языковых уровней, обладающие высоким манипулятивным потенциалом. Описание синтаксических маркеров манипулятивности массмедийного дискурса был представлен в ранее опубликованных нами работах [20]. В рамках данной статьи рассмотрены отдельные лексические маркеры, использование которых при освещении значимых общественно-политических тем направлено на реализацию выгодной для манипулятора манипулятивной стратегии дискредитации.

В результате дискурсивного анализа манипулятивных текстов интернет-СМИ были выявлены языковые и речевые маркеры, обладающие манипулятивным потенциалом. Одними из наиболее распространенных в манипулятивной практике журналиста являются лексические маркеры.

1. **Слова с негативной тональностью.** Очевидными лексическими маркерами манипулятивности в анализируемых текстах выступают слова с негативной тональностью, заложенной в денотативном компоненте значения. Манипулятивный потенциал таких слов активно эксплуатируется в текстах, связанных с освещением социальных, политических вопросов. Для оказания воздействия на читательскую аудиторию авторы публикаций используют единицы, вызывающие отрицательные, неприятные ассоциации, что влечет за собой формирование негативного отношения читателей к публикации. В манипулятивных публикациях используются слова как с высоким, так и средним и невысоким индексами негативной тональности. Примерами слов с высоким индексом негативной тональности могут выступать следующие слова, наиболее часто встречающиеся в манипулятивных дискурсах: *убийца, убийство, смерть, гибель, трагедия, коррупция* и др. К словам с невысоким и средним индексами негативной тональности относятся такие примеры, как *лишения, воровство, некачественный, криминал* и др. При этом следует отметить, что слова с негативной семантикой называют все основные компоненты пропозиции: лицо (*вор, преступник, убийца, коррупционер* и др.), действие (*уничтожить, сломать, ограбить, обмануть* и др.), признак (*преступный, жестокий, проблемный, фиктивный* и др.), отвлеченное действие, состояние, свойство (*угроза, деградация, обман, бездействие, глупость, апатия, зависимость, неверие, огорчение, недовольство* и др.), признак признака или признак действия (*проблемно, неэффективно, ужасающе, глупо, неправильно* и др.).

Использование же авторами публикации приема нагромождения в пределах одного предложения, одного абзаца “негативных” единиц одной тематической группы усиливает манипулятивное воздействие текста. Например, “...такое же **бедствие** пришло и в ВКО. В регионе размыло дороги, **подтопило** нескольких десятков домов и сотен придворовых участков... Кажется, самый настоящий **апокалипсис** надвигается на страну. ...Кошумбаев вспоминает **трагедию** в Кызылагаше после передачи плотины в частные руки. Тогда **погибло** много людей. Большая вода в

Казахстане из полезного ресурса превратилась в неуправляемую угрозу...Идет деградация системы водоснабжения.” (Какой регион Казахстана затопит следующим? Ученый проанализировал паводки // Резонанс.14.04.2018); “Регион стал местом, где бытовое **насилие, похищения невест, харассмент, криминал** на любой вкус и откровенный чиновничий **беспредел** есть норма жизни....” (ЮКО стала главным поставщиком историй ужасов //Резонанс. 16.03. 2018); “**Уничтожены все киоски и развалы, где продавалась печатная пресса...в Алматы происходит самый настоящий геноцид против печатной прессы путем лишения точек ее реализации!А теперь - обычный геноцид!**” (Гульжан Ергалиева: УВАЖУХА АКИМАТА //Резонанс. 20.09.2018); “... глава центра по исследованию проблем религии ...прошумел на всю страну как любитель **порносьемок и взяточник**” (ЮКО стала главным поставщиком историй ужасов // Резонанс. 16.03. 2018); “...пользуясь служебным положением, он брал **взятки, воровал бюджетные деньги и госимущество, которое впоследствии легализовал.**” (Приняли ли Лейла и Виктор Храпуновы приглашение на допрос, пока неизвестно. Резонанс. 13.10. 2017).

2. **Стилистически сниженные лексические единицы.** Массмедийный манипулятивный дискурс на лексическом уровне также характеризуется явным преобладанием стилистически сниженных лексических единиц, использование которых обусловлено высокой степенью экспрессивности, заложенной в них, и стремлением автора публикации передать негативную оценку описываемых фактов, явлений, событий. В анализируемых текстах стилистически сниженная лексика представлена как разговорной, так и инвективной лексикой. Как правило, всем этимлексическим единицам присуща ярко выраженная негативная коннотация, и их использование направлено на формирование негативного отношения читательской аудитории к описываемым фактам, явлениям. В качестве примеров можно привести следующие: “Генеральная прокуратура РК обнаружила, что ...во время “исполнения программы занятости” некоторые социальные защитники**стибрили** у казны один миллиард тенге. **Ушлые** чиновники неэффективно распорядились 10,5 млрд. тенге. И **прожрали кредитов на 533 миллионов тенге. Таковы масштабы беззастенчивогокрысятничества** у нас в стране”. (Сожрать один миллиард тенге и не подавиться – это нужно уметь!// Резонанс. 22.08. 2018); “**Отдуваться** пришлось его заместителю...**Наши правители, слава богу, оберегают нас от такой пошлятины... Прокатило же у Кулагина с канонизацией себя любимого**”. (Несколько слов о банных процедурах областных акимов // Централ Азия монитор. 11.09. 2015); “... они из партнеров предпринимателей в регионах превратились в самых натуральных **“халявщиков”**, которые осуществляют лишь общее руководство...”. (СПК: правила выдувания мыльных пузырей //Централ Азия монитор.23.10. 2015).

3. **Устойчивые выражения, фразеологизмы, штампы с негативной тональностью.** Язык СМИ обилует не только оценочной лексикой, но и фразеологическими единицами, позволяющими благодаря образному характеру семантики создать наглядную картину описываемого, вызвать нужные для автора эмоции у читателя и др.[21, с. 47](М. Ковшова, 2009: 47). Манипулятивный потенциал в масс-медийных текстах также обнаруживают устойчивые выражения, фразеологизмы, штампы с негативной тональностью. При этом устойчивые обороты, фразеологизмы зачастую подвергаются структурно-семантическим преобразованиям. Например, “**Плюс властная вертикаль откровенно погрязла в бумагах, совещаниях и межклановых войнах, а также научилась и привыкла имитировать бурную деятельность, поскольку это единственный способ выживания при большом количестве поступающих сверху “ценных руководящих указаний”**”(Миграция для галочки // Эксперт. 05.05. 2017); “Одним словом, желания у нашей системы правосудия схватить за **причинное место беглецов хоть отбавляй, а вот рыть землю носом они не привыкли**”(Преступления без наказания //Централ Азия монитор. 06.11. 2015); “**Несмотря на всевозможные “диеты” (в виде антикризисных мер, реформ и аттестаций), он по-прежнему съедает значительную часть расходов госбюджета и висит обузой на шее государства**”. (Когда чиновники начнут приносить пользу стране? Централ Азия монитор // 30.03. 2017); **Из-за попустительства министерских чиновников на “Питьевых водах”нагрели руки чиновники областные**” (Госпрограмма “Питьевые воды”: двойка акимам //Ktk.kz.15.12. 2008).

Манипулятивное воздействие рассмотренных языковых средств довольно действенно при их использовании в составе заголовка. Такие заголовки не только привлекают внимание читателя, побуждают познакомиться с содержанием публикации, но и служат убедительным показателем отношения автора публикации к сообщаемой информации, являются своего рода характеристикой освещаемого факта, и эта характеристика зачастую носит пейоративную оценку. Например,

Мракобесие по-казахстански: *откуда у него ноги растут?* (Централ Азия монитор. 25.01. 2018); *Чиновники заняли все места под солнцем.* (Резонанс. 24.05. 2018); *Кто “наехал” на Байбека?* (Эксперт. 25.04. 2017); *Давайте не будем тыкать “пальцем в небо”!* (Резонанс. 18.05. 2018); *По ВВП “откатились” на шесть лет.* (Эксперт. 11.10. 2017); *Сожрать один миллиард тенге и не подавиться – это нужно уметь!* (Резонанс.22.08. 2018); *Как казахстанская интеллигенция белены объелась.* (Централ Азия монитор. 12.01. 2018).

Далее нами представлен статистический анализ описанных выше 5 лексических маркеров (слова с высоким индексом негативной тональности, слова со средним и невысоким индексом негативной тональности, разговорная лексика, инвективная лексика и устойчивые выражения, фразеологизмы и штампы с негативной семантикой) на корпусе объемом в 500 текстов (Таблица 1). В 75% текстов и выше независимо от источника публикаций наблюдается использование слов с высоким индексом негативной тональности, количество сов со средним и невысоким индексом негативной тональности. Также высокая частотность употребления фразеологизмов, устойчивых выражений и штампов с негативной тональностью, позволяющих автору публикации посредством образов, стереотипов расположить к себе читателя, войти к нему в доверие, настроить на нужную тональность. Использование разговорной и инвективной лексики, несмотря на их большую в манипулятивных текстах высока при реализации стратегии дискредитации, ограничено в силу журналистской этики, стремления сохранения литературных норм. Наибольшее использование стилистически сниженных лексических единиц представлено в основном в публикациях Централ Азия монитор (Рисунок 1).

Анализ показал, что статистически значимостью слова с высоким индексом негативной тональности, слова со средним и невысоким индексом негативной тональности, устойчивые выражения, фразеологизмы и штампы с негативной семантикой. Данные маркеры в сочетании с другими морфологическими и синтаксическими средствами, обладающими манипулятивным потенциалом, составляют концепт манипулятивностимассмедийного дискурса.


Таблица 1


Статистика использования лексических маркеров корпуса анализируемых текстов

	count	mean	std	min	25%	50%	75%	Max
Слова с высоким индексом негативной тональности	500	3,02	3,13	0	1	2	5	21
Слова со средним и невысоким индексом негативной тональности	500	5,88	4,7	0	2	5	8	35
Инвективная лексика	500	0,036	0,22	0	0	0	0	2
Разговорная лексика	500	0,4	0,87	0	0	0	1	7
Устойчивые выражения, штампы с негативной тональностью	500	2,71	2,57	0	1	2	4	25

Рисунок 1

Статистическое распределение лексических маркеров по источникам анализируемых текстов





Заключение. Анализ массмедиауправления на материале казахстанских русскоязычных текстов интернет-СМИ показал преобладание негативно окрашенной информации с целью дискредитации общественно значимых политических событий или явлений. Через обращение к лексическим средствам с негативной тональностью авторы публикаций стремятся воссоздать в массовом сознании негативную картину относительно описываемого. Анализ показал, что отбор описанных нами выше лексических средств с негативной тональностью обусловлен определенными интенциями манипулятора. В перспективе исследования большинство выявленных лексических маркеров, наряду с языковыми средствами других уровней, может стать статистически валидными индикаторами автоматизированного диагностирования манипулятивности русскоязычного массмедиа.

Список использованной литературы:

- 1 Кузьмина Н. А. Медиатекст как объект медиалингвистики / Н. А. Кузьмина // Современный медиатекст. – Омск: Омский гос. ун-т, 2011. – С. 11–55.- статья
- 2 Валеева Е. С. Формы и методы воздействия на общественное мнение в региональной медиасистеме [текст]: Дис. ... канд. филол. наук. – Казань, 2009. – 201 с.-диссертация
- 3 Хорольский В. В., Смотрова И. В. Журналистский текст и текст публицистический в современной западной газете / В. В. Хорольский, И. В. Смотрова // Акценты. Новое в массовой коммуникации. – Воронеж, 2005. – № 1–2. С. 8–17.- статья
- 4 EdelmanTrustBarometer 2018 Globalstudy [Электронный ресурс]. – 2018. – URL: http://cms.edelman.com/sites/default/files/2018-02/2018_Edelman_Trust_Barometer_Global_Report_FEB.pdf (дата обращения: 10.01.2020)- интернет-источник
- 5 Результаты социологического опроса по оценке влияния открытых информационных источников (электронных СМИ) на социум / АО “ИАЦ” МОН РК. – Астана, 2018.
- 6 Арутюнова Н. Д. Дискурс / Н. Д. Арутюнова // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – С. 136–137.- статья
- 7 ван Дейк Т. Язык. Познание. Коммуникация. – М., 1989. – 331с. - книга
- 8 Доценко Е. Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита. – М.: Изд-во МГУ, 1997. – 344 с.- книга
- 9 van Dijk T. A. Discourse and manipulation / T. A. van Dijk // Discourse and Society. – 2006. – № 17 (2). P. 359-383.- статья
- 10 Maillat D. Constraining context selection: On the pragmatic inevitability of manipulation / D. Maillat // Journal of Pragmatics. – 2013. – № 59. – P. 190-199.- статья

- 11 Быкова О. Н. Языковое манипулирование: материалы к энциклопедическому словарю “Культура русской речи” / О. Н. Быкова // Теоретические и прикладные аспекты речевого общения: Вестн. Рос. риторич. ассоциации. – Красноярск, 1999. – №. 1 (8). С. 91-103.- статья
- 12 Герасимов В.М., Деркач А.А., Косопкин А.С., Нефедова Т.И. Психология парламентаризма. – М.: Статус-Кво, 1999.- книга
- 13 Беляева И. В. Феномен речевой манипуляции: лингвоюридические аспекты: автореф. дис. ... д-ра филол. – 2009. – 374 с.– автореферат диссертации
- 14 Maillat D. & Oswald S. Constraining context: a pragmatic account of cognitive manipulation. / D. Maillat & S. Oswald In Hart, Christopher (ed.) // Critical discourse studies in context and cognition. – Amsterdam: John Benjamins. – 2011. – P. 65-80.- статья
- 15 Паришин П. Б. Речевое воздействие: основные сферы и разновидности. – М.: Эксмо, 2007.
- 16 Копнина Г. А. Речевое манипулирование: учеб. Пособие. – 4-е изд., испр. – М.: Флинта, 2012. – 170 с.– учебное пособие
- 17 Наварастян Л. Г. Языковые средства и речевые приемы манипуляции информацией в СМИ (на материале российских газет): автореферат диссертации ... канд. филол. н.: 10.02.02. – Саратов, 2017. – 23 с.– автореферат диссертации
- 18 Vasilenko T. S., Belova E. V., Shevarshinova E. I. The role of language means in exerting a manipulative impact on the audience (on the example of BBC radio text) / T. S. Vasilenko, E. V. Belova, E. I. Shevarshinova // World of Science. Series: Sociology, Philology, Cultural Studies. – 2019, – 1(10). - статья
- 19 Беляева И. В. Грамматика манипулятивной коммуникации / И. В. Беляева // Культурная жизнь Юга России. – 2009. – 1 (30). – С. 117–120.- статья
- 20 Шакенова М. Т., Ташимханова Д. С., Оспанова У. А., Булдыбаев Т. К. Лексико-грамматические маркеры манипулятивности массмедийного дискурса (на материале корпуса русскоязычных текстов СМИ в Республике Казахстан) / М. Т. Шакенова, Д. С. Ташимханова, У. А. Оспанова, Т. К. Булдыбаев // Научный диалог. – 2020. – № 2. – С. 141–160. – DOI: 10.24224/2227-1295-2020-2-141-160.- статья
- 21 Ковшиова М. Л. Лингвистический анализ текста (речевая манипуляция) / М. Л. Ковшиова // Вестник МГУ. – Сер. 19. – 2009. – № 1. – С. 46–55.- статья

МРНТИ 16.21. 51

Атабаева М.,¹ Булекбаева Л.,² Жылқыбаева А.³

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³ С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен, Қазақстан

Ш.САРЫБАЕВ АЙМАҚТЫҚ ЛЕКСИКАДАҒЫ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Этномәдени бірліктер парадигмасының көлемдісі - *ас-су, тамақтануға* байланысты бірліктер деуге болады, өйткені тағам, оның түрлері, тамақтану дәстүрі халық мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл парадигмада халықтың географиялық жағдайына үйлескен өндірістік қатынастар үдерісіндегі тіл иелерінің шаруашылық әрекетінің нәтижесі түгел көрініс табады. Этнографиялық зерттеу нәтижелеріне қарағанда, заттық мәдениеттің киім-кешек, үй-жай т.б. түрлері сияқты емес, тамақ, тамақтану дәстүрі этникалық, мәдени-тұрмыстық белгілері жағынан тұрақтылығымен ерекшеленеді. Қазақтың ұлттық тілі ала-құлалығы елеусіз, ортақтығы басым тіл, сол себепті қазақ тілінің жергілікті ерекшелігі сөйленіс аталып, сөйленістер тобына бөлінеді. Аймақтық лексикада қазақтың дәстүрлі мәдениетінің аймақтық көріністері болып табылатын *ас-су, тамақтануға* байланысты этномәдени мазмұнды бірліктер де бар. Мақалада осы *ас-су тағам атауларының* лексика-семантикалық ерекшеліктері, оның Ш. Сарыбаев еңбектеріндегі жіктелісі мен тамақтану үдерісін дискурстық деңгейде зерттеу қажеттілігі жайында сөз болады.

Түйін сөздер: аймақтық лексика, тамақтану дәстүрі, этномәдени семантика, ақ (сүт), қызыл (ет), көк (көкөніс)

Atabayeva M.,¹ Bulekbayeva L.,² Zhilkibayeva A.³

^{1,2} Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan

³ East Kazakhstan State University named after S.Amanzholov,
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

Sh. SARYBAYEV ON LEXICO-SEMANTIC FEATURES OF FOOD NAMES IN REGIONAL VOCABULARY

Abstract

The scope of the paradigm of ethnocultural associations includes units related to nutrition and drinking water, since nutrition, its types and traditions of nutrition are an integral part of the population's culture. This paradigm reflects all the results of the economic activity of linguists in the process of industrial relations in combination with the geographical position of the population. According to the results of ethnographic research, the subject culture of clothing, premises, etc. is characterized by stability in terms of ethnic, cultural and everyday features. The Kazakh national language is a language of insignificance and community, therefore, local features of the Kazakh language were noted and divided into speech groups. The regional dictionary also contains units of ethnocultural content related to food, which are regional manifestations of traditional Kazakh culture. The article discusses the classification of the works of Sh. Sarybaev and the need to study the nutrition process at a discursive level.

Keywords: regional vocabulary, food tradition, ethnocultural semantics, dairy products, meat products, vegetables

Атабаева М.,¹ Булекбаева Л.,² Жилкибаева А.³

^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казакстан

³ Восточно-Казахстанский государственный университет имени С.Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казакстан

Ш.САРЫБАЕВ О ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЯХ ПИЩЕВЫХ ИМЕН В РЕГИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКЕ

Аннотация

В сферу действия парадигмы этнокультурных объединений входят единицы, связанные с питанием, поскольку питание, его виды и традиции питания являются неотъемлемой частью культуры населения. Эта парадигма отражает все результаты экономической деятельности лингвистов в процессе производственных отношений в сочетании с географическим положением населения. По результатам этнографического исследования предметная культура одежды, помещений и т. д. характеризуется стабильностью с точки зрения этнических, культурных и бытовых особенностей. Казахский национальный язык является языком незначительности и общности, поэтому местные особенности казахского языка были отмечены и разделены на речевые группы. Региональный словарь также содержит единицы этнокультурного содержания, связанные с едой, которые являются региональными проявлениями традиционной казахской культуры. В статье рассматривается классификация произведений Ш. Сарыбаева и необходимость изучения процесса питания на дискурсивном уровне.

Ключевые слова: региональная лексика, традиция питания, этнокультурная семантика, молочные продукты, мясные продукты, овощи

Кіріспе. Қай ұлттың болмасын тілінде сол ұлттың ерекшелігін танытатын белгілері болады да, оны айқындайтын тіл бірліктері қалыптасып, ұлттың этномәдени болмысын анықтауға мүмкіндік береді. Адам әлемді танып қана қоймайды, бағалау арқылы сол әлемнің өзіне қажет бөліктерін таңдап, қолданысына жаратады. Адамның әлем шындығы туралы пайым-түсінігі ортақ концептілерге негізделеді. Адамзатқа ортақ ұғымдар мен зат-құбылыстар өрнегі әр халықта әртүрлі болады. Бұл

адам санасының әмбебаптығымен қатар, олардың белгілі этникалық ерекшелігін танытады. Әлемнің тілдік бейнесі – адамның өмірден көріп-біліп, көңілге түйе қабілеті нәтижесінде қордаланған білім жүйесінің тілдік таңбалардағы көрінісі десек, сол жүйені этномәдени мән-мазмұнды ақпаратпен әрлендіретін - этномәдени семантикалы бірліктер парадигмасы. Осы парадигманың көлемдісі - *ас-су, тамақтануға* байланысты бірліктер деуге болады, өйткені тағам, оның түрлері, тамақтану дәстүрі халық мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Тағам - адамзаттың өсіп, өркендеуінің негізі болатын экологиялық маңызды факторлардың бірі. Тамақтану тек “тән” қажеттілігі емес, ол адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасын айқындайтын тұрмыстық мәдениет және сол қоғамға тән адамдардың өзін ұстау нормасы, ұстанымдары болып табылады.

Мәдениет - таным жемісі, оның қай түрінің де адам баласының өзінің табиғаттың саналы перзенті екендігін сезінуінен туады. Ұлы Абай оны: “Жас бала анадан туғанда, екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - *тәннің құмары*... Біреуі білсем екен демеклік. “Ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – *жан құмары*, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген” [1,103-104], -деп, дүниенің құпия сырын танып білуге деген құштарлықтың адам баласына ғана тән қасиет екенін пайымдатады. Жазушы-этнограф Сәбит Мұқанов: “Адамзаттың әлеуметтік тұрмысы материалдық және рухани делініп, екі жүйеге бөлінеді”; “Тән (дене) азығы – тіршілікке қажет бұйымдар, яғни екінші сөзбен айтқанда, материалдық мәдениет. Ал жан азығы дегеніміз – көркемөнер. Бұл табиғаттың бойындағы әсемдікті, күш-қуатты адамның қажетіне сәйкестендіріп, қол иә тіл өнері арқылы көріктендіріп жіберу” [2,126], -деп есептейді. Материалдық мәдениетке: тұрақ жайы, ыдыстары, азығы, киім-кешегі, көлік тұрманы жатқызылса, “жан азығы” яғни рухани мәдениетке: фольклор, халықтық ән-би т.б. өнер, халықтық білім жүйесі, дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып жатқызылады. Мәдениеттің қай түрі де бірінен-бірін бөліп алуға келмейтін синкретті ұғым. Осыған орай, А. Жылқыбаева қазақ халқының асты өте жоғары бағалағаны және қастерлей білгені жайында айтады. Сонымен қатар, ғалымның пайымдауынша, түркі халықтары адам өміріндегі тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған “астан үлкен емессің” деген сөздер куә болады [3,26] деп есептейді. С. Кенжеахметов: “Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды да, қазақ кең дастархан арқылы, яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған” [4,110].

Ас-су, тағам- ұлт мәдениетінің негізгі бөлігі, себебі ас-су, тағам ұғымында халықтың табиғи географиялық жағдайларға негізделген өндіріс пен өндіргіш күштерін жетілдіру жолындағы бүкіл шаруашылық әрекеті көрініс табады. Бұл, әсіресе, аймақтық лексика материалдарында анық көрінеді. Аймақтық лексика деректерін мағыналық тақырыптық топтарға бөліп жинап зерттеу қалыптасқан. Мұнда тұрмыстық зат, құрал-жабдық, киім-кешек, т.б. деректерге қарағанда, этникалық, мәдени-тұрмыстық белгілерді сақтау жағынан *ас-су, тағам* атаулары тұрақты келеді.

Азық-түлік, тағам атаулары аймақтық лексикада сол аймақтың ерекшелігі ретінде қарастырылады. Бұл деректер бастапқыда диалектологиялық экспедиция материалдары арқылы белгілі болса, кейіннен аймақтық лексикографиялық зерттеулер нысанына айналған [5]. Қазіргі күні жиналған деректер диалектологиялық, аймақтық сөздіктерге енген. Қазақ халқының, түркі халықтарының тағам атаулары терминдері бойынша кандидаттық [3], докторлық [6] диссертациялық зерттеулер жасалған.

Аталған зерттеушілер халықтың ғасырлар бойы жасаған тағамдар жүйесі ұлттық таным жемісі, бірегей динамикалық жүйе болып табылады, бұл парадигма мағынасының кеңдігі сонша: оның құрамына азық-түлік өнімдерінен басқа да тамаққа жарататын қосымша бөліктер, оны дайындау тәсілдері, тұтыну рәсімдері, ырым-тыйымдардың барлығы кіреді [6] деп есептейді. Ал бұл бағыттағы зерттеулер ас-су, тағам жүйесін гастрономиялық дискурс ретінде зерттеу қажеттілігін туғызады.

Әдістеме. Аймақтық тағам атаулары қатарына, негізінен, ежелгі атаулар жатады. Осы атаулар мен олардан туындайтын тілдік бірліктер лингвистика ғылымының нысаны болып табылады. Тағам атаулары мазмұнындағы ұлттық мәдени ақпаратты танып білу үшін лингвистикалық талдау әдістері қолданылады. Мақалада тағам, тамақтану атауларына құрылымдық, сөзжасамдық, семантикалық, лингвомәдени танымдық талдау жасау арқылы этнолингвистикалық мағынаны танып, түсінуге қол жеткізуге болатыны анықталды. Этнографиялық мазмұнды аймақтық сөз, *ас-суға* байланысты

атаулар, сол аймақ тұрғындарының тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрі сияқты ерекшеліктерді білдіреді. Әдеби тілде оның баламасы болмауы мүмкін, немесе басқаша аталуы да мүмкін. *Нарын* – оңтүстік аймағында тағам атауы, етін де, нанын да ұсақ етіп тураған ет. *Нарынға* қара бұрыш, айран қосады (Мер). *Нарын* - бұл елдің ең жақсы тамағы, тек сыйлы қонаққа ғана береді (Сыр). Осы сөз – кең таралған географиялық атау (*Нарын құм, Нарынқұдық, Нарынқопа, Нарынқол* т.б.). Ұ. Р. Ержанова *нарын* сөзіне қатысты деректермен қатар оның: 1) жіңішке, нәзік; 2) жинақты, ұқыпты; 3) шебер, қу, айлакер; 4) сараң, қатты мағыналарын келтіреді. Қазақ жеріндегі құм атауын білдіретін “Нарын” осылардың “жіңішке, нәзік” мағынасынан шыққан деп есептейді, өйткені Нарын – басқа құмдарға қарағанда, кішкене, шағын және сусыған нәзік құм. Ғалым пікірі *Нарын* сөзі “күн, күнге” мағынасынан гөрі аумақ, көлем өлшемін білдіретін монғолдың “нарийн” сөзінен шыққан деген жорамалдың дұрыстығына саяды [7,33]. Ендеше қазақ сөйленістеріндегі тағам атауы мен топонимдердің арасындағы байланыс қандай деген сұраққа да осы “нәзік, жіңішке” ұғымы жауап бола алды. Бұл – тамақтың жеңіл де, қолайлы, сыйлы түрі. Оны үлкен асқа дейін сыйлы, үлкен кісілерге ұсынады [3,207]. Ш.Сарыбаевтың лексикографиялық зерттеулерінде мұндай атау *шашыраңқы полисемия* деп аталады [5].

Нәтиже. А.Ш. Жылқыбаеваның қазақ халқының тағам атаулары терминдері бойынша зерттеулерінде тамақтану жүйесін “күнделікті және мерекелік” аталатын екі салаға бөледі. Күнделікті тамақтану жүйесі: таңғы, түскі, кешкі ас болып бөлінсе, мерекелік: салттық-ғұрыптық (қаза, қонақасына байланысты атаулар) мен тұрмыстық (үйленуге, шілдехана, кәсіби т.б.) атаулар болып таратылады [6,8]. Аймақтық лексикадағы тағам атаулары ежелгі атаулар қатарына жатады, олардың, алдымен, күнделікті тамақтану жүйесі парадигмасында болғаны да айқын. Қазақ тұрмысында жиынға ас беру, негізінен, қуаныш пен қайғыға байланысты өткізіледі. Той-мерекелік дастарқан қандай да бір қуанышты оқиғаға орай (шілдехана, қырқынан шығару, тұсау кесу, атқа мінгізу, үйлену тойы сияқты және т.б.) атқарылса, дастарханның енді бір түрі - қазаға байланысты атқарылатын барлық салттық, ғұрыптық жоралғылар (қонақасы, жетісі, қырқы, жүзі, жылы, асы) кезінде беріледі. Сонымен бірге тек салттық ас қана емес, ас қабылдау дәстүрінің қалыптасқан жүйесі дәстүрлі әлеуметтік қатынастардың байырғы нормалары мен принциптерін айғақтайды, әрі олардың бұлжымастығын паш етіп отырады. Ас қабылдау реті көшпелілердің дәстүрлі қатынас мәдениетінің салттық моделі болып табылады [9:18,19].

Әр халықтың қолданатын азық-түлік жиынтығы мен оларды өңдеу тәсілдерінде, тағам түрлері, дәстүрлі ас мәзірі, той т.б. дастарханы тәрізді жағдайларда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан материалдық және рухани мәдениетінің көріністері өзектесе жүреді, басқаша айтқанда, өмірдің әр кезеңіндегі әртүрлі жайттар ас-су, тамақтану дәстүрлері арқылы өрнектеліп отырады. С.Мұқанов ежелгі қазақ ауылдарының негізгі азығы малдың еті мен сүмесі (сүті) болғанын айтады [2,107]. Түркі халықтарын антропологиялық ерекшелігі тілі тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып т.б. қырларынан салыстыра зерттеуші С.Бизақов “Қазақтың ұлттық тағамы оңай даярланатын, химиялық құрылымы денсаулыққа пайдалы тағамдар” [10,50], -деп, қазақ халқының негізгі азығы *ет, сүт, ұн* тағамдары екенін атап көрсетеді. С.Кенжеахметов “Ас-адамның арқауы” деп тауып айтқан қазақ дастархан байлығына ерекше мән беріп қараған. Тағам түрлерін *ақ* (сүт тағамдары), *қызыл* (ет) және *көк* (жеміс) деп үшке бөлген” [4,88-95], - деп, сусын мен жеңік тағам: *қымыз, шұбат, құрт, құрт көже, ежігей, ірімшік, сарысу, ақлақ, қатық, айран, сүзбе, торта, келсоқ, балқаймақ, сөк, жент, мыжыма, қарма, томьртқа, ақтүймеш, бұқпа, мипалау* т.б. түрлерін атайды бұлардың арасында: *ежігей, ақлақ, келсоқ, балқаймақ, бұқпа, мипалау, ақтүймеш* аталатын түрлерінің аймақтық сипаты бар, аймақтық сөздіктерге енген.

Талқылау. 1 Сөйленістер жүйесіндегі ас-су, тағам атауларының зерттелуі жайында. Қазақ халқының негізгі азығы – ет, жылқы еті екені белгілі, ұн тағамдары біршама кейінгі дәуірлердің, ал көкөніс, балық тағамдары сол кәсіппен айналысуға байланысты таралған және көрші тілдер әсері де жоқ емес.

Ас, тамақ ұғымын аймақтарда *ауқат, құрсақ, қару* – лексемалары білдіреді, осы есім сөздерден қимыл ұғымы: *ауқаттану, құрсақтану, ауқаталу, ауқат ету* жасалады.

Ас-су, азық-түлік атаулары сан жағынан көп болмағанымен, алғашқы экспедиция материалдарынан ақ тақырыптық топтардың ең негізгілерінің бірі ретінде көрінеді. С.Аманжолов оңтүстік аймағы бойынша: *атала, аймаш/ нан салма, ауқат, ақта, шұқпа зуала, қима/ құймақ, мас көже, майек, насыр көже, пал, патырман, пәтір/пәте, сүзбе нан, сәме/шамба, салма нан, тақпа/тұқпа, тұқым, түймеш, тоқаш/шүрек, топ/төп, тураған, чікілдек, шүбет, әсел, үзбен, қиықша, қайнатпа нан,*

қарыма, ұстаған тәрізді отыз шақты, батыс диалектісінен: *ардап, бұжі/бұжы, бұжбан, дуан, жаламат, жаламық, жары, кіре/кере, кермек, кілегей, нан ысу, өтпек, сужік, талқы шай, төп, шама/шәмбе, қыз алар, қымыран* тәрізді он сегіз жергілікті атауды көрсеткен [11: 305-306; 371].

Батыс сөйленістерінің ерекшеліктерібұдан кейінгі кезеңдердегі зерттеулер арқылы толығы түсті. С.Омарбеков Маңғыстау қазақтары өмірінен батыс сөйленістері бойынша С.Аманжолов атаған бірліктерден өзге төмендегідей деректерді келтіреді: *женшекей* – ірімшік, тарың құрт, т. б. араластырып жасайтын тағам, әдеби тілде - *жент, жент*- ұлттық тағам, шай мәзіріне жатады; *май түймеш* – женшекей тәрізді тағам, тарыға қант, ірімшік араластырып, келіге түйеді оған сүт, май қосады, Торғай жағында мұны *келісоқ* деп атайды; *дағара* - үлкен етіп пісірілген нан; *бармақ нан*- қамырын қолмен үзіп дайындайтын көже, Қызылорда да бұл *үзбен* аталады, үзу етістігінен жасалады; *кісе нан* – ішіне тураған ет салып, табаға пісірілетін нан; *тобаяқ* – қазының ең майлы етті жері; *сырбаз* – қойдың егін терісіне орап, от өртелген шұңқырға салып пісіреді; *қымыран* – ашыған көже; *азарған* – сусын ретіндегі сүт тағамдарының жалпы атауы. (*Азарған* ішкен адам тез оңалады) [12,74-75]. Ә.Нұрмағамбетов Түрікменстандағы қазақтар тіліндегі: *күртік*(еттің наны), бұл орталық говорда *іңкәл* аталатынын, *бөре*(пельмен, тұшпара) атауларының *ауыспалы* ерекшеліктер екенін айтады [13,100-101]. Н.Жүнісовтің Қарақалпақстандағы қазақтар тілінен алынған деректеріне қарағанда, батыс аймағына ортақ белгілерімен қатар: *ақсаулақ басалай, деңгене, зағара, қансоқта, қара ашытпа, шеребе, шөрек, шәуле, шеребе* сияқты атаулардың жергілікті ауыспалы сипаты басым екені аңғарылады [14,88-89]. Ш.Сарыбаев Батыс Қазақстан экспедициясы материалдарынан: *ақмай* (күзгі май, ақ май), *ақ түймеш/ақ құрт* (айранды ашытып жасаған құрттың түрі), *собалақ*(балаларға арналған бауырсақ), *салма* (кеспе), *төңкерме* (ұнға май қосып, қуырып жасайтын тамақ) [15,39-40] тәрізді атауларды, ал Айдаров Өзбекстандағы қазақтардың тілінен: *сыршай/шыршай* сүт қатқан шай, *сыргүріш/сырбырыш* (сүтке пісірілген күріштен жасалған тамақ, ботқа) *ақсерке* (айран қатқан сорпа), *күлшетай* (қамырды суға пісіріп, үстіне май құятын тамақ түрі) тәрізді түрлерін көрсетеді [16,97-99]. Оңтүстік сөйленістер тобына жататын Өзбекстандағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне айналадағы өзбек, қарақалпақ, тәжік, түрікмен тілдерінің әсері бары белгілі, сондықтан бұлар ұн, күріш, көкөніс өнімдерін мол қолданады.

Ш. Сарыбаевтың Солтүстік-шығыс сөйленістер тобына жататын Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданы материалдарынан: *бұрме* (жылқының қарнына салып қатырған ет), *жарма құрт/ащы құрт*(қапқа салынғаннан кейін жарылған құрт), *көмбе* (күлге көміп пісірілген нан), *қақтама* (ашытып, қақтап пісірілген нан), *құлақ нан* (етке салатын нан) [15,66-65] атаулары кездеседі. Солтүстік аймағының географиялық жағдайына қарай, көкөніс, жеміс-жидектен гөрі, еттен жасалған тағамдар, картоп өнімдері басым қолданылады.

2 Ас-су, тағам атауларының семантикалық өзгерістері. Ш.Сарыбаев пен О.Нақысбековтың аймақтық лексика жайлы еңбегінде қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері бойынша тіркелген материалдар жинақталып, ұғымдық-атауыштық мәніне қарай (зат, сын, сан, қимыл, мезгіл, мекен, көңіл-күй атаулары, есімдік, шылау) макротоптарға, іштей жіктеліп микро топтарға бөлініп алынған [5]. М.Атабаеваның аймақтық семантиканың мәселелері қаралатын еңбегінде аймақтық лексика зат, сын, қимыл, б. ұғым атауларын білдіретін сөздер сипатында топталып, зат есімдердің қырық тоғыз, сын есімдердің алты, етістіктердің тоғыз тақырыптық тобы жіктеліп сипатталады [3,5;28].

Широта диапазона категории цветобозначения также зависит от семантических потенциалов базисной единицы — прилагательных- цветобозначений. В этом плане актуальна проблема лексической многозначности данной части речи.

Прилагательные, обозначающие признаки, воспринимаемые органами чувств, в частности прилагательные цветобозначения, как и существительные, глаголы (со значением конкретного действия) обладают развитой полисемией, поскольку обозначают собственные признаки конкретных предметов, действий и так далее.

В качестве основного номинативного значения прилагательных, обозначающих цветовые признаки, выступает представление о конкретном цвете, возникшее на основе сравнения, так как цвет называется по предмету, имеющему данную окраску. Например, в лексикографических определениях: *blue* - the colour of sky and heaven, *yellow* - colour of a lemon or gold or the sun, *grey* - colour of an overcast sky, *green* - colour of emeralds or of young, growing foliage, *red* - colour of blood, *black* - opposite to white, which absorbs but doesn't reflect light (like coal or soot), *white* - colour of snow or salt. Исходя из данных определений и опираясь на лексикографические источники *The Wordsmyth English Dictionary-Thesaurus* (1999), *Cambridge Dictionary* (2001), *Oxford English Dictionary* (2002), *Merriam-Webster Dictionary* (2007), *Hutchinson Dictionary of English Usage* (2007), *Macmillan English Dictionary* (2000), *American Heritage Dictionary* (2006) (количество значений в различных словарях колеблется), приведем количественные характеристики многозначности прилагательных цветобозначений в английском языке: **blue (4), yellow (3), grey (3), green (7), red (3), black (6), white (7)**. Это обстоятельство позволяет заметить, что количество лексико- семантических вариантов может быть различно: во-первых, в зависимости от восприятия и передачи цвета в каждом языке, и, во-вторых, в зависимости от языка. Следовательно, активность цветовой лексики языка тоже будет проявляться в разной степени как внутри языка, так и на межъязыковом уровне.

Что касается уровня понятийной абстракции, то все исследуемые цветобозначения принадлежат к базисному уровню. На высшем уровне рассматривается категориальное понятие «спектр цвета», а на подчиненном - сенсорное понятие «оттенок цвета». Данный факт является еще одним подтверждением развития многозначности лексики.

Значения многозначных лексем, как известно, различаются содержанием и лексико-синтаксической сочетаемостью, а объединяются наличием у них общей семы. Последнее предполагает определенные семантические связи для вычленения в значениях общей семы. Эти связи основываются на метонимическом, метафорическом переносах. Например, метонимический перенос - реальная сема «цвет», метафорический - потенциальная сема «опасный». Вычленение потенциальной семы происходит на основе ассоциации: насекомые, имеющие желтые и черные полосы, являются чаще всего ядовитыми, а значит опасными.

Семантические связи, основанные на метонимическом и метафорическом переносах, приводят к единой когнитивной модели, которая лежит в основе единства смыслового содержания всех лексико-семантических вариантов. Когнитивные модели семантики слова структурируют каждое отдельное значение полисеманта единообразным способом, выводя на первый план одни семантические признаки и делая менее значимыми другие признаки. Важно отметить, что цветобозначения обладают широким ассоциативным полем, а, следовательно, значительным набором потенциальных сем, на основе которых формируются разнообразие переносные значения.

Основным источником информации о значении многозначного слова является контекст. В контексте реализуется лексико-синтаксическая сочетаемость значений. Для прилагательных характерным контекстом функционирования является согласование его с существительным. Следовательно, необходимо учитывать семантические характеристики определяемого существительного, а также частотность, что способствует образованию категории регулярной многозначности.

Категория регулярной многозначности предполагает моделирование, упорядочение производных лексических значений. Образование переносных значений во многих случаях осуществляется однотипно, по модели. Это свидетельствует о моделируемости семантических процессов в семантической структуре прилагательных цветообозначений и, соответственно, об их принадлежности к одной семантической группе.

Одной из основных функций языка является передача зрительной, слуховой и тому подобной информации, воспринимаемой органами чувств при взаимодействии со множеством предметов, свойств и явлений внешнего мира. При этом окружающая нас действительность в большинстве случаев предстает перед нами как своего рода совокупность событий и явлений, так что бывает трудно сказать, например, где кончается одно и начинается другое явление. Поскольку сама система языка включает в себя отнюдь не безграничное число-элементов, становится очевидным, что эта совокупность, существующая в природе, оказывается сегментированной в языке. Понятно, что задача расчленения (категоризации) действительности может быть решена по-разному в зависимости от того, каким множеством языковых средств обладает данный язык.

Возможно и обратное: овладев определенной структурой сегментации действительности (структурой, "навязанной" родным языком), индивид будет воспринимать окружающую действительность заведомо определенным образом (и таким же будет воспринимать ее вся совокупность индивидов, говорящих на этом языке). Согласно гипотезе лингвистической относительности Сепира-Уорфа, «мир, в котором живут общественные образования, говорящие на разных языках, представляет собой различные миры, а не один и тот же мир с различными этикетками... Язык является замкнутой продуктивной системой символов, которая только имеет отношение к опыту, приобретенному в значительной степени без помощи языка, но в действительности определяет для нас опыт в силу своей формальной структуры...; мы бессознательно переносим установленные языком нормы в область опыта» [6, 654].

Разные языки сегментируют действительность по-разному, не существует языков, в которых нет ничего мотивированного. Соответственно, в некоторых случаях и различия в членении действительности удастся объяснить, исходя из различий в условиях жизни и труда людей и вытекающей отсюда практической необходимости в более детализированном или, наоборот, в более обобщенном отражении действительности в языке (ср. известные примеры о наличии большого числа названий для снега в языке эскимосов или большого числа названий оттенков черного цвета в текстильной промышленности).

Однако в большинстве случаев причины расхождений в категоризации действительности оказываются труднообъяснимыми. К числу труднообъяснимых различий сегментации действительности относятся и различия в членении цветового пространства: подобные примеры особенно часто встречаются в работах сторонников гипотезы Сепира-Уорфа. В поисках наиболее ярких иллюстраций обращаются обычно к экзотическим языкам, однако иногда весьма показательные различия обнаруживаются и между известными европейскими языками.

Итак, интерес к цвету не случаен. На протяжении всей истории человечества различные цвета, цветообозначения выступали в функции идентификаторов, отражая разнообразные межгрупповые, национальные, классовые, партийные и другие отношения. Достаточно вспомнить боевые цвета индейских племен, войну Алой и Белой Розы, "веселый Роджер", цветовую "палитру" гражданской войны в России. С определенными цветами ассоциируются практически все крупные перемены в жизни общества. "Красный" - цвет социального прогресса, революции. Красно-бело-синяя гамма связана в нашем сознании со временами Великой Французской революции. Период бурной политизации переживает в настоящее время зеленый цвет. Интересное замечание в отношении идентифицирующей роли цвета принадлежит В. И. Далю: "...народного цвета у нас нет". Неоспорима эстетическая роль цветообозначений в национальной, фольклорной и поэтической традиции.

Тем не менее, проблема цветообозначений остается малоизученной. В научной литературе можно найти отрывочные, фрагментарные сведения по этому вопросу. Не выяснены причины

интуитивно ощущаемого многими предпочтения того или иного цвета или сочетания цветов представителями разных этнических, половозрастных и социальных групп. Не исследовано, почему те или иные цвета традиционно включались в состав строго кодифицированных литургических и геральдических цветов, и соответственно их воздействие на дальнейшее формирование языка и общественного языкового сознания. Цветообозначения исследовались более или менее систематически лишь для составления языковых таксономий, а также проверки различных вариантов гипотезы лингвистической относительности.

Вместе с тем связь цветообозначений с определенными, культурно-закрепленными эмоциональными состояниями и ситуациями позволяет рассматривать цветообозначения как своеобразные "концепты мировидения", "словесно-образные лейтмотивы текста", или "этноэидемы". Понятие "этноэидемы", лежащее в основе психолого-литературоведческой концепции Л.А. Шеймана наиболее адекватно описывающее интересующие нас явления, определяется автором как сквозной образ, значимый для конструирования национальных "картин мира". Инструментом исследования национальной словесно-художественной картины мира является парное (бинарное) противопоставление образов, т.е. разноязычной пары соотносящихся этноэидем или их разверток, способствующих созданию условий для наиболее естественного сопряжения двух культур.

К категории цветových этноэидем относятся далеко не все цветообозначения, а только наиболее употребительные и узнаваемые носителями языка. Каждое из этих слов вызывает у представителей соответствующих культур определенные, достаточно стабильные ассоциации. С этими цветами связаны своеобразные системы разрешений и запретов, табу и так далее. В лингвистике слова, вызывающие у большинства носителей языка стойкие ассоциации, порожденные национальной внеязыковой действительностью, национальным мышлением, принято называть ассоциативными лакунами. Для выявления ассоциативных лакун может быть использован метод установления лакун Ю.А. Сорокина [7]. Он заключается в сопоставлении понятийных, языковых и эмотивных категорий, контактирующих лингвокультурных общностей при рассмотрении матрицы совпадений и различий на уровне языка, культуры и поведения. Соответственно могут сопоставляться и полученные в ассоциативном эксперименте ассоциативные поля (структуры) эквивалентных слов-стимулов двух языков. При полном несовпадении ассоциативных полей (случайные, окказиональные связи не учитываются) стимулов-цветообозначений они могут быть классифицированы как абсолютные ассоциативные лакуны. Частичное же пересечение ассоциативных полей указывает на наличие относительной ассоциативной лакуны. По мнению Ю.А. Сорокина, лакуны свидетельствуют об избыточности или недостаточности опыта одной лингвокультурной общности относительно другой. Лакуны есть явление, принадлежащее коннотации, понимаемой как набор традиционно разрешенных для данной локальной культуры способов интерпретации фактов и процессов вербального поведения.

Заключение. Цветовые этноэидемы, очевидно, целесообразно относить к имплицитным (скрытым) лакунам. Их национальное своеобразие не всегда осознается (именно поэтому цветообозначения называются элементами национальных картин мира). Обучаемый склонен приписывать им феномены, относящиеся к его собственной культуре и языку, поскольку большинство цветообозначений имеют словарные соответствия в другом языке.

Таким образом, прилагательные цветоименования, обозначающие признаки конкретных предметов и принадлежащие к базисному уровню понятийной абстракции, являются многозначными, что свидетельствует о достаточной активности цветовой лексики.

Все это дает основания заключить, что интерес к цвету вовсе не случаен. Анализ цветových этноэидем — ключ к познанию психологии народа, к пониманию его менталитета, в том числе национальной картины мира. Овладение ими позволит глубже проникать в смысл текста, и, прежде всего, поэтического. Знание этноэидем сокращает дистанцию между коммуникантами, активно содействуя преодолению "культурологического дальтонизма".

Список использованной литературы:

- 1 Фарино Е. Введение в литературоведение. СПб. 2004. – 383 с. -книга
- 2 Москович В.А. Семантическое поле цветообозначений: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. - М.: 1965. - 18 с.
- 3 Berlin B., Ray P. Basic colour terms: their universality and evolution, L.A.: University of California Press, 1969. - 135p.
- 4 Вежбицкая М.А. Обозначения цвета и универсалии зрительного восприятия// Язык - Культура - Познание — М.: Русские словари, 1997. — с. 231-291

5 Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. - М.: Наука, 1995. - 228с.

6 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии, М.: Универс., 1993.-654 с.

7 Сорокин Ю.А. Метод установления лакун как один из способов выявления специфики культур // Национально-культурная специфика речевого поведения. М.: Наука, 1977.

8 Dictionary of Symbolism - электронная версия: www.onelook.com

МРНТИ 811.512.122

Садуақас Н.,¹ Кушкимбаева А.,² Милов М.³

^{1,2} Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,

³ С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ПАРАДИГМАСЫНДАҒЫ Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілінің алғашқы шешуін күткен мәселелерін, қазақ әліпбиі мен жазу емлесін түзеу, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру, қазақ терминологиясын қалыптастыру, қазақ тілінің алғашқы ғылыми оқулықтарын жазу сияқты т.б. ғылыми жұмыстарға белсене араласқаны сөз болады. Ғалымның еңбектерімен танысу барысында оның қазақ тілін ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеуге назар аударғанын байқауға болады. Ол қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын таныту үшін қазақ тіліндегі әр сөздің фонетика, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін, тарихи даму заңдылықтарын терең талдап көрсете білгені туралы айтылады.

Тілтаным мәселесі жөніндегі көзқарастарын терең тану үшін ғалымның “Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар” еңбегі, “Қазақ тілінің грамматикасы” оқулығы, “Қазақ тілінің програмы” бағдарламасы, “Жаңа грамматиканың жаңалықтары”, “Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері (Жанғазыға хат)”, “Из истории порядка слов в казахском предложении”, “Заметки о вспомогательных и сложных глаголах”, “Образование сложных слов в казахском языке”, “О формах сочетания слов в казахском языке”, “Служебные слова”, “О построении речи на казахском языке”, т.б. ғылыми еңбектеріне талдау жасалады.

Түйін сөздер: парадигма, әдеби тілдік, лексика-стильдік, терминдік қолданыстары, салыстырмалы-салғастырмалы ерекшеліктер, фонема теориясы

Saduakas N.,¹ Kushkimbayeva A.,² Mirov M.³

^{1,2} K.Zhubanov Aktobe Regional State University,
Aktobe, Kazakhstan

³ Aktobe University named after S. Baishev,
Aktobe, Kazakhstan

THE WORKS BY K. ZHUBANOV IN THE KAZAKH LANGUAGE PARADIGM

Abstract

The article analyzes the scientific contribution of Professor K. Zhubanov to the formation and development of the Kazakh language: the conversion of the Kazakh alphabet and spelling rules, the transition of the Kazakh alphabet to Latin, the formation of Kazakh terminology, the compilation of the first Kazakh scientific textbooks, etc. Various aspects of the Kazakh language were considered by the scientist from a scientific point of view. In order to identify and reflect the natural laws of the Kazakh language, K. Zhubanov conducted an in-depth analysis of the grammatical, phonetic and lexical features of Kazakh words, as well as the laws of their historical development. In this article, various scientific works of the Professor, devoted to the issues of Kazakh linguistics, have been studied in detail: "Lecture courses on the Kazakh language", "Textbook on the Kazakh language grammar", "Kazakh language program", "New grammar", "Spelling and grammar rules of the Kazakh language" (Letter to Zhangazy), "From the history of the Slavic

language in the Kazakh language”, “Booklet on a book and a folded book”, “Formation of the Kazakh book language”, “The form of the booklet in the Kazakh language”.

Keywords: paradigm, literary language, lexical style, term usage, comparative features, theory of phonemes

Садуақас Н.,¹ Кушкимбаева А.,² Миrows М.³

^{1,2} *Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова, Актюбе, Казахстан*

³ *Актюбинский университет имени С. Баишева, Актюбе, Казахстан*

ТРУДЫ К.ЖУБАНОВА В ПАРАДИГМЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В статье анализируется научный вклад профессора К.Жубанова в становление и развитие казахского языка: преобразование казахского алфавита и правил орфографии, переход казахского алфавита на латинский, формирование казахской терминологии, составление первых научных учебников на казахском языке и т.д. Различные аспекты казахского языка рассматриваются ученым с научной точки зрения. С целью выявления и отражения естественных закономерностей казахского языка К.Жубанов провел глубокий анализ грамматических, фонетических и лексических особенностей казахских слов, а также законов их исторического развития. В данной статье подробно изучены различные научные труды ученого, посвященные вопросам казахского языкознания: “Лекции по научному курсу казахского языка”, “Учебник по грамматике казахского языка”, “Программа казахского языка”, “Новая грамматика”, “Вопросы орфографии и грамматики казахского языка” (Письмо к Жангазы), “Из истории славянского языка в казахском языке”, “Буклет по книге и сложенной книге”, “Формирование книжного языка в казахском языке”, “О форме буклета в казахском языке”.

Ключевые слова: парадигма, литературный язык, лексический стиль, использование термина, сравнительные признаки, теория фонем

Кіріспе. Парадигма – қандай да бір саланың даму сатысын, оның ғылыми пайымдауларының өзіндік ерекшеліктерін, зерттелу бағыттарын, т.б. зерттеу әдістемесінің өзіндік сипатын анықтайтын қазіргі таңдағы ғылым методологиясындағы негізгі ұғымдардың бірі. Парадигма ұғымының анықтамасы, құрылымы, дүниені ғылыми тұрғыда қабылдаудың танымдық бейнесі, ғылыми мәселелер мен оны зерттеудің қойылуы мен қалыптасуының моделі, т.б. туралы О.С.Ахманова, Э.Д. Сүлейменова сияқты т.б. ғалымдардың редакциялық басқаруымен шығарылған сөздіктерінде түсініктемелер берілген [1.264]. “Парадигма” атауының анықтамасы әлі толық нақтыланбағанымен де, қазіргі кезде ол көптеген ғылым саласында белсенді қолданылады. Парадигма (paradigma) – “үлгі” деген мағынаны беретін грек сөзі. Парадигма атауы тіл білімінде бір-бірінен ерекшелігі мен өзара ортақ белгілері бар тілдік бірліктер тобының үлгісі және оның морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және сөзжасамдық парадигмасы болып жіктелетін жүйесі деген т.б. бірнеше мағынада қолданылады. Парадигма ұғымы тілдің барлық деңгейлеріне қатысты зерттелуіне байланысты қазіргі тіл білімінде фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік парадигмалар қалыптасты деуге болады. “Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма” атты зерттеуінде ғалым Э.Н.Оразалиева қазақ тіліндегі танымдық бағытты сипаттау барысында тілтану парадигмасының алғашқы даму кезеңінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов және т.б. ғалымдардың еңбектерін атап көрсетеді [2.17]. Қазақ тіл білімінің қалыптасуының бастауында, яғни өткен ғасырдың бас кезеңінде, қазақ тілінің әртүрлі өзекті мәселелері жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізген профессор Қ.Жұбанов еді [3]. Ол қазақ тіл білімінің барлық саласына да барлау жасап, өз қолтаңбасын қалдырды.

Әдістеме. Қ.Жұбановтың қазақ тілтану жүйесін қалыптастырудағы ғылыми еңбектері теориялық тереңдігі, әлемдік тіл білімі деректерімен тығыз байланысы, жан-жақты талдауына негізделген өзіндік тұжырымдарымен ерекшеленеді. “Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың ғылыми мұрасы – танымдық

көзқарастары мен пікірлері қазіргі қазақ тіл білімінің көкейкесті мәселелерімен байланысты жаңа еңбектерге методологиялық негіз болатын дүние”, - деп ғалым М.А.Иманқұлова да өз зерттеуінде Қ.Жұбановтың ғылыми еңбектерінің құндылығын айтады [4.5].

Профессор Қ.Жұбанов қазақ тілінің алғашқы шешуін күткен мәселелерін, қазақ әліпбиі мен жазу емлесін түзеу, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру, қазақ терминологиясын қалыптастыру, қазақ тілінің алғашқы ғылыми оқулықтарын жазу сияқты т.б. ғылыми жұмыстарға белсене араласқан еді. Сондықтан Қ.Жұбановтың қазақ тілтану парадигмасындағы еңбектерін қазіргі ғылым жетістіктерімен байланыстыра зерттеу ісін одан әрі жүйелі түрде жалғастыра түсу ғылыми өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ғалымның еңбектерімен танысу барысында оның қазақ тілін ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеуге назар аударғанын байқаймыз. Демек Қ.Жұбановтың қазақ тілтану парадигмасында қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын таныту мақсатында оның фонетика, лексика-грамматика, тілдің тарихи даму заңдылықтарын зерттеу барысында айтқан ойлары мен ғылыми тұжырымдарын талдап көрсетпекпіз.

Қ.Жұбанов өз зерттеулерінде тілтану мәселесі деп арнайы атап көрсетпесе де, оның жазған еңбектерінің өн бойынан тілдің ерекшелігі, сөз мағынасы, тұлғалық жағы, шығу тарихы, айтылым-жазылым реті, әдеби тілдік, лексика-стильдік, терминдік қолданыстары, өзге тілмен салыстырмалы-салғастырмалы ерекшеліктері туралы т.б. тілтанымдық қатарлары жан-жақты қарастырылғанын байқауға болады. Тілтаным мәселесі жөніндегі көзқарастарын терең тану үшін ғалымның “Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар” еңбегі, “Қазақ тілінің грамматикасы” оқулығы, “Қазақ тілінің програмы” бағдарламасы, “Жаңа грамматиканың жаңалықтары”, “Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері(Жанғазыға хат)”, “Из истории порядка слов в казахском предложении”, “Заметки о вспомогательных и сложных глаголах”, “Образование сложных слов в казахском языке”, “О формах сочетания слов в казахском языке”, “Служебные слова”, “О построении речи на казахском языке”, т.б. ғылыми еңбектеріне талдау жасаған жөн. Сонымен бірге Қ.Жұбановтың “Абай - қазақ әдебиетінің классигі”, “Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы”, “Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы” деген еңбектерінде де әдеби көркем шығармаларды зерттеудегі сөзтанымдық ізденістері мен әр сөздің астарына үңіле білген ғылыми шеберлігіне тәнті боламыз.

Нәтижелер.Қазіргі жалпы тіл білімі оқулықтары мен бағдарламаларында тіл қызметі, сөз қызметі, сөйлем қызметі деген мәселелер арнайы қозғала бермейді. Ал профессор Қ.Жұбанов бұл жайларды әдейі әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан сөз еткен. Ол: “Тіл адамдар арасында, ол – адамның өз ойын жеткізу, сөйлесу құралы”, - дейді[3.126]. Ғалым тілдің атқаратын қызметін бұдан басқаша да баян еткен. Қ.Жұбанов арнайы сөз еткен (өзі қойған) тақырып – “Сөз өзгешелігі мен сөз қызметі”. “Тілдің өзіндік өзгешелігі - затқа ат қою, ол аттарды бір-бірінен айыру” дейді. Ғалым: “Тіл элементі атау қызметін өтесе, сөз болғаны; егер хабар беру қызметін өтесе, сөйлем болғаны. Бұл келтірілген екі түрлі өзгеше қасиет барлық сөздерге де тән, өйткені олар әрі номинативтік, әрі коммуникациялық қызмет атқарады. Сөздің бір басында екі функция (қызмет) болады: бірінші - хабар беру қызметі, коммуникация функциясы; екінші - таңбалау қызметі, норматив функция не сигнификация” [3.99]. “Сөз хабарласу үшін керек, егер осы керекке жарамаса, ол – сөз емес”, - дейді[3.99], Сөйлеу хабарласқанда, әр нәрсенің аттарын (номинативтерді) құрап, хабар беріледі. Осылайша номинативтерден құралмай жасалған хабар жоқ. Ат болмаса сөз де болмайды [3.99]. Қ.Жұбанов “Әр сөз – өз алдына жеке ұғым (представление)” [3.107]. Ол “... сөз дегеніміз–заттың (құбылыстың) аты + байланысу құралы. Сөз заттың атын ғана емес, басқа нәрсе мен құбылыстарға қандай қатынасы барлығын қоса білдіретін сілтеулер; сөз жалаң ұғым емес, күрделі ұғым. Сілтеу амалы мен сөздің басқаларға қарым-қатынастары тіл-тілде түрліше болуы мүмкін”, - дейді[3.107]. Сонымен қатар ғалым сөз бен ойдың сәйкес келмейтін реттері (ақылсыз адамды “осы кісі ақылды!” деу), үндемей сөйлеу тәсілі де болатынын ұқтырады [3.98].

Талқылау.Қ.Жұбанов еңбектеріндегі фонетика мәселелері. Қ.Жұбанов өзінің “Қазақ тілі грамматикасы” атты оқулығында фонема заңдылығына ерекше көңіл бөлген, бірақ “фонема” деп айтпай, оның орнына “сапалы дыбыс” терминін қолданады. Ол дыбыс пен фонема туралы көзқарасын былай жеткізеді: “Сондай-ақ, *қайыр-хайыр* дегендегі “қ” мен “h” екі дыбыс болғанмен бір фонема. *Файзолла* мен *Пайзолла* да солай, “n” мен “ф” бір сөзді екінші сөзден айыру үшін тұрмағандықтан оларды дербес фонема демейміз” [3.50]. Ғалымның бұл пікірлері фонема, фонология заңдылықтарын терең меңгергендігін және сөзден сөзді ажыратуда фонема мен дыбыстың өзара ерекшелігін біліп, фонеманың мәні зор екендігіне назар аудартады. Сондықтан Қ.Жұбановтың фонологиялық

танымдары қазіргі зерттеушілер ойларымен ұштасып жатқанын көреміз [5.51]. Қ.Жұбанов “Бір сөзді екінші сөзден айырғанда, екеуінің дыбысталуында бір айырмашылық болғаннан айырамыз”, - деп, сөз бен сөзді айыратын негізгі белгі ретінде дыбысталу және дыбысталуының мағынамен байланысын айтады [3.167]. Демек, фонема теориясы дыбыстарды мағына айқындау жағынан бір-біріне қарама-қарсы қоятынын ескерсек, Қ.Жұбанов “манда”, “таңда” деген сөздердің екі басқа сөз болуының негізгі белгісі дыбысталуында деп дұрыс айтқан. Ғалым бұл пікірі арқылы тек қазақ тілінің ғана емес, жалпы фонетика мәселелерін сөз еткен деп білеміз. Ол фонема заңдылықтарын қалай терең меңгерген болса, өз ойын да шебер жеткізе білгенін көреміз. “Бір сөз екінші сөзден өзге болу үшін біреуінің бір-ақ бөлшегінің өзгеше дыбысталуы жеткілікті, түгелімен өзгеше дыбысталуы шарт емес”, - дейді де, “таңда”, “манда” сөздеріндегі “м”, “т” дыбыстарынан басқа дыбыстары бірдей, яғни бұл екі сөздің ішіндегі бөлшектерінің көбі бірдей дыбысталатындығынан ұйқасып тұрғандығын айтады [3.167]. Қ.Жұбанов “Бір ғана дыбысы басқа болса да, бір ғана дыбысы артық я кем болса да, немесе, бір дыбысы да басқа, я артық-кем болмай-ақ, дыбыстарының тек тізілу тәртібі басқа болса да, сөздер бірінен-бірі басқа болады”, - дейді де, оған “зат-сат”, “ат-сат”, “сат-тас” деген сөздердегі дыбыстардың саны мен орналасуындағы ерекшеліктерді бір-бірімен салыстыра отырып, мағынаға әсері туралы баяндайды [3.182]. Қандай сөз болса да бірнеше фонемадан құралады. Сөздегі фонема саны да түрліше болады. Демек, тіл дыбыстарын лингвистикалық аспекті тұрғысынан қарағанда, сөзден сөздің өзгеше болуы үшін оның құрамындағы барлық дыбыстың сапасы өзгеше болуы шарт емес, тек бір дыбысының сапасы өзгеше болуы, немесе бір сөз бен екіншісінің құрамындағы дыбыс саны, дыбыстардың тіркесу тәртібі өзгеше болуы жеткілікті екендігін айтып, яғни тілтаным мәселесінде тіл дыбыстарының табиғатын тани білуде фонология заңдылықтарына сүйенген [5.54]. Фонетикадағы сөзтаным мәселесінде буын теориясы ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Қазақ тілінде буынның маңызы ерекше. Қазақ тіл білімі тарихында буын типологиясы туралы алғашқыларын бірі болып пікір айтып, зерттеу жүргізген Қ.Жұбанов болып табылады. “Сөзді бөліп-бөліп айту керек болғанда үйірі-үйіріменен бөлсе, дыбыстары өзгермейді. Үйірін бұзып бөлсе, омыртқаны буынсыз жерден бөлгендегідей болып, сөздің дыбыстарының бірі үзіліп, біріне артық дыбыс қосылып, қалпы бұзылады”, - дейді Қ.Жұбанов [3.106]. Ғалым сөздерді бір бірінен ажырата білуде “ор-өр, сыз-сіз” сөздерін мысалға келтіріп, бұл сөздердегі дыбыстары өзара бірдей екендігін, олардың жуан-жіңішке түрлері лингвистикалық қызмет атқаратынын айтып, тілтаным мәселесін фонология тұрғысынан түсіндіре білгенін байқаймыз [5.115].

Қ.Жұбанов еңбектеріндегі лексикология мәселелері. Қ.Жұбанов тілтанудың лексикология мәселесі жөніндегі талдауларында: “Семасиология – сөздердің мағынасы жайындағы ілім. Семасиология мен лексика бір зат, бірақ ілім ол екеуін бір-бірінен айырып қарайды; лексика – сөздің денесі болса, семасиология – мағынасы. Грамматика даяр нәрсені қарамайды, ал лексика – даяр материал. Лексика “етік”, “етікші” сөздерінің қалай жасалғанын қарамайды. Сондықтан ол грамматикаға да кірмейді, тек даяр материалды ғана қарайды”, – дейді [3.80].

Қ.Жұбанов “сөз мағынасын негізгі мағына, грамматикалық мағына деп бөледі. Сөздің атау ретіндегі мағынасын негіздік мағына дейміз. Мысалы, “бас” (голова) деген сөзді алсақ, оның зат есімдік, жекелік, атаулық (септеусіз мағынасында), тәуелсіздік, болымдылық мағыналары бар. Осындағы соңғы мағыналарды грамматикалық мағына дейміз”, - деген анықтама берген [3.106]. Бұндағы “негіздік мағына” сөздің лексикалық мағынасы болып табылады. Сөзде лексикалық мағына біреу болады. Ол – сөздің түбір тұлғасы арқылы көрінеді. Грамматикалық мағына бір сөзде біреу болуы да, бірнешеу болуы да мүмкін.

Қ. Жұбанов “Атты неге қоямыз?” деген сұрақ береді де, өз сұрағына өзі “Оны заттардың өздері жоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз”, - деп жауап бере отырып, “нәрсенің, сипаттың бәрі түгел қасымызда болса, онда сөзді шығын қылмай-ақ ымдап өте шығар едік, сонымен де бірталай хабар берер едік”, - дейді. Бұдан әрі “...тілде заттың ұғымы бар, мәні (сущность) жоқ” деген тұжырым жасайды [2.100]. “Құбылыс көп және олар әр түрлі; бір халық оның, бір заттың бір сипатын біліп, екінші жағын білмейді; мұның үстіне біреуін көп, екіншісін аз біледі. Содан келіп атауда түрлілік, көптік туады”, -деп, атаудың әртүрлі болып келетініне назар аударған [3.96]. Ғалымның “Зат пен құбылысқа тағылатын аттардың қалай пайда болуы мен олардың мағыналарының өршуі” жөніндегі пайымдауларында әлем тілдері семантикасына ортақ қасиеттер де сипатталады [3.93]. “Сөйлеу дегеніміз — белгілі бір заттың, істің сыйпаттың аттарын белгілі тәртіппен тізіп, бірімен-бірін байланыстырып барып, солар арқылы хабар беру”, - деген тұжырымы да қазіргі ғылыми ұстанымдармен бірдей айтылған [3.109].

Қ.Жұбанов өзінің тілтанымдық, сөзтанымдық көзқарасын “лексиканың міндеті сөздерді мағына жағынан бір-бірінен айыру болып табылады”, -деп түсіндіре келіп, “Кітап, қалам, оқы, сөйле деген сөздердің әрқайсысы бір-бір лексика (бірыңғай егістіктер лексика) ретінде бір-біріне жақын да емес, қашық та емес. Алайда олар өз ішінен айыруға жараса, лексикон болады, есімдер де солай. Мысалы: “масақ” пен “басақ” бір түбірден өрбіген сөздер. Бірақ екеуі екі лексикон. Себебі олардың мағынасында айырмашылық бар”, Бір түбірден жасалғанымен мәнісі екі басқа болса, дербес сөз болады”, - деген еді [3.116].

Қ.Жұбановтың “Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі” атты мақаласында өрілетін сөз саптаулары мен өзіндік ерекшеліктерін саралай отырып, төмендегідей стильдік қолданыстарын, өзіндік сөз қолданысындағы сөз тіркестерін көреміз: Жебір тап – қанаушы тап, қонсы қону – шендесу, қатар түзеу, қазанның күйесінше жұғу - мәдени ауыс-түйістердің сипаты, арқандала бастау – басыбайлылыққа көшу, мәдениет бірлігін сөгу – рухани ыдырау, үйітіп жеу – басып алу, тоғыта бастау – варваризмге жол беру, т.б. [6.148]. Бұл келтірілген мысалдардан көретініміз – профессор Қ.Жұбанов қазақтың халықтық тіліндегі небір шұрайлы қолданыстарға әлеуметтік – саяси астар беріп, оларды ғылыми- публицистикалық айналымға енгізген. Демек, сөзтаным мәселесінде сөздің тура және бұрма мағынадағы қолданыстарын, стильдік ерекшеліктерін де қарастыруға тиіспіз.

Тілдің лексикалық қорының өзегін құрайтын, бойында сан ғасырлық тарихи даму жолын сақтап қалған қазақ тіліндегі бір буынды ежелгі сөздердің мағынасын табу, өлі түбірлерді “сөйлету” мәселелерінің бастауында Қ.Жұбановтың зерттеулері тұрған болса, оның сөз мағынасы, лексикология саласына да көп үлес қосқанын танытады. Ғалым қазақ тіліндегі түбірлердің ғасырлар бойы өзгеру, бір қалыптан екінші қалыпқа көшу эволюциясын өзге жүйедегі тілдердің деректерімен салыстырып, соның нәтижесінде дыбыстық сәйкестіктердің этимологиясын, үнемдеу заңдылығының тілдегі көрінісін, флексия құбылысының қалдықтарын анықтайды. Мысалы, С.Аманжоловтың “Қазақ тіліндегі флективтілік элементтері” деген мақаласына орай профессор Қ.Жұбанов “ұят” және “ұял” сөздеріндегі “л” және “т” формаларының флективті формаларға тек сырттай ғана ұқсас, ал табиғаты агглютинативті деп дәлелдегені белгілі [3.84]. Тілдің даму заңдылықтары мен тілдік өзгерістерге әсер ететін ішкі, сыртқы себептер мен себепкерлер болатынын ғалым дұрыс пайымдайды.

Қазақ сөздерінің түбірлері біздің қазіргі даму кезеңімізге семантикалық жағынан да, морфологиялық және фонетикалық жағынан да едәуір өзгерістерге ұшырап жеткен. Сондай-ақ түбірдің фонетикалық сыртқы пішіні ғана өзгеріп қоймаған, құрылымдық түрлерінің ерекше арақатынасы арқылы жаңа типті түбірлер пайда болып, ескілері жойылып кеткен. Мұның өзі олардың құрамдарының алуан түрлі болып, семантикалық мағыналарының кеңеюіне және сөзжасамның тың морфологиялық тәсілдермен баюына әкеліп соққан. Өлі түбірдің алғашқы құрамы жөніндегі түркітанушылардың көзқарастары екі айрылады. Белгілі ғалым Ж.О.Тектіғұлдың айтуынша: “өлі түбірлердің алғашқы (ДзДы||ДыДз) нұсқаларын қалпына келтіру үшін тілге палеонтологиялық барлау жасаудың қажеттілігі туралы Қ. Жұбанов теориясының маңызы өте зор. Ғалым осы палеонтологиялық әдіс негізінде сөздің ең түпкі түбірін тілдің тарихи дамуында жымдасып кеткен түрлі элементтерден аршып алуға болатынын көрсетеді. Оның үстіне бұл аталған әдістің тілшілер арасында талас тудырып жүрген: “ДзДы, ДыДз, ДзДыДз құрылымды түбірлердің қайсысы алғашқы, қайсысы туынды, әлде екеуі бір мезгілде қалыптасқан ба” деген сияқты сұрақтардың шешуін табуға да септігі тиері сөзсіз” [7.188].

Түйіндеп айтқанда, қазақ тілтану парадигмасында Қ.Жұбановтың қазақ тілінің лексикологиясы мәселелері жөніндегі ғылыми тұжырымдары кейінгі ғылым дамуымен сабақтастығын танытады. Қ.Жұбановтың ғылыми ізденістерінде қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы саласындағы категориялардың барлығы қарастырылмаса да, осы саланың басты нысаны семасиология, ономасиология, арнаулы сөздер, кәсіби сөздер, кірме сөздер, көнерген сөздер, т.б. мәселелері жөнінде алғашқы ой-толғамдары берілді.

Қ.Жұбанов еңбектеріндегі морфология мәселелері. Қ.Жұбанов тілтану мәселесінде сөздің құрылым ерекшеліктеріне назар аударып, “Сөздің сыртқы көрінісін сөздің тұлғасы дейміз”, - деп анықтама беріп, “1.Түбір сөз, 2.Қосымшалы сөз, 3.Кіріккен сөз, 4.Қыйулы сөз, 5.Қосар сөз, 6.Қосалқы сөз” деп оларды сөз тұлғасының түріне қарай алтыға бөліп көрсетеді [3.163]. “Сөздің түп мағынасын беретін бөлшегін түп бөлшек, немесе қысқартып түбір дейміз”, -деген анықтама беріп, “Айдын көл-де шағала, Айдын көл-ді жағала”, - деген өлең жолындағы “көл-де, көл-ді” сөздерінің түп бөлшегі “көл” деп көрсеткен. “Екі сөзден құралып, бір нәрсенің атын көрсетіп, тұратын”, “әрқайсысы о баста екі сөз болғанмен, бүгінде бір сөз болып кеткен” сөздер айтылып, оны “жалғасушы кіріккен”, “қиюлы

кіріккен” деп екі түрде қолданған. “Қосар сөздер” деп қазіргі қос сөздерді атаған екен. “Қосарынан айтылатын сөздерді қосар сөздер дейміз”, -деп “бала-шаға”, “үлкен-кіші”, “ұзын-қысқа”, “сатыр-сатыр”, “көзбе-көз”, “шай-пай”, “қап-қара”, “сап-сары” деген сөздерді мысалға келтірген. “Қайсыбір сөздер түбірше, онша жұмсала алмай, басқа бір түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің біріне қосалқы болып ғана жүре алады. Ондай сөздерге көбінесе жаңадан үстеу де, жалғау да жалғанбайды. Осындай сөздерді қосалқы сөздер дейміз”, -деп, “шейін”, “сайын”, “менен”, “да”, “тым”, “өте”, “ең” деген т.б сөздерді мысалға келтірген. Сөйтіп ғалым түбір сөз, қосымшалы сөз, кіріккен сөз, қыйулы сөз, қосар сөз, қосалқы сөз түрлерін атап, олардың өзара ажыратым белгілерін көрсетіп, барлығына мысалдар келтірген. Осы морфологиялық тұрпатына қарай сөзтаным мәселесінің сыртқы құрылымдарын көрсетіп бергенін білеміз.

Ғалым К.Қ.Садированың көрсетуі бойынша, уақыттың тілдік категория ретіндегі сипаты қазақ тіл білімінде Қ.Жұбанов зерттеуінде көрініс тапқан[8.177]. Ғалымның уақыттың тілдегі көрінісін зерделеуін шақ категориясына қатысты тұжырымдарынан көреміз. Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясының жіктемесінен Қ.Жұбанов жіктемесі ерекшеленеді. Ол ерекшелік ғалымның “етістіктің шағын түрлеуші айтып тұрса да жіктеліп, көмектелгенде бірқатар өзгеретіні және бір мезгілдің өзінде болатын істің түрлі өңін көрсететін бір нәрсе шағы болатыны” туралы айтқан ойынан көрінеді[3.388]. Демек, ғалым істің өңін айтушының іске қатынасына сай (өзінің куәлік, айғақ болуы не өзі басында болмағаны) ажыратады. Ғалым “етістіктің шағы мен өңін айырмай, бәрін шақ қатарында көрсетеміз” дей отырып, әр шақтың өңіне сай жіктемесін де көрсетеді: 1. Өткен шақ (сөйлеп тұрған кезден бұрын болған іс). Бұл өңіне қарай төмендегідей жіктелген: 1. Айғақ өңді өткен шақ (істің болғанына айтушы куә айғақ бола сөйлейді): жазы-п-ты, оқы-мап-сың, біл-ме-п-піз. 2. Аулақ өңді (істің болғанын айта тұрып, өзі басы-қасында болмағанын қоса білдіреді): жаз-ған, оқы-ған соң, көр-ген-біз. 3. Мойындау өңді өткен шақ (істің болған-болмағанын мойындай сөйлейді): жаз-ған, оқы-ған соң, көр-ген-біз [3.387]. Осы мысалдарға қарай отырып, ғалым аулақ өңді өткен шақ пен мойындау өңді өткен шақты бір форманың, яғни есімшенің -ған/-ген формасының беретіндігін көрсеткенін байқаймыз. Өткен шақтың бұл өңдерін ажырату тек қарым-қатынас барысында, сөз жағдаятында не мәнмәтінде мүмкін болады екен.

Қ.Жұбанов еңбектеріндегі синтаксис мәселелері. Профессор Қ. Жұбанов өз кезінде қазақ тілінің синтаксис саласына көптеген жаңалықтар енгізген, әрине, оның бәрі бірдей кейінгі оқулықтарға еніп, ғылымда орнығып кете қойған жоқ. Дегенмен олардың басым көпшілігі дұрыс кіргізілген жаңалықтар еді. Қ.Жұбанов “Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан” атты мақалында құрмалас сөйлемді “күрделі сөйлем” деп атап, оны екі түрге бөледі. Мұнда бірінші күрделі мүшесі бар сөйлем - сабақтас. Қазіргі үйірлі мүше деп жүрген құбылысқа жуық келетін сияқты. Екінші салалас түрін “жалғасқан сөйлемнің жинағы” деп қарастырады. Ғалым сөйлемнің жеке түрлері мен бөлшектері болатындығын айта келіп, әр түрге айырып топтастырады: 1). Жай сөйлем; 2). Жайылма сөйлем; 3). Күрделі сөйлем /Құрмалас/. Бұл үш түрлі сөйлемді қандай мүшелері бар, қандай мүшелері жоқ болуына қарай топтастырған. Тек бастауыш пен баяндауыш мүшесі бар сөйлемді жалаң, тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлемді күрделі сөйлем деп атайды. Қ.Жұбанов “бір күрделі сөздің ішін жарып ақтарғанда өз алдына бір сөйлем шығып жатса, ондайлар күрделі сөйлем жасайды”, -деп, “ақылы көп бала жақсы оқиды” деген сөйлемді мысалға келтіреді. Сөйлемдегі “бала” – бастауыш. Бастауыштың жетегі тек “көп” деген сөздің өзі емес. Мұның өзі бір “бала-ға” анықтауыш бола алмайды. Өйткені, бұл анықтауыш мүше жалаң мүше емес, күрделі мүше. Мұның өзі бір сөйлем: “ақылы” – бастауыш, “көп” – баяндауыш. Бұл екі сөз бір қосылып сөйлем болады да, сол сөйлем күйімен барып “бала” деген бастауышқа анықтауыш болады деп, алған мысалды дәлелдеп түсіндіреді [3.214]. Сонымен бірге, сөйлемді жеке түрге бөлуде дыбыс сазы назарға алынып, айтылу мақсатына қарай емес, “хабарлы”, “сұраулы”, “лепті” сөйлемдердің орнына “хабар сазды”, “сұрау сазды”, “леп сазды” деп белгілейді.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі синтаксисі де алғаш Қ. Жұбановтың назарына алынды. Ол осы мәселеге арналған “О формах сочетания слов в казахском языке” атты мақала, “Қазақ тілінің грамматикасы” оқулығында арнайы тарауда сөз тіркесін “сөз қиыны” деген атпен баяндаған. Ол “сөз қиыны” жайында: “сөйлемде бір сөз болмай, бірнеше сөз болса, бұл сөздер бір-бірімен қиындасып тұруы керек. Қиынын келтірмей құрастырған сөйлем не тіпте сөз болмай шығады да, немесе айтайын деген сөзін болмай басқа бірдеме болып шығады”, - деп жазады. Сөз қиыны дұрыс болу үшін екі шартты атайды: “...әр сөзді орны-орнына дұрыс қою керек” және “...бір сөзді екінші сөзге байлап беретін жалғаулар бар; соны дұрыс жалғау керек”, -дейді [3.158].

Ғалым Қ. Жұбанов сөйлем мүшелерін де басқаша талдайды. Сөйлемнің бастауышын бас мүше деп те атайды. Ал бастауыш пен баяндауышты негізгі мүшелер деп қарастырады. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін айқындауыш деп жіктейді. “Сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұрғанына қарай баяндауыш деп атағанымыз сияқты, басқа мүшелерді айқындап тұрғанына қарай айқындауыш деп атау дұрас болады”,-дейді [3.222]. Енді осы айқындауыш мүшелер формасына қарай екі түрге сараланады. Жалғаусыз түрі анықтауыш болып аталады да. Жалғаулы түрі толықтауыш делінеді. Демек, анықтауыш, толықтауыш мүшелер, бұрынғыдай, сұрау арқылы емес, тек формалық жағынан ажыратылатынын көрсеткен.

Қ. Жұбанов өз еңбегінде Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық сияқты күрделі есімдердің қазіргі синтаксистік нормалар аясында бөлшектеуге келмейтіні, қазіргі тілімізде сын есім анықталушы мүше орнында тұрғанда, зат есім ешқашан анықтауыш қызметінде жұмсалмайтыны да даусыз екенін айтқан [1.173]. Қазіргі қазақ тілінде изафетті құрылымдағы бірінші сөзі де, екінші сөзі де зат есім болуға тиіс. Сын есімдер басқа зат есімдерден бірігіп, бір анықтауыштық топқа енгенде ғана олардан кейінгі зат есімдермен (ұзын құйрық тұлкі, биік өкше етік т. б.) изафеттік байланыста айтыла алады деп көрсетеді. К. К. Юдахин түркі тілдерінде изафет деп – екі зат есімнен тұратын анықтауыштық тіркесті атайтынын және осы изафеттің үш түрі (типі) түркі тілдерінде морфологиялық бай тәсілдерді жеткізудің құралы екенін мойындай отырып, заттардың белгілерін нақтылауда бұл типтердің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сондықтан түркі тілдерінде қазіргі кезеңде “сын есімдердің мұнан арғы қалыптасуы және изафеттік құрылымдардың мағыналық жағынан қайта құрылуына сәйкес кей жағдайда оларды сын есіммен алмастыру процесі де жүріп жатыр” деп тұжырымдайды. “Әрине, изафеттік тіркестердің ертеде сөзден сөз тудырудың тарихи жағынан ең көне және негізгі амалдарының бірі болғанына шек келтірмейміз. Бірақ, Айжарық, Таңжарық, Күнсұлу, Айсұлу т.б. тіркестерді осы синтаксистік (изафеттік) құрылымның жемісі деп те айта алмаймыз”, дейді ғалым Ж.Тектіғұл [7.109].

Қ.Жұбанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелері. Қ.Жұбанов түркі тілдері тарихи грамматикасына қатысты зерттеулерінде “-дай, -дей” қосымшасының шығу төркінін моңғол тіліндегі “од-шегін”, од-тегін” сөздерімен байланысты қарастырады. Бұл сөздердің түпкі мағынасы – “бала” ұғымы. “Кішкентай, тек, ұрпақ, тұқым, көбею” сөздерінің арасында табиғи байланыс бар деп есептеген. Қ.Жұбанов салыстыру мәнін білдіретін -дай/-дей қосымшасын, кішірейткіш мәнді білдіретін -тай/-тей, -шақ/-шек, -ша/-ше қосымшаларының шығу төркінін “шаған, тегін, шегін” сөздеріне балаған. Қазақ тіліндегі “бала-шаға” қос сөзінің құрамындағы “шаға” сыңарын, сондай-ақ “шағын” (кішкентай) сөздерін аталмыш сөздерден өрбіген деп көрсетеді. Қ.Жұбанов анықтауыш пен анықталушы мүшелердің орын алмасып келу заңдылығын “құлыншақ, келіншек, өгізше, інгенше, балақан, ботақан, айғыр, қошқар”, т.б. сөздерінің құрамынан көреді. Қырым татарлары, түрікпендер, әзірбайжандар бала деген сөзді “шаға” дейді. Біздің тіліміздегі “қызыл шақалақ (қызыл шақа)” дегендегі шақалақ та шаға сөзіне қатысты екені даусыз. Демек, құлыншақ дегендегі “шақ” та сол “бала” мағынасындағы “шаға”. “Бала-шаға” деген қос сөзіміздің екі сыңары да “бала” мағынасында. Демек құлыншақ – бала құлын. Нәтижесінде құлыншақ, тоқтышақ, келіншек дегендегі “шақ” сыңарлары анықталатын сөзден соң тұрған анықтауыштар екенін көреміз. Кейінгі заманда “шақ” сөзі кішірейткіш қосымша болып қалған да, оның тұлғасы –ша/-ше болып ықшамдалған: “тайын+ша, өгіз+ше, ту+ша, құнан+ша, дөнен+ше (құна+жын, дөне+жін)”. Бұл деректер ерте уақытта анықтауыштың анықталатын сөзден бұрын орналастынын көрсетеді [3.115]. Ғалым осындай, құлыншақ, келіншек, айғыр секілді морфологиялық құрылымдарды синтаксистік құрылым, синтаксистік тіркестер деп тани отырып, құрамы екі сөзден тұратын осы тіркестерден бір кездегі екі сөйлем мүшесін (анықталушы-анықтауыш) көреді. Қ.Жұбанов тілтаным мәселесінде сөздің тарихи грамматикалық ерекшеліктерін таныту мақсатында “бір сөз мағынасының кеңейіп тарауы” туралы талдаулар жасап, “Қатын” деген сөз ерте замандарда ханның әйелдеріне ғана арналған атау болған, кейін келе ханның уәзірлерінің әйелдерін де солай деп атаған, ақыр соңында байға тиген барлық әйелдерді “қатын” деп атап кеткен”,- деген сөз мағынасының тарихи жағына қатысты мысал арқылы түсіндірген. Қ.Жұбанов сөзтанымда тарихи ерекшеліктің бірі: “Қол – иықтан бастап саусақ басына дейінгі адам мүшесінің аты. “Шынтақ”, “білек”, “қар”, “саусақ” бұрын қол болған” деп, бүтін сөздің мағынасының бөлшекке көшуі туралы бірнеше мысалдар келтіре дәлелдеген.

Қазақ тіліндегі синкретизм құбылысының заңдылықтарына алғаш рет зер салған адам профессор Қ. Жұбанов болатын. Одан соң бұл тақырыпқа қалам тартқан лингвистер қатарында А. Ысқақов, М. Томанов, Ә. Қайдаров, Ә. Ибатов, Е. Қажыбековты атап өтуге тиіспіз. Сонымен бірге қазақ тіл

білімінде қазіргі қазақ тіліндегі синкретизм көріністерінің етістік-есім сөздері деңгейіндегі ауыс-түйіс ретінде ғана қаралып келгендігін байқаймыз. Қ.Жұбанов “Есімдер мен етістіктер ерекше сез таптарына бөлінбеген кезде, яғни зат және оның қимылы бір ғана сөзбен берілген кезде “köz және kög”, “semez және semeг” сөздері әрі есім (көз, семіз), әрі етістік (көру, семіру) мағынасында қолданылған деп есептейді [3.406]. Қ. Жұбанов тілдік құбылысты танудың жекелеген салалары: фонетика, морфология, синтаксис, лексика және семантика бір-бірінен “қытай қорғанымен” бөлінген емес, керісінше олар өзара байланысып, араласып, біте қайнасып жатады деп, оған “көз-көр”, “семіз-семір” секілді сөздердің шығу тәркіні синкретті түбірлерге келіп саятындығын, ол сөздердің соңындағы р~з дыбыстары өздері жалғанған түбір-негіздерді есіммен етістікке ажыратудың басты критерийі ретінде қарастырылуы керектігін сөз еткен. Бұрын тіл дамуының көне дәуірінде р ~ з сәйкесімі есімнен етістік тудырып, етістікті сөз табы ретінде қалыптастыруға негіз болған фактор қызметін атқарған; -з форманты – есімнің, -р форманты – етістіктің көрсеткіші болған[3.406]. Олай болса, синкретті түбірлердің түркі тілдерінде зерттелуіне барлау жасап, түркі синкретизміне байланысты туындаған көптеген сұрақтарға жауап беру бағытында алғашқы ғалымдар тобында Қ.Жұбановтың зерттеу жүргізіп, осы салада құнды ой-пікірлер қалдырғанын атап көрсетпекпіз.

Қ. Жұбанов сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібіне көп көңіл бөлген. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі туралы “Из истории порядка слов в казахском предложении еңбегінде автор тарихи тұрғыдан тіл фактілеріне терең бойлап, осы мәселеде түркі тілдерінде орныққан заңдылықты әрдайым тұрақты ереже деп санамайды.. Сөйлеу тілімізде қолданылатын “күн ұзаққа” қайда жүрдің?” сөйлеміндегі “күн ұзаққа” тіркесі, автордың көрсететініндей, әдеби тіліміздің нормасы бойынша “ұзақ күн” болып, анықтауыш анықтайтын сөзінің алдында тұруы керек еді. Сол тәрізді о бастағы өз орнымен келетін “тағы адам” тіркесінің керісінше болып та орналасатыны көрсетілген: Елден безіп, адам тағы болып кетіпті [3.410]. Қорыта айтсақ, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібіндегі заңдылық, кісі аттары мен біріккен сөздердің табиғатына талдау жасау барысында Қ. Жұбанов көрсеткендей сөздің тарихи грамматикалық ерекшеліктеріне ерекше назар аудару маңызды мәселелердің бірі деп білеміз.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, профессор Құдайберген Жұбанов өз еңбектерінде тарихи салыстырмалы әдістер арқылы және өзге тіл деректерімен де салғастырмалы талдау жасап, тілдің қазіргі және тарихи даму заңдылықтарын ашып көрсете білген. Профессор Қ.Жұбановтың артында қалдырған ғылыми мұралары қазіргі зерттеулердің бастауы болғанын, кейінгі зерттеулермен ғылыми жалғастығын тапқан құндылықтарымыздың бірі екенін атап айтамыз. Қазақ тілтану парадигмасында Қ.Жұбанов зерттеулері тек алғашқы шешімін күткен мәселелерді ғана қозғап қойған жоқ, кейінгі зерттеулерге де бағыт беріп, үнемі қайта оралып отыруды қажет ететін, тереңдей үнілген сайын жаңа ізденістерге жетелейтін ой-тұжырымдарға тұнып тұрғандығын аңғаруға болады. Сондықтан Қ.Жұбановтың тілтану парадигмасындағы еңбектері бүгінгі таңда да өзекті, әлі де тың зерттеулерді қажет ететін рухани құндылықтарымыздың бірі деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тіл білімі сөздігі / Ред. басқарған Э.Д. Сүлейменова. - Алматы: Ғылым, 1998. - 544 б. - кітап
- 2 Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: калыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. - Алматы: “Ан - Арыс” баспасы, 2007. - 312 б. - кітап
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б. - кітап
- 4 Иманқұлова М.А. Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша). Философия докторы(PhD) диссертациясы. - Алматы, 2016. - 156 б. – диссертация
- 5 Садуақас Н.А. Профессор Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері. Монография. - Алматы: Эверо, 2018. - 162 б. – кітап
- 6 Милов М.О. Қ.Жұбановтың лингвистикалық танымдары. - Ақтөбе, 2014. - 200 б. – кітап
- 7 Тектіғұл Ж.О. Тарихи грамматика танымдары. – Алматы: Ғылым, 1999. - 195 б. - кітап
- 8 Садирова К.Қ., Қ.Жұбанов зерттеуінде шақ категориясының зерделенуі// “Жұбанов тағылымы-VIII: Қазақстан түркі өркениеті тоғасында” халықаралық ғылыми конференция материалдары. I-бөлім.(4.03.2013). - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе МУ, 2014. - 177 -180 б. – конференция материалдары

МРНТИ 16.02

Roziyeva D.,¹ Zhampeis K.,² Badalova S.³

^{1,2,3} *Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

POLITICAL CORRECTNESS AS A LINGUISTICAL PHENOMENON

Abstract

The actuality of the article is based upon the excessive number of alterations that occur in English due to the social intervention. Let us start by acknowledging the fact that language and society have been dependent on each other for centuries. Critics would agree that there is no doubt about the fact that most of the changes brought upon language have been the result of human will. Obviously people do not transform language on purpose. However, there has been an increase in the number of social communities that feel strongly about changing some of the aspects of language. Especially the lexical one.

The article is concerned with the degree to which such a sociolinguistic phenomenon as political correctness influences and changes the English language. It demonstrates the modifications brought upon English as a result of the modern society becoming more and more tolerant towards certain social communities. The issue in question is that said communities in most cases alter the language arbitrarily. Moreover, some of the arguments for the changes are fairly groundless.

The authors come to the conclusion that some of the lexical changes in the English language that are deemed necessary are fairly unjustified and are subject to be revised.

Keywords: language, political correctness, speech act theory, freedom of speech, modifications, social communities, changing some of the aspects of language

Розиева Д.,¹ Жампейіс К.,² Бадалова С.³

^{1,2,3} *Абылай хан ат. Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан*

САЯСИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТІЛДІК ФЕНОМЕНОН

Аңдатпа

Мақаланың өзектілігі ағылшын тіліндегі әлеуметтік араласудың салдарынан болатын көптеген өзгертулерге негізделген. Тіл мен қоғам ғасырлар бойы бір-біріне тәуелді болғандығын мойындаудан бастайық. Сыншылар тілге енгізілген өзгерістердің көпшілігі адамның ерік-жігерінің нәтижесі болғанына күмән жоқ екенімен келіседі. Адамдар тілді мақсатты түрде өзгертпейтіні анық. Алайда, тілдің кейбір жақтарын өзгертуге қатты сенетін әлеуметтік қауымдастықтар санының өсуі байқалды, әсіресе лексикалық тұрғыда.

Мақалада саяси дұрыстық сияқты социолінгвистикалық құбылыстың ағылшын тіліне әсер ететін және өзгертін дәрежесі туралы айтылады. Бұл қазіргі қоғамның белгілі бір әлеуметтік қауымдастықтарға толеранттылық танытуының нәтижесінде ағылшын тіліне енгізілген өзгерістерді көрсетеді. Мәселе мынада, аталған қауымдастықтар көп жағдайда тілді өз бетімен өзгертеді. Оның үстіне, өзгерістерге қатысты кейбір дәлелдер өте негізсіз.

Авторлар ағылшын тіліндегі кейбір лексикалық өзгерістер жеткілікті негізсіз және қайта қаралуы керек деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: тіл, саяси дұрыстық, сөйлеу актілері теориясы, сөз бостандығы, модификациялар, әлеуметтік бірлестіктер, тілдің кейбір аспектілерін өзгерту

Розиева Д.,¹ Жампейіс К.,² Бадалова С.,

^{1,2,3} *Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Алматы, Казахстан*

ПОЛИТИЧЕСКАЯ КОРРЕКТНОСТЬ КАК ЯЗЫКОВОЙ ФЕНОМЕН

Аннотация

Актуальность статьи основана на чрезмерном количестве изменений, которые происходят в английском языке из-за социального вмешательства. Давайте начнем с признания того факта, что язык и общество веками зависели друг от друга. Критики согласны с тем, что нет сомнений в том факте, что большинство изменений, внесенных в язык, были результатом человеческой воли. Очевидно, что люди не преобразуют язык специально. Тем не менее, увеличилось количество социальных сообществ, которые решительно настроены изменить некоторые аспекты языка, в частности в лексическом аспекте.

В статье рассматривается степень, в которой социолингвистическое явление, как политкорректность влияет и меняет английский язык. Это демонстрирует изменения, внесенные в английский язык в результате того, что современное общество становится все более и более терпимым к определенным социальным сообществам. Вопрос в том, что указанные сообщества в большинстве случаев произвольно меняют язык. Более того, некоторые аргументы в пользу этих изменений довольно беспочвенны.

Авторы приходят к выводу, что некоторые из лексических изменений в английском языке, которые считаются необходимыми, являются довольно неоправданными и подлежат к пересмотру.

Ключевые слова: язык, политкорректность, теория речевого акта, свобода слова, модификации, социальные общности, изменение некоторых аспектов языка

Introduction. As sociolinguistics states, society and language have been going hand in hand since the moment the human race was created. Which leads us to believe that the biggest number of changes that were inflicted upon language comes from people themselves. [1] Most of the time society transforms language unintentionally, but nowadays, certain individuals, empowered by the support of like-minded communities, put forward the amendments that they consider necessary for the language to subject to.

We live in a society where the wrongly understood or conveyed words can be assessed as offensive and even entail some legal action. Everybody has to be very careful with their words, because nowadays everything connected to tolerance or politeness is strictly watched over like in George Orwell's dystopian novel '1984'. This kind of societal environment was formed due to the fact that the XXI century is characterized by a number of newly minted social and, specifically, disadvantaged groups with their rights and demands that the rest of the world, in spite of being a part of the group or not, has to respect and tolerate. It goes without saying that language got caught in this mass leniency. People are forced to say not what they intend to say, but what would be politically correct to say. There is a lot of talk about freedom of speech, but it appears that this privilege has only been given to the victimized minorities who'd been deprived of their rights as individuals and now are making up for the years when their freedom was restrained.

So, what is political correctness in language? It is employing language in a way that it excludes discriminatory speech of any kind. [2] For example, saying *mankind* instead of *humankind* might sound derogatory towards women and the feminist movement, in particular.

The origin of the term *political correctness* and its subsequent wide usage is tightly connected to American political ideologies. It was coined as a result of the culture war between leftists and conservatives. The meaning and noteworthiness of political correctness tend to delineate the actions of the adherents of liberal ideology.

Methodology. While the similar term, *right-wing political correctness*, has an opposite meaning. Its goal is ironically resembling to the one that George Orwell tried to get across with his conception of *Newspeak*, which implied a difficulty to talk and express one's thoughts if they contravene the established order. Supporters of conservatism oftentimes claim that political correctness is a part of a conspiracy theory aimed at subverting and lessening the significance of values of Judeo-Christian enlightenment philosophy in American society. Political correctness has become a synonym to a gagging order, entailing a punishment if disobeyed. "The furthest extension of political correctness is not just me disagreeing with you, it is me

destroying your identity as a human,” says Ben Shapiro, an outspoken conservative, political commentator, editor-in-chief for *The Daily Wire* and, in overall, one of the most noticeable figures on a political arena in the U.S.

In the field of linguistics, political correctness is rooted in the speech act theory. It originated from the studies of the Oxford philosopher J.L. Austin. The speech act theory is based on the presupposition that words have two functions: constative and performative. The first one is based on describing the world around us, and the second one characterizes the ability of the speech to implicate actions of the speaker. [3] John Austin was of the opinion that the sound that comes out of one’s mouth can potentially take a form of a foreshadowing action. The origin of this conviction dates back to the times of Ferdinand de Saussure. He made a conclusion that words either have a direct association to the subject of their reference or they are in an undeviating connection to their referent.

The speech act theory has certain similarities with the idea of unfixed meaning. It is drawn on the suggestion of the French philosopher Jacques Derrida that meaning never stays the same as it is constantly in motion. This conviction had an impact on such areas of study as psychoanalysis, literary criticism and sociology, and it was brought into light by Jacques Lacan, Roland Barthes, Pierre Bourdieu and Michel Foucault. Derrida put forward a theory of deconstruction that has as its main premise the presupposition that the full comprehension can be reached only through deconstruction or using another context. It is rooted in the precondition that the sense is constructed during the process of reading and, therefore, is not dependent of the writer or the producer of the text. So the habitual interpretation is either lacking the depth or imposed by the repressive instance of the author. In this case, it is necessary to create a provocation that would initiate a thought and lead the way to the hidden meaning of the text.

The willingness to consider the speech act theory true entails an exclusion of an array of words and phrases from one’s active vocabulary.

An example for speech act theory might be racial political correctness. As the name implies, it deals with the matters of race and, in this case, language that political correctness affects in the process. It goes without saying that one of the biggest racial issues in America has to do with African-Americans. Throughout the history, there have been several names used in reference to people with darker skin. The most insulting one was without a doubt the word *Negro* or other, slang variations of it, such as *nigger*, *nigga*. These words have, in a way, become taboo for white people to use. But, essentially, what’s wrong with this word? If we go back to its etymological roots, we will not find any derogatory definition behind it. The word *Negro* comes from Latin and means *Black*. Well, the problem is not with the meaning of the word as it is, the offensive part is concealed in the concept of this word. For centuries, the word *Negro* and its derivatives have been associated with the denigration of the dark-skinned people. No wonder, African-Americans do not want white people to use it even if they mean no harm. It’s like taking a walk down the memory lane; and for some people that lane does not look all that bright.

Results. The same changes occurred in the way Spanish and Asian people were addressed. In the 70s of the XX century, Latin American were predominantly called *Hispanics*. However, these days such an address is unacceptable due to several reasons. The most significant one is that the word *Hispanics* is in its core associated with low-income, poor families and with impoverishment and ill-being in general. That association should not come as a surprise, since South America is infamous for the low conditions of living for people. Now, the polite way to address a person of an obvious Spanish heritage would be *Latino/Latina*.

In addition, for a long time Asian people have been wrongly called Orientals. That is the name that was given to them by their continental neighbors — Europeans. Well, as a matter of fact, it makes sense for them, since for those who live in Europe, people who live in Asia are indeed Orientals. However, that would not be true for Americans. Now, the term that is generally accepted is Asians. For those who want to step on an even more neutral ground in terms of racial political correctness there is another, more obvious, way of addressing someone who is not white — non-white, plain and simple.

People of Jewish heritage know what racism can lead to and how discriminating it can be as much as black people, maybe even a little more. Anti-Semitic Germans of the twentieth century made sure they would never forget that. However, even in the twenty-first century some social groups continues to mock Jewish people, who at that time were simply called Jews. It led to the word Jew gaining an ill-famed reputation. It became a part of frequently used phrases, such as *dirty Jew*, *Jew store*, *Jew boy*. The first phrase, *Dirty Jew*, is, basically, employed to define someone of Semitic origin who is dishonest in their business deals, in other words, plays dirty. The second phrase is not much different from the first one. *Jew boy* describes someone with stereotypical characteristics of a Jew. (Mostly someone who manipulates people

into buying things from them and making profit out of it.) The last phrase, *Jew store*, defines a certain type of a store that sells all the necessities for an overnight camp, or in general the things that one would need going camping. Oddly enough, hardly anyone who is not Jewish is a regular in that type of store. It is not necessarily offensive on the surface, yet it can be considered to be another type of discrimination — Jewish people go to the stores for Jews, black people go to the stores for African-Americans, and white people oriented stores are universal. There is nothing wrong with stores that are specifically targeted at products that attribute to Jewish culture. The problem is with people who think that it is beneath their dignity to visit those stores.

It appears that all that political correctness is doing is sugarcoating the obvious so that nobody would be offended. Yet there will always be someone who ends up insulted. Why cannot we call black people *black*? Would not that be the truth? After all, everybody is perfectly fine with calling white people *white*. In our opinion, calling someone *a person of color* is more discriminating than calling them *black*. Saying *a person of color* is emphasizing that black people are different from the norm, which is not correct. Calling them *black* is stating the obvious, and in no way an offence.

Plenty of words and phrases that used to be acceptable in a speech or in a written text are right now being banned one by one from the active vocabulary of English speakers. For example, calling someone *short* is no longer politically correct. The better way to say it would be *vertically challenged*. As well as it would also sound disrespectful to call someone *overweight*, the right way to convey this thought of yours would be to say *horizontally gifted*. All of this is a part of physical political correctness.

In many cases, the extremes that political correctness has reached are truly far out of the lines of reasonable. Workplaces have become excessively politicized, so people who have viewpoints different from the indoctrinations of the political correctness do not feel comfortable at all in being able to use language of their choice to have subjective opinions about a variety of things. Some may even claim to be harassed by people who do not agree with their opinions.

People have gotten control over the situation, and all of a sudden we live in an upside-down world where even the lines of such obvious things as sex and gender are blurred. How can we talk about such an everlasting matter as language if part of the population of the world does not know if they are male or female? People do not even hold their gender sacred, which is, basically, a huge part of their identity. How can we talk about the inviolability of language? Nobody is even bothered by the fact that by making injudicious choices in regards to linguistics, people “pollute” our language with useless terminology. [4] Some of the words that are now widely employed do not even make sense. For example, feminists came up with a word *mansplaining*, which, basically, describes a situation when a man is explaining something to a woman. By that, feminists insinuate that men are boasting of their knowledge in front of presumably uneducated women. On the one hand, this kind of perturbation is completely understood. Women did not use to have a right to gain education. It is no wonder that females of modern age can be insecure about that. On the other hand, many years have passed since that time. Today education is mandatory, much less forbidden. Therefore, women’s overreaction is completely unjustified. Moreover, there are plenty of situations when women are bound to be more proficient in some matters, and men are the ones who need to have something explained to them. We believe new age demands the reevaluation of the matters of the passed times.

Incidentally, for a century now, there have been plenty of changes caused by the rise of feminists all over the world. Particularly, remarks in the field of linguistics are mostly reduced to gender-inclusive language.

Analysis. Gender-inclusive or gender-neutral language implies avoiding any type of offence based on sex, social gender or generic words for humans, honorifics, naming practices and gender identity discrimination. In addition, it also includes all kinds of gender-centered stereotypes.

Virtually, offence based on generic words can be evaded by excluding from one’s speech or writing gender-specific pronouns or professions. That actually is one of the main reasons that nowadays it would be tactless to say *policeman*, *mailman*, *fireman* and so on. Instead, it’s replaced by *police officer*, *mail carrier* and *firefighter*, respectively. Basically, every job title that is specified by the *-man* ending is considered to be gender-specific and, therefore, derogatory to women. Some of the job titles are substituted with completely new names altogether. For instance, *air hostesses* and *stewardesses* have become *flight attendants*. When it comes to pronouns, such as *he*, *she*, *him*, *her*, *his*, they are typically substituted with the pronoun *they* or *he/she*.

As for honorifics, the neologism that has been used in place of *Mr. Miss*, or *Mrs.* is *Mx.*, which stands for ‘Mix’. Its principal goal is to provide gender neutrality. The recognition of novel gender honorifics spread rapidly all over the English speaking countries and it has been included in the Oxford English Dictionary since 2015.

Another issue is giving children the last name of their father and women themselves taking their husbands’ surnames. It has been one of the main concerns for the feminist movement, as this kind of naming practice with a preference towards patriarchy wipes females’ names off the face of the history map. In modern society, it led to married couples taking a double-barreled name.

In addition to the aforementioned changes in linguistics caused by the rise of the feminist movement, the terms that traditionally specify family members, such as *sister*, *brother*, *mom*, *dad* are banned from the gender-inclusive language. Instead, they are swapped with *parent*, *sibling*, and *child*.

Such terms as *boyfriend* and *girlfriend* are also considered to be objectionable and in some communities and among certain individuals they are even unaccepted nowadays. They are suggested to be replaced by their non-gender specified substituents, such as *partner* and *significant other*. The reason for that is the growing number of “genderless” people or “queers” who do not feel comfortable being a part of the conversation where the terms *boyfriend* and *girlfriend* are used extensively and, therefore, are highly offensive.

In our tolerance-driven society, there are not many people who openly speak against gender-neutral language. However, there are those who do not necessarily agree that it is an effective tool against sexism. The principal argument in favor of importance of those changes is language being a tool that we employ to perceive the world and which helps us shape subjective judgments about others. Therefore, language has become a part of the global goal to create a community where people regardless of race, gender or sexuality would feel equal and have the same possibilities and opportunities as everyone else.

Objectively speaking, respecting someone (male or female, black or white) is a matter of culture and values embedded in it. We believe there is a huge number of people who still say *fireman* instead of *firefighter*, however it does not automatically mean that they have a deep-seated disrespect for women. It also works the other way around: if a man was taught to use gender-neutral language, it does not make him show deference towards women, not in a significant way, in any case.

There are not only separate words in the English language that might sound disrespectful to a certain gender (female, mostly), there are actually plenty of phrases that feminists consider sexist. One of the examples is a saying *Take it like a man* or *Man up*. This phrase implies that such qualities as bravery, courage, endurance and perseverance are only attributed to men, and females are in no control of their emotions whatsoever.

A saying similar to that is *Like a girl* (for instance, *flight like a girl*). The meaning behind it also entices women’s emotional instability, physical weakness, or a lack of certain skills on the matter.

Another offensive phrase is *You guys* as an address to a group of people with men and women present. Its sexist nature is manifested in the fact that the person who used it automatically assumed that the default gender in the society is male.

The phrase *Boys will be boys* is also banned by feminists from the English vocabulary, as it can be used as an excuse for men’s far from good behavior.

Conclusion. So, is gender-inclusive language important? Yes, in its own way, but not in a major one. We do not reckon that it makes a noticeable difference in awakening people’s awareness about gender equality. In our opinion, it does no harm as long as it stays reasonable. We mention that because the third-wave feminists tend to cross a lot of lines in their race towards social acceptance; linguistic lines are one of those. Language started evolving long before feminists recognized their awareness about the patriarchal world order. By all means, they have a right to vote, to take higher job positions, to earn as much money as men, but they have no right whatsoever to change the language. That is clearly and most definitely not their task to accomplish.

The part of the population who still feels uncertain about political correctness can either go with the global insanity or take a non-conformist route and stop mainstreaming the collective lunacy that seems to be seizing the world these days.

References:

- 1 Betty Birner. *Is English changing?* Available at: <https://www.linguisticsociety.org/content/english-changing> (accessed 4 February 2020).
- 2 Deborah Mühlebach. *Is there such a thing as politically correct language?* Available at: <https://www.unibas.ch/en/Research/Uni-Nova/Uni-Nova-130/Uni-Nova-130-Essay.html> (accessed 4 February 2020).
- 3 Cordula Simon. *How language works and why political correctness doesn't.* Available at: <https://areomagazine.com/2019/02/14/how-language-works-and-why-political-correctness-doesnt/> (accessed 4 February 2020).
- 4 Mike Bridge. *English is alive: recent changes in the English language and how we can keep our English up to date.* Available at: <https://ihjournal.com/english-is-alive-recent-changes-in-the-english-language-and-how-we-can-keep-our-english-up-to-date> (accessed 4 February 2020)

МРНТИ 16.21.

Лепесбай Г.,¹ Смағұлова Г.²

*^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАР**

Аңдатпа

Мақалада біз қоғамда тұлғаны әлеуметтендіру процесінде негізгі қызмет атқаратын институционалды коммуникацияға тоқталамыз. Адам белгілі бір топтың ғана мүшесі болатын жағдай іс жүзінде кездеспейтіндіктен индивидтің әр түрлі топтарға қатысты жағдайын, сондай-ақ оның әрбір топтағы функционалдық мүмкіндіктерін талдау қажет. Қарым-қатынаспен байланысты барлық әлеуметтік-практикалық мәселелер өзекті және кез келген институционалды қарым-қатынас тілдік қатынасқа тәуелді. Демек дәл осы қарым-қатынас социумды ұйымдастырады және адамның өз мінез-құлқын басқа адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқымен сәйкестендіре отырып, онда өмір сүруге және дамуға мүмкіндік береді. Осы тұста қарым-қатынасты зерттеудегі түрлі аспектілер мен жағдаят түрлері анықталады. Қарым-қатынас формаларының тиісті дамуынсыз тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, өнер, саясат, идеология және т. б. сияқты адам қызметінің салаларының дамуы іс жүзінде мүмкін емес. Қоғамның әртүрлі әлеуметтік институттарға бөлінетінін айта келе, институционалды қарым-қатынас ұғымына кеңінен тоқталамыз. Әлеуметтік институттарды кеңінен зерттеген ғалымдардың пікірлеріне шолу жасаймыз. Осылайша институционалды қарым-қатынасты зерттеудің маңыздылығын арттыру қажеттігін анықтай түсеміз.

Түйін сөздер: тілдік коммуникация, әлеуметтік институттар, институционалды қарым-қатынас, педагогикалық дискурс

Lepesbay G.,¹ Smagulova G.²

*^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF INSTITUTIONAL RELATIONS: SOCIAL INSTITUTIONS

Abstract

This article examines examines institutional communication, which performs the main function in the process of socialization of the individual in society. Considering that the situation when a person becomes a member of only a certain group is not found practically, it is necessary to analyze the position of the individual relative to different groups, as well as its functional capabilities in each group. All social and practical issues related to communication are relevant and all institutional relations depend on language

communication. Therefore, it is this communication that organizes society and allows a person to live and develop in it, bringing their behavior in line with the actions and behavior of others. This defines various aspects and situational forms of relationship research. Without proper development of forms of communication, it is almost impossible to develop such spheres of human activity as education, education, health, science, art, politics, ideology. When we say that society is divided into various social institutions, we pay great attention to understanding institutional relations. We are reviewing the opinions of scientists who have studied social institutions extensively.

Keywords: language communication, social institutions, institutional communication, pedagogical discourse

Ленесбай Г.,¹ Смагулова Г.²

^{1,2} *Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ: СОЦИАЛЬНЫЕ ИНСТИТУТЫ

Аннотация

В данной работе исследуется институциональная коммуникация, которая выполняет основную функцию в процессе социализации личности в обществе. Поскольку ситуация, когда человек становится членом только определенной группы практически не встречается, необходимо проанализировать положение индивида относительно разных групп, а также его функциональные возможности в каждой группе. Все социально-практические вопросы, связанные с общением, актуальны и все институциональные отношения зависят от языкового общения. Следовательно, именно это общение организует социум и позволяет человеку жить и развиваться в нем, приведя в соответствие свое поведение с действиями и поведением других лиц. При этом определяются различные аспекты и ситуативные формы исследования отношений. Без должного развития форм общения практически невозможно развитие таких сфер деятельности человека, как воспитание, образование, здравоохранение, наука, искусство, политика, идеология и т. д. Говоря о том, что общество разделяется на различные социальные институты, мы уделяем большое внимание пониманию институциональных отношений. Мы проводим обзор мнения ученых, широко изучивших социальные институты. Таким образом, мы конкретизируем необходимость повышения значимости исследования институциональных отношений.

Ключевые слова: языковая коммуникация, социальные институты, институциональная коммуникация, педагогический дискурс

Кіріспе. Соңғы уақытта институционалдық дискурс түсінігі негіз болатын дискурсивті әлеуметтік лингвистика ретінде белгілі бағыт қалыптасты. Бұл дегеніміз қоғамдық институттарда, яғни ұйымдық символизм болып табылатын мәдениеттерде жүзеге асырылатын дискурс (мифтер, әзілдер, рәсімдер және т. б.)

Қоғамдық институттардың ерекше идеологиялар түрінде кристалданатын құндылықтар жүйесі бар. Бұл ретте сыртқы талаптар мен күтілетін нәтижелер мінез-құлықтың имплициттік ережелерімен ұқсамауы мүмкін. Институционалдық дискурс белгілі бір үлгі бойынша құрылады. Бірақ бұл дискурстың әртүрлі типтері мен жанрларының трафареттілік дәрежесі әртүрлі.

Бұл шынайы қарым-қатынаста дискурстың прототипті тәртібінің жиі бұзылуымен түсіндіріледі. Әлеуметтік әрекеттер ешқашан рационалды болмайды: олар когнитивті және эмоциялық аспектілерді қоса алғанда, амбивалентті және көп деңгейлі.

Күн сайынғы өзара әрекеттестікте және коммуникацияда көрініс табатын (орын алатын) қақтығыстар, теңсіздік және түсініспеушілік, яғни тәртіп бұзушылықтар ерекшеліктен гөрі ереже болып табылады. Білімнің түрлі салаларының ғалымдары өз ғылымдарының парадигмасында қарым-қатынас теориясының көптеген мәселелерін зерттеген. Сондай-ақ психолінгвистикалық, әлеуметтік-мәдени, мәдениаралық және т.б. салалық ғылымдардың қарым-қатынасқа байланысты екені белгілі.

Философия, психология, әлеуметтану, лингвистика бойынша энциклопедиялық сөздіктерде қарым-қатынас ұғымының семантикалық доминанты ретінде адамдардың танымдық-еңбек қызметінде тұлға аралық өзара іс-қимылы мен өзара қатынасы сөз етіледі.

Қарым-қатынас – бұл ақпарат алмасу бойынша коммуникативтік қызмет, әлеуметтік тәжірибені бір ұрпақтан екіншісіне беру, оны қоғамның өзінің өмір сүру формасы ретінде анықтауға болады. Қарым-қатынас ұғымының анықтамасын беру зерттеушілер арасындағы көптеген көзқарастар, көптеген даулар тудырды. Сондықтан қарым-қатынас формаларының түрлерін барынша жан-жақты меңгеру маңызды.

Қарым-қатынас формалары:

- вербалды;
- бейвербалды;
- формалды;
- формалды емес және т.б. түрлері бар.

Сондай-ақ келесідей типтері бар. Олар:

- тұлғааралық,
- топаралық,
- мәдениаралық және т.б.

Қарым-қатынастың осы аталған түрлері мен типтері адам қоғамының ерекшелігін айқын көрсетеді. Адамдардың өмірі оның қызметінің барлық салаларында тыныш өмір сүру

Қарым-қатынас материалдық, идеологиялық қоғамдық қатынастармен де сәйкес келместен, әлеуметтік-мәдени тәжірибе, қоғамдық құндылықтар жүйесі, жеке тұлғаның өмір салты, қоғамның басқа мүшелерімен бірлескен қызметі мен өзара іс-қимыл процесінде қалыптасады.

Әдістеме. Кез келген институционалдық қарым-қатынас тілдік қатынасқа тәуелді. Алдымен тілдік қатынас арқылы ғана коммуникация жүзеге асырылады. Қазақ тіл білімінде тілдік қатынас туралы алғашқы ізденістердің бірі ретінде – ғалым Ф.Ш. Оразбаеваның 1996 жылы “Тілдік коммуникация мен қатысым әдісінің ғылыми-әдістемелік негіздері” тақырыбында докторлық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. 2000 жылы “Тілдік қатынас: теориясы мен әдіснемесі” деген іргелі еңбегі жарыққа шықты. Профессор Ф.Оразбаева “Тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы түсінісу, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді...”, - деп ой түйген. “Сөйлесім арқылы адамдар бірін-бірі түсініп қана қоймайды, сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешеді, өзара бірлікте, ынтымақтастықта болады, түсінеді, сөйтіп, қоғамның дамуын жетілдіреді; не керіміңше кері кетіреді. Бірақ, қай жағдайда болсын сөйлеу адамның алдына қойған мақсатына қызмет етеді, сөйлеусіз, сөзсіз адамдар арасындағы ешбір тірлік жүрмейді. Осыдан келіп, сөйлесімнің қоғамдық-әлеуметтік мәні шығады” дейді [1,259].

Автор тілдік қатынастың психологиялық, лингвистикалық негіздерімен қатар, педагогикалық негізіне тоқталады “Тілдік қатынастың педагогикалық негізі – табиғат пен қоғамдағы ерекше құбылыс адамға, оның өмірдегі орнына, тілдік қарым-қатынасына байланысты” екендігін айтады [1,249]. Демек, педагогика адам тәрбиесіне тікелей қатысты болғандықтан, оның адамдар арасындағы қарым-қатынасына әсері мол.

Нәтижелер. Кез келген сөйлеу актісінде белгілі бір хабарлама бар. Соның негізінде материалдық немесе рухани заттар мен құбылыстардың, ақпарат объектісі ретінде автор пайдаланатын оқиғалар мен жағдайлардың өзара әрекеттесуі жатыр. Хабардың мақсатында құбылыстар арасында байланыс орнату арқылы коммуниканттарға белгілі бір әрекеттерге сұхбаттасушыны итермелеуге бағытталған уәждемесі бар. Сөйлеу актісі оның құрылымдық ұйымымен бірге мазмұны мен мағынасын қамтиды, олар әр түрлі коммуникативтік жағдайларда осы актіге коммуникативтік құндылық береді.

Кез келген қоғамдағы адамдардың мінез-құлықтары оның таза үлгісі емес екенін атап өткен жөн. Көптеген психологтар мен әлеуметтанушылардың пікірінше, қоғамдағы адамның мінез-құлқының басым бөлігі әлеуметтік нормалар мен әлеуметтік рөлдермен реттеледі. Әлеуметтік рөл адамның жынысы, жасы, отбасындағы жағдайы, кәсібі сияқты сипаттамаларымен байланысты болуы мүмкін. Рөл сондай-ақ жеке тұлға (жолаушы, тұтушы, науқас, студент, оқушы және т.б. рөлдері) болатын жағдайлармен байланысты болуы мүмкін.

Ресейлік лингвист-ғалым В.И. Карасик әлеуметтік рөлдер туралы былай дейді “Әрбір рөл өзіне құқықтар мен міндеттердің ерекше жиынтығын жинақтайды. Адам үшін үнемі өзін әлеуметтік және моральдық құндылықтардың белгілі бір құрылымымен, өзінің және басқалардың іс - қимылдарын бағалау үшін белгілі бір ережелер мен нормалармен сәйкестендіру қажет, бұл оған әлеуметтік ортада бағдарлануға мүмкіндік береді, неден қорқу керек, неге ұмтылу керек, ол не үшін сыйақылы болады,

не үшін жазаланады және т.б. туралы пайымдаулар жасай алады. Рөлдер, мәртебелер және санкциялар жүйесі әлеуметтік институттар түрінде құрылады, олар қоғам үшін аса күрделі және маңызды әлеуметтік байланыстар түрлері болып табылады. Дәл осы әлеуметтік институттар ұйымдардағы бірлескен қызметті құрайды, мінез-құлықтың тұрақты үлгілерін, идеяларды және ынталандыруды анықтайды” [2,249]. Енді әлеуметтік институттар туралы ойымызды сабақтайық.

Талқылау. Қазір “Әлеуметтік институт” термині аясында отбасы институты, білім беру, денсаулық сақтау институты, мемлекет институты және т.б. қарастырады.

“Әлеуметтік институт” қоғам мүшелерінің ұйымдасқан жүйесін және әлеуметтік нормаларын белгілеу үшін қолданылады. Ол қоғамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыратын маңызды қоғамдық құндылықтар мен рәсімдерді біріктіреді Институционалдық қызметті осы әлеуметтік топтың немесе тұтастай қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес мәртебелер мен рөлдерге бөлінген топтарға немесе қауымдастықтарға ұйымдастырылған адамдар жүзеге асырады. Демек, “Әлеуметтік институт” ұғымы қоғамдық байланыстарды стандарттау, реттеу, заңдастыруды сипаттайды. Ал сол стандарттау, реттеу, заңдастыру процесін “институттану” дейді. Ол заңдастырылған немесе заңдастырылмаған ережелер, принциптер, нормалар мен бағдарларды құрайды. Бұлар адамдардың әрқилы қызметтерін, әркелкі іс-әрекеттерін бір әлеуметтік рольдер мен статустар жүйесіне, іс-әрекеттер жүйесіне ұйымдастыру үшін керек деп “bilim-all” ақпараттық сайтында әлеуметтік институт ұғымы және функциялары туралы жазылған.

“Әлеуметтік практикалардан оларды институттар ретінде сипаттау үшін тұрақты және ұзақ уақыт болатын процесс”.

Институционалдандыру процесі, яғни әлеуметтік институтты құру бірнеше маңызды кезеңнен тұрады:

1. бірлескендегі қанағаттануы мен ұйымдасқан іс-қимылды талап ететін қажеттіліктің туындауы;

2. жалпы мақсаттарды қалыптастыру;

3. сынақтар жасау мен қателерді анықтау әдісімен жүзеге асырылатын стихиялық әлеуметтік өзара іс-қимыл барысында әлеуметтік нормалар мен ережелердің пайда болуы;

4. нормалар мен ережелерге байланысты рәсімдердің пайда болуы;

5. нормалар мен ережелерді, рәсімдерді институционалдандыру, яғни оларды қабылдау, практикалық қолдану;

6. нормалар мен ережелерді ұстау үшін санкциялар жүйесін белгілеу, жекелеген жағдайларда оларды қолданудың саралануы;

7. институт мүшелерінің барлығын қамтитын мәртебелер мен рөлдер жүйесін құру.


Институционалдандырудың процесінің аяқталғаны деп осы әлеуметтік процеске қатысушылардың көпшілігімен әлеуметтік мақұлдандуын нақты статустық-рөлдік құрылымның нормалары мен ережелеріне сәйкес құрылуын есептеуге болады. [2,106-107].

Әлеуметтік институт сондай-ақ адамдардың бірлескен қызметін ұйымдастырудың тарихи қалыптасқан нысаны ретінде түсіндіріледі, ол қоғамдық байланыстар мен қатынастарды реттеумен, белгілі бір қалыпқа түсірумен, стандарттаумен байланысты

Лингвист ғалым В.И. Карасиктің айтуынша “Қоғам күрделі әлеуметтік білім болып табылады және оның ішінде әрекет ететін күштер өзара байланысты. Бұл әрбір күштің жеке іс-әрекеттерінің салдарын болжау мүмкін емес. Бұл институттар түрлі функцияларға ие. Функционалдық қасиеттеріне байланысты экономикалық-әлеуметтік, саяси, нормативтік-бағдарлы және нормативтік-санкциялаушы, әлеуметтік-мәдени және тәрбиелік, рәсімдік-символдық және ахуалдық-конвенциялық және басқа да әлеуметтік институттарды бөліп көрсетуге болады” [3,134].

Жоғарыда аталған ережелер адамдар өзекті қажеттіліктерге байланысты өз қарым-қатынастарын институттандыруға әрдайым ұмтылады және бұл әлеуметтік институттарсыз бірде-бір қазіргі заманғы қоғамның өмір сүре алмауына алып келеді. Институттардың көмегімен адам әлеуметтік өмірде болжанатын және стандартталған мінез-құлықты көрсетеді. Ол рөлдік талаптарды орындайды - оны қоршаған адамдардан не күтетінін біледі. Әлеуметтік институттар мәдени өмір барысында жеке және жалпы социумның арақатынасын үйлестіреді.

Қамту көлемі, құрамындағы мүшелер санының ерекшеліктеріне байланысты бірнеше құрылымдарға бөлінеді.



Бұл айырмашылық қандай да бір әлеуметтік институтқа қатысы бар адамдар мәртебесінің, олардың рөлдерінің жиынтығының, сондай-ақ әлеуметтік институтқа кіретін адамдардың мінез-құлық стандартын айқындайтын әлеуметтік норманың болуы.

Әрине, кез келген қарым-қатынас көп өлшемді, бөліктерден тұратын күрделі жиынтық сипатқа ие және оның түрлері белгілі шартты дәрежемен ерекшеленеді. Жеке бастауды толық жою институционалдық қарым-қатынасқа қатысушыларды манекендерге айналдырады, сонымен қатар қарым-қатынас қатысушылары интуитивті сезінетін шекара бар, одан шығу қандай да бір қоғамдық институттың өмір сүру негіздерін бұзады.

Коммуникацияға қатысушылардың базалық жұптарының қатынасуымен қатар агенттердің, сондай-ақ, клиенттердің өзара қарым-қатынасы бөлінеді. Институт өкілдерінің осы институтқа қатысы жоқ адаммен байланысы институционалды қарым-қатынас аумағында қарастырылмайды. Осылайша, зерттеуші-ғалым В.И. Карасиктің зерттеулеріне назар салсақ, Ғалым институционалдық дискурс қатысушыларының мынадай иерархиясы белгіленетінін көрсетеді. Олар:

- агент
- клиент
- маргинал

Этномәдени лингвистика тұрғысынан сәйкес қоғам үшін базалық және маргиналды мәдениеттерді тасушылар түрлерін бөліп көрсетуге болады. Мұнда “өз – бөтен” оппозициясы жұмыс істейді. Шартты түрде тілдік тұлғалардың келесі түрлерін ажыратуға болады:

- 1) ана тілінде қарым-қатынас оның коммуникативтік ортасында табиғи болып табылатын адам;
- 2) өзінің коммуникативтік ортасындағы бөтен тілде қарым-қатынас табиғи болып табылатын адам (мұнда біз ксенолект туралы айтамыз, яғни, мысалы, эмигранттар немесе бөтен елде ұзақ өмір сүретін адамдар немесе табиғи коммуникация мақсатында халықаралық қарым-қатынас тілін пайдаланатын адамдар.);
- 3) қарым-қатынастың табиғи ортасының сипаттамасына жатпайтын оқу мақсаттарымен бөтен тілде сөйлейтін адам [4,279-280].

Институционалды қарым-қатынас бір-бірін білмейтін, бірақ осы социумның нормаларына сәйкес қарым-қатынас жасауға тиіс адамдар арасындағы қарым-қатынастың мамандандырылған клишиленген түрін білдіреді.

Институционалды қарым-қатынас түрін анықтау үшін қарым - қатынасқа қатысушылардың (мұғалім-оқушы, дәрігер-науқас, офицер-сарбаз, имам-уағыз тыңдаушы, сот-айыптаушы немесе айыпталушы, сатушы-сатып алушы) статикалық - рөлдік сипаттамаларын, қарым-қатынас мақсатын (педагогикалық дискурс-қоғамның жаңа мүшесінің әлеуметтенуі, саяси дискурс-билікті сақтау немесе қайта бөлу), қарым-қатынастың прототипті орнын (мешіт, медресе, мектеп, стадион, музей, театр, көрме, кинотеатр және т.б.) ескеру қажет. Демек, педагогикалық дискурс қарым-қатынастың институционалдық нысандарына жатады, өйткені жоғарыда аталған барлық белгілерді қамтиды.

Институционалдық дискурс статустық-рөлдік қатынастардың берілген шеңберінде қарым-қатынас болып табылады. Қазіргі қоғамға қатысты институционалдық дискурстың мынадай түрлерін атап көрсетуге болады: саяси, дипломатиялық, әкімшілік, заң, әскери, педагогикалық, діни, медициналық, іскерлік, жарнамалық, спорттық, ғылыми, сахналық, бұқаралық-ақпараттық.

Бұл тізімді өзгертуге немесе кеңейтуге болады, өйткені қоғамдық институттар бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді және біртектес құбылыстар ретінде қарастырыла алмайды, сонымен қатар олар тарихи өзгермелі, бір-бірімен құйылып, сол немесе басқа түрдегі аясында сорттар ретінде пайда болуы мүмкін.

Институттылық градуальдық сипатқа ие. Институционалдық дискурстың өзегі коммуникацияның статустық тең емес қатысушылары - агенттер мен клиенттердің базалық жұбы арасындағы қарым-қатынас болып табылады. Агенттер - бұл әлеуметтік институттардың өкілдері (дәрігерлер, заңгерлер, оқытушылар, діни және т.б.), клиенттер - бұл әлеуметтік институттармен (пациенттер, адвокаттардың клиенттері, оқушылар және т. б.) байланысы жоқ адамдар. Агенттер осындай мәртебелік-рөлдік қарым-қатынас жағдайларында белсенді рөл атқарады. Агенттер тұрақты,

олар мәртебеге ие, ал клиенттер вариативті, өйткені әрбір институт өзінің қалыпты жұмыс істеуі үшін жаңа адамдардың келуін қажет етеді. Бұл институттың әлеуметтік шекарасын кеңейту арқылы да, ұрпақтар ауысқанда да болуы мүмкін [5,191].

Демек, институционалдық қарым-қатынастың бір түрі бола отырып, педагогикалық дискурс білім беру әлеуметтік институты шеңберінде құрылады, негізгі мақсаты ұрпақты әлеуметтендіру және оған қатысушылардың мәртебелік-рөлдік қарым-қатынасының болуымен сипатталады.

Лингвистика саласында дәрігер-науқас арасындағы тілдік коммуникация сөз мәдениет аспектісінде филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Қ.Ө. Айтмұхаметовның диссертациялық жұмысында зерттелген. “Институционалды коммуникация: дәрігер-науқас” [6,10].. Қазіргі кезде жеке бір автордың, көркем әдеби үлгілердің, бұқаралық ақпарат құралдарының сөз мәдениеті, кейбір әлеуметтік жіктер мен топтардың, мысалы, оқушы жастардың сөз мәдениеті де арнайы зерттеу нысанына айналып келеді. Ендігі жерде тілдік қарым-қатынастың типтері мен түрлері, мысалы, бұқаралық коммуникация, ресми қарым-қатынастағы сөз, бейресми қарым-қатынастағы сөз мәдениеті ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттелуге тиісті аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Жұртшылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениет (сатушы мен тұтынушы, оқытушы мен студент, дәрігер мен науқас т.б. арасындағы) тілдік қарым-қатынасты, атап айтқанда ауызша сөз формасының диалогтік түрін сөз мәдениеті тұрғысынан арнайы қарастырудың қазіргі кезде мәні айрықша. Бұл мәселе медицина саласы қызметкерлеріне, атап айтқанда дәрігердің сөз мәдениетіне тікелей қатысты.

Қорытынды. Кез келген институционалды қарым-қатынас тілдік қатынасқа тәуелді. Демек дәл осы қарым-қатынас социумды ұйымдастырады және адамның өз мінез-құлқын басқа адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқымен сәйкестендіре отырып, онда өмір сүруге және дамуға мүмкіндік береді. Қарым-қатынас призмасы арқылы қаралуы мүмкін емес адам қызметінің саласы жоқ, бұл қарым-қатынастың өзі және оның жанама белгілері туралы айтпағанда, белгілі бір психологиялық құрылыммен, белгілі бір коммуникативтік-танымдық міндеттерді шешудің өзіндік стратегиясымен дербес қызметке жіктеледі. Онымен байланысты барлық әлеуметтік-практикалық мәселелер өзекті болып отыр. Білім беру институты әлеуметтік институттардың бір түрі болып табылады. Ол қоғам мүшелерінің әлеуметтенуіне ықпал етеді және оларды әртүрлі әлеуметтік рөлдерге дайындайды, қоғамда белгілі бір әлеуметтік позицияларға ие болады. Мектеп, ЖОО-лар жаңадан қалыптасып келе жатқан ұрпаққа білім, білік және дағдыларды беруге бағытталған. Қарым-қатынасты ұйымдастырудың әр түрлі формаларында оқыту барысында оқушылар қоғамда өмір сүруге қажетті көптеген практикалық және танымдық іскерліктерді меңгереді. Мақалада көтеріліп отырған мәселенің өзекті екеніне мектеп қабырғасында білім алушылар мен мұғалімдер арасында кикілжіңді мәселелердің жиі ұшырасуы себеп болды. қорытындыда міндетті түрде жазып отырған тақырыбыңыздың болашақта зерттелу мүмкіндіктері мол, зерттелу аясы кең, қазіргі қоғамда өзекті мәселелер қатарында. Өскелең ұрпақ білім алып қана қоймай, мектеп қабырғасында жүргенде тәрбиеленеді, тұлға ретінде қалыптасудың алғы-шарттары жасалып, іргесі қаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Оразбаева, Ф.Ш. *Тіл әлемі (мақалалар мен зерттеулер)* - А.: Ан Арыс баспасы, 2009. - 368 б. – кітап
- 2 Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. *Социологический словарь (Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С.)*. - М.: Экономика, 1999. – 236 б. – кітап
- 3 Радугин А. А. , Радугин К. А. *Социология: курс лекций. 2е издание, переработанное и дополненное.* - М.: Центр, 1996. 208 б. – кітап
- 4 Карасик В.И. *Языковой круг: личность, концепты, дискурс.* Волгоград: Перемена, 2002. 477 б. – кітап
- 5 Карасик В. И. *О категориях дискурса // Языковая личность: социолингвистические и эмотивные аспекты: Сб. научн. тр. / ВГПУ, СГУ.*- Волгоград: Перемена, 1998. 234 с.
- 6 Айтмұхаметова Қ.Ө. *Институционалды коммуникация: дәрігер-науқас. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы: 2015. -132 б. - қолжазба*

МРНТИ 16.21.33

Койлыбаева Р.,¹ Жунисова М.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ОТБАСЫ ДИСКУРСЫНА ТӘН НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕР

Аңдатпа

Қазіргі заманғы лингвистикалық ғылымдардың даму кезеңінде, тіл мәселесінің адамдардың өмір сүруінің басты формасы мен ортасы ретінде қарастырылуы ғалымдардың басты назарында болуына орай, дискурсты адамдардың өмір сүруінің нақты салаларында зерттеу, әлдеқашан дамыған тілдік жағдаяттарға жаңа серпіліс әкелуі мүмкін. Осыған орай, мақала дискурс ұғымын анықтауға арналды, сонымен қатар дискурстың лингвистикадағы алатын орны жайлы мәселелер қарастырылды, отбасы дискурсына анықтама берілді. Аталмыш феноменнің негізгі белгілерін анықтау басты назарда болды. Адам дискурстың әсер ету объектісі ғана болып қоймай, сонымен қатар сол дискурстың қатысушысы да болады. Бірінші кезекте, бұған отбасылық дискурс және сол отбасындағы жақын адамдармен қарым-қатынасқа түсудің диалог сияқты түрлері де жатады. Отбасылық дискурстың негізгі міндеті отбасындағы жағдайды реттеп отыру және жақын адамдармен дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру болып табылады.

Түйін сөздер: дискурс, отбасы дискурсы, отбасы аралық қарым-қатынас, отбасылық дискурс белгілері

Koilybayeva R.,¹ Zhunisova M.²

^{1,2} Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE MAIN CHARACTERISTICS OF THE FAMILY DISCOURSE

Abstract

At the current stage of the development of linguistic sciences, when the problems of language as a form and environment of human activity remain the focus of scientists' attention, any study of discourse in a specific sphere of human activity can reveal a new side in already known linguistic phenomena. Therefore, this article is devoted to the definition of the concept of discourse, as well as this work considers the place of discourse in the field of linguistics, the concept of "family discourse" is revealed. Particular attention is paid to the identification of essential characteristics of this phenomenon. A person is not only an object of discourse, but also a participant in it. First of all, this refers to the discourse of family life and its kind of dialogue with close people in the family. The main tasks of family discourse are related to the regulation of life together and the maintenance of relations between close people.

Keywords: discourse, family discourse, intra-family communication, characteristics of family discourse

Koilybayeva R.,¹ Zhunisova M.²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ПРИЗНАКИ СЕМЕЙНОГО ДИСКУРСА

Аннотация

На современном этапе развития лингвистических наук, когда проблемы языка как формы и среды жизнедеятельности человека остаются в центре внимания ученых, любое исследование дискурса в конкретной сфере человеческой деятельности способно открыть новое в уже известных языковых явлениях. Ввиду этого данная статья посвящена определению понятия дискурса, а также

рассматривается место дискурса в сфере лингвистики, раскрывается понятие «семейного дискурса». Особое внимание уделяется выделению существенных характеристик данного феномена. Человек является не только объектом воздействия дискурса, но и его участником. В первую очередь это относится к дискурсу семейной жизни и его разновидности-диалогу с близкими людьми в семье. Основные задачи семейного дискурса связаны с регуляцией совместной жизни и поддержанием отношений между близкими людьми.

Ключевые слова: дискурс, семейный дискурс, внутрисемейная коммуникация, признаки семейного дискурса

Кіріспе. Қазақ тіл білімінде дискурс тақырыбы өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны баршамызға белгілі. Осыған орай, біршама лингвист ғалымдарымыздың дискурс және оның түрлеріне байланысты қарастырған жұмыстарын кезестіруімізге болады.

Ғалым, профессор Байынқол Қалиұлы, *дискурсты*–ауқымы кең, күрделі құрылым ретінде қарастыра келе, оған прагматикалық, когнитивтік, этнолингвистикалық, мәдениеттанымдық, әлеуметтік, менталдық, психологиялық, семантикалық сипаттар тән екендігін, айтады[1, 91].

Біздің ойымызша, *дискурс* дегеніміз-адресанттың (ақпаратты беруші жақ) адресатқа (ақпаратты алушы жақ) мақсатты түрде бағыттаған ойының адресат санасында интерпретациялануы (талдануы, түсінуі) нәтижесінде туындаған сөйлеу актісі. Дискурс коммуниканттар арасындағы, яғни адресант пен адресат арасындағы мазмұнды, мағыналы қарым-қатынас түрі.

Бұл жерде мазмұнды, мағыналы қарым-қатынас дегеніміздің өзі дискурстың күнделікті тілдік жағдаяттан ауқымының кеңдігімен ерекшеленетінін көрсетеді.

Сонымен қатар, екі адамның әңгімелесуі барысында тек бір адам ғана өз ойын айтып қойған жағдайда дискурс болмайтынын, яғни екі коммуникант бірдей өз ойларын айтып, сөйлескен жағдайда және адресанттың сөзін адресат түсініп, оған жауап қайтарғанда ғана дискурс орындалатынын айта кеткенді жөн көріп отырмыз. Бұл ретте, дискурстың диалогтан айырмашылығы сөйлеуші өз ойын білдірген жағдайда, тыңдап тұрған адамның диалог барысындағыдай жауап қайтаруы міндетті емес, тек оны түсінгенін құптаған жағдайда да дискурс орындалатынын айтуымызға болады. Мысал беретін болсақ: *Бірақ енесі бұған қадалып, тізесінен түртіп, “не дегенін айт” дегендей ишарат еткен соң ернін Зеренің құлағына тақап: -Әкесін айтады. Қатал екен, неге аямады дейді, -деді*[2, 45]. Осы берілген мысалдан, Зере мен Ұлжанның арасындағы тілдік жағдаяттың диалогтан гөрі, дискурстық сипатта көрініс тапқанын байқауымызға болады. Ұлжанның енесінің білгісі келген жағдайды айтқызбай-ақ, көрсеткен ишаратынан ұғынуы дискурстың орын алуының нәтижесі екенін байқаймыз. Дискурс тек сөздерді қолданып ойды білдірумен шектелмейді, сондай-ақ ым-ишара, түрлі белгілерді қолдануда дискурс орындалуының бірден-бір белгісі екенін айта кеткеніміз жөн. Адресант пен адресаттың пікір алмасып, белгілі бір ақпаратпен бөлісіп, өз ойларын жеткізген жағдайда ғана дискурс сәтті шықты деуімізге болады.

Дискурстың орнауы үшін екі коммуниканттың аялық білімінің (әлеуметтік жағдайы, білім деңгейі, мамандығы, беріліп отырған ақпараттан хабары бар-жоғы) тең дәрежеде болуы сияқты мәселелердің маңызды факторларға жататынын естен шығармауымыз керек.

Біздің анықтауымызша, дискурстың басты белгілері мыналар:

-*Мақсатқа бағытталған коммуникативтік жағдаят;*

-*міндетті түрде екі немесе оданда көп қатысушы адамдардың пікір алмасуы;*

-*Әңгіме немесе пікірталастың нақты тақырыптық контекст аясында өрбуі;*

-*Сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімінің теңдігі немесе тақырыптан, әңгімеден хабары болуы.*

Әдістеме. Дискурс өрісін анықтау дискурс типтері мәселесімен тығыз байланысты екенін ескеруіміз керек. Себебі, нақты бір дискурс түрінің өзіне тиесілі параметрлерін анықтай отырып және өзіне тән типтік ерекшеліктерін ескерген жағдайда ғана, біз сол дискурстың басқа дискурс түрлерінен айырмашылығын біле аламыз және сол аталмыш дискурстың қолданыс аясын анықтаймыз.

М. Хэллидейдің пікірінше, дискурс «қатысушылар+тақырып+әдіс» атты параметрлер шеңберінде анықталады екен. Бұл жердегі *дискурс қатысушылары* деп-коммуниканттарды айтқан болса, ал *әдіс* деп белгілі бір мақсатқа жету жолында тілдің қолданылу қызметін, *тақырып* деп-қатысушылардың тілді негізгі келісімге келу құралы ретінде қолдана отырып, қоғаммен араласу саласы ретінде қарастырған екен[3, 57].

Осы критерийлерге сәйкес, дискурс типтерін ажыратуға болады. Мысалы: педагогикалық дискурс, дипломатиялық дискурс, іскери дискурс, ғылыми дискурс т.б. түрлерін атауға болады. Осы классификацияны отбасы дискурсы да толықтыра алады.

Әрбір индивидтің іс-әрекеті немесе басқалармен қарым-қатынасқа түсуі, белгілі бір қоғамдық саладағы коммуникация нәтижесінде іске асады.

Институционалды емес аз құрылымдық дискурс типтеріне ауызша сөйлеу формасында кездесетін, күнделікті тұрмыстық қарым-қатынасты жатқызуға болады. Осы мәселеге, В.Б. Кашкин, *тұрмыстық коммуникация саласындағы дискурс* деген атау берген екен [4, 21]. Аталмыш дискурс түрі өз кезегінде бірнеше кішігірім дискурс түрлеріне бөлінеді: *жасөспірім дискурсы, достар арасындағы дискурс, жұбайлар арасындағы дискурс* т.с.с.

Біздің пікірімізше, отбасы дискурсы-кең ауқымды және мазмұнды болып табылады. Себебі, отбасылық дискурс отбасы мүшелерінің, жақын туыстардың және алыс туыстардың қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде туындайды. Бұл ретте, әр жеке отбасының ішкі қалыптасқан тәртібімен реттелетін қарым-қатынастың жақындығына акцент қойылады.

О. Ф. Русакованың ойынша, институционалды дискурс қатынастар жүйесіне және белгілі бір әлеуметтік институттың қызмет етуіне сәйкес туындайтын, жағдаяттық-коммуникативтік актілерге тән белгілерден көрініс табады [5, 272].

Ал біздің ойымызша, *институционалды дискурс* дегеніміз-қоғамдағы әлеуметтік институттардың өздеріне тән қалыптасқан нормалары мен типтеріне сәйкес айқындалатын дискурс түрі.

Әлеуметтік институттардың бір түрі – отбасы институты екені баршамызға мәлім. Осы тұрғыдан, отбасы дискурсын отбасы типтеріне сәйкес отбасы мүшелерінің әрқайсысының өзіндік мәртебесіне сай қарым-қатынасқа түсу формасы, белгілі бір тәртіптік нормативтерді орындауы және мінез құлықтарының көрінісі деп қарастыруға болады.

Бұл ретте, әрбір әлеуметтік-тарихи қауымдастықта отбасы дискурсы ерекше болып келеді, әр қауымдастықтың өзіне тән мәдени және этникалық ерекшеліктері болады. Отбасылық дискурс кезінде ұлттық құндылықтар назардан тыс қалмайтынын айта кеткен жөн, себебі әр отбасындағы коммуникация барысында өзіндік ұлттық ерекшеліктер көрініс табады.

Отбасы дискурсы дегеніміз- коммуниканттардың ойы мен ниетіне және белгілі бір жағдаятқа байланысты туындайтын, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасқа түсу формасы және адресант пен адресаттың маңызды интенциясы.

Отбасы дискурсының бүгінгі қоғамдағы отбасылық тәрбие және отбасылық қарым-қатынасты сипаттауда маңыздылығы артуда. Әрине, отбасы дискурсының маңыздылығын әр жеке индивидтің отбасы мүшелері арасындағы коммуникацияны міндетті түрде басынан кешетінімен түсіндіре алмаймыз, мұны қазіргі қоғамдағы отбасылық коммуникацияның азайып бара жатқандығымен және сол отбасыға сай өзіндік стратегиялардың жоқтығы салдарынан қоғамдық дискурстық қатынас кезінде көрініс табуымен түсіндіруімізге болады. Себебі, отбасы қоғамдағы орын алатын қарым-қатынас пен адамдардың бір-бірімен байланысының кішігірім әлемі десек болады.

Нәтижелер. Отбасы дискурсы-отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Әдетте, Еуропалық отбасы мүшелеріне-әкесі, анасы, балалары (ұлы, қызы) кіретін болса, қазақ отбасы – ата, әже, әке, ана, балалары (ұлы, қызы) деген сияқты отбасы мүшелерінен құралады. Бұл жерде, біздің қазақ ұлтына тән өзіндік ұлттық ерекшелікті көруімізге болады. Енді, отбасылық дискурс кезінде осы аталған отбасы мүшелерінің әр көтерілген мәселе барысында өзіндік қарым-қатынасқа түсу мақсаты және нақты күтетін нәтижесі- болады. Отбасылық коммуникация кезінде әр отбасы мүшесінің өзіндік орны байқалады. Отбасы мүшелерінің дискурс кезіндегі рөлі сол адамның отбасындағы орнымен анықталады.

Жоғарыда айтылған, М. Хэллдейдің дискурсты талдау параметрлеріне сәйкес отбасы дискурсын талдайтын болсақ, 1)Отбасы дискурсының қатысушысына: Бір отбасының заңды мүшелері кіреді және коммуниканттардың статустық және рөлдік міндеттері қазақ отбасыларында ұқсас болып келеді, кейбір отбасыларында ерекшеленетін тұстары болуы мүмкін (Үлкен тұрып кішінің сөйлемеуі, ата-ананың балаларының кәмелеттік жасқа толғанға дейін бағып-қағуы, ата-ананың ақылын тыңдау, отбасындағы балалардың тең дәрежеде қаралуы т.с.с.). 2) Отбасы дискурсының тақырыбына: күнделікті отбасылық жағдаяттарға сәйкес туындайтын тақырыптар (отбасы мүшелерінің бір-бірінен жөн сұрасуы, күнінің қалай өткенігін талқылау, бір-бірімен түрлі тақырыптарда әңгімелесу, қалжыңдасу, мадақтау, мақтау, құттықтау, ұрсу, зеку т.б. жатады.). 3) Отбасы дискурсы әдісіне: коммуникативтік рөл ережесіне сәйкес ұйымдастырылған полилог немесе

диалог түріндегі сөйлесу әрекеті жатады. Мұндағы диалог дегеніміз- еку адамның арасындағы әңгіме болса, полилог дегеніміз- бірнеше адамның арасындағы сөйлесім түрі.

Отбасы дискурсында жазбашаға қарағанда, көбінесе ауызша түрде сөйлесу басым. Яғни, отбасы дискурсының *репрезентациялану каналына*- ауызша түрдегі сөйлесім және бейвербалды амалдарды қолдану (ым-ишара, дене қалыбы, көзқарас қимылы) жатады.

Отбасындағы ортақ мәселені шешуде, отбасы мүшелерінің бір-бірімен араласуының маңызды, әрі ортақ формасы-отбасылық дискурс болып табылады. Отбасындағы ата-ана мен баланың немесе басқа да отбасы мүшелерінің арасындағы күнделікті әңгімелердің барысында қоғаммен байланыс орнату мәселесі шешіледі. Отбасында ата-ананың балаларымен сөйлесу барысында, өздерінің мәдени сауаттылығын көрсету арқылы баласының жалпы ұлттық құндылықтарды игеруіне себепші болады. Себебі, үлкен кісілер қоғаммен араласуы нәтижесінде алған білімі мен тәлім-тәрбиесі арқылы ғана өскелең ұрпаққа үлгі болатынын, әрі ұлттық құндылықтар мен әдеп, нормалардың жас ұрпақтың бойында қалыптасып дамуына себепкер екенін айта кеткеніміз жөн.

Талқылау.Отбасы-бірегей коммуникативтік ландшафтты құрайды.Себебі, әр отбасы коммуникация кезінде басқа отбасылардан өзіндік даралығымен ерекшеленеді.Әр отбасының сәлемдесу немесе қоштасу кезіндегі ерекшеліктері, отбасы мүшелерінің бір-біріне өтініш білдіру тәсілдері, аса маңызды мәселелерді талқылауы немесе отбасы мүшелерінің алдағы жоспарлары туралы баяндауы сияқты интерсубъективті актілердің жиынтығының бәрі кіреді. Кейбір отбасыларда үлкен отбасы мүшелерін атымен атау қалыптасқан, отбасы мүшелерін атымен атау да отбасы мүшелерінің арасындағы жас айырмашылығының ескерілмей тең дәрежеде өз ойын білдіруіне септігін тигізеді. Мұндай жағдайда отбасының кіші мүшелері мен үлкен мүшелерінің қандай мәселе болмасын ойын ашық айтып отбасылық дискурста бәрінің қызу араласуына әкеледі.

Сонымен қатар, отбасылық дискурстың маңызды белгісінің бірі-ол отбасылық талқылау, баяндау, әңгімелеу болып табылады.Әңгімелеу- нақты бір сюжеті бар әңгімені айтудан тұрмайды, соған қоса адамның сөйлеу интонациясын, дауыс ырғағын,айтылатын ойын кімге бағыттағаны да кіреді. Дүниеге келгенге дейін де сәбилер ата-анасының арасындағы әңгіменің бір бөлігіне айналады. Баланың дүниеге келгеннен кейін де тыңдайтын бесік жыры белгілі бір өмірлік тәжірибеден алынған әңгіменің түрі болып табылады. Бесік жырының өзі ана мен бала арасындағы дискурстың түрі екенін айта кету керек. Мысал келтіретін болсақ:

Жылама бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін,

Жілігінің майы жоқ

Жіпке тағып берейін.

Көк сиырдың сүтінен

Көже жасап берейін.

Оның тұзын кім татар

Жыламайтын ұл татар, — деп мәпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып балбырап ұйықтап кетер едім[6,18-19]. Осы берілген мысалдың әже мен бала арасындағы дискурстың көрінісі екенін айта кеткіміз келеді. Бұл жерде әжесі мен немересінің арасында диалогтың болмағанымен, дискурстың сәтті шыққанын, немересінің айтылған лебіздің өзіне арналғанын ұғынып, мазасыздықтан арылып бір сәт тыныш ұйқыға кетуі екеуара дискурстың орнағанының көрінісі.Бұл жерде, адамдардың барлығы тілдік ортада емес, нақты әңгіме немесе оқиға айтылатын ортада дамып, жетілетінін айтқымыз келеді. Біз қай кезде болмасын, белгілі бір адамдардың бастан кешкен әңгімесін тыңдап немесе өзіміздің тәжірибелік оқиғамызды баяндау арқылы қарым-қатынасқа түсе аламыз.

Әңгімені тек үлкен кісілер ғана айтып қоймайды, сонымен қатар отбасының әр мүшесі отбасылық дискурстың орын алуына өзіндік үлесін қосады.Кешкісін отбасы мүшелерінің дастархан басында жиналып, өздерінің күнінің қалай өткендігін айту арқылы немесе үйден тыс уақыттағы жағдайлармен бөлісу арқылы әр отбасы өзіндік отбасылық атмосфера қалыптастырады. Әр отбасының өзіне ғана тән сөйлесу тәртібі болады және жағдаятқа сәйкес сөйленетін сөздері болады. Отбасылық қарым-қатынастағы әңгіменің тәркінін түсіну үшін әр адамның сөзін іріктеуіне, ойын білдіргенде қай жақтан айтып тұрғанын аңғару, тұспалдап сөйлеп тұрма немесе біреуге астыртын тисіп тұрған жоқтығын немесе керісінше екінші адамды қолдап, қошеметтеп тұрғанына мән беру керек. Яғни, адамның айтпақ ойын түсінудің маңызы зор.

Қорытынды. Қорытындылай келе, *отбасы дискурсы*-отбасы мүшелерінің нақты бір жағдаят пен нәтижеге негізделген қарым-қатынасқа түсу формасы екенін айтқымыз келеді. Сонымен қатар, жоғарыда ұсынылған анықтамаларға сәйкес отбасы дискурсының басты белгілеріне:

- Екі немесе оданда көп коммуниканттардың пікір алмасуы;
- Әңгіме нақты отбасылық контекст аясында өрбуі;
- Тілдік қарым-қатынастың отбасы мүшелерінің интенциясына негізделуі;
- Коммуниканттардың аялық білімінің теңдігі (тақырыптан хабары болуы);
- Әңгіме барысында ұлттық құндылықтардың көрініс табуын, жатқызамыз.

Отбасындағы ортақ мәселені шешуде, отбасы мүшелерінің бір-бірімен араласуының маңызды, әрі ортақ формасы-отбасылық дискурс екені жоғарыда айтылды. Қазіргі қоғамда отбасында жақын адамдармен дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру және түрлі кездесетін мәселелердің дұрыс шешімін табу мәселесінде отбасылық дискурстың өзектілігі арта түскені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қалиұлы Б. Дискурс және оның тілдік белгілері. // Қазақ университеті, «Хабаршы» фил. сер. 2002.-журналдарда жарық көрген мақала
- 2 Мұхтар Әуезов. Абай жолы роман-эпопеясы, Алматы.Жазушы-2004, 1-ші кітап, 368 бет. - кітап
- 3 Halliday Michael. Current Ideas in Systemic Practice and Theory [Text] / M. Halliday. London: Pinter, 1991.-кітап
- 4Кашкин В.Б. Введение в теорию коммуникации. Учеб. пособие. Воронеж: Изд-во ВГТУ, 2000. – 175 с.-кітап
- 5 Русакова О.Ф., Русаков В.М. PR-Дискурс: Теоретико-методологический анализ. Екатеринбург: УрО РАН, Институт международных связей, 2008. – 340 с.-кітап
- 6 Б.Момышұлы. Ұшқан ұя. Алматы: Өнер, 2008. — 248 б.-кітап

МРНТИ 14.35.09

Набидуллин А.¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДАҒЫ “ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІ” ПӘНІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Қоғам дамуының жаңа сатысында жоғары білім беру жүйесіндегі талаптардың өзгеруі болашақ мамандарды қалыптастырудың өзгеше мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Жоғары білім беру жүйесіндегі негізгі білім мазмұнын қамтитын іргелі пәндер сондай мүмкіндіктерді оңтайлы жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Жоғары білім берудің нәтижесі – білім алушының танымдық әрекеттерін жан-жақты дамыту. Студенттің ғылыми-танымдық әлеуеті жүйеленген ғылыми білімнің және кәсіби білімнің, сондай-ақ танымның және ғылыми-зерттеудің ғылыми әдістерін түрлендіру және қолдану дағдыларының жиынтығын шоғырландыратын тұлғалық сапа ретінде; ғылыми-зерттеу процесінде ауқымды ғылыми ақпараттармен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру, өзін-өзі дамыту және бастамашылдық таныту; зерттеушілік салада тұлғалық және кәсіби тұрғыдан қалыптасуға бейімділік ретінде түсіндіріледі. Осымен байланысты Жалпы тіл білімі – филология мамандықтары бойынша студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттыруға ықпал ететін теориялық негізгі пән. Мақалада студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудағы “Жалпы тіл білімі” пәнінің артықшылықтары мен мүмкіндіктері жоғары білім беру жүйесінің талаптары шеңберінде талданады.

Түйін сөздер: студент, ғылыми-танымдық әлеует, “Жалпы тіл білімі”пәні, жоғары білім беру жүйесі

Nabidullin A.¹

¹ *Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

PROSPECTS AND OPPORTUNITIES OF THE DISCIPLINE “GENERAL LINGUISTICS” IN IMPROVING THE SCIENTIFIC AND COGNITIVE POTENTIAL OF STUDENTS

Abstract

The new stage in the development of society, changes in the requirements for the higher education system put forward special opportunities to the formation of future specialists. Fundamental disciplines, which include the basic educational content of the higher education system, play a decisive role in realizing such opportunities. The result of higher education is the comprehensive development of students' cognitive actions. The scientific and cognitive potential of the student is explained as a personal quality that organizes the totality of systemic scientific and professional knowledge, as well as the skills of transformation and application of scientific methods of cognition and scientific research; how to learn ways to work with large-scale scientific information, self-development and take the initiative in research process; propensity for personal and professional development in the research field. In this regard, “General Linguistics” is the main theoretical discipline that affects to increase the scientific and cognitive potential of students in philological specialties. The article analyzes the prospects and possibilities of the discipline “General Linguistics” in improving the scientific and cognitive potential of students within the framework of the requirements of the higher education system.

Keywords: student, scientific and cognitive potential, “General Linguistics”, higher education

Набидуллин А.¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ПЕРСПЕКТИВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ ДИСЦИПЛИНЫ “ОБЩЕЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ” В ПОВЫШЕНИИ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТУДЕНТОВ

Аннотация

В новом этапе развития общества изменения требований к системе высшего образования выдвинули особые возможности формирования будущих специалистов. Фундаментальные дисциплины, включающие в себя основных образовательных контентов системы высшего образования, играют решающий роль в реализации таких возможностей. Результат высшего образования – всестороннее развитие познавательных действия студентов. Научно-познавательный потенциал студента объясняется как личностное качество, организующий совокупность системного научного и профессионального знаний, а также навыков преобразования и применения научных методов познания и научного исследования; как усвоение способов работать с масштабными научными информациями, саморазвития и проявлять инициативу в научно-исследовательском процессе; склонность личностному и профессиональному становлению в исследовательской сфере. В связи с этим “Общее языкознание” – основная теоретическая дисциплина, воздействующая на повышение научно-познавательного потенциала студентов по филологическим специальностям. В статье анализируются перспективы и возможности дисциплины “Общее языкознание” в повышении научно-познавательного потенциала студентов в рамках требований системы высшего образования.

Ключевые слова: студент, научно-познавательный потенциал, “Общее языкознание”, высшее образование

Кіріспе. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздегі жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық мақсат-міндеттері нақты көрсетілген.

Қазір жоғары оқу орындарына қойылатын жаңа біліктілік талаптары енгізіліп, білім сапасын бағалаудың жаңа жүйесі жүзеге асырылуда. Үздіксіз білім беру принципі бойынша тұлғаның

танымдық сапалары мектепке дейінгі білім беруден бастап қалыптасатынын ескерсек, білім беру деңгейлеріне тиесілі бағдарламалардың сабақтастығын қамтамасыз ету студенттің жоғары оқу орнында ғылыми-танымдық әлеуетін арттыруға айтарлықтай жол ашады. Себебі білім беру деңгейлері арасындағы мазмұнның сабақтастығын қамтамасыз ету бүкіл білім беру траекториясы бойынша жинақталатын білім алушының негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруды оңтайландырады. Бұл құзыреттіліктер білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында, білім беру саласындағы басқа да негіздемелік құжаттарда нақты көрсетілген.

Осымен байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей, “жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу кезінде студент оқытудың 5 нәтижесін көрсетуі тиіс: оқып жатқан саласындағы білім және түсінік; кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және проблемаларды шешу; ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру; ақпаратты, идеяларды, шешімдерді хабарлау; оқуды өз бетінше жалғастыру дағдысы” [1]. Аталған нәтижелік межелерге студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттыру бағытындағы әдістемелік кешендер айтарлықтай үлес қосады.

Әдістеме. Әрбір мамандық бойынша білім беру бағдарламасында бекітілген негізгі пәндерді оқытудағы жетекші ұстанымдардың бірі – сол мамандықтың негізін құрайтын іргелі білімді танымның ғылыми әдістері арқылы меңгертуге бағыттау.

Әдістемелік зерттеулердің міндеті – оқытылатын пәннің тиімді құрылымын іздеу және ғылыми-әдіснамаға негізделген оқытудың әдістерін ұсыну. Осы тұрғыдан ғылыми таным әдістерін меңгерту студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттыруға тікелей жол ашады. Филология мамандықтарында білім алатын студенттер үшін ғылыми таным әдістерін жан-жақты, кең көлемде пайдалануға, дағдыландыруға мүмкіндік беретін пәндердің бірі әрі негізгісі – жалпы тіл білімі пәні.

Жалпы тіл білімі – ғылым саласы ретінде тіл білімінің қоршаған әлем туралы білім жүйесіндегі үлесін, ғылымның адамзат қоғамының рухани-мәдениеті мен экономиканың дамуындағы рөлін танытатын теориялық пән ретінде бағаланады.

Тәуелсіздік жылдарынан бүгінгі күнге дейін қабылданған еліміздегі білім саласын дамыту мен реформалау, ғылым мен инновацияны жаңғырту бойынша заңнамалық құжаттарда, мемлекеттік бағдарламаларда негізгі мақсат – жастарды бәсекеге қабілетті маман ретінде даярлау және оқыту үдерісінде олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау деп көрсетілген. Бұл білім алушы студенттерді еңбек нарығына ғана емес, әрі қарай үздіксіз кәсіби білім алуға даярлаудың қажеттілігімен сабақтасып жатыр.

Осы орайда, жалпы тіл білімі – филология мамандықтарында білім алатын студенттердің кәсіби маман ретінде еңбек нарығына еруге дайындығын қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен бірге студенттердің одан әрі білімін жалғастыруына қажетті және ғылыми-зерттеушілік қызметті оңтайлы әрі табысты жүзеге асыруына ықпал ететін маңызды пән. Демек, жалпы тіл білімі пәнінің білім мазмұны тікелей студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттыруға, олардың лингвистикалық дүниетанымын терең дамытуға, лингвистикалық теориялық білімнің іргетасын нық қалыптастыруға, болашақ кәсіби маманның ғылыми ойлауы мен тұтастай алғанда зияткерлік қабілеттерін жетілдіруге, ғылыми-зерттеушілік және әмбебап құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Жоғары оқу орнындағы білім беру, студенттердің әмбебап құзыреттіліктерін қалыптастыру тікелей танымдық әрекеттің түрлерімен байланысты.

Нәтижелер. Халықаралық деңгейде мойындалған біліктілік талаптары білім беру жүйесіндегі бірізділіктің қалыптасуына ықпал етіп отыр, алайда ұлттық білім беру жүйелеріне тән мәдени-тарихи сипаттың жоғалмауы да аса маңызды. Бұл жағдайда ЖОО-да білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім берудің стандарттарында белгіленген заманауи талаптарға жауап беретін, іргелі кәсіби біліммен қаруланған және білік-дағдысы нық қалыптасқан, кәсіби күрделі міндеттердің шешімін таба білетін мамандарды даярлауды оңтайландыру. Тиісті деңгейде даярлау оқытудың жаңа технологияларын интенсификациялау (латын тілінен *intensio* – күшейту, нығайту және *racio* – жасаймын: дамытуды ұйымдастыру және күшейту, кеңейту) және қолдану, материалдық-техникалық базаны жетілдіру арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазір еліміз тарихи дамудың жаңа сатысында. Әлемдегі және еліміздегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайдың даму тенденциясына сәйкес орын алған қазақстандық қоғамындағы өзгерістер Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесінің орны мен рөлін қайта қарастырудың және нақтылаудың қажеттілігін тудырды [2].

Жоғары деңгейлі ғылыми-танымдық әлеует болашақ маманның еңбек нарығында және үздіксіз білім беру жүйесіндегі ғылыми-зерттеушілік қызметінің табысты болуына ықпал етеді және бұл ретте ғылыми таным әдістерін меңгерген студенттің төмендегідей аса маңызды құзыреттілік элементтерін бөліп көрсетуге болады:

- зияткерлік дайындық – ғылыми зерттеудің түрлі кезеңдерінде ойлау қабілетінің жоғары болуы;
- ақпараттық дайындық – замануи ақпараттық-коммуникативтік құралдарды пайдалану арқылы қажетті ғылыми ақпаратты іздеуге студенттің дайын болуы;
- эксперименттік дайындық – педагогикалық экспериментті жобалау, ұйымдастыру және жүргізу қабілеті;
- рефлексивті дайындық – әрекет ету және нәтижеге қол жеткізу тәсілдерін түсіну, қойылған мақсат пен қорытындыны байланыстыру қабілеті;
- презентациялық дайындық – студенттің ғылыми ізденіс кезінде және зерттеуді аяқтағаннан кейін ғылыми нәтижелерді ұсыну, таныстыру және қорғау қабілеті [3].

Ғылыми ізденістің негізі болып саналатын зияткерлік білік-дағдыларды еркін меңгеру ғылыми танымның әдістерін дұрыс әрі тиімді пайдалана білумен байланысты. Бұл – студенттің ғылыми-зерттеушілік қызметте табысты болуының басты шарты.

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі кәсіби қызметпен байланысты міндеттерді шешу кезінде практикалық тәжірибесі, білік-дағдысы мен білімінің негізінде табысты әрекет ету қабілеттілігінен байқалады.

Ғылыми зерттеуге қабілеттілік болашақ маманның әлеуметтік рөлін, сұранысқа ие болу деңгейін, мобильділігін және инновациялық кәсіби қызметке дайындығын айқындайды, ал бұған студенттердің белсенді, жоғары дәрежедегі ғылыми-танымдық әлеуеті жол ашады.

Ғылыми танымның әдістерін меңгерген кәсіби маман өз саласындағы түрлі міндеттердің тиімді шешімін таба алады және алға қойған мақсатқа оңтайлы қол жеткізеді.

Талқылау. “Жалпы тіл білімі” пәнін оқытудың әдістемелік аспектісін зерделеудің және студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың теориялық-әдіснамалық алғышарттарын негіздеудің өзектілігін мынадай факторлармен байланыстыруға болады:

Білім сапасын көтеру – өткен ғасырда әлем елдерінің алдында тұрған маңызды проблемалардың қатарында болды. Жаңа мыңжылдықтың басында жоғары мектеп білім беру жүйесінде анағұрлым дамыған салалардың біріне айналды. Индустриалды қоғамнан ақпараттық өркениетке ауысқан тұста жоғары білім мемлекет саясатының басты назарында болды. Өйткені жоғары мектепке құйылған инвестиция – сол елдің алдағы дамуының кепілі, ал зияткерлік әлеует – сол ұлттың орасан зор игілігі.

Әлемде білім берудің көптеген түрлері бар және олар бір-бірінен өзіндік ерекшеліктерімен айрықшаланады, алайда білім беру жүйесін дамытудың әлемдік тенденциясын көрсететін ортақ проблемалардың болуы түрлі елдердегі білім саласын дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды. Бұл болашақ мамандарды даярлаудың сапасын арттыруға да тікелей қатысты.

Жоғары білім беру жүйесінде ғылымның, техниканы, өндіріс пен мәдениеттің әр алуан салалары үшін жоғары білікті кадрлауды даярлаудың деңгейі кез келген елдің маңызды даму көрсеткіштерінің бірі және ғылыми, техникалық және экономикалық әлеуетін танытатын басты меже болып саналады. Осымен байланысты тұтастай білім берудің, соның ішінде жоғары мектептегі білімнің сапасын арттыру қазіргі кезде әлемнің жетекші елдерінде негізгі саяси проблема ретінде қарастырылады.

Осы мәселелердің шешімін табу жоғары білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымын реформалауды ғана емес, қолданыстағы оқытудың әдістерін жетілдіре отырып, оқытуды ұйымдастырудың жаңа формаларын әзірлеуді талап етіп отыр, бұл жоғары білікті мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының жұмыс тәжірибелерін бағалауды және қорытындылауды қажет етеді [4].

“Жалпы тіл білімі” базалық пән ретінде жоғары оқу орындарындағы филология мамандықтарында оқытылып келеді. Осымен байланысты бұл білім мазмұны барынша тұрақты қалыптасқан және оқытудың әдістемелік тәжірибесі айтарлықтай жетілдірілген пән деп айтуға толық негіз бар. Алайда, жоғары білім берудің сапасын арттыру мақсатында қойылып отырған талаптар жалпы тіл білімі пәнін оқытуды әдістемелік тұрғыдан жетілдірудің өзектілігін көрсетіп отыр. Сондай-ақ жалпы тіл білімі пәнін оқытуды әдістемелік тұрғыдан жетілдіру міндеті студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың ғылыми-әдіснамалық тұғырларын анықтаумен сабақтасып екендігін

ескерсек, зерттеудің мақсаты жоғарыда аталған білім беруді жетілдіру мен дамытудың талаптарын жүзеге асыруға және нығайтуға үлес қосады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінің сапасын арттыру мақсатында жоспарланған бірнеше маңызды стратегиялық міндеттерді атап өту маңызды, олар:

- білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізуге ауқымды зерттеу жүргізу;
- жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін және олардың ұстанымдарын әлемдік деңгейде, сондай-ақ өңірлік деңгейде күшейту үшін жоғары оқу орындарының “Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті”, “Ұлттық деңгейде бәсекеге қабілетті” және “Өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті” топтарын қалыптастыру үшін өлшемшарттарды пысықтау;
- ғылыми әлеуеті жоғары жоғары оқу орындарын қолдау моделіне қосымша университеттерді зерттеу университеттеріне ауыстыру;
- ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту;
- оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жаңарту;
- Республикалық оқу-әдістемелік кеңестердің жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды жетілдіру;
- білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету шеңберінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеудің, сараптаудың және басып шығарудың жаңа жүйесін енгізу; қазіргі заманғы оқулықтың тұжырымдамалық моделін әзірлеу;
- оқулықтарды әзірлеу, талқылау және сараптау және оларды білім беру ұйымдарына онлайн-режимде жеткізуді бақылау үшін цифрлық платформа құру;
- қолданыстағы оқулықтарды кезең-кезеңімен қайта басып шығару; барлық оқулықтарды ашық платформаларда орналастыру; қағаз оқулықтарды пайдаланумен қатар электрондық оқулықтарға біртіндеп көшуді жүзеге асыру [1].

Қорытынды. Аталған маңызды міндеттердің жүзеге асырылуы “Жалпы тіл білімі” пәнін оқытуда студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың оңтайлылығын қамтамасыз етеді. Себебі:

- біріншіден, негізгі лингвистикалық пән ретінде “Жалпы тіл білімін” оқытуды әдістемелік тұрғыдан жаңғырту жаңартылған білім мазмұнын енгізу іс-шараларына байыпты зерттеу жүргізудің ғылыми-әдіснамалық проблемаларын анықтау үшін пайдалы әрі осы міндеттің жүзеге асырылуына тікелей үлес қосады;
- екіншіден, жоғары оқу орындарының “Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті”, “Ұлттық деңгейде бәсекеге қабілетті” және “Өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті” топтарын қалыптастыру тікелей студенттердің білім деңгейімен және болашақ маманның тиісті құзыреттіліктерінің сапасымен сабақтас. Осы ретте студенттердің ғылыми-танымдық әлеуеті – білім сапасының нәтижесін халықаралық, ұлттық және өңірлік деңгейдегі бәсеке қабілеттілікті танытатын маңызды меже;
- үшіншіден, ғылыми әлеуеті жоғары жоғары оқу орындарында зерттеу қызметтің тиімді моделін құру – болашақ мамандарды ғылыми-зерттеушілік қызметке тартуды, олардың қызығушылығын арттыруды оңтайландырады. Бұл ретте студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттыру – зерттеу университеттерінің басты стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде алға шығатыны белгілі.
- төртіншіден, ғылымның зияткерлік әлеуеті – ғылыми-танымдық әлеуеті жоғары маманды қалыптастырумен, яғни ғылыми-зерттеушілік қызметтің сапалы іргетасын қалаумен және бұл үшін кешенді қолдау көрсетумен байланысты.
- бесіншіден, “Жалпы тіл білімі” пәнін оқытуда студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық және әдістемелік тұғырларын айқындау оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жаңартумен байланысты іс-шаралардың тиімді жүзеге асырылуына үлес қосады.

Осы ретте, сөзсіз, білім сапасын қанағаттандыру мақсатында жоғары оқу орындарында оқу процесін ұйымдастырудың жаңа формасын әзірлеу мен оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру және қолдану бойынша шетелдік тәжірибе қазақстандық жоғары оқу орындарындағы оқу процесін жетілдіруде пайдалы болады. Ал “білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізі болып табылады. Білім беруді дамыту бағдарламасын іске асыру бәсекеге қабілетті сапалы адамзат капиталын құруды қамтамасыз ететін жүйені жасауға мүмкіндік береді” [5, 496б].

Қорыта келгенде, жоғары білім берудің сапасын арттыру – байыптылықты, мұқият зерттеуді қажет ететін проблема. Жоғары білім берудің ауқымы айтарлықтай кеңейіп, әлеуметтік-экономикалық дамудағы рөлінің артуы және қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік институт ретінде жоғары оқу орындарының белсенді қызметі білім берудің осы деңгейіндегі кешенді проблемалардың мемлекеттік саясаттың назарынан тыс қалмауына ықпал етті. Жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыру мен құрылымдық принциптерін, оқу бағдарламаларының мазмұнын, оқытудың әдістері мен формаларын жетілдіру мақсатында соңғы он-он бес жылдағы жүзеге асырылған қазақстандық жоғары білім беру жүйесіндегі реформалау ғалымдар үшін зерттеу нысанына айналып, аталған аспектілер бойынша ұсыныстар әзірлеудің өзектілігі арта түсті. Осымен байланысты жоғары білім беру жүйесінде студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттыруда “Жалпы тіл білімі” пәні негізгі әрі шешуші білім мазмұнын қамтитын іргелі теориялық пән ретінде айрықша артықшылықтарды иеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> [Пайдаланылған уақыты: 10.04.2020]-электронды ресурс

2 Пальчиков А.Н., Громцев А.С. Проблемы высшего образования, пути их решения // Научный журнал НИУ ИТМО. Серия “Экономика и экологический менеджмент” – №2. – 2015. – С. 234-241.-статья

3 Попова, Р.И., Авдеева Н.В. Возможности компетентностно-ориентированного подхода к организации учебно-исследовательской деятельности учащихся при изучении курса ОБЖ. // Мир науки, культуры, образования – №5 (24). – 2010. – С. 73-75.-статья

4 Коренькова О.В. Пути повышения качества подготовки специалистов в высшей школе США: дис. ... канд. пед. наук. – Волгоград, 2001. – 174 с.-диссертация

5 Қабатай Б. Болашақ филолог мамандарды “Қазақ әдебиеті” пәні бойынша жаңа талаптарға дайындау мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – №1 (71). – 2020. – Б. 493-497. -мақала

МРНТИ 16.01.11

Күзембекова Ж.¹, Ақшолақова Р.²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БЕДЕЛІ – ОНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Аңдатпа

Жаһандану заманында тілдердің алуантүрлілігін сақтап қалу мәселесі жиі талқылануда. Өйткені тіл өзінің сыртқы және мазмұндық ерекшелігімен этностың ойлау жүйесін, таным-түсінігін, тұрмыс-тіршілігі мен мәдени өзіндік сипатын бейнелейді. Осы орайда, қолданыстағы тілдер тізіміндегі қазақ тілінің орны мен қолданылу аясын анықтаудың маңыздылығы артты. Өйткені еліміздегі ағымдағы тілдік жағдаятқа талдау жасап, қазақ тілінің бүгінгі қолданыс аясын анықтау Қазақстандағы тіл саясатының басым бағыттарын байыптауға, мемлекеттік тілдің беделін көтеруге бағытталған әлеуметтік, мәдени, саяси іс-шараларды уақытылы әрі орынды жоспарлауға мүмкіндік береді. Мақалада әлемдік тәжірибедегі тілдің өміршеңдігін анықтау мен деңгейлерге топтастыру бойынша зерттеулер қарастырылады. Қазақ тілінің қазіргі жағдайына талдау жүргізіліп, оның өмір сүру көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: лингвология, тіл өміршеңдігі, тілдің өмір сүру деңгейі, қазақ тілінің қолданыс аясы, тіл беделі

Kuzembekova Zh.,¹ Aksholakova R.²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

PRESTIGE OF THE KAZAKH LANGUAGE – GUARANTEE OF ITS VITALITY

Abstract

In the era of globalization, the problem of maintaining linguistic diversity is often discussed. Language, with its external and substantial features, reflects the thought system, the conceptual apparatus, the everyday and cultural differences of the ethnic group. Determining the place of the Kazakh language in the list of languages used and the areas of its use is one of the urgent problems in linguistics. Studies in the field of the language situation in the country and on the levels of knowledge of the Kazakh language make it possible to determine the priorities of the language policy and organize timely and relevant social, cultural, measures to improve the prestige of the state language. The article examines the research of world scientists in the field of determining the vitality of a language and ranking languages by levels. An analysis was made of the functioning of the Kazakh language in Kazakhstani society and proposals were made to improve the viability of the state language.

Keywords: linguoecology, vitality of the language, levels of vitality of languages, the sphere of use of the Kazakh language, the prestige of the language

Кузембекова Ж.,¹ Ақшолокова Р.²

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

ПРЕСТИЖ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА – ГАРАНТИЯ ЕГО ВИТАЛЬНОСТИ

Аннотация

В эпоху глобализации часто обсуждается проблема сохранения языкового разнообразия. Язык своим внешними и содержательными особенностями отражает мыслительную систему, понятийный аппарат, бытовую и культурную отличие этноса. Определение места казахского языка в списке используемых языков и сфер его использования – один из актуальных проблем в отечественной лингвистике. Исследования в области языковой ситуации в стране и об уровнях владения казахским языком дают возможность определить приоритеты языковой политики и организовать своевременные и актуальные социальные, культурные, политические мероприятия по совершенствованию престижа государственного языка. В статье рассматриваются исследования мировых ученых в области определения витальности языка и ранжирования языков по уровням. Был проведен анализ функционирования казахского языка в казахстанском обществе и сделаны предложения по улучшению жизнеспособности государственного языка.

Ключевые слова: лингвоэкология, витальность языка, уровни жизнеспособности языков, сфера пользования казахского языка, престиж языка

Кіріспе. Мәдени шекаралардың жойылу сипатына ие қазіргі даму жағдайында лингвоэкология мәселесінің өзектілігі артты. Ethnologue электронды ресурсы ұсынған ақпаратқа сай, әлем тілдерінің 40 пайызына жойылу қаупі төніп тұр [1]. Ал ЮНЕСКО жыл сайын әлемде 10-15 тілдің өлетінін мәлімдеді [2, 9]. Тілдердің өлу себебі тіл иелерінің жойылуымен байланысты емес, коммуникативтік, ақпараттандыру және танымдық функциялар өзге (беделді) тілге жүктеледі. Тіл иелері ұлттың мәдениеті мен тарихының тіл арқылы көрінетінін мойындай отырып, экономикалық және саяси тұрғыдан тиімді балама тілді қолдануы мүмкін, бұл – жекелеген тіл иелерінің тілге тек коммуникация құралы ретінде қарауының жемісі. Осындай жағдай қолданылуы тиімсіз деп табылған тілдің кедейленуіне, тіпті, жоғалуына әкеледі [3, 204]. Осылайша, тілдің өміршеңдігіне қатысты проблемалардың тілтанымдағы өзектілігі барынша артты, бұл жағдайды ең алдымен тіл ғылымының даму парадигмаларымен, сондай-ақ тілдік кеңістікке ықпал ететін түрлі факторлармен (саяси, әлеуметтік, демографиялық, экономикалық, мәдени-тарихи және т.б.) түсіндіруге болады [4, 23].

Осы орайда, қазақ тілінің өміршеңдігі мен Қазақстандағы тілдік жағдаят тұрғысынан қарағандағы шынайы позициясы бойынша зерттеулер жүргізу қажет. Өйткені қазақ тілінің өмір сүру көрсеткіштері әлі де анықтауды керек етеді. Бұл оның қазақ этносының арасында ғана қолданысқа ие болуымен байланысты. Этникалық топтың ішінде қазақ тілділердің пайыздық көрсеткіші артқанымен, әлі де орташа деңгейден аспады [5, 90]. Ғалым Э.Д. Сүлейменованың айтуынша, қазақ тіліне мемлекеттік сипат беріліп, әртүрлі бағдарламалар мен тілдік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға бағытталған механизмдердің дайындалғанына қарамастан, қазақ тілін қолданудың функционалды типтері мен салаларын теңестіру үдерісі материалды және практикалық тұрғыда толық қамтамасыз етілмеген, оның үстіне, тілдік саясаттың инерциялық «бағыттылығы» атқарылған шаралардың тиімділігін азайтады. Сол себепті де қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебелік жоспарлануы оның корпустық құрылуынан озып келеді [6, 8]. Тілдің өміршеңдігі саяси жолмен мәртебе беру арқылы ғана ұзартылмайды. Яғни, тіл мәселесін саясаттандырмай, әлеуметтік бағыттағы жұмыстардың кешені ретінде жұмыстанған жөн. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне ғана сенуге болмайды. Әр азамат қазақ тілінің қажеттілігін когнитивтік санада түйсінгенде, оны меңгеру бұқаралық сипат алады.

Жалпы, қазақ тілін сақтап қалудың және өміршеңдігін ұзартудың қажеттілігі қандай? Қандай да бір тілдің қолданыстан шығуы экологияның ластануы, климаттың жылынуы секілді адамзаттың болашағына қауіп төндіреді ме? Тілдік алуантүрлілікті сақтау биологиялық алуантүрлілікті сақтап қалу секілді маңызды ма? Өлген тілдер жекелеген лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдарды ғана емес, адамзат тарихында қордаланған танымның бір бөлігін, қоршаған ортаны, адамзаттың ойлау механизмдерін, құрылымдық формаларды танудың ерекше философиясын алып кетеді. Өйткені тіл – ұлттың әлемді тану тәжірибесі жинақталған қор. Оның жойылуы ұлттың өзіне ғана тән білімі мен танымын жоғалтады. Бұл этнос өкілдерінің идентификациясын өзгертуіне әкеледі. Өзін жоғалтып алудан қорыққан тұлға жақын аралда орналасқан немесе өз түсінігінде беделі жоғары, сәнді өзге этносты таңдайды. Бұл – табиғи инстинкт. Осылайша этнос жоғалады. Ал этностың жоғалуы – биологиялық гармонияның бұзылуы. Лингвоэкологияның маңызы да осында.

Әдістеме. 2019 жылғы желтоқсанның 31-де қабылданған «Қазақстан Республикасында тілдік саясатты жүзеге асыру бойынша 2020-2025 жылдарға арналған бағдарлама» «қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толыққанды қызмет етуін қамтамасыз етуге арналған» әрі міндеттерінің бірі – «мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру» [7]. Бағдарламада көрсетілген осы міндеттің орындалуы қазақ тіліне қатысты қиындықтардың біразын реттеп береді. Өйткені, шынымен де, қазақ тілінің әлеуметтік беделі төмен. Көпшілік қазақ тілін тұрмыстық деңгейдегі қарабайыр тіл ретінде қабылдайды. Ғылым мен техниканың тіліне айналу әлеуетіне күмәнмен қарайды. Қазақ тілді тұлғалардың өзі жаңа, сапалы ақпаратқа, ғылыми материалға қол жеткізу өзге тілдердің көмегімен ғана жүзеге асады деп ойлайды. Оған әңгімелесу барысында көз жеткізіп жүрміз. Өкінішке орай, қазақ тілін әлі күнге дейін алшақ жерлерде орналасқан ауылдармен, яғни білімнің жетіспеушілігімен байланыстырады. Біздің міндетіміз – адамдардың өзін сәйкестендіргісі келетін бірегейлікті жоспарлы түрде құрастыру, әрі ол қазақ тілімен тікелей байланысты болуы тиіс. Бізде әлі күнге дейін басты назар әлеуметтік және мәдени бірегейлікті жоспарлауға емес, тілдің дамуына аударылуда [8].

Дамыған тілдерге тән лингвистикалық көрсеткіштер, мәдени-тарихи өлшемдер қазақ тілінің бойынан түгелдей дерлік табылады. Ең алдымен, мемлекеттік тілдің үш тағаны (басқару, ақпарат, ғылым-білім саласындағы қызметі) түгелденуге тиіс. Ең бірінші осы мәселе шешімін табуға тиіс және мемлекеттік тілдің қоғамдық беделі жоғары деңгейде болғаны абзал [9, 16].

Нәтижелер. Осылайша, барлық тілдің әлеуеті тең, барлық функцияны атқара алады, тек оның иесі болып табылатын әлеуметтік топтың әлеуметтік мәртебесі әртүрлі. Қазақ тілінің жоғары беделі белгілі дәрежеде қазақ тілді қоғам мүшелерінің мәдениетімен, әлеуметтік жағдайымен, материалдық байлығымен, заманауи тұрмыс-тіршілігімен байланысты. Өз кезегінде, тілдің жоғары беделі мен бәсекеге қабілеттілігі – мемлекеттің тұрақты дамуының көрсеткіші. Кезінде голливудтық көркем фильмдер өзге континенттерге тарап, ағылшын тілді рок музыка әлемге танылған кезде, ағылшын тілін білуге қызығушылықеселенді. Өйткені ағылшын тілі беделді, бай әрі танымал тұлғалардың тілімен ассоциацияланды. Халықаралық тілдердің тізіміне алдағы жылдары азиялық алпауыт елдердің тілдері енеді деген болжам бар. Бір ғана елдің тілі болып табылатын кәріс тілін АҚШ-та 14 мың адам оқып жүрсе, Францияда екінші шет тілі ретінде жалпы білім беру мекемелерінде оқытыла бастады. Бұл – кәріс халқының поп-музыкасының, сериалдарының тілді насихаттауы. Яғни, кәріс

тілінің иелері кәсібилікпен, әдемілікпен, өзіндік стильмен байланыстырылды әрі мәдени кодтары басқа этникалық топтардың таным арсеналына енді. Оның үстіне, кәрістердің технология мен ғылыми ізденістер бағытында да жетістіктері көп. Жапон қорының жапон тілін меңгеріп жүрген шетелдік білім алушылардың арасында жүргізген сауалнамасының нәтижесіне сай, жастардың 50,6%-ы аниме мен мангаға қызыққандықтан, тілді үйреніп жүргендерін көрсеткен. Жапон тіліндегі танымал ғаламтор ойындары да тілдің тартымдылығын арттырды, жапонияның технократтық дамыған экономикасы бизнес құруға икемді. Елдің терең мәдениеті, дамыған экономикасы мен оны насихаттау формалары жапон тілін үйренуге мотивация болды.

Талқылау. Кез келген тілдің өміршеңдігін анықтау күрделі әрі кешенді жұмысты қажет ететін үдеріс, дегенмен, осындай зерттеулер бағдарламалардың оңтайлы құрылуына және мемлекет тарапынан тиісті қолдау табуға негізгі түрткі болады. Тілдердің өміршеңдігіне тікелей әсер ететін факторлар бір-бірімен байланыста және әр кезеңге сай өзгеріске ұшырауы мүмкін. Сондықтан факторларды нақты атау да қиындық туындатады. Тілдердің өмір сүру көрсеткіштерін ең алғаш рет жіктеп көрсеткен Дж. Фишман еді. Ол қауіптілік аймағына сай тілдерді 8 деңгейге топтастырып, GIDS (Graded Intergenerational Disruption Scale) жіктемесін ғылыми айналымға енгізді. Кейін М. Paul Lewis and Gary F. Simons «Assessing Endangerment: Expanding Fishman's GIDS» еңбектерінде жіктемені толықтырып, тілдердің өмір сүру деңгейлерін төмендегідей көрсетті:

1-деңгей – халықаралық тілдер – елдер мен мемлекеттердің әртарапты байланыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін тілдер;

2-деңгей – ұлттық тілдер – жазбаша және ауызша формада өмір сүре алатын, мемлекет тұрғысынан қолдау тапқан, арнайы мәртебесі (мемлекеттік, ресми) бар тілдер;

3-деңгей – аймақтық тілдер – функциялары ұлттық тілдермен бірдей болғанына қарамастан, аймақтық сипаттағы тілдер. Мемлекеттік тілдер секілді ресурстары мол болмаса да, жергілікті деңгейде мемлекеттік қызмет етуде, білім беруде және БАҚ-та қолданылады.

4-деңгей – сауда тілдері – ресми тіл мәртебесі болмаса да әртүрлі тілдік қауымдастықтардың мүшелері арасында байланыс орнату қызметін атқаратын және бизнес пен топаралық коммуникация үшін маңызды тілдер. Олардың стандартталған жазбаша формалары бар.

5-деңгей – білім беру тілдері – білім беру саласында қолданылатын немесе көпшілікке қолжетімді білім беру жүйесінде оқыту пәні ретінде пайдаланылатын тілдер. Саны аз халықтардың ана тілдері де осы қатарға жатуы мүмкін.

6-деңгей – жазбаша тілдер – мемлекет тарапынан қолдау әлсіз, сауаттылықтың алғашқы сатысын қамтамасыз ететін тілдер, дегенмен, тіл беделін көтеруге мүмкіндік бар. Институционалды қолдау артса, тілдің өмір сүру қабілеті жоғарылайды. Осы деңгейдегі тілдерде сауат ашу оны ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдау үшін қажет.

6а-деңгей – энергияға ие тілдер – ауызша тұрақты қолданыстағы тілдер. Тіл иесі болып табылатын қауымдастық ішінде кең тараған және ауызша түрде ұрпақтан-ұрпаққа беріледі.

6б-деңгей – қауіпті аймақтағы тілдер – берілу траекториясы бұзылған ауызша қолданыстағы тілдер. 6-деңгейдегі тілдер диглоссия шегінде орналасса, 6а-деңгейде ауызша функциялар L тілінде, жазбаша функциялар H тілінде берілген. 6б-деңгей тұрақты байланыстың жоғалуымен сипатталады. 6б-деңгейде көп ата-ана тілді балаларына жеткізеді, бірақ толық емес, осылайша, ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдау арқылы тіл кедейлене түседі.

7-деңгей – жылжуға ұшыраған тілдер – тілдік жылжудың прогресі анық байқалатын деңгейдегі тілдер. Тілдік қауымдастықтағы ата-аналардың бірінші тілдері болғанына қарамастан, тілді балаларына үйретпейді. Сәйкесінше, тілдің қолданылу деңгейі тарылады.

8а-деңгей – өлу үстіндегі тілдер – үлкен жастағы адамдар (ата-әжелер) ғана белсенді қолдана алатын тілдер. Ата-аналар тілді жартылай білгенімен, балалары мүлде сөйлей алмайды.

8б-деңгей – жартылай өлі тілдер – тілді білетін қариялар бір-бірімен байланысқа түсе алмайды, сәйкесінше, тіл қолданылмайды.

9-деңгей – қолданыста жоқ тілдер – жақында ғана пайдаланылуын тоқтатқан тілдер. Сол тілдің иесі болып табылатын этнос өкілдері бабаларының тілін қайта қалпына келтіруге, жаңғыртуға тырысады.

10-деңгей – өлі тілдер – тілдің иесі қалмай, оны сақтап қалуға қоғамның мотивациясының жоқтығымен сипатталатын тілдер тобы [10, 105].

EGIDS-тің деңгейлеріне сай қазақ тілі қауіпсіз аймақта. Ол 2-деңгейдегі тілдердің қатарына енеді. Дегенмен, қазақ тілі өзінің мәртебесіне лайық қолданыста емес. Сондықтан сыртқы форманы ішкі мазмұнмен толықтыра түсу қажет.

Канадалық лингвист Стив Николь EGIDS-теқауымдастық тілінің қазіргі өміршеңдігі мен даму деңгейі сипатталғанымен, тілдің қазіргі даму деңгейіне қалай жеткені көрсетілмейтінін айтты. Ғалымның пікіріне сай, тілдің өміршеңдігі өзара байланыстағы бес факторға байланысты:

1) Қоғамдағы тілдің атқаратын қызметі – сөйлеушілердің нақты тілді қалай пайдаланатыны маңызды. Тілдің қызмет аясын анықтау аталған тіл қоғамдық қызметтің қай түріне және саласына қызмет етеді, барлық бағытта қолдануға әлеуеті жеткілікті ме деген сұрақтарға жауап іздеуге мүмкіндік береді.

2) Тілдің меңгеруге икемділігі – сөйлеушілер тілді меңгеру үшін олардың тіл үйрену қабілеті болуы тиіс. Балалар үй жағдайында тілді үйрене алады ма? Тіл жазбаша формада қолданылатын болса, адамдар сол тілде жазу мен оқуды үйрене ме?

3) Мотивация – тіл иелері өз тілдерін пайдаланудың артықшылықтарын біле ме? Бұл артықшылықтар экономикалық (жоғары жалақылы жұмыс), әлеуметтік (тілді білудің беделі жоғары), діни (дұға, уағыз айту кезінде қолданылатын) болуы мүмкін. Идентификация жасау үшін де мотивация болуы шарт.

4) Қоршаған орта – әлеуметтік, саяси, экономикалық орта тілді қолдану үшін қолайлы ма?

5) Тілдің өзге тілден ерекшеліктері – тілдік экологиядағы беделді тілдермен салыстырғанда берілген тілдің қолданылу айырмашылықтары қандай?[11].

Қауымдастықтілінің жағдайын бағалап, оған қолдау білдіру үшін қажетті шараларды таңдау кезінде ЮНЕСКО ұйымының Халықаралық сарапшылар кездесуінде қабылданған Language Vitality and Endangerment құжатында көрсетілген тілдің өміршеңдігін бағалаудың 9 факторы пайдалы нұсқаулық. Өйткені тілдің болашағын нақты көрсеткіштердің қосындысы түрінде бағалай алмаймыз, ол жан-жақты жағдайларды ескеруді қажет етеді. Сол себепті де аталмыш факторларды жиынтық түрде қарастырып, тілдің өміршеңдігін анықтау кезінде пайдалануға болады: 1. Тілдің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі; 2. Тіл иелерінің абсолютті саны; 3. Жалпы халық санына қатысты тіл иелерінің үлесі; 4. Тілді қолдану саласындағы тілдік жылжулар; 5. Жаңа сұраныстар мен талаптарға жауап бере алу мүмкіндігі; 6. Тілдік білім беру мен сауаттылық үшін қажетті материалдардың болуы; 7. Мемлекеттік және институционалды тілдік ұстанымдар мен саясат; 8. Қауымдастық мүшелерінің өз тіліне қарым-қатынасы; 9. Құжаттама типі мен сапасы [12].

The process of interaction between cultures, leading to their unification, causes some Nations to strive for cultural self-affirmation and the desire to preserve their own cultural values. A number of States and cultures demonstrate their categorical rejection of ongoing cultural changes. They contrast the process of opening cultural borders with the impenetrability of their own and an exaggerated sense of pride in their national identity. Different societies respond to external influences in different ways. The range of resistance to the process of merging cultures is quite wide: from passive rejection of the values of other cultures to active opposition to their dissemination and approval. Therefore, we are witnesses and contemporaries of numerous ethnic and religious conflicts, the growth of nationalist sentiments, and regional fundamentalist movements. cross cultural communication globalization ethnic.

These processes have also found their expression in Russia to a greater or lesser extent. The reforms of society have led to serious changes in the cultural image of Russia. Over the last few years a completely new social groups: entrepreneurs, bankers, political leaders of different movements, Russian employees of foreign firms, etc. is the establishment of an entirely new type of business culture, formed a new idea of social responsibility of business to the client and society, changing the society as a whole. The process is extremely difficult and painful, because it faces a huge number of obstacles and restrictions from the state, distrust of the authorities, incompetence and voluntarism.

One of the ways to overcome the existing difficulties is to establish an effective system of communication between various social groups and the authorities. This system should be based on the principles of equal access to the necessary information, direct communication between each other, collective decision-making and effective work of employees. It should be added that the diverse international contacts of managers and entrepreneurs at all levels have shown that success in any kind of international activity largely depends on the degree of training of Russian representatives in the field of intercultural communication. Finally, the end of the cold war between East and West significantly expanded trade and economic relations between them. In every country, the number of people who have economic contacts outside of their own culture is growing year by year.

As a result of the new economic relations, direct contacts with cultures that had previously seemed mysterious and strange became widely available. In direct contact with such cultures, differences are recognized not only at the level of kitchen utensils, clothing, and food rations, but also in the different attitudes to women, children, and the elderly, and in the ways and means of doing business.

When people become participants in any type of cross-cultural contact, they interact with representatives of other cultures, which often differ significantly from each other.

Differences in languages, national cuisine, clothing, social norms, and attitudes to work often make these contacts difficult or even impossible. But these are only particular problems of cross-cultural contacts.

The main reasons for their failures lie beyond the obvious differences. They are in differences in attitude, that is, a different attitude to the world and to other people. The main obstacle to successful solution of this problem is that we perceive other cultures through the prism of our own culture, so our observations and conclusions are limited to its framework. With great difficulty, we understand the meaning of words, actions, and actions that are not characteristic of ourselves.

Our ethnocentrism not only interferes with cross-cultural communication, but it is also difficult to recognize, since it is an unconscious process.

This leads to the conclusion that effective intercultural communication cannot arise on its own, it needs to be purposefully learned.

In the process of cross-cultural communication, each person simultaneously solves two major problems—seeks to preserve their cultural identity and integrate into someone else's culture. The combination of possible solutions to these problems defines four main forms of intercultural communication: direct, indirect, mediated and non-mediated. In direct communication, information is addressed directly from the sender to the recipient. It can be performed both orally and in writing. In direct communication, the greatest effect is achieved through oral speech, which combines verbal and non-verbal means. In indirect communication, which is mostly one-sided, information sources are works of literature and art, radio messages, television broadcasts, publications in Newspapers and magazines, etc.

Direct and indirect forms of communication differ in the presence or absence of an intermediary who acts as an intermediary between partners. An intermediary can be a person or a technical means.

Communication mediated by technical means can remain direct (talking on the phone). This only reduces the possibility of using nonverbal means.

Varna identified six main obstacles, or "stumbling blocks", that hinder effective cross-cultural communication.

1. Assumption of similarities. One of the reasons for the lack of understanding in cross-cultural communication is that people naively assume that they are all the same, or at least similar enough to communicate easily with each other. Of course, all people share a number of basic similarities in their biological and social needs. However, communication is a unique human trait that is shaped by specific cultures and societies. Indeed, communication is a product of culture. In addition, people from some cultures make more assumptions about similarities than people from others; that is, the degree to which people assume that others are similar varies across cultures. Thus, the very assumption of similarities is a cultural variable.

2. Language difference. When people try to communicate in a language they don't know perfectly, they often assume that a word, phrase, or sentence has one and only one meaning - the one they intend to convey. To make this assumption is to ignore all other possible sources of signals and messages discussed in the previous two chapters, including nonverbal expression, voice intonation, posture, gestures, and actions. Because people cling to single, simple interpretations of what is essentially a complex process, there will be problems in communication.

3. Incorrect nonverbal interpretations. As we have seen, in any culture, nonverbal behavior forms a large part of communication messages. But it is very difficult to fully understand the nonverbal language of a culture that is not your own. Misinterpretation of nonverbal behavior can easily lead to conflicts or confrontations that disrupt the communication process.

4. Biases and stereotypes. As mentioned earlier, stereotypes and biases against people are natural and inevitable psychological processes that affect all our perceptions and communication contacts. Too much reliance on stereotypes can prevent us from looking objectively at other people and their messages and finding clues that will help us interpret these messages in the way they were intended to convey them to us. Stereotypes are supported by a variety of psychological processes (including selective attention) that can negatively affect communication.

5. The desire to evaluate. Cultural values also influence our attributions to other people and the world around us. Different values can cause negative assessments, which become another stumbling block on the way to effective intercultural communication.

6. Increased anxiety or tension. Episodes of cross-cultural communication are often associated with more anxiety and stress than familiar situations of intra-cultural communication.

The modern world is characterized by the intensive development of globalization, accompanied by the expansion of ties between different countries and peoples. The process of globalization has encompassed all spheres of human life, including culture. And if until recently the history of mankind was the history of individual countries, peoples and cultures, today it turns into a single history: everything that happens in the life of individual countries, in one way or another, affects life in other parts of the world. At the same time, modern cultures lose their originality and isolation, and the boundaries between them are increasingly blurred. New living conditions have radically changed the tasks of training specialists in this field. Today, we need not just teachers and translators, but specialists in international and intercultural communication. Thus, it is appropriate to consider the formation of intercultural communication among students of non-linguistic specialties in foreign language lessons. At its core, intercultural communication is interpersonal communication in a special context, when one participant discovers the cultural difference of another. And these differences can lead to any difficulties in communication. Representatives of different cultures have a different way of decrypting the received message. Inadequate understanding of non-linguistic information by different parties leads to tension, difficulty or inability to communicate. The study and analysis of scientific, theoretical and methodological literature has led to the conclusion that the process of forming such a concept as intercultural communication is insufficiently studied, and this, in turn, makes it difficult to improve the process of forming intercultural communication among students of non-linguistic specialties [7]. This is evidenced by the results of our research: a significant part of future specialists are characterized by a lack of attitude to the perception of a different way of thinking, tolerance and respect for foreign cultures, and lack of developed communication skills to overcome language barriers. Low level of proficiency intercultural communication of University graduates does not allow them to adapt and integrate socially into the professional society of their country, as well as into the world community. In these conditions, there is a need

for more careful and detailed consideration of the problem of communication and mutual understanding of different peoples and cultures.

Conclusion. Having analyzed the scientific and methodological literature on the topic "the Role of a foreign language in intercultural communication", we can conclude that knowledge of foreign languages is one of the means of intercultural communication and adequate interaction with representatives of other cultures. This is due to at least three reasons. First, a foreign language, as an academic discipline, performs a humanistic function of developing creative and logical qualities of a person; secondly, knowledge of the language at a sufficient level of communication in today's interconnected and interdependent world allows you to establish business contacts between specialists; and, third, the removal of language barriers significantly expands the range of opportunities for both employment and education abroad.

To achieve understanding in intercultural communication, the participants must not only master the grammar and vocabulary of a language, but also to know the cultural component of word meaning, the realities of foreign culture because the concept of intercultural communication inherent equitable cultural cooperation of representatives of different linguocultural communities, given their uniqueness and originality.

Therefore, foreign languages as a means of communication between representatives of different peoples can be very important feature.

References:

- 1 Leshukov A. E., Unda S. I. *Theory and practice of intercultural communication in modern society // Young scientist*. - 2016. - #7.5. - Pp. 90-91.-textbook
- 2 Potemkin M. A., Unda S. I. *Theory and practice of intercultural communication. Bibliographic description: Young scientist*. - 2015. - #10.5. - Pp. 49-50.-textbook
- 3 Grigoriev, B. V. *Intercultural Communication / Intercultural communications / B. V. Grigoriev, V. I. Chumakova*. - Moscow: Publishing House : Petropolis, 2008. - 404 p.-textbook
- 4 Sharafutdinova N.S. *The role of a foreign language in scientific, professional and intercultural communication: international conference of postgraduates and young scientists (Ulyanovsk, April 19, 2011): collection of scientific papers / ed. edited by N. S. Sharafutdinova-Ulyanovsk: UISTU, 2011. - 155 p. - ISBN 978-5-975-0814-6.-article*
- 5 Ter -Minasova S. G. *Language and intercultural communication / S. G. Ter -Minasova*. - Moscow: Publishing house: MSU, 2008. - 352 p. - ISBN 978-5-211-05472-1.-monograph
- 6 Karnicka, T. V. *cross-cultural communication / T. V. Karnazytsky*. Moscow: Grevtsov Publishing house, 2012. - 400 p. - ISBN 978-985-6954-46-0.-article
- 7 Golovleva, E. L. *Basics of intercultural communication / E. L. Golovleva*. - Moscow: publishing house: Phoenix, 2008. - 224 c. - ISBN 978-5-222-12473-4.-article
- 8 Bogolyubova N. M. *Intercultural communication and intercultural exchange: textbook. manual / N. M. Bogolyubova, Yu. V. Nikolaeva*. - SPb. Publishing House "SPBC", 2009. - 416 p.- ISBN 978-5-903983-10-0.-textbook

МРНТИ 16.21.41:

Сумабекова Г.,¹ Қасым Б.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕТІСТІКТІ ЛЕКСИКАСЫ

Аңдатпа

Мақалада етістік – ұлттық болмыстың ерекшелігін көрсететін ең үлкен категория екені, семантикалық табиғаты сөз болады. Бұл сөз табы өзінің лексика-семантикалық жүйесі мен, грамматикалық құрылымы тұрғысынан әртүрлі реңкке ең бай, көлемді және әртүрлі күрделі тілдік бірліктер қызмет етеді. Етістік сөздің сапалық белгісін анықтай отырып, оның қалпын, әрекетін, семантикалық өрісінің кеңдігімен, сонымен қатар функционалды-прагматикалық қызметінің жан-жақтылығымен өлшенеді, семантикасымен айқындалады. Бұл ерекшелік тілдік категория ретінде оның мағыналық, функционалды мүмкіндігін күшейте түседі. Осы тұрғыдан етістіктің жеке семантикалық топтарының семантика-функционалды мүмкіндігін зерттеу, қарастыру маңызды болып саналады. Мақалада *сөйлеу* – адам санасының басты белгісі ретінде зерделенеді. Сөйлеу мен сананың пайда болып, біртін деп қалыптасуын тек биологиялық жағдайлардан емес, ең бастысы қоғамдық-элеуметтік, тарихи факторлармен байланысты қарастырылады. Когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдары “ғалам бейнесі” “ғаламның тілдік бейнесі” “когнитивтік модель немесе ғалам моделі” талданады. Ұлттық дүниетаным құндылықтарын жинақтаушы тірек ұғымдар: *сөйлеу* етістігінен көрінеді. Сөйлеу етістіктері – тілдің лексикалық қорын байытатын тілдік бірліктер, оның мағыналық құрылымын, семантикалық дамуын когнитивтік және семантикалық аспектіден зерттеудің маңызы зор.

Түйін сөздер: Етістік, мағына, сөздің ішкі мағыналық құрылымы, лексика-семантикалық топ, түбірлес сөздер, сөзжасамдық ұя

Suambekova G.,¹ Kasym B.²

^{1,2} *Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

VERBAL VOCABULARY OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE CONTEXT OF MODERN RESEARCH

Abstract

The article deals with the study of linguistic means of expressing verbs on the material of the modern Kazakh language. The verb is the largest category reflecting the national peculiarities of the language both in terms of the lexical-semantic system and grammatical structure; it acts as the richest and most diverse unit of language. Verbs differ in their lexico-semantic diversity, functional richness and denoting state, actions, their lexical-semantic distribution is more varied. From this point of view, the study of the semantic and functional capabilities of individual lexical and semantic groups of the verb becomes important. In this paper, we study approaches to the definition of verbs of speech, we propose our own working definition: all verbs are called verbs of speech. The article considers it as a lexical-semantic group, studies verb semantics and offers a theoretical justification for a systemic cognitive approach to describing the meaning of a verb of speech. Describe the ways of categorizing reality in the intra-word and inter-word verb paradigms. The authors analyze existing classifications of verbs of speech and propose their own classification based on the difference in semantics.

Keywords: Verb, meaning, internal form of the word, lexico-semantic group, single-root word, word-formation nest

Суамбекова Г.,¹ Касым Б.²

^{1,2} КазНПУ имени Абая,
Алматы, Казахстан

ГЛАГОЛЬНАЯ ЛЕКСИКА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Аннотация

В статье рассматривается исследование языковых средств выражения глагольной материале современного казахского языка. Глагол является самой большой категорией, отражающей национальные особенности языка как с точки зрения лексико-семантической системы, так и грамматического строя, выступает в роли самой богатой и различной единицы языка. Глаголы по своему лексико-семантическому многообразию, функциональному богатству отличаются и обозначающих состояние, действия, их лексико-семантическое распределение более различна. И с этой точки зрения, изучения семантико-функциональных возможностей отдельных лексико-семантических групп глагола приобретает важное значение. В данной работе изучаются подходы к определению глаголов речи, предлагается собственное рабочее определение: глаголами речи называются все глаголы, В статье рассматривается как лексико-семантическая группа, изучению глагольной семантики и предложит теоретическое обоснование системному когнитивному подходу к описанию значения глагола речи. Охарактеризовать способы категоризации действительности во внутрисловных и межсловных глагольных парадигмах. Авторы анализируют существующие классификации глаголов речи и предлагают собственную классификацию, основанную на различии семантики

Ключевые слова: Глагол, значение, внутренняя форма слова, лексико-семантическая группа, однокоренное слова, словообразовательное гнездо

Кіріспе. Етістік – ұлттық болмыстың ерекшелігін көрсететін ең үлкен категория. Бұл сөз табы өзінің лексика-семантикалық жүйесі мен, грамматикалық құрылымы тұрғысынан әртүрлі ренкке ең бай, көлемді және әртүрлі күрделі тілдік бірліктер қызмет етеді. Етістік сөздің сапалық белгісін анықтай отырып, оның қалпын, әрекетін, семантикалық өрісінің кеңдігімен, сонымен қатар функционалды-прагматикалық қызметінің жан-жақтылығымен өлшенеді, семантикасымен айқындалады. Бұл ерекшелік тілдік категория ретінде оның функционалдық мүмкіндігін күшейте түседі. Осы тұрғыдан етістіктің жеке семантикалық топтарының семантика-функционалды мүмкіндігін зерттеу, қарастыру маңызды болып саналады. Етістік парадигмалық және синтагмалық тұрғыдан әртүрлі моделдер мен функцияны білдіреді, осы тұрғыдан олардың бір-бірімен байланысын анықтау өте маңызды. Осы қатарда *сөйлеу етістіктері* өзінің ерекшелігімен назар аударлады. Сөйлеу етістіктері өзінің мағыналық құрылымының күрделілігімен, лексика-семантикалық көпқырлығымен, функционалдық қызмет байлығымен басқа етістерден ерекшеленеді.

Әдістеме. Түркі тілдеріндегі етістікті функционалды, коммуникативті-прагматикалық, когнитивтік аспектіден қарастыру бүгінгі күн талабынан туындайды. Қоғамдық сұраныспен сәйкес міндеттердің бірі – тілдік таңбаның *семантикалық-мағыналық, семантикалық өріс* жағына қатысты мәселелер. Тілдік бірліктердің мағыналық семантикалық табиғатын зерттеу оның мағынасы мен функционалды-прагматикалық қызметі, қолданыс заңдылықтарын тереңірек тануға мүмкіндік береді және тілдік бірліктердің негізгі қызметімен байланысты заңдылықтарды ашуға жол ашады.

Нәтиже. Жалпы сөзжасам, оның ішінде етістік морфологиялық, құрылымдық тұрғыдан зерттелгені белгілі. Осымен байланысты жалпы түркілік қабатқа жататын ортақ ескерткіштері тілінде етістік негізгі сөз табы ретінде өзіндік морфологиялық құрылымымен, семантикалық белгілерімен ерекшеленеді. Себебі, сол кезеңдердің өзінде етістік дамыған функциялық тұлғалар жүйесі бар сөз табы болды. Көне түркі жазба ескерткіштері қазіргі түркі халықтарына ортақ мұра екендігін түркітанушылар мойындайды. Қазақ тілінің тарихын түркі тілдері тарихынан бөліп алып қарастыруға болмайды. Өйткені ортақ түркілік дереккөздер – орхон-енисей, көне және ортағасырлық жазба ескерткіштері және түркі ғалымдарының еңбектері, сол сияқты ХҮІІІ-ХІХ ғғ. Еуропа мен орыс ғалымдарының зерттеулері туралы академик А.Н. Кононовтың “История изучения тюркских языков в России” атты кітабында толық мағлұмат беріледі [1, 215-242]. Түркологтардың грамматикалары туралы Т. Қордабаев “Түркология және қазақ тіл білімі” атты еңбегінде де баяндалады. [2, 114-117].

Туынды сөздер, етістіктер туралы ғылыми деректер мен мағлұматтар М.Қашқари зерттеулерінен бастау алады. Тілші “Диуанилұғат ит-түрк” атты еңбегінде түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктерін салыстырып, мағыналық белгілерін анықтап, ерекшелігі туралы құнды пікір қалдырған. М.Қашқари түбір мен туынды сөздердің ерекшеліктерін бөліп көрсетіп, олардың мағыналық және тұлғалық құрылымын анықтап, түбір мағынасының кеңдігін саралайды [3]. Себебі Көнетүркі сөздігі (ДТС), Э.Севорянның көптомтық этимологиялық түркі тілдеуінің сөздігі де осы М.Қашқари сөздігінің негізі жатыр.

Белгілі түркітанушылар Н.К.Дмитриев [4, 132-201], Н.А.Баскаков етістіктің лексика-семантикалық топтарын анықтап, олардың сөзжасам үдерісіндегі қызметін сипаттады [5, 352-387].

Сөйлеу етістіктерінің орыс тіл білімінде, түркітануда, сонымен қатар ғалымдардың назарында болды. Түркітануда етістіктердің мағыналық жіктелуі жайлы бастапқы сипаттама мағлұмат берген Н.К. Дмитриев башқұрт тіліндегі етістіктерді төрт мағыналық топқа бөледі: *қозғалу, іс-әрекет, сөйлеу және ойлау* етістіктері [4].

Тілдің семантикалық табиғатын зерттеу оның мәні мен жасалу заңдылықтарын, прагматикалық қызметін тереңірек тануға жол ашады, сонымен қатар бұл тілдің негізгі функционалдық қызметімен тікелей байланысты. Кез келген тілдік бірлікті (сөйлеу етістіктері) зерттеу – тілдің лексикалық қабаты, грамматикалық құрылысы, тілдік категорияларға қатысты грамматикалық мағынасын айналып өте алмайды.

Етістікті лексиканың тілдік жүйедегі орны оның жасалуына негізгі тірек ретінде қолданылатын түбірлердің қызметімен айқындалады. Түркі тілдеріне ортақ етістікті түбір сөздік қордың негізі саналатындықтан, барлық түркітанушылар мен тілші зерттеушілердің түбірдің дыбыстық құрамы, мағыналық құрылымы, сөзжасамдық қасиет, даму мүмкіншілігі, семантикалық өрісі туралы айтқан пікірлеріне талдау жасай келе, түркі түбірі туралы ұғымды толық әрі дәл беретін ғылыми еңбектер дәлел. Туынды сөздің семантикалық құрылымын білу үшін міндетті түрде оның сөзжасамдық ұяға қатысты екені белгілі және оның ішкі мән-мазмұнын ашады. Бұл жөнінде белгілі ғалым Вайсгербер бірінші кезекте тілдің когнитивті қызметін көре білді. Сөздің сандық және сапалық мәнін білдіретін сөздің ішкі формасы (ВФ) екенін атайды [6]. Кез келген тәсілмен жасалған туынды сөздің мағынасы *себебенші негіз, уәж* арқылы жасалады. Осымен байланысты профессор Б.Қасым ғылыми тұжырымдарында туынды сөздің семантикалық құрылымын анықтауда сөздің ішкі мағыналық құрылымның қызметі зор екенін көрсетеді. Тілші “Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным атты монографиясында «...аталым үрдісі табиғатында үш текті (үштік жүйе) мәнінің, яғни түрлі фактордың өзара жиынтығынан құралады: *біріншісі* – аталатын шындық болмыс (денотаттық өріс), *екіншісі* – таңбалаудың гносеологиялық белгісі – танымдық бейне, қоршаған дүниенің таным үрдісі арқылы тілдік көрінісі (сигнификаттық өріс), *үшіншісі* – атау (таңбалау, үлгілеу, графикалық тұлға) [7]. Бұл тұжырым сөйлеу етістігінің семантикалық құрылымын ашуға, одан тараған сөзжасамдық түбірлес сөздердің өрісін анықтауға мүмкіндік береді

Н.З.Гаджиева мен А.А.Коклянованың “Глаголы речи в тюркских языках” атты зерттеуінде етістіктердің сөйлеу үдерісіндегі мағыналық ерекшеліктер лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық тұрғысынан сипатын түсіндіреді [8].

Талқылау. Қазақ тіл білімінде семантика мәселесі ғылыми негізде кеш зерттелді десек те, қазақ ғалымдарының еңбектерінде бұл мәселе мүлде ескерусіз қалды деуге болмайды. Қандай да бір тіл бірлігінің қызметі мағыналық өлшемге сүйенетіні белгілі. Мағына барлық тіл бірліктеріне бірдей қызмет етеді. Сол себепті де қазақ тіл білімінде морфология, лексикология (лексикография, диалектология, фразеология, этимология т.б.), синтаксис салалары бойынша жазылған еңбектерде семантика мәселесі қарастырылмады дей алмаймыз. Қазақ тіл біліміндегі жоғарыда аталған алдыңғы буын ғалымдарынан басқа да ғалымдар семантика мәселелеріне көңіл аударып жүр. Семантика теориясы мен тарихи семасиология мәселелері Ә. Қайдар, Е. Қажыбек, М. Оразов, Ж. Манкеева, А. Салқынбай, Б. Қасым, Ш. Жалмаханов еңбектерімен байланысты. Б. Сағындықұлы “Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері” атты еңбегінде сөздердің мағыналық дамуын диахронды әдіспен зерттей отырып, силлобофонема (түбіртек) теориясының негізін салды [9, 295]. Б. Қалиев пен А. Жылқыбаева “Сөз мағыналарының негіздері” атты еңбектерінде мағынаға қатысты жалпы ұғымдардың барлығын санамалап көрсетіп, жеке-жеке нақты түсініктер береді. Сөз бен ұғым, сөз бен мағына, ұғым мен мағына сияқты түсініктердің арақатынасын ашып көрсетеді. Сондай-ақ сөз мағыналарының түрлерін және құрылымын анықтайды [10, 109]. А.Салқынбай тарихи сөзжасам мәселесін семантикалық аспекіден қарастырады. Еңбекте атау, мағына, ұғым категорияларының

табиғатына талдау жасалады, сондай-ақ түбірлес сөздердің семантикалық құрылымы, архисема, өзексема, негізгі сема, ортақ сема, арнайы сема деңгейлері анықталады [11]. Ғ. Хасанов “Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы” деп аталатын кандидаттық диссертациясында қазақ тіл біліміндегі сөз мағынасының зерттелуін шартты түрде үш кезеңге бөліп көрсеткен. Бұл жұмыста лексикалық мағынаның денотаттық, сигнификаттық, коннотаттық, эмоциялы бөліктерінің табиғаты арнайы зерттеледі [12].

М.Д.Чертыкова: “Рассмотрение семантических особенностей и системных отношений в лексике целесообразнее вести на примере глагола, что обусловлено его сложностью, значимостью, центральной ролью в предложении и тексте. Лексика представляется сложной структурно-организованной системой, многосторонним и в то же время целостным объектом, проявляющимся в форме таких лексических объединений, как поле, лексико-семантическая группа” - дей келе, “Человеческая речь представляет собой психолингвистический процесс, форму существования человеческого языка. Речевыми средствами субъект передает свои мысли, эмоции, восприятие окружающей действительности. ...Они обозначают важную сторону человеческой деятельности – речевой акт, характеризуя его разные аспекты.” деп тұжырымдайды [13, 249]. Осы пікірден тілдік бірліктердің ішіндегі етістіктің өрісі, семантикалық ерекшелігі мен жүйелік арақатынасын қарастыру арқылы олардың күрделі, мәніжағынан мәтінде негізгі басты рөлді атқаратындығы айтылады. Сонымен қатар ол адам баласы тілінің өмір сүру формасы. Сөйлеу құралы арқылы субъекті өзінің ойын, эмоциясын, шындық болмысты қабылдауын білдіреді.

Сөйлеу етістіктерінің құрамындағы өлі түбірі бар туынды етістіктер жатады: *айт- → ай+т* сказать, *ағыт-ақ+ыт* развязывать т.б. бұл мысалдарда жеке дербес қолданылмайтын өлі түбір етістіктерден жұрнақ арқылы туынды түбір етістіктер жасалған. Ол жұрнақ салт, сабақтыға бейтарап түбірден сабақты етістік жасау қызметін атқарған. Бұл тілдік деректер етістіктің мағынасын қалыптастыру қызметінде жұмсалған жұрнақтар болғанын көрсетті. Жалпы тілдік деректерде жұрнақтар салт етістіктерді сабақтыға я керісінше айналдырып отырған. Бірақ олар бұрын өте көне болып, тілдің кейінгі дамуымен байланысты олардың көбі түбірге сіңісіп, қазір байқалмайтын дәрежеге жетуі мүмкін. Өлі түбір етістіктерден тараған туынды етістіктердің өзі бір жүйелікті аңғартады. Жалпы тіл атаулыға ортақ даму жолдарының болатыны, Жоғарыда келтірілген тілдік деректерде осыны дәлелдейді. Бірақ етістіктің бәрі тек алғашқы түбір етістіктерден үнемі жоғарыда келтірілген үлгімен жасалған деген қорытынды жасауға болмайды.

Сөйле = ет. 1. *тіл қату, айту*; Қозғалып, *сөйлеп*, ойнап, тірі жатып, Өлем деп жас өмірден күдер үзу (М.Жұмабаев). 2. *пікір білдіру*. Мен орыс халқы атынан *сөйлеп тұрмын*. 3. *әңгімелеу*. – *Сөйле*, Петя! – деп қойды Жәнібек (Қ.Жұмабаев. Көкейкесті.) 4. *ойды ауызша түрде баяндау*. Адамзатқа не керек: Сүймек, сезбек, кейімек, Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап *сөйлемек* (Абай, Тол. жин.). 5. *өлең-жырға айналдырып, шешен тілмен ағытыла баяндау*. Алдарыңда аянбай, Шыныменен *сөйлесем*, Сіздерге, жұртым, ұнармын (Базар жырау. Шығ.) [ҚӘТС].

Сөйлеңкіре = ет. *сөйлей түсу, айтыңқырау, сөз алды, жиында сөйледі; сөйлесу, пікір алысып, әңгімелесу; сөйлес қылу* (жөн сұрау, ақылдасу), *сөйлесіп көрді* (әңгімелесіп, пікірін байқады, тіл тартты); *сөйлестіру* (кездестіріп, жолықтырып, пікір алыстыру, әңгімелестіру).

Сөйлесу, әңгімелесу, кеңесу, тілдесу, пікірлесу, жауаптасу, мәслихаттасу, сұхбаттасу. *Отырыс жасап, өзара пікір алысу, ой бөлісу*. Ендігі жайды басты бір адаммен *сөйлесіп* шешу керек (М.Әуезов). Нұрқасым, бар, атанды шақырып кел, кісілермен *әңгімелесіп* отырсын (С.Бегалин). Бірігіп бас қосып шешетін бір мәселе бар, соны *ақылдасуға, кеңесуге* шақырып отырмын (Б.Тілегенов). Хакім қалайда қызбен жолығып, *тілдесіп*, неге ренжігенін өз аузынан білгісі келді (Х.Есенжанов). Осы бір алғашқы аз ғана *пікірлесуден* бұлар бірін-бірі шын түсінгендей болды (Д.Әбілев). Осы аз күн ішінде оязбен менің *жауаптасуым* мүмкін (М.Әуезов). Малшылармен *мәслихаттасуда* Байжан өз есебін де ұмытпайды (С.Мұқанов). Сізбен бір сырласып, *сұхбаттасудың* еш жөнін таба алмай-ақ қойдым (И.Жақанов).

Сөйлеу, айту, деу, үндеу, тіл қату. *Көңілге келген ойды, пікірді, хабарды басқа біреуге жеткізу*. Келеді өлең еселеп, Үлгере жазып жатамын. Бір емделіп, бір *сөйлеп*, Мол рахатқа батамын (Қасым Аманжолов). Алдына тура бара алмай, Барып *жауап ала алмай, айта алмадық* зарынды (Жамбыл). Ол осы кезде “есті әйел ер жігіттің гүлі мен көркі” деген ұстаз сөзін *ішінен қайталап* тұрған сияқты (С.Бакбергенов). *Үндеп* “мен істедім” деп тану деген ала қойшынын ойына да келмеді (І.Жансүгіров). Тәңірберген бірер рет *тіл қатып* еді, Еламан *үндемеді* (Ө.Нұрпейісов).

Сөйле-етістігінің сөзжасамдық ұясының құрылымы:

Кесте-1

<p>Сөйле-</p>	<p>сөйле/гіш сөйле/м сөйле/н сөйле/- сөйле/с сөйле/т сөйле/у 7сөз</p>	<p>сөйлем/паз сөйлен/іс сөйлен/у сөйлең/кіре сөйлес/у сөйлес/тір сөйлес/кіш сөйлес/у сөйлес/іл сөйлет/кіз сөйлет/тір сөйлет/у сөйлеу/ші сөйлеу/ік 14сөз</p>	<p>сөйлеңкіре/у сөйлестір/у сөйлескіш/тік сөйлесу/ші сөйлесіл/у сөйлеткіз/у сөйлеттір/у 7сөз</p>	<p>барлығы: 28 сөз</p>
<p>Жанжал</p>	<p>жанжал/дас жанжал/қой жанжал/сыз жанжал/сыз жанжал/шы жанжал/шыл 6сөз</p>	<p>жанжалдас/тыр жанжалдас/у жанжалшыл/ды 3сөз</p>	<p>жанжалдастыр/у жанжалдасу/шы 4сөз</p>	<p>барлығы: 13сөз</p>
<p>Керіс-</p>	<p>керіс/те керіс/тір керіс/у керіс/ін 4сөз</p>	<p>керісте/н керістір/у керісін/ше 3сөз</p>	<p>керістен/дір 1сөз</p>	<p>керістендір/у 1сөз барлығы: 9сөз</p>

Қорытынды. Ұлттық болмыстың басты ерекшелігі Етістікті лексиканының тілдік жүйедегі орны оның жасалуына негізгі тірек ретінде қолданылатын түбірлердің қызметімен айқындалды. Ұлттық дүниетаным құндылықтарын жинақтаушы тірек ұғымдар: *сөйле-* етістігінен көрінеді. Олар:

1. Сөйлеу етістіктері өзінің мағыналық құрылымының күрделілігімен, лексика-семантикалық көпқырлығымен, функционалдық қызмет байлығымен басқа етістерден ерекшеленеді.
2. Түркі тілдеріне ортақ етістікті түбір сөздік қордың негізі саналады.

3. Етістіктердің бейнелілігі: оқиғаны не әрекетті сөзбен әсерлі, бейнелі беру. Бейнеліетістіктер ассоциациялық байланыстар орнату арқылы көзге елестету, адамның сезім дүниесіне әсер ете отырып, жеткізу қазақ ұлтына тән ойлау моделінің негізгі ереушелігі болып табылады[Қасым Б., 2010].

4. Етістіктің семантикасын саралауда ғылыми тұжырымдар сөйлеу етістігінің семантикалық құрылымын ашуға, одан тараған сөзжасамдық түбірлес сөздердің өрісін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл етістік семантикасына байланысты халықтың таным-түсінігі арқылы ұлттың дүниетаным ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді.

5. Етістік мазмұнында ұлттық менталитетке тән ерекше ойлау модельдерін жеткізетін тілдік бірліктер қолданатын аясына қарай семантикалық топқа байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – 272 с.-книга

2 Қордабаев Т. Түркология және қазақ тіл білімі. – Алматы: Санат, 1988. – 144 б.-кітап

3 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. (Тәржімалағандар: Ә.Ибатов, Қ.Бекетаев). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б. -кітап

4 Дмитриев Н.К. Грамматика бакирского языка / Н. К. Дмитриев. – М., Л., Баку: Изд-во АН Азербайджанской Республики, 1998. – 364с. -книга

5 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. –М.: Изд-во АН СССР, 1952. –ч. II. – 544 с.- книга

6 Вайсгербер Йохан Лео. Родной язык и формирование духа / Пер. с нем., вступ. ст. и коммент. О.А. Радченко. Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 232 с. (История лингвофилософской мысли.)

7 Қасым Б.Қ. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (Зерттеулер). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 383 б.- кітап

8 Гаджиева Н.З., Коклянова А.А. Глаголы речи в тюркских языках. // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – 322-460 с.-книга

9 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.-кітап

10 Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. – Алматы: Білім, 2002. –109 б.-кітап

11 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.-кітап

12 Хасанов Ф. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: филол. ғыл. канд. ... автореф.– Алматы, 1997. – 22 б.

13 Чертыкоав М.Д. Глаголы со значением психической деятельности в хакасском языке(системно-семантический аспект): Рукопись дисс. ... док. филол. наук. –Абакан, 2016. – 500 с.

МРНТИ 16.01.09

Оразалиева Э.¹

¹ Назарбаев Университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**ТІЛДІК ЖАДЫ – ЭТНОТАНЫМДЫҚ ФЕНОМЕН, ҰЛАҒАТТЫ ЖАДЫҒЕРЛІК ҰҒЫМ
(Ә. ҚАЙДАР ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа

Уақыт пен заман талабына сай, тілді жоғары адамзаттық құндылық ретінде бағалау, оны антропологиялық танымның, этникалық жадының құралы деп сипаттау Ә. Қайдар зерттеулеріне негіз болар өзгешеліктер қатарын құрайды. Ғалым “тіл әлемін”, “Адамтану», “Қоғамтану», “Табиғаттану” салаларының қалыптасуына негіз ете отырып, тілдік құралдар арқылы жасалатын “бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету” керек деп есептеді. Нәтижесінде тілдік жадының негізінде, білім мен тәжірибе арқылы жиналған қор глоттогенез бен этногенез мәселелерін шешуге көмектесетін “этностың өзін танып-білуінің қайнар көзі” деп қабылданды. Тарихи, салыстырмалы, экстралингвистикалық зерттеулердің негізінде ғалым жеке ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық аксиология ұғымдарымен шебер ұштастыра отырып, тіл тарихын тереңнен зерделеді. Тілші қабылдауында тілдік бірліктер жалқы мен жалпының үйлесімді жалғасы, этногенездік әрі жаһандық пәлсапаның нәтижесі деп танылды.

Түйін сөздер: тілдік жады, антропологиялық таным, тіл әлемі, лексикалық жүйе, морфологиялық құрылым, глоттогенез, этногенез

Orazaliyeva E.¹

¹ Nazarbayev University,
Nur-Sultan, Kazakhstan

**LANGUAGE MEMORY - ETHNIC-COGNITIVE PHENOMENON,
HISTORIOGRAPHIC CONCEPT
(BASED ON A. KAYDAR'S WORKS)**

Abstract

A feature of A. Kaydar's research is the ability to analyze language from the perspective of high human values, as an instrument of anthropological cognition and ethnic memory. Studying the “world of language” through the principles of “human studies”, “social studies”, and “natural studies”, the scientist emphasizes the importance and necessity of using “valuable sources”. As a result, it is believed that the basis for solving problems of glottogenesis and ethnogenesis is the linguistic foundation, the product of language memory, a set of knowledge and experience. Based on historical, comparative, and extralinguistic factors, the linguist skillfully combined national and cultural values with universal axiological norms. In the scientist's perception, linguistic units are considered as a logical continuation from the particular to the general, as a result of ethnogenesis and the global philosophy of being.

Keywords: linguistic memory, anthropological cognition, the world of language, lexical system, morphological system, glottogenesis, ethnogenesis

Оразалиева Э.¹

¹ Назарбаев Университет,
Нур-Султан, Қазақстан

ЯЗЫКОВАЯ ПАМЯТЬ – ЭТНОКОГНИТИВНЫЙ ФЕНОМЕН, ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОЕ ПОНЯТИЕ (НА ОСНОВЕ ТРУДОВ А.КАЙДАРА)

Аннотация

Особенностью исследований А. Кайдар является возможность анализа языка с позиции высоких человеческих ценностей, как инструмента антропологической когниции и этнической памяти. Изучая «мир языка» сквозь принципы «человековедения», «обществоведения», «природоведения», ученый подчеркивает важности необходимости спользования «ценных источников». В результате полагается, что в основерешения проблем по глоттогенезу и этногенезулежитлингвистический фонд, продукт языковой памяти, объема знаний и опыта. На основеисторических, сравнительно-сопоставительных и экстралингвистических факторов лингвист умело сочетает национально-культурные ценности с общечеловеческими аксиологическими нормами. В восприятии ученого языковые единицы рассматриваются как логическое продолжение от частного к общему, как результат этногенезиса и глобальной философии бытия.

Ключевые слова: языковая память, антропологическое познание, мир языка, лексическая система, морфологический строй, глоттогенез, этногенез

Кіріспе. Жады – адамның өзі мен өзін қоршаған әлем туралы хабарларды есінде сақтауының, танымдық және ментальды көзқарастарға негізделген тәжірибе мен білімді жинақтауының әрі жан-жақтан келіп түсетін мәліметтерді реттеп жүйелеуінің когнитивті қабілеті. Адамның санасы мен ақыл-ойының функциялары осы көрген-білген, естіген-сезінген деректерді дер кезінде қолданып отыру арқылы жүзеге асатындықтан, аталмыш термин оның сөйлеу әрекеті кезіндегі алуан түрлі әсерлері мен білімдерін қайта жаңғыртар, оларды тілдік қатынаста не болмаса ойлау әрекетінде қолдана білер әрі хабар өңдеуге қатысар аса керек қорларын жинақтауға көмектесетін қабілеттерді сипаттауға мүмкіндік берді. 1969 ж. когнитивтік ғылым енді дүниеге келе бастағанда, Дж. Миллер жадының алты түрлі моделін айқындай отырып, олардың психология мен психоллингвистика негіздерін саралаудағы маңызына тоқталды. Дәл сол жылы А.А.Леонтьев жады табиғатын толық ашып көрсету мүмкін емес деген тұжырым жасай отырып, оның себебін екі мәселемен түсіндірді: 1) деректердің молдығымен; 2) теориялық жақтан бірізділіктің жоқтығымен [1; 177]. Нәтижесінде жады болмысын анықтауға бағыттылған талпыныстардың көптігі және құрылымдық фактордың тың ізденістерге жол ашқандығы байқалып, хабар мен оларды өңдеу жүйелері алғашқы шепке шыға бастады. Ғылыми ізденістерде жадының когнитивтік өзгешелігін зерттеу қажеттігіне мән беру көзделді. Осыған орай, жады туралы толық мәлімет алу үшін, жалпы когнитивтік ғылым хақындағы жұмыстармен, адамзат санасының танымдық ерекшелігін қарастырат әдебиеттермен әрі когнитивтік және эксперименталды психология саласында жарық көрген басылымдармен танысу керектігі де назардан тыс қалған жоқ. Уақыт пен заман талабына сай, тілді жоғары адамзаттық құндылық ретінде бағалау, оны антропологиялық танымның, этникалық жадының құралы деп сипаттау Ә. Қайдар зерттеулеріне негіз болар өзгешеліктер қатарын құрайды. Тарихи, салыстырмалы, экстралингвистикалық зерттеулердің негізінде ғалым жеке ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық аксиология ұғымдарымен шебер ұштастырған. Тіл тарихын тереңнен зерделеген тілші қабылдауында тілдік бірліктер жалқы мен жалпының үйлесімді жалғасы, этногенездік әрі жаһандық пәлсапаның нәтижесі деп танылуда. Осыған орай, ғалымның «ұлт – тіл – таным» мәселелерінің сабақтастығынан бастау алған ғылыми идеясы, шын мәнінде, тіл ғылымының, оның теориялық ілімдерінің басты өзегін құрап отыр.

Әдістеме. Бүгінде баланың танымдық дамуын, түсінік пен пайым ұғымдарын, хабарды өңдеу амалдарын, когнитивтік психология мен лингвистика мәселелерін қарастырат ғылыми-теориялық аспектілердің барлығы дерлік жады ұғымымен байланыстырылады, себебі зерттеушілер жадының алуан түрлі типтерін анықтау барысында қайшылықтар жүйесінің де орын алатынын талдау нысаны етті. Айталық, Ч.Осгуд ортақ жүйке жүйесінің құрылғысын айқындай отырып, лексикон, оператор,

буфер ұғымдарына тоқталып, оларды жадының түрлері деп сипаттады. Ғалым лексиконды жадының “қор жинау” бөлімін құрайтын көрсеткіш ретінде емес, динамикалық дамуын айғақтайтын құрал есебінде бағалады, өйткені лексикон сөйлесімді қабылдау барысындағы хабарды өңдеуді және оның бір кодтан екіншісіне ауысуын қамтамасыз етеді. Оператор мен буфер де қысқа мерзімде жұмыс істей отырып, жады арқылы сақталған мәліметті ұзақ уақыт ұмытпау қабілетіне ие болады. Кез келген жағдайды түсініп бағалай білу қасиеті оны өткен тәжірибемен салыстыру арқылы, яғни жадыда орныққан мәліметтерді жандандырудың көмегімен жүзеге асатындықтан, А.Р.Лурия: “Жады арқылы біз өткен тәжірибенің ізімен жаңа құбылыстарды сақтауға, керек кезінде қайта жаңғыртуға және адамға әсер етуден қалған сигналдар жүйесіне көңіл бөлуге мүмкіндік аламыз” [2; 7] деп есептеді. Демек, жады негізінде адамның сақтау қабілеті іске асатындықтан, оның табиғатын анықтау мақсатында ғалымдар екі түрлі көзқарасты қолдап келеді. Біріншіден, жады қызметі мидың жоғарыда келтірілген қабылдау, сақтау, әртүрлі әсерлер мен сезімдерді қайталау әрекеттерімен тығыз байланысты болса; екіншіден, жады негізінде бейнелерді салыстыратын, нақтылау арқылы қабылдайтын қасиеттер шоғырланатыны анықталды [3; 351]. Аталған екі тұжырым да жадының кез келген ақпаратты есте сақтар және қажет кезінде сыртқа шығарар қызметіне негізделіп жасалған. Осыған орай, В.Н.Крысько жадының негізгі түрлерін сипаттайтын ерекшеліктер қатарында келесі мәселелерге назар аударды:

- көріп бейнелеуге негізделетін жады әрекеті; олар: адамның көру, есту, иіс сезу қабілеттері;
- сөзді-логикалық жады қызметі; ол баяндау мазмұны мен логикасынан бастау алады;
- адамның қимыл-әрекетіне негізделетін жадының қызметі;
- эмоционалды жадының өзгешелігі немесе адамның көңіл-күйі мен ішкі толқуларын сипаттайтын өзгешеліктер жігі [4; 88].

Осы қатарда тіл мен оның қорын да танымдық жады қызметінің нәтижесі деп бағалау аса маңызды. Қазақ тіл білімінің қазіргі даму сипатын жан-жақты айқындау тіл ғылымын жаңа ізденістермен, теориялық ілімдермен, қайталанбас идеялық мазмұнмен толықтырған ғалымдардың еңбектері арқасында мүмкін болып отыр. “...этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып білудің өлшемі де – сол тіл т.т. Осының бәрі “тіл әлемінен” табылады. “Адамтану”, “Қоғамтану”, “Табиғаттану” деп аталатын ғылыми салалардың қалыптасуына негіз болатын да, біле білсек, осы “тіл әлемі” [5; 11] деген Ә. Қайдар пікірі соған дәлел. Тілдің қоғамдық функциясына жете назар аударып, оның заман талабына сай жаңа әлеуметтік уәкілеттілікпен қамтамасыз етілу қажеттігін негізге алған Ә.Қайдардың “Языковое строительство в Казахстане и развитие национальных языков” [1972], “Қостілділікті ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселелері жайында” [1979], “Саяхатшы сөз” [1984], “Терминология көкжиегі” [1984], “Тіл байлығы – рухани қазына” [1991], “Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас” [1993], “Халық та, тіл де мәңгілікті қалайды” [1996] және т.б. ғылыми мақалалары мен зерттеулері Қазақстандағы тілдік жағдай мен тілдік реформаларға етене араласуынан дүниеге келген. Тіл мен қоғам ұғымдарының тығыз байланыста дамып отыратындығына жете мән берген ғалым тілдің әлеуметтік сипатын оның тарихи қалыптасуымен, әртүрлі қоғамдық формациялардан өту ерекшелігімен сабақтастырған, осыған орай, тілдер байланысын немесе “тілара контакт» мәселелерін Ә.Қайдар жалпы генезис проблемаларымен ұштастыра зерттеу керектігін өзектеген. Тілші кез келген ассимиляция процесіне не болмаса қарым-қатынас нәтижелеріне « бір жақты, бір бағытта ғана болатын» емес, “екі жаққа бірдей ықпал жасайтын” өзгерістер деп қарау қажеттігін дәлелдейді. Автор тілімізде кездесетін кірме сөздердің шығу тегі мен ауысу себебіне, табиғи өзгешелігіне тоқтала отырып, тілдің қоғамдық кеңістікте өмір сүру принциптерін түсіндіреді. “Түркі тілдерінің ішінде өзінің тұтастығын, монолиттігін, тазалығын, өзіне тән ұлттық ерекшелігін өз бойында көбірек сақтап келе жатқан қазақ тілінің лексикалық байлығында да шет тіл элементтері көптеп кездеседі” [5; 55] дей келе, тілші қазақ тіліндегі араб-парсы сөздеріне, қазақ-монғол, қазақ-орыс тілдерінің қарым-қатынасына талдау жасайды, сол арқылы тіл-тілде орын алған гомогенді ұқсастықтарға яки гетерогенді айырмашылықтарға сипаттама береді. Айталық, қазақ-орыс тілдеріндегі айтылуы мен мағынасы бір-біріне ұқсас болып келетін бірліктер қатарында автор “бұр – бурить, шап беру – цапать, тасу – таскать, жұму – сжимать, талқанда – толочь...” сынды сөздерді атайды. Бұл тілдік ұқсастықтардың себебін ғалым адамның универсалды дамуынан, жан-жағын танудағы ұқсас әрекетінен әрі “ұлттық сана, ой-өрісінің кеңеюіне қажетті шарттардың бірі – алыс-жақын, көршілес елдермен жіті араласу, рухани-мәдени алмасу” [6; 4] салдарынан өрбіте түсіндіреді.

Нәтижелер. Лингвистикалық тұжырымдамалардың аса құнды желісін ғалымның тарихи және тарихи-салыстырмалы зерттеулері құрайды. Тарихи жады мен тілдік бірліктердің түптөркінін, алғашқы түркілік элементтердің рухани болмыс-бітімін, ұлттық танымның негізін сұрыптаған еңбектерге ғалымның “Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы”[1969], “Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері”[1988], “Структура односложных корней и основ в казахском языке”[1986], “Қаңлы: тарихи шежіре”[2004], “Халық даналығы. (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)”[2004] сияқты жұмыстарын жатқызуға болады. Тіл білімінің тарихпен байланысын тілші халықтың ұлттық қалыптасуымен, мәдени өркендеуімен, әлеуметтік саралануымен, уақытпен қалыптасқан жадының маңызды қызметімен ажырамас бірлікте қарастырды. Сол себепті Ә.Қайдар еңбектерінде тілдің лексикалық жүйесі де, морфологиялық құрылымы да, синтаксистік қызметі де – бәрі ұлттық сананың дамуымен қатарласа, қоғамдағы базис, қондырма ұғымдарымен сабақтаса, кешегі мен бүгінгі тоғыстыра анықталады. “...тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді”[5; 50] деп автордың өзі атап көрсеткендей, тіл ғылымының тарихи аспектісі бүкіл этникалық сұрыпталудың экстралингвистикалық болмысын дәйектеуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, кез келген тілді оның тарихымен, халықтық сипатымен, өсу-өркендеу жолымен айқындау қажеттігін ғалым өз зерттеулерінің негізгі нысаны етеді. Тілдің номинативті мағынаны білдіретін лексикалық бірліктерден құралатынын басшылыққа ала отырып, тілші сөз төркінін гомо-және гетерогенді фактілерге сүйене талдады. Ғалымның ғылыми-теориялық қорытындылары, тілтанымдық зерттеулері қазақ тілінің мәртебесін көтерер, әлемдік деңгейдегі өзіндік лингвистикалық мектебінің мақсат-міндеттерін айқындар, азаматтық-рухани болмыстың ұлттық парызбен сабақтасатын ерекшеліктерін дәлелдейтін құнды еңбектер қатарын құраумен бірге, “тарихи танымды” сөз етуге, оны “ұлағатты да, күрделі де, жауапты, жадыгерлік ұғым”[7; 4] ретінде бағалауға, сол арқылы тілтанымдық жадының ерекшелігін талдауға мүмкіндік беретін терең пәлсапалы ізденістер болып табылады.

Талқылау. “Әрбір халық өзін-өзі дана санайды. Бұл – заңды да түсінікті құбылыс. Өйткені, этностың халық болып қалыптасуының өзі дамудың барлық деңгейінен өтіп, санасы өсіп, дүниетанымы кеңейіп, рухани марқаюына, даналар мен білікті-білгірлердің талғам-танымна, ой-өрісіне, даналығына тікелей байланысты”[6; 4] деген тұжырым арқылы тілші барша халықтардың этникалық ерекшеліктерін тоғыстыра отырып, қазақ тіл білімінде, шын мәнінде, ұлттық әрі әлеуметтік танымның тілдік негіздерін дәйектеді. Зерттеулерін “таным”, “көзқарас”, “қор”, “сана”, “дүниетану”, “жады”, “зерде” ұғымдарымен байланыстыра айғақтаған Ә.Қайдар қазақ лингвистикасын жаңа логика-философиялық арнаға бағыттаумен қатар, тіл ғылымында ерекше танымдық үрдістің негізделіп орнығуына тікелей әсер етті. “Халық даналығының» түп мақсаты – зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, ментальдық қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең біліп, дүниетанымызды кеңейте түсу”[6; 5] болып табылатындықтан, авторлық ізденістердің маңызды бөлігін мақал-мәтелдер табиғатын зерделеу, оның шығу тарихын анықтау, сол арқылы халықтық танымның құрамды бөліктерін сұрыптау, олардың “даналық қорға”, ұрпақтан ұрпаққа жетер “бай қазынаға”, “рухани мирасқа” айналу жолдарын айқындау мәселелері құрады. Ғалым оларды “өзінің түп негізіне жеке бастың рухани табысы, әр замандағы даналардың қоғамдық өмірге деген көзқарасы, өзіндік таным”[6; 4] деп сипаттай келе, тіл мен тілдік деректердің қалыптасуындағы “адам факторын”[6; 41] өзектеді. Сөйтіп, адамға тән танымдық, талғамдық қасиеттерді этникалық жады мен қоғамдық дамудың қайнар көзі, сарқылмас бастауы деп бағалады.

Ә.Қайдар қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың маңыздылығына мән бере келе, когнитивті ұғымдардың өзгеше сабақтастығына негізделген пікірлер тізбегін ұсынды. Айталық, мақал-мәтелдердің пайда болу себептері қатарында “саналы қауымның өзі өмір сүрген табиғи ортаны, табиғат құбылыстарын танып білу”[6; 6] мүмкіндіктерін қарастырған тілші “елдің жадысы”, “қоғам жадысы”, “халық жадысы” сияқты тіркестерді пайдалану арқылы этнотанымдық феномен табиғатын дәйектеді, соның негізінде тілдің өзге қызметтері қатарында оның “кумулятивті функциясын”[6; 14] осы сирек кездесетін құбылыстан, оның жүзеге асу заңдылықтарынан туындайтын өзгешелік деп анықтады. Нәтижесінде тілтанымдық зерделеудің келесі сатысы “қор”, “қордаланған жиынтық”, яғни “ұлт тарихы мен менталитетіне, сана-сезіміне, өзіндік болмысына қажетті рухани құндылықтарын өз бойында сақтап, келесі ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыратын қасиеті” сараланды. Ол жадыда

сақталатын деректер мен мәліметтердің жиынтығын құраумен шектеліп қана қоймайды, соған қоса адам механизмінде жүзеге асатын түрлі құрылғылар мен тетіктердің автоматты әрекеттерін реттеуге әрі аса маңызды рухани міндеттерді шешуге ат салысты. Тілдік жады қызметінің нәтижесінде білім мен тәжірибе арқылы жиналған қор адамдардың “өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сна, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға”, “есте жоқ ескі замандардың сарынын аңғарып, тарихи дәуірлердің дүбірін сезінуге”[6; 23-24], “болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдар айтуға...”, “...адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықты бағалауға”[6; 31] көмектеседі деп есептелді. Осы орайда тілші “даналық қорды”екі жақты процестердің “ұйытқысы”деп айқындады. Оның бірін “көненің көзіндей болған...ескі дүние”құраса, екіншісіне “замана талабына сай жаңғыратын, жаңа ұғым-түсініктермен толығатын”жаңару процесі жатқызылды.

“Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – “тіл әлемін” этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес” [5; 11] деген Ә. Қайдар сөзіне жүгінер болсақ, тіл, шын мәнінде, барша адамзат атаулының маңызды қарым-қатынас құралы, ұлттық табиғатын, өсу-өркендеу жолын танытушы құндылығы. Қазақ тіл білімінде алғаш рет “этностық таным” мәселесін көтере отырып, ғалым халық пен тіл ұғымдарының ортақ мүддесін “этностың шығу тегін, қауым ретінде қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын (яғни рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүр, тіршілік-тірлік көздерін, ұлттық дүниетаным мен металитетін т.б.) паш ете” [5; 10] білумен сабақтастырды. Тілдік зерттеулерін “тілтанудың”[5; 117] ғылыми-теориялық сипатын анықтауға бағыттаған ғалым халықтың “тұтас бейнесін”“тіл қазынасы”[5; 11] арқылы сомдау қажеттігіне ерекше назар аударды. Автор “этнос болмысын” әрі “этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық” тұрғысынан, әрі оның “өмір-тіршілігінің айнасы... тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы” деп қарастырды, сол арқылы халық ұғымын таным, қазына, қор, жады сияқты когнитивтік терминдер көмегімен түсіндіре келе, тілдік талдауларына образды суреттемелерді, танымдық ұстанымдарды, экстралингвистикалық уәждерді арқау етті. Ә. Қайдар қабылдауындағы “тіл әлемі” – бұл “этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктер жиынтығы, синтезі”, сондықтан оны ғалым глоттогенез бен этногенез [5; 51] мәселелерін шешуге көмектесетін “этностың өзін танып-білуінің қайнар көзі” деп ұғынды.

Халық тілін анықтау, оның қоршаған әлеммен сабақтастығын саралау, соның негізінде танымдық қордың тілдік табиғатын жүйелеу “этнос болмысының” құрамды бөліктерін кең көлемде зерттеуге мүмкіндік беретіні даусыз, өйткені “әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады”[5; 140]. Тіл мен халық ұғымдарының арақатынасын танымдық ұстанымдарға сүйене байланыстырған ғалым “тіл әлемінің” құдыретін алдымен “сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың”[5; 50] тыныс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен сабақтастыра дәйектеді, сол себепті “этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлықтағы құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзі көрсететін айна іспеттес” [5; 11] деген қағиданы ұстанды.

Әр ұрпақ өзіне жеткен мұраны толықтырып, нығайту негізінде тілдің уақыт пен заман талабына сай келетін қоғам, ғылым, мәдениет, өндіріс қажеттіліктерін өтер қабілетін де назардан тыс қалдырмайтындықтан, ғалымдар тілді қоғамдық құбылыс ретінде, ал тіл білімін қоғамдық ғылым ретінде қарастыру керектігін дәлелдей түсті. “Қазір ақпараттар заманы, ақпараттық қоғам өмірде жаңа үрдістерге жол ашты, шешендіктің жаңа түрін туғызды. Қазіргі шешендіктің басты міндеті – ұлттың рухани мәдениетін бойына сіңірген, қоғамдағы өзгерістерді ақыл-ой зердесінен өткізіп, ой қорытындысын жасай білетін, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, көпшілік алдына шығып шешіліп сөйлеп, өз пікірін саналы қорғай алатын, жұртшылыққа ой тастап, іске жұмылдыра алатын қабілетті адамдарды қалыптастыру”[8; 4] болып табылатындықтан, тілдің қоғамдық-әлеуметтік принциптерін анықтау, адам ойының әрекеті, үздіксіз тануы мен пайымдауының келбеті іспеттес психофизиологиялық, пәлсапалық өлшемдерін қалыптастыру қазіргі лингвистикалық ізденістердің өзгеше лебін құрау үстінде, сондықтан адам мен қоғам ұғымдарынан туындайтын, олардың өмір

сүру, әрекет ету тәсілі болып табылатын тіл лингвистердің еңбектерінде, ең алдымен, қоғамдық фактор ретінде және оның маңызды құрамды бөлшегі есебінде әрі халықтық танымның ажырамас белгісі ретінде пайымдалып талданды. Сөйтіп, дәстүрлі жолдың жалғасын құраған бұл зерттеулер заман талабына сай жаңарып та, жаңғырып та отырғандықтан, маңызды да өзекті тұжырымдамаларды таза когнитивті түйіндерден гөрі, тілтанымдық “этиодтер” қатарында зерделеген дұрыс деп қорытындыладық, өйткені ғалым Ә.Қайдардың айтуына қарағанда, “этиод” дегеніміздің өзі “түсініктемелер, анықтамалар, мағлұматтар, топшылаулар” [5; 27] тізбегі болып табылады. Осы бағытта қазақ лингвистикасындағы тілтанымдық үдерістің айқын айғағын құраған маңызды шарттардың бірі – мәдениет константтарының, символдық ұғымдардың тілдік талдауларға қатысуы. Бұл ретте ғалым Ә.Қайдардың тарих пен таным негіздерін сабақтастырған “Қаңлы” зерттеуіне мән берген орынды. Қазақ халқының этнотанымдық, ұлттық-мәдени, әлеуметтік, психологиялық өзгешеліктерін қатар талдауына арқау еткен бұл ғылыми жұмыстың, біріншіден, тілтанымның халықтық негіздерін сипттауда орны ерекше болса; екіншіден, мәдени бірліктердің ұлттық табиғатын зерделеуде де атқарар қызметі айрықша. Тілші тарихтану мен мәдениет константтарын байланыстыра отырып, ру-тайпалық қалыптасудың, халықтық дәстүрдің, ұлттық өркендеудің, мәдени өрлеудің сатылы көрсеткіштерін тарту етті. Айталық, “Рәміздер деп отырғанымыз – түркі, моңғол т.б. алтай тобына жататын көшпелі тайпалар мен ұлыстардың тұрмыс-салтында сонау көне замандардан бері келе жатқан, о баста көшпелі елдердің мал шаруашылығына қатысты меншіктілікке, одан дамып, аталық рулық, тайпалық ұлыстық жіктелуге байланысты пайда болған сол меншіктілік пен өзара жіктелуді тұрақты түрде айқындап, айыру үшін зеректікпен ойлап табылған символдық белгілер” [7; 128] деп атап көрсете келе, Ә.Қайдар ұлттық-мәдени белгілердің тұрмыс-салт дәстүрімен, халықтық сананың тарихи қалыптасуымен әрі танымдық қабылдаудың әлеуметтік- кәсіби ерекшеліктерге ұласу сипатымен байланысқан табиғатын тілтанымдық факторлардың маңызды бөлігі ретінде талдап айқындайды. Автор ұранды сөздер мен рулық-тайпалық символдардың, таңбалардың алғаш пайда болуын қоршаған дүние заңдылықтарымен, этнотанымдық мүдделермен, олардың жүзеге асу қағидаттарымен сабақтастырады. “Ру-тайпа, ұлыстар арасында болып тұратын ұрыс-керіс, не жаугершілік кезінде ата-баба аруағын шақырып, ер намысын қоздырып, жұртты ру-тайпа мүддесіне жұмылдыру үшін қолданылған ұранды сөздер пайда болған...” [7; 128]. Демек, сөз құдіретін жоғары бағалаған қазақ халқының зерде-пайымы қоғамдық қалыптасудың нормаларымен қатар, оның мифотанымдық үдеріспен ұштасу негіздеріне, әлемді өзінше тану ұстанымдарына және олардың жадыда сақталар мән-мағынасына зейін қою, ойлау, бейнелеу, балау әрекеттеріне байланысты дамып жетіліп отырды.

Қорытынды. Тілдік қордың толығу жолдарын құрайтын мәселелер қатарында қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары, түркітанудың беделді тұлғалары сөз мағынасының дамуына, кірме сөздер табиғатына, деривациялық амалдарға, қосымшалар қызметіне ден қойып келеді. Қазақ тіл білімінде синкретизмнің, XIII-XIV ғасырлардағы ескі қыпшақ ескерткіштері тілінің сөздік құрамының, XI-XV ғасырлардағы ескерткіштер тілінің, тарихи грамматика негіздерінің, сөз этимологиясының, түбір морфемалардың, жалпы түркітану мәселелерінің қалыптасып, өзектелуі М.Томанов, Қ.Өмірәлиев, Ә.Құрышжанов, Ә.Қайдар, Ә.Ибатов және т.б. көрнекті ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. Бүгінгі күні аталмыш проблема “аффикстердің эволюциясы”, “семантикалық деривация” секілді өзге де ұғымдардың кең көлемде зерттелуімен сипатталады. Лингвистикалық уәждермен қатар, “көптеген ішкі-сыртқы әсерлерге” [9; 19] назар аударған зерттеушілер “Сөздің білдіретін мағынасының өзгеруінің басты себебі – экстралингвистикалық факторлар” [10; 17] екенін қолдай отырып, сөздік құрамның дамуын “сөз бен мағына бірлігінің гносеологиялық, семиотикалық және семантикалық аспектілерімен” [10; 17] байланыстырды. Осыған орай, тілдік құралдардың құрамдық бірліктерін тарихи таным негіздеріне арқау еткен тілшілер тілдік жады арқылы өзектелетін маңызды тілтанымдық арнаның негізін қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Леонтьев А. А. *Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания*. – М.: «Наука», 1969. – 307 с.
- 2 Лурия А.Р. *Основные явления и виды памяти (Курс общей психологии, лекция 29-ая)* - М., 1964.
- 3 Гальперин П.Я. *Лекции по психологии*. – М.: КДУ, 2005. – 400с.
- 4 Крысько В.Г. *Психология и педагогика: курс лекций* - М.: Издательство Омега-Л., 2006 - 368 с.
- 5 Қайдар Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. – Алматы: « Ана тілі», 1998. – 304 б.

6 Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоганай Т., 2004. – 560 б.

7 Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 610 б.

8 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2004. – 53 б.

9 Тектізүл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 303 б.

10 Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы: Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 212 б.

ҒТАХР 16.01.11

Досова А., ¹ Испандиярова А. ²

^{1,2} А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Қостанай Қазақстан

«БАЛА» КОНЦЕПТИСІНІҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа

Ғылымның дамуы жаңаша зерттеулерді талап етеді. Осы жаңаға деген ізденіс қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы концепті зерттеуге, оны нақты дәлелдер негізінде көрсетуге бағытталған еңбектердің көбейіп келе жатқаны анық. Дегенмен халқымыздың дүниені танып-білудегі біліміне сәйкес Қазақ мәдениетіндегі «бала» концептісін тіл байлығы арқылы көрсету, жаңа бағытта егжей-тегжейлі зерттеу міндеті толық орындалмаған десек те болады. Осыған байланысты ұлтымыздың болмысына, дүниетанымына, рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес баланың қоғамдағы, жанұядағы әлеуметтік маңыздылығымен сабақтас анықтау проблемасын халқымыздың танымдық ой-қорында тіл арқылы жылдар мен ғасырлар бойы жинақталған бала концептісі арқылы дәлелді зерттеудің мәні ерекше. Мақалада қазақ ұлтының дүниетанымындағы «бала» семантикалық кеңістігінің мәні ашылып, қазақ жазушысы Т.Ахтановтың көркем шығармасына концептологиялық талдау жүргізілген. «Бала» семантикалық кеңістігін зерттеудің теориялық базасы мен әдістері айқындалған. Қазіргі қазақ әдеби тілінде «бала» концептісін репрезентациялаудың лексикалық құралдарының қызметі анықталған.

Түйін сөздер: «бала» концептісі, лингвистика, лингвотаным, фразеология, ұғым, дүниетаным

Dossova A., ¹ Ispandiyarova A. ²

^{1,2} A. Baitursynov Kostanay State University,
Kostanay, Kazakhstan

THE LINGUISTIC ASPECT OF THE CONCEPT OF «CHILD»

Abstract

The development of science requires new research. Obviously, the search for this innovation is growing in the Kazakh language, the main category of cognitive linguistics is the study of the concept, the presentation of which is based on specific facts. However, in accordance with the knowledge of our people about the world, we can say that the concept of “child” in the Kazakh culture through the wealth of the country, a detailed study of the new direction was not fully implemented. In this regard, it is important to study the problem of determining the social significance of the child in society, in the family in accordance with the nature, worldview, spiritual and cultural values of our nation through the concept of the child, accumulated over the centuries. The article reveals the essence of the semantic space “child” in the worldview of the Kazakh nation, a conceptual analysis of the works of the Kazakh writer T. Akhtanov is

carried out. The theoretical foundations and methods of studying the semantic space of the "child" are determined.

In the modern Kazakh literary world, the function of lexical means of representing the concept of "child" is defined.

Keywords: the concept of «child», linguistics, linguoculturology, phraseology, concepts, worldview

Досова А.,¹ Испандиярова А.²

^{1,2} Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова,
г. Костанай, Казахстан

ЯЗЫКОВОЙ АСПЕКТ КОНЦЕПТА «РЕБЕНОК»

Аннотация

Развитие науки требует новых исследований. Очевидно, что поиск этого нововведения растет в казахском языке. Основной категорией когнитивной лингвистики является изучение концепции, представление которой основано на конкретных фактах. Однако, в соответствии со знаниями нашего народа о мире можно сказать, что понятие «ребенок» в казахской культуре через богатство страны, детальное изучение нового направления не было полностью реализовано. В связи с этим важно изучить проблему определения социальной значимости ребенка в обществе, в семье в соответствии с природой, мировоззрением, духовными и культурными ценностями нашей нации через концепцию ребенка, накопленную за века. В статье раскрывается сущность смыслового пространства «ребенок» в мировоззрении казахской нации, проводится концептуальный анализ произведений казахского писателя Т. Ахтанова. Определены теоретические основы и методы изучения семантического пространства «ребенка». В современном казахском литературном мире определена функция лексических средств репрезентации понятия «ребенок».

Ключевые слова: концепт «ребенок», лингвистика, лингвокультурология, фразеология, концепт, мировоззрение

Кіріспе. Бұл мақала тақырыбының өзектілігі халқымыздың танымдық ой-қорында тіл арқылы жылдар мен ғасырлар бойы жинақталған бала ұғымын ұлтымыздың болмысына, дүниетанымына, рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес қарастыру және қазіргі қазақ қоғамындағы «бала» концептісінің даму динамикасын, жаңару үрдісін анықтау болып табылады.

Қазақ тіліндегі «бала» концептілерін репрезентациялау құралдарын лексикалық және фразеологиялық бірліктер; мақал-мәтелдер; мәтіндік бірліктер құрайды.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі «бала» семантикалық кеңістігінің көлемін көрсету, «бала» семантикалық кеңістігіне кіретін бірліктерге талдау жүргізу, «бала» концептінің мазмұнын қалыптастырудағы ролін белгілеу, концептіні сипаттау кезінде лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу қазақ дүниетанымынлағы «бала» ұғымының тілдік суретін анықтайды.

Өз тіліміздегі «бала» концептісіне қатысты атауларды, тілдік бірліктерді, ұлттық санамызда қалыптасқан түсініктерді, қазіргі көркем мәтіндердегі «бала» концептісін дәлелдейтін материалдарды зерттеу ұлтымыздың балаға деген көзқарасын, дүниетанымын тануға, ұлттық мәдениетіміздегі бала концептісінің алар орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Әдістеме. Теориялық – әдіснамалық негізі болып концептілерді сипаттаудың теориялық және әдіснамалық базасын қалыптастырушы Ю.С. Степановтың [1], Н.Д. Арутюнованың [2] идеялары болып табылады және қазақ ғалымдары Ә.Қайдар [3], Н.Уәли [4], Ж.Манкеева [5], Г.Смағұлова [6], Қ.Жаманбаева [7] т.б. жаңашыл зерттеулеріне сүйеніп отырмыз.

Зерттеу әдістері: бақылау, талдау, аналогия, салыстыру, жалпығылыми талдау.

Нәтижелері. Жер бетіндегі ең жоғары сананың иесі – адам. Адам жер бетінде жаратылған күннен бастап тынымсыз даму үстінде. Оның бірден-бір дамуының үлкен жемісі – тілі. Адамзат әлемде көптеген тілді жарата отырып, өзінің өткені мен бүгінін есте сақтап, өзіндік ізін жалғауда. Тіл – белгілі бір нәсілдің, я елдің, я ұлттың өзіндік ерекшелігін, өмірлік түсінігін, тарихын, мәдениеті мен тұрмысын, тіпті оның өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, өзінен кейінгілерге табыстайтын ұлы қазынасы. Сондықтан тілді зерттеу қай кезеңде де өзекті болды, ал адамның тілді зерттеудегі қызығушылығы, оның өзін танып білуге деген мүмкіндіктерін аша түсті. Қазіргі таңда осы танып-

білуге деген ұмтылыс «адамның тілі» немесе «тілдегі адам» мәселелерін қарастыруға бет алды. Адамның тілге, тілдің адамға өзара ықпал етуінен туындаған салалар тілді когнитивті лингвистикада қарастыруда.

Адамды зерттеу проблемасын лингвистикада қарастыруға болады, оның негізгі ережелері біздің ойымызша, Н.Д.Арутюнованың «Логический анализ языка. Образ человека в культуре и языке» (Тілдің логикалық талдауы. Мәдениет пен тілдегі адам бейнесі) атты ғылыми мақалалар жинағының кіріспесінде: «Адам феноменін тануға деген жолды гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары, өнер және тіл салады. Егер құдай адамды жаратса, онда адам өзінің ең ұлы туындысы – тілді жасап алды. Егер құдай өзінің бейнесін адамға түсірсе, онда адам өз бейнесін тілге түсірді. Ол өзі жайында білгенін және басқаларға хабарлағысы келгеннің бәрін тілде көрсетті. Адам өзінің физикалық келбетін, ішкі жан-дүниесін, эмоцияларын және ой – өрісін, өзінің заттық және беймәлім әлемге, жердегі және ғарыштағы табиғатқа деген қарым-қатынасын, өзінің іс-қимылдарына, адамдардың ұжымына және басқа адамға деген көзқарасын тілге түсіре алды. Ол тілге өзінің ойының бастамасын және шығармашылыққа қабілетін берді. Адам өзін табиғи объектілердің есімдерімен бейнелеп, оларға утилитарлық және эстетикалық баға берді. Тіпті, әрбір сөзде адамның іздерін табуға болады» [2, 4 б.] – деп, баяндалады.

Адам өзінің бар болмысын ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткізіп отырады. Ұрпақ – жеткізуші объект болса, тіл – жеткізуші құрал. Адам өмірінде ұрпақтың, яғни баланың және тілдің алатын орны ерекше. Соның ішінде, қазақ халқы үшін бала мен тіл басты назарда. Қазақ шешендік өнерді қасиет тұтқан. Ата-бабаларымыз бір сөзбен-ақ бар дауды шешіп, сөзге тоқтаған. Ал бала тәрбиесі жар таңдаудан да әріде жатыр. Яғни, ұлтымыз балаға көп көңіл бөлген. Себебі жоғарыда айтылғандай ұрпақ – тілде көрініс тапқан бар білімді, мәдениет пен тарихты, салт-дәстүрді, ұлттық құндылықты сақтаушы. Мақаламызды осы тақырып аясында алу себебіміз, «бала» концептісін зерттеу ауқымы кең, бір концептіден екінші концептінің туындауына әсер етуші. «Бала» сөзін жай ғана қарастыра отырғанның өзінде, «ұрпақ, ата-ана, отбасы, өмір мәні т.б.» сияқты ассоциациялар, адам өмірінің маңызды бөліктері шыға түседі. Ал ұлтымыздың сана-сезімінде балаға қатысты берер ақпараты өте көп. Оны зерттеп, тану үшін когнитивті лингвистиканың «концепт» ұғымына жүгінеміз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бала» сөзі:

Бала I 1. Сәби, нәресте, бөбек.

2. Ата-ананың перзенті, ұрпақ, тұқым.

3. Жан-жануардың күшігі, балапаны.

4. Ауысп. Ержетіп, ысылмаған, балғын, жас.

Бала II тең көру, бірдей санау, жақсылыққа балау.

Бала басты – көпбалалы. *Бала көкірек* – баланың кіршіксіз пәк ойы. *Бала көтерді* – екіқабат болды. *Бала мінезді* – аңқау, аңғырт. *Бала өркеш* – айыр түйелердің әбден семіргендегі тікірейген өркеші. *Бала сүйді* – балалы болды [8,103 б.].

Фразеологизмдер қатарында *бала* сөзі жалпылама көптеген адамдар атауымен үйлеседі, белгілі бір бірлестікпен адамның тығыз байланысты мәнін білдіреді: *адам баласы, Алаштың баласы, қазақ баласы, әйел баласы, мұсылман баласы*.

Бала ұғымы әдет-ғұрыпқа байланысты этнографиялық сипаттағы фразеологизмдер арқылы ашылады.

баланын алымы – әлі сөйлеп үйренбеген балаға ең алғаш біреудің үйіне келгенде сый-құрмет көрсету әдет-ғұрпы. Бұл әдет-ғұрып біздің уақытта да бар;

қара домалақ бала – тіл-көзден сақтау мақсатында айтылатын байырғы әдет-ғұрып;

бала тышты – баланы бесікке бірінші рет бөлеу үрдісінде жасалатын әдет-ғұрып. Бесіктің шүмегіне өткізу *бала тышты* сөзі арқылы тәттілерді себеді, содан кейін басқа балаларға тарататын ғұрып. Бұл имитативті магия түрінің бір бөлігі сияқты, себебі баланың асқазаны дұрыс жұмыс істеуіне әсер етеді.

Әдетте, *бала* концептісіне байланысты қандай да бір мәдениеттің өмірлік жағдайын келтіру, көптеген мәселелерін шешу мақал – мәтелдерден көрініс табады. Мысалы, *Бала-артта қалған із, Бақыт – ұзатылған қыз*. Бұл паремияда *бала* сөзі «ұл» дегенді білдіреді. «Әр адамға оның ұлы, өзі өсірген, тәрбиелеген, аяққа тұрғызған, бұл да оның ізі. Қызының арқасында ол туған-туысқан-дарының шеңберін кеңейтті (Құда, күйеу, жиендер), ол құрметке бөленген, сыйлы адам» [3, 232 б.].

Талқылау. Т.Ахтанов романдарындағы ең ірі концептілік жүйе құрай алатын концепт – бала концепциясы. Ол эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдары арқылы, сондай-ақ еркін сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер арқылы көрініс тапқан. Мысалы,

Теңеулер: «**балаша** жайнаңдап мәз болу»; «дүшпанымен қанжоса болып төбелесіп жатқан үлкен палуанның артында бұғып тұрған **бала сияқты** сезіну»; «**баладай** күту»; «жапанда жалғыз қалған қорғансыз мүсәпір **бала сияқты**»; «**балаша** қапсыра құшақтау»; «оттан құтқарып алған **баладай**», «**балаша** мәз қылды», «баланың үлкенге айтқан сөзіндей», «әкесінің қолынан бұлқынып шыға алмаған **жас баладай**», «базардан шешесі қайтқан **баладай**», «ағасының мойнына асылған **баладай**», «шешесінің етегіне тығылған **жас баладай**», «қолына өткір пышақ ұстаған есалаң **бала тұрғандай**», «бейне өлік жатқан бөлмеде **ойнап жүрген баладай**» «намазға жығылған үлкендердің қасындағы **баладай**», «кенет бір нәрсені бүлдіріп алған **баладай**»; «**баланы мүсіркегендей**»; «төбелеске құныққан **баладай**»; «ең жақын адамына арқа сүйейтін **баланың көзқарасы**».

Мақалдар: Бала адамның бауыр еті;

Кісі баласы кекшіл;

Жетім бала кекшіл;

Бала көңілі намысшыл;

Сәбиді хайуан да аяйды

Балалық деурлық жатпаст.б.

Тұрақты тіркестер: жас иіс; сәби көкірек; жастық шақ; шекесі торсықтай ұл; балалық шақ; баламен бала болу; бір перзенттің зары; уылжыған нәресте т.б.

Сөздер: нәресте, перзент, балалық, сәби;

Сөз тіркестері: балалықпен қоштасу; балалық мекен; балалық шақтың тәтті елестері; жазығы жоқ балалық ұғым; бала кездегі күнәсіз қиял т.б.

Қанатты сөздер: «Бала кезінде кісі қиялышыл болады»;

«Жазығы жоқ балалық ұғым кейде арылмас өкінішке де ұрындырады» т.б.

«Бала деген сезімтал зой, кейде үлкенді алдап кететін жерден баланы алдай алмайсың» [9,41 б.]. «Бала қасіреті тез ұмыт болады» [9,78 б.].

Бала концептісін мәтін деңгейінде қарастырап болсақ, ол әңгімелеу, сондай-ақ ойталқы формаларында беріліп отырады. Мысалы, әңгімелеу:

«О, гажап, осы аласапыранның арасында балалар ойнап жүр...балалар уайым-қайғыны ұмытқан: күліп, айғайлап, жұрт сапырылысқан перронда асыр салады, буып-түйіп қойған жүктің үстіне шығып, төмен қарай секіреді, жұрттың осы дүрліге көшуінің өзі оларға қызық думан сияқты. Томпаң-томпаң етіп, қызықтары басылар емес» [9,52 б.]. Жоғарыдағы мәтіндегі «аласапыранның арасында балалар ойнап жүр» деген тіркесте автордың бала туралы негізгі ойы берілген. Бұл «баланың аты бала, соғыста да, қандай қиын жағдайда да бала балалығын жасайды» деген тұжырымдамаға саяды.

Мына ойталқыда қазақ халқының бала туралы ұлттық дүниетанымы көрініс тапқан: «Қазақ баланы «періште» дейді, баланың аузынан жақсы сөз шықса, оны аузына «құдай салды» деп қуанады, сәбидің тілегі қабыл болатынына ешкім шек келтірмейді». Менің өзім орта білім алсам да қазақша тәрбиелендім, құдайға сенбесем де, қазақтың көп ырымына сенемін, әсіресе бала туралы айтылғандарына күмәнім жоқ. Мына ойнап жүрген балаларға қарап бойыма бір бейбіт тыныштық тарап келеді; осылардың мына алаңсыз бейқамдығын, сәби қуанышын бұзуга...» [9,53 б.]. Баланы періште деп санаған ұлттық дүниетаным әңгімелеу формасында да берілген. Мысалы, диалогта: «– Анаңа жақсы тілек тіледің бе, қалқам? Сен періштесің зой. Сенің тілегің қабыл болады, - деді менің маңдайымнан иіскеп» [9,46 б.].

Жазушы романдарында ата-ананың балаға деген махаббаты нанымды баяндалған. Мысалы, көптен перзент көрмей, араға уақыт салып туылған ұлына Көжектің елжіреуі төмендегі мәтінде айқын берілген:

«Көжектің алақтап баласына қарай бергенін сезіп ескерімді қария оған рұқсат етті.

– Шырағым, ана жұбайың келіп тұр. Балаңды алып келді. Нәресте зой, бетінен сүй, - деді аз күйбеңдеп теріс айнала беріп.

Қария сөзінің аузынан шығуы-ақ мұң екен, Көжек әйелінің қолындағы баласын құшақтай алды. Інісінің асығыстығы ерсілеу бола ма деген Бейсен баласын сүйіп жатқан Көжек пен қарияға кезек қарап:

– Бала дегенді қойсайшы бұл, адамның бауыр еті зой. Қайран, артындағы тұяғы емес пе? – деді елжіреп» [10, 50 б.].

Ал мына мәтінде Көжектің баласын қаншалықты дәрежеде жақсы көруі баяндалады: «Баланы анасынан артық Көжек бақты. Бос уақытындағы бар ермегі сол болды. Бала ұйықтап жатқанда да бесігін ашып мейірлене қарап: «Ө-өй, әйнәлайын, жатысын қарашы маңқиып, **өзімнен аумапты**» деп баланың маңайынан кете алмайтын. Бір-екі күн түзде болып қайтса, екі-үш ай көрмегендей баласын қолынан түсірмейтін. Әскерге алынған екі-үш айдың ішінде Көжектің Еркінін қаншалықты сағынғаны белгілі болар.

Көжектің баласымен қоштасу сәті: Уылжыған нәрестені қанша сүйсе де Көжектің мауқы басылмады. Тосырқап қалған бала алғашқыда аздап жатырқаса да үйрене келе әкесін таныды. Кіп-кішкентай саусағымен жағын сипалап, мұртынан тартқан кезде Көжектің **іші-бауыры елжіреп кетіп, бұрынғыдан да құшырлана сүйді. Монтиганөндіредей қара баланың том-томпақ үлбіреген беті бетіне тигенде Көжек оны ынтыға қысып, ұзақ уақыт тұрып қалды. Нәрестенің жас исін қолқасына сіңіре жұтады.** Көжектің көзінен бір-екі тамшы жас үзіліп түсті. Балқия баланы алайын деп қолын созғанда Еркінді ұсына берді де, қайта тартып алып көкірегіне қысып өксіп-өксіп, ақыры солқылдап жылап қоя берді» [10, 54 б.].

Жоғарыдағы мәтінде ата-ананың балаға махаббаты «мауқы басылмау», «іші-бауыры елжіреу», «құшырлана сүю», «ынтыға қысу», «нәрестенің жас исін қолқасына сіңіре жұту», «көкірегіне қысып, өксіп-өксіп, ақыры жылап қоя берді» тіркестерімен ашылып берілген.

Т.Ахтанов шығармаларында «бала» концептісімен байланысты балапан сөзімен келген теңеулер жиі кездеседі. Олар негізінен -дай, -дей жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Мысалы: **үріккен балапандай; азынаған күзгі далада үрпиген балапандай елегізіп отыру; үрпиген балапандай, балапандай қалтырау, қаздың балапанындай шұбырту, балапандай үрпю; балапандай шырылдау, қара жауынның астында қалған панасыз балапандай т.б.** Жазушы романдарында концепт тұрғысынан ең негізгісі бала концептісі десек, бұл концепт балапан яғни құстың баласы деген ұғыммен біте қайнасып екі жақты концептуалды жүйе құрайды. Ол – бала және балапан. Екеуі де нәресте, сәби, өмірге жаңа келген жан иесі, өмір жалғасы деген ұғымдардан туындаған.

Т.Ахтанов шығармаларында «бала» концептісінің концептуалды жүйе құрау мүмкіндігі өте үлкен. Ол бір жағынан сөз қолданыстарынан көрінсе, екінші жағынан тақырып өзегінен де айқын байқалады. Мысалы, «Шырағың сөнбесін» романының тақырыптық өзегі – осы бала ұғымы. Автордың шырақ деп отырғаны бала, ұрпақ деген сөздердің орнында алынған. Яғни ұрпағың қалсын, атың өшпесін дегенді білдіреді. Бұл тақырыптық желі романның бірнеше жерінде шығарманың басты кейіпкері-баяндаушы Нәзира мен оның Қамқа әжесінің арасындағы әңгімеде көрініс беріп отырады. Мысалы,

«– Анаңа жақсы тілек тіледің бе, қалқам? **Сен періштесің зой. Сенің тілегің қабыл болады,** – деді менің маңдайымнан сипап.

Содан соң майға батырған пілтені тұтатып қабірдің басына қойды да:

– **Артыңда қалған шырағың сөнбесін, жарқыным,** – деді.

Қамқа әжем ұсақ-түйек күйбеңді білмейтін адам, көбіне ірі сөйлейді, мына сөзі де маған аруақты естіліп, төбе құйқам шымырлап кетті. Қараңғы түнде ауылға қайтып келе жатып артыма қайрылып қарай бергенім де сол. Қамқа әжеме қанша сенсем де көңілімде бір күдігім бар: **әжем «шырағың сөнбесін» деп еді, біз тұтатып кеткен ана шырақ, майы таусылып, қазір-ақ сөніп қалмай ма? Ақыры шыдай алмай осы күдігімді сұрадым.**

– Әй, балам-ай, әлі баласың зой, – деп әжем басын шайқады. – **Сенсің зой оның шырағы. Сенің тілеуіңді тілеп кеткен жоқ па, бейшара.**

Қамқа әжемнің осы сөзі менің сәби көңіліме өшпестей әсер етті. Сонау қараңғыда жылтыраған кішкентай шырақ... Сол шырақ менің сәбикөкірегімде жылтырап жанып тұрғанын ап-анық көзіммен көргендей болдым...

Тағы да бүйірім солқылдайды. Қимылдап жатыр. Жаңа ғана тұла бойымды тітіркенткен үрейден кейін... өн бойыма жайлы, рахат жылу тарап келеді. Мына қараңғы түнде, қара көлеңке бөлмеде **тағы да бір әлсіз шырақ тұтанып, жылтырап жанып келеді»** [9, 46 б.].

Жоғарыдағы мәтінде бір жағынан «баланы періштеге санап, тілегені қабыл болады» деп сенген қазақы ұлттық дүниетаным көрініс берсе, екінші жағынан Қамқа әженің «**Артыңда қалған шырағың сөнбесін, жарқыным**» деген сөзінің мәнісін аңғармай «**біз тұтатып кеткен ана шырақ, майы таусылып, қазір-ақ сөніп қалмай ма?**» деген сұрағына «**Сенсің зой оның шырағы**» деуі

«шырақ» сөзінің, жалпы романның тақырыптық желісін аңғартқандай. «Шырақ» сөзінің мәнісін автор кейіпкер тілі арқылы айқындап береді де, осы эпизодтан кейін романның бірнеше жерінде бала сөзін *шырақ* сөзімен байланысты алып отырады. Бұл бала қылығын, бала мен ересектердің арақатынасын т.б. балаға қатысты әңгімелеуде қайталанатын. Мысалы, Нәзіраның ұлы – Дулат пен партизандардың арасындағы қарым-қатынасты баяндауда «шырақ» сөзі «бала» сөзінің орнында қолданылған:

«Кішкентай Дулатжан ата-анасына ғана емес, бел шешпей түзде жортып от басы ошағының жылуын аңсап жүрген еркектерге де жақсы ермек болып алды. Өтіп бара жатқан біреуі қайрылмай, оны еркелетпей кетпейді, кішкене сәбиді көргенде партизандардың түзде тотыққан суық жүздері жылып қоя береді. Ылғи кісі өлтіріп, өздері де сағат сайын ажал тосып, ыстық пен суыққа, жақсылық пен жамандыққа қатып алған сұсты еркектердің сауыстанып кеткен жүректеріне, кішкентай қорғансыз сәби бір тамшы жылу тамызып шым еткізеді. Байқаймын, сын сағаттарда қанша ауыртпалық - әлегі болса да, мына қарғыс атқыр, мұздай суық, сұрқай өмірдің ортасында жылтыраған кішкентай нәзік шырақ... бәрінің көзін тартып көкіректерінде мейірім отын тұтататын сияқты»[9, 349 б.].

Жоғарыда «шырақ» сөзі перифраз түрінде берілген. Автор баланы **жылтыраған кішкентай нәзік шырақ** деп атайды. Мәтінде солдаттардың тотыққан сұлу жүздерін жылытқан, ыстық пен суыққа, жақсылық пен жамандыққа қатып алған сұсты еркектердің сауыстанып кеткен жүздеріне жылу тамызған, көкіректеріне мейірім отын тұтатқан сәби құдіреті нанымды берілген.

«Шырағың сөнбесін» романында бала өлімі «шырақ өшу» тіркесімен ауыстырылып қолданылған. Мысалы, *«Қанша ойламайын десем де кішкентай әниі Парашика, ебін тауып маған бір соқпай кетпейді. Сонау жарқабақтың басына шыққанға дейін бұл дүниеде ажал барын білмеген ақ періште, оның адам баласынан жауы болмайтын. Сәбидің өзі көрген адам атаулы, ең аяғы үйіне түскен неміс солдаттары да оның әні мен мінезін қызықтап, әлпештеп, еркелетуді ғана білетін. Мылтық кезеген бір сәтте ғана шошынып сәбидің аппақ ақылы жамандық дегеннің не екенін түсіне алмай кетті. «Ой, мама, больно...» оқ тигенде барып тән ауырғанын сезді. Мынау ызғар тепкен қатал дүниеде жылтыраған бір шырақ өшті»*[4,354 б.].

Жоғарыдағы мәтінде Парашика есімді жеті жасар орыс қызының жарқабақтың басындағы немістердің жаппай ату әрекетінің үстіндегі оқ тигенге дейін ажал, өлім дегенді білмеген балалық пәк көңілі көрініс тапқан. Автор мұны «сәбидің аппақ ақылы жамандық дегеннің не екенін түсіне алмай кетті» деп көрсетіп, баланы «ақ періште» деп атайды. Ал соңғы сөйлемде баланың өлімін «жылтыраған бір шырақ өшті» тіркесімен беріп, шығарманың тақырыптық желісімен «шырақ» сөзі арқылы байланыстырады.

Романда бала **шамшыраққа** да теңеледі. Мысалы, *«Парашиканың сұрағы таусылмайды, үлкен адамның «білмеймін» деуі оған түсініксіз, үлкен адам бәрін білуге тиісті. Әнін де, тілін де қызықтап кемпір де оған жауап беруден жалықпайды, Парашика келген сайын мәз болып қалады.*

Кемпір ғана емес, тасада жатып мен де мәз болам. Мына жүдеу тартқан сұрқай үйге кеугім тартқан бей уақта жылтыратып шам әкелгендей...Парашика келген сайын жабыққан көңілім бір жадырап қалады» [9,211 б.].

«Шырағың сөнбесін» романының бас кейіпкері Нәзира паналаған Дуния апайдың үйіне келіп-кетіп жүретін Парашика есімді қыз үйіне келіп паналағалы бір езу тартпаған қатал кемпірдің жүрегіне жылу, мейірім шапағатын құяды. «Мейірімі сыртына шықпайтын бітеу кемпірді» жадыратып, жүзіне күлкі жүгірткен бала қылығы автордың «бала тілі – бал», «балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», «бала – бауыр етін» тәрізді мақал-мәтелдердің астарын танытқандай.

Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» романында тақырыптық желі етіп алған бала концептісін жан-жақты ашып көрсеткен. Соғыс кезін, соғыс ауыртпалығын басынан кешіріп, соғыс үстінде туған балалардың болмыс-бітімін, мінез-құлқын, іс-әрекетін шынайы суреттеген. Автор қызу айқас үстіндегі баласын құшақтап жүріп, қолына қару ұстап, соғысқан қазақ әйелі – Нәзіраның іс-әрекетін баяндап отырып, Нәзіраның кішкентай баласын «оқ астында өскен» деп атайды. Мысалы, соғыс үстіндегі балалы әйелдің іс-әрекеті былай баяндалады: *«Құлағым масаның ызыңындай әлсіз дауыс келеді, оны елемей, ет қызуымен атыса беріп едім, кенет әлденеге көңлім қобалжып, елең ете қалдым. Енді қаттырақ естілді – жылаған баланың даусы, менің балам. Қызу атыс үстінде, босанғалы тұңғыш рет балам барын ұмытып кетіппін. Қапелімде жауып тұрған оқтан жасқануды ұмытып, жаңағы өзім паналаған томардың түбіне жүгіріп келсем кішкентайым аузын жыртып ашып, бақырып жатыр. Өлген адам да, кейде тіріге қорған болады екен, кішкентайымды Сашаның*

бүйірінің астына тығып қойдым да қайтадан мылтығыма жармастым. Жаңа кеудеме қысқанда ана денесінің жылы исін сезіп титімдей көңілі орнықты ма, әлде шаршады ма, **саби де жылауын қойды**» [9, 321 б.].

Енді бір мәтінде автор соғыс үстінде туылған баланың мінез-құлқын ашып көрсетеді: «**Дулат енді жер шұқуды қойып, ескі жәшікпен әуре, жәшіктің бұрышын бекітуге қаққан тілдей қаңылтырдың бір шетінен жұлқылап жұлып алғысы келеді. Қаңылтыр оған көнер емес, бірақ оны елейтін түрі жоқ, барын салып ныс-ныс етіп тартқылайды келіп. Қаңылтыр қолынан шығып кеткенде құлай жаздап шоңқиып отырып қалады да, қайта жармасады. Оқ астында өскенге ме, өзі қайсар-ақ.**

Оқ астында өскен... Әсірелеп айтылған қызыл сөз емес, тура оқтың астында өсті ғой, бұл кебенек. Күнәсіз періште болғанға ма, әйтеуір содан аман келе жатыр. Ендігісін... ендігісіне үміткермін» [3,320 б.]. Автор оқ астында өскен баланың ойын ойнап отырған қылығының өзінен оның қайтпайтын қайсар мінезін аңғартады. Роман соғыста туылған балалар жайлы баяндаумен, оларға баға берумен аяқталады. Мысалы, «– Сен қайдан келе жатсың? А, айтышы. – Тілі тастай, тақ-тұқ сөйлейді. – Неге үндемейсің? Сөйлей білмейсің бе?

Дулаттың тілі шығып келе жатыр, аздап сөйлейтіні бар еді, бірақ жауап бермей, қызға бажырая қарап, үнсіз отыр.

Осындай көптің ішінде біреу үшін жауап бергіш, тиіп кетсең, ағытылып жүре беретін сөзшең еркектер болады.

– **Бұл бала майданнан келе жатыр, - деді сондайдың біреуі.**

– **Майданнан?.. Жоқ, кішкентай балалар майданға бармайды, - деп түсіндірді кішкентай қыз.**

– **Неге бармасын, барған, - деп дауласса кетті сөзшең еркек.– Барған емес, сол майданның ішінде туған.**

– **Жо-оқ, майданда бала тумайды. Майданда соғысады. Жауды атады, - деп көнетін емес білгіш қыз.**

– **Жоқ, бұл соғыстың қақ ортасынан шынығып келе жатқан бала, - деп түсіндіреді әлгі ерінбейтін еркек. – Ертең нағыз мықты солдат болатын осылар. Бұлар соғыста да мықтап соғысады»** [3, 413 б.].

Жоғарыдағы мәтінде балаға «майданнан келе жатқан бала», «майданның ішінде туған бала», «соғыстың қақ ортасынан шынығып келе жатқан бала», «ертең нағыз солдат болатын бала», «соғыста мықтап соғысатын бала» тәрізді баға берілген.

Қорытынды.Т.Ахтанов өз шығармаларының негізгі дінгегі, концептілік тұрғыдан ең көп қолданғаны – бала ұғымы. Автор бұл негізгі ұстанымын (бала ұғымын тілге тиек етуі) шығармаларының тақырыптық желісіне де қосқан және оны жан-жақты сипаттаған. Шығарманың өн бойынан автордың балаға, бала ұғымына деген дүниетанымдық көзқарасы айқын байқалып отырады. Жазушы романдарында автордың бала туралы дүниетанымды өте жоғары, баланың періштелік, пәктік, аңғалдық т.б. қасиеттері кеңінен ашылған. Автор басқа жазушылардан ұлттық дүниетанымды бала арқылы беруімен қазақ ұлтының болсын, жалпы басқа ұлттың болсын бала жайын, бала қылығын өзінің соғыс тақырыбына арналған шығармаларында өте ұтымды қолдана алуымен ерекшеленеді.

Балаға байланысты ұлттық мәдени ұғымдардың тілдік көрінісі келесі факторлар негізінде дәлелденді:

1. Қазақ тіліндегі баламен байланысты архетиптік ұғым зерттей келе, қазақ ұлтын басқа ұлттардан ерекшелейтін негізгі мәдени белгі халықтың әдет-ғұрыптары, тыйымдары, нанымдары, салт-дәстүрлері болып табылатыны анықталды. Архетиптік ұғымдар ғасырлар бойы қазақ халқының мәдени тепе-теңдігін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтар қатарына жатады.

2. Абстрактілі маңызы бар символдар, яғни. дәстүрлерге, ырымдарға тән әрекеттер, оны орындайтын субъектінің қандай да бір затқа, оқиғаға қатынасын, түсінігін, көзқарасын көрсетеді.

3. Халықтың өлшем түсінігі арқылы баланың өміріндегі орны, адамның балаға этнопсихологиялық жақындығы, баланың сыртқы келбеті, біреумен ұқсастығы, оның қылықтары және т.б. ұлттық түрмен бағаланып, күнделікті өмірдегі көріністерге, оқиғаларға, құбылыстарға салыстырмалы түрде бейнелі сипатталынып беріледі.Сөздегі бейнелік мән халықтың баланы түсінудегі оған қатысты ұлттық мәдени ерекшеліктерді бейнелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Степанов Ю.С. *Константы: Словарь русской культуры*. - М.: Академический проект, 2001. - 990 с.
- 2 Арутюнова Н.Д. *Язык и мир человека*. - М.: Языки русской культуры, 1999.-896
- 3 Қайдар Ә. *Қазақтаранатіліәлемінде (этнолингвистикалықсөздік)* – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – Том 1: Адам. – 784 б.
- 4 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері [Мәтін]: филол. ғыл. докт. ғылыми. дис. автореф: 10.02.02 / Н.Уәли – Алматы, 2004. – 12 б.*
- 5 Манкеева Ж. А. *Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері*. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- 6 Смағұлова Г. *Мәтін лингвистикасы*. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.
- 7 Жаманбаева Қ. *Тілдік қолданыстың когнитивтік негіздері*. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140б.
- 8 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.*
- 9 Ахтанов Т. *Бес томдық шығармалар жинағы. Т.4. Шырағың сөнбесін.*– Алматы: Жазушы, – 416 б.
- 10 Ахтанов Т. *Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. Роман және әңгімелер*. – Алматы: Жазушы,1983. – 442 б.

МРНТИ 10.01.11

Тулкинбаев Н.¹

*¹ Кафедра организации социальной работы в ОВД Костанайской академии
МВД РК имени Шырақбека Кабылбаева
Костанай, Казахстан*

**СПЕЦИФИКА ЮРИДИЧЕСКОГО ДИСКУРСА В ПРАКТИКЕ
ЮРИСТА ПЕНИТЕНЦИАРНОЙ СИСТЕМЫ**

Аннотация

В статье рассматривается роль и значение языковой личности будущего юриста пенитенциарной системы в современном юридическом дискурсе. Показано, что специальный язык носит прежде всего, профессионально ориентированный характер, и его задачами являются осуществление коммуникативных и познавательных потребностей специалистов соответствующего профиля. Известно, что характеристика языковой личности юриста должна рассматриваться в контексте профессиональной среды. В этом отношении считаем необходимым рассмотреть в данной статье, специфические составляющие юридического дискурса, юридического текста и юридической терминологии. В профессиональной деятельности устная речь правоведа проявляется в юридическом дискурсе, поэтому специфика понимания высказывания адресатом в процессе коммуникативной деятельности занимает особое место. Особенностью речевой деятельности юриста пенитенциарной системы является многоплановое деловое общение с целью изменения тех или иных характеристик личности или группы людей и выступает основным средством профессиональной деятельности. В статье отмечается, что основным источником создания благоприятного мнения о работе правоохранительных органов является процесс взаимодействия правоохранительных органов с гражданами. Тесное взаимодействие значительно повышает эффективность, качество и результативность профессиональной деятельности.

Ключевые слова: юридический дискурс, пенитенциарная система, язык права, профессиональный язык, языковые нормы, специальный язык, речевые действия

Тулкинбаев Н.¹

ҚР ИМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
ІІБ әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасы
Қостанай, Қазақстан

ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЗАҢГЕР ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ЗАҢ ДИСКУРСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заң дискурсында болашақ пенитенциарлық жүйенің заңгерінің тілдік тұлғасының рөлі мен маңызы қарастырылады. Арнайы тіл, ең алдымен, кәсіби бағытталған сипатқа ие және оның міндеттері тиісті бейіндегі мамандардың коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерін жүзеге асыру болып табылатыны көрсетілген. Белгілі, бұл сипаттамасы тілдік тұлға заңгер қарастырылуы тиіс контекстінде кәсіби орта. Бұл тұрғыда осы мақалада заң дискурсының, заң мәтінінің және заң терминологиясының ерекше құрамдас бөліктерін қарау қажет деп санаймыз. Кәсіби қызметінде құқықтанушының ауызша сөзі заңдық дискурста көрінеді, сондықтан коммуникативтік қызмет процесінде адресаттың пікірін түсіну ерекшелігі ерекше орын алады. Пенитенциарлық жүйенің заңгері сөйлеу қызметінің ерекшелігі тұлғаның немесе адамдар тобының қандай да бір сипаттамаларын өзгерту мақсатында көп жоспарлы іскерлік қарым-қатынас болып табылады және кәсіби қызметтің негізгі құралы болып табылады. Мақалада құқық қорғау органдарының жұмысы туралы қолайлы пікір жасаудың негізгі көзі құқық қорғау органдарының азаматтармен өзара іс-қимыл процесі болып табылады. Тығыз өзара іс-қимыл кәсіби қызметтің тиімділігін, сапасын және нәтижелілігін айтарлықтай арттырады.

Түйін сөздер: заң дискурсы, пенитенциарлық жүйе, құқық тілі, кәсіптік тіл, тілдік нормалар, арнайы тіл, сөйлеу әрекеттері

Tulkinbayev N.¹

*head of Department of organization of social work in Department of internal Affairs Kostanay Academy of
the Ministry of internal Affairs of Kazakhstan name of Shirakaba educational psychologist
Kostanay, Kazakhstan*

SPECIFICS OF LEGAL DISCOURSE IN PRACTICE LAWYER OF THE PENITENTIARY SYSTEM

Abstract

The article considers the role and significance of the language personality of the future lawyer of the penitentiary system in the modern legal discourse. It is shown that the special language is primarily of a professionally oriented nature, and its tasks are to fulfill the communicative and cognitive needs of specialists of the appropriate profile. It is known that the characteristic of the lawyer's language personality should be considered in the context of the professional environment. In this regard, we consider it necessary to consider in this article the specific components of legal discourse, legal text and legal terminology. In professional activity, the oral speech of a lawyer is manifested in legal discourse, so the specificity of the recipient's understanding of the utterance in the process of communicative activity occupies a special place. A feature of the speech activity of a lawyer of the penitentiary system is a multi-faceted business communication with the purpose of changing certain characteristics of an individual or group of people and is the main means of professional activity. The article notes that the main source of creating a favorable opinion about the work of law enforcement agencies is the process of interaction between law enforcement agencies and citizens. Close interaction significantly increases the efficiency, quality and effectiveness of professional activities.

Keywords: legal discourse, penitentiary system, language of law, professional language, language norms, special language, speech actions

Введение. В зависимости от коммуникативной сферы общения, вида деятельности принято выделять различные типы дискурса, в том числе и юридический, который обладает четко выраженными специфическими признаками, позволяющими причислять его к отдельным языковым феноменам.

Юридический дискурс – явление разноплановое. Основой его, безусловно, является дискурс в общем его понимании. Юридический дискурс как определенное видовое понятие осуществляется в конкретной коммуникативной юридической ситуации, в правовом поле и создается определенной группой людей, причастных к закону или праву. Результатом воплощения коммуникативной деятельности этих людей будет создание юридического текста, выраженного в различных речевых жанрах. Несомненно, юридический язык должен объективно представлять мысль законодателя с тем, чтобы он единообразно понимался адресатом. При этом язык законодательной власти воплощается в форму письменной речи, а правоприменяющие органы и должностные лица могут пользоваться и устной речью.

Методика. По мнению М.Р.Кондубаевой, дискурс определяется как “тип институционального дискурса, относящийся к сфере урегулирования социальных взаимоотношений, обладающий жесткой организацией и иерархическим строением, в структуру которого включаются типы текстов, функционирующих в рамках данного дискурса” /1/.

Исследуя лингвокогнитивные различия в юридическом дискурсе, А.Г.Салахова выделяет три его основных жанра: законодательный, судебный и административный:

- к законодательному жанру юридического дискурса относится коммуникация в законодательных органах. Основными прецедентными текстами данного жанра являются правовые акты, законы, комментарии к законам, указы президента и правительства;

- судебный жанр юридического дискурса осуществляется в ходе судебного процесса. В структуру судебного дискурса входят тексты судебных приговоров, исков, ходатайства, экспертные заключения и т.д.;

- административный жанр юридического дискурса включает в себя официальное общение в процессе осуществления служебной деятельности государственным или негосударственным учреждением, а также тексты, появляющиеся в процессе осуществления служебной деятельности данных учреждений (приказы, инструкции, служебные записки, справки и т.д.) /2/.

По мнению Н.М.Абишевой, юридический дискурс с полным правом может быть назван разновидностью институционального дискурса. Институциональный дискурс организуется в рамках того или иного учреждения. В качестве характеристик института выделяют его упорядоченность, выделенность, устойчивость, специфичность, что позволяет распознавать его как членам группы, так и сторонним наблюдателям. Деятельность людей в государственных учреждениях осуществляется по правилам, имеющим моральное и правовое закрепление. Институты обладают собственными системами ценностей, которые выражаются с различной степенью кодификации. Целью юридического дискурса Н.М.Абишева считает обеспечение законности, что означает соответствие поведения всех граждан, существующим правовым законам /3/.

Результаты. В практике юриста пенитенциарной системы встречаются все жанры юридического дискурса. В частности, сотрудники уголовно-исполнительной системы разрабатывают и выносят на обсуждение нормативно-правовые документы в профильные комитеты законодательного органа, осуществляют исполнение судебных приговоров по обеспечению исполнения вынесенных решений, ходатайствуют о предоставлении условно-досрочного освобождения из мест лишения свободы, и как представители государства, сотрудники уголовно-исполнительной системы обеспечивают исполнение закона в исправительных учреждениях, оказывают социально-правовую помощь лицам, состоящим на учете службы пробации и т.д.

Для юридического дискурса характерно использование специального языка, оказывающего определенное воздействие на адресата. Юридические нормы в современных цивилизованных государствах не могут существовать иначе, как в определенных языковых формах. Именно язык служит средством передачи информации о содержании правовых предписаний, а правовая информированность населения осуществляется посредством юридического дискурса, создаваемого юристами-профессионалами.

Обсуждение. Д.Е.Керимов считает: “Едва ли можно себе представить какую-либо область общественной деятельности, где неверно или неуместно употребляемое слово, ошибочно построенная фраза, разрыв между мыслью и ее текстуальным выражением способны повлечь за собой такие серьезные, а иногда и тяжелые последствия, как в области правотворчества” /4/.

Язык права, по мнению Н.Н.Ивакиной – “это в первую очередь язык закона, с его специфической терминологией, обозначающей особые юридические понятия, своеобразными словосочетаниями, это язык различных нормативных актов” /2, с.3/. В связи с этим многие термины данного языка

непонятны большинству граждан (термины, употребляемые в языке права: вменение, применение срока давности, добросовестное заблуждение, противная сторона). Главное заключается в том, как указывает автор, чтобы юридические термины и другие конструкции имели признание в юридической науке и были известны специалистам в области юриспруденции.

Известно, что юридическая сфера имеет свой профессиональный язык и при разработке нормативного акта используются языковые средства, выработанные специально для сферы правотворчества, т.е. употребляемые преимущественно или даже исключительно в данной области. А.С. Пиголкин отмечает, что "...это дает основание выделить язык законодательства как самостоятельный стиль литературного языка, который обусловлен особыми социальными задачами, стоящими перед правом, специфичным способом отображения предмета и характеризуется специальными композиционными и стилистическими средствами, особым словарным составом языка для выражения мысли законодателя. Основанием для выделения языка закона является несовпадение его специфических функций с общепринятыми функциями литературного языка, наличие в правовых текстах особых средств для выражения нормативно-регулятивных потребностей общественного развития, их оценки и текстуального закрепления" /5/.

Язык права отличается от других языков главным образом стилистикой, которую А.А. Ушаков назвал "наукой о словесном мастерстве законодателя" и, естественно, терминологией /6/.

Язык права занимает особое место среди других специальностей, поскольку он наделен юридической силой, т.е. свойством порождать определенные юридические последствия и быть обязательным для соответствующих адресатов. Отсюда следует, что для языка закона важны такие качества, как официальность, императивность, точность, ясность, правильность, логическая связность и последовательность, стандартизация.

Одна из особенностей выражения мысли законодателем проявляется в официальности и документальности. Это достигается стандартностью и терминологической унификацией. Правовая норма носит общий характер, и законодатель стремится к наибольшему обобщению, исключающему все частности и детали. Право регулирует общественные отношения и стремится подвести все многообразие языковых форм под стандарт. Официальность юридических текстов проявляется в отсутствии слов в переносном значении, в отсутствии разговорной и жаргонной лексики.

Подчеркивают официальность: 1) отглагольные существительные с суффиксами – ани, -ени, чаще с приставкой не: неповиновение, неосуществление, неисполнение, недовложение, недонесение, неоказание, имеющие яркую официальную окраску, не употребляющиеся ни в каком другом стиле; 2) союзы: -а также, -а равно, -либо; -как, так и; 3) существительные мужского рода, называющие лиц женского пола по профессии: следователь Зотова, адвокат Садовская, прокурор Жукова /7.С.25/.

Важной особенностью юридического языка является ясность и доступность. На ясность как главное достоинство речи указывал еще Аристотель: "Достоинство стиля заключается в ясности: доказательством этому служит то, что раз речь не ясна, она не достигает своей цели" /8/.

Ясность, по мнению Н.Н.Ивакиной, достигается прежде всего глубоким знанием материала, четкой композицией речи, логичностью изложения, убедительностью аргументов. Ясность – это умение говорить доступно для восприятия, доходчиво о сложных вопросах /9, с.22/. Законодатель должен оформлять тексты создаваемых законов так, чтобы они были понятны рядовым гражданам - носителям языка. Вполне справедливо указывать, что закон должен быть понятен всем. Однако в научных кругах распространено другое, весьма спорное мнение, что закон должен быть в меру сложен, так как излишняя простота может привести к искусственному упрощению.

Правильность определяет эффективность юридического языка и является одной из его основных особенностей. "Правильность предполагает соблюдение языковых норм в грамматике, словоупотреблении и произношении. Единство речи, ее взаимопонимаемость обеспечиваются именно правильностью речи, без нее не "срабатывают" другие коммуникативные качества" /10/. Нормы складываются в языке исторически, они являются результатом отбора наиболее пригодных для общения средств из числа существующих и отражают реальные тенденции развития языка.

Для юридического языка, по мнению Н.Н.Ивакиной, нормы языка характеризуются устойчивостью и общеобязательностью. Важно соблюдение лексических норм, обеспечивающих точность словоупотребления; соответствие орфоэпическим (произносительным) и акцентологическим нормам, обуславливающих единство звукового оформления речи. Грамматические нормы (морфологические и синтаксические) устанавливают единообразие форм словоизменения и

соединения слов в словосочетания и предложения. Стилистические нормы обеспечивают уместность эмоционально и функционально окрашенных языковых средств /11/.

Точность – одна из основных особенностей юридического языка. Точность есть соответствие высказывания замыслу оратора и явлениям действительности (предметная точность) /9, с. 24/. В письменной юридической речи точность достигается прежде всего использованием терминов, как широко распространенных, так и узкоспециальных. Кроме того, точность достигается тем, что все слова используются только в соответствии с их прямым значением. Так, если литературному языку свойственно несколько семантических оттенков слова *лицо* (например, сочетания: *милое лицо, истинное лицо, политическое лицо, частное лицо*), в юридических текстах встречается либо значение «человек» (*Преступление совершено неизвестными лицами*), либо “передняя часть головы человека” (*Лицо человека обезображено*), либо как термин «юридическое лицо”, т.е. организации, которые обладают обособленным имуществом, могут от своего имени приобретать имущественные и личные имущественные права и нести обязанности, быть истцами и ответчиками в суде, арбитраже или в третейском суде (*Порядок назначения или избрания органов юридического лица определяется уставом*) /12/. Точности наименования способствует “...и большое количество различных стандартов – клише (языковые стандарты, которые несут определенную функциональную нагрузку), отражающих определенные юридические понятия” /7, с.22/.

Говоря о точности в судебной речи, П. Сергеич, говорит: “...точность, опрятность, говорил Пушкин, первые достоинства прозы; она требует мыслей и мыслей. Изящество, красота слога есть роскошь, дозволительная для тех, у кого она является сама собою; но в отношении чистоты своей речи оратор должен быть неумолим. К сожалению, надо сказать, что в речи большинства наших обвинителей и защитников больше сору, чем мыслей; о точности выражений они совсем не заботятся, скорее щеголяют их неряшливостью” /13/.

Ясно выраженные мысли, точно обозначенные понятия должны быть поданы логично и отражать логику отношений и зависимостей между явлениями. Б.Н. Головин различает предметную и понятийную логичность. Предметная логичность состоит в соответствии смысловых связей и отношений языковых единиц связям и отношениям предметов и явлений в реальной действительности. Логичность понятийная отражает логичное выражение мысли в смысловых связях элементов языка /10, с.145/.

По мнению Н.Н.Ивакиной, мыслить и рассуждать логично – значит, мыслить точно и последовательно, доказательно и убедительно, не допускать противоречий в рассуждении. Это необходимо помнить судебным ораторам, так как их речь требует обоснованности выводов /11, с.11/.

П.Сергеич, рассуждая о правилах диалектики и искусстве спора на суде, говорит о важности предварительного размышления о речи, так как оратор в своих догадках о том, что было, в поисках истины находит и логические основания для подтверждения своих заключений о фактах: “...правду нельзя изобличить в логической непоследовательности или намеренном обмане: на то она и правда. Тот, кто искренне стремится к ней, может быть смел в речах: у него не будет недостатка и в доводах” /13, с.197/.

Следующей особенностью юридического языка является стандартизация. Она проявляется в повторении одних и тех же слов и фраз, употреблении синтаксических конструкций, применении канцеляризмов или клише в письменной речи и судебной монологической речи, как устойчивые и частотные формулы, фразы-клише, обеспечивающие экономию языковых средств, например, *принимая во внимание и руководствуясь; преступление совершено при следующих обстоятельствах, вменить в вину, возбудить уголовное дело, руководствуясь ст...; Стандартизацией обусловлены типовые сокращения ч. - часть; л.д. - лист дела ст. – статья, МВД – Министерство внутренних дел, КУИС – Комитет уголовно-исполнительной системы, ДУИС – Департамент уголовно-исполнительной системы и т.д.*

Для выявления специфических характеристик юридического языка необходимо определить качества специального языка, которые помогли бы с наибольшей полнотой воспринять ситуацию, о которой идет речь.

Специальный язык – полифункциональная языковая формация. Будучи одной из функциональных разновидностей высокоразвитого литературного языка, специальный язык занимает широкое поле языкового пространства и выполняет самые существенные функции языка: отражение действительности и хранение знания (эпистемическая функция), получение нового знания (когнитивная функция), передача специальной информации (коммуникативная функция).

Выполняя достаточно разные, но одинаково важные функции, язык профессионального общения сам становится функцией человека в процессе его деятельности и оценивается “как основная социально-ролевая функция человека, реализация которой предоставляет ему средства для существования, но одновременно требует от него соответствующих знаний и умений, приобретаемых в результате обучения, а также опытом и привычкой” /14/.

Следует также отметить, что специальный язык носит прежде всего, профессионально ориентированный характер, и его задачами являются осуществление коммуникативных и познавательных потребностей специалистов соответствующего профиля. Юридический язык имеет свою логическую, лексическую и грамматическую основы.

Изучение специального языка включает в себя изучение закономерностей языка и мышления, социопсихологических особенностей речекommunikативной деятельности, а также моделирование и обучение ситуациям коммуникативного взаимодействия.

Юридический язык, как и другие специальные языки, отличается терминологией и своими языковыми средствами. О.С.Иссерс, рассматривая речевое воздействие как способ добиться определенных результатов, утверждает, что главным в “специальном языке” является ситуация общения в пределах специальной сферы. Она отмечает, что “специальная тематика, специальные цели беседы побуждают специалистов переходить на профессиональный язык, который в меньшей степени связан с национальной принадлежностью его носителей и не должен зависеть от общественно-экономической формации, идеологии, мировоззрения” /15/.

Заключение. Специальный язык применяется в различных сферах профессиональной деятельности - это может быть язык законов, рассчитанный на профессионала и неспециалиста, судебный язык, язык юридического консультирования, язык письменного юридического общения и т.д. Специальный язык преследует свои определенные цели, и в первую очередь – донести до человека определенную информацию в специфической области знаний, воздействовать на применителя данного языка.

Таким образом, носителем специального языка является профессионал, а данный язык переходит в категорию профессионального языка.

Язык для специальных целей предполагает речевые действия – презентацию материала, письменный и устный обмен информацией, выражение мнения, обсуждение и т.д. Таким образом, он представляет собой диалог, обмен информацией как в устной, так и письменной формах.

Профессия юриста пенитенциарной системы предполагает многоплановое деловое общение с целью изменения тех или иных характеристик личности или группы людей и выступает основным средством профессиональной деятельности. В дальнейшем, предполагается проанализировать специфику юридического дискурса на примере практической деятельности сотрудника службы пробации, осуществляющего оказание социально-правовой помощи осужденным, состоящим на учете службы пробации и нуждающимся в грамотной правовой поддержке. Поэтому, основным источником создания благоприятного мнения о работе правоохранительных органов является процесс взаимодействия правоохранительных органов с гражданами. Тесное взаимодействие значительно повышает качество и результативность профессиональной деятельности.

Список использованной литературы:

- 1 Кондубаева М.Р. *Культура речевой коммуникации* // Алматы: Мектеп, 2013, -220с. С.25 - Учебное пособие для магистратуры.
- 2 Салахова А.Г. *Лингвокогнитивные различия в юридическом дискурсе. Материалы международной научно-практической конференции «Языковое образование для специальных целей: новые тенденции, методы и содержание обучения»* Челябинск, 2009. С.146 – статья из журнала.
- 3 Абишева Н.М. *Лексический компонент юридического дискурса*// А.2007 г.С.140 - автореферат кандидата филологических наук..
- 4 Керимов Д.Е. *Язык, стиль и логика нормативных актов* //Законодательная техника. М., 2000. С.85 - учебник.
- 5 Пиголкин А.С. *Язык закона. М.:Юр литература. 2015.С.14- учебник.*
- 6 Ушаков А.А. *Очерк законодательной стилистики. Пермь.:Гос.издат. 1997. С. 14 - статья из журнала.*
- 7 Ивакина Н.Н. *Профессиональная речь юриста.* – М.:Бек.1997 г.С.2
- 8 Аристотель. *Об ораторском искусстве. М., 1973. С.31.*

9 Ивакина Н.Н. Основы судебного красноречия (риторика для юристов). – М.: Юристъ, 2012. – 384 с. - учебник.

10 Головин Б.Н. Основы культуры речи. М., 2013. С.25. - учебник.

11 Ивакина Н.Н. Культура судебной речи. М.:БЕК. 2005 г., С.14. - учебник.

12 Губаева Т.В. Практический курс русского языка для юристов. М.2006. Казанский университет. С.101. - учебник.

13 Сергеич П. Искусство речи на суде М.; Юридическая литература 1988. С.197. - учебник.

14 http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Linguist/graud/04.php.-интернет источник.

15 Иссерс О.С. Речевое воздействие// М.;Флинта 2009.С.21.- учебное пособие

МРНТИ 16.21.51

Снабекова М.¹

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

КОСМОНИМДІК АТАУЛАРДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Тіл ұлттық тәжірибені, ұлттың материалдық және рухани байлығын сипаттып қана қоймайды, оны ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізу қызметін де атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда, тіл – “қарым-қатынастың аса маңызды құралы” ғана емес, тіл иесі қауымның саналы әрекетінің нәтижесінде туған мәдениетінің де көрінісі. Әр мәдениет әлемінің өзіндік қалыбы (моделі) бар. Модель - әлемнің ұлттық мәдениет арқылы қалыптасқан үлгісі. Адам оның көшірмесін емес, сол әлемнің нақты бейнесін өз қажетіне қарай тіл арқылы қабылдайды. Әлемнің тілдік бейнесінде болмыс құбылыстары дәл суреттеледі. Әлемнің тілдік бейнесі адамның өмірден көргені мен көңіліне түйген білімінің тілдік таңбалардағы көрінісі. Адам - әлемнің тілдік бейнесін жасаушы, әр кезеңдегі тілдегі өзгерістердің көзі. Мақалада аспан әлемі атаулары мазмұнындағы ұлттық дүниетаным негізі жайында, оның қазіргі тіл ғылымындағы антропозекті бағыт зерттеулеріндегі орны жайында сөз болады.

Түйін сөздер: этномәдени бірлік, космоним, халықтық астрономиялық атау, дәстүрлі мәдениет, әлемнің тілдік бейнесі

Snabekova M.¹

¹ Kazakh National Women’s Teacher-training university,
Almaty, Kazakhstan

THE PROBLEM OF THE LINGUISTIC PICTURE OF THE WORLD IN NOMINATIONS OF CELESTIAL BODIES

Abstract

The language is not only describes the national experience, the material and spiritual wealth of the nation, but it has the function of saving it from generation to generation. In this sense, language is not only an “important means of communication”, but also a culture that was born out of the conscious use of language in society. Each culture has its own model. The model is a sample of the world, formed through national culture. A person does not perceive a copy, but perceives the real picture of this world through language in its necessity. The linguistic picture of the world accurately describes the phenomena of nature. The linguistic picture of the world is a reflection of the knowledge that a person has experienced and perceived it in the language. Man is the creator of the linguistic picture of the world, the source of language change in every age. The article is aimed at studying the foundations of a national worldview in the context of the names of celestial bodies and its place in modern linguistic anthropology.

Keywords: ethnocultural unity, cosmonym (names of celestial bodies), folk astronomical name, traditional culture, linguistic picture of the world

Снабекова М.¹

¹ *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМА ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА В КОСМОНИМИЧЕСКИХ НАИМЕНОВАНИЯХ

Аннотация

Язык не только характеризует национальный опыт, материальные и духовные богатства нации, но и выполняет функцию передачи его из поколения в поколение в полной сохранности. С этой точки зрения язык – это не только “важнейший инструмент общения”, но и отражение культуры, появившейся в результате сознательной деятельности носителя языка. У каждой культуры есть своеобразная модель. Модель – это модель мира, сформированная через национальную культуру. Человек воспринимает реальную картину мира, а не его копию, по мере необходимости, через язык. В языковой картине мира четко описываются явления бытия. Языковая картина мира – это отражение в языковых знаках знаний людей, полученных и накопленных в процессе жизнедеятельности. Человек – создатель языковой картины мира, источник изменений в языке каждого периода. В статье речь идет об основах национального мировоззрения в контексте названий небесного мира, его месте в исследованиях антропоцентрического направления в современной языковой науке.

Ключевые слова: этнокультурная единица, космоним, народное астрономическое наименование, традиционная культура, языковая картина мира

Кіріспе. Кез келген жалқы есімнің тууы мен қалыптасып дамуы ұлт тарихының белгілі кезеңін сипаттайды. Халықтың күн көрісіне, оның материалдық және рухани дамуына әсер етуші экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларды тарихтың қалың қатпарларынан табуға болады. Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы - олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұны халықтың тарихи дамуының алғашқы кезеңінен бастап-ақ, өмірге деген қажеттілік тудырған, сондықтан болар, адам танымының деңгейі олар жасаған атаулардан көрінеді деп есептеледі. Осы орайда, Т.Жанұзақ: “Ономастика - тілдің сөз байлығы, сөздік қорымен, жалпы лексикасымен тығыз байланысты. Ол осымен қатар, тарих, этнография, этнология, география және эстетика, әдебиеттану, философия, биология сияқты ғылымның белді салаларымен үнемі байланыс бірлікте. Бұл көрсетілген ғылымдармен бірлікте болғанымен, ономастика лингвистикалық пән болып есептеледі. Өйткені оның зерттейтін негізгі объектісі - сөз. Жалпы тіл білімі, оның бір саласы ономастика тек қоғамдық ғылымдармен жанасып қоймай, әдебиет, мәдениет, география, психология, геология, зоология ғылымдарымен де ұштасып жатады,” – дейді [1, 232].

Қазақтардың өзі өмір сүретін кеңістікті игеруі дөңгелек шеңбер үлгісіндегі шексіздік мағынасын білдіретін киіз үйдің құрылымынан көрінеді. Бұл жолда қазақтар жер бедерін меңгерумен қатар, мал шаруашылығының қамына орай, аспан әлемі сырларын да түсінуге бейімделген. Қазақтар ежелден-ақ жер бедері, өсімдік, жан-жануар әлемінің қыр-сырын бөліп-жармай біртұтас жете білген, сондықтан ономастиканың қай саласында да халықтық терминдер қоры мол. Осыған орай, лингвистикалық пән ретіндегі ономастиканың салалары да бірімен-бірі тығыз байланысты.

Қазақ халқының өзін қоршаған орта, соған сәйкес өмір тәжірибесінен туындаған табиғат, тұрмыс-тіршілік т.б. қажетті ақпараты мол болған. Соның бір саласы аспан әлемі жайлы ұғым-түсініктері болса, тіл байлығының бұл қатпарында-астрономиялық білімінің мол болғандығын олар қалыптастырған халықтық космонимдік атаулар айқындайды.

Әдістеме. Ақиқат болмыстағы қатынастар тілде көрініс табады. *Атау* - таным үдерісінің тілдік бейнесі, тілдік таңба. Антропоэзектік тіл ғылымының басты мәселесі *әлемнің тілдік бейнесі* туралы түсінік қалыптастыру. Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын игеру арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды. Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақталған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуіне бағытталады. Тіл – сөйлеушінің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Сол себепті М.Балақаев: “Кісі білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйретеді. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлттық мәдениеттің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың ұлттық

сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады”,-деп пайымдайды[2,3-4]. Кумулятивтік қызметі арқылы қордаланған тілдің байлығында, тіл бірліктерінде, ұлттық дүниетаным іздері тұнып жатады. Халық таным әрекетінің нәтижесін сөз мағынасына сыйғызады, сондықтан тіл байлығының ең көне, ежелгі қатарына жататын атаулар, халықтық космонимдердің мазмұнындағы ұлттық мәдени ақпаратты танып білу үшін лингвистикалық талдау әдістері қолданылады. Халықтық космонимдік атауларды семантикалық, этимологиялық, лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық әдіспен талдау арқылы ұлттық әлемнің тілдік бейнесін танып-түсінуге, қол жеткізуге болады.

Нәтиже. Егер жер-су нысандары олардың әртүрлі табиғи қасиетіне қарай атауға ие болса, аспан әлемі атаулары, көбіне, олардың көзге көрінетін бейнесіне, қимыл-қозғалыс, әрекетіне байланысты таңбаланған. *Космонимика*-лингвистикалық пән, сондықтан оны аспан әлемі атауларының ғылыми дефинициясы емес, алдымен, *халықтық космонимдік* атаулар, олардың халықтың өмір сүру салтына негізделген қолданбалылық мәні мен осы қызметтен туындайтын фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, аңыздар т.б. тіл бірліктері қызықтырады. Аспан денелерінің халық тұрмысындағы маңызына қарай тіл байлығы: *темір қазығы болу, темір қазық жастану, қаққан қазықтай, қазық жұтқандай, қазықтай қату, қазықтай қазу ай қабақ алтын кірпік, ай-айдың оты басқа, айдан ұл тудырып, күннен қыз тудырып* т.б. тәрізді оның рухани мәдениетін бейнелейтін эпитет пен метафора, аңыздар, лексикалық және фразеологиялық бірліктермен қатар мақал-мәтелдермен толығып отырады.

Ауыз әдебиетінде, ақын-жазушылар шығармаларында аспан әлемі атауларын сипаттау жиі кездеседі. С.Торайғыров: “Түн жақтан қолын бұлғап, Темірқазық. Аймағын қалмасын деп жолдан жазып”десе, А.Тоқмағамбетов:“Шынжырлап Ақбозат пен Көкбозатты, Жылжымай Темірқазық мүлгіп қапты. Қарақшы жеті бірдей торуылдап, бар жұлдыз жымың қағып, бірін бақты” дейді. Әр адам белгілі ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, ұлттық мәдениет, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болатыны сияқты аспан әлемін, “таным әліппесі мен зертханасын” да әр халық өзінше зерделеп, пайымдайды, тұрмыс-тіршілік жағдайына қарай таңбалап, бейнелейді [3,161].

Талқылау. Зат, құбылысқа ат беру - адамның болмыстың өзі танып білген сан алуан белгілерін, қимыл-әрекеттің сапасын, қадір-қасиетін бағалауы, әлем бейнесінің өзіндік қалыбын жасап, оны сөз мағынасына сыйғызып таңбалауы. А.Салқынбай: “Атау үдерісі болмыстың, ұғымның, атаудың арасындағы қатынас арқылы айқындалады. **Атау** - белгілі мағына мен мәнге негізделген дыбыстық қатардан тұратын таным арқылы анықталатын тілдік таңба. Атау - тілдің құрылымдық жүйеге сәйкес анықталатын тілдік кілт (языковой код) арқылы санада таңбаланады,-”деген тұжырым жасайды[4, 320-321]. Қ.Жұбанов айтқандай, “Ат болмаса, сөз де болмайды. Номинатив сөзді бір-бірінен айыру үшін ат қоямыз. Атты неге қоямыз? Оны заттардың өзі жоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз”[5,94-98]. Атау қарым-қатынас нәтижесінде жүзеге асатын тұрмыс-тіршілігінің қажетіне қарай белгілі зат-құбылыс туралы ақпарат алмасу үшін қойылады. А.Салқынбайдың пайымдауынша, атау, біріншіден, ономастиологиялық қырынан анықталғанда, заттың болмысы (денотат) мен атаудың мәні (сигнификат) қатынасы арқылы түсіндіріледі де, басты мән ретінде болмыс табиғаты зерттеуге алынады. Екіншіден, семасиологиялық аспектіде атаудың мәні таным тәсілдері мен болмыстың атын айқындау негізінде қарастырылады. Тіл ғылымында атаудың табиғаты мен құрылымын талдап түсіну де атауды қалыптастыратын үш мүшенің қарым-қатынасы негізінде жүргізіледі: **болмыс→ұғым→атау**.“Атаудың осы аталған эмбебап-логикалық қатынасының әрбір сыңары әлем бейнесінің тілдегі көрінісін таңбалауда ұлттық танымға тән белгілер арқылы түрленеді. Болмыс атаудың денотаты ретінде өмір сүреді де, атаудың қасиеті мен мәнін, белгілерінің табиғатын, төркінін көрсетеді. Атау - сөйлеу нәтижесі”[4,328-329].

Ғалам бейнесі де, адам бейнесі де тіл семантикасында көрініс табады. Бұл орайда адамның өзі емес, адамның тілдегі бейнесі ерекше маңызды болады. Тілдік формада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығы түрлі тілдік концепцияларда бірде “ғаламның тілдік көрінісі”, бірде “ғаламның тілдік моделі”, бірде “ғаламның тілдік бейнесі”, бірде “тіл аралық ғалам” деп көрсетіліп жүр.Егер ғаламның тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде ғаламның ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер ғаламның ұлттық, тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, *ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесін* құрай алады. С.Жиреновтің тұжырымдауынша, ғалам (әлем) бейнесі ұғымы адам баласының қоршаған орта мен дүниеге деген өзіндік көзқарастарын зерттеуге негізделеді.Айнала қоршаған дүние немесе адам мен оның өмір сүретін ортасы өзара тығыз байланысты. Ғалам бейнесі оның концептуалды негізі

ғылымдағы “адам мен оның ортасы жайлы ақпараттарды өңдеудің нәтижесі” деген тұжырымдама негізіне топтасады. Ғалам бейнесі – өте күрделі, үнемі қозғалыста болатын, тұрақсыз ауыспалы үдеріс. Онда адамдардың бір-бірімен тіл табысуын, ортақ шешімге келуін қамтамасыз ететін жалпы халықтық сипаты да болады”[6,25].

Қазақ халқының ата-бабалары мұсылмандыққа дейін-ақ тұрмыс-тіршілік жағдайына қарай жер беті мен аспан әлемін терең зерделеген. Ұлттық таным әрекеті олардың арасындағы байланысты анықтап, әл-ауқатының деңгейін мал-жанының аман болуымен өзектестірген, сол арқылы зерттеушілік, шығармашылық қызметін де жетілдіріп отырған. О.Жұбаеваның пайымдауынша, адамның когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл қоршаған орта туралы әсерді ғана жинақтап қоймайды, сонымен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтық, ұжымдық этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Ғалам бейнесі - адам дүниетанымының басты элементі. Ғалам бейнесі мазмұнында адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған. Сөйтіп, ғалам бейнесі дегенді адамның шынайы болмыс туралы түсінігі деп қабылдауға болады [7,12-19].

Адамның танымдық әрекеті ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақтаған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады. Адам қашан да әлемді танып, ондағы өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл - сөйлеушілердің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі[8]. Әлемнің тілдік бейнесі әр ұлтта әртүрлі болады. Бұл тіл иелерінің өмір тәжірибесі мен білім жүйесіне негізделеді. Әлемнің тілдік бейнесінде болмыс құбылыстары дәл суреттеледі деп есептеледі[8]. Бұл, әсіресе, ономастиканың терең де мол қабаты жер су атауларынан анық көрінеді. Халықтық географиялық терминдер мен топонимдік атаулар кез келген аймақтың физика-географиялық ерекшеліктерін дәл, айнытпай бере алады деп есептеледі. Жалпы, географиялық атаулардың жергілікті жер ерекшеліктерін дәл бейнелеген жағдайда өміршең келетінін ғалымдар да көрсетеді. Атаулар ғасырлар бойы жасалып, лингвомәдени сипатқа ие болады. Қазақ жерінің әр аймағында кездесетін: *Сорбұлақ, Ащысай, Жыланды* т.б атаулары да топонимдік кеңістіктің шаруашылықтың кей түріне жайсыздығынан ақпарат берсе, *Ешкіөлмес* - таудың малға жайлы мекен екендігін көрсетеді, “суыққа төзімсіз ешкі тәрзді жануар бұл таудақыста шығын болмағанына қарап, тау осындай атауға ие болған [3,55]. Мұндай ұлттық дүниетанымға бай атаулар мыңдап кезеседі, тіпті, топонимдердің негізі ұлттық мәдени ақпарат көзі, қазақ әлемнің тілдік бейнесі деуге болады. Б.Қалиев дүние (ғалам) бейнесі туралы айтқанда, **үш түрлі бейнені** ажырата білу керек деп есептейді. Біріншіден, объективті дүниенің тұтастай бейнесі (нақты, шынайы, дәл бейне); екіншіден, тілдік бейне; үшіншіден, ғылыми концептуалды бейне [9,9]. Шындық *әлемнің тұтастай бейнесі* – бүкіл әлемнің жалпы бейнесі. Әлем (ғалам) - кең мағыналы, ортақ ұғым. Зерттеушілер оны тіл құралдары арқылы бүтіндей жасау мүмкін емес деп есептейді. Егер дүние дегенде әңгіме әлемнің бір бөлігі туралы болса, мысалы, төрт түлік мал, жан-жануарлар дүниесі немесе өсімдіктер дүниесі жайында болса, олардың бейнесін жалпылап болса да жасауға болады. Дүниенің тілдік бейнесі деп, әлемнің бір бөлігінің ғана тілдік бейнесін айтады [9,9]. Осы бөлікке космономдер жүйесін қосуға болады.

Халықтық **космонимдік** атаулар деп, аспан әлеміндегі көзге құралсыз көрінетін ғарыш нысаны атауларын айтады [10,55]. Аспан әлемі атаулары: *Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан* - әлемге ортақ астрономиялық атаулар, алайда осы ортақәлемді әр ұлт өзінше көріп-біліп, өзінше түсінеді, өз әлемінің тілдік бейнесін жасайды. В.А.Никонов Волга бойын мекен ететін халықтардың космономдері туралы жазған еңбегінде: “Космономия как раз ярко убеждает, что для всей ономастики верен тезис: название, не присуще называемому объекту, а прикреплено к нему человеческим обществом и характеризует не столько сам объект, сколько называющих. Все названия космических объектов даны с Земли и отражали земное. Охотничьи племена дали созвездию название Стрелец, скотоводческие - заселили небо табунами коней. На небо перенесены сани, коромысло, даже старый лапоть ...”, - деп әлемді танудағы ұлттық ерекшелікті көрсетеді [11,373]. Х.Әбішев шаруаның жайы үшін қазақтарға аспан әлемін құралсыз-ақ көріп бақылау, яғни жұлдыз бақылау, қажет болды. Осыған орай, халық арасында табиғатынан зерек қойшы, малшылардың ішінен айтулы “жұлдызшы,” “есепшілер” шыға бастады. “Жұлдыздың тууы, көтерілуі, төбеге келуі, еңкеюі, батуы аумастан жыл сайын жылдың бір белгілі мерзіміне тура келеді де отырады. Ендеше уақыт есебін жұлдыз бойынша жүргізу өте ыңғайлы”, - деп есептейді [12,16-19]. Түнде жолаушы жүрген қазақ жүрер жолын да, уақытын да *Темірқазыққа* не *Үркерге* қарап айырады. *Темірқазық* - орнынан жылжымайтын жұлдыз, ал *Үркер* аспан бойында жылжып жүреді. *Темірқазық* жұлдызының бұл

ерекшелігі туралы Шоқан Уәлиханов: “Темірқазық деген атау, шамасы, оның тапжылмастан көрнекі жерге орналасуынан берілсе керек, өйткені оған жақын әрі оның айналасында қазыққа байланған аттың жүрісіне ұқсас қозғалыстағы екі жұлдыз “ақбозат; көкбозат” деп аталады”, -депжазған [13,61-63]. Темірқазықтың ерекшелігі - қозғалмайтын тұрақтылығы. Х.Әбішев бұл атаудың екінші сыңары **қазықтың** қазақ тұрмысындағы маңызын “киіз үйлі қазақтың үйін дауылға жықтырмай, көгендегі қозысын, желідегі құлынын, арқандауы атын бейсауат жібермей ұстап тұратын” мықтылығымен, мызғымайтын беріктігімен байланыстырады [12,69-70]. “Темірқазық Әлемнің мұнарасы, оны білген адам еш уақытта адаспайды, мақсатына жетеді” деп есептеледі [14,110]. Бұл тек жол жүру, мықтылығын сипаттайтын символдық мәнге ие.

Қорытынды. Лингвистикалық пән ретінде ономастиканың негізгі бөлігі болып табылатын аспан әлемі атаулары, космонимдер, қазақ ономастикасының өзге салаларына қарағанда, біршама кенжелеу дамыған саласы саналады. Ал қазақтардың ежелгі замандарда, ғылымға дейін-ақ, астрономиялық білімінің мол болғандығы олар қалыптастырған халықтық космонимдерден, фразеологизмдерден, тұрақты теңеулерден, көркем суреттеуге негіз болған өлең-жырлардан, символдық мәнге ие болған атаулардан көрінеді.

Әр адам белгілі ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, ұлттық мәдениет, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болатыны сияқты аспан әлемін, “таным әліппесі мен зертханасын” да әр халық өзінше зерделеп, пайымдайды, тұрмыс-тіршілік жағдайына қарай таңбалап, бейнелейді.

Қазақ халқының ата-бабалары мұсылмандыққа дейін-ақ, тұрмыс-тіршілік жағдайына қарай жер беті мен аспан әлемін терең зерделеген, сол арқылы жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін біліп, шаруашылық жүргізудің әдіс-тәсілдерін қалыптастырған. Бұл қазақтың арғы аталарының тұрмыс-тіршілігінің көзі болып табылатын мал-жанын аман сақтап, әл-ауқатын көтеру үшін қажет болды. Ұлттық таным жемісі топонимдік кеңістікпен қатар, аспан әлемін терең зерттеп білуге жетеледі, сол арқылы күнделікті уақыт мерзімін, ай, апта, жыл мезгілдерін анықтап отырған. Сонымен қатар, аспан әлемін көзбен көріп бақылап қана қоймай, сол жинаған білімдерін өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданған. Бұл білім қазақ халқының күнтізбесін жасауға негіз болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика.- Астана: IC-Сервис ЖШС, 2006.- Т.1.- 400 б.-кітап
- 2 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту.- Алматы: Мектеп, 1969.- 60 б.-кітап
- 3 Снабекова М. Космонимдер ономастиканың құрамдас бөлігі // “Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағлымы және жазу реформасы” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. 19 желтоқсан, 2019.- Алматы: Қазақ кітабы.- 16-162-бб.- мақала
- 5 Салқынбай А.Б. Қазіргі қазақ тілі.- Алматы: Эверо, 2008.- 464 б.-кітап
- 6 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: МТДИ, 2010.- 608 б.-кітап
- 7 Жиренов С. А. ХҮ-ХІХ ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы “Өмір мен Өлім” концептісінің тілдік-танымдық табиғаты.- Алматы, 2011.- 179-б. .-кітап
- 8 Жұбаева О. Грамматикадағы дүниенің тілдік бейнесі.- Алматы: Қазығұрт, 2014.- 400 б.-кітап
- 9 Mereke Atabayeva, Aigerim Bogenbayeva, Gunafis Yerkegaliyeva, Meruert Bissenbayeva. Reflejo De La Cultura Tradicional Kazaj En El Lenguaje // Orpción, Año 35, No. 88 (2019): 977-994 ISSN 1012-1587 / ISSN: 2477-9385 - мақала
- 10 Қалиев Б. Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі.- Алматы, 2008.- 92 б.-кітап
- 11 Мадиева Г.Б., Иманбердиева С., Мадиева Д.Б. Ономастика: теориясы мен практикасы.- Алматы: Қазақ университеті. 2016 -192 б.-кітап
- 12 Никонов В.А. Ономастика Поволжья // Материалы III конференции по ономастике Поволжья. Уфа, БашГУ, 1973.- с.: 373-381- мақала
- 13 Әбішев Х. Аспан Сыры.- Алматы: Жазушы, 2009.- 264 б.-кітап
- 14 Уәлиханов Ш. Қырғыздардың космологиялық түсініктері. Көптомдық шығармалар жинағы, 4-том.- Алматы: Толағай групп. 2010.- 61-63-бб.-кітап
- 15 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 3 том. Табиғат.- Алматы: Сардар, 2013.- 608 б.-кітап Kazakh National Women's Teacher-training University,

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERATURE

МРНТИ 17.09.91

Акбулатов А.,¹ Әбдіғазизұлы Б.²

¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҒАБИДЕН ҚҰЛАХМЕТТІҢ «ҮЙІРІ ЖОҚ КӨКЖАЛ» РОМАНЫ:
ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР, ҚЫЛМЫС ХРОНИКАСЫ

Аңдатпа

Мақалада тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ прозасындағы тың ізденістер зерттеледі. Проза саласындағы роман жанрының түрлік дамуы қарастырылады. Жаңа замандағы тақырыптар, заманауи проблемалардың проза саласында игерілуі талданады. Аталған мәселелер Ғабиден Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» романын талдау арқылы дәлелденеді. Романдағы 90-жылдардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері басты проблема ретінде көркемдік тұрғыдан шынайы суреттелуі қозғалған. Романдағы замандастарымыздың көркем бейнесі арқылы қазіргі қазақ қоғам шындығын көркемдеп толықтырудағы рөлі сараланған. Мақалада романның тақырыбына өзек болған мәселе тоқырау жылдарындағы қазақ елінің тұрмыс жағдайы, сыбайлас жемқорлық, қылмыстық әлем, саяси қылмыстар, ұлтаралық қақтығыстар сөз болған. Олар қарапайым адамдар, сондай-ақ үлкен мемлекеттік деңгейдегі шенеуніктердің прототиптік бейнелері, қылмыстық әлеммен байланысты көркемдік тұрғыдан шешім тауып талданған.

Түйін сөздер: қазіргі қазақ прозасы, роман жанры, әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптар, прототиптік бейнелер, қылмыс хроникасы, көркем образ, тоқырау жылдары, геройлық образ, авторлық шешім, сыбайлас жемқорлық

Akbulatov A.,¹ Abdigaziuly B.²

¹ Mahambet Utemisov West Kazakhstan state university,
Uralsk, Kazakhstan

² Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

GABIDEN KULAKHMET'S NOVEL "WOLF WITHOUT A PACK":
SOCIAL AND DOMESTIC PROBLEMS, CHRONICLE OF CRIMES

Abstract

The article examines new researches conducted on Kazakh prose after the period of independence, the specific development of the novel genre. The article analyzes the themes of modern times and the development of modern problems in prose. These questions are considered based on the novel "Wolf without a pack" by Gabiden Kulakhmet. The novel depicts social and domestic problems of the 90s as the main problem, and it analyzes the role of modern realities based on the artistic image of contemporaries. The article highlights the issues of the living conditions of the Kazakh people during the years of stagnation: problems of corruption, the criminal world, political crimes, ethnic conflicts, etc .

Keywords: modern Kazakh prose, genre of the novel, social and domestic themes, prototypical images, chronicle of crimes, artistic image, years of stagnation, image of the character, author's decision, corruption

Акбулатов А.,¹ Әбдігазизұлы Б.²

¹ Запдно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова,
Уралськ, Казакстан

² Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казакстан

РОМАН ГАБИДЕНА КУЛАХМЕТА «ВОЛК БЕЗ СТАИ»: СОЦИАЛЬНО-БЫТОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ХРОНИКА ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Аннотация

В статье изучаются новые исследования казахской прозы после периода независимости, видовое развитие романного жанра. Анализируются темы нового времени, освоение современных проблем в прозе. Эти вопросы рассматриваются на основе романа Габиден Кулахмета «Волк без стаи». В романе в качестве главной проблемы изображены социально-бытовые проблемы 90-х годов, анализирована роль современных реалий на основе художественного образа современников. В статье освещены вопросы условий жизни казахского народа в годы стагнации: проблемы коррупции, уголовного мира, политических преступлений, межнациональных конфликтов и др.

Ключевые слова: современная казахская проза, жанр романа, социально-бытовые темы, прототипические образы, хроника преступлений, художественный образ, годы застоя, образ героя, авторское решение, коррупция

Кіріспе. Тәуелсіздік дәуірінен бергі жазылған қазақ прозасында тарихи тақырыптармен қоса, қазіргі заманауи мәселелердің түйіткілдерін тарқата отырып, замандас бейнесін сомдаған біршама тың стильдік ізденістерді, көркемдік табыстарды атап өтуге болады. Жекелеген қаламгер туындыларында замандас бейнесі, яғни заманауи проблемалардың өзегінде адам тағдыры тыс қалуы мүмкін емес заңдылық. Бұл туралы біршама зерттеу еңбектерде айтылып, жазылып талданып келеді.

Сонау кеңестік кезеңнің келмеске кеткен азапты шеңгелінен құтылып, 90-жылдардан кейінгі қазақ қоғамындағы түбегейлі өзгерістер мен санадағы сілкініс, құлдық қоғамның қамытынан ажыраған адамның болмысы, рухани бостандық қазақ қаламгерлеріне шығармашылық тұрғыдан еркіндік сыйлады. Қаламгерлер проза саласының әңгіме, хикаят, роман сынды үлкенді-кішілі жанрларында тың ізденіске ұмтыла отырып, заман және адам проблемасын, адамның ішкі рухани әлеміндегі болмыс, оның себеп-салдарына еркін бойлап, қоғамдық әлеуметтік-тұрмыстық проблемалардың көркемдік шындыққа ұласуына біршама жол ашты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақалада салыстырмалы типологиялық, образдық талдау әдістері қолданылды. Бұл жылдардағы әдеби процесс туралы ғалым Г.Орда: «Қазақ жазушылары өткен тарихпен бірге қазіргі қазақ қоғам шындығын көркем бейнелеуде роман жанрын замандастарымыздың көркем бейнесімен толықтырды. Бұл жылдары қаламгерлер өмірдің күнгейіне қарағанда көлеңкелі тұстарына баса назар аударды. Г.Бельгердің «Тұйық су», Т.Әлжантегінің «Қым қиғаш тіршілігі», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжалы», Т.Нұрмағанбетовтің «Мешкей», Қ.Жиенбаевтың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте» романдары бүгінгі күннің оқиғаларын арқау етуімен құнды» [1,16],- десе, ғалым Н.Ақыш: «Уақыт көшіне ілесе келген тың тақырыптарды, өмір ұсынып отырған жаңа бедерлерді жинақтап көрсету де эстетикалық мұратқа айналды. Әдебиеттің тақырыбы өткен тарихты қозғаумен шектелмейтіні, әр қаламгер өзі өмір сүріп отырған кезеңнің көркем келбетін жасауға ұмтылатыны белгілі. Бұл жағынан қазақ романшылары оқырман қауым алдында қарыздар болып қалмай, заман толқыны лекітіп әкелген өзекті мәселелерді көрсетуде қол қусырып қала алмады» [2,3], - деп тұжырым жасайды. Міне, ғалымдардың тұжырымдарынан проза саласында тың үрдістердің белең алып, кейбір іркілістерге қарамастан, классикалық дәстүрдің ізімен жаңаша бағыттағы тенденциялардың қарқынды үрдісін көреміз. Сол қаламгерлер қатарында қаламгер Ғабиден Құлахмет те болатын.

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі белгілі қаламгерлердің бірі, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері ақын, жазушы Құлахмет Ғабиден 1955 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Шолпан ауылында дүниеге келген. ҚазҰУ (1976), Мәскеудегі Әдебиет институтының Жоғары курсы (1989) бітірген. Шығармашылық жолын ақындықтан бастаған Ғ.Құлахмет алғашқы өлеңдері 1966 жылдан республикалық баспасөз беттерінде жарияланып, топтамалары «Жыл он екі

ай» (1969), «Көктем тынысы» (1975) жинақтарында жарияланған. Әдебиеттің проза саласына да қалам тербеген жазушының «Үйірі жоқ көкжал» (2001) романы, «Көл түбіне кеткен ел» (1989), «Ұрпағың үзілмесін» (1991), «Ердің сыны» (1994), «Серінің соңғы сәлемі» (1998) кітаптары жарық көрген.

Жазушының «Үйірі жоқ көкжал» (2001) романы туралы ғалым, филология ғылымдарының докторы Ж.Дәдебаев «Дәуір шындығы және роман» атты шолу мақаласында: «Республика тәуелсіздігінің оныншы жылы жарық көрген романдарының ішінде мына шығармаларды атап өткен дұрыс: Кәдірбек Сегізбаевтың «Беласқан» (Атамұра, 2001), Ғабиден Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» (Өнер, 2001), Асқар Алтайдың «Алтай новелласы: роман-миф» (Өлке, 2001), Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Ұлы көш» (Өлке, 2001), Төкен Әлжантегінің «Қым-қиғаш тіршілік» (Елорда, 2001), Өмір Кәріпұлының «Тайталас» (Елорда, 2001), Тілеуқор Адамбайқызы Қосуақтың «Әйел айтқан хикая» (Арыс, 2001), Дәлелбек Батырдың «Ақ батыр» (Елорда, 2001), Сейітхан Әбілқасымұлының «Оспан батыр» (Ана тілі, 2001) романдары. Тақырыптық-жанрлық белгілеріне қарай аталған романдарды екіге бөліп топтастыруға болады:

А) тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар: Бұл топта К.Сегізбаевтың, Тұрсынәлі Рыскелдиевтің, Сейітхан Әбілқасымұлының шығармалары бар.

Ә) әлеуметтік-тұрмыстық тақырыпқа жазылған шығармалар. Бұл ретте А.Алтайдың, Ғ.Құлахметтің, Төкен Әлжантегінің, Өмір Кәріпұлының Тілеуқор Адамбайқызы Қосуақтың «Әйел айтқан хикая» романдарын атаған дұрыс» [3,461], - деп жаңа ғасыр басындағы әдеби процеске келіп қосылған өзіндік ізденісі, көркемдік идеялық тұрғыдан жаңашылдығы бар туындылар қатарында атап өтеді.

«Үйірі жоқ көкжал» романы Қазақстанның тоқырау жылдарынан және алғашқы тәуелсіздік алғаннан бергі елдің жағдайын суреттейтін әлеуметтік полицейлік туынды деуге болады. Романның тақырыбына өзек болған мәселе тоқырау жылдарындағы қазақ елінің тұрмыс жағдайы қарапайым қатардағы кішкентай адамдардан бастап, үлкен мемлекеттік деңгейдегі шенеуніктердің табиғат құбылыстарымен параллельді түрде қылмыстық әлеммен байланысты суреттеледі.

Роман «Бөрі бауыр дүние», «Жалғыз бөлтірік», «Үйірі жоқ көкжал» деген үш тараудан тұрады. Романның алғашқы тарауындағы ата бөрі мен шолақ бөлтіріктің мекені болған Серек тауының жықпылын суреттеуден басталатын роман табиғат заңдылығын түз тағысының бөлтірігін тәрбиелеген тектілігін көрсетіп, ұрпағына жөн сілтейді. Сондай-ақ бөрі тірліктің ішіндегі өз қандастарының етін жеп дәнiккен Ақшұланның әрекеті, ит тірлікке әуестігі, қанның иісі шықпаса өжеттігі оянбайтын тобыр қорқаулардың тірлігін автор параллельді суреттей отырып, көк бөрі ұрпақтарының бүгінгісін романның келесі тарауларындағы адам образдарымен байланыстырып, негізгі сюжеттік оқиғаларға символикалық тұрғыдан мән береді. Оқырманын табиғат заңдылығына, түз тағыларының тағдырына ортақтастыра отырып, әлсіз бен күштілердің, қайырымдылық мен зұлымдықтың, айла-амалдың, өмір үшін жанталастың мағынасына «табиғат және адам» заңдылығына символикалық түрде мән беріп, әлеуметтік маңыз үстейді. Жалғыз бөлтірік тарауындағы романның орталық кейіпкері Балтақескен Халықов та, Теңіз Медетов те тағдырлы жандар. Екеуі де жетімдік тауқыметін тартып өседі, бірақ Теңіз Медетовтің тұлғасынан әлсіздік нышаны, жолы болмаушылықтың кейбір себеп-салдарын жетімдік тағдыр, жұртқа қараған жәудір көз тағдырдың ізі бар екенін автор романында сыналай отырып жеткізеді. Ал оған қарама-қарсы автор геройлық образ дәрежесіне дейін көтерген Балтақескен Халықов сынды қаһармандардың бүгінгі қоғамда саусақпен санарлықтай екені мәлім. Автор кейіпкерлердің бірінің сөзі арқылы «Әй, дегенмен өзі нағыз көкжал екен. Үйірі жоқ көкжал. Мұның басын бәйгеге тіккен адам өз басынан айырылар» [4, 128] деп сипаттайды. Алайда, романда отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын геройлық образға дейін көтерілген бас кейіпкердің ішкі жан жарасы да жоқ емес. Махаббаттағы сәтсіз ғұмыры, оған да кінәлі сол кездегі құпия жұмысы ұлттық қауіпсіздік саласындағы қызметі. Отан алдындағы борышын өтеген жанның бүгінгі қоғам үшін елеусіз жай ғана жандардың бірі болып өмір сүруінің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Романның соңындағы авторлық шешімнің қылмыстық әлеммен теке-тірестің бітіспесін ұғындыра білуі, қылмыстық әлемнің қанша кессе де, бір кесірткедей қауқары бары, тамыр жайлаған сыбайластықты жеңу мүмкін еместігін аңғартса керек.

Романның екінші тарауындағы әрбір тарауша белгілі бір кейіпкердің жеке мәліметін беруден бастап, сол адамның тағдырын романның сюжеттік арнасымен линиялық байланыс орната білуі, романның кино монтаждық деңгейін, автордың сюжет құру шеберлігін танытады. Автор қылмыстық әлемнің серкелерінің мемлекеттік қызметті жамыла отырып әрекет етуін, сонау тоқырау жылдары ен байлыққа ие болып қалған өмірлік прототиптері аразында толып жүрген кейіпкерлердің іс-

әрекеттерін көркемдік деңгейде суреттей білген. Романның алғашқы тарауындағы түз тағысының заңдылығындағы көркем суреттер екінші, үшінші бөлімде адамдар тағдырына ұласқанын, табиғи жымдасқан авторлық идеяның астарындағы адами құндылықтардың, қоғамдық құбылыстағы адами қатынастың өзгеруге сипат алған жайларынан хабар береді, авторлық тұрғыдан ой түйеді. «Бөрі бауыр дүние» деген тараудағы түз тағысы қасқырлардың болмысымен, ұрпағы үшін отқа да, суға да түскен адамдардың, байлық үшін, билік-мансап үшін арын сатып, бәрін жоюға даяр аш көзділіктің кең етек алуы романның негізгі тақырыптық өзегіне айналған. Бірақ қылмыстық әлемнің китүрқы әрекеттермен, жең ұшынан жалғасқан сыбайластықпен жүзеге асуы қоғамдық дерт екенін автор бүгінгі өмір ақиқаты ретінде танып түйіндейді. Саяси көрдің мағынасын ашуға тырысады. Романдағы Қаһарман Қуанышбаев, Мақат Назарұлы, Михаил Иманбаев, Жұман Ақбергенов, Хан, Әкей, Саңлақ, Сұлтантардың образы типтендірілген бүгінгі қоғамдық ортадағы көзге көрінбесе де, ортамызда жүрген жандар. Теңіз Медетов сынды өмірден өзінің орнын таба алмай жүргендер қаншама? Балтақескен Халықов сынды күрескер қайраткерлер саусақпен санарлық.

Бұл туралы Ғалым Ж.Дәдебаев: «Ғабиден Құлахметтің – «Үйірі жоқ көкжал» романы бүгінгі күннің шындық оқиғаларына незіделген. Өмірдің түрлі саласында әрекет жасап жүрген алаяқтар, алдампаздар, жемқорлар бейнесі, оларға қарсы күресуші жекелеген адамдардың тұлғасы көркемдік шарттарына сай жасалған. Адамдар арасындағы тартыс негізінде, шаруашылық, өндіріс немесе адамгершілік мәселелері емес, пайда табуға ұмтылған, уақытын, қажыр-қайратын, ақылын тек қана соған арнаған жаңа тұрпаттағы адамдардың бүлдіруші, бұзушы әрекеттерінен тамыр тартады. Бұл жолда олардың басты кәсібі адамдарды алдап-арбау, тонау, қорқытып-үркіту, өлтіріп жіберу. Қоғамның ортасында ойран салып жүрген осындай іскер тұлғалардың ойы мен ісі, іші мен тысы шынайы суреттеледі. Бұларға қарсы білек сыбанып, күреске шығатын ұжымдық күш жоқ, жекелеген жүрек жұтқан тұлғалар ғана бар. Сондай жүрек жұтқандардың дара өкілі – Балтақескен образы Ғ.Құлахметтің елеулі табысы. Оны жасауда жазушы шартты тәсілдерді пайдаланған. Қаптаған қылмыстыларға қарсы үйірі жоқ көкжалдай дара шауып жеңіске жетуі Балтақескен образында шартты белгілердің барын көрсететіні рас. Сөйте тұра бұл образ жазушының айтарлықтай көркемдік жетістігі екені анық»[3,462],- деп баға береді

Иә, автор геройлық образды суреттеуде көркем шарттылыққа көп иек артқан, сондай-ақ адамдық негіздегі ішкі рухани жандүниесін де ашуды мақсат тұтқаны байқалады. Автор романды қылмыстық әлемді жеңіп шыққан геройлық образ деңгейіне жеткізгенімен, әрине, Балтақескен образын шынайылық негізде суреттеуді де ұмыт қалдырмайды, олай болмағанда, оқиға сюжеттеріндегі адам образының бейнеленуі де сенімсіз болар еді. Автордың Балтақескеннің де адами болмысын ашып суреттеуге тырысқаны романның түйінінен байқалады. Қылмыстық әлеммен күрестің бітпейтін шырғалаңын автор шынайылықпен бейнелеуге тырысады. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дегеннің мысалы Михаил Иманбаевтың тағдыры арқылы ашып көрсетілген. Кеңестік кезеңдегі құпия қызметте болған Балтақескен Халықовтың лақап аты «Вожақтың» уақытпен ымыраласуы, күні өткен кеңестік кезеңмен келмеске кеткен уақытты да аңғартады.

Романда авторлық қолданысқа тән, оккозианолизмдер қазіргі заманға лайық тіркесті сөздер, мақал-мәтелдер жиі ұшырасады. Атап айтар болсақ, «Қалталы адам – қанатты құс», «Күннің бетіне күле қарасаң, дамбалына жамау сұрайды», «Ақпаса су сасиды, ойламаса ми сасиды», «Қараңғылықта көз емес, құлақ ізшіл», «Иесіз үйдің иті осырақ», саяси көр т.б [43].

Қорытынды. Қазақ романдарында тәуелсіздік жылдар прозасы типологиялық тұрғыдан дәстүр жалғастығын сақтағанымен, кейбір жаңашылдық тұстары ерекше байқалды. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында жарық көрген романдар негізінен тарихи бағытта болғанын атап өтуіміз керек. Бұлай болу заңды құбылыс еді. Бірақ қаламгерлер тек тарихи кезеңдерді, тарихи тұлғаларды ғана ұлықтады деген ой тұмауы керек. Сондай-ақ заманауи проблемалардың да әдебиеттегі көркемдік деңгейде көтерілуіне үлес қосты. Соның бірі Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» романы – 80-90-жылдардағы әлеуметтік-тұрмыстық проблемаларды, қылмыс хроникасын өзінің қанық бояуымен аша білген жанрлық ізденістегі туынды. Қаламгер тарихи кезеңдегі қазақтың ауыр тұрмыс-тіршілігін, ауытпалықтың қасіретін жаза отырып, тәуелсіздік сынды баға жетпес көкпен тілеген ата-бабаларымыздың арман-мұратының маңызын ұлықтауды, «Мәңгілік Ел» идеясын жарқырата көрсетуді нысана тұтты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті (Тәуелсіздік дәуіріндегі проза): Ұжымдық монография. – Алматы: «Print express», 2017. – 492 бет.
- 2 Ақыш Н.Б. Замана рухы. Әдеби зерттеулер мен сын мақалалар. – Алматы, 2013. – 295 б.
- 3 Қазақ романы: өткені мен бүгіні: Ұжымдық монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009. – 644 бет.
- 4 Құлахмет Ф. Үйірі жоқ көкжал. Роман. – Алматы: Өнер. – 240 б.

МРНТИ 16.21.37

Матыжанов К.,¹ Даутова Г.²

^{1,2} М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада отбасылық ғұрып фольклорының этнографиямен байланысы қарастырылады. Ғұрыптық фольклордың этнографиямен жымдаса өріліп жатқан аса күрделі байланысты екендігі мәлім мәселе. Ең алдымен, көзге ұратыны олардың шығу тегі мен атқаратын қызметтеріндегі ортақтастықтар. Бұл әрине, сырттай қарағанда-ақ байқалатын байланыстар. Ал оған тереңдей үңілсек, шырша-шату байланысқан сан қырлы, аса күрделі тамырластықты көреміз. Түптеп келгенде, ғұрыптық шығармалардың құрылымы, шындықты бейнелеудегі тәсілдері, мазмұны, сюжеттік желілері, мотивтер жиынтығы, былайша айтқанда, бүкіл поэтикалық құрылым жүйесі ғұрыппенен індетте зерттеуді қажетсінетін етене байланыста, бірақ ол байланыстардың ғұрыптық мазмұнды беруде өзіндік қарым-қатынас заңдылықтары бар. Біздің мақсатымыз сол заңдылықтар жолына барлау жасау болып табылады. Әлемдік фольклортану ғылымында «ортақ тұстар» деп аталып кеткен мұндай параллелдер формулалар түрінде әртүрлі жанрларда үздіксіз қайталанып отырады. Мұның өзі фольклор поэтикасын зерттеудегі аса маңызды элемент болып табылады. Ол, әсіресе, этнографиялық фольклорлық материалдар арқылы ежелгі дүниетаным, мифологиялық сана іздерін зерттеуге кең жол ашады.

Түйін сөздер: әлемдік фольклор, этнография, типологиялық байланыс, мифология, сюжеттік желілер

Matyzyhanov K.,¹ Dautova G.²

^{1,2} M.O.Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan

ETHNOGRAPHIC RELATIONS OF THE KAZAKH FAMILY RITUAL FOLKLORE

Abstract

The article deals with the connection of family folklore with Ethnography. It is well known that ritual folklore is closely related to Ethnography. First of all, it is the common features in their origin and functions that stand out. These are, of course, visible connections. And if we go deeper, we will see a multi-faceted, very complex root system. After all, the structure of ritual works, methods of depicting reality, content, plot lines, sets of motives, so to speak, the entire system of poetic structure is inextricably linked to the study of rituals, but these relationships have their own laws of relativity. The purpose of this article is to explore these paths. Such Parallels, which in the world of folklore are called "common places", are constantly repeated in different genres in the form of formulas. This is a very important element in the study of folk poetics. This opens up wide opportunities for studying traces of the ancient worldview and mythological consciousness, especially with the help of ethnographic and folklore materials.

Keywords: world folklore, ethnography, typological connection, mythology, plot

Матыжанов К.,¹ Даутова Г.²

^{1,2} Институт Литературы и искусства имени М. О. Ауэзова,
Алматы, Казахстан

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ СВЯЗИ КАЗАХСКОГО СЕМЕЙНОГО ФОЛЬКЛОРА

Аннотация

В статье рассматривается связь семейного фольклора с этнографией. Общеизвестно, что ритуальный фольклор тесно связан этнографией. Прежде всего, это общие черты в их происхождении и функциях, которые выделяются. Это, конечно, видимые связи. И если мы углубимся, то увидим многогранную, очень сложную корневую систему. В конце концов, структура ритуальных произведений, методы изображения действительности, содержание, сюжетные линии, наборы мотивов, так сказать, вся система поэтической структуры неразрывно связана с изучением ритуалов, но эти отношения имеют свои собственные законы относительности. Цель статьи исследовать эти пути. Такие параллели, которые в мире фольклора называют «общие места», постоянно повторяются в разных жанрах в виде формул. Это очень важный элемент в изучении народной поэтики. Это открывает широкие возможности для изучения следов древнего мировоззрения, мифологического сознания, особенно с помощью этнографических и фольклорных материалов.

Ключевые слова: мировой фольклор, этнография, типологическая связь, мифология, сюжет

Кіріспе. Фольклорлық шығармалар ғұрыптың сөзбен жасалған көшірмесі немесе ғұрыпты сөзбен демеп отыратын қосалқы дүние сияқты көрінетіні бар. Ал шын мәнінде фольклорлық шығармалар ғұрыпты әншейін демеуші немесе оны сөзбен өрнектеп жеткізуші емес, ол сол ғұрыпты атқаруға белсенді қатысатын және оның мазмұндық өзегін өзінің шартты тілімен, өзіндік заңдылықтарымен жеткізетін ерек құбылыс. Сондықтан ғұрып пен фольклор мазмұны үнемі сәйкес келе бермейді. Сонымен қатар, фольклор ғұрыптан ірге ажыратқан сайын оның көркемдік сипаты басым болады да, ғұрыптан айырмашылығы алшақтап түседі. Сондықтан ондағы кейбір мотивтер, сюжеттер мен образдар алғашқы мифтік немесе ғұрыптық тегін ұзақ сақтаса, енді бірлері ұшығын ұстатпайтындай күрделі өзгерістерге ұшырайды. Бір сөзбен айтқанда, шығу тегі, атқаратын қызметі, мазмұн-мәні мен бүкіл образдық жүйесімен халық тұрмысына сіңісті ғұрыптық фольклордың этнографиялық өзара байланыстары – халық шығармашылығының жанрлық тұрғыдан қалыптасуына, сюжет құрау, образдық жүйесін жасақтауда аса маңызды рөл ойнайды. Сондықтан фольклор поэтикасын саралауда оның этнографиялық байланыстар типологиясын зерттеудің маңызы шексіз және оны жүргізудің жолдары да сан алуан.

Әдістеме. Қазір ғылым бұл аса күрделі мәселені жалпылама қарастырудан гөрі нақты байланыстарды, мәселен – әртүрлі жанрларға жататын шығармалардың сюжеттерін, мотивтерді, бейнелеу жүйесінің жекелеген элементтерін – этнографиялық параллелдерімен өзара тереңдей салыстыра зерттеуге ден қоюда. Олардың өзін туысқан халықтар мұралары арасындағы ортақтастықтың кең өрісінен емес, бір халық фольклорының ішкі сипаттары аясында қарастыруға немесе фольклор мен ғұрып, рәсім арасындағы типологиялық байланыстарды ашуға назар аударуда. Фольклорлық шығармаларды тек сөз өнері ғана емес, этнология ғылымының шегінде қарастыру әлемдік фольклортану ғылымында орныққан үрдіс. Демек, отбасылық ғұрып фольклорын ғұрып пен мифтік дүниетаным арнасымен ағастыра зерттеу дәстүрлі мәдениеттің тұңғыш сырын кеңірек, жан-жақты ашуға мүмкіндік туғызады.

Қазақ фольклортану ғылымында этнографиялық материалдар фольклорлық шығармалардың қандай жағдайда орындалатынын, атқаратын қызметі мен мазмұндық мәнін ашуға байланысты қосымша материалдар ретінде сипаттамалық тұрғыдан зерделеніп келеді. Ал шындығына келгенде «фольклор мен этнографиялық байланыстар типологиясы» (Путилов Б.Н.) аса күрделі де, көп сатылы ғылыми мәселе. Сондықтан да ол әлемдік ғылымда фольклортану мен этнология ғылымдарының шегінде өріс ашып, өзінше өзекті ғылыми арна түзіп көптен сөз болып келеді.

Типологиялық зерттеулердің түп тамыры айналып келгенде, салыстырмалы-тарихи зерттеуден бастау алады. Ал салыстыра зерттеу - кез келген ғылымның ежелден қолданып келе жатқан басты тәсілдерінің бірі. Сондықтан да тарихи-салыстыру әдісі ғылым тарихында мына уақыттан басталады деп жіп тағу қиын. Мәселе, сол әдісті қолдану әдістемесінің белгілі ғылыми объектінің ерекшелігіне орай жүйеленіп, арнайы мақсатта, арналы бағытта қолданылып, қалыпқа түсуінде.

Нәтижелер. Фольклордың этнографиялық байланыстарын синкреттілік табиғатымен тарихи типологиялық тұрғыдан саралаған К.В. Чистов оны ауқымды-ауқымды үш сатыда қарастыру керектігін ескертеді. Оның алғашқысы фольклордың архаикалық кезеңі. Бұл сатыда фольклор этностың бүкіл мәдени кешенімен кіріккен біртұтас сипатта болады, бұл кезеңде оның көркемдік мәнінен мәдени қос тінділік (культурный дуализм) сипат өріс алады, яғни фольклор табиғатында практикалық мәнмен қоса өнерге тән көркемдік сипаттар қоса өріс ашып, қатар дамиды. Мәдени қос тінділік сатысының орынын, урбандалу дәуірі басады. Бұл сатыда өнердің барлық түрі қарыштап дамиды, фольклор солардың дамуына басты тиянақ ретінде өмір сүреді, бірақ жоғалып кетпейді [1,30]. Бұл – фольклордың этнографиялық байланыстарын диахрондық зерттеуде есте ұстайтын жалпы сипаттар. Сонымен қоса бұл құбылысты синхрондық тұрғыдан зерттеудің де өзіндік ерекшеліктері бар.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, қазақ фольклорының бүгінгі ахуалының үшінші сатыда тұрғаны анық. Дегенмен типологиялық саралау кезінде фольклорлық шығармалардың қай кезеңде жиналып, хатқа түскенін де есте нық ұстау қажет. Біз қарастырмақ болып отырған қазақ отбасылық ғұрып фольклоры үлгерінің басым көпшілігі ХІХ ғасырдың орта шенімен ХХ ғасыр басында хатқа түскен. Оның үстіне бұл жанрдың халық тұрмыс-тіршілігімен етене байланысып жатқан өзіндік ерекшелігі тағы бар.

Біз алдымызда талай шиырға айналған бұл сұрлеуден аяғымызды тарта отырып, аталмыш проблеманың басқаша қырын сөз етуді мұрат тұттық. Ол әртүрлі жанрлық түрлердегі мотивтер мен сюжеттерді, бейнелеу жүйесін бір-бірімен және соған тете этнографиялық (мифтік, ғұрыптық, рәсімдік) материалдармен өзара іштей салыстыра отырып типтік жағдайлардың шығу, даму жолдарына барлау жасау. Отбасылық ғұрып фольклоры бұл тұрғыда әлі арнайы зерттеу нысанасына іліне қоймаған тың дүние.

Көне түркі ескерткіштеріндегі жазба нұсқаларды қазақ жоқтау жырларының тасқа таңбаланған алғашқы үлгілері дегенге бой ұсынсақ, қазақ отбасылық ғұрып фольклоры тарихының тым тереңнен тамыр созатынына күмән жоқ. Фольклордың тарихи поэтикасының тегі тереңдей барып әрқашанда ғұрып пен мифке сарқады. Ғұрып мен мифтің қайсысының алғашқы екендігі жөнінде әлемдік ғылымда тай-талас пікір көп, қалай дегенде де бір-бірінен ажыратып қараудың өзі қиынға соғатын осы екі құбылысты да ғұрыптық фольклорды зерттеуде айналып өтуге болмайтыны айдан анық.

Дамудың алғашқы сатысында тұрған халықтар фольклорын ұзақ жылдар салыстыра зерттеудің нәтижесі отбасылық ғұрып кешенінің бірден қалыптаспағандығын көрсетіп отыр. Сөз жоқ, ең алдымен өлімге байланысты ғұрыптар бұрын пайда болады. Ал туу немесе үйлену ғұрыптары кешірек қалыптасады. Мәселен, көптеген тайпаларда, «инициация» (балиғатқа толуға байланысты рәсімдер) институты ерте дәуірлерде көпшілік халықтарда үйлену салтының ролін атқарып келсе, халықаралық куада (ерінің әйелімен бірге толғатқаны сияқты әрекеттер жасауы) құбылысы туу туралы салттардың орнына жүріп келген. Осылайша қалыптасқан отбасылық салттар бірте-бірте бір циклге кірігеді. Отбасылық ғұрыптың бір циклге шоғырлануы оған тиянақ болатын қоғамдық-психологиялық негіздің әбден пісіп жетілген кезіне және циклге кіретін ырымдар халықтық сипат алып, толық ғұрыптық дәрежеге ие болған уақытына дөп келеді.

Тарихи дамудың бұдан бергі кезеңінде қоғамдық-психологиялық негіз бұзылады да, тұтас цикл, үш салаға ыдырап, әр саланың өзіне тән ғұрыптары қалыптасады. Әрине, белгілі уақытқа дейін бұл форма дәстүрлі екпінмен өз тұтастығын сақтауы мүмкін, бірақ ол ұзаққа бармайды. Жеке ғұрыптық ырымдар циклден бөлініп шыға береді. Бірақ ғұрыптың бір ерекшелігі сонда, ол өзінің негізгі мазмұнын жоғалтқанмен де, алғашқы сипатының белгілерін ұзақ сақтайды. Өзінің бір циклден тараған тек тамырын біржола өшіріп жібермейді. Оған үш саладағы – туу-ер-жету-өлім жөнелтуге байланысты ғұрыптық фольклор материалдарын салыстыра отырып, көз жеткізуге болады. Мұның өзі сонау есте жоқ ескі замандағы біртұтас көне ұғым-түсініктердің, дүниетанымының сырына жетелейтін жіптің ұшығы болып табылады. Бірақ олардың бір-бірімен арақатынасы, тонның ішкі бауындай араласып жатқан өзара тамырлас жүйесінің ұлттық тұтас дүниетанымды танытатын астарлы әлеміне қазақ фольклортану ғылымында әлі жете назар аударыла қойған жоқ.

Талқылау. Ғұрып фольклорының жанрлық түрлерінің қай-қайсысы болмасын халықтың тұрмыс-салтымен біте қайнасқан қамшының өріміндей кіріккен тұтас дүние. Сонымен қоса, фольклор тұрмыстық ғұрыпты қолдап, демеп отыратын қосалқы дүние ғана емес, ол сол тұрмыстық ғұрыптың ішкі ділін сөз өрнегіне көшірген, халық дүниетанымын бойына сіңіріп, көркем форма иеленген, дами келе ғұрыпсыз да өмір сүре алатын сатыға көтерілген эстетикалық категория. Дей

тұрғанмен де, оның мән-мазмұнын этнографиялық материалдарсыз тереңдей барлау мүмкін емес. Сондықтан да арғы Махмұт Қашқаридың «Дивани Лұғат-ат түрік» кітабынан (XI ғ.) бастап, кешегі Гродековтың «Сырдария облысының қырғыздары (қазақтары – автор) мен қара қырғыздары» атты (XIX ғ.) тұрмыс-салттық деректерге аса бай энциклопедиялық еңбектерге дейін этнография мен фольклорлық материалдардың ара жігі ажыратылмаған.

Егер қазақ отбасылық ғұрып фольклорын тұтас құбылыс ретінде қарап ішкі салалық ғұрыптарды бір-бірімен шендестіре отырып этнографиялық материалдармен байланыстыра зерттесе, өзара іштей тіндесіп жатқан ежелгі дүниетанымның болмыс-бітімін бағамдау қиын емес. Мәселен, сәбиді қырқынан шығару, жұбайлардың қырық күн тойын жасау («отыз күн ойын, қырық күн тойы» дегендей), өлген адамның қырқын беру. Осы үш ғұрыпты байланыстырып тұрған тек «қырық» саны ғана ма, олардың ішкі мағыналық байланыстарында қандай сыр бар?

Түптей қарасақ, мұндай параллельдердің шексіз жалғаса беретінін көреміз. Әсіресе, қыз ұзату мен өлім жөнелтуге, ас беруге байланысты ғұрыптарда ұқсастықтар өте көп. Тіпті, ас беру мен тойда ойналатын ойындар мен жөн-жосықтарда айырмашылықтар аз. Мәселен, тойға да, асқа да айтып сойылатын мал. Асқа да, тойда да арнайы дайындалатын кәделі астар. Тойдың да, астың да «жер ошақ» қозудан басталып, алқалы мәжіліс, сауық-сайран, ән-күй, айтыс, жамбы ату, балуан күрес, бәйгемен аяқталатын ойын-сауықтар легі екеуінде де қайталанады. Әрине, той мен асқа ғана тән кейбір рәсімдік ойындар жоқ емес. Мәселен, «қыз қуу» үйлену тойына тән болса, «аламан бәйге» негізінен ас беруге тән ойындар. Бұл той мен ас беру салтындағы жалпылама ортақтастықтар. Бұл ұқсастықтардан де екі рәсімнің ортақ тамырластығын аңғаруға болады. Ал қыз ұзату мен өлікті жөнелтуге байланысты рәсімдерді тәптіштей салыстырсақ, ондай ортақ туыстарды» (общие места) тіптен малынан табуға болады.

Нақтылай, таратыңқырап айтсақ, ұзатылатын қыз оң жақта шымылдық ішінде отырады, мәйіт те оң жаққа қойылып, шымылдықпен бүркеледі. Қызға да үйден шығарда арнайы киім кигізеді, өлік те кебінделеді. Ұзатылған қыз «сыңсу» айтып зарланса, өлікке «жоқтау» айтылады. Ұзатылатын қызға арнайы «отау» тігілсе, өлген адамға мола тұрғызылады. Ұзатылған қызды арнайы әбзелденген атқа мінгізіп шығарып салса, өлген дамның (ер адам) атын тұлдап, асына сояды, тіпті ертеректе өлген адамды ат-әбзелімен қоса жерлеген. Өлген адамды ақ киізге, кілемге орап шығарса, ертеде келінді де үйге ақ киізге, кілемге салып көтеріп әкелген. Келін бір жылдан соң сәукелесінен бастап үйінен киіп келген киімдерін шешіп, келіншек киімін (кимешек, жаулық т.т) кесе, бір жылдан соң өлген адамның қара туы жығылып, тұлдаған киімдері таратылып (ертеде өлген адамның киімін «тұлдап» төрге қою салты болған) тұл аты сойылып, ас беріледі.

Егер ежелгі өлік жөнелту салтына назар аударсақ, өлген адамға арнайы киім киіндіріп, тіпті, әйелімен, қызметкерлерімен, ас-су, қару-жарақ, ат-әбзелімен жерлеген. Археологиялық қазбалардан сәукелесімен жерленген әйел мүрделері де табылу үстінде[2, 120] ал, оның жұрнақтарын өлген адамды тұлдау (ертеде қаза болған адамның киімдерін жүктің үстіне киіндіріп отырғызып қойған, көшкенде тұл атын әбзелдеп, тымағын ердің басына кигізіп, шапанын жауып алып жүретін болған) салтынан көреміз. Ежелгі скиф, сақ дәуіріндегі обалардан табылған жәдігерліктердің барлығы да өлікті алдын ала тігілген арнайы киіммен жерлегендігін дәлелдейді. Скифтердегі мұндай жерлеу салтын Герадот былай баяндайды: «Когда у скифов умирает царь, то там вырывают большую четырехугольную яму. Приготовив яму, тело поднимают на телегу, покрывают воском; потом разрезают желудок покойного; затем очищают его и наполняют толченным кипером, благовониями и семенами селерея и аниса. Потом желудок снова зашивают и везут на телеге к другому племени. Жители каждой области, куда привозят тело царя, при этом поступают так же, как и царские скифы. Они отрезают кусок своего уха, обстригают в кружок волосы на голове, делают кругом надрез на руке, расцарапывают лоб и нос и прокалывают левую руку стрелами. Затем отсюда везут покойника на повозке в другую область своего царства. Сопровождают тела те, к кому было оно привезено раньше. После объезда в их областей они снова прибывают в Герры к племенам, живущим в самых отдаленных пределах страны, и к царским могилам. Там тело на соломенных подстилках опускают в могилу, по обеим сторонам втыкают в землю копыя, а сверху настилают доски и покрывают их камышовыми циновками. В остальном обширном пространстве могилы погребают одну из наложниц царя, предварительно задушив ее, а также виногерепия повара, конюха, телохранителя, вестника, коней, первенцев всяких других домашних животных, а также кладут золотые чаши» [3,204]. Ежелгі скифтердің бұл жерлеу ғұрпының Алтайда жүргізілген археологиялық қазбалардан (М. Берел қорғаны. Ашқан археолог З. Самашев) табылған жәдігерліктермен сәйкес келеді. Сондай-

ақ ондағы рәсімдер жаңғырығын қазақтың дәстүрлі ғұрыптарынан да табамыз. Мәселен, патша өлген кезде оның басыбайлы адамдарының құлағын, мұрынын тұлымын кесу сияқты салттар қазақ фольклорындағы «құлағын кесіп құнтитып, мұрнын кесіп шұнтитын» құлдыққа салды, немесе «Айдарлынды құл етті, тұлымдынды күн» етті деген сияқты тіркестерді еске салады. Яғни, Патша қарауындағы адамдар өзінің оған берілгендігін осылай дәлелдеген. Ал өлген адамды жоқтау кезінде, әсіресе, әйелдердің шашын жайып, өз бетіне жара салу, өзін-өзі сабалау, жаралау салты қазақтар арасында күні кешеге дейін болған.

Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жылайын.
Қыналы бармақ, он саусақ,
Ақша бетті ояйын, -
деп келетін жоқтау мәтіні соның дәлелі.

Ал өлген қағанды бальзамдап, иелігіндегі елді аралату да қызық дәстүр. Бұл қырық күнге созылған [3,208]. Қазақтың өлік жөнелту салтында бұл рәсім сақталмағанмен, қырық күн шырақ жағып, қырқын беріп, артын күту салты бар. Бір қызығы ел аралап қоштасу салты «Қыз ұзату» ғұрпында сақталған. Ертеде ұзатылатын қыз ауыл-аймақты аралап, танысып қоштасатын болған. Дәстүр бойынша мұндай танысу-қоштасу салты бірнеше күнге созылған. Бәлкім, қырық күн болуы да мүмкін. Қыз өзінің ет жақын туыстарын аралап, қона-түне жататын болған. Мұндайда қыз келген ауылда ойын-сауық ұйымдастырылып, қызға сый-сияпат көрсетіледі. Соңында туыстары жұбату айтып қызды шығарып салатын болған.

Сондай-ақ, Геродот мағлұматындағы көңіл аударарлық бір дерек. Патшамен бірге әйелін бірге көмуі. Геродат оны тұтқын-күн (наложница) деп сипаттайды. Бірақ оны басқа қызметкерлерден бөле-жара көрсетеді. Егер қадым заманғы дәстүрге сүйенсек, патша жорықтан түскен қыздарды (көбіне, өзі сияқты патшаның қызын) әйел етіп алатын болған. Ол салт қазақ даласында күні кешеге дейін сақталған (қазақ хандары әйелдерінің көбі қалмақ қыздары). Батырлар жырынан бастап, М. Жұмабаевтың «Батыр Баян», Қ. Аманжоловтың «Құралай сұлу» дастандарының сюжеттеріне де осы дәстүр арқау болған) Демек, ертедегі дәстүр бойынша өлген патшамен қоса әйелін қоса көметін болған. Оны археологиялық қазбалар да дәлелдеп жүр. Бірақ табылымдардан кездесетін ер жанындағы әйел мәйітін ғалымдардың көбі Геродот жазғандағыдай ханның немесе батырдың қызметшісі, күні дегенге келтіріп жүр. Мәселен, С.А. Плетнева көне түркілердің жерлеу салты жөнінде айта келіп, олар ер адамның бала-шағасы мен мол мүлкіне ие болып қалатын мұрагер әйелін (бәйбішесін) емес, күн-қызметшісін өлтіріп бірге көметін болған деген ой айтады. «В целом парные погребания весьма напоминают одиночные захоронения воинов, потому что женщина положена в камеру умершего мужчины в качестве его имущества так же, как вещи или лошадь. Эти погребания были не семейными склепами, а захоронениями богатых воинов со всем необходимым, что может понадобиться в загробной жизни», [4, 204]- деп жазуы сондықтан. Бұл пікірді Хорезм экспедициясын зерттеуші А.М. Итина: «Даже в тех случаях, когда в качестве жертвы упоминается якобы жена покойного, мы в действительности имеем дело с его рабыней, часто рабыней-наложницей»[5, 68], - деп қостай түседі. Ал ежелгі дәуірдегі, әсіресе, хандар мен бекзадалардың отбасылық өміріне үңілсек, оның қалың беріп, құда болысып, «құйрық-бауыр жесіп» алған бәйбішесінен кейінгі әйелдерінің қайсысының онымен о дүниеге бірге аттанатын «наложница» болатынына жіп таға қою қиын. Тіпті, кешегі Абылай ханның өзінде жиырмаға жуық әйел болғанның жазып жүр. Ал күндері мен кәнізектарын санаған адам болмаған. Сондықтан жауынгермен бірге кімді қойғаны бір тәңірге ғана аян. Ал біз үшін мәндісі – ертедегі дәстүрде өлген ермен бірге, көп жағдайда қағандар мен тайпа көсемдерінің жанына оның асыл мүлкімен қоса әйелді де жерлейтін салтық болғандығы. Міне, осы дәстүр жалпы, қызды ұзату салтын, өлімді жөнелту салтымен теңестіре қарауға себеп болған жағдайдың бірі болуы кәдік. Мүмкін ол патшаның аса ерлікпен қол жеткізген әйелі болуы мүмкін. Батырлар жырындағы жиі кездесетін мотивтің бірі – батырдың өз жарын ұзақ іздеп, ерлікпен қолға қондыруы емес пе? Қалай дегенде көшпелілер жақыннан қыз алмаған. Көрші хандықпен, бөтен тайпамен құда болу - ежелгі салт. Оның ішінде жаугершілік жолмен үйлену, тұтқын қыздарды олжалау («Олжа қатын») дәстүрі де жиі кездескен.

Өлген адамды тірі күніндегі барлық жарағымен жерлеу – оған о дүниеге барғанда қажетіне жарайды деген түсініктен туған. Оған дәлел ретінде Есік қорғанынан табылған «Алтын адам», Қарғалыдан табылған әйел тәжі (шекелік), немесе Берел мен Атыраудан табылған ежелгі адамдардың жерлеу рәсімдері сияқты көптеген мысалдар келтіруге болады. Мұндай рәсімдердің қалдықтарын

бүгінгі жерлеу рәсімдерінен де көруге болады... Ал киім кигізудің арнайы жол-жоралғы арқылы атқарылатын киелі рәсім екендігін балаларға қатысты ғұрыптардан да көреміз.

Көне ұғым бойынша өлген адамның рухы түрлі кедергілерден өтіп, басқа дүниеге жеткен соң, ол жақта да жер бетіндегідей тірлік кешеді. Сондықтан оған ас-су да, киім-кешек те, ат-әбзел де, ер адам болса қару-жарақ, әйел болса, тұрмыстық бұйымдар қажет. Яғни, ежелгі дүниетаным бойынша өлім – бір әлемнен екінші әлемге ауысудағы - өтпелі кезең. Міне осы өтпелі кезең дәстүрлі дүниетанымды жол, сапар бейнесі арқылы көрініс береді. Халық ұғымында өмірдің өзі ұзақ сапар ретінде танылады. Қасым Аманжоловтың «Қай жерде үзіледі қайран сапар» деп жырлауының да түп негізі осы дүниетанымда жатыр.

Өлікті жөнелту ғұрпында өлген адамды сапарға аттандыратындай етіп дайындаудан басталып, оның - үшін, жетісін, қырқын, ең сонында асын беруге дейінгі ғұрыптар кешенінің барлығынан осы дүниетаным көрініс береді. Өлген адамның о дүниеге ұзақ сапар шегіп баратындығы миф, ежелгі аңыз, ертегілерде де бейнеленген. Өлген адам жанының екі дүние аралығын кезіп жүретіндігі жөніндегі ежелгі наным-сенім Ш. Уәлиханов жазып қалдырған «Өлі мен тірінің» достығы ертегісінен анық көрінеді (Бұл жөнінде С. Қасқабасов еңбектерінде тереңірек жазылған) [6, 123].

Қазақ фольклорындағы «жол» мотиві қыз ұзату салтында айқын сақталған. Тіпті «ұзату» сөзінің өзі «сапар» сөзімен төркіндес. Әрине, көшпелі қоғамда ұзатылған қыздың ұзақ сапар шегетіні заңды құбылыс. Мәселе, оның арнайы рәсіммен атап өтілуінде. Ең алдымен ұзатылатын қызды сапарға дайындайды, қыз киімі мен жасау-жабдығын былай қойғанда, қызға арнап ат әбзелдерін күмістеген ер тоқымнан бастап, қыз ұстайтын қамшысына дейін. Сонымен бірге, қыз мінетін ат та (көбіне жорға) алдын ала таңдалады. Кейінгі кезде (XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басы) аса ауқатты адамдар қыздарын күймемен, пәуескемен ұзататын болған. Қыздың жанына шешесі бастаған құрбы-құрдастарынан нөкер ереді. Тіпті, «қызды ұзату» деген сөздің өзі сапарды меңзеп тұр.

Дәстүрлі дүниетанымда өлген адам мәйіті таза емес, сонысымен де ол үрейлі, әрі киелі сондықтан оны оң жаққа салып, шымылдық құрып, қоршаған ортадан аулақтайды. Бұл ғұрып қызды ұзатуда да қайталанатын. Сыңсу айтып отырған қыздың:

Шымылдық құрдым оң жаққа,

Шыбыным ұшты сол жақтан,-

Дейтіні де сондықтан. Қызды тек шымылдық ішіне ғана отырғызып қоймайды, оның бетін ақ желекпен бүркейді. Өлімнің бетін де ақпен бүркейтіні белгілі. Қазақтың «ару» сөзі мен «арулау» сөзі де осы ырыммен төркіндес болуы керек. Жалпы көне дүниетаным бойынша ақ түс белгілі дәрежеде қазіргі қара түстің, яғни азаның түсі ретінде танылған Ертедегі қазақтар қыз балаға ақ орамал тартқызбаған. Шындығына келгенде алғашқы қауымдық құрылыста «аза» тұту ұғымы басқашалау, былайша айтқанда, сапарға аттандырғандай өткізілген. Қазақтың «Торқалы той-топырақты өлім», - деп ас пен тойды бір үрдісте бағалайтыны да содан қалған мирас. Үйлену тойы мен аста атқарылатын ғұрыптық ойындардың (бәйге, палуан күрес, жамбы ату, айтыс т.б.) біртектестігі де осыны аңдатады. Оны, әсіресе, күлкінің, ойын-сауықтың ғұрыптық ролін қарастырған ғалымдар жете ашып көрсетіп те жүр [7, 211]. Мұның өзі әсіресе, ойын-күлкінің, ойын-сауықтың дәстүрлі мәдениеттегі орыны да қазақ фольклортану ғылымында дәйекті зерттеуді қажет ететін арналы тақырып екендігін көрсетеді. Біз тек үйлену тойы мен өлік жөнелтуге қатысты ғұрыптардың арасындағы тіндес жағдайларға ғана назар аударып отырмыз. Екі ғұрыптық кешенді жалпы салыстырмай атқарылу ретіне, қарай жіктеп, олардың сыртқы ұқсастығын емес атқаратын қызметін дүниетанымдық тегіне қарай сараласақ арғы тектерінің бір тамырдан нәр алғандығына көз жеткізу қиын емес.

Қытай, Монғолия қазақтарында әлі күнге дейін сақталған «көрісу» деп аталатын салт қыз ұзату мен өлік жөнелту ғұрпында қатар жасалады. Бұл – құшақтасып, кезекпен-кезек жырлап жылау. Қыз ұзату салтында ұзатылып бара жатқан қыз әке-шешесінен бастап, бар туысқандарын құшақтап «көріс» айтады, ал туысқандары оны өлеңмен жұбатады. Ал өлік шыққан үйге келген, әсіресе, әйелдер жағы да өлген адамның ет жақындарымен құшақтасып «көріс» айтады. Онда да, жоқтау мен жұбату қатар жүреді.

Бұл ұқсастықтардың барлығының төркіні бір әлемнен екінші әлемге ауысудың өтпелі жолы деп ұғынатын көне мифологиялық дүниетанымда. Ежелгі адамдар арасында өлікті жөнелту ғұрпының өзіндік кешені осы дүниетаным негізінде қалыптасқан. Ал оның алдымен қыз ұзату салтына өтіп, оған қатысты фольклорлық шығармаларда берік орнығуының себептерін әрқилы түсіндіруге болады. Ең алдымен оның сырын-қыздың ертеде басқа топқа (фратрия), қазіргіше басқа елге ұзатылуының өлген адамның басқа әлемге ауысуындағы формалық ұқсастықтардан іздеуге болады. Оның үстіне

ертеде ерге шыққан әйелдің басы өлімге байланғанмен бірдей болған (Ерімен бірге жерленген). Сонымен бірге ежелгі ұғымдар бұл жақта үйленбей кеткен адамдар бақи дүниеге барған соң үйленеді, пәни дүниедегідей өмір кешеді деп ұғынған. Сондықтан әсіресе, жас адамдар дүниеден өткенде оларды үйлену ғұрпына лайық киіндірген, бастарына «үй» тұрғызған, бір сөзбен айтқанда, үйленуге байланысты барлық рәсімдер атқарылған. Оның айқын дәлелдерін қыз ұзату тойы мен ас беруге қатысты параллелдерден көруге болады.

Яғни, алғашқыда өлген жігітті әйелімен бірге жерлеп, бүгінгі ұғыммен айтқанда олардың о дүниедегі тойын қоса өткізгендей ғұрыптық жоралғылар жасалған. Кейіннен бұл ғұрыптық кешен ыдырағанмен, оның мәні басқа жоралғыларға ауысып, сақталып отырған. Үйлену тойы мен өлік жөнелтуге байланысты ғұрыптар ұқсастығының осындай сырлары болуы керек.

Ал басты тұғыр-аталмыш ғұрыптардың – бір әлемнен екінші әлемге, бір әлеуметтік мәртебеден екінші мәртебеге, бір топтан екінші топқа ауысқан кездегі өтпелі кезеңді бейнелейтін ежелгі дүниетанымға негізделуі. Осы дүниетанымнан бұр жарған ұқсастықтарды әлем халықтарының тіршілік қамына байланысты әдеп-ғұрып, салт-сананың көпшілігінен табамыз.

Мәселен, Сібірдегі түркі тектес халықтарда тәңірден бақсылық (шамандық) сыиын алғанда, өлімге байланысты ғұрыптар атқарылған. Көне дүниетаным бойынша өлу – басқа әлемге ауысу ғана емес, басқа сипатта қайта туу. М. Бахтинша айтқанда туу мен өлімге байланысты рәсімдердің «амбивалентті» болатыны сондықтан адамдар өз болмысын өзгерту үшін өліп, қайта туу керек. Яғни, патша, абыз, әулие, бақсы, акын-жыраулық қасиетке ие болу - өліп, қайта туумен бара-бар. Демек, өлімге байланысты ғұрыптар – қос тінді, М.М. Бахтинше айтқанда «амбиваленті». Ол бір жағынан өлімді бейнелесе, сонымен қатар тууды, жаңғыру, жаңаруды бір сипаттан екінші сипатқа, бір әлеуметтік мәртебеден екінші әлеуметтік мәртебеге ауысуды бейнелейді. Сондықтан ол жоралғылар бірде бала тууға, бірде қыз ұзатуға, енді бірде жаңғыру, жаңаруға байланысты басқа ғұрыптарда көрініс тауып жатады.

Басқа әлемге өтуге байланысты мұндай ғұрыптық параллелді қазақтың ежелгі хан сайлау дәстүрінен де көруге болады. Мәселен, хан көтеру кезінде оған арнайы киім кигізіледі (Хан қалпағы сәукеле пошымдас болса, ханға да, ұзатылған қызға да міндетті түрде шапан жабады. Археологиялық қазбалардан табылған тайпа көсемдерінің киімін еске алайық). Ханды да ақ киізге салып жоғары көтереді. Хан да атқа мініді (такқа отырады), оның дүниесін таратып алады. Той өткізіп, ас бергендегідей мереке, ойын-сауықтар болады. Көнетүркілік ұғым бойынша, хан – тәңірдің қалаулысы, оның жердегі өкілі, яғни оның рухы жоғарғы әлемге немесе бір әлеуметтік топтан екіншісіне өтеді, сондықтан оны «өтпелі» кезең ғұрпымен рәсімдейді. Өлімді жөнелтуге байланысты ғұрыптарда атқарылатын жоралғылардың басқа ғұрыптық кешендерде қайталануы оның бүкіл дәстүрлі дүниетанымының өзегі болғандығын дәлелдейді.

Мәселен, өлікті жөнелту кезінде ала жіпті ұстап отырып о дүниеге аттанған адамның бар күнәсін өзіне қабылдау дәстүрі бар. Мәйіттің үстіне артылған ала арқанды абыз айналдыра отырып: «Ала жіп, ала жіп, бұл кісінің бар жазығын ала біт», - деп жіптің ұшын өлген адамның күнәсін көтеретін адамға ұстататын болған. Ала жіп арқылы екінші адам күнәні өзіне қабылдау рәсімін жасаған.

Ежелгі дүниетанымға байланысты ғұрыптық рәсімдер фольклорлық шығармаларда өз табын қалдырып қана қойған жоқ, оның жанрлық құрылымын бүкіл поэтикалық образдар жүйесін қалыптастыруға да тиянақ болды. Жар-жар, тұсау кесу, сыңсу, жоқтау сияқты жанрлық түрлер тікелей ғұрыптық негізде пайда болып, онымен орындалу рәсімі, мағыналық ділімен де байланысты болса, енді бір жанрларға ол жанамалай әсер еткен. Мәселен, «Бет ашар» жыры орындалу рәсімі жағынан да, мағыналық мәнімен де ғұрыппен қабыспайды, оның негізінде келінді жаңа жұртқа, керісінше, жаңа туысқандарды келінге таныстыру мақсаты жатыр. Бірақ оның атқарылу ретінде қарасақ, өлік жөнелтуге қатысты ырымдардың ықпалының бар екендігін байқаймыз. Келінді арнайы киім кигізіп бетін ақ желекпен бүркеудің, алдына шымылдық құрудың өлімге қатысты рәсім екендігін жоғарыда айттық. Оның мәні екі жақты – біріншіден өлген адам – таза емес, қорқынышты, үрейлі, оның тірі адамдарға зияны тиюі мүмкін, екіншіден, ол – қорғансыз, о дүниелік пендеге, тірілердің де зиянкестігі болуы мүмкін, - деген түсінік болған. Осы қалыптасқан дүниетаным беташар салтының атқарылу ретіне де әсер еткен. Келіннің бетін ашқан кезде оны жалаңаш қолмен емес, таяқпен (Құрбанғали Халитұлы, Әубәкір Диваев), қамшымен (В. Радлов), кейіннен домбырамен түртіп ашатыны сондықтан.

Қорытынды. Мифтің көркемдік ойлау жүйесіне қатысы туралы зерттеулер қазақ фольклортану ғылымында тапшы болғанмен (бұл орайда профессор С. Қасқабасовтың қазақ мифтеріне қатысты

еңбектерін тағы да атап өткен жөн) әлемдік ғылымдағы іргелі еңбектер мифология атты арналы саланы құрайды. Адамзаттың рухани дүниесіндегі мифтік сананың орыны әлем ғалымдарының назарынан тыс қалған емес. Бұл тұстағы бірден-бір құнды дерек көзі - әркез фольклор болып келеді.

Өңгіме мифтік ойлау жүйесінің көркемдік ойдағы көрінісіне тірелгенде ғалымдар оны ең алдымен метафорадан іздестіреді. Ол заңды да, өткені мифтік сананың да, метафораның да – негізгі тұғыры-теңдестіру, баламалау. Ежелгі адамдар ең алдымен, айнала дүниені өзімен салыстыра қараған. Көркемдік бейнелікке апаратын жол да осы теңдестіруден бастау алады. Сондықтан миф пен ғұрып метафораның (поэтикалық теңдестірудің) поэтикалық категория ретінде даму жолының түптіянағы болып есептеледі. «Ғұрып пен миф шындықтың метафоралық болмысын жасай отырып оны заңдастырып, тұрақтандыра отырып бекітеді және сол арқылы оны алғашқы мәнінен қашықтатады» [7, 125] - деп жазады О.М. Фрейденберг. Бұл орайда отбасылық ғұрып фольклорын әсіресе, жоқтау жанрын метафораның кеніші деуге болады және оларда көне ғұрып арқылы жалғасып жатқан мифтік сана ұшығы да анағырақ қылаң береді.

Ежелгі тарихы Аристотельден басталып сөз болып келе жатқан айшықтаудың күрделі көрінісі – метафораның тарихи поэтикасына байланысты еңбектерді тұтастай саралағанда, олардың метафора табиғатын психологиялық, этнографиялық және тарихи тұрғыдан барлап келгенін байқауға болады.

Өкінішке орай, қазақ халқының ежелгі дүниетанымы, оның ғұрыптағы, мифтегі, фольклордағы көріністеріне әлі жеткілікті назар аударылмай келеді. Бұл орайдағы таптырмас дерек көзі-фольклорлық материалдар. Тек оларды ғұрыптық, мифтік материалдармен астастыра, жан-жақты типологиялық байланыстарымен бірлікте қатыстыру шарт. Шағын мақалада біз сол күрделі мәселенің кейбір қырларына назар аудардық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізмі:

- 1 Чистов К.В. Народные традиции и фольклор. Очерки теории. – Ленинград: Наука, 1986. 304 с.
- 2 Агапов П., Қадырбаев М., Сокровища древнего Казахстана. – Алматы: Өнер, 1979. 120 б.
- 3 Геродот. История в девяти книгах. – Ленинград: Наука, 1972. 599 с.
- 4 Плетнева С.А. От кочевий и городом: Слово – Маецкое культура - Москва: Наука, 1967. - 204 с.
- 5 Итина М.А. отражение общественного строя в погребальных обрядах.– Москва: Советская этнография, 1957.
- 6 Қасқабасов С. Таңдамалы шығармалар. –Астана: Фолиант, 2014. -278 б.
- 7 Фрейденберг О. Поэтика сюжета и жанра. – Москва: Лабиринт, 1997. – 499с.

МРНТИ 17.82

Орынханова Г.,¹ Каримова Б.,² Ибраева Ж.³

¹ *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

² *Кызылординский государственный университет им. Коркыт-ата,
Кызылорда, Казахстан*

³ *Инновационный Евразийский университет
Павлодар, Казахстан*

СПОР О ПРАВДЕ В ДРАМЕ М. ГОРЬКОГО «НА ДНЕ»

Аннотация

В настоящей статье рассматриваются философские прения о жалости и сострадании, о правде и лжи, представления о человеке и его сущности, о его назначении в мире, представленные в драме “На дне”. Рассматривая пещеру как знак первобытности, авторы сопоставляют ее с пещерой из знаменитого диалога Платона. В статье также рассматриваются мотив грязи, зооморфные мотивы, сходства и различия воззрений Луки и Сатина, стратегии поведения Сатина, его эволюция. Речь в статье идет о том, что в пьесе доминирует социальный конфликт. Здесь сами социальные обстоятельства, в которых пребывают персонажи, и отношения между ними становятся почвой для зарождения философских вопросов. Эти вопросы становятся ядром философского спора между героями.

Ключевые слова: философская пьеса, драма, спор, дискуссия, мотив, конфликт

Орынханова Г.,¹ Каримова Б.,² Ибраева Ж.³

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

² Қорқыт-ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

³ Инновациялық Еуразия университеті
Павлодар, Қазақстан

Аңдатпа

Мақала М. Горькийдің халықтың ең төменгі сатысындағы кедейлер мен жаны жаралы жарлылардың өмірін көрсетуге арналған "Шыңырау" пьесасы зерттеледі. Онда көрініс тапқан аяушылық пен жанашырлық, ақиқат пен жалған туралы философиялық пікірталас, адам өмірінің мақсаты мен мұраты, оның әлемдегі орны туралы түсінік қарастырылады. Үңгірді алғашқы қауымдық қоғамның белгісі ретінде қарастыра отырып, авторлар оны Платонның танымал диалогындағы үңгірмен салыстырады. Мақалада сондай-ақ ластану (кірлену) сарыны, зооморфты сарындар, Лука мен Сатиннің көзқарастарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары, Сатин мінез-құлығының стратегиясы, оның эволюциясы қарастырылады. Мақала авторлары пьесада элеуметтік қақтығыстың басым екендігін алға тартады. Мұнда кейіпкерлердің элеуметтік жағдайлары да, олардың арасындағы қарым-қатынас та философиялық мәселелердің пайда болуына негіз болады. Бұл мәселелер кейіпкерлер арасындағы философиялық даудың өзегін құрайды.

Түйін сөздер: философиялық пьеса, драма, дау, пікірталас, сарын, қақтығыс

Orynkhanova G.,¹ Karimova B.,² Ibrayeva Zh.³

¹ Kazakh national women's pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

² Korkyt-ata Kyzylorda state University,
Kyzylorda, Kazakhstan

³ Innovative University of Eurasia,
Pavlodar, Kazakhstan

DISPUTE ABOUT THE TRUTH IN M. GORKY'S DRAMA "AT THE BOTTOM»

Abstract

This article examines the philosophical debate about pity and compassion, about truth and lies, ideas about man and his essence, about his purpose in the world, presented in the drama "at the bottom". Considering the cave as a sign of primitiveness, the authors compare it with the cave from the famous dialogue of Plato. The article also discusses the motives of dirt, zoomorphic motives, similarities and differences in the views of Luke and Satine, strategies of Satine behavior, and Its evolution. The article deals with the fact that the play is dominated by social conflict. Here the very social circumstances in which the characters live, and the relations between them, become the ground for the birth of philosophical questions. These questions become the core of the philosophical dispute between the characters.

Keywords: philosophical play, drama, argument, discussion, motive, conflict

Введение. В драме «На дне» сами социальные обстоятельства, в которых пребывают персонажи, и отношения между ними становятся почвой для зарождения философских вопросов, из тех, которых принято называть «последними» – о смысле человеческого существования, о ценностных ориентирах личности, о жизни и смерти, о добре и зле... Эти вопросы становятся ядром философского спора между героями, динамика дискуссии о «последних вопросах» образует напряженный сюжет философской пьесы. А движение социального процесса, перипетии судеб героев становятся своеобразной проверкой истинности выдвигаемых в ходе философского спора идей.

Методика. Ведущим методом в исследовании горьковских драм и всего его творчества становится метод историко-функционального анализа.

Результаты. В изображении быта ночлежки, в показе повседневных разговоров и стычек между ее обитателями воссоздается моральная атмосфера «дна». Читаем вводное описание: «Подвал,

похожий на пещеру. Потолок – тяжелые каменные своды, закопченные, с обвалившейся штукатуркой...» [1].

Конкретный бытовой облик ночлежки через сопоставление с пещерой приобретает условно-обобщенное значение – это не просто приют для бездомных, а дно жизни. «Если по ремарке автора, жители «дна» населяют подвал, «похожий на пещеру», то это – пещера Платона...» [2].

Пещера у Платона – аллегория чувственного мира, в котором живут люди. Подобно узникам пещеры, они полагают, будто благодаря органам чувств познают истинную реальность. Однако такая жизнь — всего лишь иллюзия. Об истинном мире идей они могут судить только по смутным теням на стене пещеры. Толпа не в состоянии оторваться от иллюзий повседневного восприятия. Она воспринимает осязаемый мир как единственную правду и свое положение как единственно возможное. Пророки же, говорящие о непонятных истинах, за редким исключением, воспринимаются в качестве сумасшедших или врагов. Подвал-пещера у Горького – тоже аллегория – аллегория буржуазного общества в целом, погрязшего в пороках, страданиях, насилии, невежестве, осязающего деградацию как норму, как правду, как судьбу – общества, лишённого высоких идеалов.

Мы находим все его значимые социальные эмблемы в горьковском «пещерном мире». Например, Медведев – эмблема власти и закона, Костылёвы – эмблема «хозяев жизни», богатых мира сего, презирающих и обирающих нищий народ (ночлежников). Их семейственность – эмблема сращения власти (закона) и капитала. Отношения Медведева и Пепла – эмблема сращения власти с преступным миром. Лампадка Костылёва – эмблема ханжеской религиозности и деградации церкви с ее паствой. Отношения Василисы с мужем – эмблема распада института семьи. И это верхушка «пещерного» царства. А что внизу?

Труженик Клещ – эмблема бесперспективности честного труда, который не спасает от нищеты и обесценивается. Анна – эмблема униженного положения женщины. А Настя – ее продажности. Практически все ночлежники символизируют незащищенность человека ни от суммы, ни от тюрьмы, ни от болезней. Их социальные пороки – пьянство, шулерство, воровство, проституция, сутенерство – типичны для буржуазного общества.

Горький даёт и социальный срез общества: «здесь каждой “твари по паре”, но только с уничижительным эпитетом “бывший” (“бывшая”). Барон — бывший дворянин, Бубнов — бывший мещанин, мелкий буржуа, Актёр — бывший человек искусства, Сатин — бывший интеллигент» [3]. Таким образом, читатель, зритель, опускаясь в этот «ад» буржуазного «дна», понимает, что здесь, как в кривом зеркале, отражается лик буржуазной цивилизации в целом, а не только маргинальной части общества.

Ключевым становится мотив грязи, символизирующей деградацию – «широкая кровать, закрытая грязным ситцевым пологом», «большой стол, две скамьи, табурет, все – некрашеное и грязное», и руки у Бубнова «грязные»; Василиса: «Грязь везде... грязница!», «Я сколько раз приказывала, чтобы чисто было?» [1], никто не хочет мести (спор); Сатин сравнивает себя со «старой и грязной монетой». Грязь бытовая = грязь речи = грязь душевная = грязь отношений друг с другом и миром...

Согласно Платону, низшую ступень человеческой иерархии составляют непросвещенные люди, которые подобны скотам, их приземленная животная сущность доминирует, выявляя в человеческих существах черты зооморфности. По Платону, это воплощение душ грешников, порочных душ, еще не очистившихся от грязи.

Уродливый, «животный» характер босяков четко просматривается через их слова-реплики, направленные в адрес друг друга:

«Клещ. Эти? Какие они люди?»

«Гляди-ко, звери какие? Кипятком девке ноги сварили» (Квашня о Костылёве и Василисе),

«Сестра у тебя — зверь злой...» (Лука говорит Наташе о Василисе),

«Бубнов. Такое житье, что как поутру встал, так и за вытье...»

«Ты чего хрюкаешь?» (Бубнов – Сатину, в ответ «Сатин рычит»),

«Василиса. Эх вы, свиньи!»,

«Ах баба... гадюка ядовитая» (Лука о Василисе),

«Медведев. То-то! Ах, псы!»,

«Околел... старый пес!» (о Костылёве),

«Становись на четвереньки, лай собакой!» (Пепел – Барону),

«Настя. ...бродячие собаки! Разве... разве вы можете понимать... любовь?», «Настя. Волки! Чтоб вам издохнуть! Волки!»,

«Сова проклятая...» (Сатин – Василисе),

«...ты мной живешь, как червь — яблоком!» (Настя – Барону) [1].

В ночлежке тесно, обитатели её, как звери в норе, «оскотиниваются», их жизнь отравлена ненавистью к людям.

Ужасающая правда о мире и людях «дна» потрясает. Ее принято называть «правдой факта». Это правда судьбы. Правда безысходности, ведь «точка невозврата» героями пройдена. «Правда факта», например, заключается в том, что Актёр – безнадёжный пьяница. А Анна скоро умрёт. А вор или проститутка вряд ли смогут честным трудом зарабатывать себе на жизнь. «Правда факта» в том, что «все эти люди ... бесповоротно на «дне». И выхода им нет. Затягивает это «дно», эта густая тина, эта атмосфера трущобы. Эти люди, не ужившиеся с условиями жизни, эти несчастные, загнанные сюда обстоятельствами, приживаются здесь. Здесь воля, независимость друг от друга, полная равноправность всех платящих свой пятак за ночлег делает трущобу терпимой. А потом и привычка. Если такой человек уже отрущобился – его ничем не вытянешь со „дна”» [4].

Бубнов: «Какой тебе, Васька, правды надо? И зачем? Знаешь ты правду про себя... да и все ее знают...».

Пепел: «Мой путь мне обозначен... Вор – воров сын».

Клещ: «Где правда? Работы нет... силы нет! Вот правда! Пристанища... пристанища нету! Издыхать надо... вот она, правда!» «Вон князь... руку-то раздавил на работе... отпилить напрочь руку-то придется, слышь... вот те и правда!»

Своеобразными апостолами, апологетами «правды факта», то есть идеи подчиниться судьбе, отказаться от идеалов, нравственных понятий, жить одним днем, не мечтать и не рефлексировать, никому не сочувствовать – являются прежде всего Сатин (до IV акта) и Бубнов.

Сатин	Бубнов
«Дважды убить нельзя» / «Мертвецы – не слышат! Мертвецы не чувствуют... Кричи... реви... мертвецы не слышат!...»	«Все люди на земле лишние»
«Татарин (горячо). Надо играть честно! – Сатин. Это зачем же?»	«На что совесть? Я — не богатый...»
«Клещ. Думаю... чего делать буду? Инструмента – нет... всё – похороны съели? Сатин. Я тебе дам совет: ничего не делай! Просто – обремей землю!..»	«Наташа. Анна-то... померла! Бубнов. Кашлять перестала, значит»
«Актёр. ...Старик, где город... где ты? Сатин. Наврал тебе старик... Ничего нет! Нет городов, нет людей... ничего нет!»	«Любят врать люди... Ну, Настька... дело понятное! Она привыкла рожу себе подкрашивать... вот и душу хочет подкрасить... румянец на душу наводит...»

Финал истории печален, и кажется, что правда прямого соответствия факту, правда судьбы, торжествует. Никому из ночлежников нет выхода из этого «тупика бытия». Никому из персонажей пьесы не становится лучше — только хуже.

Анна умирает, Актёр повесился, Клещ окончательно «опускается» и оставляет надежду вырваться из ночлежки, примиряется со своим положением, Татарин теряет руку, а значит, тоже становится безработным, Наташа «пропадает», Васька Пепел попадает в тюрьму, даже пристав Медведев становится одним из ночлежников, а Квашня сдает оборону и «берет его в сожители».

«Ночлежка принимает всех и не выпускает никого», у входа в ночлежку можно было бы написать: «Оставь надежду всяк сюда входящий» [3].

Еще в 1898 году Горький писал: «...Что вы можете сказать для возбуждения человека, растлѣнного мерзостью жизни, павшего духом? Он упал духом, его интерес к жизни низок, желание жить с достоинством в нём иссякает, он хочет жить просто, как свинья, и — вы слышите? — уже он нахально смеётся, когда произносят слово — идеал: человек становится только грудой костей, покрытых мясом и толстой шкурой, — эту скверную грудку двигает не дух, а похоти... Ведь человек теперь не царь земли, а раб жизни, утратил он гордость своим первородством, преклоняясь перед

фактами, не так ли? Из фактов, созданных им, он делает вывод и говорит себе: вот непреложный закон! И, подчиняясь этому закону, он не замечает, что ставит себе преграду на пути к свободному творчеству жизни, в борьбе за свое право ломать, чтобы создавать. Да он и не борется больше, а только приспособляется... Чего ради ему бороться? Где у него те идеалы, ради которых он пошел бы на подвиг? Вот почему живет так бедно и скучно, вот почему обессилел в человеке дух творчества...» [5].

Итак, Человек для Горького — это не только ТО, что он ЕСТЬ сейчас в качестве материально-физического и социального существа. Это только «правда факта» о нём.

Человек ещё — это и ТО, кем он является в духовном смысле (каковы его мечты, идеалы?).

И еще — Человек — это то, КЕМ он может стать в будущем, находясь в движении к идеалам. Такое понимание Человека — это тоже ПРАВДА о нём и его жизни. Это «правда идеала».

Задача писателя (пророка, гражданина), по мнению Горького, — пробудить в читателе желание стать полноценным Человеком — тем, для кого «правда идеала» не пустой звук.

Идеалы — высшие ценности (блага) Человека. Это плоды «разумной деятельности души» (Аристотель), это духовное содержание жизни человека. Идеалы — то высшее, к чему устремляется душа человека, чтобы ощутить самый высокий вкус счастья в причастности к БОльшему, чем он сам. Идеалы — 1. общественного устройства (мира, свободы, созидания, справедливости, знания, красоты); 2. межличностных отношений (любви к ближним, милосердия, единства и взаимопонимания); 3. личностного и нравственного совершенствования (развитие способностей на благо ближним).

В душах ряда героев пьесы еще не вытравлены до конца МЕЧТЫ, ИДЕАЛЫ. У них есть стремление к ЛУЧШЕМУ.

Анна — самый нежизнеспособный персонаж, ее взор обращен к идеалу Бога, который в ее мечтах даст ей покой и отдохновение от страданий. Лука в разговорах с Анной усиливает эти ее надежды, несмотря на то, что физическое ее естество цепляется за жизнь, что обусловлено инстинктами. Настя — будучи проституткой, по иронии судьбы, мечтает об идеале любви высокой, романтической. Идеал её недостижим, поэтому героиня занимается мифотворчеством, её фантазия рождает историю идеальной любви, а облик возлюбленного она «строит» по подобию героев бульварных романов («Роковая любовь» (1901) — роман немецкого писателя Эрнста фон Вильденбруха). Настоящая любовь живет в её сердце — и в ней реализуется её подлинное бытие. Лука единственный глубоко понимает этот феномен. Наташу и Актера объединяет желание искать счастье в реальной жизни (в отличие от Анны и Насти) и при этом неспособность найти силы самостоятельно идти к своей мечте (о семье и женском счастье — о здоровом образе жизни, сцене). Им нужен кто-то, кто повел бы: «Вот думаю, завтра... придет кто-нибудь особенный...» (Наташа). Актер без Луки мгновенно теряет веру в себя. Клещ, Пепел и Татарин (в отличие от Наташи и Актера) не нуждаются в поводах, они самодостаточны. В начале пьесы идеал Клеща связан с понятиями чести рабочего человека, он полон веры в себя. Таков же и Пепел: в его душе живет идеал женской красоты, чистоты — каким-то чудом рожденный в глубинах его духа. Он внутренне готов на перестроение своей жизни ради достижения его в отношениях с Наташей, хочет жить так, чтобы уважать себя. Татарин свято чтит законы Корана, он страж честности и верности, у него есть понятие о семье. О тайных идеалах все эти герои говорят редко, сбивчиво, с трудом подыскивая слова. В стенах ночлежки такое занятие непривычно. Практически все они находят отдушину в общении со странником Лукой.

Сатина и Луку принято считать героями-антиподами. Но чтобы стать антиподами, надо иметь общее основание, «точку схождения».

Уважительное отношение к Человеку и есть то, что сближает Сатина (в IV акте) и Луку.

Что в Человеке они уважают?

В IV акте Сатин признаётся, что Лука подействовал на него, «как кислота на старую и грязную монету» — иначе говоря, очистил его душу, напомнив о тех идеалах, которые в теснине будней Сатин стал забывать. Это представления о величии Человека-творца. И Сатин присоединяется к тем полюбившим Луку героям, над которыми совсем недавно иронизировал. Он защищает Луку от нападок Барона: «Старик — не шарлатан! Что такое — правда? Человек — вот правда! Он это понимал... вы — нет!» [1]. Перед нами начало монолога, который Сатин произносит в качестве героя-резонёра, сбивчиво, но афористично формулируя любимые горьковские идеи.

Сатин. *Когда я пьян... мне все нравится. Н-да... Он — молится? Прекрасно! Человек может верить и не верить... это его дело! Человек — свободен... он за все платит сам: за веру, за неверие, за любовь, за ум — человек за все платит сам, и потому он — свободен!.. Человек — вот правда! Что*

такое человек?... Это не ты, не я, не они... нет! – это ты, я, они, старик, Наполеон, Магомет... в одном! (Очерчивает пальцем в воздухе фигуру человека.) Понимаешь? Это – огромно! В этом – все начала и концы... Всё – в человеке, всё для человека! Существует только человек, все же остальное – дело его рук и его мозга! Чело-век! Это – великолепно! Это звучит... гордо! Че-ло-век! Надо уважать человека! Не жалеть... не унижать его жалостью... уважать надо! Выпьем за человека, Барон! (Встает.) Хорошо это... чувствовать себя человеком!.. Я – арестант, убийца, шулер... ну, да! Когда я иду по улице, люди смотрят на меня как на жулика... и сторонятся и оглядываются... и часто говорят мне – «Мерзавец! Шарлатан! Работай!» Работать? Для чего? Чтобы быть сытым? (Хочет.) Я всегда презирал людей, которые слишком заботятся о том, чтобы быть сытыми... Не в этом дело, Барон! Не в этом дело! Человек – выше! Человек – выше сытости!..

Проследим эволюция Сатина в драме:

- ощущает себя «мертвецом» («Дважды убить нельзя»);
- равнодушен к ближним, не сочувствует и не помогает им (Клещ о Сатине: «Ты – можешь... не то, что пожалеть можешь... ты умеешь не обижать...»);
- нагло наживается на ближних (у Пепла выпрашивает деньги «Дай пятак»);
- будучи шулером, оправдывает жульничество перед Татаринцом, защищая честность («Татарин. Я видел! Жулик! Не буду играть! Сатин (собирая карты). ...Что мы — жулики, тебе известно. Стало быть, зачем играл?»);
- издевается над мечтой Актера излечиться от алкоголизма, развенчивая её (Сатин. «Наврал тебе старик... Ничего нет! Нет городов, нет людей...ничего нет!»);
- Барон о Сатине: «Ты всегда добрый, когда выпьешь...», Сатин: «Когда я пьян... мне все нравится»;
- не умеет прощать: (Сатин: «Не обижай человека!.. А если меня однажды обидели и — на всю жизнь сразу! Как быть? Простить? Ничего. Никому...»), признаётся, что «убил подлеца в запальчивости и раздражении», заступившись за родную сестру;
- окрыляется в моменты борьбы, поддерживает Пепла после убийства Костылёва в драке: «Васька — не трусь! Убийство в драке... пустяки! <...> Я тоже раза три ударил старика... Много ли ему надо! Зови меня в свидетели, Васька...»

Итак, образ Сатина эволюционирует в пьесе: если в первых актах герой живет «правдой факта», примиряющей его с социальным положением отрущобившегося босяка, шулера, то благодаря общению с Лукой он «припоминает» человеческое начало в себе, когда-то в прошлом выраженное ярко («...Я, брат, молодой – занятен был! Вспомнить хорошо!.. Рубаха-парень... плясал великолепно, играл на сцене, любил смешить людей... славно!..»), высказывает заветные мысли (свои и Горького) о высоком предназначении Человека быть свободным творцом нового мира, а не бессильной жертвой старого. В его монологе о Человеке «проглядывает» концепция «любви к дальнему», в его поведении во время и после драки, когда он утешает Пепла и готов идти в свидетели – равнодушные и готовность к жертве ради «любви к ближнему».

Лука – странник по святым местам, старец, исполненный интереса к людям. Интерес его – это не поверхностное любопытство к жизненным историям, а желание найти в каждом – светлое начало, душу, размягчить сердце собеседника, чтобы заветное, святое в человеке «зазвенело» в словах, чтобы получил он радость понимания и надежды на лучшее в своей жизни. Лука живет деятельной «любовью к ближнему»: он становится утешителем и советчиком для тех, кто потянулся к нему. Советы Луки исходят из того жизненного опыта, своего и чужого, который он накопил в течение жизни.

Это выразилось даже в имени героя. «Что, Лука, старец лукавый...» – произносит в начале пьесы Пепел, намекая на хитрость героя и даже на его внутреннюю связь с чертом-искусителем. Это толкование имени дается на основе энтомологии (семантически значимой звукописи, близости звучания разных по значению морфем). Истинное же значение имени Лука не связано с семантикой слова «лукавый»: Лука – (от лат. lux – «свет»). В таком истолковании его имя вызывает стойкие ассоциации с именем апостола Луки и является намёком на христианизированность образа героя. Вероятнее всего, значимы обе интерпретации имени. Горький действительно наделяет Луку христианским миропониманием с его «любовью к ближнему», но в итоге отвергает своего героя, вводя сцены, где образ его намеренно «снижен» именно демонстрацией лукавства, хитрости в его словах и поведении. Можно сказать, что в этом проявилась тенденциозность писателя.

Для Луки все люди равны, все люди – братья.

Пепел. Сатин говорит: всякий человек хочет, чтобы сосед его совесть имел, да никому, видишь, не выгодно иметь-то ее... И это – верно...

Наташа входит. За нею – Лука с палкой в руке, с котомкой за плечами, котелком и чайником у пояса.

Лука. Доброго здоровья, народ честной! Бубнов (Луке). Был честной, да позапрошлой весной... Лука. Мне – все равно! Я и жуликов уважаю, по-моему, ни одна блоха – не плоха: все – черненькие, все – прыгают... так-то. Где тут, милая, приспособиться мне? Наташа (указывая на дверь в кухню). Туда иди, дедушка...

Лука. Спасибо, девушка! Туда, так туда... Старик – где тепло, там и родина... [1].

Говорит Лука и о ценности любой человеческой жизни: «Человек – каков он ни есть – а всегда своей цены стоит»; «Человеком родился, человеком и помрешь»; «Всякого человека уважать надо». Все эти высказывания Луки уже позволяют считать, что его гуманизм есть гуманизм христианский. Ибо во всяком, даже падшем, он видит человека. Во втором действии Лука ещё активнее проповедует гуманистическую философию жизни. Он утешает умирающую Анну, внушает Актёру, что тот может вылечиться от алкоголизма, советует Ваське Пеплу уйти в Сибирь, чтобы начать там новую жизнь. Давая добрые советы ночлежникам, Лука исходит из своего важнейшего убеждения: «Если кто кому хорошего не сделал, тот и худо поступил». Причём это убеждение, связанное с верой в человека, с верой в слово, полное сочувствия и сострадания, Лука выражает неоднократно: «Человек – может добру научить»; «Человека приласкать – никогда не вредно»; «Не в слове – дело, а – почему слово говорится?» Во всём этом старец строго следует важному принципу, чётко выраженному в Библии: «Не удерживай слова, когда оно может помочь».

Осознавая силу доброго слова, силу сочувствия, Лука стремится вселить в ночлежников веру, терпение. «Ты – надейся... Ты – верь!» – говорит он умирающей Анне. «А ты мне – поверь», – внушает он Пеплу. Во всём этом Лука также близок к своему евангельскому тезису, его вполне можно назвать достойным учеником Христа. Ведь именно Христос, вселяя в людей веру, исцелял сокрушённых сердцами. «Вера твоя спасла тебя, иди с миром» – одна из важнейших сентенций Христа (Лк. 8:48). Утверждает Лука и необходимость терпения. «Потерпи ещё! – советует он Анне. – Все, милая, терпят... всяк по-своему жизнь терпит». То же самое говорит Лука и Актёру: «Возьми себя в руки и – терпи». Источником, к которому восходят эти советы старца, опять же может являться Евангелие: «Терпением вашим спасите души ваши» (Лк. 21:19). Лука говорит и о необходимости жалости и прощения: «Человека приласкать – никогда не вредно...»; «Жалеть людей надо!» Ссылается Лука и на Евангелие: «Христос-от всех жалел и нам так велел». И тут же рассказывает о двух беглых каторжниках, которых пожалел и тем самым исправил, спас... Закрывая свой рассказ, он призывает ночлежников быть милосердными, не воздавать злом за зло, то есть в принципе предпочитать гуманизм нормам закона: «Хорошие мужики! Не пожалей я их – они бы, может, убили меня... А потом – суд, да тюрьма... что толку? Тюрьма – добру не научит... человек – может добру научить» [1].

Необходимо добавить, что и форма передачи убеждений Луки (с помощью ярких афоризмов, притч) связывает его с христианскими вероучителями и самим Христом, который, по Евангелиям, проповедовал языком аллегорий и метафор. Так, обращённые к Костылёву слова Луки «есть земля, неудобная для посева... и есть урожайная земля... что ни посеешь на ней – родит» отсылают к евангельской притче о сеятеле. Образ жизни Луки – путника, странника – непривязанность ни к месту, ни к вещам, ни к ограниченному кругу людей, но жажда духовного соединения с каждой встреченной на пути живой душой и любовь к проповеди тоже роднит его с евангелистами. Заметим, что ни один странствующий проповедник не в силах нести ответственность за судьбу каждого, кому он проповедует. «Как слово наше отзовется...», слово доброе, несомненно, – это ответственность паствы, которая априори мыслится обладающей свободой воли.

В каком смысле следует понимать недоверие Луки к правде? Прежде всего, его высказывание о том, что «не всегда правдой душу вылечишь». Думаем, речь идет о той «правде факта», которая «камнем ложится на крылья» и не даёт человеку поверить в себя, идти к мечте, идеалам. Эта правда примиряет его с тем положением, в которое вгоняет его судьба. В этом суть притчи о «праведной земле». Вера поддерживала человека в тяжёлые минуты жизни. Правда учёного, разрушившего веру в эту землю, убила его. Идейный смысл притчи заключается в том, что разрушение высоких идеалов оборачивается катастрофой. Праведная земля в притче не только земля в буквальном смысле, которую надо на карте искать. Это символ добра, справедливости, любви, милосердия. Праведную землю нужно искать в своей душе, в душах других людей.

Лукавство Луки заключается в том, что он привирает. Актёр спрашивал Луку про дорогу в бесплатную лечебницу для алкоголиков. Но города, в котором она находится, старец так и не назвал. В действительности такие лечебницы существовали, и он о них, вероятно, слышал, но город либо не знал, либо запаматовал. Актера же обнадежил тем, что скажет, в расчете на силу воли его на пути воздержания. А Актеру, человеку творческому, неврастеничному, носившемуся со своим «отравленным органом», «как с патентом на общественное внимание, это для него последние актерские лавры» [6], этой силы воли надолго не хватило. Кто виноват в его самоубийстве? Некоторые горьковеды утверждают, что в смерти Актёра виноват именно Лука. Так, Ю. Юзовский в своё время писал: «Актёр доверился Луке, покорно, как ребёнок, дал себе повязать на глаза повязку «возвышающего обмана». Когда эта повязка спала, было уже поздно, он не мог пережить своего разочарования и покончил с собой» [7, с. 23]. Из высказываний Горького о своей пьесе можно предположить, что и он думал так же. В частности, в одном из писем он отмечает: «Актёр верит, что где-то на свете есть бесплатная лечебница для алкоголиков, и он живёт этой надеждой до четвёртого акта – до смерти надежды в его душе». Надежда покидает Актёра, он понял, что обманут. Поэтому, рассматривая мифологический аспект драмы, следует заметить, что Лука, как лукавый, бес, мог действительно спровоцировать Актёра на самоубийство. Но таким был авторский замысел, достаточно тенденциозный. Ведь точно так же мы можем обвинять в гибели Актера и Сатина, разрушавшего его веру в возможность излечения своими репликами («Чепуха! Никуда ты не пойдешь... всё это чертовщина!»). И все же главным виновником самоубийства становится всегда сам человек, который и совершает тот выбор, который при прочих равных условиях другие люди бы не совершили.

Правду ли говорит Лука Пеплу, что в Сибири его спасение? Отчасти – да. Сибирь – край больших просторов и бОльшей свободы, там не настолько был закабален человек общественными путями. Но старик умолчал о тяжелых природных условиях, в которых Василию пришлось бы начать новую трудовую жизнь, причем на пустом месте, да еще с женой. Это потребовало бы невероятных трудовых усилий от человека, который НИКОГДА не трудился. Перспективы вернуться воровству были у Васьки практически стопроцентные. А у Наташи – точно такие же перспективы не «вытянуть» Пепла в трудовую честную жизнь заклинаниями о том, что муж ее «хороший человек», как советовал Лука.

И последнее – чем еще он мог утешить страдальцу Анну перед смертью, нежели покоем после смерти?

Великая тайна – что ждет человека за пределом земного существования. Можно ли назвать ложью слова Луки, обращенные к ней? «Во что веришь, то и есть». Может быть, запредельные миры существуют и каждому воздается там по его вере и делам?

И все же хоть малая надежда на счастливый исход их жизни была, тогда как здесь, в ночлежке, при сложившихся обстоятельствах – мы увидели, что было перспективой: Василию тюрьма, а Наташу могли и до смерти забить.

Сострадание предполагает «ложь во спасение», но далеко не всегда, а лишь в тех случаях, когда правда может «добить» и так ослабевшего человека, не даёт возможности пережить свалившийся на его плечи груз переживаний. «Ложь во спасение» выглядит как умолчание о правде, недоговаривание всех тяжелых подробностей (полуправда), избыточное обнадеживание в том, что впереди человека ждет лучшая доля (хотя точно это неизвестно). Нравственные заповеди христианства не отвергают «ложь во спасение». Среди главных («Почитай отца твоего и мать», «Не убий», «Не прелюбодействуй», «Не укради», «Не пожелай ничего чужого», т.е. не завидуй) есть – «Не лжесвидетельствуй». Но значение этой заповеди – оговаривать другого, приписывая ему дела, которых он не совершал, с выгодой для себя: например, на суде, или совершая ложный донос, наговаривая, сплетничая, злословя, клеветца. «Ложь во спасение» нацелена на благо ближнего, но не на своё, как лжесвидетельство. И ею пользоваться в необходимых ситуациях не запрещено. Думаю, каждый, кто испытывал глубокое сочувствие к ближнему в моменты его сильных страданий, чувствовал сердцем, когда она необходима. «Что лучше – истина или сострадание?» – так сформулировал Горький главную проблему пьесы «На дне» в беседе с корреспондентом «Петербургской газеты», подразумевая под истиной «правду факта» и веру в сильного Человека, а под состраданием как раз «ложь во спасение».

Развенчивая Луку, Горький идёт порой на его откровенную дискредитацию. «Эта дискредитация выразилась, например, в неожиданном сюжетном ходе в конце третьего действия. Здесь исчезновение

Луки не представляется логичным с точки зрения его характера и предшествующих поступков. Ведь Луке, никак не причастному, в отличие от Сатина, к преступлению Пепла, нечего опасаться расследования» [8, с. 13]. Разве что неприятности, связанные с выяснением его личности, допросами как свидетеля. По-видимому, хитрый Лука не захотел тратить время и силы на эти не входившие в его планы процедуры. Барон. Исчез от полиции... яко дым от лица огня... Сатин. Так исчезают грешники от лица праведных! Эти реплики отсылают к образу лукавого, чёрта.

«Мяли много, оттого и мягок». Тяжелый жизненный опыт, бесприютные скитания Луки научили его приспосабливаться к людям, а не только к обстоятельствам. Он знает Сибирь – возможно, оказался там не по своей воле, имеет горький опыт общения с женщинами («Гляди – какой я? Лысый... А отчего? От этих вот самых разных баб... Я их, баб-то, может, больше знал, чем волос на голове было...») [1] Лука за свою длинную жизнь научился видеть людей насквозь и, как умелый психолог, манипулировать их слабостями, чтобы обеспечить себе сносные условия жизни. В этом тоже его хитрость – хитрость приспособленчества («Где тут, милая, приспособиться мне?»)

Перед своим уходом (III акт) Лука открыто высказывается в адрес Костылева: «Вот ты, примерно... Ежели тебе сам господь бог скажет: «Михаиле! Будь человеком!...» Все равно — никакого толку не будет... как ты есть — так и останешься...» [1]. А когда Костылев и Василиса приказывают ему убираться из ночлежки, Лука удивительно твердо и иронично отвечает: «Дядю позовешь? Позови дядю... Беглого, мол, изловил... Награду дядя получить может... копейки три...» [1] (христианская аллюзия к иудовым тридцати сребреникам).

В «На дне», в самом конце последнего акта, все поют хором. Вдруг открывается дверь, и Барон, стоя на порог, кричит: «Эй... вы! Иди... идите сюда! На пустыре... там... Актер... удавился!» [1]. В наступившей тишине Сатин негромко ему отвечает: «Эх... испортил песню... дур-рак!» На этом занавес падает. Неизвестно, кого бранит Сатин: Актера, который некстати повесился, или Барона, принесшего об этом известие. Всего вероятнее обоих, потому что оба виноваты в порче песни.

И Лука, и Сатин видят в ближних слабых существ, но делают разные выводы из этой ситуации. Сатин следует призыву Заратустры «Не призываю вас любить ближнего. Призываю вас любить дальнего, т.е. сверхчеловека». Лука же любит именно ближнего: помочь человеку может вера, пусть иногда и иллюзорная, средством утверждения веры может быть и иллюзия (ложь), Сатин соглашается («Кто слаб душой – тому ложь нужна»).

У них разное отношение к ближним. Можно предположить, что мировоззрение Сатина («любовь к дальнему») ближе Горькому, но сам он как человек, а не мыслитель в жизни был более похож на Луку. Может быть, сам дискредитирующий эпизод вставлен именно потому, что Лука оказался уж слишком привлекателен. Он оказался в центре внимания читателя и зрителя, его присутствие в 4 акте могло даже помешать восприятию Сатина как более значимого, по замыслу Горького, персонажа.

Заключение. Таким образом, каждый из персонажей горьковской драмы причастен к центральному философскому спору, каждый мучительно размышляет о смысле своей жизни и внимательно вслушивается в мысли окружающих. Страдания каждого из них, его судьба становится «оселком», на котором проверяются философские доктрины. Поэтому и слово героев Горького – это всегда «мыслительное» слово, поэтому их речи интеллектуально насыщены – вопросами, сомнениями, полемическими выпадами. Поэтому в системе персонажей важное место занимают герои-резонеры, носители философской доктрины.

Список использованной литературы:

- 1 Горький М. *На дне*. - <https://ilibrary.ru/text/505/p.1/index.html> - интернет источники
- 2 Айхенвальд Ю.И. *Максим Горький*. – http://dugward.ru/library/gorkiy/ayhenv_gorkiy.html - интернет источники
- 3 Свердлов М. *Правда и ложь в пьесе Максима Горького «На дне»*. – <https://lit.1sept.ru/article.php?ID=200502307>- интернет источники
- 4 Гуляровский В.А. *Русская классическая проза*. - https://dom-knig.com/read_133050-40 - интернет источники
- 5 Горький М. *Читатель*. - <https://rbook.me/book/2204685/read/page/1/> - интернет источники
- 6 Анненский И. *Книги отражений*. - <https://rbook.me/book/2529324/read/page/61/>- интернет источники
- 7 Юзовский Ю. *«На дне» М. Горького*. М.: *Худож. лит.*, 1968. – книга
- 8 Сухих О.С. *Горький и Достоевский: продолжение «Легенды...»*. – Н. Новгород: *Изд-во КуТиздат*, 1999. – книга

МРНТИ 17.07.41

Жанбершиева Ұ.¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

ЖЫРАУЛАР – АЗАТТЫҚ ЖАРШЫСЫ

Аңдатпа

Жыраулар поэзиясы арқылы еліміздің өткен тарихы сөз болады. Адамзаттың еркіндікті аңсауы жыраулар поэзиясындағы көрініс табуы ғылыми жүйеде сараланды. Жыраулардың еркіндікті аңсаған, тәуелсіздікті көкसेген толғаулары сөз өнерінің құдірет күші екені айқындалды.

Бұл мақалада хандық дәуір әдебиетінің ерекшеліктері жайында сөз болады. Сол сияқты ұлттық әдебиетіміздің даму жолдары қарастырылған. Хандық дәуірдегі жыраулық поэзия өз тыңдаушыларына философиялық, адамгершілік мазмұнымен рухани күш, жігер беріп отырған. Жыраулар поэзиясында туған жердің тұтастығын, елдің бірлігі жырланып, еркіндік пен егемендік мәселесі кеңінен көрініс тапқан. Мақалада хандық дәуір әдебиеті туралы қазақ ғылымында жасалған зерттеулерге сүйене отырып, автор өзінің көзқарасын нақты білдіреді.

Сол сияқты автор қазақтың белгілі жыраулары: Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар тағы басқа жыраулар толғауларына әдеби талдау жасап бағасын берген. Мақалада хандық дәуірдегі жыраулардың орны мен атқаратын қызметі айқындалған.

Түйін сөздер: жыр, жырау, хандық дәуір, ұлттық әдебиет, хандық мемлекет, толғау жанры, дана, көсем, аңыз, намыс, рухты жыр

Zhanbershieva U.¹

¹ Kyzylorda state University Korkyt Ata,
Kyzylorda, Kazakhstan

ZHRAUS - FREEDOM NOVATORS

Abstract

With help of Zhyraus poetry we are talking about the past our country. It is worth noting that due to the freedom of speech, protection and power of art of Zhyrau.

In this article considered fetures literature of khanate period. Also, there is ascending role of national literature.

Poetry zhyrau period of the khanate spiritually enriches reader with it's deep philosophical didactic content.

The motives of zhyrau poetry reflected the independence of the nativeland and people;s unity.

In article the author provided an overview of basic research in the Kazakh poetry zhyrau science, and also expressed their views on the matter. Furthermore the author made the artistic analysis of some of the famous zhyrau: Asan kaigy, Kaztugan, Dospambet, Akhtamberdy, Bukhar and assessed their creativity. The article defines the place and role of poetry zhyrau Khan;s period in Kazakh literature.

Keywords: poetry, zhyrau, periode of khanate, national literature, hanscom state, genre tolgau, the great sage, legend, honor, spiritual poetry

Жанбершиева Ұ.¹

¹ Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Қызылорда, Казахстан

ЖЫРАУ – ВЕСТНИК ОСВОБОЖДЕНИЕ

Аннотация

С помощью поэзии жырау реч идет о прошлом нашей старны. Стоит обратить внимание, что в силу свободы слова, охраны определяется могущество искусства жырау.

В данной статье рассматриваются особенности литературы ханского периода. Так же отмечается возрастание роли национальной литературы. Поэзия жырау ханского периода духовно обогащает читателей своими глубокими философским и нравучительным содержанием.

В поэзии жырау отражаются мотивы независимости родной земли и единства народа. В статье автор делает обзор фундаментальных, научных исследований поэзии жырау в казахской науке, а также высказывает свою точку зрения на данный вопрос. Кроме того автор делает художественный анализ некоторых наиболее известных жырау: Асан кайгы, Казтуган, Доспамбет, Ақтамберди, Бухар и дает оценку их творчеству.

В статье определено место и роль поэзии жырау ханского периода в казахской литературе

Ключевые слова: поэзия, жырау, ханский период, национальная литература, ханское государство, жанр толғау, великий мудрец, легенда, честь, духовная поэзия

Кіріспе. Тәуелсіздікке қол жетіп, егемендік алған тұста қазақ халқының тарихына үңіліп, өткенге көз жүгіртсек өз елі, жері үшін жан беріп, жан алысқан батырларымыз бен жырауларымыз болғанын білеміз. Қашанда еркіндікті, азаттықты аңсаған елде адамның рухын көтеріп, орамды ойлар айтып, сананы оятып, болашаққа бастай білген дана да, данышпан жыраулар халықтан ешқашан ажырамаған. Заман сырын ұғыну, өмір сырын түсіну, елді сыртқы жаудан қорғау, елді ерлік пен елдікке жырымен шақырып, санасын оятып, философиялық ойлар туындатып, ұлтымыздың тәуелсіз өмір сүруін, халық мүддесін айта білген. Ел көңілін өздеріне толғауы теңіздей жырымен ұғындыра білгендігі, ханға да, қараға да кемшілігін шынайы көрсетіп, алдаспандай қиып түсетін өткір тілімен, аталы сөзімен жөн көрсетуі жыраулардың көрегенділігі.

Азаттықтың жаршысы, еркіндікті көксеген жыраулар поэзиясы бізге шынайы үлгі болды. Толғаулар арқылы ойшылдық пен даналыққа қарсы дүниетаным, келешекті болжау, елді сыртқы жаудан қорғау, елдік, ерлік, ешкімге тәуелді болмау сияқты ойлардың көрінісі, қоғам дамуына ықпалы болғаны сөзсіз.

“Тарихы жоқ ел – жетім, рухы төмен – ұлт жетім” деген атам қазақ. Олай болса қазақ елінің бостандығын, еркіндігін өз толғауларына арқау еткен жыраулардың бодандыққа қарсы рухани ойлары тарих қойнауында ата-бабалар арманын бүгінге жеткізе алды. Демек, ұлттық болмыс, ұлттық мінезде және тәуелсіз ел болуды өзге жұртқа насихаттай білді. Ғасырдан – ғасырға жалғасып жатқан бодандыққа қарсы үн жыраулар поэзиясында көрініс тауып, өзіндік дүниетанымы қазақ әдебиетінде жаға әдеби ағым әкелді.

Тарих қашан да өз перзенттерінің құнды мұраларымен қымбат десек, әдебиет – қоғам өмірінің айнасы. Ұлт тағдырымен сол халықтың төл мәдениеті өзектес өріледі.

Ел тағдырын шешетін хандар мен дана көсемдер, өмір шындығын толғап жеткізетін жыраулар мұрасы, ерлік пен еркіндікке құштар ел қорғаған батырлар тарихтың жарқын бейнесі болып отыр.

XV ғасырда Керей мен Жәнібек хан қазақ хандығының негізін қалады. Бүгінгі 550 жыл толып отырған күні қазақ осы кезде тарих сахнасынан көрінді деуге болмайды. Алтын Орда дәуірінде қазақ руларының болғанын, одан бұрын түрік қағанаты қазақтардың ежелден мемлекеті болғанын білеміз. XV ғасырда қазақ дербес мемлекет құрып, ұлт болып қалыптасты. Міне, осы кезеңнің әдебиетін хандық дәуір әдебиеті дейміз. Ол жыраулар поэзиясымен басталды, негізгі жанры толғау болған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: “Қазақстан ұлы өркениеттердің мұрагерлері, тарихтың сан-салалық күз қияларынан өзінің ұлттық Мен дегізгерлік қасиеттерін алып шыға алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп жаңғырта білді. Қазақы төл тумалықты сақтай білу-біліктіліктің жолы және ондай жолдың тарихы тұғыры биік”, - деуі [1.,24] қазақ елінің мемлекеттік тарихы мен әдебиетінің маңыздылығына тікелей байланысты.

Әдістеме. Ұлттық әдебиетіміздің дамуында жыраулық поэзияның орны ерекше. Жыраулық поэзияда ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктермен бірге жазба поэзияға тән өрнектер бар. Ауыз әдебиетінде көп тараған толғау жыраулар поэзиясының жанры болды. Керей мен Жәнібек құрған қазақ мемлекетінің жеріне сыртқы жаулар көз тіге бастаған тарихи сәтте хан қасында Жиренше шешен, Сыпыра мен Асан қайғы сынды сөз ұстар абыз жыраулар болып, келелі кеңесімен кесімді билігін айтып, демеу жасап отырған.

М.Әуезов: “Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыраушыдан бөлек өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі – толғау. Жыраудың мақсаты, міндеті “не болса сол көңіл ашар нәрсені айту емес. Ол – заман сыны, мезгіл дәуір оқиғасының болжамын тарихи оқиғаның мазмұнын бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады”, - дей келе, [2.,25] жыраулар заманның келелі мәселелеріне үн қосып, болжам жасап, тарихтың бағасын берген деп ой түйеді.

Ш.Уәлиханов Асан қайғының толғауларына тоқталып, елді ілгері ел етпек болған Керей мен Жәнібек хандарды қолдап, олардың ақылшысы болған дей келе, оны “көшпенділер философы” деп атаған. Бұл түйінді сөз тек бір ғана жырауға емес, бүкіл жыраулық мектепке берілген бағасы еді.

Жәнібек хан тұсында Асан қайғы қарт болса да оның құрған мемлекетінің мұңын мұңдап, халық пен хан арасын байланыстырып отырған.

Оның “Әз Жәнібекке айтқаны”, “Ай, хан, мен айтпасам білмейсің”, “Қырында киік жайлаған” атты толғауларында сырттан келер қауіпті сезіп, күні бұрын болжап, өз жырына арқау еткен. Жаңа құрылған мемлекетке көз тігетін жаулар көп екенін ханға ескертіп, сақтандырып отырған.

Мысалы: Аққу құстың төресі,

Ел жағалап көлде жүреді.

Аңдып жүрген көп дұшпан,

Елге жау болып келеді, - деп ескертеді. Ұсынысын қабылдамаған ханға Асан қайғыға сөзін өткізіп, мемлекеттік, елдік мәселелерге араласып отырған. Хан да жыраудың пікірімен санасып отырған.

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаным көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің,- дейді.

Осы толғау арқылы хан назарын өзіне аударып, ел бірлігін сақтап, елді соңынан ертуге үндеген. Ел тізгінін ұстаған жыраулар бір тудың астына бірігуді көздеген. Жәнібек ханның адами қасиеттерін Асан қайғы мен халық жоғары бағалап, есіміне “әз” сөзін қосып айтқан. “Әз” араб тілінде ғазиз, ардақты, қадірлі деген мағынаны білдіреді. Әз- Жәнібек деп ерекше құрмет те жасалған.

Асан қайғы мен Әз-Жәнібек хан туралы қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ халықтарында бірнеше аңыздар сақталған. Соның бірі Жәнібек Еділ мен Жайықты билеп тұрған кезде Асан қайғы атты ақылшысы болыпты. Жәнібек Ресейден шебер алдырып сарай салдырады. Қарашаш деген күңіне үйленіп, аққуды ілдіріп, той жасайды. Хан Асан қайғыны шақыртып, бәл әрекетінің қалай екенін сұрайды. Сонда риза болмаған Асан қайғы ханға: “Тұқымың хандықтан айырылады, күнді әйел етгің, сарайды орысқа салдырдың, ол түбінде орысқа бұйырады, аққуды ілдің жеріңнен, көліңнен айырыласың”, - деп болжам жасайды.

Уақыт өте келе бәрі Асан қайғы болжағандай болған екен. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл аңызды негізсіз деуге болмайды. Аңыз негізінде ақиқат бар. XV ғасырда өмір сүрген Жәнібек ханның Асан қайғы өте ықпалды адамдарының бірі болған.

Нәтиже. Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы туған жердің тұтастығы, бүтіндігі, елдің бірлігі сияқты мәселелерді қамтуымен құнды. Ғасырдан ғасырға дейін сақталып бізге жетудің өзі ел мүддесіне бағытталуында еді. Эпостық жырлар, тарихи дастандар, аңыз- әпсаналар, мақал-мәтелдер, жоқтаулар сияқты ауыз әдебиетінің мұраларын жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері шығарған. Аттары сақталмағандықтан ауызша жеткен.

Жәнібек пен Керей хан құрған қазақ хандығы мемлекет ретінде өмір сүрген XV ғасырдан бұрын да жыраулар болғаны тарихтан мәлім.

Жазба ескерткіштегі жоқтаулар, XI ғасырдың ескерткіші М.Қашғаридың “Диуани лұғат- ат түрік” атты сөздігінде батырлық – ерлік жырлары, Ер Тұңғаны жоқтау және жыр-жырау деген сөздер кездеседі.

Сол сияқты Шыңғыс хан тұсында өмір сүрген Кетбұға (ұлығ) жырау туралы бір аңызда Шыңғыс ханның ұлы Жошы аң аулап жүріп қаза табады. Кімде-кім ханға суық хабар естіртетін болса, хан

көмейіне қорғасын құйып өлтіреді екен. Сол себепті ешкімнің қаралы хабарды жеткізуге батылы жетпеген. Тек қана Кетбұға жырау “Ақсақ құлан”, “Жошы хан” деген күйі мен толғауы арқылы естірткен екен.

XIV ғасырда өмір сүрген Сыпыра жырау есімі “Қырымның қырық батыры”, “Ер Тарғын”, “Ер Едіге” сияқты эпостық жырларда және “Құбығұл” ертегісінде аталады.

Тоқтамыс пен Едіге ханға қызмет еткен Сыпыра жыраудың толғаулары өз атымен жетсе де, эпостық жырларда, аңыз әңгімелерде сақталған. Ол ел тыныштығын ойлаған, көреген, ақылшы қария бейнесінде сипатталған. Мысалы: “Ер Тарғын” жырында тоғыз ханға қызмет жасаған Сыпыра Ханзада мен Ер Тарғын арасындағы келіспеушілікті бітістіруші ретінде көрінеді. Ал, “Ер Едіге” жырында Тоқтамыс пен Едіге арасындағы араздықты келістіруші, ақылгөй, дана ретінде суреттелген.

Әдебиет зерттеуші ғалымдар: Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауиндер жыраулардың сан ғасырлық тарихын қазақ хандықтарымен байланысты үш кезеңге бөліп қарастырады.

1. XI-XIV ғасыр (Қорқыт, Аталық , Кетбұға, Сыпыра)
2. XV-XVI ғасыр (Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет)
3. XVII- XVIII ғасыр (Үмбетей, Жиёмбет, Тәттіқара, Ақтамберді, Бұхар жыраулар)

Жыраулар поэзиясында ата-бабамыз аңсап өткен еркіндік пен егемендік мәселесі кеңінен көрініс тапқан. Мәселен, Ақтамберді жыраудың “Күлдір-күлдір кісінетіп”, “Жауға шаптым ту байлап”, Доспамбеттің “Арғымаққа оқ тиді”, “Дулыға кидім өкінбен”, Қазтуғанның «Қазтуған сөзі», «Бұдырайған екі шекелі», Жиёмбеттің «Әмірің қатты Есім хан», Марғасқаның “Ей, Қатағанның хан Тұрсын» тағы сол сияқты толғаулары елдің намысын оятар қуат көзі болған.

Талқылау. Жыраулар хан ордасында болып, мемлекет басқару ісіне, яғни, билікке араласқан. Хан мен қолбасшы батырлардың ерліктерін мадақ етіп жырлаған, намыс пен жігер оятар рухты жырлар шығарған.

Жерін, елін қызғыштай қору – ер азаматқа тән екенін Доспамбет жырау:

Тобыршығы биік жай салып,
Дұшпан аттым өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім өкінбен.
Ер Мамайдың алдында,

Шаһид кетсем өкінбен,- деп өзінің жүріп өткен жолдарын кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Азамат ердің міндеті - елін, жерін қорғау, тыныштығын, халықтың бірлігін, тұтастығын сақтау екенін ескертеді.

Жыраулар ұрыс кезінде сарбаздардың көңілін көтеріп, жігерін оятатын жырларымен ойдан шығып отырған. Мысалы, Қазтуғанның:

Балдағы алтын құрыш болат,
Ашылып шапсам дем тартар.
Сусыным қанға қанар деп,
Азамат ердің баласы,
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп!

Хандық дәуірде жаудан кек қайтарып, туған жерінің тұтастығын қорғаған қазақ батырларына жігерлі рух беретін жырлар қажет-ақ болған.

Жорық жырауы Ақтамберді толғауларында көзсіз ерлікке жетелеу басым.

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айқайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан,
Жалынды жүрек қан қайнап.
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап!

Жырау бұл толғауында тыңдаушысын “Ел-жұртты қорғайлап” деген арнаға бұра келе:

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екенбіз.
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,

Жалаулы найза қолға алып,

Жау қашырап ма екенбіз, - деген жолдарда ел мен жер үшін болған қырғын ұрыс пен ерлік көрсеткен батырлардың дүбірі жатыр. Толғаудан жүрекке жігер, бойға күш беретін ұран тастап, төкпе жырды ағытқан жырау үні естіледі.

Ел шетіне жау келген кезде, ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда жыраулар ақыл, кеңес айтып, жұртшылықты абыржымауға шақырып отырған.

Жыраулар қазақ батырларының теңдесі жоқ образын сомдай отырып, оны кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Бұхар жырау:

Қалданмен ұрысып,

Жеті күндей сүрісіп,

Қара керей Қабанбай,

Қанжығалы Бөгенбай.

Шақшақұлы Жәнібек, - десе,

Үмбетей жырау:

Қара керей Қабанбай,

Қанжығалы Бөгенбай

Қырмақ па еді жауыңды,

Қуантпап па еді қауымды, - дейді.

Жырдағы жыраулар арманы, ел мүддесінен бөлек емес. Жыраулар елдікті, ерлікті жырға қосып, мадақтады. Ғибратқа толы жыр жолдарымен халыққа ықпал етіп, іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды.

Демек, жыраулар дүние сырын ашып, әр заманның тарихи оқиғаларына үн қосып, хан мен халықтың елге әділ басшылық жасауына басалқа айтып отырған.

Толғаулар арқылы жыраулардың маңызды қоғамдық, әлеуметтік-саяси көзқарастары анық аңғарылады. Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар А.Байтұрсынов, Б.Әбілқасымов, М.Мағауиндер қазақ поэзиясындағы толғау туралы тұшымды түйін жасаған.

А.Байтұрсынов: “Толғау – қысқасын айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құстың сайрауы, жанның тартатын күйі”, - дейді. Демек, толғауда жыраулар әлеуметтік, елдік, ерлік мәні бар мәселелерге үн қосып отырған.

Жырау әр түрлі көңіл күй сәтінде ой қорытып, бірнеше мәселені көтереді, шешімі де бірнешеу болады. Мысалы:

- Сап толғауы – елге жау шапқанда сапқа тұрып, ерлік көрсетуге арналады;
- Марқайыс толғауында – жауды жеңіп, елдің тыныштығына марқаю, бірлікке риза болу;
- Намыс – намыс үшін күресу, жігерді ояту;
- Сұқтаным – таңдану;
- Айнамаздау – амалын табу сияқты толғауларда айтылатын ой ұшан теңіз, толғаным жатады.

Бүкіл адамзаттың даналық пікірі, толғамы, дүниетанымын, көзқарасын жыраулар толғаулары арқыл жеткізе білген.

Белгілі ғалым Р.Бердібай: «Жыраудың ойшылдығы мен ғибраттылығы дүние сырын кеңінен шолып, терең салыстырулар жасайтындығы толғауларынан айрықша көрініс береді. Жыраулар тек жеке адамға немесе топтарға емес, биік мінбеден бүкіл халыққа арнап сөйлегендей болады», - дейді. Ғалымның осы пікірі жыраулардың бүкіл табиғатын ашып тұрғандай.

Фольклортанушы Е.Тұрсынов: “Жыраулар хан мен халыққа ақыл, өсиет айтқан билер кеңесінің мүшесі болған, қолбасшылардың әскери кеңесінде ханмен қатар басшылық қызметін атқарған”, - деп ой түйеді. Мысалы: Бұхардың Абылай ханның қабырғалы биі болғанын, Асан қайғының Әз Жәнібектің кеңесшісі болғаны ой үндестігі, болжал сабақтастығы бар екендігін аңғартады. Екі кезеңде ел билеген Жәнібек пен Абылайға айтылған толғаулар болғанмен, келешек ұрпақты ел мен жерді қорғауға арналған даналық ойдың жемісі екенін байқаймыз.

Бұхар Абылайға:

Құбыладан келер бір кәпір,

Жаяулап келер жұртыңа.

Ел қамын айтқан жақсыны,

Сөйлетпей ұрар ұртына, - десе,

Асан қайғы Жәнібекке:
Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма,
Қарағай басын шортан шалмай ма,
Заман озып, заң тозбай ма?
Мұны неге білмейсің,- дейді.

Данагөй жыраудың болжауы бірнеше жылдан кейін дәл келеді.

Қорыта келгенде, Асан қайғының “Жәнібек ханға айтқаны”, Қазтуғанның “Мадақ жыры”, Шалкиіздің “Би Темірге айтқаны”, Жиёмбеттің “Еңсегей бойлы ер Есім”, Бұхардың “Ей, Абылай, Абылай”, “Қазақтың ханы Абылай” тағы сол сияқты толғауларында жыраулар ханды дәріптеу емес, хан мен халық арасында байланыс жасап, қазақ хандары құрған мемлекеттің тұтастығын сақтап, заманның сыншысы, келешекті болжайтын қырағысы болған. ХҮ ғасырда құрылған хандық мемлекет қазақтың ұлттық әдебиетінің қалыптасуына негіз болса, жыраулар поэзиясында көрініс тапқан. Қазақ хандығы тұсында жарқырай көрінген жыраулар поэзиясы ұлт тағдыры мен тарихымен өзектес. 550 жылдық тарихы бар хандық дәуір қазақ ұлтының қалыптасу, даму тарихын айқындап берді. Ғасырдан-ғасырға дейін сақталып бізге жетудің өзі ел мүддесіне бағытталуында еді. Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы туған жердің тұтастығын, елдің бірлігін, еркіндігін жырлауымен құнды. Әдеби дамуды ұрпақ игілігіне айналдыруда жыраулар поэзиясының маңызды екені сөзсіз.

Қорытынды. Жыраулар поэзиясы арқылы еліміздің өткен тарихына үңілу, олар армандаған болашақ, келешекті болжау тұрғысынан алғанда, ғылыми салмағы басым екенін айтқан абзал.

Жыраулар жырлаған мәселелерге бодандыққа қарсы, еркіндікті аңсау тұрғысынан келіп, көркемдік-эстетикалық, өре-деңгейі, шеберлігі, дүниетанымын саралай отырып, қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-саяси рухани жағдайларға баға бергендей болдық.

Ұлттық әдебиетімізде ғасырлар бойы жырланған бодандық және тәуелсіздік идеясы қалыптасқан дәстүр мен жалғастық сияқты философиялық ұғымдар өз жалғасын тапты. Сөйтіп, жыраулар ұлттық болмысты, өршіл рухты, азаттықты ерекше сезіммен, тереңдікпен жырлап көрсеткен.

Тарихи-әдеби дәйектер жыраулар поэзиясында танымдық көрініс тапқан. Оның қазақ қоғамының дамуына, рухани ықпалы болған. Демек, жыраулар бодандыққа қарсы болжам жасап, еркіндік мәселесін аңсаған. Жыраулар поэзиясы егемен елдің өшпейтін рухымен осылай астасып жатыр. тәуелсіздік, еркіндік, азаттық идеясы жыраулар поэзиясының құдірет күші деп білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқанында» – Алматы: Атамұра. – 1999. –295 б.-кітап
- 2 Әуезов М. 20 том. Шығармашылық жинағы 15т.–Алматы: Жазушы.–1984. –258 б.-кітап
- 3 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы жинақ 5т, 1 том –Алматы: Жазушы. – 1961. –196 б.-кітап
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш – Алматы: Атамұра, –2003. –320 б.-кітап
- 5 Бердібай Р. Бес томдық шығармашылық жинағы 3 том. –Алматы: Қазығұрт. – 2005. –446 б.-кітап
- 6 Мағауин М.Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет –Алматы: Жазушы. – 1992. –176 б.-кітап
- 7 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. –Алматы: Ғылым. – 1976. –158 б.-кітап
- 8 Бес ғасыр жырлайды 1 том –Алматы: Жазушы. – 1984. –254 б.-кітап
- Жеті ғасыр жырлайды. –Алматы: Жазушы. – 2004. –400 б.-кітап

МРНТИ:17.07.41

Тұяқбаев F., Cengel H. K.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан,
Қажы Байрам Уәли университеті,
Анкара қ. Түркия*

Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ» ЕҢБЕГІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбегінің жанрлық ерекшелігі және тарихи маңызы туралы айтылған.

Автор отандық және шетелдік әдебиеттанушы-жанртанушы ғалымдардың пікірлерін сараптай отырып Н.Назарбаевтың аталған еңбегін мемуарлық шығарма деген қорытынды-түйін жасайды. Ол үшін мемуарлық шығармаға қойылатын талаптар мен жанрлық ерекшеліктерін зерделей отырып, шығармадан бірнеше мысалдар алған.

Мемуар жанры, оның жазылу формасы мен тілдік-стильдік ерекшелігіне, авторлық баяндау, деректілік т.б. сипаттарына қарай естелік-очерк, естелік-эссе сияқты түрлеріне тоқталады.

Н.Назарбаев еңбегінің көркем-композициялық құрылымы, авторлық шеберлік мәселелері сөз болады.

Мемуарлық шығарма деректілікке құрылып, публицистикалық стилде жазылады. Сондықтан оның тарихи маңызы ерекше. Автор Н.Назарбаев еңбегінің тарихи және тағылымдық маңызына да тоқталады. Мемлекет басқарған бірінші басшы ретінде өз тәжірибесінен жазылған мемуарлық еңбектің Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі тарихын жасаудағы құнды дереккөз ретінде бағалайды.

Түйін сөздер: әдебиеттану, жанртану, мемуар, естелік, тарих, авторлық баяндау, композициялық құрылым, жанр, деректілік, тіл мен стиль

Tuyakbaev G., Cengel H. K.

*Korkyt Ata Kyzylorda State University,
University of Haji Bayram,
Wali Turkey, Ankara*

GENRE FEATURE AND HISTORICAL SIGNIFICANCE OF N.A.NAZARBAYEV'S WORK «THE EPOCH OF INDEPENDENCE»

Abstract

The article describes the genre features and historical significance of the First President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev's work "The Epoch of Independence." After having analyzed domestic and foreign scholars' views on the literary genre, the author comes to the conclusion that N. Nazarbayev's work is a memoir. Studying the requirements for memoirs and genre features, he has given some examples from the work.

A genre of memoir, depending on various characteristics, such as its performance form, linguistic-stylistic features, the author's narration, sources and other types, is divided into memoir- feature article and memoir-essay. The author pays more attention to them.

Much attention will be paid to the discussion of such issues as the artistic- compositional structure of his work and N. Nazarbayev's authorship.

The memorial work is based on the source and carried out in a journalistic style, therefore its historical significance is unusual. The author emphasizes the historical and educational significance of N. Nazarbayev's work. The author evaluates the First State Head's memorial work from his own experience as a valuable source in the history of Independent Kazakhstan.

Keywords: literary studies, genre studies, memoirs, history, an author's narration, a compositional structure, genre, a source, language and style

Туякбаев Г., Cengel Н. К.

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
г. Кызылорда, Казахстан
Университет Хаджи Байрам Уали,
г. Анкара, Турция

ЖАНРОВАЯ ОСОБЕННОСТЬ И ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТРУДА Н.А. НАЗАРБАЕВА «ЭПОХА НЕЗАВИСИМОСТИ»

Аннотация

В статье раскрываются жанровые особенности и историческое значение произведения Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева «Эпоха независимости». Проанализировав взгляды отечественных и зарубежных ученых на литературный жанр, автор приходит к выводу, что работы Н. Назарбаева являются мемуарами. Изучая требования к мемуарам и жанровым особенностям, он привел несколько примеров из работы.

Жанр мемуаров, в зависимости от различных характеристик, таких как форма исполнения, лингвистически-стилистические особенности, авторское повествование, источники и другие типы, подразделяется на мемуарную статью и мемуар-очерк. Автор уделяет им больше внимания.

Большое внимание будет уделено обсуждению таких вопросов, как художественно-композиционная структура его творчества и авторство Н. Назарбаева.

Мемуарная произведение основана на источнике и выполнена в публицистическим стиле, поэтому ее историческое значение необычно. Автор подчеркивает историческую и просветительскую значимость творчества Н. Назарбаева. Автор оценивает мемориальную работу первого главы государства по собственному опыту как ценный источник в истории Независимого Казахстана.

Ключевые слова: литературоведение, жанроведение, мемуары, история, авторское повествование, композиционная структура, жанр, источник, язык и стиль

1. **Кіріспе.** Әлемдік шығармашылық үдерісте мемлекет басқарған қайраткерлердің, саясаткерлердің, мемлекет басшыларының көмекшілері мен референттерінің, өнер қайраткерлері мен жазушылардың естелік жазуы бұрыннан бар үрдіс. Ұлыбританияның экс-премьер-министрі Уинстон Черчилльдің «Екінші дүниежүзілік соғыс», Америка құрама штаттарының мемлекеттік хатшысы болған Мадлен Олбрайттың «Мемлекеттік хатшы ханым», Жан Монненің «Шындық және саясат» сияқты ғұмырнамалық кітаптары оқырман сүйіп оқитын шығармалар қатарында. Қазақстанды ұзақ жылдар бойы басқарған, мемлекет және қоғам қайраткері Д.А.Қонаевтың «Өттің дәурен осылай» атты ғұмырнамалық кітабы да Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жағдайы, елдің өсіп-өркендеуіне ерекше еңбек сіңірген белгілі тұлғалар, «Орталықтың» ұлттық республикаларға деген көзқарасы туралы мол мағлұмат беретін шежіре-тарих десек те болады.

2. **Әдістеме.** Тарихи тұлғалардың естеліктерін сала-сала, серия-серия етіп жүйелей жариялау, кітап етіп шығару да бұрыннан бар. Э. Золя, Г. Мопассан, О. Бальзак, Э. Хемингуэй, А. Пушкин, Н. Некрасов, И. Тургенев, Л. Толстой, Ф. Достоевский, А. Чехов және басқа да мәдениет пен өнердің өкілдерінің, атақты ғалымдардың өмірі туралы естеліктердің жеке адамның кісілік келбетін ашып, ұлттың мәдени-рухани өміріндегі орнын анықтауда маңызы ерекше. XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың бас кезінен бастау алатын осы дәстүр орыс әдебиетінде бүгінгі күнге дейін сабақтасып келеді. Ал әдебиеттанушы ғалымдардың пікірінше қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық шығарманың бастауы М.Х. Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегі. «Мырза Хайдар «Тарих-и Рашиди» еңбегінде 1346-1546 жылдар аралығындағы Орталық Азия, Тибет, Ауғанстан, Кашмир, Иран тіпті, Иракқа да қатысты көптеген тарихи оқиғаларды баяндайды... Ғұмырнамалық әдеби еңбегін жазу барысында Мырза Хайдар қоғамдық шындықты басты принцип ретінде ұстайды...» [1, 11-б.].

Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы, оның әлемдік аренадағы алғашқы қадамдары мен саяси-экономикалық ұстанымы, қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы жүзеге асырылған реформалар туралы жазылған мемуарлық шығармалар ұлттық тарихымыз, бүгінгі және келер ұрпақ үшін қажет құнды ғылыми-танымдық дереккөз екендігі белгілі. Осындай деректілік, тарихи-тағылымдық маңызы ерекше құнды шығармалар қатарында Қазақстанның тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың мемуарлық

еңбектерін айтуымызға болады. Егемен еліміздің іргетасының қалануы, оның қалыптасу кезеңдері мен ел Тәуелсіздігінің баянды болашағы жолында ерекше еңбек сіңірген тұлғалар туралы Елбасымыз Н.Назарбаевтың бірнеше тарихи-публицистикалық кітаптары жарық көріп, оқырман тарапынан ыстық ықыласқа бөленді. «Қазақстан жолы» (2012), «Тарих тағылымдары және қазіргі заман» (1997), «Сындарлы он жыл» (2003), «Тарих толқынында» (1999), «Тәуелсіздік белестері» (2012), «Ғасырлар тоғысында» (2003) т.б. Н.Назарбаев қаламынан туған кітаптар қазір әлемнің бірнеше тіліне аударылды.

3. Нәтижелер. 2017 жылы жарық көрген Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» еңбегі «Мемлекетіміздің дүниеге келуі. Қазақстанның бірінші жаңғыруы (1991-1995 жылдар)», «Ұлы бетбұрыс. Қазақстанның екінші жаңғыруының басталуы (1996-1999 жылдар)», «Қияға құлаш сермеу. Қазақстанның екінші жаңғыруы (2000-2010 жылдар)», «Қалыптасқан мемлекет. Қазақстанның үшінші жаңғыруы (2010 жылдар)» атты 4 тараудан тұрады.

Әдеби үдерісте көрініп, оқырман қолына тиген кез келген шығармаға байланысты пікір білдіру, оның жанрлық, көркем-поэтикалық ерекшеліктеріне назар аударып, зерттеп-зерделеу әдебиеттану ғылымының басты міндеті. Осы ретте Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбегінің жанрлық, тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік ерекшелігі мен тарихи-тағылымдық маңызы туралы зерделеу де ғылым үшін өзекті мәселенің бірі.

Француздың көрнекті жазушысы А.Стендаль: «Мен өз тарихымды жазуға тиістімін; ол жазылып біткен кезде мен ақыр соңында өзімнің қандай болғанымды; көңілді әлде мұңды болғанымды, ақылды немесе ақымақ болғанымды, ержүрек немесе қорқақ болғанымды және ең бастысы бақытты немесе бақытсыз болғанымды білер едім», - дейді [2,8-б.]. Ғұмырнамалық кітапты жазудың осындай мақсат-міндеті тұрғысынан қарар болсақ, Тәуелсіз Қазақ елінің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстанның тәуелсіздіктен кейінгі тарихы, жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері, алғашқы қиындықтар, өз басынан өткізген, сезінген, куә болған оқиғалар туралы жазуы заңды. Қазақстанды бүгінде әлем танып, мойындаған мемлекеттер қатарына қосуда Н.Назарбаевтың еңбегі ерекше. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихының ең бірінші куәгері де, жүзеге асырушысы да Н.Назарбаев. Сондықтан тұңғыш Президент естеліктері тәуелсіз Қазақстанның даму тарихын зерттеушілер үшін құнды дерек. Ең бастысы, жас ұрпақты елжандылыққа, ұлтжандылыққа, мемлекетшілдікке тәрбиелеуде атқарар маңызы жоғары.

Талқылау. Естелік - автордың өзі жазып отырған уақыт кезеңі, заман, қоғам және сол кезеңдегі тарихи тұлғалар туралы деректілікке құрылып, публицистикалық стильде жазылатын жанр. Көп жағдайда автордың жеке жадына және өзі куә болған, бақылаған оқиғалар туралы жеке әсерлеріне негізделетіндіктен естелікте басқа дереккөздерде байқала бермейтін эмоционалдық-психологиялық көңіл-күй де көрініс береді. Ең бастысы, естелік жанрында көркем ой мен тілден гөрі нақтылық, деректілік алға шығады. Сонымен бірге ғұмырбаяндық сипат басым болғандықтан басқа жанрларға қарағанда адам мен уақыттың арасындағы байланыс та анық көрінеді. Мемуартанушы Н.Ақыш: «Өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік ортаны, уақыттың тарихи-саяси сипатын, өз кезінде өмір сүрген белгілі тұлғалардың шынайы бейнелерін жасау, бір сөзбен айтқанда, замана ағымын суреттеу автордан үлкен жауапкершілік әлеуетті қажет етеді», - дейді [3,8-б.]. Осындай әдеби қасиеттерін: авторлық баяндау, тілі мен стилі, деректілік, идеялық мазмұн т.б зерделей келе Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» еңбегін ғұмырнамалық шығарма деп айтуымызға толық негіз бар. «Тәуелсіздік дәуірі» ел дамуының елеулі кезеңдерін қамти отырып, әлемдік өркениетте қазақстандық моделдің қалай танылғандығынан да сыр шертеді. Кітапта Тәуелсіз Қазақ елін әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жағынан дамытып, мемлекет ретінде саяси жүйесін қалыптастырудағы қиын кезеңдер шынайы баяндалған. Автор кітаптың алғұсөзінде: «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының бірінде мен альпинистер тобымен Алатаудың мұзарт шыңын бағындыруға шықтым. Шың басына тігілген, тау желінің күшімен құлаш жая желбіреген байрақтың әсері әлі күнге менің есімде...», - дейді [4,17-б.]. Үзіндіден кейіпкер-автордың ішкі жан-сезімі, көңіл-күйі анық көрінеді. Шың басында желбіреген Көкбайрақ образды түрде әлемдік өркениеттегі Қазақстанның орнын көрсетіп тұрғандай. Автордың осы тебіреніске толы жолдары оқырман, соның ішінде жас ұрпақ үшін айтары көп тағылымды тарих. Автордың сөзінен ұлтын, елін сүюдің, оның әр жетістігіне қуана білудің өнегесін көре аламыз.

Субъективтік таным ылғи да тарихты ой елегінен өткізіп, саналы түрде безбенге салып, бағамдап, белсенді түрде әлеуметтік өмірдің, тарихи дамудың, тарихи оқиғалар мен тұлғалардың бағасын беріп отырады. Осы ретте орыс ғалымы С.В.Павловскаяның: «Тарих ғылымы қазіргі кезде жеке тұлғаға, оның ішкі жан дүниесіне, тарихи оқиғаларды қабылдауына ерекше көңіл бөліп отыр.

Белгілі бір кезеңде өмір сүрген адамдардың психологиясы, рухани өмірінің деңгейі, қоғамдық санасы, ойы, сезімі, көңіл-күйі көрініс тапқан жеке тарихи деректерін (күнделіктер, естеліктер, хаттар) тарихи дерек көзі ретінде зерттеу тарихқа жаңа көзқараспен қарауға мүмкіншілік береді, тарихи дерек көздерінің кешенін кеңейте түседі»,-[5,3-б.] деген тұжырымы естелік жанрындағы жазылған шығармалардың ғылыми құндылығын көрсетеді. Осы ретте Н.Назарбаев кітабында зерттеушілер үшін көптеген деректердің бар екендігін айта кетуіміз керек. Президент ретіндегі халыққа арнаған 1997 жылғы алғашқы жолдауын жасау үшін қаншама талдау, саяси-экономикалық сараптау, сана елегінен өткізу жүргізілгендігі туралы: «1996 жылдың сәуір айында құрамына ғалымдар, мемлекеттік органдардың басшылары, сарапшылар кірген Жоғары экономикалық кеңес құрдым.

Бұл орайда біз халықаралық тәжірибеге жүгіндік. Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының қолдауы арқасында Гарвард университетімен байланыс орнатып, стратегиялық жоспарлау бойынша семинар өткізудің мүмкіндігі туды. 1997 жылдың сәуірінде қазақстандық мамандар тобын Гарвард университетіне жоғары лауазымды қызметкерлерге арналған семинарға аттандырдым,-дейді [4,113-б.]. Үзіндіден Н.Назарбаевтың саяси, тарихи маңызы ерекше алғашқы Жолдауын жасауы, оған дайындық т.б. мәселер туралы мәлімет алуымызға болады. Бір айта кетерлігі, тек құрғақ мәлімет қана емес, жолдауға дайындық үстіндегі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелермен қоса психологиялық жағдайларды да анық көре аламыз.

Ел тарихындағы аса маңызды мәселенің бірі – мемлекет астанасының көшірілуі. Әрине, жаңадан құрылып жатқан жас мемлекет үшін бұл тарихи таңдаудың оңайға түспегені белгілі. Осы идеяның авторы ретінде оның қандай жағдайда жүзеге асырылғандығы, тың, жаңа бастамаға деген ел зиялылары мен депутаттық корпусының көзқарасы туралы өз естелігінен басқа шынайы деректің болуы да мүмкін емес. «Жаңа бастамаға сенімсіздік танытып, сары уайымға салынатындар аз емес екенін білсем де, Астананы көшіру туралы шешімге келдім. Сол шешімімді кейінге қалдырғым келмеді...

Көпшілігі мұны құрғақ қиял деп білді. Ал таяз ойлайтын кейбіреулердің ойынша, астананы ауыстыру мемлекет мүддесінен емес, менің, себебі өздеріне ғана белгілі, жеке қалауым екен. Қысқасы, дәл сол сәтте осы батыл бастаманы көп ешкім қолдай қойған жоқ [4,119-б.],-дейді. Естелік жанрының басты ерекшеліктерінің бірі өзі суреттеп отырған оқиғаға не тарихи тұлғаларға, сондай-ақ басқа да құбылыстарға байланысты автордың жеке көзқарасының көрініс беруі. Естелік автордың өзі қатысып, көзі көрген көптеген фактілер мен өмірлік тәжірибе негізінде жазылады. Сондықтан онда оқиғалар мен әлеуметтік-экономикалық, идеялық-саяси және рухани өмірдің түрлі әлеуметтік топтарымен қалай қабылданып, қалай бағаланғанын да көре аламыз. Жоғарыдағы үзіндіден осы мәселе анық көрінеді.

Астананың көшірілуі туралы мына деректердің орны ерекше: «1997 жылдың 20 қазанында оқиға барысын жеделдету үшін «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» қаулы мәтінін ауызша айтып, жазғыздым және дәл сол күні осы қаулыға қол қойдым. Осы қаулыға сәйкес, Ақмола 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап республика астанасы болды.

1997 жылдың 12 желтоқсанында, жаңа астанада бірқатар ел басшыларының – С.Демирел (Түркия), И. Каримов (Өзбекстан), А.Акаев (Қырғызстан), Э.Рахмонның (Тәжікстан) қатысуымен жоғарғы деңгейдегі бірінші халықаралық кездесу өтті [4,121-б.]. Бірінші назар аударатын мәселе Н.Назарбаевтың қаулы мәтінін өзі дайындауы. Мемлекет басшысы ретінде оның қарамағында осы мәселемен айналысатын қаншама қызметкерлер бар екені белгілі. Дей тұрғанмен Елбасының Елордасына қатысты алғашқы құжатты өзінің дайындауының да өзіндік сыры бар. Екіншіден, естелік Елордамызда халықаралық деңгейде өткен алғашқы кездесу туралы нақты, дәл, шынайы ақпарат береді.

Мемуардың жанрлық ерекшеліктерін түсіну үшін алдымен оның жазылу мақсатын анықтап алу қажет сияқты. Естеліктің ең басты ерекшелігі оның белгілі бір объектіге (өзінің балаларына, отбасы мүшелері мен әулетіне, замандастарына немесе қалың жұртшылыққа) арналып жазылуында. Автор алдына қойған мақсатына қарай өз естелігін түрлі формада жазуы мүмкін. Жазушының өз шығармасын оқырманға жеткізудің жолын іздейтіні сияқты, естелік жазушы да өзінің жадында қалған естелігін оқырманға жеткізудің түрлі жолдарын қарастырады. Өмірден көргені, есінде қалғаны біреу болғанымен, оны жеткізудің сан түрлі жолдары бар. Осыдан барып естеліктің бірнеше формасы шығады.

Естелік кітаптары көбіне мынадай бағытта жазылып келеді: мемлекет басшыларының ел басқару тәжірибесі туралы ой бөлісуі. Бұндай естеліктер көбіне естелік-очерк, естелік-эссе түрінде жазылады. Екінші, танымал қайраткерлердің, жазушылардың т.б. сүйген жарлары жазған естелік кітаптары (Мұстафа Шоқайдың жары Мария Шоқай жазған естелік); үшінші, жазушылардың немесе басқа да қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың шәкірттері, көмекшілері, хатшылары, т.б. жазған естелік кітаптар (М.Әуезов туралы З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім») т.б.

Мемуардың жанрлық ерекшелігіне қатысты пікірлердің басым бөлігі оны аралық жанр, туыстас жанрлардың қосындысы ретінде қарастырып келеді. Мәселен, Т.М.Колядич: «Мемуардың күрделілігі лирикалық повестің, ғұмырнамалық баяндаудың, әдеби портреттің және басқа да жанрлардың қасиеттерін жинақтауында», - дейді [6, 8-б.]. Ал Н.Лейдерман: «Мемуарлық прозаның басты ерекшелігі оның синтездік қасиетінде. Ал соңғы кезде ғалымдар мемуарлық баяндауды аралық жанрға жатқызып жүр» [7, 15-б.], - деген пікір білдіреді.

Жанртанушы ғалымдардың осы пікірлерін саралай отырып, ой түйіндейтін болсақ Н.Назарбаев тұңғыш Президент ретінде мемлекетіміздің қалыптасуы мен өркендеуінен сыр шертетін өз туындысын қалың оқырманға, ел болашағы – жастарға арнап жазғандығын көреміз. Ғұмырнамалық шығармада «Мемлекетіміздің дүниеге келуі» мен «Қалыптасқан мемлекетке» дейінгі өркендеу жолы суреттелген. Осы аралықтағы қиындықтар мен жетістіктер, тәуелсіздікті баянды ету жолындағы қажырлы қайрат пен күрескерлік рух анық көрінеді. Жас мемлекеттің қалыптасу тарихы шынайы деректермен берілген.

Ғұмырнамалық шығарманың композициялық құрылымын автор мемлекеттің қалыптасу тарихының әр кезеңімен байланыстырып сатылай құра алуы шығарманың тұтастығына, мазмұн жүйелілігіне қызмет етіп тұр. «Мемлекетіміздің дүниеге келуі», «Ұлы бетбұрыс», «Қияға құлаш сермеу», «Қалыптасқан мемлекет» атты төрт тарау – үш жаңғыру тарихи сабақтастық пен қаламгердің ой ағысының тұтастығын көрсетеді. Автор ел басқару ісіндегі тәжірибесімен бөлісе отырып, оқырманды тәуелсіз жас мемлекеттің әлемдік өркениетке ұмтылған әр қадамынан хабардар етеді.

4. Қорытынды. Қорыта айтқанда, Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» еңбегі - ғұмырнамалық шығарма. Нақтылығы, деректердің молдығы жағынан естелік-очерк түріне жақын, ал ой, сана ағымы, ішкі тебіреніс пен толғаныс көрінетін тұстары естелік-эссе түріне жатады деп пайымдауымызға болады. Жалпы, естелік жанры метажанр, яғни көп қырлы синтездік жанр. Оның бойында әдеби туындыға да, публицистикалық жанрға да қатысты қасиеттер бар. Осы тұрғыдан қарар болсақ, естеліктің ішкі түрлерінің (естелік-эссе, естелік-очерк, естелік-сұхбат, естелік хат) табиғатында да жанрлық белгілердің араласып келуі заңды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы-қаламгер. Монография. – Алматы: Зерде, 2007. 360 бет.
- 2 Стендаль А. Собр. Соч. – Москва: Правда, 1959.
- 3 Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы. – Алматы: Арда, 2010. – 416 бет.
- 4 Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
- 5 С.В.Павловская. Воспоминания и дневники отечественных историков как исторический источник изучение общественно-политической и научно-педагогической жизни России конца XIX – начала XX веков. Автореферат на соисканий кандидат исторических наук. 2006 г. Россия. Нижний Новгород.
- 6 Колядич Т.М. Воспоминания писателей: проблемы поэтики жанра. – Москва., Мегатрон, 1998.
- 7 Лейдерман Л. Движение и времени и законы жанра: Жанровые закономерности развития советской прозы 60-70-е годы. Свердловск. 1982.

МРНТИ:17.07.41

Тұяқбаев Г.,¹ Утегенова А.²

^{1,2}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ КҮНДЕЛІКТЕРІНДЕГІ КӨҢІЛ-КҮЙ СЕЗІМДЕРІ

Аңдатпа

Күнделік - қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелген тақырыптың бірі. Белгілі өнер адамдары мен мемлекет, қоғам қайраткерлерінің күнделік жазуы бұрыннан бар үрдіс. Бірақ осындай тұлғалардың күнделік жазбалары әдебиеттану ғылымының аясында зерттеліп, оның жанрлық, стилдік ерекшеліктері талданып, әдеби жанр ретінде өз бағасын ала алмай келеді.

Мақалада ақындық талантымен танылған М.Мақатаевтың күнделіктері туралы сөз болады. Күнделік-жазбалар ақынның лирикалық өлеңдерімен біртұтас қарастырыла отырып, олардың арасындағы байланыс зерделенеді.

Сондай-ақ, ақын күнделіктерінің жазылған уақыт кезеңі, күнделік-жазбадағы автордың көңіл-күйі, қоғамдық ортаға деген көзқарасы сараланған. Күнделік-жазбалар шартты түрде тақырыптарға жіктелген.

Түйін сөздер: күнделік, жанр, лирика, ой ағысы, тақырып, шығармашылық лаборатория, ішкі монолог, әдеби әдіс

Tuyakbaev G.,¹ Utegenova A.²

^{1,2}Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Kyzylorda, Kazakhstan

FEELINGS EXPRESSED BY M. MAKATAYEV IN HIS DIARY ENTRIES

Abstract

Diary entries are one of the understudied topics in the Kazakh literary science. It is known that many representatives of art, state and public figures make diary entries. However, these works can not be evaluated yet as a genre of literature; it is necessary to analyze their genre, stylistic features within the literary science.

In this article the target of research is the diary entries of the talented poet M. Makatayev. The entries of the poet are studied in conjunction with his lyrical poems, and their relationship is established.

Also in the article is analyzed the period in which the records were made, the author's mood, and his attitude to the phenomena in the society of that time. The diary entries of the poet are contingently distributed into the thematic groups

Keywords: diary, genre, lyrics, flow of ideas, topic, creative laboratory, internal monologue, literary method

Туякбаев Г.,¹ Утегенова А.²

^{1,2}Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
г. Кызылорда, Казахстан

ЧУВСТВА, ВЫРАЖЕННЫЕ М.МАКАТАЕВЫМ В ЕГО ДНЕВНИКОВЫХ ЗАПИСЯХ

Аннотация

Дневниковые записи – одна из малоизученных тем в казахской литературоведческой науке. Известно, что многие представители искусства, государственные, общественные деятели ведут дневниковые записи. Однако эти произведения ещё не могут получить свою оценку как жанр литературы; необходимо анализировать их жанровые, стилистические особенности в рамках литературоведческой науки.

Объектом исследования в данной статье являются дневниковые записи талантливого поэта М. Макаатаева. Записи поэта изучаются в единстве с его лирическими стихами, устанавливается их взаимосвязь.

Также в статье анализируется период, в который велись записи, настроение автора, его отношение к явлениям в обществе того времени. Дневниковые записи поэта условно распределены по тематическим группам.

Ключевые слова: дневник, жанр, лирика, течение мысли, тема, творческая лаборатория, внутренний монолог, литературный метод

1. Кіріспе. Өнер адамдары мен ғалымдардың, саяхатшылар мен мемлекет басқарған қоғам қайраткерлерінің күнделік жазуы әдеби үдерісте бұрыннан бар үрдіс. Күнделік өмірлік тәжірибе мен көзқарастың, таным мен көңіл-күй сезімдерінің нәтижесінде өмірге келетін жанр. Көбіне күнделікте автордың өз өмірі немесе өмір сүрген қоғамы, оның ойы мен қиялы, дүниетанымы мен философиясы баяндалады. Мемуарлық жанрдың бір түрі ретінде күнделік – жазушының, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білген жайларын есте сақтау үшін жазылатын шығарма. Күнделікке тән қасиет деректіліктің, шынайылықтың басым болуында. Әдебиеттанушы ғалымдардың күнделікті суреткердің шығармашылық лабораториясы аясында, тарих зерттеушілерінің күнделікті дереккөз ретінде қарастыруы да осыдан. «Күнделік автордың бүгінгі күнімен байланысты. Ал, естелік өткен күнді еске түсіру арқылы жазылады. Яғни, естелікке қарағанда күнделікте нақтылық, шынайылық басым. Сонымен бірге автордың ішкі көңіл-күйі анық көрінеді. Күнделіктің естелікке қарағанда ерекшелігі де осында», - деген ғалым пікірі күнделіктің жанрлық ерекшелігімен қоса, оның автордың жандүниесімен, ішкі сезімімен, көңіл-күйімен байланысты екендігін көрсетеді [1.137-143]. Өнер адамдарының, соның ішінде ақын-жазушылардың күнделік жазуы да күнделіктің осы қасиетіне байланысты болуы керек.

2. Әдістеме. Әдеби үдерісте ақындық талантымен танылған М.Мақатаев тек өлең, поэмалар ғана жазып қоймай, прозаға да батыл қалам сілтеп, көркем аудармалар да жасаған. Ақынның 1991 жылы шыққан «Күнделік» атты еңбегі шығармашылығының қыр-сырын ашып, оларды оқырманның жан-жақты ұғынуына үлкен септігін тигізеді. Сондай-ақ, оның жары – Л.Әзімжанқызы мен О.Асқардың құрастырумен шыққан М.Мақатаев шығармаларының төрт томдық толық жинағына да күнделіктері енген.

«Әдебиеттануда өзіндік орны бар мәдени-психологиялық бағыттың басқалардан басты ерекшелігі - жазушының шығармашылық, әлеуметтік-тәжірибесінен гөрі оның жеке басының қасиеттеріне көбірек назар аударатындығында жатыр. Қаламгердің мінез-құлқы, өмірлік тәжірибесі, білім-білігі, мәдени дәстүрге қатысы, қоршаған әдеби-мәдени ортасының ахуалы да мәтінде өзіндік көрініс табады...

3. Нәтиже. Қазақ әдебиетінде көп сөз болмаған ақындық прозаны, яғни М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев сияқты қаламгердің әңгіме, повестерін осы тұрғыдан талдау, олардың ерекшелігін тап басып көрсетуге себеі тиетіндей,- [2.21] деген ғалым пікірі М.Мақатаев күнделіктері туралы зерттеудің бағыт-бағдарын айқындап беретіндей. Ендеше ақынның күнделік жазбаларын оның ішкі жан-дүниесімен, қоршаған ортаға деген көзқарасымен, ой-ағысымен байланыстыра зерттеу нәтижелі болмақ. Өйткені күнделік – суреткер сезімі мен ішкі дүниесінің көрінісі.

4. Талқылау. Бізге жеткен ақын күнделіктерін жан-жақты зерттеген ғалым С.Әбішованың еңбектеріне сүйенсек, оның күнделік жазуға деген әуестігі 1952 жылдың күзінен басталған [3]. Соңғы жазбасы ақынның қайтыс болуынан бір ай бұрын – 1976 жылдың 28 ақпанында жазылған. Өкінішке орай, жазбалары өте аз. Егер ақынның артында қалған қолжазбалары толық сақталып, құрастырушылар тарапынан қалып қоймаса 1952-1953 жылдары жазылған үш жазбадан кейін араға 20 жыл салып 1972 жылы жалғастырған сыңайлы. Басында күнделік қазақ тілінде жүргізілген, кейін орыс тілінде жазуды әдетке айналдырған.

Ақынның 1952 жылғы қарашаның 3 пен 4-не қараған түні таңғы сағат алтыда жазған жазбасы көңіл аударуға тұрарлық. Өзі «Түс» деген ат қойып, жазған уақытын дәл көрсеткен: «*Баяғы менің тозған үйім.*

Анам, Анам! Жеті қат жер астында жатсаң да біліп отырсың-ау! Кешір, ана, өмірде көрген жақсылық пен жамандығым ойымнан ұмыт болғанымен, дән теріп тамақтандырған сен ойымнан қалай ұмыт боларсың?

Апатайым, неткен айбынды, зор едің! Алқабынан алтынын ақтарып алып жатқан асқар тау де сенімен теңдесе алмайды! Сен әрқашан биіксің, зорсың! Олай болуға хақың да бар», - дейді [4.358]. Үзіндіден ақынның жан күйзелісі, анасына деген сағынышы анық көрінеді. Жалпы күнделік жанрының ерекшелігі де осында. Есімізге ақынның «Шеше, сен бақыттысың» өлеңі еріксіз оралады:

Шеше,
Сен бақыттысың,
Жыламағын!
Жай түсіп жатқанда да құламадың
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның
Сондықтан жыламағын, жыламағын!
Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа
Өзім кепіл тот басып, тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап
«Ана» деп жаздым ылғи сөз басына [5.114].

Ақынның көрген түсінің әсерінен туған өлең жолдары сияқты сезімде боласың. Тіптен, күнделік-жазбаның поэзиядағы көшірмесі іспетті. Қалай болғанда да, екі шығарманың үндестігі, ой ағысы көңіл аудартпай қоймайды. Екінші мәселе, «Түс» аттас өлеңнің жазылуы. Әрине, ақын шығармаларының арасында мұндай өлеңнің кездесуі кездейсоқтық деп қарауымызға да болар еді. Бірақ күнделіктегі «Оянсам түсім, таң атты» деген жолдардың аталған өлең жолдарында кездесуі осы күнгі жазылған күнделік жазбасы мен аталған өлеңнің өмірге келуінде бір байланыстың бар екендігіне көз жеткізеді.

Суреткердің көркем шығарма жазу үстінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы шығармашылық заңдылық. Кей қаламгерлер болашақ кітабына қажет болар деген оймен жүйелі түрде күнделік жазып жүреді. Мәселен, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов жазушылық жұмысына қажетті материалдарды қойын дәптеріне түртіп, күнделік жазып отыратын болған. Жалпы ақын-жазушылардың шығармашылық лабораториясын зерделей қарағанда күнделіктің, естеліктің нәтижесінде жазылған көркем шығармаларды көп кездестіруімізге болады. Ә.Нұршайықовтың, Т.Әбдіктің бірнеше шығармасы алғашында күнделік күйінде жазылып, кейін көркем прозаға айналған. Сол сияқты А.Бақтыгерееваның кейбір лирикалық өлеңдерінің негізінде де ақын күнделігінің сырлары жатыр. Ендеше, М.Мақатаевтың «Түс» өлеңінің өмірге келуін ақын күнделігімен байланыстыра қарауымызға негіз жоқ емес.

Байқадым баяу қан ақты,
Жабырқау жылы жүректен,
Оянсам, түсім, таң атты,
Сейілдім сонда түнектен [6.104].

Көріп отырғанымыздай, күнделік жазбасы мен өлең жолдарындағы лирикалық кейіпкердің ішкі сезімі, көңіл-күйі бір-біріне жақын. Тіптен егіз деп айтуымызға болады. «Күнделік автордың күнделікті өміріндегі оқиғалардан түйген ой-сезімдерінің нәтижесі, ой ағысы және қоршаған ортадан алған әсерінің көрінісі», - деген [7.18] тұжырым биігінен қарар болсақ, ақынның жоғарыдағы күнделік жазбасы мен өлең жолдарындағы тұтастық күнделікті өмірден түйген ой-сезімдерінің әсері екендігін көруімізге болады.

Мұқағали «Мен үшін дүниенің қорлығы – адам айыбын бетіне басу, оның нашарлығын дәлелдеу...» дей келе, күнделік жазбаларында өзіміздің, мақтаншақтық, даңғойлық сияқты адамгершілік қағидасына жат мінез-құлықтарды сынап, өмірдегі келеңсіз жайларды қағаз бетіне ашына түсіріп отырған. Өзі барынша ашық, тікмінез, адалдық пен әділдікті ту етіп ұстаған ақынның өмірдегі, қоғамдағы, қоршаған ортасындағы мұндай жағдайларға төзбеуі де заңдылық. Автордың өмірдегі өз болмысы, қарапайым табиғаты, шындықты бүкпесіз айтатындығы күнделіктерінен анық көрінеді. «Бойында бір тамшы таланты жоқ бола тұра, талантты әдебиетшілердің қатарында тұрғысы келгендер ақымақ емес, өз шығармашылығын бүгінгі күнмен және өзінің ұранды патриотизмімен өлшейтін, сөйте тұрып, әдебиетте қалғысы келетіндер – ақымақ. Ұятсыздар, олар таланттың орнын баса қоюға дап-дайын және ойлап қараңызшы, «орнын басады да». Орынға отырады да, таланттардың үстінен бұйыра бастайды. О, қандай күйінішті! Одан өткен күйініш болмайды...» [4.380-381].

Тағы бірде: «27 қаңтар 1974 ж. Ақындық тағдырым, қарғыс атсын сені. Мені қоршаған орта үш мәрте қарғыс атсын сені! Мен жаныммен, жүрегіммен берілген, сенген, жақсыдан үміттенген

ортам. Өзімді төмендеткен, маған қайғы мен қиналыстан өзге ештеңе әкелмеген күндерді бастан өткерудемін. Жер бетінде менен өткен бақытсыз адам жоқ екендігіне енді ғана көзім жетті» [4.370],-дейді.

Поэзиядағы лирикалық кейіпкерді – автор-ақынның көркем «егізі» деп танысақ, күнделікте автордың өзі. Д.М.Поляк пікірінше, авторлық рефлексия, шындыққа құрылу, психологиялық сенімділік сияқты факторлар күнделікте алға шығады [8]. Автор мен оқырман арасында делдалдың болмауы, олардың арасындағы қашықтықты қысқартады: оқырман күнделік авторының ашық жанына енеді, өткеннің қатысушысы және куәгері болып табылады. Осының айқын көрінісін Мұқағали күнделіктерінен көріп, сезіне аламыз. Оқырманын бей-жай қалдырмайтын күнделіктегі жазбалар ақынның психологиялық жай-күйінен хабар береді: *«Дұшпандарым тоқтаусыз шабуылдауда. Олар мені құртып жіберуге дайын. Егер кімде кім біреуіне қару беріп «оны ат десе», - қолы қалтырамай сол мезетте мені өлтіруге дайын: мені - адамзатты сүйетін, ешкімге қастық жасамаған»* [4.379],-деген жолдар өз заманындағы ақынның күйзелісі мен күйінішін, мұңы мен сырын анық көрсетеді.

Мұқағали тек мұң мен қайғының ақыны ғана емес, кейде кемерінен асып-тасып шалқиды, жігерленеді, тағдырымен, қоғаммен алыса түсуге дайын тұрады. Бұл оның адам ретіндегі мінезі ғана емес, ақындық шалқар шабыты, өнердің құдіреті. Ақын-философтың, ақын-патриоттың осындай сәттері оның жазбаларынан да көрініс тапқан. Туған жерге, өз халқына деген махаббаты шексіз ақын: *«Ойлап отырсам, менде бір арман бар екен. Ол – қалайда халқыма жағыну, ұнау соған. Тек соған ғана жасырмай шынымды айтсам деп едім. Халқым, үнімді қалай жеткізем саған?... 22 февраль 1973 жыл»* [4.361],-деп тебіренеді. Ал осы бір жігерлі тебіреніс өлеңіне еш айнығысыз көшкен:

Өлең – менің бар тынысым,

Жақсы сөзім- жаны игі халқым үшін. [9.139-140].

Мақатаев күнделіктерінде болған оқиғаларды күнбе-күн беретін жазбалар кездеседі. Хронология – күнделіктің құнды қасиеті. Тарих үшін де, әдебиеттану ғылымы үшін де ең қажетті осы қасиет М.Мақатаев күнделіктерінен де көрініс табады. Мысалы, *«18 апрельде Сәбит Мұқанов қайтыс болды. Ертең 22-сі жерленбекші. Егер бұрынғылардың айтқаны рас болса, енді екінші, нағыз шын өмірі басталатын адам осы Сәбең болуға тиісті... Сәбит – үлкен дүние. Өзі-Өмір... Бұл - қазақтың Бальзагі. 21 апрель 1973 жыл»* [4.364].

В.В.Федотова «Қазіргі кезде автодеректік әдебиеттерді зерттеу жүйелі үрдіс алып келеді. Деректі әдебиетті зерттеудің әдіснамасындағы «шындық», «ойдан шығару», «дерек» және «көркем шығарма» ұғымдарын осы мәселе аясында қарастырып келеді» [10.3] десе, А.Громова: «Қазіргі әдебиеттану ғылымының алдындағы бірінші және ең басты мәселе әдеби материалдардың негізінде деректі көркем әдебиеттің жанрлық ерекшелігін зерделеу» [11],-дейді. Ғалымдар пікірі әдебиеттану ғылымы үшін естелік, күнделік, хат сияқты деректі әдеби жанрлардың құндылығын және оны зерттеу мен зерделеудің қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыдан қарасақ, Мұқағали күнделіктері сол кезеңдегі әдеби үдерістің, ақын-жазушылар арасындағы қарым-қатынастың, қоғамның өнерге, өнер иелеріне деген көзқарас-ұстанымының шынайы көрінісі дер едік.

Мақатаев күнделіктері ақын өмірінің әртүрлі қырларын, оның ойлары мен сезімдерін, ішкі дүниесіндегі психологиялық иірімдерін тап басып көрсетеді. Яғни, адами бітім-болмысының, өмірлік ұстанымы мен көзқарасының, ішкі сезім-күйінің шынайы көрінер тұсы күнделіктері. Өмірден өтер алдында жазған күнделік жазбалардың бірінде:

«Егер қайсыбір кезде, кейбіреуді менің өмірім, менің шығармашылығым қызықтырса, айтарым:

Менің қымбатты достарым! Егер сендер шыныммен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыңдар. 14 февраль 1976ж.» [4.393],-деп жазған екен. Бұл менің шыным да, сырым да, өмірім де, шығармашылығым да өз жазбаларымда дегені болса керек.

М.Мақатаевтың күнделіктегі жазбалары өмірдің өзінен ойып алған ақындық қиял мен азаматтық ұстанымның жемісі. Сондықтан да оларда салмақты ой, салиқалы пікірлер жатады. Тіптен қазір көптің аузында жүрген, шығармашылық үдерісте жиі қолданатын нақыл сөзге айналып кеткендері де бар. *«Поэзия махабаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиісті ...»*[4.360], *«Поэзия - ғылым. «...» Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол тек – поэзия»* [4.362], *«... поэзия журналистика емес, ал ақын дабыра туғызатын жағдайларға жүгіре беретін журналист емес, алтынмен киіндіріп қойған қаңқа сүйек табылғаны үшін ғана поэзия жазуға бола ма?!»* [4.377],-деген ойлары әдебиеттің, соның ішінде поэзияның көтерер жүгін, айтар ойын салмақтайды. Өзі «мен

әдебиет сыншысы емеспін» дегенімен, жоғарыдағы ойлары сөз өнерінің қыры мен сырын анық көрсететін сыншылдық ойлар.

Ақынның шығармашылық лабораториясын зерттеуші үшін керекті құнды деректер де осында: «Бүгін, 1974 жылғы 27 январьда, бір отырғанда, үзіліссіз, бірде-бір түзетусіз таңертеңгі 10-нан түнгі 12-ге дейін «Чили – шуағым менің!» атты поэма жазылды. 27 январь 1974 жыл.» [4.370], «Адамдарды түсіне отырып, олардың да мені түсінгенін қалаймын. Менің бүкіл поэзиямның мәні, міне, осы. Поэзия – мен үшін жанымның шырылы. Басқа ештеңе де емес...» [4.387], «Мен өлеңді үзіп-жұлқып, орайы келгенде, кезі келген жерде жазуға әдеттенбегем. Жоқ! Поэзия– жан бұлқынысы. Бұлқыныс пайда болғанда, қаламнан қол үзбей отыру керек. Кімнің қайтетінін қайдан білейін, мен өзім шабыттың бүкіл сөлін сығып алып, құр сүлдерін қалдырғанша орнымнан тұрмаймын. Аурудың аты ауру, бірақ жұмыс өте жақсы істелді. Кейде ол (шығармашылық) мені бүкіл сырқатымнан сауықтырып жібереді» [4.392],-деген сөздері ақынның шығармашылық ғұмырынан сыр шертер құнды деректер екені сөзсіз.

5. Қорытынды. Күнделік жазушы өзінің ішкі сезімін, ешкімге айтпас сырын ақ қағаз бетіне түсіреді. Осы жағынан келген күнделік-жазбаның ішкі монологпен табиғаты жақын екендігіне де назар аударуымыз қажет. Ішкі монолог - кейіпкердің ішкі ойы, өзіне өзі қарата айтылған арнауы. Көңіл-күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдардың бір түрі екенін ескерсек, осы көркемдік құралдың күнделікпен байланысы, жақындығы айқындала түседі.

Мақатаев поэзиясы Пушкин, Абай, Блок поэзиясы сияқты, мәңгі жаңа және кез келген ғасыр оқырманы үшін жаңашылдық десек, оның қаламынан туған күнделік жазбалары да оқырман үшін аса тартымды, айтары мол ақиқат сөздер. Ал ғылым үшін тың, өзекті тақырып.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Кознова Н.Н. Дневники, письма, мемуары: к вопросу о взаимодействии жанров. Вестник Московского государственного областного университета. Серия «Русская филология». –М., 2009. – №1. – С. 137-143.

2 Есембеков Т.У. Көркем мәтін поэтикасы: оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 28бет.

3 Абишева С.Д. Дневник М.Мақатаева как структурно-семантический комплекс. Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Филологические науки», №2 (12), 2005г. –С.48-54.

4 Мақатаев М. Шығармаларының 4 томдық жинағы. 3 том. Құрастырған –Л.Әзімжанқызы, О.Асқар.-Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2002. 432-бет.

5 Мақатаев М. Шығармаларының 4 томдық жинағы. 2 том. Құрастырған –Л.Әзімжанқызы, О.Асқар.-Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2002. 432-бет.

6 Мақатаев М. Шығармаларының 4 томдық жинағы. 1 том. Құрастырған –Л.Әзімжанқызы, О.Асқар.-Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2002. 432-бет.

7 Вьолле К. Дневник в России в конце XVIII – первой половине XIX в. как автобиографическое пространство //К. Вьолле, Е. Гречанная// Известия АН. Серия литературы и языка. – 2002. – Т. 61. – № 3. – С. 18 – 36.

8 Поляк Д.М. Жанр дневника и проблемы его типологии. –Автореф... к.фиол.н. Алматы, 2004.

9 Мақатаев М. Шығармаларының 3 томдық жинағы. 2 том. Өлеңдер мен поэмалар. –Алматы: «Жазушы», 1991. 368-бет.

10 Федотова В.В. Поэтика дневниковой прозы И.А.Бунина. Автореферат диссертаций на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Казань. 2010. Казанский государственный университет имени В.И.Ульянова-Ленина. 18 бет.

11 Громова А. Литература и документ теориятическое осмысление темы (материалы круглого стола). Электронный ресурс. URL <http://tych.ru/online/index.php/oaинтепи-65/40> – 2009/365.

МРНТИ 17.82.30

Тебегенов Т.,¹ Айтимов М.,² Сағынған Н.³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

^{2,3}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ РЕАЛИСТІК СИПАТ ПЕН КӨРКЕМДІК ҚИЯЛ ТҰТАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасындағы (Қ. Жиенбайдың “Даңқ түрмесінің тұтқыны”) табиғат – адам – қоғам қарым-қатынастарын әлеуметтік-психологиялық сарынмен жазу ерекшеліктері ғылыми байыпталды және деректерден туындайтын қиял қосындыларының әсерлілігі, нанымдылығы жастар бейнесі арқылы айқындалған. Жазушы жастар бейнесі арқылы ХХ ғасырдың 80-жылдары болған ұлттық- азаттық жолындағы сілкіністерден санасы оянған жаңа көзқарастағы қазақ жігіттерінің тұлғасын даралап, көркем шығармадағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтасуы – адамдардың ойлау кеңістігіне лайықты болмысымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, романдағы табиғат аясындағы адам тіршілігінің шынайылығын ашу, ұлттық-этнографиялық дәстүрлерді уақыт шындығымен сәйкестендіру, т.б. көркемдік шешім эстетикасы ерекшеліктері күрделі сипатымен саралана талданған. Адамдардың жеке өзіндік психологиялық жан әлемі мен оларға тікелей қатысты басқа да жеке тұлғалардың, топтардың қоғамдық - әлеуметтік қарым - қатынастарын қамтитын эпикалық шығармалардың поэтикалық табиғатынан көркемдік шындықтың күрделі жинақтаумен жазылған құрылымы айқындалады.

Түйін сөздер: реалистік сипат, көркемдік қиял, эпикалық баяндау, ішкі монолог

Tebergenov T.,¹ Aitimov M.,² Sagingan N.³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

^{2,3}Kyzylorda State University named after Korkyt Ata,
Kyzylorda, Kazakhstan

THE REALISM OF THE CHARACTER AND INTEGRITY OF THE ARTISTIC IMAGINATION IN THE KAZAKH PROSE

Abstract

This article reveals the features of writing the socio-psychological relationship of nature-man-society in modern Kazakh prose ("Prisoner of the prison of glory" by K. Zhiembai), as a socio-psychological aspect. The image of the youth the writer highlights the personality of the Kazakh guys from a new point of view, awakened from the turmoil of national liberation the path of the 80 - ies of XX century, the combination of a realistic nature and artistic imagination in fiction – is that people deserve a space of thinking. In addition, the novel analyzes the features of the aesthetics of artistic solutions that reveal the authenticity of human life in nature, the comparison of national and ethnographic traditions with the reality of time, and others. The complex structure of artistic truth is determined from the poetic nature of epic works, which include the independent psychological world of people and social relations of other individuals and groups directly related to them.

Keywords: realistic character, artistic fantasy, epic exposition, internal monologue

Тебегенов Т.,¹ Айтимов М.,² Сагынган Н.³

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

^{2,3} Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
г. Кызылорда, Казахстан

РЕАЛИСТИЧНОСТЬ ХАРАКТЕРА И ЦЕЛОСТНОСТЬ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВООБРАЖЕНИЯ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

В данной статье раскрыты особенности написания социально – психологических взаимоотношений природы – человека - общества в современной казахской прозе (“Узник тюрьмы славы” К. Жиенбая), как социально-психологический аспект. По образу молодежи писатель выделяет личность казахских парней с новой точки зрения, проснувшихся от потрясений национально-освободительного пути 80 - х годов XX века, сочетание реалистичного характера и художественного воображения в художественном произведении – отличается тем, что люди достойны пространства мышления. Кроме того, в романе были проанализированы особенности эстетики художественных решений, раскрывающие подлинность человеческой жизни в природе, сопоставление национально-этнографических традиций с реальностью времени и другие. Из поэтической природы эпических произведений, включающих в себя самостоятельный психологический мир людей и общественно - социальные отношения других физических лиц, групп, непосредственно относящихся к ним, определяется сложная структура художественной истины.

Ключевые слова: реалистический характер, художественная фантазия, эпическое изложение, внутренний монолог

Кіріспе. Қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығының көрінісі классикалық әдеби даму арнасында танылады. Роман жанрындағы шығармалардың эпикалық мол тынысты құрылымында қаламгерлер уақыт пен кеңістіктегі халық тарихы оқиғаларының шиеленісті кезеңдерін реалистік сипатпен бейнелейді.

XX ғасырдың 90 - жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазақ романдарының реалистік сипатын дәйектеген тақырып саласы – адамдар мен қоршаған табиғат ортасының хал-ахуалы. Әсіресе, Арал теңізінің тартылуынан, Семей полигонындағы ядролық сынақ жарылыстарынан туындаған зардаптарды арқау еткен көркем шығармалар әдебиеттегі өзекті мәселелерді қамтуымен танылды. Заманымыздың экологиялық өзекті мәселелерін арқау еткен көркем шығармалар уақыт шындығын туындылардың мазмұны мен пішінінде қамтып, адам мен табиғат тағдырының күрделі жағдайын реалистікпен жазудың тың бағдарына жол салды.

Көрнекті жазушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовтің “Соңғы парыз”, Сайлаубай Жұбатырұлының “Абыржы”, Қуаныш Жиенбайдың “Даңқ түрмесінің тұтқыны” романдарында уақыт шындығы Арал теңізі тартылуының экологиялық зардаптарын реалистік сипатпен қамтуымен ерекшеленеді.

Нәтижелер мен талқылау. Жазушы Қуаныш Жиенбайдың “Даңқ түрмесінің тұтқыны” романының идеялық - композициялық желісінде XX ғасырдың соңғы онжылдығы XXI ғасырдың басындағы қазақ тұрмысының реалистік сипаты қамтылған. Романның композициясында бірнеше идеялық желілер саралана алынған: біріншісі – экологиялық апатты жағдайға ұшыраған Арал теңізінің, ондағы Барсакелмес аралындағы материалдық және рухани азып - тоза бастаған адамдардың ауыр хал - ахуалы; екіншісі – отарлық ықпалдың, экологиялық апаттың зардаптары тисе де, тектілігі жоғалмаған қазақтың ұлттық ділінің мықтылығын, қанының тазалығын, рухының биіктігін дәлелдеу.

Романның реалистік сипатын айқындап тұрған басты ерекшеліктердің бірі – Баймырзаның заңды әйелі Салтанаттан туылған ұлы Ғафиз бен Барсакелместегі көңілдесі Ұмытханнан туылған ұлы Қабыл екеуінің тағдыр жолдары.

Романның реалистік сипаты мен ондағы көркемдік қиял тұтасуының көрінісі осы екі бейнеге байланысты оқиғалар желісінде анығырақ байқалады.

Ғафиз – Баймырза мен Салтанаттың жалғыз перзенті, ұлы. Әкесінің биік лауазымды қызметінің арқасында ішкені алдында, ішпегені артында болып өскен Ғафиз кинорежиссерлік мамандықты

қалады. Роман композициясына Ғафиз бейнесі келіп қосылатын тұста оның кино түсіру саласындағы бастамалы жұмыстарының ығи сәтсіз болып жүргенін оқимыз. Тіпті, жап-жақсы түсірілген дүниелерін де қайталап қарағанда өзі жаратпай жүрген Ғафиздің кино өнері саласындағы жаңашыл ізденісі де уақыт шындығына сәйкес. Романның негізгі идеялық желісіндегі қазақтың жаңа дәуірдегі жаңашыл тұлғасын даралау мақсатындағы авторлық баяндаулар да Ғафиздің жан әлемін түсінуге бағдар береді. Шетелдік компанияның жаңа кино түсіру үшін Ғафизді таңдауы да талант иесінің құлшына еңбек етуіне мүмкіндік туғыза алатын қазіргі кезең шындығын көз алдымызға әкеледі:

“Жан - дүниенің ішкі сұлулығынан гөрі сыртқы, әпербақан “жаушаптылықты” алдымен дәріптейтін батыстық стильге еліктеместен, қазақы тірліктің ыстық-суығына бірдей көніп жүрген кейіпкер ешбір боямасыз, қарапайым қимыл-әрекетімен есте қалса екен дейді. ... Қоғамның жүрек соғысы белгілі, ендеше өзін сол қоғамның белді мүшесімін деп санайтын біздің геройымыз қалай дегенде де баяғы өсек аяңмен көш соңында салпақтап жүре алмайды ғой. Алысады, жұлысады, басын бәйгеге тігеді. Жер жүзіндегі күллі жақсылық атаулының бәрін шамасының жеткенінше кеудесіне сыйғызуға тырысатын, кейде аңқау, кейде шарболаттай шымыр қазақ дейтін халықтың бүгінгі жиынтық бейнесі әлгі Ғафиз түсіретін фильмнің басты темірқазығына айналса екен дейді. Ғафиздің кейіпкері бұрын - соңды жасалған бейнелердің біріне де ұқсамаса екен дейді” [1,113].

Кейіпкерді даралау, мінездеу барысында эпикалық баяндаулар мен ішкі монологтар кезектесе қолданылады. Кейіпкердің әлемдік кино өнеріне жаңалық болып қосылатын тың идеясын тапқан сәттегі авторлық баяндаумен кейіпкер жан әлемі толғаныстарының қосыла өрілген болмысынан романтикалық көтеріңкі көңіл-күй, шындық пен қиял тоғысуы сарыны аңғарылады. Кинорежиссер Ғафиздің қиялынан туындаған ой желісінде әлемнің атақты мамандарының, дәрігерлерінің құпия тәжірибелерінен алынған тың нәтижені өнер шығармасы арқылы жеткізуді ойлаған автор мен кейіпкер қиялының тұтасқан сымбаты оқырманды да еліктіреді:

“Қан ... қазақтың қаны сапалылығы мен тазалығы жөнінен бірінші орынға шығыпты! Ал керек болса!.. Енді жеті атаға дейін қан араластырмай, жазатайым жаза басқандарды дала сотының үкімімен соттап, осы бір қадірлі де қасиетті қағиданы қаншама ықылым замандар өтсе де көздің қарашығындай сақтаған және сол бір күймелі көштің жасау - жабдығын орта жолда аударып алмай, бүгінгі ұрпағының қолына аман-есен табыстаған ата - баба аруағына ақсарыбас атамай көріңіз!” [1, 114].

Ғафиз – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезінде сол оқиғаның қалың ортасында болған жас жігіт. Өкініші “Желтоқсан кезінде жанын жалдап, қызыл жағалылардың ізінен ит қосып қуалағанына қарамай алаңның қуыс-қолтығында болған оқиғаларды түгел қамтып түсіруге тырысқан таспасын аюдай ақырған орган күштеп тартып алды. Әлі де үмітті. Әлдекімнің үстел тартпасында ұмыт қалмасын дейді” [1,109].

Ғафиз – қазіргі қазақ жастарына тән еркін ойлы пікірін айта білетіндігімен де көрінеді. Мысалы, “Өңшең шөпке тышарлар қоныстанған элиталы аудан” [1,115]. Орталығындағы сырты түгел қоршаулы алты қабатты ақ кірпіш үйдің есігі алдын күзетіп отырған мінездері дөрекі екі милиционерлерге айтқан сөздерді де қазіргі қазақ жастарының еркін ойлы көзқарастарымен сәйкес айтылғандай сезіледі:

“Сіздер тәуелсіздігімізді мойындағысы келмейтін іштен шыққан жаусындар!”, “КГБ-нің баяғы қызыл жағалы киімдерін әлі күнге дейін не үшін иықтарыңыздан тастамай жүрсіндер?”, “Түймелерінде СССР-дің гербі және оны жалтыратып күнде сүрткілейсіздер”, “Айдың - күннің аманында жау алатындай, кез - келгеннен үрейленіп, күзетші жалдап, үйлерінің айналасын темір тормен қоршатып не көрінді?!” [1,117].

Жазушы Ғафиз бейнесі арқылы ХХ ғасырдың 80-жылдары болған ұлттық- азаттық жолындағы сілкіністерден санасы оянған жаңа көзқарастағы қазақ жігітінің тұлғасын даралау.

Ғафиздің “кемшілігі” – өзін өсірген, оқытқан, аспирантурасын бітірткен, сөйтіп ғалым немесе әкім болуын ойлаған әкесі Баймырзаның ойындағыдай бола алмаған. Тағы бір кемшілігі – әкесімен жездесіндей қалжындасатыны. Әкесімен “Реті келсін-келмесін, сөз ілгіш қармақты тауып ала қояды”. Әкесі Баймырза баласының өзімен тәжікелескен осы қылығын қойдыра алмай, я ұрып - соға алмай, баласы екеуінің арасындағы осы қарым-қатынастардан іштей күйзелген Баймырзаның пұшайман хал - ахуалын психологиялық тұрғыда айқын елестеді. Баласының өзімен жағаласып сөйлегеніне күйінгенмен, оны ұрып-соғуға да көңілі дауаламаған Баймырзаның оңашадағы ой – толғаныс сәттеріндегі ішкі дауыстары да оның баласының жан дүние әлемін, талантын түсінетіндігін дәлелдейді:

“Ал сіздің балаңыздың, Ғафиздың білмейтіні жоқ, білімі ұшан - теңіз. Таза. Анаған да, мынаған да тұмсығын тығып, орынсыз жерге киліге кетпейді. Тұла бойынан зиялылықтың иісі аңқиды...”

Әкім болғысы келмеді. Талантты жігіт тек әкім болуды мақсат тұтса, оны әлдеқашан-ақ тастай тындырар еді ғой. Өмірін өнерге арнады. Мына заманда өнер адамының маңдайы қайтіп бірден жарқырай қойсын. Оның үстіне Ғафиздің ана сүтімен бойға дарыған талғамы қандай! Өте кірпияз. Мөлдір. Иә, таланттың жолы қай кезде оңай болып еді. Ғафиздей кинорежиссер сирек. Желтоқсан оқиғасына бастан-аяқ қатысып, көрген-білгенін түгел таспаға түсіріп үлгірген-ді. Онысын “үш әріп” көзбе-көз күш көрсетіп, тартып алды. Ары - бері бұлтаққа салып еді, иісшіл қарсақтар тіміскілеуін қойды ма, ақыры өміріне қауіп төндірді. Тіпті, айдаладағы кино өнеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Сізді де қоңыр үйге талай мәрте сүйрелеген жоқ па - еді?!” [1,106-107].

Бұл – кейіпкердің жан әлеміндегі ішкі монолог қолданысының үлгісі. Адамдардың жан әлемінде өзімен - өзі сөйлесетін немесе маңайындағы адамдарға қарата айтылатын пікірлер үнемі болып жатады. Адамның сыртқы әлемге дыбысталып, жеке сөздер, сөйлемдер болып атқарылатын ой - пікірлері ағыны жан әлеміндегі үздіксіз қозғалыстағы ой - тұжырымдардай туындайды. Әдебиетші - ғалым Г. Пірәлиева ішкі монологтардың әуелгі бастауы В. Шекспир пьесаларында жиі қолданылғанына, жаңа кезең әдебиеті шығармалары (Л. Толстойдың “Анна Каренинасы”, Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы”, т.б.) да кеңінен орын алғанына, психологиялық табиғатына баға береді: “Ішкі монолог – кейіпкердің ішкі ойы өзіне-өзі қарата айтылған арнауы. Көңіл - күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдың бір түрі. Ішкі монолог әдебиеттегі сана ағымымен сарындас беру үшін қолданыла бастаған. ... Формасы мен мәні адам психикасындағы ғылыми және эпикалық ойлау жүйесінің, дамуына байланысты өзгеріп отырған. Сондықтан да ол әсіресе, әлеуметтік-психологиялық романдарда жиі кездеседі, автордың көрінбей араласуы арқылы жүзеге асады, психологиялық анализ түрінде беріледі” [2,229-230].

Зерттеуші өзінің бұл ойын “Көркем прозадағы психологияның кейінгі мәселелері” (Түс көру, бейвербалды шиараттар, заттық әлем) атты монографиясында [3] да кеңейткен.

Қазіргі қазақ романдарының сөз арқауындағы үлгілері (Ө. Нұрпейісовтің “Соңғы парыз”, С. Жұбатырұлының “Абыржы”, Қ. Жиенбайдың “Даңқ түрмесінің тұтқыны”, Ғ. Құлахметтің “Үйірі жоқ көкжал”, т.б.) – әлеуметтік - психологиялық сипатты туындылар. Адамдардың жеке өзіндік психологиялық жан әлемі мен оларға тікелей қатысты басқа да жеке тұлғалардың, топтардың қоғамдық - әлеуметтік қарым - қатынастарын қамтитын эпикалық шығарма-лардың поэтикалық табиғатынан көркемдік шындықтың күрделі жинақтаумен жазылған құрылымы айқындалады.

Қ. Жиенбайдың романында да басты кейіпкерлердің (Баймырзаның, Ғафиздің, Қабылдың) ішкі монологтары идеялық-композициялық желіде мол қолданылғанын байқаймыз. Басты кейіпкер Баймырза өзінің балалық шағын, оқуға, қызметке талпыныстарын, әйелі Салтанатқа, баласы Ғафизге, қызмет барысындағы адамдардың мінез-құлық құбылыстарына, туған жері Арал теңізінің, Сырдария өзенінің тағдырына байланысты қарама-қайшылықты жағдайлар кезінде үнемі ішкі монологтарымен бейнелеген. Үйінің балқонында түн жамылып, бөтелке коньякты тауысқанша ішіп, ішкі дауысының бағалауларын, бағауларын тыңдап, таң ата төсегіне қисайған Баймырзаның хал - ахуалы шығарма кейіпкерінің реалистік сипатын аша түскен. Жан әлеміндегі екі ұдай ойлардың ішкі дауыспен пікір жарыстыруы да кейіпкердің реалистік тұлғасын даралай түскен. Басты кейіпкер Баймырзаның түні бойғы ішкі монологтарының қорытындысы таңата төсегіне қисайып жатып әйелі Салтанат екеуі арасындағы диалогпен түйінделген:

“– Осы Ғафизжанға несіне ренжігенмін, а?!

– Ақылың енді кірді ме?

– Ештен кеш жақсы емес пе?” [1,107].

Барсакелмес қорығын қаңғып келген озбыр браконьерлерден қорғағаны үшін жазықсыз түрмеге қамалған Қабылдың хал-жағдайын Ұмытханның телефон соғуынан естіген Ғафиз кейінірек әкесімен әдеттегісінше еркін сөйлесіп отырып, өмір шындығының қалайда айтылмай қалмайтын құдіретін ауызға алады. Арал жаққа барған сапарынан кейін ауырып қалып, сауығып келген әкесіне қуақылана жымиғаны, өзіне Ұмытханның телефон соққанын, сол әйелмен кездескен-кездеспегенін сұрағаны, шындық туралы бағалауы – бәрі де кейіпкердің реалистік бейнесін таныта түседі:

“– Кездестіңіз бе?

– Кіммен?!

– Білмей қалуын. Мойныма қарыз болмасын, анада бір әйел хабарласқан ел жақтан. Есімі кім еді?... Үміт, Ұмыт, Ұмытхан... Баласының жағдайын айтайын деп едім дейді... Қайдағы бала? Кімнің

баласы? Ал, сөйле, жырауым, құлағым сізде... Іні болса аға, ағам болса іні болуға дайынмын. Жасырмай айтыңыз, кәне?!..

– Ұмытхан, Ұмытхан дейді... Апырай, ?! Есімде жоқ... Ал, жалғыз балам – Ғафиз.

– Шал, сиқырланба, ойлан, ойлан. Шындық айтылады түбінде” [1,216].

Бұл – Ғафиз дүниетанымының шынайы сипаты. Әкесінің алыстағы Барсакелмес қорығындағы Ұмытхан келіншекпен аз ғана уақытқа көңіл қосып, одан туған Қабылдың бұл өмірде бар екендігін ешкімге ешқашан тіс жарып айтпаған Баймырзаның сырын баласы Ғафиз телефон соққан Ұмытханның сөзі арқылы есітіп, соны әкесінен сұрап отырғанда, әрине, шындықтың шынайылығын сезіп отыр.

Көркем шығармадағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтасуы – адамдардың ойлау кеңістігіне лайықты болмысымен ерекшеленеді.

Ғафиздің өмір шындығы әкесінің өзінен басқа да баласы бар екенін біле отырып, әкесін састыра сөйлеуі де өмір шындығына сәйкес.

Осы уақытқа дейін жас толқын өкілі өз баласы Ғафиздің өзінше еркін ойлағанының, сөйлегенінің, белсенді іс - әрекеттерінің барлығы да Баймырзаның өзінен бастау алғанын, өз қасиеттерінің жаңа кезең келбетіне сәйкес өрбіп келе жатқанын жан дүниесімен түйсінгенін осы психологиялық желінің көркемдік шешімінен түсінеміз.

Ғафиз – Баймырза тектес әкелердің негізгі табиғи жаратылыс қасиеттерін жаңа уақыттың еркін кеңістігінде жүзеге асыруға ұмтылған жас буынның өкілі.

Романның идеялық - композициялық желісін құрап тұрған басты кейіпкерлердің бірі – Қабыл. Ол – Баймырзаның Барсакелмес қорығына барғанда көңілдесі болған келіншек Ұмытханнан туылған ұлы. Санаулы ғана адамдар мекендейтін Барсакелмес қорығы мекенінде уақытша көңілдес болған Баймырза мен Ұмытхан екеуінің баласы екендігі шығарма желісі арқылы белгілі болып отырады. Қабыл – Ұмытхан арудың сөніп бара жатқан аналық сезімін тұтатқан перзенті. Әуелгі отасқан күйеуі Ұмытханды бала тумағаны үшін тастап кетсе, Барсакелмес қорығына іссапармен келген Баймырзамен төсек қатынасындағы көңілдестігінен дүниеге келген Қабыл тағдырының әуелден осылай айрықша болып басталғанын көреміз.

Қабыл – әке мен шешенің жұптасқан отбасылық одағы аясында өспеген, тек қана анасының жүрек жылуымен өскен жігіт. Роман композициясында анасының жатырында пайда болуынан бастап, фәнидегі сәбилік, балалық, жігіттік кезеңдерінің бәрінде де оның өзіндік ерекшелігімен дараланып қалыптасқанын көреміз. Қабыл – жазушының туған халқы, қазақ ұлты туралы азаматтық - перзенттік махаббатын жинақтап көрсеткісі келген көркемдік шешімінің көрсеткіші.

“Қорықта дүниеге келген, балалық, жастық шағын осында өткізген жалғыз адам – ол – Қабыл... Өмірі арақ, темекі деген кесапатынды аузына алмаған Қабылдың...” [1,163] – роман құрылысындағы сюжеттік бөліктердегі адалдығын, мәрттігін, дене қайратын танытатын тұстары кейіпкердің өзіндік даралығын танытады.

Роман композициясындағы сюжеттерде Қабылдың көркем әдеби тұлғасын даралап танытатын бірнеше оқиғалық - дәлелдемелер бар: біріншісі – табиғат – Ананың шынайы жанашыры ретінде Барсакелмес қорығының аң-құстарын (“Екі қабан, екі қарақұйрықтың текесін, он бес үйрек, бес - алты қаз атып алмайынша бұл арадан кетпейміз!”) ату жоспарымен келген браконьерлерді мылтық атып қуып жіберген жанкешті - қайсарлығы; екіншісі – төс сүйегінен алынған қан аралас кемік майын Бруней сұлтандығындағы ауқатты адамның тұңғыш баласының тамырына жіберіп, бүлдіршіннің жанын алып қалған азаматтық ерлігі.

Романдағы басты кейіпкер осы Қабылдың мінез - құлық ерекшелігін, дене қайратын, адамгершілік қасиетін, төс сүйегінен бұрғылау әдісімен алынған кемік майын ауру бүлдіршінге құйып, аман алып қалуын арқау ету арқылы – автордың қазақтың халықтық физиономиялық - психологиялық бітім болмысын жаңаша дәлелдегісі келгендігі байқалады.

Қабылдың туған жерін, атақонысын, өзі дүниеге келген, туып - өскен Барсакелмес қорығын жан-тәнімен жақсы көрген көзқарасын жазушы бірнеше оқиғалар арқылы дәлелдеген: біріншісі – БҰҰ - ның табиғи ортаны қорғау жөніндегі әлемдік атлас каталогіне кірген Барсакелместі сақтауға арналған акционерлік қоғам ыңғайындағы ұжымның төрағасы болып сайланғаны; екіншісі – қорыққа келіп аң-құстарды атып алуға келген браконьерлердің алтыатар мылтығын тартып алып, өздеріне қарай атып, қорқытып, қуып жібергені; үшіншісі – түрмеде дене күш - қайратымен танылып, Қабыл - Қабылан атанғаны; төртіншісі – түрменің бас дәрігері Санжар Биахметовичтің таңдауымен арнаулы медициналық бақылауға алынғаны, қорытындысында ең таза қанды адам екендігі дәлелденгені.

Романдағы көркемдік шешімнің негізгі арнасы – қазақтың ұлттық діл болмысын шындық пен қиял тоғысуында бейнелеу. Шындық пен қиял тұтасуы – көркем әдебиет туындысындағы романтикалық және реалистік көзқарастар тұтасуын бейнелейді. Қабыл-Қабылан – радиация мен тұзды ауа зардаптары торлап тұрса да, қазақтың ата-бабалық кескін-келбетін, қан тазалығын, адамгершілік-имандылықты, туған жерді қорғаудағы, сақтаудағы ұлттық-отаншылдық биік рух парасатын ұлықтаған ұрпақтың көркем жинақталған тұлғасы.

Романда оның кескін - келбеті де, өзіндік дағдылары да айрықша даралығымен бейнеленген. Мысалы:

1 “Екі жұдырығы гүрзідей. Бір адамның тақиясына тар келмейтін қара күштен бұл да құралақан емес. Күрес өнерінің әжептәуір әдіс - тәсілін біледі. Шығыс жекпе-жегі туралы талай кітабынды шекілдеуікше шаққан. Бұлшық еттері білем - білем, желкесі жұмыр. Кеудесі аяққаптай. Және қимылына көз ілеспейді. Қандай биіктен лақтырсаң да төрт тағандап, аяғымен тік түсетін тарғыл мысық кәдімгі. Өмір бойы құс етімен қоректенді. Жөргекте жатып ішкені ешкінің қою сүті. Қысы - жазы теңіздің тұзды суына жуынды” [1,209].

2 “Тастан қашағандай келісті дене бітіміне сұқтана қарайтындар жетерлік” [1,210].

3 “Құлақ шымшылайтын аязға қарамастан беліне дейін шешінеді де, дереу білем-білем бұлшық еттерін қатқан қармен ысқылай бастайды. Рақат - ай, рақат! Мұз үстіне жүгіре шығып, терең тұсқа келгенде кісі сиятындай ойық ойып, Қапшағайдың мұздай суына бір сүңгіп шығарма еді, әттең-ай! Жалаң аяғымен қар кешпелегелі қай заман” [1,203].

Барсакелмес қорығындағы андарды аулауға келген браконьерлер – жергілікті билік басындағылардың біреуі баласы, біреуі жандайшаптары болғандықтан, Қабылдың олардың өзіне кезенген мылтықты тартып алғанын, қорқыту үшін сол мылтықты атқаны үшін түрмеге қаматқаны – қоғамдағы әділетсіздіктің шынайы көрінісі. Билік жүйесіндегі әділетсіздіктің нақты осы көрінісі арқылы адамзат тарихының осындай әділетсіздік жайлаған сипаты дәлелденеді.

Қабылды арнайы тексеріске алып, оның қанының тазалығын анықтаған түрме бас дәрігерінің қуанышын да автор оның көтеріңкі көңіл-күйімен жеткізген: “Ойда – жоқта тағдыр бұған Қабылды табыстырды. Айтатыны жоқ, олжа, олжа! Күллі түрмедегілерден күдер үзген еді. Міне, денсаушылық деп осыны айтыңыз! Қан құрамы тап – таза” [1,221].

Роман композициясының басынан аяғына дейінгі идеялық желі – қазақ халқының, даласының, оның ішінде Арал теңізінің, Сырдария өзенінің, Барсакелмес қорығының су жетімсіздігінен құрып бара жатқанына аландау.

Аландау – басты кейіпкерлердің көзқарастарымен, іс-әрекеттерімен әлеуметтік-психологиялық хал-ахуал жағдайында айқындалған ерекшелік. Адамдарды, олар өмір сүріп отырған ата мекеніндерді сақтау – авторлық идея бағдары.

Романның идеялық-композициялық желісіндегі қазақтың әлем өркениеті кеңістігіндегі дара қасиетін дәлелдеу, дәйектеу мұратының авторлық эпикалық баяндаумен де, кейіпкерлердің монологтарымен де, диалогтарымен де жүзеге асқанын байқаймыз.

Мысалы, түрменің бас дәрігері Санжар Биахметовичтің Қабылды мұз құрған Қапшағай айдынына балық аулауға апарып отырып, өзінше шағын дастархан жайып құрметтеп, сөйлеп отырғандағы қалпын да қазақтың ұлттық діліне, табиғи жаратылысына деген азаматтық - перзенттік махаббат сезімінің көрінісіндей қабылдаймыз: “Үлкен кісі түрмедегі тұтқынның алдында иіліп - бүгіледі. Тәтті тоқаш тіл үйіреді, қызыл термостағы қалампыр қосылған ыстық шай бой шымырлатады...

– Осы отырысымызды шампан атып, атап өтуге болар-ақ еді, бірақ сен ішпейсің. Дұрысы – саған әзірге ішуге болмайды. Дегенмен ырымын жасайық, – екеуі күрешкі соғыстырды, – Қазақ деген халықтың әлем мойындаған асыл тегі үшін. Аталарымыз білген ғой бір нәрсені. Қан тазалығы жөнінен қазақтар бірінші орында!” [1,222].

Ал, төс сүйегі тұсынан алынған кемік майды радиация сәулесін қабылдаған ауру бүлдіршінге құю үшін Қабылдың келісімін алғаннан кейін, жасалған төрт сағаттық операция, одан кейін Бруней сұлтандығындағы ауқатты кісінің сол баласының сауығып кеткені, баласының сауыққанына қуанған әкесінің Қазақстанның дүниежүзіне мәлім болған сапалы мұнайына арналған халықаралық симпозиумға шақырылып, осы сапарында Қабылға мол сый-сияпат жасағысы келіп, ұшақ үстінде қуанып келе жатқаны баяндалған. Осы сәтте бүкіл ғаламдық байланыстар жүйесі интернеттен компьютер экранында жарияланған мәтін де қазақтың ұлттық жаратылысын, бітімін әлемге әйгілейді:

“Төс сүйектің тұсынан бұрғылау әдісімен кемік май алынды... Кемік май – таза қанның тұнбасы. Алты-жеті атаға дейін қан араластырмауды көрегендікпен ойлап - пішкен көшпенді халық ұлы даладай данышпандығын әлем жұртшылығына тағы да табандылықпен мойындатты!.. Асығыс айтылған пікірталастар бір байламға тірелді... **Қаны таза қазақ халқы** енді ойлау қабілетімен де алға шығатын болды - ау, деп қауіптенген жапон ғылым академиясы кезектен тыс шұғыл отырыс өткізіпті – mic” [1,225].

Қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспайтын – қыз беріспейтін туыстық қатынастар заңдылығы – ата - бабалық ұлттық әдет - ғұрыптар, салт - дәстүрлер жолы. “Жеті ата: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата” [4,33] болып сабақтасатыны – ата-бабалардың ғасырлар бойы сақтап келген үрдісі. Қазақ халқының ұрпақтар жалғастығын, қан тазалығын сақтауы жолында қалыңдықты, қатынды таңдауда да сапалы ұрпақтың дүниеге келуін ойлаған тәлім-тәрбиелік тағылымы айрықша назарда болып келген.

Қазақ фольклорындағы мақал - мәтелдерде де сапалы ұрпақтың дүниеге келуі халықтың мәңгілік болашағы болатынын ойлау даналық түйіндеулерін дүниеге келтірген. Мысалы: “Ат болатын құлынның бауыры жазық келер, адам болар баланың маңдайы жазық келер”, “Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді, атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді”, “Болар бала боғынан”, “Балаң болса шоқ болсын, шоқ болмаса жоқ болсын”, “Жақсы бала – сүйік, жаман бала – күйік”, “Талапты бала – талпынған құстай, құмары қанбас аспанға ұшпай”, т.б. [5,99-102].

Қазақ – адамгершілік, батырлық қасиеттері мол ұрпақ өсіруді ойлаған халық. Ақын-жыраулардың терме-толғауларында да, ұрпақтар сапалылығы, оларды дүниеге келтіретін ұрғашы жынысының да жақсылығы туралы жырланған. Бұл орайда, Бұқардың толғауы назар аудартады:

Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас!
Жаман қатын алғаның,
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Оңды жауап қата алмай,
Жалғанда қор болғаның,
Таудан аққан тас бұлақ,
Тасыса құяр теңізге,
Қанша малы көп болса,
Бай қуанар егізге.
Жаманнан жақсы туса,
Жақсыдан жаман туса,
Тартпай қоймас негізге [6,90-91].

Бұқар – Қазақ хандығы мемлекетін сақтайтын Абылай хан ұрпақтарының да тектілік тұғыры сақталуына ерекше мән берген жырау. Қазақ мемлекеті басқарушыларының сапалы ұрпақ, саналы азамат болып жалғасуының елдікті, мемлекеттілікті сақтаудағы ұлағатына, тағылымына насихаттық - үгіттік жырын арнайды. Бұл қазақ ұлты ұрпақтарының қан тазалығын сақтаудағы ұлағат жолы:

Ай, Абылай, Абылай,
Қатын алма қарадан,
Қара тумас сарадан.
Қатын алсаң қарадан,
Алды кетпес баладан,
Арты кетпес жаладан.
Қатын алма төреден,
Еркегі болар жаужанды,
Ұрғашысы ер жанды.

Төре берер ұл туса,
Аузы кетпес парадан.
Мал жинасаң, қойдан жи,
Майы кетпес шарадан,
Ит жинасаң сырттан жи,
Қойды бермес қорадан.
Аталыдан би қойсаң,
Адаспас жол мен жобадан,
Атасыздан би қойсаң,
Босанбас аузы парадан.
Ағар дария су кешпес,
Қалмақтан алсаң маһи бір зайып,
Сүйегіңді жоғалтпас.
Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан,
Қосының болсын қазақтан,
Сегіз қиыр шар тарап,
Төрт құбылаңды түгел қып,
Төрінде жатып салмақтан! [6,100-101].

Қазақтың ұлттық - халықтық қалыптасу, даму жолы – ұрпақтар қаны тазалығының нәтижесі. Көркем шығармалардың реалистік сипатына негіз болған ұрпақтар жалғастығындағы қан тазалығының дәріптелуі – ұлттық, ата - бабалық тектілік негізі сақталуының көрсеткіші. Ал, жазушы Қ. Жиенбайдың “Даңқ түрмесінің тұтқыны” романындағы кейіпкер Қабылдың төс кемік майы арқылы қазақ халқы қанының дүниежүзі бойынша ең таза сапалы екендігінің жариялануы – шындық негізіндегі көркемдік қиялдың мәнді туындысы заңдылығымен өрнектелу көрсеткіші.

Әдебиеттанушы - ғалым С. Негимовтің ғылыми байыптауы сөз арқау-ындағы, роман кейіпкерінен туындаған авторлық көркемдік шешімді дәйектей түседі: “Көркемдік қиял шындық пен шарттылықтың бірлестік - тұтастығына негізделеді. Көркемөнерде тақырып таңдау, оның тереңіне бойлау, өмір құбылыстарының ішкі қабаттарына барлау жасау, солардың әлеуметтік - эстетикалық мәнін ұғыну, сан алуан кейіпкерлердің бейнесін, жандүниесін, жүріс - тұрысын суреттеу көркемдік қиялға байланысты.

“Бұдан біз көркем өнердегі ойдан шығару, көркемдік қиял дегеніміздің екі түрлі мағынада айтылатынын байқаймыз. Бірінші, кең мағынасында, қандай да болсын өмірде кездесетін, кездесуі мүмкін құбылыстарды, ойша елестетіп, бейнелеп көрсету деген ұғымды білдіреді. Бұл тұрғыдан қарағанда көркем әдебиеттегі адам бейнелері өмір суреттері түгелдей ойдан шығару, шындық пен көркемдік қиялды ұштастыру арқылы жасалады. Екінші, тура мағынасында, тек ғажайып сипаты бар, болмыста дәл сол қалпында кездеспейтін қиялдан туған көркемдік бейне, көріністер ғана ажыратылып алынады. Мұндай таза көркемдік қиялдан туған бейнелер де қалай да белгілі, өмірде кездесетін нәрселердің нақтылы сипат-белгілерін негізге алып, соларды ойдан шығарылған бейнеге телу арқылы пішінделеді” [2,116-117].

“Даңқ түрмесінің тұтқыны” романындағы Қабылдың төс сүйегі тұсынан кемік май алу – көркемдік қиял жемісі. Адамның сүйегіндегі кемік майды радиациялық сәуледен ауырған бүлдіршін баланың қанына құю да ғылыми-тәжірибелік болжамдар негізіндегі ойлаудың бір көрінісі. Ал, сол Қабылдың төс сүйегінен алынған кемік май арқылы әлемдегі ең таза қазақ қаны екендігінің дәлелденуі – шындыққа негізделген көркемдік шындықпен баяндалу үлгісі. Қаламгердің бұл арадағы табан тірегені – қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспайтын қыз беріспейтін ата-бабалық дәстүрі. Бұл – шынында да әлем халықтарынан қазақты даралап тұрған ең басты дәстүр. Бұл дәстүр ежелгі Отаны Орталық Азияны мекендеген түркі халықтарының тарихи түпкі ата-бабалық негіздерінен (сақ, скиф, ғұн) басталған, түркі өркениеті дәуірлерінде нығая қалыптасқан, кейінгі ғасырлардағы жеке-жеке ұлт болып өркендеген дәуірлерінде де жоғалмаған. Қазақ – қандас туысқан түркі халықтарының атажұрт негізі. Қазіргі заманғы этнология мәселелерін зерттеушілердің (У. Х. Шалекенов, М. У. Шалекенов) бағалауы бойынша да әлемдегі ең жоғары сапалы халықтың тарихи негізділігі дәлелдене түседі: “Түріктер жер бетіндегі жоғары дамыған халықтардың бірі екені тарихта талай дәлелденген. Түрік әлемінің аты аңызға айналған Афрасиаб патшаның түріктерге берген мінездемесін келтірейік: “Турок подобен жемчужине в морской раковине, которая не имеет ценности, пока живет в своем жилище, но

когда она выходит наружу из морской раковины, она приобретает ценность служа украшением царских корон, шей и ушей у невесты” [7,149-150].

Атышулы қолбасшы данышпан Афрасиабтың бұл сипаттамасынан артық ешкім айта алмайтын шығар. Осы сөз түгелімен қазақтарға айтылған болып көрінеді. ... Қазақ халқы, түрік халқының бір бөлігі болып, өзінің тамаша қасиеттерін тарихта көрсетіп келе жатқанын естен шығаруға болмайды” [7,264-265].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығы арқылы шығармаларға арқау болған қайшылықтар мен қақтығыстар негізі, жеке адам мен қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның үндестігі мен үйлесімсіздігі, т.б. мәселелер поэтикалық тұтастықпен анықталады.

XX ғасырда бүкіл планетаға зардабын тигізіп отырған экологиялық апаттардың қоғамды, мемлекетті, ғылымды басқарып отырған жеке адамдардан бастау алып, көзқарастар қақтығыстарының себептер мен салдарлары эпикалық шығармалар желісінде айқындалған. Қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипаттың көркем шындықпен оқырмандар көңілінен орын алуында әдеби бейнелеулердің көркемдік қиялмен өрнектелуі де эпикалық туындылардың өнернамалық болмысын аша түскендігі танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Жиенбай Қ. Даңқ түрмесінің тұтқыны: Роман, әңгімелер, хикаят. – Алматы: Өлке, 2002. – 320 б. - кітап

2 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б. - кітап

3 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б. - монография

4 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына (Бірінші кітап). – Алматы: «Ана тілі» ЖШС, 2005. – 136 б. - кітап

5 Қазақтың мақалдары мен мәтелдері / Құрастырған Ө. Тұрманжанов. – Алматы: Білім, 2004. – 272 с. - кітап

6 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық / Құрастырғандар: М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б. - кітап

7 Шалекенов У.Х., Шалекенов М. У. Әлем халықтарының этнологиясы. – Алматы: Алтын мұра, 2002. – 302 б. - кітап

МРНТИ 17.01.11

Мүтиев З.,¹ Ақбулатов А.²

^{1,2} М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал, Қазақстан

САҒАТ ӘБДУҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МӘНГІЛІК АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аңдатпа

Қазақтың көркем әдебиеті – қазақ ұлтының рухани мәдениетінің біртұтас жүйесі боп табылса, ал оның негізгі қабатын өлке әдебиеті құрайтыны анық Мақалада әдеби өлкетану мәселесі, оның даму барысы қарастырылған. Әдеби өлкетану тарихындағы ақын-жазушылардың шығармашылығы, оның ішінде Сағат Әбдуғалиев поэзиясындағы мәңгілік адамзаттық құндылықтар зерделенген. Ақын поэзиясының өзіндік стильдік ерекшелігі, ізденісі, поэтикасы кеңінен зерделеніп, шығармашылығы екі кезеңге бөлініп талданған. Сонымен бірге аталған мақалада ақын қолданысындағы көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарының жасалу табиғаты, оның өлең сөзге әр берудегі амал-тәсілі сараланған. Халықтың тіл байлығын, сөздік лексиконын жаңғырта, жаңарта, соны образ жасай өрнектеген ақынның шеберлік машығы да осы мақалада тексеріс көзіне алынған.

Түйін сөздер: әдеби өлкетану, жалпыадамзаттық құндылықтар, азаматтық лирика, авторлық бейне, әдеби процесс

Mutiyev Z., ¹ Akbulatov A.²

^{1,2} Mahambet Utemisov West Kazakhstan state university,
Uralsk, Kazakhstan

ETERNAL HUMAN VALUES IN THE POETRY OF SAGAT ABDUGALIYEV

Abstract

Kazakh fiction is an integral system of spiritual culture of the Kazakh nation, and its basis is the literature of the region. The article deals with the problems of literary local studies, the course of its development. The work of poets-writers in the history of literary local studies is studied, including the eternal human values in the poetry of SagatAbdugaliyev. The stylistic features of the author's poetry, creative research and poetics are widely studied and two stages of poetry are analyzed. In addition, this article reveals the nature of the poet's use of literary-visual devices, his methods of transmitting poetic speech. The article also explores the skill of the word artist in reviving the Treasury of language, in updating the national language and its lexicon.

Keywords: literary local studies, universal values, civic lyrics, author's image, literary process

Мутиев З., ¹ Акбулатов А.²

^{1,2} Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова,
Уральск, Казакстан

ВЕЧНЫЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ В ПОЭЗИИ САГАТА АБДУГАЛИЕВА

Аннотация

Казахская художественная литература является целостной системой духовной культуры казахской нации, а ее основу составляет литература края. В статье рассмотрены проблемы литературного краеведения, ход его развития. Изучены творчество поэтов-писателей в истории литературного краеведения, в том числе вечные человеческие ценности в поэзии СагатаАбдугалиева. Анализируются стилевые особенности поэзии автора, широко изучаются творческие изыскания, поэтика, анализируются два этапа поэзии. Кроме того, в данной статье раскрывается природа применения поэтом художественно-изобразительных средств, его приемы передачи стихотворной речи. В статье также исследуется мастерство художника слова в возрождении сокровищницы языка, в обновлении народного языка, его лексикона.

Ключевые слова: литературное краеведение, общечеловеческие ценности, гражданская лирика, авторский образ, литературный процесс

Кіріспе. Ақындық қазақ халқының қанымен бірге жасап келетін ұлттық құндылық десе де болады. Сөз күдіреті ұлттық құндылықтардың жиынтық қоймасы, сөз өнері соның арналы саласы екені анық. Қазақ әдебиетінің үш тағаны поэзия, проза, драматургия болатын болса, сол үш тағанның ішіндегі жауынгер саласы - поэзия. Ал, поэзия қашанда қазақ қоғамындағы елдік пен ерліктің, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, махаббаттың, Отан ұғымымен байланысты туған жер, киелі мекен, құт мекен, қара шаңырақ сынды тағы басқа мәңгі адамзаттық құндылықтар туралы ой толғауда алдыңғы шепте орын алады. Жоғарыда аталған концептілік ұғымдар ұлттық дүниетанымдық құндылықтар егеменді елдің сөз өнерінде айрықша сипатта көркемделіп келеді.

Тәуелсіздікке кенелген қазақ қоғамы үшін өзінің еркіндігін сезіну, ой бостандығы мен отаршылдық, құлдық санадан арылу, құлдық психологияның қамытын сыпыру өткен күннің еншісіндегі құндылықтарға жаңаша заман биігінен қарауға да мүмкіндік берді. Әдебиетіміздегі небір ақтаңдақ беттерді қарау, ұлттық құндылықтарға бет бұру да осы тәуелсіздік кезеңінде қарқын алып отыр.

Бұл турасында ғалым Г. Орда былай дейді: “Бұл кезең әдебиетінің негізгі жетістіктерінің бірі – ұлттық құндылықтарға қарай бет бұру. Қаламгерлер бұл жылдары өз халқының ұлттық ерекшеліктері мен әдет-ғұрпына, салт-дәстүрлеріне, халқының ұлттық ерекшеліктері мен әдет-ғұрпына, салт-дәстүрлеріне, ана тіліне көңіл бөле бастады. Соңғы жиырма жылдан астам уақыттың туындыларын саралап шыққанда қаламгерлердің барлығы дерлік ұлттық құндылықтарға баса назар аударғанына

көзіміз жетті. Әдебиет ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы адамзат баласына ортақ өзекті мәселелерді көтере алатынын көрсетті” [1,3].

Әдістеме. Қазіргі қазақ әдебиеті сан-салалы бағытта дамып келеді. Дәуір тудырған жаңа парадигмалық үрдістердің бірі кең ауқымды қазақ әдебиетінің бір бөлшегі өлкелік мұралардағы ескерусіз қалған жәдігерліктерді әдеби процеске енгізіп сараптау десек болады. Осы тұрғыдан келсек, ғылыми жобаның қамтуы тиіс әдеби шығармашылық тұлғалар баршылық. Әдеби процеске енгені, кезінде бағасын алып, кеңестік сыңаржақ әдеби сынмен бағаланғаны да, әділінен сыналып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкіліне айналғандары да қанша ма? Сонау көне түркі өркениетінен бергі, авторлы жыраулар поэзиясын айтпағанда, Жұбан, Тайыр, Хамза, Қадыр, Мұхадес, Ақұштап сынды айтулы әдебиет алыптарынан кейін, кейбірінің ізін ала әдебиетте өзіндік үн қатып үлгергенімен, тағдырдың ұзақ ғұмыр сүру сыйы бұйырмаған ақын Сағат Әбдуғалиев деуге болады.

Ақын Сағат Әбдуғалиев небәрі 38 жыл ғұмыр кешсе де, артында өзіндік үні мен ақындық мінезін танытып, өр рухты Махамбетті, ой дариясы Абайды, Хамзадай қазақтың арда азаматтарын өзіне үлгі тұтқан және өзінің өмірін өлеңнен бөле жарып қарай алмаған арманшыл, өр рухты, кейде сыншыл да сыршыл лирикаға толы поэзиясын қалдырып үлгерді. Ақын “Жаңғырық” атты өлеңінде:

Пақырлыққа пәтерлес қой пенделік,
Тұнжырамай төсіндегі тоңды еріт.
Жыр жазатын жындылығым үшін де
Өнер-ата алды артына өңгеріп.
Тәжікемді жеткізбейді от тіл кем
Өтті, кетті қателіктер бет тілген.
Әкім ұлы болмай жалғыз әкенің,
Ақын ұлы болып елдің кеттім мен [2,22]

Иә, ақынның тағдыры оңай болмағаны анық. Әрине, өткен қоғамдағы өнер адамдарының кейбір тағдырлы тұстарын қоғамға, заманға жаба тоқи беруге де болмайды. Ақын өзі өмір сүрген қоғамдағы пенделіктерді, пайғамбарлықты, қарапайым адамдар түсіне білмейтін, сезінбейтін жайларды ақын жүрекпен сезінді және өзінің де пенделіктерден ада болмағынын мойындап кеткен болатын. Ақынның бұл ойын мына бір “Идиллия” атты өлеңінен аңғаруға болады.

Қиындықта күйзелген мен бесынып,
Көрейік көрпемізге жөн көсіліп.
Пірәдар боп қайтемін пақырсыған,
Менде де бар, әрине, пендешілік.
Тепсінетін табанда темірді үзіп.
Шындықты мойындар небір бұзық.
Ірі қылып жаратып әлдекімді
Ірілікті сүймейтін өмір қызық
Төзімдердің тоздырып көк тағасын
Жөнсіздіктен айтамыз жоққа да сын.
Адам да бір мәжнүн көбелек қой
Өзі тығыш жүреді отқа басын [2,15]

Жалпы ақын поэзиясында сараптап қарастырсақ, ақындық қуатының енді толысқан шағында, өзінің шығармашылық әлеуетін танытып үлгермей жатып қыршын кеткені көңілге өкініш ұялатады. Себебі ақынның поэзиясында философиялық, дүниетанымдық ойлары әдемі лирикамен ұштасып отырады және небір тұжырымды тіркестермен, нақыл ойларымен әр өлеңін көркемдеп, тұжырымдап жеткізуде шеберлік қуаты, яғни авторлық бейнесі, “Мені” анық байқалады. Поэзияда автор бейнесін лирикалық бейне деп айталатыны мәлім. Поэзиялық шығармаларда автор, негізінен, лирикалық тұлға ретінде танылады. Лиркада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы, яғни жеке авторлық тәжірибесі басқа жанрларға қарағанда айқын, анық бедерленеді. Өмір шындығын оқырман лирикалық тұлға позициясындағы автордың көзімен танып біледі [3,15].

Осы тұста қазіргі орыс лирикасын зерттеушілер В.А. Мескин мен Е.С. Зинурованың “Современные стихи могут полностью представлять собой пастиш или коллаж. Нередко они включают перечисление предметов, определенных мест и даже эмоций. В конце стихотворения, как правило, следует обобщение или вывод, проливающий свет на произведение в целом” [4,39] – деген пікірлеріне қосылуға болады.

Нәтижелер. Осы тұрғыдан келгенде, ақын поэзиясында көркемдік өлшемдік мысалдар жетіп артылады. Мысалы, “Абайласаң – адам іші кіл тұман” [2,11], “Жәбірейіл кешірмейтін жауыздық” [2,16], “Тіршілік – текетірес толы майдан”, “Кристаллдай кіршіксіз дегенді де, Пенделіктің жүреді тоты басып” [2,15]; “Фараон фәни – әсемдік” [2,34], “Тыныштық – таусылмайтын толағай жыр, Тыныштық – көзімдегі қос қарашық”, “Тыныштық – іңгәлаған сәби үні, Тыныштық – аялайтын алтын бесік”, “Тыныштық – жадыраған оң қабағым” [2,37]; ‘Он сегізім – аңқыған әтір ғалам” [2,40], “Алматы – сұлулардың симпозиумы, Алматы армандар мен білімге – өзен!» [2,42]; «Тажалы махаббаттың – Түсінбестік” [2,43]; “Пақырың да пайғамбар боп кетеді, Пенделіктің қара бетін әктесек” (әжуалау) [2,46]; “Аяулы анаң – ақиқат та, Атаң – кек!” [2,48]; “Кім болғаның кезінде мәселе емес, Қандай жаман қалғаның ұмытылып” [2,66]; “Иттің де иті бар деп игіленіп, Ит болып кеткендерден қауіптенем” [2,72]; “Адам боп куәлікте тіркелгенмен, Адам боп жерді басу – аса қиын!” [2,73]; “Туған тіл – түсінгенге терең білік”, “Туған тіл – бұрқыраған бөрте бесік”, “Туған тіл – иманымның иен көгі” [2,75-76]; “Зынданда зұлым жауың да, Кетеді, жаным, достасып...” [2,88]; “Адамдар иттен қашады, Өзі де ит боп кеткесін” [2,8]; “Ұрыдан ыңғай қорқады, Ұстатпай жүрген ұрылар!” [2,93]; “Өзінен туған бөлтірік, Өзіне шабар – бөрі адам” [2,94]; ‘Пәлені көру біреуден – Сүйекке сіңген салтымыз” [2,98]; “Жалқауға – тумысынан жату ғадет, Арамза – аңқауларды атуға әлек” [2,101]; “Соғыстың қасіреті жүректерде, Өлімі бейбіт күннің – жауаптырақ!” [2,101] т.б. тіркесті сөздер мен ақынның өзіндік ой тұжырымдарын беруінде оның сөздік қорға, сөз саптауға ерекше мән бергенін, халықтық дәстүрлі теңеулер мен метафоралық қолданыстарды жиі қолданып отырады.

Сондай-ақ, ақынның поэзиясынан аңғарылатын көркемдік стиль тосын құбылыстарды қосарлы тіркестіре отырып қолдану шеберлігін айтуға болар. Бұндай қосарлы тіркескен метафоралы қолданыстар ақын Сағат Әбдуғалиевтің ой орбитасының жоғары деңгейде, ізденімпаздық болмысын айғақтай түседі. Мысалы, бір ғана “Жанымның жалғыз бұлбұлы” кітабын парақтап шыққанда, төмендегідей біршама тың авторлық теңеу тіркестерді кездестіреміз: «Келешегің, көкжиегің алда деп, Тұяғынан от шашады *тұлпар-күн*”; “Көңілінен шыға білген жігітке ел, Көктемдерден ұшырады *құс-құрмет*”; “Арманыма айта алады кім ілік, Қаршадайдан жетектеді*жыр-үміт*”; “Жоғалтқан жылдарымды жіпке тізіп, Жанымды піскілейді*уақыт-тебен*”; “Әнді сыйлап өтер еді, әттең-ай, *Әділдік-қарт* әлдилесе жер үстің”, “Оттарыңды өшірме, *баспана-шам*, Қошеметтің қақпасын асқақ ашам”; “Қателіктен қызарып *бетім-бесін*, Есігінде тірліктің жетілді есім”; “Тіршілікке ынтазар *табан-сүлік*, Торабымды сапардан табам шығып”; “Жыр жазатын жындылығым үшін де, *Өнер-ата* алды артына өңгеріп”, “Парызымды кететіндей кеш төлеп, Төс етімді *ұят-найза* тесті ерек”; “Бүйірден шаққан *бүйі-өсек*”; “Ашиды алмағайып *көңіл-айран*”; “Дәрменімді діңкелетіп *дерт-қабан*, Мен де өзіме жеткілікті өрт табам”; “Төбемнен түйткілдердің бұлты көшіп, Тербетті құшағында *күлкі-бесік*”; “Бажайласаң байыпты сыр аңғарып, Ұр да жық пенделерге *ұран-қамыт*”; “Жаздым ба жастығымға кеш күнделік, *Тебен-ой* көкіректі тестің келіп”; “*Найзағай-тұлпар* тебінді, Бұлттарға белін тас құрсап”; “Бажылдаса бәтшағар *қатын-мысық*, Аяз тілі арқама батырды үсік”; “Кеудемді бақастықтың бұлты шалып, Қылмаймын беделіңе *күлкі-салық*” [2] т.б. қосарлы тіркеспен берілген теңеулер көптеп кездесуі ақынның шығармашылық әлеуетінің зор екенін танытады.

Талқылау. Ақын Сағат Әбдуғалиевтің поэзиясында мысал бағытында жазылған туындылары да кездеседі. Ол бағыттағы туындылары негізінен кеңестік кезеңде жазылғанын аңғаруға болады. Автор сол кезеңдегі келеңсіздіктерді сын садағына алып, қоғамдағы жағымсыз, адамгершілік қасиеттерді боямасыз көрсетеді, әжуалауға келгенде ақынның уытты, тотияйындай тіл қуаты байқалмай қалмайды. “Ақула”, “Лейтенанттың ақ шашы”, “Алтын балық”, “Қызметтен қуылған бастық”, “Ресторандағы піл” т.б. өлеңдерінен мысалдық үлгі сипатын анық көреміз. Мысалы, “Қызметтен қуылған бастық” өлеңінде көз бояушылық түбіне жеткенін сынай отырып:

Адамның жаны – тәтті арман,
Адамның жаны – кейде түн.
Баянсыз алтын тақтардан
Бақытты қоңыр бейнетім! [2,98]

- деп түйіндеп, болған жағдайдан оқырмандарына ой тастайды. Басына іс түскен жағдайдағы бастықтың дұшпан түгіл, достарының қарасын таппай қалуы, қайтадан сұлтандықты аңсауы бәрі пендешілік екенін шынайы суреттейді ақын.

Ал, “Ресторандағы піл” төпсе темір үзетін жігіттің ресторанда даяшы болып жүруіне, ақындық намысын ащы мысқылмен түйіндейді.

Алғаусыз айтсам ашығын,
Төбеме тимес күрт таяқ.
Замандас, сенің кәсібің,
Сұлуға шыққан мұрттай-ақ [2,97]

Әрине, қазіргі таңда ақынның бұл пікірімен келіспейтін де шығар, құндылықтар ауысып, кәсіптің түр-түрлеріне гендірлік сипаттың жойылу үрдісін айтуға болар, десек те ақынның намысын буған нәрсе, ең алдымен, ер азаматтардың ел қорғаны, намысты болуын қалаған ішкі рухы деп түсінгеніміз абзал. Себебі, ақынның әрбір өлең жолдарынан оның характері, мінезі, азаматтық көзқарасы өлеңге сыр болып ақтарылып отырады. Мысалы:

Аяулы анаң – ақиқат та,
Атаң – кек!
Төрелердің тәтті қанын татам деп,
Бөрілермен бөрілерше белдескен,
Сен менен де бақыттысың,
Махамбет!
Заман деген
Заман емес – қари түн,
Бытырадай бөлініпті жан ұйқың.
Басың кетті,
Мынау мылқау даланың
Адамдыққа жеткізем деп “әр итін”...
О, Махамбет! [2,48]

Немесе:
Жапырақты лайым сары күз деп,
Мен емес көктемеден көңіл үзбек.
...Ақын да – алақұйын камикадзе
Жүретін өлімінен өлім іздеп! [2,50]

“Ақын қоғамның үні, һәм құлағы” деп айтылғандай, Сағат ақынның ақындық ғұмырнамасы сонау кеңестік кезеңде өткендіктен, сонау жылдардағы кеңестік идеологиялық, сол қоғамның құндылықтарына деген сенім болғанын, оның ақын поэзиясында айқын көрініс тапқанын да атап өту қажет. Бірақ ақын сол кезеңнің идеологиясына қаншалықты сенсе де, қазақ ұлтына деген перзенттік парызын, азаматтық ар-ожданын, Отанының перзенті екенін ешуақытта есінен шығармады. “Өмірбаяндық өтініш” өлеңінде:

...Жасындардан ерліктің отын емген,
Пейілдері шадыман шетінен кең,
Жоқ болса да билетім партиялық,
Коммунист деп біліндер, Өтінем мен! [2,107]

десе, “Кіндік жұрт – Қазақстаным” өлеңінде коммунисттік идеологияға қанша сенсе де, қазақтың тұма табиғатынан нәр алған ұрпақ екенін, ақындық қуаттың өзі де топырақтың нәрімен суарылғанын шабытпен жырлайды. Бұны біз азаматтық үн, ақындық қуаттың қоғамдық құрлыстар ауысқанымен өткінші кезеңнің тақырыптарын ғана жырламай, жалпыадамзаттық құндылықтар, адамды жырлай білген ақындық көрегенділік десек болады.

Балға мен Орақ – бас таңба,
Тұрпатын елдің танысын.
Тоғайдан,
Көлден,
Тастан да
Жұтамын жұпар нан исін!
...Сайраттың құмбыл құс тілде,
Жанымның жаз ағыстарын.
Тілегім сенің үстінде,
Кіндік жұрт – Қазақстаным! [2,9-10]

Қорытынды. Сөзімізді түйіндей келсек, ақын Сағат Әбдуғалиев поэзиясын екі кезеңге бөліп қарауға болады. Алғашқысын жастық кезеңдегі балауса жырлары десек, екінші кезеңді ақын

кітабының атауындағы “Жүрегіме жүгі түсті жаһанның” деп айтпақшы, азаматтық көзқарасы, ақынның болмысы қалыптасу үстінде, шығармашылық ізденісте болған кезеңі дер едік.

Бағамды біліп бір күні,
Талқыға түсер төл еңбек.
Жанымның жалғыз бұлбұлы -
Өлемін,
Сен деп –
Өлең деп! [2,34]

- деп жырлаған автор өзінің көзі тірісінде алмаған бағасын екінші ғұмырында алатынын болжап, өзінің ақындық күш-қуатымен, талантын келер ұрпақтың бағасына сенім артып кеткендей. ХХғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Шәңгерей Бөкеев поэтикасын тексеруші ғалымдар «Ақын жалған дүниенің өткіншілігін барын сала тәптіштеп түсіндіреді. Нақты сипаттама береді, ілікті сөздермен ой сабақтап, дәлелдеме жасайды. Өлең мазмұнында жалаң пікір жоқ, салмақты ой басым. Өмірдің қандайлық сапалық қасиетті иеленетінін ақын өзтүсінік-пайымының өлшемінде алып, қарастырады» [5,136] - десе, бұл тұжырымның Сағат Әбдугалиев поэзиясына да қатысы барын айту ләзім. Себебі “Сенімге сыйыну” атты өлеңінде ақын:

Қызықтарға кенелермін жетсе дем,
О, келешек, айырмасын тек сенен
Туғанымда танып алған қалың жұрт,
Бағасын да бұлдамайды деп сенем! [2,12].

- деп толғанады. Талантты ақынның шығармашылық мұрасы бүгінгі ұрпақтың игілігі үшін қызмет етері сөзсіз, себебі ақын өңірде туып, сонау Алатаудағы әдеби ортаны ерте мойындатып, “Жүрегінде қалу керек халықтың!”, “Каспийдің қолтығына құям түбі” деп өзі айтқандай, әдеби процестің айналымына табиғи түрде, еріксіз енген болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамзаттық құндылықтар. Ұжымдық монография. – Алматы: «Ево Press», 2014.- 708 б. - кітап

2 Әбдугалиев С. Жанымның жалғыз бұлбұлы: Өлеңдер мен ақын туралы естелік, мақалалар / Құраст.: Сейтақ Ф., Құттымұратұлы Қ. – Орал: “Ағартушы”, 2009. – 200 б. - кітап

3 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd” ЖШС, 2010. – 576 б. -кітап

4 Мескин В., Зинурова Е.С. Лирика «внутреннего голоса» в современной российской поэзии // Вест. РУДН. Серия: Литературоведение. Журналистика - 2017. Т. 22. № 1. С. 36-46 – журналда жарық көрген мақала

5 Мүтиев З.Ж., Ақболатов А.А. Шәңгерей Бөкеев ақындығы: тақырып аясы, идеялық бағыты// Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдарының» сериясы – 2018.- №2 (64). Б. 132-138.- журналда жарық көрген мақала

МРНТИ 17.82.31

Айтимов М.,¹ Каримова Г.²

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ
ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМ ШЕШІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**
(Р. Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман - хамсасының негізінде)

Аңдатпа

Бұл мақалада жазушы Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман - хамсасында хакім Абай және оның шәкірттерінің бірі Әбдірахман мен Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың көркем бейнелері сомдалуындағы көркемдік ерекшеліктер (авторлық баяндау, диалог, монолог, мінездеу, портрет, т.б.) жүйеленді. Қазіргі қазақ прозасының романдары – ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріс қозғалысы жүйесіндегі шығармалық еңбек нәтижелері. Қазақ тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын суреткерлер ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық - тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл орайда, Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман - хамсасы тарихи шындық пен көркемдік шешім ерекшеліктерін арнайы қарастыру нысанына алынған. Сонымен қатар, қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял - реализм мен романтизм сарындары сабақтастығының көркемдік шешіммен орындалуын сарала талданған

Түйін сөздер: тарихи тұлға, үрдіс, өмір шындығы, тарихи шындық, көркем шешім, көркемдік әдіс, роман-хамса, деректілік

Aitimov M.,¹ Karimova G.²

¹Kyzylorda state University named after Korkyt Ata ,
Kyzylorda, Kazakhstan

²KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

**FEATURES OF HISTORICAL TRUTH AND ARTISTIC
SOLUTIONS IN MODERN KAZAKH NOVELS**
(based on the novel of anchovy R. Toktarova "Abaydyn zhumbagy" (Mystery of Abay))

Abstract

The article examines and systematizes the artistic features of the images of Abay and one of his students Abdrahman and Alash Alikhan Bokeikhanov (author's narration, dialogue, monologue, characterization, portrait, etc.) in the novel-Hamsa by writer Ramazan Toktarov "Abaydyn zhumbagi" (Abay's Riddle). Novels of modern Kazakh prose are the result of creative work in the system of national and world literary processes. The works of modern writers, who are followers of artists who described various periods in the history of the Kazakh people, have a direct impact on the formation and renewal of the historical and national consciousness of the current reader. The subject of special consideration is the features of the image of historical truth and artistic solution in the novel-Hamsa by Ramazan Toktarov "Abaydyn zhumbagi" (the Abay Riddle). The article also analyzes the artistic solution of the continuity of motives of realism and romanticism (realistic character and artistic fiction) in modern Kazakh novels.

Keywords: historical person, process, truth of life, Tarikhi historical truth, artistic decision, artistic technique, Hamsa novel, documentary

Айтимов М.,¹ Каримова Г.²

¹ Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
г. Кызылорда, Казахстан

² КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПРАВДЫ И ХУДОЖЕСТВЕННОГО РЕШЕНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РОМАНАХ

(на основе романа-хамсы Р. Токтарова “Феномен Абая”)

Аннотация

В статье рассматриваются и систематизируются художественные особенности изображения образов Абая и одного из его учеников Абдрахмана и деятеля Алаш Алихана Бокейханова (авторское повествование, диалог, монолог, характеристика, портрет и др.) в романе-хамсе писателя Рамазана Токтарова “Абайдың жұмбағы” (“Феномен Абая”). Романы современной казахской прозы - результат творческого труда в системе национальных и мировых литературных процессов. Произведения современных писателей, являющихся последователями художников, описывавших различные периоды в истории казахского народа, оказывают непосредственное воздействие на формирование и обновление исторического и национального сознания нынешнего читателя. Предметом специального рассмотрения являются особенности изображения исторической правды и художественного решения в романе – хамсе Рамазана Токтарова “Абайдың жұмбағы” (“Феномен Абая”). Также в статье проанализировано художественное решение преемственности мотивов реализма и романтизма (реалистического характера и художественного вымысла) в современных казахских романах.

Ключевые слова: историческая личность, процесс, правда жизни, тарихи историческая правда, художественное решение, художественный прием, роман - хамса, документальность

Кіріспе. Қазіргі қазақ романдары ХХ ғасырдың 90 - жылдарындағы қоғамның еркін ойлау сілкіністерінің әсерінен адам мен әлеуметтік орта шындығын классикалық көркемдік үрдістер аясында жаңаша бағалауымен ерекшеленеді. Себебі, көркем әдебиет шығармаларының бәріне де негіз болатын тарихилық әрбір кезеңнің дәуірнамалық жаңалықтарымен қаруланады. Қаламгерлер туындыларындағы мазмұн мен пішін жаңашылдығына өмір сүріп отырған қоғамдық құрылыс жүйесі ықпал жасайды.

Тарихи деректер романдардағы эпикалық баяндаулардың да, кейіпкерлердің мінезделуі мен даралануын жүзеге асыратын диалогтардың да, ішкі монологтардың шынайылығын қамтамасыз етеді. Басты және жанама кейіпкерлердің өзара қарым-қатынастарындағы үйлесімді және қақтығыстарды, олардың әлеуметтік ортадағы қызметтерін саралауда тарихи деректер туындылардың оқырмандарын сендіретін реалистік сипатты күшейтеді. Ал, тарихилық негізіндегі көркем бейнелер шығармалардың халықтық сипатын айқындайды.

Нәтижелер мен талқылау. “Абайдың жұмбағы” роман - хамсасындағы тарихилық негізінде жазылған көркем бейнелердің бірі - хакімнің баласы Әбдірахман.

Романда Әбдірахманның бейнесі бірнеше сюжеттік бөліктерде көрінеді. Солардың ең көрнектісі - Әбдірахманның Санкт - Петербургтегі оқуынан жазғы демалысқа келген кезеңінің суреттелуі. Әбдірахман бойының сырықтай болып өскені, қол-аяқтарының балғынданып, кеуде сүйектерінің шалқая, көтеріле түскені, дауысының да, маңайына көз тастауы да өзінше бір байсалдылыққа ауысқаны - бекзадалық, тектілік-зиялылық көрсеткіші тұрғысында түсіндіріліпті.

Абайдың Әбдірахманның кескін - келбетіндегі, жүріс-тұрысындағы жоғары деңгейлі биік парасат мәдениетін бұрын көрген Шоқанмен, Халиолламен ұқсастыруы да дәйекті. Әбіштің Лев Толстойды Петербург сарайларынан көргенін, сақалы беліне түсіп, мұжықтарша киініп жүретінін айтатынын, шаруалармен бірге жүріп, шөп шауып, мая салысып, қара, ауыр еңбекпен қарапайым өмір сүруді дағды еткенін айтқанда, Абай да баласымен сыр бөліседі. Өзінің жан әлемін, жүрегін ақыл-ой, шығармашылық қара жұмысына жеккен қызметін есіне салады.

Романның көркемдік шешімі - Әбдірахманның жаңашыл жас буын, жаңа толқын өкілі ретінде қалыптаса бастаған тұлғасын аңғарту. Әбдірахман “әкесінің әр қолда бытырап жүрген өлендерін жинақтап, бір кеш отырып оқып шыққан соң” [1,580] шығармалардың әлем әдебиеті классикалық

туындыларымен (А. С. Пушкин, Л. Н. Толстой, т.б.) деңгейлестігін айрықша атап көрсетеді. Әсіресе, “Білімдіден шыққан сөз”, “Сегіз аяқ”, “Әзелде бір суық мұз ақыл зерек”, “Қажымас дос халықта жоқ”, “Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да”, “Өзгеге көңілім тоярысың”, “Білектей арқасында өрген бұрым” атты өлеңдерінің әрқайсысына тән мазмұн мен пішін тұтастығын, тіршілік қозғалысындағы қарама - қайшылық мәнісін ашқан шыншылдығын, сыншылдығын саралап бағалайды.

Әкесінің өлеңдеріндегі Л. Н. Толстоймен үндестікке көбірек тоқталады, екі ақынның да жақсылық жолында жүруді ойлайтындардың жалғандығының салдарынан сол жақсылыққа жете алмайтынын дәлелдеген даналықтарына сүйсінеді. Әбдірахман әкесінің жақсылық уағызшысы болып жүрген жолының мәңгілігін, сол жолды ұстанған жастардың ұрпақтар жолын болашаққа жеткізетініне сендіреді, әрі үмітін нығайта түседі.

Романда Әбдірахманның әкесі Абайдың рухани демеушісі, үміті болғаны көркемдік тәсілдермен берілген. Мысалы, Абайдың түсінде Әбіші әкесінің өлеңдері жазылған парақтарды асықпай жинастырып отырған жағдайында көрінеді. Романда тарихи тағылымды дерегі ретінде Әбдірахман Алматыда (Верныйда) ауырып жатқанда, Кенесары ханның баласы Сыздық сұлтанмен дидакталасқаны, сұхбаттасқаны туралы бейнеленген.

Тарихи дерек бойынша Сыздық сұлтан - қазақтың ұлттық тәуелсіздігі жолында күрескен санаулы қайраткерлер қатарына лайықты тұлға. Зерттеуші Н.Павловтың “Бодандықтан бой тартқан” атты тарихи зерттеуінде сұлтанның еңбегіне лайықты бағалаулар берілген:

“Түркістан отрядының Қоқанмен, Бұқарамен жүргізген соғысында, Хиуаға жасаған жорығы кезінде де ең қуатты қарсыласымыз Сыздық (Садық) сұлтан болды.

Кенесары Қасымовтың баласы, Абылай ханның шөбересі, Тұрандағы аса ірі тұлғалардың бірі болып табылатын даланың жаужүрек ұлының бойына бізге деген өшпенділік ана сүтімен сіңгендей еді. Тұран өлкесіндегі өз бастастарынан Сыздықтың сирек кездесер оқшау бір өзгешелігі - атақ, мансап, қадір - құрмет іздемегендігі; жақсы жауынгер, талмас қажыр иесі екендігі де оның жақсы қасиеттерінің қатарында аталуға тиіс.

Кенесары марқұмның қыздай алған бәйбішесі Күнімжаннан Жапар, Тайшық, Ахмет туады, екінші әйелі Жағым ханымнан бес ұлы болады: Омар, Оспан, Әбубәкір, Сыздық, Шығай. Кенесары өлгенде Сыздық он жаста” [2,412].

“Абайдың жұмбағы” роман-хамсасында хакім Абайдың және Кенесары хан балалары Әбдірахман мен Сыздықтың дидакталуы мен сұхбаты да өмір шындығына сәйкес берілген. Роман композициясындағы осы кездесу - сұхбаттың болғандығына, әрине, жазушының қиялы қосыла жазылған.

Сыздық ең алғаш 1864 жылы генерал Колпаковскийдің тұсындағы жаңа ірге көтерген Верный станицасын көп әскермен қоршап, қала гарнизонын төбелерінен жай түсіргендей еткен - еді. Бұл күнде ол ақ патшаның кешірімін алған, қайда болсын еркін жүріп - тұра береді.

Осының алдында Тәшкенде, Бұхарада болып, енді Жетісу өңіріндегі ертеден сіңісті болып кеткен төре ағайындарын бір аралап қайтпақ оймен келіпті” [1,626].

Әбдірахман ұғымында алып денелі баһадүр болып елестейтін Сыздықтың кескін-келбетін атына лайықты сәнді киімімен де, қарапайым тұлғасымен де оқырманға елестете бейнелеген. Бұл - өмір шындығын көркем туындының реалистік сипатына орайластыра бейнелеудің үлгісі. “Басында шошақтау құндыз бөрік, иығына желбегей жамыла салған өрнекті атлас шапаны жалт-жұлт етеді... Бұл кісі Әбдірахманның ұғымында, атқа отырса аяғы салбырап жерге түсетін, мойны-басы бітеу жаралған анық баһадүр бейнесінде еді. Ондай ештеңе байқалмайды. Шапаты ғана денесі бар, бет-пішіні, саусақтары жұқалтаң, сөйлеу мәнерінен де әйел затына тән әсіре ұяндық сезіліп отырды” [1, 627].

Сыздық сұлтанның тұлғасы шағын болғанмен, ширек ғасыр бойы Орта Азия хандықтарын уысынан шығармай, отаршылдыққа қарсы күрес жорықтарын үздіксіз жүргізгені, ақыры халық тыныштығы үшін амалсыз Ресей патшалығының кешірімін алғаны белгілі. Әкесі бастаған ұлттық - азаттық жолындағы күрес жолында еріксіз тоқтағаны Әбдірахманмен әңгімелесуі кезінде анық байқалады. Сыздықпен болған кездесуі, сұхбаты үшін ояз кеңсесіне шақырып, жандарм шенеулігі Әбдірахманның мұндай адамдардан аулақ жүруін ескерттеді.

Әбдірахман өмірінің соңғы айлары Алматыдағы казарма лазаретіндегі емделумен өткенін, сал болып орнынан тұра алмаған Әбіштің келіншегі Мағрипаны елге қайтарғаны да дерекке сай берілген.

Әбішіне арнап өлең-жыр жазған әке Абайдың алаңжар көңіл - күйі де перзентіне деген айрықша махаббатын көрсетеді. Алматыдан Мағауиядан Әбіштің төмендеп қалғаны туралы хаты, одан кейін іле - шала телеграммалары келгеннен кейінгі хакім Абайдың психологиялық жай - күйі де реалистік

сипатымен бейнеленіпті. Бұл жазушының көркем прозалық шығарма мәтінінде сыршыл лирикалық әуенділікті, психологиялық иірімділікті енгізе толғануды қолдану шеберлігі:

“Абай оны естігенде жылаған да, артық күйінген де жоқ, құлама жар жиегіне келіп қалғанын жаңа байқаған жандай, алдына үңіле қарап тұрып қалыпты.. . Үмітінің ең қараңғы түкпіріне апарып жаққан жалғыз шырағы сөніпті. Арман көкжиегі күйреп, жартылай, мүмкін тіпті бүтіндей өзі өліп тұр. Өзіне жеткендей қаза бұйырығы” [1,651].

Абайдың осы романдағы Әбішіне арнаған әкелік махаббаты, қайғылы халі, көңіл-күйінің сарындары осы баласына арналған өлеңдерінде мол көрініс тапқандығы мәлім.

Хакімнің Әбдірахманына, Әбішіне арнаған өлеңдері өзіндік бір шоғыр құрайды: “Әбдірахман өлгенде” (“Арғы атасы қажы еді”), “Әбдірахман өлгенде” (“Кешегі өткен ер Әбіш”), «Әбдірахман өлгенде» (“Тұла бойың ұят, ар едің”), “Әбдірахман өліміне” (“Жиырма жеті жасында”), “Әбдірахман өліміне” (“Талаптың мініп тұлпарын”), “Әбдірахманға” (“Орынсызды айтпаған”), “Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы” (“Бермеген құлға қайтесің”), “Әбдірахманның әйелі Мағышқа айтқан жұбатуы” (“Жылағанды тоқтатып”), “Әбдірахманның әйелі Мағышқа шығарып берген жоқтауы” (“Айналайын, Құдай-ау!”) (Абай (Ибраһим Құнанбаев), 1986), (“Әбдірахман Алматыдағы Әпсәмәт жиенінің үйінде 1895 жылдың қараша айында дүниеден өткен - ді” [3,652] көрсеткен осы желінің көркем шығармадағы кейіпкер тағдырының өмірін, шындық дерегін дәйектегені құнды.

Себебі, хакім Абайдың өмірі мен шығармашылығын, жанындағы жақын адамдарымен, қоршаған әлеуметтік топтарымен - бәрін де жаңаша жазып шығуды мұрат еткен қаламгер реализмінің әдеби үдерістегі бағалылығы да көркем бейнелерді тарихилық арнасынан бұрмаламай алғандығымен маңызды.

Тарихилық арнасындағы көркем бейнелер көркем шындық поэтикасы аясында жинақталады. Көркем шындық - өмірде болған тарихи тұлғалардың да тұрмыс ағынында жалпыға ортақ қасиеттерін эстетикалық талғам, таным өлшемдеріне сай жинақтап, тұтастырып берілуін жүзеге асыратын поэтикалық тәсіл. Жазушылардың романдарында тарихтағы танымал тұлғалардың жан әлемін романтикалық және реалистік сарындар ұштасуымен бейнелеуі адам жан - дүниесіндегі өмірсүйгіш, арманшыл жүрек соғысын танытқандай әсер береді. Көркем прозадағы лирикалық - психологиялық кешенді бейнелеулер мен баяндаулар арқылы өмірдің аса таусылмайтын қызықтары да, сенім мен үмітке толы болашағы да қамтылады. Бұл - көркем өнері туындыларының бәріне де ортақ адам ойы тереңдігінің, шексіздігінің шынайы көрсеткіші.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдың 90 - жылдары мен қазіргі ХХІ ғасыр басына дейінгі кезеңі кезеңнің саяси-идеялық таптық көзқарас шеңберіндегі шығармалар жазу үрдісінің қатаң жүйе болып қалыптасқан жолы еді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің ықпалымен таптық көзқараспен ғана көркем шығарма жазу үрдісі тоқталды. Әдебиетіміз шығармашылық еркіндік алды.

Қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпта шығарма жазудың 30-80 - жылдарында қалыптасқан көркемдік үрдістердің жаңаша қарастырылуы кеңінен өрістей бастады. Қазақ тарихының аса көрнекті қайраткерлері Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Мұхтар Әуезовтің және т.б. көрнекті қайраткерлердің көркем бейнелерін уақыт талабына орай бейнелеудің алғашқы қадамдары жасала бастады.

Жазушы Р.Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман - хамсасындағы Алаш көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейхановтың тарихи тұлғасын әдеби көркем бейне тұрғысында көрсетуге талпыныс жасалғанын көреміз.

Тарихи тұлғалардың көркем шындықпен бейнеленуіне негіз болатын түпкі негіз - олардың жазып кеткен сөздері, тарихи мұралары және олар жайында жазылған тарихи деректі материалдар. Бұл орайда, қазіргі қазақ әдебиеті шығармаларында әлеуметтік ортадағы қызметімен дараланған Алаш көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейхановтың мұрасын қамтып жарияланған еңбектер деректігінің болатыны анық [4,142].

“Абайдың жұмбағы” роман - хамсасында Әлихан Бөкейхановтың да өз кезеңінде атқарған қызметін, саяси - әлеуметтік көзқарастарын аңғартатын сюжеттік бөліктер бар. Әлиханның қазақ халқын әлем өркениеті деңгейінде дамыту, ұлттық өркендеуді еуропалық ғылыми-ағартушылық жетістіктерімен молайтуды көздеген көзқарастары оның дүниежүзілік деңгейдегі қайраткер екендігін айғақтайды.

Тарихшы – ғалым М. Қойгелдиев жинақтаған деректер бойынша: “Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (25.03.1866, бұрынғы Семей болысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-а. – 27-д. 1937, Мәскеу) - қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт - азаттық және Алаш қозғалысының

жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, аудармашы. Бөкейханов орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата-тегі: Бөкей - Батыр Мырзатай - Нұрмұхамед – Әлихан” [5,401].

Жастайынан мектептерден (1879-1886), техникалық училищелерден (1886-1890 жж.), Санкт - Петербургтегі орман институтының экономика факультетінен (1890-1894 жж.) білім алған Ә.Бөкейханов Ресейдегі және әлемдегі саяси - әлеуметтік даму жолын, болуы анық өзгерістерді жан - жақты тани бастаған. Әсіресе, Қазақ елін отарлаған Ресей империясының саясатын терең зерттеп білгеннен кейін, өзінің қайраткерлік күрескер ұстанымын жүзеге асыруға ұмтылды. Өзінің маңына ниеттес қазақ зиялыларын жинаумен, ұйымдастырумен айналысып, ұлттық-азаттық күрес жүргізуге жұмылдырды. Бүкіл байтақ қазақ халқын біртұтас ұлттық мұрат жолына ұйымдастыруды, сол үшін Ресейдегі саяси күштермен де одақтасуды, қорытындысында қазақ халқының тілі, дінін еркін ұстауын және т.б.. сан алуан демократиялық бостандықтарын жүзеге асыру жолында еңбек етті. Ә. Бөкейхановтың осындай ұлттық - демократиялық жұмысында оның Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және т.б. қазақтың ұлттық қайраткерлерімен бірге болған жолы айқын бағдарлы болды.

Қазақстан тарихындағы ұлттық - демократиялық қозғалысты ұйым-дастырған қайраткерлердің қызметтері олардың отарлық езгіге қарсы өркениеттік іс - әрекеттерін айғақтайды. Қазіргі жаңа бағыттағы тарих ғылымының зерттеулері де олардың қызметтерінің маңызына лайықты баға беруде:

“Ұлттық - отарлық езгінің күшеюі, царизмнің аграрлық саясаты, өлкенің әлеуметтік - экономикалық өміріне капиталистік қатынастардың енуі қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсуіне алып келді. Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс әр текті болды, әр түрлі идеялық-саяси ағымдар әрекет жасады, солардың негізгі тобы ұлттық интеллигенция - Петербург, Қазан, Мәскеу, Томск, Омск және Орынбор университеттері мен училищелерін бітіргендер құрды. Ұлттық интеллигенцияның әр түрлі идеялық-саяси ағымдарының пікірлерін неғұрлым айқын білдірушілер “Айқап” журналы мен “Қазақ” газеті болды.

“Айқап” журналындағы басты мәселе аграрлық мәселе, яғни жер жөніндегі қарым - қатынастар, көшпелі шаруашылықтың отырықшылыққа айналуы, аграрлық мәдениет, шаруашылық формаларын өзгерту т.б. болды.

1913 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрған “Қазақ” газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдіреді.

Онда қазақ конституциялық - демократиялық партиясының және қазақ халқының жалпы ұлттық қозғалысының жетекшісі, ғалым-экономист Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқалар қызмет істеді. Ең басты мәселе - аграрлық мәселеде олар жерге мемлекеттік меншікті жойып, оны қазақтардың меншігіне өткізуді, жерді сатуға тиым салуды талап етті. Өлкенің қоғамдық - саяси өмірін дамыту саласында либералдық-демократиялық бағыт қоғамның эволюциялық дамуын жақтады» [6,284].

Жазушы тарихтағы болған оқиғаларды, ондағы танымал тұлғаларды осындай уақыт шындығына сәйкес бейнелейтіндігімен өзінің шығармасының реалистік сипатын орнықты ете алады. Тарихта болған оқиғалардың халықтың тағдырындағы талай-талай қақтығыстармен жүзеге асатыны мәлім.

Жазушы Р.Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман-хамсасындағы өз есімімен аталып бейнеленген Әлихан тұлғасының сөз арқауындағы тарихи деректерімен сәйкестігі толық сақталыпты. Нақтылап айтқанда, роман -хамсаның “Нұрсипат” атты бесінші кітабында тарихи тұлға Әлиханның Долгополов есімді орыс оқымыстысымен бірге Петербургтегі Нева жағалауында әңгімелесіп жүргендерін, олардың кескін - келбеттерін бейнелеуі де қызықты. Автор Әлиханның кескін - келбетін де сол сәттегі жасына лайықты бейнелеген:

“...жазық кең мандайының астынан сүзіле қараған өткір қой көзді, селдірлеу қияқ мұрты әсем ширатылған монғол тектес бөтен нәсілден” [1,713].

Романның осы бөлімінде тарихи тұлғаның халқының тарихына алаңдаған көңіл-күйін танимыз. Оқымысты Әлиханды сол кездегі Ресейдің халықаралық деңгейде көрнекті, беделде болып тұрғаны, ірі державалар Англияның, Францияның, Германияның, Ресейге саудаласпай-ақ қарыз беріп, соншалықты ықыласты болып отырғаны, “Бәрінен бұрын шимойын Николайдың мәдениет пен прогреске мән бергіш болып бара жатқаны қауіп ойлата береді” [1,713].

Романда Ресей мемлекетінің XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы дамуы негізге алынып, Әлихан Бөкейханов пен Долгополов екеуінің сұхбаты арқылы мынадай өзекті мәселелердің талқыланғанын оқимыз: біріншісі - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей мемлекетінің қоғамдық-әлеуметтік, саяси - экономикалық жағдайы; екіншісі Ресей империясы құрамындағы отарланған Қазақ елінің мүшкіл хал-ахуалы.

Әлихан - қазақ мемлекетінің тарихындағы Абайтанудың алғашқы бастамашы зерттеушілерінің бірі. Әдебиеттанушы - ғалым Мекемтас Мырзахметов “Абайтану тарихы” атты еңбегінде бұл туралы мынадай дерек айтады:

“Орыс тілінде Абайдың өмірі мен творчествосын топтастырудың тұңғыш қадамын Әлихан Бөкейханов бастады. Бірақ кеңестік заманда Әлихан Бөкейхановтың жазаға ұшырап, ол жазған аса бағалы еңбектердің бәріне де, тіпті оны атаудың өзіне тыйым салуы - соңғы ұрпақтың сол жөнінде мүлде хабарсыз қалуына алып келді. Яғни, оның қаламынан туған еңбектің бәрі де ақтаңдақ айналып кетті.

Ә.Бөкейхановтың Абай туралы жазылған “Абай Құнанбаев” азанамасы (некролог) Абайтанудағы тұңғыш адым, бастапқы еңбектердің бірегейі десе болғандай. Өйткені, орыс қауымы алғаш рет қазақ әдебиетінің классигі, қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытты бастаушы жаңашыл, ойшыл ақын Абай туралы тұңғыш рет толық мағлұмат, жүйелі ұғым алды.

Абай өмірбаяны мен өскен ортасы көшпелі өмір бесігінде тербеліп өскен қазақ болмыс ерекшелігін білгірлікпен аша отырып, ұлы ақынның сөз өнеріндегі шеберлік пен шешендік билік өнеріне халық арасында жетілу жолы да қапысыз ашылуы орыс оқырмандарына тосын жаңалық ретінде қабылданды.

Абайтану тарихында Абайдың ақындық өнер мен ислам дініне қарым-қатынасы жайлы аса күрделі мәселеге де тұңғыш рет Әлихан Бөкейханов тарапынан білікті пікір айтылуы, сол кезең үшін айтарлықтай жаңалық болумен бірге бүгінгі ұрпақ үшін де мән - мағынасын сақтап отырған танымдық, мәні бар пікір деп білеміз” [7,47].

Романда зерттеуші айтып отырған осы азанамадан да бұрын жарық көрген Ә.Бөкейхановтың тағы бір маңызды еңбегі аталыпты. Жазушының дерегі бойынша: “...Абай есімі Россия географиялық қоғамының Петербургтен шығатын көп томды жылнамасының 18-кітабына қазақ даласы жайлы бірталай бағалы деректер енген екен. Осы тараудың ішінде Әлиханның Абай туралы жазған көлемді мақаласы да жүр. Онда Әлихан қазақтың бай ауыз әдебиетін сөз ете отырып, Абайға келгенде: “Наконец, как представители нового течения в киргизской поэзии, следует назвать Кунанбаева - автора многих стихотворений изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору принадлежат хорошие переводы “Евгения Онегина” и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз), таким образом у Семипалатинских оленши (певцов) можно слышать например, “Письма Татьяны”, распеваемое, конечно, на свой мотив» деп әуелі қысқаша таныстырып кетеді” [1,715].

Бұл - жазушының өзіндік ізденісінің жемісі. Әлиханның қазақ рухани мәдениеті және Абай шығармашылығы туралы еңбегінің “Россия. Полное географическое описание нашего отечества” атты көп томдық жылнамада жарық көргені, Долгополов сынды орыс зиялыларының сол арқылы қазақ халқын, оның фольклоры мен әдебиетін, Абайды білуі - бәрі де уақыт шындығының көркем шындықпен берілуі үндестігімен өрнектелген.

Романда Әлихан бейнесі тарихи болмысына сай бейнеленген. Мәскеу епархиятының миссионері отец Сергей мен Н.М.Балкашин деген сарай шенеулігі, теріс азу оқымысты - анық шовинист - итаршы екеуінің пікірталас айтысының арқауы “Қырғыз - қайсақ ордасын христиан дініне енгізу керек пе, әлде ертелік ете ме?” деген айтысына да Әлихан қарсы ой айтуға дайындалады. Әлиханды айрықша ширықтырған, ұлттық - азаматтық санасын сілкіндіре түскен шовинист шенеулік Н.М.Балкашиннің “Русский вестникте” жарияланған мақаласы, ондағы ой түйіні екендігі кейіпкер мінезін даралай түсу қызметін атқарып тұр:

“Қазақ қауымына жаппаған жаласы, жақпаған күйесі қалмаған әлгі ит мақаласының соңын шімірікпестен: “Киргиздар қайда кетсе, онда кетсін. Асты - үсті бірдей асыл қазынаға тұнып тұрған ол иен далаға түгелдей орыстарды қоныстандыру керек” деген жантүршігерлік сөздермен бітіріпті” [1, 718].

Кейіпкердің жан жүйесіндегі азаматтық - отаншылдық ойларын, перзенттік ашу - ызасын туындатқан күрескерлік-қайраткерлік іс - қимылдарына түрткі болған осындай әлеуметтік ықпалдар деректі қалпымен көрінеді. Әлиханның отаршылдық - шовинистік іс - әрекеттерге жан - жақты дайындықпен, байсалды саяси қайраткерлік дүниетаныммен баруына негіз болған бірнеше мәселені роман сюжетінде аңғарамыз: біріншісі - империялық өктем билікке қарсы тұрарлық бүкіл қазақ жұртының әлеуметтік күреске ынтасын оятуға арналған саяси-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру бағдарын белгілеуі, екіншісі хакім Абай және Сәдуақас (Сәкен ағай) Мұсаұлы сынды оқымысты зиялылар ақылымен озбыр күштерге байыпты, байсалды бағдарламасы бар күрес жолын ұстануы, оны жүзеге асыруды ойлауы.

Әлихан Абайдың төл туындыларымен де, аудармалық шығармаларымен де жақсы таныстығы бар сауатты, білікті оқырман тұғырында танылған. Әсіресе, Абайдың философиялық және сыншыл ойлы азаматтық лирикасын қазақтың ұлттық - отаншылдық көзқарасын қалыптастыру үшін пайдалану қажеттігін ұғынады.

Романдағы көркем шындықпен бейнеленген сюжет - Әлиханның Абаймен дидарласқан, сұхбат құрған сәттерінің бейнеленуі. Онда Әлиханның осыған дейін ауылдарда Абайдың сөздерін, өлеңдерін, ән - өлеңдерін ауыздарынан тастамай айтып жүрген адамдардың хакімге деген ықыласына қайран қалғаны баяндалған. Ал, үйшілік мәслихаттарда Абайдың дархан даналығын бағалайтын, оны өздеріне өте жақын санайтын адамдардың хакіммен емен-жарқын сұхбаттасатынына риза болады. Абайдың Әлиханмен болған мәжілістің эстетикалық тағылымы да шынайы сипатымен көрінеді:

“Абай Әлиханның келу құрметіне Көкбайға өзі бұйырып жаздырған “Сабалақ” дастанын домбырамен орындатты. Сондағы Көкбайдың ересен шабытпен саңқылдап шыққан сұлу әуені әлі күнге шейін құлағының түбінен кетер емес. Дастан айтылып біткен соң, Абай атағы жер жарған Абылай туралы” [1,721] оны қалмақ ханы Қалдан - Сереннің тұтқынынан Олжабай батырдың босатқаны, қалмақ ханының Абылай мен Олжабай туралы болжамы “Абылайдың бөксесі алтын, кеудесі мырыш, соңынан өзіндей батыр болып ұл туды. Олжабай, қазақ тағдыры сенің кеудең алтын, бөксең мырыш, өзіндей боп артыңнан ер тумайды. ...Сарыарқаны мен босатармын, бірақ менен айырып әкеткен сол халқың ертең басқа жұртқа бағынады” деген де тарихи тағылымымен өрілген. Романдағы осы сюжеттік бөліктің көркемдік шешімі - Әлихандай Алаш көсемдерінің Абылай хан, Олжабай батыр жолын жалғастырған қайраткерлік, батырлық жолының кейінгі ұрпақтар арқылы жалғасатынын хакім Абай толғаныстарымен түйіндеу:

“Абай жым-жырт тынып, аңтарылып отырып қалған қауымды сабырлы көзқарасымен жағалай бір шолып өтіп:

– Соны айтқан қалмақ ханының арты не болды. Тоз - тозы шықпады ма? Олжабайдың ерлігі өзінің басымен кеткен жоқ, халқына мұра болып қалды - деді.

Әлиханның көзіне Абайдың өзінің кеудесі тұтас сом алтыннан құйылғандай жарқырай елес беріп кетті” [1,721].

Тарихи тұлғалардың өмірде болған оқиғаларын көркем шындықпен бейнелеуде, әрине, қаламгерлер өздерінің қиялынан туындаған ойларды да поэтикалық өріммен қосатыны ақиқат.

Тарихтағы көрнекті тұлғалардың мінезіне, іс - әрекеттеріне байланысты ауыздан-ауызға таралып, сақталған деректі әңгімелер де қаламгерлердің кейіпкер тұлғасын сомдауына қосымша поэтикалық ажар беруіне ықпал етеді. “Абайдың жұмбағы” роман - хамсасындағы көрнекті тарихи тұлғаларға байланысты халық жадында сақталған, ұрпақтардың бір-біріне ауызша айтып жеткізген деректер де құндылығымен ерекшеленеді. Мысалы, әлем әдебиеті алыптарының бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің балалық шағындағы хакім Абайға байланысты көп айтылып келе жатқан деректердің бірі - оның хакімді көргені, оның өзіне арналған пейілін, ықыласты лебізін естігені. Осы оқиғаны дәйектейтін деректер Мұхтар Әуезов туралы естеліктерде де айтылған екен:

“...в ауыл Кунанбая, возили в гости маленького Мухтара, а там он единственный раз в жизни видел живого Абая. Запомнилось Мухтару Омархановичу только, что бы там все капризничал и плакал, а Абай его наругал как следует. Вот такой была встреча будущего автора эпопеи со своим будущим героем...”. (Из воспоминаний В.Н. Ауэзовой // РФ НКЦ “Дом Ауэзова”, п. №615, л. 28) [8, 13].

Мұхтар Әуезовтің алты жасында Абайды көріп, оның “Атасының қоңыр қозысы екен ғой” деп басынан сипап, батасын бергені туралы жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбаевтың “Бесігінді түзе” атты шығармасында да жазылған [8,13].

Ал, Р.Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман-хамсасында осы деректі оқиғаның бейнеленуі қаламгердің көркемдік шешімімен поэтикалық-логикалық қисындылық тұрғысында суреттеліпті. Жазушы кейіпкерлердің тарихта болған деректі оқиғасына олардың кескін-келбеті мен дидарласу сәтіндегі көңіл - күй құбылыстарын, сөздерін ұлттық - этнографиялық үрдіспен сабақтастыра бейнелеген.

“Қасында алты жасар немересі бар, бауырдағы Бөрліден Әуез қарт келіп, қақырынып, түкірініп шанадан түсіп жатыр.

Өздерін Мамай табына жатқызып, Тобықтыға сіңісті боп кеткен қожалар әулетінен, Абайға құдандалығымен мүшел жас айырмасына қарамастан құрбылығы жақын. Мұнда ол көбінесе, Мағауияның хал-жағдайын сұрап білмекке келеді. Абай оның Омархан атты баласынан немересі барын айтыстан білуші еді, алдына әкелгенде көріп тұрғаны осы. Тықыр басы шекелі, төбесіне

қойған шөкімдей айдары құмырсқа жонданып, ұйыса бұйраланып алыпты. Көмірдей қап-қара мойыл көздерінің сағасы күміс жалатқандай жылтырайды.

- Атың кім, қалқам? - деді Абай атасымен әңгімесін бір сәтке бөліп.

- Мұхтар.

- Өрісім болдың ғой. Келе ғой маған. Менің мына шапанымның ішіне кіріп отырасың ба?" [1, 722].

Жазушы бала Мұхтардың осы сәттегі табиғи отырысын да, оған деген Абайдың ықыласын да реалистікпен сипаттаған. "Атасының мойнына асылып, құлағына бірдеңе деп сыбырлап, қыңқылды көбейтіп" [1,722] жіберген балалық шалдуарлық қылыққа мән берместен жас өскіннің тұрпатынан келешек кемелділігін сезінген хакім даналығын айғақтайтын шешімді сөздердің кейіпкер аузынан айтылуын да көркемдік шешім тапқырлығы тұрғысында қабылдаймыз:

- Балам жақсы екен! Айдарынан ай шалқып тұр ғой... - деді де сыртта жүрген үй иелерінің бірін дауыстап шақырып алып: - Тай-құнан тақымына толатын емес қой мына баланың. Иығына қанат біткелі тұр ғой. Үстіне күміс ер салып, қорада тұрған бұрыл бестіні ап келіндерші! Ырысы боп байлансын! - деп, одан әрі Әуез қартпен алдында үзген әңгімесін қайта жалғастырып әкетті.

Романдағы деректі сюжеттердің авторлық көркемдік шешіммен жазылуында тарихи тұлғалардың жан әлемінен туындауы анық көркемдік ойлау тағылымы негізге алынады.

Көркемдік ойлау кеңістігінде адамның психологиясындағы түйсіну, елестету, болжау, шешім жасау, қорыту, т.б. сан алуан танымдық мәселелер үйлесіммен жүйеленеді, адамдардың ықылым замандардан бергі ақыл-ойынан туындаған адамгершілік дүниетанымы жетістіктері қорытылады. Кейіпкерлердің көркем жинақталған тұлғаларына тарихи санада қалыптасқан ойлау әлемінің болуы мүмкін мәселелері үйлесіммен енгізіледі. Бұл – көркем шығарманың адам жан жүйесін қамтудағы поэтикалық басты ұстанымы.

Өмір шындығын эпикалық шығармалардың мазмұны мен пішінде өнер тілімен бейнелеуде жазушылар шығармашылық қорытудың талай күрделі шешімдерін жасайды. Тарихтағы болған оқиғаларды, тұлғаларды әдеби бейне тұғырында сомдауда тарихи шындық поэтикасының күрделі, кешенді амалдары қолданылады. Бұл – жазушы еңбегінің аса күрделі болмысы.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, романдардың мазмұны мен пішін поэтикалық тұтастықпен жазуда өмір шындығын тарихи шындық поэтикасымен жазудың суреткерлік шеберлікке жеткізетіні айқындалады. Р. Тоқтаровтың "Абайдың жұмбағы" роман-хамсасының кең көлемді эпопеялық желісінде тарихи тұлғалардың өзара дүниетанымдық үндестігі де, әрқайсысының даралық өзгешеліктері де айқындалған. Қазақ тарихындағы әлемдік өркениет кеңістігіндегі озық көрсеткіштермен деңгейлес тұлғалардың өмір деректері тарихи-көркем шындық поэтикасымен жинақтала өрнектеліп, қазақтың рухани құндылықтары мұраларының мәңгілік ұлағаты анықталған. Қазіргі уақыт талабымен туындаған қазақ романы ұлт тарихының деректі кезеңдерін, көрнекті тұлғалар тағылымын эпикалық тыныспен бейнелеудің классикалық үрдісін жаңғырта жалғастыруымен ерекшеленеді. Бұл – қазақ сөз өнері дамуындағы тың серпілістің, өрлеудің көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы: Роман-хамса. – Алматы: Әл-Фараби, 1999. – 752 б. - кітап

2 Әуезов М. О Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б. - кітап

3 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т. 1: Өлеңдер мен поэмалар. – 304 б. - кітап

4 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 354 б. - кітап

5 Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер, еңбектер: монографиялары, мақалалары, сөздері, баяндамалары, өлеңдері, аудармалары, хаттары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 479 б. - кітап

6 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: Дәуір, 1994. – 448 б. - кітап

7 Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б. - кітап

8 М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 768 б. - кітап

Сұлтанова Б.¹

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Д. ӘШІМХАНҰЛЫНЫҢ “ЖЕР АҢСАҒАН САРЫАТАН” ПОВЕСІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Аңдатпа

Мақалада жазушы Дидахмет Әшімханұлының өз шығармаларында кейіпкерлер мінезін берудегі шеберлігі туралы мәселелер қарастырылған. Дидахмет Ашимханұлының қазақ әдебиетінде Б.Майлин, орыс әдебиетінде И.А. Бунин дәстүрін жалғастырушы, әңгіме жазу шебері екендігі айтылады.

Қазақ әдебиетінің маңызды ерекшелігінің бірі –оның демократиялылығы.

Дидахмет Әшімханұлының шығармаларында терең психологизм бар. Жазушы шығармадағы ситуациялық жағдайдан гөрі психологиялық күйді беруге тырысады.

Жазушы прозасын - ағалы-інілі ағайындылардың қарым-қатынасын суреттеген, отбасы құндылықтарының шығармасы деуге болады.

Ауыл туралы, адам өмірінің философиялық мәні, бақыт туралы ойлар “Жер аңсаған Сарыатан” повесінде жақсы айтылған. Отбасы, туған жер, борыш туралы ең терең ойларды қазіргі қазақ жазушысы Дидахмет Әшімханұлы шығармашылығынан табасыз.

Түйін сөздер: шеберлік, қазақ әдебиеті, хикаят, борыш, кейіпкерлер, жанр, психологизм

Sultanova B.¹

¹ *Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

AUTHOR'S IDEOLOGY IN THE NARRATIVE OF D.ASHIMKHANULY «CAMEL LONGING FOR THE EARTH»

Abstract

This article discusses the skill of Didahmet Ashimkhanuly in revealing the character of the characters in his performances. The author showed that D. Ashimkhanuly is one of the masters of the word, continuing the traditions in B. Maylina and the Russian writer I. A. Bunina.

One of the most important qualities and characteristics of Kazakh literature is its democracy. The works of Didahmet Ashimkhanuly are deeply psychological. The prose Didahmet Ashimkhanuly is a prose about the family, about relations between relatives: between mother and children, between brothers and sisters, between husband and wife, etc.

Thinking about the aul, the philosophy of human life and happiness are given in the story “Zher аңсаған Saryatan” You bring the highest universal ideas about family, duty, homeland and home from the work of the modern Kazakh writer Didahmet Ashimkhanuly.

Keywords: skill, kazakh literature, novel, duty, genre, character, character, psychologism

Султанова Б. ¹

¹ *Казахский Национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

АВТОРСКОЕ МИРОВОЗРЕНИЕ В ПОВЕСТИ Д.АШИМХАНУЛЫ “ЖЕР АҢСАҒАН САРЫАТАН”

Аннотация

В этой статье рассматривается мастерство Дидахмет Ашимханулы в раскрытии характера персонажей в его произведениях. Автор показал, что Д.Ашимханулы является одним из мастеров слова, продолжающих традиции в Б.Майлина и русских писатель И.А.Булнина.

Одно из важнейших качеств и особенностей казахской литературы — ее демократичность. Произведения Дидахмет Ашимханулы глубоко психологичны. Проза Дидахмет Ашимханулы – это проза о семье, об отношениях между родственниками: между матерью и детьми, между братьями и сестрами, между мужем и женой и т.

Размышление о ауле, философия человеческой жизни и счастья приведены в повести “Жер аңсаған Сарыатан” Самые высокие общечеловеческие идеи о семье, долге, родном крае и доме выносятся из творчества современного казахского писателя Дидахмет Ашимханулы.

Ключевые слова: мастерство, казахская литература, повесть, долг, жанр, характер, персонаж, психологизм

Кіріспе. Дидахмет Әшімханұлы - қалың оқырман мен әдеби ортада әңгіме жанрының шебері, стилист, талантты журналист ретінде танылған қаламгер.

Көркем шығармалары терең ойға жетелейтін, ал публицистикасында келелі мәселелерді қопара жазатын, ұлт тағдырына қашанда бей-жай қарай алмайтын көркемсөз шеберлерінің бір Дидахмет Әшімханұлының қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, ұлттың қоғамдық өміріне өлшеусіз үлес қосқан қарымды қаламгер екендігі даусыз.

Тілінің көркемдігі, идеясының сонылығы, сюжетінің күрделілігі мен образдарының психологиялық жан дүниесін берудегі жазу шеберлігінің жоғарылығы, талғампаздығы жағынан оқырманын өзіне еріксіз тартып тұратын жазушы-журналист Дидахмет Әшімханұлы әңгімелері де, хихаяттары да көп емес. Жазушы өз шығармаларын тақырып пен идея жағынан төрт топқа бөледі. Жер. Тіл. Дін. Салт-дәстүр. Аз жазса сандықта жататын сап алтындай бабына келтіріп саз жазған талғампаз жазушы. Бәріне жоғары талғаммен қарағандығын жазушының шығармалары әйгілеп тұр. Сол талғам таразысынан сығымдалып шыққан шығармаларының бірі - “Жер аңсаған Сарыатан” атты повесі. Шығарманың атауы да көтерген жүгі де ауыр.

Әдістеме. Мақаланы жазу барысында әдеби талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу, тарихисалыстырмалы әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. “Жер аңсаған Сарыатан” атты повесінің бірінші бетінде “Әке, әр шығарманың маңдайында сенің атың тұр. Бұл жинағымды аяулы анам Бағди Тәңірбергенқызына арнадым” деген сөз бар. Шығарманы анасына арнай отырып оқырманды әке туралы ойлануға мәжбүр етеді. Шығарманың кереметі де осында. Әңгіме - ана туралы, ой – әке жайында. Оқырманды ойланта алуында.

Сөз өнеріндегі ең киелі дүние – проза. Ондағы образдар. Көркем әдебиетте сөздің құдіреті ерекше көрінеді. Жай ғана сөз емес, сезімге эмоциялық әсер беретін құдіретті күш. Осы күш ата-ана туралы ойларға жетелейді.

Қазақ әдебиетіндегі шығармаларды парақтар болсақ, көптеген туындыларда ұлттық құндылықтар жеріне жеткізіле көркем бейнелілікпен суреттелді. Ұлттық мінездің, ұлтқа тән сананың көрінісі жазушы Дидахмет Әшімхан шығармаларынан да анық көрінеді. Жазушы шығармаларында ауыл адамдарының болмысы мен тағдыры дәуір тынысымен диалектикалық байланыста беріледі. Жазушы әңгімелерінде қазақы дүниетаным мен жаңа қоғамдық қатынас арасындағы қайшылықтар, ауыл адамдарының психологиясындағы, іс-әрекетіндегі заманауи өзгерістер жан-жақты, алуан қырынан көрсетіледі.

Жазушының қай шығармасын алсақ та ұлттық мінез, ұлттық ерекшелік әрбір кейіпкердің бойынан анық әрі айшықты көрінеді. Қазақ мінезіндегі мейірімділік, бауырмалдық, дархандық,

кендік бәрі-бәрі жазушының қай еңбегінде болмасын шығарманың негізгі өзегіне айналған. Дидахмет Әшімханұлының “Жер аңсаған Сарыатан” атты повесін алып қарайтын болсақ, бұл туындыда тұнып тұрған ұлттық ерекшеліктің, қазақтық руханияттың, қазақтың салт-дәстүрінің және ырым-тыйымдарының бедерлене суреттелгендігін көреміз. Сонымен қатар повесте кеңестік саясаттың зардабынан болған аштық та боямсыз берілген. Сондай-ақ адам баласынан бақтың кетуі оп-оңай екенін, адамның жерден айрылса бәрінен де айрылатынын шыншылдықпен көрсетеді. Бұл повест туралы пікірлер айтушылар шығармада Жер мәселесінің негізгі проблемаретінде көтергенін айтады. Бірақ шығармада бұдан басқа да аса маңызды бірнеше мәселер көтерілген.

Шығарманың бастапқы бөлімінде Қожық Есбергенге былай дейді: *“Әкемді ойладым... Өлерінен бір жыл бұрын Метрейдің үйіне келген орыстармен карта ойнап, астындағы күмістелген ерін, аяғындағы әмірқан етігін ұттырып алып, кейін қатты қапаланып еді. Сонда аяғына шәркей киіп отырып: “ерден айрылдым – жайдақ болдым, етіктен айрылдым – маймақ болдым, жерден айрылдым – бейбақ болдым. Сірә, мен оңбайтын шығармын”, - дегенінен көп сыр аңғарылады. Автордың айтуынша «байлық та, өнер де ұстай білгеннің ғана уысында қалмай ма, Сейдәлі соны ұстай алмаған», ештеңенің бағасын білмеген, басына қонған бақты бағалай алмаған адам. Сондықтан да Метрейдің есік алдындағы құлына айналды. Оқырманды ойға салатын Сейдәлі тағдыры. Жазушының шеберлігі қарапайым ғана оқиғаны тілге тиек ете отырып кейіпкерінің рухани тоналып, «Әкеден қалған байлығы, Құдайдың берген өнері бар оны ел-жұрты еркелетіп» алақанына салып қадірлеген адамның құлға айналғанын көрсеткен. Бір қарағанда әңгімеде аса бір шиеленіскен сюжет, не болмаса өмірдің дүлей дауылынан туындап жатқан оқиға да жоқ сияқты көрінеді. Алайда, жазушы сол қарапайым ғана адамдардың тұрмыс-тіршілігін суреттеп отырып-ақ, ұлттық құндылықтар мен қасиеттердің бағасын көрсете білген.*

“Қысқасы, сендерге бір қолқа салайын деп отырмын, – деп Ақаң бұларға сынай көз салған.

– Айтыңыз, сізден аярымыз жоқ, – деді Есберген.

– Құлағымыз сізде, ата, – деді Фазиза да сызылып.

– Айтсам... сендер келер жылдың алдында сол Сейдәлінің әйелі өзеннен су алып келе жатқанда, жасын түсіп мерт болған. Артында бір жастан жаңа асқан баласы қалды. Ол бала жетіге толартолмаста Сейдәлінің өзі көз жұмды да, бір әулеттен қалған жалғыз тұяқ діні басқа біреудің қолына көшті. Қожық деген сол көген көз қазір де сонда, Метрейдің шошқасын бағып жүріп жатыр. Ендеше оны бауырымызға алмасақ, қазақтығымыз қайсы, мұсылманышылығымыз кәне?” (125 бет). Есберген мен Ақсопы қария арасындағы бұл диалогтің астары терең. Қысқа ғана диалогке үлкен ойды сиғызған.

Біз қазір болашақ туралы ойланғанда ең алдымен жаһандануға жұтылмауды айтамыз. Ұлтты сақтап қалатын күш – тек ұлттық құндылықтар ғана екенін әр шығармасында дәлелдеп келе жатқан жазушының бірі де, бірегейі – Д.Әшімханұлы деуге болады.

Ал, шығарманың соңғы бөлімінде Қожық Есбергенге былай дейді: *“Таңертең жолға шықпай жатып, ерім сынды. Бұл жақсы ырым болмас, аға. Сосын ... ата-баба жерін тастап кетсем – мен де оңбайтын шығармын. Ұлықсат берсең, мен кейін қайтайын, аға”. Шығармадағы негізгі ой осында. Есбергеннің туған жерге деген махаббаты, сағынышы қаншалықты терең болса, Қожықтың да өз туған жеріне деген махаббаты дәл солай, одан жоғары болмаса кем емес. Ол да өз туған жерін, кіндік қаны тамған жерін қиып тастап кете алмайды. Дәл осы жерде туып өсті, дәл осы жерде балалық шағы өтті, дәл осы жерде есейіп ер жетті.*

Дидахмет Әшімханұлының барлық шығармаларына тән бір ғана форма бар. Ол - лирикалық шегініс. Мұндай форма Дидахмет Әшімханұлына дейін Әбіш Кекілбаевтың қаламына тән еді. Өмірдегі болған жағдайдың, сәттің тек фотографиялық көшірмесін бермей, оқырманға ой салатындай етіп, құнарлы тілімен анық жеткізе білетін Дидахмет Әшімханұлы жалаң, жайдақ сөзге құмар емес. Нақты оқиғалар мен ситуациялар арқылы адамның көңіл-күйін, мінезін, портретін шебер жасайды. Бұл хикаятта да жазушының кейіпкер әрекеті арқылы образды беру шеберлігі танылған. Қожық, Есберген бейнелері сипаттау, суреттеу үстінде емес, жағдаят арқылы берілген. Бұл классикалық прағаға тән сипат.

Шығармадағы Есбергеннің жары Фазизаның мінезі де қазақ әйелдерінің типтік бейнесін береді. Ол да ұяң, ақкөңіл жан. Азды-көпті ғұмырында Есбергенге жар болған ол оның кем-кетігін толықтап, үйін үй қылып, ошағының отын сөндірмей, қоңыр ғана тұрмыс кешкен. Өкініштісі, Фазизаның көрер жарығы ұзақ болмаған екен. Шығармада Фазизаның жоқтығы үйден бар қасиет кеткендей деп сипатталады. Қазақ тұрмысында әйел затының орны бөлекше, әйел адам болмаса отбасының,

жанұяның жылуы болмайды. Есберген мен Ғазизаның тіршілігінен көп жайтты аңғарамыз. Автор қазақ халқының барға қанағат етіп, жоққа салауат айтып өмір сүретін қарапайым қазақ әйелінің мінезін көрсетеді. Ұзақ отасқандарына қарамастан, екеуінің арасында бала болмайды. Баласыз үйдің қызығы да болмасы анық. Осындай көңілсіз күндердің бірінде, Есберген үйге олжалы оралады. Ақсопы шалдың өз үйіне келгенін жақсылықтың нышанына жориды. Жақсылықтан бекер үміттенбепті, арада жыл өткенде, екеуінің шаңырақтарында жарық дүниеге ұл бала келеді. Дәл осы жерден де ұлттық ерекшеліктің бір белгісін байқаймыз. Біздің халық арасында ежелден бері Ақсопы сынды әулие кісілер болған. Қазақ оларды елдің құты, берекесі деп ерекше құрметтеген. Олардың қасиеті бар деп түсінген. Қазақ тіпті, әулие, дәруіш болмаса да, үйіне түскен жолаушы, мейлі, жокшы болсын, құдайы қонақ, қырықтың бірі - қыдыр деп ұғынған.

Шығармадағы негізгі тақырып, бұл – туған жер, атамекенге деген ыстық ықылас, сарғая аңсаған сағыныш. Туған елге деген, жерге деген алып ұшқан көңіл-күй шығармадағы кейіпкерлер бойынан айқын көрінеді. Мысалы, Ғазиза мен Есберген аштық жайлап, ел ауған шақта атамекен Көгілдір таудан Қытай жеріндегі Көкен тауға қарай қоныс аударады. Сол мекенде жарты ғасырға жуық тұрақтаса да, туған жерге деген сағынышы ой, қиялынан бір шыққан емес. Есберген мен Ғазизаның балалық шағы да, жастық шағы туған мекені Көгілдір тауда өткен. Екеуінің махаббат сезімі де Көгілдір тау баурайындағы Мойылдысайда тұтанып еді. Ғазиза ауыр дертке шалдығып, ауру азабын тарса да, туған жеріне деген махаббаты еш сарқылған емес. Оны автор Ғазизаның Көгілдір тауды түсінде көруінен байқатады. Балалық шағы өткен Мойылдысайын көреді. Шығармада: *“Түнде адам не көреді. Есімде қалғаны – ар жағынан со тауға жеткенімізде артымызда күн қып-қызыл болып батып бара жатқан. Одан бергінің бәрі қараңғы зой... Айтпақшы, бүгін түсімде Мойылдысайды көрдім. Өзің айта беретін әлгі Бұқтырманың жағасындағы Мойылдысай ше... Сайдың ішінде сарқырап өзен ағып жатыр екен деймін. Сен өзен жағасындағы бір түп мойылдың уылжыған қап-қара жемісін ат үстінен үзіп жеп тұр екенсің. “Маған да бір сабағын әперші деп жатып оянып кеттім”* - деп Ғазиза өз кесесіне үлкен қара құманнан үстеп шай құя бастады. Туған жерге деген сағыныш, ақыры, оны атамекенге жетелейді. Ол атажұртын сағынғанда қолына сыбызғысын алып, күй тартып, шерін тарқататын. Қазақта туған жер ұлы ұғым. Ол қашанда ыстық. Туған жер тақырыбы талай ақынның өлеңіне, талай жазушының шығармасына арқау болған. Шығармадағы тағы бір маңызы айрықша кейіпкер – Көкен батырдың тікелей ұрпағы Қожық. Қожықтың бейнесі шығармада сом тұлғалы, тектінің ұрпағы десе дегендей қапсағай қайратты болып суреттеледі. Атасы да, әкесі де ақын болып, елдің ерекше ықыласына бөленген жандар. Қазақта ұқсамасаң тумағыр деген сөз бар. Сондай-ақ, текіден текті туады деген рас сөз. Шығарма соңында Қожық та өз тектілігін танытты. Қожықтың шын асылдың тұяғы екенін Есберген де байқады. Ұзақ уақыт бойы қолында өскен баланы Есберген толық тани алмапты. Алайда, оны қолынан мардымды іс келмейтін енжарлығы үшін айыптағаны үшін соңында өзі де өкінеді. Жастайынан жетімдік азабын тартқан, елдің босағасында күн көрген Қожық бүгінде атпалдай азамат болған. Егер, атасының дәулеті мен әкесінің өнері бойына дарығанда Қожық елді аузына қаратқан, мерейі тасыған азамат болар еді. Шығармадағы Қожық бейнесі қазақ дүниетанымындағы тектілік ұғымының дәлеліндей. Себебі, арғы тегіне назар салсақ, әулеті текті, қаны асыл.

Повестте бастан-аяқ қазақы қасиет мен мұңдалап көрініп тұр. Қай кейіпкерді алсақ та, қазақы сипат, қазақы қарапайым мінезді байқаймыз. Шығармадағы ұлттық ерекшелігімізді танытатын тағы бір мысал - Есбергеннің Қожықты ырымдап асырап алуы, аңнан келгенде мама ағаштың құлап қалуы, алыс сапарға аттанарда Қожықтың ерінің сынып қалуы сияқты көріністер. Қазақ бағзыдан ырымшыл халық. Келтірілген мысалдарда сол ырымдар анық айтылған. Қожықтың туған жерінен кетпей қалуына да осы нәрсе әсер етеді.

Дидахмет Әшімханның кез келген шығармасынан байқауға болатын ұлттық болмыс пен ұлттық ерекшелікті байқатар мінез-құлық, өмір-тіршілігіміз «Жер аңсаған Сарыатан» повесінде тереңінен қамтылған. Ал, ұлттық болмысты қалыптастыру, оны сақтау, берік ұстану кез келген ұлттың қолынан келе бермесі анық.

“...Ұшы-қиырсыз сары дала. Сары даланың бір ұшында сары бел. Сары белдіңбауыры – сағым ба, әлде шалқар көл. Шартабақ күн төбеде. Шалқыған ыстық жер-көкте. Табанын тасқа тілдіріп, жанарын жасқа жудырып, маңдайын жел күнсітіп, таңдайын шөл қаңсытып, сар желіп келеді Сарыатан. Таусылмайды сары дала, жеткізбейді сары бел. Сары белдің ар жағы – бота күнгі мекені. Бота күнгі мекенін боздап іздеп келеді, жүректегі бар шерін қозғап, іздеп келеді”. Шығарма осылай басталады, осылай аяқталады. Бұл үзінді шығарма ортасында да бірнеше рет

қайталады. Бұл жай қайталау емес. Ой екпіні бар. Логикалық екпін де осында. Қазақ әдебиетіне Ж.Аймауытов әкелген ақ өлеңмен жазылған.

“Бұл қара сөзбен жазылған, астары күміспен қақталған жыр. Бұл өзегінді қорғасын құйғандай өртер алапат өкініш жыры, бұл туған жерге деген адами сағыныш жыры, бұл ат жалын тартып міне, қиырға көз тігіп, Алтайынан ұшып кеткен, бүгінгі күні аһ ұрып, сағыныштың сал қылатын тауқыметін тартып жүрген автордың – Дидахметтің кіндік қаны тамған жерге деген күркіреген сезімдерінің жарыққа шыққан көрінісі” деген бір мектепте оқыған, жазушыны бала күннен жақын білетін Әлібек Қаңтарбаев пікіріне ештеңе алып қоса алмаспыз.

Есберген мен Қожық арасындағы әңгіме, сыбызғы үнімен баяндалатын Саратан оқиғасы кімді де болса бей-жай қалдырмайды. Туған жер адам үшін ғана емес, жануар үшін де қымбат дегенді санаңа сыналап кіргізеді. Тіпті кейде сыбызғы үнімен көркем тілді ұштастырғанда толқытады, толғантады.

“Ең алдымен, ненің күнә екенін білуің керек. Одан кейін өз күнәңді мойындаған ләзім. Сосын бір жаманшылықтың орнын бір жақсылықпен, бір обалдың орнын бір сауаппен, бір қиянаттың орнын бір қайырымдылықпен толтыруға ылғи да бейіл болсаң, жуылмайтын не күнә бар? Ал тіршілікте күнәсіз пенде бола ма, мен де оған кезінде белшемнен батқанмын. Жасымда атқамінер болдым, ел билігіне араластым. Қарақан басымның қамы үшін қара халықты талай сорлаттым. Біреуге тізем батты, біреуге тілім тиді. Енді, міне, қысы-жазы табанымнан таусылып, ел кезіп жүрген түрім мынау. Бір адамға болмашы жақсылық жасасам – жеңілдеп қалғандай болам. Әйтеуір, Құдай алдына тазарып барсам деген ниет те менікі...”- дейді Ақсопы қария. Адамды адам ететін де, Сұлтан ететін де осы тазаруға ұмтылу. Мұны дінімізде «иман» дейміз. Жақсыны көрсек «иманды екен» дейміз. Ар-ождан тазалығын, обал – сауап,, басқаға қылдай қылдай қиянат жасамауды, қайырымдылықты, адалдықты бәрінен жоғары қояды автор. Адамдарға жақсылық жасап, сол әрекетіне қуана біл дейді. Жаман ісіңе қайғырып рухани кемелділікке жету туралы айтып отыр.

Қорытынды. Жұмысты тұжырымдай келгенде еңбекте жазушы повестеріндегі көркемдік ұстаным, кейіпкер әлемі, ұшлттық мінез, баяндау тәсілі, характер ашу, портрет жасау, пейзаж мәселесі қарастырылды.

Дидахмет Әшімханұлының барлық шығармаларына тән бір ғана форма бар. Ол - лирикалық шегініс. Мұндай форма Дидахмет Әшімханұлына дейін Әбіш Кекілбаевтың қаламына тән еді. Өмірдегі болған жағдайдың, сәттің тек фотографиялық көшірмесін бермей, оқырманға ой салатындай етіп, құнарлы тілімен анық жеткізе білетін Дидахмет Әшімханұлы жалаң, жайдақ сөзге құмар емес. Нақты оқиғалар мен ситуациялар арқылы адамның көңіл-күйін, мінезін, портретін шебер жасайды. Әдебиет теориясындағы жанама портрет осы жазушы ағамыздың қаламына тән, ыңғайына келетін тәсіл. Әшімханұлының елден еректігі - тың ой, өміршең философияға құрылған адам өмірінің қарапайым көріністерінен құралған әңгімелері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар, Ұжымдық монография. – Алматы: “Print express”, 2017. – 510 б.
- 2 Әшімханұлы Д. Көптомдық шығармалар. Т.2. Ақшоқы. Әңгімелер мен әдебиэсселер, мақалалар. – Астана: Нұра-Астана, 2016. – 480 б.
- 3 Қаңтарбаев Ә. Тау мінезді талант// <https://egemen.kz/article/tau-minezdi-talant>
- 4 Ерғәбек Қ. Қарасөз – Алматы: “Ел-шежіре”, – 2013. 600-бет.
5. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын. Алматы, 2008.
- 6 Майтанов Б.Қ. Сөз сыны (XX ғасыр әдебиетінің көріністері). - Алматы: Ғылым, 2015. - 184-б.
- 7 Орда Г. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік көкжиегі//Ақиқат. 29.11. 2011 ж
- 8 Сұлтанова Б. Мифтік көркем ойлау жүйесіндегі атамекен, туған жер, құтты қоныс ұғымдары\ VI Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері симпозиумы, 2019 жылдың 13-15 маусым, Баку.

МРНТИ 17.01.09

Жұмақаева Б.¹

¹ Сүлеймен Демирел университеті,
Алматы, Қазақстан

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ТАНЫТУДЫҢ ТАРИХИЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада Абай шығармашылығын танудың тарихилық ұстанымының маңыздылығы айтылып, негізгі ой түйіндер Абайтану бағытындағы тұжырымдармен дәйектеледі. Осы уақытқа дейін Абайдың өмірін, шығармашылығын, өнерпаздық тұлғасын, қазақ әдебиетіндегі алатын орнын жан-жақты зерттелу үстінде болды десек те, Абайтанудың бүгінгі арнасын кеңіту қажеттігі айқын танылуда. Абайтанудағы жаңа бағыт-бағдар Тәуелсіз ел мүддесімен қабысып жатыр. Кеңес кезеңіндегі зерттеу жұмыстарының көбінде еркін айтуға, ақын ойын, көзқарастарын бүкпесіз, түбірін қазып зерттеуге ырық бермей, социалистік мүддеге негіздеу жағы басым болды. Абайдың саяси-әлеуметтік тақырыптағы шығармаларын кеңес кезеңінің мүддесінде түсіндіруге күш салынғаны жасырын емес. Абай өлеңдері мен қара сөздерінде өрнектелген «қуатты ойды» таразылау, Абай ілімдерінің негізін терең таныту, «Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы» ретінде ұстанып, адамдықтың асыл қағидаты ретінде бойға тұту аса маңызды. Сондықтан Абай мұрасының концепциялық негіздерін таныту үшін тарихилық ұстанымға жүгінудің маңызы зор.

Түйін сөздер: тарихилық ұстаным, болыс, би, партия күресі, жердауы, Ресей патшалығы, факторы

Zhumakayeva B.¹

¹ *Suleyman Demirel University,
Almaty, Kazakhstan*

HISTORICAL PRINCIPLE OF COGNITION ABAYA'S CREATIVITY

Abstract

The article emphasizes the importance of the historical principle of knowledge of the works of Abay, the main provisions of which are confirmed by conclusions in the field of Abay research. Although Abai's life, work, personality, and role in Kazakh literature have been studied extensively, the need to expand the current channel for studying Abay is clearly recognized. New directions in Abay studies are correlated with the interests of an independent country. Most of the research work in the Soviet period did not allow the freedom of speech, thought and views of the poet, the study of the roots. It is not a secret that attempts were made to interpret the political and social activities of Abay in the interests of the Soviet period. It is very important to weigh the "insightful thought" expressed in the verses and words of edification of Abay, to reveal the foundations of his teachings, to follow him as the "cultural capital of our nation" and recognize him as the noble principle of humanity. Therefore, it is important to turn to a historical position to show the conceptual basis of the poet's heritage.

Keywords: historical position, bolys, biy, struggle of consignments, land dispute, Russian empire, factors

Жумакаева Б.¹

¹ Университет Сулеймана Демиреля,
Алматы, Казакстан

ИСТОРИЧЕСКИЙ ПРИНЦИП ПОЗНАНИЯ ТВОРЧЕСТВО АБАЯ

Аннотация

В статье подчеркивается важность исторического принципа познания работ Абая, основные положения которого подтверждаются выводами в области исследований Абая. Хотя жизнь, работа, личность и роль Абая в казахской литературе были разносторонне изучены, необходимость расширения нынешнего канала изучения Абая ясно осознается. Новые направления в исследованиях Абаеведения соотносятся с интересами независимой страны. Большая часть исследовательской работы в советский период не допускала свободы слова, мысли и взглядов поэта, изучения корней. Не секрет, что были предприняты попытки интерпретировать политическую и социальную деятельность Абая в интересах советского периода. Очень важно взвесить "проницательную мысль", выраженную в стихах и словах назидания Абая, раскрыть основы его учения, последовать за ним как "культурным капиталом нашего народа" и признать его благородным принципом человечества. Поэтому важно обратиться к исторической позиции, чтобы показать концептуальную основу наследия поэта.

Ключевые слова: историческое положение, болыс, бий, партийная борьба, земельный спор, Российская империя, факторы

Кіріспе: Абай – қоғамдағы ірі тұлға. Оның шығармалары қазақ халқының тарихта дамып жеткен рухани дәрежесін танытады, сол арқылы болашаққа ұмтылар межесін көрсетеді. Бүгінгі күнге дейін Абай шығармалары әр қырынан танылу үстінде. Кейінгі жылдары Абайтану ғылымының жаңа қырлары мен жаңа қабаттары зерттеле бастады. Халқымыздың егемендік алуы өз мұраларымызға деген көзқарасты кеңіте түсті. Абайтану ғылымының да өресі өсіп, саясат ауқымынан ауытқымай келген кейбір көзқарас, түсініктердің еркін етек жаюына мүмкіндік туды. Абай шығармаларын тануда бұрын айтуға мүмкін болмаған ақын ойының жаңа астарын аша түсу мүмкіндігі туындады. Мәселен: Абайдың «Сәулең болса кеуденде» деген өлеңінде [1,91]:

Единица – жақсысы

Ерген елі бейне нөл.

Единица нөлсіз-ақ

Өз басындық болар сол – дейді. [1,91]Өлеңдегі ой ақынның өзіне қаратып айтылмағанымен уақыт озған сайын кейінгіге үңілген адамға Абайдың өзі де сол қоғамның единицасы болып көрінеді. Кешегі күн, өткен тарихымызда қоғамның әртүрлі әсер, ықпалымен Абай шығармаларын әр бағытта айтушылар болды. Тіпті осы «Сәулең болса кеуденде» деген өлеңдегі «Единица» ұғымына қатысты да әр қилы пікірлер айтылды. Абай қоғамдағы ірі тұлға болғандықтан, оның өмірі мен көзқарасына қоғамдағы болып жатқан сан түрлі өзгерістер әсер етпей қоймайды. Абайтанушы ғалым. М.Мырзахметов «Билемесе бір кемел» [2] деген мақаласында мынадай ой айтады: «Сәулең болса кеуденде» деген Абай өлеңіндегі ой сарыны «Единица - жақсысы, ерген елі бейне нөл» ұғымында жатыр, яғни берекелі елге керегі де бірлікті сақтай білер кемел ер. Бірақ осы ұғымды Абайтану тарихында көптеген тарихшылар көбінесе Абайдың досы арқылы келген халықшылдық танымдағы көсем мен тобыр жайлы оймен байланыстыра қарап келеді. Олардың танымында Абайдағы «единица» мен «нөл» ұғымы осы халықшылдық дүниетанымға орайлас жатқандай көрінеді. Ал М. Әуезов «Абай кім болған?» деген тезисінде «...Абай далек от народников...» деген жоғарғыда зерттеушілер айтқан танымнан мүлде бөлек жатқан ой байламын ұсынады. Уақыт өте келе Абайда айтылған «...көп шуылдақ бір кемел», «единица», «нөл» деген ұғымдардың «Сәулең болса кеуденде» деген өлеңінде мүлде басқаша қыры барлығы таныла бастайды. Абайдың болыстық ел билеу жүйесі әкелген ел басқарудағы анархиялық құбылысқа іштей қарсылықтан өзіндік жеке дүниетанымның кілтін ұстатып отыр», - деп жазады. Абай – өз қоғамында халық қайраткері, сондықтан Ресей патшалығы тарапынан келген елдің ішкі жағдайына тікелей әсер етіп отырған мәселелерге салғырт қарай алмайды. Ел басқарар адамның жаңа сипатын көруді көксейді. Ақын қоғамды осындай ірі мәселелерді шығармалары арқылы қауым назарына ұсынады. Өзі де келелі ірі істерге араласады.

Әдістеме: Абайдың өзін, оның шығармаларын өмір сүрген қоғамынан ажыратып қарауға болмайды. Абайды өмір сүрген қоғамы, ортасы шындады, шынықтырды, ширықтырды. Абайдың барлық шығармалары өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірдің шындығын мейлінше айқын, жан-жақты көрсетеді.

З.Ахметов «Абай творчествосын түгелдей алып талқылағанда, жеке шығармаларын талқылағанда да екі түрлі талдау принципін дұрыс ұштастыра білу шарт», – деп көрсетіп: «Оның бірі – тарихи принцип, яғни ақын шығармаларын туғызған заман қоғамдық орта элеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау болса, екіншісі – бүгінгі заман тұрғысынан қарау, қазіргі моральдық ұғым-түсінік идеяларға үйлестіре қарап бағалау», – дейді [3]. З.Ахметовтің Абай шығармаларын өмір сүріп отырған заман мен уақытқа байланысты көзқарасқа бағындыруды қажет деуі себепті, бұл пікір кеңес заманында қоғамдық бағыттағы коллективті мораль мүддесіне сай болу ыңғайында айтылған сияқты. Бұл ұсынылып отырған талдау принциптері бүгінгі талап-тілек тұрғысынан қарағанда да негізгі мүддеден алшақ кетпейді. Сондықтан Абай шығармаларын талдамас бұрын жеке тұлғаның қалыптасуының бір факторы болып есептелетін қоғамдық орта, тарихи кезеңге көңіл бөлген орынды.

Ақын туған, өмір сүрген кезең [1845 -1904] қазақ жерінің Ресей патшалығының қол астына кіру үдерісі аяқталып қалған кезеңі екені белгілі. Ресей өз отары болып есептелетін қазақ елінің бұрынғы хандық құрылымын ыдыратып, ел билеудің жаңа формасын енгізді. 1822 жылы Сібір қазақтарының арнаулы уставы жазылды. Қазақ жері ірі-ірі бірнеше округтерге бөлінді. Округ уездерге, уезд болыстарға, болыстық ауылдарға бөлініп басқарылды. Сатылы сайлау жүйесі енгізілді. Осылайша Ресейге қазақ елін шашау шығармай бір орталықтан басқаруға жағдай туды.

Бұл жағдай туралы М.Мырзахметов аталған еңбегінде Сырдария облысының генерал-губернаторы Н.И.Градеков «...1867 жылдың заңы... Қазақ руларын ыдыратып, әлсірету мақсатымен көшпелі халықты болыс-болысқа, ауыл-ауылға бөлуді өте қажет деп қарады. Өйкені көптеген қазақ руларын тұтастырып, бір үлкен ру басына билету саяси жағынан барынша зиянды нәрсе деп табылды», - деп атап көрсетуі жай нәрсе емес»-дейді [2,46]. Осы құжаттан байқалғандай, белгілі бір болыстық құрамына кіретін ауылдар туыстығы алыс болып келетін майда рулардан құралады. Ұсақ рулардың мейлінше көбірек енгізілуі болыстыққа таластағы ұсақ партия күресін сол құрлы жандандырып, қызу талас ел берекесін кетіріп, аздырып жіберуді мақсат еткен саяси күш болатын. Абай қоғамның ескіні ауыстырып, ысырып келіп жатқан осындай ел берекесін кетіретін зиянды әрекеттеріне наразылық білдіреді. Әсіресе, саясаттан бейхабар, халық қамынан гөрі өз бас пайдасын көксіп, таласқа түсетін ел адамдарына:

Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың;
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой [1,87],-

деуінің де мәні осында. Сол тұста округ, уезд басына жергілікті ұлт өкілінен ұсынбауды дұрыс санаған. Көбіне болыстықтар, ауылнайлықтар ғана қазақ ұлт өкілінің жеткен жоғарғы дәрежесі болып есептелінген. Осы шенді алу үшін ру басы атқамінерлер тарапынан ел ішінде көптеген талас-тартыс, егес молаяды. Бұрынғы жер дауы, жесір дауына қосымша болыстыққа талас та елдің ішкі жағдайын шиеленістіре түскен. Болыстық сайлау қарсаңында болатын ел ішіндегі әбігер, алашапқын, жанталас әрекеттер Абайдың “Күлембайға”, “Мәз болады болысың” деген өлеңдерінде де көрініс тапқан. Абай болыс дәрежесі мен ұлықтан шен алуды «Еш нәрсе емес жұбанар, Ақыл көзбен баққанға» деп астарлайды. Ұлыққа «бір қылығы жаққанмен», «күнде жақсы болмасы» белгілі, әрі ол билік «қақпаны» екенін жасырмайды. «Жасық, жаман болмасың, Жамандықтан қашқанға» деп, адал іске араласу, оңға жүру адамдықтың парызы ретінде көрсетеді. «Елertіп көзін аспанға» төбесі көкке жеткендей «мақтанға салынып» есі кеткен болыстың іс-әрекетін шенейді. Ақынның «Оқалы тон тола ма, Ар-ұятын сатқанға?!» деуі – ел мүддесі мен бар «қасиетін» шенге айырбастаған болыстың қылығына күйінуінен туған ойлар. «Одан үміт кім қылар, Жол табар деп сасқанда» деп елдің сенгені шен-шекпенділер емес екендігін аңғартады.

Отаршыл өкіметтің көп даярлықпен келіп кіргізген болыстық сайлау жүйесі елдің алауыздығын күшейтіп, бірлігін алып, тұрмыстық ахуалына да елеулі нұқсан келтірді. Әлеуметтік жағдайы төмендеп, қым-қуыт анархиялық-партияшылық та бір жағынан ел берекесін кетірген.

Осындай тікелей тәуелділікке қарамастан Абайдың әкесі Құнанбай кейбір төре тұқымдарының сұлтандары ғана жеткен лауазым – Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайланған.

Құнанбай билік басында екі жылдай болған. Сол кезде талай руға өктемдік еткен, жерінен көшірген, шұрайлы жерді өз руластарына алып берген. Бұның арты үлкен дауға, араздыққа, өштікке айналған. Бүгінгі күндері архивтерден табылған “Аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлының қылмысты ісі” делінген бірнеше айға созылған сот ісі осыны айғақтайды. М.Әуезов “Абайдың өмірбаяны” деген еңбегінде осы мәселелерге қатысты ру ішіндегі талас-тартыстың кең етек алғанын баяндайды: “Құнанбай Жігітектің он жеті адамын Сібірге айдатады... Сотталу, абақтыға жабылу, айдалу дегендер ел көрмеген үлкен сұмдық саналатын... Бір Құнанбай емес осы кезде ел ішінде жауласқан күшті жуанның бәрі де бір-бірін ұлық арқылы жер аудартып жазалап жүреді. Кейін өсіп іске араласатын жас Абайдың алдында әкесі тастап кеткен зор пәле, қайшылық, зорлық тұрған-ды” [4,66-67], – деп жазады.

Абай Құнанбайұлының 1889 жылы жазылып, алғаш 1909 жылы жарияланған «Болыс болдым, мінеки» өлеңінде ел мінезі айқын көрінеді. Болыстық жүйе – отарлаушы елдің енгізген билік жүйесінің жемісі. Орыс билігінің енгізген әкімшілік құрылымы бойынша: 50-70 қожалық (отбасы) бірігіп 1 ауыл (ауылнай) болады. Болыс 10-12 ауылдан құралады. 15-20 болыс бір округке біріктірілген. Округ басшылығына аға сұлтан сайланған. Сұлтанның қол астында 4 кеңесшісі болған. Олардың екеуі орыс, екеуі қазақтан бекітілген. Оларды 2 жыл мерзімге губернатор тағайындаған. Болыстық сайлау ояздың (округ басшысы) қадағалауымен жүзеге асырылған. Болыстық уезд басқарушы «оязға» кіріптарлықпен шешілетін болған соң, болыстың сайлануы мен сол орында мөлшерлі уақытта тұрақтауы қыл үстінде жүргендей тұрлаусыз болып шығады. Сұлтан мен болыс сайлауы барысында патша шенеуніктерінің алатын парасы тым көлемді болуы, бұл текетіресте қай жағы пара берсін, қазақ үшін мал-мүлкін тонаушылыққа әкеп соқтырып отырған. Абай шығармаларында ел адамының мінез-құлқына бұрын болмаған өзгерістер әкеп, жағымпаздық, жемқорлық әрекеттердің дәнін еккен де отаршыл билік екені аңғарылады. Абай болыстық саулаудың әділетсіздігін 22 қара сөзінде: «... құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ», дейді. «Болыс болдым мінеки» өлеңінде ақын бірінші жақта болыстың өзін сөйлете отырып, болыстық жүйе мен сол саясаттың қолшоқпары болған болысты ашық шенейді. 148 тармақтан тұратын, 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған өлең тұтасымен сарказмге құрылған. Өлеңде кейіпкер образын жасайтын негізгі тәсіл – болыстың іс-әрекеті. Кейбір портреттік элементтер («Етек кеткен жайылып, Ат к... жалпылдап»), мінездеу тәсілдері де («Сүйегі жасық, буыны бос», «мақтанамын кісімсіп...», «Мынау елді ұстарлық кісі емеспін» т.б.) болыстың іс-әрекетімен қабыстырыла беріледі. Өлеңнің көп тармағының еліктеу мәнді етістік формаларымен аяқталуы ақынның кейіпкердің іс-әрекетін айқын таныту мақсатынан туындаған. Өлеңде болыстан өзге ояз бен би, пысық, ұры-қары сияқты ел адамдарының да іс әрекеттері қылаң береді. Болыстың аса айқын танылатын бет-бейнесі – екіжүзділігі. «Күштілеріне бас изеп», «әлсіздердің сөзін салғырт тыңдайтын» болыстың екіжүзділігі ең алдымен ел алдындағы іс әрекеттерінен көрінеді.

Ақын өмір сүрген кезеңдегі қоғам өзгерістері қазақ қауымына жаңа мінез-құлық, психологиялық өзгерістер әкелді. «Сөз сауу», «қулық сауу», пысық, қу атанбаққа ұмтылу, бөтен елдің үлгісіне сап «мүшесінен буынып», сыптай киіну сол өзгерістердің жемісі еді. «Алдыңғы адасса – жөн, ал артына із салып, кейінгіге соқпақ болған осындай әрекеттер ақынды мазалайды. Бой түзеп, ел аралап, тіленшілікпен, «Терін сатпай, телміріп, көзін сатып», бос күлкімен күн өткізер жастардың молайғаны алаңдатады. Абай қара сөздерінде де ерді кері кетіретін кербездік қылықтарды «масқаралыққа», «ақымақтыққа» санаған. «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуел – құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер бер де, береді, құр тастамайды» дейді. «Мұсылман дініндегі иман, Абайдыңойынша, адам баласына ұлы жаратушыдан берілген бүкіл ізгі қасиеттердің жиынтығы. Иманныңкүзетшісі – ұят, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ».[5,168]Абай қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелерді тереңнен қозғайды. «Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?»деп сауал тастай отырып, осының бәрі бойкүйездік пен еңбексіздіктің әсері екенін ашып айтады. «Сырын түземей, сыртын түзейтін» кер жалқау сидаң жігіттерді:

«Олардың жоқ ойында малын бақпақ,

Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.

Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып,

Сәлемдеспей алыстан ыржаң қақпақ», деп шенейді. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» дейтін ақын күлкінің де жөн-жосығын ашып көрсетеді: «Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде

бір күлкі бар-ау – құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен келмейді, қолдан жасап, сырты менен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі» деп, жасына жетпей «тірі жанға» «қасынып», қалжыңмен ыржаңдаған кейіпті ажуалайды.

Қорытынды: Абай шығармаларын танытудың әдіснамамалық жүйесін зерделегенде тарихилық ұстанымның маңыздылығына көз жеткіземіз. Абай ақын ғана емес, өз заманының жақсы-жаманын таразылып, елінің қамын жеген ойшыл. Сондықтан:

«Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,

Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.

Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,

Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін», деп кейіді. Тәуелсіздік алғанға дейін Абай шығармаларын зерттеу бағыты да оқыту жолы да кеңес кезеңінің саясатына бағындылып келді. Көп шығармасы таптық мүдде тұрғысынан талданды. Тіпті тұрпайы социализм кезеңінде «Абай бір жағынан болысты жамандау, байды жамандау, биді жамандау деген әдетке салынып, ескішілерді сөкті. Екінші жағынан, «тексіз», байығандарды кекетті. Сөйтті де өзі де ақсүйектерді жаңалыққа, өнерге үндеді»[6] деген пікірлердің болғаны да жасырын емес. Абай шығармаларының алтын өзегін түйсініп, шығармаларындағы заман келбетінің тарихи себеп-салдарын кең қамту кеменгер тұлғаны танудың негіздерінің бірі демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Абай. Шығарм. жинағы. А., Жазушы, 1995.- кітап

2 Мырзахметов М. Билемесе бір кемел...//Абай. 1992. №1.- журнал

3 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. А., Ана тілі, 1995.- кітап

4 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т 18-А., Жазушы, 1979-1985. -148 б.- кітап

5 Кансеитова У.Р. «Абай шығармаларындағы табиғат лирикасы және эстетикалық тәрбие» ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки», № 2(60), 2017 -1685. 6 Мұқанов С. Әркім «өзінше» ойлайды (Шаймардан мен Ыдырысқа жауап ретінде) // Жаңа әдебиет. 1928. №3-5.- журнал

МРНТИ 17.82

Қожағұлов С.¹

*¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған, Қазақстан*

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Аңдатпа

Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Мақалада Абайдың «Адам болам десеңіз» тезисі бойынша көтерген көкейкесті мәселесі, басты мақсаты-ұлт болашағы жастардың бойында әділеттік, адамдық, имандылық қасиеттердің қалыптасуындағы білім-ғылымның маңызын терең таныту жайлы мәселе қозғалған. Ұлы ойшылдың ағартушылық-дидактикалық поэзиясының бастауында тұрған «жаңа өспірім, көкөрімнің» санасына сәуле құяр әр сөз, әр ой - ақынның «адам болам десеңіз» тұжырымының түйіні турасында ой қорытылған.

Қазіргі сандық ІТ технологияның, ақпараттық ағынның космостық жылдамдықпен қарыштап дамуы кезеңінде жасөспірім тұлғаны Абай мұрасы негізінеде рухани-адамгершілік тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлудің қажеттігі туралы пікір білдірген

Түйін сөздер: поэтика, дидактика, пәлсапа, жасөспірім, иманигүл, әділет, тілмаш, адвокат

Kozhagulov S. ¹

¹ Zhetysu state University named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan

THE PEDAGOGICAL THOUGHTS OF ABAY

Abstract

Abay's poetic works and words are full of philosophical, ethical, aesthetic, psychological and pedagogical opinions. The article deals with topical issues raised by Abay's thesis "be a man". the main goal is to deeply comprehend the role of science in the formation of justice, human and moral qualities among young people. About the need to pay special attention to the spiritual and moral education of the adolescent personality based on the legacy of Abai during the period of intensive development of modern digital IT technologies, information flows.

Keywords: poetics, didactics, philosophy, teenager, imanigul, IT technology

Кожазулов С. ¹

¹ Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова,
Талдыкорган, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ МЫСЛИ АБАЯ

Аннотация

Поэтические произведения и слова Абая полны философских, этических, эстетических, психологических и педагогических мнений. В статье затронуты актуальные вопросы, поднятые по тезису Абая «будь человеком», главная цель-глубоко осмысливать роль науки в формировании у молодежи справедливости, человеческого, нравственного качеств. О необходимости уделять особое внимание духовно-нравственному воспитанию подростковой личности на основе наследия Абая в период интенсивного развития современных цифровых IT технологий, информационных потоков.

Ключевые слова: поэтика, дидактика, философия, подросток, иманигуль, переводчик, адвокат

Кіріспе. Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды.

Әдістеме. Гуманист – ақын Абайдың XIX ғасырдың орта шенінде халқымыздың бойындағы жағымсыз қасиеттерді қатты сынға ала отырып, айтқан ойларының, көтерген өзекті мәселелерінің бүгін де маңызды, күн тәртібінен түспей отырғандығы ақиқат шындық. Сондықтан, қазақ әдебиетінің асылдануына, пәлсапалық ойымыздың кемелденуіне нәрлі құнар болған жұмбақ жанның ұлағатын ұрпаққа ұлықтау мемлекеттік деңгейде қолға алынуының маңызы зор.

Нәтижелері. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады.«Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты»-деп [1] жазды «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында.

Ақын жалаң үгітке бой ұрмай білімді, ғылымды игеруге бастайтын талаптың, «білмекке құштарлықтың» кілгін де ұсынады.«Талапты ерге нұр жауар» деген халық даналығына жүгініп, «талап қыл артық білуге», «артық білім кітапта» екенін жас өспірім санасына сіңіре түседі. Өзінің ізгі мүддесі тұрғысынан ақын адам болам деген әрбір талапты жастың бойында адамшылықтың қандай нәрі, ізгілікті сипаттары басым болу керектігін «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде дәйектеп берді. Бұл өлең М. Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі»[2,122] болатын-ды.

Абайдың «Адам болам десеңіз» тезисі бойынша көтерген көкейкесті мәселесі, басты мақсаты-ұлт болашағы жастардың бойында әділеттік, адамдық, имандылық қасиеттердің қалыптасуындағы білім-ғылымның маңызын терең таныту болды. Ұлы ойшылдың ағартушылық-дидактикалық поэзиясының бастауында тұрған «жаңа өспірім, көкөрімнің» санасына сәуле құяр әр сөз, әр ой - ақынның «адам болам десеңіз» тұжырымының түйіні. 1985 -86 жылдарда жазылған «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңдері өз заманының, қоғамының озық ойлы ақынының елін, жұртын білім-ғылымға, сондай-ақ, бос даурығуға, бекер сал шашуға, өтірік, өсек айтуға, «Пайда, мақтан, әуесқой шайтан ісінен» аулақ болуға үндеді. Бес асыл істің, бес дұшпаның ара жігін ажыратып, халқымыздың «Адам бол» деген тәрбиелік тезисінің маңызын да тарқатып ашып берді.

Талқылау. Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы харекет жаса, дейді. Ойын-сауыққа көп әуестеніп, «Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып, Селтілдеп сағым қуған бойыңа еп пе?» деп, бір табақ ет, бір аяқ қымыз аңдып үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертті. Адам баласын аздырар кеселді, жалқау, қылжақбастықтың «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтықтан» туындап жатқанын да ащы, шынайы бейнеледі.

Абайдың - дидактикалық, тәлім тәрбиелік, ізгілік жайлы толғамдары ағартушылық лирикасының өн бойын көктей өтіп, қарасөздерінде толықтырылып, педагогикалық- психологиялық идеяларын дамыта түседі. 1885-86 жылдарда жазылған «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» тәрізді алғашқы бір шоғыр өлеңдерінде талаптанған жастардың оқудағы мақсаты қандай болу керек деген сауалға «иә тілмәш, иә адвокат» болуды көксеген көкөрімге «пайда ойламай ар ойлауға» бағдар беріп, оқудағы басты мақсат халыққа адал қызмет ету екенін айтып жөн сілтейді.

Пайда ойлама, ар ойла

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге, - деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды. Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, паракорлықпен алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Ойындажоқолардың

Салтыков пен Толстой

Я тілмаш, я адвокат.

Болсамдегенбәрінде ой,- деп жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылар мен үлгі-өнегеегіп, «білімдіден шыққан сөз талаптығакезболсаекен», -дейді.

«Осы оқыған балалар - ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық» екені де даусыз. Тек, «бос мақтанға салынып», «прощение жазуға тырысып» қана «орыс тілі жазуын, білсем деген таластан», «аз білгенін көпсінуден», «оқалы киім киюден», «оязға қызмет істеуден» сақтандырады. Бір мүшел жасында төрт ай ғана «Приходская школада» білім алған ақынның кейіннен өз бетінше оқып, ізденіп, Пушкин, Лермантов, Крылов тәрізді ақындарының шығармаларын мінсіз аударуы - талап пен «білмекке құштарлықтың» жемісі. Ақынның:

Өз бетіңмен тәуекел,

Занимайся прямошой-деуінің сыры да осында жатса керек.

«Ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы:

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабырталап,

Бұлардыкерекқылмасешкімқалап...

Терейой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсектіжүндейсабап, - деп кейбіржастардыңіс-әрекетінқаттысынға алады. Абай қазақ қоғамындағыжасұрпақтардытәрбиелеугебайланыстыойларын «Жігіттер, ойынарзан, күлкіқымбат», «Мен жазбаймынөлеңдіермек үшін» т.б. бірнешеөлеңдеріндеайқынбілдіреді.

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

«Адам болам десеңіз...» деген тезисінен туындаған гуманизм идеяларын жүзеге асыруға деген талпыныс барша адам назарында бірнеше ғасырлар бойы келе жатқан басты мәселелердің бірі.

Жеке тұлғалардың санасын және тәртіп нормаларын жетілдіру үдерісінде тұлғаның адамгершіл толығуы жетістігі жолдарындағы көзқарастар күресі үздіксіз жүргізілуде. Әр уақыт пен әр дәуір гуманистері, философтары, әлемдегі ең құнды және ең құдыретті ол – адам екендігін айтып кеткен.

«Адам ар-ұяты, ұжданы қандай қасиеттерден тұруы қажет?» деген сұраққа көптеген ғалымдар мен философтар жауап беруге тырысқан. Әсіресе, жас ұрпақтың ар-намысы биік және берік болуы үшін қандай қасиеттерге баулу қажет екендігіне жауаптар іздене келе, Абайдың гуманистік танымының биігі болып оның «иманигүл» концепциясы танылады. Осы ілім негізінде Абай мораль философиясы қағидасын қолданады: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», барша адамзатты өз бауырындай сүйе шақырып, мораль философиясын жоғары қойды. Абай адам бойындағы жақсы қасиеттерді өз шығармалары арқылы сіңіріп, «Түзетпек едім заманды»-деп, жаман қасиеттерді ысырып тастауға харекет қылған.

Қазақ халқының жарқын болашағын, жастарды гуманистік рухпен тәрбиелеу, «адам қылу», бір сөзбен айтқанда тұлғаны адамгершіл қасиеттермен толықтыру мәселелерін Абай шығармалары арқылы ұрпақ санасына сіңіру біздің идеологиялық ұстанымымыз болуы керек.

Адамзат өзінің даму жолында ғылым мен техника саласында керемет табыстарға жетті. Қазіргі сандық ІТ технологияның, ақпараттық ағынның космостық жылдамдықпен қарыштап дамуы кезеңінде жасөспірім тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу өзекті мәселе. Себебі, рухани саланы дамытуға тиісті көңіл бөлінбегендіктені рухани сала материалдық дамудан артта қалып келеді. Нәтижесінде, материалдық және рухани салалар арасындағы тепе-теңдік сақталмады, бұзылды.

Ұлы ойшылдың «Адам болам десеңіз...» деген тезисінен туындаған гуманизм идеяларын жүзеге асыруға деген ізгі мақсатынұлтымыздың ұстанымыретінде туған елге, жерге деген сүйіспеншілік пен ұлтжандылық, қайраттылық пен табандылық, адамгершілік пен адалдық мәдениеттілік пен парасаттылық, сыпайылық пен қайырымдылық, білімге құштарлық пен еңбек сүйгіштік, болашаққа нық сенімділік пен жарқын өмірге ұмтылушылық қасиеттерді жас ұрпақ бойына сіңіру – мемлекет басшысы міндеттеген маңызды мәселелер.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман,- деп өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездерін қатаң сынға алды. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекшілдерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтындарды мейлінше жек көрді. Ондайлар туралы:

Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,

Бар өнері – қу борбай – сымпыс шолақ-деп, күйзеле жазады ұлы ақын.

Ақын өзі ұстаз тұтқан, ақындық, нәр алғаншығыс ойшылдарының ғибратты ойларын білімге талап қылған «бейне қолдың саласындай» жастарға үлгі етіп: Мұны жазған кісінің

Атын білме, сөзін біл!...

Мұны жазған, білген құл-

Ғұламаһи Дауани

Солай депті ол шыншыл.

Сөзін оқы, және ойла, - деп өнегелі жол нұсқайды.

Ұлы ойшыл «айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – көп тіл білуден» [3,122] кемдік көрген жан жоқ. Орыстың классик ақын-жазушыларының, демократ-ағартушыларының, Спиноза, Спенсер, Дрэпер тәрізді еуропа оқымыстыларының шығармаларымен танысқан Абайдың рухани мектептерінің бірі - орыс, батыс әдебиеті болғаны ақиқат.

Күллі адамзат тарихында арысы Сократтан бастап ұлылықтарын ұстаздыққа ұластырып, ақыл-ойдың дамуына, адамның кемелденуіне, ұрпақ тәрбиесіне арнап, медресе, мектеп ашып, дәріс оқымаса да кемеңгерлік ой-тұжырымдары мен таным-пайымдарын, ғибраты мен тағылым – тәлімдерін ұрпаққа өшпес мұраетіп қалдырып кетті. «Түзетпек едім заманды» - деп, ақын өз танымының тұрғысынан жас ұрпақтың жаңа өкілін дәуір талабының деңгейінде тәрбиелеуді мақсат тұтты.

Ұлылық феноменіне айналған ақынның мұрасы, дүниетанымы тәуелсіз еліміздің тарихында әлемдік деңгейде танылып, өркениет көшінің алдында көрінуі – ұлтымыздың рухани қазынасының биік межесі.

Ұлы гуманист-ақынның педагогикалық, тағылымдық мұраларының мәні мен маңызы бүгінгі таңда да өміршен, өзекті екендігін дәлелдейді.

Президенті Қ.Тоқаев «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі–кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де–осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет»-[4,122] деді.

Әрбір ата-ананың да, баланың да жүрегіне жол таба білетін, Абайдыңөлеңдерінің, қарасөздерінің тәрбиелік мәнін терең ашып, оның бала тәрбиесінде таптырмас құрал екендігіне көзін жеткізетін, бала бойында Абай шығармаларына деген қызығушылықты туғызатын да –ұстаздар. Ұлы ойшылдың, өлеңмен өрілген сыны мен өсиеті, қарасөздеріндегі таным түсінік, пәлапалық ойларынан туындайтын фибраты пайымдары, өмірі де, өкініші де ұрпаққа сабақ болар түйін тұжырымдар, өміршен өсиеттер.

Қорытынды. «Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қаттысынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Ұлы Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі»[4,122]-десек, Абай мұрасын ұлтымыздың болашағы бүгінгі жастардың оқып білуін, түсінуін,тануын қажет етсек, мектептерде, колледждерде,жоғары оқу орындарында абайтану пәнін оқытудың маңыздылығы да сондай қажет. Бұл істі бірізділікпен, нақты бір Ұлттық жоғары оқу орнынан оқу-әдістемелік орталық ашып, жолға қою Білім және ғылым министрлігінің мықтап қолға алар міндеті болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» 9 қаңтар 2020

2 Әуезов М. 20 ТШЖ.18 том, Алматы 1985ж 350 б.

3 Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» 9 қаңтар 2020

4 Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» 9 қаңтар 2020

МРНТИ 821.512.122

Миров М.¹

¹ *Бәйішев Университеті,*

АБАЙТАНУ ІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада лингвист ғалым, профессор Қ.Жұбановтың Абайтану ілімін қалыптастырудағы ғылыми танымдары, Абай поэзиясын лингво-стистикалық тұрғыдан зерттеу еңбектері жан-жақты қарастырылған. Профессор Қ.Жұбановтың «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» атты зерттеу еңбегі туралы ғалымдардың пікірлері жүйеленген. Аталмыш мақалада ғұлама ғалым Қ.Жұбановтың Абай туралы еңбегіндегі сөз саптау үлгілері, сөз қолдану машығы нақты мысалдармен дәлелдене отырып көрсетілген. Біз бұл мақалада проф. Қ.Жұбановтың өз қаламынан туған бейнелі қолданыстарды сөз еттік. Әрине, автордың ұтымды сөз саптауларын түгелдейқамтыдық дей алмаймыз. Біз тек «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген зерттеуіне сүйеніп әңгіме желісін өрбітіп отырмыз. Бұл ретте халықтыққолданыстарға да өз тарапынан да бұрыннан таныс этнографизмдерге жаңаша мағына теліп, перифразалық құбылыс есебінде де бере білетіндігі. Бұндай сөз қолданыстарда ғалым антитезалық, градациялық,контминациялық, плеоназмдық әдіс-тәсілдерді молынан пайдаланады.

Түйін сөздер: тіл білімі, Абайтану, стилистика, терминология, поэтика, фразеологизм, этнографизм, перифраз, антитеза, градация, контминация, плеоназм

Mirov M.¹

¹ Bayishev University,

THE FOUNDER OF ABAEOLOGY SCIENCE

Abstract

This article discusses the scientific knowledge on the basis of the science of Abaology and research work on the linguistic stylistic study of the poetry of Abay by linguist scientist, Professor K. Zhubanov. The opinions of scientists on the research work of Professor K. Zhubanov "Abai - a classic of Kazakh literature" are systematized. This article gives examples of word formation in the work of the great scientist K. Zhubanov about Abai, the ability to use words, supported by specific examples. In this article we will discuss the figurative butt of Professor K. Zhubanov. Of course, it cannot be said that we covered all the outstanding phrases of the author. We develop the storyline only on the basis of the study "Abai - a classic of Kazakh literature." At the same time, he can give a new meaning to ethnography, which is already familiar both in the folk tradition and in the peripheral phenomenon. In such cases, the scientist uses many methods of antithesis, gradation, contamination, pleonasm.

Keywords: linguistics, Abaology, stylistics, terminology, poetics, idiom, ethnography, periphrase, antithesis, gradation, contamination, pleonase

Миров М.¹

¹ Университет Байишева

ОСНОВАТЕЛЬ НАУКИ АБАЕВЕДЕНИЯ

Аннотация

В этой статье рассматриваются научные познания по основанию науки Абаеведения и исследовательские работы по лингво-стилистическому изучению поэзии Абая лингвиста ученого, профессора К. Жубанова. Систематизированы мнения ученых о научно-исследовательской работе профессора К. Жубанова «Абай - классик казахской литературы». В данной статье приведены примеры словообразования в творчестве великого ученого К. Жубанова об Абае, умение использовать слова, подкрепленные конкретными примерами. В этой статье мы обсудим образные приклад профессора К. Жубанова. Конечно, нельзя сказать, что мы охватили все выдающиеся фразы автора. Мы развиваем сюжетную линию только на основе исследования «Абай - классика казахской литературы». В то же время он может придать новый смысл этнографизму, который уже знаком как по народному обычаю, так и по перифразному явлению. В таких случаях ученый использует множество методов антитезиса, градации, контаминации, плеоназма.

Ключевые слова: языкознание, Абаеведение, стилистика, терминология, поэтика, фразеологизм, этнографизм, перифраз, антитеза, градация, контоминация, плеоназм

Кіріспе. Тілтану ілімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбанов қазақ лингвистикасының әр алуан саласында өзіндік із қалдырған ғұлама. Өз кезінде проф. А. Ысқақов атап өткендей Қ. Қ. Жұбанов тіл білімінің барлық саласымен де шұғылданған; қазақ тіл білімінің ол араласпаған, я қатыспаған бірде-бір қалтарысы қалмаған деуге болады. «Өйткені оның ғылыми мұрасынан қолды болмай аман сақталып, бізге дейін келіп жеткен еңбектерінің өзін барласақ, олар қазақ тілінің фонетикасын да, грамматикасын да, қазақ тілінің тарихын да, қазақ жазуы, оның емлесі, терминологиясы, стилистикасы, оқулығы мен методикасы, программасы – бәр-бәрін де қамтиды /1.73-74/.

Профессор Қ. Жұбанов ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың қайтыс болуына 30 жыл толуына байланысты 1934 жылы «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» деген мақала жариялады. Бұл мақалада айтылған қағидалардың қазақ әдеби тілі мен қазақ әдебиетін зерттеу үшін аса зор тарихи ролі, маңызы болды. Егер ол кездегі Абай турасындағы, оның творчествосын бағалау жайындағы айтыс-таластар мен көзқарастарды еске алсақ, бір алуан пікір иелері Абайды, оның творчествосын бұрынғы үстем тапқа телігені, енді бір алуаны Абайдың әдеби мұрасын халыққа тән мұра деп бағалағаны, ал

енді бір алуаны оған әрі-сәрі қарағаны мәлім болатын-ды. Дәл осы кезде қазақтың халық әдебиеті мен Абайдың көзқарасы қандай болғандығын, ақынның одан қандай нәр алғанын, Абайдың шығыс әдебиетіне қатысын, оның несіне назар аударып, несінен безінгенін, /озат/ орыс әдебиетінің, оның үлгісін түсініп, одан ақынның қандай үлгі-өнеге алғанын тарихи жағынан толық сипаттап ғылыми жолмен дәлелдеген, Абайды қазақ әдебиетінің ескі жұртынан да, «ислам мәдениетінің кірлі көрпесінен» де сілкініп шыққан, қазақ әдебиетін «бос сөзділіктің» тазартып, жаңа бағытқа салып, қазақ мәдениетін жаңа соны жолға түсірген ақын деп танып, оның /Абайдың/ тарихи қызметін ең алғашқы рет дұрыс бағалаған профессор Қ.Жұбанов болды деуге негіз бар. А.Ысқақов ескерткендей: «ол кезде Абай — күшті ақын», «жақсы ақын» дегенді біраз адам айтқан, бірақ олар Қ.Жұбановтай Абай күшті болса неліктен, несімен күшті, жақсы болса — неліктен және несімен жақсы деген пікірді тарихи дәлел, нақтылы айғақ келтіріп, жан-жақты сипаттап, ғылыми жолмен ыңғылықты етіп көрсеткен ешкім жоқ еді. [1.75]

Әдістеме. Абайтану саласында қалам тербеген, ат салысқан зерттеуші аталуының бәрі де келеңсіз танымдар тұтқынынан босап, тұрпайы социологиялық пайымдауларға бой алдырмай кете алмады. Осындай зерттеуші атаулыны өз сығымынан шығармай ұстаған, әсіресе, Абайтану саласында кеңірек етек алған көзқарастардан құлан-таза болу ол кезеңдерде мейілінше қиын жәй болатын. Сөйте тұрса да жұртшылықтың рухани тынысын кеңейтіп, зерттеушілік ойға сәуле шашқан бірегей зерттеу еңбектері де сол тұста жарық көріп үлгерді. Бұл ретте — академик жазушы М.Әуезов пен проф. Қ.Жұбанов қаламынан туған терең ғылыми мақалаларды атауға тиіспіз. «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы Абайға бағышталған арнаулы санында /11—12/ жарыса жарияланған көптеген мақала, зерттеулердің ішінен М.Әуезовтың «Абай ақындығының айналасы» [2] және Қ.Жұбановтың «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» деп аталатын екі еңбек зерттеушілік сипатының тереңдігімен ерекше тұрған дүниеліктер деп есептейміз. Филология ғылымының докторы, профессор М.Мырзахметовтың пайымдауынша, проф. Қ.Жұбановтың Абай жөніндегі зерттеу еңбегі автордың көптеген ой-толғаныстары мен іргелі де терең ғылыми танымдарының көбінесе тезистік тұрғыдан берілген ерекшелігін танытады. Өйткені өзіндік жеке-дара ой-тұжырымдарын барынша сығарлап айтқан пікірлеріндегі таным өрісі, немесе ретті жерлерде ғана жота көрсететін Батыс, Шығыс қазынасы мен қазақтың рухани әлеміндегі қат-қабат жатқан деректер көзін жан-жақты меңгеріп барып айтқан кесек пікірлер тобының өзі ғалымның рухани әлемі мен ғылыми танымның мүлде биік жатқандығын айғақтап тұр. Еңбекте көбінесе тезистік желі беріліп, айтылған әрі алға қойылған зерттеулік ой-нысаналарының қабаттары сыр бүгіп жатса да, олардың беймағлұм қатпарларын жазып, ішкі сырларын ашуды ғалым Абайтану саласында жазылар монография зерттеуіне қалдырғандай сынай танытады. [3.137]

Нәтижелер. Қ.Жұбанов әрбір айтатын ойын бейнелі, перделі сөздермен көмкеріп, оқырманға негізгі ойды әсерлі сурет арқылы жеткізеді. Мәселен, ол татар ағартушысы Чиһабутдин Мәржани туралы түсінік бергенде сөйлемді былайша құрады: «Мәржани — шіріген ислам іргесін ақыл кездемесімен жамамақ болған, схоластикаға қарсы шығып, елді ақылға бағындырып, мектепке дейін ғылым мен орыс тілін енгізу қамында өткен, өзінше «Қазанның Лютері» еді. Дін жөнінде Абайдың ұстаған жолы да осы жол болатын. [4.287]

Бұл шағын үзіндіде Қ.Жұбанов Мәржанидің қоғамдық-әлеуметтік қызметін белгілі сөздермен түсіндіре отырып, өзінің оған деген сыни талғамын астарлап қана айтады. «Бұл өзінше Қазанның Лютері еді» деген ескертпесінде ғалым Мәржаниді көңіліне қораш тұтып таныстырса да, ол ойын перделеп, жұмсақтап жеткізеді. Тағы бір ретте Қ.Жұбанов Абайға баға беруде біз Энгельстің М.Лютерге берген бағасын ескермей жүргенімізді қынжылып көрсетеді. «Энгельс ренессанстың тарихи ірі мәнін айта келіп, ол дәуірдің ірі адамдар керек қылғанын, сол дәуір тудырған титандардың бірі Мартин Лютер екенін еске алады. Сол Лютердің Энгельс көрсеткен еңбегі, жоғарыда айтқандай, дін реформасы жасау үстіне, дін жайында жазған кітаптарын неміс тілімен жазғандығы, жаңа шіркеу музыкасын жазып, оған жаңа түрлі дұғалар шығарып беруі болатын. Міне, осы Лютерді Абаймен салыстырғанда профессор Қ.Жұбанов Абайдың нағыз қазақи пішінін сипаттайды. Онда былай делінген: «бір елдің әдебиет тілін жасауда мұндай еңбек сіңірген адамды біз Энгельсше бағалай білетін болсақ, XIX ғасырда қазақ ауылында жасаған сеңсен тон, шидем күпі киіп, Шыңғысты жайлаған Абайдан пролетариат төңкерісіне басшы болуды, немесе «Капиталдың» авторы болуды талап етуіміз орынсыз, бойына шақтап тон пішуіміз керек». /4.258/.

Талқылау. Қ. Жұбанов Абайдың еленбей жүрген бір ерекшелігін көрсету үшін БұлТоқай мен Дәрдімәндәй, Ғали Асқар Қамал мен Фатих Әмірхандай, тіпті

– Мәржани мен Насиридай кезінің қолайлы жағдайы жарыққа шығарған, өсіңкі тұрмыс тілегі тікелей тудырған емес. Ол — ояну дәуірінің толқынынан пайда болған неміс Лютері, француз Малербі де емес. Сондықтан Ренессанстай ұлы нәсердің ірі жемістері: Леонардо да Винчи, Альбрехт Дюрер болу да Абайға «бұйырмаған» — дей келіп, Абай тұлғасын мынадай асқақ сезіммен сомдайды. «Абай — жағдайының жағдайсыздығы тудырған, басып тұрған қараңғылық ішінен келер таңның шолпаны болып елестеп, тұнып тұрған тымырсықта келер дауылдың дауылпазы болып күңіренген адам. Бұл — өз ортасының Дантесі сияқты. Бірақ, Данте — ескінің соңы, жаңаның алды еді. Орта дәуір мен ояну дәуірінің аралығындағы көпір еді. Ал, Абайдың алды жокқа жуық та, арты ғана бар, ол соны дәуірдің басы, жаңалық желісінің шет бұршағы сияқты. Өйткені, оның төңірегі Эгей теңізі емес, Сарыарқаның шөлі де, өткені классик Рим емес, үдере көшкен қайшылық өмір ғой». Осы шағын сипаттамада қаншама теңеу, қаншама ұлғайған метафора, қаншама философиялық ой-толғам жатқанын ескерер болсақ, ғалымның қаламының желі барына, білімді сөз өнерімен ұштастыру шеберлігіне ешқандай күмән қалмайтыны хақ. Жоғарыдағы микротекстерде ғалым қолданған казак тілінің этнографизмдерінің өзі де оның публицистикалық тілінің құнарлылығына айғақ болғандай. Бұл орайда оның қаламына ілінген этнологиялық қолданыстарды атап өтер болсақ проф. Қ. Жұбановтың казак тілінің сөз байлығын молынан игергендігін көреміз. Мысалы: оның «сеңсен тон», «шидем күпі қию», «бойына шақтап тон пішу», «өзгеден өңге қылу», «өсіңкі тұрмыс тілегі», «жағдайдың жағдайсыздығы тудырған», «келер таңның шолпаны болып күңірену», «келер дауылдың дауылпазы болып елестеу», «ескінің соңы, жаңаның алды», «соны дәуірдің басы», «жаңалық желісінің шет бұршағы», «үдере көшкен қайшылық өмір» сияқты т.б. сөз қолданыстары шынайы халық тілінің эстетикасына қабысады. Ғалымның төмендегі сөз саптаулары да сөйлем типінің бедерлі қолданысқа негізделгенін танытады. Ол былай дейді: «Абайдың алды жоқ емес, жоққа жуық. Өйткені, Абайдың алдында да әдебиет болды. Ата мұрасы болып, Абайдың еншісіне тиген әдебиет қазынасы екі түлік болатын. Бірі — емшек сүтімен қатар құлағына кіріп, сүйегіне сіңген ананың «Әлди, әлди ақ бөпем» атаның, «Сал-сал білек, сал білегі», қойшының әні, қыздың сыңсуы, қаралы қатынның жоқтауынан бастап, көркемдік сезімін шарбыдай шырғаған халық әдебиеті. Екіншісі — қажылы ауыл, молдалы ауыл болған Құнанбай ауылына ала-бөлек таныс ескі Орта Азия үлгісі — Шағатай әдебиеті» /4.290/.

Осындағы әдебиеттің салаларын түлікке теңеп тану процесі мал баққан казак ұғымына жат емес. Төрт түлікті білетін казак оқырманы Абайдың еншісіне тиген әдебиет қазынасы екі түлік болатын дегенде әңгіменің ғылымдық жағын яғни, теориялық пайымдауларды тосырқамай бірден қабылдайды. Кейде ғалым сөйлемге айрықша реңк екпін беру үшін оны риторикалық сипатта, сұрау түрінде құрады да оған өзі жауап беріп отырады. Ол бұны Абай өлеңдерін шағатай үлгісімен салыстырғанда қолданады. «Шағатай әдебиетінің алдымен көзге түсер ерекшелігі — мистицизм, диуаналық лирика. Онда бастан-аяқ өртенген ғашықтықтан басқа нәрсе болып жарымайды. Оның ғашықтығының түрі де бөлек, объектісі кім екені белгісіз: құдай ма? әйел ме? — тіпті, еркек пе? Ғашықтығы жыныссыз ғашықтық. –Кәне, Абайда бұл бар ма? — ұшқыны да жоқ—деп түйеді автор.

Қ.Жұбановтың сөйлемдері біртұтас дайын тіл штамптарынан да құралады. Мұндайда ол мақал-мәтел, фразалық тұрақты тіркесімдерді түйдегімен қолданып, айтылмақ ойды сол паремиялық блоктар арқылы жеткізеді. Мәселен, Шағатай әдебиетінің табиғатын түсіндіргенге мынадай таныс суреттерді тізбектеп келтіреді. Қараңыз: «Дүние азабының тізесі батып, көресіні көре-көре «құдай салды»-ға, көнген, өлім мен тіршіліктің жігін жоғалтқан қарсыласар дәрмен көксемей, тағдырдың лағынет қамытына мойнын өзі сұққан көнбістілік, құлдық идеалы — міне, иран — шағатай әдебиет мистицизмі салған жол осы. Абай бұдан аулақ» дейді ғалым. Өйткені ол қолмен болмаса да, оймен бостандық іздеп, «көппен көрген ұлы тойды» бұзбақ болған адам. Тағдыр қамытынан қалай босанудың жолын, әдісін рас, таба алмаған. Бірақ бұлқынбады деу зорлық», — деп тұжырымдайды. Ғалым тілінің бейнелілігі тек казакі ұғымдарды беруге ғана байланысты емес, орайлы жерінде ол осы заманға сай ғылыми танымдарды да суретпен көрсете алады. Бұндай сәтте ғалым екі нәрсені, затты ұғым түсінікті бір-бірімен салыстыра, шендестіре образдар жасайды. Ол бейнелі сөздерді қолданбай-ақ сөз образдарын әрлендіре алады. Мәселен, Абайдың пікір бағыты әдеби, нысанасы сопышылдық жолынан аулақ екенін айтқанда осы аулақтықтың ол Абай өлеңінің поэтикалық техникасына да шалығын тигізгендігін көз алдымызға елестетеді. «Абайдағы тұтастық, түгелдік, гармония оны шалағайлыққа жібермеген. Абай — ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі — ойшыл сезім. Бірақ оның ойы да сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. [4.292] Қ.Жұбановтың жоғарыдағы біз келтірген ой

түйініне тиісінше мән берген Ә.Дербісалин: «Қ.Жұбанов 30-шы жылдардың бас кезінде Абай поэзиясының көркемдігі жөніндегі өзіндік ойлары өзінше мәнді, өзінше бағалы. Өйткені олар Абайды тереңдей тану кезінде емес, Абай бізге де қажет пе, жоқ па, қажет болса неңдей қасиеттерімен қажет деген тұста, Абайды жаңадан «ашу» тұсында айтылған алғашқы ізгі лебіздер » деген-ді. [5.56]. Қ.Жұбановтың Абай туралы еңбегінен алған үзінді де ғалым ой мен сезімнің, түр мен мазмұн бірлігін диалектикалық байланыста түсіндіреді. Аталған категорияларды жеке-жеке даралап алу мен қатар олардың бірімен- бірінің гармониялық сипатта ұштасып жатқандығын қамти дәлелдеген. Ал, Абай тілінің сөздігі яғни, лексикасы, грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасын, Абай суретінің бейнесі жайын сөз еткенде ғұлама-ғалым бұлардың «...бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйін билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сиярлық қана болып қоймайды: бірі олай да, бірі бұлай да кетпейді, солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәріне қосылып, негізгі күйді шығарады. Тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады» [4.292]

Бұл үзінді де суреттемелі. Бірақ мұнда бұрынғы «күпілі қазақ», «шидем күпі», «желінің шет бұршағы», «шығыстың кірлі көрпесі», «азалы ақ көрпе», «лағынат қамыты» дегендей көне дәуірдің дүниеліктері жоқ. Автор мұнда өркениетті елдің мәдениетін танытатын симфониялық оркестрдің күніренген күйін, әр аспабының өзіндік үнін, солардың дауысын қосып, бір тақырыпқа тұтастырып тұрған дирижерді көз алдымызға елестетеді. Оқырман сол ғажайып көріністен Абай өлеңдерінің түрі мен мазмұнын, тақырыбы мен идеясын, әуені мен ұйқасымын таниды. Қаламгердің құдіреттілігі де сол, негізгі ғылыми ой-пікірді бедерлі өрнекпен жеткізе білгендігінде деп топшылаймыз. Жоғарыдағы астарлы баяндаулардан басқа да еңбекте толып жатқан сөйлем типіндегі суреттемелі қолданыстар бар. Біз оларды жете талдамай-ақ, тек кейбір үлгілерін ғана мысал ретінде бере кетуді жөн көрдік: «Абайды кернеген ақындық қуаты алғаш тасып төгілгенде осы қолда бар қалыпқа құйылған...», бірқатар сыншылар Абай шағатай әдебиетінің шеңберінен шыға алған жоқ» — деп мойындайтын сияқты, ... Абай мұны 13—19 жастарында ғана жалтыратып тағынып, содан кейін суынып тастап кеткен тәрізді; тұрмыстың қандай қараңғы түкпіріне де жанары түскен қырағы көзі әлі ойда жоқ,... бұл ақындық беті ашылмаған балаң Абай кезі»,... осы екі өлеңнің екеуінде де үштен тастап, төрттен түйген тізгін ұйқасы бірінде шағатай ақындарына сиыну болып, екіншісінде солардан қалған бейне болуы кездейсоқ нәрсе емес»,... Абайдың бір аяғы шағатайда тұрса, бір аяғы шетке аттауға таянған кезі. «Абай осы белеске шейін өрмелеп барып шағатай жолының сорлылық ұшына шығып, одан безген секілді», «осы өлеңнен кейін шығыс жұртына қонуды тоқтатқан», «Абай сияқты төрт аяғы тең жорға ақын. Абайдың қыз бен жігіті ұқсай береді» /4.292/. *осы сөйлемдердің әрқайсысы-ақ өзінің суреттемелік сипатымен айқын теңеу метафоралы қолданыстарымен оқырманның көркемдік сезіміне де әсер етеді, бірақ одан зерттеудің білімдік сапасына нұқсан келмейді.*

Проф. Қ.Жұбановтың Абай туралы зерттеуінде айшықты сөз кестелері ретінде халықтық бейнелі тіркесімдер мол кездеседі. Олардың ұзын ырғасы мына секілді фразеологизмдерді қамтиды: Келелі кеңес – алқалы жиын, Кеуде би – бас билердің бірі. /Келелі кеңестің кеуде биі болмақ болған Абайды енді оны қомсынады /Қомсына бастау – көңілі толмау. Жауыр бейне – көп қолданылған, /Бірінде шағатай ақындарына сиыну болып, екіншісінде солардан қалған жауыр бейне болуы – осының бәрі қаншама ұқсастық. /294/, Азуын батыру – күш көрсету /колония саясаты азуын күннен – күнге батырып, қазақ арасында ұлттық сана өрлей бастаған / 304/ Қыз ойнақ – жастардың ойын – сауығы. / Абайдың арқасында қазақ ауылындағы қыз ойнаққа Онегин мен Татьяна « қатысады» /303/. Қара шашы төгілу – қыз бұрымының тарқатылуы /екеуінің алысқанынан қара шашы төгіліп, иықтары бүлкілдеп, суға шомылып жатқан сұлуға меңзейді. Жан біту – образдылық /қазаққа таныс образдардың өзі бұрынғы құрысы қатып қалған күйінде тұрмайды, жүріп кетеді, жан бітеді. /302/, Біте қайнау – етене болу, сіңісу /образдар өз қалпында қалып қоймай оқиғаның өзіне біте қайнап, қосылып кетеді. /302/, Жүрегі таза – кінәдан пәк, адал, /мұнда жүрегі таза жас сәби айды алмақ болып, балдыр саусағын шолтаңдатқан күнәсіз қылық қана бар /302/, қара тұманды серпілту – ауыртпалықты жеңу /1905 жылдың төңкерісі халық сахнасын басқан қара тұманды бірқатар серпілтті . / 304/, Мерт болу – өлу, опат болу / сонымен бірге даңғыл жол – дәстүрлі жол // бастары түскен даңғыл жолға сыйдырмайтын не? /306/, өмірден безу – бұл дүниелер күдер үзу /өлең техникасының бұлтарыстарын тегіс аралап, өмірден безіп, кейіпті кескін таба алмаған/ / 294/. Жазмыштың ұйғарымы – «жазмыштан озымыш жоқ» /...мұның бәрі тәжірибесіз жанның алдануы шығар да,

жазымыштың ұйғарымы басқа болар / / /302/, Тасып төгілу – арнасынан асу /Абайды кернеген ақындық қуаты алғаш тасып төгілгенде, осы қолда бар қалыпқа құйылған /291/, Мезгіл бірлігі – философиялық категория / ... мезгіл бірлігіне Абайдың әдеби көзқарастары сай ... / 293/, Қошқар мүйіз – ою – өрнек Ақынның кестеленген айшықтары қошқар мүйіздерімен оралып өтуге тура келеді. /297/, Сыбаға қалдыру – үлес беру. Тақырлап кетпеу – барға қанағат келу. /Абай айтар сөзінің бәрін айтып орынын тақырлап кетпейді/, оқушыға да шығаршықтық сыбаға қалдырып кетеді. Көзі шалу – көру /ескі әдебиет мұрасының ескірген жерлерін көзі шала бастайды /296/, Аузы бара салу – қаймықпай айта салу / Білеткеннің байы ақша. Ер жақсысын таңдамас / деуге де аузы бара салады. /301/, Арам тер – бос еңбек /1864 жылдан кейін Абайдан шағатай ықпалын іздеу бос арам тер болып шығады. /296/, Мініп-мініп жауыр қылу – көп қолданылған, ерқашты болған. / мұндағы теңеулер де көбінесе шағатай ақындарының мініп-мініп жауыр қылып тастағандары/ /296/. Аман кету – байхабар кету, белшесінен кешу – мазмұнға бойлау; Абай шығыс үлгісін көрмей, білмей аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, батпағына аунап барып одан шығып, тастап кеткен ақын./296/ Ырза болу – қанағаттану; /өткенді көксеп, төңіректегі барға ырза болған адам.../306/. Бой корсету – көрініс беру /Абайдың сыншыл көзқарасы өзінің дүниеге көзқарасының әдеби формада бой көрсеткен бір түрі/. Сыдыртып өте шығу – ат-үсті шолып өту. Сондықтан оны ағызып оқып, сыдыртып өте шықсаң ішкі мәніне жетпейсің...Құрғақ сөз – бос сөз. Міне, осының бәрі құрғақ сөз емес, Абайдың істеген істері. Қуып әкеп тығу – ықтиярсыздық. Өлең ұйқасымының лажсыздығы /заруата шағрия/ – қуып әкеп тыққанда, әсіресе, артықша орын алатын араб – парсы сөздері-шұбар тіл керек пе?/297/. Сорайып көріну – халық бұл тіркесімді тура мағынасында да ауыс мағынасында да қолданады. Тура мағынасында бұл фраза ұзын, бойшаң нәрсенің немесе адамның өңгеден өзге болып, алыстан « мен мұндадалап » тұратынын айтады. Ал профессор Қ. Жұбанов мұны ауыс мағынада тұтынып отыр, яғни осы халықтық штамп арқылы өлең – сөздің бойында ұшырасатын олпы- солпы кемшіліктері дегенді меңзейді. Бойын жасыру – тіркесімі осы тәрізді тура және бұрма мәнде қолданыла береді. Оның бірінші мағынасы біреудің шын мәнінде бой тасалауы жөнінде болса, ауыс мағынасы кейбір құбылыстардың сырт көзге бірден байқалмай, ішкі мәнін ішіне бүгіп, астарлы пайымдау есебінде кездесетіндігінде.[6] Проф Қ.Жұбанов осы екі тіркесімді өлең табиғатын тану мақсатында пайдаланған. «Халық өлеңінде тақырыптан тысқары басы артық сөз болмай тұрмайды. Ондай артықтар жаман өлеңде сорайып көрініп тұрады да, тәуірлерінде бойын жасырып, бірде құрғақ пәлсепе жамылып, бірде мақал, жұмбақ бүркеніп, бірде орынсыз пейзажға оранып келеді /297/.

Қорытынды. Профессор Қ.Жұбанов халық тілінде әбден тұрақтасқан бейнелі қолданыстардың өзіне жаңаша мән-мағына теліп, айтылмақ ойдың негізгі арқауы етіп отырады. Бас бәйгі алу – Қазақ арасында ат жарысы, балуан күресі, жорға сүрістіру секілді немесе ақындар айтысы, әнші-күйшілердің өнер сайысы тәрізді сындарда жеңген адамға берілетін бас жүлде осылай деп аталады. Қ.Жұбанов осы этнографизмді мүлде тың мағынада қолданған, яғни ол бірсыпыра әзірбайжан қайраткерлерінің өз ана тілін менсінбей «Қаба діл» деп атап, халықты түрік тілін тұтынуға шақырған тұста асқан білімді қоғам қайраткері, әрі ақын Мырза-Фатали Ахундовтың елден бұрын өз ана тілін әдебиет кәдесіне жаратуға талпынғанын айта келіп, жоғарыдағы қазақи тіркесімді пайдаланған. «Рас, азербайжанның бұл жөнінде бас бәйгі алатын бір реті бар...XIXғасырдың орта шенінде ескіліктің қай тар ауына да төтепкі беруге талаптанған онда бір адам болды. Ол – Мырза Фатали Ахундов болды. /289/ Осы келтірілген мысалда ғалым халық тілінде тұрақтасқан «төтепкі беру» тіркесімен де қолдана кетеді. Бұл тіркесімнің мағынасы «қарсы тұру», «тойтарыс беру» дегенге келеді. Алайда, мұндағы қолданыстан Мырза Фатали Ахундовтың жаңашылдығы, ескіліктің шырмауынан туған халқын азат етуді мақсат тұтқан қайраткерлер екендігі астарлы мағынада аңғарылады. Дөп қолдану, тізесін құшақтау, сорлылық ұшына шығу /295/. Бұл аталған тіркесімдер де бейнелі қолданыстың халықтық моделіне жатады. Дөп, яғни, дәл қолдану деп халық тілінде жаңылыс баспай, орынды қолданған амал әрекетті айтады. Тізесін құшақтау халықтың бейнелі тіліндегі «Қу тізесін құшақтау» тәрізді сөз саптаудың стилдік мақсаттағы қысқарымы болып табылады. Ал «ұшына шығу» бір нәрсенің шегіне жету, анық-қанығына көз жеткізу дегенді білдіреді. Ғалым бұл жерде «дөп қолдану» деп Абайдың Күншығыс ақындарының ізімен әліп-би таңбаларын өзі суреттейтін кейіпкердің кескін келбетіне дәл ұқсатуын айтса, «тізесін құшақтап қалды» деген тіркесімді шағатай ақындарының жалаң формалистік суреттеу тәсіліне әуестеніп, көркемдіктің аса табиғи жанды теңеулерін іздемей қасталық оқшаулыққа, ұрынатындығын түсіндіру үшін стилистикалық аналогия етеді.

Ал енді шағатай әдебиетіне тән жалаң түр қушылық машықты ақындық өнердің сорлылығы деп білген Қ.Жұбанов Абайдың да сол батпақты белшесінен кешіп барып, ұшығына шығып қайтқанын

пайымдаудың квинтэссенциясы [40] ретінде жеткізеді. Мысалы: «Ескі күншығыс ақынның әріп бейнесін дөп қолдануы өмірден қашықтап, қаламы мен әрпіне ғана қарап тізесін құшақтап қалған касталық жағдайын көрсетеді. Абай – осы белеске шейін өрмелеп барып, шағатай жолының сорлылық ұшына шығып болып, одан безген сықылды /295/.

Бұл шағын зерттеуде біз профессор Қ.Жұбановтың Абай ілімін қалыптастырудағы ғылыми танымдары және Абай поэзиясының тілдік ерекшеліктеріне талдау жасадық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Ысқақов А.Қ. Жұбанов және қазақ тіл білімі // «Қазақстан мектебі» (журналы) 1965. - №3.71-77 б.
- 2 Әуезов М.О. Ірі оқымысты. (кітап) // Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы, Жазушы. 1985, 20 том, 358—366 б
- 3 Мырзахметов М. Абайтанудың сын сағатында. // Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі.. (кітап) Алматы. Ғылым. 1990 ж. 136 - 144-б./.
- 4 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.(кітап) - Алматы: Ғылым,2010 .
- 5 Дербісалин Ә. Ұстаз ғалым. Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. (кітап) Алматы: Ғылым. 1990. 55 - 66 б.
- 6 Милов М.О. Профессор Қ. Жұбановтың лингвистикалық танымдары. (монография) Ақтөбе 2014, 200 б
- 7 Словарь по языкознанию. Алматы. «Ғылым». 1998—544 стр.
- 8 Абай тілі сөздігі — Алматы «Өнер» құрастырушылар Ш.Ахметова, Ә.Болғанбаев, Т.Жанұзақов., 2011 ж
- 9 М.Милов Профессор Қ.Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі.(кандидаттық диссертация авторефераты) Алматы 1999.

МРНТИ 17.07.41

Sartbayeva E. ¹, Tokshylykova G. ²

¹ *Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Language,*

² *Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

**THE CONCEPT “NOSE AND KNEE” AS A SYMBOL OF MAGICAL ABILITIES OF
MIDNIGHT’S CHILDREN IN SALMAN RUSHDIE’S NOVEL “MIDNIGHT’S CHILDREN”**

Abstract

The article is devoted to the research of the concept “*Nose and Knee*” on the basis of Salman Rushdie’s novel “Midnight’s children” from the perspective of cognitive linguistics and literary studies. In the article the concept “*Nose and Knee*” is described as a symbol of magical abilities of midnight’s children, it has a close relationship to the characters of the novel. “*Nose and Knee*” just like “*Saleem and Shiva*” represents the sign of creation and destruction, victim and victor, union and negation, faith and humility – are inextricably related in the novel. The huge conflict between Saleem and Shiva reflects the ancient, mythological battle between the creative and destructive forces in the world. The hostility and anxiety between the two begin at the moment of their simultaneous births.

Keywords: nose and knee, midnight’s children, alterity, identity, magical abilities, cognitive linguistics

Сартбаева Э.,¹ Тоқшылықова Г.²

¹Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті,

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

САЛМАН РУШДИДІҢ «ТҮН ҚОЙНАУЫНДАҒЫ БАЛАЛАР» АТТЫ РОМАНЫНДАҒЫ «МҰРЫН МЕН ТІЗЕ» КОНЦЕПТІСІ ТҮН БАЛАЛАРЫНЫҢ СИҚЫРЛЫ ҚАБІЛЕТІНІҢ СИМВОЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақала қаламгер Салман Рушдидің «Түн қойнауындағы балалар» атты романында көрініс тапқан «Мұрын және Тізе» концептісін когнитивті лингвистика және әдебиеттану ғылымы тұрғысынан саралауға арналған. Мақалада «Мұрын және Тізе» концептісі түн балаларының сиқырлы қабілеттерінің символы ретінде берілген және бұл концепт өз кезегінде роман персонаждарымен тығыз байланысты болып келеді. «Мұрын мен Тізе» - «Салим мен Шиваның» бейнесі, ол роман желісінде өзара сабақтастықта көрінетін жарату мен қирату, құрбандық пен жеңімпаз, өзара келісім мен жоққа шығару, сенім мен кішіпейілділіктің негізгі белгілері болып табылады.

Салим мен Шива арасындағы үлкен тартыс ежелгі мифологияда көрініс тапқан әлемдегі шығармашылық иелері мен қиратушы күштердің арасындағы жойқын соғысты бейнелейді. Бас кейіпкерлердің арасындағы бұл қастандық пен ымырасыздық олар дүниеге келген сәтінен басталғандығы белгілі.

Түйін сөздер: мұрын мен тізе, түн балалары, өзгергіштік, бірегейлік, сиқырлы қабілеттер, когнитивті лингвистика

Сартбаева Э.,¹ Тоқшылықова Г.²

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан

КОНЦЕПТ «НОС И КОЛЕНА» КАК СИМВОЛ МАГИЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ ПОЛУНОЧИ В РОМАНЕ САЛМАНА РУШДИ «ДЕТИ ПОЛУНОЧИ»

Аннотация

Статья посвящена исследованию концепта «Нос и Колена» на основе романа Салмана Рушди «Дети полуночи» с точки зрения когнитивной лингвистики и литературоведения. В статье концепт «Нос и Колена» описывается как символ магических способностей детей полуночи этот концепт тесно связан с персонажами романа. «Нос и Колена» - как «Салим и Шива», представляет собой знак творения и разрушения, жертва и победитель, союз и отрицание, вера и смирение - неразрывно связаны в романе.

Большой конфликт между Салимом и Шивой отражает древнюю мифологическую битву между творческими и разрушительными силами в мире. Враждебность и беспокойство между ними начинаются в момент их одновременного рождения.

Ключевые слова: нос и колена, дети полуночи, изменчивость, идентичность, магические способности, когнитивная лингвистика

Introduction. Salman Rushdie's novel "Midnight's children" is one of the most outstanding novels of the XX century, which describes the transition of India from British colonialism to independence and this historical event is intertwined with magical abilities and mystery. The concept of "Nose and Knee" is used in various ways, and it has a strong relationship with the main heroes of the novel. The meaning of "Nose and Knee" has a wide significance in the novel than just a physical part of body. As we have understood from the novel that "Nose and Knee" represents the identity of an Indian family and Indian culture, too. Also, the author Salman Rushdie leads us to understand the novel through independence of India from the British colony and the identity crisis that Indian culture had at that period. While reading the novel "Midnight's

Children”, we can see that “*Nose and Knee*” identifies the personality of each person who inherited this big nose from generation to generation and the nose has itself “a great power” and can sense all unusual and important events. Rushdie defines the main protagonist Saleem Sinai as a “*nose*”, having an enormous nose as his grandfather, and another character, who is Saleem’s alter – ego Shiva characterizes the person who has an immense power over his knees.

Methodology. We have described the concept “*Nose and Knee*” as a symbol of mystical abilities of midnight’s children, and also have divided a symbol of mystical properties of midnight’s children into three sections:

- 1) *The correlation of identity and alterity;*
- 2) *Mystical predictions of midnight’s children;*
- 3) *The religious and mythological source of personages.*

First of all, let us try to understand the relation between identity and alterity in the novel “Midnight’s Children”. It is given on different levels: the relation between person and people, we can also say relation between one or the other, then relation between the human being and the non – humans and alterity between the one and the same person. Therefore, we are going to explain the correlation of identity and alterity in the novel “Midnight’s children”.

Results and Discussion. One of the defining characteristics of an identity in the novel is that Naseem, she is Aadam Aziz’s wife, she starts being as a clever and wise woman, and continues being as a Reverend Mother during the novel. She has an ancient spirit in herself and the most important thing for her is taking photos.. She realized that with the help of the photo we can create another person’s appearance, and this image cannot be genuine, on the contrary, people hide their truth and reality, which we realize it by these sentences: “*Naseem had become a prematurely old, wide woman, with two enormous moles like witch’s nipples on her face: and she lived within an invisible fortress of her own making, an ironclad citadel of traditions and certainties. Eventually, the photographer had tried to catch her unawares, but she seized his camera and broke it over his skull. Fortunately, he lived, but there are no photographs of me grandmother anywhere on earth. She was not one to be trapped in anyone’s little black box*” [1, p.47].

The most interesting point of the novel is that all characters change their names to other names in order to have different identities. In fact, our names have particular meanings in our lives. Our names are the symbols or signs of identity, they create different images in our minds. According to Chevalier’s Dictionary of Symbols “*the name of a thing is the sound produced by the actions of the moving forces that create it. The Name and Form (Nama and Rupa) are the essence and the substance of the individual because they determine it*” [2, p.353-355].

The main hero Saleem Sinai has several nicknames related to the appearance of his body in the novel, such as: Snotnose, Stainface, Sniffer, Baldy, or Piece-of-the-Moon. Only Saleem asks himself many questions about his identity. “*Even a little boy is faced with the problem of defining itself, and I’m bound to say that my early popularity had its problematic aspects, because I was bombarded with a confusing multiplicity of views on the subject, being a Blessed One to a guru under tap, a voyeur to Lila Sabarmati*” [1, p. 178].

Actually, Saleem’s name symbolizes the sign of the moon that he will always live under its sign. As we know, the moon identifies the protector of the magicians, a great power, and he is the protector of midnight’s children. He also has a great gift – “intuition”, he has the great ability to read magical and personal thoughts of people. His main developed gift is to communicate with everyone through telepathy. Thus, Saleem also gave up his identity, like his grandmother in order to find out a superior one within himself as representing himself like Buddha’s prototype. The most essential reason seems that Saleem and Buddha are different people and he manages to keep himself in one position or distance so that, through his identity, he thinks himself as the other one: “*So, apologizing for the melodrama, I must doggedly insist that I, he, had began again; that after years of yearning for importance, he (or I) had been cleansed of the whole business... that empties from history, the Buddha learned the arts of submission and did only what was required of him*” [1, p. 488].

Another way of looking at this description is to identify the mystical predictions of midnight’s children who were born on 15 August. Saleem Sinai is one of the one thousand and one children, the one that was born exactly at midnight, as his life had been predicted to his mother by seer Ramram a long time ago. The seer Ramram makes a prediction the birth of “*a nose and knees*”, which represent Saleem and Shiva. A nose and knees play a major role in symbolizing each boy’s special power. There are several instances to analyze their significant roles in the novel. When Amina Sinai was pregnant, she visited the seer Ramram, he describes Amina’s future child in this way: “*There will be two heads – but you shall see only one – there will be knees and a nose, a nose and knees*” [1, p.114]. Amina was shocked, even she did not understand what the seer Ramram told her. But Ramram did not stop saying: “*Newspaper praises him, two mothers raise him!*”

Bicyclists love him, crowds will shove him! Sisters will weep him, cobra will creep him! Washing will hide him, voices will guide him! Friends will him – blood will betray him!” Amina Sinai asked some questions about his predictions, but Ramram did not listen to her and carried on: *“Spittoons will brain him – doctors will drain him – jungle will claim him – wizards reclaim him” Soldiers will try him – tyrants will fry him...*” [1, p.115].

Saleem has double characteristics, and he represents the highest identity as physical individual but on the other hand, the top identity of the nation of India. Amina Sinai, Saleem’s mother was offered a gift of a son in exchange of the gift of a life. Therefore, soothsayers said: *“A son...such a son! A son who will never be older than his motherland – neither older nor younger. There will be two heads – but you shall see only one – there will be knees and a nose, a nose and knees”* [1, p.14]. *“He will have sons without having sons! He will be old before he is old! And he will die...before he is dead”* [1, p.115]. These words claim that Saleem Sinai’s future and at the same time, of his alter ego, Shiva, the other boy who was born at the same hour as Saleem, and the representative features of their identities: knees and nose.

As we have mentioned the time of Saleem’s birth, we need to explain the symbolic meaning of it. Therefore, Chevalier Jean and Alain Gheerbrand state: *“the date of Saleem’s birth is a metaphorical coincidence to the birth of the nation of India. But midnight is the primordial hour of absolute rest, when the spiritual sun is in power and opposed to the physical sun of the noon”* [2, p.94].

Saleem Sinai’s fortune turns in such a way that his alter – ego Shiva appears once again in his life and destroys Saleem’s life, at the end of the novel surprisingly Shiva’s son becomes Saleem’s son. Shiva is the archetype of Shiva, the god of destruction and renaissance, he is the greatest dancer, one who rides a bull, whom no force can resist and every time when Shiva appears, at that time Saleem’s life changes. Here, we can say that Shiva seems *to be victor*, while Saleem is considered *to be victim* of the novel. Shiva and Saleem were both born under Capricorn rising, as astrologers have mentioned, Capricorn symbolizes the divine body with power over the knees and this power was given to Shiva. Saleem expresses his opinion about Shiva’s behaviour in this line: *“To be honest: I did not like Shiva. I disliked the roughness of his tongue, the crudity of his ideas; and I was beginning to suspect him of a string of terrible crimes – although I found it impossible to find any evidence in his thoughts, because he, alone of the children of midnight, could close off from me any part of his thoughts he chose to keep to himself – which, in itself; increased my growing dislike and suspicion of the rat-faced fellow”* [1, p.314].



As other characters, Parvati-the-witch also loses her identity, and becomes Laylah at the end of the novel: *“she took a name which I chose for her out of the repository of my dreams, becoming Laylah, night, so that she too was caught up in the repetitive cycles of my history becoming an echo of all the other people who have been obliged to change their names...like my own mother Amina Sinai, Parvati-the-witch became a new person in order to have a child”* [1, p.580]. The most interesting fact is that Parvati has the mystical ability like other midnight’s children and she has the power of the true adept, the illuminates, the genuine gifts of conjuration and sorcery, the art which required no artifice.

We come across with another sort of characteristic of identity, if names are conventional criteria, the body and its elements – physical characteristics, memory is related to the interior existence of a person. Derek Parfitt sustains that *“memory makes us conscious of our existence in time, as it creates a psychological connectedness”* [3, p.100-121]. For Saleem Sinai, memory is the main source of maintaining an identity, though not only a personal identity but also a national identity. He collects both the personal and historical memories and his daily lives out of them. Nevertheless, Saleem realized that *“we simply could not think our way out of our pasts”* [1, p.118], moreover, he creates his life again, especially his relatives’ lives out of a memory he does not physically have, but which he discovered by the power of his mind. *“And memory – my new, all – knowing memory, which encompasses most of the lives of mother, father, grandfather, grandmother, and everyone else – answers: soft, squashy as corn flour pudding”* [1, p.88]. Saleem in his attempt of pickling history and maintaining memory present, he fell in the trap of his dream, he lost his personal name, in favour of other memories that altered his being to the point of dissolution. He admits himself that memory makes a nation and a person, he even learns to live experiences that do not belong to him, he reaches to live moments of the dead until he is reborn by Parvati’s basket: *“Memories of invisibility: in the basket I learned what it was like, will be like, to be dead. I acquired characteristics of ghosts! Present but insubstantial; actual but without being or weight”* [1, p.532]. Saleem claims that India being a nation of forgetters he receives only-legend-like images and turns history into personal memory. According to Frances A. Yates’s theory *“memory belongs to the same part of the soul as imagination does”* [4, p.174-175]. When telling us about Methwold, Saleem states strange statements such as: *“bit I, who never saw him once, find him impossible to forget”* [1, p.114].

The next thing is about *religious and mythological source of personages*. Here, we have recognized the mythological origin of characters from the novel. Firstly, Saleem Sinai knows the symbol of his name Sinai, which means the “*master magician*” and “*the son of the moon*”. The moon is the protector of the magicians, of the super – natural powers, since the protector of the children of midnight. Saleem as a Muslim has a connection to Islam. Secondly, *Shiva is the name of a Hindu god*, associated with Hinduism, according to his name and his gifts. Shiva’s gifts of war, which echo the powers of the Hindu gods, depicted in Hindu mythology. Finally, *Parvati is the name of a Hindu goddess*, remains associated with energies of the earth. Parvati-the-witch echoes this connection with her ability to combine the energies of the earth to allow for sorcery and conjuration. By a Hindu goddess, Parvati is connected to Shiva, because in Hindu mythology, *Parvati is a consort of Shiva*.

Here, the schemes of the concept “Nose and Knee” and similarities and contradictions of two main characters are given in the below:

Scheme 1 – “Nose and Knee” – as a symbol of special magical abilities of midnight’s children



Scheme 2 – Similarities and contradictions of two main characters: Saleem and Shiva

Conclusion. The conflict between Saleem and Shiva reflects the ancient, mythological battle between the creative and destructive forces in the world. The hostility and anxiety between the two begin at the moment of their simultaneous births. The reference to Shiva, the Hindu god of both destruction and procreation, reflects not only the anxiety between destruction and creation but also the inextricably bound nature of these two strong forces. Saleem, as a protagonist of *Midnight's Children*, is responsible for creating the world. He symbolizes Brahma, the god of creation. Saleem creates a story, not his own life. By delivering Saleem into the hands of the Widow, Shiva is obliged for the destruction of the midnight's children and also by being Aadam's father and hundreds of other children and he ensures the continuation of their legacy. The dialect of creation and destruction is revealed as a symbol of energy potential force of midnight's children to undertake the mission of generations of postcolonial India. As a matter of fact, Saleem's nose symbolizes *a leading and unifying force of India in a constructive and peaceful way*, he even describes his own nose in this way: "My nose: elephantine as the trunk of Ganesh, it should, I thought, have been a superlative breather" [1, p.214] and on the contrary, Shiva represents the alternative side of India, the desire for power by force: separatism, destruction, self-destruction. In this respect, Shiva is suspected of killing human beings with his powerful and strong knees, while Saleem uses his nose to discover the most decrepit nations in the city. Knees and nose – just like Saleem and Shiva, creation and destruction, victim and victor, union and negation, faith and humility – are inextricably related.

References:

- 1 *Rushdie, Salman. Midnight's Children. London: Vintage Books, 2006. – p. 647.*
- 2 *Chevalier Jean and Gheerbrand Alain, Dicționar de simboluri, București, ed. Artemis. 1993. – p. 416.*
- 3 *Derek Parfit, Reasons and Persons in Secolul XXI. – p. 161.*
- 4 *Yates A. The Art of Memory. – p. 400.*

МРНТИ 17.09

Таңжарықова А.,¹ Сатмирова Д.,² Келгембаева Б.³

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³ С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Өскемен, Қазақстан

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФТІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Қазіргі қазақ прозасындағы мифтің әр түрлі мағынада қолдануы оқырманда қызығушылық туғызады. Бұл авторлардың әр түрлі әдеби бағытқа қатысын мифте берілген идеяларды көрсету үшін негізгі мифемдерді таңдауда қалай берілетінін анықтауға мүмкіндік береді. Мифтерді қолдана отырып, автор, бірнеше дәстүрмен диалогқа түседі, екіншіден белгілі мифологиялық сюжетті қайта түсіндіреді, өз образын жасайды, соның нәтижесінде баяндауды мифтендіру іске асады. Бас кейіпкердің мифологиялық дүниетанымы уақыт пен кеңістікке ерекше қабылдаумен сипатталады. Бұл ғылыми мақалада қазақ прозасындағы фольклорлық мифтердің қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасалып, олардың көркемдік қызметі айқындалады. Қазақ прозасында ХХ ғасырдың аяғында мифке деген қызығушылықтың жандана бастауының алғышарттары нақтыланады. Қазақ прозасындағы мифологиялық дәстүрлер жаңа әдеби тенденциялардың өзара байланысы қарастырылады. Шынайы өмірді тұрақты мифологиялық модельдер мен образдар арқылы берудегі мифтің көркемдік қызметі анықталады.

Түйін сөздер: Реминисценция, фольклор, ежелгі наным-сенімдер, мифопоэтика, мифтер, мифтік образдар, мифтік аңыз, әдеби көркемдік әдістер, мифологиялық құрылым

Tanzharikova A.,¹ Satemirova D.,² Kelgembayeva B.³

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University after Abay,
Almaty, Kazakhstan,
³ S.Amanzholov East Kazakhstan State University,
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

ARTISTIC FUNCTION OF MYTH IS IN KAZAKH PROSE

Abstract

The use of the myth in modern Kazakh prose in different senses is of interest to the reader. This allows us to determine how the authors' attitudes towards different literary trends are conveyed in the choice of basic myths to reflect the ideas presented in the myth. Using myths, the author enters into a dialogue with several traditions, and secondly, reinterprets a well-known mythological plot, creates his own image, as a result of which the narrative becomes a myth. The protagonist's mythological worldview is characterized by a special perception of time and space. This scientific article analyzes the features of the use of folk myths in Kazakh prose and identifies their artistic function. The prerequisites for renewed interest in myth in Kazakh prose at the end of the 20th century are being clarified. The relationship of mythological traditions and new literary trends in Kazakh prose is considered. The artistic function of myth is determined in the image of real life through mythological models and images.

Keywords: Reminiscence, folklore, ancient traditions and beliefs, mythopoeics, myths, mythical images, mythical legend, literary art methods, mythological structure

Танжарыкова А.,¹ Сатемирова Д.,² Келгембаева Б.³

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы., Казахстан

³ Восточно-Казахстанский государственный университет им. С.Аманжолова
Усть-Каменогорск, Казахстан Қазақстан

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФУНКЦИЯ МИФА В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

Использование мифа в современной казахской прозе в разных смыслах представляет интерес для читателя. Это позволяет нам определить, как авторы относятся к различным литературным тенденциям в выборе основных мифов, чтобы отразить идеи, представленные в мифе. Используя мифы, автор вступает в диалог с несколькими традициями, а во-вторых, переосмысливает известный мифологический сюжет, создает собственный образ, в результате которого повествование становится мифом. Мифологическое мировоззрение главного героя характеризуется особым восприятием времени и пространства. В данной научной статье анализируются особенности использования народных мифов в казахской прозе и выявляется их художественная функция. Уточняются предпосылки возобновления интереса к мифу в казахской прозе в конце XX в. Рассматривается взаимосвязь мифологических традиций и новых литературных тенденций в казахской прозе. Определяется художественная функция мифа в изображении реальной жизни через мифологические модели и образы.

Ключевые слова: Реминисценция, фольклор, древние традиции и верования, мифопоэтика, мифы, мифические образы, мифическая легенда, литературные художественные методы, мифологическая структура

Кіріспе. Қазіргі қазақ прозасындағы миф әр түрлі көркем бағыттар мен жанрларда орнығып қана қоймай, көркем мәтіннің барлық деңгейіне енді. Әсіресе оның реминисценция түрінде көрінуі өте айқын.

Мифологиялық реминисценция жекелеген мифтердің нақты, кейде айқын емес қолданысын немесе олардың белгілі әдеби интерпретациясын байқатады, бұл оқырманның мәдени жадысы мен ассоциативті қабылдауына негізделген сапалы тәсіл болып табылады.

Мифологиялық реминисценция проблемасы В.Б.Шамин, Элиаде М. т.б бірқатар орыс ғалымдары еңбектерінде қарастырылды. Оның кең тараған формаларын мифологиялық персонаж, яғни «мифологиялық ат» мифологиялық сюжет, мифтер мен мифологиялық «архетиптер» [1,16], -деп саралаған.

Әдістеме.Әрине мифологиялық реминисценция шеңбері бұл көрсетілген варианттардан да кең. Мифологиялық реминисценция қатарына цитаталар, қарапайым еске түсірулер мен қатар миф интерпретациясы кейде, олардың жасаушыларының аттары да беріледі. (мысалы Дантениң «Күдіретті комедиясы», О.Мендельштамның «Бессоница», Гомер «Туше перуса» өлеңі).

Мифологиялық реминисценция эксплицитивті (танып білуге есептелген) және имплицитивті (жасырын) болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – мифологиялық реминисценциялардың көркем шығарма тініне қалай жымдаса бірігуіне және оның көріну формалары мен функцияларын анықтау.

Қазақ прозасында ренинисценция үлгісіне «жезтырнақ» бейнесін алуға болады. Бұл М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасынан және А.Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесінен көрінеді.

«Жезтырнақ» – әйел кейпіндегі жын (дух). Ол орманда өмір сүреді. Жезтырнақ туралы аңыздар көп», – деп жазады Ш.Уәлиханов.

Ерте, ерте, ерте, ерте – ерте екен

Ерте күнде ешкі жүні бөрте екен...

Хан Абылай немересі Кенехан

Аспанға өрлеп, заулап жанған өрт екен [2,16] –

деп басталатын поэмада Сыздық батырға қараңғыда, айдалада жезтырнақты кездестіреді.

Құм астында демі біткен бетпақ шөл,

Сұлу келіншек – жезтырнақ қой қанышер.

Тырнағымды көрсе біліп қалад деп,

Жеңнен қолын шығармаған мәні сол. [2,17].

Ал, А.Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесіндегі жезтырнағы былай суреттеледі: «Ең азабы – көз алдына елестейтін қаныпезер қорқаудың өз анасына ұқсайтыны. Сосын еріксіз әжесінің жеңіне күдіктене қарайды. Тұла бойы түршігеді. Ту сыртындағы қоң етіне алмас тырнақты он саусақ сүңги еніп тұрғандай, жұлын тұтасындағы он нүкте, сыздап сырқырап қоя береді». [3, 234].

М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасындағы жезтырнағы ол фольклорда ертеден бар жезтырнақ. Ал А.Мекебаевтың «Жезтырнағы» түрленіп, өзгеріп, жанарып келген жезтырнақ. Екеуі де авторлық танымға қызмет атқарып тұр. М.Жұмабаев Сыздық батырдың қырағылығын, ержүректілігін, батырлығын ашу үшін жезтырнақты қолданып тұрса, ал А.Мекебаевтың «жезтырнағы» бір үйдің шаңырағын ортасына түсіріп, өш алу құралына айналады. Қазақы танымдағы зәрені алатын жезтырнақ образы қолдан жасалып, Тұрманқожа жезтырнақ кейпіне еніп, мола басында құран оқып отырған Жұмағұлды жезтырнақ болып қорқытып, ақыры өлтіріп тынады. «Әзірейіл қол шошандататындай, тайрандап билейтіндей, қарқылдап күлетіндей, артынан айқайлап қол безейтіндей. Ол сана айқындығын үрейдің соқыр тұманымен тұмшалады да манаурай ауырсынып, ұйқыға ұқсас түйсіксіз болмыстың құрдымына шын батты» [3, 230]. Бұл жерде автор оқиға сюжетіне «үрейді» кіргізе отырып, психологиялық сезімдік нақыштарға қатты мән берген. Пері, албасты, жезтырнақтан қорқатын қазаққа «жезтырнақ» атын пайдаланып Тұрманқожа өзінің арам ойын іске асырады. Авторлық ой гротескілі формамен берілген. «Аспанда сұп-сұр, жер де сұп-сұр. Тымырсық көктің төсіне тұтаса түнеріп түбіт жүні түтіле сіркіреген бура бұлттар жерге енді-енді жүрелеп жата кетердей төнеді. Бұтақтары жауынға шалынған жас жыңғылдар қан қызыл. Қара барақтар, итсигектер маужырай тұнып күлтеленіп тұр. Бойына ылғал тартқан бұйрат құмға ат тұяғы тисе астынан бұрқырап құрғақ ақ топырақ көрінеді» [3, 262]. Неліктен автор сұр түсті қалап тұр? Ақын Абай «сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан», Д.Г.Байрон «көңілім менің сұп-сұр» деп табиғат пен адам көңілі арасындағы байланысты психологиялық параллелизм әдісімен бейнелегендей «сұр түс» бұл жерде ақкөңілі кірленіп, күдік пен күмән басып, сұп-сұр болып, жезтырнақтан кек алуға бел байлаған кейіпкер характерін береді. Градация формасымен берілген бұл пейзаж көрінісімен осы бір отбасына, Әуез басына төніп келе жатқан қауіп-қатер, трагедияның да ұлғайып келе жатқанын психологиялық параллелизм тәсілімен орынды берген. Автордың айтпағы «жезтырнақ» деген суық сөздің өзі бір отбасына қаншама қайғы, мұң, зар әкелгендігі.

Талқылау. М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесі сонау бағзы замандардан да әрідегі біздің бабаларымыз тәу еткен «Тәңірі» туралы әңгімеленеді.

«Ол өзі бір Жақия да, Бұдда да, Иса да, тіпті Алла-тағаланың өзі де адам санасынан орын тебе қоймаған кез еді. Не жанарымызға сыймайтын, не ақылымызға сыймайтын бүкіл мына жарық дүниені де, Адам ата мен Хауа анадан өзге тірі пенде көріп-білмеген, көзге де, көңілге де қараңғы о дүниені де Тәңірі жеке-дара билейтін» [3, 8].

Ғалым С.А.Қасқабасов «Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата – демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі» деген... [4, 96]. М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесін фольклорлық таным пайымымен жасампаздық мифке жатқызуға болады.

Ал жасампаз миф туралы орыс ғалымы Е.М.Мелетинский «Жасампаздық мифтер дегеніміз бүкіл дүниені құрайтын нәрселердің пайда болуын баяндайтын мифтер» деп анықтайды өзінің «Поэтика мифа» атты еңбегінде [5,195].

Бұл мифтік повесте Тәңірі екі періштесін кезек тындап, ғаламда болып жатқан өзгерістерді солардың шар айналарынан қарап біліп отырады. Анда-санда жерге қарап, әуелде адамзат атаулы Адам ата мен Хауа ананы пейіштен қуғанда екеу-ақ еді, қазір ұзын саны бірер мың болыпты деп ой түйеді.

Шарапат қашанда ізгілік пен жақсылықтың символы іспеттес. Ал Кесепат болса мүлдем қарама-қарсы. Автор Шарапат пен Кесепатты антитезалық бейнелеу тәсілімен ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қарама-қарсы символы ретінде алған. Дүние дүние болып жаралғалы жұмыр басты пенде бойындағы екіұдай мінез: бірі жамандыққа бастап тұратын – кесепат азғыруы, бірі адамдар үшін жақсылық жасауға бар Шарапаттың іс-әрекеті өмір-бойы бір-біріне кереғар күресіп өтетіні содан екен.

Академик С.Қирабаев «Ұят туралы аңыз» повесін аңыздық сюжетке құра отырып, соның негізінде жазушы адам баласы өмір бойы толғандырып келе жатқан бүкілхалықтық проблеманы – зұлымдық пен адалдықтың күресін бейнелейді. Ертегілік оқиғаларға нақты адам әрекетіне ылайық сипаттар береді. Дүниені жеке дара билеуші Тәңірі де, оның періштелері Шарапат пен Кесепат та Марал повесінде аңыздық күйден көркем бейнеге айналады» [6, 353] деп бағалайды.

Бұл мифтік аңыз шығыстық мотивтегі көне сюжетке құрылған. Жазушы құрғақ баяндаудан гөрі адам тойымсыздығының түп төркіні неде деген сұрақты ортаға салады.

Д.Досжановтың «Тілегімді бере гөр» повесінде Шалқардың шалғай түкпірінде жас журналист жігіт Дана сол маңнан мемлекеттік қорық аштырмақ болады. Жергілікті «Охотсоюздың» қорықшысы, өкіметтің байлығына қолын салып, тегін ішіп-жеп отырған араны ашылған Молдаберді зиянкестік әрекет жасап жас жігітті айдалада соққыға жығып тастап кетеді. Біраз жыл өткен соң Молдаберді ұшты-күйлі жоғалып кетеді. «Ақырында Мәнәулие маңында жапанда шошайып жалғыз отырған жүз жасқа келген аңшы шал айтыпты-мыс деген сөз ел ішінде гу ете түседі. Әлгі аңшы айдалада, киік қарап сандалып жүрсе, бүйірі қабысып бұратылған аш қасқыр көріпті. Құдая тоба, сол қасқырдың көзі құдды Молдабердінің көзі, үні құдды Молдабердінің үні дейді: қарт аңшы қарап тұрып қайран қалыпты, қатты шошыпты, көріп тұрып сенбеуге амалы болмапты. Аш қасқырға айналып айдалаға қаңғып кеткен Молдаберді сол деп иманын айтып жат та қарғаныпты. Бұл қауесетке біреу сенеді, біреу күлді, біреу шошынып ішегін тартты.

Біз айтсақ – үйірінен, туған жерінен қарадай безініп, айдалада алып соғып тояттауға таппай сілесі қатып сенделіп жүрген аш қасқыр – сол Молдаберген дер едік», – деп аяқтайды автор повесті [7,138].Бұл повесте автор «аш бөрідей» деп қазақ айтпақшы өмірінде «тою» дегенді білмей, өмірі ашкөзденіп, аш қасқырдай жалаңдап өткен Молдабердінің образын символмен ұтымды берген.

Автор неліктен кейіпкерін қасқырға айналдырды? Бұл ретте ел арасында тараған танымал аңыз желісімен келетін болсақ, халық қарғысына ұшыраған Қарынбай сараңның суырға айналуын тілге тиек етіп кетуге болады.

Жазушының «Келіншек таудағы тас түйелер» атты тағы бір мифтік шығармасында қыздың әке қарғысына ұшырап тасқа айналуының себебі тасбауырлығында жатса, сол Молдабергеннің қасқырға айналуы оның ашкөзділігінде болса керек.

Нәтижелер. Жазушылардың шығармашылығындағы реалистік әдісті мифологиялық логика элементтерімен біріктіру ұмтылыстары шығарманың құрылымын құруға, шынайы өмірді тұрақты мифологияның модельдер мен образдар арқылы түсіндіруге ықпал етті.А.И.Вонюковтың атап өткеніндей, [8.6] «шығарманың аты автордың атымен бірге нақты көркем жүйенің «белгісін», «символын», «формуласы» мен «формасын» білдіреді, ол өзіне шығарманың тақырыбын, идеясы мен пафосын жинақтайды».

«Миф» түсінігі мифологиялық есімнен мифологиялық образдан және мифологиялық баяндаудан тұрады. Бұны А.Ф.Лосев, О.М.Фрейденбург өз еңбектерінде атап кетеді. Есім ежелгі және алғашқы мифологиялық құрылым болып табылады. Ол образда және ритуалар салттар көрінеді. Салт (ритуал) образды мифке сәйкес келеді, ал мифологиялық баяндау, өз кезегінде, мифтің түсініксіз сал-дәстүрді түсіндіру үшін пайда болады. Автор мифологиялық есімді қолдана отырып, біріншіден, образ сомдайды, екіншіден белгілі сюжетті қайта түсіндіреді, яғни жаңа стратегиялы есімге бағындыра отырып ой елегінен өткізеді, соның нәтижесінде баяндауды мифтендіру жүзеге асады.

Қазақ прозасындағы мифтендірудің негізгі формаларын былай жүйелеуге болады:

1. Барлық шығармаларда мифологиялық реминисценциялар мәтіннің әртүрлі деңгейлерінде байқалады. Мифологиялық есім белгі берілген шығарма атынан сюжетке, сюжеттік ситуацияға, құрылым түзуші, сөзге дейінгі деңгейде көрінеді.

2. Қазіргі қазақ прозасындағы мифтендіру көзқарастың көптік қағидасы бойынша көркем құрылымды ұйымдастыру арқылы жүзеге асады яғни мифологиялық мотивтер мен мифемдер жүйесі арқылы;

3. Мифологиялық реминисценцияны қолдану техникасында авторлардың шығармаға берген аты мәтін «формуласын» анықтайды, интерпретация кілтін айналады, жалпы белгілі мифтегі сюжеттік іс әрекеттерді қайта өңдейді. Осының нәтижесінде өзіндік көркем құрылымы бар жаңа миф дүниеге келеді. Ескі форма жаңа бір сипатқа ие болады.

4. Қазіргі мифтің көркем құрылымының маңызды элементтері мифологиялық сана, мифологиялық уақыт, мифологиялық кеңістік. Бұл үш құрамдас бөлік мәтінді ұйымдастырады, оған миф белгілерін береді. Өз кезегінде олар жаңа мифтің көркем құрылымына өзінің ішкі қасиеттерін бағындырады:

– барлығында бәрінің болуы;

– уақыт ағысында, иллюзия мен шынайылықта себеп пен салдардың біртұтастығы;

– жеке тұлға сезімінің жоқтығы, немесе оны «тұтастық» мәңгілік қайталаушылығы, тұйықтығы, дискреттілігі;

Қазіргі прозаның мифопоэтикасын талдау нәтижесінде мифологиялық «элементтер» функциясын төмендегіше анықтауға болады:

– модельдеуші (мифологияның дүниетанымдары, күнделікті іс-әрекетте миф атмосферасын жасау);

– философиялық (мәңгілік айналу, мәңгілік қайта оралу немесе тұрмыстың мәңгілік жалғандығы туралы идея);

– құрылымдық (көзқарастың көп болуы соның салдарынан – мифологиялық образдың көптеген бөліктерге бөлінуі);

– поэтикалық жоғары және төмен, прозалық және асқақ, кітаби және ғылыми дискурстар тоғысынан құрылған баяндау стилінің сипатын анықтайды.

Миф шынай өмірге еніп, қарапайым адам образы, оның күнделікті өмірі, ол жасаған өркениет мифтендіріледі. Автор идеясына сәйкес мифологиялық дүниетаным бірде асқақ, бірде трагедиялық, бірде фарстық сипатта болуы мүмкін.

Қорытынды. Мифтер қазақ прозасында жаратылыс сырларын түсіндіруде және мен өмірдің мәніне үңілуде философиялық ой түюдің құралы ретінде көрінді. Қазақ прозасының әр түрлі бағыттарын көрсететін шығармаларда мифтендіру процесі әр қилы жүзеге асады, бір мифтері, мифологиялық мотивтер әр түрлі интерпретацияға ие болады. Бірақ қалай болғанда да әр қилы ерекшеліктері суреткерлер мақсаты да бар: ол – сенімді модельдер мен схемалар арқылы қазіргі өмірді қайта түсіндіруге ұмтылу. Тұтастай алғанда қазіргі қазақ прозасында миф ролінде тек тар мағынадағы мифология емес, тарихи аңыздар, тұрмыстық мифологиялық, тарихи-мәдени реальды жағдай, өткеннің танымал және белгісіз көркем мәтіндеріндегі көркем образдар көрінеді.

Мифологиялық құрылымдар адамзат өмір сүруінің алғашқы негіздерін анықтауға қолданылады, жаңа дәуірдің қақтығыстарын байыптауға тұрмыстың жалпы заңдылықтарын түсінуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Элиаде М. *Миф о вечном возвращении* //М. Элиаде – СПб, 1998.407 б. - кітап

2 Жұмабаев М. *Шығармалар. 2-3 том.* – Алматы: «Білім». 1996 – 512 б. - кітап

3 Мекебаев А. *Жер кіндігі. Роман, повестер.* – Алматы: «Жазушы». 1992. – 463 б. – кітап

4 Қасқабасов С. *Жаназық.* – Астана: «Аударма». 2002. – 584 б.- кітап

5 Мелетинский Е.М. *Поэтика мифа*. – Москва: 1976. С. 407 - кітап

6 Қирабаев С. *Адам тануға ұмтылыс*. – Қазақ әдебиеті. 1980 ж. 11 желтоқсан.–газетте жарық көрген мақала

7 Досжан Д. *Алыптың азабы*. – Алматы: «Рауан», 1997. – 411 б.- кітап

8 Вонюков А.И. *Поэтика заглавий и жанрового передела русского романа к XIX-XX в.в. /А.И.Ванюков// Русский роман XX века: Духовный мир и поэтика жанра. Сб. Науч. Тр. Издательство Саратовского ун-та. 2001. С. 266.- кітап*

МРНТИ 17.07.41

Каримова Г.¹

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада жазушы Оралхан Бөкей туындыларындағы Адам-Қоғам-Табиғаттың үштік тағаны кейіпкерлердің қиын да күрделі тағдыры негізінде түсіндіріледі. Қаламгер прозасындағы идеялық-көркемдік ізденістерге бүгінгі күн тұрғысынан баға беріле отырып, өзіндік қолтаңбасы анықталады. Қаламгер шығармаларындағы жалғыздық сарыны пайымдалады, өз уақытының Адам-Қоғам-Табиғат арқауындағы өзекті әлеуметтік, рухани мәселелерін өзіне тән романтикалық мәнерде мейлінше реалистік негіздегі өзіндік жазу үлгісінде көркемдік кеңістігінде тоғыстыра білген шебер. Адамзаттың күрделі тағдырын ғана емес, іңкәр сезімінің нәзік иірімдерін берудегі адам психологиясын терең меңгерген ерекшелігі мен шеберлігі, зерделі зейіні нақтылы мысалдар негізінде талданып көрсетіледі. Суреткер туындыларындағы әлеумет мәселесінің жалғыздыққа бейім образдар болмысы арқылы жарқырап көріну себебі мен өмір шындығынан нәр алған кейіпкерлерінің жасандылықтан ада, шынайы болмысымен көріну мүмкіндігі пайымдалады.

Түйін сөздер: адам, қоғам, табиғат, тағдыр, жалғыздық, адам психологиясы

Karimova G.¹

¹ *Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan*

ARTISTIC AND IDEOLOGICAL PECULIARITIES OF WORKS BY ORALKHAN BOKEY

Abstract

The article explains the trinity of Man-Society-Nature in the work of writer Oralkhan Bokey through the complex and complex fate of the characters he created. Ideological and artistic research in the prose of a writer is evaluated in a modern context, thus determining the author's own signature. The problem of loneliness, which is widely reflected in the writer's work, is considered. The features and skills of the writer, who was able to convey not only the complex fate of mankind, but also the subtle threads of instinct, a deep understanding of human psychology, reasonable attention, are analyzed using specific examples. The characters of the writer, fed by the realities of life, manifest themselves in real human nature. The socio-philosophical problem in the artist's work is clearly reflected in the nature of the lonely hero.

Keywords: person, society, nature, destiny, loneliness, human psychology

Каримова Г.¹

¹ *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ХУДОЖЕСТВЕННО-ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ОРАЛХАНА БОКЕЯ

Аннотация

Статья объясняет триединство Человек-Общество-Природа в творчестве писателя Оралхана Бокеев через сложную и сложную судьбу созданных им персонажей. Идеологическое и художественное исследование в прозе писателя оценивается в современном контексте таким образом определяя собственную подпись автора. Рассматривается проблема одиночества, которая широко отражена в творчестве писателя. Особенности и умения писателя, который смог передать не только сложную судьбу человечества, но и тонкие нити инстинкта, глубокое понимание психологии человека, разумное внимание, анализируются на конкретных примерах. Персонажи писателя, питаемые реалиями жизни, проявляются в реальной человеческой природе. Социально-философская проблема в творчестве художника наглядно отражается в природе одинокого героя.

Ключевые слова: человек, общество, природа, судьба, одиночество, человеческая психология

Кіріспе. Өзіндік стилі қалыптасқан, авторлық қолтаңбасы ерекше жазушы Оралхан Бөкей – адам психологиясына терең бойлай білген нағыз талант иесі. Қаламгердің қай шығармасын оқысаң да, адами болмыс шынайы суреттеліп, жан-дүниендегі небір нәзік әрі құпия сезімдерді дөп басып, ішкі толғанысыңды дәл табады. Оның шығармаларын оқыған жан не ойға шомады, не мұңға батады. Оның ерекшелігі де сол-шынайы өмірді айнытпай суреттеу арқылы оқырманға ой салу үшін қоғамдық мәселеге адами тұрғыдан қарап, шешуге ұмтылады. Сондықтан Оралхан Бөкейдің кейіпкері шындықты қарапайым өмірдің өзінен іздейді, мәселені адамдық тұрғыда шешеді.

Қаламгердің шығармаларындағы кейіпкерлер де – қарапайым халық өкілдері. Дегенмен сол халық арасынан асқақ арманы бар Тортай да, қатігездік қанына сіңген Ерік те, ағайын алауыздығынан жалғыздықтың азабын сезінген Қожа да, жазықсыздан жапа шеккен бейкүнә Ардақ, қызғалдақ ғұмыры ерте үзілген Арай да бой көрсетеді. Оралхан Бөкей сомдаған кейіпкерлерінің көпшілігі асқақ, тәкаппар, оқшаулау өмір сүретін, жалғыздықпен дос, кісікіктеу болып келеді. Әр кейіпкердің мінезі, іс-әрекеті, психологиясы, тіпті өмірге көзқарасы мен мақсаты әр қилы болса да жазушының айтар ойы жалғыз. Ол – адамзат тағдыры. Өмірдің ақ-қарасын айырып, көзқарасыңды өзгертер шығармалары адамзаттың адамдық қасиетінің төрешісі ретіндегі жазушының өзіндік бейнесін, дүниетанымын танытады. Өйткені “жазушы шығармалары да оқыған сайын тереңдей түсетін, ашыла түсетін, бұйығып жатқан сырлары мен бұғып жатқан құпиялары шешіле түсетін жұмбағы мол дүниелер” [1,81].

Әдістеме. Жазушының “Қыстың ұза-а-ақ кеші” деп басталатын “Қасқыр ұлыған түнде” новелласының көтерген басты мәселесі алғашқы екі абзацтан айқын көрініп тұр. Автор ата-ана, бауырларына асыққан қаршадай әрі қауқарсыз қазақ қызының боранды түнде қасқырға жем болған тағдырын баяндайтын туындысында мұндай қасіретті оқиғаның орын алу себебін түсіндіруге тырысады. Қай шығармасында болмасын табиғат пен адамның гармониясын, олардың тұтастығын дәріптейтін қаламгер бұл новелласын да жайсыз, мінезі қатал қысты жанды қалпында: қараңғылыққа ырық бермей, ұзақ ұғысып барып, түннің қап-қара отауына амалсыз кіретін бір кешін суреттеумен бастайды. Бұл тұста автор табиғаттың қатал мезгілін суреттеп, қыстың суық кешін енгізу арқылы екі түрлі мәселені негізгі нысана етіп алады. Біріншісі, алда жайсыз оқиғаның болатындығына меңзеу, екіншісі, қала мен ауыл халқы тұрмысының арасындағы жер мен көктей айырмашылықты көрсету. Сол айырмашылық негізгі оқиға орын алған “Өркен” ауылы мен “Новостройка” ауылының айырмашылығын ажыратуға ұласады. Автор-журналист мақала жазуға асығып кетіп бара жатқан “Новостройка” ауылы “Өркен” ауылы секілді бұрылыста емес, тура жолдың бойында орналасқан, ауылға дейін теп-тегіс асфальт төселген күйлі ауыл. Мәдени тұрмыстық жағынан бүкіл республикаға үлгі болатындай село қала типінде салынған: мәдениет сарайы, әмбебап дүкені, рестораны мен тұрмыстық қамту үйі тағысын-тағылар бар. Биліктің назарындағы қала типтес село болғасын ақша да бөлініп, барлық жағдай жасалған. Ал дәл іргесінде жатқан бірнеше жылдық тарихы бар бұрынғы

“Бөрілі” қазіргі “Өркен” ауылында кітапхана да, клуб та жоқ, азық-түлік пен тұрмыстық заттары аралас сатылатын жалғыз түйір дүкені ғана бар, оның өзі сатушының үйінде орналасқан. Автобус қатынамайтындығын айтпағанда, мектебінің өзі бастауыш сыныппен шектеледі. Міне, екі ауылдың осындай ірілі-ұсақты айырмашылықтарын тізбелей көрсете келіп, автор коммунизм дәуірі гүрілдеп, социализм қуатына мініп тұрған кезеңде күре жолдың бойынан екі шақырым жердегі аулына жете алмай, түз тағысына таланып, қор болған жас қыздың аянышты тағдырын әсерлі түрде оқырманына жеткізеді.

Нәтижелер. Осы трагедия арқылы өз заманының ащы шындығын мақтаныш, жоспар, көзбояушылық үшін салынған “Новостройка” сияқты селолардан гөрі қазақ жерінде “Өркен” секілді мемлекеттің қамқорлығына зәру мекендердің көп екендігіне қоғам назарын аударғысы келеді. Автор кейіпкерінің ойына “маған сонау “Өркеннің” бүкіл байлығы мен бақыт несібесін осы сүйкімді село ұрлап, тонап жатқандай әсерді және қалдырды” деген сөздерді бекер енгізіп отырған жоқ. Оның Ардақ трагедиясы арқылы айтқысы келген бар ойы, шындығы да осы деп ұғамыз. Оның пайымынша, іргесіндегі ауыл тұрғындары жетім баланың күйін кешіп жатқан жағдайда “үлгілі” селоларды насихаттап, көзбояушылыққа, жауырды жаба тоқуға салынудың еш қажеті жоқ. Қазақ елінің тәуелсіздігі өз қолында болмағасын оның байлығы мен несібесін де зорлықшы күштердің мәдени әрі заңды түрде тонап жатқанындығына меңзейді. Басқалар “жариялылық”, “демократия” шындықты ашып айтуымыз керек деп жаһанға жар салып жатқанда, автор осы бір ғана новелласы арқылы үлкен қоғамдық шындықтың бетін ашып, әлеумет жағдайын қаз-қалпында бере білген. Әке тілегі бойынша мұғалім боламын деп үміттеніп жүрген Арайдың “бірақ сіздер мұндай жетім ауылды менсінбей, тура, түзу де жайлы жолмен үлгілі селоға тартасыздар, тек сондай тамашаны ғана көріп жазасыздар» дегені жай ғана ауыл қызының сөзі емес, кеңес замандағы қазақ қоғамының көрінісі, бет-бейнесі екендігі түсінікті. Новеллада басы артық, шашау шыққан бірде-бір сөйлем жоқ. Мәселен, автобус ішінде журналистің құлағына шалынып қалған бір ауыз: “Жаман иттің атын Бөрібасар қояды” деген сөзхалық арасында менсінбеу немесе көңілі толмау мақсатында қолданылады. “Бөрілі” деген бұрынғы атауын өзгертіп “Өркен” деген атау бергенмен бұл ауыл өркендеп, әлеуметтік-мәдени жағдайы жақсарып, гүлденіп кеткен жоқ. Керісінше, осы ауылдың ару қызы аш бөрілерге жем болды. Шығармадағы автобус ішінде ұйқтап отырған кейіпкер “Өркен” аулына тоқтаған кезде оянып кетіп: “Жаман иттің атын Бөрібасар қояды” деп кейістік танытуының өзі адамдардың қарым-қатынасы да бұрынғыдай жылылығынан айрылып қалғандығын білдіреді[2]. Сонда ол нигилист қазақтың ұйқысы бөлінгеніне реніш білдіріп, күнкілдеуі арқылы жақсы мағынада қолданылатын “Өркен” сөзін жақтырмай, менсінбеуімен-ақ, автор ана тілінің қадірі кетіп бара жатқандығын меңзейді. Қазақтар “Өркен” жаққа мойнын бұрып та қарамастан, үстінен аттап өтіп, “Новостройкаға” өтіп кетеді, бәрі де новостройкаға құмар. Автор ауыл аттарын да бекер бұлайша алып отырған жоқ. Бірде-бір қазақтың ойында неге бұл ауылдың атауы орысша деген сұрақ жоқ. Бұл да – сол заманғы идеологияның көрінісі, социализмнің жеңісі.

Автор оқырманын уысынан шығармайды: журналистпен бірге тоңдырып, Араймен бірге қорқытып, өзегі өртеніп отырған әкемен бірге қабір басында жылатады. Қалың қазақтың тағдырына шынайы жанашырлықпен көңіл бөлінбесе, ертеңгі күнгі тағдыры қандай болатындығын бір Арайдың тағдыры арқылы ұғындырып, сендіріп, меңзейді. Сырты жылтырап тұрғанымен, іші қуыс екенін, XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазақтың әлі күнге еспесі жоқ қайық мініп, қалт-құлт етіп тіршілік кешіп келе жатқанын нақты өмірлік материал негізінде дәлелдейді. Расында Алтай қысы секілді өмірдің кімге суық, кімге ыстық деген сұрақтың жауабын табуды автор оқырманға қалдырады.

Талқылау. Өр Алтайдың паң, сұлу баурайында балалық, жастық шағын өткізген жазушы шығармаларынан табиғат пен адам байланысын айқын аңғаруға болады. Ол табиғат пен адамды егіз ұғымдай қабыстырып, жаратылыс тылсымын адам бойынан іздейді және салыстырады. Барлық шығармасында дерлік адамның табиғаттың ажырамас бөлшегі екені анық байқалып, кейіпкердің көңіл-күйі мен сезімі, мазалаған ішкі ойы, тыныс-тіршілігі табиғатпен астасып өрбиді. Табиғат бейнесін суреттеу арқылы оқырманын алда болар оқиғаға психологиялық тұрғыдан дайындайды. Осыдан-ақ жазушының шеберлігін, адам психологиясын терең меңгергенін бағамдаймыз. Әдебиеттанушы ғалым Г.Пірәлиева “Психологиялық прозаның басқа көркем прозадан айырмашылығы – адам баласына тән жан құбылыстарын, ішкі және тысқы сезім түзілістерін тереңдей зарттеп, «ойға ой, көңілге күй» түсіріп толғай және толғана білуде болса керек”[3,117] деген

пікірінің жаны бар. О.Бөкей қолданған психологиялық талдау, ой, ішкі монолог сынды әдеби тәсілдер кейіпкердің ішкі жан әлемін, терең психологиялық күйін оқырманға ұсынады.

Шығармаларының тағы бір ерекшелігі, Оралхан Бөкей – “жалғыздық” ұғымын жиі қозғаған жазушы. Шығармашылық адамдарына тән бұл ұғым оның көптеген шығармаларындағы кейіпкерлер бойынан табылып жатады. Өмірден өзін түсінер, жалғыздықтан құтқарар жанды таппағандықтан ба, әлде шабытына арқау болғандықтан болар, жазушы өзін мазалаған ойын, толғанысын, сезімін кейіпкер бойына дарытады.

Жазушының оқырманға ой салар сондай шығармаларының бірі – “Ардақ” әңгімесі. Оралхан Бөкейдің басқа шығармаларындағыдай, бұл әңгіменің тақырыбы да – адамгершілік, адамдық қасиет. Өз жұрағатынан жапа шегіп, қызғаныш пен көрсаламаушылықтан безінген Қожа шалдың елін тастап, иен даланы мекен етуінде жазушы жеткізбек болған бір ой бар. Ол осы кейіпкері арқылы адамдар арасында орын алған снобизмді әшкерелейді. Ол үшін ол тұтас қоғам немесе халықты алмайды, бір ғана әулетті, ағайын арасындағы жайды қозғайды. Жазушының айтпақ идеясы – “туырлықтай жерге таласып, туысынан ат-құйрығын кесіскендер тек ағайынның жан жарасы ма, иісі қалың жұрттың басын оңдырмай торлаған айықпас бұлтты ғой”. Шығарманың “Ардақ” аталуының өзінде астар бар. Кейбір есімдер мен фамилиялардың бойында автор кейіпкерге берген мінездеме элементтері міндетті түрде болады. Әдебиеттанушы ғалым В.Савельева бұндай есімдерді “сөйлейтін” есімдер деп атаған (Ардақ)[4]. Бұл ұғымға жазушы барша қадірлі, ардақты сезімді сыйдырып тұрғандай. Ол ананың асылдығын, ағайынның бауырмалдығын, ел-жұрттың қажеттілігін меңзейді. “Атау кере” романындағы “көптен кеткен көмусіз қалар” деген халық даналығының осы шығармада да анық көрініс тапқаныбайқалады. Шешесінің қабірін жалғыз қазып, жамағайынынан жұбаныш іздеген Қожа шал да “кісі өлімі – тіріге сын” дегендей осындай ауыр сәтте ауыл-аймағын сағынды ғой. “Елден бөлініп, шалғай кеткен оңаша тірлігінің запылығын шешесі өлгенде сезінді”. Ақтық сапарға аттанар алдында анасы да “есің барда еліңді тап, басқа тепсе де жұртыңнан ажырама” деп өсиет айтты. Осының бәрі-адамдық қасиеттен жұрдай болған Шалабай мен Далабайдың аяр әрекеті болса-дағы, жазушы қоғамда жиі бой көрсететін қатыгездікті, алауыздықты осы екі адамның бейнесі арқылы шынайы көрсете білді.

Әңгімеде байқалған “жалғыздық” концептісі де жазушының өзіндік стилін байқатады. Қазақ әдебиетінде жалғыздықты әр кейіпкеріне теліген, барлық шығармасына арқау етіп, осыншалықты терең аша білген Оралхан Бөкейдей жазушы сирек. Ұлттық сөз өнері тарихында жалғыздықтың азабын тартқан қаламгер аз болған жоқ, бірақ солардың бәрінен Оралхан Бөкей адам психологиясының қатпар-қатпар тылсымын жалғыздықпен байланыстыра суреттеуде асып түсті деуге болады. “Ардақ” әңгімесіндегі кейіпкерлер де өзгеше бір жалғыздықтан жапа шегеді. Қожа мен шешесі ел-жұртын аңсаса, Ардақ адамзат атаулыны танымаққа құштар. Ер мен әйелдің айырмасын білмей өссе де, бейкүнә сәби көңілі адамға ынтық еді. Марқакөлдің жағасында асыр сала ойнап өскен шолжаң қыз қатыгездіктің, өшпес кектің құрбаны болды. Жазушы осы тұста қыз тағдырының сарсаңын бір кезде теріс-қағыс аттаған қадамнан, қате басқан адамнан кейінгі ұрпаққа ауысарын, қателіктің ғайыптан емес, өз жұртының ортасынан пайда боларын сөз етеді. Шалабайдың інісіне кегі Ардақтың абыройын төгуіне, ел-жұртқа масқара болуына себеп болды. Әкесі мен ағайын арасындағы кикілжің осылайша қыз өміріне ең үлкен соққысын тигізіп өтті. Осы тұста автор “Ардақ” ұғымын терең ашып өтеді. Ардақ әлсіздіктің бар дерті жалғыз жанашырсыз қалуда екенін, ананың не себепті ардақты, айбарлы екенін, жанының беріктігін, ананың биіктігін түсінді. Жазушы тек ана емес, табиғат-ананың да ардақтылығын бір ғана жолмен білдірді: сәбидің дүниеге келу мінін өз мойнына алған Марқакөл: “әкең менмін, әкең менмін” деп тебірене күбірлеп жатуы арқылы жазушы табиғат құбылысын адам жанымен тұтастықта қарастырудың көркем үлгісін жасай алған. Қолымен жасағанын мойнымен көтере алмас ой-өресі таяз адамның надан әрекетінеде табиғат-ана жанашырлықпен қарайды. Байқап қарасақ, автор өмірдің күрделі жақтары мен күрмеулі мәселелерін айта келіп, тығырықтан шығар жол мен шешімді оқырманның өзіне қалдырып отырады.

Қорытынды. Көп оқырманның көңілінен шыққан үздік туындылардың бірі “Қамшыгерде” де қолданылған көркемдік тәсіл – адам тағдыры мен табиғатты байланыстыру. Шығарманы жазушы жым-жырт табиғатты, айдалада жалғыз үй болып отырған сұп-суық қараша үйді, оның иелерінің күн сайынғы іс-әрекеттерін баяндаумен бастайды. Көрген жағымсыз, қорқынышты түсі арқылы жолы болмайтынын біліп тұрса да, барымтаға аттанған Садақбай – Қамшыгердің тағдырлы сапарын баяндайды. Жылқысының соңынан қуған керей жігітін атынан аударып түсіріп, он екі өрім қамшысымен дәлдей көздеп, етін осып, қызыл қанын суша ағызған Қамшыгердің бұл қанды

сапарының соңы жеке басының трагедиясына ұласады. Пейзаж көркем шығармада жергілікті жер мен оқиға өтіп жатқан жерді, өмірлік ситуацияларды, шығарма кейіпкерінің ішкі жан әлемін көрсету және оның көңіл-күйін оқырманға жеткізу үшін, әлеуметтік мәнді проблемалардың шешімі үшін, “ақыр аяғында композициялық элемент ретінде қолданылады” [5,48] деген зерттеуші А.Таңжарықованың пікірі дәл осы Садақбай ситуациясына қатысты айтылғандай. Автордың қайтар жолда қар аралас жаңбыр жауғызып, барымташыларды адастырып, “кыл көпірге” әкеліп сынауында үлкен философия жатыр. Расында осы желіде пейзаж композициялық элемент ретінде қолданылған деуге болады. Жазықсыз жанды қанға бөктіріп кету арқылы Садақбай жазадан еш құтылып кетпек еместігін түсіндіреді автор. Ғалым Қ.Мәдібайдың пайымдауынша, Оралхан Бөкей өз уақытының Адам-Қоғам-Табиғат арқауындағы өзекті әлеуметтік, рухани мәселелерін өзіне тән романтикалық мәнерде мейлінше реалистік негіздегі өзіндік жазу үлгісінде көркемдік кеңістігінде тоғыстыра білген шебер. Табиғат құбылысын көптеген суреткерлердің өз туындыларында пайдаланатыны белгілі. Ал О.Бөкей қолданысындағы ерекшелік – қатал табиғаттың жайсыздығы мен негізгі кейіпкерлер тағдырының күрделілігі бір-бірімен егізделіп, өзара сабақтастықта алынатындығында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізмі:

- 1 Мәдібай Қ. *Әдеби мұраны зерттеу: оқу құралы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2014. -215б. – кітап
- 2 Бөкей О. *«Таңдамалы» 1 том . 1994, жазушы баспасы.* - кітап
- 3 Пірәлиева Г. *Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері.* А., Алаш. 2003., *Ізденіс өрнектері.* Алматы, 2001, -221-б. – кітап
- 4 Савельева В.В. *Художественная антропология.* – Алматы: Абай атындағы АМУ, 1999. – 203 с.
- 5 Таңжарықова А. Д. *Исабеков прозасының көркемдік әлемі..* – Алматы, 2008. -120б. – ғылыми диссертация

МРНТИ: 17.07.21

Оралова Г.¹

¹ *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан*

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада адамзат ақыл-ойы алыптарының көрнекті өкілдері болған екі ғұлама Әл-Фараби мен Абай арасындағы дүниетанымдық үндестік сөз болады. Абай ақын мен Әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік, этикалық ой-тұжырымдарының қабысуы салыстырмалы түрде талданады.

Екі ойшыл ғұламалардың ұрпаққа қалдырған даналық ой-пікірлерінің бір-бірімен қабысып, үндесіп жататындығы шығармалары арқылы байыпталған. Әл-Фараби мен Абайдың ақыл-парасат, қадір-қасиет мүмкіндігі туралы айтылатын логикалық үндестіктің мәні талданған.

Әл-Фарабидің “Жан қуаты” жайында айтылатын философиялық ілімінің Абай қара сөздерінде тереңнен тамыр жайып, “жан құмары”, “жан қуаты”, “жанның азығы” деп түсіндірілетін философиялық даналықтарының ерекшеліктері, ұрпаққа берер тағылымы сөз болады. Фарабидің гуманистік идеяларының Абай шығармаларынан да көрініс тауып, оның халық арасына кеңінен таралып, насихаттық қызмет атқаруы әдебиеттанушы ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып айқындалады. Әл-Фараби мен Абайдың өлең теориясына жетік болған шеберліктері шығармаларына талдау жасау арқылы бағаланды.

Хәкім Абай мен Әл-Фараби дүниетанымының үндестігі арқылы әлем әдебиетіндегі гуманистік-эстетикалық көзқарастар жүйесінің бірлігі оқырмандарын көркемдік-эстетикалық таным әлеміне жетелейтін сипаты түйінделді.

Түйін сөздер: жан қуаты, жан құмары, жан азығы, даналық, философия, ілім, дүниетаным, логикалық үндестік, қара сөз, өлең теориясы

Oralova G.¹

¹ Korkyt ATA Kyzylorda state University,
Kyzylorda, Kazakhstan

LOGICAL HARMONY OF AL-FARABI AND ABAY'S WORLDVIEW

Abstract

The article draws an ideological parallel between two outstanding representatives of humanity, scientists al-Farabi and Abai.

There is a comparison of the joint philosophical, social and ethical ideas of the poet Abay and al-Farabi. The works of two thinkers, which are in harmony with each other, are rich in the idea of wisdom, passed down from generation to generation. The logical harmony of the possibility of intelligence and dignity between the works of al-Farabi and Abay is also analyzed. Al-Farabi's philosophical teachings on "Zhan kuaty" (Strength of soul) is deeply rooted in the word 'edification Abai, about the peculiarities of his philosophical wisdom, which is interpreted as "Jean Mori" (passion of the soul), "Jean waty" (soul energy), "Jenny Asia" (food of souls). Farabi's humanistic ideas are also reflected in the works of Abay, his wide distribution among people, his propaganda role is determined by the works of literary critics. The theory of al-Farabi and Abay's skill in poetry is evaluated by analyzing their works. Thanks to the harmony of worldviews of Hakim Abay and al-Farabi, their unity of the system of humane and aesthetic views summed up the nature of world literature, leading readers to the world of artistic and aesthetic knowledge.

Ақын Мұзафар Әлімбаев «Көңіл күнделігінде»: «Күнделік – тірліктің күйкі күйбендері емес, маңызы бар, мәні бар, өзің үшін ғана емес, өзгелер үшін де керектілерді қағазға түсіре жүру. Кейін естелік жаза қалса да, публицистикалық толғаныстарға барғанда да, өлеңге дастандар керек болғанда да солар кәдеге жарап қалады екен»[1, 136.],- деп ой түйеді. Сондай мән-маңызы бар дүниелерді қойын дәптеріне ерінбей-жалықпай, өмірден өткенше жазып жүрген жазушы, ғалым Мырзабек Дүйсенов дер едік.

Сыр өңірінің тумасы сыншы М.Дүйсеновтің қазақ әдебиеті мен ғылымының дамуына қосқан үлесі зор. Ол республикалық мерзімді басылымдарға түрлі жанрда мақалалар жазған. «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне әдеби зерттеу, сын мақала, рецензия, ал «Пионер» журналына балаларға арнап әңгімелер жариялап тұрған. Бірнеше ғылыми еңбектер мен повестер жинағының авторы. Мәселен, «Біз күн перзентіміз», «Бір аспанның астында», «Ғасырлар сыры», «Гүлжан сүйеді», «Ана махаббаты», «Қалыңдық», «Ант», «Меймандар», «Үміт» кітаптарының оқырмандар үшін танымдық-тағылымдық мәні зор. Осындай қыруар жұмыс тындыра жүріп, арасында уақыт тауып, күнделікті де үзбей қағазға түсірген еңбекқор жан екенін байқаймыз. Оған М.Дүйсеновтің 80 жылдығы қарсаңында жарық көрген «Жылдар мен сырлар» атты екі кітаптан тұратын күнделік-эссесін оқығанда көз жеткіздік. Қырық жыл бойына (1945-1985жж) үздіксіз күнделік жазу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс.

Әдістеме: Мақаланы жазу барысында жазушы шығармашылығы туралы айтылған ойлар жинақталып, ғалымдардың пікірлері негізге алынды. Қаламгер шығармаларына салыстыру, талдау жұмыстары жасалынды. Қаламгер М.Дүйсенов жазбаларында өзі өмір сүрген қоғамдық ортадағы көзімен көрген оқиғалар мен куә болған жайттарды сол қалпында боямасыз бере білген. Өзі қызмет атқарған әдеби ортадағы замандастарының сырт-пішіні, мінез-құлқы, іс-әрекеті сондай-ақ, түрлі адамдармен етене танысып, олардың бастарынан өткен оқиғаларды білгенде туған ой ұшқындары, теңеу, түйін, тұжырым, мөлтек әңгімелер күнделікке арқау болған. Оларында әдебиет, мәдениет, тарих, тіл білімі мәселелері жайындағы ой-толғамдары, мәні бар тарихи-танымдық дерек көздер мол ұшырасады. Сонымен бірге әдеби-ғылыми прозаның 1950-80 жылдардағы шынайы ақиқаты жазылған бұл естелік-күнделіктегі ойлар М. Дүйсеновтің сол кездегі, сол сәттегі түсінік деңгейінің көрінісі деп қабылдадық.

Көркем шығармаға бергісіз күнделікті оқи отырып, ғалымның туған жері, отбасы, студенттік жылдардағы өмір жолдарынан хабардар боласың. Екі кітапқа жүк болған күнделік-эссенің алғашқы жолдары 1945 жылдың 3-мамырынан басталады. Мұнан Сыр өңіріне танымал қобызшы Нышанның аузынан шыққан жыр-термесін тыңдап, бірер шумақ өлеңін жаттап алатын бозбаланың бейнесін көреміз. Әр құбылыстың сырын тереңрек білуге құштар зерек бала әкесінен туған жерге қатысты атаулар тарихын сұрап біледі. Ол жайында 1946 жылы жазылған күнделігінде: «Ұлы Отан соғысының алдында Сұлутөбедегі әкемнің інісі Тәкеш ағамыздың үйінде жатып екі жыл оқыдым» деп жазады. «Сарысу өзенінің «Алатағы белең» деп аталатын жайлауына көшіп келгенімізге үш-төрт күн болған-ды. Өзеннің екі жағы тақтайдай жазық. Шығыс жақта мұнартып «Таңбалы тас» тұр. Ол алыстан кішігірім тау сияқты болып көрінеді.

Исабек әкемнен оның неге «Таңбалы тас» деп аталатынын сұрап едім:

- Сондағы тастарда аттың, бұғының, арқардың таңбалары бар. Сондықтан «Таңбалы» деп аталған-ды»[2, 14б.], -дейді.

Арманшыл Мырзабек жас кезінен қазақтың қара домбырасына әуес болып, жыршы болуды армандаған. Әкесі айтатын естіген жыр, дастандарды жатқа айтып, домбырада Сыр өңірі жыршыларының мақамына салып айтуды үйренгісі-ақ келетін. Тіпті қазақы ырымға да жүгініп, бала кезінде домбыраны басына жастанып ұйықтайтын көрінеді. Бұл турасында күнделігіне: «Бір күлше нан, бір шүйке мақтамен домбыраны жастанып ұйықтаса домбырашы болады екен дегенді естіп едім. Ешкімге білдірмей оны істедім. Ертеңіне ерте тұрып басыма жастаған домбыраны алдыма өңгеріп, қос ішекті қағып-қағып жібергенде перне басқан сол қолым өзінен-өзі жоғарылы-төменді жылжып, күй күмбірлеп кете беретін шығар-ау деп күткенмін. Жоқ, ондай ештеңе байқалмады», - деп жазған Мырзабек өнерге біртабан жақын болып өседі. Оның әп-әдемі дауысы бар әншілігін, шебер күйшілігін досы Т.Кәкішев те растайды [3, 66.].

Студенттік жылдарда жатақханада бірге жатқан досы Әзілхан Нұршайықов жайында да қызықты мәліметтер мол. «Міне тағы есік ашылды. Терезе алдындағы тумбочка үстіне сарт еткізіп бірдеңені тастай берген дәу де болса Әзілхан болар-ау. Күнде кітапханадан кітап тасиды. Ол бірден менің көрпемді ашты.

– Тамаққа бардың ба? - деді биязы дауыспен.

– Жоқ. Сені күтіп жатырмын.

Оның жасы менен үлкен болса да құрдас кісіше қалжыңдасып, “сенге” көшіп кеткеніме көп болған жоқ. Оған бұл да ренжімейді» [2, 336.].

«Махаббат қызық мол жылдардағы» кейіпкерлердің прототиптері осы күнделікте түрлі оқиғалар арнасында іс әрекеттерімен көз алдына келеді. Мәнтәй, Төлеу, Сағат, Халима бейнелері жазушының бар жайды өз көзімен көріп-білген, сол тұстағы сезімін табан астында қағазға түсіргендігімен шынайы жазылған. Бұлары естелік емес. Естелікте кейбір көріністер ұмыт қалып, не болмаса араға уақыт түскендіктен көзқарас, таным, сезіну әсері де өзгеруі мүмкін. Ал, күнделікте сол сәттегі жай өзгермей түседі. Ең алдымен мұнда жазушының өз бейнесін көруге болады. Аңғал, достыққа адал, қысылтаяң шақта көмек қолын аямайтын, кейбір сәттерден әзілімен жол тауып кететін, қажет жерінде сықақ өлеңді де оңай ұйқастыра салатын шешендігі бар өнерлі жан азаматтық қырынан көрінеді. Әсіресе, айтыс өнерінің дамуына ықпал етуші, талапты жас ақындардың қадамына тілекші, әдебиет жанашыры ретінде танимыз.

1971 жылы жазған күнделігінде былай депті: «Өткен жылы “Лениншіл жас” газетінен Ақұштап Бақтыгерееваның бір топ өлеңдерін оқып, қатты риза болдым. Дегенмен, жастар, әсіресе, поэзияда бір-бірінен қара үзіп кете алмай жүргендігі де сезіледі. Өзі жас болып, шығармасы жасымыс болғанға не жетсін!» десе, 04.11.78 жылғы жазбасында Құлан-Аян Құлмамбеттің ұрпағы оныншы сыныпта оқитын Райхан Нәкеева деген суырып салма ақын қыздың табылғанын айтады. Сол сияқты танылмай тасада жатқан дарындарды ел ішінен іздеп, таныту керектігін ескертеді.

Нәтижелер: Мақалаға негіз етіп алып отырған күнделіктен жазушының өзіне тән стильдік ерекшелігі, суреткерлік қолтаңбасы айқын танылып отырады. Кеңестік кезеңдегі әдеби шығармашылық ортаның тыныс-тіршілігі нақты фактілер арқылы баяндалады. Өзінің кейіпкерлерін барынша шынайы қалпында көрсетеді. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов туралы мағлұматтар, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, М.Базарбаев, М.Иманжанов, С.Мәуленов, Қ.Жұмалиев, І.Кеңесбаев өнер шеберлері К.Бәйсейітова, А.Жұбанов, С.Қожамқұлов жайындағы мәліметтер қызыға да тұшына оқитын жазбалар. Әсіресе, бірге жүрген достары Ә.Нұршайықов, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев ағаларымыз жайында жазғандарынан оқырман олардың арасындағы достық, адамгершілік, азаматтық, рухани қарым-қатынастардың шынайылығына тәнті болады. Нағыз дос, жолдастың қандай болу керектігінің рухани үлгісі іспеттес.

М.Дүйсенов университетте оқып жүргенде Ахмет Жұбановтан дәріс алған. Дәрісі қызықты әңгімеге бергісіз ғалымның сөз саптауы, тереңнен тартып айтар жан-жақты білімі, өзін-өзі ұстауы, аудиториямен қарым-қатынасы қызығарлықтай. Оған өзі де іштей қызығушылықпен қарайтын болса керек. Ол жайындағы ойларын былай деп түсіріпті: «Ахаңның талай әңгімелерін тындап келемін. Осылай ақырын ғана бипаздап сөйлеп, арасына зілсіз әзіл-қалжың қосып айтқанда, кісіні еріксіз баурап алады. Бүгінгі ғылыми хабарламаның өзін ол кісі осылай қызықты бастады. Мен әрі тындап, әрі күнделік жазып отырмын. Кәдеге жарар бір ойын, бір тапқыр сөзін қалт жібермеуге тырысамын. Өткен тіл жүйрік, қол шабан. Үлгере бермейді». Бұдан автордың әрбір сәттегі ойларын, көңіл-күй сезімдерін нақпа-нақ сол мезетінде түсіретіндігін аңғардық. Танымдық деректерге толы қаламгер күнделігінде оқырманды елең еткізерлік жайт бар. 1967 жылы қазан айында жазбасында поляк зерттеушісі Адольф Янушкевичтің «Дневники и письма» кітабын оқығандағы мынадай деректерді

келтіреді: «Янушкеевичті оқи отырып таң қалған жайым бар. Ол күнделігінде Біздің Зураның (Зура деп отырғаны жұбайы) үлкен атасы Тұрсын туралы да жазыпты. Атамыз Тұрсынов Дәріғұлдың әкесі Әбен, оның әкесі осы Тұрсын. Олардың жері Ағадыр, қазіргі Шет ауданы. Тұрсын сол аймақтағы аса бай кісі, жылқылы бай болған. 2 август күнгі естелігінде Тұрсынның үйінде қолжазба кітап-шежіре барын еске алады» [3, 217б.]. Осы деректі журналист Ержан Уайс «Сұлу сөздің сардары» естелік-мақаласында «Зураның әкесі Дәріқұл Тұрсынов – Алаш ардақтыларының бірі. Арғын атаның белді ұрпақтары Абайдың әкесі Құнанбай сұлтанмен замандас әрі, ағайындас болған»[4, 92б.],- деп толықтыра түседі. Сонымен бірге күнделікте әдебиет, мәдениет, фольклордың даму, қалыптасу жолдары, проблемалары қозғалады.

Талқылау.Әдебиет сыншысы М.Дүйсеновтің назарынан сол кезеңде жарық көрген әдеби-көркем шығармалар мен мерзімді баспасөз бетіндегі материалдар тыс қалмаған. Қаламгердің өз шығармашылығындағы көркем туындылар, ғылыми-зерттеу еңбектері мен мақалаларының жазылу барысы, пікірлері де күнделікке негіз болған.

Қаламгер әдеби туындыларға сыни пікір жазумен бірге, өзінің шығармаларына жазылған сынды да дұрыс қабылдай біледі. Өйткені «сын шын болсын» деген қағиданы берік ұстанады. Ол туралы: «Қадырдың мақаласындағы сындардың дұрыс емес жерлері жоқ емес еді. Тіпті ол байқамаған жайларды кейін өзім байқаған едім. Әдетте түйе «желеді» ғой, ал мен оны «шауып ала жөнелді» деп жазыппын. Түйе жарысты көргенім бар, онда түйе кәдімгідей шабады, бірақ соның өзінде “шабады” деген сөз түйеге қолданылмайды. Соны қалай жіберіп алғанымды өзім де білмеймін.

Жалпы, жазушы сын көрмей өспейді дегенге мен өзім ден қоямын. Әдебиет тарихын зерттей жүріп, бұрынғы буындардың бір-бірлеріне қандай ауыр сындар айтқанын білдім. Бірақ, сол дамудың кілті емес пе? Ширатар, ширектің қозғаушы күш емес пе? Тек сын әділ болсын де», -деп шығармаға шынайы сын болғанда ғана ширайтыны жайында ой түйеді.

Күнделікте автордың пәлсапалық ойларын аңғарамыз. Мәселен: «Аңқау адам әдетте адал келеді ғой. Дүниеде өтірік ұялған болып, майысып тұрған кісі қиын», «Жағдайды күтпеу керек, оны өзін еңбегіңмен жеңіп алуың керек»-деген түйіндеулері соған айғақ.

«Көркем тілмен жазылған күнделік – әдебиеттің алтын қазынасы»,-дейді ғалым Б.Омарұлы[4, 60б.]. Расында да, жазушы жазбаларының тілі жеңіл, көркем шығармадай бір деммен оқылады. Әсерлерін бейнелі сөздермен, кестелі көркем тілмен өрнектеуді де ұмытпайды. Әсіресе, табиғат көрінісін суреттеуге шебер-ақ. Мысалы: «Дала көкпеңбек, уыз қалпында. Алматыда тұрып табиғаттың сұлу жерлерін аралап, көрмейді екенбіз ғой, тегі. Есік өзені тау жыраларын тіліп, сонау тереңде сарқырап жатыр. Жаңбырдан кейінгі дымқыл ауа да саумал қымыздай жұп-жұмсақ»,- десе, енді бірде: «Жер бауырлаған қою бұйра бұлт бірден құйындата келді. Зәулім теректердің бастары ырғалып, жапырақтары *сыбдырлағандай* болды. Көше шаңғытып бара жатыр. Қалың нөсердің жақындап қалғаны сонша, дымқыл ауаның лебі анық сезілді»,- деп бейнелейді.

Қаламгер күнделігінде теңеуді сәтті қолданған. Мәселен: «Әлгінде ғана ірілігі *тауда* болып, күйініп тұрған Әскен қазір жұдырықтай ғана болып, жүгіре басып директордың кабинетіне келді» немесе «Неше түрлі бастар бар екен, лупамен іздесең де жалғыз қылтанақ таптырмайтын бастар, төбесі *дөңгеленген қасқа* бастар. *Бұзау жалағандай жылтыр, дауыл үйіргендей дудар* бастардың да түрлері көп»

Мәтіндегі ойды ашу үшін «Ат болар құлын мүшесінен белгілі», «Жүгі жеңіл есек жатаған келеді», «Ұлық болсаң кішік бол» т.б. мақал-мәтелдерді орынды қолданумен бірге, өзі де «Жаманның артында қарыз жүреді, жақсының артында арыз жүреді», «Еңбексіз ғылым жеміссіз ағашпен тең» деген сиқты нақышты тіркестерді туғызып отырған. Баяндауда диалогтық фрагменттерді жиі енгізіп отырады. Кейбір оқиғаларды диалог арқылы өрбітіп, мәселенің мәнісін ашады. Ойды нақтылап, түйіндеп жеткізуде публицистикалық тәсілдерге жүгінеді. Сондай-ақ, ойшылдардың пікіріне сүйене жазу да қаламгердің талғампаздығын аңғартады.

Қорытынды.Біз жазушының күнделік жазбаларын негізге ала отырып, көркемдік, тақырыптық ерекшеліктерін айқындауға тырыстық. Ондағы шағын әңгіме-диалогтар мәнділігімен қызықтырады. Әдебиет, ғылым, тарих, өнер тақырыбындағы мол дерекке толы жазбалар оқырман үшін құнды дүниелер. Қаламгердің досы әрі әріптесі профессор Т.Кәкішев: «Мырзабек Дүйсенов күнделігі орыс әдебиетіндегі Панаеваның жазбаларынан кем болмайтынына көзім әбден жетеді, өйткені оның әдебиет пен ғылым саласындағы араласқан дәуірі ең бір қиын да, қиянкескі, өз ойынды ашық айта алмайтын бітеу жараның заманы еді ғой»[3, 12б.],-дейді. Мырзабек Дүйсеновтің күнделіктері қазақ руханиятына қосылған қымбат қазына деп білеміз. Қарымды қаламгер шығармашылығын публицистикалық тұрғыдан зерделеу болашақтың еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Әлімбаев М. Көңіл күнделігі. -Алматы. Қазақстан, 1989.-180 бет.

2 Дүйсенов М. Жылдар мен сырлар. Күнделік эссе. I кітап. –Қызылорда: «Полиграфия» баспа үйі, 2006. -237 бет

3 Кәкішев Т. Дос сыры // Дүйсенов М. Жылдар мен сырлар. Күнделік эссе. II кітап. –Қызылорда: «Полиграфия баспа» үйі, 2006. -217 бет.

4 Тоқтағазин М. Бекзат болмыс:Естеліктер, эсселер, ғылыми мақалалар, шығармашылық портреттер. –Астана: Жасыл орда., 2013. -263 бет

МРНТИ 17.07.41

Әбдіқалық К.,¹ Алиева Ж.²

*^{1,2} Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

МҰХТАР МАҒАУИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АШТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада М. Мағауиннің қазақтың трагедиясы суреттелген аштық тақырыбындағы әңгімелері кеңінен сөз етіледі. “Бір уыс бидай” әңгімесіндегі жазушының қарапайым қазақ әйелінің өткен өмірі мен ауыр өлімін суреттеу арқылы тарихи шындықты боямасыз жеткізудегі шеберлігі жүйелі түрде талдауға алынады. Қоғамның қасіретін тап басып айтқан қаламгердің өзіндік ерешеліктерімен қоса, образ сомдаудағы ұсталығы да зерделенеді, “Бір уыс бидай” әңгімесінің жалғасы іспеттес “Бір қадақ бидай” шығармасындағы авторлық ой-тұжырымдар нақты айқындалады. “Қара Ләйлек” әңгімесіндегі ұлттық құндылықтар мәселесі де бір ізділікпен сараланады. Әңгімелеріндегі парыз бен азаматтық міндетке ерекше екіпін түсірген авторлық шешім де толықтай қамтылады.

Түйін сөздер: проза, аштық, бидай, қоғамдық сана, саяси ахуал, трагедия, ұлттық құндылықтар, кие, обал, т.б.

Abdikalyk K.,¹ Alieva Zh.²

*^{1,2} Kazakh National Women's teacher training University,
Almaty, Kazakhstan*

THE PROBLEM OF HUNGER IN THE STORIES OF MUKHTAR MAGAUIN

Abstract

This article widely discusses the stories of M. Magauin on the topic of hunger, describing the Kazakh tragedy. The story “Bir uys bidai” systematically analyzes the writer's ability to colorfully convey the historical truth, describing the past life and the tragic death of an ordinary kazakh woman. In addition to the peculiarities of a writer who spoke about the tragedy of society, the mastery of the image is studied, as well as the continuation of the story “Bir uys bidai”, the author's ideas in “Bir kadak bidai” clearly stand out. The issue of national values in the story “Kara Lәilek” is also analyzed in a similar way. The author's decision, which emphasizes duty and civic duty in his stories, is also fully covered.

Keywords: prose, hunger, wheat, public consciousness, political situation, tragedy, national values, sanctity, warning, etc.

Әбдіқалық К.,¹ Алиева Ж.²

^{1,2} *Казахский Национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМА ГОЛОДА В РАССКАЗАХ МУХТАРА МАҒАУИНА

Аннотация

В этой статье широко обсуждаются рассказы М. Мағауина на тему голода, описывающие казахскую трагедию. В рассказе “Бір уыс бидай” систематически анализируется умение писателя красочно передать историческую правду, описывая прошлую жизнь и трагическую смерть обычной казахской женщины. Помимо особенностей писателя, который говорил о трагедии общества, изучается мастерство изображения, а также продолжение рассказа “Бір уыс бидай” четко выделяются идеи автора в “Бір қадақ бидай”. Вопрос о национальных ценностях в рассказе “Қара Ләйлек” также анализируется аналогичным образом. Решение автора, которое подчеркивает долг и гражданский долг в его рассказах, также полностью освещено.

Ключевые слова: проза, голод, пшеница, общественное сознание, политическая ситуация, трагедия, национальные ценности, святыня, предостережение и др.

Кіріспе. XX ғасырдың басында қазақ елінің басынан өткен ең үлкен ауыртпашылықтың бірі ашаршылық болатын. Тарихи деректерге сүйенсек, осы кезеңдегі аштық қазақ даласында екі рет (1921-1922 жылдар, екіншісі 1931-1933 жылдар) болып, “асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын” деген биліктің жалаң ұраны да өз нәтижесін көрсеткен тәрізді. Зерттеушілердің көбісі екінші ашаршылықтың себебін кәмпеске науқаны, жаппай ұжымдастыру, асыра сілтеушіліктен іздейтіні де рас. Алайда, мұндай саяси құбылыстардың құпиялары толық ашылды деу де қиын. Десек те, осы тарихи шындық қазіргі қазақ прозасында өзекті тақырыпқа айналып, көркем тілмен кестеленгені де бәрімізге мәлім. Ашаршылық тақырыбына жазылған қазіргі қазақ прозасын сөз еткенде алдымен тілге тиек етілетіндер С.Жүністің “Заманай мен Аманай”, С.Елубаевтың “Ақ боз үй”, М.Мағауиннің “Сары қазақ”, Ш.Мұртазаның “Қызыл жебе” романының “Қыл көпір” бөлімі, А.Мекебаевтың “Қазына сыры”, Қ.Қазыбаевтың “Сұрапыл”, З.Жәкеновтің “Зұлмат”, С.Досановтың “Жиырмасыншы ғасыр” сияқты туындылары екені тағы белгілі. Қазақтың трагедиялық өмірі сипатталатын мұндай ауқымды тақырыптың тіпті қазіргі шағын әңгімелерге де арқау болғандығы ерекше назар аудартады.

Әдістеме. Ұлт мүддесіне шынайы жанашырлықпен қарайтын белгілі жазушы Мұхтар Мағауин өзінің “Ана тілі” газетіне (2016 жыл 21 қаңтар) берген сұхбатында “Мені жазушылық еңбекке жетелеген – 32-жылғы азап” деп айтуында үлкен мән бар. Демек, қаламгерді мазалаған үлкен тақырыптың бірі осы аштық мәселесі болды. Жазушының шығармашылық қабілетін, өзіндік дара жолын елден бұрын аңғарған замандас, қаламдас жазушы Ә.Кекілбаев “Мұхтар Мағауин саяси озбырлық, рухани әрі-сәрілік, кәсіби балаңдық жабыла қинап, дағдарыс тығырығына қамалған әдебиетіміздің одан әрі дамуына жаңа қарқын бітіруге тырысқан алпысыншы жылдардағы серпілісте айрықша көзге түсіп, сол қарқынын әлі күнге үдетпесе, бәсеңдетпей, жанқиярлық танытып келе жатқан кесек тұлғамыз” [1, 5 б.] деп жоғары бағалаған болатын. Тіпті, “Мағауин өзінің бір де бір шығармасында кеңес үкіметі, оның саясатын, коммунистік партияны, оның шешімдерін, партия басшыларын, көсемдерін, Қазан революциясын, қызылдар жеңісін, колхоздастыруды, бесжылдықтарды, коммунистік құрылысты дәріптемеген” [2] болса, Қ.Баяндиннің “Шындық пен ақиқаттың алдында жүрегі дірілдеп, қолы қалтырамайтын жазушының қаламынан ғана көпті өзіне ынтық қылатын шынайы шығармалар туады. Нағыз көркем әдебиет мәймөңкені білмейді. Бүгінгі проза заман шындығын ақиқатқа сай бейнелеуі тиіс” [3, 4 б.] деген пікірімен санасуға тура келеді.

М.Мағауиннің 1990-2010 жылдар аралығында 50-ге жуық әңгімесі жарық көрді. Әңгімелерінде қай тақырыпты сөз етсе де қазақ өмірінің шындығынан алыс кетпей, кейіпкерлері арқылы рухани жұтандықты сынға алып, ұлттық құндылықтарымызды уағыздап отырды. Жазушыны толғандырған аштық тақырыбындағы әңгімелерінен отызыншы жылдардағы қазақ халқының басынан өткен ауыртпашылықты көре аламыз. Енді осы тақырыптағы әңгімелерін жүйелі әрі салыстыра талдау әдістері арқылы зерделей отырып, қаламгер шеберлігіне көңіл бөлеміз.

Нәтижелер. М.Мағауин “Бір уыс бидай”, “Бір қадақ бидай” деген әңгімелерінде аштық мәселесін көтере отырып, отызыншы жылдардағы кеңестік биліктің жүйесін ғана емес, өзге ұлт

өкілдеріне жем болған қазақ өмірінің бір белесін ашық түрде сипаттайды. Әңгімедегі бір уыс бидайдың жолында жанын пидә еткен Алмажан бейнесі Б.Майлиннің Күлпашын еске түсіреді. Күлпаш алғашқы ашаршылықтың құрбаны болса, Алмажан екінші ашаршылықтың құрбаны болып отыр. Жалғыз бұлар ғана емес, аштықтың кеселінен тұтастай бір жанұяның жойылып кетуі де екі әңгімедегі негізгі ұқсастықты көрсетіп береді.

М.Мағауиннің ашаршылық тақырыбындағы бұл әңгімесі қарапайым қазақ әйелінің өткен өмірі мен ауыр өлімі сипатталған шағын екі эпизодтан тұрады.

Жазушы әңгіменің басында қазақ даласындағы мүлгіген бір тыныштықты суреттей келе, әрі қарай ескі қырман ішіндегі сабан арасынан масақ тере жүріп, балалары үшін жинаған бір уыс бидайын жыртық кимешегінің ұшынан шешіп алып отырған Алмажанның іс-әрекетімен өрбітеді. Жазушының басты кейіпкерді таныстыруы да өзгеше. “Бетін сипады. Қайта сипады. Кепкен тері. Қу сүйек. Үңірейген көз” деп Алмажанның бүгінгі түр сұлпатын сипаттауда ерекше екпін түсіреді. “Көлденең біреу түрімді көрсе, мені қырықта деп қалай айтар...” [4,7-8 б.]. Шығармада Алмажанның осындай күйге түсіп, “қаусаған кәрі кемпір”, “тірі өліктей” болуына тікелей аштық кінәлі болып көрінеді. Алайда, М.Мағауин осы аштық мәселесіне басқа қырынан келіп, қазақ әйелінің өткені мен бүгінгісін салыстыра көрсетеді де, басты айыпкерді іздеуді оқырманның өзіне қалдырады.

Алғашқы эпизодта қаламгер кейіпкерінің монолога арқылы сәл шегініс жасап, өткен өміріне шолу жасайды. Алдымен бір кездегі Сығырбай бай мен бәйбішесі Айғаншаның есігінде жүріп, биесін сауған күндерін есіне түсіреді. “Байғұс, бәйбішесі де, өзі де мазасыз адамдар еді, қойшы-қоланның басынан таяқ айырмайтын. Ұрсып-зекімей отыратын күндері жоқ еді. Мені де Алмажан деп атыммен атамай, “Алмажан деген ат сенің не теңің, ит жаманын Бөрібасар қояды деп, жаман күң, сол!” - деп отыратын. Бәйбішенің қалауымен Салтақ атанып ем. Салтақ болмай қайтейін, үсті-басым сауыс-сауыс болып, ертеңнен кешке дейін тынымсыз екі желі биені сауатын жалғыз өзім...” [4, 6 б.]. Бұл арада Алмажанның жарты кесе болса да қымыз беретін сараң иелерін сағына еске алауы да жарасымын тауып тұр. Неліктен? Өйткені шөл қысқан, “Шіркін, бір жұтымы болса!” деп қымызын аңсаған Алмажанға еркіндік берген кеңес үкіметіне қарағанда кемсітсе де, ұрысса да, сараңдық танытса да сол баяғы өзінің қазақ байлары артық болып тұр.

Сығырбайды еске алғызғанда да жазушы оның өткені мен бүгінгі халінен салыстыра хабардар етеді. Алдымен “...кең дастарқанды жағалай отырысқан өңшең ақсақал-қарасақал игі жақсыларға ортадағы тегене толы сары қымызды сырлы ожаумен сапырып құйып” отырған Сығырбайды көз алдына елестетуі қазақтың шалқыған заманының бір көрінісі еді. Мұндағы игі жақсыларға құйылған “тегене толы сары қымыз” тоқтықтың нышаны ғана емес, ұлттық құндылықтарымыздың бір белгісі ретінде де дәріптеліп отыр. “Қатал-ақ еді, ол ақырып жібергенде кім де болса жерге кіріп кете жаздайтын. Бірақ Жақан марқұм кәмөнес болып ауылын кәмпескелеуге келгенде ләм-мим деген жоқ, таяғымен жер шұқып отыра берді... Қазір тірі ме екен? Жорғада, абақтыда жатыр деген еді-ау. Тірі шығар, түрмедегілерге күніне бір уақ тамақ береді деген” [4, 7 б.]. Қаламгер бір жағы кейіпкер тілімен ашаршылықтың кәмпескелеуден кейінгі, яғни, отызыншы жылдардағы уақытын көрсетіп отырса, бір жағы еркін жүрген адамдарға қарағанда түрмедегі тұтқындардың халі жақсырақ дегенді мегзеуі арқылы кеңестік жүйеге деген іштей қарсылығын жеткізіп отыр.

Марқұм болған күйеуі Жақанды ойға алғанда кәмөнес болғанға дейінгі, яғни, Сығырбайдың таяғын жесе де үндемейтін көнбістігі мен кәмөнес кезіндегі қатыгездігін бірдей еске алады. “Талайдың қанын мойнына жүктеді ғой, байғұс. Құлайдан баяғы заманыңды сұрап отырсың деп Хасен молданы намаз үстінде атып тастап еді...” [4, 7 б.]. Мінекей, жаратылысы момын Жақанның осылайша мінезінің өзгеруіне енді кімді кіналаймыз. Жалғыз Жақан ғана емес, Алмажанды өлтіретін Қағазтай мен Арқатбай да осындай кеңестік қоғамның қызыл белсенділері еді. Ал бұлардың сорақы әрекеті шығарма соңындағы екінші эпизодта айқын ашылады.

Талқылау. Әңгіменің екінші эпизодында ауылдағы аш балаларына әрең жинаған Алмажанның бір уыс бидайына бар қаһарын төккен шолақ белсенділердің іс-әрекеті жан түршігерлік кейіпте баяндалады. Мұндағы оқиғаның желісі диалогпен өріледі. “Мынау халық жауының қатыны қырманнан астық ұрлап жүр!” - деді атынан секіріп түскен Қағазтай. “Қабың қайда? Көрсет!”. Алмажанның тілі күрмеліп қалды. Қабым жоқ деп те айта алмады. “Қара мынаны, - деді Арқатбай – Сабанды қопарып тастапты”. Бесатарының ұшымен шашылған сабан арасын ақтара бастады. “Мынаның қолында бірдеңе бар, - деді Қағазтай. – Бидай! Қоғам мүлкін ұрлаған қарабет! Әкел бер!”. Зәресі ұшқан Алмажан бір уыс бидайды тарс қылып ұстаған жұдырығын артына жасырды. “Алақанын аш!” - деді ат үстінде тұрған Шупин Қағазтай мен Арқатбайға” [4, 8 б.].

Шығармада “Қарқаралының орысы. Өзі қазақшаға судай”, қасында төрт орыс солдаты бар Кепеу нәшәндігі Шупиннің бейнесі тым ерекше көз тартады. Оны небәрі үш-ақ рет сөйлетеді. Жоғарыдағысы нәшәндіктің бірінші бұйрығы болса, “Сал анаған!..” дегені екінші бұйрығы, үшінші сөйлеген сөзі кесілген үкімге айналады: “Орындай алмадың, - деді нәшәндік. –Жабайы киргиз! Екеуің жабылып бір қатынның алақынын аша алмадыңдар. Ол бағана өліп қалған! Келесі кезек сендердікі болады. Менің тапсырмамды уақытыңда орындай алмаған Жақанды қалай атқанымды ұмытқан екенсіңдер!”. Сөйтіп, аштыққа ұшыраған ауылда қазақтарды өз-өздеріне өлтіріп қойып, соның қызығын тамашалап жүргендердің мінгені “өңшең сәйгүлік”. Міне, қаламгердің негізгі айтпағы да осы. Шупин образы арқылы қазақтың трагедиясы тек аштықта ғана емес, осындай жаналғыштардың қуыршағына айналуында екенін ұқтырғысы келеді.

Алмажанның марқұм күйеуі Жақанды да, Қағазтай мен Арқатбайды да өтірік айту, жала жабу, кісі өлтіру сияқты қатыгездікке итермелеген, соларға кіріптар еткен қандай күш екенін де автор осылайша сипаттап береді. Тіпті, жазушының “Ыза болған Арқатбай мен Қағазтай да қызып кетіп, темір нәлді орыс етікпен қос қабырғадан жабыла тепкіледі...” деген баяндауында да екеуіне қазақтың емес, “темір нәлді орыс етігін” кигізуінде де үлкен мән жатыр. Әңгімеде “темір нәлді орыс етік” деталь ретінде алынған, рухы әлсіз жандардың ғана өзгенің сілтеуімен өз ұлтының болашағына балта шабатынын көрсетіп отыр.

Әңгіменің аяғына таман “Ал бұл ауылдағы ең соңғы жан иелері сегіз жасар Сәбет пен бес жасар Кеңес бағана, Кепеудің кісілері қыр басынан көрінген кезде жан тапсырған болатын” деп жазушы аштықтың зардабына қайта оралғанда “ауылдағы ең соңғы жан иелері” дегенімен шегелей түседі. “...бір уыс бидайын өзімен бірге о дүниеге ала кетті. Ол жақта да тіршілік болса, балаларына быламық көже пісіріп береді” деген автор түйіні де оқырманға үлкен ой тастайды. Қаруланған жеті ер адамның өлім аузында жатқан ананы жеңе алмауы күші жетпегендігінен емес, ана рухының биіктігіне таластырмауы еді. Салтақ болса да ақыры уысы жазылмаған күйі ажал құшқан Алмажанның ерлігі сол уақыттағы қазақ әйелдерінің қайсар бейнесіне соғылған ескерткіштей болды.

Ал “Социалды қоғам мүлкіне қастандық жасаған адамның бәрінің барар жері осы!” деп өзінше үлкен іс тындырған Қағазтайға қандай сыйлық тағайындалғаны белгілі. Ол “келесі кезекке” ілінді. Тіпті, өзі табынған социалды қоғамының өкілі оған “Жабайы киргиз!” деп кемсітеді. Жазушы “Бір қадақ бидай” әңгімесінде де “жабайы” сөзін қайталайды. Енді осы әңгімесіндегі шындыққа көз жүгіртсек.

“Бір қадақ бидай” әңгімесінде М.Мағауин ашыққан адамдардың қайда күнкөріс бар сонда сабылып босып жатқан көрінісінен хабардар етеді. “Белдеуде бұзау қалмасын! Көгенде лақ қалмасын!” деген жалынды ұранның қалай жүзеге асқанын қазақтардың өзге жұрттың босағасында қайыр тілеуі, естіген боқтық сөзі, жеген таяғымен өте қысқа штрих арқылы суреттейді. “Бір уыс бидай” әңгімесінің жалғасы іспеттес бұл шығармадағы тарихи шындықты, яғни, қазақтардың өзге елге тентіреп барғандағы халін былай сипаттайды: “...Ертеңіне таңертең көшеден өткендер кешегі шала жанды бейнелердің енді қол-аяқтары жазылып, мүлде қозғалыссыз жатқанын көрді. Аштан өлгендерді жерлеуге өкімет астық бөліпті. Текшелеп, қатар-қатар қалап, ең үстіне өздері отырған өлік жинаушылар пайда болды. Кейбір шала жансарларын да қалай салатын. Күнесте тыныш жатып, бес минут кеш өлгеннен не пайда, қазір өлсе, бір қадақ бидай емес пе!

Сонда, «Бұлар неғып өліп жатыр?» - дегендер болса: “Іш сүзегінен. Жабайы, надан халық емеспе” - деп жауап беретін жайымен” [4, 10 б.]. Бұл арада қазақтарды іш сүзегінен өлген қылып көрсетуі өз алдына, “жабайы, надан халық” етіп таныстыруы көршілес елдер тарапынан шектен тыс кемсіту екені тағы белгілі. Оқырманға үлкен ой тастаған автор сол уақыттағы кеңестік қоғамның қателіктеріне іштей наразылығын танытып отыр. Жалпы, қаламгердің екі әңгімесінде де ашаршылық кезеңнің трагедиясы ашық түрде суреттелгенмен, айтпақ ойдың басымдылығы түйіні шешілмеген саяси мәселеге тіреледі.

М.Мағауин “Қара ләйлек” әңгімесінің төртінші, бесінші бөлімінде де қара ләйлекті тілге тиек ете отырып осы ашаршылықтың салдары жайында кеңінен баяндап өтеді. “...31-жылғы жазда ішінара ашықса да, азды-көпті шетінесе де, жалпақ жұрт аман еді. Апат 32-жылға қараған қыста басталды. Жазда, күзде жаппай тонау кезінде тыққыштап алып қалған аз ғана мал сарқылған, кебеже түбі қаңсыған, жаңа төл, жаңа өнім жоқ, көктемге жетпей-ақ ғаламат ашаршылық келді. Жұрт көзі шүңірейіп, бет-аузы ісініп, буыны босап, баудай түсіп қырыла бастады. Жүруге жарағаны Қытай бетке шұбырды, олардың да көбі жолда үзілсе керек, шекараға аман жеткендерін қызылдардың қорғасын жаңбыры күтіп тұрған. Біраз қауым тау сағалап, өзен жағалап, тоғай аралап, талшық іздеді.

Балық сүзді, құсқа тұзақ құрды, өзен қабағындағы індеріне су құйып, саршұнақ аулады. Бәрібір қажетті нәрін таппай, шетінен өліп жатты...” [5, 15 б.].

Осы оқиғаны атасынан естігені бойынша жазған қаламгердің бұл шығармасында әрі қарай аштықтың зардабынан күйеуі, қызы мен ұлынан айырылып, жалғыз аман қалған кіші ұлына қамқор болу үшін жанталасқан жамағайыны Өрік деген әйелдің тірлігі, басынан өткен ауыртпашылығы сөз етіледі. Тіпті, аштықтың салдарынан қазақтың ежелден келе жатқан ата ғұрпы, обал, кие, сауаптардың да ескерілмей қалып жатқандығы назардан тыс қалмаған.

Жазушы шығармада Өріктің қайнағасын атымен атағанына ерекше мән бергені соншалық екі жерде арнайы тоқталып өтді: “Мені көре сала, бұрын болмаған әдетпен, бас салып құшақтады. “Мағаш-аға, тірі екенсің ғой, - дейді, қуанғаннан атымды да атап жіберді”; “Мынау – үшінші балапанның сирағы, Мағаш-аға, - деді тағы да атымды атап”. Әңгімедегі бұл көрініс қайнағасының атын атамау, құшақтамау сияқты қазақ салтындағы әдептерді білмегендігінен емес, тірі туыстарын көргенде қуанғаннан келін мен қайнаға арасында сақталатын ғұрыптарды да кейіпкерінің ұмытып кеткенін білдіріп отыр. Бір жағы ұлттық құндылықтарымыздың бірі осы қазақи салт, ғұрыптарымыздың келешекте жойылып кетпеуіне айрықша көңіл бөлген автор кейінгі ұрпаққа осылайша-ақ ұлықтауды жөн көрген тәрізді.

М.Мағауиннің осы әңгімесінде ел санасында мықтап бекіген ұлттық ұғымдардың бірі кие, обал, сауап мәселесі де арнайы қарастырылып өтеді. “Қара ләйлек – аққу сияқты киелі саналатын, сол кездің өзінде сирек құс... Ал қара ләйлек – қонысқа құт әкеледі дейтін” деп автор қара ләйлектің қандай құс қатарына жататынын сипаттай келе, сол киелі құсты Өрік ананың қалайша азық еткенін сөз етеді. “Қабат-қабат кең ұяда қара қанат, ақ төс төрт балапанды” көргендегі Өрік ананың сезімін “әрі қимай, әрі қызығып, ұя шетінде аз ғана отырдым. Содан соң аш балам есіме түсті...” деуімен жеткізе отырып, амалы жоқтығынан қолға түсіргенін де әсерлі баяндайды.

“Төртінші балапанға дәтім бармады. Менде де жалғыз. Біздің шаңырақтан да үш жан кетті. Енді кіріптар жалғызды тұзақтан босаттым. Содан соң, құс қайтқанша, аз ғана уақыт әрқилы талғажау таптық. Соңғы балапанның ұядан шығып, енесімен бірге ұшып кеткенін өз көзіммен көрдім. Жақсы ырымға балап, жалғыз жетімегімді арқалап, мен де ауылға қарай бет бұрдым”. Шығармада киелі құстың төртінші балапанын босатқан Өрік ана қазақи ырымға риясыз сеніп қана қоймай, “Міне, мұндағы жұрт қырылып бітті. Түгелге жуық. Өткен үш балапанды көңіліне алма, обалы өкіметке, ал манағы жалғыз ләйлектің сауабы тисе, апаттан аман шығарсыңдар...” деген Мағаш ағасының сөзін де демеу тұтады.

Жазушының ашаршылық уақыттағы обал мен сауаптың салмағын таразылағанда қырылған халық өз алдына, үш балапанның обалын өкіметке артуы оқырманға ой тастайды. Тіпті, автор Өріктің кейіннен қылтамақтан өлгені туралы мәлімет бергенде “Жалғанның емес, жаратқанның аштығы. Бәлкім, баяғыда, ұяда үзілген үш балапанның обалы” дегенді де тегіннен тегін айтып тұрған жоқ. Обалдың киесіне сенім артқан Мағауин “Сонда... адамның қолымен жасалған аштықта топандай қырылған мың сан бала, тұтас бір халықтың обалы қайда?!” - деп еді атам кейінгі бір сөзінде” деу арқылы осы аштыққа ұшыраған қазақтың тағдырына жауаптылар да сыбағасын алуы тиіс деген тұжырым жасайды.

Жазушының әңгімедегі осы оқиғасын қорытындылауы да ерекше. “Ел аман, жұрт тынышта, тамағы тоқ болмаса да аштықтан аулақ атпал азаматтар қара ләйлектің ұясын талқандап, қатарынан қиылған төрт балапанның етіне тойып, сорпасын ішіп отырғанда, мен, әрине, обал-сауап туралы байыздап ойламасам да, қатты тіксінгенім анық еді” деп кейінгі тіршіліктегі келеңсіз жайттарды еске алып, сынға алғанда да болашақ ұлттық тағдырын ойлағаннан еді. Қалай болғанда да бұл әңгімесінде қара ләйлек құсының алдағы уақытта да сақталуына мән берген қаламгердің азаматтық тұлғасы айрықша таныла түседі.

Қорытынды. М.Мағауин “Бір уыс бидай”, “Бір қадақ бидай”, “Қара Ләйлек” әңгімелерінде ашаршылық мәселесіне кеңінен тоқтала отырып, өзінің ой-тұжырымдарымен де бөлісіп отырды. “Жеке жазушының шығармашылық поэтикасын айқындайтын көркемдік компоненттер – заттар әлемі, кейіпкер, оқиға” [6, 219 б.] десек, осы әңгімелерінде өз ұлтының өткеніне көз тастап, тарихи құбылыстарды барынша көркемдік шындықпен өрнектей алды. Алынған оқиға да, оған сай кейіпкерлері нанымды. Ұлттық құндылықтарымыздың уақыт өте келе біртіндеп жойылып кетпеуіне аса қырағылық танытқан қаламгер осы шағын прозасы арқылы кие, обал, сауап сияқты қазақи ұғымдарды да келешек ұрпақтың санасына құюды өзіне мақсат еткен тәрізді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кекілбайұлы Ә. Кесек тұлға/Кітапта: М.Мағауин. Көк мұнар.– 2004.– 5-б.
- 2 Асанов Ж. Келісім //Заман-Қазақстан. – 1996. 13 қыркүйек.
- 3 Баяндин Қ. Өмірдің өзіндей өрнектелген//Егемен Қазақстан.– 2002.- 30 қараша, 4 б.
- 4 Мағауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық 1960-2002 жж. Бірінші том.
- 5 Мағауин М. «Талайсыз әңгімелер» кітабынан // Жұлдыз. - №4, - 2008. -15 б.
- 6 Чудаков А. Слово – вещь – мир. – Москва: Наука, 1985.– 219 с.

МРНТИ 17. 82

Мауленов А. ¹ Нүсіпәліқызы А. ²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ,

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРДІ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЖАҢАША ЗЕРДЕЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі мифтік архетиптердің жаңғырып адамзат мәдениетіне тың бастаулармен қайта табысқандығы туралы ой қозғалады. Оны Абайдың «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» атты поэмаларын талдау барысындағы қол жеткізген нәтижелерінен аңдауға болатыны айтылады. Арғықазақ мифологиясының сол кезең шығармаларына тигізген игі ықпал - әсері бүгінгі күн тұрғысынан қайта зерделеніп, сөз мағынасын түрлендіру сияқты ойлы поэзиясы бар екенінақты мысалдармен тұжырымдалады. Абай шығармаларындағы шынайы жаңашылдық жаңа мазмұнмен байланысты болып келетіндігі, сонымен бір мезетте дәстүрге арқа сүйей отырып, өнердегі жаңа соқпақтың сұлбасын қалыптастырғандығы қарастырылады. Халқымыздың өткенін бүгінімен жалғастыратын сан алуандықтың әдеби материалы ретінде қазіргі кезде орын алып жатқан белгілі бір ситуация мен коллизияны мифологиялық параллелдермен оқырманға таныта білуге талпыныс жасағандығы баяндалады. Абай жасаған Ескендір бейнесінің өзге де Ескендір өміріне арналған шығыс дастандарынан, тарихи деректерден ерекшелігі, образдау шеберлігі мифологиялық тұрғыдан танылып, адам бойынан табылатын жақсы қасиеттердің білім мен мінезден келетінінеақынның дәлелдемелері арқылытүйіндеме жасалады. Мифтік символизм элементтерін ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі қолданылу ерекшелігіне мән беріледі.

Түйін сөздер: адамзат, қоғам, әлем, мифология, парадигма, фольклор, жаһандану, эстетика, символ, ғылым

Maulenov A. ¹ Nusipulikyzy A. ²

*^{1,2} Kazakh National University. Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan*

A NEW MYTHOLOGICAL STUDY OF THE CONCEPTS OF NATIONAL WORLDVIEW IN THE WORKS OF ABAY

Abstract

The article tells about the mythical archetypes of Kazakh literature at the beginning of the 20th century, reunited with the new principles of human culture. These works are clearly demonstrated on the basis of the analysis of Abay's poems "Iskander(Eskendir)", "Masgut(Masғұt)", "Conversation of Azim(Әзім әңгімесі)". The positive influence of ancient Kazakh mythology on the works of that period is analyzed from the point of view of today and such qualities as transformations of the meaning of the word are noted. It is proved that the true novelty in the works of Abay is associated with a new content, moreover, relying on tradition, he became the beginning of a new source. Also, the authors of the article tried to convey to the public that the literary material of the diversity that connects the past of the people with today is the current events and conflicts on the basis of mythological parallels. The differences between the image of Iskander

created by Abai, from other eastern dastans and from historical facts are shown. The artistic skill of creating an image from a mythological point of view is separately affected, and based on the poet's work, results are obtained that prove that a person has good character traits from upbringing and education. Importance is given to the features of using elements of mythical symbolism in Kazakh literature at the beginning of the 20th century.

Keywords: humanity, society, world, mythology, paradigm, folklore, globalization, aesthetics, symbol, science

Мауленов А. ¹ Нүсіпәліқызы А. ²

^{1,2} *Казахский национальный университет им. Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

НОВОЕ МИФОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ КОНЦЕПТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ

Аннотация

В статье рассказываются о мифических архетипах казахской литературы начало XX века, воссоединявшихся с новыми началами человеческой культуры. Эти работы наглядно продемонстрированы на основе анализа поэм Абая «Искандер (Ескендір)», «Масгут(Масғұт)», «Разговор Азима (Әзім әңгімесі)». Положительное влияние древнеказахской мифологии на произведения того периода анализированы с точки зрения сегодняшнего дня и отмечены такие качества как преобразования значения слова. Доказано что, правдивая новизна в произведениях Абая связано с новым содержанием, к тому ж опираясь на традиции он стал началом нового истока. Также, авторы статьи попытались донести до публики что, литературным материалом многообразия, связывающее прошлое народа с сегодняшним, являются события происходящие сейчас и коллизии на основе мифологических параллелей. Показаны отличия образа Искандера созданного Абаем, от других восточных дастанов и от исторических фактов. Отдельно затронута художественное мастерство создания образа с мифологической точки зрения и на основе произведении поэта получены результаты, доказывающее что хорошие черты характера у человека от воспитания и образования. Дано значение особенностям использования элементов мифического символизма в казахской литературе начало XX века.

Ключевые слова: человечество, общество, мир, мифология, парадигма, фольклор, глобализация, эстетика, символ, наука

Кіріспе. Бүгінгі адамзат баласы қоғам дамуының жаңа сатыларына қадам басқан сайын, өзінің бағзы ата-баба мұраларының көне бастауларына қайта оралып, әлемді түйсінудің жаңаша тың тұжырымдарын жасауға ұмытылысымен құнды бола түспек. Ғылым дамуы әр замандағы туындаған ғылыми жаңалықтарды объективті түрде бағамдай отырып, дәуір өткелдеріне сәйкес, өзіндік таным позициясын өзгертіп, ғылыми кеңістіктің соны көкжиектеріне жол аша бастайды.

Қоғамдық ғылымдардың даму сатысындағы адамның әлемдегі орны мен табиғат арасындағы карама-қайшылық пен жарасымдықты шешу, оның ғалам кеңістігінде өмір сүру ұстанымдарын айқындау, сондай-ақ, жалпы дүниеге болмыстан тыс объектілерді қажетсінуде мифологиялық ізденіс парадигмаларын (дәлелдемелерін) керек етеді.

Кез келген ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені қабылдаудағы бейнелеу тәсілдері болады. Ол сан мыңдаған жылдар бойы ұрпақтар санасына сіңіп, әдет-ғұрып, сенім-наным жоралғыларымен мидай араласып кеткенімен, онда сол ұлттың әлемінің ерекшелігін толықтай тануға, сыртқы дүниемен байланыс әрекетін барынша ашық көрсетуге алып келетін ұлт мәдениетінің негізін құрайтын ұлттық дүниетанымы мен құндылықтар дүниесі өрнектеледі.

Әдістеме. Ұлттың ойлау жүйесінің негізгі рухани қайнар көздеріне: мифті, эпостық- лирикалық жырларды, тәңірлік және шамандықты, шешендік сөз өнерін, ислам діні мен ғылымды, халықтық білім мен халықтық философияны т.б. жатқызуға болады. Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан алмағайып заманда ұлттық ойлау бағыты қай арнамен жүрмек? Қандай да болмасын асуы қиын кедергілерден өтуі тиіс деген заңды сұрақ туады? Бізді осы әлемдік жаһанданудан алып шығар негізгі ұлттық болмысымыз, ол – Тәуелсіздік идеясы.

Ал, Тәуелсіздік идеясын жүзеге асыруда бізге Абайдың толық адам туралы толғана айтқанасыл мұрасының орны ерекше.

XX ғасыр басында қазақ әдебиетіндегі ақын мен сөз өнері туралы тек М.Көпейұлы ғана емес, оған Шәкәрім де, Сұлтанмахмұт та және басқа да көптеген ақындар қалам тартты. Олардың алдында ғұлама Абай осы тақырыптардың бойындағы ең басты құндылық «**Ақын еркіндігі**» мен «**Шығармашылық азабын**» жаңаша өрнектеп, әдеби - эстетикалық биік тұғырға көтеріп кеткен еді. Біздің бұл мақалада айтпағымыз мифтік шығармашылықтың өткен ғасыр әдебиетіндегі бейсаналылық-поэтикалық мифтік бастау көзге ақындарымыз саналы түрде барды деген ой туындамауы керек. Олардың өз шығармашылығында белгілі бір мөлшерде ұлттық мифтік түсініктерді өзіндік көркемдік құрал ретінде қолданып отырғандығын жоққа да шығаруға болмайды. Мифтік ұлттық таным-түсінік ендігі жерде фольклор аясынан шығып, қазақ қаламгерлерінің алғашқы туындыларында бой көрсете бастағандығы да шындық болмыс еді. Бұл бой көрсету ашық түрде емес, мәтін негізінде бұғып жатқандығын енді-енді сөз ете бастадық. Ол әдеби шығармаларға синкреттік бірлік ретінде XX ғ.басындағы туындыларға арқау бола білді.

Нәтижелер.Шығыстың, қазақтың поэтикалық ойлау жүйесінде сөз зергерлерінің мифологиялық бастаулардан тірек іздеуі жиі байқалады. Аңыздардың жалпыадамзаттық мазмұны мен терең философиялық астарын алғаш ашқандардың бірі - Абай. Ислам өркениетінің құрамдас бір бөлігі болып саналатын қазақ ұлтынан шыққан ғұламалар Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт және т.б. ағартушылық бағытында Шығыстың дидактикалық-философиялық поэзиясынан нәр алып үйреніп қана қойған жоқ, оны қазақ өмір шындығының әмбебаптық түсінік- танымдарымен шығармашылық ой, түр, мазмұн жағынан байытты. Олар өздері пір тұтқан шығыс шайырларынан үйренген дәстүрлеріне екі жаңашылдық қосты. Оның бірі – сатиралық, екіншісі – соны бейнелілік. Соңғысы туралы М.Әуезов мынандай пікір айтады: «Өлеңдерінде айтылатын ойдың бірталайын жаңа сөзбен таратады»[1, 170-б]. Осындай жаңашыл позицияны Абайдың таңдап алуы тегін еместі, оқырманы шала діни сауатты ортада, сол дәуірдегі қазақ түсінігіне орай жақындығы ескерілсе, екіншіден көркемдігінен үгітшілдігі, насихатшылдығы басым жанр ақынға елін ояту үшін табылмайтын әдеби амал-тәсіл еді.

Ақындардың әдеби-эстетикалық талғамы замана көшінен жоғары болғандықтан бірыңғай символдық-астарлы үрдіске баруына, оқырман талғамының дайын еместігі қол байлау болып, заманның өресіне орай сыршыл лиризм екінші орынға ысырылып, оның орнын үлгі-өнегеге сай – дидактикалық поэзия басып отырды. Жеке дара ақындардың поэзиялық қуаттарын отаршылдық бұғауға қарсы күресу, қазақ елінің азаттыққа ұмтылу сарыны бәрінің бастарын біріктіретін ұлттық мүдде,идеяда топтастырды. Ол мүдде дидактикалық поэзияда жарқын көрініс тапты. Оларды басқалардан бөлектендіріп тұратын ерекшелігі Шығыстық әдеби үлгіні, ауыз әдебиетімен ұштастыра жаңа заманға бейімдей жырлауында. Ақын-жыраулар өмір шындығын жырлаған көркем жинақтаудың өзіндік түрлерін тудырған тұспалдау, сөз мағынасын түрлендіру сияқты ойлы поэзиясы бар екенін еш ұмытпауымыз қажет.

Тағы бір айтатын жайт, көркемдік әдіс қоғамның идеялық дамуының формасы болып табылғандықтан, ешкімнің жеке дара иеленетін мүлкі емес. Мифке иелік етушілікті осы тұрғыдан ұғынғанымыз жөн. Осылайша, біз атаған қаламгерлер тек қана өз дәуірін толық қамтыған суреткер болып қана саналмайды. Осы турасында Г.Ибсен: «Ешбір ақын жалғыз өзі ғана ой соқты бола алмайды. Онымен бірге отандастары да алас ұрады» [2, 653-б.] – деп, орынды ой айтады. Тарихи процестің тұтастығын оның бойындағы қарама – қайшылыққа қарамай, бірін – бірі алмастыратын көркемдік әдістердің өзара байланысын анықтайды. Міне, сол себепті, қаламгерлердің не ана, не мына әдіске өмірді суреттеу үшін бет бұруын таза субъектілік құбылыс деп есептеуге негіз жоқ.

Талқылау.Сол дәуірдегі демократиялық-ағартушы ағым өкілдері мифті таныту үшін уақыт пен кеңістікті пайдаланып Бүгінгі мен Өткен күндер парадигмасын шебер қолданыспен енгізді. Ұлттық рухтағы мифтерді пайдалана отырып бүгін күннің сұрықсыздығын, өткеннің де жарықшақ тұстары бар екенін ашып бере білді.Өткеннің бәрі алтын еместігін өз шығармаларында аңызбен астастыра отырып бейнелеп көрсете білді. Сондай жарқын шығармалардың біріне Абай жырлаған «Ескендір» поэмасын жатқызуға болады. Абай өзіне дейін белгілі болып келген тарихи аңыздың бір ғана керекті бөлшегін алып Александр Македонскийдің озбырлығын, соғысқұмарлығын, дүниеқорлығын әшкерелейді. Ескендір патша туралы кезіндегі алып-ұшпа мадақтау сөз, аңыздарға қарсы оның жағымсыз образын жасады. Ескендірге қарсы ақыл иесі философ жағында екенін көрсетті. Абай

Ескендірдің мансапқор, нысапсыз бейнесін баяндайды. Мұндай өзімшіл, қанағатсыз, көзі тоймайтын жаугершіл жанға қарсы өз ақылын айтады:

Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!

Мұндай адамның көзі, нәпсісі тек топыраққа ғана тояды деп, Абай соғысқұмар патшаға көз сүйегін тартып, Аристотельдің ұстамды сөзімен поэмасын аяқтайды.

Бұл поэмадағы Ескендірдің «құдайға бастайтын қақпаның» күзетшісінен алған көз сүйегі сюжетінің түп-төркіні қайдан келгені туралы әр түрлі болжамдар бар. Ақынның ең алдымен шығыс классиктерін, оның ішінде аталмыш эпизодты игеру жағынан өзіне бір табан жақын тұрған Низами шығармасын жақсы білгені күмәнсіз. Аталмыш эпизодта баққұмарлықтың символы ретінде пайдаланылған көз сүйегі жайлы штрихтың ежелдегі еврейлер аңызы туралы талмудқа енген көшпелі көне сюжет екенін білуі де ғажап емес. Өйткені, И.Орманскийдің 1866 ж. жарық көрген «Александр Македонский туралы Талмуд аңыздарын» поэманы жазар тұсқа дейін оқуы да, немесе сол шамаларда Семей жаққа жер аударылып келген зиялы саяси тұтқындардан естуі де мүмкін болатын.

Сондай-ақ, Абай ұлы ағартушы ретінде осы туындысында Александр сынды қолбасшының барша тарихын, оған байланысты аңызды өмірдегі зұлымдық пен адамгершілік туралы үлкен ойын айту үшін пайдаланады. Оның ойы барынша әсерлі, барынша терең [3,12].

«Адамның көзі тоймайды», көз сүйегі ауыр болады-мыс немесе әулиелік істейтін шешімін табады. Абай аңыз сюжетін өз көзқарасын уағыздау үшін пайдаланып, өзінің адамгершілік ойларын танытады. Негізгі қаһарман әрекетін автор өз ойына, өзінің дүниетаным көзқарасына негіздеп бейнелейді. Бұған қарағанда шығыс аңызының сюжеті Абайға тек қызық оқиғаны жай жырлай беру үшін емес, шешуін қажет өткен өмірдің маңызды мәселесін бейнелеу үшін керек болған сияқты [4,74]. Тағы да бір еске алатын нәрсе Ирандықтар Ескендірмен достасып, оны өзінің бір тумасы ретінде тануға тырысады. Абайдан бұрынғы ұлы ақындардың Ескендірді мадақтауының басты себебі осында жатса керек.

Иран елі ежелгі мәдениетті мемлекет. Ол кейінгі ислам халифаттары кезінде де олармен қарым-қатынас жасап, ықпалын тигізгені мәлім. Сонымен байланысты олар пайғамбар нәсілімен туыстық жасап, ислам мирастарына ортақтасқаны және бар.

Орта Азияда Бұхараны билеген Самани нәсілдерін және басқаларын алатын болсақ, Ескендірлі мадақтаудың себебі түсінікті болып шығады. Бұл мадақтауда ислам ақындары Ескендір Зұлқарнайынға құранда айтылған Ғабдолла Зұлқарнайынның қасиеті мен істерін қосып, күшейтіп жіберген. Демек олар екі Зұлқарнайынды қосып, өзінше жаңадан әдеби қаһарман Ескендір жасаған. Осыған мысал: Низамидің «Ескендірнамасында» Ескендірдің ақылшысы Қыдыр болып саналады. Олар тіршілік көзін («Ғайын ал-хайат») іздейді. Ол көздің белгісі өлген балықты салса, тіріліп кетеді. Қыдыр оны табады. Бірақ Ескендір қайта іздегенде таба алмайды. Сол іздеу жолында ол бір тамаша асыл тас тауып алады. Онан көп ғибрат шығады.

Абай Низамидің «Ескендірнамасына» құр еліктеп, қайталаушы болған жоқ. Ол мүлде өзгеше пікір түйін жасап, Ескендір туралы аңыздарды бүгінгі күн шындығымен астарлап баяндауға күш салады. Поэмадағы Ескендір, Аристотель де жай адамдар ретінде суреттеледі. Олардың бойында, сөзінде, ісінде сол кездегі көп аңыздар мен шығыс әдебиетіндегідей асқақ сыр, әулиелік мән жоқ. Абай Ескендір патша туралы өзгеше бітім жасайды.

Абайдың аяқталмай қалған «Өзімнің әңгімесі» дастанының сюжеті бізге араб ертегісі – «Мың бір түн» қаһарманы Шахризада хикаяларының бірінен мәлім Хасан зергердің әңгімесімен ұқсас келеді. Ақын хикаяны түгел баяндамайды. Қапылыста алдауға түскен жас зергердің оқиғалық тарихынан сыр шертеді. Қалайда бай болуға құмартып, оның оңай жолын қарастырып, өзінің үйреншікті кәсібін тастап, барға місе тұтпаған жастың тағдырын танытады. Жас адамға тән аңқаулық, тәжірибесіздік ескертіледі.

Сондай-ақ дүниеқұмар жылпостардың адам өмірімен еш санаспай қыршын жасты алдап, өлімге айдап, оның сүйегін аттап, алтын табудан тартынбайтынын әшкерелейді. Осылайша аңыздың кішкене оқиғасын кемеңгер ақын әлеуметтік мәні бар деген сияқты түсініктер Абайдың мифтік, романтикалық ойларын адам өміріне, шындыққа жанастыра баяндайды.

Абайдың «Масғұты» мен «Өзімнің әңгімесі» шығыс елдерінде көп тараған аңыздар сюжетіне сүйеніп жазылған дастандар. Абайдың «Масғұтының» мазмұны И.Тургеневтің «Восточная легенда» әңгімесімен мазмұндас екенін М.Әуезов көрсеткен-ді. Бірақ олардың арасындағы ұқсастықтың сырын ол – «Ескендірдегі» сияқты, шығыс халық аңызын бұл екі кемеңгер де шығармашылықтарында

пайдаланған. И.Тургенев аңыздың сюжетін Джиаффардың зәбір көріп жатқан ақсақалды құтқару оқиғасы ретінде жай баяндай салынған. Ал, Абай аңыз сюжетін жаңа бір лепте, соны шығарма жазу үшін пайдаланған. Масғұт тағдыры өзгеше келелі, зор мәселелерді суреттеуге пайдаланылды. Хикаялық сюжеттен келелі ой, салмақты түйін қорытады. Адамзаттың балаң кезінен жасаған рухани дүниесі боп саналатын мифтер мен мифтік образдар жаңа көркемдік мақсат ғана емес, дәуірінің өзекті мәселелерін шешуде, көңілі толмаған жағдайдан шығудың жолын қарастыруда өзгеріске ұшыратып пайдаланылады. Миф арқылы тарихи дәуірдің рухани дамуындағы басты ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Мифологиялық сарындар арқылы жинақталған символдық бейнелер жасалады. Сонымен қатар, дәуірдің рухын бейнелейтін мифтік образдар жасалынады.

С.Қондыбай: «Біз мынау жалған дүниені тек символдар арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені, шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оның қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани алмайсыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы символ арқылы кескіндеу болмақ. Мифология дегеніміз де – символдар жүйесі [5,34].

Мифтік символизм элементтерін ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі қолданылу ерекшелігі енді-енді сөз болуда. Символизмді керек жерінде өзінің діни-философиялық поэзиясында орынды пайдаланған ақындар – Абай, Шәкәрім және М.Көпейұлы және т.б. Орыс ойшылы М.М.Бахтин образ – символдардың әдебиетте атқаратын үлкен рөлі туралы: «Образдың символға ауысуы оған ерекше мағыналық тереңдік пен мағыналық даралану үстейді» [6,209-б.] – деген ой айтады.

Біздің ойлау жүйеміз, мифтік метафоралық ойлауға негізделген. Мысалы, сөз қадірін білетін билер, шешендер астарлап сөйлеген. Бір кісі туралы мынау жаман адам деп, олар ашық айтпаған. Оны астарлап береді, оны ол кісі түсінсе түсінді, түсінбесе, оның кісілігінің жоқтығы. Сөз ұлағатын түсінбейтін адам ел билігінен аластатылады. Ой аристократизмі – деген осы. Қазақы ұғымға салсақ, ой зиялылығы. Абайдың шығармалары метафораға өте бай.

Қазақ әдебиетіндегі циклдік уақыт бейнеленуі бастапқыда, әлем әдебиетіндегідей тек сюжетке қатысты болып келді. Онда оқиға тек жаз айларында өтеді. Қыс – түркі мифологиясы үшін зұлымдық символы. Ал, еуропа әдебиетіндегі түбі түркілік сюжеттер мен элементтердің трансформацияға түскеннен кейінгі қалыптасқан тұрақты жүйесінің сезімдік – символдық мәні былайша қалыптасқан: түн – дамыл алу мен ләззатқа бататын кез; күндіз – еңбек ететін кез, әрі ояну мен жаңа күннің басталуы көбіне – кейде жаңа өмірдің басы да болып табылады.

Дени Дидроның «Данышпандық туралы» мақаласындағы «данышпан адам қашанда өзінің не үшін тәуекел ететінін біледі, осынысына деген ішкі қарсылық пен жаратуын өзінің еш қаперіне алмайды, өйткені, ондай ой оның басында бұрыннан пісіп жетілген» [7,215-б.] – деген пікірі «**Ақын**» бейнесінің тәуекелшілдігін берудегі Абай, Шәкәрім, және Мәшһүрдің орыс романтиктеріндегі ортақтастық пен айырмашылықты дәл ашып бере алады. Өйткені, орыс романтиктерінің «**ақыны**» қоғамды өзгерткісі келсе, Абайдың, Шәкәрімнің, және Мәшһүрдің поэзиясындағы «**ақыны**» – ел психологиясын (құлдық сананы) өзгертіп, бодандықтан арылуды алдына мақсат етіп қойғандығы қозғалады.

Қорытынды. Иассауи туған, Фараби туған топырақ Абай, Шәкәрім және Мәшһүр – Жүсіп арқылы жаңарған исламдық, түркілік, ұлттық идеялармен қайыра түледі. Абай толғаған ұлттық ойлаудың «толық адам» туралы концепциясын ғұламалар әрқайсы өзіне тән ерекшеліктерімен жырлады. Олардың алуан түрлі ой-арналарының бір мақсатта, бір идеядогоғысатындықтары да бар екені әдеби қауымға белгілі. Қазақ әдебиетіндегі сол дәуірдегі қаламгерлердің мифопоэтикалық шеберлігін қалыптастырып мәңгі жасайтын әдеби туындыларды өмірге әкелді. Түйіндей айтсақ, реализм мен романтизм әдістері негізінде қаламгерлеріміз тамаша мифтік нақыштағы әдеби дәстүрді кейінгі ізбасарларына аманаттап кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. *Әр жылдар ойлары.* – ҚМКӘБ, А., 1959. 208 б.
- 2 Ибсен Г. *Собр. Соч. т.IV, Изд. Гослитиздат М., 1958.365 стр.*
- 3 Х. Сүйіншіалиев. *Қазақ әдебиетінің тарихы.* – Алматы, Санат, 2006.
- 4 Ж. Тілепов. «Абайдың «Ескендір поэмасы және тарихы» мақала, Абай институты хабаршысы. 1987 ж.
- 5 С. Қондыбай. *Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап.* - Алматы: Дайк-пресс, 2004 ж. 404б.

6 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. 2 – е изд. М., 1986. 512 стр.

7 Дидро Д. Эстетика и литературная критика пер. с фр./ сост. Мих. Лифшица; Ред. пер. Черневич./ М.: Худож. лит. 1980. 659 с.

ҒТАМР 17. 07. 31

Ержанова С.,¹ Жутаева А.²

^{1,2} ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АПОЛИТТИК КӨЗҚАРАС ПЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ӘСЕР

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы автордың негізгі ойы төңірегіндегі көзқарасы мен оқырманға әсерінің өзара байланысы турасында айтылады. Қазіргі қазақ прозасында постмодернизм белгілері мен оған тән штрихтар кеңінен көрініс табады. Соның ішінде аполиттік көзқарас пен эстетикалық әсер автор мен оқырман арасында тығыз байланыс орнатады. Автордың көркем шығарманы жазу барысындағы айтылар ойдың негізін беруі – оның аполиттік көзқарасына тікелей байланысты. Автордың жеке көзқарасы шығарма тақырыбы мен идеясына басты негіз болып саналады. Оқырман автордың дүниетанымы яки көзқарасы арқылы эстетикалық әсер алады. Екі категория бірлесе отырып, көркем шығарманың өзектілігін танытады. Бұл – қазіргі қазақ прозасына тән постмодернистік белгілер.

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністерінің детальдық және менталитеттік аражігі ажыратылып, олардың прозадағы көрініс тапқан сюжеттері қарастырылған. Жазушы лабораториясының негізгі мәселелері талданып, постмодерндік бағыттың басты идеясы талқыланады.

Түйін сөздер: аполиттік көзқарас, нарратология, когнитивизм, эстетикалық ой, имплицитті автор, эксплицитті автор

Yerzhanova S.,¹ Zhutayeva A.²

^{1,2} Kazakh National University named al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

APOLITICAL APPROACH AND AESTHETIC EFFECT IN CONTEMPORARY KAZAKH PROSE

Abstract

This article deals with the relationship between the author's view concerning the main idea and its impact on the reader in contemporary Kazakh prose. Features of postmodernism and its characteristic features are widely reflected in contemporary Kazakh prose. Particularly, an apolitical view and aesthetic effect establish strong connection between author and reader. The author's apolitical point of view (approach) is directly related to the conveying the main points of idea in the process of writing. The personal opinion of the author is the main foundation for the theme and ideas of the work. The reader receives an aesthetic impression from the author's worldview. Two categories, integrating, convey to us the relevance of a work. All these are postmodern features inherent in modern Kazakh prose.

This article identifies the differences in the detailed and mental picture of the post-modernism of modern Kazakh literature and also describes their manifestations in prose scenes. The author analyzed the main problems of the writer's laboratory and discussed the idea of a postmodernist trend.

Keywords: apolitical view, narratology, cognitive science, aesthetic idea, implied author, explicit author

Ержанова С.,¹ Жутаева А.²

^{1,2} *Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан*

АПОЛОТИЧНЫЙ ПОДХОД И ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВЛИЯНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

В данной статье рассматривается взаимосвязь взглядов автора на основную идею и ее влияние на читателя в современной казахской прозе. Признаки постмодернизма и его характерные черты широко отражены в современной казахской прозе. В частности, аполитичный подход и эстетический эффект устанавливают тесную связь между автором и читателем. Подача основы идеи автора в процессе написания произведения напрямую связана с его аполитичной точкой зрения. Личное мнение автора является основным фундаментом для темы и идей произведения. Читатель получает эстетическое впечатление от мировоззрения автора. Две категорий интергируясь, доносят нам актуальность художественного произведения. Все это – постмодернистские признаки присущие современной казахской прозе.

В данной статье определяются различия детальной и менталитетной картины постмодернизма современной казахской литературы, также рассмотрены их проявления в прозаических сюжетах. Автор проанализировал основные проблемы лаборатории писателя и обсудил идею постмодернистского направления.

Ключевые слова: аполитичный подход, нарратология, когнитивизм, эстетическая мысль, имплицитный автор, эксплицитный автор

Кіріспе. Сөйлемдегі өмір мен сөйлемнің өмірі бірікпегесін – тірі тіркес тумайды. Өмірдің тамыр солқылы мен сөйлемнің тамыр солқылын лингвистикалық проза ғана қоса алады, [1., 68]- деп пікір білдіреді Асқар Сүлейменов. Расында, поэзияға қарағанда проза жазу кез келген әдебиетші қауымға оңайға соға қоймасы анық. Біз көбіне шығарманың мазмұнына, яғни сюжетіне мән беріп кетеміз. Сол сюжеттен өзіндік ой түйіп, өзімізше әсер алуға тырысамыз. Алайда кез келген шығарманың баяндалуында автордың ішкі жан-дүниесіне баса назар аударуымыз шарт. Автордың тақырып таңдаудағы ізденісі, шығарма барысында өзіндік көзқарасы, жалпы алғанда жазушы өзін қандай автор ретінде көреді, позициясы қандай деген сұрақтарға жауап беруі керек. Қазіргі қазақ прозасына тән кез келген әңгіме жанры болмасын, повесть жанры болмасын ол жердегі авторға тән аполиттік көзқарасы мен оқырманға берер эстетикалық әсері қаншалық шығарманың өн бойында көрініс береді? Осы орайда біз авторды, оған тән нарративтік ерекшеліктерді саралай алуымыз шарт. Проза – әдебиеттің бүтін бір болмысы, жазушының ішкі сезімі. Кез келген прозаны баяндалу формасына сай ерекшеліктерін зерттеу, ішкі ойдың негізгі қатпарына барлау жасай отырып, автор санасының шығармадағы көрінісін, сөз бен сөзді қиыстырудағы шеберлігін, образды сөз астарындағы философиялық және эстетикалық ойды білдіре алу қабілетін, шығарма желісіндегі кейіпкердің характерін көрсете алуын талдай алуымыз қажет. Автордың өзі таным мәселесіне келгенде оқырманға белгілі бір межедегі дүниедегі жеткізгісі келеді. Алайда оқырман автор ойын түрлі деңгейде түйсініп жатады. Біреу шығарма барысында адамдардың жай ғана әрекеті арқылы ой түйсе, енді біреу сол жердегі диалогтар арқылы автор көзқарасына шолу жасайды. Келесі оқырман идеяға ғана мән береді. Автор оқырман пікіріне мән берер болса, өзінің танымындағы дүниеден ажырап қалуы мүмкін. Сол үшін де шығармада автор жоғалады, автор өлімі деген секілді тіркестер кеңінен қолданып жүр. Қазіргі постмодернистік шығармаларға тән белгілерден автордың өзін имплицитті автор және эксплицитті автор деп қарастырамыз. Шығарманы баяндау инстанциясында автор өзін таныта алады, позициясы айқын, оқырманмен жасырын ойын ойнамайды, яғни, абстрактілі түрде шығарманың әр жерінен мен мұндалап көрініп отырады. Осындай талаптар орындалса, ол – имплицитті автор. Шығармадан оқырман автор образын бірден тауып ала алады. Сонымен қатар имплицитті автор өз принциптерінен оқырман пікірі үшін қозғала қоймайды. Имплицитті автор үшін шығарманың өзегі – автордың өзінің танымындағы ой желісі. Сол орайда автор өзі де оқырманның рөліне ене алады. Шығарманы жүйелі түрде оқу барысында оқырманның санасына орнығатын ұғым мәселесі де имплицитті автор ойының жемісі болып саналады. Белгілі ақын неміс ақыны В.Гете өз пікірінде

былай деп: “Өз шығармаларында әрбір жазушы белгілі бір дәрежеде, тіпті еркінен тыс өзін бейнелейді”, - ой өрбітеді. Шындығында, кез келген көркем шығарманы әдеби тұрғыдан талдау барысында автордың өзін оңай көруге болады. Осы төңірегінде В.В.Стасов: “Кез келген көркем туынды оны жасаушының ақиқат айнасы, онда өзінің тұлғасын жасырып қалу ешкімнің қолынан келмейді”[2.,183], - дейді. Сол үшін де автор баяндау мәселесі болмасын, шығармаға тақырып қоюда да, кейіпкердің мінезін ашуда да өз лабораториясына сүйене отырып, аполиттік көзқарасы мен оқырманға деген эстетикалық әсерін ерекше назарға алады. Аполиттік көзқарас дегеніміз не?

Әдістемелер. Аполиттік көзқарас дегеніміз – өзі өмір сүретін ортаның белгілі бір заңдылығына, ережесіне бағынбай, қоғамның пікіріне бас ұрмай, көп жағдайда өз танымындағы яки өзінің қабылдау ресурсына сай пікір білдіру немесе көзқарас таныту. Аполиттік терминін көп жағдайда саясатта қолданып жатады. Мемлекеттің құзырлы органдарына, ережесіне немқұрайлылық таныту мәселесінде осы сөзді көп қолданып жатады. Ал әдебиеттанудағы аполиттік көзқарас мәселесі автордың біреумен ой санастырмай өз қалауының нәтижесінде көркем желіні құрастырып шығуын айтамыз. Қазіргі қазақ прозасында постмодернистік ағымның еншісінде шығарма жазуға қалам тербеп жүрген жазушылар өте көп. Солардың көпшілігі дерлік өз шығармаларында аполиттік көзқарас танытады. Олар үшін сюжет, сөйлемдердің құрылымы, оқырманның біртарапты көзқарасы көп аса маңызды емес. Автор бұл жерде жан қалауы арқылы аполиттік көзқарас танытып жатады. Қазіргі қазақ прозасына, сол жердегі аполиттік көзқарастың орын алуына зер салар болсақ, Мерей Қосын, Досхан Жылқыбай сынды жас қаламгерлердің шығармаларын негізге алуымызға болады.

Досхан Жылқыбайдың “Квант” әңгімесін әдеби тұрғыда талдайтын болсақ, автор өз шығармасын қарапайым екінші жақтан баяндап бастайды[3]. Сюжет желісі байланысу жүйесіне енген шақта автор нарратор қалыпқа енеді де, бірінші жақ арқылы өзін көрсетсе, кейде тіпті үшінші жақтан кейіпкер арқылы да көрініс тауып жатады. Оқырман автор ойын белгілі бір тізбек арқылы қуып жете алмайды. Оқырман өз ойымен басқа жақта, автор ойы басқа жақта қиылыспай жатуы да – осы квант сәулелері секілді. Автор жиырмасыншы ғасыр секілді әлеуметтік тақырыпқа жүгініп, сол тақырып төңірегінде ой қозғаудан қашық. Десе де бұл деп отырғанымыз шығарманы әлеуметтік деңгейді көрсетуден жұрдай деген сөз емес. Себебі, кез келген көркем шығармада әлеуметтік дүние қалайда көрініс табады. Аполиттік көзқарас ұстанды деген күннің өзінде автор қоғамнан жырақтай алмайды. Дәл сол секілді “Квант” әңгімесі де саяси шеңбер ережелерінен алшақ, идеологиялық мақсат көрсетуден қашық шығармалардың бірі. Шығарманың өзегінен автордың философияға, одан кейін психологияға ретімен жүгінетінін көреміз. Алайда, автор өз танымын, өз тұжырымын өзгертпегенін, шығармада негізгі ойды көрсетер тұста ұстанымына берік болғандығын бірден аңғаруға болады. Шығарма Бекбол мен Кәмиланың екеуара диалогтары арқылы, кейін жеке-дара монологтары арқылы, кейін тіпті түс көрудегі гипотезалары арқылы өріледі. Автордың тағдыр мәселесінде мыңдаған адамның өмірі бір сәтте түйісіп, кейде параллель күйінде қатар жылжып, кейде бұрылыс жасайтынын, адам егер физика заңдылықтарын түйсінгені сынды өмірдің де заңдылықтарын аңғара алатындай күшке ие болса, өткен мен бүгіннің өзінің арасында үлкен байланыс барын ұға алады. Мыңдаған ядролар молекулалар жарылған сайын еселене түскені сынды адамның ойы да ой мен ойды ұштастырғанда бір негізді идеяға жол аша алады. Шығарма екі тарапты сюжетті бір-бірінен қалыс қалдырмай баяндап отырғандай әсер сыйлайды. Шындығында автор бір ғана кейіпкер арқылы бір негізгі идеяны ғана ұсынған. Адам санасы үнемі жарылыстан, өткенді ойлау арқылы ой түюден тұрады. Автор квант сызығы арқылы адам тағдырының да бейнесін жеткізгісі келген. Автордың шығарма барысындағы мына жолдарына назар аударар болсақ, “Тағдыр – таңдау ғой. Алдымызда мың-миллион жолдар бар. Тіпті, санамызда күнделікті қанша таңдау туындайды – сызылған сонша жолымыз бар секілді. Олардың бір-бірімен қиылысуы қажет емес. Квант секілді. Бір сәтте бірнеше жерде бола алады.” - деген жолдар бар. Автор осы үзінді арқылы адам санасының жетістігі әлі де күрделі де қиын екендігін айқын көрсеткен. Сол үшін де болар, автор дәл осы әңгімеде аполиттік көзқарас танытады. Яғни оқырманның шығарманы жіті түсінуі емес, шығарманы жай ғана қабылдай алуына мән береді. Автор үшін бұл шығарманы түгел қоғамның, жас ерекшелігіне сай белгілі бір аудиторияның түсінуі де, олардың бір тарапты көзқарасы да маңызды емес. Автор өз танымындағы дүниені имплицитті тұрғыда шебер баяндап шығуды ғана жоспарлағанын аңғара аламыз. Ал енді дәл осы шығарманың оқырманға берер эстетикалық әсеріне қарай саралайтын болсақ, автор оқырманмен тікелей де, жанама да байланыс орната алған. Оқырман кей сәтте автордың танымына кіріп кетсе, кей сәтте танымнан тым жырақ, жай ғана мазмұнның көлеңкесінде ғана жүретін сәттер көптеп кездеседі. Оқырманды қызықтыратын әуелгі дүние – тақырып. Оның үстіне қазіргі қоғамда шығармаға көптеген

оқырман тақырыбына қарап ден қояды. Содан кейін ғана сюжеттік желісіне, кейіпкердің ішкі-сыртқы сұлулығына, жазушының портрет пен пейзажды берудегі деталь мен штрихті көрсете алу ерекшелігіне, ең соңынан ғана мидағы жарылыстарына мән береді. Кей шығарманы бір оқығанан қабылдау қиынға соғатын сәттер болады. Яғни оқырман екінші оқығанда ғана өзі күткен әсерді, соның ішінде эстетикалық әсерді толық ала алады. Кей оқырман бірден шығармаға ден қоя салысымен өзі күткен әсерді алғанымен бөлісіп жатады. Ал енді кей оқырман мүлдем әсер алмағанын, соның кесірінен шығарманы соңына жеткізбегенін де айтып жатады. Оқырманға эстетикалық әсер сыйлайтын не?! Жалпы біздегі әдебиеттануда, соның ішінде көркем шығармадағы эстетикалық әсер қандай дәрежеде немесе қай деңгейде сараланады?

Эстетикалық әсер – эстетика сөзінің өзі гректің сезім, сезіну мағынасына шыққан термин. Ол философия ғылымының бір тармағы болып саналады. Біз көбіне сұлулықты, жоғары талғамды эстетикамен ұштастырып жатамыз. Әдебиеттанушы Мамбетов Жолдасбек өзінің “Әдебиеттің эстетикалық негіздері” еңбегінде эстетиканың тарихынан бастап, жалпы категорияларына дейін жіктеп жазып шыққан. Соның ішінде біз қарастырып отырған автордың оқырманға берер эстетикалық әсері деген не? Эстетикалық ой, эстетикалық көзқарас, эстетикалық талғамнан бөлек эстетикалық әсер де сезімдік категорияның қатарын құрайды. Белгілі ғалым Лессинг өзінің бір пікірінде: “көркем суреттің предметі – дене, ал поэзияның предметі – қозғалыс пен әрекет” [4.,121]-дейді. Зер салар болсақ, сөзді қиыстыра білудегі предмет – шынымен қозғалыс пен әрекетке келіп тіреледі. Кез келген көркем шығармада бейнеленетін образдар легінің оқырман үшін әсері – оның қозғалысы мен әрекетінде. Шығармада орын алатын қозғалыс адамның эмоциясына келіп тіреледі. Осы бір жерде Лессингтің тағы бір пікіріне тоқталып өтуге болады. Ол: “...мына нәрселер тұрақты болып қалады: уақыттың жүйелі өтуі – ақынға тән, ал кеңістік – суретшіге тән. Суреттеліп отырған заттың не кез келген детальдың тірі және толық образын оқырманға бар-жоғы бір сәт көрсету үшін бірінен кейін бірін тізбектеп суреттей беру ақын үшін қылқалам шеберінің шекарасына баса көктеп кіру, өз қиялын босқа жұмсау болып шығады.”,- дейді. Расында, бірінен кейін бірі суреттелген дүние оқырманға еш әсер сыйламайды. Керісінше, оқырман жалығып кетуге дейін жетеді. Оқырманға әсер сыйлайтын не? Автордың философиялық ой көріністерінің бөлшектері, цитаталарды әрекетке сай орынды қолдана алуы, кейіпкерлер диалогының эмоционалдылығы. Досханның әңгімесіндегі оқырманға сыйлайтын басты әсер – диалогтардың жандылығы. Авторлар көбіне диалог арқылы қозғалысты көрсете алмай жатады. Ал Досханның әңгімесінде оқырман диалог пен ішкі монолог арқылы әрекетті оңай аңғарады. Постмодернизмнің бүгінгі шығармаларға тән белгілері, яғни, саналы медитация мен дәйексөзді артефактілерді, саяси мәлімдемелер мен экономикалық есептеулерді, философиялық ойларды нақты жеткізе алудың өзі оқырманға эстетикалық әсер сыйлайды. Эстетика тек белгілі бір дүниеден сұлулық көрумен ғана шектелмейді. Эстетика адамға танымдық яки талғамға сай дүниені көрсетумен, ойландырумен, ой түйгізумен бағаланады. Кез келген шығарма барысында оқырманға эстетикалық әсер сыйлау қиын. Бұл тұрасында Мамбет Жолдасов былай дейді: “Эстетиканы меңгерудің қиындығының өзі оның бойында “от пен судың” қатар жүруінен болса керек” [4.,69]. Шындығында, кей оқырман эстетикалық әсерді жақсы әрекет пен жағымды кейіпкерден алса, кей оқырман керісінше, жаман әрекет пен жағымсыз кейіпкерден алып жатады.

Эстетика – адамның ой-санасы мен таным-түйсігі, сезіне алу нүктелері дүниені көре отырып, қабылдау ерекшелігіне қарай негізделген менталды және интеллектуалды процестерді зерттейтін ғылым. Адам санасы, танымы күніне мыңдаған ақпарат алмасады. Сол ақпараттың негізгі бірлігі – сөз. Ол санада кодталады. Кодталған дүние адамға түрлі әсер сыйлайды. Адам өз ойында кодталып яки өз танымында таңбаланған дүниені өзінің ойлау қабілеті, алған эстетикалық әсері, түйсінген философиялық ойының ерекшелігіне орай сана көрінісінің негізінде бейнелейді. Жазушының құдіреті сол – сөз арқылы оқырманға эстетикалық әсер сыйлауға қауқарлы.

Біздің мақала барысында негізге алатын тағы бір жас қаламгеріміздің бірі – Мерей Қосын. Автордың “Буве нүктесі” мен “Нерд” шығармаларындағы аполиттік көзқарас пен эстетикалық әсерге мән береміз. Досхан өз шығармасы арқылы аполиттік көзқарасын физика заңдылығымен және теологиялық тылсыммен байланыстырса, Мерей философиялық ой мен психоанализді көрсете отырып, аполиттік көзқарас танытады. Мерейдің Досханнан айырмашылығы – сезінуінде. “Буве нүктесі” шығармасында автор әрі эксплицитті, әрі имплицитті тұрғыдан қатар көрсетеді. Оқырман оны кейіпкер бойынан іздейді. Ал өзі оған қайшылық танытып тұрғандай. Біз шығарманы сюжет пен фабулаға қарай талдай алмаймыз. Себебі, автор тізбекті түрде баяндамайды. Мерейдің нарраторлық қабілетіне зер салар болсақ, ол баяндаудың ең қарапайым тәсілі арқылы оқырманға жоғары деңгейде

жеткізе алған. Сириялық Аяның түстер тізбегіндегі әрекет бір жүйеге бағына ма? Автор осы тұста ойды оқырманға тастайды. Кейіпкердің ең бастысы әрекетін, қозғалысын, монологын берді. Ал қалған тұжырым оқырманның еншісіне қалады. Бұл жерден аңғаратынымыз – ойын принципінің іске қосылғандығы. Автор өз танымындағы дүниені еш пікірге яки еш қағидаға бағынбай жай ғана сезіну процесін жеткізгісі келді. Нәтижесінде аполиттік көзқарас қалыптасты. Бір оқырман қабылдауға икемді болса, келесі бір оқырман әңгіме жанрының дәл осы нұсқасын түсіне алмады. Біз бұл жерден постмодерндік философияның детальдарын да аңғара аламыз. Авторда белгілі бір мақсат бар, алайда жоспар жоқ. Әрекет бар, қатысым жоқ. Жан қалауы бар, паранойя жоқ[5]. Мерей Қосын Аяның түстері арқылы коллаж жинақтаған. Түс арқылы шығарманың түгел формасын жасақтауға тырысқан. Сонымен қатар шығарма барысында автордың маргинальдылық деңгейді шебер қолданғанын көреміз. Ол өзі түйсінген бірегей нормалар арқылы оқырманға әңгіме ұсынып отыр. Жиырмасыншы ғасырдың шығармалары секілді тапсырыспен, яки белгілі бір қоғам үні арқылы емес, автордың тікелей жан қалауы арқылы өмірге келген әңгіме екендігін көре аламыз. Сол үшін де автордың кей көзқарастары аполиттік деп айтуға келеді. Ал оқырманға берген эстетикалық әсерін айтар болсақ, автор түс арқылы ұсақтан іріге дейін, жасырыннан ашыққа дейінгі аралықты әдемі суреттейді.

Нәтижелер. Қазіргі қазақ прозасы – сюжет пен фабуланың үйлесімділігінен бұрын автор философиясында, автор танымындакөрініс тапқан штрихтарды негізге алады. Мақалаға негіз етіп алып отырған Мерей Қосын шығармалары да, Досхан Жылқыбай әңгімелері де тақырыптық тұрғыдан өзгеше. Сонымен қатар олар нарраторлық шеберлігін киберәдебиет жанрына сәйкес те көрсете алған. Біз әдебиетті қазіргі таңда психологиямен байланыстырып жүрміз. Адамның таным кеңістігі, түйсігінің құбылу шкаласы, оның ой-санасының деңгейі, тіпті адамның иіс сезу, яғни сенсбилизациялық қасиеті, кинестезиялық, синестезиялық іс-әрекеттері көркем шығарма сюжетіне арқау болып отыр. Бұрын бұл дүниелер тек ғылымның шеңберінде ғана зерттелді десек, қазір адам бойынан көрініс табатын қасиеттердің барлығы дерлік әдеби шығармаларда жиі талданады[6., 189]. Бұл үрдіс бастапқы уақытта, эксплицитті автор ретінде модернистік бағытты ұстана отырып, Оралхан Бөкейдің, Асқар Алтайдың, Төлен Әбдіктің шығармаларында кеңінен көрініс беріп жүрді. Ал қазір оның сыртқы формасы сюжетте, ал ішкі формасы постмодернистік бағыттың сарыны ретінде қазіргі қазақ прозасында кеңінен орын алып жүр. Екі бағыттың өз ерекшеліктері бар деген күннің өзінде де, шығарма желілерінің толық жүз пайыз бір бағытты ұстануы әлі де болса әдебиетте кездесе қоймады. Модернистік сарынның белгілері байқалған тұста, постмодернистік бағыттың детальдары қатарласып жүреді. Кейде романтизм астасса, кейде реализм кеңінен орын алып жатады. Бірақ шығарманың басым бөлігі қай бағыттың белгіленген ережелерінің формасын құраса, біз сол бағыт тұрғысында қарастыруға, талдауға тырысамыз. Авторда өзіндік аполиттік көзқарас болуы үшін оның санасында өзінің түсінігіне сай концепция, кез келген дүниеге деген құрылымдық жоспар болуы шарт. Кез келген авторлық концепцияның негізі – тағдырында болған кез келген қайғылы әрекетті оптимистік тұрғыдан қабылдай алуы. Соның нәтижесінде авторда аполиттік көзқарас қалыптасады. Ал оның нәтижесінде шынайы әрі сауатты шығарма өмірге келеді. Жазушы Таласбек Әсемқұлов өзінің бір сұхбатында былай деп: “Адам жазушы болу үшін сол адамның ішінде бір бақытсыздық, қанағатсыздық, рухани жетімдік болуы керек”, - пікір білдіреді[7.,214]. Осындай пікірдің нәтижесінде болар, автордың өзі де аполиттік көзқарас негізінде концептуалды шығарма туғыза алған. Қазіргі қазақ прозасындағы аполиттік көзқарас кез келген жазушыда бар деп айта аламыз. Себебі, бүгінгінің жазушылары белгілі бір өндірістің немесе тарихи шындықтың желісінен гөрі өздерінің ішкі жан-дүниесі, өздерін қоршаған ортаның дүниетанымына негіздеп, жеке концептілері арқылы шығарма жазады. Олардың шығармаларының сюжеті тұтастай сюжеттен емес, құрастырылған фрагменттерден құрылғандай әсер сыйлайды.

Талқылау. Жоғарыда айтып өткеніміздей, психоанализдің негізінде шығарманы белгілі бір ізбен жазу бүгінгі шығармаларда жиі кездесе қоймайды. Шығарма талқандалған дүние секілді басы мен аяғын оқырман өзі құрап алуға тырысады. Бүгінгінің жазушысына тән қасиет – темперамент. Олар формаға қызмет етпейді, олар таныммен ғана жазуға тырысады. Сол үшін де шығармалар желісі көбіне постмодернистік коллаж болып келеді. Ал бұл әдістердің барлығы дерлік оқырманға әсер қалдырады. Бүгінгінің оқырманы шығармадан өзін табуға тырысады. Автор да оқырманды сипаттауға тырысады. Алайда сенімсіздік, күдік деген дүние автор мен оқырман арасындағы – шартты байланыс. Сол үшін де бұл жерде ойын принципі жүзеге асып кетеді. Екі тарап бір-бірін іздеумен, күтумен, тындаумен ғана мәселені шеше алады. Қазіргі қазақ прозасы экспериментке сай

қызмет етеді. Қазіргі оқырман да экспериментті жаны сүйеді. Себебі, біздің қоғам қарапайым ақпараттан жалығып, әдебиеттің өзінен психоанализ жасай алатын деңгейге жетті.

Қазіргі қазақ прозасындағы кез келген кейіпкерді алар болсақ, автор олардың сана табиғаты арқылы әлемді немесе сол әлемнің ішіндегі қоғамның бейнесін ашуға тырысады. Соның нәтижесінде ол авторлық ұстанымын кей жерде өзгертіп, кей жерде өз ұстанымдарын құрбан етеді. Психология көркем шығармада баяғыдан бар. Алайда оның иірімдері әр дәуірде әртүрлі деңгейде көрініс беріп отырды. “Ақбілектегі” психология жалпы қоғамға жат емес болса, “Шолпанның күнәсінде” қоғам екіге бөлінді, Оралханның “Ардағына” автордың ғана жаны ашитындай еді. Ал бүгінгі прозадағы, соның ішінде Досханның Камиласының, Мерейдің Аясының психологиясы бұрын-соңды қазақ әдебиетінде кездесе қоймаған құбылыстарға толы. [8.,142]. Бұл жерде екі автор да психология төңірегінде емес, психоанализ негізінде кейіпкер санасын оятқысы келді деп ойлаймын. Екі кейіпкер бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Алайда екі шығармадағы қоғам бір-біріне ұқсас. Екі автор кеңістікті екі бөлек суреттегенімен, екеуіне де ортақ негіз – уақыт. Себебі, авторлардың өздері бірлесе өмір сүретін өз қоғамдарынан алшақтай алмаған. Екі автор да өзінің жұмбақ, бейтарап кейіпкері арқылы рухани дағдарысқа ұшыраған, қоғам адамдарының табиғатын ашуды көздейді. Аурудан айыға алмай жүрген қоғам жеке тұлғаның санасына сызат түсіреді. Ал санасы бұзылған адам қоғамнан оқшауланып өмір сүргісі келеді. Соның нәтижесінде түс көреді, ой жылдамдығы артады, екі әлемді көре алады, ми шеңбері торланады. Ал осындай әрекеттерден соң, психоанализ пайда болады. Бүгінгі әдебиет физикамен де, психологиямен, тіпті математикамен де тығыз қарым-қатынаста. Себебі, ақпараттық кеңістік қарыштап, оның жойқын күшін барлық саланы жаулап жатқанда, әдеби әлемге де тың туындылар қажет болды. Соған сай, қазіргі қазақ прозасы жаңа форматқа сай жаңа мазмұнда көркем шығармаларды өмірге әкеле бастады.

Қорытынды. Біз қазіргі қазақ прозасындағы аполиттік көзқарас пен эстетикалық әсерді философия тұрғысында, психология негізінде, қала берді анализдік талдау барысында қарастыруға тырыстық. Қазақ прозасында, әсіресе егемендік алғаннан кейінгі прозаның сюжеттік, тақырыптық желісінде ірі өзгеріс, үлкен сілкіністер бар. Тек мазмұн мен форманы ғана қамтымай әр жазушы өзіндік қолтаңбасын, прозаға деген жеке кредосын таныта алған. Біз жоғарыда автордың персонаж таңдай алуын, автордың шығарма барысында өз басынан кешкен күйзелісін, шығарманың сюжеттік желісіндегі депрессивтік көңіл-күйді оқырман ретінде бірден аңғара аламыз. Автордың жеке концепциясы немесе суреткерлік қабілеті болса, оқырманның қабылдау инстинктісі бар. Оларға ортақ өзек – эстетикалық әсер. Автор оны бере алса, оқырман керісінше ала алуы қажет. Бұл да әдебиеттегі белгілі бір пропорция деп айта аламыз. Демек, автор да, оқырман да пропорция үшін жұмыс жасайды.

Бүгінгі таңда қазіргі қазақ прозасы өз аудиториясын мақсатты түрде жинап, сол аудитория шеңберіне сай қызмет етеді. Осыдан бір ғасыр бұрынғыдай жалпы қоғам үшін емес, жеке субъект үшін жаңа мазмұнда жанр тудырады. Бұл да бүгінгі заманның бір үдерісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сүлейменов А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2006 ж. – 368 бет - кітап
- 2 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2003.- 528 бет - кітап
- 3 Жылқыбай Д. «Квант» <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21862> - интернет дереккөздерінен
- 4 Әдебиеттің эстетикалық негіздері: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 163 бет - монография
- 5 Қосын М. «Буве нүктесі» <http://tamyr.org//2702>- интернет дереккөздерінен
- 6 Ахметова А.М. Әдебиеттануда көркем концептінің зерттелу тарихы // Вестн. КазНПУ. Сер. Филологические науки – 2019. – Т. 1. № 2 - С. 188-190 – журналдарда жарық көрген мақалалар
- 7 Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. - Астана: Елорда, 2001.- 312 бет - кітап
- 8 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. - Алматы: Қазақ университеті, 2002.- 455 бет - кітап

МРНТИ 17.82.32:

Каримова Г.,¹ Сейсенбаева Ж.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

БОЛАТ ҚАНАТБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Аңдатпа

Мақалада әдебиет әлемінен ерте кетсе де артына құнды мұра қалдырған жазушы Болат Қанатбаевтың «Қырық күн шілде», «Теңізден ескен жел» атты шығармалары көркемдік, тақырыптық, идеялық тұрғыдан таладанады. Автордың көтерген проблемасын оқырманына ұғынықты, түсінікті болуы үшін қолданған диалог, кейіптеу, мінездеу, пейзаж сынды тәсілдерді шебер пайдаланғандығы сөз болады. Сонымен бірге, жазушының қазақ әдебиеті тарихында бірінші болып мұнайшылық тағдыры, олардың қиын да күрделі өмірін көтергендігі айқындалады. Мұнайшылардың аянышты тағдыры арқылы қазақ жеріне төнген экологиялық қатерді, оны болдырмау қажеттігін көтереді автор. Жазушының өзіндік стилін құрайтын бірліктің бірі – кейіпкер сомдау ерекшелігі нақтылы образдар, олардың жасалу жолдары арқылы көрсетіледі.

Түйін сөздер: әдеби мұра, мәселе, кейіпкер, мінездеу, фабула, стиль

Karimova G.,¹ Seisenbayeva Zh.²

^{1,2} KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

THE ARTISTIC WORLD OF BOLAT KANATBAYEV'S WORKS

Abstract

The article analyzes the works of the writer Bolat Kanatbayev "Forty days of July", "Wind from the sea", which left a valuable legacy, although he left the world of literature early, from an artistic, thematic and ideological point of view. It is said that the author skillfully uses such methods as dialogue, characterization, landscape, which he uses to make the problem understandable to the reader. At the same time, for the first time in the history of Kazakh literature, the writer reveals the fate of the oilmen, their difficult and complicated life. The author raises the ecological threat to the Kazakh land through the tragic fate of oil workers and the need to prevent it. One of the units that make up the writer's own style is the peculiarity of the character, which is reflected in the concrete images, the ways in which they are created.

Keywords: literary heritage, problem, character, characterization, plot, style

Каримова Г.,¹ Сейсенбаева Ж.²

¹ КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ МИР ПРОИЗВЕДЕНИЙ БОЛАТА КАНАТБАЕВА

Аннотация

В статье анализируются произведения писателя Болата Канатбаева «Сорок июльских дней», «Ветер с моря», оставившие ценное наследие, хотя он рано покинул литературный мир, с художественной, тематической и идеологической точки зрения. Говорят, что автор умело использовал такие приемы, как диалог, характеристика, пейзаж, которые он использовал, чтобы сделать проблему понятной для читателя. Вместе с тем, впервые в истории казахской литературы писатель раскрывает судьбу нефтяников, их непростую и сложную жизнь. Автор поднимает экологическую угрозу казахстанской земле через трагическую судьбу нефтяников и необходимость ее предотвращения. Одной из составляющих стиля писателя является особенность персонажа, которая отражается в конкретных образах, способах их создания.

Ключевые слова: литературное наследие, проблема, персонаж, характеристика, сюжет, стиль

Кіріспе. Теңізшілер сынды қарапайым еңбек адамдарының сан қилы болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігі мен адами құндылықтарын тілге тиек еткен, бес күндік жалғанмен ерте қош айтысқан дарынды жазушыларымыздың бірі – Болат Қанатбаевтың әдебиет әлемінде қалдырған мұрасы көп емес. Қиял қанатына бой алдырмай, реалистік тұрғыда еңбекшілерді кейіпкер етіп алуы, автордың өзіндік еңбек жолын мұнайшы болып бастауымен байланысы бар. Қаламгердің «Көшпелі бұлттар», «Ақ құм – алтын жағалау», «Арман қанатында» сынды алғашқы әңгімелері де осы тақырыпта жазылды. Зерттеуші Қ.Мәдібай жазушы шығармаларының тақырып ерекшелігі жайында: «Болат Қанатбаев тақырып үшін жазған жазушы емес. Алайда оның осы «Грифондар» атты туындысы мұнайшылар өмірін арқау еткендігімен де ерекшеленеді. Яғни, қаламгер барлап, бойлап отырған тақырып - мұнайшылар өмірі, мұнайлы өмірдің тіршілік тынысы» [1.] деп әділ бағасын берген.

Әдістеме. Жазушының «Қырық күн шілде» шығармасында шілденің аптап ыстығында ауысымда (вахта сменасы) жүрген мұнайшылардың ауыр өмірі суреттеледі. Дала тыныштығының, дала гармониясының бұзылуын автор туындының ең алғашқы беттерінде елеусіздеу етіп, зілсіз, бірақ жүректі шымырлататындай жеткізеді. Ол үшін автор жылқышы құсының әрекетін суреттеуді таңдап алады. Қаламгер шілденің жым-жырт түнінде күлдір-күлдір күліп шақырған жылқышы құсын қараңғыда қалбаң-қалбаң ұшырып әкеліп, шамы жыпырлаған мұнара басына қондырады. Жылқышы құсы ерепейсіз сорайған мұнараның шарбақ темірлеріне, алып дизельдердің ажилдап-гүжілдеген зор үніне, адамдардың алқын-жұлқын арпалысқанына әбден бойы үйренген. Мойнын қылт-қылт қозғап қойып отыра береді, қорқу-үркіп болған, бәріне еті де, бойы да үйренген. Адамдардың тойымсыздығына, дәрекілігіне, қатігездігіне үйренген.

Нәтижелер және талқылау. Шығарма экспозициясында автор жылқышы құсын суреттеумен шектелмейді. Жылқышы құсының жалғасындай, адамдардың сорақы әрекеттерін көріңіз дегендей, аққу құстың трагедиясын жалғастырып әкетеді. Қарабарқын аспан төрінде теңізді бетке алып, түнгі салқынмен алқына ұшып келе жатқан аққу тізбегінің соңында көшке ілесе алмай, жанұшыра ілбесіп келе жатқан екі аққуды көреміз. Бірі ырғағынан жаңылып, ауық-ауық кібіртіктеп, қалбалақтап келе жатқандықтан, серігі сыңарын қиып кете алмай, қарайлап келе жатқандықтан, қатар болдырып, Жерана төсінен тыныс табар алақандай айдын іздеп, әлсін-әлсін төмендеп келеді де, жұлдыздардың көмескі сәулесімен жалтырап жатқан көздің шарасындай көлге келіп қонады. Мұны автор шеберлікпен: «қос аққу түйме көздері мөлт-мөлт етіп, үздіге алқынып, төмен қарай құдиып, сорғалады-ай! Аппақ қардай қанаттарымен қалқи келіп, балқыған қорғасындай қарабарқын көлшікке күмп-күмп қонды» деп мөлдірете суреттегенімен, өкінішке орай бұл мөлдіреген көл емес еді. Бұл – бұраудан ағып шығатын ерітінді тоған еді. Оның бетінде үнемі су аралас мұнай көлкілдеп тұнып жататын. Міне, көксенгір аспанның салқар кеңістігіне сіңіп, ғайып болған ұлы көштен қалып қойған қос аққу осы тоғандағы қалдық су мен қаракүлгін мұнай бетінде жан-жағына шарасыздана, үркектей қорқа қарап, баяу сырғып жүр. Қазақтың киелі құс санайтын аққуын басқа жақтан келген келімсектердің қадірлемек түгілі, қолға түскеніне қуанып, қанаттарын жан ұшыра сабалап, қорғаныш іздегеніне қарамастан, аппақ қауырсындарын қанға бөктіріп, қатігездікпен бауыздап тастауы арқылы автор туған жерінің қадірі мен киесін туған ұланынан басқа ешкімнің түсінбейтіндігін анық көрсетеді. Аққу құстың төресін ұстауға қимай, ұстаған соң қатты ренжіген ұлттық сана-сезімі берік, дәстүрге құрметпен қарайтын қазақтардың сөзіне мән бермей, Низам сері Дарханды «тым сентиментальный салага» санаса; Дүйсекене «намаз оқитын шал емессің, дүмше молда емессің, шошынба, діндарлығың ұстаса жемей-ақ қой» деп жекіп тастайды; ал жанұшыра жүгіріп келіп араша түскен оралман Нармахан «қашқын, қытай, мамбетская рожа» деп кемсітеді. Кейіпкерлердің тілімен айтқанда, қасиетке түкіргені бар Низаммен бірге қанға боялған аққу етін қызартып пісірген Зинаиданың аққу-қуырдағын жеуге отырған кейіпкерлерді таныстырсақ. Олар әрине вегетарианец Мойшадан басқалары, Москвада оқып, оқуынан шығып қалған Саша-оқымысты, көп ашқа табуды көздеген Верниковский, моторист Васильев, Мағзұм, «қағылған-соғылған», сотталғандар Омар-паша мен Колупаевтар. Көріп отырғанымыздай, барлығы басқа ұлттың өкілі. Сондықтан олар үшін қазақтың киелі құс санайтын, құс төресі аққуды бауыздап жеу әбестік болмас. Ал Мағзұм ше?! Мағзұм – алқаш. Қатігез Низамның тілімен айтқанда арақтың өтіп кеткені соншалық, ерніне жағып алса да мас болатын әбден біткен жан. Сол Мағзұм туа бітті алқаш болмағандығы аян. Кейіпкерлердің диалогынан білетініміз, ақ көңіл, жақсы жігіт. Әншілігі де бар, бар даусымен ән салғанда гүжілдеген мотор үні далада қалып, тыңдаған жанның сай-сүйегін сырқыратып, елу үш метрлік мұнара басындағы айқай да, ысқырық та естілмейтін. Ал бүгінде ол тірі міскінге айналған, арақ өтіп кеткен, түнімен сенделіп ұйқы көрмейді, тіпті далаға қашады. Ол аз болғандай көзіне елес

көрініп, қолына пышағын ұстап, жанына жан жолатпай, ұстамасы ұстайтын кездері көп. Сондықтан оған жеп отырғаны аққудың еті ме, қойдың еті ме бәрібір екені айтпаса да түсінікті. Мағзұмның араққа үйірсектігі өзін ғана емес, оның отбасын да тығырыққа тірегенін Нармахан әңгімесі арқылы ұғамыз. Мағзұмның келіншегі жібектей сызылған, иманжүзді, көзі ұялы, аса бір сүйкімді, жұмсақ жан. Бірақ сондай аяулы жанның ұялы көздерінің сәулесі сөніп, жасып, көрер көзге қартайып кеткендігінің себепкері де осы Мағзұм болды. Ол мас болып, далада ұйқтап қалған күні обырлау бір сиыр тап болып, үстіндегі бар киімін жалмап, түгел жеп қояды да, тұттай жалаңаш қалдырады. Киімін жегені аздай, Мағзұмның құсығын жалап, қасына жатып алуын сипаттауы Б.Майлиннің арақ ішіп, құсығын шошқа жалаған арамза молда кейіпкерін еске түсіреді. Осы көріністен кейін елге күлкі болғанына күйінген әйелі құлындағы даусы шығып, ішегін үзіп, ышқынып ұзақ жылап, күйреп, еңірегенде қор болған жастық шағы, шиеттей бала-шағасымен бір өзі арпалысып, иретіліп, үнемі қарыз сұрап қысылып жүретіндігі қосылып, нала, ащы запыран, қатты өкініш жан дүниесін өртеп, ызалы өксікке ұласқан. Осы оқиғадан кейін де Мағзұмға ақыл кіріп, арағын қоймай, ақыр соңында вахтада жүргенде «белая горячка» ауруына шалдығып, жұмысынан айрылып, ауруханаға жіберіледі. Автор қазақтың дәстүрінде жоқ маскүнемдіктің де келімсектермен бірге еріп келген індет екенін, оның адамның жақсы-жаманын ажыратпай, торына бірдей түсіре беретіндігін Мағзұм тағдыры арқылы түсінікті етіп отыр. Бірақ арақтың жергілікті халыққа әбден сіңісті болғанын адасып кетіп, шөл далада қалып, қатты қиналып, бір өлімнен қалған Сашаның «Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы» деген. Қандай күйге түскенімізді бұл қайдан білсін. Ойпырай, мәнгіріп, басымыз қаңғырса да, арақ жоғалмаған, ә? Ал менің алтын мойын алқам жоқ!.. Егер арақ құрыса ғой, мына қызылкөз нақақ күйдіріп, миымызды ашытар еді» [2,169] деген сөздері анық аңғартады. Арақтың қазақ даласын шарпығаны аз болғандай, нашақорлықтың да үйреншікті әдетке айналғаны да жазушы назарынан тыс қалмаған. Мемлекет мүлкіне жауапсыздықпен қарап, мұнайшыларға жеткізу қажет майды шопандарға сатып, түскен оңай ақшаға наша алып шегіп, көздері қызарып, ештеңені көрмей, қызық үшін киік аулап, аяусыз қырып салатын май тасушы шоферлардың арсыз әрекетін мастер Алмас Төреханов ауыздықтайды. Неге Төреханов? Автор барлық кейіпкерлердің арасынан Төрехановты бекер таңдап отырған жоқ. Мәселені шұғыл шешіп, сөзден гөрі шұғыл, қолма-қол іске кіріскенді қалайды, жұрттан да соны қатты талап ететін әділдікті сүйетін, өз ісіне берілген жан. Өтірік көлгірсуді өз бойына жолатпаған, көлгірсу мен қулық-жымысқы тірлік әлсіздің құралы деп ұғатын, ащы шындықпен достасып келе жатқан, әрқашан жүзі жарық, маңдайы ашық, жұмысты бүкіл жан-тәнімен беріліп істейтін нағыз еңбек адамы. Ол аннан-мұннан қашқан-пысқан жандардың санатынан, тұрақсыз адамдардың қатарынан емес. Марқұм әкесі мен шешесі, одан бері жеті бірдей ағасы мұнаймен көзін ашқандар, бүкіл тағдыры, қызық-шыжығы мұнаймен өрілген жандар. Алмас та Москвадағы екінші бірі қолы жете бермейтін Губкин атындағы мұнай институтын бітірген. Мұнай саласын ол қанға сіңген парыз, маңдайының бес елі соры да, бағы да сол, пешенесі де сол деп ұғатын. Негізі Төрехановтар әулеті үшін бұрғышы болу, мұнайшы болу әскери борыш секілді міндет-тін. Мектеп, одан соң әскери қызметін өтеп келген соң бұрауға келіп, моторшы, бұрғышы көмекшісі, қандай жұмысқа бөлінсе соны атқарып, мұнай саласынан бір елі ажыраған емес. Сондықтан бұл шаруаның бар ұнғыл-шұңғылы оған етене жақын. Оның үстіне, қара күш иесі, ешкімді басындырып көрген емес. Жағаласқанды шалқасынан түсіріп, жайратып салатын күштілігі тағы бар. Оның бұл жасы қырыққа келсе де жыны басылмайтын, жағаласа кететін қасиетін автор «қайдағы бір желөкпе, қызбалық жүрекке ерік бермей кететін бір көзсіздік бойын лезде билеп алады. Сосын-ақ еркінен айрылады. Кейде тіпті осындай сәттер аяқ астынан туа қалғанда, аңқандап қуанатыны, денесі тітіркеніп, делебесі қозған бәйге атының көрмеге сыймай арқырағаны секілді денесін белгісіз бір күш кернеп, шамырқана шаттанатынын қайтерсің» деп сипаттайды. Осы жолдарды оқып отырғанда Алмастың бұл ерекшелігін бәйге атымен салыстыра беру арқылы автордың өзі де оны жоғары бағалап, құрметтейтіндігі, қазақта осындай жігіттердің болғандығына қуанатындығы айқын байқалады. Оның тектілігінің тағы бір көрінісі аузынан нашаның күлімсі иісі аңқып тұрған екі шоферді алып ұрып, жығып, өздеріне шұңқыр қаздырып, атып алған жазықсыз киіктерін көмдіргенде де білінеді. Осы сәтте қасына еңгігіп жетіп, ең болмаса текесін алып қалу керек еді деп көсемсіген Низам серіге «Құры кет! Сумаңдап сен қайдан шыға келдің» деп жым қылуы – шығарманың басында аққуды жеуге арланбаған, дарақылана күлген Низам серіден ішін тартып қалған оқырмандардың өзін бір риза қылатыны сөзсіз.

Қаламгердің ерекше туындыларының бірі – «Теңізден ескен жел» әңгімесі. «Бәрінен бұрын тақырып пайда болады да, жазушыны азапқа салады» демекші, бұл туындының тақырыбы –

жалғыздық. «Жалғыздық – қарттықтың ең сенімді белгісі» деп А.Олкотт жырлап өткендей, шалы мен үш нәрестесін қабір құзырына тапсырған басты кейіпкеріміз – Ұлбосынның тағдыры қандай оқырманды болмасын бей-жай қалдыра қоймас. Бұл өз кезегінде алдымен Отан қорғау жолында соғысқан үш бірдей ұлынан, одан соң шалынан айрылып жалғыз қалған Т.Нұрмағамбетовтың «Бәйтеректер» әңгімесіндегі ананың образын еске түсіреді [3].

Кез келген шығармада бірін-бірі туғызып, дамып жатқан тақырып пен идея болады. Әдебиеттанушы ғалым Серік Мақырұлының «Адамтану өнерінде» айтылған «идеядан – тақырып, тақырыптан – идея туады» [4] деген пікірді бағдар етіп алсақ, Б.Қанатбаев әңгіменің негізгі идеясы – үзілмес үміт пен сағыныш. Туынды барысында, нақтырақ айтар болсақ, прологта қолданылған кейіптеу тәсілі өз орнын айырықша көрсетіп тұр. «Жалғыздық – қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретке, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, ол сезімін қадағалауға да құқысы бар мезет. Өйткені, адам жалғыз қалғанда ғана ішкі ой-еркіндігіне бой алдырады. Жалғыздық адамға өз ойымен болуға, еске алу, елестету, қайғыру, сүйсіну, белгілі бір шешім қабылдау т.б секілді толып жатқан философиялық, психологиялық категориялар мен процестерді сан алуан түрлі сезімдік құбылыстарды бастан кешетін кезең» [5,25]. Жалғыздықтан жан жүдеп жабықса да, перзенттерін сарылып сағынса да ана үмітінің шырағы ақырғы демі шыққанға дейін сөнбеуі жер бетіндегі ана жүрегінің құдіреті мен шексіз мейірімділігінің көрінісі деуге болады. Ұлбосын ананың шалының қазасынан кейін жалғыздықпен дос болуы, жанына серік етуі өмірдің ауыр сынағы іспеттес. Бәлкім, Болат Қанатбаевтың оқырманға жеткізгісі келген ой-түйіні – қарттардың жалғыздықта жабығуы, жасында баласын күтсе, қартайған шағында іштен шыққан сәбиінен қолдау күтетіндігі болар. Сонымен қатар, сәбиінің анасын тастап кеткеніне қарамастан, еш ренішсіз құшақ жая күтетіндігі ана махаббатының дариядай шексіздігін танытады.

Жарға құлап кетердей сұғындыра салған қоңыр үйде Ұлболсын кемпір бүкшендеп, күн көріс қамымен шойын пешке от жағып, әлденелерді қоңырсытып жатыр. Әңгіменің осы тұсынан кейіпкердің тағдырын суреттеу басталады. Шығармада теңіз жағасындағы ауылда үш-ақ үй қалғаны баяндалады. Оның біреуі осы Ұлболсын кемпірдікі. Қалған үйлердің тек тамдары қалған, бұрынғы күйбең тіршіліктің иісі шықпай, қалтырап қалған бос үйлерді көз алдына елестеткенде жайсыз тыныштықтың адам бойына жаман әсер ететіні байқалады. Жазушы осы тұста пейзаж тәсілін шеберлікпен пайдаланып, күз мезгілінің өзін жаз сияқты емес сондай суық, бұлыңғыр, қараңғы етіп көрсетеді.

Шығарма Ұлболсын әжейдің тым жұтаң өмірін баяндаумен өріледі. Ол шығармада: «Біраздан соң кемпір шайға отырды. Үн-түнсіз сүтсіз қою шайды ұзақ сімірді. Сүті болмаған соң, шайдың берекесі болушы ма еді? Сауып отырған жалғыз тайлақты бағу қиямет-қайымға соқты. Тіпті ол түгіл, түйенің бауырына өрісі жетпей тырмысып, белі қайқайып, жеткен күннің өзінде, қолы қарысып бірекі тамшыдан артық сауа алмаған соң: «Тәңір алғыр-ай! Мұндай күнге де жеткіздің-ау!», - деп қатты налып, түйенің бұйдасын түріп, сауырына бір тартып басы ауған жаққа қарай қоя берген» [2,257]. Бұл жерде бірден ойға оның жалғыз күн кешкетіні, жасының тым қартайғаны, шамасының жоқтығы, кедейлік өмірі келеді. Жазушы бұл тұста «жалғыздық сарынын» жақсы көрсете білген. Тым құрыса жанында ермек ететін адамы жоқ қарт әжей, бұл өмірден баз кешкен. Шамасы жоқ кезде қасынан табылатын жақыны жоқ жанның көңілі көтеріңкі болмайтыны белгілі. «Жалғыздық сарыны» көрінетін тағы бір тұсы: Ұлболсын әжейдің ұлы туралы әңгіменің басталуы. Бұл тұста оқырманға жаңадан жаңалық ашылғандай әсер етеді. Шығармада Ұлболсын әжейдің жалғыз қалуының тағы бір себебі: үш баласы мен шалының өлімі болса, одан бөлек өмірде бар, бірақ анасына мүлдем келмейтін Қоныс деген ұлының бар екені оқырманды біраз ойландырып жібереді. Өкіндіретіні: әжейдің Қоныс атты ұлының бірде бір рет анасына келмеуі, келмегені былай тұрсын, амандығын білмеуі де жанға бататын көріністер. Көптеген қазақ жазушылары туындыларынан осы сарындағы оқиғалар байқалады. Қартайған анасы немесе әкесін жалғыз қалдырып, өздерімен-өздері бөлек өмір кешеді. Бұл бүгінгі қоғамда кеңінен орын алған, бар жағдайлар. Және оны жазушылар да өз шығармаларынаың арқауы еткен. Ұлының мүлдем келмеуі тек өгейі болғандықтан ба? Меніңше, жоқ. Бұл жағдай көбінде тәрбиеге келіп тіреледі. Баласын өзінен қашыру да, жанында ұстап айланып асыру да ата-ананың тікелей тәрбиесінде. Ұлының әйелімен бөлек кетуі, анасына келінін бір рет көрсетіп одан кейін бұл үйге келмей кетуі жанды жабырқатар көріністер.

Шығармада кейіпкердің қимастық сезімін де автор тереңінен сипаттай білген. Ағайындарының талай рет көшіріп әкетейік дегеніне көнбей қойған кемпір жар басындағы жарбиған жаман үйін, ескі жұртын, түбектегі төбешіктерін қимайды. Демек әжей осы өмірді өзі қалап тұр. Қартайған адамдар

көбінде өз туған жерлерінде өмірінің соңғы кезеңдерін өткізуді қалайды, оларға жастық шағының қызықты сәті өткен жері қашанда ыстық. Ұлболсын қарияның әрекеті Т.Нұрмағамбетовтің «Атақоныс» әңгімесіндегі қарияның әрекетімен бірдей. Қазақтардың ұғымында бұл дүние өте жоғары бағаланып, ыстық сезімді тудырып жатады. Ұлының қаңырап бос қалған ауылға келмеуінің де себебі түсінікті, алайда қарт анасының сағынышын басып келіп тұруы аса қажетті дүние. Ол қарт ана үшін де баға жетпес байлықпен тең болар еді. Шығарма соңында бұл қажеттілік былай баяндалады: «Кемпір бұл өмірден әлдеқашан үмітін үзген болатын. Дей тұрғанмен көңілдің қараңғы түкпіріндегі әлдебір белгісіз күш «Қоныс жанымды бір көріп өлсем-ау, сонда арманым болмас еді» деген көмескі үміт, құр қиял ғана еді». Кіндік қаны тамған туған жерінен алыстап шығандап кетпеу – қазақтың қанына сіңген қасиет. Туған жерін өмірінен артық көретін қазақ үшін оның ішінде қариялар үшін алысқа кету қайтпас апарға аттанумен бірдей дерлік. Бұл да біздің ұлттық құндылығымыздан, менталитетімізден хабар беретін дерек. Автордың «Қырық күн шілде» шығармасында да осы ой көрінеді. Дарханның анасының күйіне жүріп айтқан: «Бас-басыңа қаңғып кеттіндер ғой әйтеуір. Қашаған түйедей қиянға, қиырға қарап боздайтын әдет таптындар, шешелерің болса қыршын кетті, мейір-шапағаттарың аз, менен де болар бәлкім?.. Ағаларың саяқ өсті, оқу-тоқуы жетерлік-ау, кісіге қайырымы жоқ, тым суық, әлденеден құр қалатындай, асып-сасқан, ашқарақ, жан-таласқан ұрпақ болды. Қит етсе, қиянға тартады, өскен орта деген бұларға жат секілді» [2,77] деген сөздері осыған дәлел. Заманына қарай адамы демекші, ауылдан қалаға қашатын ұрпақтың көбеюі қарт ананы толғандырмай қоймайды. Жазушы кейіпкерлердің сөзі арқылы оқырманына қазіргі жастардың бойында туған жеріне деген құрмет пен махаббаттың азайып бара жатқандығын ұғындыруға тырысады. Шығарманың шешімінде Ұштап кемпір де бұл ауылдан көшіп кетіп, ескі жұртта тек Өткіл шал мен баламды бір көрсем деген асылы үмітпен қалған Ұлболсын әжей қалады. Бұл көріністер әрбір оқырманның жүрегіне ауыр әсер етеді. Шығарманы оқыған оқырманның бойында «жалғыздық», «қимастық» сезімі оянып, көкейінде көп сұрақтың орын алары кәдік.

Қорытынды.Түйіндей келгенде, жазушы Болат Қанатбаев прозасындағы Жер-ананың бүйірін тесіп, аяусыз сорып байлық іздеудің соңы экологиялық зардапқа әкелетінін ескерткен. Сонымен бірге қазіргі қоғамда кеңінен тараған жалғыздық мәселесін де жеріне жеткізіп, көркем тілмен, кейіпкер тағдырымен сабақтастықта әсерлі суреттейді. Яғни, автор өз заманының кезең ауанын, өмір бағдары мен салтын белгілі бір деңгейде көркемдікпен бере білген. Осы мақсатта автор сомдаған кейіпкерлері өздерінің тазалығымен, шынайылығымен оқырмандарын сүйсіндіреді әрі сендіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мәдібай Қ. Әдеби мұраны зерттеу: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. -215б. – кітап
- 2 Қанатбаев Б. Теңізден ескен жел. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Ана тілі, 2001. -272б. – кітап
- 3 Нұрмағамбетов Т. Нұрмағамбетов Т. Туған ауыл түтіні: Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1989. -384б. – кітап
- 4 Мақпырұлы С. Адамтану өнері. – Алматы: Арыс, 2006. -230 б. – кітап
- 5 Пірәлиева Г. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. – Алматы: Арыс, 2004. -251б. – кітап

МРНТИ 17.09.91

Асқарова Г.¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ОМЕР СЕЙФЕДДИН НОВЕЛЛАЛАРЫНДАҒЫ ӨРШІЛ РУХ

Аңдатпа

Мақалада түрік реалистік новелла жанрының негізін салушы Омер Сейфеддиннің суреткерлік шеберлігімен қатар, осы шағын жанрда тудырған құнды дүниелері тақырыптық, идеялық тұрғыдан талданады. Жазушының қазақ тілінде жарық көрген “Ескекші”, “Елші”, “Басын бермеген шейіт” атты туындыларындағы түрік этносына тән өршілдік рух, қаһармандық пафосты талдап көрсете отырып, автордың оқырман бойында оятатын отаншылдық, елжандылық сезімі және беретін эмоционалды-экспрессивті әсері көрсетіледі. Өміршең туындыларымен әдебиет төрінен өзіндік орын алған О.Сейфеддин шығармаларын оқытудың өзектілігі мәселесі қарастырылады. Ел бірлігі мен бостандығы үшін отқа түсіп, өз өмірін ұлт мүддесінен артық қойған жандардың қаһармандық әрекетін дәріптеу, насихаттау арқылы автор кейінгі жас ұрпақты елжандылыққа, адалдыққа, батырлыққа тәрбиелеуді көздегені баяндалады. Бауырлас түрік халқының көрнекті жазушысы О.Сейфеддиннің гуманизмге толы туындыларының өміршеңдегі дәйектеледі.

Түйін сөздер: реалистік новелла, мотив, өршілдік рух, руханият, ұлттық идея

Askarova G.¹

¹ Kazakh National University Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

HEROIC SPIRIT IN THE STORIES OF OMER SEYFEDDIN

Abstract

The article ideologically analyzes the artistic techniques of Omer Seyfeddin, the founder of the genre of the Turkish realist novel, as well as valuable works created by him in this small genre. Analyzing the ambitious spirit and heroic pathos of the Turkish ethnos in the writer's works published in the Kazakh language “Rower”, “Ambassador”, “Martyr”, the author expresses the emotional and expressive influence of patriotism. The article considers the relevance of teaching the works of O. Seyfeddin, who occupies a special place in the literature with his colorful works. It is alleged that the author intends to educate the next generation in patriotism, honesty and heroism, glorifying and promoting the heroic deeds of those who sacrificed their lives for the unity and freedom of the country and put their lives above the interests of the nation. Eternity of humanistic works of the outstanding writer of the fraternal Turkish people O. Seyfeddin proved.

Keywords: realistic novel, motive, patriotic spirit, spirituality, national idea

Асқарова Г.¹

¹Казахский национальный университет им. Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

ГЕРОИЧЕСКИЙ ДУХ В НОВЕЛЛАХ ОМЕРА СЕЙФЕДИНА

Аннотация

В статье идеологически анализируются художественные приемы Омера Сейфеддина, основателя жанра турецкого романа-реалиста, а также ценные произведения, созданные им в этом небольшом жанре. Анализируя амбициозный дух и героический пафос турецкого этноса в произведениях писателя, изданных на казахском языке “Гребец”, “Посол”, “Мученик”, автор выражает

эмоциональное и выразительное влияние патриотизма. Рассматривается вопрос актуальности преподавания произведений О. Сейфеддина, занимающего особое место в литературе своими яркими произведениями. Утверждается, что автор намерен воспитывать следующее поколение в патриотизме, честности и героизме, прославляя и пропагандируя героические поступки тех, кто пожертвовал своей жизнью ради единства и свободы страны и поставил свою жизнь выше интересов нации. Вечность гуманистических произведений выдающегося писателя братского турецкого народа О. Сейфеддина доказана.

Ключевые слова: реалистическая новелла, мотив, патриотический дух, духовность, национальная идея

Кіріспе. Омер Сейфеддин – түріктің “ұлттық әдебиет” ағымының ірі өкілдерінің бірі, көрнекті түрікшіл қаламгер. Оның қалам тартқан прозалық жанрлары: әңгімелер, хикаяттар, романдар, пьесалар, ғылыми және публицистикалық мақалалар. Қысқа ғұмыр кешкенімен артына едәуір мұра қалдырған: 138 қысқа әңгіме, 14 аяқталмаған шығарма, 100-ден астам мақала, 6 пьеса, бірнеше роман, 75 өлең т.б. Жаңа реалистік сипаттағы түрік новелла жанрын дамытумен қатар, философиялық ой-тұжырымдарды, памфлеттік көтеріңкі әуенді, сарказмға толы сатираны да қалыптастыруға үлес қосты.

Омер Сейфеддиннің бірқатар әңгімелері қазақ тіліне аударылған. Олар “Қайырма”, “Ескекші”, “Елші” (“Қызғылт маржанды шапан”), “Күн”, “Ант”, “Басын бермеген шейіт”, т.б. әңгімелері қазақ оқырмандарының жүрегінен орын алды. Омер Сейфеддин әңгімелерінің барлығына ортақ идея – түрікшілдік, туған жерін қорғау, сол жолда Отан үшін шейіт болу, ұлы мақсатта ар-ожданدى жоғары қою, пенделік, пендешілік істерден ада, жүрегі иманға толы, отанын шексіз сүйген ұландарын үлгі ету, сүйсіну.

Әдістеме. Түрік халқына аты мәшһүр кануни Сұлтан заманында болған оқиғаның негізімен жазылған автор Омер Сейфеддиннің “Тұтқын” (“Ескекші”) әңгімесінің негізгі идеясы – патриотизм, Отанды қорғау. Сан жылдар бойы елі үшін теңіз асып, батырлық көрсеткен, жиырма жасының өзінде аты аңызға айналып Тарық бұғазынан өткен, «пойраз» желіне қарсы жүзіп, жаугершілік пиғылдағы қаншама флоттарды жалғыз өзі талқандаған Қара Мәміш батырдың басынан өткен шынайы оқиғасына құрылған шығарманың композициясы шымыр, сюжеті тартымды. Автор сомдауындағы кейіпкердің батылдығы мен қайсарлығына, ішкі рухының мықтылығына қайран қалмау мүмкін емес. Жиырма жыл аяқ-қолына шынжыр байланып, ескекші болып жүргенде де, аузынан алласын тастамай, жүзін құбылаға бұрып, өзі ұмыта қоймаған аяттарды айтып, ым мен құпия түрінде бес уақыт намазын қаза қылмаған жанның өршілдігі, әрине бүгінгі таңдағы материалдық байлықты бірінші орынға қоятын прагматиктер үшін таңсық болатыны белгілі. Қанша жыл қиындық көріп, басы бұғауда, құлдықта жүрсе де, оның жүрегі елім, отаным деп соғып, түсінде тек түрік жағалауына әкететін кемелерді көріп жүруі – кейіпкердің үлкен жүректің иесі екенін аңғартады. Ол ешқашан үмітін үзген жоқ. Рухы мықты жанның аузынан қырық жыл аузынан шығатын сөз тек: «Жақсылық болар, иншалла» болды. Тұтқында, одан соң құлдықта жүрген ауыр тағдыры оның сағын сындыра алмады, денесіне салынған шынжырларын тот басты, шіріді, үзілді, бірақ оның өршіл рухы өшпеді. Сан жылдардың күндері мен түндері оның құрыш денесін балқыта алмады, болаттан берік бұлшық еттері қатайған үстіне қатай түсті. Қайратты жан күн сайын түсінде өзін құтқару үшін бар екпінімен келе жатқан түрік кемелерін көріп, «қырық жылдық түс өтірік болмайды» деп іштегі үміті үлкен дауылға айналуының өзі оқырманын тәнті қылады. Оның сезімі шынайы, арманы асқақ, сенімі күшті. Мұндай өр тұлғадан туған бала да өршіл болатыны белгілі. Үміті ақталып, сан жылдардан кейін жалғыз баласы басқарған баласы кемемен келіп, әкесін құтқарып алады.

Нәтижелер. Барлық әдеби жанрлардың ішінде “әңгіме – қиын жанр” екені, оның жазушыдан үлкен шеберлікті талап ететіні түсінікті. Автор Омер Сейфеддиннің суреткерлік шеберлігі сан жылдар оқиғасын екі беттің көлеміне сыйғызып, оқырманына үлкен ой салар тағылымды дүниені ортаға салуымен аңғарылады. Әңгіме идеясының күштілігі соншалық, бір романға бергісіз оқиғаны шағын жанрда шебер бейнелеп, бас-аяғы жұп-жұмыр, шашау шыққан бірде-бір сөз, сөз тіркесі, сөйлем жоқ, композициясы шымыр дүние сомдай алған. Қырық жыл бұрын Мальта пираттарының қолына түсіп қалған Қара Мәміштің ғана емес, оның баласының да үлкен жетістікке жеткенін түсінеміз. Жазушы Омер Сейфеддиннің бұл әңгімесінде баяндау тәсілімен қатар, диалог та бар. Диалог арқылы автор Қара Мәміштің өткені, ерлігімен қатар, кейінгі түрік ұландарының да өз батырларын ешқашан ұмытпайтындығы, аталар салған сар жолмен жүріп, солардың ерлігін дәріптеп,

өнеге тұтатындығы байқалады. Расында Қара Мәміш осал адам емес еді, ол тек түрік ұлтына ғана емес, барлық халықтарға ерлігімен, қайсарлығымен, туған жеріне деген үлкен махаббатымен үлгі-өнеге бола алатын кейіпкер еді. Қырық жыл сағынған қандастарын, бүгінде мырзаға айналған жалғыз ұлы Тұрғытты көріп қуаныштан, бақыттан басы айналып, есеңгіреп қалса да, олардың соғысқа аттанатынын естігенде бірден есін жиып, кемеңнің басында желбіреп тұрған жалауды көрсетіп айтқан соңғы сөзі: “Жүрегім күшті. Мен де соғысқа кіремін. Шейт болып кетсем, мынаны үстіме жабыңдар! Отан дегеніміз – алқызыл ту желбіреген жер емес пе!” болғаны оқырманына үлкен ой салып, эмоциялық-экспрессивті әсер беріп қана қоймай, үлкен жігер береді. Әрбір адамның бойындағы Отанға деген құрмет пен адалдықты оятатын мұндай рухты, тағдырлы әңгімелерді оқыту қажет.

Талқылау. “Елші”, “Басын бермеген шейт”, “Құн” әңгімелеріндегі кейіпкерлер – ұста Әли, Мехмет, Хүсреу, Мухсин Челеби, Құрықады ерекше жандар. Мәселен, Мехмет, Хүсреуді жолдастары дәруіш, жыңды, мәжнүн дейтін. Бұл екеуі қатысқан соғыстарында қиялға келмейтін дәрежеде, адам миына сыймайтын жетістіктерге қол жеткізгені үшін аңыз қаһарманына айналған адамдар. Әрбір жеңістен кейін бұл екеуіне шен, мансап, құнды тастармен әшекейленген қылыш, қанжарларды сыйға тартса, қарқылдап күліп алмайтын: “Өткінші дүниеде бізге үш метр кебін ғана керек. Мына бергендерің надандарды, дүниеқоңыздарды қуандырады деп” Алла жолындағы жорықтары үшін ақы да сыйлық та алмайтын. Олар үшін соғысқа бару тойға барумен бірдей еді. Зеңбіректер атылып, қалқандар қағысып, қылыштар сақырлай бастағанда өздерін жоғалтып алатын. “Алла, Алла!” деп ұран салып дұшпан тобына кіргенде, от болып лапылдап, өртеніп кететін. Найзағайдың ұшқынындай жылдам қимылдарына көз ілеспейтін. Тіптен, Мехметтің соғыс алаңындағы өлімі де таңғажайыпқа толы, дұшпаны Мехметтің басын шауып кесіп алып, атына ыршып мініп барады екен. Сол кезде жыңды Хүсреу қолындағы қалқанды бұлғақтатып:

- Мехмет! Мехмет, жаныңды бердің, бірақ басыңды берме, Мехмет! Бұл дауыс сондай әсерлі де өткір еді. Сол сәтте жиырма-отыз адымдай алдында жатқан әлгі жансыз дененің орнынан ұшып түрегеліп, басын алып кетіп бара жатқан дұшпанның артынан қуа жөнелгенін көрді. Жыңды Мехметтің бассыз денесі әлгі сарбазды ұстап алып, жерге атып ұрғанда, оның қолындағы кесілген бас жерге топ ете қалды. Жыңды Мехмет кәдімгідей жанды адамға ұқсас жердегі өз басын алып құшақтай алды да, шаршап құлаған адамдай серең ете түсті. Жыңды Мехмет жанын, тәнін Отан үшін құрбан ете отырып, жау қолында жансыз бастың қорлауына жол бермейді. Омар Сейфеддин Мехметтің өлгеннен кейін Алланың ерекше сый құрметіне бөленгенін былай суреттейді: “...Жап-жасыл бір нұр сәулесінің мазарды лапылдата өртеп, сол жасыл нұрдың ішінде жыңды Мехметтің қан мойнын құшақтап алған ақ қанаты бір періште бір қолымен оның өне бойын сипап тұрса, бір жағынан оның маңдайын сүйіп жатты. Бұл белең алған жылы нұр алауы үлкейді, кеңіді, барлық әлемді тұмшалады.

Омер Сейфеддиннің бұл әңгімесінің тағылым-тәрбиелік мәні тереңде. Жүрегі иманғатолы, туған жерге, Отанға адал қызмет ететін, сол жолда басын құрбандыққа тіккен және өлі денесінің, жанын берсе де басын жау қолына кетіп қорлануына жол бермеген Мехметтің әрекеті өте әсерлі, ғажапқа толы болса да сенімді баяндалған.

“Елші” (“Қызғылт маржанды шапан”) әңгімесі – Омер Сейфеддиннің шоқтығы биік шығармасының бірі. Онда нағыз өршіл, рухты мықты, Отанына шын берілген, Отан үшін малын да жанын да құрбан етуге даяр, түрік елінің қайсар, қайтпас өр ұлының бейнесі сомдалған. Әңгіменің басты кейіпкері – Мұқсын Шалабей, атақ-даңқтың соңынан шырақ алып түсетіндердің қатарынан емес. Бірақ өте батыл, шындық үшін жанын аямайтын, Отанын жанындай сүйетін, көптеген жорықтарға қатысқан, жүзінде сол сапарлардан ескерткішке қалған тыртықтары болатын.

Сол заманда өзі қу, зәлім, әрі мейірімсіз, басқан жерінде бір тал қалдырмаған Исмаил шахтың адам төзгісіз айуандық істері бүкіл шығысқа мәлім болатын. Міне, осы бір әдепсіз, жауыз Исмаил шахқа Беязит падиша елші жіберу үшін көп ойланып, жүрегінің түгі бар, батыл, мемлекеттің атақ-абыройын түсіретін әрбір әрекетке қарсы тұратын, өлім қаупі төніп тұрса да кез-келген қорлық істерге бас иемейтін жанды таңдай отырып, қауіпті елшілік міндетін абыроймен атқарып келе алатын адам ретінде Мұқсын Шалабейді таңдайды.

Исмаил шахтың елшісі Беязит падишаға артынып-тартынып көп сый-құрметпен келгендіктен, оның мысын басу үшін әрі асып түсу үшін ол да өз “аттары, қызметшілері, киімдері олардан өте әдемі, олардан өткен қымбат болу керек” деген ұстаныммен ел қазынасынан бірнеше мың алтын бөлмекші болғанда, Мұқсын Шалабейоның бұл ұсынысын қабылдамайды. Елінің бірлігі жолындағы мұндай игі әрекетке Мұқсын Шалабей мемлекеттің қазынасынан бір тиын да алмады. Чамлыжа

орманының артқы жағындағы үлкен шаруашылығын, үйін кепілге қойып он мың алтынды қарызға алып, екі мың алтынды аттар мен қызметшілерге жұмсады. Сегіз мың алтынға сырмақшы Тороғылының матасы үндіден, басқа заттары Венециядан әкелініп өрнектелген «қызғыл маржанды шапанды сатып алады (6 айдан кейін 7 мың алтынға қайта өткізу шартымен). Содан кейін падишаның хатын қойнына салып алып жолға шықты. Алға жылжыған сайын жаңа елшінің түр-тұлғасы, байлығы, әсіресе маржанды шапанның атағы тұтас Анадолияға жайылып, одан Ысмайыл шахтың еліне де жеткен еді. Ысмайыл шах «қызғылт маржанды шапанды» тек ертегілерден ғана оқыған еді. Өзі әлі көрмеген затқа ие болған бұл дәулетті елшіге ішінен терең бір өшпенділік оянды. Тағының алдындағы жібек матадан жасалынған көрпешелерді, жібек жайнамаздарды алдыртып тастады, келген адам тұрып тұратындай отыруға ештеңе қалдырмай, жан-жағын жылан жалағандай етті. Ондағы ойы елшінің шахтың алдында тікесінен тік тұрып құрмет көрсетуін қалағаны еді және “бұл құрметсіздікке қалай жауап береді екен” деген жымсықы ойы да жатқан еді.

Ұзын мұртты, ірі денелі, өр тұлғалы, жүзі жылы Мұқсын Шалабей Беязит падишаның алдына келгенде иілмей, бүгілмей, еркін тұр. Құлдарының барлығы етегін сүюіне, иілуіне үйреніп қалған Беязит падиша оның бір сәт келіп, аяғына иілуін күтті. Падиша айтатын сөз таба алмады. Мұндай кеудесі өр, еркін, басын жоғары ұстайтын адамды өмірінде алғаш көріп тұр. Уәзірлерінің өзі оның алдына келгенде екі бүктеліп иіліп тұратын. Падиша қолдарындағы ширатылған қағаздарға қарап отырып, ішінен: “Қандай адам? Жынды емес пе өзі?” деп ойлады. Бірақ Мұқсын Шалабей сыпайы, өте ақылды адам еді. Дәулетті, үлкен шаруашылығы бар, адал өмір сүріп, ешкімге қиянат жасамайтын. Кедей-кепшіктерге қарайласып, үйінен қонақ айырылмайтын. Өзі діндар, дінді, елді, падишасын шын жүрегімен қастерлейтін, Мемлекеттің қасиеттілігін, киелілігін өте жақсы білетін. Оның өмірдегі басты мақсаты “Тәңірден басқа ешкімге мойынсұнбау, құлға құл болмау еді”. Бүкіл ел оны білімді, кемел адам деп құрметтейтін.

Суреткердің бұл әңгімесін оқи отырып, бүгінгі күнде де арамызда кездесетін таныс та бейтаныс адамдардың іс-әрекетін тануға болады. Әсіресе Беязиттің “...Не үшін мемлекеттің қызметін істеген жоқсыз?” деген сұрағына елші: “Өйткені мен мойнымды имеймін, қолды, етекте сүйе алмаймын. Алайда қазіргі уақытта мемлекетіміздегі жоғары орындарда ылғи да мойындарын иіп, қол, етек, тіпті аяқ сүйіп, сан түрлі жағымпаз қылықтарымен екіжүзділікке, даңғойлыққа бой алдырған адамдар отыр. Олар да кейін айналасына тура өздері сияқтыларды жинайды. Ең жақсы көретіндері де, қорғайтындары да осы оңбаған екіжүзділер, тәрбиесіз даңғойлар, намыссыздар. Батыл, әділ, өзін құрметтейтін, еркін, ар-ұжданының даусына құлақ салатын адам көрді ме бітті, өштесіп оны құлдыратуға тырысады” деп жауап береді. Патшаға Тебризге елші ретінде жіберетін нағыз керек адамы осы еді.

Мұқсын Шалабей әдеттегідей басы тік, кеудесі биік. Ол қойнынан патша жарлығын алып тәу етті де, қырмызы, жасыл, көгілдір – түрлі-түсті киімге бүркеніп, қалқиған қарғадай ебедейсіз отырған Ысмайыл патшаға ұзатты. Келген елші қолын сүйемек түгілі, иіліп-бүгілмеді де.

Ысмайыл патшаның жымсықы іс-әрекетіне қарсы Шалабей жылдам үстіндегі шапанын тақ алдындағы жерге төсеп, өзі үстіне отырды. Сол күйінше шешіле сөйлеп кетті. – Жарлықты жіберуші хан ием – ұлы патша Оғыз Қарахан әулетінен. Дүние жаралғалы бері оның ұрпақтарының ешқайсысы құл болмаған. Олардың барлығы патша, хан болып өмірден өткен. Дүние жаралғалы бері ұрпақтары ел билеген хан елшісі жат жердің патшасы алдында тік тұра алмайды. Әлемде менің патшама тең келетін патша жоқ... Мұқсын Шалабей зор дауыспен, қарапайым түрік тілінде сөйлеп жатқанда патша қызарып, бозарып отырды.

Мұқсын сөзін айтып бітірді де, рұқсат сұрамай орнынан тұрып кетіп қалды. Ысмайыл қанша жылдан бері тірнектеп жинаған абыройын, әншейін бір түріктің алдында шелектеп төкті. Патшаның “шапанын беріп жіберіндер” деп айтуға ғана шамасы жетті. Қызметкерлернің бірі шапанды қолына алып, түрік елшісіне алдына жетіп барды да: – Шапаныңызды ұмыттыңыз, мархаббат, алыңыз, – деді.

– Жоқ! Мен ұмытпадым, оны сіздерге қалдырамын, сарайларыңызда ұлы патшаның елшісін құрметпен қабылдауға не кілем, не төсек жоқ екен. Оның үстіне түрік жерге төсеген киімін қайтып үстіне ілмейді. Содан да бейхабарсызбысыз, – деді.

Елшілік міндетін зор абыроймен ойдағыдай атқарып келді. Бірақ бір кездері байлығы асып-тасқан Мұқсын Шалабей қарыздарын төлегенімен, жерінен, үйінен, бар байлығынан айырылып қалды. Иранға барып келген аты мен қымбат тастармен безендірілген ер-тұрманын сатып, Қазғұнжұқтан ұлтарактай жер сатып алып, егіншілікпен айналысып, қоңыр тұрмыс кешті. Адамдар кейін: “Бейшара өмірінің ақырына дейін Ускуодардағы базарда жеміс-жидек сатумен күн көрді,

тағдыр қасіретін тартқанымен ешкімнің алдында басын имей өтті” деп айтып жүрді. Адамдар оның бар байлығын ел-жұрты үшін бір сәтте құрбан еткенін түсінбеді де.

Қорытынды. Рухтың мықтылығы ғана адамдарды ертеңгі күнге, үлкен жеңістерге жетелейді. Бүгінгі тәуелсіз түрік елінің іргесінің мықты, айбынды болуы осындай елін шексіз сүйген ұландарының арқасында болса керек. О.Сейфеддин шағын прозасында ел бірлігі үшін отқа түсіп, өз өмірін ұлт мүддесінен артық қойған жандардың қаһармандық әрекетін дәріптеу, насихаттау арқылы автор кейінгі жас ұрпақты елжандылыққа, адалдыққа, батырлыққа тәрбиелейді. Жазушының әңгімелері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Қалемгер өзінің әдеби естеліктерінің бірінде былай дейді: “Әдебиетке тек өнер деп қарауға мен мүлдем қосылмаймын. Жазушының міндеті – адамның жүрегінде жауыздыққа деген жиіркеніш сезімін ояту, оны түрлі жаман әдеттерден сақтау”, - дейді. О.Сейфеддин әңгімелерінің құндылығы да, оқырманы көп қаламгерлер қатарына жатуының себебі де осында болса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сейфеддин О. Құн. Қызылт маржанды шапан. Ант. Тұтқын. Басын бермеген шейіт // Әлем әдебиеті. 2012. №5. 82-109 бб.
- 2 Сейфеддин О. Қызғаныш // Әлем әдебиеті. 2011. №3. 87-92 бб.
- 3 Д. Көптілеуова. Әлем әдебиеті. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 340.
- 4 Ж.Ә.Әбілдаев. Танзимат кезеңіндегі түрік әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 182 б.
- 5 М.Бейсенова. Түркі халықтары әдебиеті. Оқулық хрестоматия. – Шымкент, 2006, - 344 б.

МРНТИ 17.82.31

Кенжебаева Ж.,¹ Қойшыбаева М.²

¹ *Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Атырау, Қазақстан*

² *Халықаралық бизнес университеті,
Алматы, Қазақстан*

ДАРЫНДЫ ЖАН АЗАБЫ

Аннотация

Мақалада қазақтың көрнекті жазушысы А.Кекілбаевтың әйгілі шығармаларының бірі –терең психологиялық және философиялық астары бар “Шыңырау” хикаясы қарастырылған. Шығарманың тереңдігі мен маңыздылығын әр түрлі өнер өкілдерінің: театр режиссерлерінің, кинематографистердің осы оқиғаға ерекше қызығушылық білдіруінен байқауға болады.

Жұмыстың мақсаты Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінің бас кейіпкерінің бейнесін талдау болып табылады. Шыңырау – бұл метафора: құдықты тереңдетіп үңгіген сайын кейіпкер өз жанының тұңғыық бейсаналы қабаттарына сүңги береді, өмірдің мәні туралы толғанады. Бірақ оның толқыныстары ниетін түзеп, жанын тазарта қоймайды, өйткені жанының тереңінде Еңсеп қызғаныш, тәккапарлық, даңққұмарлық, астамшылық сияқты жойқын сезімдерді тапты.

Талдау барысында бас кейіпкер тұлғасының күрделілігі, шым-шытырық адам өмірінің диалектикасын көрсете білген жазушының шеберлігі атап өтіледі.

Мақалада Еңсеп бейнесін талдау арқылы адамға табиғат сыйлаған дарындылық жоғары рухани құндылықтарға, халыққа қызмет етуге, шығармашылыққа бағытталуы тиіс деген ой айтылады. Әйтпесе адамның өмірі мән-мағынасыз, баянсыз болып, дарын сынаққа айналуы мүмкін.

Түйін сөздер: дарын, қызғаныш, адамгершілік таңдау, өмірдің мәні

Kenzhebayeva Zh.,¹ Koishibayeva M.²

¹ *Kh.Dosmukhamedov Atyrau State University,
Atyrau, Kazakhstan*

² *University of International business,
Almaty, Kazakhstan*

TRAGEDY OF A TALENT

Abstract

The article explores one of the most famous works of outstanding Kazakh writer A.Kekilbayev - the story "Well" - which combines in-depth psychological analysis and philosophical thinking of human being. The representatives of different types of art like theatre and cinema, appealed to this story, stress the depth and importance of this work.

The aim of the work is to analyze the image of the main character of the story Ensep, who is the well digger. The well is a metaphor: digging the land in the depth is immersion in the hidden corners of the soul, understanding of his own essence. However, this reflection did not lead him to moral cleansing, as he discovered destructive chases of envy, greed, vanity and pride.

It is noted that readers' perception of the main character, as well as the artistic skill of the writer, who recreated the complex dialectic of life, is ambiguous.

It is stated, on the example of complex Ensep 's image, that the talent given to man by the nature should be directed to higher values, service to people, creativity. Otherwise, human life is meaningless, and talent – is not a reward, but a great ordeal.

Keywords: talent, envy, moral choice, the meaning of life

Кенжебаева Ж.,¹ Койшибаева М.²

¹ *Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова,
Атырау, Казахстан*

² *Университет международного бизнеса,
Алматы, Казахстан*

ТАЛАНТ КАК НРАВСТВЕННОЕ ИСПЫТАНИЕ

Аннотация

В статье исследуется одно из самых известных произведений выдающегося казахского писателя А.Кекильбаева – повесть “Колодец”, в которой углубленный психологический анализ сочетается с философским осмыслением человеческого бытия. Глубина и значимость произведения подчеркиваются обращением к данной повести представителей разных видов искусства: театра, кинематографии.

Целью работы является анализ образа главного героя повести – колодцекопателя Енсепа. Колодец – это метафора: погружение в глубь земли при копании колодца – это погружение в потаенные уголки души, постижение собственной сущности. Но эта рефлексия не привела его к нравственному очищению, так как он обнаружил в глубинах своей души разрушительные чувства зависти, алчности, тщеславия и гордыни.

Отмечается неоднозначность читательского восприятия образа главного героя, а также художественное мастерство писателя, воссоздавшего сложную диалектику жизни.

На примере сложного, неоднозначного образа Енсепа утверждается мысль о том, что дарованный человеку природой талант должен быть направлен на высшие ценности, служение народу, творчество. Иначе жизнь человека может быть лишённой смысла, а талант – не наградой, а большим испытанием.

Ключевые слова: талант, ревность, нравственный выбор, смысл жизни

Кіріспе. Әбіш Кекілбаев – көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болған Қазақстанның көрнекті қоғам және саяси қайраткері. Әдебиет сүйер қауым үшін бұл аса дарынды және жаңашыл жазушы тұлғасының көп қырларының бірі болып табылады. Әртүрлі ресми мемлекеттік марапаттарының арасында қаламгердің "Қазақстанның халық жазушысы" деген құрметті атағы бар. Шынымен де, Әбіш Кекілбаев өзінің көркем шығармашылығының арқасында бүкіл қазақ халқының сүйіспеншілігіне ие болды. Оның әлемнің құпия сырларын терең бейнелеген шығармалары тұтас бір ұрпақты, тіпті бірнеше ұрпақты тәрбиеледі деуге болады. Сондай-ақ болашақ оқырмандардың көпшілігі қоғамдағы өткір мәселелер мен өз өмірінің өзекті проблемаларына жауап іздеуде оның шығармашылық мұрасына қайта-қайта жүгінетіні ешбір күмән туғызбайды.

Әбіш Кекілбаевтың шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Аса құнды туындылары жан-жақты талданып, әдеби сыншылардың лайықты бағасын алған [1; 2; 3].

Ә. Кекілбаев туындыларының ішіндегі ең танымалы – “Шыңырау” повесі – тақырыбының өзектілігімен, жарқын образдарымен, философиялық ой-өрісімен ерекшеленетін терең мазмұнды шығарма. Оны философиялық тәмсіл деп те атайды. Хикаятта бақталастық, тәкаппарлық, қызғаныш, махаббат, достық, өз арманынан бас тарту сияқты маңызды мәселелер көтерілген.

Қазақтың біртуар ақыны Тұманбай Молдағалиев Ә. Кекілбаевтың адамның жан дүниесін талдау шеберлігіне мынадай жоғары баға берген: “Әбіш ағаның әлемі де ерекше әлем болды. “Шыңыраудың” әр сөйлемі қымбат. Адам жанының діріл-қозғалысын, адам қиялын, адамның қасиетті ойын мұншалық жеткізу үшін тек қана ұлы жүрек, ұлы суреткерлік керек-ау деп ойладым. Ойладым да қанаттандым. Қазақ әдебиетін мына Әбіш Кекілбаев қандай шыңдарға көтерген деген іргелі ойдың, тәтті қиялдың ішіне кіріп жөнелдім...Иә, бір ғана “Шыңырау” повесімен “Әбіш - классик, Әбіш – ұлы” [4,41].

Әдістер

Басты кейіпкер бейнесін талдауда сипаттау, салыстыру, гипотетикалық-дедуктивті талдау сияқты әдістер қолданылады.

Нәтижелер. Көлемі жағынан шағын ғана осы бір хикаят өнердің әр түрлі салаларында үлкен сұранысқа ие болды. 2018 жылы осы хикаяттың желісімен “Қазақфильмде” режиссер Жәнібек Жетіруов қазақ тілінде “Шыңырау” фильмін түсірді. Бұл фильм 2019 жылы Ирандағы "Фаджр" халықаралық кинофестиваліне қатысты, Бангладештегі XVII халықаралық кинофестивалде “Үздік операторлық жұмыс” жүлдесімен марапатталды [5]. Ақтау қаласындағы Нұрмұхан Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық-драма театры сахнасында Саха Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, “Алтын маска” театр сыйлығының лауреаты, режиссер Сергей Потапов осыған аттас спектакль қойды, кейін осы сахналық туындымен театр көптеген жерлерде табысты гастрольдік сапарларда болып, аталмыш шығарма көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Спектакль тек қазақстандық сахнада ғана емес, сонымен қатар елімізден тыс жерлерде де қойылды, толы зал көрермендерді тарта білді, салмақты пікірлерге ие болды [6].

Повестегі басты кейіпкер Еңсепті бейнелей отырып, автор күрделі, ішкі қарама-қайшылыққа толы образды сомдаған. Бір жағынан, ол қарапайым, сауатсыз, қара күш иесі, өте ауыр, жауапты әрі қауіпті дене еңбегімен айналысады. Былай қарағанда, мұндай типтен белгілі тұтастық пен қарапайымдылықты болжауға болар еді. Алайда кейіпкер үнемі ой-толғаныс үстінде, оның жан дүниесі – толған дамылсыз ішкі арпалыс. Бұл күресті ол бейсаналы түрде жан тыныштығына табу үшін жүргізеді, бірақ мазалаған сұрақтарына жауап табылмағандықтан, оның ішкі күйзелісі күшейе түседі.

Мен кімін? Бұл дүниеге не үшін келдім? – кейіпкер осындай мәңгілік сұрақтар айналасында ой өрбітеді, сөйтіп, әр түрлі дәуірлер мен халықтардың ұлы жазушылары талай рет ұлттық белгілері бар өздері жасаған кейіпкерлердің образдарымен шешуге тырысқан осы мәселелердің маңыздылығын, өшпес өзектілігін дәлелдейді.

Хикаят кейіпкері оқырмандарда екіжақты пікір туғызады. Бір жағынан, ол өте тартымды болса, екінші жағынан, ол соншалықты жағымсыз болып көрінуі мүмкін. Біз мұны өмірдің күрделі диалектикасын көрсете білген жазушының шеберлігі деп білеміз: автор кейіпкерді біржақты мадақтауға немесе айыптауға жол бермей, моральдық императивтерге жүгіне отырып, белгілі бір тепе-теңдікті сақтаған.

Бас кейіпкердің (сонымен бірге оқырманның да) рухани ізденісінің нәтижесінде адам бүкіл санасын билейтін түрлі амбициялардың босқа әурешілдік екенін, олардың еш уақытта бақыт әкелмейтінін түсінуі қажет.

Талқылау. Бұл сұраныс қайдан пайда болды? Қазақтың тарихи прозалық шығармасының кейіпкері Еңсептің бастан кешкен өмір өткелдері біздің замандастарымыздың жүрегіне қалай жол тапты? Ойдан шығарылған хикаят кейіпкерінің ішкі толқуларының ХХІ ғасырдың шынайы адамдарының ой- сезімдерімен үндестігі неде? Еңсептің ауыр да қиын ой толқыныстарымен таныса келе, кім өзін, өзінің ой-пікірлерін, дүниетанымын біле алады? Маңдайы кере қарыс интеллигенттер ма? Заманы өтіп бара жатқан сұлу арулар ма? Мақсаты асқақ жас спортшылар ма? Кезінде өз кәсіптерінде, ісінде табысты болған және сол уақыттың өтіп бара жатқанын қатты сезінетін кез келген адам ба?

Құдық өз шыңырауында тіршілік көзі ылғалды қалай сақтаса, сол сияқты кейіпкер де өз өмірінің ең жақсы сәттері туралы естеліктерін жанының тереңінде сақтайды, өйткені бұл оның ауыр кезеңдерде аман қалуына көмектеседі: “Әсіресе әлденеге алаң боп, жүрегі ойнақшыған сәттерде өткен-кеткен жадына оралғанда, шиыршық атып шамырыққан жүйкесі бір түрлі өз-өзінен жұмсарып сала беретіндей көрінеді” [7,337].

Өткен өмірін ой елегінен өткізу оны философқа айналдырды.

Байлық, талант – адамға Жаратқаннан оның жасаған қайырымды ісі үшін берілетін игілік немесе сыйлық қана емес, сонымен қатар ол – белгілі бір сынақ. Құдықшының айырықша дарыныоған қандай сый әзірледі, ақыр соңында оны қайда әкелді?

Қазақтаның шыңырау "терең, түпсіз құдық" деген мағынаны білдіреді. Сөздің коннотативті мағыналарына үңілер болсақ, олар бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Лексеманың семантикалық құрылымындағы құдық “таза”, “өмірдің қайнар көзі” мағынасын берсе, “терең, түпсіз” лексемалары “аса қауіпті”, “өте қорқынышты бірдеңе” және т. б. с.с. мағыналарды береді.

Хикаятта Еңсеп құдығын қазған сайын жерге қаншалықты терең бойласа, сонымен бірге өз ойына да соншалықты тереңірек сүңгі түседі. Өйткені құдық түбінің тереңдігі – бұл адамның өз құпия ниеттерін бейсанаға ығыстырып шығаратын тұңғыш дүние.

Басты кейіпкер қандай сезімдер туғызады, оның іс-әрекетін қалай бағалауға болады? Шын жүректен жанашырлықпен қарасақ болады, өйткені әрқайсымызға өмірдің әділетсіздігі, жүзеге аспайтын биік ұмтылыстарымыздың сенімсіздігі, тағдыр пешенеңе жазғандай белгілі бір уақытта, белгілі бір жерде дүниеге келіп-кететіні туралы, өз арманыңнан бас тартып, тағдырға мойынсұнуға тура келетіні туралы ойлар талай келетіні рас. “ (...) Сонда өмір сүру деген енесіне жамырап кетпесін деп, күні бойы темір қазықты шырқ айналып шыға алмайтын арқандаулы қараша ботадай не қорлықты көрсең де, не сұмдықты бастан кешсең де, жан-жүйенді жадыратқан тәтті қиял, аңсар арманның бәрінен адыра қалып, маңдайыңды тауға ұрып, тасқа соқсаң да өзінің тіленіп келмеген, келгесін еш тілегінді қабыл қылмайтын кер тағдырдың тастақ тар қойнауына қызыл өңешіңнен қылғына байлану ма?..” [7,348]

Немесе: “өзіне сол керек, пендешілік етіп, жаман сезімнің еркіне берілмеуі керек еді, әлемдегі барлық нәрсенің даму, өсу, шарықтау шағы бар, бірақ бәрі де бір кездері, сөзсіз, құлдырайтынын дұрыс деп қабылдау керек еді, өйткені әлемдегі бүкіл тірі табиғаттың жаратылысы осындай”, - деп те шешуге болады. “Байсал бөліп берген байлыққа масаттанбау керек еді, қызғаныштың күші мен қорланған намысыңның жетегінде кетпеуің керек еді” деп: “Шыңырау ойындағыдай боп шықса, той үстінде Байсал байдың өзіне айтпақ. Онда Еңсептің еңсесін ешкім түсіре алмайды!” [7: 362]; “Біраздан бері жұртқа есесі кетіп, көңілін ыза жайлаған Еңсеп дегеніме жеттім бе дегендей екілене ұрғылайды” [7,366].

Кейіпкерге, әрине, жаның ашиды. Ол өзінің күш-қайратымен, еңбек сүйгіштігімен, табандылығымен, өзіне жәрдемдескен адамдар туралы жағымды естеліктерімен, өзінің қиын да қауіпті жұмысын терең білуімен бізді тәнті етеді: “Еңсеп емен күбіні бір өзі тартып шығара алған күні төбесі көкке жетті.. (...) Екі қары талып, бұлшық еті созылған сайын кеше көзіне жас келсе, бүгін көңіліне жел бітетін болыпты ...” [7,350]; “Қанша шаршап-шалдығып, қанша кісіден көңілі қалып, беті қайтса да сол бір жылы қабақ, жұмсақ алақанды ұмыта алмайды” [7,341].

Өзіміздің ішкі монологтарымызда біз оны ақтап алуға тырысамыз: тағдыр талант сыйлаған кез келген шығармашыл адам өзінің әрбір жаңа туындысында неге өз-өзінен, сондай-ақ өнер саласындағы әріптесі мен бауырластарынан асып түсуге тырыспасақ? Тіпті қарапайым кез келген пенденің өзі жер бетінде өзінің соңында із қалдыруды армандамай ма?

Еңсеп Пушкиннің Сальериі емес, ол Қалпаққа жамандық тілемейді. Ол халық қолпаштауына масаттанып, пендешілікке салынып, атын одан әрі асырмақ болып, бұрын-соңды болмаған шыңырауды қазуға кіріседі, сөйтіп барлық нәрсені ұмытады, бірақ ол қандай да бір арам амалдарды

пайдаланбайды, ол өз еңбегіне сүйеніп, өнеріне үміт артты, ауыр еңбегінің нәтижесінде олезінің атын шығарумен қатар, сөзсіз, халыққа да пайдасын тигізеді еді: “Темір сүймен тақтай тасты тағы да төбелей жөнелді. Еңсептің өне бойын қара тер жуды. Көзіне құйылған ащы терді білегімен жасқауға да мұршасы болмай, үсті-үстіне ұра берді...” [7,366]

Сонымен Еңсеп осы “бірін-бірі жақсы мен жаманға бөліп, жағаластырып қойған мына дүниеде” [7,356] тірлігін сақтап қалуға ұмтылғаны үшін кінәлі ме? Ал оның еңбегі ауыр ғана емес, шын мәнінде, аса қауіпті: “Көзін құдықта ашса да, жер астына әр түскен сайын бір жас қартайғандай болады. Аяғының астында, сонау көзге түртсе көрінбес қара түнекте, ол өмірі көрмеген бір дүлей аранын ашып, тісін сақ-сақ қайрап тұрғандай ту сыртына мұздай тер шығады” [7,335]; “жер астына кісі бойы түсуі-ақ мұң, қалың күдік қайтадан қамап алады. Енді сол күдігі жер астына бір елі тереңдеген сайын өсе береді. Екі шұқып, бір қараған мимырт жұмыс қандай жүйкені де жүнжітіп, қандай жүректі де қаралай күпті қылып бітетін болса керек. Маңынан тірі жанның не көзін көрмей, не сөзін естімей, бір өзі тырбандай беретін жалғыздық пен ештеңені анық көре алмай пұшайман болатын су қараңғылық жігерін ұстарамен қырнағандай, күн санап титықтата түсетін түрі бар” [2,355]; “Сондай кем тағат, кем қанағат жанды жарық дүниеге жаратылған жұмыр басты пенденің қай-қайсысы да, аяғының астынан шаянша шағып жатқан сыз топырақ та жеті қат жердің астына, меңіреу тұңғыыққа күн сайын тірілей түсіріп қойған соң не жорық!” [7,354].

Бірақ қаншама жанашырлықпен қарасақ та, біз өзіміздің ішкі толғаныстарымызда қайғылы финалдың кейбір заңдылықтарын түсінеміз, бұл жолы оны жердің ашкөз шыңырауына қандай ерекше күш итермелегенін кейіпкердің өзі де түсінеді: “Қалпақ қазғанды” барып көргелі бір бүйіріне шаншу боп қадалған, кейбір ұйқысыз түндерде өкпесін сығып, ара-тұра ақылынан тандырып кете жаздап, талма аурудай жабысып алған сол бір беймәлім дерттің атын атауға әлі күнге аузы бармайды. Күніне әлденеше рет тіршіліктің талай-талай жым-жымын шарлап қайтатын қаңғыма ойы сол жанын жегі құрттай жеп жатқан дерттің түрін түстеп, атын атауға келгенде тайқып шыға келеді. Не де болса сол жегі мұның жігері тұралап қалған тұғыр болмақ түгілі орға құлап, мертіккен асқақ есек болса да, сауырына темірдей қадалып, шаптырмай қояр түрі жоқ” [7,362].

Еңсепжастайынан өзінің маңдайына жазылған болмысын түсіне білді және оны қуанышпен қабылдады: “Жылмағай дөңдегі ұры тепсең талай санаға мықтап орнап, талай көзге жер түбінен мен мұңдалап тұратын нысанаға айналады. Белгі бедері аз тұлдыр қоңыр дөңде жан-жақтан соған шұбырған тарам-тарам сүрлеу-соқпақ түсті. Ала қырдан бір ұрттам су тата алмай аласұрып, әбден қаталаған тіршілік иелері көзі қарауытып, миы зеңіп келіп бас қоятын сұлама дөңде жаңғыз бұлтиған осы бір әйкелді құдық ажал аузында сұлқ жатқан шала-жансар дененің төсіндегі әлі суала қоймаған сыңар емшек сияқты. Еңсептің қуанышы қойнына сыймай жүр. Ертелі-кеш құдық басынан шықпайды” [7,351]. Қажырлы еңбегі мен тағдырдың берген өнерінің арқасында Еңсеп біртіндеп шөл аймақтың теңдессіз құдықшысы атанды. Бірақ «Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығады» демекші, ауылда тағы бір әлеуеті жоғары құдықшы шыққан кезде Еңсептің бағы таяды. Ол жұмыссыз қалады. Ал отбасын асырап отырған ер адам үшін кәсібінен қол үзу өліммен тең емес пе? Сондықтан ол тәуекелге бел байлап, абырой-атағын қайтару үшін, елде жоқ құдық қазбақшы болады. Шарасыздыққа бой бермей, не де болса, алға ұмтылады, күреседі, бірақ мақсатына жеткен кезде, құрбан болады. Дарынды өнер иесінің осындай қайғылы тағдыры, әрине, оқырманның ащы аяныш сезімін туғызады.

Иә, кейіпкер кінәлі шығар. Ол талант пен байлықтың сынағына төтеп бере алмады: “Еңсеп енді кез келген қолқашыға қолқ ете қалуды қойды. Алдына келген кісінің шапанына, ер-тұрманына, дәулетіне қарайтынды шығарды” [7,356]; “Әр құдық біткен сайын құдық ақы малдың саны өсе түсті” [7,356]; “Түрүлі іргеден Қалпақтың аулына қанша атты өткенін санап, олардың қай-қай ауылдың адамдары екендерін аңдидыңды шығарды” [7, 357].

Алайда, ол тек шатасып түскен қызғаныш өрмегінде оралып қана жатпайды, өзінде бұрын-соңды болмаған сезімге бөлене отырып, өмір туралы ауыр да азапты ойларға беріледі, оның ішкі жан дүниесінде үлкен бір маңызды жұмыс жүріп жатады. Біздің кейіпкеріміз бақыттың не екендігі жайлы жиі ойлана бастайды: “Адам асылы, өмір бойы көңіл деген көтерем тұғырды бас-көзге төтеп бақыт қуған сайын, одан солғұрлым алшақтай түсетін сияқты; бақыт қуған адамның тапқан бақытынан жоғалтқан бақыты көп болса керек. Бақыт... Адам байғұстың қиялы жеткен жердегі жақсы мен тәттіні бір бойына сыйғызған осы бір сөз қашан кісінің көңіліне шемен боп байланған сәтінен бастап, бастапқы мән-мағынасының бәрінен түгел айрылып, онсыз да кем қанағат, онсыз да өлермен пендені онан сайын жан алқымға түсіретін қайыс қамшыға айналатын көрінеді. Ондай қайыс қамшының

саныннан қан саулатып сабылтып жеткізетін жері - бақ шығар, дәулет шығар, даңқ шығар, әйтеуір, бақыт емес” [7, 342-343].

Оның жан дүниесін ашы ойлар осқылайды: “Айна таз ала қырдан талай су шығарған Дәржан ағасы “пәленше қаздырған”, “түгенше қаздырған” деп талай байдың атын шығарды да, өзі ақыры апанның астында қалып өлді. Атан түйені алып ұрардай қайратынан ат жалынан тартып мінгелі өле-өлгенше тырбынып өткен еңбегінен, кензесі кепкен талайды суға қандырып алған алғысынан не көрді? Қара дөңнің басындағы қалың қауымның шет жағасындағы қызыл төмпек көнереді, қасына басқа төмпектер қосылады. Сосын жел типылдап, қазып тастаған көне шұңқырдың астында кім жатқанын кім біледі? Сонда Дәржан өмір бақи қара жерді үнгіп өткенде не көрді?” [7,359].

Ауыр да азапты ойларға дұрыс жауап таба алмай, оның жаны аласұрады: “Осы бір зұлматтың сұр жебесіндей оқыс сауал Еңсеп алғаш рет індігештің түбіне түсіп, топырақ аршып, мамықтай майса алақаны күлбіреп ісіп, тыз-тыз ашытып, күрек ұстатпай тұңғыш рет түңіліп, күрсіне күйзелген күні ойына оралған да, балғын көкіректің барша балаусасын жапыра жайпап, жермен-жексен қып кеткенді” [7,349]. Алайда, жауап жоқ, дұрысын айтқанда, ол оны таба алмай сенделуде: “Бала Еңсептің басын қатырған шытырман сауалға әлі жауап тапқан жоқ. (...) Не де болса, осы бір сұрақты түбегейлі толғап, түбіне жетуге әлі күнге мұршасы болмай келеді...” [7,349].

Ал, мүмкін, егер ол жер бетіндегі арнайы мақсаты – адамдарға игілік әкелу екенін түсініп, халық оның өнеріне күмән келтірмей, үнемі дұрыс бағасын беріп отырса, сөйтіп, оның жан дүниесіндегі қараңғылық сейілсе, жұмысының қорытындысы басқаша болар ма еді; сондай-ақ күмән мен қорқыныштароны азапқа салмай, өзінің артықшылығын айқындау үшін, олкөзсіз қызғанышжетегіне ермесе, өзінің шеберлігін саналы түрде сезініп, өзін қорлаған Байсал байдың өзімшілдігін қостамай, ауылдастарының қамын ғана ойлар ма еді?..

Егер осы рухани тазару жүзеге асқанда, мүмкін, ол өзі де сақ және абай болар еді, ал тағдыр оған мейірімді болар еді. Және, шын мәнінде, оның аты ен далаға жайылар еді, сондай-ақ риза болған халық оның қазған шыңырауын таулы үстірттегі ең терең, суы мол құдық деп атар еді. Алайда, кейіпкердің маңдайына бұндай адами қайта тууды жазбапты, тағдырдың тәлкегімен сол құдықты “Еңсеп қазған” деп емес, “Еңсеп өлген” деп атайды [7,367]. Халыққа қызмет ету мен жеке басының мұқтаждығы мен асқақ арманын қанағаттандыруды қалаған ерекше дарын иесі шебердің қасіреті осындай.

Бұл хикаятты оқи отырып, біз тек авторлық ойдың дамуын ғана қадағаламаймыз. Еңсепті ауыр ойға салған осы бір сұрақтарды біз өзімізге де қоямыз. Және оған өз пайымымызша жауап береміз.

Хикаятты оқу барысында бұдан басқа да көптеген нәрселерді ой елегінен өткіземіз. Мысалы, егер Қалпақ басқа әлемнен келуші болмай, Еңсептің сүйікті шәкірті болса ше? Онда ол осындай сезімді басынан кешірер ме еді? Ал кейіпкер өлмесе ше? Ол өз шеберлігінің шыңына жетіп, бақытты болар ма еді?

Адами таңдау мәселесі Еңсептің алдында ғана тұрған жоқ. Барлық ғұмырын осы ауыр өнерге арнаған ағасы Дәржанның да қазасына сол өнер себепкер болды. Азап пен бейнетке толы ғұмыр кешсе де, оның жүрегі тастай болып қатқан жоқ, соңында кіп-кішкентай балалары қалған бауырының отбасын өз қамқорлығына алды, тіпті Еңсепке жаны ашығандықтан, оны біраз уақытқа дейін ауыр жұмыстарға жібермеді: “Дәржан үйіне шаршап келсе де, балаларды көргенде екі езуін жия алмай, ырсындап күліп, маз-мейрам боп қалады. Құлжанның суық қабағынан ықтап өскен балалар әуелі Дәржанға да дәттері бармай, жуымай қойды. Бірақ көп ұзамай өне бойы уда-дуда енгезердей үндемес кісінің бет алдының жұмсақтығын іштері сезсе керек, шай ішуге келгенде Еңсептен басқалары бірі тізесіне мініп, бірі мойнына асылып тапалайды да жатады. Қыңқ дейтін Дәржан жоқ, қолындағы шайын үстіне төгіп-шашып, ыржиып отыра береді” [7,341]. Аналық бақытты басынан кешірмеген оның әйелі Ханымның да мейірімі осындай: “Кішкене Теңселге сүт пісірсе қаймақ жалатып, нан илесе шетінен тоқаш ұстатып, әбден асты-үстіне түсіп жүр” [7, 341].

Қорытынды. Ірі сөз шебері, XX ғасырдың аса көрнекті жазушысы Ә.Кекілбаевтың “Шаңырау” повесіндегі образдар қомақты, өміршен, колоритті болып сомдалған. Халық өмірі, жасампаз еңбек, табиғи талант көріністері оқырмандарға барынша толық, әсерлі, нанымды болып жеткізілгендіктен, көп уақытқа дейін иестен шықпайды.

Әр оқырман “Шаңырауды” өзінше оқиды. Әр адам өз өмірі жайлы түрлі ойға беріледі. Өмірдің әр түрлі кезеңдерінде бұл ойлар әрқалай сипат алады, әр алуан сезімдерге бөлейді. Осы ой-толғаулардың қорытындысы да әр түрлі болады – адам жанының жай-күйі, практикалық іс-әрекеті,

мінез-құлқы өзі жайлы не білгендігіне, өмірдің мәні неде деп ұққандығына, болмыстың құпиясын қалай түсінгендігіне байланысты.

Хикаят автордың көзі тірі кезінде-ақ классикалық туынды ретінде танылды, бұдан былай да әр түрлі жастағы ойшыл, өмірдің күрделі сұрақтарына жауап іздеуші, бәрін ой елегінен өткізіп, сараптай білетін оқырмандардың назарын өзіне аударатыны даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сөз-дария. Сөз-ғұмыр. Сөз-құдірет: [Ә. Кекілбаевтың шығармашылығы туралы жинақ]. Алматы: Арыс, 2016. - 176 б. – кітап

2 Джунанышбеков Н.О. Абиш Кекильбаев: очерк о жизни и творчестве. - 2-е изд. – Алматы: Искандер, 2006. - 68 с. - кітап

3 Абдраев Молдахан Кәріпбайұлы. Кестелі сөз кемеңгері: Монография / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 159б. - кітап

4 Т. Молдағалиев. Ерекше өмір. // Жұлдыз, №9. - 1999. - журнал

5 «Шыңырау» фильмі халықаралық фестивальге қатысып жатыр. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/355663-shy-urau-filmi-khaly-araly-festivalge-atysyp-zhatyr> - интернет-дереккөздері

6 Маңғыстау театры халықаралық фестивальде дипломмен марапатталды https://zhanturin.kz/kz/novosti/smi_o_nas?title=mangyistau_teatryi_halyikaralyik_festivalde_diplommen_marattaldy_381 - интернет-дерек көздері

7 Ә. Кекілбаев «Шыңырау» // Роман және повестер. – Алма-Ата: Жазушы, 1982. – 331 – 367бб.

GTAMP 15.03.20

Саламатова Р.

*Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз, Қазақстан*

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАП-ТАНУДЫҢ АКТУАЛЬДЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аңдатпа

Қазақ халқының бас ақыны – Абайдың шығармашылық мұрасын талдап-танудың ғылыми-методологиялық проблемалары қарастырылады. Өнерпаздың поэтикалық шеберлік қырлары мүмкіндігінше жан-жақты айқындалып көрсетіледі. Абайдың ұлттық сөз өнерін дамытудағы үлесіне байланысты ғылыми негізді тұжырымдар жасалынады. Ұлттық сөз өнерінің интеллектуалдық сапада өркендеуіндегі Абайдың ғылыми мазмұндағы ой жүйелері нақты дәлелдер желісімен айқындалады. Ақын өлеңдерінің ішкі мазмұнын ашып көрсетуде герменевтикалық талдау әдісі қолданылған. «Толық Адам» атты жаңа форматты формуланың моделін жасап қалыптастырушы ойшыл-реформатор ретіндегі Абайдың жаңашылдығы туралы айтылады.

Түйін сөздер: ойшыл-ақын, толық адам, ұлт, әдебиет, қалыптасу, құндылық, өзекті ой, дүниетаным, руханият, сөз өнері, ақын, өнер, деңгей, мәселе, әдеби талдау, абайтану

Salamatova R.

*Taraz State University,
Taraz, Kazakstan*

ANALYSIS OF ABAI'S WORKS – CURRENT ISSUES IN THE PROBLEM OF RECOGNITION

Abstract

Scientific and methodological problems of analysis and recognition of the creative heritage of the main poet of the Kazakh people – Abai are considered. The poetic aspects of the artist are as comprehensive as possible. Emphasis was placed on Abai's contribution to the development of the national art of speech, and

conclusion were made. Abai's systems of scientific content in the intellectual development of the national art of speech are determined by a clear line of evidence. In order to reveal the inner contents of the poets poems, the method of hermeneutic analysis was used. It tells about the novelty of Abai as a thinker – reformer who created a model of a new format formula “ Full Person”.

Keywords: Artist, thinker-poet, full person, nation, literature, formation, values, topical thought, worldview ,spirituality, art of speech, poet, art, level, problem, analysis, methodology, abaytany

Саламатова Р.

*Таразского государственного педагогического университета,
г.Тараз, Казахстан*

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ АНАЛИЗА ПРОИЗВЕДЕНИЯ АБАЯ

Аннотация

Присматриваются научно-методологические проблемы когнитивного анализа произведений легендарного поэта казахского народа – Абая. По мере возможности показаны аспекты его поэтического мастерства. Сделаны научные выводы, придавая большое значение на его вклад в развитие национального искусство слов. Научные системы мыслей Абая в развитии искусства слов в интеллектуальном качестве определяются конкретными доказательствами. С целью показать внутренний смысл стихотворений поэта приведены примеры метода герменевтического разбора. Говорится о новаторстве Абая как мыслитель-реформатор который создал модель «Толык Адам» в новом формате.

Ключевые слова: мыслитель-реформатор, усовершенствованный человек, национальные ценности, формирование, актуальные проблемы, креативность. искусство слова, интеллектуальный уровень, проблемы, поэтический разбор, абаеведие

Кіріспе. Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымындағы өрісті салалардың қатарына жатады. Ақындық мұраның ресми түрде жариялану тарихы 1889 жылғы «Дала уәлаяты» газетінің бетіне шыққан «Жаз» және «Болыс болдым мінеки» дейтін екі шығармадан бастау алады. Сол тұстағы газет редакциясының тарапынан бірталай өзгертулерге ұшыраған бұл өлеңдер ұлы ақынның өнердегі төл шәкірті Көкбайдың атынан берілгенді мәлім. Бірақ өлеңнің шын авторының Абай екендігін көзі қарақты оқырмандар бірден аңғарды. Сөйтіп газеттің келесі номеріндегі Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Өлең Ибраһим мырзаныкі» [1.12] деген пікірі елге таралып кетті.

Абай өнерпаздығына қатысты осы қысқаша ғана хабарлама-пікір абайтанудың дербес ғылым саласы ретінде қалыптасуындағы тұңғыш түпқазыққа айналды. Содан бері қарата үздіксіз даму беталысындағы абайтанудың жалпы тарихы бүгінгі таңда жүз отыз жылдың аумағын қамтиды екен. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінен бастап, биографиясы, өмір сүрген заманы, дүниетанымы, рухани-шығармашылық байланыстары, ғылыми көзқарастары, ойшылдық дарыны, қоғамдық қызметтері, қоршаған ортасы т.б да сан тарау тақырыптарда жазылған ғылыми еңбектер мен жүргізіліп келе жатқан ғылыми зерттеулер аз ғылыми нәтиже әкелген жоқ.

Абайтану саласындағы айтулы табыстардың қатарында М.Әуезовтің бағдарлы идеяларының бағамымен зерттеу жүргізген М.Мырзахметұлының еңбегі жаңашыл бетбұрыстарға жол ашты. Абайтанушы-ғалымның отандық ғылым айналымына ендірген жаңалықтарының қатарында әсіресе, бұрын соңды М.Әуезов тарапынан қозғау салынғанымен өзіндік деңгейінде ашыла қоймаған «Толық адам» ілімі жүйесінің анықталуының орны бөлек. Осылайша ұлттық руханиятымыздағы «Толық Адам» деп аталатын бірегей ілімнің моделін жасап қалыптастырушы ойшыл-реформатор ретіндегі Абай жаңашылдығы тағы бір қырынан айшықтала түсті. Қазақ халқының руханият қорындағы бұл бірегей ілім жүйесінің тұлға қалыптастыру және тұтас қоғамды ізгілендірудегі маңызы, оның тарихи бастау көздері туралы зерттеулерін дамыта жалғастырумен айналысып келе жатқан ғалымның биылғы жылы «Толық Адам» атты көлемді еңбегі жарыққа шықты. «Қазығұрт» баспасы шығарған 250 беттік бұл кітаптың халыққа таралуы ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына теңдессіз тарту болды. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты Президентіміз Қ.К Тоқаевтың мақаласында салмақты түрде мән берілген бұл «Толық адам» формуласының ұлттық дамуымыздағы стратегиялық маңызы жайында «Бұл тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға

ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп өтті... «Толық адам» концепциясы шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» [2] деген тұжырым жасалынды.

Тәуелсіздік рухында қайта жаңғырған еркін ойлау дәстүрінде дүниеге келген абайтануға байланысты еңбектердің барлығында «Толық адам» ілімімен сабақтастықтағы ой-байламдар басымдық таба бастады. Жалпы бүгінде абайтанудың ғылыми арнасын кеңітіп, тың тақырыптарға қозғау түсірген ғылыми зерттеу нәтижелерінің саны да, сапасы да өткен ғасырға қарағанда айтарлықтай жоғары. Сондай-ақ еліміздің бірнеше жоғары оқу орындарындағы абайтану бағытында арнайы жұмыс атқарып жатқан ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттардың қатарында, әсіресе Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Хакім Абай» және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталықтары да бірталай игі шаруалардың басын қайырып тастады. Абай дүниетанымының терең қатпарларын ашуда профессор М.Мырзахметұлы бастатқан «Хакім Абай» орталығының ұжымы соңғы бір-екі жылдың өзінде біраз еңбектерді жарыққа шығарып, ақындық мұраның насихатталу мүмкіндігін арттыруда өз үлестерін тигізуде. Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті ғалымдарының даярлауымен үстіміздегі жылы абайтанудың он бес томдық жинағы ғылыми айналымның қорын еселей түсті. Семейдегі Абай мұражайы қызметкерлерінің күшімен даярланған «Абай туралы естеліктер» жинағы бұрын көп тарала, таныла қоймаған дерек мағлұматтарымен көп жаңалықтардың бетін ашты. [3]

Абайтану өмірлік тақырыбына айналған Мекемтас Мырзахметұлының өткен жылы шығарған «Абай лұғаты» кітабы шығыстық бағыттағы зерттеулердің даму жалғастығында екендігінен хабар береді. «Толық адам» ілімі түркілік дүниетаным өрісінде қалыптасқан моральдық кодекс, яғни ізгілік дәстүріндегі концептуалдық формула екендігін дәлелдеген тағы бір өте салмақты кітаптың авторы да абайтанушы М.Мырзахметұлы. Аса мол мәліметтер қоры қамтылған бұл кітабында да ғалымның ой қорытулары, талдау-саралаулары, идеялары ғылыми-танымдық сипатымен, аргументтік айқындығымен ерекшеленіп отыр.

Десек те, сол заманның өзінде «Сөз түзелді, тыңдаушы сен түзел» [4] дейтін Абайдың қойған шартына сәйкес «айтушы» және «тыңдаушы» тараптар таным таразысында әлі де өзара теңесе алмай жатқандығы байқалады. Ол ұлы ақын мұрасының насихатталу, талдап түсіндірілу, оқулықтар мен оқу құралдарында берілу жағдайынан анық байқалады. Әдетте ақындық мұра жайындағы түсіндірулер тек сырттай шолу, жалпылама баяндау мазмұнында шектеліп отырады. Мысалы «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба» секілді қалың жұртшылық, әсіресе жас буынға кеңінен танымал өлеңдерінің тақырыбы, мазмұны, идеясы әрқайсысы жеке-жеке талдап тануды қажет ететін күрделі мәселені «ақын бұл шығармаларында білім-ғылымды насихаттаған» деген сияқты жалпылама түсінікпен жылы жауып қойып жүрміз. Ал анығында «қайрат пен ақыл жол табар, қашқанға да қуғанға. Әділет, шафхат кімде бар, Сол жарасар туғанға» деп келетін өлең жолдары мен «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі «Талап, еңбек, (қайрат) терең ой, (ақыл) Қанағат, рахым, (жүрек) ойлап қой» деп келетін «Толық Адам» ілімінің құрылымдық жүйесі жайындағы ой сабақтастығы көрініс тапқан. Бірақ осындағы «тыңдаушы», яғни оқырманның міндеті бұл шығармалардың идеялық мазмұнындағы ерекшеліктерді анықтай білуінде. Өкінішке орай осы қажеттілікке жете көңіл бөлінбей отыр.

Оның бірден бір себебі контекстік талдау әдістеріндегі шорқақтығымызға да байланысты болса керек. Өйткені өрелі сөз маржандарынан түзілген Абайдың әрбір туындысының мазмұны ойлаудың алгоритмдік жүйесі арқылы толық ашылмақ. Сөз саптау шеберлігінде астарлы ой сабақтастығына салмақ түсіріп отыратын Абайдың шығармалары міндетті түрде Шәкәрім сөзімен айтқанда «денедегі бас көзі емес, санадағы ой көзімен қарауды» талап етеді. Сонда ғана жаратылыстың сырын «Дүниенің көрінген, һәм көрінбеген» сипатындағы біртұтастықта зерделей білген ойшыл-ақынның поэтикалық үлгідегі таным-түйдектері ұлттық өлең өнерін интеллектуалдық сапада жаңғыртқан құбылыс екендігіне етене танып біле аламыз.

Күллі әлемдік ілім-білім дарияларынан молынан нәрленген ойшыл-өнерпаздың алып дүниетанымында қорытылып шыққан «Толық Адам» концептуалды идеясы адамзат қоғамындағы актуальдылығы жойылмайтын классикалық мәнге ие. Ұлы Даланың даналық дәстүрі алтын арқау болып өрілген оның рухани мұрасы жалпы қазақтың ұлттық ойлау қалыбының да айнасы болып табылады. Қазіргі кезде хақтану, жантану, жаратылыстың тылсым сырларына бойлау, өмір-тіршілік принциптері мен заңдылықтардың мәні мен мақсатын зерделеу, адамның өзін-өзі тануы, дінтану,

иман биігіне көтерілу, рухани кемелділіктің принциптері мен методологиясы, технологиясы, сопылық дүниетаным философиясы т.б жөніндегі ойшыл-ақын ой-толғамдарының қазақы дүниетаным ыңғайындағы өрнегінің өзіндік сипаты басым екендігіне кеңінен қозғау салынып жүр. Сондықтан да Абай дегенде қазақ, қазақ дегенде Абай есімі бөле жарып қарауға келмейтін біртұтас әлемге айналған. Оның шартарапты масштабтағы ілім-білім қайнарларымен астасып жатқан ойшылдық қуаты ұлттық сөз өнеріміздің интеллектуалды поэзия деңгейінде шарықтауына ықпал еткендігін нақтылайтын ғылыми-зерттеу нәтижелері де заманауи таным түсініктермен үйлесім табуда. Бұл орайда Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың мақаласындағы «Абайды тану - адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [2] деген пікірін келтіре аламыз. Осы аталған ерекшеліктердің барлығы тегіс Абай ақындығының ешкімге ұқсамайтын айрықша бедерімен қоса, әлі де түңлігі түрілмеген тұстарының бар екендігінен хабар береді.

Ұлтының көсегесін көктетуде өнер-білімнің шырағын бағдаршам етуді мұрат тұтқан ұлт перзентінің шығармашылық мұрасының тақырыптық аясында өмірдің сан тарау тармақтары тегіс қамтылған. Жаратылыстың тұңғыққа толы сырлары мен заңдылықтарынан бастап, адам, қоғам, өмір, сезім, тәрбие, тарих, мәдениет, этика, эстетика, әдеп, әдет, экономика, саясат, дін, діл, тіл, руханият, ғылым т.б мәселелер болсын, әйтеуір кез келген шығармасындағы өзекті ойдың желісінде білім мен ақылдың қуат-күші басымдық тауып отырады. «Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі» деп жырлаған ойшылдық таным шеңберінде ақыл қуатына байланысты идеялық басыбайлылық терең сезіледі.

Жалпы тілдік, суреткерлік, ойшылдық тоғысындағы синкреттік өнер түріне жататын өлеңнің табиғатын дәл Абайдай анық та, танық етіп жеткізе білген өнерпаз жоқтың қасы. Өлең өнерінің туындысын «сөздің патшасына» теңеген ақын ол асқақтықтың сырын «сөз сарасы» деп дәйектейді. Тілдік қорымыздағы «сара» сөзі – таңдаулы, іріктелген, айрықша сұрыпталған деген ұғымды беретіндігін ескерсек, өлең атты өнер өрісінің басты құндылығы «терең ойдың телміріп соңына ерген» (Абай) «айтушының» сана биігінде кемелденген «Қуаты оттай бұрқырап, Уәзінге өлшеп тізілген» ой қуатында екендігіне баса мән беріледі. «Қиыннан қиыстырар ер данасының» (Абай) ғана қабілет-қарымына қол келетін өлеңнің бір сипаты «даналық» екендігін ақын осылайша ғылыми тұрғыдан негіздеп көрсете білген. Демек поэзия - кемел ақыл иесіне ғана тән кенен ойлау шеберлігінің жемісі.

Поэзияның рухани-танымдық сипаты мен оның табиғатына тән ерекшелік белгілерді нақтылай түсудегі ақынның:

Әуелі аят, хәдис – сөздің басы,
Қосарлы бәйітсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,

Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы - деп, Қасиетті Құран Кәрім мен Пайғамбарлық ілім жүйесінде ойдың көрініс табуындағы поэтикалық белгілерді теңдессіз үлгі ретінде атап көрсетуінің өзінде жалпыдан өзгеше бір тереңдік байқалады. Аят – Алланың сөзі. Хәдис – сол аяттардың астарлы мәні мен мағынасы адами сана өлшеміндегі таным-түсінік ыңғайына сәйкес тарқатылып түсіндірілген пайғамбар сөзі екендігі мәлім. Енді соған қол артудағы Абайдың ой жұмбағының сырына барлау жасап көрейік.

Мәселен қасиетті Құранның бір аятында «ақырзаман болғанда күннен патша туады» деген сөз бар. Әдеттегі қалыптасып кеткен түсінік бойынша патшалық мәртебесі ата тектік жағынан ақсүйек қауымнан шыққан тұқымға ғана тиесілі. Сырттай қарағанда бұл жерде қалптасқан дәстүрлі жол-жоралғының бұзылуы жайында айтылып отырған сияқты әсер қалдырады. Шынында да «күн» қоғамдағы әлеуметтік жіктің ең төменгі сатысының өкілі. Оның ең басты себебі күннің жеке басында ерік жоқ. Оған өз қожайынының айтқанына көніп, айдауында жүру ғана міндеттелген. Басқаша айтқанда, рухани-құқықтық мүмкіндігі барынша шектелген жан. Ал жан бостандығы, бас бостандығы жоқ адамның, ойы мен санасы, бүкіл болмысы, тіпті рухына дейін бодандыққа бой жеңдіріп кететіндігі түсінікті. Сондай адамнан туылып, тәрбиесін көріп өсетін ұрпақтың бойынан көптің көсегесін көгерте қоятындай биіктік, кеңдік, тереңдіктің табыла қоюы екіталай. Қазақтың «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дегені біздің бұл ойымызды шегелей түседі. Тәрбиенің мәнісі ең алдымен тәрбиелеушінің өзін-өзі тәрбиелеуінен басталатындағының жайын Абай «оныншы қара сөзінде» е жақсы ашып көрсеткен.

Енді осыған жоғарыда айтылғандай «бас көзімен қарамай, ой көзімен зер салсақ», онда мәселенің шешімі контекстегі басыңқы мәнге ие болып тұрған «күн» сөзінің образдалу ерекшелігіне байланысты екендігін аңғаруға болады. Ислам дінінде ата-анаға құрмет көрсетіп, қызмет қылу пенде баласына парыз етілген. Діни-теология терминінде ол – жиһад деп те айтылады. Қазіргі діни сауатсыздықтың кесірінен тек біржақты «жанкешті» ұғымында етек алып кеткен арабтың «жиһад» сөзінің түп мағынасы Алла разылығы үшін істелетін қайырлы амалдар, игі іс-әрекеттер деген ұғымға саяды. Демек он сегіз мың ғаламды Жаратушы Хақ Тағаланың әмірімен адам баласы ата-анасын патшасындай құрметтеп, оларға құлша қызмет қылуы - жиһад. [5] Ал керісінше ата-ана өзегін жарып шыққан өз перзентінің қас-қабағын бағып, көңілін табуға тырысып, оның айтқанын бұлжытпай орындауға мәжбүр болып, алдында бәйек қағып жауы Алланың әміріне қарама-қайшы жағдай. Өкінішке орай жат менталитетке бой алдыра бастаған қазіргі қазақ қоғамында да осы айтылып отырған кері құбылыс белең ала бастағандай көрінеді. Ата-анасын қас-қабағымен ықтырып, зейнетақысын басқа баласына беріп қойды деп жазғырып жататын жағдайдың жиі кездесіп жататыны жасырын емес. Міне осындай оңның теріске, дұрыстың бұрысқа айналуы Қасиетті кітапта ақырзаманның белгісі ретінде аталады. Міне бұл ой асылының астарлануына байланысты келтірілген бір ғана мысал. Енді осы ерекшелікпен сабақтаста Абайдың «Қисынымен қызықты болмаса сөз, неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы» дегенінің мәні ашыла түседі. Қисын – шығармадағы образды ой жүйелерінің желісіндегі логикалық астар. Демек сол қисынды табуға деген қызығушылық арқылы оқырман, яғни «тыңдаушының» да ойлау дағдысының, заманауи тілмен айтқанда зияткерлік қарымының ұштала түспегі анық. Сырт пішіні көркем сөзбен көмкерілген өлең құдыреті жүйелі ойдың сабақтасығы бой түзеп жататын ішкі мазмұнында. Соған байланысты ақын:

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз -деп ондағы мәселенің түйінін «көкірек көзі» дейтін ғылыми мәні терең де, күрделі ұғымға апарып тірейді.

Қорыта айтқанда Абай мұрасындағы «тыңдаушы» мәселесін өлең өнерінің өрісіндегі білім, білік, өре және ойлау дағдыларының ғылыми-методологиясы жайындағы ғылыми теорияға жатқызамыз. Осыдан келіп ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының көсемі Ахмет Байтұрсынұлының «Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі» [6] дегенінің сырын ұғынғандай боламыз. Қарап отырсақ осы жерде Ахмет Байтұрсынұлы бір емес, қатарынан екі бірдей сыни ойлау және оны дағдыға айналдыру дейтін екі түрлі проблеманың басын ашып берген. Сондай-ақ осы айтылған пікір арқылы Абайдың «тыңдаушы» проблемасы жайындағы ғылыми-теориялық ой-танымы айқындала түскен. Ең бастысы ХХІ ғасырдағы заманауи білім беруде баса мән беріліп отырған «сыни ойлау және дағды» дейтін екі түрлі проблеманың түп тамыры қазақ халқының дәстүрлі ой қайнарында жатқандығын аңғардық. Бірақ білгір ғалымымыздың ақындық мұраны игерудің проблемалары жайындағы ғылыми негізді пікіріне жете мән берілген жоқ.

Жалпы Абайдың шығармашылық мұрасының көркемдік, танымдық сырларын толыққанды танып-білуде алгоритмдік ойлау жүйесіне негізделген герменевтикалық талдау әдісі өте тиімді. Мысалы «Тоты құс түсті көбелек» деп басталатын өлеңіндегі:

Тотықұс түсті көбелек

Жаз сайларда гулемек.

Бәйшешек солмақ күйремек

Көбелек өлмек сиремек

Осындағы ойға ілмек болып тұрған мәселе – жан құмары. Сол жан құмарының белсенділік *күйі* «көбелек» образында суреттелген. Ал бәйшешек - жастық шақтағы, әлі ақыл ес кіре қоймаған ерте кездегі жан құмарына тән белсенділіктің *мерзімі*.

Бұл «жетінші қара сөзде» баяндалатын жан құмарының поэтикалық әдіспен берілуі. Жан құмарының бастапқы сәттегі белсенділігі «Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап...сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымыз...» деп сипатталған. Жан құмарына тән осы ерекшелік белгілері өлең жолында көбелек, жаз, гулемек, бәйшешек дейтін сөз образдары арқылы бейнеленген. Жалпы күні бойы бір сәт тыным таппайтын көбелектің өмір-тіршілік ұзақтығы әрі

кеткенде, небәрі үш ақ күндік мерзімге созылады екен. Бұл қос қанатты жәндік өзінің сол келте ғұмырында тек жылтыраған жарыққа ұмтылудан жалықпайды. Адамдағы жан құмарының көбелектің табиғи образында бейнеленуінде осы айтылған ерекшеліктермен ұқсастықтың бары рас. Ал бәйшешек болса ерте көктемде әлі жердің жүзі толық қарайып, тоңы жібімей жатып-ақ қар астынан қылтиып шыға келетін көктесін. Жан құмары да сол бәйшешек сияқты адамның ақыл-ойы пісіп жетіле қоймаған, ақыл кірмеген, ес тоқтатпаған жас шағында-ақ бойын билеп тұрады. Тән құмарына қарағанда жан құмарының ерте бастан белсеніп шығуы бәйшешектің тіршілік ерекшелігімен астастырыла суреттелген ойдың образдалуын жетінші қара сөзде «Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен» деген жолдармен ашып көрсетуімізге болады. Мәселе сол *қысқа ғана мерзімге созылатын жан құмарының белсенді қалыбынан айнымай тұрған сәтінде* «орнын тауып, кісісін тауып, ғылым тапқандардың жолына салуда». Сонда:

Адамзатқа не керек:

Сүймек, сезбек, кейімек, - (*жүрек*)

Харекет қылмақ, жүгірмек, - (*қайрат*)

Ақылмен ойлап сөйлемек – (*ақыл*)

«Толық адам» модельіндегі тұлға қалыптасып шықпақ. Олай болмаған жағдайда адамның «Заманға жаман күйлемек, замана оны илемектегі» «жаман» болып шықпағы сөзсіз. Ол «жамандықтың» белгісі «көп айтса көнгіш, жұрт айтса сенгіш», өзіндік ойы, жеке басының пікірі жоқтыққа байланысты екендігі «заман» ұғымына байланысты айқындалып тұр. Заман – бұл жерде өткінші жалпыға ортақ таным-түсінік мағынасында. Ондай «жаманның» хайуанға тең екендігі «Заманға жаман күйлемек» деген өлең жолындағы «күйлемек» деген сөз қолданысы арқылы нақтыланған. Оған «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, *хайуан жаны* болады» деп анық айтылған.

Қорытынды. Абай поэтикасының астарлы сырына бойлауда ойға ілмек болып табылатын тірек сөздерді анықтап алудың маңызы зор. Ол үшін шығарманы тек сыдыртып оқып шықпай, мәтіннің ішкі ой ағысын анықтап, логикалық тұрғыдан қисынына қарай қиюластырыла отырып қорытынды жасалуы қажет. Бүгінгі білім мазмұнын жаңарту бағытында жоғарыдағы қарастырылған талдау методологиясын жетілдіру жағының қолға алынғаны жөн. Өйткені Абай өз туған халқының ұлттық дүниетаным қалыбын таза сақтаған ойшыл-ақын. Абайдың тереңдігі арқылы «тыңдаушы» өре өлшемінің деңгейі де көрініс беріп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 М.Мырзахметұлы. Абайтану. Бірінші кітап. – Астана: «Деловой мир», 2014ж.-554 б.
- 2 Қ.К. Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. /«Егемен Қазақстан» газеті. 09.01.2020ж.
- 3 Абай туралы естеліктер. – Алматы: «Қаламгер», 2018ж.-501 б.
- 4 Қ.Жолдыбайұлы. Дін мен діл. - Алматы, 2015ж.-198 б.
- 5 Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. - Алматы, «Атамұра», 2014ж. -287 б. б.М.Исаұлы, Қ.Жолдыбай. Ислам ғылымхалы. – Алматы, «Издательство АСТ Полиграф» ЖШС, 2011ж.
- 7 М.Мырзахметұлы. Абайтану тарихы. - Алматы, «Санат» 1982ж. -187 б.
- 8 М.Мырзахметұлы. Абай және шығыс. - Алматы, «Қазақстан» 1994ж. -206 б.
- 9 О.Сәбден. Абай және қазақ елінің болашағы. - Алматы, 2016ж. -362 б.
- 10 М.Мырзахметұлы. Жер тарихы – ел тарихы. – Алматы, «Таймас», 2016ж.- 221 б. 517 б.

МРНТИ 17.82

Абишева М.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

Ж. ШАШТАЙҰЛЫ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ЗАМАН ЖӘНЕ ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

Аңдатпа

Мақалада автор Жұмабай Шаштайұлының “Жаңғырық” пен “Аяз би” романдарындағы заман және замандас бейнесіне тоқталып, шығармадағы сол кезеңнің көркем бейнелуіне және композициялық құрылысына назар аударған. Ғылыми мақалада көркемдік компоненттердің шығармада қолданылу әдістерін айқындау үшін романдардан нақты мысалдар келтірілген.

Автор мақалада көркемдік шешімге тоқтала отырып, уақыт пен кеңістік категориясын алға шығарады және кейіпкерлер бейнесіне бүгінгі күн тұрғысынан баға беруге тырысқан. Зерттеу нысанына алынған Ж.Шаштайұлының “Жаңғырық” пен “Аяз би” романдарын талдау барысында зерттеуші мәселені түрлі көркемдік аспектіде қарастырады. Кеңестік дәуір мен тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі идеялық-көркемдік ұстанымдардың аражігін ажыратып көрсетуге күш салады.

Зерттеу объектісі ретінде қарастырған шығармаларды автор әдебиеттануда басты орын алатын уақыт пен кеңістік категориясы негізінде сараптайды.

Түйін сөздер: Ж.Шаштайұлы, уақыт пен кеңістік, қоғам, қала мен дала, кеңестік дәуір, тәуелсіздік

Abisheva M.

*Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

THE EPOCH AND THE IMAGE OF THE CONTEMPORARY IN THE NOVELS OF ZH.SHASHTAYULY

Abstract

In the article, the author focuses on the era and image of a contemporary in the novels by Zhumabay Shashtayuly “Zhangyryq” (“Echo”) and “Ayaz by”, draws attention to the artistic description of that period and their compositional structure. To determine the methods of using artistic components, specific examples are given in a scientific article. Having come to an artistic decision, the author in the article brings to the forefront the categories of time and space, trying to evaluate the images of heroes from today's point of view. In the process of analyzing the novels by Zhumabay Shashtayuly “Zhangyryq” and “Ayaz by”, taken as an object of research, the author considers the problem from various artistic aspects. He makes an effort to show the differences between the ideological and artistic positions of the Kazakh literature of the Soviet era and time after independence. The works taken as an object of study are analyzed by the author on the basis of the main categories of literary criticism - time and space.

Keywords: Zh. Shashtayuly, time and space, society, city and aul, Soviet era, independence

Абишева М.

*Казахский Национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ЭПОХА И ОБРАЗ СОВРЕМЕННОГО В РОМАНАХ Ж. ШАШТАЙҰЛЫ

Аннотация

В статье автор делает упор на эпоху и образ современника в романах Жумабая Шаштайұлы “Жаңғырық” (“Эхо”) и “Аяз би”, обращает внимание на художественное описание того периода и их

композиционную структуру. Для определения методов использования художественных компонентов, в научной статье приведены конкретные примеры.

Придя к художественному решению, автор в статье выводит на передний план категории времени и пространства, старается оценить образы героев с сегодняшней точки зрения. В процессе анализа романов Жумабая Шаштайулы “Жаңғырық” и “Аяз би”, взятых в качестве объекта исследования, автор рассматривает проблему с различных художественных аспектов. Он прилагает усилия для показа различий между идейно-художественными позициями казахской литературы советской эпохи и времени, после обретения независимости.

Произведения, взятые в качестве объекта исследования, автор подвергает анализу на основе главных категории литературоведения – времени и пространства.

Ключевые слова: Ж. Шаштайулы, время и пространство, общество, город и аул, советская эпоха, независимость

Кіріспе. Адамзат игілігі жолында қызмет етіп жатқан сан түрлі салалардың ішінде рухани мәдениеттің өрістеуіне бірден бір үлес қосушы – әдебиет. Табиғат пен тіршілік, аң мен құс, адамдар мен олардың шешуі қиын мінезі көркем шығарманың астарын құрап жатыр. Ой мен әдебиет арасындағы шығармашылық байланыстың мығымдығынан болар адамдар танымында әдеби сана қалыптасып, көркем сөз айтып, бейнелі ой ойлауға дағдыланды.

Әлемдік әдебиеттегі үздік классиктердің шығармашылық лабораториясына үңілсек, әр қаламгердің әдеби дебюті (“литературный дебют”) қоғамнан бірден жақсы пікір ала алмапты. Мәселен, парасат әлеміне ақын атанып енген Гогольдің алғашқы өлеңдері сынға ұшырап, оларды көз көрместей отқа жаққан қаламгердің “Ревизорды” жазарына сол уақытта ешкім нанбаған еді. Ал А.П.Чеховтың ерекше ықыласын алған (“Толстойдан ғана қорқамын. Ойлап қараңызшы, Аннаның қараңғыда көзінің жарқылын сезіп, көргенін жазған сол емес пе?!”) Л.Толстойдың алғаш жазған “Детство” повесінен оның шебер суреткерлігі және нақ осы қарқыннан “Война и мир” романының туары бірден байқалғандай. Француз әдебиетіне әлемдік шығармалар сыйлаған Оноре де Бальзактың әдеби дебюті саналатын “Шуаны” тарихи романы (1829 жыл) айтарлықтай сынға ілікпеді. Сәтті қадамның нәтижесі авторды әдеби үдеріске жаңаша қалыппен келген “Человеческая комедия” эпопеясына алып келді. Әйгілі “Шал мен теңіз” повесінің авторы Эрнест Хемингуэй болса, алғаш рет ертегі жазып жазушылық қабілетін шыңдаған екен. Ал түрік әдебиетінің перзенті Орхан Памук шығармашылықтағы қадамын “Джевет-бей и сыновья” романымен аттап, соңғы шыққан “Рыжеволосая Женщина” (2016 жыл) кітабына дейін біршама повесть-романдарға жан бітірді. Ал Жұмабай Шаштайұлының тұңғыш жинағына енген “Қызыл қар” повесі алғаш жарияланған тұста сыншылардың дауына қалғаны белгілі. Саяси ахуалға арқа сүйеп, әділетсіз айтылған әлі күнге дейін көзі қарақты оқырманның есінде. Бұл қадам автордың қаламгерлік қуатын арттырмаса, жігерін жасытқан жоқ.

Әдебиет бұл да таным құралы. Ол өмірді көркем образдар арқылы танытады. Суреткерлік шеберлік астарында ылғи ой жатады. Әлемді мойындатқан қаламгерлердің әдеби туындыларынан өзі философ, өзі психолог, өзі педагог, өзгенің азасы мен қазасын түсіне алатын импатияға ие сезімтал автор образын көреміз. Бұл ұғым, түсініктердің барлығы суреткер сөзіне анықтама бола алатындай.

Суреткер неғұрлым талантты, қуатты болған сайын оның дүниеге әкелген шығармасы объективтік шындыққа жақындай түседі, себебі ең алдымен оның өзі – сол шындықтың, сол қоғамның, сол мезгілдің туындысы, сондықтан о баста жаратқанның оның бойына суреткердің байқампаз дарынын жомарттықпен сыйға тартқаны рас болса, ол сол дәуірдің, сол қоғамның шындығын, мұны мен зарын, алдағы үмітін бейнелей алмай тұра алмайды. Заман, уақыт шындығын жан-жақты ашып беруде әдебиет туындысына шендесер ештеңе жоқ, тіпті бұлтартпас логикалық пайымдауларға сүйенетін ретте нағыз талантты көркем шығармалармен тайталаса алмайды. Өйткені ғылым қоғам шындығының бір қырын ғана байжайлап зерттейді; айталық, социология негізінен қоғамның әлеуметтік өмірін, тарих оның ең алдымен саяси-экономикалық сипатын, ал демография сол әлеуметтік ортада өмір кешкен жұртшылықтың сан жағынан өсіп-өнуінің диалектикасын сөз етеді. Ал әдебиет мұндай шектеулерге көнбейді, ол қоғамды ғылым секілді бір қырынан емес, тұтасынан көреді, белгілі бір уақыт шеңберінде сол қоғам басынан қандай экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, т.б. халдерді кешіреді, міне, осының бәрі көркем әдебиеттің қырағы жанарынан тыс қала алмайды [6, 11].

Әдістеме. Қазіргі кезеңдегі қазақ прозасының көркемдік жүйесінде тарихи дәуір шындығын алып отырған орны ерекше көңіл аудартады. Дәуір шындығы тек тарихи шығармалар құрылымында ғана емес, бүгінгі күн тақырыбына жазылған шығармалардың сюжеттік және композициялық желілерінде кең көрініс тауып отыр. Соған орай қазақ әдебиетінің жеткен биігі мен асқан асуын анықтауда, пайымдап бағалауда өткен дәуір шындығын суреттеуге арналған шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін арнайы қарастырудың маңызы жоғары екендігінде сөз жоқ. Халықтың өткен дәуірінің шындығын бүгінгі дәуірдің басты рухани тынысы тұрғысынан суреттеудегі жетістіктер тарихи шығармаға деген рухани сұранысты арттыра түсуде.

Қоғамға “жалпыға ортақ” деген саяси дәстүрдің дәнін сеуіп кеткен кешегі Кеңес империясына сол кезеңде қызмет етпеген қазақ жоқ. Партиялық биліктің ішкі құрылысын автор – Жұмабай Шаштайұлы романдарына тақырып етсе, қарапайым шаруалардың ахуалы мен көзқарасын һәм дүниетанымын повестерінен көре аламыз. Әр заманның өз адамының портреті көркем сөзбен суреттелген шығармаларда өткен уақыттың келбеті көрініс тапқаны анық.

“Қай жазушы болса да өз заманының шындығынан алыстап кете алмайды, онымен бірге жасап, көңілдегі ойын заманының проблемалары арқылы көтереді. “Адамды заман билемек” деп Абай тегін айтпаған. Заманмен кереғар болып, онымен ашық тартысқа түсу арқылы ешбір жазушы “батыр” атағын алмаған. Ол қайта онымен ымыраға келе отырып, дәуір, заман қайшылығын көркем образдар арқылы ашқан. Сол арқылы заманына, Чернышевский тілімен айтқанда, үкім шығарған” – дейді С.Қирабаев [3, 162]. Сыншының келтірілген сөзі Ж.Шаштайұлының қаламгерлік болмыс-бітіміне сай келіп тұрғандай. Ол да өз заманының адамы, өз заманының перзенті. Жазушының шынайы бейнесі оның шығармаларындағы образдарда жасырынып тұр.

Нәтижелер. “Жаңғырық” – автордың алғашқы көлемді романы. Роман кейіпкерлері – атакәсіптің бейнетін белшесінен кешкен қазақтар, жаңа-жаңа қалаға ірге теуіп, үлкен мұрат көздеген болашақ зиялы қауым өкілдері. Ұлтсыздандудың қайшылықтары барысында адамдардың өздерін қалай ұстауы, ұрпақ алмасу кезіндегі жағдаяттары, қысқасы, қаһармандар ой-сезімі шынайы суреттеледі. Қалалық және далалық өмір ағысы бір қарағанда қарапайым қалпынша өтіп жатқан сияқты әсер береді. Бірақ олардың ішкі жан дүниесінің күрделене түсу барысы жазушының баяндау тәсілі арқылы оқырман жүрегіне жол табады. Қазақ қауымының өзге ұлттармен араласу тұсындағы кісілік келбеті, адамдардың парасат болмысын нәзік суреттеу, қазақы ұлт ретінде сақтайтын басты ұстын не нәрсе деген өзекті сауалға жауап іздеу – романның негізгі арқауы болып көрінді.

“Жиырмасыншы ғасыр бел ортадан ауа бере солтүстік жарты шарда әлденеше қайталанған қатты қыс дүниені қақырата қарс айыратындай қаһарына мініп алды” [1, 3]. Роман қақаған қыстың суреттелуімен басталады. Автор оқиға беруде жыл мезгілдерінің ішінен қысты көп қолданады. Мәселен, “Қызыл қар” повесінде де. Әйтсе де қаламгердің оқиға желісін қыстың суығымен қабаттастыра беруі ыңғи сәтті шығатындай.

Қаламгердің осы шығармасының сюжеттік құрылысы, баяндалу тәсілі басқаларына ұқсамайды: ерек. Мұнда автор үштік теориясына жүгінеді. Яғни негізгі кейіпкері де үшеу: қала қазағы Заңғарбек Сардарбекұлы, дала қазағы Сансызбай және қала қазағы, әрі шетел қазағы атанып келген Бегімбет. Үш кейіпкер, үш тағдыр, үш үміт, үш жалғыздық. Әр кейіпкердің шығармадағы өмірі тарау-тарауға бөлінген. Психологиялық паралелизммен қатар үштік паралелизмді негізгі әдісіне алыпты. Қала қазағы мен дала қазағының ішкі психологиясын, айналаны тануын шебер суреттеген автор тәуелсіздік алғанға дейінгі қазақ тіршілігін салыстырып тұрғандай.

Талқылау. Автор баяндауда еш астарсыз, ашық жеткізеді. Романның алғашқы парақтарындағы мына бір сөйлем: “Жаратқан иеге құлшылық қылудан жаңылмаған, әруақтар мен әулие-әмбиелердің алдынан қия өтіп көрмеген ата қазақ ғұрпы сіңіріне ілініп, үзілуге шақ қалып тұр. Қырғыз деген жанама атынан құтылғанына арысы отыз, берісі жиырма жыл” [1, 3] сөзімізге дәлел бола алатындай. Мысалдағы сөйлемнен сол кезеңдегі қала қазақтарының болмыс-бітімі һәм қоғам келбеті еш түсіндірусіз ап-анық көрініп тұр. Және бір жерінде “Құдайсыздар қоғамын орнатуға құлшынып кіріскен құрлыққа барабар аумақ оған селт ете қоймады” [1, 3] дегенді көзім шалып, автордың замана шындығын қалай жеткізетініне көзіңіз жете түседі. Қазақ арасында “құдайсыздар қоғамын” орнатпақшы болған “құрлыққа барабар” елдің кім екенін ішіміз бірден сезді. Роман басындағы осы сөйлемнен-ақ жазушының бүткіл болмыс-бітімі аңғарылады. Замана келбетін қаламына арқау еткен суреткердің жан-айқайы анық естіледі.

Жалпы қаламгердің кейіпкерлер галереясын аша қалсаңыз, көбіне әке мен бала образын жиі ұшыратамыз. Мұнда да асылдан қалған жалғыз тұяқ Заңғарбек Сардарбекұлы.

Оқиға өтіп жатқан уақыт Сталиннің қайтыс болып, билік басында ауыс-түйістер болып жатқан қарбалас шақпен қатар келеді. Сол бір алакеуім уақыт біраз зиялылардың қараланып, қуғынға түсер кезеңі болатын. Осы тұста негізгі кейіпкерлеріміз Сардарбекұлы мен Бегімбеттің әкелері халық жауы екенін айта кетейік. Ел үшін құрбан болған азаматтардың ұлдары жаман болмайдыға ұйғардым. Расымен де солай. Сардарбекұлы “Социалистік Қазақстанның” қаламы қарымды журналисі. Тұйықтығы болмаса, азаматтығы басым, өресі кең. Анасының кітап оқып отыратын кейіпін бала кезінен байқап өскен бала әдебиеттен арыға кете алмайтыны анық. Ал Бегімбет Мәскеу барып, орыс басылымына мақала жазып, ел арасында біраз абырой жинаған, үйдегі жалғыз шешесі мен мінезі тік әпкесінің қамын ойлайды. Дала қазағының образын жасап тұрған Сансызбай жапан даладағы жалғыз үйлі қойшы. Жәй қойшы емес, жұмысына адал қойшы. Автордың кейіпкерлері өз заманының тынысын дәл алып шыққандай көрінеді.

Қала қазақтары түсінігінің орыстанып кетуі адамның рухының әлсіздігінен. Урбанизация жайын қозғауды мақсат тұтқан автор өткен уақыттың келбетін ашуға ұтымды тақырып таңдаған деп ойлаймын. Тек, бұл ғана емес, сонымен қатар қандай заман тумасын қазақтық мінездің қалмайтынын автор дәлелдеді. Рушылдық, жағыну, көреалмаушылық қасиеттерімен бірге қазақы қонақжайлық та кездеседі. (“Есепке жүйрік құлар оның елінен қыз алуды ойластырып жатқан шығар. “Ыстының қызы бәріне жете қоймас”, – деді кекесінді мырс етіп”) [1, 13].

Байқауымша, автор кейіпкерлер есіміне аса мән бермейді. Яғни кейіпкер есімінің астарында айтарлықтай философия жоқ. Мәселен, Сансызбай “Қызыл қар” повесіндегі Жайлаудың әкесі. Оның екінші баласы Жайлау тағы сол “Қызыл қарда” да бар. Автордың қой баққан кейіпкерлері еңбекқор, әрі адал келеді. Және сол адалдықтарынан жазатайым бір оқиғаға ұшырап қалулары өмірдің әділетсіздігінен хабар беретіндей. Мәселен, Сансызбай баққан қойлардың тағдырдың тәлейімен пойыз астына түсіп қырылуы. Бұл жантүршігерлік оқиғаның бар зияны, әрине, қойшыға, Сансызбайға тиері анық. Осы сюжетті баяндау барысында жергілікті биліктің әділетсіз бейнесі анық аңғарылады. “Сенің айтқандарыңды жариялап кеп жіберсек, талай бейшараның обалын мойнымызға аламыз. Сондықтан сен оны көрмеген бол, біз білмеген болайық” [1, 36]. Жанкештілікке барған Сансызбай образы жүрек қылын бір қозғап өткендей болды.

Автор кейіпкерлеріне ауызекі сөздер салуға тырыспайды. Ойлы, мағыналы сөз салып, зердесі ашық кейіпкерлерін әдебиеттің тілімен сөйлетеді: “Мен қазір Гончаровтың Адуев деген кейіпкеріне қатты ұқсап тұрмын. Бірақ маған ешкім провинциясың дей қойған жоқ. Дәл осы отырыс Ростовтардың үйінде өтіп жатқан балға ұқсайды” [1, 169].

Көркемдік компоненттерге келер болсақ, романың өн бойында портрет, диалог, жол мотиві сәтті жасалған. Және оған қоса этнографиялық, тонатологиялық сарындарының да бояуы бар. Жаңа айтқанымдай, диалогты жайдақ жасай салмайды. Оқырманның көкейіне дөп тиер, дөп тигенімен қоймай, өңменінен өтіп кетердей салмақты сөздер айтылады.

Қалалық пен далалық қазақтарды паралель баяндай келе, қазақтық қасиеттердің біразын шолып өтеді. Ол уақыт қонақжайлық мінездің іргесі бұзылмаған кезі-тін. Автор қазіргі жоққа айналған қазақтың қасиетін жоқтап отырғандай көрінді.

Ж.Шаштайұлының жазудағы бір ерекшелігі – оқиғаның әріқарай қалай боларын оқырманға еш сездірмейді. Оқып отырып, алдын-ала не боларын болжай алмайсың. Автор оған мүмкіндік бермейді. Керісінше, кейде түсініксіз бір дүниені айтып алып, оның жай-жапсарын кейіннен түсіндіріп жатады. Міне, бұл қаламгердің сіз аңдамаған суреткерлігі.

“Адам асыққанымен, құдай асықпайтынына” тағы да көзі жете түскендей, “бұған да зауал келген-ау”, – деді Сансызбай” [1, 255]. Ж.Шаштайұлының бұлқынған жүрегін, ішкі айқайын жеткізген “Жаңғырық” романы осылай тәмамдалады.

“Аяз би” романы жайында сөз қозғасақ, роман кешегі кеңестік кезеңнің өлара тұсындағы қоғамның партноменклатура деп аталатын бөлшегінің құпияға толы қатпарларын терең ашуға арналған.

Келмеске кеткен Кеңес империясына жан-тәнімен қызмет еткендерді бүгін жоққа шығару оңайдың оңайы. Ал дәл сол кезеңге сондағы билік биігінде жүргендердің көзімен қарап көрдік пе?

Кешегі Аяз бидің кебінде болған бүгінгі Аяз биіміздің жаңсақ басқан тұсы қайсы, қарапайым пенде ретіндегі өкініш, қуаныштары қандай? Дәл қазір тәуелсіз қазақ елінің аязбилер армиясы босағаларына көнетоз шапанын іліп, тәубелеріне түсе ала ма? Шығарма осындай астары қалың заманауи сұрақтарға жауап іздейді [2, 2].

Мұндағы негізгі кейіпкер – білдей бір ауданның бірінші хатшысы Нұржанов (Миятбек). Кейіпкеріміздің қызметін бірге атағанымыз бекер емес. Билік адамды өзгертетініне түсіністікпен қарасақ, Миятбек жағымсыз образға жатпайды. Романдағы негізгі жетекші көркемдік компонент – әңгіме ішіндегі әңгіме. Яғни өткен уақытқа шегініс. Оқиғаның өн бойы пойыздың тамбурында жапан далаға қарап, бастан өткен оқиғаларын еске алып, ойлап тұрған Нұржановқа құрылған. Қызметтің әсері ме, әлде қоғамның ба, әйтеуір, Нұржанов болмысы өзгеріп, мінезі тұйыққа айналды. Бірақ басқа қандай заман тумасын автор Нұржановтың оқырман алдында бір жақсы қасиетін сақтап отырады. Қалай десек те Нұржанов партиялық кезең етек жайған заманның келбетін жалғыз өзі алып шыққан кейіпкер.

Нұржанов – жалғыздық сарынының бірден бір айғағы. Әйелі мен бала-шағасы бола тұра жалғызсырау себебін автор тігісін жатқыза түсіндіреді. “Адамды бір кісідей-ақ танымын деген нық сенімінен айырылып, екіұдай күй кешетін болғалы – қаратұтар дәнеңесі жоқ қу жалғыздығы жиі-жиі есіне түсетінді шығарып жүр” [2, 4].

Жазушы романдарында өз заманы, замандастар туралы терең толғана, олардың жан-дүниесіне үңіле отырып, өмір көрінісін шынайы суреттеген. Әсіресе, замана сипатын бейнелеу, уақыт тынысын сездірудегі жазушылық шеберлігі айқын көрініп, өмір шындығы суреткердің прозалық шығармаларында көркемдік шешімін тапқан.

Қорытынды. Ж. Шаштайұлының бір сұхбатында айтқан мынандай сөзі бар: “Әдебиетті тағдыр жасайды. Өмірді көрмей тұрып үлкен шығарма тудыру қиын. Әрине, шығармаға қиялмен келуге болады. Ойдан да құрастыруға болады. Бірақ, ұлт табиғатын ашатын туындыға тағдыр алып келеді. Біз осы мәселені мүлде ұмытып кеттік. Тағдыр арқылы көркемдік қорытынды шығару деген мәселені адамзат ұмытып кетті. Әдебиетке 1960 немесе 1980 жылдардағыдай толқындардың келуі сиреді. Әдебиеттің құны кеткен соң да шығар... Бірақ, бұлай айтуға болмайды. Әркім өзінің жүрегін алып келеді ғой. Біз, мүмкін, сол жүректерді түсінбей жатқан шығармыз. Қоғам қажетсінбей, әдебиеттің көсегесі көгермейді. Әр заманның өз үлкен шығармасы болуы керек. “Ана елде мынадай екен, біз былай істеп жатырмыз” деген көзқарастан арылмай болмайды. Қазір ұлтты ұйыстыратын, ұлттың рухын көтеретін дүние керек. Мысалы, Илияс Есенберлин кезінде ұлтты қалай сілкіндірді?! Қазір осындай тұлға шыға ма? Осы мәселені ойланып көрейікші”.

Әдебиетке өзіндік қолтаңбасымен, соны тақырыбымен, өрнек айшығымен, дара тәсілімен келген Ж.Шаштайұлы оны тың образдармен, көркемдік шындықты бейнелеу дәрежесімен, адам жанының диалектикасын аша білумен байытты.

Жазушы кейіпкерлерінің ішінде қара халық та, ел басқарған азаматтар да, кәрі де, жас та бар. Қаламгер олардың әрқайсысының характерін ашуда әртүрлі көркемдік құралдарды, тәсілдерді қолданып отырады. Сюжеттік желілердегі қаһармандар тобы өз болмыс-бітімімен көрінеді. Осының нәтижесінде шығарманың сюжеті өткірлене түсіп, философиялық сипатқа ие болған.

Шығарманың көркемдік қуаты мен құнын айқындайтын компоненттер көп. Соның бірі – жазушының композиция құру шеберлігі. Қаламгер романдарының композициялық шеберлігі жайлы сөз қозғағанда алдымен айтарымыз шығарма сюжеті мен композициясы нәзік, әрі берік байланыс түзген.

Жазушының өмір шындығын қоса отырып, заман келбетін бейнелеуі оның авторлық позициясы, дүниетанымы, көзқарасынан байқалады. Автор бірде өз атынан, бірде кейіпкер атынан қоғамға, адамға, өмірге баға береді.

Ж.Шаштайұлы замана келбетін еш боямасыз қуатты қаламмен кестелеген әңгіме-повесть, романдарынан байқағанымыз, ол – уақыт талабын жақсы сезінген, тоталитарлық жүйеге бағынбай, туған халқының рухани сұранысына кіршіксіз адал жүреппен мүлтіксіз қызмет еткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шаштайұлы Ж. Жаңғырық. Роман. Алматы: “Жалын” баспасы, 2004. - кітап
- 2 Шаштайұлы Ж. Аяз би. Роман. Алматы: “Жазушы” баспасы, 2013. - кітап
- 3 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. –288 б. - кітап
- 4 Әбдезұлы Қ. Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы (Дәстүр және жалғастық). Алматы: фил.ғыл.док.дисс, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, 2001 жыл. – диссертация
- 5 Қабдолов З. Арна. Алматы: “Жазушы” баспасы, 1988; Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992; Әуезов, Алматы: “Санат” баспасы, 1997; Жебе. Алматы: “Жазушы” баспасы, 1977. - кітап

6 Асылбекұлы С. Қазіргі қазақ повестеріндегі заман шындығы (1970-1989 жылдар). фил.ғыл.канд.дисс: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, Алматы, 1997 жыл.

7 Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары, 2-том, Алматы: “Қазмемкөркемәдебиет” баспасы, 1950 жыл. - кітап

8 Добролюбов Н.А. Әдебиет туралы сын мақалалар. Алматы: “Қазмемкөркемәдебиет” баспасы, 1955 жыл. - кітап

9 Писатель и время: сб. документальной прозы. Москва: Современный писатель, 1986 год.

10 Плеханов Г.В. Письма без адреса. Искусство и общественная жизнь. Москва: Гослитиздат, 1956 год. - кітап

МРНТИ 17-81-99

Картаева А.,¹ Мухаметқалиева Г.,² Балтабаева Г.³

¹ С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,

Өскемен қ. Қазақстан

² Қайнар академиясы,

³ Қазақ қыздар ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ. Қазақстан

АБАЙ ҒҰМЫРНАМАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ

Аңдатпа

Мақалада Абай ғұмырнамасын зерттеудің алғашқы кезеңі сөз болады. Абай шығармалары мен өмірбаяны жайлы тұңғыш рет сөз болатын Кәкітай Ысқақұлының «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласы талданады. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағының жарық көруі, жинақты шығарушылар еңбегі жайлы айтылады. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын орыс оқырмандарына алғаш таныстырған Әлихан Бөкейхановтың «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» азанамасымен таныстырылады. Тұрағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» естелігіндегі Абайдың шығармашылық өмірі жайлы берген құнды деректеріне тоқталады. Авторлар Абайдың шығармашылық өмірі – абайтанудың іргелі саласы екенін дәлелдеп көрсетеді.

Түйін сөздер: ақын, ғұмырнама, текстология, хронология, өмірбаяндық деректер, зерттеулер, естелік, қолжазба

Kartaeva M.,¹ Muhametkaliyeva G.,² Baltabayeva G.³

¹ East Kazakhstan State University named of S.Amanzholov,

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,

Kainar Academy,

³ Kazakh national women's pedagogical University

Almaty, Kazakhstan

THE INITIAL PERIOD OF RESEARCH OF ABAY'S BIOGRAPHY

Abstract

The article is devoted to the first stage of studying Abay's biography. The article "the Life of Abay (Ibrahim) Kunanbaeva" which first talks about the works and the biography of Abai. It tells about the publication of the first collection of Abay's poems, about the works of the authors of the collection. Alikhan Bokeikhanov, who first introduced the life and creative heritage of Abay to Russian readers, will introduce the epic "Abay (Ibrahim) Kunanbayev". About valuable information in the creative life of Abay is told in the memoirs of Turagul Abayevich "About my father Abay". The authors prove that the creative life of Abay is a fundamental branch of Abay Studies.

Keywords: poet, biography, textual history, chronology, biographical data, research, recollection, manuscript

Картаева А.,¹ Мухаметкалиева Г.,² Балтабаева Г.³

¹Восточно-Казахстанский государственный университет имени С.Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

²Академия Кайнар,

³Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан.

НАЧАЛЬНЫЙ ПЕРИОД ИССЛЕДОВАНИЯ БИОГРАФИИ АБАЯ

Аннотация

Статья посвящена первому этапу изучения биографии Абая. Проанализирована статья Какитая Исакулы «Жизнь Абая (Ибрагим) Кунанбаевича», который первый рассказывает о работах и биографии Абая. В нем рассказывается о публикации первого сборника стихов Абая, о работах авторов сборника. Алихан Бокейханов, впервые представивший российским читателям жизнь и творческое наследие Абая, знакомит с эпосом «Абай (Ибрагим) Кунанбаев». О ценных информациях в творческой жизни Абая рассказывается в воспоминаниях Турагул Абаевича «О моем отце Абая». Авторы доказывают, что творческая жизнь Абая является фундаментальной отраслью Абаеведения.

Ключевые слова: поэт, биография, текстология, хронология, биографические данные, исследования, воспоминание, рукопись

Кіріспе. Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу – өте күрделі мәселелерді молынан қамтиды. Абайдың ғылыми өмірбаянын терең танып, ақынның заманы тудырған ерекшеліктерін біліп меңгермейінше, Абай шығармаларының қоғамдық-әлеуметтік басты сарындарын ажырата алуымыздың өзі қиынға айналмақ. Абайтанудың бүгінгі күні кезекте тұрған үлкен міндеттерінің бірі – ақын өмірбаянына қатысты деректерді жинау және толықтыру.

М.Әуезов ақын шығармашылығына арналған ғылыми еңбектерінің шыңы «Абай Құнанбаев» монографиясының «Абайдың өмірбаяны» атты тарауын Абайдың ата-тегінен бастап тарата баяндаған. Оған қоса Абайдың өзі де әкесі Құнанбайдың азаматтық бейнесін сомдаған «Әбдірахман өлгенде» («Арғы атасы қажы еді») өлеңінде әке бойындағы үлгілі қадыр-қасиеттерін жан-жақты сипаттаған. Міне осы себепті және Құнанбай заманы мен Абай дәуірін өзара салыстыра отырып, отарлық езгіге түскен елінің саяси-әлеуметтік халін, заман бейнесін суреттеудегі Абайдың халықтық көзқарасының қалыптасу себептерін тануға мүмкіндік аламыз.

Жасынан ел билеу жұмысына араласып, халықтың саяси-әлеуметтік жайы, ел мүддесі жолындағы күресте араласқан ел билеушілер, достары мен ақын, өнерпаз шәкірттері, орыс демократтары сынды замандастарының әдеби ортасының өзара әсер ықпалдарының іздері Абай шығармаларында көрініс тапқан. Сол себепті де Абай шығармаларының жазылу жайы, текстологиясы, хронологиялық мерзімдерін дәйектеуде ақын замандастарының естеліктері, түрлі өмірбаяндық деректер, жазбалардың мәні зор. Олар: Ә.Бөкейхановтың «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» азанамасы, К.Ысқақұлының «Абай (Ибрагим) Құнанбайұғлының өмірі» мақаласы, М.Дулатовтың «Абай» мақаласы, Т.Абайұлының «Әкем Абай туралы» өмірбаяндық естелігі, сондай-ақ 1940 жылғы Абай шығармаларының жинағында «Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар» деген атпен М.Әуезов топтастырып бастырған «Көкбай әңгімелері», «Абай жайында Мәдияр, Қатпа, Архам, т.б. айтқан әңгімелер», «Мұсылманқұл Жиреншиннің әңгімесі», т.б. естеліктерді оқып игеру қажет.

Негізгі бөлім. Бізге белгілі ақын өмірбаянын бірінші рет Кәкітай Ысқақұлы (1909) жазған. Қазан революциясына дейінгі дәуірде Абайдың өмірі мен әдеби мұрасын танытуда елеулі еңбек еткендердің ішінде Кәкітай Ысқақұлының орны бөлек. Кәкітайдың Абай мұрасын танытудағы басты еңбегі де Абай шығармаларының тұңғыш жинағын құрастырып жариялауы мен ақын өмірі туралы алғаш рет мәлімет беруінде жатыр.

«Бұл салада Абайдың тұңғыш биографы - Кәкітай Ысқақұлы. Кәкітай ұлы ақынның немере інісі болуы себепті 12 жасынан бастап тікелей Абай тәрбиесінде өсті. Ес біліп есейген шағынан бастап Абай өмір сүрген ортаның сыры мен қырын танып, ақын өмірінде орын алған елеулі оқиғалардың бәріне де тікелей араласты. Көптеген Абай шығармаларының дүниеге келу сыры мен жазылу себептерін де өз ортасында кімнен болса да анағұрлым жетік білді. Абай өлеңдерінің қай жылы

жазылғанын анықтау жолында да көп еңбек сіңірді», - деп М.Әуезов Кәкітай Ысқақұлының абайтану тарихындағы орны мен зор еңбегін атап көрсетеді [1, 5].

Абайдың тұңғыш биографы Кәкітай Ысқақұлы - жастайынан тікелей Абай тәрбиесінде өскен ақынның дарынды шәкірті. Ес біліп есейген шағынан бастап Абай өмір сүрген ортаның қыры мен сырын танып, ақын өмірінде орын алған елеулі оқиғалардың бәріне де тікелей араласқан. Көптеген Абай шығармаларының дүниеге келу сыры мен жазылу себептерін өз ортасында бәрінен анағұрлым жетік білді. Абай өлеңдерінің қай жылы жазылғанын анықтау жолында да көп еңбек сіңірді.

Кәкітай туралы кезінде Ә.Бөкейханов, Әрхам Кәкітайұлы, Қ.Мұхамедханұлы естелік, мақалалар жазып, құнды деректер қалдырған. Кәкітай мен Тұрағұлға ұлы ақынның қолжазбасын жинақтап, баспаға дайындауды тапсырған адам Әлихан Бөкейханов.

Кәкітай Ысқақұлы жазған Абайдың тұңғыш қысқа түрдегі өмірбаяны өз заманында елеулі қызмет атқарып, соңыра абайтану тарихынан лайықты орны мен бағасын алды. Ол жөнінде Мұхтар Әуезов: «Кәкітай Ысқақұлы жазған Абайдың тұңғыш қысқа түрдегі өмірбаяны өз заманында елеулі қызмет атқарып, соңыра абайтану тарихынан лайықты орны мен бағасын алды да», - деп деп баға беріп, ерекше ілтипат білдіреді [1, 5]. М.Әуезов аса жоғары бағалаған мақала, сөз жоқ, Абайдың өмірбаянын жазуға бірден-бір негізгі дереккөз болды. Өйткені, Кәкітай - туысы ғана емес, Абайдың қасында жүріп, талапты шәкіртіне айналған ең жақын адамдарының бірі. Абай туралы көрген-білгенін осы мақалаға сыйғызып кетпесе де, бұл құнды еңбек абайтану ғылымының бастау бұлағы ретінде маңызын жоймақ емес.

Бүкіл қазақ халқы Абай шығармалары мен өмірбаяны жайлы дерекпен тұңғыш рет Кәкітайдың «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласы арқылы танысты. Кәкітай Абай өмірі мен шығармашылығына жалпы тоқталғанымен, сол дәуірдің өзінде-ақ Абай жөнінде құнды пікірлер айтты. «15 жаста-ақ балалық қылмай, үлкендерден білімі артылып, ел ішінде жұртты аузына қаратып, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне үлкен көмегі тиген. Тұрғылас елдің жақсылары баласынбай, аузына қарай бастаған», - деп Кәкітай Абайдың ақындық дарыны асып туғандығымен қоса, шешендікке жас кезінен қабілетті болғанын атап көрсетеді [2, 182]. «Шындығында, бұл Кәкітайдың әңгімесі бойынша Әлиханның Абай өмірі туралы толықтырылып жазған екінші мақаласы еді. Оның алғашқы нұсқасы 1905 жылы «Семипалатинский листокта» орыс тілінде басылды. ...Бұл ұлы Абайдың қағаз бетіне түскен ең алғашқы ғұмырнамасы болатын», - деп ғалым Т.Жұртбай тұңғыш баспа бетінде жарық көрген Абай өмірі туралы деректі атайды [3].

Абай қайтыс болысымен-ақ оның ақын шәкірттері Абай өлеңдерінің тұңғыш жинағын жариялауға кірісіп кетті. Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы ақын өлеңдерін жинастырып, Ә.Бөкейхановқа табыстайды. Бұл жинаққа қоса Абайдың өмірбаяны туралы көлемді мақаласын береді. Абай өлеңдерінің ең алғашқы таңдамалы жинағын Ә.Бөкейханов Петербург қаласындағы Илияс Бораганский баспаханасынан 1909 жылы бастырып шығарады.

Әлихан Бөкейханов 1914 жылы «Қазақ» газетіне шыққан «Кәкітай» деген мақаласында Кәкітайды еске ала отырып, «Өзіме Абайдың қайтыс болғаны туралы қаралы хабар келгенде, отыра салып балаларына бірден хат жаздым» дейді. Айтып отырған балалары – Тұрағұл мен Кәкітай. «Дерек Абайдың өлеңдері мен жазбаларын хатқа түсіріп, кітап қылып басындар. Әйтпесе, ұмытылып, жоғалып кетеді», - депті. Кәкітай осы шаруаны қолға алып, арнайы киіз үй тігіп, Мүрсейіт Бікеұлы есімді молданы отырғызып, Абайдың есте қалған барлық өлең дерін құсни көркем жазумен әдіптеп хатқа түсірткізеді [4, 253]...

Талқылау. Абай жинағының жарық көруіне қалтқысыз қамқорлық жасаған Алаш көсбасшысы Әлихан Бөкейханов болды. Ұлт көсемінің бұл еңегі жайлы Міржақып Дулатов былай дейді: «1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында хәм онан кейін Семейдегі географический обществоның шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды хәм кешікпей кітабы басыатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 жылы Абайдың балалары хәм інілерінің ризалығы хәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербуртта Бұраганский баспасында басылып шықты. Біздің қолымыздағы кітап сол бірінші басылым» [5, 71].

Абайдың өмір тарихы ақын қайтыс болғаннан кейін жазылып, 1905 жылы орыс тілінде Семей газетінде жарияланды. (Абай (Ибрагим) Қуанбаев (некролог), «Семипалатинский листок», 1250-252). Осы мақала екінші рет 1907 жылы жарияланды («Записки Семипалатинского. подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества». Выпуск III, 1907 г., стр. 1-8). Бұл екі мақаланы да жазған Әлихан Бөкейханов, оған Абай өмірі туралы мағлұмат берген Тұрағұл Абайұлы және Кәкітай Ысқақұлы. 1908 жылы Орынборда шығатын татар газеті «Ибраһим

Құнанбаев» деп аталған мақала жариялап, Абайдың өмірі, ақындық өнері туралы жақсы мағлұмат берген («Уақыт» газеті, 1 338, 1908 ж., Орынбор).

Бұл туралы абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметқанұлының 1991 жылдың 23 тамызында «Семей таңы» газетінде жарық көрген ғылыми мақаласында кеңінен сөз етіледі. «1905 жылы «Семипалатинский листок» басылымында, 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества» атты басылымда Абайдың дүниеден өткені жайлы «қазанама» (некролог) жарияланған екен. «Бұны істеген адам – Әлихан Бөкейханов», - депті жазады ғалым Қ.Мұхаметқанұлы [6, 3]. Одан кейін 1908 жылы Орынборда шығып тұрған «Уақыт» дейтін татар газеті Абайдың өмірі, ақындық өнері жайлы көлемді мақала жариялайды. Абайдың қазасынан (1904 жыл) кейін туыстары мен балалары ақынның мұрасын жинастырып, баспаға әзірлеуге кіріскен. Сөйтіп, Кәкітай мен Турағұл 1905 жылы жазға салым Абайдың өлеңдерін, қарасөздерін жинап, түгендейді. Тапқандарын Мүрсейіт Бікеұлының қолына беріп, әдемілеп, көшірмеді. Мүрсейіт молда арнайы тігілген қоста отырып, бір айда жазып шыққандығы айтылады.

Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын орыс оқырмандарына алғаш таныстырған - Әлихан Бөкейханов. Ол «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (некролог) мақаланы, алдымен Семейдегі «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы 25, 26, 27 қараша күнгі 250-252 сандарында жариялайды. Бұдан кейін «Семипалатинские областные ведомости» газетінде (1906 жыл) қайта басылады. 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела» атты кітабынан орын алды. Мақаланы ғалым Т.Жұртбай қазақ тіліне аударып 1991 жылы «Жұлдыз» журналының № 9 санында жариялайды.

Бұл азнама жөнінде ғалым Дихан Қамзабекұлы еңбегінде былай делінген: «Әлиханның шынайы тұрпатты авторлық әдебиетке айрықша үміт артуы 1905 жылы жарияланған Абайға арналған мұнақып-мақаласынан («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы») бастау алады... Абайды тану мен танытуға деген ықылас алғаш Ә.Бөкейхан тарапынан байқалған... Ә.Бөкейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» мақаласында ұлы ақынның ғұмырбаяны алғаш рет мүмкіндігінше толық сипатталған...» [8, 194]. Ә.Бөкейхановтың абайтануға ықыласы ауғаны осы азнаманы жазғаннан кейін басталатынын атап көрсетеді. 1905 жылы алғаш рет осы азнамада Абайдың өмірі мен шығармашылығы

Алаш көсемі ұлы ақынды жұртшылық қауымға таныстырып қана қоймайды, асыл мұрасына аса ерекше көңіл бөледі. «Абай поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осынша жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ...», - деп алғаш Абай туралы құнды баға береді [9]. Бұл баға алаш көсемінің Абайдың әдеби мұрасын терең әрі жан-жақты танып білген зерттеуші екенін көрсетеді.

Зерттеушінің бұл еңбегін жазғанда екі мақсатты көздегенін байқаймыз: оның біріншісі – ақынның рухына тағзым ету болса, екінші – Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы мәліметті қалың жұртшылыққа жеткізу. Осы мақсаттарға жету үшін Әлихан Бөкейханов Абайдың дүниеге келуі мен шыққан тегі, өз жұрты мен нағашы жұрты, балалық шағы, қоғамдық қызметі, алғашқы өлеңдері, аудармашылығы жайлы маңызды деректер келтіреді. Мысалы, Абайдың әкесі Құнанбайға Әлихан былай деп баға береді: «Абайдың әкесі Құнанбай да басқа рудың қазақтарына өктемдік жүргізген, оны тек қана төре тұқымдарының сұлтандарына ғана тән лауазым – Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайлануы дәлелдейді. Құнанбай өмірінің соңында Меккеге барып, одан қайтып оралған соң ел билігінен бойын аулақ салады» [9]. Көріп отырғанымыздай, Әлихан Бөкейханов Құнанбайдың қайраткерлігін аса жоғары бағалады. Алаш көсемі Ә.Бөкейханов Құнанбайдың «қарадан шыққан хан атанып», тек Шыңғыс тұқымынан тарайтын сұлтандар ғана сайланатын аға сұлтандық лауазымды иеленуі - оның асқақ абыройы мен қазақтың Тобықты руынан басқа да руларына ықпал ете алуының нәтижесі деп біледі. Бұл - Абайдың әкесіне берілген объективті баға, себебі кеңестік дәуірде Құнанбай тұлғасы тек «феодал, байшыл, діншіл» деп бағаланғаны бізге мәлім.

Әлихан Бөкейханов Абайдың өскен ортасы мен шығармашылығын жүйелеп тұңғыш рет бір ізге келтіріп, абайтанудың негізін қалады. Абай мұрасының баспадан кітап болып шығуына қалтқысыз қамқорлық жасаған – Әлихан Бөкейхановпен бірге өлеңдерін жинақтап бастыруға зор үлес қосқан Мүрсейіт Бікеұлы, Кәкітай Ысқақұлы, Тұрағұл Абайұлы еді.

Тұрағұл Абайұлы ақын мұрасын жинастыруда, аса құнды мағлұматтар жазып, қалпына келтіруде көп еңбек сіңірді. Ол әкесі туралы «Әкем Абай туралы» естелігін үлкен әңгіме етіп жазып қалдырған.

Ол М.Әуезовке «Әкем Абай туралы» деген көлемді еңбегін табыстаған. Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» қолжазбасы - Абай туралы жазылған тұңғыш естелік. Абайтану саласында Тұрағұлдың бұл еңбегінің тарихи маңызы ерекше зор.

Тұрағұлдың осы еңбегін жазушы М.Әуезов жоғары бағалап: «Ғұлама ақынның өмірбаянына қатысты мол мағлұматтарды осы кісіден артық ешкім берген жоқ, оларды керекті жеріне кірістіріп, түгел пайдаландық», - деп жазады [10, 145]. М.Әуезовтің пікірі бойынша Абайдың ғұмырнамасына қатысты деректерді Тұрағұлдан алғанын анық аңғаруға болады.

Тұрағұл - бала кезінен әкесі Абайдың қолында болып, тәлім-тәрбиесін көп көріп өскен баласы. Мұхтар Әуезов былай дейді: «...1891 жылға дейінгі өмірі Абайдың ең мағыналы өткізген жылдары болады... Сол уақыттарда жас шәкірт болып әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген Тұраш деген баласы мынаны айтады: «Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды. Әмсе мәжілісінде ғылым сөзінен басқа сөз жоқ. Біз шәкірт есебінде сөзін тыңдап, мұсылманның медресесіндегі шәкірттерше ақиқат олай емес былай деп, дауласып жатушы едік... Ұстаздық қылып отырғанда біздің жүрегіміз мал құмар, мансап құмар адам емес деп егуші еді. Әрдайым сағынып көкसेп, кезі келгенде қуанып қатты рахаттанатын уақыты: сөзді ұғар-ау деген адамдарды, іні, балалары секілді жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихатын айтып отырған кезі болушы еді» [10, 217]. «Сондықтан Абай өлеңі қай кезде жазылып, кімге арналғанын жақсы білген. Ол Кәкітай Ысқақұлымен бірге 1909 жылы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын Петербургте басып шығарған. Тұрағұл Абай мұрасын жинастыруда, аса құнды мағлұматтар жазып, қалпына келтіруде көп еңбек сіңірді» [11, 342].

Турағұл әкесі туралы естелікті не үшін жазғанын былай деп түсіндіреді: «Менің әкемнің биографиясына, керекті сөздерді жинамақшы болған азаматқа, менің әкемнің жалпы әдепті мінезін, салтын көрсетуге замандасының бір жолыққандағы қалпын, түрін, киген киімін, отырған-тұрғанын, сөйлеген сөзін, қуанған не ашуланғанын жазбағым қажет екен. Менің әкемнің замандасында қаламға үйір, көргенін-білгенін қағазға түсіре білері аз болған соң, амалсыз өзім жазбақты мойныма алдым. Әйтпесе, әкесінің әдет-ғұрпын баласы жазбағы, менің білуімше, солақай секілді» [10, 218].

Қорытынды. Абайдың шығармашылық өмірі – қазақ әдебиеті тарихының іргетасы. Абайдың өмірбаяны оның ақындық жолын, шығармашылық тұлғасын, қоғам болмысын көрсетеді. Сондықтан оның ақындық жолын зерттеу бүкіл ұлттық әдебиеттің даму, есею кезеңдерін зерттеумен тығыз байланысты. Қазақ әдебиетінің озық, тарихи дәстүрі, ұлттық әдеби, мәдени мұрамен байланысы, кейінгі ұрпаққа әсері - бәрі де Абайдың ақындық өнерін қарастыру үстінде кең талдануға тиіс нәрселер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. - Алматы: Санат, 1997. - 416 б.
- 2 Кәкітай Ы. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі / Кітапта: Кітапта: Абайдың ақын шәкірттері. 1 кітап. - Алматы: Дәуір, 1993. - 224 б.
- 3 Жұртбай Т. Ә. Бөкейханов. Абай (Ибраһим) Құнанбаев www.abai.kaz.nu.kz
- 4 Бөкейхан, Ә. Н. Таңдамалы: ғылыми зерттеулер, еңбектер: монографиялары, мақалалары, сөздері, баяндамалары, өлеңдері, аудармалары, хаттары. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1995. - 478 б.
- 5 Дулатов М. Абай / Кітапта: Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М.Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
- 6 Мұхамедханов, Қ. Ақынның дүниеге келген күні [Мәтін] : бүгін Абайдың туғанына 146 жыл толады / Қ. Мұхамедханов // Семей таңы. - 1991. - 23 тамыз. - Б. 3.
- 7 Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008. – 357 б.
- 8 Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. www.abai.kaz.nu.kz
- 9 Әуезов М. Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, Алматы : Ғылым, 1967. – 391 б.
- 10 Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. Құраст. Қ.Мұхаметханов / Кітапта: Абайдың ақын шәкірттері. - Алматы: Дәуір, 1993. - 224 б.
- 11 Картаева А., Мұқтарова Ә., Саметова Ф. Абай жайлы естеліктердегі ақын бейнесі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы, №1(71), 2020. - Б. 340-343

МРНТИ 17.71.07:

Нұрдаулетова Б.

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан*

XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ АРАБ-ПАРСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты – XVIII-XIX ғғ. Маңғыстау ақын-жыраулары тіліндегі араб, парсы тілінен енген сөздердің этимологиясына талдау жасай отырып, осындай поэтикалық қолданыстардың жыраулар тілінде қолданылу, сақталу уәжін, келу көздерін түсіндіру. Маңғыстау ақын-жыраулары тіліндегі араб-парсы сөздерін екі үлкен топқа жіктеп көрсеттік: біріншіден, діни ұғым-түсініктерге байланысты сөздер, екіншіден, образдық, көркемдік мақсатта қолданылған авторлық қолданыстар. Олардың кейбіреуі қазақтың өз сөздері тәрізді тұлғалық жақтан өзгеріп, жалпы халыққа бірдей түсінікті сөздер болса, енді біреулерін арнайы діни сауаты бар адам ғана түсінеді және араб тіліндегі тұлғасын сақтап қолданылған сөздер. Зерттеу нәтижесінде жыраулар тіліндегі араб, парсы сөздерінің поэтикалық мақсатта, белгілі бір діни ұғым-түсініктерге байланысты қолданылғандығы, оның өзі жыраулардың біріншіден, ортаазиялық түркі әдеби дәстүрінен мол хабардар болғандығының, екіншіден, мұсылманша аса сауаттылығының көрсеткіші деген қорытынды ойға тоқталдық.

Түйін сөздер: жыраулар, араб-парсы сөздері, поэтикалық қолданыс, діни сөздер, жыраулық мәтін

Nurdauletova B.

*Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov,
Aktau city, Kazakhstan*

ARABIC-PERSIAN ELEMENTS IN THE LANGUAGE OF THE MANGISTAU ZHYRAU OF THE XVIII-XIX CENTURIES

Abstract

The purpose of the article is to clarify the sources of their appearance, use and preservation in the poetics of zhyrau by analyzing the etymology of words borrowed from the Arabic and Persian languages, found in the works of the zhyrau poets of Mangistau of the 18th-19th centuries. We have classified the Arabic-Persian words in the language of the Mangystau poets-zhyrau into two large groups: firstly, these are words associated with religious concepts; secondly, the author's figurative applications used for artistic purposes. If some of these words, which have changed in terms of form and have become similar to the original Kazakh words, are understandable for everyone, then other words are understandable only to people with a special religious education, since they have retained the form of the Arabic language. As a result of the study, we came to the conclusion that the use of Arabic, Persian words in the language of zhyrau poets for a poetic purpose, or in connection with certain religious concepts, indicates that the zhyrau poets, firstly, knew the Central Asian Turkic literary traditions, and secondly, were very literate in the field of the Muslim religion.

Keywords: storytellers, Arabic-Persian words, poetic usage, religious words, the text of the zhyrau poets

Нурдаулетова Б.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им Ш.Есенова,
г. Актау, Казахстан

АРАБСКО-ПЕРСИДСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ В ЯЗЫКЕ МАНГИСТАУСКИХ ЖЫРАУ XVIII-XIX ВЕКОВ

Аннотация

Цель статьи – путем анализа этимологии заимствованных с арабского и персидского языков слов, встречающихся в произведениях поэтов-жырау Мангистау XVIII-XIX веков, разъяснить источники их появления, употребления и сохранения в поэтике жырау. Мы классифицировали арабско-персидские слова в языке мангистауских поэтов-жырау на две большие группы: во-первых, это слова, связанные с религиозными понятиями; во-вторых, авторские образные применения, используемые с художественной целью. Если некоторые из этих слов, изменившиеся с точки зрения формы и ставшие похожими на исконно казахские слова, понятны для всех, то другие слова понятны только людям, имеющим специальное религиозное образование, поскольку они сохранили форму арабского языка. В результате исследования мы пришли к выводу о том, что использование в языке поэтов-жырау арабских, персидских слов с поэтической целью, либо в связи с определенными религиозными понятиями, свидетельствует о том, что поэты-жырау, во-первых, хорошо знали среднеазиатские тюркские литературные традиции, а во-вторых, были очень грамотными в сфере мусульманской религии.

Ключевые слова: сказители, арабско-персидские слова, поэтическое употребление, религиозные слова, текст поэтов-жырау

Кіріспе. Маңғыстау сөз зергерлері тілінде түрлі себептермен сақталып қалған көненің көзіндей сөздер мен сөзқолданыстар қазіргі әдеби тіл үшін тосын болып көрінуі мүмкін. Мұндай тіл өрнектерінің бірқатары жергілікті тіл ерекшелігі ретінде қаралып келді. Біз қарастырған ерекше сөздер – тек диалектілік ерекшелік аясына сыймайтын, белгілі бір жыраулық дәстүр тудырған поэтикалық тілдің туындылары және олар жеке-дара сөздер емес, келу уәжі, сақталу себептері, тарихи-лингвистикалық тұрғыдан түсіндіруді, зерттеуді талап ететін жүйелі құбылыс.

Қазіргі таңда мәтінтану ғылымында көне немесе тарихи мұралардың мәтінін зерттеудің өзіндік ерекшелігі назарға ие болып отыр. Жыраулық дәстүр туғызған поэтикалық мәтіндердің (жырлардың) жазбаша мәтіндерден бірнеше басты айырмасы бар: біріншіден, бастапқы нұсқасы ауызша шығарылып, біршама уақыттардан кейін (ғасырлардан кейін) жазуға түсірілгендіктен, бір шығарманың бірнеше мәтіндік нұсқалары бар, екіншіден, тыңдаушысына әлденеше жырау-жыршылардың (олардың өзі әр кезеңде өмір сүруі мүмкін) орындауымен тарап, жеткендіктен түрлі авторлық қолтаңбалардың болуы заңды, үшіншіден, XX ғасырда жыраулық мәтіндердің «екінші өмірі», яғни хатқа түсу кезеңі басталды. Жыр мәтіндерінің ауызша ғұмырындағы мәтіндік тағдыры жыр мектебінің (әрине, жырау не жыршының) стиліне, ұстанымына, жырды тыңдаушы ортаның танымы мен талғамына, қабілетіне қатысты болса, жазуға түскеннен кейінгі ахуалы араб, латын графикасынан кириллицаға көшіруде жазудың емле-ережелерінің қаншалықты түсініп, ұғынылуына, жазуға түсірушінің сауаттылық деңгейіне, баспалық нұсқалары ресми цензураның ықпалына, редактордың танымы мен ұстанымына байланысты болды. Бірақ осынша кедергілер мен күрделіліктерге қарамастан жыраулық дәстүрдің кеңістік пен уақытқа бағынбайтын өміршеңдігі, ұлт мәдениеті мен санасында үнемі сұраныста болуы жыр мәтіндерінің біздің дәуірімізге бастапқы қалпын қайта тауып, бағзылық сипатымен жетуіне себеп болды. Жырдың бағзылық қалпын бұзбай жеткізуде, әсіресе, Маңғыстау жырауларының дәстүрге беріктігі, осы өңірде ежелгі поэтикалық реалидің сақталып қалуы айрықша рөл атқарып отыр.

Зерттеуші Б.Әбілқасымов қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен сөздер ауысуын қандай да бір дәуірмен анықтау қиын екендігін айтады. Кейбір тарихшылар мен филологтар араб-парсы тілдерінен сөз ауысуды орта ғасырмен байланыстырады. Шынында да қазақ тілінде қаншама араб-парсы сөздері деп айдар тағылған қолданыстар бар. Олар қазақ тілінің фонетикалық заңдылығымен мүлде өзгеріп, қазақыланып кеткен тұлғалар. Әбілқасымов діни оқу-біліммен, мәдениетпен байланысты сөздердің XVIII-XIX ғасырларда панислам қозғалысы дәуірлеген тұста кіргенін айтады [59, 169]. Ал XIX

ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметі ислам дініне тежеу салып, жалпы панисламизмге қарсы белсенді күрес жүргізгені мәлім.

1868 жылғы патша үкіметі жариялаған «Ереже» бойынша қазақтың діни істері Орынбор мұфтиінің қарауына алынды. Молдалар жалпы азаматтық басқармаға, сол арқылы Ресейдің Ішкі Істер Министрлігіне бағынатын болды. Молдалардың молдалық атағын бекітетін, молдалықтан шығаратын облыстық басқарма болды. Патша үкіметінің рұқсатынсыз мешіт, медреселер салуға тыйым салған. Оның үстіне 1888 жылы оқу министрі граф Толстой қазақ даласында бірде-бір татар, башқұрт молдалары мен аудармашылары болмасын, олардың орнын орыс мектептерін бітірген (яғни шоқынған) қазақтар ауыстырсын, жергілікті билік өкілдері ресми жазбаларды орыс әліпбиімен қазақша жүргізсін деген бұйрық шығарады. Осындай жағдайлар араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне енуіне тежеу салған болуы керек. Қазақтың алғашқы баспасөзі – «Түркістан уәләяты» мен «Дала уәләяты» газеттерінде араб-парсы сөздерінің қолданылуы азайған, тіпті бірте-бірте тоқтатылған. [59]. Дей тұрғанмен, сол кезеңдегі баспасөзде, ауызша поэтикалық тілде халық ұғымына әбден сіңіп, оның қажетіне асып жүрген араб-парсы сөздері кеңінен қолданылды.

Зерттеудің әдістемесі. Жыраулар тіліндегі араб-парсы сөздеріне талдау жасау үшін категориалды және дискреттік, компонентті талдау әдістері қолданылды. Тілдік деректерді

Зерттеудің нәтижесі. Маңғыстау ақын-жыраулары тіліндегі араб-парсы сөздерін екі топқа бөліп қарастырамыз: 1. Ортаазиялық түркі әдеби дәстүрінің ықпалымен Маңғыстау сөзгерлері тілінде қалыптасқан көркем сөз оралымдары мен образдар; 2. Мұсылман дінінің қағидаларын түсіндіретін діни сөздер мен оралымдыр.

Біз тілін зерттеген сөз зергерлерінің дені мұсылманша сауатты болғаны мәлім. Сондықтан олар құран хадистерін жақсы біліп, ақындық сынға түскенде діни білім-дәрежелерін ортаға салып отырған. Мысалы Абылдың «Әліппесі» («Әліпте жиырма тоғыз келеді әліп; Атасы Өзірет-әлі Әбутәліп...»), Абылдың Нұрымды сынауы («Әріптің жиырма тоғыз әлхам басы, әлхамның бимен келер біссімилләсі. Мимнің күйрығы ұзын, төбесі ойық, Нұрымжан, осы ненін ишарасы?...») Нұрымның Қашағанға қоятын сауал-өлеңі («Нұрым мен Қашаған») т.б. шығармалар – осының дәлелі.

Өз шығармаларын жүйелі жазып отыруды дағдыға айналдыра қоймаса да, бұл сөз иелері араб харпін жақсы танып білген. Арабша сауатты, көзі ашық ерекше талант иелерінің сол араб жазуымен келген ортаазиялық көркем әдебиет үлгілерінен саналатын дастандарды да жақсы біліп, жатқа айтқандары хақ. Жалпы, сол дәуірде ортаазиялық жазба әдебиет үлгілерінің қазақтың көркем сөзіне қаншалықты әсер еткенін профессор М. Томанов былай деп көрсетеді: «...Сол араб, парсы тілдерінде жазылған, кейін ортаазиялық түркі әдеби тіліне аударылған көркем әдебиет үлгілері қазақ арасында араб жазуымен басылған кітаптар арқылы, солардың негізінде ауызша да тарады. Орта ғасырлық жазба әдебиет үлгілері — дастандардың ауызша варианттары осы жолмен келіп шығады. Бұлар кейбір тілдік ерекшеліктеріне қарамай, қазақ көркем әдебиетінің қорына қосылды да, бұлардың тілі көркем әдебиет тілінің үлгісіне айналды... Ал олар өз кезегінде ауызша шығаратын ақындар тілімен бізге ауыз әдебиеті тілінде ықпалын тигізбей қалған жоқ» [60, 3]. Маңғыстау өлкесінде діни кітаптармен қатар ортағасыр жазба әдебиет үлгілері, шағатай тілінің әдебиеттері кеңінен таралған. Осыған мысал ретінде Т. Жаңаевтың мынадай деректерін келтіре кетейік. Маңғыстауда Абдолла хазірет деген (1853-1918) Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген үлкен діни білім иесі болған. Бірнеше мешіттер, медреселер ашын, шәкірттер даярлаған. Кейіннен Кеңес үкіметі Абдолла хазіретті жер аударып Көкмешіттің бүкіл мүлкін тәркілеп, галан-таражғасалып, кітапханасын өртеп жібереді. Хазіреттің шәкірттерінің біреуі басын қатерге тігіп, кейбір кітаптарын аман алып қалған болуы керек, кейін Үбаев Атшыбай ақсақал көмулі кітаптардың үстінен түседі. «Абдолла хазірет пен оның әкесі молда Жаналыдан қалған «Құран», «Әптиек», «Мұқтасар», «Софы Аллаяр», «Нұрнама», «Қырықпарыз» оқулықтары, сондай-ақ араб, парсы, түрік, көне шағатай, тіпті башқұрт, татар тілдерінде жазылған кітаптар... Бүкіл мұсылман әлеміне белгілі «Мәнәфисұл», «Түрік шежіресі», «Хысасул-Әнбия», «Инсан», «Хұласати-Хесааб», «Факрил-Хорезм», Махмуд ибн Омар әл Замахшаридің бірнеше кітаптары, Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметі де болған» [61, 22], – дейді автор.

Осы өлкенің ауызша поэзиясында ортаазиялық түркі жазба әдебиетінің ерекше тілдік дәстүрінің қалыптасуына тағы бір себеп – ғасырлар бойы қарақалпақ, түрікмен халықтарымен іргелес отырып мәдени-әдеби байланыста болуы. Қарақалпақ қосукшылары, түрікмен шайырлары, маңғыстаулық жыршылар өмірде де, өнерде де үзеңгілес жүріп, бір-бірінен үйренген, қатар жырлаған. Ал бұл халықтардың көркем әдеби тілі Ортаазиялық түркі жазба әдеби тілі негізінде өркен жайғаны белгілі.

Сөйтіп, аталған өлке жыраулар тіліндегі көркем образды арабизмдер мен парсизмдердің түп-төркіні, негізінен, ортаазиялық түркі әдеби тілінің әсері деп бағалануы тиіс. Себебі: біріншіден, мұндай сөздер тұрмыстық лексикаға жатпайды, көркем үлгіде ғана қолданылатын сөздер. Екіншіден, көпшілігі араб, парсы тілдеріндегі бастапқы мәнінен мүлде алшақтап, өзгеше семантикалық реңк алған. Ал біз ден қойып отырған араб, парсы сөздерінің өзге өңір жыраулары тілінен кездеспеуі, кездесе қалса да басқаша мағынада қолданылуы әр өңірдегі жыраулық мектептің өзіндік сөз тізу дәстүрінің, сөз мағынасын қабылдаудағы түйсіну, дүниетаным ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін.

Талдау. Осы әдеби дәстүрдің әсерімен пайда болған арабизмдер мен парсизмдерге, шамамен, *қалал, пітне, шабаз, уәли, зият, пәнер, пәм, нәубет, зыбан, лазым, әспенн, әбутас, арзу, запыз, занта, зарп* сөздері жатады. Бұлардың ішінен *қалал* (һалал «адал, пәк»), *уәли* («білімді»), *зият* («қасиетті, текті»), *нәубет* («молшылық береке»), *арзу* («құмар, құштар») (26) сөздері біршама атауыштық ұғымда қолданылса, өзгелері суреттемелік, бейнелеуіштік қызметінде жұмсалады. Осы қызметте бұл сөздер бастапқы мәнінен мүлде басқаша сипатқа ие болған. Мысалы, парсылық збан «тіл» деген сөзі Аралбай ақында: «Қайғы толса қалыбына, Ұшқындап шығар *зыбаннан*», – деп келсе, Ізбаста: «Әлеумет тұрса анталап, Ауыздан шыққан *зыбаннан*», – түрінде қолданылады. Бірінші контекстегі мағынасы «көңілдің тереңінен» дегенді, екінші контекстегі мағынасы «лебіз, үн, дауыс», сондай-ақ «жыр, өлең» дегенді білдіріп тұр.

Л.З.Будаговтың мәліметіне сүйенсек, парсының 1) тіл, 2) сөз, әңгіме дегенді білдіретін *зыбан* сөзінің бастапқы заттық мағынасы абстракцияланып, түрліше поэтикалық мәнге ие болған: збан нұр – «тіл, сөйлеу, әңгіме, сөзшен, шешен»; збандан – «ақын», «бірнеше тіл білетін адам»; збандаран – «көп сөйлейтін мыжың»; фринзбан – «өтірікші, суайт» [, 603].

Маңғыстау жыраулары тілінде «үн, жыр, әуен, әуез» мағыналарында жұмсалады:

Қайғы толса қалыбына,

Ұшқындап шығар зыбаннан (Аралбай жырау) [, 218]

Әлеумет тұрса анталап,

Ауыздан шыққан зыбаннан

Ортаңызда отырып,

Тарқатайын құмардан. (Ізбас ақын) [, 446]

Бастапқы «тіл» мағынасы *ауыздан шыққан зыбан, зыбаннан ұшқындап шығу* тіркестерімен метафораланып тұр. «Тіл» дегеніміз — нақты зат атауын білдірсе, *зыбан* сөзінің кейінгі мағыналары нақтылықта абстракцияланған ұғымдар. Бірақ осы абстракциялы бейнелеудің өзі бастапқы заттың қызметінен шығып тұр (семасиологиядағы функционалды-семантика заңы).

Айтқыш тақ-тақ жыршы өтті,

Сөз *лазымын* кезенген [12, 17].

Араб тілінде *лазым* «ен керекті, қажетті» деген мағынада. Сондай-ақ күнделікті қолданыста *ләзім* (барғаның ләзім) «жөн, қажет» дегенді білдіреді. Ал жыршы «сөз лазымын кезену» тіркесімен «сөздің ең керегін, өткірін, төтесін» қолдануды айтып отыр.

Арабтың «фитнә» сөзінің қазақшаланған тұлғасы – *пітне* Маңғыстау ақын-жыраулары тілінде жиі қолданыста бар.

Қашағанның:

Пітне көңіл белгісі -

Құпия сөйлеп ыржиған, -

дегенінде «құпия сөйлеп ыржию» шынын ашып айтпай, өтірік күліп, алдап, арбауды меңзейді.

Ақын ендігі бір өлеңінде:

Әуелден жазған санаңыз,

Санаңыз келді жақындап,

Пітнәні кеттік мақұлдап

Пітнәні көрмей қайтылған,

Сол кісілер ақылды-ақ, – дейді. Бұл жерде *пітнәні* мақұлдау — «аярлық, алдамшы, жаман жолға түсу» мағынасына саяды. Сәттіғұлда:

Бұ заман азбай не қылсын,

Бітінә бұзық көбейіп,

Жер үстіне тақ толды [12, 340].

Питне сөзінің «Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте» 4 түрлі мағынасы беріледі: 1. «таңғажайып, таңқаларлық, бойтартарлық» (тылсым, үрей туғызатындай жұмбақ болса керек). 2. «еліктіруші, арбаушы, алдамшы». 3. «көтеріліс, бүліншілік». 4. «ақылсыздық» [62].

Ауызекі тілдегі «кішкентай, болымсыз» мәнін беретін *питнедей* сөзі де *питнадан* шықса керек. Сонда *питна* сөзінің семантикалық құрылымы мына түрде болады: «кішкентай» > «тар», осы мағынаның абстракциялануы арқылы: «көңілі тар, пейілі тар» > «ақылсыздық» (ақылды адамның пейілі де кең болу керек) > «аяр, алдамшы» (ақылы жоқ адам елді бүлдіреді, аярлық жолға түседі) > «бүліншілік». Дамудың қай түрі болмасын (мейлі ақыл-ойдың, мейлі қоғамның немесе сөз мағынасының) аздан көпке, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде жүзеге асады. Сөз мағынасының бастапқы төркінінен алшақтап мүлде басқа мағынаға ие болуы, жаңа сөз ретінде қалыптасуы осы сатылай дамудан, неғұрлым сатылы мағына ұлғайған сайын бастапқы саты үзіледі, байланыс көмескіленеді. Тілдегі *омонимия құбылысы* – сөздердің мағыналық дамуы арқылы бастапқы мен соңғының алшақтауы болса, *синонимия құбылысы* – о басында түрліше дыбыстық құрылымдағы сөздердің мағыналық дамуы арқылы бір-біріне жақындап, жанасуы.

Егер ортаңғы, аралық мағыналық сатыны білмесек, *питна* сөзінің «кішкентай, болымсыз» мағынасы мен «көтеріліс, бүліншілік» мағынасының арасында еш байланыс болмаған болар еді.

Сөз мағынасының сатылай дамуында мағына алшақтығы мүлде күшейіп, кейде сөз мағынасы бастапқыға қарама-қарсы полюске шығып кетеді (жағымды, жағымсыздық тұрғысынан). Арабтың «ашық, елден ерек, қасиетті» дегенді білдіретін *zahip* сөзі Қашағанның:

Бұл қазақтың ішінен
Шешендер өтті толғаған.
Уәлилер өтті *зайырлы*,
Болашақ алдын болжаған, –
дегенінде «білімдар, елден-ерек қасиетті» мағынасын береді.
Ал Қалниязда басқаша мәнін көреміз:
Әнеттің ұлы Ер Төлеп,
Ер Шабаймеп бірігіп.
Көрсетті сонда *зайырды-ай*.

Енді «зайырын көрсету», «елден ерек күшін көрсету, өктемдігін білдіру» болып шығады. «*Ер Тарғын «жырында: Көрмесеніз Тарғынның, Көрсетейін зайырын, - деп келеді. «Білімді, қасиетті» деген жағымды мағынасы болғанмен, «күш көрсету, көктемдік таныту» барлық уақытта жағымды бола алмайды.*

Парсының «тазалық, пәктік» мәнін беретін *асмәт* сөзі осы өңір жыраулары тілінде «биік, жоғары» ұғымында да («*әспенттен биік қарағай*»), «әлпештеу, аялау», «кадірлі» дегенді білдіру үшін де («*Айрылдың әспенттеген перзентіңнен*») қолданылады. Қарапайым қолданыста *әспеттеу* сөзі «әшекейлеу, көркемдеу» мағынасын береді.

Зарп арабтың «сокқы (избиение, удар, биение)» мағынасындағы сөзі [59, 117]. Өзбек тілінде «зиян, залал», қырғыз тілінде «сокқы, ауыр, қиын» деген ұғымда келеді. Ал Маңғыстау сөз зергерлері аталған сөзді негізгі мағынасын поэтикаландырып, бірнеше образда қолданады: 1. «кесірінен, әсерінен» (*Мамырын төгіп қаз бен қу, Көлге мекен ете алмас, Ақсұңқар құстың зарпынан [12, 160], Ақтан*). 2. «көңілдің тереңінен, көңілімдегі қайғы-шерімнен» (*Бір-екі ауыз айтайын, Көңілімнің зарпынан [12, 100], Аралбай*). 3. «тегінен, құрамынан, маңызынан» (*Атамыз адам жаралған, Топырақтың зарпынан [12, 100], Аралбай*). Көрсетілген мағыналарының ішінде үшінші мағына («топырақтың тегі, құрамы») өзге мағынадан мүлде алшақ, жуыспайтын тәрізді. Егер адамның ойлау, қабылдап, соны қорыту жүйесінің өте күрделі екенін ескерсек, байланыстырушы желіні табу қиын емес. Көңілдің тереңінде жатқан – ой, қайғы-шер. Ен маңызды, салмақты ой ғана тереңде жатады. Ал Адам-ата жаратылған топырақ жай топырақ емес, топырақтың ен маңыздысы, асылы. Олай болса, «көңілдің зарпы» ұғымы мен «топырақтың зарпы» ұғымының арасында логикалық байланыс бар.

Жыраулар тілінде мұсылман дінінің қағидаларын танытуға арналған діни терминдер мен Құранның аяттарынан келтірілген үзінділер, дүниенің жаратылуы, құрылымын түсіндіретін атаулар жеткілікті қолданылған.

Қорытынды. Тілдің басты қызметі оның қарым-қатынас бола білу, яғни коммуникативтілігі екендігі белгілі. Бірақ тілдің адам өміріндегі күрделі құбылыс екендігін ескерсек, оның қарым-қатынас болудан да өзге маңызды қызметтері бар екендігін ескеруіміз қажет. Соның бірі – тілдің

кумулятивтік қызметі. Ол – сол тілде сөйлейтін халықтың ұлттық санасын, мәдени-тарихи тәжірибесін, дәстүрлік мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан заманға, бір тарихи кезеңнен екінші тарихи кезеңге жеткізіп, жалғастырып отыратын қызметі. XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінде қазіргі тілдік ортаға бейтаныс көне сөздерді талдау арқылы халықымыздың, оның тілінің тарихына қатысты мол деректер табуға болады. Мысалы, Маңғыстау жыраулары тіліндегі *ұб, қаржалу, ала жаулы, кіс, зүрият, аңлану, озал* қолданыстары Маңғыстауды мекендеген тайпалар тілінде оғыз, қыпшақтық, басқа да көне түркілік элементтердің сақталып қалғандығынан хабар береді немесе осы өңірді ежелгі заманда кімдер мекендегені туралы тарихи дерек береді. Немесе араб, парсы, орыс тілінен енген сөздердің тарихы Қазақстанның Батыс аймағында орналасқан Маңғыстау түбегі тұрғындарының басқа халықтармен саяси, мәдени, шаруашылық қарым-қатынасын көрсетеді.

Сонымен жыраулар тіліндегі араб-парсы элементтері – қарапайым сөйлесу тілінен емес, поэтикалық тілдің сөздік қорынан ауысып келген образды қолданыстар. Олар белгілі бір тіл дәстүрінде шындалып, семантикалық жақтан күрделеніп, тың образ тудырудың бірден-бір құралына айналған дей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қасымбек Б. Түркі тілдеріндегі аталымдардың сөзжасамдаық уәжділігі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2015 ж. № 3. - С. 66-71
- 2 Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.
- 3 Томанов М. Орта Азиялық түркі әдеби тілі мен қазақ әдеби тілінің байланысы мәселесіне// Шығыс филологиясының мәселелері. Алматы, 1984. – 3-19 бб.
- 4 Жаңаев Т. Тобанияз қыстауы. Алматы, 1999. – 285 б.
- 5 Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасының тілі. Ақтау, 2017. -266 б.
- 6 Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. –С-Петербург. 1871. 1т. 1869. Пт. 1871.
- 7 Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 2-кітап –Алматы: Ғылым, 1999. – 240 б.
- 8 Тіл таңбалы ақындар. –Ақтау: Дайк-Пресс, 2017. – 973 б.
- 9 Ақ берен. Құрастырған Қ.Сыдықов. Алматы: Жазушы, 1972. – 221 б.
- 10 Аманат . С. Жанғабылұлының шығармалары. Алматы: Ер Дәулет, 1996. – 382 б.
- 11 Арабша-қазақша сөздік. I том. –Алматы, 1984.
- 12 Батырлар жыры. Алматы: ҚазКөрМемБас., 1959. – 538 б.
- 13 Жеменей И.Парсыша-қазақша және қазақша-парсыша сөздік. – Алматы: Санат, 1994
- 14 Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. –Москва: Русский язык, 1984. -349с.
- 15 Нұрдәулетова Б. Көне күннің жыр құмбезі. Алматы: Жазушы, 2007. – 496 б.

МРНТИ 17 – 17. 07.41

Келгембаева Б., ¹Таңжарықова А.²

¹Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ АНИМИСТІК БАСТАУЛАР МЕН МИФОПОЭТИКА

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Жанат Әскербекқызының “Ай-тамғы” атты жыр жинағына енген лирикалық туындылары негізінде мифопоэтика мәселесі сөз болады. Мифопоэтиканың әдебиеттану ғылымының ішкі саласы ретінде қалыптасу тарихына шолу жасалады. Сондай-ақ, Ай культінің қазақ халқының дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен фольклорындағы орны жалпы адамзатқа ортақ анимистік дүниетаным іздерімен сабақтастықта қаралады. Төл әдебиетіміздегі Ай бейнесінің поэтикалық қызметін Еуропа әдебиетіндегі танымал романтиктердің поэзиялық туындыларымен салыстыра талданады. Поэзияда Ай табиғатын қабылдау мен бейнелеудегі авторлық ерекшеліктермен қатар, Ай образын поэзия тіліне көшірудің типологиялық белгілерін аңдатады. Ақын лирикасындағы Ай бейнесінің мифологиялық негіздерімен Ай сарынының авторлық түсіндірмесі талданады. Қаламгердің стилдік даралығы менақикат болмысты поэтикалық тұрғыдан қабылдау ерекшелігі айқындалады. Төл поэзиямыздағы мифопоэтика дәстүрі мен қазіргі қазақ жырының көркемдік-эстетикалық табысы туралы ғылыми негізделген ой айтылады.

Түйін сөздер: Жанат Әскербекқызы, лирика, поэзия, мифология, мифопоэтика, анимизм, ай образы

Kelgembayeva B., ¹ Tanzharykova A.²

¹ Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University,
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

² Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

ANIMISM AND MYTHOPOETICS OF ZHANAT ASKERBEK KYZY'S LYRICS

Abstract

The article deals with the problems of mythopoetics based on the lyrical works of the famous poetess Zhanat Askerbekkyzy, included in the collection of her poems “AI-tamgy”. The authors make a historical review of the formation of mythopoetics as an independent section of literary criticism. The role of the moon cult in the worldview and life, customs and folklore of the Kazakh people is analyzed. Their points of contact with traces of the chemical worldview in the folklore and traditions of the peoples of the world are revealed. The poetic function of the moon cult in Kazakh literature is compared with fragments of poetic works of famous romantics of European literature.

The author reveals the mythological origin of the image of the moon and the specifics of the interpretation of the image of the moon and lunar motifs in the poet's lyrics. An attempt is made to determine the stylistic originality and individuality of the poetic perception of this author. A literary analysis of the mythopoetic tradition in national poetry and artistic and aesthetic searches in modern Kazakh poetry is carried out.

Keywords: Zhanat Askerbekkyzy, lyrics, poetry, mythology, mythopoetics, the image of the Moon, animism

Келгембаева Б.,¹ Танжарыкова А.²

¹Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
г.Өскемен, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

АНИМИЗМ И МИФОПОЭТИКА ЛИРИКИ ЖАНАТ АСКЕРБЕККЫЗЫ

Аннотация

В статье рассмотрены проблемы мифопоэтики на материале лирических произведений известной поэтессы Жанат Аскербеккызы, вошедших в сборник ее стихов “Ай-тамғы”. Авторы делают исторический обзор становления мифопоэтики как самостоятельного раздела литературоведения. Анализируется роль культа Луны в мировоззрении и быте, обычаях и фольклоре казахского народа. Выявляются точки соприкосновения их со следами анимического мировоззрения в фольклоре и традициях народов мира. Поэтическая функция культа Луны в казахской литературе сравнивается с фрагментами поэтических произведений известных романтиков европейской литературы.

Раскрываются мифологическое начало образа Луны и специфика трактовки образа Луны и лунных мотивов в лирике поэта. Сделана попытка определения стилового своеобразие и индивидуальности поэтического восприятия данного автора. Осуществляется литературный анализ мифопоэтической традиций в национальной поэзии и художественно-эстетических исканий в современной казахской поэзии.

Ключевые слова: Жанат Әскербекқызы, лирика, поэзия, мифология, мифопоэтика, анимизм, образ Луны.

Кіріспе. Ұлттық сөз өнеріндегі мифтің поэтикалық қызметін зерттеу, оның жекелеген қаламгерлер шығармашылығындағы көркемдік-идеялық жүгін саралау – әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені, бұл бағыттағы ізденістер сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық табыстарын танытып қана қоймай, сонымен қатар, рухани мұраларымыздың дәстүрлі сабақтастығын әр қырынан талдау арқылы тарихи зердемізді жаңғыртуға, санамызды серпілтуге жол ашады. Рухани тамырларымызды зерттей, халықтың іштей түлеуі, өзін-өзі тану жолына түсуі мүмкін емес. Философ А. Қасымжановтың сөзімен айтсақ, “Рухани байлық әр халықты толық сақтап қалатын және өмір сүру құрын дәлелдейтін қайнар бұлақ... Әрине, руханилық көріністер де әр түрлі формалы, ол – қарапайым саналылық пен ырымшылдық, халық санасының жалпы бағдарының төменнен, тереңнен бағышталуы, интеллектуалдар мен ақындардың арман-қиялының, абстракциясының ең биік формасы ретінде байқалуы мүмкін” [1, 15]. Поэзиядағы мифтің орны мен жалпы мифопоэтика жайлы тың ізденістер қатарының молаюы рухани бастауларымызға ден қою, халықтың рухын ояту, мәңгірттенуден сақтандыру және қазіргі қаламгерлеріміздің көркемдік ізденіс-жетістіктерін бағамдау талаптарынан туындайтыны сөзсіз.

Ұсынылып отырған мақалада Жанат Әскербекқызының 2014 жылы шыққан “Ай-тамғы” жинағындағы кейбір өлеңдерінің мысалында мифопоэтика жайында сөз егуді мақсат тұттық. Нақты айтқанда, анимистік дүниетаным мен ақын лирикасындағы Ай образы мен Ай сарынының лирикалық кейіпкердің ішкі әлемін, сезім құбылыстарын бейнелеудегі және егіздеу, кейіптеу, метафора, айқындау сынды бейнелеу құралдарын қалыптастырудағы ролін талдауға тырыстық. “Ай тамғы” жинағында ақын жанының Аймен егізделген сырлы суреттері лирикалық қаһарманның түнгі аспанның аруы Аймен сырласу, Айға мұң шағу, Айдан медет тілеу, “ақыл мен сезім арбасқан сәттердегі” жүрек лүпілі ретінде бедерленеді. Лирикалық кейіпкер жан дүниесінің Ай образы арқылы айшықталуы жинаққа енген 50-ден аса өлеңге тән. Ақынның осы өлеңдері анимизмнің, Ай культінің қазіргі поэзиядағы көркемдік қызметі жайлы ғылыми ой түюге негіз бола алады.

Жас ақындардың «Қарлығаш» атты жинағына енген балаң жырларымен поэзия көкжиегінен жарқырай көрінген ақын қыздың қаламынан “Ғарыш билер ғұмырымды” (1999), “Қаракөз бұлақ” (2001), “Қаңтардағы қызыл гүл”, “Көк түріктер әуені” (2002), “Қаз қанатындағы ғұмыр” (2007), “Ай-тамғы” (2014) сынды жинақтар туды. Ақын жырлары 1980 жылдардан бергі уақытта бірнеше ұрпақтың эстетикалық талғам-таразысын, тарихи танымын қалыптастырып, рухани ләззат сыйлап келеді. Ай маңдайлы ақын қыз терең де нәзік сыршылдығымен, айшықты тіл, мифтік-ертегілік

сюжет, ғарыштық тылсым суреттерге толы сұлу жырларымен оқырманның көзайымына айналды. Оның жырларына қазақ әдебиетінің абызы Әбіш Кекілбай: “Айлы түндегі арудың мойнындағы моншақтардай жақұт жырлар” деп дәл бағасын береді [2, 3]. Ал ақын Әбіл-Серік Әлиақбар: “Оның жырларында өзіне ғана тән терең де қылдай нәзік сыршылдық, бағзыдан сыр тартатын ұлттық магия мен мифтік дүниетанымның тылсым дүниелік саздары, Алтайдың асыл жауһары грек жазбаларында сөз болатын көне Скифтік аңыздар... жарасымды көрініс тапқан”, - дейді [3, 3]. Бір “Ай-тамғы” емес, оның қаламынан туған өзге жинақтарындағы өлеңдері де қазақ халқының рухани тамырларымен, мифтік сана-сезімімен тереңнен сабақтасып келетін текті жырлар санатында.

Әдістеме. Мақаланы жазу барысында талдау, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық зерттеу әдістерін таңдап алдық. Біз таңдаған әдістер анимизм мен Ай культінің қазақ халқының дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен фольклорындағы орнын жалпы адамзатқа ортақ анимистік дүниетаным іздерімен, Ай культінің фольклор мен сөз өнеріндегі көріністерін типологиялық құбылыстар ретінде салыстыра қарауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Бұқар, Абай, Мағжан, Шәкәрім, Мұқағалилардың жырларынан алынған үзінділер төл әдебиетіміздегі Ай бейнесінің тарихи қалыптасқан маңызды поэтикалық қызметін дәлелдейді. Еуропа әдебиетіндегі танымал романтиктердің поэзиялық туындыларының фрагменттері Ай табиғатын қабылдау мен бейнелеудегі авторлық ерекшеліктермен қатар, Ай образын поэзия тіліне көшірудің типологиялық белгілерін аңдатады. Жанат ақынның өз өлеңдерін салыстыра талдау ақын шығармашылығын тереңдей түсініп, қаламгердің адами болмысы, ақындық табиғаты туралы ой түюге жол ашады.

Нәтижелер. Қазақ халқының анимистік (мифтік) танымын талдау, оның фольклор мен сөз өнерінен алатын орны туралы ғылыми зерттеулердің кешегісі мен бүгінгісін шола қарасақ, арнасы кең ізденістер мен іргелі жетістіктердің куәсі боламыз. Ұлттық мифологияны зерттеу ісі Шоқан Уәлиханов еңбектерінен бастау алғаны белгілі. Одан кейінгі дәуірлерде М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Е.Тұрсынов сынды ғалымдардың фольклор мен сөз өнерінің тарихы мен теориясына арналған еңбектерінде анимизм мен көркемдік ойлау жүйесінің сабақтастығы жанама түрде талқыланып келді.

Академик С.Қасқабасов қазақ фольклорындағы миф жанрының табиғатын арнайы зерттеп, анимизмге анықтама береді. Ғалым Ай культіне қатысты миф сюжеттерін талдап, оларды рух-иелік мифтер тобына жатқызады. Қазақ мифтерінің (соның ішінде Ай, Күн, жұлдыздарға байланысты ғарыштық мифтердің) ғылыми айналысқа енуіндегі Ш.Ыбыраевтың басқаруымен құрастырылған “Қазақтың мифтік әңгімелері” атты жинақтың ғылыми мәнін атап өтуге тиіспіз. С.Қондыбайдың “Арғы қазақ мифологиясы” атты 4 томдық кітабы ұлттық мифологияның дамуындағы жаңа кезең болды. Бұл еңбектердің барлығы анимизм табиғатын түсінуге, Ай культінің поэзиядағы Ай образы мен Ай сарынының тууына, бейнелеу құралдарының қалыптасуына байланысты ғылыми ой түюге негіз болады. Миф пен бейнелеу жүйесінің, мифтің жекелеген қаламгерлер шығармашылығындағы көркемдік қызметін талдаған А.Жақсылықовтың, С.Негимовтің, Г.Пірәлиеваның, А.Мәуленовтің, Л.Мұсалының, т.б. зерттеулерінің ғылыми мәні зор. Өзіміз сөз етіп отырған “Ай-тамғы” жыр жинағының авторы ақын, әрі ғалым Жанат Әскербекқызының “Миф дүниесі және көркемдік әлем” (2004), “Даңғыл” (2007), “Көркемдік өріс” (2008), “Мифтің поэтикадағы қызметі” (2010), “Әдебиет әлемінде (ғылыми зерттеулер, 2012), “Поэзия и миф” (2014), “Миф. Мифология. Мифопоэтика” (2016) атты ғылыми еңбектері мен мақалалары мифопоэтика теориясын қалыптастыруға негіз болды деп батыл айта аламыз. Жанат Әскербекқызының мифтанушы ретіндегі ғылыми пікірлері көркем шығармашылығында да айқын көрініс тауып отыратынын ерекше бөліп айтқымыз келеді. Мифопоэтика саласындағы барлық зерттеулерді тізбелеу мақаланың мақсатына жатпайды. Сондықтан біз осы саладағы негізгі еңбектерді атап өтумен шектеліп, әңгіме ауанын Жанат Әскербекқызы поэзиясының зерттелуіне қарай бұрайық. Қаламгер шығармашылығы хақында жекелеген мақалалар, рецензиялар қатары біршама. Ақын поэзиясын арнайы қарастырған магистрлік диссертациялар да бар. Бүгінгі қазақ жырының төрінен орын алатын сыршыл суреткердің дара қолтаңбасы мен көркемдік әлемін түсінуде Ә.Кекілбай, Р.Нұрғали, Б. Майтанов, Ж.Дәдебаев, Б.Жақып сынды әдебиет білгірлерінің пікірлері құнды.

Мерзімді басылымдарда жарияланған Ж.Мәмбетов, Ж. Әубәкір, А. Құдайберген, С.Қасенов, Т.Қамзин, Б.Жанайхан, С. Ержанова т.б. сыншылар ақын лирикасындағы фольклорлық нақыш, мифтік-ертегілік сарындар мен образдарды қолдану шеберлігін талдап, оның қаламына тән бейнелілік пен психологизм, көне түркілік бастаулар жөнінде әр қырынан сөз етеді. Сөз орайы келгенде, мақала авторының және шәкіртіміз С.Шамшикенованың қаламгер шығармашылығындағы

фольклорлық сюжеттер мен сарындарды талқылаған бірнеше мақаласы жарық көргенін айта кетейік. Дегенмен, суреткер сомдаған сырлы поэзияға қызығушылық өсіп келеді. Әсіресе, ақындық табиғатын танытатын ғарыштық сарын, Ай бейнесінің мифтік сана, анимистік таныммен байланысы, олардың авторлық интерпретациясы ұлттық поэзияның көркемдік қуатын бағамдауға жанды материал болары сөзсіз.

Талқылау. Айды кие тұту, тылсым сырын ұғуға құштарлық, өнер тілінде бейнелеуге ұмтылу адамзаттың мифологиялық ойлау жүйесіне тән. Арғы қазақ мифологиясын зерттеген ғалым С.Қондыбай: “Ай – палеолит, жалпы тас ғасырының адам танымының аса маңызды нысаны, ол ежелгі адамдардың мифтік комплексінде ұзақ уақыт бойына үстемдік құрды. Бұл – Ай культінің заманы”, - дейді [4, 20]. Әлем халықтарының мифологиялық танымы көркемдік танымға ұласқан дәуірлерде Ай культі поэтикалық ойлау жүйесінен маңызды орын иеленгені белгілі. Мифтік сана бойынша адамзаттың аялы бесігі табиғат тірі, саналы рух түрінде қабылданды. Көне түркілер табиғатқа жекелей және жалпылай табынды, кие тұтты. Ай – алғашқы адамның назарын өзіне мейлінше жиі аударып, дүниенің жаратылуы мен ғарыш, адам мен ақиқат болмыс, табиғат құбылыстары хақындағы алғашқы пайымдауларының басты тақырыбы болған табиғат нысаны. Қазақтардың экологиялық танымынан алар орны ерекше ғарыш шырағы. Этнографиялық зерттеулерге сүйенсек, көшпелілер Айға қарап ауа-райы құбылыстарын алдын-ала болжап, тәулік мезетін анықтайтын болған. Этнограф ғалым А.Сейдімбек: “... аспандағы Ай мен Үркерді негізгі жеке ете отырып тоғыс есебін жүргізуі, тоғыс есебі бойынша ауа-райының құбылыстарын алдын-ала болжауы, яғни амалдарды біліп отыруы, міне мұның бәрі тек қана уақыт есебін білу үшін емес, сонымен бірге кеңістік аясындағы табиғат құбылыстарының жай-жапсарын біліп отыру үшін де қажет болған”, - деген маңызды дерек келтіреді [5, 155].

Қазақ халқының фольклорында Айға қатысты “Ай қораланса арысыңды сайла, Күн қораланса күрегінді сайла”, “Ай қырынан туса, айбалтаңды сайла, Ай шалқасынан туса, күрегінді сайла”, “Айдың тік туғаны халыққа жайлы, Шалқасынан туғаны өзіне жайлы” т.б. көптеген мақал-мәтелдер халықтың күнделікті тіршілік әрекеттерін жыл мезгілі, маусым мен уақыт мезетіне орай үйлестіруде Айдың қаншалықты маңызды болғанын дәлелдей түседі. Сондай-ақ, Айға байланысты бата-тілектердің, ырым-тыйымдардың, мифтік сюжеттердің молынан ұшырасуы далалық дүниетаным мен тыныс-тіршіліктегі Ай культінің үстемдігіне ден қойдырады. Мәселен, “Айды қолыңмен көрсетпе”, “Ай сәулесін бетіңе түсіртпе”, “Ай толғанда желі тартпа”, “Ай толғанда көшпе”, “Ай толғанда қыз ұзатпа”, “Ай толғанда үй тікпе” деген сынды көптеген тыйымдар халықтың Айдың Адам тағдыры мен Табиғат құбылыстарына ықпал етуші тылсым энергетикалық күші, тіпті мистикалық ғарыштық қуаты туралы мифтік дүниетанымымен сабақтасып жатқаны анық.

Айды адами болмыс, мінез-әрекетке ие етіп бейнелеу мифтік әңгімелерден (ертегі, аңыз, хикаят т.б.) бастау алады. Ғарыштық мифтерде Ай – сұлу қыз, Күн – оның әпкесі (кейде екеуі ерлі-зайыпты), жұлдыздар (Үркер шоқжұлдызы) – оның (олардың – Күн мен Айдың) балалары етіп суреттеледі. Айдың сұлулығын қызғанған Күн оның бетін тырнап алып, Ай бетіндегі дақтар содан қалған деседі, осы оқиғадан соң Ай мен Күн аспан көгінде бір-бірімен ұшыраспайтын болыпты-мыс. Қазақ фольклорында Ай мен Күн, Ай мен жұлдыздар, Ай мен Шолпанға, Үркерге қатысты түрлі мифтік сюжеттер сақталған. Бұл сюжеттердің барлығында Ай адамға тән мінез-құлық, әрекеттерімен тұлғалана суреттеледі. Ғарыштық мифтер, Айға қатысты мифтік таным іздері ұлттық лириканың бастауы қара өлеңдерде де сақталған. Халықтық лирикада Үркер шоқжұлдызы – Айдың ұлдары, ал Шолпан оның қызы ретінде жырға қосылады:

“Үркер Айдың ұлдары, Шолпан – қызы,

Қауыспенен қатады Сырдың мұзы.

Жамалыңа қарасам жан жетпейді,

Секілдісің бейне бір жер жұлдызы”. [6, 203]

Ғарыш шырақтарының бірегей бейнесі – төл сөз өнері мен әлем әдебиетінде кең тараған көркемдік қуаты мол, экспрессивтік мәнерлілігі айрықша поэтикалық образ. Мифолог-ғалым А.Н.Афанасьевтің пікіріне жүгінсек, “Күн, Ай, Жұлдыз таза адамгершіліктің, рухани нұрлылықтың символы” [7, 160]. Ал академик Әлкей Марғұлан қазақ пен монғол халықтарына ортақ Ай, Жұлдыз сынды символ сөздердің ішкі мағынасын: “Ай – сұлулық, сана ишарасы болған; Жұлдыз – мереке, ойын-сауық, жастық белгісі болған”, - деп тарақатады [8, 19]. Бұл символдар кейінгі дәуірлерде көркемдік ойлау жүйесінде адам болмысы мен оның ішкі сырларын танытудың, поэзияда лирикалық

кейіпкердің сезім дүниесіндегі қат-қабат құбылыстарды бейнелеп берудің кең өрісті амалына айналған.

Еуропа әдебиетінде Айды поэтикалық ойдың қазығы ету антикалық әдебиеттің атасы Гомерден басталып, романтизм дәуірінде адам болмысының қат-қабат сырларын бейнелеп берудің, психологизм мен суреттіліктің басты құралына айналды. Адамның абсолютті еркіндігі, асқақ рухы мен сүйіспеншілігін жырлауда орталық персонаж ретінде бой көрсетті. Сөзіміз дәлелді болу үшін әр түрлі жанрлардан бірнеше мысал келтіре кетейік. Антикалық неміс поэзиясының көрнекті өкілі Сафо (630 – 572/570 ж.ж. өмір сүрген) лирикасында:

*Близ луны прекрасной тускнеют звезды,
Покрывалом лик лучезарный кроют,
Чтоб она одна всей земле светила
Полною славой.*

Немесе:

Уж месяц зашел;

Плеяды Зашли...

И настала полночь.

И час миновал урочный...

Одной мне уснуть на ложе![9, 196] (Вяч. Ивановтың аудармасы)

Шекспирдің “Ромео и Джульетта” трагедиясында ғашықтардың түнгі бақтағы сырласу сәтінде Ромео Джульетта махаббатына Айды куә етеді:

Мой друг, клянусь сияющей луной,

Посеребрившей кончики деревьев...

Джульетта:

О, не клянись луною, в месяц раз

Меняющейся, - это путь к изменам[10, 196] (Шекспир, (Б. Пастернактың аудармасы), - деген сөздерімен Айды өшпес махаббаттың емес, баянсыздықтың бейнесі деп қабылдайтынын ұқтырады.

Неміс романтизмінің көрнекті өкілі Шелли «Эпипсихидион» поэмасында Айдың ғажайып сұлулығын:

Царица звезд, чиста и холодна,

Твоя улыбка красит мир, Луна;

Твой пламень мягок, хоть и ледяной,

Меняясь, остаешься ты луной,-деп жырлайды[11, 18].

Келтірілген мысалдар әлем әдебиетінде Ай бейнесінің барлық жанрларда қаншалықты өнімді қолданылғанын дәлелдейді. Романтикалық әдебиеттегі Ай образының көркемдік қызметі жайлы А.Сапелькиннің: “У английских и немецких романтиков луна не только выражает состояние души, но и задает его. Вид луны, характер ее появления на небе, реакция, которую она вызывает, предопределяет настроение персонажа, образ его мыслей или действий, характер ситуации, а от этого – дальнейший ход повествования или даже развитие сюжета (если речь идет не о чистой лирике)”[12,18],-деген пікірмен толық келісетін болады.

Әлем әдебиеті мен ұлттық сөз өнерінде Ай мәңгіліктің (немесе тұрақсыздықтың) сұлулықтың, кіршіксіз рухани әлем мен сезім дүниесінің, жан жұмбақтарының ишарасы, жалған дүниенің тірлігі мен түйткілдерінен ада рухани асқақтықтың, махаббаттың, мұңның, рухани жалғыздықтың, даралықтың бейнесі ретінде күні бүгінге дейін өнімді қолданылып келеді:

Айналасын жер тұтқан

Айды батпас деменіз[13, 19];

Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай[14, 89];

Қайғылы Ай, мен де сенің қайғыңа ортақ[14, 111];

Әбден толып жарық Ай,

Жоғарылап өрледі.

Таласып жарға байқамай,

Нұры кемін көрмеді.

Жар киесі атқан соң,

Секпіл түсті бетіне.

Асылық айтып шатқан соң,

Қаяу түсті шетіне[15, 208];

*Мен де жалғыз,
Аспанда Ай да жалғыз*[16,19].

Ай бейнесін айтылар поэтикалық ойдың қазығы ету мысалын әр ақынның шығармашылығынан табамыз десек қателеспеспіз. Біз ұсынған мысалдарда қаламгерлердің стилдік даралығы, суреткерлік концепциясы мен өлең идеясына байланысты Ай бейнесінің әртүрлі мәнімен ерекшелене суреттелгенін аңдаймыз. Бұқарда Ай бейнесі өмір диалектикасының, өзгермеліліктің, Мағжанда сұлулық пен тазалықтың, қайғының, Шәкәрімде махаббат мұңының, Мұқағалида жалғыздықтың символы ретінде өлең идеясын ашуға қызмет етіп тұр. Шәкәрім өлеңінде Ай мен Күннің арасындағы араздық, Күннің Ай бетіне дақ салуы туралы мифтік сюжет дәлме-дәл қайталанып, бірақ жаңаша интерпретациялаған. Демек, бұл мысалдарұлттық поэзиямыздың дәстүрінде Ай бейнесінің аса маңызды поэтикалық образ болғандығына көз жеткізеді.

*Менің үнім емес бұл –
Айдың үні,
Мендік гұмыр емес бұл –
Ай гұмыры,
Бергі беті – Жалғанның күлкісі де,
Арғы беті – түнерген қайғы-мұңы...*[3, 19].

Бұл – Жанат Әскербекқызының “Ай-тамғы” жинағына енген жақұт жырлардың бірінен алынған үзінді. Келтірілген жыр жолдары әсершіл көңілдің әсіреқызыл сөзге әуестігі болмаса керек. Біздіңше, аспан әлемінің патшайымы Ай ару мен аймаңдайлы ақын қыз болмысының егізделе суреттелуінің сәтті мысалдарының бірі. Сонымен бірге ақынның ақиқат болмысты поэтикалық тұрғыдан қабылдау даралығы мен төл поэзиямыздың дәстүр жалғастығы, қазіргі қазақ жырының эстетикалық биігін бағамдауға негіз болатын сөз өнер туындыларының бірі.

Айға тән тылсым сұлулық, күміс нұр, сырлы сипаттар “Ай жалғыз да, жұлдыз көп”, “Ай нұрынан ақшыл желек бүркеніп”, “Жарты Ай жатыр ойға шомып бір ауыр”, “Ай көзінен жұлдыз тамшы сырғыса”, “Ай көңілі қаяулы”, “Қиық Ай көктен қиылып қарады”, “Айға қарап түнімен ақ қағазға төктім мұң”, “Ай жылады білдің бе, айнығаның бұл сенің”, “Ішкі дүнием – Ай тұтылған түн-әлем”, “Сағынған Ай, жұмбақ Ай, налыған Ай”, “Ақын жаны санамас Айды бөтен”, “Мен адаммын Айға айналған екенмін”, “Аймалаған Айға қылып құлшылық”, “Сен күнәһар салып кеткен Айға дақ” (Ж.Әскербекқызы, 2014) секілді сан алуан сыр, сан қилы әсер тудыратын айшықты жолдар – адами сезім, әрекеттерді табиғатқа тели суреттеудің және адам жанының небір нәзік түкпірлеріне терең бойлаудың бірегей мысалдары. Осы өлеңдердегі Айдың толыққанды персонаж немесе айтылар ойдың қазығы сөз-образ ретінде берілуі ойымызды дәйектей түседі. Ақын шығармашылығында Айдың және Түннің лирикалық персонаж дәрежесіне көтеріле суреттелуін талдау үшін “Түн” атты өлеңін толық келтірейік. Өлең лирикалық кейіпкер – Түн және Айдың (лирикалық кейіпкер мен екі бөлек лирикалық персонаждың) арасындағы сезімдер тартысына құрылады:

*Кербез жарық керілмей кері қайтсын,
Айтар сырын Ай саған сеніп айтсын.
Тереземнен кетеді сырт айналып
Мені қайтсін...
Аңсап жетер Ай сенің құшағыңды,
Біледі зой ынтыға құшарыңды.
Назарыңды мен жаққа салмағаның
Құса қылды.
Саған адал Ай ғана, білем оны,
Сенің тылсым құшағың – түнегені.
Қызғаныштан қызарып бейшара күн
Мың өледі.
Тірлігінен пенденің түйерің көп,
Көкірегіңде гажап бір күй өрілмек.
Талықсымын... басымды иығыңа
Сүйегім кеп...
... Аспан жұлдыз-көрпесін жайды жаңа,
Жым-жырт әлем жұмбақтау жайды ұға ма.
Сенің барқыт жанарың аймалайды*

Айды ғана...

Мәңгіліктің өлшемі – өзің бе едің?

Жұмбағыңа қанбайды көзім менің.

Әппақ Аймен қауышар сәттеріңде

Көз ілмедім... [3, 64]

Алты шумақтан тұратын осы өлеңде ақын лирикалық кейіпкердің жан әлеміндегі сезім пернелері мен көңіл күй әуендерін Түн мен Айға көшіріп, көзге көрінбейтін, тек түйсікпен танылатын адами сырларды оқырманна суреткерлікпен жеткізе білген. Өлеңде Түн мен Ай толыққанды персонаж ретінде бой көрсетеді. Өлеңнің алғашқы шумағынан-ақ Ай адамиланып, керілу, сыр айту, сырт айналу, аңсау, түнеу т.б. тәрізді кербез сұлуға (адамға) тән бұла мінез бен сезімге ие персонаж етіп суреттеледі. Ай сипаты “кербез жарық”, “әппақ Ай” тіркестері арқылы айқындала түскен. Түн махаббатына бөленген Айдың ерке қылықтары мен кербез қимылдары жалғыздықтың уын ішіп, мұң шәрбатын татқан, жанына демеу іздеген лирикалық кейіпкердің жан азабын тереңдете түседі. Түн Айға ғашық, назары Айға ғана тәуелді, соны ғана ыстық құшағына алуға, соған сенім артуға бейім. Ақынның поэтикалық түйсігі Түнді де адами болмыс иесі етіп бейнелейді. Түн Айдың сырын тыңдап, тек соны ыстық құшағына алып, барқыт жанарымен айналайды. Біздіңше, Түн – бір жағы лирикалық кейіпкердің нәзік те, сыршыл сезім дүниесінің ишарасы болса, екінші жағынан, мәңгіліктің, рухани нұрлылықтың поэтикалық бейнесі. Ақынның: “*Ішкі дүнием – Ай тұтылған түн-әлем*” деген лирикалық туындысында жасалған автометафора осы ойға тиянақ бола алады. Жанаттың лирикалық кейіпкері – ақылына емес, жүректің ырқына, сезіміне бағынуға бейім, әсершіл жан, жер бетіндегі жалған тірліктің жаршысы емес, мәңгіліктің, рухани әлемнің, табиғилықтың жыршысы. “*Талықсымын... басымды иығыңа / Сүйегім кеп...*” деген жолдар лирикалық қаһарман болмысының сезімге тәуелділігін дәл аңғартады. Түн – лирикалық кейіпкердің аңсары. Оның көңіл күйі мен ой-сезімі толықтай Түнге ауған. Бірақ лирикалық кейіпкердің жан қалауы Түн тарапынан ескерусіз қалып, оның күйзелісін арттырады. “*Назарыңды мен жаққа салмағаның / Құса қылды*” деген жолдар мен оның Түнге деген қызғаныш сезімін білдіретін “*Қызғаныштан қызарып бейшара күн / Мың өледі*” деп Күнді кейіптеу арқылы лирикалық қаһарманның сезім драмасы үстемелене түседі. Лирикалық кейіпкердің сезім күйі Күнге ауыстырылады. Келесі шумақта лирикалық кейіпкердің жан әлеміндегі қайшылық одан әрі өрістей түсіп:

Мәңгіліктің өлшемі – өзің бе едің?

Жұмбағыңа қанбайды көзім менің.

Әппақ Аймен қауышар сәттеріңде

Көз ілмедім...

деген жолдармен түйінделіп, шарықтау шегіне жеткізіледі. Лирикалық кейіпкер ақылға бағынышты пенделік тірліктен гөрі, азабы ауыр болса да сезім дүниесімен бірлікті, рухани асқақтыққа алады. Екінші қырынан алғанда ақын танымындағы Түн – мәңгіліктің өлшемі. Жалғандық, пенделік емес, ғарыштық аядағы күрделі ұғымдардың символы. Өлеңдегі лирикалық қаһарман болмысынан рухани ізгілікті шарқ ұрып іздейтін ақынның өз болмысы, күллі әлемде тек қаламымен оңаша қалатын ғажайып сәттерді аңсауы танылғандай. Аталған өлеңге қатысты ойымызды түйіндесек, лирикалық шығарма – мәңгілік ақындық (адами) жалғыздық сарынындағы қазіргі эллегияның бірегей үлгісі. Адам жанының ең нәзік, ең құпия қабаттарына терең бойлай білген суреткерлік сұңғылалықтың жанды мысалы. Ақын осы өлеңінде ата-бабаларымыздың табиғатты тірі рух иесі ретінде қабылдаған көне танымын өнерпаздықпен жалғастыра, жаңғырта келе ойды бейнелі, тұспалды жеткізудің шебер үлгісін таныта білген.

Жанат Әскербекқызының көңіл күйі, махаббат лирикасында Ай образы басқа да күрделі сипаттарымен көзге түседі. Бірде Ай – сұлу да мұңды әйел бейнесінде, енді бірде өмірден озған ақындар рухының ғарыштағы мәңгілік мекені, тағы бірде өлеңдегі оқиғалар (сезімдер тартысы орбитін) өтетін хронотоп қызметін атқарады.

Сөзімізге дәлел ретінде ақынның енді бір өлеңін алайық. Өлеңде бүкіл ғаламда жанына жалғыз Ай ғана серік болған ақынның жалғыздық мұңы өріледі. “Періштедей сезім иесінің пенделіктен қажыған” жүрегіне Ай медет береді. Ай сөзін тыңдалық:

Ақын жаны санамас

Айды бөтен,

Мен болармын

Мәңгілік жайлы мекен.

Ажал деген – жан үшін
бостандық па,
Пенделерге тым ауыр...
Қайғылы екен...

Ақын жалғыз – Ай жалғыз. Ақын сыры – Айдың сыры, Ақын мұңы – Ай мұңына айналғандай:
*Шәрбат мұңым – жанымның үні дедім,
Күміс кесе мұң болып тұнып едім.
Тоңазиды Ай боз сәуле жүзін шайып,
Көңіл күйі болмай тұр бүгін оның...*

Әсершіл қиялмен Ғарыш кеңістігін кезген лирикалық кейіпкердің жалғандағы жалғыз жұбы – Ай ғана. Ақын лирикалық кейіпкердің көңіліндегі өзгерістерді, аума-төкпе сезімдерді ару Айдың көркімен шарпыстыра отырып, Айға көшіреді, кейде табиғатты жандандырып, кейіптейді. Аймен сырласады, Айға мұң шағады:

*Жалаңаяқ жұлдыз кеітім, жұбым – Ай,
Маңдайымнан ғарыш желі өбеді.
Ту сыртымда тұрған көздің сұғын-ай,
Қабырғамды қақыратып сөгеді...*

немесе:

*Жарты Ай жатыр ойға шомып бір ауыр,
Кеудесіне жарым көңіл жаным бар.
Тазарайын, тірліктегі күнә ауыр,
Шолпан туар, ар жағында таңым бар...[3, 114].*

Жанаттың өлеңдерінде Айға қатысты эпитет, метафора, меңзеу, тұспалдау және психологиялық егіздеу тәсілдерінің сан түрлі қыры бар. Ақын Айды бейнелеу барысында сұлу қыз болмысын сипаттайтын эпитеттерді таңдап пайдаланады: *періште Ай, жүзіне мұңтұнған Ай, керім Ай, тәкаппар Ай т.б.* Эпитеттер Айды жанды рух деп қабылдаған анимистік танымнан алшақтамайды. Ай дидарына адамның мінез-құлқын, қуаныш-мұңын ауыстыра бейнелейтін айқындаулар айтылар ойдың күрделеніп, шебер кейіптеулер жасауға ұласады. Ал авторлық кейіптеулер лирикалық қаһарманның жан-дүниесімен бірігіп, тұтаса келе психологиялық егіздеулер туындатады. Ақынның “Білмеймін Түннің күткенін кімді”, “Отауымның тұсына кідірді түн”, “Ішкі дүнием – Ай тұтылған түн-әлем”, “Түн – мұхит, жүзеді сезімім” т.б. өлеңдері осы пікірімізге дәлел бола алады.

Біз қарастырған өлеңдерде үміт, арман, мұң,өкініш, сағынышсынды сезімдер гаммасы Айға қатыстырылып, нәзік ишаратпен, сырлы астармен жеткізіледі:

*Алты құсқа айналған
Алты қыздың зарын-ай!
Қара жерден қайғы алған
Жарым көңіл налыды Ай... (айқындау, кейіптеу);
Тоңазиды Ай боз сәуле жүзін шайып,
Көңіл күйі болмай тұр бүгін оның (кейіптеу);
Ай ыңырсып, соңғы әніндей төгер мұң (кейіптеу);
Ай ұмсынды, маған жақын келем деп (кейіптеу);
Жерде – Өзім, аспанда –Ай,
Күрсіндірген көк түнді.
Көзімізде жас қалмай,
Жоқтап тұрмыз жоқ күнді (психологиялық егіздеу).*

Беймаза шақтарда сананы билеген ойлар мен кереғар сезімдерді көзбен көру мүмкін емес, ол ақынның сезгір көңілі, нәзік түйсігімен сезіледі. Оны сөзбен суреттеп беру ақынның ақынының қолынан келетін, “қиуадан шауып, қисынын таба” айтуды қажет ететін сөз зергеріне тән іс. Түннің сезім бейнесінде лирикалық кейіпкер жанымен егіз екеніне Жанат Әскербекқызының “Тілін тістеп, ыңыранып шындығы”, “Бір кебісімді түн алып қалды”, “Ай жатыр, жылжымайды”, “Ішкі дүнием – Ай тұтылған түн-әлем”, “Жалғыз Жұлдыз көгімнен”, “Көтеріп ап мұң көзені” т.б. өлеңдерін оқығанда көз жеткіземіз.

“Ақынның жан сарайы, болмыс-бітімі, философиялық, эстетикалық көзқарасы, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктері поэзия тіліне айнымай көшеді”, - деген Серік Негимов тұжырымы ойға оралады[17, 99].

Қорытынды. Сөзімізді түйіндесек, Ж. Әскербекқызының “Ай-тамғы” жинағы – Ай нұрына оранған Ару-әйел жанының ең бір нәзік үндерінен сыр ұғып, оқырманын жыр-бесігінде тербеген, қазақ поэзиясына тың серпін, жаңаша ізденіс әкелген рухани олжа, әрі бекзат өнердің бүгінгі биігі мен көркемдік өресін танытар нағыз интеллектуалдық поэзия, ақындық мәдениеттің озық үлгісі. Оның өлеңдердегі ерекше мінез, тосын поэтикалық құбылыстар, болмысы бөлек лирикалық кейіпкерлер мен персонаждар ақынның дара дүниетанымы мен эстетикалық ойлау оқшаулығынан туған. Жанат ақынның өлеңдерінде ата-бабаларымыздың анимистік дүниетанымы эстетикалық талғам таразысына түсіп, кейіпкердің ішкі әлемі хәм табиғат заңдылығын, өмірдің сан тарау сауалдарын асқан нәзіктікпен бейнелеудің, шынайы өнерпаздықтың, биік талғампаздықтың көркем көріністері ретінде танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ. Редакция алқасы: Қасымжанов А. (бас редактор), Нәрікбаев К., Сәбденов К., Садықов Т., Қасабеков А., Алпысбаев Қ. (жауапты хатшы) т.б. – Алматы: Білім, 1994. – 176 бет. - кітап
- 2 Кекілбайұлы Ә. Алғы сөз //Ж. Әскербекқызы. Көркемдік өріс. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 296 бет.- кітап
- 3 Әлиақбар Ә. Поэзия мен ғылымның телқоңыры // Ж. Әскербекқызы. Ай-тамғы. Өлеңдер. – Астана: Профи Медиа, 2014. – 240 бет.- кітап
- 4 Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. 4 кітап. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк -Пресс, 2004. – 504 бет.- кітап
- 5 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы, Санат, 1997. – 464 бет.- кітап
- 6 Қара өлең. Құрастырған Оразақын Асқар. – Алматы: Жалын, 1997. 636 бет.- кітап
- 7 Афанасьев А.Н. Поэтические воззрения славян на природу. – М., 1865-1969. Т.1-3. - кітап
- 8 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 бет. - кітап
- 9 Сафо //Античная лирика. Библиотека всемирной литературы (БВЛ). – М.: Худож. лит. 1968. Т.4. 624 с.-книга
10. Шекспир У. «Ромео и Джульетта». Трагедия. ПереводБ.Пастернака. – 1990.
http://www.romeo-juliet-club.ru/shakespeare/romeojuliet_pasternak1.html.-электронный ресурс
11. Shelley P. B. The complete poetical works of Percy Bysshe Shelley. Boston – New York – Chicago – Dallas – San-Francisco: Houghton Mifflin Co., [1901]. 651 p.-книга
- 12 Сапелькин А.Образ Луны в романтической поэзии: две тенденции в рамках одного жанра //Вестник Пермского университета. - 2013, № 2 (22)- С.103-111.-книга
- 13 Бұқар. Ай, Абылай, Абылай. Жыр-т:олғаулар. – Алматы: Жалын, 1992. – 94 бет.- кітап
- 14 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 бет.- кітап
- 15 Құдайбердіұлы Ш. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 480 бет.- кітап
- 16 Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы.Т 3. Өлеңдер мен поэмалар.– Алматы: Жазушы, 1993. – 344 бет.- кітап
- 17 Негимов С.Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы, 1999. – 280б. - кітап

МРНТИ 17.71.07

Шегебаев А.,¹ Қырғызбаева А.,²
Халидуллаева Г.³

^{1,2,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰДАЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ТҰРМЫС - САЛТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақтың құдалық салтына қатысты тұрмыс-салт өлеңдерінің этнографиялық табиғаты талданды. Адамзат баласының даму жолдарындағы отбасы мен некенің даму тарихына негізделген зерттеулер жүргізілді. Қазақ қоғамындағы отбасын құрудың әлеуметтік, қоғамдық мәні ашылып, неке құруға қатысты салт-дәстүрлердің пайда болуы мен даму сатыларына сәйкес, құдалықтың семантикасы жан-жақты, жүйелі түрде ашылды. Ежелгі заманнан күні бүгінге дейін жеткен құдалық рәсімдерінің халықтың тұрмыс-тіршілігімен өзектес жатқан қырлары қарастырылды. Қазақтың құда түсу салтындағы «қан шығару арқылы» құдаласып сертгесу, «құйрық-бауыр тарту» секілді көнеден келе жатқан рәсімдердің мәні ашылып, жаушы жіберу, жасау беру, қалыңмал төлеу, өлі-тірі беру, ұрын келу сияқты әдет-жоралғылардың құдалықтағы орны мен орындалу тәртібі, мағынасы қарастырылды. Құдалыққа қатысты жасалатын әрбір ырымның танымдық, тағылымдық сипаты сараланды. Сонымен бірге бұл дәстүрлердің бүгінгі заманғы жаңғыру, өзгеру жағдайларын салыстыру, талдау нәтижесіндегі тұжырымдар түйінделді.

Түйін сөздер: неке, экзогамдық неке, урбандалу, шеге шапан, жаушы, анттасу

Shegebaev A.,¹ Kyrgyzbayeva A.,² Khalidullayeva G.³

^{1,2,3}*Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

ETHNOGRAPHIC BASIS OF KAZAKH RITUAL SONGS RELATING TO MATCHMAKING

Abstract

This article analyzes the ethnographic nature of ritual songs associated with the marriage customs of the Kazakh people. Studies have been conducted based on the history of the development of family and marriage on the paths of human development. In the Kazakh society, the social and social significance of creating a family is revealed, in accordance with the stages of the emergence and development of customs and traditions associated with marriage, the semantics of matchmaking is comprehensively and systematically disclosed. The single aspects of matchmaking with the life of the people from ancient times to the present day have been considered. The values of such ancient customs in the marriage ceremony of the Kazakh people were revealed, such as swearing “emitting blood”, treating the liver with fat tail fat, the significance, meaning and place of such ceremonies as, for example, sending a messenger, giving a dowry, paying a ransom to a bride, giving a gift to the house were examined the bride, the bridegroom's first visit to the bride's house in Swatovst. The cognitive and educational nature of each sign associated with the matchmaking was analyzed. At the same time, conclusions are summarized as a result of analysis, comparison of the conditions of change and modernization of these traditions.

Keywords: marriage, exogamous marriage, urbanization, shehe shapan, messenger, swear

Шегебаев А.,¹ Киргизбаева А.,² Халидуллаева Г.³

^{1,2,3} *Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ЭТНОГРАФИЧЕСКАЯ ОСНОВА КАЗАХСКИХ ОБРЯДОВЫХ ПЕСЕН, ОТНОСЯЩИХСЯ К СВАТОВСТВУ

Аннотация

В данной статье проанализирована этнографическая природа обрядовых песен, связанных с брачными обычаями казахского народа. Были проведены исследования, основанные на истории развития семьи и брака на путях развития человечества. В казахском обществе раскрыто социальное, общественное значение создания семьи, в соответствии с этапами возникновения и развития обычаев и традиций, связанных с бракосочетанием, всесторонне и систематически раскрыта семантика сватовства. Были рассмотрены единые аспекты сватовства с жизнью народа с древнейших времен до наших дней. Раскрывались значения таких древних обычаев в брачном обряде казахского народа как, давание клятвы «испуская кровь», угощение печенью с курдючным жиром, рассматривались значение, смысл и место таких обрядов как например, посылать гонца, давать приданое, уплачивать выкуп невесте, давать подарок в дом невесты, первое посещение женихом дома невесты в сватовстве. Анализировался познавательный и воспитательный характер каждой приметы связанного со сватовством. Вместе с тем, обобщены выводы в результате анализа, сопоставления условий изменения, современной модернизации этих традиций.

Ключевые слова: брак, экзогамский брак, урбанизация, шеге шапан, гонец, клясться

Кіріспе. Қазақ халқында ежелден бергі келе жатқан негізгі салт – «ұлын ұяға, қызын қияға қондыру» мақсаты болған. Өмірдің негізгі мәні – саналы ұрпақ өсіру, ата-баба дәстүрін жалғастыру деген қағида ұстанған халқымыздың этнографиялық деректері мен фольклорлық мұраларын жете зерделегенде, дүниеге сәбидің келуінен бастап, оның жұптасып өмір сүруі мен ұрпақ өсіруі, қоғамның, әлеуметтің белді мүшесі болу жағдайларын жан-жақты, алдын ала ойластырғанына көз жеткіземіз. Қыз баланы 13 жасында «балиғатқа» толды деп есептесе, ал осы жастағы ұл баланы «ержетті» деп есептеп, осы кезеңдердегі олардың табиғатындағы ерекшеліктерді байқап, жамандыққа ұрынбай, оң жолда болуын отбасы мен қауым, ел болып қадағалаған. Бұл мұсылмандық шарттармен орайласып, халықтың өмір салтының негізгі заңдылықтары ретінде бертінде дейін өмір сүрген. Жасөспірім шағында үйлендірудің кейбір белгілері ХІХ ғасырға дейін сақталып келген. Әрине, бұл салт-дәстүрлердің өз заманындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайдарға байланысты құндылықтары жоғары болды. Алайда өмір өзгерісіне байланысты, қазақтың отбасылық өмір салты да түрленіске ұшырап, жастардың некелесу жасы ұзарды, құдалы-құдандалы болудың да мән-мағынасына өзгерістер енді. Алайда тұрмыс-салт жырларының көне замандардан келе жатқан формасы мен қызметін айқындау үшін дәстүрлі этнографиялық деректерді талдау – ғылымдағы аса маңызды мәселе. Қазақ халқының ежелденкүні бүгінге дейінгі үзілмей кележатқан қастерлі салттарының бірі – «жеті атаға толмай» қыз алыспау салты. Бұл – қазіргі кезеңде ғылыми тұрғыдан әлем ғалымдары тарапынан мойындалған, ізгілікке бағытталған дәстүр. Яғни ұлы ержеткен ата-ана алыстан қыз алу мақсатында ұлына жар боларлық қалыңдықтың ауылына хабар-ошар іздетеді. Жеті атаға толмай қыз алыспаудың ең үлкен маңызы – аталастық, яғни бауырластық дәстүрдің ұзақ уақыт беріктігін сақтап, туыстықты нығайтады. Сондықтан да өзара туыс болып саналатын адамдардың ұлы мен қызының көңіл қосуы осы мықты дәстүрді аяққа таптағандық болып, қатты жазаланған. Ал жеті атаға толғаннан кейінгі «сүйек жаңғырту» дәстүрін жасап, құдаласудың жөні бір басқа. Жалпы қазақтың құдалық салтында алдын ала ақылмен ойластырылған екі жастың болашағымен қатар, жалпы елдің әдебі мен ұяты қатар өрілген. Енді ғана тілі шыға бастаған сәбидің өзінің Жеті атасының тарихын білуі мен оның заңдылықтарын сақтауы дала тіршілігінің өмір сүру нормаларындағы аса маңызды фактордың бірі болған. Құдаласу – қазақта аса жауапты іс. Тіпті оның маңызын өзінің қызын беретін күйеу балаларынан да жоғары қойған. Сондықтан да халықта «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» дейтін мақал қалыптасып, оның мәні күні бүгінге дейін бағалы болып отыр. Көшпелі қазақ мәдениетіндегі құдалық алыс пен жақынның арасын жақындататын, бейтаныс адамдармен таныстырып, араластықты арттыратын да негізгі бір өмір сүру формасы ретінде бағалы. Халықтың

«үйірі басқаны нокта қосады, атасы басқаны неке қосады» және «ұлынды ұрымға, қызынды қырымға», «жер айырылса шым бітейді, ел айырылса қыз бітейді», «астың сәнін келтірген тұз әулие, елдің сәтін келтірген қыз әулие» дейтін мәтелдері осыны айғақтаса керек. Яғни қазақтың қызының ана, жар ретіндегі парызы ғана емес, оның тіршіліктегі, ел аралық мәртебесі де бала жасынан ойластырылған. Алыс елдермен құдаласу арқылы елдің шет-шекарасының тыныштығы бекіп, көршілес өзге ру-тайпалармен өзара жылы қарым-қатынаста өмір сүрудің бір кепілі ретінде қазақтың құдалық дәстүрі ерекше рөл атқарған.

Әдістеме. Эксперимент: қазіргі заманғы құдаласу салтындағы фольклордың этнографиялық қызметін айқындау мақсатында арнайы дайындалған сауалнама арқылы жастар, жасы үлкен кісілер мен маман фольклортанушылар және маман емес адамдар арасында эксперимент жүргізілді.

Информанттардың жалпы саны – 50, олардың жартысына жуығы фольклорлық әндердің халықтық сарының бала жасынан құлағына сіңірген.

Информанттардың жас мөлшері – 16 жас пен 70 жас аралығы.

Эксперимент жүргізілген уақыт: 2018-2019 жылдар аралығы.

Эксперимент материалдары – қазіргі заманғы құдалық рәсімдері.

Эксперимент мақсаты – қазіргі заманның құдаласу салттарын зерттей отырып, ондағы фольклордың этнографиялық мағынасы мен қызметін ажырату арқылы дәстүрдің өткені мен жаңа заманғы ұлттық сипатын айқындау. Сол арқылы тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі дәстүрдің, соның ішінде құдаласу рәсімдерінің қайта жаңғыруының сипаттарына көңіл бөлу, жаһандану процесіндегі түрлі дәстүрлер тоғысында халықтық дәстүрлерді жаңғырту арқылы үйлену салтының өзіндік бояуын байытып, жаңа арнаға бет бұру бағыттарының оң нәтижелерін саралап, кемшіліктерін анықтау.

Эксперимент тапсырмалары бірнеше бағытта жүргізілді:

1) ең алдымен, үйлену салтының тек құдалыққа қатысты ғұрыптық-салттық рәсімдері таңдап алынып, ондағы ежелгі және жаңа қабаттарды айқындау мақсатында, енді құдаласып отырған екі жақтың адамдарына және өзге де информаторларға сауал беріп, бүгінгі үйлену тойының этнографиялық сипатына барлау жасалды;

2) қазақтың құдаласу рәсіміндегі жауапкершілігі мен түрлі таным-түсініктері қат-қабат қарастырылды. Бұл тұрғыдан бұған дейінгі фольклордың этнографиялық сипатын, қарым-қатынасын зерделеген зерттеушілер пікірі басшылыққа алынды;

3) жаңа заманғы құдалық рәсімдерінің функцияларын анықтап, ондағы тағылымдық-тәрбиелік мазмұнның деңгейі сарапталды.

Информанттарға берілген тапсырмада теориялық тұжырымдарды ұсына отырып, салттық әндердің я болмаса орындалатын салттардың халық арасындағы сақталуымен қазіргі жасалу ерекшеліктеріне мән берілді. Ең алдымен, «жаушы», «өлі-тірі», «қалыңмал», «жасау» ұғымдарына қатысты информаторлардың өз нұсқаларын, ой-пікірлерін жазып алу зерттеу ұстанымдарына сәйкес жүргізілді.

Нәтижелер. Қазіргі заманғы құдаласу салтына қатысты рәсімдердің түбегейлі өзгерістері анықталды. Оның қоғамның тарихи өзгерісіне байланысты да және өзге халықтармен араласу аясындағы ауыс-түйіс формасын иеленгені байқалды. Әсіресе, кеңестік дәуірдегі орталықтандырылған жүйенің ұлттық құндылықтарды көмескілеу саясатының кесірінен қазақтың құдаласу салтының біршама өзгеріске ұшырағаны, мән-мағынасы көмескіленгені байқалды. Сондай-ақ тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық рухтың қайта ояну дәуірінде бұрынғы салт-дәстүрлерді, соның ішінде құдаласу салтын жаңғырту, жаңарту процестері кең көрініс тапқандығы анықталды.

Осы уақытқа дейінгі кезеңде қазақ халқының құдалық салты жеке дара алып қарастырылмай, этнографиялық еңбектерде ғана ғылыми нысанға алынды. Алайда қазақ фольклортану ғылымының отбасылық салтқа қатысты мәселесін қарастырған ғалымдардың қай-қайсысы да құдалық мәселелері жайында мысалдар мен тұжырымдар түйіндеген. Олай болатын себебі: өткен ғасырдың ортасында орыс фольклортану ғылымының өзінде фольклордың синкреттілік табиғатын терең тексеріп, оның этнографиялық сипатына жан-жақты мән беру мәселесі көтерілген болатын. Мысалы, фольклордың этнографиялық сипаттарын үш түрлі ауқымда қарастырған К.В.Чистовтың (1., 121) пікірі осы мәселе жөніндегі алғашқы ғылыми тың тұжырымдардың бірі болды. Ғалымның пікірінше, фольклордың архаикалық сатысында бүкіл мәдениеттің ортақ тоғысуы басым болған. Яғни халықтың сөзі мен әрекеті қабысып, күнделікті өмір тіршілігімен ажырағысыз болып, көркемдік сипатынан гөрі қолданыстық мәні жоғары болған. Халықтың түрлі наным-сенімі, әні мен биі, музыкасы

біртұтастықта түсініліп, бір бағытқа ғана қызмет еткен. Яғни бұл кезең (2, 220)термині бойынша ғылымда «алғашқы қауымдық синкретизм» деп аталады. Ал уақыт өте келе фольклордың екітүрлі бағытта – тәжірибелік әрі көркемдік қызмет атқаруы көрініс таба бастады. Яғни ғұрып пен салттың сөзі мен атқарылатын әрекеттері екіге жарылып, өз бағытындағы қызметтерін атқарады. Ал К.В.Чистовтың (1, 148)ажыратқан үшінші кезеңінде өнердің барлық сатылары мен түрлері қарқынды даму алып, олардың әрқайсысының өзіне ғана тән функциялары жіктеле бастайды. Мұны ғылымда «урбандалу» дәуірі деп атайды. Бұл тұстағы қазақтың қандай көне мәдениеті де өзінің ізін мүлде жоғалтпайды, негізін сақтап түрлене дамиды. Яғни салт-дәстүрлерге қатысты осы аталған фольклордың этнографиялық байланыстарын диохрондық тұрғыда қарастырған ғылыми тәжірибе негізгі бағыт болып саналады. Қазақтың тұрмыс-салт жырларын этнографиялық байланыстармен тығыз бірлікте алғаш рет жүйелі түрде зерттеген К.Матыжановтың «Қазақтың отбасы фолькору» монографиясы осы бағытта жазылған.

Талқылау. Құдалық жайында пікірлербірқатар фольклортанушылық еңбектерде тұжырымдалған. Ғалым М.Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» еңбегінде «айттыру» дәстүрін 3 түрге бөлген. Олар: «Белқұда» немесе «Ежеқабыл» бойынша ата-аналар балаларды дүниеге келмей тұрып атастырған. Екіншісі – «Бесік құда»: балаларды бесікте жатқанында-ақ атастырады. Үшіншісі – «Қарсы құда»: қызы, қарындасы бар кісілер бір-бірімен құда болуға серттеседі (3, 315).

Адам баласының ержетіп, қоғамның белді мүшесі болуының басты белгісі – оның өз алдына шаңырақ көтеріп, отау тігуі. Ол, ең алдымен, ұлының ержетіп, қызының бойжетіп, ел қатарлы үй болуын аңсаған ата-ананың қуанышы болса; екіншіден, өмірдің тізгінін өз қолына алып, жұрт қатарына қосылған жастардың орындалған мұраты; үшіншіден, іргесін кеңейтіп, тың күш қосып, жаңа шаңырақпен толыққан рудың, тайпаның (дәстүрлі қоғамда), халықтың, ұлттың, қала берді барша қоғамның қуанышы,«Гойдың өзі, тұтастай алғанда, ойын-сауықтық тұрғыдағы көңілашар шара ғана емес, ол – ғасырлар бойына сандаған ұрпақ санасының сарасынан өткен тарихи мәдени құндылық. Онда ислам дініне дейінгі көне наным-сенімдердің, дәстүрлі дүниетанымның нәрі сіңген, әлденеше қатпарлы рухани құндылықтар қоймасы бар. Сондықтан да той дегенді тек көңіл көтеру, ойын-сауық жасау, жастардың үйлену рәсімін атап өту ғана деп түсінуге болмайды. Әсіресе, дәстүрлі қоғамда бұл аса жоғары мәнге ие, сол дәуірдің бүкіл дүниетанымы мен дәстүрлі әдет-ғұрпына, салт-санасына лайық қалыптасқан күрделі ғұрыптық рәсімдер кешені болып табылады».

«Адам өміріндегі ең қызықты да, қуанышты, ұмытылмас белес – ол үйленіп, жеке отау тігуі. Ұрпақтардың үлгілі семья құруы, сол жастардың ата-аналары мен адамдарының ғана тілегі емес, қоғамдық қажеттілік. Семья – мемлекеттің іргетасы. Қоғамдағы әр семьяның босағасы берік, мерейі үстем болмай, мемлекеттің де мықты болуы мүмкін емес. Сондықтан «қоғамда қандай жағдайда жаңа үйленген жастар өнегелі отау бола алады?» деген сұрақты шешу үшін, алдымен өз еліміздің семья тарихына шолу жасап, бүгінгі күннің мақсат-мүддесі тұрғысынан қарау керек болады.

Үйлену салтының ең алғашқы бастауында құда түсу мен соған қатысты келісімдер тұрады. Соған байланысты одан кейінгі жиын-той мен атқарылатын салт-дәстүр, рәсімдердің кешені белгілі бір қалыптасқан жүйемен жүріп отырады. Құдалық мәселесінде ежелден бергі халықтың әлеуметтік тұрмыс жайындағы көзқарастары да сақталған. Жалпы құдалықтың қалыптасқан қағидалары бар десек те, болашақтағы қарым-қатынастардың тең дәрежеде болуын естен шығармаған халқымыз: «тең теңімен, тезек қабымен», «бай мен бай құда болса арасында жорға жүреді, кедей мен кедей құда болса арасында дорба жүреді, бай мен кедей құда болса арасында бір жорға зорға жүреді», – деп тұжырымдап, әр нәрсенің шама-шарқына қарай да құдалықты жоспарлаған. Жалпы этнографиялық еңбектерде қазақ құдалығының бірнеше түрі аталып, зерттелген. Тұрмыс-салт жырларының мәнін жете түсіну үшін біз олардың әрқайсысының өзіне тән сипаттарын ажырата білуіміз қажет.

Ең алдымен, «бел құда» болысудың мәні өзара жақын дос адамдардың болашақтағы балаларының да сондай байланыста болуын қалап, әлі дүниеге келмеген сәбилердің ұл мен қыз болып дүниеге келсе құда боламыз деп сөз байласуы арқылы бекітіледі. Ал егер екеуінен де бірыңғай ұл яқыз туылса достықтарын ары қарай жалғастырып, ата мен баланың достығының әрі қарай жалғасуы «қарғыбау» деп аталатын рәсім арқылы аталып өтілген.

Ал фольклорлық шығармаларда мол көрініс тапқан «бесік құданың» мағынасы: екі жақтың балалары бесікте жатқанда-ақ құдаласып, қалыңмал мөлшерін бекітіп, оны жігіт жақтың біртіндеп төлеп отыруына негізделген. Қазақ тұрмыс-тіршілігіндегі тағы бір құдалық түрі «қарсы құда» деп аталады.Бұлай деп негізінен өзара қыз берісіп, қызалысқан құдаларды атаса, кей жағдайда, қыз

алатын жақ қыздың малын түгел төлей алмай қалған шағында өз жағынан бір қыз беру салтына қатысты да қолданылады.

Әрине, қазіргі қазақ қоғамында бұл аталған құдалық түрлерінің біразы салттан қалған деуге болады. Негізінен жастардың өзара сүйіспеншілігі басты қызмет атқарып, олардың ата-аналары сол ниетке сәйкес, бұрынғы құдалық дәстүрдің жөн-жоралғыларын жасасады.

Құдалық рәсімдерін атқарудағы маңызды фольклорлық мәтіндердің арасында баталардың мәні зор. Себебі әрбір айтылған тілек пен болашақ отбасының іргетасы ізгі тілек пен жақысылық, үміт күтумен өрнектеледі. Әрбір ас үстіндегі атқарылатын түрлі рәсімдер тұсындағы батаның өзіндік мақсаты мен қызметі бар. Осындай бата үлгілерінің бірі қазірде ел арасында сақталған. Мысалы, «құдалық той» алдындағы берілген батаның мәніне назар аударайық:

«Құда берсең, жолдасыңдай болсын,
Құдағи берсең, сырласыңдай болсын.
Ата-баба жолынан кім ассын,
Құдалық мың жылға ұлассын.
Екі жастың бақытын берсін» (6, 114).

Дәстүрлі құдалық рәсіміндегі «жаушының» рөлі өте маңызды. Бұл жайында Н.И.Гродеков былай деп жазады: «Жаушы қыз әкесінің үйінде қонақ болып отырып: «Сізде аққу бар екен, бізде сұңқар бар екен» деп сөзді астарлап, тұспалдап бастайды. Ақыры екі жақ түсініскен соң жаушы үй иесінің құрметіне қарғыбау тағады. Ал, үй иесі оған я ат, я бір шапан жабады. Бұл шапан – шеге шапан деп аталады. Бұдан соң қыз әкесі кит киіп, сойыс жеп, құда түсіп кетсін деп бас құданың өзін шақырады» (4, 15). Сондықтан да оны таңдауға үлкен мән берілген. Ол сөзгешешен, ел мен жердің тарихын терең білетін, ел дәстүріне қанық және келін түсіретін әулетпенетене таныс адам болуы керек. Халқымыздың өмір тұрмысындағы құдалықтың әрбір сәті мен оған қатысты адамдардың өзінің сыртқы ішікі болмысына аса мән берілгендігін осы «жаушы» бейнесінен-ақ байқауға болады. Мәселен, басқажұртқа қыз айттыра келген жаушы астына ерекше тұлпар мініп, салтанатты сипатта киінген, әрі шалбарының бір балағын етігінің ішіне салса, бір балағын сыртқа шығара салу арқылы өзінің кім екенінен хабардар еткен. Тікелей көздеген қыз үйіне түсіп, құтты қонақ ретінде төрін иеленген. Үй иесі де оны құрметтеп мал сойып, қонақасын беріп көңілін табуы тиіс болған. «Ас ішіліп болған соң ғана жаушы тұспалды түрде өзінің негізгі мақсатына ашық айтпай, дәстүрлі сөз орамдарымен, емеурін, тұспал арқылы білдірген. Осы тұста жиірек қолданылатыны: «...Сізде бір лашын, бізде бір сұңқар бар. Сол лашынды сұңқарыма ілдірейін деп едім» дейтін тіркестер. Егер қыздың әкесі жаушының сөзін қабыл алып, оған дәстүр бойынша «шеге шапан» жауып, тіпті кейде «шеге ат» деп аталатын ат мінгізіп, ризалықпен шығарып салған. Жаушының жігітаулына келіп, хабарын айтқанын атап өтіп, оған «бата аяқ» дейтін сый кәде жасайды. Ендігі жерде жігіт жағында қарбалас басталып, құдалыққа бару жайында ақыл-кеңес жасалып, ондағы басқаратын адамдар өзінің әртүрлі туыстық мәртебесіне сай таңдалып, әсіресе, бас «құданы» таңдауға ерекше мән беріледі. Жалпы құда түсу тойына дайындықта әрбір адамға, әсіресе, «бас құдаға» ерекше мән беріліп, ел арасындағы беделді, өнерлі әрі шешен адам таңдалады. Өйткені оның міндетінде бүкіл бірелдің намысын қорғау парызы тұр. Келісім берген қыз ауылы дәстүр бойынша құдаларды «құдайдай күтіп» алып, шығарып салуға міндетті болған. Бұл бас қосуда құдалар өзара танысып-білісіп, қалың мал мөлшері, той малы, өлі-тірі мен қыз жасауы және қыздың ұзатылатын мерзімі жайында уағдаласып, серттеседі. Ертеректе жай сөз байласып қана қойма, осы құдалықтарын мәңгілік бұзбауға анттасып, басбармақтарынан қан шығарып, сол қанға қолдарын батырысып серттескен. Яғни жоғарыда аталған «құданың мың жылдығы» жайындағы түсінік осы салтпен тамырласып жатыр деуге болады. Құдалардың ішіндегі сойылатын малға бата берген құда «бауыздау» құда деп аталады. Осы құдалық барысында бекітілген әрбір салт-дәстүр қыз ұзату салты мен үйлену, келін түсіру салтының өн бойындағы іс-әрекеттер мен айтылатын сөздерде көрініс тауып жатады. Ең алдымен, осы құдалық барысындағы бекітілген этнографиялық деректерге қысқаша тұжырым жасап өтейік.

Бұл тұрғыда жасалатын кәделер өте көп. Ең алдымен, құдалыққа келген жақтың мәртебесі мен даңқын асыратын, күйеудің беделін танытатын міндетті кәде «той малы» деп аталады. Оған жағдайы жоғары адамдар жылқы немесе бірнеше қой әкеледі. Сонымен қатар малмен бірге қымбат маталар мен киімдер және әртүрлі зергерлік бұйымдар әкеледі. Осы әкелгендерімен қоса, өз жолдарына ақжол тілеп ауылдың ақсақалынан я болмаса, қыз әкесінен бата сұрайды.

Қыз ұзатып, келін түсіру рәсімдеріне қатысты бата түрлері де өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Мысалы, «Құдалар келгенде беретін бата» үлгісі былайша:

«Көңілім енді серпілші,
Құда, құдағи, құда бала құдашалар,
Барлығы енді келсінші!
Ақ дастархан, мол бата,
Ақының енді берсінші.
Жаңбырдай бата тілекті,
Берейін көптеп көлемді.
Қызығың құда ұл мен қыз
Жемісін теріп же енді.
Жатпаңыз, сірә, бұйығып,
Байлық келсін құйылып.
Үйіңізде той болсын,
Несібеңіз бұйырып.
Балаға толсын маңайың,
Тату болсын ағайын.
Жұмылып көзім кеткенше,
Кәдеңізге жарайын.
Алдымда жатқан ақ қағаз,
Өшпесін отың қыс пен жаз.
Ақ әділ көңілің қараймай,
Алладан болсын ықылас.
Өтсе де жылдар жаңғырып,
Шаңырақта болсын сәнділік.
Қыдыр дарып бақ қонып,
Ұрпаққа жетсін мәңгілік.
Бата дарып бақ қонып,
Берген батам қабыл болсын!
Илләһи Әумин!» (7, 156)

Батадан кейін барып, той малы сойылып, барлық жиналғандар одан ауыз тиіседі. Той малының семіз шығып, етінің дәмділігі арқылы болашақ күйеудің мәртебесі сынға түседі. Құдаласудағы өзара келісімнің ішінде «қалыңмалдың» мөлшерін бекіту маңызды орын алады.

Қазақ халқында келін түсіру салты өте жауапты шара ретінде қаралады. Сондықтан ақылдаса отырып, қазақтың салт-дәстүрі бойынша «қыз көріп», «жар таңдайды». Құдалық рәсімдерін атқарудағы маңызды фольклорлық мәтіндердің арасында баталардың да мәні халық тұрмысымен тікелей қабысып жатады. Себебі әрбір айтылған тілек пен болашақ отбасының іргетасы жақсылық,ізгі үміт күтумен өрнектеледі. Әрбір ас үстіндегі атқарылатын түрлі рәсімдер тұсындағы батаның өзіндік мақсаты мен қызметі бар. Осындай бата үлгілерінің бірі қазірде ел арасында сақталған. Мысалы, «құдалық той» алдындағы берілген батаның мәніне назар аударайық:

«Иә, жаратқан, өмір берсең, жайлы ғып бергін,
Дәулет берсең сайлы ғып бергін.
Әйел берсең, әдепті болсын,
Алыс-жақынның көңілі толсын.
Ұл берсең, от болсын,
Қыз берсең, соқ болсын.
Келін берсең, келісті болсын.
Келешегі өрісті болсын,
Құда берсең, жолдасындай болсын,
Құдағи берсең, сырласындай болсын.
Ата-баба жолынан кім ассын,
Құдалық мың жылға ұlassын.
Екі жастың бақытын берсін» (6, 145).

Құдаласудағы өзара келісімнің ішінде «қалыңмалдың» мөлшерін бекіту маңызды орын алады. Кеңестік дәуірдегі жоққа шығарылып, мағынасы мүлде көмескіленген құдалық салтының маңызды бөлігі осы қалыңмалға байланысты. Оның негізгі мәні отау құрып жатқан екі жастың болашақ өмірін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақтың ежелден келе жатқан салтында құдалардың

дәрежесі мен дәулетіне қарай, қалыңмалдың мөлшері де өзгеріп отырған. Ұзатылатын қыздың ата-анасы да жасауды қалыңмалдың деңгейіне лайықты етіп дайындаған. Яғни бұл – екі жақты алыс-берістің бір формасы болса, негізгі қызметі жас отаудың іргесін бекіту мен болашақ ұрпақтың қамы болған. Таптық теңсіздік тұсындағы бұл дәстүрді өз мақсаттарына пайдалануға байланысты өрескел бұрмалаушылықтар осы салттың ежелгі мәнін көмескілеген. Этнографиялық мәліметтер бойынша, би мен байлар, хан мен төрелер арасында қалыңмал үстіне «бес жақсы» деп аталатын бес түйеге қосып бір «жетім қыз (күн), «аяқ жақсы» деп беретін үш түйеге қоса бір «еркек жетім» (құл) бергендігі кейбір деректер арқылы белгілі. Қалыңмалдың «қырық жеті», «отыз жетінің бүтіні», «отыз жеті», «отыз жетінің жартысы», «жақсылы отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті», «домалақ қалыңмал», «домалақ бата» сияқты түрлері болған. Мұның сыртында той мал, сүт ақы, күйеу апаратын ілу, өлітірі апаратын, тағы басқа көптеген бағалы кәде, жоралар да болады» дейтін деректер келтірілген. Мәшһүр Жүсіптің дерегі бойынша, «XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Кіші жүзде Байсақал мен Орта жүзде Сапақ құда болған. Сонда Байсақалдың қызының қалыңмалы бес жүз жылқы болған. Үш жүз жылқы қара малы, жүз жылқы үйге кіргізер, жүз жылқы той малына кеткен». Ежелгі қазақтың «құдалық салтындағы аса маңызды рәсімнің бірі – уағдаласқан құдалардың қолын қанға батырып анттасу салты. Оның негізгі мәні: «қанға – қан, жанға жан қосылды, енді біз ешуақытта айрылыспайтын жандармыз». Л.Я.Штернберг көптеген халықтардағы осы рәсімді кеңінен зерттей отырып, адамның қаны мен шашы өмірдің негізгі элементі ретінде ұғынылып, марқұмның жанын қайта тірілтіп, қалпына келтіру үшін берілетін құрбандық ретінде жұмсалғандығын айқындаған (8, 161).

Көне түркілерде де тек жесір емес, марқұмның бүкіл жақын-жуығы шашын жұлып, беті мен құлағын жаралағандығы жайлы түрлі деректерді ғалым Ә.Т.Төлеубаев келтіреді (9, 211).

Ал онан кейінгі той-жиын үстінде орындалатын басты кәделердің бірі – күні бүгінге дейін орындалатын құдаларға құйрық бауыр асату салты. Бұл тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болған қазақтың тамақ ішу мәдениеті мен қонақ, құда құту салттарының этнографиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Халық танымындағы май – байлықтың, тоқтықтың, баршылықтың символы ретінде ұғынылған. Бауыр – ең жұмсақ әрі дәмді ас қана емес, жақындық пен туыстықтың нышаны ретінде де түсінілген.

«Құда, құда деселік,
Құйрық-бауыр жеселік.
Құйрық-бауыр жемесек,

Несіне құда деселік», – дейтін өлең жолдарын әндете жүріп, әйелдердің құдаларға құйрық-май асатуының астарында ең аяулы ұлттық тағамдарын тарту арқылы құлдасына жақсылық, ізгілік тілеу, бауырына тартып, тіршіліктегі болашақ қатынастарының беріктігіне меңзеген тілегі жатыр. Бұл салттың құда-құдағи арасындағы татулықтың берік болуына септігі мол. Егер қандай да бір өзара келіспеушіліктер орын алып жататын жағдай болса, «құйрық-бауыр жеген құда емес пе едіңдер» деп татуластыратын болған. Этнографиялық мәліметтерге сүйенсек, Оңтүстік өңірлерде құдаларға құйрық бауыр тартылмас бұрын, алдымен, отқа қақталған я болмаса асылған төс тартылады. Оның мақсаты «төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылған туыстығымыз арта берсін дегенді білдіреді. Жалпы қазақтың құдалықтан басталып, қыз ұзату, келін түсіру салттарына қатысты салттарында малдың кәделі мүшелерін тартудың өзіндік орны мен тәртібі болған. Егер ол дәстүр бұзылса, халықтың дәстүрлі қонақ құту, құда сыйлау этикетіне нұқсан келеді деп танылған.

Қазіргі заманғы құдалықта кейбір элементтері сақталған құдаларды сынаудың, «құда тартар», ұн жағу, арқан керу, жаза белгілеу рәсімдері бұрынғы заманда өте қатал болған. Дәстүрлі қоғамдағы шашуға шашылатын құрт-ірімшіктердің ірілі-уақтысын араластыра отырып, құдаларға қарай шашуда құдалардың төзімі мен шыдамы сыналады. Мұндай қызды алу үшін оның тапсырмаларын орындау дәстүрі – қалыңмалдың ең ескі, алғашқы түрі ретінде фольклортануда дәлелденген. Ол жөнінде С. Қасқабасов: «Қызды осылай сатып алу әдісі – ертегілердегі қыз әкесінің жігітке қиын шарттар қою мотивінің арғы түбірі, көне төркіні. Және жігіттің ол шарттарды еш сөзге келмей орындайтыны да – сол дәстүрдің көмескі сарқыншағы. Әлбетте, бұл өте ескі дәстүр және ол фольклорда сол қалпында емес, өзгерген түрде көрініс береді, себебі ол дәстүрдің өзі өмірден өшкен. Сөйтіп, болашақ күйеу баланың қалыңдықтың үйіне, руына атқарған істері енді ертегіде болашақ қайын атаның жігітке орындалуы өте қиын тапсырмаларына айналады, яғни бұл жерде фольклорлық поэтика әсер етеді». «Басқа жұрттың өкілі» – күйеу жақтың адамдарына көрмегенді көрсетіп, адам шыдамас кәделер жасаудың көптеген халықтарда күні бүгінге дейін кездесетіндігіне Б.Уақатов тұжырымдар

жасайды(10, 81). Ал Ы.Алтынсаринның (19, 114) келтірген деректерінде де осы көне салттың сарқыншағы сипатталады.

Күндізгі ұзату рәсімдері аяқталып, түн болған соң «қызқашар» кәдесі жасалады. Қалыңдық жағы қызды жасырып қояды. Жасырынған қалыңдықты күйеулер жағы іздеп, тауып алуға тиіс. Орынбор қазақтарындағы дәл осындай дәстүрдің «көршілес башқұрттарда» (11, 62) да бар екенін башқұрт зерттеушілерінің еңбектерінен көруге болады. Күйеу жағы қалыңдықты тауып алған кезде, тартыс басталады. Бұл тартыстағы қалыңдық жағының мақсаты – қалыңдықты қорғап, бермей қалу да, күйеу жақ топтың мақсаты – қалыңдықты тартып алу. Әдетте әрқашан күйеу жағы жеңеді.

Той аяқталысымен жігіт әкесі қалыңмалдың алғашқы бөлігін бөліп береді. Өлітірілердің сауап-саулығы үшін деп күйеу әкесі өлітірісіне бір мал қосады. Халық түсінігінде «егер өлітірісі берілмесе, келін ауру болып қалады» деген сенім бар. Өлі-тіріге артық бір-екі мал (қой) қалыңмал үстіне қосып айдатады немесе кейін күйеу ұрын барғанда, қалыңмалды өздері айдап барса, сондағы малдың ішіне қосып алып барады. Осы тұста қазақтың қыз ұзату тойында орындалатын өлі-тірі деген ғұрпы еске түседі. Бұл ғұрыптың мән-мақсаты жөнінде этнограф ғалымдар әртүрлі пікірлер айтады. Мәселен, А.Жүнісов былай деп жазады: «Өлтірі деген сөз қосылып жазылғанымен мазмұны – өлі, тірі дегенді білдіреді. Бұл арадағы өлі мен тірінің мәні: алдыдағы құдалық баянды болуы үшін, екі жақ өлі мен тірінің алдында ант етеміз дегенді ұғындырады. Күйеу жағы екі арадағы туыстықты тереңдете түсу мақсатында құдасының ауылына түрлі сыйсияпатымен арнаулы адамдар жібереді. «Өлтіріге әкелінген мал жоғарыдағы уәдеге бола атап сойылады. Бұны қыз үйі соймайды. Бөгде біреу алып сояды. Өйткені екі жақтың анты үшін таңда махшарда куә керек. Өлтірі тойы өтіп болған соң екі жақ бірін-бірі құда-құдағи дей беруге қақылы» (12,43).

Өлі-тіріге келген малды құдалық баянды болу үшін екі жақ өлі мен тірінің алдында ант-уәдесі ретінде сояды да таратады. Болашақ келін осы сыбағадан және құда күту тойындағы «қоржын сөгер» дастарқаннан ауыз тимеуі шарт. Өйткені келін болып бармайынша, босаға аттамайынша ол үйдің дәмін тату – әбестік. Осыған орай, халық арасында жаман айтпай жақсы жоқ, зәуде ғалам көлденең кедергілер тап болып, дәм тартпай қалса, қарыздар болады деген ырым кездеседі. Ал Х. Арғынбаев: «...өлі-тірі берілмесе, келін ауырулы болуы мүмкін»(13, 96.), – деп жазады. Біздің ойымызша, бұл ғұрыптың ең әуелгі мақсаты – осы қалыңдықтың өліп-тірілуіне қатысты дүниетанымнан туындаса керек, соңғы ғалымның өлі-тірі берілмесе, келін ауырулы болады деген пікірі бұл ғұрыптың тікелей келінге қатысты екендігін аңғартады. Десек те бұл мәселе алдағы уақытта әлі де егжей-тегжейлі дәлелдеуді қажет етеді. «Өлі-тірі өткен соң өлген күйеу жатпайды» дейтін халық мәтелінде айтылғандай, ол салт атқарылған соң, «қыз қашар» салты жасалады.

Кей кездерде бұл салт өткізілетін үйді «болыс үй» дейтін болған. Күйеудің қыз ауылына алғаш келуін «ұрын келу» десе, қыздың атастырылған күйеуін көруін «қыз қашар» дейді. Бұл «ұрын тойы» жастардың өзара бас қосатын көңілді мерекелерінің бірі болған. Бұл жиында, әсіресе, ауылдың жас жеңгелері белсенділік танытқан. Өйткені күйеуден алынатын «қол ұстатар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрпе қимылдатар», тағы басқа да толып жатқан сый-кәделерді осы жеңгелердің ебін тауып алуы дәстүрдің бір элементіне айналған.

Күндіз түрлі ойын-сауықтар өткеріліп, кешкісін одан әрі түнде екі жас алғаш рет оңаша кездесіп, «ақ неке түнін» өткізеді. «Жеңгелер қалыңдық пен күйеуге арнап төсек салып, көрпе үстіне ақ шүберек – «неке жаулық» төсеп, тілеуін тілеп, екі жасты жеке қалдырады. Қалыңдықтың қыз қасиетін жоғары ұстап, заңды некеге дейін беті ашылмай, құтты орнына қонуы өз басы мен ата-анасына зор абырой әперумен қатар, оның шын мәнінде бақытты болуының да кепіл» (17, 71) Бұл ғұрыптың қазақ халқында орындалуының мән-мақсаты жайында Ш.Керім былай деп жазады: «Күйеу баланың ресми қалыңдығымен кездесуге баруын «ұрын бару», осыған орай ұйымдастырылған той-думан «ұрын той» деп аталады. Тойдың мақсаты – бірін-бірі сағынған екі жасты оңаша кездестіру, еркін сырласып, махаббат жайлы сыр шертуге мүмкіндік туғызады» (14,51). Негізінен ұрын тойда орындалатын ырым-жоралғылардың негізгі мақсаты – («шаш сипар», «қол ұстатар») екі жасты бір-біріне жақындату. Бұл – көптеген түркі халықтарына ортақ. Бұл салтты тувалықтар «тыныш алғызары» деп атайды. Ол салт бойынша тувалықтар қалыңдық пен күйеу жігітті қатар отырғызып, қойдың піскен тілін екеуіне екі жақтан тістетіп, еріндерін жақындатады. Яғни бұл салттың мән-мақсаты – екі жасты бір-бірімен жақындастыру.

Дүниежүзі халықтарының этнографиялық мәліметтері осы салттардың қай халықтың болса дәстүрінде бар екенін аңғартады. Мұнда, көріп отырғанымыздай, екі бөлек адамды бір бүтінге айналдыру сипаты басым. «Ұрын тойы»– қыз ұзату тойы мен үйлену тойының арасындағы шешуші

рәсім болып саналады.Егер ұрын келген тойда қалыңдықтың ары таза болмай шықса, күйеудің жолдастары оның ерттеулі атының қарнын жарып, ер-тұрманын шапқылап қиратады. Ондайда күйеу қалыңдықтан бас тартатын болса, қалыңмал төленіп қойғандықтан, кіші қызын беріп, күйеуді риза қылып құтылатын болған. Көп жағдайда келісілген қалыңмал мүлдем төленбей немесе азайтылып төленетін жағдайлар арқылы қиын істің түйінін шешетін болған. Мұндай сүйекке таңба түсіретін оқиғалардан сақ болу үшін әрбір ата-ана жоғарыда аталғандай, бойжеткенін құтты орнына қондыруға тырысқан. Сондықтан «қызға қырық үйден тыйым, мың сан үйден сын» деп білген ата-бабаларымыз үйлену тойына ерекше мән беріп, бұлжымас қағидалар арқылы атқарылатын берік өмір салтына айналдырған» (13, 58).

Осы салтты өткерудегі күйеу кәделері мен ырымдары мынадай: ұрын келу, есік ашар, ендікпе, балдыз көрімдік, күйеу табақ, сүт ақы, жігіт түйе, атбайлар, босаға аттар, сәукеле байғазы, жеңгетай, шымылдық байлар, отау жабар, кереге көтерер, уық шаншар, түндік жабар, үзік жабар, туырлық жабар, мойын тастау, ілу, қыз қашар, шашу, қыз көтерер, арқа жатар, қалыңдық ойнау, қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар, ит ырылдатар, «кемпір өлді», бақан салар, күйеу аттандырар, т.б. Қалыңдығын алуға келген күйеу барлық жол, жоралғыларымен, яғни құдалық кәделерімен, үлкендерге арналған сый-сыяпатымен, той малымен келеді. Той басталды. Қыз өз үйінен аттанар алдында оның әкесі барлық құдаларға киіт кигізеді. Күйеу баласына да сыйлық береді. Бірақ ол «киіт» емес «қапқа салар» деп аталады. Ол – бағалы киім, қымбат ер-тоқым, жігіт жарақтары немесе мал болуы мүмкін. Әрине, бұл – қайын атаның дәулеті мен мырзалығына, абырой беделіне сай жасалатын жолды дәстүр.

Қорытынды.Құдалыққа қатысты дәстүр-салттың қазіргі заманғы сипатына көңіл аудар,анда көбіне, этнографиялық тұрғыдан дәстүрдің сақталмайтынын атап өтуге болады. Оның себебі де белгілі. Құдаласудың дәстүрлі атрибуттары пайда болған кезеңдегі қазақ тұрмыс-тіршілігі қазіргі кезде мүлде өзгерді. Сонымен қатар бұл мәселенің табиғи-жағрафиялық, әлеуметтік-экономикалық себептерге, этномәдени қарым-қатынастарға байланысты әртүрлі себептерін де атауға болады. Қазақ халқының жер аумағының оңтүстік шет-шекарасында орналасқан аймағында исламдық ортаға, яғни Орта Азиялық мәдениетке жақындығынан ол өңірлердің салт-дәстүріне исламның ықпалы молынан болды деуге болады. Бірақ исламның қағидалары қазақтың ежелгі құдалыққа қатысты қалыптасқан құндылықтарын мүлде кеміткен жоқ, қайта жаңа мазмұнмен байытты деуге болады. XX ғасырдағы түрлі саяси шектеулер мен халық мәдениетіне қойылған тосқауылдар және қолдан жасалған орталықтандырылған мәдениетке күштеп тарту саясаты дәстүрлі құдалықтың негізгі мәнін көп төмендетті. Тәуелсіздік тұсындағы соңғы жылдар ішінде құдалық рәсімі қайта жаңғырып, үйлену тойларына (ұзату тойы да) бірнеше жүздеген адамға дейін шақырылып, кафе, ресторандарда жеткізіліп, қолынан келгендерде, келмегендер де танымал әншілер жалдап, той өткізуді бәсекеге айналдыру белең алып келеді. Бұрынғы жасау салтын мақсат ете отырып, ұзатқан қызының жасауы ретінде тек жиһаз ғана емес, пәтер кілтін табыс ету, көлік мінгізу сияқты сый-сыяпаттар жасау да өріс алып келеді. Той– әрбір адамның өзінің ұрпағына деген сүйіспеншілігі мен парызының көрініс табар шаттық мерекесі. Оны қалай өткізіп, қандай тарту-таралғылар жасау – әрбір ата-ананың өз еркіндегі мәселе. Тойдың шығынын ет жақын туыстары бөлісіп көтерісетін қазақ халқының дәстүрі әлі де өміршендік танытып отыр. Қорыта келгенде айтарымыз: халықтың ежелгі тұрмыс-тіршілігінен келе жатқан осындай ізгі дәстүрлерді тереңдете дамыту қажет. Әсіресе, құда салтына қатысты рәсімдердің материалдық деңгейінен гөрі, тәрбиелік-тағылымдық тұсына ерекше мән берген жөн. Өйткені ол болашақ ұрпақ өсіп-өнетін жас отбасының негізгі іргетасы болады. Сондықтан да кез келген үйлену тойына қатысты атқарылатын салт-дәстүрлер халықтық қағидаларға негізделген әдеп пен тәртіпті талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Чистов К.В. Народные традиции и фольклор. – Ленинград, 1986. – 305 с;
- 2 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Москва, 1989. – 406 с.
- 3 Ғабдуллин М.Қазақ халқының ауыз әдебиеті. –Алматы: Ғылым.–385 б.
- 4 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области, т.1. –Ташкент: Типо-лит. С.И. Лахтина, 1889. – 544 с.
- 5 Юридический быт. Ташкент, 1889. – 205 с;
- 6 Шетелдегі қазақ фольклоры.– Алматы: Evo-Press, 2014. –452 б.
- 7 Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры. – Алматы: Evo-Press.2014. – 422 б.

- 8 Штернберг М.Я. Первобытная религия в свете этнографии. – Ленинград, 1936. – 204 с.
- 9 Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности. – Алматы: Ғылым. – 248 б.
- 10 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.
- 11 Султангареева Р.А. Семейно-бытовой обрядовый фольклор башкирского народа. – Уфа: Гилем, 1998. – 234 с.
- 12 Жүнісов А. Фәниден бақиға дейін. – Алматы: Қайнар. 1994. – 117 б.
- 13 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы: Қайнар, 1996. – 226 б.
- 14 Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Арыс, 2007.
- 15 Көпеев М. Аспан, жер және адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – №2. – 56-61 б.
- 16 Қасқабасов С. Жаназық: Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 548 б.
- 17 Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. – Алматы: Санат, 1994. – 240 б.
- 18 Тал бесіктен жер бесікке дейін (Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары). Құраст., алғы сөзі мен түсініктерін жазған К. Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі. 1995. – 272 б.
- 19 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 228 б.

МРНТИ 17.07.29

Zholmakhanova A.¹

¹ Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Kyzylorda, Kazakhstan

TURKISH PERIOD IN LITERATURE OF KAZAKH DIASPORA

Abstract

Until Kazakhstan gained independence, Soviet ideology did not provide an opportunity to study the socio-economic, political and spiritual life of Kazakh people who are living abroad. Moreover, such scientific directions as diasporology, emigrantology did not receive proper development.

The article "Turkish period in the literature of Kazakh diaspora" is the result of the latest research in Kazakh literary science. This article is about the memories of Kazakh people living in Turkey, their genre, artistic and ideological, style features, nostalgic motives inherent in the memories. The historical and cognitive nature of the memories is also examined.

Later, Kazakh emigrants who were arrested during the Second World War and forced to stay abroad, frightening of returning to the country because of the policy of the Soviet regime in their relation, joined them. One of them is the famous musician Alim Almat. The mentioned representatives of Kazakh emigrant intelligentsia had the opportunity to develop their work in Turkey.

As a result, historical memories were written and published about H. Oraltay, H. Altai, A. Almat about the life of Kazakh diaspora abroad. The author devotes his research to the study of Turkish period of Kazakh diasporal literature.

Keywords: literature, diaspora, genre, diasporology, novel, emigration, Kazakh diaspora, history, emigrant literature, Kazakh literature

Жолмаханова А.¹

¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҮРКИЯ КЕЗЕҢІ

Аңдатпа

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін шет елдердегі қазақтар, олардың әлеуметтік-экономикалық, саяси-рухани өмірі туралы зерттеуге кеңестік идеология мүмкіндік бермеді. Тіптен диаспорология, эмигрантология сияқты ғылым салалары да өз дәрежесінде зерттеу жүргізе алмады. Тәуелсіздіктен кейін ғана қазақ ғалымдары шет елдердегі қазақтардың өмірі туралы зерттеуге мүмкіншілік алды.

«Қазақ диаспоралық әдебиетінің Түркия кезеңі» атты мақала да қазақ әдебиеттану ғылымындағы тың зерттеулердің нәтижесі. Аталған мақалада Түркия қазақтарының естеліктері, оның жанрлық, көркемдік-идеялық, стильдік ерекшеліктері, естеліктердегі «сағыныш сарыны» туралы сөз болады. Естеліктердің тарихи-танымдық сипаты зерделенеді.

Кейінірек олардың қатарын Екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түсіп, еліне қайтуға Кеңес саясатынан қорқып шетелдерде қалуға мәжбүр болған қазақ эмигранттары толықтырды. Солардың бірі белгілі музыкант – Әлім Алмат болатын. Аталған қазақ эмигрант-зиялылары Түркия мемлекетінде өз шығармашылықтарын дамытты. Соның нәтижесінде Х.Оралтайдың, Х.Алтайдың, Ә.Алматтың шетелдердегі қазақ диаспорасының өмірі туралы тарихи естеліктері жазылып, жарыққа шықты.

Автор өз зерттеуін қазақ диаспоралық әдебиетінің Түркия кезеңіне арнай отырып, осы кезең өкілдерінің шығармашылықтарын зерделейді.

Түйін сөздер: әдебиет, диаспора, жанр, диаспорология, роман, эмиграция, қазақ диаспорасы, тарих, эмигранттық әдебиет

Жолмаханова А.¹

¹ Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Кызылорда, Казахстан

ТУРЕЦКИЙ ПЕРИОД В ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ

Аннотация

До обретения Казахстаном независимости советская идеология не предоставляла возможности для изучения социально-экономической, политико-духовной жизни казахов, проживающих за рубежом. Более того, не получили должного развития и такие научные направления, как диаспорология, эмигрантология.

Статья «Турецкий период в литературе казахской диаспоры» является результатом новейших исследований в казахской литературоведческой науке. В данной статье речь идет о воспоминаниях казахов, проживающих в Турции, их жанровых, художественно-идейных, стилевых особенностях, о ностальгических мотивах, присущих воспоминаниям. Также исследуется историко-познавательный характер воспоминаний.

Позднее их ряды пополнили казахские эмигранты, которые были арестованы в ходе Второй мировой войны и вынуждены остаться за рубежом, опасаясь вернуться в страну из-за политики Советской власти в их отношении. Один из них – известный музыкант Алим Алмат. Упомянутые представители казахской эмигрантской интеллигенции имели возможность развивать свое творчество в Турции.

В результате были написаны и изданы исторические воспоминания Х. Оралтая, Х. Алтая, А. Алмата о жизни казахской диаспоры за рубежом.

Автор посвящает свое исследование изучению Турецкого периода казахской диаспоральной литературы.

Ключевые слова: литература, диаспора, жанр, диаспорология, роман, эмиграция, казахская диаспора, история, эмигрантская литература

1. **Introduction.** According to the researchers, Kazakh people began to settle in Turkey about 70 years ago. The ancestors of today's Kazakh people of Turkey moved here in the second half of the 1930s from the Altai, Barkul, Sauan, Gaskol regions of East Turkestan. First they crossed through Hansa, Shynkai, crossed the deserts of the Himalayas and Taklamakan, and through India and Pakistan reached Turkey. Many of our compatriots died during the period of resettlement. About two thousand survived Kazakh people settled in Turkey.

The Turkish government favored Kazakh immigrants. They were assisted so that they could live with dignity on the land of fraternal Turkey.

Therefore, Turkish Kazakh people annually visit Menderes Mausoleum in Istanbul district of Topkapi, where they read Koran to express their gratitude to Turkish people. Menderes was one of those who sheltered the first Kazakh immigrants.

In 1991, when Kazakhstan declared its independence, fraternal Turkey was the first to recognize our young state among other countries of the world.

The fact that science is closely connected with the development of society and must meet its new needs is quite natural. Indeed, scientific novelty is the result of relevance, necessity. This applies not only to the technical, technological sphere, but also to the political, social, humanitarian sphere of science.

After Kazakhstan gained independence, new tasks were set before the country's science. One of them is conducting research on the life and life of Kazakh people living abroad, on their traditions, literature and culture, ethnography, the reasons for the resettlement and its stages [1].

Currently, over 5 million Kazakh people live outside of Kazakhstan in 25 countries of the world. This is about third of the whole Kazakh people on the earth.

In different countries of the world, Kazakh people have different political, economic, cultural and social status.

Kazakh people as permanent population (residents) live in Russia, Turkey, China, Mongolia, Uzbekistan, Western Europe and some US states.

2. **Methodology.** To the present day, we have not had the opportunity to explore the lives of our compatriots abroad. "After all, until independence, the culture of foreign Kazakh people was not studied, moreover, in the system of social sciences there was no diasporology that would deal with the problems of our compatriots living far from the homeland" [2].

There are several reasons for this. The most important of them - during the period of the Soviet Union of the republics, which were included in its composition did not have the opportunity to independently defend their interests, to form their own ideology. In this regard, research work was subordinated to the "center". Such "chauvinistic" principles in relation to national science also influenced to the development of Kazakh science.

After Kazakhstan gained independence, new horizons and new opportunities were opened for domestic science. The "white spots" in national history were rethought, explored again, which allowed fresh look at many events of the past. In the system of social sciences, research has begun new direction - problems of Kazakh people abroad.

In literature science, the latest topics, such as Kazakh foreign literature, Kazakh foreign folklore, diasporal literature, emigrant literature, have also become the object of research.

We learned about the history, formation and development of Kazakh foreign literature, about its representatives, got acquainted with their work. At the same time, Kazakh literature of Turkey occupies special place, where about 30 thousand Kazakh people live.

3. **Result.** The writer Khalifa Altai, known for his civic identity among the Turkish people, was born in 1917 in Altai Territory of East Turkestan. His parents were quite authoritative, intelligent people at home. Together with Kazakh people, who opposed the pressure of the Chinese authorities in the 1930s, in 1941 he moved through Tibet to India. For more than ten years, Khalifa Altai lived in India and Pakistan, where he received his education. In 1951, in Pakistan, he created society of Kazakh immigrants under the name Sharki Turkestan, becoming his secretary.

Having united around the society of Kazakh immigrants created by him, he did much to educate, educate Kazakh people of Pakistan, preserve the national language and religion. In 1953-1954, through this society, he organized the resettlement of Kazakh people of Pakistan to our relative Republic of Turkey.

On arrival in Turkey, Khalifa Altai continued his educational activities and made a great contribution to the preservation and development of national history, literature and culture, native language among Kazakh people of Turkey.

As the result of such activities, positive attitude towards the Kazakh people who were engaged in trade was formed in Turkey, which contributed to improving their living conditions and getting an education. In 1977, his first book, "Family tree of Kazakh Turks" in Turkish, was published in Istanbul.

Khalifa Altai is a specialist theologian who had deeply mastered the history and theory of Islam, polyglot who spoke several Eastern languages.

Among his works, the work "The Way of the Quran and the Requirements of Faith", which was published in Kazakh in 1980, is of the particular important works. He is also one of the first translator of the Quran Karim.

In 1988, together with Dalelhan Zhanaltai in Istanbul, he published "Interpretation of the Quran of Karim in the Kazakh language." He also translated books into the Kazakh language such as "Biography of the Prophet Muhammad Halaissalam", "Selected Hadith", "A Brief History of Islam".

We can say the books of Khalifa Altai - "Gibadatul islam", "The alphabet of quran and the conditions of faith", "Sharia", "Imanshart", "Science" and others are the main contribution to Kazakh theology.

The theme of the fate of Altai Kazakh people plays special role in the work of Khalifa Altai. In his memoirs - "My Memoirs", "From Fatherland to Anadola", "People Relocated from Altai" - he tells about the fate of Altai Kazakh since the resettlement of their ancestors, about Kazakh batyrs who showed courage in overcoming the difficulties of resettlement, in fight against enslavement.

«My Memories» were published in 2014. In the Preface to his work, Khalifa Altai noted that, whenever possible, he tried to accurately indicate, along with the dates of events, the names of localities, the names of people [3. 6].

What the author is talking about is one of the requirements for recollections, and at the same time its foundation. Khalifa Altai, who set himself this task, achieved his creative goal. The events, which are narrated in the memoirs, reflect the real picture of the resettlement of Kazakh people who suffered from Chinese repressions.

It is impossible to read pages without excitement about the difficulties who had Kazakh people, who left the land of their ancestors, about the repressions that fell on their lot. Here is how it was said in the book of H. Altai memoirs «People resettled from Altai» "Who knows what fate will curse us for, the local authorities again look at us. If only one would give us helping hand, he suggested what to do. Dungans forcibly take horses from Kazakh people, forced to relocate from their native places. They take by force selected horses and put their stamps. We have lost our swift horses" [4. 27-28].

Khalifa Altai - a writer who knew several Turkish, Oriental languages, deeply studied the history and theory of religion. From his youth he lived in various countries. Despite some remoteness from Kazakh people-speaking environment, he did not use borrowed lexis in the narrative language.

The fact that H. Altai expressed the events that fell to the lot of Kazakh people who migrated from East Turkestan was narrated in the form of memoirs, testified to the author's creative approach to the search for new genres.

4. Discussion. In the book - the narrative "My Memoirs", which is discussed, and in the book of memoirs "The People Moved from Altai", the core event of the description is the same event. Such artistic searches were before in the history of literature.

One of the features of the memoir genre is that the composition, reflecting real life, at the same time tells about our national history. These qualities of memories make them especially valuable for literary science. In this regard, it is necessary to note the historical significance of the memoirs of H. Altai [5].

This work can be regarded as an invaluable work in which the author without any embellishment tells about the difficulties of that time, about what he saw, about the nostalgia of our compatriots on the land of their fathers. And at the same time, it paints vivid pictures of the multi-layered history of our people.

Speaking about Kazakh literature in Turkey, we should pay more attention to the work of Hassan Oraltai. He is the author of several journalistic, historical, research works written in Turkish, Kazakh, English, German and other languages. It can be said that his research work and journalistic work are "Kazakh Turkish of East Turkestan on the Way to Freedom" (Izmir, 1961), "The Great Turkologist Magzhan Zhumabayuly" (Izmir, 1965), "Main Problems in the History of East Turkestan" (Istanbul, 1975), "The Fight against Communism" (Izmir, 1965) indicate the existence of Kazakh diasporal literature and science.

Despite the fact that Kazakh science and history did not conduct research on Alash intelligentsia, he published research papers about "Alash movement", "Alash Orda" party, and Alash.

Hassan Oraltay studied the activities of representatives of Alash movement on the way of national liberation - A. Bokeikhanov, A. Baitursynov, M. Tynyshbaev, M. Dulatov, Zh. Dosmukhamedov, H.

Dosmukhamedov, M. Shokai, M. Zhumabaev, R. Marsekov, T. Ryskulov, S. Asfendiyarov, N. Torekulov, O. Zhandosov, S. Kozhanov and others.

Beginning from 1967, he worked at “Azattyk” radio station in Munich, put a lot of effort in conveying truths to history, society, and time to Kazakh people around the world. Hassan Oraltai was one of the first to give fair assessment of the December events of 1986.

Hassan Oraltai is the successor of the first Kazakh emigrant Mustafa Shokai. He was the son of Kalibek Hakim, who during the national revolution in Xinjiang mobilized Kazakh people of East Turkestan to the national liberation struggle. The name of his father is on the same row with the name of Ospan Batyr, one of the leaders of the national liberation movement of Turkish people in Xinjiang.

In his book of memoirs, “Elim-ailap otken omir (my motherland – passed life)”, Hassan Oraltai writes about the life of foreign Kazakh people, taking as the basis of the narrative the events that he himself witnessed. In the selection of melodies and motifs "Elim-ai", known since the time of "Aktaban shybyryndy alkakl sulama", there is symbolic subtext. The book tells about the events and historical figures of the period of the 40s of the 20th century and the beginning of the 21st century.

Academician R. Nurgali, analyzing the genre features of the book “Elim-ailap Utken Umir (my motherland – passed life)” noted that this work “of one of the prominent representatives of the foreign Kazakh diaspora, journalist, writer Hassan Oraltai can be called an autobiographical novel” [6].

The volume of the book (50 printed pages), and indeed, the narrative on the coverage of the time period corresponds to the genre of the novel. However, if we analyze the work from the point of view of the requirements for epic works of art (conflict, creation of images, imagination, etc.), then, as the author himself noted, this book belongs to the genre of memories.

Being an experienced journalist, the author conducts his narrative in journalistic style, trying to truthfully and objectively describe the events and images of historical figures.

The author in the Preface to the book of memoirs noted: “Despite to the various obstacles, the book “Elim-ailap onken omir (my motherland – passed life)” reached readers of independent Kazakhstan. Eight hundred copies of the first edition are distributed in Kazakhstan. At the same pace, the book reached Mongolia and my native East Turkestan. The desire of some to prevent the distribution of the book in Kazakhstan, on the contrary, had the opposite effect and contributed to the advertising of the book.

In publications in English, Russian and Kazakh, articles were criticized by those who said that “import of book of memoirs of Khasan Oraltai was banned in Kazakhstan.” This also contributed to an increase in the number of people wishing to read the book and find out what is forbidden these days the author writes. The editor-in-chief of the weekly Azat newspaper Batyrkhan Darimbet (since 2002), who noticed this, began to publish excerpts from the book.” [7. 5].

After Kazakhstan gained independence, relationship was established with Kazakh people abroad. Researchers began to study the socio-economic, cultural and spiritual life of foreign Kazakh diaspora. For the first time in Almaty, meeting (kuryltai) of foreign Kazakh people was held, where our compatriots from several countries of the world were gathered.

Banning of reading Hassan Oraltai works, is related with that time when he worked 40-years as a journalist and editor of Radio Liberty. After all, the problem has been resolved. Hasan Oraltai has been for several times in Kazakhstan and has taken his place among Kazakh intelligentsia.

The memoirs provide numerous information about Kazakh life abroad, about the fate of the people who moved from East Turkestan. The author tells of the difficult days of trials, about difficult fate that fell our compatriots. The reader is especially touched by the nostalgia of immigrants in their native land, in the land of their ancestors, memories of the past, about unforgettable days in their native land.

Many examples can be given related to Kazakh diasporal literature of Turkish period.

For example, in Turkey, there have been published and made available to Kazakh people the world of art, journalistic works such authoritative, eminent personalities like Dalelhan Zhanaltay, Alim Almat and others. Alim Almat, being in prison, couldn't return home and lived in France, Germany. Then settled in Turkey.

5. Conclusion. Foreign Kazakh literature is an integral part of the national art of the word. And we can say that Kazakh diasporal literature of Turkey, the representatives we named above, made a significant contribution to the development of the national art of the word.

References:

- 1 Zholmakhanova A.B. *Kazakh diasporal literature: formation, development and features // Gazi Türkiyat.* – 2018. - № 22. – p.215-223.
- 2 *Foreign Kazakh folklore: monograph /editor: B.U.Azibayeva– Almaty: Evo Press, 2014. – 452 p.*
- 3 *Altai H. My memories. Chronicles of the story. – Almaty, 2014. – 152 p.*
- 4 *Altai H. People resettled from Altai. – Almaty: Dauir, 2014. – 271 p.*
- 5 *Zholmakhanova A.B The historical significance of Khalifa Altai memoirs // Vestnik RK. Series «Social and Human Sciences». – Almaty, 2016. – №5 (309). – 164-167 p.*
- 6 *Nurgali R. 100 Kazakh novels. – Astana: Foliant, 2004. – 456 p.*
- 7 *Oraltai H. Elim-ailap otken omir (my motherland – passed life): Third edition: – Almaty: Bilim, 2005. – 664 p.*

МРНТИ 17.71.07

Nurgaziyev T. ¹

*¹Ardahan universiteti,
Ardahan, Turkey*

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА

Aңдатпа

Ертегілер, бір халықтың ғана емес, адамзат баласының өсу, өркендеу жолын көрсететін тарихи жәдігерлік. Кез келген ертегіде жақсылық пен жамандық, бай мен кедей, туысқандық байланыстар мен отбасын, отанын қорғау сияқты мәселелер сөз етіледі. Сонымен қатар, ертегілер халықтың әлеуметтік өмірін ашық сипаттайтын ерекше қасиетке ие. Бала кезімізден естіп үйреніп қалған бай/кедей, жақсы/жаман, білімді/білімсіз, патша/құл, ақылды/сараңнан басқа ертегілерден баласыздық зары, отағасын күткен ананың уайымы, баланың сана сезімін қалыптастырудың әлеуметтік ерекшелігі, өмір сүрген географиялық орны мен табиғаттың көрінісі, бір сөзбен айтқанда әлеуметтік өмірі көрініс табады. Мақалада осы аталған әлеуметтік ерекшеліктер сараланып, оларға ертегі мәтіндерінен мысалдар келтіріледі. Сонымен қатар мақалада ертегі айтушы/шығарушы және оның өміріндегі әлеуметтік мәселелері ертегіде қалай көрініс тапқандығы туралы айтылады. Мақалада Қазақ әдебиетіндегі Алдар көсе туралы бес ертегі, Алаша Ханның ертегідегі және хикаядағы образының географиялық ерекшелігі, баласы жоқ отбасының “Ер Төстік” ертегісінен көрініс табуы, “Кім күшті” ертегісінің кіріспе бөліміндегі ертегіні айтушының әлеуметтік проблемалары мен бала тәрбиелеудің өзіндік ерекшелігі сөз етіледі.

Түйін сөздер: ертегі, әлеуметтік орта, Ер Төстік, Алдар Көсе, Алаша хан, әлеуметтік код, фольклор

Nurgaziyev T. ¹

*¹Ardahan University,
Ardahan, Turkey*

CULTURAL AND SOCIAL ENVIRONMENT OF KAZAKH TALES

Abstract

Tales are historical artifacts that show the growth and prosperity of not only one nation, but all of humanity. In any fairy tale there are such questions as good and evil, wealth and poverty, communication with relatives and the protection of the family and homeland. In addition, fairy tales have a special character that clearly describes the social life of people. Rich / poor, good / bad, educated / uneducated, king / slave, smart / mean. In addition, fairy tales reflect such social problems as infertility, mother’s anxiety about family and children, social features of the child’s consciousness structure, geographical features of social life, in short, a fairy tale reflects the social life of a certain people. The article analyzes social features and provides

examples from Kazakh tales. In addition, the article focuses on the storyteller of fairy tales, as he reflects his social problems in the fairy tale. The article examined five tales about Aldar Kos - as a hero-protector of the people i.e. social dreams of the people, geographical features of the image of Alash Khan - urban and nomadic type of khan, the problem of infertility in the fairy tale “Yer Tostik”. The narrator’s social problems were analyzed based on the tale “Who is Strong”.

Keywords: fairy tale, social environment, Yer Tostik, Aldar Kose, Alasha Han, social code, folklore

Нургазиев Т.¹

¹*Ардаганский университет,
Ардаган, Турция*

КУЛЬТУРНО-СОЦИАЛЬНАЯ СРЕДА КАЗАХСКИХ СКАЗОК

Аннотация

Сказки – это исторические артефакты, которые показывают рост и процветание не только одной нации, но и всего человечества. В сказках есть такие социальные проблемы как добро и зло, богатство и бедность, коммуникация с родственниками, защита семьи и родины. Кроме того, сказки имеют особый характер, который четко описывает общественную жизнь людей. Богатый / бедный, хороший / плохой, образованный / необразованный, царь / раб, умный / скупой, и.т.д. Помимо этого в сказках отражаются такие социальные проблемы как бесплодие, беспокойство матери о семье и детях, социальные особенности конструкции сознания ребенка, географические особенности социальной жизни, одним словом, сказка отражает социальную общественную жизнь определенного народа. В статье анализируются социальные особенности и приводятся примеры из казахских сказок. Кроме того, в статье особое внимание уделяется рассказчику сказок, как он отражает свои социальные проблемы в сказке. В статье были рассмотрены пять сказок об Алдар Косе – как о героо-защитнике народа т.е. социальной мечты народа, географических особенностях образа Алаша Хана – городской и кочевой тип хана, проблема бесплодия в сказке “Ер Тостик”. Социальных проблемы рассказчика были проанализированы на основании сказки «Кто силён».

Ключевые слова: сказка, социальная среда, Ер Тостик, Алдар Косе, Алаша хан, социальный код, фольклор

Кіріспе. Бала кезінен біз білетін ертегі – халық ауыз әдебиетінің кең таралған түрлерінің бірі. Әр халықтың ұлттық рухын бейнелейтін өзіндік ертегілері бар. Әдетте олар наным-сенімдерді, ғұрыпты, дәстүрді, батырларды, дінін, ұлттық тағамдарын, географиялық орналасуымен байланысты болған әлеуметтік қайшылықты бейнелейді.

Ертегі алуан түрлі функцияларға ие болғандықтан көптеген ғылыми бағыттардың объектісі болып табылады. Сондықтан, бірі мәтіндік талдауға жүгінсе, енді бірі семантика тұрғысынан мән іздейді. Ертегілерді тіл зерттеушілері (тілші ғалымдар) көбіне әлеуметтік, когнитивтік, этнолингвистика бағыттарында материал ретінде қолданады. Яғни, ертегілердегі кездесетін зат атаулары, концептілер, кейіпкерлер диалогы, т.б.

Әдебиеттану ғылымы болса, ертегінің сюжетінен бастап, кейіпкерлерінің мінезі, идеологиялық ұстанымы, салт-дәстүр, т.б. кеңестік кезден қалыптасқан конструкциялық жолменталдау жүргізіп келеді. Соңғы жылдарда әдебиеттануға тәуелсіздіктің қосқан басты үлесі – “Рухани жаңғыруға” негізделген “Ұлттық рух” тақырыбының фольклор төңірегінде қарастырыла бастауы. Бұл тарих пен сәл кенжелеп тұрған әдебиеттану ғылымына жаңа серпін берді. Жаңашыл зерттеулерге жол ашылды. Нәтижесінде, Қазақстандағы әдебиеттану ғылымы тәуелсіз тарих, мәдениеттану, этнография сияқты келелі білімдермен байланысқа түсіп, өзінің зерттеу аясын кеңейтті. Десек те, әдебиеттану ғылымының дамуы және “Рухани жаңғыруы” үшін әлемдегі зерттеулерге зер салып, жаһандану үдерісінде өз фольклорлық туындыларымызды барынша қорғап, “әдебиеттің кәрі әжесін” (Ғ.Мүсірепов) зерттеу керекпіз. Бүгінгі әдебиеттану “Қоғамтану”, “Психология”, “Әлеуметтану”, керек десеніз “Киномотография” салаларымен тығыз байланыста болуы тиіс.

Қарастырылып отырған мақала, әдебиеттану ғылымының әлеуметтану ғылымымен байланысын бұғанға дейін сақталып келген дәстүр жалғастығын барынша сақтай отырып талдау жүргізуді мақсат тұтады. Талдаудың нысаны болып Қазақ фольклор қазынасының ең танымал және әмбебап (әрі

күрделі) түрі болған ертегілер алынды. Шын мәнінде, ертегі – фольклордың ең танымал әрі ғылыми тұрғыда әмбебап түрінің бірі. Зигмунд Фрейд ертегі сюжеттерінің астам түсіндегі ерекшелігін тілге тиек етсе (*Marchenstoffe in Traumen – 1913ж.*), оның шәкірті К.Юнг өзінің *аналитикалық психологиясында* “ұжымдық бейсаналық” (*archetyp*) тұрғысынан зерделейді. Дж. Кэмпбелл болса ертегі қаһармандарының жүріп өткен жолынан, кездескен қиындықтарынан ұқсастық іздейді (*The Hero with a Thousand Faces – 1949ж.*). В.Пропп орыс ертегілерінің ұқсастықтарын жүйелеп, ортақ сюжетіне сай топтау жүргізеді (*Морфология «волшебной» сказки – 1928ж.*). Ертегілердің тағы бір зерттеу арнасын мифологиямен және бүгінгі голливуд фильмдерімен байланысын көрсеткен еңбек Билл Мойерстың 1988 жылы жариялаған «Мифологияның күші» (*Power of Myth – 1988ж.*). Бұл еңбекте Б.Мойерс Дж.Кэмпбелмен сұхбаттаса отырып діндегі қасиетті кітаптардан голливуд фильмдеріне дейінгі мифтерді, ертегілерді саралап, заманауи голливуд фильмдерінің сюжеттермен салыстырады. Байқағанымыздай, ертегі біздің түсінігіміздегі «ауыздан-ауызға жеткен фольклор түрі» ғана емес, ғасырлар бойы қалыптасқан және өз бойына белгілі бір ұлттың (бәлкім адамзаттың) *әлеуметтік өмірін* бойына жинақтаған тәрбие құралы, мифтердің бір бөлігі, әрқашан жаңғырып отырған ата-бабаларымыздың арман-мұраттары, “*Адам өмірінің кейбір кезеңдері, фобиялары, әуестіктері, көзқарастары, қолданған тіл қалыптары, мәдени және өмірлік тәжірибелері*” [1;144] және ұлттық әдебиетіміздің баға жетпес қазынасы.

Әдістеме. Бүгінгі күні ертегілерді әдебиеттану ғылымы тұрғысынан талдаудың бірқатар әдіс-тәсілі бар. “*Әр әдіс өз орнында жақсы*” [2] қағидасын ескерсек, талдау тұрғысынан Владимир Пропп ұсынған салыстырмалы-типологиялық талдау әдісі бүгінгі күні өз маңыздылығын жоғалтпай, әмбебапұлгі ретінде қаралады. Ертегі сюжеті мен қаһармандардың образын қатар алып жүрген бұл талдау – ертегінің сипатын мейлінше толықтай ашады. В.Пропп “*Фольклорлық ертегілерде формаларды қарастыру және жүйенің заңдылықтарын белгілеу органикалық түзілімдердің морфологиясымен бірдей*” [3;1] екенін аңғарып, тіл білімінде кеңінен танымал болған “*морфологиялық әдісті*” оңтайлы деп есептейді.

Фольклор қазынасына талдау жүргізудің теориялық негіздерінің бірі – халық ертегілерінің мотивтерін талдау болып табылады. Мотивтер 1932 жылдан бастап жүйелі индекстелді. Бұл талдаудың түрін ғылыми айналымға енгізген - Стис Томпсон. Ол “*Халық әдебиетінің мотив-индексі*” деген еңбегін жариялады; бұл жұмыс ертегілерді талдауға арналған көмекші әдебиет ретінде кәсіби фольклористің (халық білімшісінің) ең құнды құралдардың біріне айналды. Еуропа халықтарындағы ертегілердің мотивін Аране 1910 жылы жариялады. Томпсон, Араненің ізбасары ретінде бұл тізімге Азия ертегілерін қосты. Сондықтан бұл әдісті Аране-Томпсон әдісі деп те атайды. Мотив-индекс талдауы ертегілерді мотивіне қарай топтастыруды көздейді. Мысалы, *хайуанаттардың өмірі бейнеленген ертегі мотивтері А1700-А1799* ретінде берілсе, ертегіде кездесетін *қасиеті бар заттар D900-D1299* түрінде көрсетіледі.

Мақалада ертегілерді әлеуметтік тұрғыда талдау үшін олардың сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін негізге алмағанымызды ескертеміз. Оған бірнеше себеп бар:

1) Қазақ фольклорында орын алған ертегілер ғасырлар бойы жинақталған халық қазынасы, ұлттық таным-түсініктің көрінісі болып табылады. Ғасырларды артта қалдырған бұл фольклор түрінің пішіні барынша жинақталып, қысқарған. Кей түсініктер тек символдық түрге ие болып қалған. Символдарды талдау және олардың ұлттық табиғатын ашу өз алдына бөлек мақсат. Сөзсіз, ертегідегі әлеуметтік тұрмыс, халық өмірі, мәселелі жағдаяттар ғасырлар сүзгісінен өтіп, ертегі мәтінінің және сюжетінің бір бөлігі болып қалған. Сондықтан мақалада тек ертегі мәтініндегі халықтың әлеуметтік өмірін белгілейтін тұстары алынды;

2) Мақалада ертегілерді сюжеттік және композициялық тұрғыда топтастыру көзделмеген. Себебі, ертегінің пішіндік (формалық) ерекшелігін талдау, тақырыбымыздан ауытқуға себеп болады. Пішін мәселесі – структуралық көзқарасты талап етеді. Біз семантикалық әдіске жүгінеміз.

3) Қазақ ертегілерінің біздегі структуралық талдауы (кіріспесі, оқиғаның дамуы, шиеленісуі...) барынша зерттеліп бітті. Ендігі мақсат – пәнаралық байланысты орнату арқылы ұлттық ерекшелігімізді, дүниетанымымызды тану, ұмытылған дәстүрді рухани жаңғырту.

Мақаладағы ертегілерді талдау барысында бай/кедей, жақсы/жаман, білімді/білімсіз, патша/құл, ақылды/сараңнан басқа баласыздық зары, отағасын күткен ананың уайымы, баланың сана сезімін қалыптастырудың әлеуметтік ерекшелігі, халықтың өмір сүрген географиялық орны мен табиғатының көрінісі, бір сөзбен айтқанда әлеуметтік өмірі көрініс табатын мәтін негізгі материал ретінде алынды.

Нәтижелер және талқылау. Фольклордың өте қарапайым жанры болып табылатын ертегілер неліктен ғасырлар ағысында жоғалмай, қайта жанданып, өз өмірін жалғастыру үстінде? Өркениеттер жоғалып, ғылыми-техникалық революциялар кезегімен адам санасындағы құндылықтарды өзгертсе де, қазақ халқы үшін еңбекқор қасиеті құмырсқа образында, көсе (сақалы шықпаған еркек) сипаты алдауға икемді адам образында сақталды. Күйеу баласына төс етін тартқан қайын атасы мен “Ер Төстік” ертегісінің бас қаһарманының дүниеге келу ерекшелігінің арасында қандай да бір байланыс бар ма? Я да көп ертегілер неге “Ерте, ерте, ертеде” деп басталатыны жайлы оқырман немесе ертегі айтушы ойлана ма? Бұл сұрақтардың жауабын ертегілерге әдеби тұрғыда талдау жасау арқылы табуға болады.

Ертегіні талдау үшін, оның функционалдық қызметін анықтап алғанымыз жөн. Әуелде, бұл фольклор түрі қолданыста кімге бағытталып айтылғанын (бағытталу объектісі) анықтап алуымыз керек. Қай мемлекетте болмасын, ертегілердің бағытталу объектісі – бала. Ертегі балаға әдетте 3-4 жасынан бастап айтылады. Бұл қарым-қатынаста субъект ретінде танылатын (баяндаушы) сол баланың анасы немесе әжесі. Атасының немесе әкесінің балаға ертегі айтып отырған сюжетін қазақ фольклорында кездестіру қиын. Ер адамдар фольклорда хикаялық дастандар (хикаялар) немесе батырлық дастандар айтады. Екі фольклор туындысының (ертегі, дастан) мақсаты әр-түрлі, көтерілетін әлеуметтік мәселелері де бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, ертегіде ешқашан нақты мезгіл, мекен, уақыт көрсетілмейді. Әдетте “Ерте, ерте, ертеде...” деп басталып, соны бақытты болған, отау құрған үйіне оралған, іздегенін тапқан, арманына жеткен адамдардың образын көреміз. Аталғандар – *қоғамдағы әйел адамның арманы*. Үйінде отырып баласын ұйықтату барысында құрастырған қиялы, отағасын күтіп армандаған арманы, үй шаруашылығымен айналысу барысында айналадағы заттарды қатыстырғаны, керек десеніз тұрмыс құру арманының өзі “соңында екеуі бақытты болыпты” немесе “қырық күн ойын, қырық күн тойын жасап” деген тіркестер арқылы көрініс тауып, ертегінің этимологиялық авторы әйел екенін көрсетеді. Сондықтан аң немесе балық аулау туралы ертегілерді кездестірмейміз. Хикая, дастандар болса нағыз ер адамның қиялы, әрекеті, дүниетанымы.

Сөзіміз дәйекті болуы үшін гендірлік сипаты жоқ “Кім күшті” ертегісін талдап көрейік. Ертегінің басы:

“Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі жүні бөртеде.

Қырғауылдың жүні қызыл екен,

Құйрық жүні ұзын екен” [4;305], - деп басталады. Бірінші тармақта оқиғаның нақты қай жерде қалай болғандығы туралы ақпараттың жоқ екенін айтса, екінші тармақтағы «бөрте» сөзінің мағынасын ертегі мәтінінде ешім (баяншы) талдап, түсіндіріп жатпайды. Бөрте сөзі – біз білетін Шыңғыс ханның әйелі. Ал сөздің мағынасы болса моңғол тілінде “Borte-Fujin” ханым деген мағынаны береді. Демек, ешкінің жүні ханымда – әйел адамда. Расында, біздің қазақи болмыста ер адам аңшылық, кәсіп жасаса, әйел адам үй шаруашылығына жауапты болған. Яғни, жүн түткен, көрпе жасаған, киім тоқыған, бала қараған. Бұл қазақ әже-аналарымыздың әлеуметтік өмірін, отбасындағы қызметін, айналысқан кәсібінің ертегідегі көрінісі болып табылады.

“Қырғауылдың жүні қызыл екен,

Құйрық жүні ұзын екен”[4;305], - тармақтарында қырғауылды алудың себебі бекер емес. Мұндағы түйін, “*қырғауылдың еркегінде ғана құйрық жүні ұзын болады*”[6;224]. Сонымен қатар, қырғауыл – береке-бірлік, тоқшылықтың да символы ретінде көрініс табады. Демек, анасы баласына ертегі айта отырып, оның әкесі (отағасы) жайында ақпарат беріп отыр. Ерекше мәнді “қызыл” түске де беруіміз керек. Қазақ мақалында “Қыздың көзі қызылда” деп бекер айтылмаған. Қызыл түс – сұлулықтың әйел түсінігіндегі көрінісі. Бағамдап қарасақ, ертегінің тек қана алғашқы кіріспесінде (эмбебап қалып) халық өмірін, дәлірек айтар болсақ әйел адамның өмірі, түсінігі көрініс тапқан. Демек, ертегінің шығу тарихы әйел жаратылысымен тікелей байланысты. *Әйелдер – фольклордағы ертегі жанрының бастапқы авторы*. Кейіннен, ертегі айту белгілі бір қызмет ретінде қоғамдық сипат алып, «ертегішілер» деген ұғым пайда болды. Осылай ертегі өз баяншысын әйел-еркек деп бөліп жармай, бәріне бірдей ортақ фольклордың ең бай жанрына айналды.

Ертегілерде халықтың әлеуметтік өмірі, ортасы, географиялық мекенге де байланысты болады. Мысалы, Алдар көсенің әрекет ету мекені көбіне қала өмірін сипаттайды. Бұл сипат хандарды сынау, кекете отырып әділдік іздеумен көрініс табады. Халық және биліктің арасындағы текетірес те осы ертегілерден көрініс тапқан. “Алдар көсе мен Алаша хан”, “Алдар көсе мен шайтан”, “Алдар көсе мен бай” т.б. ертегілерде ашынған, кедейленген халық және тойымсыз хан (билік) арасындағы

текетіреті көруге болады. Әдетте мұндай ертегілерде әділеттілік жеңеді. Сондықтан Алдар Көсенің әрбір жеңісі – халық қиялының жеңісі. Осы тұрғыда “Алдар көсе мен Алаша хан” ертегісіндегі Алаша хан образы жиынтық (мүмкін тарихи?) образ. Себебі, *хикаядағы Алаша хан*[5;96] мен ертегідегі Алаша хан бір адам емес. Хикаяда Алаша хан образында Шыңғыс хан сипатталады. Ертегіде болса, қатардағы хан. Хикаядағы Алаша хан мінезі бар, дана, оны мен солын ажырата біледі. Ертегіде болса ол әйел мен еркекті ажырата алмайды. Берген қарызын адам капиталымен алатын хан. Хикаядағы хан мен ертегідегі ханның географиялық орналасу жері де әртүрлі. Екеуінде де тау суреттелгенімен, хикаядағы хан көшпенді елдің ханы; ертегідегі хан болса пайызға ақша беретін қалалық мәдениетке жақын тип. Демек, ертегілерде орын алған әлеуметтік теңсіздік тікелей сол оқиғаның географиялық мекеніне байланысты.

Бұдан басқа қазақ ертегілерінде жиі кездесетін әлеуметтік мәселе – баласыздық зары. Кез-келген отбасының басты тірегі, жүрегі – сәби. Қазақ мақалында “Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар” деген тіркестің ертегілердегі көрінісі кеңінен сипатталады. Мақаланың басында біз атап өткен ертегілердің авторы (әйелдер) үшін бала сүйу – үлкен бақыт. “Ер Төстік” ертегісінің бастапқы бөлімінде ұлдарынан айырылған шал мен кемпір қайғысы көрініс табады. Шал төс етін жеген соң дүниеге кемпірі ұл алып келеді. Қазақ халқы өз ертегілерімен әлеуметтік мәселелерін ортаға қойып қана қоймай, олардың шешілу жолын да айқын көрсетеді. Бүгінгі күні әлі жалғасын тауып келе жатқан күйеу баласына төс етін ұсыну сияқты дәстүр де осы сипатты аңғартады.

Сонымен қатар қазақ ертегілерінде халықтың фобияларын (қорқынышын) жиі кездестіреміз. Табиғат фобияларынан (күннің күркіреуі, найзағайдың жарқылы, өрт, т.б.) басқа әлеуметтік фобиялар (ауру; өлім; інісің, баласың, ағасың ұрлап әкету т.б.) басым сипатқа ие. Олар ертегі сюжетінің құрамына еніп, орныққан. Сондықтан “ұйықтап қалған кезінде байлап алыпты”, “самрұқ құс келіп ағасын алып кетіпті”, “жылан жұмыртқаға қарай өрмелеп бара жатыр екен”, т.б. тіркестер арқылы халық қорқынышы ертегі мәтінінен көрініс табады.

Қорытынды. Ертегі – әлеуметтік сипатқа ие фольклор жанры. Яғни, бұл тек әжесінің немересіне айтатын қиял-ғажап әңгімесі емес, бірқатар ғылым салаларына зерттеу объектісі бола алатын материал, тарихи және әлеуметтік өмірдің адам санасындағы көрінісі, халық мұрасы. “Әлемдік әдеби-мәдени байланыстар негізінде жаңа дәстүрді қалыптастырған, сөйтіп жаңа заман ағымына сай жаңашылдықтың арақатынасын ұрпақ, ұлт әдебиетіне сай жырлау қазіргі кездегі әдебиетте ұлттық руханиятымызды құрайтын құндылықтарға жаңаша көзқарас” [7;346] қалыптасқанымен, “Рухани жаңғыру” әдебиеттану ғылымында тек тарихи байланыс аспектісінде қарастырылып жатыр.

Әдебиеттанудың бүгінгі алар бағыты психоанализге негізделген (З.Фрейд, К.Юнг бойынша) талдаулар, жаңашыл классификациялар, тәуелсіз әдебиет биігінен қарай алатын, ұлт болмысын, психологиясын, ділін тану және әлемдік әдебиеттану ғылымымен иық тіре алатын жағдайға жету мақсатындағы зерттеулерді талап етеді. Бағыт Ресей еңбектерінің ғана негізінде емес, төл әдебиеттануымыздың А.Байтұрсынұлы, З.Қабдолов негізін салған ізбен жүре отырып, батыстық әдебиеттану еңбектеріне зер салуымызды қажет етеді. Осы орайда, мақалада көп айтыла бермейтін қазақ ертегілерінің әлеуметтік ерекшелігі басты тақырып етіп алынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Altınkaynak E. *Elazığ Masallarında Karşılaşılan Bazı Sosyal-Çevre Öğeleri Üzerine Bir Araştırma. // Tuncer Gülensoy Armağanı: Tuncer Gülensoy'un Doğumunun 55.Yıldönümü Dolayısıyla Öğrencileri tarafından hazırlanan çalışma, – Bizim Gençlik Yayınları, 1995. s.142-153 – конференция материалдары*

2 Байтұрсынов А. *Тілтану ғылымы (қазақ тілі мен оқу – ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Анатілі», 1992, 448 бет – кітап*

3 Пропп В. *Морфология сказки / Гос. ин-т истории искусств. - Ленинград: Academia, 1928. — 152 с. - (Вопр. поэтики; Вып. XII), на сайте <http://feb-web.ru> (10.05.2020) – электронды кітап*

4 *Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана, “Фолиант”, 2011. Т. 75: Батырлық ертегілер. - 424 бет.*

5 *Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана, “Фолиант”, 2012. Т. 85: Тарихи аңыздар. - 416 бет – кітап*

6 *Қазақстан табиғаты: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө.Жақын. Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” ЖШС, 2011. Т.3. - 304 бет – кітап*

7 Оралова Г. *Тәуелсіздік жылдарындағы жастар поэзиясындағы ой асқақтығы мен жаңа әуен//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. — Филология ғылымдары сериясы. – 2020. №1 (71). – 344-350 бб.- жинақ*

FTAMP 17.09.91

Әбелдаев Ж.¹

¹ ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан

ТҮРІК ТАРИХИ РОМАНЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ

Аңдатпа

Түріктің тарихи романының туу, қалыптасу және даму тарихы бар. Ол өзінің тарихи шындығымен тығыз байланысты дамыды.

Алғашқы тарихи романдарға негіз болған прозалық үлгілер түріктің ортағасырлық классикалық прозасында көрініс тапса, кейін ол XIX ғасырда Танзимат әдеби кезеңінде европалық проза негізінде қалыптасып дами түсті. Сондықтан түріктің тарихи романының генезисі сол XIX ғасырдан емес, ортағасырлық Диван әдебиетінен және халық қиссаларынан негіз алды десек болады.

XIX ғасыр әлемдік мәдениетке үлкен өзгерістер алып келуі себепті Анадолы түрік әдебиеті де бұл үрдістен қалыс қалған емес. XIX ғасырдағы түрік қоғамындағы ірі реформалар мәдени-әдеби аспектіні де қамтыды. Былайша айтқанда, ірі мәдени-әдеби жаңғыру үдерісін бастан кешті. Османдық социум алғаш рет Европалық өркениетпен жақындасты. Кейбір кезде ол өзінің Империялық мінезін көрсеткісі де келді. Дегенмен, бұл теке-тіресте батыстық мәдениеттің элементтері түрік мәдениетіне ене бастады.

Түріктің мәдени жаңғыруы негізінде әдеби үдерістер күрделі кезеңді бастан өткерді. Дей тұрғанмен, түріктің тарихи романы осы кезеңде қылаң беріп, ол түрік қаламгерлерінің қызығушылығын оятты. Танзимат кезеңінде алғашқы тарихи романдар батыстық үлгідегі ережелерді қабылдады, алайда, тарихи шындық тек Осман Империясының шындығымен қабысып жатқан еді.

Түйін сөздер: Түрік прозасы, тарихи роман, классикалық түрік әдебиеті, ұлттық бірегейлік, Танзимат әдебиеті, тарихи роман генезисі, Османдық социум

*Abeldaev. Zh.*¹

¹ KazNU named after al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

GENESIS OF TURKISH HISTORICAL NOVEL

Abstract

The Turkish historical novel has a history of birth, formation and development. It developed closely related to its historical reality.

If the prose patterns based on the first historical novels were reflected in the medieval classical prose of the Turks, then it was formed in the nineteenth century in the literary period of the Tanzimat on the basis of European prose. Therefore, the genesis of the historical novel of the Turks was based not only in the XIX century, but also in medieval Divan literature and folk tales.

Due to the fact that the XIX century saw significant changes in world culture, Anatolian Turkish literature did not lag behind this process. Major reforms in the Ottoman society of the XIX century also covered cultural and literary aspects. In particular, they have undergone a major cultural and literary modernization. For the first time, the Ottoman society is approaching European civilization. In some cases, he even wanted to show his Imperial character. However, in this context, the elements of Western culture began to enter into the Turkish culture.

Based on the cultural modernization of the Turks, literary processes went through a difficult period. But, despite the fact that the historical novel of the Turks in this period was particularly in demand, and therefore it aroused the interest of Turkish writers. In the literary period of the Tanzimat, the first historical novels adopted the rules of the Western model, but the historical truth was connected only with the reality of the Ottoman Empire.

Keywords: Turkish prose, historical novel, classical Turkish literature, national identity, Tanzimat literature, Genesis of the historical novel, Ottoman society

Абелдаев Ж.¹

¹ КазНУ им. аль-Фараби,
Алматы, Қазақстан

ГЕНЕЗИС ТУРЕЦКОГО ИСТОРИЧЕСКОГО РОМАНА

Аннотация

Турецкий исторический роман имеет историю рождения, становления и развития. Он развивался тесно связанными со своей исторической реальностью.

Если прозаические образцы, основанные на первых исторических романах, нашли отражение в средневековой классической прозе турок, то затем он в XIX веке в литературном периоде Танзимата сформировался на основе европейской прозы. Поэтому генезис исторического романа турок получил основу не только XIX века, но и в средневековой Диванной литературе и в народных сказаниях.

В связи с тем, что XIX веке произошли значительные изменения в мировой культуре, Анатолийская турецкая литература не отстала от этого процесса. Крупные реформы в Османской обществу XIX века охватили и культурно-литературные аспекты. В частности, пережили процесс крупной культурно-литературной модернизации. Османский социум впервые сближается с европейской цивилизацией. В некоторых случаях он даже хотел показать свой имперский характер. Тем не менее, в этом контексте элементы западной культуры стали входить в турецкую культуру.

На основе культурной модернизации турок литературные процессы пережили сложный период. Но, несмотря на то, что исторический роман турок в этот период был особенно востребован, и поэтому он вызвал интерес у турецких писателей. В литературном периоде Танзимат первые исторические романы приняли правила западной модели, однако историческая истина была связана только с реальностью Османской империи.

Ключевые слова: Турецкая проза, исторический роман, классическая турецкая литература, национальная идентичность, литература Танзимат, генезис исторического романа, Османский социум.

Кіріспе. Түріктің тарихи романының шығу тегін қозғамас бұрын түрік проза тарихынан сөз ету қажет-ақ. Өйткені, түрік прозасының, соның ішінде түрік романының тарихын білмей тұрып, жанрлық түрлерінен сөз ету мүмкін емес.

Түрік прозасының тарихы өте бай. Түріктің алғашқы прозалық үлгілері сонау орта ғасырларда пайда болып, оның жанрлық спецификалары да айқындала түсті.

Классикалық түрік әдебиеті, яки Диван әдебиеті (XIII-XIX ғғ.) деген атаумен белгілі әдеби кезең өзінің көркемдік дәрежесі, эстетикалық талғамы, тақырыптық-идеялық әрауандылығы тұрғысынан ірі бір уақыт мөлшерін қамтиды. Бұл сол Осман Империясы дүниеге келген күннен бастап (1299) қалыптасып, XIX ғасырдағы ірі реформалық бағдарлама болып табылатын – Танзиматқа дейін жалғасты. Ал Танзимат реформасы осман қоғамының сол кездегі жаңғыру идеясын көксеген бағдарлама еді. Бұл османдықтардың батыспен бәсекеге түсуінің алғашқы кезеңі болатын.

Диван әдебиеті, яки осман әдебиеті - Оғыз-Қыпшақ тобының Кіші Азияны бағындыру кезеңінің мәдени жемісі дер едік. Ол, әрине, екі ірі мәдени кеңістікпен тоғысуға мәжбүр болды. Оның бірі – ғылым мен діннің тілі болған араб мәдениеті болса, екіншісі – шығыс әдебиетінің тілі болған парсы мәдениеті. Бұл екі ірі мәдениеттен қашып құтылу еш мүмкін емес-ті, керісінше, ол мәдениеттермен ықпалдасуға, алыс-беріске баруға мол мүмкіндік туды. Күллі Шығыстық мәдениеттің ошағы болған араб-парсы мәдениеті көшпелі түркілерге де оң ықпалын тигізді. Бұл әсіресе, осман түріктерінің жазба әдебиетінің қалыптасуына, қарыштай дамуына өзіндік ықпал етті.

Араб-парсы әдебиеті арқасында осман түріктері өзінің әдеби тілі - осман тілінің қалыптасуына қол жеткізді. Оны мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерді, сөйтіп, Таяу Шығыста араб-парсы тілдерінің ықпалын бәсеңдетуге тырысты. Орта Азиядан өздерімен бірге ала барған Оғыз-Қыпшақ тілдерін араб-парсымен араластырып, жаңа тұрпаттағы тілдің пайда болуына себепші болды. Осы тілде мәдениет жасауға бел буды және оны жүзеге асырды да.

Классикалық түрік әдебиеті - түркі және араб-парсы мәдениетінің ортақ құндылықтарын пайдаланып, жаңа әдеби мұралар туғызды. Ол мұраның иесі – Анадолы түріктері болды. Осман тілінің пайда болуымен османдықтардың жаңа географиялық кеңістікте өздерінің ұлттық бірегейлігін

қалыптастыру жолындағы күресі басталып кетті деуге толық негіз бар. Ол оның тілінде, мәдениетінде, әдебиетінде, былайша айтқанда, күллі рухани құндылығында көрініс таба бастады. Айрықша, алдымен селжұқтардың, содан соң османдықтардың Кіші Азияда түркілік руханиятты кең көлемде орнықтыруы олардың бірегейлігінің нақтылана түсуіне негіз болды.

осуждали его за то, что он остался с неверной женой, что не выгнал ее из дому или не ушел сам. Но никто из них не знал, что у него после ранения никогда больше не будет детей” [7, с. 15].

Мырзагали не удалось вернуть семейное счастье, хотя прожили они с Асимой до старости и дочь выдали замуж. Лучший бурильщик нефтепромысла Макат, выйдя на пенсию, привозит из Мангыстау белого верблюжонка, словно возвращаясь к этническим корням и своим национальным истокам. “Недаром же говорят, – напоминает ему сосед Шолак, с которым Мырзагали дружил, недолго, в молодости, – без скотины двор пуст, без детей дом пуст...” [7, с. 12].

Мырзагали растит верблюжонка, красивого, ухоженного, “словно обсыпанного чистым, пушистым снежком” [7, с. 12], привязывается к нему. Гордой растет белая аруана, красивой, белой с ног до головы, с длинными ногами, длинной шеей и огромными, обрамленными густыми ресницами, черными глазами.

Обсуждение. Литературоведы и литературные критики проводят параллели между творчеством С. Санбаева, Э. Хемингуэя и Ч. Айтматова. Так, В. Бадиков называет Сантьяго, главного героя рассказа “Старик и море” Э. Хемингуэя символическим победителем, “хотя он и не получает ничего (только скелет рыбы, обглоданной акулами). Мырзагали – кочевник, исконный скотовод, чабан, знающий “душу” животного, почти позорно проигрывает, тщетно стараясь удержать верблюдицу в своем ауле. С. Санбаев изображает социально-психологическую трагедию более глубокую и неизбежную, нежели Хемингуэй” [8, с. 190]. Верблюжонок хочет вернуться на родину, к своей матери, на свою землю, также как Мырзагали, полукочевник XX века, хочет вернуться в свою прежнюю жизнь, где нет ни войны, ни ненависти. “Архетип дома выступает в современной литературе Казахстана как важнейший” [9, с. 26]. Таким он был и для С. Санбаева. Вспомним название эссе, открывающего шестой том прижизненного собрания сочинений писателя – “Сокровенная жизнь казахского дома как культура”.

Верблюд для казаха – символ гармонии и объединяющего начала. Мифологически лошадь олицетворяет высший или верхний мир, корова – представительница нижнего мира или мира мертвых. Овца степного происхождения, а верблюд соединяет все эти миры в единое целое, образуя космос. Об отрыве человека от природы – “Прощай, Гульсары!”, “Белый пароход”, “Пегий пес, бегущий краем моря”, “Плаха” Ч. Айтматова. Честный, душевный Мырзагали берет на душу грех, постоянно возвращая верблюдицу в Макат, на нефтепромысел, где проходит и его жизнь. “У Ч. Айтматова ребенок уходит от людей, символически превращается в рыбу (“Белый пароход”), – размышляет В. Бадиков. – У Санбаева плененное и ослепленное человеком животное символически тоже уходит от людей, кончая собственно самоубийством. Не слишком ли человеческий поступок для верблюдицы?” [8, с. 91].

Повесть С. Санбаева начинается так: «На седьмой день верблюжонок исчез» [7, с. 10]. Белого верблюжонка Мырзагали нашел на четвертый день поисков в одном из аулов близ Кульсары, верстах в ста с лишним от Макаата. Особое очарование повести придает тот факт, что писатель пишет о своей Родине, где прошло его детство, а средняя школа носит имя его отца. Так прошлое переплетается с настоящим. С. Санбаев возвращался в родной Макат постоянно, при любой возможности. Любовь к родной земле претворилась в лаконичной формуле его творчества: “Я научился носить Родину в сердце...”. И верблюжонок направлялся в Мангыстау, на свою родину.

Побег будет повторяться не раз, словно по кругу, и каждый раз на протяжении двух лет на новом уровне. А в трагическую, последнюю попытку, когда подросток верблюжонок пытался остановить белую аруану, завернуть назад, верблюдица стремительно уходила дальше, отбрасывая его в сторону. “Неизвестно, – размышляет автор-повествователь, – что помогало ей безошибочно выбирать дорогу. То ли долгими месяцами вязала она в памяти этот кратчайший, но опасный путь через солончаковые озера, то ли вел ее могучий инстинкт” [7, с. 28]. Именно ее образ, безудержный бег передает мотив внутренней свободы. Белая аруана, несмотря на невероятные испытания и потерю зрения по вине людей, стремится вырваться из чуждых ей оков и – вырывается ценой собственной жизни, оставляя сироту-верблюжонка на попечение Мырзагали.

При внешнем благополучии главного героя повести (работа на нефтепромысле, жена и дочь) нефтяник не может быть счастлив, он скован условностями общества, ограничен оседлым образом жизни: “Им овладели тяжелые мысли, что сложилась его жизнь не так, как надо бы. Он вспомнил, что бывали минуты, когда он пытался уйти из жизни. Пытался, но не смог. И никто, кроме старухи, которая прожила с ним эту долгую и скучную жизнь, не знал о его боли” [7, с. 16].

Художественный хронотоп времени в повести цикличен и взаимосвязан с временами года. Именно так в дальнейшем будет названа автором новая трилогия – “Времена года нашей жизни”. Хронотоп пространства в «Белой аруане» соотносится со степным пейзажем, создавая номадическую картину мира, в которой человек еще в гармонии с природой. В мире кочевой архаики заключен “конкретный исторический опыт народа, его традиционное мировидение, этика и эстетика, его искусство. И на всем этом лежит печать постоянного движения, перемещений и рожденного ими своеобразного отношения к пространству и времени” [1, с. 208].

А о родине вдруг напоминает белой аруане сухой, звучный ветер, ветер страны причудливых гор, которую она помнит. “У моря, у Меловых гор рождается такой ветер. Горы наполняются странными тихими звуками и как бы устремляются ввысь, выпрямляясь, вытягиваясь, и становятся еще неприступнее. Белый сухой туман заполняет ущелье... Заволакивает скалы. А звуки, словно разноцветные ручьи, делаются все сильнее, все необычнее, и эхо множит их. Тесно становится этой музыке меж светящихся скал, и она устремляется на север, в степи, и каждая скала все громче, мощнее вплетает свой голос в эту струю. Она течет, разливаясь по безбрежному простору, заставляя разноголосно петь желтые пески, вбирая в себя все запахи степи, накаляясь на такырах” [7, с. 26]. Художественное время повести охватывает двухлетний период в жизни главного героя. Меняются степные пейзажи. В картине гибели аруаны степное солнце не светит, не горит. “Пылало солнце. Над степью, словно наводнение, плыл сухой, ровно и широко, выбирая последнюю влагу оврагов, сжигая травы” [7, с. 29].

Тенгрианство как религия и вера в вечное небо сохранилось в коллективном бессознательном казахов и нашло отражение в определенных образах и архетипах повести. На закате жизни Мырзагали использует последнюю возможность вернуться к своим корням: космосу тенгрианского мира, к благородству и чистоте белой аруаны, которая в своем неустойчивом, стремительном и красивом беге “повисла в воздухе, перебирая ногами. Беззвучно и легко, словно все еще продолжая бег, она исчезла в глубоком овраге” [7, с. 29]. В финале повести, переведенной более чем на тридцать языков народов мира, Мырзагали возвращается домой после гибели верблюдицы. Впереди, раскачиваясь на длинных прямых ногах и спотыкаясь, тонко и жалобно плача, “еще не понимая, что навсегда потерял мать”, шел верблюжонок. “Он шел послушно перед конем, потому что впереди лежала его родина, лежал аул, где он родился и куда будет убежать отовсюду, как и мать, которая всю жизнь добиралась до Мангыстау” [7, с. 30].

Жанр первого произведения С. Санбаева определяют как *поэма, лиро-этический рассказ, грустная песня*. Важно, что “оптика рассказа резче, чем оптика романная, и сам по себе жанр малой прозы обнаженной, ближе к человеку” [10, с. 182]. Образ белой аруаны будет напоминать героям трилогии С. Санбаева “Времена года нашей жизни” о Родине. Интересный факт в казахской литературе: повесть “Белая аруана” включена в качестве Пролога в текст романа “Еще одно лето”. Об аруане, свободолюбивой, так и не прирученной человеком, напоминает и двугорбая светло-серая верблюдица. В романе “Таких дождей здесь не бывало” образ белой аруаны, постоянно всплывающий в памяти действующих лиц, возвращает их к Родине, большой и малой, ибо душа человеческая “живет в этой небольшой по объему книге с такой силой, что заставляет мир меняться и жить по ее высокому закону... Пастернаковский “мохнатый лебедь каменного века” обрел для мирового читателя санбаевский образ свободы на фоне библейского пейзажа казахской земли. Аруана шагнула в вечность, став явлением мировой прозы” [11, с. 5].

Заключение. Значительное место в творчестве писателя занимала тема *личности и истории*. Автор утверждал неразрывное единство частной судьбы и судьбы человечества. С неизменной любовью вспоминал он своих родителей, прослеживал родословную: дед – известный бий Астраханской губернии, Макаш – правитель. Макаш Бекмохамедов слыл мудрым и справедливым степным правителем двух Приморских округов Астраханской губернии, всегда отстаивал интересы казахского народа, был личностью в России известной.

Имена предков дают детям герои романа С. Санбаева «Весной нас зачарует голос», романа о войне в Афганистане, о судьбах казахских семей, откочевавших в 20-е годы XX века через мангыстауские степи в Туркмению и Афганистан. Имена предков помогают не забыть историю родного края, ибо история – это суть биографии народа. История родного края – Макаш художественно воплощена в «Белой аруане», жанр которой мы определяем как *повесть*, свидетельствующую о жанрово-стилевой свободе ее автора.

О славном прошлом родного края повествует Елен, потому что “песни, хранимые человеком, должны петься, иначе они разорвут сердце; легенды – доверяться людям, мудрость твоя постигаться другими” [6, с. 159]. История, художественно отраженная в мифах, легендах и преданиях, передается из поколения в поколение. Новеллистика С.Санбаева, отражающая этику и эстетику кочевья, играет решающую роль в формировании национального самосознания и национального кода и в XXI веке.

Список использованной литературы:

- 1 Ауэзов М. *Времен связующая нить* – Алматы: Издательский дом “Жибек жолы”, 2016. – 758 с. - книга
- 2 Бадиков В. *Русскоязычные писатели Казахстана // Литература народа Казахстана. Изд. 2-е, доп. / Под ред. С.В. Ананьевой.* – Алматы: Каз акпарат, 2014. – С.280-311.- книга
- 3 Алимкулов Т. *Доброго пути // Вслед за белой аруаной... / Отв. ред. С. Абдуллоев.* Алматы: ИД “Библиотека Олжаса”, 2014. – С.155-156. - книга
- 4 Жаксылыков А. *Труд писателя и творческий процесс. Сборник избранных лекций.* – Алматы: Казак университеті, 2013. – 234 с. - книга
- 5 Санбаев С. *Сокровенная жизнь казахского дома как культура // Санбаев С. Собрание сочинений в 6-ти томах. Повести и рассказы / Сост. С. Санбаев. Т. 6.* – Астана: Агроиздат, 2009. – С.5-13. - книга
- 6 Санбаев С. *Когда жаждут мифа // Санбаев С. Собрание сочинений в 6-ти томах. Повести и рассказы / Сост. С. Санбаев. Т. I.* – Астана: Агроиздат, 2009. – С.119-194. - книга
- 7 Санбаев С. *Белая аруана // Санбаев С. Собрание сочинений в 6-ти томах. Повести и рассказы / Сост. С. Санбаев. Т. I.* – Астана: Агроиздат, 2009. – С.10-30. - книга
- 8 Бадиков В. *О прозе Сатимжана Санбаева // Бадиков В. С вечностью – начистоту.* – Алматы: Алаш, 2014. – С. 189-196. - статья
- 9 Tattimbetova K., Ananyeva S., Zhaksylykov A. (2016). *The author’s self-reflection in narratology of I.P. Shegolikhin. Journal of Language and Literature (Scopus), Vol. 7.* – №3, – P. 26-32. – статья
- 10 Щеглова Е. *Контекст рассказа // Вопросы литературы.* – 2014. – Март, апрель. – С. 182-213. - статья
- 11 Накипов Д. *С Родиной в сердце // Санбаев С. Собрание сочинений в 6-ти томах. Повести и рассказы / Сост. С. Санбаев. Т. I.* – Астана: Агроиздат, 2009. – С.5-9. - книга

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PEDAGOGI AND METHODOLOGI PROBLEMS

МРНТИ 78.19.07

Таубаева Ш.,¹ Иманбаева С.,² Балтабаева Ж.³

*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
^{2,3}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ КӨРСЕТІЛІМДЕР АРҚЫЛЫ АУЫЗША БАЯНДАУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім жүйесінде білім алушылардың құрамына академиялық оқу, академиялық жазу, академиялық сөйлеу, академиялық сауаттылығын дамыту мәселесі өзекті болуда.

Педагогика саласындағы докторанттар «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты базалық пәнді оқып-үйренеді. Бұл пән оларды дәрісханада көпшілік алдында сөйлеуге баулиды.

Сөз сөйлеу үшін білім алушы ғылыми баяндама жазып дайындайды. Ғылыми баяндама – зерттеушінің өзінің ғылыми ізденісінің, жобалауының, тәжірибесінің нәтижелерін баяндайтын көпшілік алдында сөз сөйлеуі. Сондықтан жоғары кәсіби біліктіліктің негізгі көрсеткіші ретінде ауызша сөйлеудің құзыреттілігін жетілдіру негізгі меже болып табылады.

Аталмыш пәннің мақсаты, құрылымы және мазмұны оқытушыға алты бағыт бойынша дидактикалық көрсетілімдерді жасауға және дәрістер мен семинарларда пайдалануға мүмкіндік тудырады.

Соңғы онжылдықта бұл көрсетілімдер докторанттардың педагогиканың философиялық және әдіснамалық негіздерін, педагогикалық зерттеудің әдіснамалық құралын терең пайымдауға және меңгеруге ықпал етті.

Түйін сөздер: педагогиканың философиясы, педагогиканың әдіснамасы, дидактикалық көрсетілім, докторант, ғылыми баяндама, ауызша баяндау құзыреттілігі

Taubaeva Sh.,¹ Imanbaeva S.,² Baltabaeva Zh.³

*¹Al-Farabi Kazakh national university,
^{2,3}Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

THE DEVELOPMENT OF ORAL COMPETENCY THROUGH DIDACTIC DEMONSTRATIONS BY DOCTORAL STUDENTS

Abstract

The academic literacy among students development problem, which includes academic reading, academic writing, and academic performance, becomes relevant in the Republic of Kazakhstan, in the system of higher and postgraduate education.

PhD students in the field of pedagogy study the basic discipline "Pedagogy Philosophy and Methodology". This discipline is designed to educate them in public speaking to an audience with their search and experiment results throughout their studies.

For a speech to the audience, students prepare a scientific report. Report (scientific), researcher public presentation, which is a summary of his scientific search results, design, experiment. The purpose, structure and content of the discipline allows the teacher to systematize didactic presentations in six areas and use them in lectures and seminars. Over the past ten years, these presentations have contributed to the deeper

understanding and assimilation by PhD students of the pedagogy philosophical and methodological foundations, and the pedagogical research methodological tools.

Keywords: pedagogy philosophy, pedagogy methodology, didactic presentation, doctoral candidate, scientific report, oral presentation competence

Таубаева Ш.,¹ Иманбаева С.,² Балтабаева Ж.³

¹ *Казахский национальный университет имени аль-Фараби,*
^{2,3} *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,*
г. Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЕ КОМПЕТЕНЦИИ УСТНОЙ РЕЧИ ПОСРЕДСТВОМ ДИДАКТИЧЕСКИХ ДЕМОНСТРАЦИЙ ДОКТОРАНТОВ

Аннотация

В Республике Казахстан в системе высшего и послевузовского образования становится актуальной проблема развития у обучающихся академической грамотности, включающая в себя академическое чтение, академическое письмо, академическое выступление.

Докторанты специальности в области педагогики изучают базовую дисциплину «Философия и методология педагогики». Данная дисциплина призвана обучать их публичному выступлению перед аудиторией со своими результатами поиска и эксперимента на протяжении учебы.

Для выступления перед аудиторией обучающиеся готовят научный доклад. Доклад (научный), публичное выступление исследователя, представляющее собой изложение результатов его научного поиска, проектирования, эксперимента. Цель, структура и содержание дисциплины позволяет преподавателю систематизировать дидактические презентации по шести направлениям и использовать на лекциях и семинарских занятиях.

В течение последних десяти лет эти презентации содействовали глубокому осмыслению и усвоению докторантами философские и методологические основы педагогики, методологический инструментарий педагогического исследования.

Ключевые слова: философия педагогики, методология педагогики, дидактическая презентация, докторант, научный доклад, компетентность устного изложения

Кіріспе. Инновациялық технологиялардың дамуы және төртінші өнеркәсіптік революция коммуникацияның жазбаша формаларының басымдығына алып келді. Бұл бағыттағы халықаралық пәнаралық ізденістердің нәтижесінде ХХІ ғасырда білім беру жүйесінде академиялық сауаттылықты қалыптастыруға ерекше мән берілуде. Сол себепті, академиялық сауаттылық көптеген елдердің білім беру реформасының негізіне алынды.

Академиялық дағдылар ғылыми (академиялық) ортада коммуникативтік, ақпараттық, танымдық, шығармашылық қызметті жүзеге асыруға арналған. Олар ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттерді оқу, өзінің ғылыми мәтіндерін (ең алдымен мақалалар) жасау және ғылыми қызметтің нәтижелерін конференцияларда, семинарларда және басқа да ғылыми кездесулерде *презентациялар-көрсетілімдер* түрінде ауызша ұсыну үшін пайдаланады. Айталық, осы уақытқа дейін әлем университеттерінде білім алушыларға сөйлеу іскерлігін дамытуда практикалық көмек көрсету бойынша жеке зертхана құрылмаған, тек көпшілік алдында сөйлеу материалын жазбаша түрде дайындауға және білім алушыларға негізінен академиялық хат саласында кеңес беретін орталықтар қызмет көрсетуде [1].

Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарында үздіксіз білім берудің докторантуралық сатысының ерекшелігі – *білім беру үдерісі мазмұны мен технологиясының ғылыми-зерттеушілік сипаты мен басымдығы*. Ең бастысы докторантураның болашақ маманның кәсіби іс-әрекеттік көзқарасының қалыптасуына ықпал етуінде. Еліміздегі қазіргі докторантура шетелдік тәжірибені енгізуді, яғни ұйымдастырушылық, мазмұндық, технологиялық, сондай-ақ дүниеге көзқарастық (парадигмалық, әдіснамалық, тұжырымдамалық) өзгерістерді талап етеді. Мұндай жұмыс білім беру үдерісіне қатысушылардың құндылық әлемін, кәсіби және білімдік үйреншікті дағдыларын қайта қарастыруға әкеледі.

Докторантуралық білім берудің басты міндеті – білім алушылардың кәсіби ойлауын, кәсіби іс-әрекетіне көзқарасын ғылыми ізденіс құндылығын қалыптастыру. Мұны іске асырудың тиімді тетігі –

білім алушылар мен оқытушылардың ғылыми-зерттеу әрекетін үйлесімді біріктіріп ұйымдастыру. Бұндай жұмысты отандық және шетелдік педагогикадағы жинақталған теориялық жетістіктерге сүйеніп жүргізген абзал.

Әдістеме. Жоғары кәсіби білім беру аясында отандық білім беру тәжірибесіне сәйкес магистранттардың зерттеудің әдіснамасын меңгеру мәселелері А.А. Булатбаеваның, А.Қ. Мыңбаеваның, А.С. Мизимбаеваның [2; 3; 4] ғылыми еңбектерінде кеңінен зерделенген. Ал докторанттарға академиялық білім беру және оларды диссертация дайындауға үйрету тәжірибесі сараланып, тұжырымдала қойған жоқ. Диссертацияларға қойылатын талаптар бұрынғы жүйедегі докторлық диссертацияға қойылатын талаптардан да асып түсетін тұстары да аз емес, оның үстіне үш жылда шетел тілін ғылыми тіл деңгейінде қолдану - күрделі үдеріс. Осындай жайттарға байланысты болашақ педагогтың әдіснамалық мәдениетін оның кәсіби-педагогикалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде жаңа сатыға шығарылуы қажет. Ғылыми әдебиеттерде педагогтың әдіснамалық мәдениеті кеңінен қарастырылған. Е.В. Бережнова, Е.В. Бондаревская, С.В. Кульневич, В.В. Краевский, И.А. Колесниковалардың еңбектерінде мұғалімнің әдіснамалық мәдениетін қалыптастыру зерттеу пәні ретінде алынды.

Докторанттарға базалық және таңдау пәндерінен дәріс оқылады, семинарлар, өзіндік жұмыстар өткізіледі. Докторантураға түскендердің деңгейі магистратурадағы әдіснамалық білімдерді, біліктерді, дағдыларды терең меңгергендігін аңғартпады, демек бұл тұста докторантурадағы әдіснамалық білім өткенді еске түсірумен шектелмей, білім алушыларға тұжырымдамалық деңгейде берілгені пайдалы. Сондықтан республикамызда *«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы»* атты пәнді енгізді. Себебі ХХ ғ.соңы мен ХХІ ғ. басында ғалымдар тағы да педагогика ғылымы мен практикасының даму үдерісін талдауда әдіснамалық мәселелерді жаңаша қайта қарастыруда. *«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы»* пәні – жаңа пән. Бұл салада оқу әдебиеті көп емес.

Ғылымның философиясы мен әдіснамасы, сондай-ақ педагогиканың философиясы мен әдіснамасының мазмұнын құрылымдау мен жобалау мәселелері зерттелуде. Білім беру кеңістігінде Әл-Фараби, С.И. Гессен, Т.Кун, В.С. Степин, Г.И. Рузавин, В.П. Кохановский, В.М. Розин, О.Г. Прикот, И. Лакатос, Ж.М. Әбділдин, К.Х. Рахматуллин, Т.Х. Ғабитов, А.Р. Масалимова секілді философтардың еңбектері мен «100 кітап» бағдарламасы бойынша философия саласынан қазақ тіліне аударылған әлемдік озық шығармалардағы жетістіктер педагогиканың философиясы мен әдіснамасын негіздеуге кеңінен қоланылуда [5; 6; 7].

Педагогикалық ғылымтану аясында Г.П. Щедровицкий, М.А. Данилов, Н.И. Болдырев, Ф.Ф. Королев, М.Н. Скаткин, В.С. Шубинский, Л.И. Новикова, Я. Скалкова, Б.С. Гершунский, Я.С. Турбовской, В.В. Краевский, В.И. Журавлев, Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский, В.М. Полонский, Н.Д. Никандров, И.А. Липский, Н.В. Бордовская, В. И. Гинецинский, Г.Б. Корнетов, Л.В. Мардахаев, М.А. Лукацкий, М.В. Богуславский, А.В. Коржуев, Н.Д. Хмель, К.Ж. Қожахметова, А.Қ. Құсайынов, А.А. Булатбаева, А.Қ. Мыңбаева, Ш.М-Х. Арсалиев және басқа да әдіснамашы ғалымдардың іргелі монографиялары, оқулықтары, оқу құралдары, мазмұнды мақалалар жинақтары, бүкіл кеңестік және бүкіл ресейлік әдіснамалық семинарлар материалдары, ғылыми есептер мен мазмұнды мақалалар жинақтары зерттеушілер арасында кеңінен танымал. Бұл оқу басылымдарында педагогикалық ғылымтану саласындағы жинақталған ғылыми білім деп тұжырымдалған.

Нәтижелер. Философия педагогика ғылымын дүниетанымдық деңгейде де талдайды. Зерттеудің бұл саласы *педагогика ғылымының философиясы, білім беру философиясы, дидактика философиясы, тәрбие философиясы* деп аталады. Педагогикадағы пайда болған жаңа әдіснамалық бағдарлар ғылыми танылған соң, педагогтардың танымдық және тәжірибелік қызметінің логикасына әсер етеді, яғни әзір қайта қарауға жатпайтын шүбәсіз білімге айналады. Екінші мыңжылдықтың соңындағы оқиғалар тап қазір осындай сәт туғанын көрсетеді

Жоғары кәсіби білім беру аясында оқу теориялық білім берумен қатар білім алушылардың сөйлеу тілінің сапасын арттыруға көңіл бөлінуі тиіс. Бұл міндет кешенді жүргізілген жұмыстар арқылы іске асады. Сондықтан ауызша сөйлеу тілін дамыту бағыттары кешенді жұмыстар бойынша жүргізілуі қажет. Ондай жұмыстар іскерлік ойындар, ойталқы, ойбөліс, шығармашылық т.б. тапсырмалар кешенді түрде орындалса нәтижелі болады. Осындай жұмыстар білім алушының өзінің сөйлеген сөзіне мән беріп, сөзінің мазмұндылығы, баяндауының жүйелілігі, мәнерлілігі, сөздік қорының байлығы, бейнелі сөздерді пайдалануы секілді шеберліктерді игеруіне ықпал етеді. Сөйтіп, білім алушы тілдік қатынас кезінде тілдік құралдарды таңдап, жүйелі сөйлеуге төселеді. Олардың

жеке тұлға ретіндегі мәдениеті, ой-өрісі, дүниетанымы, әдеби тілде сауатты сөйлей білуі – болашақта жақсы маман болуының кепілі [8,38].

Өлемдік озық жоғары оқу орындары білім алушылардың академиялық сауаттылығына, яғни *академиялық оқу, академиялық жазу және академиялық сөйлеу сауаттылығын* меңгеруіне басымдық беріп отыр. Бұлардың ішінде докторанттар үшін маңыздысы ауызша баяндау қабілеті, себебі олардың докторлық диссертацияны жазып дайындау барысында зерттеу тақырыбының көкейкестілігін негіздеу, зерттеуінің нәтижелерін ғылыми тілде түсіндіру, ғылым әдіснамасы жайлы пікір сайыстарға қатысу, өз зерттеуі туралы форумдарда сөйлеу, диссертацияны қорғау сияқты міндетті жұмыс түрлері оның оқу, жазу сауаттылығынан бөлек академиялық сөйлеу құзыреттілігін талап етеді. Осы жайтты ескере отырып, докторантқа өз ойын жазбаша және ауызша жеткізуге үйрететін «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәніне үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Қазіргі уақытта «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәні педагогика саласында докторанттар даярлауда маңызды орын алып отыр. Сондықтан докторанттарға оқытылатын «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнін оқытудың тәжірибесі негізінде олардың ауызша баяндау құзыреттілігін дидактикалық көрсетілімдер арқылы дамыту мүмкіндіктерін қарастырдық. Докторанттар магистратура бағдарламасы бойынша аталмыш құзыреттілікті дағдылар деңгейінде игеріп келеді. Дегенмен, ғылыми тілде ауызша баяндау барысында біршама қиындықтарға кезігетіні анық, өйткені жазбаша даярланған мәтін ауызша баяндағанда кейбір маңызды пайымдауларды түсіндіруге жеткіліксіз болатын тұстары байқалады. Негізінен ауызша баяндауда дидактикалық көрсетілімдер айтылатын ойларды нақты жеткізуге көмектеседі. Бұл тұжырымдар дәлелді болу үшін аталмыш пәннің мазмұнына сай дидактикалық көрсетілімдер жүйесін ұсынып, ғылыми жұмыс нәтижелерін баяндау құзыреттілігіне ерекше мән беріледі [9; 10].

Бұл пән докторанттардың педагогика ғылымы әдіснамасын ғылымның философиясы мен әдіснамасына негіздей отырып меңгертуге бағдарланған. Болашақ маманның педагогиканың философиясын және әдіснамасын меңгеруі оған педагогиканың философиялық негіздерін және оның әдіснамасын жақсы бағдарлай алуға, ғылыми-педагогикалық зерттеу ұйымдастыруға және жүргізуге мүмкіндік береді.

«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнін оқытудың мазмұнын, мақсаты және міндеттерін нақтылау қажет. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің мазмұны ғылым философиясы және әдіснамасы, педагогиканың философиясы және әдіснамасы, педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі саласындағы іргелі теориялық білім мен тәжірибенің озық үлгілерін қамтиды. Ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйенсек, *педагогиканың философиясы дегеніміз* – педагогиканы зерттеуге қажет философиялық заңдардың, тұғырлардың, принциптердің, категориялардың, әдістердің, философиялық білімдердің (логика, этика, эстетика және т.б.) инновациялық (қайта құрушылық) әлеуетін қолдану жүйесін құрайтын педагогикалық ғылымтану саласы [10;11].

Бүгінгі күні *педагогиканың әдіснамасы*: педагогика ғылымындағы зерттеу әрекетінің бағыттарын, мақсатын және құрылымын, сондай-ақ жаңа білім алудың ұстанымдары мен әдістерін анықтайтын жалпы гносеологиялық нұсқаулар жүйесі; педагогикалық зерттеу үдерісі және оны қамтамасыз ететін әдістері зерттеу пәні болып табылатын педагогиканың әдіснамасы аясындағы арнайы пән; ғылыми әдістер туралы теориялық ілім; әдіс, педагогикалық зерттеудің негізін құрайтын жалпы ұстанымдар, қағидалар мен әдістер жүйесі; жаңа педагогикалық білімге қол жеткізетін тәсілдер туралы білімдер жүйесі; қайсыбір теория немесе зерттеу бағдарламасын қабылдайтын немесе жоққа шығаратын ережелер деп түсінеді.

«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнін оқытудың *мақсаты*– докторанттардың ғылым философиясы және әдіснамасы, педагогиканың философиясы және әдіснамасы, педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі саласындағы жүйелі құзыреттіліктерін қалыптастыру, демек әдіснамалық құзыреттіліктерін дамыту.

«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнін оқытудың *міндеттері* - докторанттарды ғылымның философиясы және әдіснамасымен, педагогиканың философиясы және әдіснамасының теориялық қағидалары туралы білімдерін жүйелеу; докторанттардың педагогикалық зерттеудегі әдіснамалық бағдарлар туралы білімдерін тереңдету; докторанттарды педагогикалық зерттеудің ғылыми, ұғымдық, өлшемдік аппаратын құруға дағдыландыру; педагогика саласындағы ғылыми-зерттеулерді және білім беру жүйесіндегі жобаларды сараптамадан өткізу біліктілігін қалыптастыру [10; 11; 12].

«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің осы міндеттерін іске асыру үшін әдебиеттегі ғылыми білімдерді модельдеу саласында біршама жинақталған қорды жүйелеп, олардың тәжірибесін басшылыққа алдық

Бұл педагогикалық білімдердің көрсетілу бағыттары базалық пәннен оқу пәнін құрылымдауға, күрделі ғылыми білімді қабылдауды жеңілдетуге, оны жылдам есте сақтауға және пайымдауға мүмкіндік жасайды. Әдіснамалық білімді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің сипаттамасына негіздей отырып, «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің мазмұнын докторанттарға түсінікті болу үшін *дидактикалық көрсетілімдерді* былайша топтастырдық:

1. *Ғылым философиясының, педагогиканың философиялық және әдіснамалық негіздерін, дидактиканың, психологияның теориялық негіздерін, пәнаралық байланыстарды құрылымдаған сызбалар мен суреттер* («Заманауи ғылымның сипаттамасы», «Ғылыми революцияның мәні, типтері және даму кезеңдері», «Педагогикалық парадигма және оның сипаттамасы», «Ғылымның даму кезеңдері және әдіснама типтері», «Ғылым дамуының тұжырымдамалары», «Педагогиканы ғылыми пән ретінде ғылымтанушылық талдау», «Педагогиканың философиялық негіздері», «Педагогиканың дидактикалық негіздері», ««Педагогиканың дидактикалық негіздері», «Ғылымның жалпыпәндік моделі») [9; 10; 11].

2. *Педагогиканың философиясы мен әдіснамасының мәнін, құрылымын, мазмұнын ашып көрсететін сызбалар мен суреттер* («Педагогиканың философиясы мен әдіснамасының оқу пәні ретіндегі құрылымы», «Диалектиканың заңдары, категориялары, ұстанымдары, тұғырлары, әдістері және олардың педагогика әдіснамасына трансформациялануы», «Педагогикалық теорияның құрылымы, қызметтері және матрицасы», «Педагогикалық танымның әдіснамасы мен әдістеріне арналған ғылыми семинарлар», «Педагогика әдіснамасының мағыналық алаңы», «Педагогика ғылымының әдіснамалық бағдарлары», «Педагогикалық инноватиканың мағыналық алаңы», «Дидактикалық теориялар мен тұжырымдамалар», «Педагогика әдіснамасының моделі») [9; 10; 12; 13].

3. *Педагогикадағы әдіснамалық білімнің мазмұнын баяндайтын сызбалар мен суреттер* («Педагогика әдіснамасы ұғымының оқулықтарда түсіндірілуі», «Педагогика әдіснамасының даму кезеңдері», «Педагогикадағы әдіснамалық білімнің мәні», «Педагогикалық және мәдениеттанымдық құбылыстар мен үдерістерді зерттеудің әдіснамалық тұғырларының қоры», «Педагогикадағы әдіснамалық тұғырлар», «Педагогикадағы әдіснамалық ұстанымдар») [9; 10; 11].

4. *Ғылыми-педагогикалық таным әдіснамасын нақтылайтын сызбалар мен суреттер* («Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерінің құрамы», «Педагогикалық зерттеудегі әдіснамалық талдау деңгейлерінің қызметтері», «Педагогикалық зерттеу әдіснамасының моделі», «Әдіснамалық рефлексияның мазмұны», «Әдіснамалық мәселелер жіктемеесі», «Ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелерінің жіктемесі» «Ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелері сапасын бағалаудың өлшемдері мен көрсеткіштері») [5-9].

5. *Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістеріне арналған сызбалар мен суреттер* («Әдіснамалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Тарихи-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Салыстырмалы-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Дидактикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Әлеуметтік-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Этнопедагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Тәрбие мәселесін зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», «Тәрбие мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары», «Кәсіптік педагогика мәселесін зерттеудің әдіснамасы мен әдістері») [10; 11].

6. *Педагогтің зерттеушілік мәдениетінің тұжырымдамалық және қолданбалы негіздерін сипаттайтын сызбалар мен суреттер* («Педагогтің зерттеушілік мәдениетінің құрылымы», «Педагогтің зерттеушілік мәдениетінің моделі», «Педагогтің зерттеушілік мәдениеті типтерінің сипаттамасы», «Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үдерісінің теориялық моделі», «Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамалары», «Зерттеушінің ғылыми мектептегі әрекетінің құрылымы») [10; 11; 12; 13].

Дидактикалық көрсетілімдер оқулықтар мен оқу құралдарында берілген және бұл оқу басылымдарының көпшілігі авторлық құқыққа ие [6]. Сондай-ақ, «Педагогикалық инноватиканың мағыналық алаңы», «Дидактикалық теориялар мен тұжырымдамалар» атты көрсетілімдерге арнайы авторлық куәлік берілді.

«Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы» пәнін оқыту жүйесіне: докторанттарды әдіснамалық ойлауға баулу, зерттеудің логикасын анықтау және оны жүргізуге үйрету, оларда ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен басқару, білім беру саласында стратегия мен тактика жасай алу,

сараптама бере алу құзыреттіліктерін қалыптастыру енеді. Осы жүйені қамтамасыз ететін білім алушылардың танымдық, кәсіби, өмірлік, менталдық тәжірибесіне сәйкес технологияларды кеңінен қолданылуда. Олардың ішінде *оқытудың базалық техникасына* база назар аударылды, сол себепті докторанттарға берілетін білімдер жүйесін *академиялық сауаттылықтың құраушысы зерттеу нәтижелерін ауызша баяндау құзыреттілігін дамытуға бағытталған дидактикалық көрсетілімдерді пайдалану* таңдалынды.

Бұл жүйенің жетекші идеясы – педагогиканың философиясы мен әдіснамасының докторанттардың ғылыми-зерттеушілік әлеуетінің іргетасы. Ауызша баяндау құзыреттілігі – аталмыш әлеуеттің басты құраушысы. Дидактикалық көрсетілімдер - ауызша баяндау құзыреттілігін дамытудың тиімді құралы. Бұларға қойылатын талаптар ғылымда зерделенген. Сол талаптарды басшылыққа ала отырып, елуге жуық көрсетілімдер пайдаланылды. Көрсетілімдер білім алушылардың педагогика философиясы мен әдіснамасы туралы білімдерін нақтылайды, зерттеу барысында оларды пайдалану тетіктерін оңайлатады, семинардағы жауаптарын толыққанды етуге ықпал жасайды, өзіндік жұмыстың мағынасын түсініп орындауына көмектеседі, пән емтиханына дайындалған кезде бағдарлық қызмет аңқарады.

Пәннен дәріс, семинар, өзіндік жұмыс барысында докторанттар ғылыми баяндама жасауға үйретіледі. *Ғылыми баяндама* – зерттеушінің өзінің ғылыми ізденісінің, жобалауының, тәжірибесінің нәтижелерін мазмұнын баяндайтын көпшілік алдында сөз сөйлеуі. Докторант сол баяндаманы жазып дайындау үшін педагогикалық зерттеудің әдіснамасынан алған білімін іске асыра алған деңгейін көрсетеді.

Қорытынды. Докторанттар педагогиканың ғылыми жүйе ретіндегі құрылымын, педагогика әдіснамасының даму тарихы мен кезеңдерін, педагогика әдіснамасының ұғымдық-түсініктік жүйесін, педагогикадағы әдіснамалық бағдарлар, тұғырлар және ұстанымдарды теориялық деңгейде меңгереді. Сондай-ақ, олар зерттеудің бағытын, мәселесін және тақырыбын анықтай алу, педагогиканың әдіснамасы тұрғысынан зерттеу тақырыбының көкейкестілігін негіздей алу, әдіснамалық тұғырлардың мүмкіндіктерін өз зерттеуінің пәніне көшіре алуы, пайдалануы, өз зерттеуінің нәтижелерін рәсімдеу және жариялау, ғылым әдіснамасы туралы пікір сайыстарға қатысу, ғалымдардың ғылыми-зерттеушілік бағдарламаларына, авторлық білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізе білу, педагогикалық зерттеулер және білім беру ұйымдары жобаларына сараптамалық баға бере алу қабілетін дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Лытаева М.А., Талалакина Е.В. Academic skills: сущность, модель, практика//Вопросы образования. -2011. - № 1. – С. 178-201.*
- 2 *Булатбаева А.А. Методология исследовательской деятельности магистранта: теория и практика. Монография. – Алматы: ВИ КНБ РК, 2009. - 216 с.*
- 3 *Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований (в области педагогики и образования): учебное пособие для магистратуры. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 300 с.*
- 4 *Мизимбаева А.С. Развитие исследовательской культуры магистрантов. Дис...на соиск. ученой степени доктора философии (PhD), 2015. – 215 с.*
- 5 *Абу Наср аль-Фараби. Доводетельный город. Философски трактаты. – PS; Международный клуб Абая, 2014. – 504 с.*
- 6 *Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 360 б.*
- 7 *Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы//Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2020. - № 1 (62). – 4-20 бб.*
- 8 *Балтабаева Ж. Тіл дамыту: теориясы мен әдістемесі./Монография.-Алматы: «Балауса», 2018.-264 б.*
- 9 *Грядовой Д.И. Философия. Структурный курс основ философии. Учебное пособие. – М.: Издательство «Щит-М», - 1999. – 266 с.*
- 10 *Кожяхметова К.Ж., Таубаева Ш.Т., Джанзакова Ш.И. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах: учебно-методическое пособие для студентов высших педагогических учебных заведений, магистрантов, аспирантов и докторантов в области педагогики. – Алматы, 2005. - 174 с.*
- 11 *Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории к практике/ Монография. - Алматы: «Қазақ университеті», 2016. - 423 с*

12 Таубаева Ш. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. Оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 360 б.

13 Таубаева Ш. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. Редакциясын басқарған философия ғылымдарының докторы, профессор, А.Р. Масалимова. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 388 б.

МРНТИ 16.21.21

Рауандина А.,¹ Бабажанова Ж.²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ана тілін оқыту мәселесі сөз болады. Қазақ тілін оқытудың нәтижелі болуына әсер ететін негізгі факторлар айқындалған. Олардың бірі мұғалімнің дайындығы болса, екіншісі сабақтың мақсатына, меңгертуге ұсынылатын білім мазмұнының ерекшелігіне орай оқушылардың іс-әрекетін тиімді үйлестіру болып табылады. Сонымен қатар мақалада білім мазмұнына, оқушылардың білімі мен дағдысына сәйкестендірілген оқыту әдістерін анықтаудың маңыздылығы айтылады. Сондықтан "жаңа білімді ескі білімге байлап берудің" тиімді болатыны көрсетілген. Мақалада грамматикалық білімдерді меңгерту, оның ішінде етістіктің шақтарын оқыту мәселесі сөз болады. Етістік морфологияның ең күрделі аспектілерінің бірі. Етістіктің шақтарын меңгертудің заманауи әдістері көрсетілген. Анықталған әдістер тілдік ережелердің оқушының бойында білім қоры ретінде жинақталып қалмай, танымын кеңейтуге және әлеуметтенуіне ықпал ететіндігі дәйектелген. Ол оқушының өзін қоршаған ортамен тіл табысуының тетігіне айналмақ.

Түйін сөздер: етістік, етістіктің шақтары, етістікті оқыту әдістері, сөйлесім әрекеті

Rauandina A.,¹ Babazhanova Z.²

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

TEACHING METHODS OF VERB TENSES

Abstract

The article considers the problem of teaching the native language. The main factors affecting the effectiveness of teaching the Kazakh language are identified. One of them is teacher training, and the second is the effective coordination of students' activities depending on the purpose of the lesson, especially the content of knowledge offered for teaching. The article also emphasizes the importance of identifying teaching methods that are consistent with the content of students' knowledge and skills. Thus, the authors of the article argue that "new knowledge must be associated with old knowledge." And also the article discusses the assimilation of grammatical knowledge, including the study of tenses of the verb. The verb is one of the most complex aspects of morphology. The article shows the modern methods of teaching the tenses of the verb. The revealed methods show that the accumulated language rules are not only knowledge, but also contribute to the development of cognitive abilities.

Keywords: verb, tenses of the verb, methods of teaching the verb, conversational activity

Рауандина А.,¹ Бабажанова Ж.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ВРЕМЕН ГЛАГОЛА

Аннотация

В статье рассматривается проблема преподавания родного языка. Определены основные факторы, влияющие на эффективность обучения казахскому языку. Одним из них является подготовка учителя, а вторым, является эффективная координация деятельности учащихся в зависимости от цели урока, особенности содержания знаний, предлагаемых для обучения. В статье также подчеркивается важность выявления методов обучения, которые соответствуют содержанию знаний и умений учащихся. Таким образом, авторы статьи доказывают, что "новые знания должны быть связаны со старыми знаниями". А также в статье рассматривается усвоение грамматических знаний, в том числе изучения времен глагола. Глагол является одним из самых сложных аспектов морфологии. В статье показаны современные методы обучения времен глагол. Выявленные методы показывают, что накопленные языковые правила являются не только знанием, но и способствуют развитию когнитивных способности и социализации учащихся.

Ключевые слова: глагол, времена глагола, методы обучения глаголу, разговорная деятельность

Кіріспе. "Ұлт болашағы – білімді ұрпақ қолында". Кез-келген мемлекеттің болашағы өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен білім деңгейіне байланысты өлшенбек. Өскелең ұрпақты мемлекетшіл етіп тәрбиелеу өнегелі отбасы мен ұлағатты ұстаздардың еншісінде. Баланың мектепте алған білімі мен білігі жетістікке жетер жолдың қайнар бастауы болмақ. Олай болса, мектептегі әрбір пәннің мазмұнын жалаң біліммен шектемей, өмірмен байланыстыра ұсынған абзал.

Қазіргі таңдағы білім беру үрдісіне қойылып отырған талап – өзіндік ой-тұжырымы бар, логикалық ойлау қабілеті дамыған, өз көзқарасы мен пікірін ашық айта алатын, ақпараттар ағымынан қажетін іріктеп ала білетін, қоғамдық ортаға икемді, өз жолын дұрыс таңдай алатын жас ұрпақ тәрбиелеу. Ендеше бұл міндетті жүзеге асыруда барлық оқу пәндерінің қосар үлесі аз болмауға тиіс. Әсіресе, адам дүниетанымының кілті, ойлаудың формасы, қарым-қатынастың ең басты құралы ана тілі болғандықтан, мектеп пәндерінің ішінде қазақ тілінің атқарар қызметі ерекше болмақ. Сондықтан жаңа кезеңнің талабына сай "білім берудің негізгі сатысында қазақ тілін оқытудың мақсаты – ана тілінің қоғамдық әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік ойлау қабілеті, қарым-қатынас жасау біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу" [1] деп алға қойылды. Бұл кез-келген грамматикалық ереже тек білім қоры қалпында қалмай, баланың өмірлік танымының, қоршаған ортамен тіл табысуының негізгі тетігіне айналуы қажет екендігін көрсетеді. Тіл арқылы баланың логикалық ой жүйесін дамытудың жолдарын белгілеудің маңызын айқындайды. Тілдің ғылыми негізін меңгерту оның қоғамдық-әлеуметтік мәнімен, рухани құндылығымен астаса өрілгенде ғана жас ұрпақ бойында пәнге деген шынайы құрмет сезімін тәрбиелеуге болатыны бағамдалған. Сабақ үрдісінде ана тілінің даралық ерекшеліктеріне көз жеткізу барысында ғана оқушының ана тілінен эстетикалық талғамын қалыптастыруға жол ашылмақ. Тілдің адам болмысымен байланысы, санаға қатыстылығы туралы тұжырымдардың білім жүйесінен орын алуы – коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың тетігі. Оқу бағдарламасында осы түйіндеулер қазақ тілін оқытудың тұғырнамалық негізі етіп алынған. Әрі олар білім берудің барлық сатысында, ана тілінің салаларын оқыту кезінде ескерілуге тиіс. Бұл морфологияны, соның ішінде етістік тарауына тиесілі етістіктің шақтарын оқыту кезінде қатаң ескеріледі.

Сабақтың сапасын арттыру, оқушыға сол тақырыпты ұғынып сараптай алатындай қылып тиімді әдіс тәсілдер ұсыну – мұғалімнің міндеті.

Негізгі бөлім. Сабақтың дұрыс өтуіне, нәтижелі болуына әсер ететін бірнеше фактор бар. Олардың барлығы мұғалім сабақтың мазмұнына сай оқушылардың іс-әрекетін қаншалықты үйлестіре алуына қарай өзіндік тиісті мәнге ие болады. Ал, сыныптағы балалардың білімі мен дағдысына сәйкестендірілмеген оқыту формалары жасанды жұмыс түрінен аса алмайтыны анық. Сондықтан жаңа нәрселер жат болып қабылданбас үшін, әр жаңаның бойында осыған дейін қолданылып келген әдіс-тәсілдердің белгілі бір элементтері орын алуын ескеру қажет. Ұлт қайраткері Мағжан Жұмабаев

айтқандай, "Балаға білім бергенде, жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек". Әдетте, орта сыныптарда оқушылардың пәнге қызығушылығын тудырудың бір тәсілі ретінде грамматикалық ойындарды ұйымдастыру жиі аталып жүр. Дегенмен, ендігі жерде ойын түрлерінің ой қалыптастыруға бейімделе жүргізілгені тиімді. Ребустар мен сөзжұмбақ түзу, морфологиялық ұғымдардан үздіксіз сөзтізбек жасату, қызықты диаграммалар жасату, кестелер мен арнайы картотекалар жасату т.б. сыныптағы жұмыстарда оқушының жарысуы мен ой тұжырымын беруі қатар қамтылады. Бұл жұмыстар оқушылардың өзіндік әрекеттеріне негізделе орындалады.

Әдістеме. Етістік туралы ұғым баланың санасына 3-4 сыныптан бастап пайда болады. Одан кейін етістік және оның жасалу жолдары, категориялары, шақ категориясы туралы ұғымдар 6-7 сыныптарда анық әрі нақты түрде беріледі. Бұл сыныптарда етістіктің берілу мақсаты – оқушыларға іс-қимылдың қай сәтте болғандығы туралы мәліметпен толықтыру мен оның қазақ тілінде алар орны мен рөлін айқындау. Бұдан келіп етістіктің шақ категориясы мен оның басқа да категорияларының өзара байланысы мен ерекшеліктерін таныту арқылы тілдік нормаларды ұғындыру, етістіктің шақтарының тіл біліміндегі алар орнын айқындап оқушылардың етістік туралы дүниетанымын кеңейту, етістіктің шақтарының басқа категориялардан айырмашылығын айқындау, етістіктің шақтарының өмірде дұрыс пайдалана алатынына көз жеткізу және т.б. осы секілді етістіктің шақтарын оқытудың міндеттері туындайды.

Етістіктің шақтарын оқыту барысында мұғалім оқушылардың сабаққа тыңғылықты түрде дайындалуын, білім мазмұнын меңгертуге арналған тапсырмалардың тақырыпқа сай құрастырылуын, қолданылатын әдіс тәсілдердің сабақтың мақсаты мен құрылымына сәйкес келуін назардан тыс қалдырмағаны абзал.

Етістік – қазақ тілі грамматикасының күрделі саласы. Сондықтан етістіктің шақтарын өткен кезде оқушылардың сабақта атқаратын жұмыстарын алдын ала жоспарлау, оқушылардың ерекшеліктері мен білім деңгейлеріне сәйкес сабақтың жүру барысын ойластыру, үлгерімі нашар және белсенділігі төмен оқушыларды сабаққа тарту, қызығушылығын ояту, танымын арттыру мақсатына ерекше мән беріледі.

Сабақтың бағдарлау-мотивациялық, операциялық-орындаушылық, рефлексиялық-бағалау кезеңдеріне ерекше мән беріледі. Етістіктің шақтарын оқытуда осы үш кезеңге бөліп қарастыратын болсақ:

Бірінші кезеңде оқушыға білім деңгейлерін теңестіру мақсатында етістіктің шақтарына байланысты негізгі сұрақтар және кілт сұрақтар да қойылады. Сонымен қатар мұғалім проблемалық, ситуациялық сұрақтар арқылы оқушыларға іс-қимылмен қалай жасар едің деп қимылдың өту барысын сұрайды. Ондағы қимылдардың қай кезеңде болғандығын сұрау арқылы шақтарды айқындайды.

Екінші кезеңде түсіндіру, шешім қабылдау, саралау әдістері арқылы неліктен ондай шақтарды пайдаланғанын түсіндіріп болашақта да оқушы өз ұстанымын, көзқарасын қорғай алатындай, шешім қабылдайтындай азамат немесе азаматша болуға үйретеді.

Үшінші кезеңде оқушы өз-өзіне немесе сыныптастарының жауаптарына қарап өзін және өзгелердің іс-қимылына баға беру арқылы болашақта да нақтылықты, өзгелердің іс-қимылдарын бағалау арқылы тәжірибе жинауды, шешім қабылдауды, өз мүмкіндіктерін білу арқылы өзін-өзі басқаруды, іс-әрекетінің нақтылығы арқылы бағытын, мақсат-міндеттерін айқындауды, болашаққа жоспар жасауды, өз қателерін көріп дер кезінде түзетуді, өзгенің қатесін айту арқылы өзгені түзетуді үйренеді. Мұғалімнің бұл жердегі бұл жердегі басты қызметі - оқушыларға өзін-өзі бағалауды үйрету.

Сонымен қатар "Мен бүгінгі сабақта не істедім?" - деген сауалды қою арқылы да бала болашақта "Мен не істей аламын?", "Осыған дейін не үйрендім?", "Қазір не үйренуім керек?" деген сауалдар арқылы-ақ оқушыны етістіктің шақтарының атқаратын қызметін айқындай алуға баулиды. Соңында алған білімдерінен нәтиже шығару мақсатында үйге шығармашылық тапсырма беру арқылы оқушының ойлау қабілетін дамыта отырып іс-қимылдардың қалай жүзеге асыратыны туралы сұрап нәтижеге бағыттауға болады.

Тәжірибе. "Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – тілді оқушылардың қарым-қатынас құралы ретінде дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Мұндай мақсатқа жету үшін оқушылардың тілдік дағдысын дамыту аса маңызды. Ал тілдік дағдысы грамматикалық бірліктерді бір-бірімен байланыстыра алуына және оны сөйлем, мәтін құрауда дұрыс қолдана алуына байланысты. Олай болса, сөйлесім әрекетінің түрлері мен грамматикалық дағдылардан тыс тілдік дағды қалыптаспайды. Оқушыларға етістіктің шақтарын меңгерту сөйлесім әрекетінің түрлерімен

сабақтастыра дайындалған тапсырмалармен қатар жүргізілгенде тиімді боламақ. Оқушыға өзінің сөйлеу мақсатына сай етістіктің шағын таңдауға мүмкіндік беретін тапсырмалар ұйымдастырылады [2, 83]. Мысалы, 5-сыныптың "Бос уақыт" тақырыбында айтылым әрекетін дамытуға бағытталған тапсырмаға етістіктің шақтары туралы білімдер негіз болды. Оқушыға "Өзіңнің бос уақытыңды қалай өткіздің? Қалай өткізіп жатырсың? Қалай өткізесің?" деген сұрақтарға жауап алу арқылы етістіктің өткен шақ, осы шақ, келер шақ формаларын "бос уақытты өткізу" тақырыбында сөйлеумен бірлікте меңгертіп, оқушы санасында бейнеленгенде жүзеге асады. Осылайша, оқушы санасында етістіктің шақтарының функционалдық қызметі туралы жүйелі білімдер қалыптасады. "Айтылым – адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі, адамның өз ойын жарыққа шығару процесі" [3, 317] болғандықтан, ойын түрінде ұйымдастырылған тапсырмаларды меңгертуде қолайлы. "Мен – саған, сен – маған" ойынында оқушылар бір-біріне етістіктің шақтарына байланыты сұрақ дайындап, жауап береді. Ал тілдесім әрекетін дамытуға арналған "Сайыс түрінде оқыта үйрету ойыны" арқылы етістіктің шақтарына байланысты берілген тапсырмаларды жылдам әрі дұрыс орындап жарысады. Тыңдалым талдау, жинақтау, салыстыру, нақтылау және т.б. күрделі логикалық әрекеттерді қамтитын болғандықтан, бір тапсырмада бір ғана логикалық әрекетті қамту көзделеді. Мысалы, етістіктің шақтары туралы тыңдау мәтіні беріліп, оқушылар тыңдаған мәтіні бойынша етістікті тірек-сызбалар арқылы түсіндіреді.

Етістіктің шақтарын қорытындылау кезеңінде оқушылардың қиялын дамытатын "Арман қобдишасы" тапсырмасы ұсынылады. Тапсырманы орындар алдында "Арман қобдишасы" атты қорапша дайындайды. Қобдишаға оқушы алға қойған мақсатын, арманын жазып салады. Одан кейін мақсатына жету үшін жасаған іс-әрекеттерін жазып салып отырады. Оқушылар өздерінің жасаған іс-әрекеттерін өткен шақта, осы шақта, келер шақта баяндап (сөйлем құрастырып), олардың жасалу жолын, ерекшеліктерін, ойды жеткізудегі қатысымдық мәнін ұғынады. Оқушылар өз армандарын қиялымен ұштастыру арқылы мақсат қойып, оған жетуге талпынады. Өткен шақ пен осы шақта жасаған әрекеттерін түйіндеп, келер шаққа жоспар құруды үйренеді. Нәтижесінде оқушылар шақ түрлерін ажыратады, ненің дұрыс ненің бұрыс екенін бағамдау арқылы өткенін саралайды, қазіргі жағдайына қарап болашағына бағдар жасауға дағдыланады. Аталған әдіс оқушылардың ойлау қабілетін белсенділендіру арқылы тілдік дағдысымен қатар іс-әрекеттерінің де жүзеге асуына мүмкіндік тудырады.

Қорытынды. Етістіктің шақтарын меңгерту барысында басты назар аударатын нәрсе: мұғалім өз тарапынан "Не үйреттім?", "Не үйретіп жатырмын?", "Не үйретуге тиіспін?" деген сауалдарды саралай отырып, оқушыға да "Мен не үйрендім?", "Мен не үйреніп жатырмын?", "Мен не үйренуім керек?" деген сауалдарды ұсынып, етістік шақтарын оқушының өз әрекеті арқылы меңгертуге басымдылық бергені абзал. Ана тілін оқытуда мұғалімнің ізденімпаздығы, қиялының шексіздігі оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға жол ашып, оқушының тілдік дағдыларының дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 44 б. - бағдарлама
- 2 Рауандина А.Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. (ЖОО арналған оқу құралы). -Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. ЖК "Балауса". 2018 ж. -130. -83 б. - кітап
- 3 Оразбаева Ф.Ш. Деңгейлік қазақ тілі. 5 том. -Алматы: "Ан Арыс" баспасы, 2019 ж. -560 б. - 317 б. - кітап

МРНТИ 17.07. 31

Игенбай Т.,¹ Балтабаева Г.,² Каримова Г.³

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
³ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

СӘКЕН ЖҮНІСОВТИҢ «ӨТКЕН КҮНДЕР БЕЛГІСІ» ПОВЕСІН ТАЛДАУДА КУБИЗМ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада Сәкен Жүнісовтің «Өткен күндер белгісі» повесіндегі соғыс кезіңі, қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі, қарапайым жандардың қаракеттері бейнеленген. Повесте қазақ баласының дүниетанымын, ой-өрісін, психологиясындағы қазақы нанымды жеткізеді. Жазушы кейіпкерлері тағдыр-тауқыметіне қарамастан, төзімділік пен қайсарлық танытады. Автор олардың жандүниесіндегі өзгерістерді психологиялық тұрғыдан дәлелдеуге ұмтылғандығы туралы сөз болады. Мақаланың өзектілігі **кубизм** әдісі арқылы шығарманың композициялық құрылысын талдау. Бұл әдіс шығарманың мазмұнын талдай отырып, негізгі тақырыбы мен идеясын тану, студенттерді адамгершілікке тәрбиелеу жолдарын ашу, олардың өзіндік көзқарастарын қалыптастырға бағытталады. Шығарманың композициялық құрылысын талдауда, өзара әңгімелесу, пікірлесу әдісін қолданғанда дұрыс. Атап айтқандай, бұл әдістер студенттердің өзара ара қатынастарын нығайтуға, өз беттерінше шығарманы талдауға, өз ойларын еркін жеткізуге, шығармадағы кейіпкерлердің ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Түйін сөздер: көркем шығарма, шығарманы талдау, әдіс-тәсіл, кубизм, композиция

Igenbay T.,¹ Baltabaeva G.,² Karimova G.³

^{1,2} *Kazakh National Women's Pedagogical University,*
³ *Kazakh National Pedagogical University named after Abay,*
Almaty, Kazakhstan

THE EFFECTIVE METHODS OF CUBISM IN ANALYZING OF THE STORY OF SAKEN JUNUSOV «A SIGN OF PASSED DEYS»

Abstract

The article is discussed the life of a Kazakh village during the war years and the actions of ordinary people in the story of Saken Zhunusov «Otken kunder belgisi». The story conveys the worldview, thoughts, Kazakh beliefs in the psychology of the Kazakh child. The characters of the writer show patience and perseverance, despite the difficulties. The author seeks to psychologically substantiate changes in the soul of his heroes. The relevance of the article is an analysis of the compositional structure of a work by the cubism method. This method is aimed at analyzing the content of the work, identifying the main topics and ideas, identifying ways to educate students about morality, and forming their own views. Also when analyzing the compositional structure of a work, you can use the method of dialogue, discourse. In particular, these methods help to strengthen relations between students, independently analyze work, freely express their thoughts, identify the characteristics of the characters in the work.

Keywords: artwork, analysis of the work, methods, cubism, composition

Игенбай Т.,¹ Балтабаева Г.,² Каримова Г.³

^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет,

³ Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ МЕТОДА КУБИЗМ В АНАЛИЗЕ ПОВЕСТИ САКЕНА ЖУНУСОВА "ӨТКЕН КҮНДЕР БЕЛГІСІ"

Аннотация

В статье рассматривается жизнь казахского села в период военных лет, действия простых людей в повести Сакена Жунусова «Өткен күндер белгісі». В повести передает мировоззрение, мысли, казахские верования в психологии казахского ребенка. Персонажи писателя проявляют терпение и настойчивость, несмотря на трудности. Автор стремится психологически обосновать изменения в душе своих героев. Актуальность статьи анализ композиционной структуры произведения методом кубизма. Данный метод направлен на анализ содержания работы, выявление основной темы и идеи, выявление способов воспитания у студентов нравственности, формирование собственных взглядов. А также при анализе композиционной структуры произведения можно использовать метод диалога, дискурса. В частности, эти методы помогают укрепить отношения между студентами, самостоятельно анализировать работу, свободно выражать свои мысли, выявлять характеристики персонажей в работе.

Ключевые слова: художественное произведение, анализ произведения, методы, кубизм, композиция


Кіріспе. Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне студенттердің көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни, оқытушы осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып, пайдалануы керек. Көркемдеп оқу әдісі әдебиетті оқытуда үлкен рөл атқарады. Ол студенттің көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді болып келеді. Бұл әдістің негізгі тәсілдері оқытушының мәнерлеп оқуы, көркем сөз шеберлерінің оқуы, күйтабақты, ұнтаспаны тыңдауы т.с.с. болып табылады. Оқытушының мәтінді әрі мәнерлей, әрі түсінік бере оқуы, оқушыларды осы жұмысқа баулуы, мәтінге жуық әңгімелету, жоспар жасау, негізгі оқиғаларға ат қойғызу, жинақтау т.б. шығармашылық жұмыстар да осы әдістің негізгі тәсілдері. Сондай-ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану (қабілетіне қарай өнерін шығару), сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу және т.б. тиімді тәсіл ретінде студенттердің оқу еңбегін ұйымдастыру түрлеріне де жатады. Студент осы жұмыстың басы-қасында, оны ойластырушы да, орындаушы, орындатушы да болып қызмет атқарады.

Әдістеме. Академик Ю. Н. Бабанский өзінің «Оқу-тәрбие процесін оптималдандыру» деген еңбегінде әдістерді мынадай үлкен үш топқа жинақтайды.

1. Студенттердің оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері.
2. Студенттердің оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері.
3. Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері [1].

Әр топ бірнеше оқыту әдістерінен тұрады. Мысалы, бір топтағы оқыту әдістеріне: сөздік (әңгіме, лекция, пікірлесу), көрнекілік (иллюстрация, портрет, суреттеу, мүсіндер), практикалық (поэтикалық талдау, көркем мәтінмен жұмыстар, әдістер жатады. Сондай-ақ, репродуктивтік, эвристикалық әдістерді де осы топқа жатқызуға болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әр топтағы әдістемелердің өз мүмкіндігі, ерекшелігі болады. Сол ерекшеліктерді Сәкен Жүнісовтің «Өткен күндер белгісі» повесін студенттерге оқытуда қолдануын қарастырамыз. Шығарманың композициялық құрылысын талдауда, өзара әңгімелесу, пікірлесу әдісін қолданған дұрыс. Атап айтқандай, бұл әдістер студенттердің өзара ара қатынастарын нығайтуға, өз беттерінше шығарманы талдауға, өз ойларын еркін жеткізуге, шығармадағы кейіпкерлердің ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Шығарманың композициялық құрылысы



Жаңа сабақты өрбітуге немесе шығарманы талдау барысында **кубизм** тәсілін қолдаған тиімді. Студенттердің көзқарасы мен өз пікірін қорғау шеберлігі есепке алынады.

Нәтижелер. 1. Суреттеңіз: повестке сатылай кешенді талдау жасау:

Шығарманың аты: «Өткен күндер белгісі» повесі

Шығарманың авторы: С. Жүнісов

Шығарманың тақырыбы: Балалықпен ерте қоштасып, мерзімінен ерте есейіп еңбекке араласқан бала мен соғыс өртіне шарпылған замандастарының өмірі шынайы суреттеледі.

Идеясы: Ұлттық сипаттағы кейіпкер кіл жақсы мінезден құралмайды. Әр ұлттың ішінде жақсы адам да, нашар адам да болатындай ұлттық кейіпкердің жағымдысы да, жағымсызы да болатындығын көрсету.

Жанры: проза (повесть)

2. Салыстырыңыз: Шығармадағы өзіне ұнаған кейіпкерді, оған қарама-қарсы немесе жағымсыз кейіпкермен салыстырады. (Болтай мен әжесін салыстыруға болады).

3. Зерттеңіз: Шығармада шешендік сөздердің, мақал-мәтелдердің, нақыл сөздердің қолданылу мәнін түсіндіріңіз.

4. Қолданыңыз: Повестен үзінді алып, рөлдік ойын, көрініс даярлаңыз.

5. Елестетіңіз: Егер сіз сол шығарманың кейіпкерлерінің бірісіз, сіздің әрекетіңіз.

6. Қарсы шығыңыз: Повесте автормен келіспейтін оқиғалар мен идеяларға қарсы шығыңыз, өз пікіріңізді қорғаңыз. «Мен осы повесті оқып отырғанда өзім сол кезді көзіммен көріп тұрғандай сезімде боламын. Көп шығармаларды оқып жүрсем де, мұндай шығарма маған әлі кездескен жоқ. Бірақ бұл шығарманың соңын оқығым келмейді. Осындай керемет шығарманы автор неге сонша аянышты етіп сомдағанын түсіне алмадым» дегендей жауап айтуға болады.

«Өткен күндер белгісі» повесі балалықпен ерте қоштасып, мерзімінен ерте есейіп еңбекке араласқан бала мен соғыс өртіне шарпылған замандастарының мұңдылау, романтикалық тіршілік-әрекетін, оларға жаны аши қарайтын аналық мейірді шынайы суреттей білумен өзіне тартады. Повесте автор баланың дүниетанымын, ой-өрісін, психологиясындағы қазақы нанымды жеткізеді. Соғыс кезіндегі қазақ ауылының тұрмысын суреттеу арқылы ауылдың қарапайым жандардың қаракеттерін бедерлі бейнелейді. Жазушы кейіпкерлері тағдыр-тауқыметіне қарамастан, төзімділік пен қайсарлық танытады. Автор олардың жан-дүниесіндегі өзгерістерді психологиялық тұрғыдан дәлелдеуге ұмтылады.

Осы шығармалардан жазушының сатылап өсу (эволюциясы) деңгейі айқын аңғарылады. Олар адамды үлкен мақсатқа жетелеген рухани күшті жинақтап суреттей алуымен бағаланады [2,5776].

Ұлттық мінез туралы айтқанда, қазақ халқының мінезіне тән рухани әрі адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалау ерекшелігін айту керек. Ондай құндылықтарға ақ көңілділік, адалдық, батырлық, үлкенді құрмет тұту, намыс т.б. асыл қасиеттерді жатқызуға болады. Әрбір адам үшін бұл қасиеттер ерекше жоғары бағаланады. "Өткен күндер белгісі" повесінің бас кейіпкері атынан сөйлеп тұрған автор қазақ ұлтына тән ұялшақтық мінезді, үлкеннің алдында суырылып сөйлеуді ерсі көретін қазақи тәрбие көрген бала мінезін былайша береді:

- Өй, қайырлы болсын айтсайшы ағайға, -деп күңк етті. Бірақ мен сондайдан қатты ұялатын ем. Үндеместен отыра бердім. Расында да кішкентай балаға жараспайды екен.

Әкемнің бір досы осы ұялшақтығымды сезіп қалғандай:

- Ыдырыстың баласы қайда? Жаңа тұр еді ғой,- деп мені іздей бастағаны бар емес пе. Бетім ду ете қалды [3,156]. Осындай қазақтың жақсыны ырым етіп те түрлі отырыс қылып жататыны тағы бар. Қазақта жас бала туғанынан бастап-ақ, жеті жасқа дейін түрлі салт-жоралғылар жасалатыны шығарма басында да айтылып өтіледі.

Талқылау. Біздің ел өте сауықшыл ел.

Дүниеге шыр етіп нәресте келсе де, жеті жасар бала тұңғыш рет мектеп есігін ашса да, тіпті біреу жаңа киім кесе де, не керек, қымс еткеннің бәрін сылтау етіп, үлкен адамдар тайлы-таяғына дейін жиналып думандатып жатушы еді.

Бірақ соғыстың алғашқы жылдары жұрт сауық дегенді мүлде ұмытты. Күнде ауылдағы жастарды – ел азаматтарын әскерге алып жатады. Біреу жалғзынан, біреу туысынан, енді бірі әкесінен айырылып артта қалған қатын-қалаш ботадай боздап қоштасатын. Кейбір жасықтау жігіттер де оларға қосылып, көздерінің жасын төгіп-төгіп, егіліп кете барады. Енді ойлап тұрсаң, жігіттердің сонысы тіпті ұят екен-ау!» [3,66].

Сұм соғыс халықтың тыныш ұйқысын бұзып, қара жамылдырып кетті. Шығарманың аты айтып тұрғандай «Өткен күндердің белгісі» соғыс кезіндегі бар жайды баяндап қана қоймай, ел ішіндегі көрген білгені бар азаматтармен оларға қарсы прототиптегі надан, екіжүзді адамдардың қарапайым халықты қалайша арбап, өз мүдесі үшін барлығына баратын арсыз бейнелер арқылы да замана бет пердесін көрсеткен. Үзіндіге назар аударсақ жігіттердің көз жасын төгіп, тіпті егіле жылауын ұят көретіндігі айтылады. Қазақта қашанда ер балаға бала күнінен-ақ сен жігітсің, еліңді, жеріңді қорғайсың, қарындасыңа қамқор боласың деп оларға үлкен салмақтың барын танытып өсіреді. Сондықтан да автордың ойы қазақ менталитетіне жат саналатындығын, оны ұят деп санауды жөн көреді. Ер жігіт көз жасын көпшілікке көрсетпеуі керек, себебі нәзік жандылық әйел затына ғана лайық іс екендігін, қайта оларды жұбатуды өздері болғандықтан, өз бойларындағы төзімді, мықтылығының бір белгісі санайды.

Әкемнің тағы бір мінезі, әлгі сөздерінен де аңғарып отырған шығарсындар, өте қарғысшыл. Қарғыстың неше атасын біледі. Тегінде бұрынғы адамдар күйінген уақытта, тіпті өзінің жалғыз құдайынан бастап жалғыз баласына дейін қарғап-сілейтін болса керек. Осыған қарағанда мұның өзі ауыр тұрмысқа да байланысты-ау деймін. Осы жерде кейіпкердің әжесінің қандай қарғысты қолданатына зер салсақ: «Қақсап қалғыр», «Әй, көгала» т.б. Әжесінің «Кейбір адамдардың сөз арасында жиі қолданатын «сондықтан», «содан соң», «ие», «қойшы», «тегі» деген керексіз қыстырма сөзі секілді. Немесе «ол», «сен», «анау» дегеннің орнына қолданылатын әжемнің өз есімдігі тәрізді»-деп қарғыс сөздердің неше түрлісін айтатындығын айтып өтеді [3, 256]. Дегенмен, Болтай әжесінің мінезін өзі бала болса да, кейде әже қылығына «Адам-қартайса-қартайғанда бір бала» деген рас-ау, деп ойғада келеді. Әжесінің айтқан қарғысын былайша ойлайды: «Егер осы қарғыстың мағынасын талдасаң, расында жаман тілектер ғой. Қас адамына, дұшпанына айтылмақ сөздер. Бірақ соған, шынын айтқанда, әжем мән бермейді. «Іштен шыққан шұбар жыланның» баласын жек көрер деймісің. Әуелде күйініштен әдеттеніп алған. Болмайды. Кейде бауыры елжіреп, үһілеп:

Бақытыңа қарай әкең аман келсе, маңдайың ашылар еді. Май құйрық болар ең онда. Қайдан білейін, әлде сорлы жетімек аталамысың!..- деп көзіне жас алып, мені бауырына қысып кемсеңдей қалатыны да бар.

Қарғысқа қатысты «Жүйелі қарғыс жүйесін табады, жүйесіз қарғыс- өзін табады», «Әке қарғысы- оқ, шеше қарғысы-боқ» деген сөздерді ескерсек әжесінің айтқан қарғыстарында іштей кектенген қарғыс емес, тек өмір ауыртпалығынан туындаған ішкі күйзелісінен шыққан қарғыс сол кезеңдегі барша халықтың тұрмыстық халін, ауыртпалығын сездіру мақсатында да қолданған деп ұғынуға болады. Әжесінің жалғыз қарашығы- Болтай үшін тек іштей тілекші, қолда барын аямайтын ақ адал пейілді абзал жан екендігі байқалады. Ал, шығарманың III тарауында әжесі Болтайының көз ауруын ауыл молдасы Шәмшуәлидің сөзіне сеніп, соның еміне жүгініп, немересінің көзінен айырыла жаздағанына ызаланып моллаға шын ренішін, өкпесін «Көзім ашылмаған сорлы басым, әлгі көгермегір Шәмшуәлиеге қаратам деп, сорым қайнап қала жаздаған жоқ па»- деп, молданың сөзіне сенгеніне, өзінің сауаты ашылмағандығына іштей өкінішін де танытады. «Ой **лағнет** жауғыр моллалар, өздерінің көздерінді шел бассын! Солардың өздері екен ғой, айлы күннің аманында алжастырып, көзімізге шел болып жүрген, шел боп кеткірлер!... [3,100-1016.]. Сол кезеңдегі молда

кейпіндегі түрлі арамза молдалардың ақша, мал үшін иманын сатқан екіжүзді адамдардың белең алғандығы Жыр алыбы-Жамбылдың «Шағым» өлеңіндегі жолдардан аңғарылады:

Оқымаймын молдадан,
Екі иығын қомдаған.
Бала келсе сабаққа,
Жем аңдыған дорбадан [4,16].

Қазақ халқы қарғысқа өте абайлап қараған. Сондықтан қазақ ұрпағына "қарғыс алма, алғыс ал" деген өнегелі өсиет қалдырған. Жақсы іс кімге де болса қуаныш, жұбаныш, сүйініш. Болтайдың көзін емдеген білікті, білімді, жанашыр дәрігер Сергей Ивановичке «Ой, көсегең көгергір, Трапез балам! Балаларыңның игілігін көр. Екі дүниеде маңдайыңнан бақыт арылмасын! Жортқанда жолың, жолдасың қыдыр болсын!»-деп ақ халатты абзал жанға әжесі үлкендік алғысын, ақ батасын беруі қазақы танымымызға, тәрбиемізге, әдебімізге жарасарлық қылық.

Қазақ ұғымындағы діни танымдық білім. Адам қанша күдіретті болса да, оның болмысы қайшылықтарға толы. Сондықтан діннің басты қызметі- адамдық қарым-қатынастарды белгілі бір тәртіпке келтіру, адамға белгілі бір тосқауыл, шектеулер қою үшін адамды жаратушы алдында бас июге мәжбүрлеу. Жаратушының қаһарынан қорқу немесе оның қолдауын қажет ету белгілі бір кезеңнің, дәуірдің келбетін ашу үшін, адамдардың наным-сенімдерін, түсінік өресін, тіпті психологиялық күйін жете таныту үшін қолданады.

Намаз оқу, дұғаларға байланысты ұғым-атаулар жазушы тарапынан әзіл не сатира үшін емес, әлі де болса мұсылман дініне толық кіре алмай жатқан қалың қазақ ауылының бейнесін көрсетеді. «Өткен күндер белгісі» повесінен мысал келтірсек:

Бірақ діндар болғанда әжем шалдар құсап құранды сусылдатып аят оқып, шариғат соғып отырмайды. Жайнамаздың үстінде күбір-күбір етіп, басын шұлғудан әсте жалықпайды. Өйтсе де түсінбейтіндігі де бар ма деймін. Өйткені кейде жайнамаздың үстінде отырып, терезеге алақ-бұлақ қарап отырады. Әрі-беріден соң сөйлеп те кетеді. «Мына бір жүрген кімнің мәлігі, Болтай-ай, айдап жіберші», -дейтіні де бар. Ондай кезде аңдып отырған мен.

- Мәссаған, әже, намазыңыз бұзылып кетті ғой!- деп ішек-сілем қатып күлемін келіп.

Кет әрі, қағыңғыр, оқып болған жоқпын ба! Өшейін шаршап отырғаным да,- деп әжем жалтара қояды [3,956].

Осы шығармада молда мен жас баланың мына диалогі арқылы жазушы оқырманын жақсылыққа, игілікті іске, имандылыққа шақырады:

Бір күні молдаға: «Әжем құранды біле ме екен, сұраңызшы», - деп едім, молла:

- Білу-білмеу шарт емес, балам, әйтеуір құдайға құлшылық қылса болады,- деп тағы да одан басқа дәлелдер келтіріп, әжемді қорғаштады. - Бұрынғы уақытта «Ақ қойдың кәлдесі, қара қойдың кәлдесі, мен құдайдың пендесі» - деп біреу намаз оқиды екен. Ол да сауап.

Осыны естіген әжем, кейінгі кезде жайнамаздың үстінде бұрынғыдан да жиі отыратын болды [3, 94 б.].

Қаламгер дінін құрметтеген мұсылмандар дүниетанымында намаз оқуы үшін пайдаланатын төсеуіштің де қадірлі екенін мына сөйлемдермен береді:

... Жеке орамалың болсын деп айтты дедің бе-ай көгала! Елде-күнде жоқ нәрсені шығарады бұлар. Баяғыдан бері қазақ бір сулыққа ғана сүртіп аман келе жатыр ғой. Енді бас-басына жеке орамалың болсын дегендері не сұмдық. Жайнамаз болар ма [3,976].

Ұлттық сипаттағы кейіпкер кіл жақсы мінезден құралмайды. Әр ұлттың ішінде жақсы адам да, нашар адам да болатындай ұлттық кейіпкердің жағымдысы да, жағымсызы да болады.

Қорытынды. Балалық шақ әдетте уайым-қайғысыз, ең бір бақытты кез сияқты ғана көрінеді. Бірақ терең үңіліп, жіті қарасақ, қилы-қилы, аумалы-төкпелі заманға қарай балалық шақтың да өз үлесі бар. С.Жүнісовтің тарихи оқиғаларға негізделген, соғыстың зардабы мен аңқау халықты арам пиғылына пайдаланбақ болған молдалардың бейнесін танытатын «Өткен күндер белгісі» повесі. Аталмыш шығармада кейіпкер басындағы жалғыздығы, тұрмыстың қатал сынына ұшыраған кейіпкердің қарсы күресі мен бейнет өмірден кейінгі алдағы өмірден үміт етіп күтетін зейнетін аңсаған бейнедегі адамның үміті мен сенімі айқындалады. Сондықтан, оқытушы студенттерге белгілі бір тақырыпты ашу үшін, мәселені шешуде бірігіп топқа қарай кубиктің әр қырын таңдап алу арқылы өтілетін тақырып әр қырынан ашып, жан-жақты сипаттап, қорытындылауға аса тиімді әдіс.

Шығарманың мазмұнын талдай отырып, негізгі тақырыбы мен идеясын тану. Студенттерді адамгершілікке тәрбиелеу жолдарын ашу, олардың өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения: Общедагогический аспект. - Москва: Педагогика, 1977. - 254 с. - книга
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы 9-том. Он томдық. А, 2005, 980 бет. - кітап
- 3 Жүнісов С. Повесть. Әңгімелер. — Алматы: «Таймас» баспа үйі. - кітап
- 4 [http://bilim-all.kz/olen/2103- «Шағым» өлеңі Ж.Жабаев.](http://bilim-all.kz/olen/2103-«Шағым»_өлеңі_Ж.Жабаев)

FTAMP 14.35.09

Сағындықұлы Б.,¹ Кеңес Б.²

^{1,2} ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ЭТИМОЛОГИЯНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСІ: МАТЕМАТИКА-ЛОГИКАЛЫҚ ӘДІС

Аңдатпа

Мақалада тіл біліміндегі жаңа әдіс, математика-логикалық әдіс туралы айтылады. Б.Сағындықұлы - этимологияны зерттеудегі жаңа әдіс, математика-логикалық әдістің негізін салушы. Математика-логикалық әдіс арқылы, сөз этимологиясын нақты және дөп басып табуға болады. Сонымен қатар, сөз этимологиясын ғана емес, “түбіртек теориясы” негізінде, кейбір білетін тілдеріміздегі негізгі сақталған базалық лексиканы пайдалана отырып, “барлық тіл бір тілден шыққан деген” теорияны дәлелдей алатындығымызды айтады.

Осы әдіс арқылы кейбір сөздердің этимологиясы көрсетіледі. Мақаладан салыстырмалы-тарихи әдістің сөз этимологиясын ашуда қауқарсыздығын байқауға болады. Сонымен қатар, сөздердің этимологиясын ашу барысында тілдегі заңдылықтардың, құбылыстардың барлығын дерлік байқай аламыз. Сонымен қоса, этимолог-ғалымдарға сөз этимологиясын ашуда, зерттеуде кешенді түрде фонетикалық, семантикалық, тарихи, морфологиялық, генеологиялық принциптермен өзгерістерді білу қажеттігін талап етеді.

Түйін сөздер: математика-логикалық әдіс, этимология, лингвистика, салыстырмалы-тарихи әдіс, мағына

Sagyndykuly B.,¹ Kenges B.²

^{1,2} Kazakh National University named al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

NEW METHOD FOR THE STUDY OF THE ETYMOLOGY: MATHEMATIC-LOGICAL METHOD

Abstract

The article gives a new mathematical-logical method in linguistics. B. Sagyndykovich—the founder of a new mathematical-logical method in the study of etymology. Using a mathematical and logical method, you can establish a clear and precise etymology of the word. However, he noted that on the basis of the "theory of archetypes" we can prove not only the etymology of the word, but also the theory of "the origin of all languages from one language", using the basic vocabulary of some languages.

The paper gives the etymology of some native words using this method. From the article, you can see the vulnerability of the comparative-historical method in determining the origin of the word. Moreover, when revealing the etymology of words, you can find almost all the laws and phenomena of the language. In addition, in the disclosure and research of the etymology of the word, etymologists need to know the phonetic, semantic, historical, morphological and geneological principles in a comprehensive manner.

Keywords: mathematic-logical method, etymology, linguistics, comparative-historical method, meaning

Сағындықұлы Б.,¹ Кеңес Б.²

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

НОВЫЙ МЕТОД ИССЛЕДОВАНИЯ ЭТИМОЛОГИИ: МАТЕМАТИКА-ЛОГИЧЕСКИЙ МЕТОД

Аннотация

В статье говорится о новом, математико – логическом методе в языкознании. Б.Сағындықович – основатель нового, математико – логического метода в исследовании этимологии. С помощью математико – логического способа можно установить четкую и точную этимологию слова. Вместе с тем, он отметил, что на основе «теории архетипов» мы можем доказать не только этимологию слова, но и теорию о «происхождении всех языков от одного языка», используя базовую лексику некоторых языков.

В работе дается этимология некоторых исконных слов посредством этого метода. Из статьи можно заметить уязвимость сравнительно – исторического метода в установлении происхождения слова. Более того, при раскрытии этимологии слов, можно обнаружить почти все закономерности и явления языка. Кроме того, в раскрытии и исследовании этимологии слова, ученым – этимологам необходимо знать фонетические, семантические, исторические, морфологические и генеологические принципы в комплексном порядке.

Ключевые слова: математико – логический метод, этимология, лингвистика, сравнительно – исторический метод, значение

Кіріспе. Этимология – грек тілінен аударғанда, “*etymal*” - ақиқат, шындық және “*logos*”- ілім деген екі сөзден құралған, тіл білімі ғылымының бір саласы. Этимология деген термин ертедегі Грецияда туған. Бұл терминді ең алғаш қолданушы - грек философы Хрисипп. Этимология – сөздердің шығу тегін, сөз төркінін, тарихын зерттейтін, жауапкершілік пен мұқияттылықты, сонымен қоса шыдамдылықты талап ететін, аса күрделі де, қызықты тіл білімі ғылымының бір саласы.

Антикалық дәуірде этимология ғылымы туралы ең алғашқы болып, ежелгі грек философы Платон (427-347 ж.ж .б.д.д.) жазды. Ол этимологияны танымдық сұрақтармен байланыстыра келіп, тілдің шығу туралы проблемасында қозғаған.

Ал, Ежелгі Римде сөздің шығу төркініне байланысты сұрақтармен, танымал ғалым және грамматик Варрон (116-27 ж.ж. б.д.д.) айналысқан болатын. Оның анықтауынша, этимология – сөздердің, қайдан және неге пайда болғандығын анықтайтын, тіл білімінің бір бөлігі. Варронның сол кезде жазған еңбектеріндегі көптеген идеялар, қазіргі таңдағы этимолог-ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тауып келеді. Тілдің дамуын қарастыра келе, ғалымның пікірі бойынша, “уақыт өте келе, тілдегі кейбір сөздер жоғалып, кейбіреулері қайтадан қолданысқа еніп, қалыптасады”. Римдік ғалым тілдегі сөздердің фонетикалық өзгерістеріне анализ жүргізуге аса мән берген. Осы зерттеу жұмыстарына байланысты, ғалым мынадай пікір айтады: “Егер кімде-кім тілдегі дыбыстардың фонетикалық өзгерістері, қалай пайда болғандығына назар аударса, сол сөз төркінін оңай анықтайды”.

Атақты итальяндық лингвист В.Пизанидің “Этимология” атты кітабында, этимологтің негізгі міндетін айтады: “найти значение слова в момент его первоначального создание”. Сонымен қатар, роман филологиясының негізін қалаушы Фридрих Дитцта Пизанидің пікірін қолдайды. Оның ойынша: “Цель этимологии возвести к его первоначальной форме” - дейді.

Сөз төркінін анықтаудың қоғам өмірінде үш түрлі дәстүрі қалыптасқан:

Олар:

1. “Ғылыми” этимология.
2. “Қызықты” этимология.
3. “Халықтық” этимология деп аталады, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың біріншісі – тілдің өзіндік қатал да жүйелі заңдылығына сүйенсе, екіншісі – таным көкжиегін кеңейте түсетін, шындық пен болжам аралығынан туындайтын “қызықты” топшылар болса, үшіншісі – халық қиялынан туған шындықтан алыстау “жасанды” жорамалдар.

Қазақ халқының басынан өткерген өмірін, бай-мұрасын, тұрмыс-салтын, мәдени және рухани өміріндегі өзгерістерін, басқа халықтармен арақатынасын қазақ тіліндегі сөздердің сөз төркінін зерттеу арқылы біле аламыз.

Қазақ тілі түркі тілдеріне жататындықтан, туркология ғылымында жасалған, ең алғашқы түркі тілдеріне жасалған этимологиялық сөздіктерге тоқталып өтеміз.

Туркологиядағы этимологиялық зерттеу жұмыстары алғашқыда төмендегі негізгі 3 бағыт бойынша жүргізілді:

- 1) Түркі тілдеріне арналған жалпы этимологиялық сөздіктердің жасалуы;
- 2) Түркі тілдерінің әрқайсысына арналған этимологиялық сөздіктердің жасалуы;

3) Сонымен қатар, актив қолданыстағы сөздер мен антропоним, топоним, этноним сөздердің шығу төркіні туралы жазылған ғылыми, зерттеу мақалаларының жазылуын жатқызамыз.

Түркі тілдерінің ең алғашқы этимологиялық сөздігі – “Этимологический словарь турко-татарских языков”. Оның авторы – Будапешт университетінің профессоры Герман Вамбери. Сөздік 1878 жылы жарыққа шыққан болатын.

Сөздіктің сөз тізбегі Жүсіп Баласағұнның “Кұтадғу білік” ескерткішінің шағатай тілі бойынша жасалған. Өз кезінде Г.Вамбери “түркі тілдерінің санскриті” деп атаған. Себебі, ол кезде көнетүркі руникалық ескерткіштері ғылымға белгісіз кезең болатын.

Түркі тілдерінің екінші этимологиялық сөздігі 91 жылдан кейін шыққан еді. Финдік тіл білімінің ғалымы М.Рясяненнің “Опыт этимологического словаря тюркских языков” атты сөздігі болды. Бұл кезеңде туркологияда көнетүркі және орта ғасыр ескерткіштерімен қоса, қазіргі түркі тілдері мен олардың диалектілері, говорлары туралы көптеген материалдар шыққан болатын. Бірақ, М.Рясяненнің сөздігінде қазіргі туркологияның барлық жетістіктері қамтылмады. Себебі, туркологиядағы жиналған барлық материалдарды қамту үшін, барлық түркі тілдерін білетін құрастырушылар қажет болды. Соған қарамастан, ХХ ғасырдың құнды, алғашқы этимологиялық сөздіктерінің бірі болып есептеледі.

М.Рясяненнің еңбегінен кейін 3 жыл өткен соң, түркі тілдерінің үшінші этимологиялық сөздігі ретінде Дж.Клосонның “Этимологический словарь тюркских языков до XIII в.” атты еңбегі шықты. Бұл еңбектен түркі тілдері ескерткіштерінің моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңіндегі материалдар жинақталған.

Түркі тілдерінің төртінші этимологиялық сөздігі Дж.Клосонның сөздігінен кейін, 2 жылдан соң, советтік ғұлама ғалым Э.В.Севортянның құрастыруымен жарық көрген болатын. Э.В.Севортянның сөздігі алдыңғыларға қарағанда материалдық құндылығы жағынан - ауқымды, ал этимологиялық зерттеулері жағынан - тереңірек жазылған еңбек болды.

Түркі тілдері бойынша ең алғашқы Г.Вамбери сөздігі мен Э.В. Севортянның сөздігінің арасындағы жүз жылдық кезең тек барлық тірі лексикографиялық материалдардың жинақталуымен ғана емес, сонымен қатар салыстырмалы-тарихи лексикологияның, түркі түбірінің фоно-морфо-семантикалық құрылымы проблемасының теориялық негізделуімен, этимологиялық реконструкцияның әдістердің үнемі жетілуімен сипатталады. [5, 12].

Советтік кезеңдегі ең алғашқы этимологиялық сөздіктер, жеке түркі тілдеріне арналып жазылған этимологиялық сөздіктер еді. Бұл ғылым саласы бойынша алғашқылардың бірі болып, чуваш ғалымы В.Г.Егоров чуваш тілінің этимологиялық сөздігін 1964 жылы құрастырып шығарды. 1966 жылы қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі бірнеше автордың құрастыруымен жарық көрген болатын.

Түркітанудағы этимологиялық зерттеулердің жаңа серпін алып, келесі деңгейге көтерілуі 1981 жылы СССР ҒА. Тіл білімі Институтының түркі және моңғол тілдері секторларының “Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің” авторы көрнекті түркітанушы ғалым Э.В.Севортянның 80-жылдығына арналған біріккен мәжілісінен бастау алды деп айтуға болады.

Бұл жиында этимологиялық зерттеулердің теориясы мен тәжірибесі кеңінен сөз болып, қатысушылар этимология мәселесін тек қана орталықта ғана емес, ұлттық республикаларда да қарқынды дамытып, зерттеу барысы мен нәтижелерінің негізінде мерзімді түрде тәжірибе алмасып тұрса деген қорытындыға келді. [5, 11].

Әдістеме. Ендігі кезекте ғылыми этимологияда қолданатын әдіске тоқталамыз. Бір сөздің мағынасын ашу, оны тыңғылықты түрде зерттеуді қажет етеді. Сөз төркінін ашуда бұрыннан белгілі салыстырмалы-тарихи әдіс екенін бәріміз білеміз. Европа тіл білімінен бастау алған бұл әдіс әлі күнге дейін лингвистика ғылымында қолданылып келе жатыр. Алайда, салыстырмалы-тарихи әдіс сөз этимологиясын ашуда нақты дәлдікті бере алмайды. Оған көз жеткізу үшін, қазақ тіл білімінде,

түркологияда өзіндік ізі бар, филология ғылымының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлының зерттеу жұмыстарына сүйенеміз.

Б.Сағындықұлы - этимологияны зерттеудегі жаңа әдіс, математика-логикалық әдістің негізін салушы. Математика-логикалық әдіс арқылы, сөз этимологиясын нақты және дөп басып табуға болады. Сонымен қатар, сөз этимологиясын ғана емес, “түбіртек теориясы” негізінде, кейбір білетін тілдеріміздегі негізгі сақталған базалық лексиканы пайдалана отырып, “барлық тіл бір тілден шыққан деген” теорияны дәлелдей алатындығымызды айтады.

Тәжірибе. Бұршақ сөзі. Б.Сағындықұлының “Қазақ тілінің тарихы” атты еңбегінде *бұршақ* сөзіне осы әдіс негізінде, сөзді алғашқы қалпына келтіреді.

Бұршақ - кішкене-кішкене домалақ мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын. Сөз құрамынан протезалық *б* дыбысын бөлек ажыратқанда, қалған бөліктері түбіртек ретінде мағына бере бастайды: *б+ұршақ>б+ұр+ш+ақ*. Ұр – сабау, соғу, тоқпақтау ұғымдарын берсе, ақ – жоғарыдан төмен қарай жылжу ұғымында жұмсалған. Ал *ш* түбіртек сарқыншағы процестің дүркінділігін білдіріп тұр. Талдау барысында “не ұрғылап тұр” деген сұрақ туындайды. Құрамында *б* немесе *п* дыбысы бар, “домалақ” ұғымын беретін морфеманы іздестіре бастаймыз. Себебі, бұршақ сөзінің “домалақтан” басқа семалары *ұр+ш+ақ* бөлегінде қамтылған. Құрамында *п* дыбысы бар, “домалақ” ұғымын беретін сөз – доп~топ. Бұрынғы формасын қалпына келтірсек: до+б+ұр+ш+ақ. Тілімізде осы үлгіде жасалған сөздер бар ма? Су тиген соң ұн топаршақтанып қалыпты. Домаланып, түйір-түйір болып қалды деген мағынада. Топаршақ диалектілік сөз болғанымен, добуршақ үлгісінде тұр [3, 118].

Әр тектес сәйкестіктер. Берікбай Сағындықұлының “Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері” атты еңбегінде “Әр тектес сәйкестіктер” атты тақырыбында “ғ~у, ғ~й” сәйкестіктері атты тақырыпшасында қауын, қырау, бұзау сөздерінің бастапқы қалпын ашып көрсетеді. Бұл жерде Б.Сағындықұлы математика-логикалық әдіс негізінде, фонетикалық заңдылықтарды ескере отырып, “ғ~у”, “ғ~й” сәйкестіктері қате болжам екенін, ғалымдардың зерттеу жұмыстарын салыстырып көрсете отырып, дәлелдеп көрсетеді.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы” курсы бойынша дайындалған оқулықтарда өзге сәйкестіктердің қатарында осы сәйкестіктер де аталып жүр: “Сөз ортасында айтылған “*з*” дыбысы қазақ тілінде “*у*”-ға айналған: ағыр, ағыз, бағыр, ағна – қазақ тілінде ауыр, ауыз, бауыр, ауна болып дыбысталады. Кейбір фактілерге қарағанда “*з*”-ның ішінара “*й*”-ге ауысуы да болған: бағла – байла, йығыл – жыйыл, йығырыл – жиырыл, т.б.” деп М.Томановтың еңбегінде көрсетіледі. Ғалым бұдан кейін “*з*”-ның буын құрамайтын “*у*” дыбысына ауысуы сәйкестіктің негізгі көрінісі екенін, ал “*з*”-ның ішінара “*й*”-ге ауысуы сирек екенін ескертеді.

Б.Серебрянников пен Н.Гаджиева *з~у, з~й* сәйкестіктеріне өзге түркі тілдерінен мынадай мысалдар келтіреді, *з~у*: ағыз (рот), тат. ауыз, карач.-балк. аууз; тоғ - (рождаться) к.калп. – тууды (родила), ног. – туудыр – (порождать); *ғ~й*: соғук (холод) азерб. – соіук; бағ ног. – баіла (вязать) карач.-балк. баіла – бәіла – (Серебрянников, Гаджиева, 1986: 45-46).

“*ғ*” – тілдің түбі таңдайдың артқы шеніне тиюден жасалатын ызың, ұяң фонема; “*у*” – еріннің бір-біріне жуысуынан жасалатын ызың ауыз жолды сонор фонема; *й* – тілдің қатты таңдайға жуысуынан жасалатын спирант ауыз жолды сонор фонема (Аралбаев, 1988: 47,56, 60 б.). Б.Сағындықұлы: “Бұлар акустикалық-артикуляциялық жағынан бір-біріне ұқсамайтын әр бөлек фонемалар”. Жоғарыдағыдай варианттардағы сәйкестікті “*ғ*”-ның ауысуы сияқты көрсетіп тұрған тетік тіпті қарапайым екенін айтады.

Қағун (дыня) (ДТС, 406); осы сөзден ең алдымен “*ғ*” дыбысы түсіп қалады: қаун. Бірақ қазақ тілі жүйесінде мұндай буын (+ун) болмағандықтан, “*у*” мен “*н*”-нің аралығына “*ы*” эпентезасы қыстырылады: қауын. Бар болғаны үнемдеу құбылысының әсері: дыбыстар орын алмастырған, басқаша айтқанда, “*з*”-ның орнына “*у*” жылжыған, “*ы*” эпентезасы пайда болған. Демек, “*з*” дыбысы “*у*” дыбысымен алмасқан жоқ.

Қырау (иней, изморозь) (ДТС, 445); Көнетүркілік бұл сөз тілімізде былай қалыптасқан: “*у*” өзінен кейін келетін дыбыс болмағандықтан, эпентезаны қажет етпеген, түсіп қалған *ғ*-ның орнына жылжи салған. Сонда – қырау.

Бузағ – “теленок” (ДТС, 130);

Бузағу – “теленок” (ДТС, 130);

Бұзау – сиырдың алты айға толмаған жас төлі.

Көне түркі тіліндегі бузағу сөзі қазақ тіліндегі “бұзаудың” қалай жасалғанын көрсетіп тұрса, бузағ сөзі бузау сөзімен *ғ~у* сәйкестігін түзіп тұр. Дыбыстардың сәйкес келетініне қарап, “*ғ*” мен “*у*”

алмасады деу қате. Мұны үнемдеу заңының әрекетінен пайда болған жай кездейсоқ сәйкестік деп түсінгеніміз жөн.

ғ~й сәйкестігі де осындай комбинаторлық орын алмасулардың себебінен қалыптасуы мүмкін. Алайда оның түзілуінде басқа заңдылықтың үлесі үлкен. **“Й”** түркі тілдерінің ежелгі, кейінгі дәуірлерінде бір буынды түбірлердің, қосымшалардың соңғы дыбысын жаппай ауыстырған. Сондықтан бұл сәйкестік те кездейсоқ сәйкестіктердің қатарына жатады.

Түркологияда тектес сәйкестіктер мен кездейсоқ алдамшы, әр тектес сәйкестіктердің жіктеліп-ажыратылмауы осы сияқты теориялық қателіктер жіберуге әкеліп соқты. Ал, Б.Сағындықұлы математика-логикалық әдіс арқылы оңай түсіндіріп береді.[4, 85].

Сары сөзі. Араб тіліндегі “асфару” сөзі, орыс тіліндегі “желтый” сөздері бәрі бір кездері бір сөзден болғандығын дәлелдейміз. Араб тілінде “асфару” түрінде сақталған. Осы сөзден қалай сары сөзі пайда болды?! Қарарсызлықта болмыш мензи сары – Тыныштықтың жоқтығына жүзі сары болды. [7, 201]. Бір қарағанда екеуінің бір мағынаны білдіретін сөз екені байқалмауы мүмкін. Асфару сөзінен **“ф”** және бастапқы **“а”** дыбыстары қазақ тілінің икемділігіне қарай түсіп қалған. Сол кезде **сару** болады. **у~ы** сәйкестігі екендігін білеміз. Сары мен желтый сөздерінен фонетикалық принцип бойынша **с~ж, р~л, а~е** дыбыс сәйкестіктерін анық көре аламыз.

Қарт сөзі. Қазақ тілінде қарт (жасы ұлғайған, қартайған адам) деген сөз бар. Түбіртекке бөлсек – қ+ар+т. Осы сөздің ар түбіртегі орыс тіліндегі ст+ар+ик сөзінің құрамында кездеседі. Ал ағылшын тілі мен неміс тілінде екі түбіртегі –ар және дауысты дыбысынан айрылған жартыекеш т ұшырайды. Ағылшында – ол+д, немісте – ал+т. Ағылшын тіліне қарағанда неміс тілі түркі тілдеріне жақындау: а мен т дыбыстары бірдей. Л~Р сәйкестігі негізінде л-дің де шыққан тегін табу оңай: ар+т~қ+арт. Ағылшын, неміс туыстас тілдер. о~а, д~т сәйкестіктері негізінде олд та арт түрінде қалпына келеді. Демек, қарт сөзі де, кем дегенде, үндіевропа тілдері мен түркі тілдеріне ортақ. Ілгері замандағы түбіртектердің лексикалық немесе грамматикалық мағынасын негізінен дауыссыз дыбыстар сақтап қалған. Ал дауыстылар болса, тарихи даму барысында мың сан өзгеріп кете береді. Сөздерді түбіртектерге ажыратқанда дауыссыздарға арқа сүйеу осыдан келіп шығады.

Ай сөзі. Берікбай Сағындықұлы өзінің дәрістерінде ай сөзінің этимологиясын келтіреді. Араб тілінде “қамар”, орыс тілінде “луна”, қазақ тілінде “ай”.

“Қамар” сөзі араб тілінде “ай” сөзін білдіреді. “Қамар” сөзін түбіртектерге бөлетін болсақ қам+ар, сонымен қатар дыбыстық сәйкестіктер бойынша қ~к, а~е варианттары шығады. Логикаға сүйене отырып, кем сөзі шығатынын көреміз. Ар түбіртегі бір заттың тұрғандығын білдіреді. Яғни, мынадай формула шығады қам~кем. Бұл жерде қамар сөзінің уәжі кеміген бір заттың тұрғандығын білдіреді. Аспандағы кеміген айды білдіріп тұрғанын түсінуге болады.

Орыс тіліндегі луна сөзінің этимологиясы да қызық. Луна сөзінің алдына то- түбіртегін қоссақ, толуна сөзі шығады. Бұдан қазақ тіліндегі толғанай сөзі шығады. Яғни, луна сөзі аспандағы айдың толған кезі бойынша аталып тұр.

Жуа сөзі. Бұл лексема – сабағы қуыс келетін, ұшында гул шоғы бар, жеуге жарамды ботаникалық өсімдіктің атауы. Тарихи ескерткіштерде **“соған”**(лук)(ДТС, 506). Арнайы филологиялық білімі бар мамандар болмаса, бұл екі сөзді (“соған” мен “жуаны”) бір-бірімен түбірлес деп ойламайды. Талдап көрелік. Ж~С - тектес сәйкестік. дж~тш~тс аффрикаттары арқылы төркіндеседі. Ал дауыстылардан тұратын у~о сәйкестігі туралы мынадай пікір бар: “Түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы фонетикасын зерттеушілердің қай-қайсысы да ескі түркі тілінде сөздің басқы буынында айтылған у дыбысы қазақ т.б. қыпшақ тілдерінде қысқа айтылатын, о мен у немесе у мен ыаралығында естілетін жуан дауыстыларға ауысқандығын айтады” (Томанов, 1981: 12). Автор бұған мысал ретінде құл~құл, уруш~ұрыс, улуғ~ұлық, уйат~ұят, т.б. варианттарын келтіреді. Бұған біз мынандай ой қосар едік: ескі түркілік у дыбысы ежелгі дәуірде-ақ өзгерістерге ұшыраған. Ол көп жағдайда кейбір тілдерде жуан о дауыстысына айналып кеткен. Жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, соған сөзінің ежелгі қыпшақ варианты - *джуған. Даму схемасы:

*джуған---жуған---жуға—жуа.

Оғыз варианты - *цуған---суған---соған.

Дж аффрикатының арғы тегі – тш. Ачығ (кислый, горький) (ДТС, 4). Осы сөзге есім жасайтын – ан қосымшасын жалғасақ, ачуған – ачыған. Тектес дж~тш~тс аффрикаттары ачуған ~*цуған (>соған) ~*джуған (>жуа) варианттарын жақындастырады. Демек, мұның бәрі - о баста ашықұғымын беретін бір-ақ сөз.[4, 232].

Жұмыртқа сөзі. Б.Сағындықұлы “Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері” атты кітабында, “Әр тектес сәйкестіктер” атты тақырыпшада т, д, ж, й дауыссыздарынан р сонорының акустикалық-артикуляциялық табиғаты мүлде бөлек екенін айтып дәлелдеп көрсетеді. Ол үшін “рт” дауыссыз дыбыс тіркестері кездесетін лексемаларды жазып, түбіртектерге бөліп, мағыналарын көрсетеді. “Жұмыртқа”, “томыртқа”, “омыртқа”, “құмырсақ”, “жоңышқа”, “қабыртқа” сөздеріне қосылған –қа жұрнағының, “шегіртке” сөзіне қосылған –ке жұрнағының бұрынғы толық қалпы –қан. “Сауысқан”, “тышқан” сияқты сөздермен салыстырғанымызда бұлардан “н” дыбысының түсіп қалғанын байқаймыз. “Н” дыбысын қалпына келтірсек, көмескіленген мағыналары да айқындала бастайды. Мысалы, “жұмыртқа” сөзінің түбірі “жұм” морфемасы жұмыр, домалақ нәрсені мезгесе, “уртқан” (қазіргіше ұрған) сол домалақ нәрсенің белгілі бір қалыпта тұрғанын аңлатады.

Табалдырық сөзі. Б.Сағындықұлының “Қазақ тілінің тарихы” атты ғылыми зерттеу жұмысындағы, ҚазақСР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының “Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі” атты авторлар бірлескен ғылыми зерттеу жұмысындағы “табалдырық” сөзінің жасалу жолымен, мағынасына жүргізген этимологиялық талдау жұмыстарын салыстырып көрелік.

Ең алдымен, “Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіндегі” өмілдірік сөзіне жүргізген этимологиялық талдау жұмысының құрамында, табалдырық сөзіне жүргізген зерттеу жұмысына назар аударамыз.

“Өмілдірік” сөзін қазақ және басқа да түркі тілдерінде –дірік (-дүрүк//-тұрық//-дуруқ) жұрнағы арқылы жасалатын бір топ сөздің бірі ретінде көрсетеді. Сонымен қазақ тіліндегі сағалдырық, кемелдірік, мойынтұрық, табалдырық сөздеріне сақал, мойын, табан сөздері негізгі тірек болып тұр деп көрсетеді. Яғни, табалдырық сөзі табан +дырық формалары арқылы жасалып тұр дегенді түсінеміз.

Енді, Б.Сағындықұлының “Қазақ тілінің тарихы” атты ғылыми зерттеу еңбегіндегі табалдырық сөзіне жүргізген, этимологиялық талдау жұмысына назар аударамыз.

Жаңа фонемалардың шыққан көне тектерін өз орнына қойып табалдырық сөзін талдап көрсетеді. Қазақ үйлерінің есік маңдайшасына қарама-қарсы, төменгі жағындағы жерге, еденге тиіп тұратын көлденең ағашы табалдырық деп аталатындығын көрсетеді. Заттық ұғым-түсінігі белгілі болғанымен, лексикалық мағынасы көмескіленген көне сөз екенін айтады.

Бұрын бұл лексема қандай ұғымда жұмсалған десе, екіншісі бірі жауап бере алмайды. Бұл сөздің құрамында жіңішке дауыстылар жоқ, бірыңғай жуан дауысты дыбыстар. Бірақ екі дыбыс ұяң – б, д. Олардың шыққан тегі, қатаң жұптары – п, т. Ал ы-ның көне формасы – ұ. Жаңаның орнына көне дыбыстарды қойсақ, әрқайсысы орын-орнына келеді: тапал тұрық деген сөз тіркесі пайда болады. Тапал “аласа” сын есімінің синонимі, диалектілерде қолданылады. Тұрық сөзінің “тұрғызылып қойылған тақтайша” екендігін түсінуге болады. Басын қоссақ: тұрғызылып қойылған аласа тақтайша. Шындыққа толық сай келеді, әрі уәжі де анықталады. Барлық дыбыстардың этимологиясын білу, осындай оң нәтиже беретіндігін көрсетеді. [3,134].

Нәтиже мен талқы. Сонымен, эксперимент нәтижелерін зерделей келе мынадай қорытындыға келдік:

Математика-логикалық әдіс салыстырмалы-тарихи әдістің негізінде қалыптасқан жаңа әдістердің бірі. Бұл әдістің негізгі мақсаты тілдегі сөздердің шығу тәркінін математикадағы жалпы негізгі ережелердің түсінігі арқылы, логикаға сүйене отырып, тілдегі болатын құбылыстарды анықтап, ең басты фонетикалық заңдылықтарды қолданып, сөздердің нақты, дәл этимологиясын анықтайды. Бұл әдісте лингвистикада іске қосуға тіліміздегі үнемдеу заңы, жуан дауыстылардың жіңішке дауыстыларға, еріндіктердің езуліктерге айналу заңдылықтары, метатеза, сіңісу, жылысу, ығысу құбылыстары, дауысты дыбыстардың да, дауыссыз дыбыстардың да шыққан тегін, арғы тегін, түпкі тегін ажырата білу тәсілдері секілді құбылыстар елеулі үлес қосады. Математика ғылымындағы белгіліні пайдалана отырып, белгісізді қалпына келтіру әдісіне сүйене отырып, жоғарыда келтірілген тілдік құбылыстардың көмегімен, сөз тәркінін анықтаймыз. Бір тілдің бүкіл даму динамикасын меңгеріп, барлық заңдылықтар мен құбылыстарды кешенді байланыста қарастырғанда ғана белгілі арқылы белгісізді табуға болады. Сонымен қатар, біз математика-логикалық әдіс арқылы бір сөздің этимологиясын анықтауда тілдік дәлелдемелері жеткілікті болса, бастапқы мағынасын нақты келтіре аламыз.

Қорытынды. Сонымен қорыта келгенде, Б.Сағындықұлының математика-логикалық әдісі арқылы сөздердің шығу тәркінін нақты анықтай аламыз. Яғни, математика-логикалық әдіс арқылы бір сөздің этимологиясын анықтауда тілдік дәлелдемелері жеткілікті болса, бастапқы мағынасын

нақты келтіре аламыз. «Түбіртек теориясы» негізінде, кейбір білетін тілдеріміздегі негізгі сақталған базалық лексиканы пайдалана отырып, «барлық тіл бір тілден шыққан деген» теорияны дәлелдей аламыз.

Ғылыми зерттеу жұмысы барысында, жоғарыда математика-логикалық әдіс арқылы қазақ тіліндегі байырғы сөздердің этимологиясы математика-логикалық әдіс арқылы келтірілді. Сонымен қатар, салыстырмалы-тарихи әдістің сөз төркінін ашуда қауқарсыз екендігіне көзіміз жетті.

Қазақ тіл білімінде этимология саласында нақты ғылыми дәлелдемелер арқылы сөз төркінін зерттеуші ғалым, математика-логикалық әдістің негізін салушы, филология ғылымының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлы. «Түбіртек теориясы» атты ғылыми жаңалық енгізіп, «Әлем тілдерінің түбі бір» атты гипотезаны дәлелдеген де – профессор Берікбай Сағындықұлы. Ең бастысы бұл әдісті қолданғанда логикалық тұрғыдан ойлана отырып, тілдегі заңдылықтарды орынды қолдану қажет. Сонымен қоса, барлық тілдің бір тілден шыққандығын көрсете аламыз. Бұл көрсетілген мысалдар, математика-логикалық әдіске жалпы шолу ретінде берілді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978- кітап
- 2 Древнетюркский словарь. – Л: Наука, 1969 - кітап
- 3 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі тарихы. – Алматы: Қазақ университеті 2011ж. 118-бет, 134 бет.- кітап
- 4 Сағындықұлы.Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 2005 ж. –85-86 бет, 232 бет- кітап
- 5 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. VI том – Алматы: 2011ж.- кітап
- 6 Общеязыкознание III том 1970 жыл-кітап
- 7 Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы (Филология ғылымдарының сериясы, №4 (70), 2019 жыл, 201 бет - журналдарда жарық көрген мақалалар

МРНТИ 16.01.45

Рысбаев С. К.¹

¹ Кыргыз Республикасының Жазуучулар союзунун мүчөсү,
¹ Бишкек, Кыргыз Республикасы

**ИЛИМИЙ ЖАНА ЭЛДИК ПЕДАГОГИКА:
МЕТОДДОРУ, ПРИНЦИПТЕРИ**

Аннотация

Макалада кыргыздын элдик педагогикасы менен илимий педагогикасынын методдору менен принциптеринин жалпылыктары тууралуу сөз болот. Автор бул категорияларга илимий багытта жана элдик ынанымда түшүндүрмө берген. Алардын бир катар окшоштуктары жана айырмачылыктары сыпатталып, салыштырылып чечмеленген.

Элдик тарбия бүгүнкү салттуу педагогиканын негизги жоболорун четке какпайт же, тескерисинче, илимий педагогика элдик педагогиканын жоболорун жерибейт, тактап айтканда, илимий педагогика элдик улуттук педагогиканын жол-жоболору менен байыт. Элдик методдор элдик жомоктордогу көрүнүштөрдүн, анын сюжеттеринин мисалында түшүндүрүлгөн. Элдик тарбиянын таасирдүүлүгүн, анын жаш муундарды тарбиялоодогу артыкчылыктары ачыкталган.

Түйүндүү сөздөр: илимий педагогика, элдик педагогика, методдор жана принциптер, айырмачылыктары менен жалпылыктары, элдик тарбия, метод, тип, түр

Рысбаев С.

Бішкек, Қырғыз Республикасы

ҒЫЛЫМИ-ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА: ӘДІСТЕР, ПРИНЦИПТЕР

Аңдатпа

Мақалада қырғыз халықтық педагогикасы мен ғылыми педагогиканың әдістері мен қағидаларының ұқсастықтары қарастырылған. Автор бұл категорияларды ғылыми тұрғыдан және халықтық сеніммен түсіндіреді. Бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтар сипатталды және салыстырылды.

Қоғамдық білім беру қазіргі дәстүрлі педагогиканың негізгі қағидаларын, керісінше ғылыми педагогика халықтық педагогика принциптерін жоққа шығармайды, басқаша айтқанда ғылыми педагогика ұлттық педагогиканың процедураларымен байытылады. Халықтық әдістер ертегілердегі көріністер мен олардың сюжеттері түсіндіріледі. Халықтық тәрбиенің тиімділігі, оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі артықшылықтарымен анықталды.

Түйінді сөздер: ғылыми педагогика, халықтық педагогика, әдістері мен принциптері, айырмашылықтар мен ортақтықтар, халықтық тәрбие, әдіс, форма

Rysbaev S.

Bishkek, Kyrgyz Republic

SCIENTIFIC PEDAGOGY: METHODS, PRINCIPLES

Abstract

The article considers the similarities between the methods and principles of Kyrgyz folk pedagogy and scientific pedagogy. The author explains these categories from a scientific and popular point of view. A number of similarities and differences were described and compared in the article.

Public education does not exclude the basic principles of modern traditional pedagogy. On the contrary, scientific pedagogy does exclude the principles of folk pedagogy. In other words, scientific pedagogy is enriched by the procedures of national pedagogy. Folk methods explain scenes from fairy tales and their plots. The effectiveness of public education is determined by its advantages in educating the younger generation.

Keywords: scientific pedagogy, folk pedagogy, methods and principles, differences and similarities, public education, method, form

Спикерлер мына тәртіп бойынша қызмет атқарады: Бірінші Үкіметтің 1-спикері шығып тақырыпты түсіндіріп өз позициясын дәлелдейтін аргументтер ұсынады. Екінші Оппозиция тобының 1-спикері үкіметтің бірінші спикері келтірген идеяға қарсылық білдіріп, өзінің пікірін дәлелдейтін аргументтер ұсынады. Үшінші Үкіметтің 2-спикері шығып, оппозиция спикері келтірген идеяға қарсылық білдіріп, өз позициясын қайта орнына келтіреді. Төртінші Оппозицияның 2-спикері шығып, Үкіметтің 2-спикеріне қарсылық айтып, өз позициясын дәлелдейді. Осымен ойынның негізгі бөлімі аяқталады. Негізгі бөлім аяқталған соң сараптама бөлімі басталады. Сараптама бөлімінде оппозицияның бірінші спикері шығып ойынға таза сараптама жасайды, содан соң Үкіметтің бірінші спикері шығып бір минут негізгі бөлімде өз ойын дәлелдеген екінші спикеріне қарсылық айтады да,

қалған уақытта тек ойынға таза сараптама жасайды. Ойын уақытын және ережесін шатастырып алмау үшін мына кестені пайдалануға болады:

<i>Үкімет</i>	<i>Оппозиция</i>
1. Бірінші спикер 4 минут.	2. Бірінші спикер 5 минут.
3. Екінші спикер 5 минут.	4. Екінші спикер 5 минут.
5. Сараптама 4 минут (1 минут қарсылық, 3 минут таза сараптама).	6. Сараптама 3 минут (таза сараптама).

Мектепте прозалық шығармаларды оқытуда «АПФ» дебат әдісі өте тиімді. Себебі прозалық шығармаларды оқытуда образдарды ашу, автор идеясын анықтау сынды мақсаттарға жетуде таптырмас әдіс болып табылады. Айталық, 10-сыныпта оқытылатын Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын оқушылар жан-жақты түсінуі үшін мына тақырып ұсынылады: *БП. Ақбілекке қарағанда Жамал бақыттырақ деп есептейді.* Үкімет командасы Жамалды бақыттырақ деп дәлелдесе, оппозиция командасы Ақбілекті бақыттырақ деп дәлелдеуі тиіс.

Тағы да мысал ретінде 6-сыныпта оқытылатын О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін осы әдіспен оқытқан тиімді. Оқушыларға шығарма бойынша мынандай тақырып ұсынылады: *БП. Тортайдың бойындағы кертартпа бір қасиетті көрсетеді.* Екі команда да Тортайдың бойындағы кертартпа бір қасиетті көрсетіп оны дәлелдейді. Мысалы: Үкімет командасы Тортайдың бойындағы кертартпа қасиет өз-өзіне сенімсіздік деп дәлелдесе, Оппозиция мақсат қоя алмаушылық деп дәлелдеуі тиіс болады. Яғни, ойыншылар жеңіске жетуі үшін, ал төрешілер өз шешімдерін нақты дұрыс екенін дәлелдей алуы үшін міндетті түрде алдын-ала шығармаларды оқиды және жан-жақты ақпараттанып, өз пікірлерін қалыптастырады.

Кубизм кеңінен қолданылып жүрген әдістердің бірі болса да прозалық шығарманы жан-жақты талдауға оңтайлы. Кубизм стратегиясында кубиктің әр жағына «суреттеңіз», «салыстырыңыз», «ойға байланыстырыңыз», «саралаңыз; «қолданыңыз», «талқылаңыз» деген сияқты 6 көмекші сөздерді жазып, мұғалім осы тапсырма бойынша оқушыларға еркін айту мен жазуға уақыт береді. Мәселен, 9-сыныпта оқылатын Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесін алайық. Алдымен, «Шұғаның белгісі» тақырыбы беріліп, одан соң оқушылар сол тақырып туралы берілген бағытпен еркін түрде өз ойларын жазады. Бұл іс-әрекет кубиктің алты жағындағы көмекші сөздерді түгел қамтып біткенге дейін жалғасады. Екінші, оқушылар өз ойларын жеткізуде басты кейіпкерлерді суреттейді. Үшінші, «Шұғаның белгісі» шығармасын М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романымен салыстырады. Екі шығарманың ұқсастығы мен айырмашылығы қандай? Шұға мен Жамалды салыстырыңыз. Төртінші, автордың басты идеясын саралайды. Бесінші, «Шұғаның белгісі» шығармасында көтерілген әлеуметтік мәселе қазіргі қоғамда кездесе ме? Сұраққа жауап берілу керек. Алтыншы, шығарма идеясына дискурстық анализ жасайды немесе қарсы пікір айтады. Әдіс бойынша оқушылар өз ойларында қалуға табандылық жасайды. Жазған кезде оқушылар кубтың 6 жағындағы сөйлемдерге жауап беруі керек. Алғашқыда өз көршісімен ой алмасып, өз ойын ортаға салады. Әр адам кубтың 3 жағын таңдап алып, сол туралы жазғанын өз серігіне оқып береді. Өз ойын ортаға салған кезде, бір ғана мақсат болады, яғни, қызу талқылап, ой алмасу керек. Сондай-ақ жұптың біреуі екіншісін қолдап «Жарайсың, өз жазғаныңды оқы, сенікі жақсы екен» деп құлшындыру да керек. Қысқасы, осы кубизм әдісі қанша рет қолданылып жатса да, идеялар мен пікірлердің әр түрлі болып келуінен оқушыларды жалықтыра қойған жоқ.

Оқу мақсаттарына жету барысында қолданылатын жаңаша әдістердің бірі – «*Кешкі жаңалықтар*» әдісі. 5,6,7-сыныптарда оқытылатын прозалық шығармаларды «Кешкі жаңалықтар» әдісімен оқытқан тиімдірек. Мәселен, Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады», «Атымтай Жомарт», Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа», Т.Нұрмағанбетовтың «Анасын сағынған бала», Н.Ақыштың «Нағыз әже қайда», С.Мұратбековтың «Жусан исі», Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» шығармаларын осы әдіспен оқытуға болады. Мұнда оқушылар «Евразия», «Астана», «Отыз бірінші», «Хабар» телеканалдары» деп аталатын төрт топқа бөлінеді. Топқа бөлінген соң оқушыларға өтіліп жатқан шығарманың мәтіні беріледі. Оқушылар берілген мәтіннен маңызды деп тапқан ақпараттарды анықтап, өздеріне берілген телеканалдың ерекшеліктеріне қарай сол ақпаратты жеткізуі керек. Бұл

әдіс оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, маңызды ақпараттарды сұрыптауға және ақпараттағы негізгі ойды анықтап, оны көпшілікке жеткізуге машықтанады.

Нәтижелер. Еліміздің ғылыми-әдеби, рухани-мәдени дамуының негізгі қозғаушы күші болашақ тіл мен әдебиеттің кәсіби мамандары екені белгілі. Қазіргі білім алушылар, ертеңгі кәсіби мамандардың мемлекет білімі мен ғылымының дамуына белсенді араласуы олардың сапалы да нәтижелі білім алуына тікелей байланысты. Сапалы нәтижелер әлеуметтік қоғам сұранысына сай оқытуда белгілі бір қалыптасқан жүйе, заңдылықтар және ұстанымдардың көмегі арқылы жүзеге асады.

Оқытуды жетілдіру әрбір жеке тұлғаның сапалы білім алуына алғышарттар жасауға негізделеді. Яғни, білім алушының жеке даралық қасиеттері мен құндылықтарын ескере отырып, жалпы-адамзаттық құндылықтар мен заңдылықтарды игеруге бағытталған мазмұндағы білім беруге әкеледі.

Орта білімді жаңа технологиялар арқылы меңгерту оқушы игерген, қалыптастырған білік-дағдыларын адамзат игілігіне қолдану үшін сол ақпаратқа қол жеткізуге кең мүмкіншіліктер ашуды мақсат етеді. Білім беруді жаңа технологияларға негіздеп жүргізу дегеніміз – жеке тұлғаның танымдық және шығармашылық қабілеті мен мүмкіншіліктерін дамытуға бағытталған оқыту жүйелерін жасау. Ондай білім беру жүйелері психо-педагогикалық және дидактикалық тұрғыдан терең талданып, тексерілген жаңа технологиялар жүйесімен оқыту арқылы іске асады. Жаңартылған білім мазмұнының талаптары мен қажеттіліктеріне, әлеуметтік қоғам сұранысына сай оқыту жүйесінің жасалуы білім алушының алған білімін тиімді пайдалануда, сол секілді әдебиет сабағын оқып-үйренуде өзіндік бағыт-бағдар беріп, қалыптастырған білік-дағдыларын қолайлы пайдалануда маңызды рөл атқарады. Осыған орай, оқу мен оқытуда қолданылатын тиімді әдістердің қажеттілігіне назар аударсақ, жоғарыда талданған прозалық шығармаларды оқытудың әдістері өз нәтижелерімен тиімділігін көрсетіп келеді.

Талқылау. Мұғалім сабақ барысында үнемі теория мен практиканы байланыстырып отыруы қажет. Себебі, *теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы* классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзімен үйлестіруіне негізделген. Жалпы теорияны практикамен ұштастыру оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар береді, оларды белсенді іс-әрекетке әзірлейді. Ол арқылы жеке тұлға қалыптасады. Оқытудың өмірмен, теорияның тәжірибемен байланысының жақсы болуы білім мазмұнына, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға әсер етеді. Әр тақырыпқа оқушының назарын аударту олардың сол білімді саналы игеруіне көмектесумен қатар, танымдық қабілеттерін де дамытады. Ол үшін оқушыларға «Кубизм» әдісін пайдалана мынандай тапсырмалар беруге болады: “Шұғаны белгісі” мен “Бақытсыз Жамал” әңгімелерінің ұқсастықтарын сипаттайтын элементтерге қатысты диаграмма құрастырыңыз, болмаса салыстырмалы кесте дайындаңыз. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алған теориялық білімдерін іс жүзінде ұштастыруға көмегін тигізеді. Яғни, оқушылардың тың ақпараттармен жұмыс жасай білу қабілеті артады, кез келген қажетті ақпаратты талдай алады, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Себебі, әдебиетті жете түсінудің негізі білім алушының көркемдік шығарманың әсерін сезіне білуінде. Яғни, Қ.Мырзағалиевтің еңбегінде сипатталғандай, «мұғалімнің оқыту тәжірибесіндегі ой жібере оқу, эвристикалық әңгіме жүргізу, зерттеу және репродуктивті әдістер мен оның әртүрлі амалдарын қолданудың бәрі де көркем шығарманы, әдеби теориялық ұғымдарды жете меңгертуді көздейді» [4, 4 б.].

Көркем шығарманы талдау барысында оқушылар тек оқып, оның мазмұнымен ғана танысып қоймайды, шығарманы жан-жақты талдай білуі қажет. Әдебиет пәнінің басты нысаны көркем шығарма болғандықтан оқушының белгілі бір мазмұнды меңгерудегі әрекетіне лайық өздігінен ізденуіне жетелейтін әдіс-тәсілдердің орны бөлек. Осыған орай, жалпы білім беретін орта мектепте прозалық туындыны оқыту барысында талдауға, идеясын түсініп, терең ұғына білуге негізделген әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады.

Сабақта оқушылардың білім-білік, танымдық деңгейін дамытуға негізделген ой қозғау, саралау, өзіндік пікір айту, көзқарасын тұжырымдау мақсатындағы проблемалық сипаттағы сұрау-тапсырмалар орындалу тиіс. Оқушының ой-өрісін, шығармашылық белсенділігін дамыту, өзіндік көзқарасын, өмірлік мұрат-мақсатын қалыптастыру, қоғамға сын тұрғысынан ой жібере білу сияқты жеке қасиетін тәрбиелеуге негізделген тапсырмалар да ұсынылады.

Қорытынды. Түйіп айтқанда, қазіргі заман талабына сай прозалық шығармаларды оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту үшін осындай тиімділігі мол әдіс-тәсілдердің көбеюіне ат салысуымыз керек. Өйткені осылайша көптеген тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану сабақтың тиімділігін арттырумен қатар, кез-келген мәселеде өзіне және өзгелерге де сыни көзқараспен тұщымды пікірін еркін де жүйелі айта алатын ұрпақты қалыптастыруға мүмкіндік әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы, Ана тілі, 1992, 108 б.-кітап
- 2 Қоңыратбаев Ә. Әдебиет пәнін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005, 113 б.-кітап
- 3 Студентке арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015, 183 б.-кітап
- 4 Мырзағалиев Қ. Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру. – Алматы: Рауан, 1992. – 127 б.-кітап

МРНТИ: 378.016: 811

Абитова Ж.,¹ Сүлейменова Ж.²

*^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗЖАСАМЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА
ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілі сөзжасамын студенттерге оқытуда жаңа ізденістер мен өзгерістер енгізу – уақыттың талабы екендігі сөз болады. Болашақ филолог мамандарды дайындауда қазіргі жаңартылған білім мазмұны аясындағы өзгерістерді ескере, қазақ тілі сөзжасамын оқытудың өзекті мәселелері сараланады. Сонымен бірге аталған мақала жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша қазақ тілі сөзжасамын оқытуда мүмкін болатын нәтижелер мен шешімдер ретінде әдістемелік стратегияларды анықтап береді. Пән бойынша академиялық біліммен қатар студенттер қазіргі заманда табысқа жету үшін талап етілетін сын тұрғысынан ойлау, проблема шешу, қарым-қатынас жасау және бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды да меңгеруге тиіс. Мазмұнды нәтижеге бағытталған білім мазмұнын алмастыруға мән беріліп отырған оқу үдерісінде студенттерге жаңа технологиялар бойынша қолдау көрсетудің маңыздылығы мақалада дәлелденеді.

Түйін сөздер: сөзжасам, жаңартылған оқу бағдарламасы, әдістемелік стратегиялар, жаңа технологиялар, студенттерге қолдау

Abitova Zh.,¹ Suleimenova Zh.²

*^{1,2} Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

**TEACHING THE KAZAKH WORD FORMATION STUDENTS IN TRAINING UNDER THE
UPDATED CURRICULUM**

Abstract

The article investigates that the introduction of new research and changes in the teaching of word formation for Kazakh students is relevant. In the preparation of future philologists, relevant issues of teaching word formation in the Kazakh language are analyzed taking into account changes in the content of modern education. In addition, this article defines methodological strategies as possible results and solutions for teaching word formation in the Kazakh language in an updated curriculum. In addition to academic knowledge of the subject, students must master the basic skills necessary to succeed in the modern world, such as critical thinking, problem solving, communication, and interaction. The importance of supporting students with new technologies in the educational process, which is focused on replacing content-oriented educational content, has been proved.

Keywords: word formation, updated curriculum, methodological strategies, new technologies, student support

Абитова Ж.,¹ Сүлейменова Ж.²

^{1,2} *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ПОДДЕРЖКА СТУДЕНТОВ В ОБУЧЕНИЕ СЛОВООБРАЗОВАНИЮ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА ПОД ОБНОВЛЕННОЙ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММОЙ

Аннотация

В статье исследуется, что внедрение новых исследований и изменений в преподавании словообразования для учащихся казахского языка является актуальной. При подготовке будущих филологов анализируются актуальные вопросы обучения словообразованию на казахском языке с учетом изменений в содержании современного образования. Кроме того, в данной статье определены методологические стратегии как возможные результаты и решения для обучения словообразованию на казахском языке в обновленном учебном плане. В дополнение к академическим знаниям предмета, студенты должны овладеть базовыми навыками, необходимыми для достижения успеха в современном мире, такими как критическое мышление, решение проблем, общение и взаимодействие. Доказана важность поддержки студентов новыми технологиями в образовательном процессе, который ориентирован на замену контентно-ориентированного образовательного контента.

Ключевые слова: словообразование, обновленный учебный план, методологические стратегии, новые технологии, поддержка студентов

Кіріспе. Қазіргі жылдам өзгеріп жатқан заманда біздің алдымызда жас ұрпақты болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап, білім алушылардың бойында ХХІ ғасыр дағдылары деген жалпылама атауға ие болған дағдыларды қалыптастыру міндеті тұр. Бұл дағдылар пән бойынша білім, нақты дағдылар, сауаттылық пен тәжірибені қамтиды. Пән бойынша академиялық біліммен қатар студенттер қазіргі заманда табысқа жету үшін талап етілетін сын тұрғысынан ойлау, проблема шешу, қарым-қатынас жасау және бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды да меңгеруге тиіс.

“Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер”[1,71-6], –деп Жүсіпбек Аймауытов көрегендігімен бір ғасыр бұрын айтып кеткен. Сондықтан жанартылған оқу бағдарламасын жүзеге асыру үдерісінде студенттерге қолдау көрсету оқытушының ең бірінші міндеті деуге болады, себебі оқытушы студенттердің қалай оқитынын неғұрлым жақсы түсініп, өздерінің оқыту тәжірибесін жақсартқан сайын, олардың студенттерді тиімді оқуға жетелеу қабілеті соғұрлым арта түспек. Оқу үдерісі өзінің табиғаты бойынша ойлаудан тұруы керек және ми құрылымында өзгеріс туғызуға жетелеуге тиіс. “Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады”[2, 101].

Әдістеме. Адам миы ақпаратты өңдеп, оны түсінуге мүмкіндік беретінін, ал оқытушының тоқтаусыз сөйлеуі миға шамадан тыс аса көп ақпарат “жүктемелейтіні” және ол студенттердің қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғатыны, сол сәтте оқудың нәтижелілігі айтарлықтай төмендеп кететіні туралы біздің хабардар екенімізді мәлімдейді. Ал белсенді оқу, керісінше, студенттердің белсенді қызметпен айналысу арқылы оқытушы берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Белсенді оқу студентті оқытушыны енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Аудиторияда қолданылатын мұндай тәсілдерге топтық жұмыстар, ойын “баламалары” және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойын түрлері кіреді. Студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуда ойын “баламалары” шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану студенттің өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, аудиториядағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге, оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді.

Студенттерді уәждеу тәсілдері әдетте сыртқы уәж және ішкі уәж деп бөлінеді. *Сыртқы уәжді* (студентке сырттан әсер ететін факторларға негізделген) арттыруға арналған тәсілдер Б.Ф. Скиннер (Skinner, В.Ф., 1953) ұсынған бихевиористік қағидаттарға негізделеді. Сөз болып отырған тәсілдер жағымды мінез-құлықты нығайтып, кері тәртіпті шектеуді қамтамасыз ету мақсатында кері

байланысты (соның ішінде мадақтау мен кінәраттау) қолдануды көздейді. Екінші қырынан алғанда, *ішкі уәж* іштен шығып жатады немесе жеке тұлғаның өзінен туындайтын, бастау алатын уәж, әдетте сыртқы уәжге қарағанда бұл анағұрлым рақымды, ізгілікті табыс деп есептеледі. Студенттерсеминар жұмыстарынан рахат алып, оны қызықты деп санағандықтан, оқуға белсенді атсалысу арқылы табысқа жетуін ішкі уәждің мысалы ретінде келтіруге болады. Оқытушы жұмыстың жақсы екенін мойындап, оны мадақтау арқылы сыртқы уәжді қолданады, айталық, оқытушылар егжей-тегжейлі орындалған жұмысы үшін студентті мақтай алады, ал студент жұмысты толық орындамаса, тіпті, ол жұмысты жақсартқанның өзінде, мұндай оқушыны мақтамайды. Сондықтан қазақ тілі сөзжасамын жоғары оқу орнын студенттеріне семинарды ойын түрінде, сан алуан нұсқаларда және белсенді өтетін үдеріс деп санаған жағдайда, оқытушы бірлескен оқудың әдістерін қолданған жағдайда, студенттер жаттығуларды пайдалы және жағдайға сай келеді деп қабылдаған жағдайда білім алушы оқуға белсенді араласады деп күтуге болады.

Талқылау. Қазақ тілі сөзжасамын оқытуда білім алуды жандандыратын аспектілердің бірі студенттерді ынталандыру болып табылады, бұл студенттердің өз қабілеті мен мүмкіндіктерін іске асыруына оң ықпал етеді. Әдетте балалар мектепте жақсы оқиды, алайда кейбіреулері оқуға деген ішкі уәжі мен қызығушылығын студент кезінде жоғалтып жатады. Негізінде, студенттер оқу қажет болғаннан емес, өз еркімен оқуға ынталанып, өздігінен уәжделуі тиіс. Бұған оқуды мүмкіндігінше белсенді, күрделі, қызықты және маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады. «Балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінше ұмытпайды» (Ж.Аймауытұлы, 1929). Ғалым Ж. Аймауытұлының бұл пікірін әдіскер Ш. Рамазанованың “Сабақ барысында тіл дамытумен қатар ой жетілдіру үдерісі қатар жүреді. Өзін-өзі бағалауға, өз пікірін білдіруге дағдыланған тіл меңгеруші мәтін мазмұнынан да деңгейін жоғарылататын тың деректі мағлұмат алудан үміттенеді”, [3, 549-б.] - деген қорытындысы қуаттай түседі.

Студенттерөздерінің “Қазақ тілі сөзжасамы” пәні бойынша жинақтаған жаңа білімдері мен дағдыларын іс жүзінде өз тәжірибесінде қолдануға болатынын көргенде және шынайы өмірден алынған жағдаяттарға негізделген өздерінің күнделікті тәжірибесімен байланысты болғанда, олардың оқуға деген ынтасы артады. Демек, студенттер “Төменде берілген сөздердің қосымшаларын ажыратып, олардың сөз мағынасына әсерін анықтаңыздар. Түбір морфема мен негіз сөздің арақатынасын айқындаңыздар”, “Мәтіндегі сөздерді түбір және қосымша морфемаларға бөліп, әрқайсысына түсінік беріңіздер. Қосымша морфемалардың сөз мағынасына әсерін – лексикалық не грамматикалық мағына жасауға қатысын – баяндаңыздар”, “Тілде кейіннен қалыптаса бастаған жаңа күрделі сөздерге мысалдар жазыңыздар. Газет-журналдарды, «Жаңа атаулар сөздігін» пайдаланыңыздар”, деген үлгідегі тапсырмаларды орындау арқылы “Қазақ тілі сөзжасамы” пәнінен жинаған білімі жеке өмірінде қажетіне жарайтындығына көзі жетеді де, білімі беки түседі.

Студенттің бастапқы ішкі уәжі төмен болған жағдайда сыртқы марапат пайдалы болуы мүмкін. Шын мәнінде, оқытушыстуденттерденжоғары нәтиже күтіп, олардың өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдаланғаны дұрыс. Кез келген мұғалімнің алдында тұрған басты міндеттердің бірі оқуға қызығушылығы төмен оқушыларды оқу үдерісіне тартып, қолдау көрсету болып табылады.

Оқуға құштары төмен студенттерді Қазақ тілі сөзжасамын меңгертуде қалай ынталандыруға болады? Осы салада кеңінен қолданылатын әдістер негізінен мадақтау және жазалау жүйесін қолдануға негізделуі мүмкін. Олар, әдетте, «сыртқы» уәж немесе «оқу керек» деген талаппен байланыстырылады. Студенттердімұндай жолмен уәждеу стратегияларын пайдалануға сақтықпен қараған жөн. Негізінде, студенттероқу керек болғаннан емес, өз еркімен оқуға ынталанып, өздігінен уәжделуі тиіс. Бұған оқуды мүмкіндігінше белсенді, ынталандырушы, қызықты және маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады.

Студенттердіңпәнге қызығушылығы мен ынтасын қалыптастыратын көптеген факторлар бар: студенттердің қызығушылығын туғызатын жаттығулар, оқытушының ықпалы, пән бойынша байқау-жарыстар, мадақтау және т.б.

Студенттің шынайы қызығушылығы мен ынтасын арттырудың ең сенімді тәсілі – осы факторлардың барлығын қамту, яғни, білім алуға шынайы ынталандыратын оқу ортасын қалыптастыру. Төмендегі кестеде оқытушы жұмысындағы студенттің уәжін өсіретін немесе, керісінше, өшіретін факторлар ұсынылған.

1-кесте. Уәжге әсер ететін факторлар.

“Қазақ тілі сөзжасамы” пәніндетүрлі оқыту мен оқу әдістерін пайдаланатын белсенді оқытушы	“Қазақ тілі сөзжасамы” пәнінде негізінен өзі сөйлейтін немесе үзіліссіз дәріс оқитын оқытушы
көп студентті қамтитын белсенді тапсырмалар	Аз ғана студент қатысатын немесе мүлде қатыспайтын тапсырмалар
Сөзжасам саласының өзге тіл білімі салаларымен байланысын көрсететін және осының алдында өткен тақырыппен байланысты жаттығулар	Айқын емес, түсініксіз және осының алдында өткен тақырыптармен байланыспайтын жаттығулар
сабақтағы жаттығулардың күрделілігі тиісті деңгейде және барлық студенттер орындай алатын етіп сараланған	сабақтағы жаттығулар сараланбаған және басында орындау тым қиын немесе қабілеті жоғары студенттермүмкіндіктері ескерілмейді
оқыту мен оқудың сан алуан әдістері қолданылады – сабақ қызықты әрі мазмұнды	оқыту мен оқу әдістерінің аз ғана түрі қолданылады – сабақтың қандай болатынын алдын ала болжап білуге болады
Студенттерге “ойлануға” уақыт бере отырып, сабақ қарқынын өзгертеді	сабақтың қарқыны өте жылдам/баяу және студенттерге “ойлануға” уақыт берілмейді
әр студентке жеке қолдау көрсету	Студенттер оқытушыдан көмек күтеді, оқытушы тарапынан қолдау болмайды
орынды мақтау және оқытушының пайдалы кері байланыс ұсынуы	мақтау айтылмайды және мұғалім студенттерге тиімсіз кері байланыс береді
студенттер сабақ мақсатын және сабақтан күтілетін нәтижені біледі	студенттерсабақ мақсатын және өздерінің нені үйренетінін білмейді

Оқытушы сабақ беру барысында бүкіл пән бойынша қарастырылған білім әр студенттің жадында түпкілікті сақталып, өмірде қолдана білуіне кепілдік беруді мақсат тұтуы тиіс. Студенттердің қазіргі уақытта меңгеріп жатқан “Қазақ тілі сөзжасамы” пәні мен бұрын өткен пәндер арасында тақырыптық байланыс орнатуына үнемі ықпал ету керек. Мысалы, “Сөзжасам бірліктерінің морфологиялық бірліктерден айырмашылығына кластер құрастырыңыз”, “Семантикалық тәсілдер арқылы жасалған сөзжасам бірліктерінің лексикологиямен байланысын ғылыми постер арқылы қорғаңыз”. Мұндай тапсырмалар өткен тақырыптардың студенттердің жадында сақталуын қамтамасыз етіп, олардың пәнді толығымен түсінуіне көмектеседі.

Зерттеуге негізделген оқуды аудиторияда қолданудың көптеген тәжірибелік модельдері бар. Мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетін осындай зерттеу модельдерінің бірі “Ықпалдастырылған әлеуметтік зерттеу моделі” (Hamston & Murdoch, 1996) деп аталады. Модель әртүрлі жеті зерттеу кезеңін қамтиды. Зерттеу барысында болжамдарға, зерттеу мазмұнына, құндылықтар, көзқарастар, үдерістер мен дағдыларды бағалау нәтижелеріне байланысты кезеңдер қайта қарастырылады. Кестедегі ақпарат Хэмстон мен Мердоктың еңбегін негізге ала отырып құрастырылды (Hamston, J. And Murdoch, K., 1996).

2-кесте. Ықпалдастырылған әлеуметтік зерттеу моделі

Кезеңдер	Жаттығулардың негізгі тақырыбы	Сұрақ түрлері
Алғашқы дайындық	Студенттерге тақырыппен танысуға мүмкіндік беру. Тақырып бойынша студенттерді қызықтыратын мәселелерді анықтау.	<i>Тақырып қандай? Неліктен осы тақырыпты зерттеу қажет?</i>
Зерттеуге дайындық	Студенттерге осы тақырып бойынша бұрыннан білетін нәрселерді анықтау. Студенттерге жұмыс істеу бағыты мен нысанын белгілеу. Тақырып бойынша орындау керек жұмыстар мен жаттығуларды жоспарлауға көмектесу.	<i>Бізілгеріден бұл тақырып туралы не білеміз? Осы тақырыпқа қатысты не ойлайсыңдар? Бұған тағы кім көз жеткізді? Сен не ойлайсың?</i>

Зерттеу	Студенттердің білімге қызығушылығын одан әрі ынталандыру. Бұған дейін қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік беретін жаңа ақпарат ұсыну. Студенттердің білімін, құндылықтары мен түсініктерін тексеру. Студенттердің алдағы уақытта орындалатын жаттығулар мен жүргізілетін жұмыстарды түсінуіне көмектесу.	<i>Біздің нақты нені білгіміз келеді? Мұны істеудің ең тиімді жолы қандай? Ақпаратты қалай жинаймыз?</i>
Сұрыптау	Студенттерге «зерттеу» кезеңінде анықталған ақпарат пен идеяларды сұрыптау мен таныстырудың нақты тәсілдерін ұсыну. Студенттердің жинақталған ақпаратты өңдеуіне және әртүрлі тәсілдермен таныстыруына мүмкіндік беру. Нәтижелердің кең ауқымды болуына мүмкіндік беру.	<i>Ақпаратты қалай сұрыптай аламыз? Қандай байланыс орната аламыз? Ақпарат нақты, құнды және пайдалануға тұратынына қалай көз жеткізе аламыз?</i>
Алға ілгерілеу	Тақырып аясын кеңейтіп, оқушылардың тақырыпты түсінгенін тексеру. Студенттерге қолжетімді түсініктер аясын кеңейту үшін көбірек ақпарат ұсыну.	<i>Біз қандай қорытындыларға келдік? Оларды қандай дәлелдермен негіздей аламыз? Алынған нәтижелермен не істейміз? Біздің келесі әрекеттеріміз қандай болуы керек?</i>
Байланыс орнату	Студенттердің не үйренгені туралы қорытынды жасауына көмектесу. Оқу үдерісінің барысы туралы және не үйренгені туралы рефлексия жасауына мүмкіндік беру.	<i>Біз қандай қорытындыға келдік? Оларды қандай дәлелдермен негіздей аламыз? Нәтижелері қандай?</i>
Әрекетке көшу	Студенттерге өздерінің түсінігі мен өмірлік тәжірибесінің арасында байланыс орнатуға көмектесу. Студенттердің таңдау жасауына және өзінің қоғамның табысты мүшесі бола алатындығына сенімін арттыруға мүмкіндіктер жасау. Тақырыпты одан әрі жоспарлау барысында студенттердің түсінігін ескеру.	<i>Біз қандай әрекет жасай аламыз? Тақырып туралы енді не ойлайсыз?</i>

Қорытынды. Сабақтарды жаңа технологияларға сәйкес жоспарлау, яғни, тақырып басында қарапайым деңгейде қозғалып, кейін жоғары деңгейде қайта қаралуы тиіс. Студенттердің тақырыпты түсінуі оларға осы тақырыпты қайта қарау мүмкіндігін берген кезде жетіле түседі. Бұған бірнеше тәсілдермен қол жеткізуге болады:

✓ басқа сұрақтарды және бастапқы сұрақтарды өзгертіп қолдану арқылы тақырыпты қайта қарастыру;

✓ тақырыпқа қайта оралу арқылы оны басқа тақырыптармен байланыстыру;

✓ тақырыпты жоғары тұжырымдамалық деңгейде (оқушыларда түсінік қалыптасып, дағдылары шындалған кезде) және көптеген жағдайлардың көмегімен зерттеу.

“Қазақ тілі сөзжасамы” пәнінде қамтылатын белсенді оқу тәсілдері тәжірибелік, эксперименттік, пікірталас, жоспарлау және бағамдау жаттығуларын жүргізіп, топтық жұмыс және ықшамсабақтар ұйымдастыруды көздейді. Бұл тәсілдерде оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін сыныпта қолдануға болатын тәжірибелік идеялар қамтылғандығымен маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Аймауытұлы Ж. Комплекспен оқыту жолдары (Мұғалімдерге, қайталама курстарға, тәрбие техникумдарына көмек). – Қазақ баспасы, 1929. – 320 б. - кітап*

2 *Hamston, J. and Murdoch, K. (1996), Integrating Socially: Planning Units of Work for Social Education [Әлеуметтік интеграция: әлеуметтік білім беру жұмысын жоспарлау] (pp. 230). Eleanor Curtin, Melbourne. – кітап*

3 Сейтенова С., Мухамеджанова Б. Қазақ тілі сабағында диалогтық оқыту технологиясын қолданудың маңыздылығы// ҚазҰПУ Хабаршысы (филология сериясы) – 2020 – Т.1. - №1 – 558-561 б. – журналдарда жарық көрген мақалалар

4 Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы: “Басшыға арналған нұсқаулық”. – “НЗМ” ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 430 б. - кітап

5 Үлестіріме материал. – “НЗМ” ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 430 б. - кітап

6 Hattie, J and Yates, G (2014). *Visible Learning and the Science of How We Learn [Көзге көрінетін оқу және қалай оқу керектігі ғылымы]*. Routledge, London. Hayes. – кітап

7 Skinner, B.F. (1953). *Science and human behaviour [Ғылым және адамның іс-әрекеті]*. The Free Press, New York. – кітап

МРНТИ 16.21.21:

Қабатай Б.,¹ Арпабекова Ш.,² Калиева В.³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
^{2,3} Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Алматы, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ МАҚАЛА ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ЗЕРТТЕП ОҚУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аңдатпа

Мақалада мұғалімнің іс-әрекетті зерттеуі бойынша жүргізілген жұмыстарының әдіс-тәсілдері мен оның нәтижесі туралы айтылады. Сабақ барысында іс-әрекетті зерттеуге түрткі болған мәселенің пайда болуы, оны анықтау, шешу жолдарымен жүргізілген жұмыстар жайлы мәлімет беріледі. Мәселені анықтау үшін жүргізілген сауалнаманың нәтижесі көрсетіледі, зерттеу үшін әдебиеттерге шолу жасай отырып, зерделенеді.

Қалыптасқан жағдайды қалай өзгертуге болады? Сынып көрсеткішінің ілгерілеуінде қандай кедергілер бар? Осы сияқты басқа да сұрақтарға жауап беріледі. Таңдалған әдіс-тәсілдердің туындаған мәселені қаншалықты шешуге ықпал ететіні талданады. Іс-әрекетті зерттеу сабақ барысында қалай көрініс тапқаны туралы айтылады.

Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу мен зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталған біршама істер атқарылды. Зерттеп оқуды қолдану арқылы сыни мақала жазуға бағытталған сабақтар сыныптың ерекшелігін ескере отырып жоспарланғандықтан, оң нәтижесін берді. Зерттеп оқудың оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту мен сыни мақала жазу дағдысын қалыптастырудың оңтайлы әдісі екенін осы мақаладан көре аламыз.

Түйін сөздер: іс-әрекетті зерттеу, зерттеп оқу, дамыту, сыни мақала жазу

Kabatay B.,¹ Arpabekova Sh.,² Kaliyeva V.³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
^{2,3} Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics in Almaty,
Almaty, Kazakhstan

DEVELOPING A SKILL OF WRITING CRITICAL ARTICLES IN STUDENTS THROUGH READING FOR SPECIFIC INFORMATION

Abstract

The article discusses and outlines the results of the research conducted on the activities of a teacher. The research problem and the work that has been done to solve it while investigation is described. The result of the survey to identify problems is indicated alongside with literature review.

How to change the current situation? What are the barriers to promoting students' academic performance? The answers to the above given questions are given in the article. It is analyzed to what extent the chosen approaches are effective in solving the problems that have arisen. It is about how the study of activity manifested itself during the lesson.

A number of activities were conducted aimed at developing research abilities and independent work of students. Classes aimed at critical writing of articles using the study gave positive results, since they are planned taking into account the specifics of the class. In this article, we can see that learning is the best way to develop students' research abilities and build critical writing skills.

Keywords: research activities, search reading, development, writing a critical article

Кабатай Б.,¹ Арнабекова Ш.,² Калиева В.³

*¹Казахского национального педагогического университета имени Абая,
г. Алматы,*

*^{2,3} Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления,
Алматы, Казахстан*

РАЗВИТИЕ У УЧАЩИХСЯ НАВЫКОВ НАПИСАНИЯ КРИТИЧЕСКИХ СТАТЕЙ ЧЕРЕЗ ПОИСКОВОЕ ЧТЕНИЕ

Аннотация

В статье говорится о методах исследования деятельности учителя и его работы по его результатам. В ходе занятия дается информация о появлении проблемы, способной исследовать деятельность, о проводимой работе путем его выявления, решения. Указывается результат проведенного опроса для выявления проблемы, изучается с обзором литературы для исследования.

Как изменить сложившуюся ситуацию? Какие препятствия существуют в продвижении классного показателя? На другие подобные вопросы даются ответы. Анализируется, насколько выбранные подходы способствуют решению возникшей проблемы. Речь идет о том, как исследование деятельности проявилось в ходе урока.

Были проведены ряд мероприятий, направленных на развитие исследовательских способностей и самостоятельной работы учащихся. Занятия, направленные на критическое написание статей с использованием изучения, дали положительные результаты, так как они планируются с учетом специфики класса. В этой статье мы можем увидеть, что поисковое чтение является оптимальным способом развития исследовательских способностей учащихся и формирования навыков критического письма.

Ключевые слова: исследование деятельности, поисковое чтение, развитие, написание критической статьи


Кіріспе. Қазірге кезде мұғалімдердің мақсатқа бағытталған зерттеушілік әс-әрекеті, педагогикалық мәселелері күннен күнге өзекті мәселе болып келеді. Зерттеу мәндеттерін шешу қазргі кезде мұғалімнің құқығы ғана емес, оның кәсіби міндеті ретінде қарастырады. Мұғалім үшін іс-әрекетті зерттеу тәжірибе мен практиканы пайдалана отырып, одан ары кәсіби тұрғыда өсу және оқуды жалғастыру болып табылады. Ал іс-әрекетті зерттеу – әрекеттер мен олардың нәтижесі мен салдарын жан-жақты зерттеумен қатар оқыту мен оқуды жақсарту мақсатындағы іс-әрекеттегі орындау әдісі. Соған қарағанда іс-әрекет пен сабақты зерттеу қатар жүретін үдеріс. Тек өзінің күнделікті тәжірибесінің негізінде ғана мұғалім өзінің кәсіби қызметінде орын алған проблемалар мен қиындықтарды анықтай алады.

Әрбір сабақ – зерттеу, сабақтағы кез-келген іс-әрекет түрін жан-жақты қарастырып, шешімін табу да зерттеу, ал әрбір оқушының бойында зерттеушілік қабілеттің даму керектігін бәріміз білеміз. Тұлғаның дамуын және оқушылардың өмірлік іс-ірекетін болжауға және талдауға, зерделеуге, білім беру жүйесін кешенді өзгертуді іске асыруға дайын болуын көрсетеді. “Зерттеу арқылы мұғалімнің іздену шараларының құны артады. Ол тәжірибені жетілдіруге бағытталғандықтан, бұл үдеріске мектеп әкімшілігі, оқушылар мен ата-аналар тартылуы мүмкін. Бұл ретте проблеманы қарастыру барысында үнемі дұрыс не бұрыс жауап табу мүмкін емес, ас барысында оған қатысушылар нақты проблемаларға сын тұрғысынан қарап, өзгеріс енгізу жөніндегі сыншы агент ретінде әрекет ете

отырып, үдеріске өз үлесін қосады және одан пайда алады”[1,5]. Осы Шмук ұсынған қағидаға сәйкес іс-әрекетті зерттеу тобында жұмыс жасаған мұғалімдерге әріптестері сыншы дос, агент ретінде зерттеуді бақылауға қатысып, жүзеге асыруға көмектесті.

Әдістеме. Іс-әрекетті зерттеу тәсілі “педагогикалық тәжірибені” жалпы тұжырымдамалық түсінуді жақсартуға мүмкіндік туғызып, соның негізінде практик-мұғалімде өзінің сыныптағы жұмысы жайлы өз теориясын құруға көмектеседі. “Халықаралық білім кеңістігіне кіру әртүрлі дамыған елдердің тәжірибелерін зерттей отырып, озықтарына бағытталу, білім беру сапасын, деңгейін қалыпқа келтіру, нақтырақ қарапайым тілмен айтсақ, дамыған елдердің білім сапасына жақындау, теңелу. Міне, осыған орай елімізде білім берудің мазмұны жаңартылып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Бұл өзгерістер – жаңартылған білім мазмұны деген атаумен ерешеленіп, мектепте оқытылатын әр пәннің приоритетін өзгертті”[2,495]. Сондай проритеттің бірі-білім алушыларды зерттеу іс-әректіне тарту болып табылады. Сабақты және іс-әрекетті зерттеуге ықпал еткен мәселе – I жартыжылдықтағы тоқсандық бағалауларда қазақ тілі бірінші тіл ретінде оқытылатын кейбір сыныптарда жазылым дағдысы бойынша сыни мақала жазуда қиындықтардың туындауы. Оқушылардағы негізгі мәселе – жазылым, соның ішінде мақала, сыни мақала жазуда қиналатындықтары, тәжірибелерінің аздығы. Осыдан барып белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін зерттеуді толыққанды сабаққа да, іс-әрекетке де қатар жүргізу қажеттігі туындады. Мәселенің туындауына әсер еткен факторларды нақтылау мақсатында іс-әрекетті зерттеу барысында фокус топтар анықталды. Фокус аймағындағы алынған сынып оқушыларынан зерттеу алдындағы сауалнама алынды. Төмендегі диаграммалар алынған диагностикалық сауалнама нәтижесі.

№1 Сіз мақаланы қаншалықты жиі оқисыз?




■ А күнде оқимын ■ В аптасына бір рет оқимын ■ С айына бір рет оқимын ■ Д тіпті оқымаймын

№2 Мақаланың қай түрін көбірек оқисыз?




■ А проблемалық мақала ■ В сыни мақала ■ С насихаттық мақала ■ Д бас мақала

№3 Қайсысы сыни мақалада жиі кездеседі?



- A өмірде болып жатқан маңызды құбылыстарды, оқиғаларды талдап-бағалау
- B заман талабына сай бүгінгі өмірдің практикалық міндеттері
- C қоғамда шешілуді талап ететін өткір мәселелер
- D үкіметтің алға қойған саяси міндеттері

№4 Мақаланы қай тілде оқығанды ұнатасыз?



- A қазақ тілінде оқығанды
- B орыс тілінде оқығанды
- C ағылшын тілінде оқығанды
- D басқа тілде оқығанды

Сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым көпшілігі мақаланы аптасына 1 рет оқыса, тіпті оқымайтын да оқушы бар екен. Мақаланың ішінде ең көп оқылатыны бас мақала болса, сыни мақала соңғы қатарда, осының салдарынан оқушылар келесі “Қайсысы сыни мақалада жиі кездеседі?” деген сұраққа жауап беруде қиналған. Проблеманың қайдан шығып тұрғанын да тапқан сияқтымыз. Оқушылар сыни мақалаларды көп оқымағандықтан оны қалай жазу керек екенінен де қиналады. Теориялық білім мұғалім тарапынан түсіндірілгенімен оқушылар практикасын жетілдіре түсу үшін де өз беттерімен сыни мақаланы оқып тұруға, өздігінен талдап, зерттей отырып оқуына көңіл бөлулері қажет. Сонда теория мен практиканың ұштасқан жерінің нәтижесі тиімді шығады. Осылардың бәрін меңгере отырып оқушы сыни мақаланы берілген кез-келген тақырыпта зерттеушілік қабілетін қоса отырып қиналмай жазып шығады. Сонымен қатар оқушылардың мақаланы негізінен орыс тілінде оқитыны анықталды, ал қазақ және ағылшын тілінде оқитындар саны тең түскен. Осы сұрақтар арқылы біз оқушылардың мақала түрлері, соның ішінде сыни мақаланы ажырата алмайтындығын, сонымен қатар мақала түрлерінің стилі, тілдік құрылымдары мен тақырыптық аясы сияқты мәселелер жазуда кедергі келтіретінін көріп отырмыз.

Кез-келген зерттеу жұмыстарында алдымен әдебиеттермен жұмыс жүргізіледі. Оның ішінде зерттеп оқуға байланысты бірқатар әдебиеттерге шолу жасап алған дұрыс.

Ресей академиясы сайты ұсынған “Новый словарь методических терминов и понятий” (теория и практика обучения языкам) сөздігінде: Зерттеп оқу – мақсаты мен сипатына қарай шынайы оқу түрі. Зерттеп оқудың мақсаты – мәтіннен нақты ақпарат табу (анықтамалар, ережелер, сандық және басқа да көрсеткіштер). Зерттеп оқу сипатына қарай көз жүгіртіп оқуға ұқсас,- деген анықтама берсе, М.С. Плетнева “Выбор видов чтения на уроках русского языка в основной школе” деген еңбегінде зерттеп оқу – ақпараттарды(мерзімдер, сандар, есімдер, атаулар, терминдер, тілдік құбылыстар) таңдап, теріп оқу [3] деп түсінік береді.

Кузнецова Виктория Алексеевна “Поисковое чтение” деп аталатын зерттеуінде: “зерттеп оқу – мерзімді баспасөз, газеттер мен әдебиетті оқуға негізделген. Оның мақсаты мәтіннен қажетті ақпаратты (фактілер, мінездемелер, сандық көрсеткіштер мен сілтемелер) жылдам іздеп табуға бағытталған. Осы мақалада немесе кітапта өзін қызықтыратын ақпараттың бар екені оқырманға белгілі, сол себепті берілген мәтіндердің түріне қарай детальды талдау жүргізбей-ақ бірден мәтіннің белгілі бір тарауы мен бөліміне жүгінеді. Зерттеп оқу барысында мазмұндық ақпаратты алу дискурсивті үрдісті қажет етпейді, себебі ол автоматты түрде жүзеге асады. Осындай оқу түрі мәтіннің мазмұндық-логикалық құрылымын айқындап, белгілі бір мәселе мен сұрақтарға қатысты ақпаратты іріктеп, бірнеше мәтіндердегі ақпараттарды біріктіре алу қабілетіне негізделген. Оқыту жағдайында зерттеп оқу жаттығу жұмысының қызметін атқарады, сондықтан оқылымның басқа түрлерін дамытудың құрамдас бөлігі болып табылады дей келе, зерттеп оқу технологиясын меңгеру мәтіналды, мәтінмен, мәтінсоңы жұмыстарда жүзеге асырылады” [4] деген тұжырымына ұйымдастырылатын жұмыс түрлері арқылы дәйек келтіреді.

Мәтіналды тапсырмасы нақты бір мәтін рецепциясы аясындағы қажетті білімді модельдеуге бағытталған, сонымен қатар мазмұндық және тілдік қиындықтарды жоюды және оқылым дағдысын мен «түсіну стратегиясын» қалыптастыруды көздейді. Онда мәтінді оқуға қатысты лексико-грамматикалық, құрылымдық-мазмұндық, лингвостилистикалық және лингвотанымдық ерекшеліктер ескеріледі.

Мәтінмен жұмыс тапсырмасында оқылым барысында танымдық-коммуникативтік талаптарды тез әрі міндетті түрде шешуге оқылым түріне сілтей отырып қарым-қатынастық құрылымдарды ұсынады. Ескертпе сұрақтар бірнеше талаптарға жауап береді:

- олар бұрын меңгерілген лексика мен грамматикалық құрылымдардан тұрады;
- барлық сұрақтар мәтіннің бейімделген интерпретациясын білдіруі қажет. Сонымен қатар оқушылар оқылымның белгілі бір стратегиясын қалыптастыруды қамтамасыз ететін жаттығуларды орындайды.

Мәтінсоңы тапсырмасы оқылым бойынша ақпаратты түсінгенін, оны қолдану мүмкіндігін тексеруге негізделеді деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар ғалым жүргізген зерттеуінде өзі сүйенген әдебиеттерге сілтеме жасап отырады.

“Классификация видов чтения” зерттеу жұмысында Е.Я.Григорьева зерттеп оқудың мақсаты – ізделіп отырған қажетті ақпаратты мәтіннен табу дей келе, ол үшін оқушыларда:

- мәтіннің түрі мен құрылымдық-композициялық ерекшелігін анықтай алу;
- қажетті фактілерді табу (мысал, аргумент);
- ақпаратты нақты зерделеуді талап ететін абзацтарды таба алуға деген икемділік қалыптасқан болуы керек [5] десе, орыс тілі мен әдебиет пән мұғалімі С. Г. Потапова “Эффективные стратегии работы с текстом на уроке в школе” еңбегінде мәтінмен жұмыс жасатуда оқушылардың іс-әрекеттері мен сауатты жазу және сөйлеу қызметтерін біртұтас бірлікте ұстау дидактикалық тұтастықтың негізі [6] екенін атап көрсетеді. Демек, оқылым дағдысы арқылы жазылымды игертуге болатынын меңзейді. Сонымен қатар, “оқылым стратегиялары оқушыларға дайын ақпарат ұсынатын дәстүрлі технологиялардан өзгеше, өйткені мұғалім оқушыларға сабақтағы түйінді мәселенің шешілу жолын өздері тауып, қалыптасқан жаңа жағдайда қалай әрекет етуге болатынын түсіндіре алатындай зерттеу жұмысын ұйымдастырады”, - деп тұжырымдайды.

Нью-Йорк мемлекеттік университетінің профессоры Винсент Р.Руггиеро өзінің “Сыни оқу стратегиялары” атты зерттеуінде: “Кез-келген мәтінді оқып, ондағы ақпаратқа сенбес бұрын әр адам төрт сатылы сыни оқу стратегиясын қолдана білу тиіс: шолу, талдау, оқу және бағалау”, - дейді [7]. Осылайша, Винсент Р.Руггиеро зерттеп оқу стратегиясына басты назар аударады. Осы сыни оқу стратегиясын қолдану арқылы оқушының сараптама жасау, сыни ойлау, талдау, салыстыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік туатындығын қадап айтады.

Ал қазақстандық, Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі Акбота Жайсанбаева “Оқылым стратегияларын тиімді қолдану арқылы оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау дағдысын дамыту” тақырыбындағы зерттеу еңбегінде: Зерттеп оқу – мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты, негізгі және қосымша, детальды ақпараттарды зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады. Мәтіндегі тірек сөздерді, көркемдегіш құралдарды, жай сөйлемдерді,

мәтіндегі етістіктердің қолданысын, мәтін құрылымын, мәтіннің стильдік және жанрлық ерекшелігін зерттеп оқу да осы стратегияның ерекшелігі болып табылады,- дейді [8].

Талқылау. Оқушылар мақаланы жиі оқымайтындықтан, оқу бағдарламасы талқылауға ұсынған лексикалық тақырып аясында сөздік қордың жеткіліксіздігі де белгілі бір жанр мен стильге сай жазуда өз ойын толық жеткізуге кедергі келтіретіні әріптестер тарапынан талқыланды. Қалыптасқан жағдайды қалай өзгертуге болады? Сынып көрсеткішінің ілгерілеуінде қандай кедергілер бар? Зерттеу тобында өзара сабаққа қатысып, әдіс-тәсілдеріміз қаншалықты туындаған мәселені шешуге ықпал ететінін талдадық.

Білім сапасына қатысты туындап отырған мәселе жазылым, соның ішінде мақала, сыни мақала жазу болғандықтан, оны жақсарту үшін оқылым стратегияларын жалпылама қолдану тиімсіз. Сол себепті оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттыруға ықпал ететін стратегияларды саралап, зерттеп оқу стратегиясын іріктедік.

Бірқатар әдебиеттерге шолу жасағаннан кейін, “Оқушылардың сыни мақала жазу дағдыларын зерттеп оқу арқылы дамыту” тақырыбы бойынша зерттеуге мақсат қойып, оның өзектілігін айқындайтын критерийлерді талқыладық. Таңдалған стратегияның ықпалдылығына қатысты алдымызға сұрақ қойдық. Осы сұрақ арқылы зерттеу нәтижесіне болжам жасап, күтілетін нәтижені анықтап, іс-әрекетті зерттеу жұмысын бастадық.

Талықалй келе зерттеу жұмысымыздың мақсаты – оқушылардың бойында зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру, сыни мақала жазу дағдысын жетілдіру болды.

Оқушылардың зерттеп оқу дағдысын дамыта отырып, зерттеушілік қабілетін қалыптастыру маңызды. Заман талабына сай сыни мақала жазудың талаптарын білу өзекті, өйткені сын дегенді қоғам басқа қырынан түсініп, сыни мақала құндылығын, жанрлық ерекшелігін жоғалтуда, сол себепті оқушыларда сыни мақаланың жанры мен стильдік ерекшеліктерін зерттеп, оны жаза білу қажеттілігі туындап отыр.

Іс-әрекетті зерттеудің негізгі мақсаты білімді жаңадан жасаудан гөрі практиканы жақсарту болып табылады. Білімді жасау және қолдану осы негізгі мақсатқа бағынады және байланысты болады. Оқушылардың зерттеушілік қабілетін қандай әдістер арқылы дамытуға болады? Зерттеп оқу сыни мақала жазу дағдысын қалыптастырудың оңтайлы әдісі болып табыла ма? Осы сұрақтардың негізінде зерттеуге болжам жасалды. Демек, жұмыс барысында оқушылардың

- зерттеушілік қабілеттері дамиды;
- жазылым дағдысы жетіледі;
- сыни ойлау дағдылары дамиды;
- қазақ және басқа тілдерде жазылған мақалаларды оқуға қызығушылық танытады;
- қазақ тіліндегі мақала түрлерін зерттейді;
- сыни мақала жазудың стильдік және жанрлық ерекшеліктерін зерттейді.

Әрдайым ізденісте болған мұғалім педагогикалық шеберліктің, кәсіпқойлықтың жоғары деңгейіне тезірек жетеді. Шығармашылық пен зерттеу біртұтас. Шығармашылық іс-әрекет әрқашан зерттеу іс-әрекетіне өтеді. Мұғалім шығармашылық жұмысының нәтижелері туралы объективті мағлұмат алуға мүмкіндік беретін өзінің тәжірибесін қорыту үшін, әріптестерінің тәжірибесін немесе жаңа технологияларды ендіру үшін шешім қабылдағанда ғана іске асады.

Нәтижелер. Сабақ жоспарын қазақ тілін бірінші тіл ретінде оқытуға арналған оқу бағдарламасының талаптарына сай және оқушылардың қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, сабақ құрылымын толық сақтап, пәнаралық байланысты “Құқық негіздері” және географиямен байланыстыруға негіздеп құрастырылды. Сабақтың басында “Ми шабуылы” әдісі оқушыларды ойлануға, сұраққа жауап беріп, сабақ тақырыбын болжауға жетелейді. Сабақ мақсаты талқыланып, бағалау критерийлерін бірлесіп құрастыру жоспарланды. Оқылымалды тапсырмасына ұсынылған “Түртіп алу” әдісінде оқушылар берілген сұрақтардағы тірек сөздерді анықтап, түсінік береді. “Зерделе”, “Боялған сұрақтар” әдісі бойынша орындалатын оқылымға арналған тапсырмалар легі оқушыны өз бетінше ізденіп, зерттеушілікке тартуға қолайлы жағдай туғызады. Мәтінсоңы тапсырмасы оқушының жазылым және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ұсынылған оқыту әдістері жаңа материалды түсіндіруге, бекітуге, жаттықтыруға, өзіндік жұмысты орындауға байланысты жоспарланған. Тапсырмаларға сай құрастырылған бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге жетелейді. Сабақта атқарылған іс-әрекеттің нәтижесі бойынша оқушы рефлексиясы мен оған берілетін мұғалім кері байланысы оқушы қажеттілігіне қарай келесі сабақтың жоспарлануына ықпал етуімен тиімді.

Сабақтың мақсаты талданып, бағалау критерийлері оқушылармен бірлесе құрастырылды. Сабақ тақырыбын басқа пән тақырыптарымен байланыстыру оқушылардың академиялық терминалогиялармен жұмыс жасауына, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. АКТ-ны қолданып жүргізген топтық жұмыс оқу мақсатына жетуде ұсынылған сұраққа қатысты өз бетінше әртүрлі ресурс көздерінен мақалалар тауып, мәтіннің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату сияқты зерттеп оқудың түрлерінің қарапайымнан күрделіге қарай жүргізілуі оқушыларды мәтінді сан қырынан талдауға жетеледі. Сұрақтар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігін ескере құрастырылғандықтан, белсенді орындалды. Мәтіндердің стилі мен жанрлық ерекшеліктерін, құрылымдық, композициялық компоненттерін зерттеп, оларды тілдік құралдар, конструкциялар мен көркемдік ерекшеліктері арқылы тану жұмысы ұтымды болды. Соның ішінде жеке орындаған сыни мақала тезисін құрастыру жұмысы оқушылардың алынған ақпаратты орынды қолдану және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету жұмыстың артықшылығы болды. Сонымен қатар зерттеу нысанына алынған тапсырмалардың ауқымды екенін орындалу барысында байқалды, сондықтан оның мазмұнын жоғалтпай барынша ықшамдап, оқушылардың қабілетіне қарай дифференциациялап өзгерту тиімдірек.

Тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар мәтіннің стильдік, жанрлық, құрылымдық ерекшеліктерін талдауды жетік меңгерді. Алдымен оқушылар сыныппен сұраққа жауап беріп, содан кейін сұрақ бойынша топта әртүрлі ресурс көздерінен мақала іздеп тауып, зерттеп, кесте толтырып, сыни мақала жазу бойынша шағын нұсқаулық құрастырып шықты. Топтағы нәтижелі жұмыс тізбектелген критерийге сәйкес топта жүзеге асырылды, топтардың бір-біріне кері байланыс беруі жеңіл болды. Әділ баға берулері туралы алдын-ала ескертілгендіктен, бағалауда бірін-бірі қайталамай, талдаудағы кемшін және жетілдіруді қажет ететін, сонымен қатар топтық жұмыстың толыққанды жүзеге асқандығы туралы айтып, ұсыныстарын білдіре отырып бағалады. Жеке орындалған мәтін соңы тапсырмасы, бірнеше оқушы тарапынан сыныпқа таныстырылып, бағалау критерийіне сәйкес жасалған өздік бағалау ұтымды болды. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу мен зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталған тапсырмаларды бағалауы сәтті шықты деуге болады.

Зерттеп оқуды қолдану арқылы сыни мақала жазуға бағытталған сабақ жоспары сыныптың ерекшелігін ескере отырып жоспарланғандығы көрініс тапты. Сабақтың басында ұсынылған сұрақтар оқушылардың ізденуіне, қосымша ресурс көздерінен сұрақтарға қатысты ақпараттарды оқып, зерттеп, оны қолдануына бағытталды. Сабақта зерттеп оқуды қолдану оқушылардың өздігінен білім алуына, көтерілген мәселені өз бетінше тануына, талдауына мүмкіндік берілді. Зерттеп оқу стратегиясы әртүрлі мақала мәтіндерінде қолданылған тілдік құрылымдар мен терминология, көркемдегіш құралдарды талдауды жүзеге асыруда ұтымды қолданылды. Топтық жұмыста оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттыруға бағытталған әдістер кеңінен қолданыс тапты.

Зерттеп оқу стратегиясы стильдік ерекшелігі айқын жазылым тапсырмасын жүзеге асыруда ұтымды қолданылса, оқушының сыныптан тыс өз бетінше сыни мақала жазу дағдысын дамытуға көмектеседі. Зерттелген сұрақ бойынша сыни мақала тезисін жазу болашақта сол тақырып аясында ауқымды мақала жазуға мұрындық болары сөзсіз. Атап айтқанда, оқушылар сыни ойлауын жетілдірді; оқушылар өздігінен түрлі мәселелерге қатысты сыни мақала жазу дағдысын игерді; сыни мақала жазу талаптары мен құрылысын, алгоритмін меңгерді.

Қорытынды. Іс-әрекетті зерттеу туындаған қиындықтарды шешуге, мәселеге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдерін құрастырып, жинақтауға үйретеді. Зерттеу тобына қатысқан мұғалімдер іс-әрекетті зерттеудің маңыздылығын түсінеді, себебі сабақтағы іс-әрекет пен туындаған мәселені кеңінен талқылап, ортақ идеяларды ортаға салып, пікір білдіріп, нені қалай жетілдіруге болатынын талқыланады. Әріптестік қарым-қатынас, сенім мен қамқорлық, бір сөзбен айтқанда қауымдастық пайда болды. Action Research – іс-әрекетті зерттеу нәтижесінде оқушылардың оқуына, өз бетінше ізденіп, зерттеу жасап, зерттеушілік дағдыларының қалыптасуына қолайлы орта қалыптастыру үшін әлемдік білім беру жүйесіндегі іс-әрекетті зерттеу еңбектері мен кәсіби даму тақырыбы бойынша қажетті әдістемелік әдебиеттерге шолу жасап, өз іс-тәжірибемізге өзгерістер енгізуде оң ықпалын тигізетініне көз жеткіздік.

Зерттеу тақырыбы оқушылардың қажеттілігіне қарай бейімделіп отырғандықтан, оқушы мұғалімнің өз үніне құлақ асып, қажет жағдайда көмек қолын созуға дайын досы екенін сезінді. Оқушылардың басым көпшілігі мақала оқуды ұнатпайтындықтан, зерттеп оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жинақтап, солармен жұмыс жасау оң нәтижесін берді.

Зерттеп оқудың оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту мен сыни мақала жазу дағдысын қалыптастырудың оңтайлы әдісі екенін көруге болады. Зерттеп оқуды қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік, сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дами түседі. Оқушылар сабақ барысында мақала түрлерін зерттеді, соның ішінде сыни мақаланың құрылымдық, тілдік ерекшеліктері мен жазылу алгоритмін талдап, талқылады. Сыни мақала жазу үшін оқушылар ең алдымен тыңдалым, оқылым мәтіндерін жан-жақты зерттеп, талдау жүргізді, мәтіннің стильдік, жанрлық ерекшеліктеріне назар аударды. Оқушылардың сыни мақала жазуда асыруға тиісті әрекеттерінің барлығы зерттеу сабағының жоспарына енгізіліп, сабақта жүзеге асырылды.

Іс-әрекеттегі зерттеу - өзіндік рефлексияға негізделген, мұғалімнің сыныптағы өз тәжірибесін зерттеуге арналған қызметі екенін көріп отырмыз. Педагогикалық тәжірибеде үнемі зерттеу жүргізу оқу үдерісінде үнемі туындайтын, әртүрлі дәрежедегі қиындықтардың шешімін қарастырып, шығармашылық тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. “Назарбаев Зияткерлік мектептері” ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018-5.

2 Қабатай Б.Т. Болашақ филолог мамандарды “Қазақ әдебиеті” пәні бойынша жаңа талаптарға дайындау мәселесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті “Хабаршы» журналы, “Филология ғылымдары” сериясы, №1(71), 2020, 493-497 б.б.

3 Поисковое чтение. https://methodological_terms.academic.ru/1382/https://dic.academic.ru/ Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам)

4 Кузнецова Виктория Алексеевна. Поисковое чтение. <https://multiurok.ru/files/poiskovoie-chtieniie.html>

5 Классификация видов чтения. https://m.studme.org/167156/pedagogika/klassifikatsiya_vidov_chteniya

6 Потапова Светлана Геннадьевна “Эффективные стратегии работы с текстом на уроке в школе” <https://www.eduneo.ru/effektivnye-strategii-raboty-s-tekstom-na-uroke-v-shkole/>

7 Винсент Р. Руггiero (Vincent R. Ruggiero) “Стратегии критического чтения” http://www.elitarium.ru/strategii_kriticheskogo_chtenija/

8 Акбота Жайсанбаева Семей қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі “Оқылым стратегияларын тиімді қолдану арқылы оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау дағдысын дамыту” Нұр-Сұлтан, 2019 ж.

МРНТИ 16.21.21

Кажигалиева Г.,¹ Алекешова Л.,² Кайрлиева Н.³

^{1,3} *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

² *Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан,*

КУЛЬТУРОВЕДЧЕСКИЙ АСПЕКТ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы современной лингводидактики, где придается важное значение культуроведческому компоненту содержания обучения. Развитие общества характеризуется возрастающим интересом к развитию национальных языков и культур. В независимых государствах СНГ особую роль в процессах развития языков и культур играет функционирование русского языка, который в силу объективных исторических, социальных и лингвистических факторов продолжает выполнять роль средства межнационального общения народов, населяющих эти государства. Учет родной культуры при обучении русскому языку – предмет большого внимания и растущего интереса исследователей. Межъязыковой диалог как один из путей повышения эффективности преподавания русского языка, как средство сближения различных национальных сознаний может полноценно развиваться только при комплексном использовании данных разных наук.

Ключевые слова: культуроведческий компонент, этнокультуроведение, лингвострановедение

Кажигалиева Г.,¹ Алексшова Л.,² Кайрлиева Н.³

^{1,3} Абай атыдағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

² Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университет,
Атырау, Қазақстан

ЖОО-ДАҒЫ ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТАНУ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа

Мақалада оқыту мазмұнының мәдениеттану компонентіне маңызды мән беретін қазіргі лингводидактика мәселелері қарастырылады. Қоғамның жетістіктерінің бірі тілдер мен мәдениеттердің дамуына қызығушылықтың артуымен сипатталады. ТМД-ның тәуелсіз мемлекеттерінде тілдер мен мәдениеттерді дамыту процестерінде орыс тілінің қолданылуы ерекше рөл атқарады, ол объективті тарихи, әлеуметтік және лингвистикалық факторлар негізінде осы мемлекеттерді мекендейтін халықтардың ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде жалғаса беруі маңызды. Орыс тілін оқытуда ел мәдениетін есепке алу - зерттеушілердің басты назары мен қызығушылықтарының мәні. Тілдераралық қарым-қатынас - орыс тілін оқыту тиімділігін арттырудың бір жолы ретінде, әр түрлі ұлттық сананы жақындастырудың құралы ретінде түрлі ғылымдарды кешенді пайдаланғанда ғана толыққанды дамиды.

Түйін сөздер: мәдениеттану компоненті, этномәдениеттану, этномәдениеттанудағы лингвоелтану, мәдениеттану

Kazhigaliyeva G.,¹ Alekeshova L.,² Kairliyeva N.³

^{1,3} *Kazakh National pedagogical university named after Abay,*
Almaty, Kazakhstan

² *Kh. Dosmukhamedov Atyrau state university,*
Atyrau, Kazakhstan

CULTURAL ASPECT IN TEACHING THE RUSSIAN LANGUAGE IN THE UNIVERSITY

Abstract

The article discusses the problems of modern linguodidactics, which attaches great importance to the cultural component of the content of education. The development of society is characterized by an increasing interest in the development of national languages and cultures. In the independent states of the CIS, a special role in the development of languages and cultures is played by the functioning of the Russian language, which, due to objective historical, social and linguistic factors, continues to play the role of means of interethnic communication among the peoples inhabiting these states. Accounting for native culture in teaching Russian is a subject of great attention and growing interest of researchers. Interlingual dialogue as one of the ways to improve the efficiency of teaching Russian language, as a means of bringing together different national minds can fully develop only with the integrated use of data from different sciences.

Keywords: cultural component, ethnocultural studies, linguistic and cultural studies, cultural studies

Введение. Важнейшее условие языкового и культурного развития – это беспрепятственный диалог языков и культур. Изучение языков должно сопровождаться созданием общекультурного фундамента. Диалог культур, предполагающий “слышание как неперемное условие диалога, может способствовать формированию углубленного взгляда на человека как на единство индивидуальности и всемирности, судьбы всего человечества есть моя судьба, я в ней, и она во мне. Я живу в прошлом и будущем истории моего народа, истории человечества и истории мира” [1.,56].

В любом человеческом общении большое значение придается умению ориентироваться на собеседника, учитывая его интересы и его реакцию, устанавливая с ним правильный контакт в данной ситуации. Достижению этой цели в немалой степени способствует взаимосвязанное изучение языков и культур.

Сегодня перед педагогической наукой стоит задача повышения социолингвистической грамотности студентов, так как, не зная языковой ситуации в стране, соотношения национальных

языков и культур, трудно быть квалифицированным словесником, цель которого – не только дать знания по языкам, но и сформировать у студентов интерес и уважение к другим народам.

Язык впитывает и хранит ценности национальной культуры, отражает своеобразие природы страны, ее историю, особенности ее общественно-экономического развития, коллективный опыт народа. По словам К.Д. Ушинского, “в языке одухотворяется весь народ и вся родина” [2.,81].

Не освоив особых, языковых форм выражения национальной культуры, нельзя изучить язык в полной мере. Незнание этих особенностей затрудняет общение, снижает уровень понимания художественного текста.

Развитие общества характеризуется возрастающим интересом к развитию национальных языков и культур. В независимых государствах СНГ особую роль в процессах развития языков и культур играет функционирование русского языка, который в силу объективных исторических, социальных и лингвистических факторов продолжает выполнять роль средства межнационального общения народов, населяющих эти государства.

Методология. В связи с вышеизложенным в современной лингводидактике придается важное значение культуроведческому компоненту содержания обучения. В современных лингводидактических исследованиях все больше внимание уделяется работе над материалом с ярко выраженным экстралингвистическим планом. Этот аспект изучения русского языка получил в настоящее время несколько названий: в обучении русскому языку, к примеру, иностранцев используется термин *лингвострановедение*, в сфере русского языка как неродного – *этнокультуроведение*, *культуроведение* и др. Но называя этот аспект по-разному, исследователи имеют в виду, то общее, что выделяет особое направление методики обучения русскому языку: “через посредство русского языка и в процессе его изучения” [3.,136] осуществляется знакомство с основами культуры русского языка. Нам представляется более приемлемым термин *этнокультуроведение*, введенный Л.А. Шейманом [4.,26]. Суть же понятия – “освоение культуры народа через язык” - этнокультуроведение раскрывает достаточно полно.

Углубленное знакомство с культурой народа всегда делает ее понятнее, ближе, способствует выработке правильного отношения к ней и языку, ее обслуживающему. С другой стороны, работа с этнокультурным материалом изучаемого языка непременно сопровождается обращением к соответствующим формам выражения языка родного, к постоянному их сопоставлению, что ведет к более вдумчивому, осмысленному постижению родного языка и родной культуры. Культуроведческая направленность преподавания способствует и развитию познавательной деятельности студентов, воспитывает интерес к языку как учебному предмету, а это, в свою очередь, обуславливает его глубокое и прочное усвоение.

Что же конкретно подразумевается под понятием этнокультуроведческий материал? Им объединяются в одну группу языковые единицы, обладающие наибольшим культурным потенциалом: безэквивалентные и коннотативные слова, фразеология и афористика русского языка.

Безэквивалентной считается лексика, обозначающая различные реалии быта, духовной жизни народа, свойственные собственной культуре и нехарактерные для культуры, соответствующей изучаемому языку. Определяющей чертой безэквивалентных слов является невозможность семантизировать их при помощи однословного эквивалента: здесь необходимо или пространное толкование, или дополнительный комментарий.

Результаты. Относительно казахского языка безэквивалентными будут слова, обозначающие предметы и явления традиционного русского быта (*лучина*, *лукошко* и т.д.), общественно-историческая лексика (*городовой*, *стольник*), лексика, отражающая социально-семейные отношения (*сват*, *деверь*), фольклоризмы и традиционная метафористическая лексика (*былина*, *душа-девица*), слова, связанные с религиозными и мифологическими представлениями (*икона*, *леший*), а также антропонимы, зоонимы, топонимы, вызывающие у русских определенные ассоциации. Безэквивалентные слова, не обладая большой частотностью, тем не менее, достаточно широко употребляются в учебных текстах, а в изучаемых произведениях русской классики им, в силу их образного потенциала, принадлежит важная роль в решении идейно-художественных задач.

В настоящее время совершенно очевидна значимость указанной проблемы. Но если в преподавании русского языка иностранцам лингвострановедческие методы и приемы уже находят практическое применение, то в национальной школе работа по этнокультуроведению только начата. Методика русского языка как неродного уже располагает исследованиями в этой области Л.А.

Шеймана, Р.А. Абузярова, Р.Х. Латыпова, И.Б. Веденева, чьи труды подтверждают необходимость дальнейшей разработки методики этнокультуроведческого изучения русского языка.

Так, каждая национальная литература имеет свои образы–символы. Так, для русских это – “*чета белеющих берез*”, *разливы рек, Волга–матушка, тройка, колокольчик, грачи*. Для русского человека слово *грач* имеет определенное значение: олицетворяет приближающуюся весну, ее предчувствие, ожидание. Именно таким увидел национальный пейзаж, национальный символ весны художник А.С. Саврасов “Грачи прилетели”. Довольно частое обращение к грачам находим мы и в художественной литературе. Вот стихотворение И.А. Бунина:

*Бушует полная вода,
Шумит и глухо, и протяжно.
Грачей пролетные стада
Кричат и весело, и важно.*

Литераторы обращаются к одним и тем же образам–символам. Это происходит потому, что творчество каждого писателя питается и обуславливается традицией, художественными достижениями прошлого.

Для творчества же казахского народа характерны образные ассоциации, вызываемые словами: *конь, степь, верблюд, сокол, луна* и др. Интересно стихотворение казахского поэта И. Мамбетова:

*То в ковыльных снегах,
то в цветах, словно в просини,
колышется степь,
словно рыжий верблюд.*

Обсуждение. Любая личность является носителем национальной культуры и национального самосознания, которые наиболее ярко проявляются в межнациональном общении. При восприятии этнокультуроведческого материала студенты национальных групп могут испытывать затруднения, поскольку в их сознании не сформированы соответствующие ассоциации на слова, обозначающие реалии культуры русского народа.

В связи с тем, что в разных языках существует свое отношение к предметам, явлениям действительности, различаются и переносные значения слов. Так, в казахском языке в качестве ласкательных имен существительных по отношению к ребенку, девушке используются *кулынишак, козы, бота*, что часто находит отражение в именах собственных (*Ботагоз*) или ласковых обращениях. В русском языке сравнения с жеребенком, верблюжонком, ягненком не употребительны, о ребенке чаще говорят: *воробушек, зайчик, рыбка, котик*.

Национальное, особенное есть у каждого народа. Но это скорее лишь некоторые акценты, а не качества, отсутствующие у других: “Народы – это не окруженные стенами сообщества, а гармонично согласованные между собой ассоциации. Национальные черты существуют не в себе и для себя, а для других. Они выясняются только при взгляде со стороны и в сравнении”[5., 37]. Познание национальной культуры народа служит взаимопониманию, истинному сближению наций, их взаимообогащению, при котором обязательно сохранится индивидуальность каждой из них.

Межъязыковой диалог как один из путей повышения эффективности преподавания русского языка, как средство сближения различных национальных сознаний может полноценно развиваться только при комплексном использовании данных разных наук.

Заключение. Учет родной культуры при обучении русскому языку – предмет большого внимания и растущего интереса исследователей. Однако сложность реализации этой программы состоит, на наш взгляд, в том, чтобы: во-первых, найти оптимальное соотношение между материалом по русской и родной для студентов культуре; во-вторых, выработать методику, при которой сведения о национальной культуре вводились бы в учебный процесс органично, становясь необходимым дополнительным средством для более глубокого освещения реалии русской культуры и их адекватного понимания студентами-казахами, в итоге для более эффективного освоения ими изучаемого (русского) языка. Введение материала по родной культуре должно способствовать также расширению кругозора и знаний учащихся в своей стране, повышению мотивации обучения. При формировании и коррекции коммуникативной компетенции преподавателя–филолога необходимо учитывать своеобразие тех социокультурных и языковых обстоятельств, в которых ведется обучение русскому языку. Учебный процесс должен протекать в условиях культурно-языкового контакта, изучаемого русского и родного языка студента и представлять собой целенаправленную регламентированную форму осуществления такого контакта.

Список использованной литературы:

- 1 Абузяров Р.А. Краеведение и лингвострановедение как источник дидактического материала для работы по развитию речи учащихся казахов. Алма-Ата., 1980.- С. 56
- 2 Ушинский К.Д. Избр. Педагогические произведения. – М., 1945. - С.81
- 3 Бердяев Н. Судьба России. – М., 1990. - С. 136,
- 4 Шейман Л.А. Основы методики преподавания русской литературы в киргизской школе. Фрунзе, 2001. - С. 26
- 5 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М., Изд. 4, 2014, С.37.
6. Культурологический аспект в преподавании русского языка как иностранного// Культурология, филология, искусствоведение: актуальные проблемы современной науки: сб. ст. по матер. XII-XIII междунар. науч.-практ. конф. № 7-8(10). – Новосибирск: СибАК, 2018. – С. 37-40.

МРНТИ 16.21.21

Дуйсенова К.,¹ Тұрғынов Е.²

¹ Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

² Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Еуразия ғылыми-зерттеу институты
Алматы, Қазақстан

**СИНТАКСИСТІ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР**

Аңдатпа

Бұл мақалада синтаксисті семантикалық тұрғыдан оқытуда қолданылатын лингвистикалық әдістер талқыланған. Сөз тіркесі синтаксисін семантикалық тұрғыдан оқытуда проф. Н.Құрманованың сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясында қарастырған лингвистикалық әдістері басшылыққа алынды. Мақалада «Сөз тіркесі синтаксисін оқытуда қандай әдістер тиімді?» деген сұрақтың төңірегінде жүйелік-құрылымдық талдау, модельдеу, синтагмалық талдау, валенттілік талдау, оппозициялық талдау, лингвистикалық эксперимент, грамматикалық талдау және кубизм әдістері қарастырылған. Әдістің оқу процесінде қолданысы да мысалдармен нақталған. Әдіс – оқыту нысанын жан-жақты ашып білу, заңдылықтарын айқындауда қолданылатын амал-тәсілдер.

Сөздердің байланысу тәсілдері сөздердің байланысу формаларын жасайды. Сөздер байланысқа орын тәртібі, жалғау, шылау, ұласпалы интонация тәсілдері арқылы түсетіні белгілі. Осы тәсілдер парадигма құрай келе, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен байланыс жасаудағы қызмет мүмкіндіктері анықталды. Сөзге көбіне статикалық күй, ал сөз тіркесіне динамикалық күй тән болғандықтан сөз тіркесі жаңа деңгейдегі мағынаға ие болады.

Түйін сөздер: қазақ тілін оқыту әдістемесі, сөз тіркесі, семантика, әдіс

Duisenova K.,¹ Turgunov Ye. ²

¹ Caspian State University of Technology and Engineering named Sh. Yessenov,
Aktau, Kazakhstan

² Junior Research Fellow Eurasian Research Institute
at the International Kazakh-Turkish University named after K.A. Yasawi,
Almaty, Kazakhstan

LINGUISTIC METHODS USED IN SEMANTIC TEACHING SYNTACIS

Abstract

This article was discussed thethe linguistic methods used in semantic syntax training. In a semantic study of the syntax of the word prof. N. Kurmanova was guided by linguistic methods, taken into account in

the technology of teaching phrase development. The article analyzes the question “What methods are effective in teaching the syntax of phrases?” and teaching collocation syntax by methods of system-structural analysis, modeling, syntagmatic analysis, valence analysis, opposition analysis, linguistic experiment, grammar analysis and cubism.

Connecting word methods create forms of connecting words. It is known that words come into contact through the order of the place, conjugation, exclamation, intonation. These approaches form a paradigm, each of which has its own characteristics and communication capabilities. Because the word is often static and the phrase dynamic, the phrase takes on a new level of meaning.

Keywords: methodology of teaching the Kazakh language, phrases, semantics, method

Дуйсенова К.,¹ Тургунов Е.²

¹Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
г.Ақтау, Казахстан

²Евразийского научно-исследовательского институт
Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясауи
г.Алматы, Казахстан

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В СЕМАНТИЧЕСКОМ ОБУЧЕНИИ СИНТАКСИСУ

Аннотация

В этой статье рассматриваются лингвистические методы, используемые в семантическом обучении синтаксису. В семантическом исследовании синтаксиса слова проф. Н. Курманова руководствовались лингвистическими методами, учтенными в технологии обучения разработке фраз. В статье проанализировано вопрос «Какие методы эффективны при обучении синтаксису словосочетаний?» и обучения синтаксису словосочетания методами системно-структурного анализа, моделирования, синтагматического анализа, валентного анализа, оппозиционного анализа, лингвистического эксперимента, грамматического анализа и кубизма. Также иллюстрируется примерами использование метода в учебном процессе. Метод – это всестороннее понимание формы обучения, способов, используемых для определения закономерностей.

Способы соединяющих слов создают формы соединяющих слов. Известно, что слова вступают в контакт посредством порядка места, спряжения, восклицания, интонации. Эти подходы образуют парадигму, каждый из которых имеет свои особенности и возможности общения. Поскольку слово часто статично, а фраза динамична, фраза приобретает новый уровень значения.

Ключевые слова: методика преподавания казахского языка, словосочетания, семантика, метод.

Кіріспе. Қазақ тілінің синтаксисін тілдік тұрғыдан игерту – білім алушының білім, білік, дағдысын өзара бірлікте қалыптастырудың алғышарты. Синтаксисті семантикалық тұрғыдан оқыту логикалық жүйелілікпен дамып отыратын білім мазмұнынан тұратын, жаттығу мен тапсырма түрлеріне негізделген біртұтас әдістемелік жүйе түрінде жүзеге асырылуы тиіс. Қазіргі тіл біліміндегідей тек сөйлемдерді ғана семантикалық тұрғыдан оқыту жеткіліксіз. Сөздердің семантикалық байланысын білім алушыға меңгерту олардың қазақша сауатты сөйлеу және жазу дағдысын қалыптастырады. Сондықтан аналитикалық және синтетикалық жолмен жасалған сөз тіркестерінің семантикалық топтарын анықтап, оны тиімді меңгерудің әдіс-тәсілдерін ұсыну басты назарға алынды.

Әдістеме. Қазақ тілінің синтаксисін оқытудың негізгі мақсаты – грамматиканың көлемді құраушы бөлігі екендігін атап өтумен қатар, халықтың дүниетанымымен тығыз байланыста, сөздің мағынаны таңбалаушы қызметімен қоса меңгерту. Синтаксис пен семантиканы тығыз байланыста оқытуда бізге лингвистикалық әдістер көмекке келеді. Әдіс (тура мағынасы – «жол») – филологиялық ұғым, ол – шындық өмірге жол ашу тәсілі, табиғат пен қоғам құбылыстарын зерттеу тәсілі. Белгілі бір зерттеу әдістерінің жиынтығы сол ғылымның әдістемесі деп аталады. Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда «әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе, әдістің жақсы, жаман болғаны жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» анықталады.

Синтаксисті семантикалық тұрғыдан оқытуды зерттеу барысында теориялық-әдістемелік негізі ретінде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» теориясының қағидалары басшылыққа алынды. Алаш

арыстары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т. Қордабаев, М. Балақаевтан бастап бүгінгі таңдағы әдіскер-ғалымдардың еңбектері, 1936 жылдан бастап жарық көрген оқу бағдарламалары қарастырылды. Қазақ тілі сабағында сөз тіркесі синтаксисін оқытуға байланыста тіл білімінде көлемді еңбектер жарық көрді. Сөз тіркесі мен оған ұқсас тілдік бірліктерді ажырату жолдары да нақтыланды. Қазіргі таңда сөз тіркесі синтаксисін оқыту бойынша оның семантикамен тығыз байланыста қарастыру өзекті болып отыр. Сөз тіркесін семантикалық тұрғыдан оқытуда проф. Н.Құрманованың сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясында қарастырған лингвистикалық әдістері басшылыққа алынды: 1. Жүйелік-құрылымдық талдау; 2. Модельдеу; 3. Синтагмалық талдау; 4. Валенттілік талдау; 5. Оппозициялық талдау; 6. Компоненттік талдау; 7. Лингвистикалық эксперимент; 8. Ассоциациялық әдіс; 9. Функционалдық әдіс; 10. Тілдік бақылаулар жүргізу; 11. Коммуникативтік аспектіден талдаулар жүргізу[1].

Нәтижелер. Егер қазақ тілінің сөз тіркесі синтаксисін меңгертуде семантикалық тұрғыдан оқыту басты назарда болса, берілетін білім мазмұны өзара логикалық байланыста, сатылай берілсе; білім алушыға синтаксисті меңгерту ұтымды әдістер мен ұстанымдар негізінде жүргізілсе; жаттығу мен тапсырма түрлерін бір-бірімен үйлестіре, сабақтастыра қолданылса; білім беру нәтижесі білім алушының синтаксис туралы білімін толықтыруға бағытталса, онда қазақ тілін меңгерудің нәтижелілігі мен тиімділігі арта түседі. Өйткені білім алушының синтаксис туралы білімін тереңдету интеллектуалды әлеуеті жоғары, сөздің мағынасын жете түсінген тұлғаны қалыптастыруға жол ашады. Сөйлем құрылысындағы сауаттылыққа да ықпал етеді.

Синтаксисті семантикалық тұрғыдан оқытуда қолданылатын лингвистикалық әдістердің тиімділігі бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Қазақ тілі сабағында синтаксистік бірліктерді оқытуда ең алдымен семантикалық жақтан мән бере отырып меңгерту арқылы берілетін білім мазмұнын тереңдетіп, пәнге деген қызуығушылығын арттыруға, шығармашылық ізденіс, қиялдың жүзеге асуына мүмкіндік туады. Өйткені пән мақсатымен ұштастырылған әдістер арқылы ұйымдастырылған оқу тапсырмалары білім алушылардың дара тұлғалық қасиеттері мен топтық, ұжымдық іс-әрекеттерін қатар жетілдірудің басты құралы болып табылады.

2. Сөз мағынасы мен оның тіркесімділігі арасындағы өзара қарым-қатынас, байланыс – тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірі. Кез келген толық мағыналы екі сөз бір-бірімен тіркесуі үшін олардың арасында грамматикалық сәйкестікпен бірге семантикалық байланыстың да болуы қажет. Сөз жеке, дербес өмір сүрмейді. Сөз тіркесі де тіркесімділік заңдылығына бағынады. Оны құрайтын сыңарлар мағына жағынан да, тұлғалық жақтан үйлесіп тіркеседі. Сөз тіркесінің негізгі белгілері:

- Сөз тіркесінің құрамында кемінде екі толық мағыналы екі сөздің болуы;

- Ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса байланысуы;

- Тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалыуы.

Еркін тіркес, тұрақты тіркес, атаулық тіркес, шектеулі тіркес, түйдекті тіркес т.б. жоғарыда аталған шарттарға жауап бере алмағандықтан сөз тіркесі бола алмай, тек оның бір ғана сыңары қызметін атқара алады.

3. Қазақ тілі сабағы білім алушы үшін тек грамматикалық ережелер жаттайтын, қызықсыз жаттығуларды құлықсыз орындайтын пән қатарынан шығып, оның ой-өрісін өсіріп, тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымының көзі екендігін сезінуге түрткі болады. Жалпы, адамзат жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгертуге болатынын және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізді.

4. Бұрын-соңды көп қарастырылмаған қазіргі тіл білімінің жаңа әдіс-тәсілдері негізінде синтаксистік-семантикалық талдаудың үлгілері берілді. Оларды сабақ барысында грамматикалық жұмыстармен қатар алып жүруге болатындығы дәлелденді. Сөз тіркесі синтаксисін семантикалық тұрғыдан оқытуда ұтымды қолдануға болатын жоғарыда көрсетілген әдістерді нақты талдау жұмыстарымен көрсетуге болады.

Талқылау. Жүйелік-құрылымдық талдау. Фердинанд де Соссюрдің «Тіл-жүйелердің жүйесі» деген пікіріне сай, білім алушы сөз тіркесі синтаксисі қазақ тілі синтаксисінің құраушысы болып отырғанын түсінуі керек. Сөз тіркесінің қай моделін алып қарастырса да, білім алушы «компоненттері қай сөз табынан жасалғанын анықтаудан» бастап, оған ілестіре сол сөздер қандай байланыс негізінде жаңа деңгейдегі жүйені яғни сөз тіркесін құрап тұрғанын анықтауға кіріседі. Мысалы, *Жанның құмары – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Тәттің құмары – ішсем*


екен, жесем екен, ұйықтасам екен деген. (Абай) Осы екі сөйлемдегі сөз тіркестерін талдау жолдарын қарастырайық:

- Білім алушы бұл сөйлемнен *жанның құмары, тәннің құмары* деген сөз тіркестерін тауып алады.
- Енді олардың қандай байланыс тәсілі арқылы жасалғанын анықтайды.
- Ол тәсіл арқылы сөздер байланыстың қандай түріне негізделіп тұрғанын анықтайды.
- Сөз тіркесінің қандай түрі екендігін анықтайды.
- Сөз тіркесінің қандай мағынасын білдіріп тұрғанын анықтайды.
- Одан соң осыларды қосып, сөйлем құрау тапсырылуы мүмкін.

Бұлардың барлығы – эмперикалық деңгейде орындалатын жұмыстар. Осы талдауды ары қарай дамытып, сөз тіркесінің семантикасын түсіндіруге негіздесек, мынадай талдау үлгісі шығады:

- Берілген сөз тіркесінің сөйлемдегі қызметі анықталады.
- Басыңқы сөздің қай сөз табынан жасалып тұрғандығы сөз тіркесінің мағынасына да әсерін тигізетіні анықталады (анықтауыштық қатынас);
- Екі компоненттің өзгеріске түсу потенциалы анықталады;
- Сыртқы белгілерінің оппозициялық талдау арқылы матасудың ішкі ерекшеліктеріне байланысты өзгертіндігі анықталады (жанның құмары – жан құмары, тәннің құмары – тән құмары.)
- Бұл синтагмалық тізбектің сөйлеу мақсатына сай іріктелетіндігі, сол арқылы сөйлеуші сөйлеу мақсатына жететіндігі сөз таңдаудағы парадигманың функциясына талдау жасату арқылы анықталады (жанның, тәннің құмары – жанның, тәннің қуаты, нәрі; жанның, тәннің құмары – құмар ойындар, құмары қану, құмары тарқау т.б.)
- Меншіктілікті білдіретін мағынаның басқа формамен келу мүмкіндігі анықталады;
- Сөйлемнен осы тіркесті басқа тіркеспен алмастырып, сөйлем мағынасына осы сөз тіркесінің әр мүшесінің әрбір бөлшегінің «үлес қостындығы» анықталды;
- Сөз тіркесінің бір компонентін басқа сөзбен ауыстыру арқылы сөйлемнің, сол арқылы тұтас мәтіннің мағынасына реңк қосылатыны анықталады;
- Сөзге көбіне статикалық күй, ал сөз тіркесіне динамикалық күй тән десек, онда жүйенің динамикалық болмысы жүйелік құрылымдық талдау барысында анықталмақ. Мұны білім алушы Эйлер-Венн диаграммасын қолдана отырып анықтай алады.

Кесте – 1.



Синтагмалық талдау. Синтагма – (гректің *syntagma* тура мағынасында бірігіп құрылған, біріккен деген мағынаны білдіретін сөзінен жасалған) екі не одан да көп тіл бірліктерінің бірізділікпен мағыналы орналасуын білдіреді.

Сөз тіркесі компоненттерінің орналасуы: тігілген + көйлек, жаңа + көше

Мысалы, мөлдір бұлақ сөз тіркесін қарастырайық:

- Мұндағы синтагмалық тізбекте екі сөз орналасқан: мөлдір+бұлақ.
- Олардың байланысу тәсілі – орын тәртібі
- Байланысу түрі – қабысу.

Туындайтын мағыналық қатынасы – анықтауыштық. Өйткені басыңқы мүше – не? –бұлақ, бағыныңқы мүше қандай? – мөлдір. Бұл түстің аспанға тән болатыны белгілі. Ендеше мағыналық байланыс бар, формалық жағынан қойылатын талаптар, негізінен дерлік сақталған, ендеше синтагмалық тізбектің өзі белгілі бір дәрежедегі жүйе болып танылуы керек деп санаймыз. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің семантикасын зерттеген ғалым Ж.Әуелбекова [8] еңбектерінен синтагмалық талдауға ұқсас талдау формалары кездеседі.

Мысалы, көл және көлшік деген зат есімдердің қабыса байланысқан сөз тіркесін жасауда екі түрлі қабілетке ие. Мысалға алынған екі сөздің аясында бірнеше сындық белгілерді (көлеміне, сапасына, түсіне, түріне, т.б. қарай) топтастыруға болады.

Кесте – 2.

Сын есім сөздер	Терең	тайыз	дария	Шалқар	үлкен	Балықты	айнадай	Тұнық
Көл зат есімі	+	+	+	+	+	+	+	+
Көлшік зат есімі	-	+	-	-	-	+	+	+

Үлгілеу. Сөз тіркесі үлгілерінің жүйесі – сөз тіркесін теориялық деңгейде оқытуға негіз болатын материал. Оқыту барысында үлгілердің сипаттама үлгілер, конструктивті үлгілер, эвристикалық үлгілер деген түрлерін қолдануға болады:

1. Егер сөз тіркесіне байланысты теориялық ұғымдарды меңгеру үшін ережелерді түсіндіруге көмек беретен үлгілерді кіріктірсек, онда біз сипаттама үлгілерді қолдана аламыз.
2. Егер сөз тіркестерінің түрлерін үлгілейтін болсақ, онда біз конструктивті үлгіні қолданамыз.
3. Ал егер сөз тіркестерінің басқа сөз тіркестерінен айырмашылығын таңбалайтын болсақ, онды біз эвристикалық үлгіні қолдана аламыз.

Сөз тіркесінің үлгісін құруда құрылымдықпен қатар мағыналық талдау да жүргізіледі. Осымен байланысты сөздердің тіркесімділік қабілеті мен тіркесудегі талғамы айқындалады. Сөз тіркесі үлгілерін үйретуде білім алушы мынадай іс-әрекеттерді орындап, көзделген машық, дағдыларды игеруі қажет болады:

- 1) Берілген үлгілерді сөзбен толықтырады: *ақ+шаш*
- 2) Берілген сөз түбірлеріне қажетті морфемаларды жалғап, сөз тіркесін мағыналық жағынан толыққанды етіп құрайды: *ағарған +шаш*
- 3) Үлгіні матастыра, меңгерте, қабыстыра байланыстыру арқылы трансформациялық талдау жасайды.
- 4) Берілген үлгінің мағыналық жағынан дұрыс не бұрыс екендігіне түсініктеме береді.
- 5) Сөз тіркесі үлгілері мүшелерінің орнын ауыстыру арқылы нәтижесінде жаңа сөз тіркесі немесе сөйлем, не тіпті сөз жасалуын бақылайды, мүмкіндігінше түсініктеме жасайды. Мысалы: *ақ шаш – шашы ақ; қалың орман – орман қалың, сағат қалта + қалта сағат.*
- 6) Сөз тіркесі үлгілері мен құрмалас сөйлем үлгілерін ішінара салыстыра отырып, жалпы синтаксис туралы жүйелі ойлау дағдыларын қалыптастыра алу.

Оппозициялық талдау үлгісін тіл біліміне енгізген Прага мектебінің өкілі – Н.С.Трубецкой. Оның айтуынша, екі нәрсе бір-бірінен өзара қарама қарсы тұруымен-ақ айрықшалаанады. Яғни, әрбір екі нәрсенің арасында оппозиция өмір сүреді, қарама-қарсылық қатынас болады. Сонымен бірге оппозиция оның мүшелерінің тек айыршыланатын белгілері болуын ғана емес, сол екі мүшені ортақтастырып та тұратын белгінің болуын қажет етеді. Ондай ортақ белгіні Н.С.Трубецкой салыстырудың негізі деп санайды.

В.Г.Адмони оппозицияны семантикалық-функционалдық қарсылық деп танып, қарама-қарсылық пен ұқсастық қатынастар (оппозиция мен синонимика) полярлық қатынастар болып табылады. Оппозицияны сипаттау үшін оның белгілерін анықтау керек. Ол белгілер, ғалымдардың көрсетуінше, төмендегідей болып табылады:

1. Салыстыру үшін кем дегенде екі элемент болуы керек;
2. Ол екі элементті ұстап тұратын парадигмалық орталық болуы керек;
3. Оппозиция мүшелері бір сипатта болмауы тиіс;
4. Белгілері бір-біріне қарама-қарсы болып келуі керек;
5. Ол белгілерде салыстыруға негіз боларлық ұқсастық болуы керек;
6. Ол белгілердің өзара айырым белгілері болуы керек;
7. Лексикалық және морфологиялық мағыналарының тепе-теңдігі болуы керек;
8. Бейтарап күйге түскенде (нейтрализация) өзара алмастыра алатын болуы керек[7,18].

Тіл білімінде оппозицияның мынадай үш түрі анықталған: привативті, эквиполентті, градуалды. Оппозициялық талдаудың градуалдық түрі – матаса байланысу түрін түсіндіруге таптырмас құрал. Градуалдық немесе өсіңкілік (термин А.Байтұрсыновтан алынып отыр) оппозициялық талдау үлгісі білім алушыларға мынадай үлгі негізінде үйретіледі:

Кесте – 3.

Мысалдар	Ілік жалғауы түсірілген	Ілік жалғауы жартылай түсірілген	Ілік жалғауы түсірілген
Бөлменің іші	+	-	-
Бөлме іші	-	+	-
Құс жолы	-	-	+

Ғалым М.Балақаев былай дейді: «... Біздіңше, ілік септіктің жалғаулы, жалғаусыз болуы жалғанатын сөздің айтушыға, тыңдаушыға белгілі не белгісіз емес, меншіктілік қатынасты ерекше білдіру не білдірмеуімен байланысты: егер тәуелдеулі заттың қай затқа меншікті, қатысты екенін әдейілеп, арнап көрсету керек болғанда ілік септігіндегі сөз жалғаулы болады. Ал мұндай құрамдағы сөздердің бірі екіншісіне заттық сапа ретінде жұмсалса, ол – жалғаусыз болады [2,40-41].

Сөз тіркесінің мағыналарын талдау белгілерді жүйелеуден басталады:

1. Басыңқы сөз затты білдіріп, бағыныңқы сөз сол заттың белгісін білдірсе, олардың арасындағы қатынас анықтауыштық қатынас деп аталады: қызық кітап, сұлу қыз, терең көл, т.б.

2. Басыңқы сөз әрекетті білдіріп, бағыныңқы сөз затты білдірсе, олардың арасындағы қатынас объектілік қатынас деп аталады: егін егу, сабақ жазу, оқулықпен жұмыс.

3. Басыңқы сөз әрекетті білдіріп, бағыныңқы сөз сол әрекетті түрлі жағынан пысықтаса, олардың арасындағы қатынас пысықтауыштық қатынас деп аталады: таңертеңгісін келу, жақсы сөйлеу.

Оппозициялық талдаудың тағы бір үлгісін осы айтылғандармен байланысты жүргізу жолы мынадай:

Кесте – 4.

Мысалдар	Белгілері							
	1	2	3	4	5	6	6	6
						Зат+белгі	Әрекет+объект	Әрекет+оны пысықтау
Жақсы адам	+	+	+	+	+	+	-	-
Өмірге құштарлық	+	+	+	+	+	-	+	
Ертемен келу	+	+	+	+	+	-	-	+

Лингвистикалық эксперимент әдісі

1. Ассоциациялық эксперимент. Білім алушыға бір сөз беріліп, оның тіркесетін сөздерін неғұрлым көп табу. Ол үшін мынадай операциялар орындалады:

- а) берілген сөз басыңқы орында тұрсын;
- ә) берілген сөз бағыныңқы орында тұрсын;

2. Салыстыру. Қазақ тілі мен өздері оқып-үйреніп жүрген орыс, ағылшын тілдеріндегі «тамаша ән» және «ән салу» деген сөз тіркестерін салыстыру жұмыстарын жасату:

- а) байланысу тәсілдері жағынан;
- ә) байланысу түрлері жағынан;
- б) айырмашылықтары мен ортақ қасиеттерін анықтау.

3. Сөйлеу жағдайларын тану:

1. Білім алушыға бірнеше сөз тіркесі беріліп, оның қай сөйлеу жағдаятына сәйкес қолданылатына түсініктеме беру тапсырылады.

2. Жұптық тапсырма негізінде бірінші білім алушыға сөз тіркесі беріліп, ол оның мағынасын екінші білім алушыға ыммен түсіндіруге тырысады. Екінші білім алушы болса ыммен түсінгенін сөз тіркесі етіп дәптеріне жазады.

Графикалық шкалаға сөздерді дұрыс орналастыру арқылы да сөз тіркестерінің семантикалық өрісін анықтауға болады. Графикалық шкала – лингвистикалық эксперименттің бір түрі.

Бала, бала жігіт, балаң жігіт, жас адам, жасаң адам, жасаңдау адам, қарт кісі, қартаң кісі, қартаңдау кісі деген сөздер мен сөз тіркестерін адамның өмірінің жас ерекшелігіне сай бір тізбекке орналастыру тапсырмасын жүргізуге болады.



Графикалық шкалаға адамның жасына байланысты сөз тіркестерін орналастырған кезде -н, -аң, -ең жұрнағы жалғанған балаң жігіт, жасаң адам деген сөздер адам жасының өсіп келе жатқан градациясы бойынша келетіні анықталады:

- Балаң жігіт* – бала жігіт үлкендеу, жас жігіттен кіші жігіт;
- Жас жігіт* – балаң жігіттен үлкен, жастау жігіттен кіші жігіт;
- Жастау жігіт* – жас жігіттен үлкен, жасаң адамнан кіші жігіт;
- Жасаң адам* – жастау жігіттен үлкен, қартаңдау кісіден кіші;
- Қартаңдау кісі* – жасаң адамнан үлкен, қартаң кісіден кіші;
- Қартаң адам* – қартаңдау кісіден үлкен, қарт кісіден кіші.

Лингвистикалық эксперименттің осы нәтижесін бақылап, талдау нәтижесінде білім алушылар «адам жасын білдіруде -н,-аң,-ең реңк мәнді жұрнағының ғана емес, сол сөз тіркестерінің де семантикалық өрісі анықталды.

Грамматикалық талдау әдісі. Грамматикалық талдау – қазақ тіліне тән оқыту әдістерінің бірі. Оқытудың бұл түрі көбінесе білім алушыларға қазақ тілінен білім мен дағды беруде жиі қолданылады. Грамматикалық талдау қалай болса солай жүргізіле салмайды, ол арнаулы бір жүйемен әр сабақтың мақсатына орайластырып отырылады. Грамматикалық талдау жұмыстары Нұрша Алжанбайқызы құрастырған «Сатылай кешенді талдау» технологиясы[6] негізінде жүргізіліп келеді.

«Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша сөйлемдегі сөздерді байланысу түрлері мен тәсілдеріне қарай талдау үлгісі:

Жанды сөздің жалынын білім маздатады (Ж.Баласағұн).

Білім маздатады – қиысу. Себебі бастауыш пен баяндауыш жақ-жағына, түр-түріне сәйкес келіп, қиыса байланысып тұр. Тәсілі – орын тәртібі. *Қиысу дегеніміз* – бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы жақ жағынан үйлесе жекеше я көпше түрде байланысуы.

Жалынын маздатады – меңгеру. Тәсілі – жалғаулықты. *Меңгеру дегеніміз* – сөздің бағыныңқы сыңарының атау мен ілік септігінен басқа септік жалғауларының біреуінде келіп байланысуы.

Сөздің жалынын – матасу. Себебі бағыныңқы сыңары ілік септігінде, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауында тұрып, матаса байланысып тұр. Тәсілі – жалғаулықты. *Матасу дегеніміз* – бірінші сөз зат есім немесе заттанған ілік септік жалғауында, екінші сөз тәуелдік жалғауында келу арқылы байланысқан сөз тіркесі.

Жанды сөз – қабысу. Себебі сөздер қатаң орын тәртібі арқылы іргелес тұрып, қабыса байланысқан. Тәсілі – орын тәртібі. *Қабысу дегеніміз* – орын тәртібі жағынан іргелес тұру арқылы байланысқан сөз тіркестері.

Төмендегі мақалдарды осы үлгі бойынша талдауға ұсынуға болады. Мысалы:

1. Қатты жерге егін шықпас,
Қаңғыған басқа білім жұқпас.
2. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің.
3. Армансыз адам алысқа бармас.

Семантикалық байланысты анықтау әдісі. Бұл әдісті тиянақталған интонациялық жік арқылы ажыратылған, бір-бірімен қатар не алшақ тұрған сөйлемдер немесе сөз тіркесінде қолдануға болады. Тіл білімінде сөз тіркестерінің басыңқы, бағыныңқылы қасиеттерін анықтайтын байланыстың үш түрі бар. «Байланыстың негізгі үш түрі – атрибутивті, комплективті және предикативті түрлерінің ішінен біріншісі әрқашан да сөз тіркесін тудырады; байланыстың екінші түрі өздерінің тығыз байланысты формаларында ғана сөз тіркесін туғызады, үшіншісі оны (сөз тіркесін) ешқашан да тудыра алмайды»[5]. Ал бұл әдіске негіз болған байланыс түрлері сөз тіркестерін семантикалық тұрғыдан қатынасын анықтауға бағытталған. Осыған орай оны екіге бөліп қарастырамыз: 1) ішкі семантикалық байланыстар (сөйлем ішінде); 2) сыртқы семантикалық байланыстар (сөйлемдер арасында)

Ф.ғ.д. проф. Т.Н.Ермекова аталған семантикалық байланыстарды өз ішінде төмендегідей топтарға бөліп қарастырады:

- жалғас семантикалық байланыстар;
- теңдес семантикалық байланыстар;

- негізгі (орталық) семантикалық байланыстар
- қосалқы семантикалық байланыстар[3,38].

Жалғас семантикалық байланыстағы синтагма өзінің алдындағы бірлікте айтылған ойдың жалғасы болуы мүмкін немесе бұл синтагмада айтылған ойдың жалғасы кейін тұрған бірлікте айтылады. Синтагмалар арасындағы мағыналық байланысты көрсететін тілдік бірліктер – компоненттердегі ортақ семалар, есім сөз – есімдік жұбы, септеулік шылаулар мен сабақтас құрмалас байланыс құруға негіз болатын морфологиялық тұлғалар.

Теңдес семантикалық байланыс тең дәрежелі синтагмалар арасында болады. Мұндай байланысқа бір жүйеге енетін семалар, синтагмалар түсе алады. Мысалы, жылқы семасы аспан семасымен немесе жасыл семасы жүр семасымен ешқашан семантикалық байланысқа түсе алмайды. Айталық, жылқы семасы өзінің архисемасы жануар немесе осы архисемадан өрбіген өзі тектес басқа семалармен (сиыр, түйе) байланысқа түсе алады. Сонда теңдес мағыналық байланысқа бір сөз табынан жасалған бірдей грамматикалық тұлғадағы семалар мен синтагмалар түсе алады. Бұл – оның тілдегі тұлғалық белгісі немесе көрсеткіші болып саналады.

Ал қосалқы семантикалық байланысқа сөйлем құрамына енетін қаратпа, қыстырма, одағайлардың байланысы жатады. Әдетте оқшау сөздер деп аталатын бұл тілдік бірлік сөйлемдегі өзге сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді десек те, сөйлем құрамына енетіндіктен, ол өзге мүшелермен семантикалық қатынасқа түсе алады, бұл қосалқы байланыс деп аталады.

Орталық байланыс – грамматикадағы қиыса байланысудың негізі.

Сөйлемдегі ішкі семантикалық байланыс төмендегідей болып шығады, мысалы:

Мінеки, ол оқиганың қорытындысы осындай болды, біздің бұл акцияны дәрігерлер де, медбикелер де, күтушілер де ешқашан ұмытпайтын шығар (Ә.Нұршайықов)

Мінекей, ... осындай болды – қосалқы байланыс

Ол оқиға – жалғас байланыс

Оқиганың қорытындысы – жалғас байланыс

Осындай болды – жалғас байланыс

Қорытындысы ... болды – орталық байланыс

Біздің акция – жалғас байланыс

Бұл акция – жалғас байланыс

Акцияны ұмытпайтын шығар – жалғас байланыс

Ешқашан ұмытпайтын шығар – жалғас байланыс

дәрігерлер де, медбикелер де – теңдес байланыс

медбикелер де, күтушілер де – теңдес байланыс

дәрігерлер де, медбикелер де, күтушілер де ұмытпайтын шығар – орталық (негізгі) байланыс.

«Кубизм» әдісі. «Кубизм» стратегиясында кубик фигураның атауы емес, оқытудың кезеңдері мен сатыларын, объектіні танудың тақырыпты ашудың жолкөрсеткішін, алгоритімін бейнелейді. Білім алушыларға белгілі бір тақырыпты толық ашу үшін, мәселені шешуде бірігіп топқа қарай кубиктің әр қырын таңдап алады. Өтілетін тақырып әр қырынан ашылады, жан-жақты сипатталады, қорытындыланады. Осы әдісті ф.ғ.д, проф. Р.С.Рахметова синтаксисті оқыту барысында, жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесінде жиі қолданған [4,38].

1-қыр. Баяндаңыз: *Жалғау арқылы байланыс туралы теориялық білімін баяндайды.*

2-қыр. Қолданыңыз: *Жалғау арқылы байланысқа бірнеше мысалдар келтіреді.*

3-қыр. Салыстырыңыз: *Байланысу тәсілдерінің басқа түрлерімен салыстырады.*

4-қыр. Топтастырыңыз: *Жалғаудың түрлеріне байланысты әр қайсысына мысал келтіре отырып, топтастырады.*

5-қыр. Зерттеңіз: *Жалғау арқылы байланысқан сөз тіркесі сөйлемде қандай қатынаста жұмсалатындығын анықтайды, мысалдармен дәлелдейді.*

6-қыр. Қорытынды жасаңыз: *Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдерінің ішіндегі жалғау арқылы байланыстың маңыздылығына тоқталады.*

Қорытынды. «Тілдің міндеті ақылдың андауын андағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәрін жұмсау білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаға айтпай білдіруге көп шеберлік керек [9,141]», - дейді қазақ тілінің реформаторы Ахмет Байтұрсынов. Расында сөздерді орайын келтіріп қиюластыру, оны орынды жұмсау бір көргенде оңай дүние болып көрінгенімен, оны

қалыптастырудың өзіндік әдістемелік негізі бар. Осы бағытта қазақ тіліндегі жалпы синтаксистік бірліктер құрамындағы компоненттердің бір-бірімен байланысын семантикалық тұрғыдан қарастырып, өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасаланды. Жоғарыда талданған сөз тіркесін семантикалық тұрғыдан оқытуда қолданылатын лингвистикалық әдістер сөз тіркесінің табиғатын толық түсінуге мүмкіндік береді. Яғни, оқыту үрдісінде оң нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді және сөз тіркесіне ұқсас тілдік бірліктермен аражігін нақтылап береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту методикасы. - Алматы, 2006 ж.-кітап
- 2 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1989.– 96 б.-кітап
- 3 Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал. Алматы: Ел-шежіре. 2013, 384 б.-кітап
- 4 Рахметова Р.С. Қазақ мектебінің 8-сыныбында сөз тіркесін оқыту әдістемесі. Пед. ғыл. канд. дисс. Алматы, 2002.–диссертация
- 5 Ахманова О.С. Словосочетания. – СБ. Вопросы грамматического строя. – М.:, 1995.- 454-455 с.-кітап
6. Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. – Алматы: ТОО Фирма «Дайыр», 2007. – 289 б.-кітап
- 7 Құрманова Н. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдері. –Алматы, 1998, - 41 б.-кітап
- 8 Әуелбекова Ж. Қабыса байлынысқан сөз тіркестерінің семантикасы. Алматы, 2006.-кітап
- 9 Ермекова Т. Сөйлем жүйесіндегі ішкі және сыртқы семантикалық байланыстар, ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №3(102).2007, 37-42 б.-журнал.

МРНТИ 14.07.09

Сарбасова А.

аударылады: *қосымша* және *сөйлемнің қосалқы мүшесі*. “Қосымша” қазақ тіл біліміне тән атау болса, “сөйлемнің қосалқы мүшесі” қытай тіліне тән атау болып табылады. Қазақ тіліндегі “қосымша” қытай тіліне 附加成分 деп те аударылады, бұған ешкімнің таласы жоқ. Бірақ қытай тіліндегі (жоғары берілген анықтамада айтылған) 附加成分 атауының “қосымшамен” еш қатысы жоқ, ол – сөйлем мүшесіне қатысты ұғым-түсінік. Қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша бастауыш, баяндауыш және толықтауыш сөйлемнің негізгі мүшелері (қазақ тілінде бастауыш пен баяндауыш “тұрлаулы мүшелер” деп аталады) деп аталса, анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш мүшелер сөйлемнің қосалқы мүшелері (附加成分 fujiachengfen) (қазақ тілінде “тұрлаусыз мүшелер” деп аталады) деп аталады. Жоғарыда анықтамаларда айтылған “*етістіктің қосымшасы*”, “*сын есімнің қосымшасы*” немесе “*зат есімнің қосымшасы*” дегендер де қытай тілінде кездеспейді.

Тіл біліміне қатысты сөздіктерде 附加成分 атауы “*қосымша (жұрнақ, жалғау)*” [2, 73 б.], “*қосымша*”, “*қосымшалар*” [3, 127 б.], “*қосымша*” [5, 21 б.] деп берілген. Ал Қытайда жарық көрген “*Большой китайско-русский словарь*” деген сөздікте “*аффикс*” [13, 659 б.] болып аударылған.

Біз 附加成分-ның екі түрлі аударылатынын ескеріп, 附加成分 қытай тілінің грамматикасына тән атау болғанда, оның қазақ және орыс тіліндегі аудармасын “сөйлемнің қосалқы мүшесі (*қытай тіліне тән*)”, “дополнительные члены предложения (*в китайском языке*)” деп бердік. Ал қазақ және орыс тіліне тән атау болғанда, “*қосымша, аффикс*”, “*окончение, аффикс*” [14, 80 б.] деп бердік.

词语(ciyu). Бұл атау кейбір оқулықтарда “*сөздер*” деп берілсе [6, 374 б.], тіл білімі сөздіктерінде “*сөз*”, “*сөздер*”, “*сөз-сөйлемдер*” деп берілген [2, 36 б.], [3, 60 б.]. “Қытайша-қазақша сөздікте” “*сөз-сөйлемдер*”, “*сөз*”, “*сөздер*” [1, 173 б.] болып аударылса, “Қытайша-қазақша үлкен сөздікте” 词语 сөзін “сөз-сөйлем, сөз, тіл. Мысалы, Мақала жазғанда тілін абайлап қолдану керек” деп берген [8, 125 б.]. Біз бұл арадағы “*Мақала жазғанда тілін абайлап қолдану керек*” дегенді не үшін бергенін түсінбедік. 词语 атауының көлемі кең, оны *сөз, сөздер, сөйлем, сөйлемше, айтылым, орам, оралым, тіркесім* деп аударуға болады.

量词(liangci). Қазақ тілінде сан есімдер зат есімдермен қабыса тіркесе береді. Қытай тілінде сан есімдер зат есімдермен қабыса тіркесе алмайды. Әдетте, сан есімдер мен зат есімдердің арасына 量词 қосылып айтылады. Ұқсамаған зат есімдерге қолданылатын 量词 де бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, 一个人 yì ge rén (*бір адам*), 两支笔 liang zhī bǐ (*екі қалам*), 一件事 yì jiàn shì (*бір іс*), 三架飞机 san jiā fēijī (*үш ұшақ*), 一条河 yì tiáo hé (*бір өзен*) т.б. Қытай тілінде 量词 өте мол әрі күшті дамыған, сондықтан мөлшер сөздер дербес сөз табы ретінде қарастырылады.

量词 атауы “Қытайша-қазақша тіл ғылымы атауларының салыстырмалы шағын сөздігінде” “*есептік анықтама*”, “*даналық сандар*” деп берілсе [3, 198 б.]. “Ханзуша-қазақша тіл ғылымы сөздігінде” “*өлішем сөз*” [2, 123 б.] деп берілген. “Ханзуша-қазақша сөздікте” “*есептік анықтама*” деп аударылған [1, 696 б.]. Кейбір оқулықта оны “*шамалық сөз*” деп те атап жүр [7, 88 б.]. “Қытай тілі грамматика білімдері” атты кітапшада “*бірлік есім*” деп атаған [4, 45 б.]. Қазақстанда жарияланған кейбір оқу құралдарында “*мөлшер сөздер, нумеративті сөздер*” атауы қолданылған [15, 7 б.]. Бұл термин орыс тіліне “*классификатор*” [16, 37 б.] немесе “*счетное слово*” [17, 54 б.] болып аударылып жүр.

虚词(xuci) мен 助词(zhuci). Қазақ тіліндегі аудармасы бір арнаға түспеген, мағыналары мен ұғымдары шатастырылып жүрген қытай тіліндегі грамматикалық терминдердің бірі – 虚词(xuci) мен 助词(zhuci). Студенттерге қытай тілінің сөз таптарын дұрыс түсіндіру үшін, алдымен 虚词(xuci) мен 助词(zhuci) терминдерінің мағыналық айырмашылығын, ұғымдарын бір-бірінен ажырата білу керек. Қытай тілінің дәстүрлі грамматикасында сөздер сөйлемде атқаратын қызметіне қарай, 实词(shici)

негізгі сөздер және 虚词 (хусі) көмекші сөздер болып екі үлкен түрге бөлінеді. 虚词(хусі) көмекші сөздер өз ішінен 介词 (предлогтар), 连词 (жалғаулықтар) және 助词 (шылаулар) болып бөлінеді. 助词 (шылаулар) іштей құрылымдық шылау, шақтық шылау және демеулік шылау деп тағы үш топқа ажыратылады. Қазақ тілінде шылаулар қызметіне қарай үшке: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктерге бөлінеді.

Ескере кететін нәрсе: қытай тілінде морфологиялық түрленім, басқаша айтқанда сөз түрлендіруші формалар дамымаған, қолданылу өрісі мен шеңбері тар. Сондықтан сөздерді тек морфологиялық, яғни тұлғалық өзгерісіне қарай топтастыру қиын.

“Ханзуша-қазақша тіл ғылымы атауларының салыстырмалы шағын сөздігінде” 虚词 (хусі) атауы “шылау сөздер (көмекші сөздер)” деп берілсе [3, 319 б.], 助词 (zhuci) атауы “көмекші шылау сөздер” деп берілген [3, 383 б.]. “Ханзуша-қазақша тіл ғылымы сөздігінде” 虚词(хусі) “шылау сөздер”, “көмекші сөздер” деп берілсе [2, 212 б.], 助词(zhuci) “көмекшіе” деп берілген [2, 252 б.].

“Қытайша-қазақша үлкен сөздікте” 虚词 (хусі) атауы “кәсіби сөз” деп аударылса [2, 827 б.], 助词 (zhuci) сөзіне “(грамматика) сөз бен сөйлемді жалғастыратын шылау, жұрнақтар” деп түсініктеме берген [2, 973 б.]. 虚词(хусі) атауын “кәсіби сөз” деп аударуға болмайды. “Кәсіби сөз” қытай тілінде 专业词汇 (zhuanyesihui) деп аталады. Авторлар тарапынан 助词, яғни шылауға берілген түсініктеме де дұрыс емес. Қытай тілінде шылау “сөз бен сөйлемді” жалғастырмайды, керісінше сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді бір-бірімен байланыстырады, ал жалғаулықтар құрмалас сөйлемнің құрамындағы сөйлемдерді байланыстырады. Сондай-ақ, шылауды жұрнақ деп қарауға мүлде болмайды. “Шылау” мен “жұрнақтың” екі түрлі ұғым екені белгілі.

Қ.Ғабитқанұлы 虚词 (хусі) атауын “көмекші сөздер” [5, 55 б.], ал 助词 (zhuci) атауын “көмекші сөз” [5, 64 б.] деп берген. Ә.Кенжебаеваның “Қытайша-орысша-қазақша-ағылшынша филология терминдері сөздігінде” 虚词 (хусі) атауы “көмекші сөздер” [18, 115 б.], ал 助词 (zhuci) атауы да “көмекші сөз” [18, 139 б.] болып берілген. “Ханзуша-қазақша сөздікте” 虚词 (хусі) атауын “қосымша сөздер”, “шылаулар” деп аударса [3, 1266], 助词 (zhuci) атауын “шылау”, “демеулік шылау” деп аударған [1, 1476 б.]. Ескере кететін жайт: 虚词 (хусі) атауын “қосымша сөздер”, “демеулік шылау” деп аударуға мүлде болмайды. “Демеулік шылау” қытай тіліне 语气助词 (yuqizhuci) болып аударылады.

Н.Әбікенұлының “Қазақша-қытайша сөздігінде” “шылауды” қытай тіліне 助词 (zhuci), 虚词 (хусі) деп аударады, ал жалғаулық шылауды 连词 (lianci), септеулік шылауды 介词 (jieci) деп берген [19, 1378 б.]. Қазақ тіліндегі “жалғаулық шылауды” қытай тіліне 连词 (lianci) деп аудару дұрыс емес. Оны қытай тіліне 连接助词 (lianjiezhuci) деп аудару керек. Ал 连词 (lianci) сөзін қазақ тіліне жалғаулық деп аударуған дұрыс. Сонымен автор “жалғаулық шылау” мен “жалғаулықты” бір-бірімен шатастырған. Септеулік шылауды 介词 (jieci) деп аудару да мүлде қате. Септеулік шылау қытай тіліне 后置词 (houzhici) болып аударылып жүр. Қазақ тілін зерттеуші ғалым Жаң Діңжін септеулік шылауды 格助词 (gezhuoci) деп атауды ұсынады. Ғалым мұның себебін былай түсіндіреді: “Септеулік шылаулар септік жалғаудың атқаратын қызметіне ұқсайды, сондықтан 格助词 (格 – септік жалғау, 助词 – шылау) септеулік шылауға мағыналық жағынан дәл келіп, септеулік шылаулардың да өзіндік ерекшелігін көрсете алады” [20, 471 б.]. Біз Жаң Діңжіннің пікіріне қосыламыз.

Сонымен, жоғарыда аталған оқулықтар мен сөздіктерде 虚词 (xuci) мен 助词 (zhuci) термині шатастырылған. Бұларды бірінің орнына екіншісін қолдануға болмайды. Бұлардың мағыналық айырмашылығын, ұғымдарын бір-бірінен ажырата білу керек. Дұрысы, 虚词 (xuci) атауын *көмекші сөз*, ал 助词 (zhuci) атауын *шылау* деп аударған жөн. Орыс тілінде 虚词 *служебное слово*, ал 助词 *вспомогательное слова* немесе *служебное слово* болып аударылып жүр.

补语 (buYu). 补语 етістік немесе сын есім баяндауыштың соңынан ұласып келіп, қимыл, іс-әрекеттің нәтижесін, сан-мөлшерін, мезгілін, дәрежесін, бет алысын, мекенін, жай-күйін т.б. толықтырып түсіндіреді. Толықтырғыш *қандай? қанша рет? қанша уақыт? нәтижесі қандай?* деген сұрақтарға жауап береді. Толықтырғыш, негізінен, сөз түрлендіруші формаларға жұтаң қытай тілінің табиғатына тән құбылыс болып табылады.

“Қытайша-қазақша сөздікте” 补语 атауын “*қимыл-сын толықтауыш*”, “*жанама толықтауыш*” деп аударылған [1, 72 б]. Д.Мәсімханұлы, А.Әбиденқызы “Қытай филологиясына кіріспе” атты еңбектерінде 补语 атауын “*толықтырғыш*” деп берсе [8, 104 б], “Қытайша-қазақша үлкен сөздікте” авторлар С.Найманның ізімен 补语 атауын “*қимыл-сын толықтауыш*”, “*жанама толықтауыш*” деп көрсеткен [9, 68 б]. “Қытайша-қазақша тіл ғылымы сөздігінде” бұл атауды қазақшаға аудармай “*буюй*” деп берген [2, 17 б.]. 补语 басқа еңбектерде “*толықтырғыш*” деп аударылып жүр.

补语 атауының “*қимыл-сын толықтауыш*”, “*жанама толықтауыш*” деп аударылуымен келісу қиын. “*Жанама толықтауыш*” қытай тіліне 间接宾语 (jianjiebinYu) болып аударылады. Қазақ тілінде “*қимыл-сын пысықтауыш*” деген термин бар, бірақ “*қимыл-сын толықтауыш*” деген атау қазақ тілінде де, қытай тілінде де жоқ. Толықтауыш пен толықтырғышты бір-бірімен шатастырмау керек [21, 284 б.].

Б.Шөкеев “Ханзуша-қазақша аударма нәзәриясы мен шеберлігі” (Қытайша-қазақша аударма теориясы мен шеберлігі) атты оқулығында 补语 атауын толықтауыштан ажырату үшін оны “*кемелдеуіш*” деп атауды ұсынған [22, 266 б.].

“Қытайша-қазақша тіл ғылымы сөздігінде” бұл атау қазақшаға аударылмай “*буюй*” деп берілген [2, 17 б]. Чын Янян “Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы” атты еңбегінде 补语-ді “*буюй*”, “*байымдауыш*” деп берген [10, 264 б.].

“Орталық Ұлттар университеті” баспасынан шыққан “Қытайша-қазақша-орысша тіл білімі терминдерінің сөздігінде” 补语 қазақ тілінде “*толықтырғыш мүше*”, “*комплемент*” болып берілсе, орыс тілінде “*дополнительный член*”, “*комплемент*” болып берілген [14, 19 б.].

Қазақстанда жарық көрген оқу құралы, ғылыми монография, сөздіктерде “*толықтырғыш*” деп аталып жүр. Бұл термин ағылшын тіліне “*complement*”, ал орыс тіліне “*дополнительный член*”, “*дополнительный элемент*”, “*комплемент*” болып аударылып жүр.

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінің аудармасына тоқталсақ. Қытай тілінде сөз тіркесі құрамында да, сөйлем құрамында да бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш деген мүшелер бар, бірақ сөз тіркесінің құрамындағы мүшелер сөйлем мүшелеріне (句子成分 juzi chengfen) ұқсамайды, олар қытай тіл білімінде сөз тіркесінің құрылымдық мүшелері (短语的结构成分 duanyu de jiegouchengfen) деп аталады.

主谓短语(zhuweiduanYu). Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөз түрлендіруші формалары өте аз қытай тіліне тән елеулі өзгешелік болып табылады. Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлар бір-бірімен тек орын тәртібі арқылы байланысады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса немесе сөйлемге тән тиянақты интонациямен айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Ал сөз түрлендіруші формаларға бай тілдерде, мысалы, қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты конструкцияның (субъектілік-предикаттық қатынастағы тіркестің) құрамындағы баяндауыштың,

әсіресе, етістіктердің жақ, шақ және рай сияқты грамматикалық формалары болғандықтан, тұтас конструкция сөйлемдік қасиетке ие болады.

Бұл термин “*бастауыш-баяндауыш сөз тіркесі*” [5, 65 б.], “*бастауыш-баяндауыштық тіркес*” [7, 249 б.], [8, 102 б.], [23, 377 б.], “*бастауыш-баяндауыш тіркесі*” [2, 251 б.], [10, 213 б.], “*бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі*” [15, 16 б.] деп әртүрлі аударылып жүр. Орыс тіліне “*предикативные словосочетания*”, “*субъектно-предикативные словосочетания*”, “*словосочетания подлежащего и сказуемого*”, “*предметно-качественные (субстантивно-квалификативные) словосочетания*” болып аударылып жүр.

偏正短语 (pianzhengduanyu). Бұл термин оқулықтарда, ғылыми еңбектерде және сөздіктерде “*сабақтас тіркес*” [2, 141 б.], [3, 220 б.], [5, 38 б.], [7, 250 б.], [8, 102 б.], [10, 211 б.], [23, 377 б.] деп берілген. Аталған сөз тіркесінің анықтамасына тоқталсақ:

Қытай тіліндегі бұл сөз тіркесі екі сыңардан құралады. Алдыңғы сыңары – айқындаушы сөз, соңғы сыңары – ұйытқы сөз. Екі сыңар арасында айқындауыш-айқындалғыш (анықтауыштық немесе пысықтауыштық) қатынас болады. Қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша бұл сөз тіркесі өз ішінен анықтауыштық қатынастағы және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болып екі түрге бөлінеді.

Бұл тіркесті “*сабақтас тіркес*” деп аударылуының себебі қазақ тіліндегі “*сабақтас тіркеске*” (яғни сабақтаса байланысқан сөз тіркесі) ұқсатудан келіп шықса керек. Біздің пікірімізше, **偏正短语** (pianzhengduanyu) атауына “сабақтас тіркес” дәлме-дәл балама бола алмайды. Себебі қазақ тілінде сабақтаса байланысқан сөз тіркесі анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі және толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болып үшке бөлінеді. Ал қытай тілінде **偏正短语** (pianzhengduanyu) анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болып екіге бөлінеді.

Біз **偏正短语** (pianzhengduanyu)-дың жоғарыдағы айтылған ерекшеліктерін ескере отырып, аталған сөз тіркесін “*бағыныңқы-басыңқылы сөз тіркесі*” деп аударуды ұсынамыз. Орыс тіліне, көбінесе, “*подчинительное словосочетание*” болып аударылып жүр.

1956 жылы жасалған “Уақытша жасалған қытай тілінің мектеп грамматикасы жүйесінде” кеңестік тіл білімінің әсерімен қытай тіліндегі жай сөйлемдер қос құрамды және бір құрамды сөйлемдер деп бөлінген. 1984 жылы жасалған “Мектеп бағдарламасында” қытай тілінің грамматикалық ерекшеліктері ескеріліп, жай сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды **主谓句** (zhuweiju), бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдерге **非主谓句** (zhuweiwaiyuju) ажыратылған. Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем бастауыш-баяндауыш құрылымды деп аталады. Бұл сөйлем баяндауыштың сипатына, яғни баяндауыштың қандай сөз табынан болуына қарай есім баяндауышты **名词谓语句** (mingciweiyuju), етістік баяндауышты **动词谓语句** (dongciweiyuju), сын есім баяндауышты **形容词谓语句** (xingrongciweiyuju) және баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемдер **主谓谓语句** (zhuweiwaiyuju) болып 4 түрге бөлінеді. Қазіргі кезде қытай тіл білімінде “қос құрамды сөйлем” және “бір құрамды сөйлем” деген терминдер қолданыстан қалған.

主谓句 (zhuweiju). Бұл атауда қазақ тіліне әркілы аударылып жүр. Чын Янян “Қытайша-қазақша салғастырмалы грамматикасы” атты еңбегінде **主谓句** (zhuweiju)-ді “*бастауыш-баяндауыштық сөйлем*”, ал **非主谓句** (zhuweiwaiyuju) “*бастауыш-баяндауыштық сөйлемге жатпайтын сөйлем*” деп аударған [10, 264 б.]. Алайда автор аталған еңбегінің 278-бетінде **主谓句** (zhuweiju) атауын “*жалаң сөйлем*” деп, ал **非主谓句** (zhuweiwaiyuju) атауын “*жақсыз сөйлем*” деп берген. Орыс тіліне “субъектно-предикативные предложения”, ал ағылшын тіліне “*subject-predicate sentence*” болып аударылады.

主谓谓语句 (zhuweiweiyuju). Баяндауышы бастауыш-баяндауышы сөз тіркесінен (немесе предикативті сөз тіркесі) жасалған сөйлем *баяндауышы предикативті сөз тіркесінен жасалған сөйлем* (主谓谓语句 zhuweiweiyuju) деп аталады. Бұл сөйлемнің баяндауышы, әдетте, тұтас сөйлемнің бастауышын суреттеп, түсіндіреді. Қытай тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша тұтас сөйлемнің бастауышы “негізгі бастауыш” деп аталады, баяндауыштың қызметін атқаратын предикативті тіркестің құрамындағы бастауыш “қосалқы бастауыш”, ал баяндауыш “қосалқы баяндауыш” деп аталады. Мысалы: 他汉语说得很流利 [Ta hanyu shuo de hen liuli] (Сөзбе-сөз: Ол қытай тілі сөйлеу жетік) *Ол қытай тілінде жетік сөйлейді*. Сөйлемнің құрамындағы 他 (ол) – негізгі бастауыш, 汉语 (қытай тілі) – қосалқы бастауыш, 说 (сөйлеу) – қосалқы баяндауыш. Қытай тілінде мұндай сөйлемнің болуы сөздерді байланыстыратын жіктік, тәуелділік және септік жалғауларының болмауымен байланысты болып келеді. Баяндауышы предикативті сөз тіркесінен жасалған сөйлемнің болуы – қазіргі қытай тілінің елеулі өзгешелігі.

Оқулықтар мен оқу құралдарында бұл атау “*бастауыш-баяндауыштық баяндауыштық сөйлем*” [6, 329 б.], “*бастауыш-баяндауышты баяндауыштық сөйлем*” [7, 329 б.], “*бастауыш-баяндауыш тіркесті баяндауыштық сөйлем*” [23, 136 б.], “*баяндауышы предикативтік сөз тіркесінен жасалған сөйлем*” [11, 106 б.], “*баяндауышы бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесінен жасалған сөйлем*” [15, 44 б.] беріліп жүр.

Сөздіктерде “*баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркестен болған сөйлем*” [5, 65 б.], “*жалаң сөйлем*” [2, 251 б.], “*баяндауышы бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесінен жасалған сөйлем*” [14, 172 б.] болып берілген. Бұл сөйлем орыс тілінде “*предложения с субъект-предикативным словосочетанием в роли сказуемого*”, “*предложения с “подлежащее-сказуемым в качестве сказуемого*” деп аталса, ағылшын тілінде “*S-P predicate sentence*”, “*sentence with a clause as predicate*” деп аталып жүр.

连动句 (liandongju). 连谓句 (lianweiju) деп те аталады. Бұл сөйлем көп етістікті сөз тіркесінің 连动短语 (liandongduanyu) тікелей баяндауыш мүше болуынан немесе көп етістікті сөз тіркесінің сөйлемге тән интонациямен айтылуы арқылы жасалады (жазуда сөйлемге тән тыныс белгілері қойылады). Сөйлемнің құрамында қабаттаса келген етістіктердің орын тәртібі тұрақты, орындарын өзгертуге болмайды. Қабаттаса тіркесіп келген етістіктер ортақ бір бастауышты баяндап келеді. Сөйлемнің ішінде дауыс кідірісі болмайды. Етістіктердің арасына ешқандай байланыстырушы дәнекер сөздер жұмсалмайды. Ілгерілі-кейінді етістіктердің арасында белгілі мағыналық қатынастар болады.

Бұл сөйлем 连谓句 (lianweiju) деп аталғанда, “*тіркемелі баяндауышты сөйлем*” [6, 342 б.], [23, 207 б.]. 连动句 (liandongju) оқу құралдарында “*көп етістікті сөйлем*” [11, 110 б.], [15, 50 б.], “*шұбыртпалы етістікті сөйлем*” [10, 286 б.], “*тіркемелі етістікті сөйлем*” [22, 273 б.], болып беріліп жүр. Сөздіктерде “*көп етістікті сөйлем*”, “*ұласпалы етістікті сөйлем*” [14, 139 б.], “*шұбыртпалы етістікті сөйлем*” [5, 35 б.] болып аударылып жүр.

М.Ілікеновтің “Ханзуша-қазақша тіл ғылымы сөздігі” мен Д.Назаридің “Ханзуша-қазақша тіл ғылымы атауларының салыстырмалы шағын сөздігінде” бұл сөйлем 连动式句子 (liandongshijuzi) деп берілген. М.Ілікенов “*шұбыртпалы етістікті сөйлем*” [2, 122 б.] деп берсе, Д.Назари “*көп етістікті (райлы) сөйлем*” деп берген [3, 196 б.]. Біздің пікірімізше, Д.Назаридің еңбегінде 连动式 (liandongshi) “*көп етістікті рай*” деп қате аударылған. 式 (shi) грамматикалық термин болғанда, “*рай*” болып аударылады, бірақ 连动式 (liandongshi)-ның құрамындағы 式 (shi) сөзі “*үлгі, тип, форма, түлға*” деген мағынада. Сонымен, 连动式 (liandongshi) – “*ұласпалы етістік*” типті сөйлем. 连动句 (liandongju) орыс тіліне “*многословное предложение*”, “*предложение с составным глагольным сказуемым*”, “*сериальная глагольная конструкция*” деп аударылып жүр. А.В.Скворцов 连动短语 (liandongduanyu)-ды “*глагольные словосочетания*” [24, 26 б.] деп аударған.

兼语句 (jianyuju). Бұл сөйлем – екі түрлі қызмет атқаратын мүшелі сөз тіркесінің 兼语短语 (jianyu duanyu) тікелей баяндауыш болуынан немесе екі түрлі қызмет атқаратын мүшелі сөз тіркесінің сөйлемге тән интонациямен айтылуы арқылы жасалады (жазуда сөйлемге тән тыныс белгілері қойылады). Сөйлемнің құрамындағы екі етістік баяндауыштың ортақ бастауышы болмайды. Алдыңғы етістіктің толықтауышы соңғы етістіктің бастауышы болып келеді. Сөйлемнің құрамында әрі толықтауыштың, әрі бастауыштың қызметін атқаратын мүше – екі түрлі қызмет атқаратын мүше 兼语 (jianyu) деп аталады.

Бұл сөйлем атауы да түрліше аударылып жүр. Оқулықтар мен оқу құралдарында “қос міндетті мүшелі сөйлем” [6, 342 б.], [23, 227 б.], “қос міндетті мүшелі форма” [7, 381 б.], “қабат мүшелі сөйлем” [10, 289 б.], “екі түрлі қызмет атқаратын мүшелі сөйлем” [15, 54 б.], “қос міндетті сөзді сөйлем” [11, 111 б.] деп берілген. Сөздіктерде “қабат мүшелі форма” [2, 100 б.], “екі жақты қызмет атқаратын мүшелі сөйлем” [14, 113 б.], “қос міндетті мүшелі сөйлем” [5, 30 б.], [18, 53 б.] болып аударылған. Орыс тіліне “последовательно связанное предложение”, “предложение со сказуемым, выраженным каузативным глаголом” деп аударылып жүр.

句群 (juqun). 句群 (juqun) – мағыналық жағынан тығыз қарым-қатынаста, құрылымдық жағынан тұтастықта, бірлікте тұратын бірнеше сөйлемдердің тізбегінен жасалған тілдік бірлік. Ол – қытай тілінің грамматикасындағы ең үлкен бірлік болып табылады.

句群 (juqun) “Қытайша-қазақша үлкен сөздікте” “әңгіме”, “мәтін” болып берілген [9, 399 б.]. Б.Шөкеев “сөйлем шоғыры” деп атайды [22, 359 б.]. Бұл бірлік – жалпы тіл білімінде айтылып жүрген “күрделі синтаксистік бірлік” немесе “күрделі синтаксистік тұтастық”. Біз бұл атауды “күрделі синтаксистік бірлік” [15, 11 б.] деп атадық. “Мәтін” қытай тіліне 课文 (kewen) немесе 篇章 (pianzhang) болып аударылады.

Қытайда тіл білімі терминдерін қазақ тіліне қытай тілінен тікелей аудару арқылы қабылдау үрдісі бар. Соның салдарынан қазақстандық оқырмандарға түсініксіз терминдер пайда болды. 离心结构 (lixinjieou) және 向心结构 (xiangxinjieou) деген атаудың аудармасына тоқталсақ. “Ханзуша-қазақша тіл ғылымы атауларының салыстырмалы шағын сөздігінде” 离心结构 (lixinjieou) деген атау “центрден тебу құрылымы” [3, 192 б.], ал 向心结构 (xiangxinjieou) атауы “центрге тартқан құрылым” деп аударылған. “Ханзуша-қазақша тіл ғылымы сөздігінде” 离心结构 (lixinjieou) “дара тізбек” [2, 118 б.] болып аударылған. Авторлар жоғарыдағы екі атауды қытай тілінен сөзбе-сөз аударған. 离心结构 (lixinjieou) қазақ тіліне “экзоорталық құрылым”, ал 向心结构 (xiangxinjieou) “эндоорталық құрылым” болып аударылу керек. Ағылшын тілінде бұлар “exocentric construction”, “endocentric construction” деп аталады. Міне, бұдан Қытайда терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне тікелей аудару арқылы қабылдайтынын байқауға болады.

Қорытынды. Қытай тілінен филолог мамандар дайындауда, аударма саласында, тіпті кез келген қытай тілін үйрену мен үйретуде қиындық тудыратын мәселелердің бірі сол тілдің грамматикалық құрылымына қатысты терминология мәселесі болып табылады. Өйткені ауызша сөйлеуде болсын, жазба тілде болсын сауаттылық мәселесі, ең алдымен, тілдік құрылымдардың құрылымы және оның мағынасын дұрыс түсінуге тікелей тәуелді. Ал білім беру үдерісінде қытай тілінің грамматикасын үйрету мен үйренуде бірінші кезекте оқулықтар мен оқу құралдарындағы терминдердің мәнін дұрыс түсінудің маңызы зор. Бұл орайда қытай тілінің құрылымдық жүйесінің өзгешелігі және терминдерді ұлттық тіл заңдылықтары негізінде қалыптастыру, халықаралық терминдердің ұлт тіліне бейімделіп алынуы тұтастай терминдерді, оның ішінде лингвистикалық терминдердің мән-мағынасын мүмкіндігінше дәл ашатындай баламасымен қазақ тіліне аударылуы өте өзекті мәселе болып табылады. Сонымен қатар, алдағы уақытта қытай және қазақ тілдеріндегі лингвистикалық терминдерді тіл білімінің әр саласы бойынша алып, салғастырмалы түрде қарастыру қажет деп санаймыз. Бұл аталған тілдердегі түрліше аударылып, түсіндіріліп жүрген тілтанымдық терминдерді бір ізге келтіруде маңызды қадам болып табылады. Ал дұрыс және бірізді терминологиялық ғылыми-

аппаратпен жұмыс істеу тек тіл үйрену мен тіл үйрету үдерісінде ғана емес, зерттеу жұмысымен шұғылданушылар үшін де теориялық білімді талдап зерделеуді оңтайландыратындығы күмән туғызбаса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Hanzuxa-Qazaqxa sözдіk. Жалпы редакциясын басқарған S.Nayman. –Ürimji: Xinjiang haleq baspase, 1989. –1550 б. – сөздік.*

2 Ілікенов М. Ханзуша-қазақша тіл ғылымы сөздігі/М.Ілікенов. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1984. – 438 б. – сөздік.

3 Назари Д. Ханзуша-қазақша тіл ғылымы атауларының салыстырмалы шағын сөздігі/Д.Назари. –Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1985. – 431 б. – сөздік.

4 Түсіпқанқызы Д., Әділбекқызы Н. Ханзу тіл грамматика білімдері (Hanyu Yufa Zhishi): оқу құралы/Д.Түсіпқанқызы, Н.Әділбекқызы. –Күйтың: Іле халық баспасы, 2010. –147 б. – кітап.

5 Ғабитқанұлы Қ. Қытайша-қазақша-орысша/қазақша-орысша-қытайша/орысша-қазақша-қытайша тіл білімі атаулары/Қ.Ғабитқанұлы. –Үрімжі: Шыңжаң оқу-ағарту баспасы. 2009. – 203 б. – сөздік.

6 Lu Fubo. Shiyong Hanyu Jiaoxue Yufa (Қытай тілі грамматикасының оқытулық қолданбасы): оқулық. –Beijing: Beijing Yuyan Wenhua Daxue Chubanshe, 2001. –411 р. – кітап.

7 Liu Baoshun, Xu Shuzhen. Xiandai Hanyu Yufa (Қазіргі заман қытай тілі грамматикасы): оқулық. –Wulumuqi: Xinjiang Jiaoyu Chubanshe, 1987. –468 р. – кітап.

8 Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. Қытай филологиясына кіріспе: оқу құралы/ Д.Мәсімханұлы, А.Әбиденқызы. –Астана: Күлтегін, 2004. –237 б. – кітап.

9 Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. Қытайша-қазақша үлкен сөздік/Д.Мәсімханұлы, А.Әбиденқызы. –Алматы: Эксклюзив КА, 2017. –1032 б. – сөздік.

10 Chen Yanuan. Han-Ha Duibi Yufa: оқулық. Wulumuqi: Xinjiang Jiaoyu Chubanshe, 1986. –398 р. – кітап.

11 Абдырақын Н. Базалық шығыс тілі: Қазіргі қытай тілінің грамматикасы: оқулық/ Н.Абдырақын. –Алматы: Қазақ университеті, 2015, –166 б. – кітап.

12 Нұрсаидов М. Қытай тіліндегі жәрдемші сөздер: оқу құралы/М.Нұрсаидов. –Алматы: Қазақ университеті, 2011. –101 б. – кітап.

13 Большой китайско-русский словарь. Под общей редакцией Гу Байлинь. –Shanghai: Shanghai Waiyu Jiaoyu Chubanshe. 2009. –2877 с. – словарь.

14 Қалибекұлы Т. Қытайша-қазақша-орысша тіл білімі терминдерінің сөздігі. Бейжің: Орталық ұлттар университеті баспасы, 2018. –286 б. – сөздік.

15 Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы: оқу құралы/Т.Қалибекұлы. –Алматы: Мерей, 2018. – 218 б. – кітап.

16 Готлиб О.М. Практическая грамматика современного китайского языка: учебное пособие/О.М. Готлиб. –Москва: АСТ: Восток – Запад, 2008. – 287 с. – книга.

17 Щичко В.Ф. Практическая грамматика современного китайского языка: учебное пособие/В.Ф.Щичко. –Москва: Издательство ВКН, 2016. – 208 с. – книга.

18 Кенжебаева Ә. Қытайша-орысша-қазақша-ағылшынша филология терминдері сөздігі/ Ә.Кенжебаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. –495 б. – сөздік.

19 Әбікенұлы Н. Қазақша-қытайша сөздігі/Н.Әбікенұлы. –Алматы: Қайнар университеті, 2010. – 1449 б. – сөздік.

20) Zhang Dingjing. Xiandai Hasake Yu Shiyong Yufa: оқулық. –Beijing: Zhongyang Minzu Daxue Chubanshe, 2004. –747 р. – кітап.

21 Қалибекұлы Т. Қытай тіл біліміндегі толықтырғыш пен толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019. – №9/2. –283–289 бб. – ғылыми мақала.

22 Шөкеев Б. Ханзуша-қазақша аударма нәзәриясы мен шеберлігі: оқулық/Б.Шөкеев. –Бейжің: Ұлттар баспасы, 2012. – 506 б. – кітап.

23 Дәуітқазықызы Т. Қытай тілінің қолданбалы грамматика оқулығы/Т.Дәуітқазықызы. – Үрімжі: Шыңжаң жасстар-өрпендер баспасы, 2006. –382 б. – кітап.

24 Скворцов А.В. Предпереводческий анализ текстов на китайском языке: учебник/А.В. Скворцов. –М.: Издательство ВКН, 2016. –320 с. – книга.

FTAMP 16.41.53

Қойбақова А.,¹ Досымбекова Р.²

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы., Қазақстан

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МӘДЕНИ СӨЗДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қытай тіліндегі аударма мәселелері, оның ішінде қытай мәдениетіне қатысты сөздерді қазақ тіліне аударуда кездесетін қиындықтар, оларды аударудың әдіс тәсілдері, сонымен қоса, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы жайлы сөз қозғалады. Мәдени сөздер лексикалық, стилистикалық, логикалық, грамматикалық қырларынан салыстыра зерттеліп, олардың қазақ қытай тілдеріндегі ерекшеліктері мен ұқсас тұстары жан-жақты қарастырылады. Сонымен қоса, мақалада әрбір елдің материалдық және рухани мәдениетінің көрінісі саналатын түр-түс реңдері мен туыстық атауларын аударуға баса мән беріледі.

Қытайда ашық есік реформасы жүргізілген жылдардан бері сыртқы әлеммен байланысы күн санап артып келеді. Қытай тілінің де әртүрлі тілдермен байланысы артып, аударма саласы да қарыштап дамуда. Қоғамның аудармашыларға деген сұранысы да артты. Қоғам дамуының талаптарына сай келу үшін аударма да шет тілдерді оқытуда оның бөлінбес бөлшегіне айналды. Сондықтан қытай тілінің әрбір саласына қатысты сөздерді аудару мәселелерін зерттеу қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі. Оның ішінде мәдени салаға қатысты сөздердің табиғатын танып, оларды жүйелі түрде зерттеу және ана тілімізге аудару аударма теориясы мен практикасы үшін маңызды үлес қоспақ.

Түйін сөздер: аударма, мәдениет, фразеологизм, филология, туыстық атаулар

Koibakova A.,¹ Dossymbekova R.²

*Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

PROBLEMS OF TRANSLATION OF CULTURAL WORDS IN CHINESE TO KAZAKH LANGUAGE

Abstract

This article deals with the issues of Chinese translation, including difficulties in translating words related to Chinese culture into the Kazakh language, methods of translating them, as well as the relationship between language and culture. Cultural words are compared with lexical, stylistic, logical, grammatical aspects and their features and similarities in Kazakh and Chinese are explored in detail. The article also focuses on translating colors and related names, which reflect the material and spiritual culture of each country.

Since China's open door reforms, its connection with the outside world has been growing steadily. The Chinese language connection with different languages is growing and the translation industry is developing. Society demand for translators also increased. Translation has also become an integral part of teaching foreign languages to meet the development needs of society. That is why the study of the problem of translating words in each branch of Chinese language is one of the most relevant topics today. Including, recognizing the nature of cultural expressions and their systematic study and translation into our native language will make an important contribution to translation theory and practice.

Keywords: translation, culture, phraseology, philology, kinship

Койбакова А.¹ Досымбекова Р.²

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА КУЛЬТУРНЫХ СЛОВ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация

В этой статье описываются проблемы китайского перевода, в том числе трудности перевода слов, связанных с китайской культурой на казахский язык, а также их способы перевода, взаимоотношения между языком и культурой. Культурные слова сравниваются с лексических, стилистических, логических, грамматических сторон, и детально исследуются их особенности и сходства на казахском и китайском языках. В статье уделяется особое внимание на переводу цветовых компонентов и родственных обращениях, которые отражают материальную и духовную культуру каждой страны.

После проведения реформ «открытых дверей» Китая его связь с внешним миром неуклонно набирает обороты. Расширяется связь китайского языка с различными языками и развивается индустрия переводов. Общественный спрос на переводчиков также увеличился. Перевод также стал неотъемлемой частью обучения иностранным языкам для удовлетворения потребностей развития общества. Именно поэтому изучение проблемы перевода слов в каждой ветви китайского языка является одной из самых актуальных тем на сегодняшний день. В том числе, признание природы выражений культуры и их систематическое изучение и перевод на наш родной язык внесут важный вклад в теорию и практику перевода.

Ключевые слова: перевод, культура, фразеологизм, филология, родственные слова

Кіріспе. Аударма – халықтар арасындағы қарым-қатынастың маңызды құралы, түрлі мәдениеттер арасындағы рухани байланыстың қайнар көзі. Аударма саласы қай заманда да ғылымның өркендеуінің негізі болған. Бір тілдегі дүниені келесі бір тіл арқылы ұсыну қай қоғамда да, қандай дәуірде де ел мәдениетін дамытуға, халықтың басқа ұлттың мәдениетімен танысуына, сол арқылы өркениеттің жаңа биігіне қадам басуына ықпалы басым екені даусыз. Өртүрлі тілде қарым-қатынас жасағанда тілдің қызметі аударма арқылы орындалды. Аударма ағылшын тілінде “translation”, орыс тілінде “перевод”, араб тілінде “тәржіма”, түрік тілінде “чевры”, қырғыз тілінде “қотору” деген сөздермен беріледі. Ол тіл, әдебиет, әлеуметтану, педагогика, психология, антропология сияқты ғылымдардың ерекшеліктерін тұла бойына тоғытып, ұзақ уақыттық тәжірибе барысында өзінің теориялық, принциптік және шеберлік жүйесін қалыптастырып келеді.

Қазіргі таңда қытайдағы аударма теориясын зерттеу күн сайын қарыштап алға басуда. Бұл негізінен аударматанудың жеке дара ғылым ретінде орын алуы мен дамуынан көрініс табады. Жаңа заманғы аударматанудың басты ерекшелігі түрлі аударма мәселелерді шешуде жүйелі әдістерді қолдануында, аударманы толық бір жүйе ретінде қарап, зерттеу жүргізілуінде. Бұл зерттеудің басты бағыттарын айқындап береді. Дәстүрлі аударма теориясынан ерекшелігі қазіргі заманғы аударматану көп қырлы, салааралық ғылымның жаңа саласы.

Қытай байырғы өркениетті көп ұлтты ел болғандықтан оның аударма саласының тарихы тереңде жатыр. Арыдан айтсақ, Жоу патшалығы заманынан басталады. Шығыс Жоу патшалығы тұсында аудармашылық мәнсап ретінде танылып, түрлі атақ лауазымдар берілген. Қытай аударма тарихында Шығыс Хан патшалығы дәуірінен Таң, Сұң патшалығы дәуіріне дейін будда номдарын аудару гүлденсе, Миң патшалығының соңғы кезеңінен Чиң патшалығының басына дейін ғылыми техникалық аударма дамыды. Апыын соғысынан «4 мамыр» қозғалысына дейін батыстың саяси философиялық идеялары мен әдеби көркемөнер туындыларын аудару белең алды.

“4 мамыр” қозғалысын бастау алған жаңа мәдени төңкерістен кейін, қытайдың аударма саласы жаңа тарихи дәуірге қадам басты. Көне әдеби тіл “вынянвын” (文 言 文) орнын жаңа әдеби тіл “байхуа” (白 话 文) басып, аударманың мазмұны мен формасына түбегейлі бетбұрыс жасалды. Жаңа Қытай құрылып, ашық есік саясаты жүргізілу барысында саяси-экономикалық, әскери істер, ғылым, техника, әдебиет, көркемөнер тағы басқа салаларда ел аралық, ұлтаралық ауыс-түйіс, қарым-

қатынастар барынша жиілеген. Ал соңғы жарты ғасырдан астам уақытта аударма саласы тың, мол табыстарға қол жетті. Аударманың өрісі кеңейіп, өркендей түсіп, аударма жұмысы ғылыми даму арнасына түсті. Аударманың қажеттілігі үшін салыстырмалы сөздіктер, салалық сөздіктер, түсіндірмелі сөздіктер құрастырылды. Мұның бәрі аударманың заманауы қажетіне ілесе дамып келе жатқанын білдіреді.

Әдістеме. Тіл мәдениетпен тығыз байланысты, оның құрамдас бөлігі. Ол бір жағынан мәдениетті анықтаса, екінші жағынан оның бөлінбес бір бөлшегі болып табылады. Кейбір тілдік орталарда оларды бір-бірінен бөлу мүмкін емес. Осы тұрғыда, белгілі бір тілді үйрену барысында сол елдің мәдениетінен де хабардар болу керек, сол кезде ғана тілді үйрену оңайға түседі. Тіл мен мәдениеттің байланысын зерттеген зерттеушілер аз емес. Осы орайда А.Д.Швейцер мен Л.Б. Никольскийдің пікірлері үш жерде тоғысады: 1) тіл- мәдениеттің формасы да, элементі де емес; 2) тіл – мәдениеттің бөлігі емес; 3) тіл- мәдениетті бейнелеу формасы [1.,986]. Бұл жерде үшінші пікірді ұстанып, тілді мәдениеттің бейнелеуші формасы ретінде санасақ, тіл мен мәдениеттің басқа компоненттері арасындағы байланыстың екі жақты сипатын атап өтуіміз керек.

Тіл мен мәдениеттің байланысы мәселелерін барынша кеңінен қарастыруға тырысқан зерттеулердің қатарына В. фон Гумбольдтың еңбектерін жатқызуға болады. Ғалым мынадай ой-тұжырымдар жасаған: 1) материалдық және рухани мәдениет тілге әсер етеді; 2) кез келген мәдениет ұлттық нышанға ие; мұндай сипат тілдік жүйеде айқын көрінеді; 3) тіл-адам мен қоршаған ортаны жалғастырушы буын; 4) “халықтық рух” пен мәдениеттің белгісі – ішкі форма тілге тән [2., 2496].

С.Г.Тер-Минасова “Әрбір шет тілі сабағы - мәдениеттер тоғысы, бұл мәдениетаралық қатынас практикасы, себебі әрбір шет тілі өзге әлем мен өзге мәдениетті бейнелейді: әрбір сөздің артында ұлттық таныммен негізделген әлем туралы түсінік тұр” [3., 956], деген пікірін білдіреді. Шет тілін үйренуде ұлттық мәдени ерекшеліктерді тасада қалдырып, оны толыққанды меңгеру мүмкін емес екендігін Р.К. Миньяр Белоручевтың “аудармашы сол елдің мәдениетіне терең қанық болғанда ғана, аударма толыққанды болады” деген [4., 1196] тұжырымынан байқауға болады.

Ал қытай тілі аудармашыларына келер болсақ, тілден бөлек, оның тарихын, әдебиетін, салт дәстүрін, әдет-ғұрпын, өнерін, қытайлықтардың қоршаған орта туралы көзқарасын, дүниетанымын білу өте маңызды. Себебі, аударма барысында осы әрбір мәдени тармақтарға аудармашы кезігіп отырады сөзсіз. Мысалы, қытай фразеологизмдерін алайық. Қытай фразеологизмдерінде атақты тарихи тұлғалардың, аңыздар мен мифтердегі кейіпкерлердің есімдері жиі кездеседі. Ал оларды толыққанды аудару үшін, бұларды білудің маңызы зор. Мысалы: 事后诸葛亮 тура аударма: “Іс біткен соң Жугыляң сияқты болу” мағыналық аударма: “ақылы түстен кейін кіру”, “ақсақ қой түстен кейін маңырайды”; 姜太公钓鱼, 愿者上钩 сөзбе сөз: “Зяң ақсақал балық аулап отыр, қалағаны қармаққа ілінуде”, мағынасы: бос отыру, құр үміттену. Бірінші фразеологизмдегі Жугыляң Қытай тарихындағы “Үш патшалық” дәуірінде шеберлігімен, даналығымен көзге түскен атақты қолбасшы. Ал екінші фразеологизмдегі Зяң қытай аңыздарында жиі кездесетін Жоу дәуірінде өмір сүрген данағой ақсақал. Оның есімі көптеген аңыз-әңгімелердің, мақал-мәтелдердің шығуына арқау болған. Аңыздарға сәйкес, ол балық аулауға қатты әуес болып, көп уақытын сонымен өткізген. Ал балықтар оның даналығына бас иіп, өздері қармаққа келіп түскен деседі. Бұлардан байқайтынымыз, аудармашы осы екі фразеологизмді дұрыс аудару үшін, тілді білуі жеткіліксіз. Оған қоса, қытай тарихы мен әдебиетінен хабардар болуы да қажет екендігін көрсетеді.

Нәтижелер. Қытай халқы мен басқа халықтар арасындағы мәдениеттің әртүрлі қырлары аудармаға біраз қиындықтар туғызады. Мысалы, түр-түс рендерін аудару. Түр-түс атаулары халықтың дүниені тануынан хабар беретін ақпараттық дереккөз ғана емес, сонымен қатар ғаламның тілдік бейнесін жасайтын ұлттың эстетикалық таным-талғамын, кәсібін, мінез-құлқын, ырым-нанымын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық рухын ұлттық тіл арқылы сақтап, жан-жақты таратып, танытады. Осыған орай белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениетінің көріністері түр-түс компонентінің тарихи-мәдени таңбасы ретінде қалыптасады.

Қытай тілінде “青” деген түс бар. «Большой китайско-русский словарь» сөздігінде “темно-голубой, ярко-синий, ярко-зеленый, черный, темный” деп аударылған. Ал тіркестерде оны әртүрлі аударады. 青即非绿又非蓝- Чиң - жасыл да көк те түс емес; 青红皂白- көк-қызыл, қара-ақ (қарама-қайшылық), 青山绿水- көк таулар мен жасыл су (сұлу табиғатты суреттеу), 鼻青眼紫- мұрны көгеріп,

көзі қызарып (жараланған). Бұл сөздерден байқағанымыздай, қытай тілінде “青” сөзін басқа тіркестермен бірге үйлестіре отырып аударуға тура келеді.

Қытай халқы алқызыл (紅) түсті қуаныштың, той-думан, мерекенің, жақсылықтың, адалдықтың символы санайды. Олар барлық игі іс-шараларға қызыл түсті қолданады. Қызыл түс - қытайларда гүлденіп-көркеюді білдіреді. Күнкөрісі, тіршілігі жақсы болса 紅火 (сөзбе-сөз: қызыл от) қызықты, думанды, бақ пен береке, 紅運 (сөзбе-сөз:қызыл береке) деп істің сәтті басталғанын; 开门紅 (сөзбе-сөз: есік ашылғаннан қызыл); 满堂紅– бәрі сәтті болу, бәрі оңға басу деп аударылады; 走红- бағы жану; бақ қону немесе 走红运 – бағы жану, тасы өрге домалау; құрметке бөленген адамды айтқанда 紅得发紫 атағы жер жару; 紅人 - ардақты, аяулы деп аударамыз.

Қытайлар қызыл түс арқылы қас сұлудың кескін-келбетін суреттейді. Мысалы, қытай тіліндегі 紅顏薄命, 紅顏 - қас сұлу, ал 紅光满面 немесе 滿面紅光 (сөзбе-сөз: беті қызыл нұрға бөлену) - бетінің нұры қайтпаған, жүзінен нұр тамған, қызыл шырайлы деп аударуға болады. Олар әйел сұлулығын 紅粉, 紅粉佳人, 紅粉青娥- сұлу, әдемі; 紅袖 (сөзбе-сөз: қызыл жең), 紅裙 (сөзбе-сөз: қызыл көйлек), 紅妝 (сөзбе-сөз: әйелдердің қызыл киімі) қыз-қырқын, қыз-келіншек; 紅男綠女(сөзбе-сөз: қызыл ер, жасыл әйел) үлде мен бүлдеге оранған қыз-жігіттер, сәнді киінген бойжеткендер мен бозбалалар деп аударылады.

Қытай тілінде ақ түс (白) абыройсыз, мәртебесіз дегенді де білдіреді. Ақ түстің бұл мағынасы ежелгі киім кию үрдісіне де байланысты болған. Сюй патшалығы тұсында қарапайым халыққа ақ түсті киім киюжі бұйырған [5.,88б]. Сондай-ақ қытай тілінде ақ (白) ауыспалы мағынада босқа әуре болу, еңбегі зая кету, арамтер болу деген мағынада. Мысалы: 空白- бос жер; 一穷二白 - сіңірі шыққан кедей; 白跑一趟 - бостан босқа жүгіру деп аударылады.

Ал қазақ халқында ақ түс пәктік, адалдық, тазалық, имандылық символы. Ата-бабаларымыздан келе жатқан салт бойынша үйге кіріп кеткен жыланның басына ақ (сүт, айран, қымыз) құйып, оны өлтірмей, сыртқа шығарып жібереді. Бір-бірінің ақ дастарханынан дәм татқан адамдар ешқашан бір-біріне жамандық жасамауға тиісті. Қазақта ақ жол, ақ көңіл, ақниет, ақжүрек деген адал ниетті бейнелейтін сөздер де бар. Сондай-ақ, ақ түс кейде жағымсыз бейнелерді суреттеуде де қолданылады. Аққұс, ақсайтан, ақсирақ, ақкөз, аққұлақ және тағы да басқа. Тіпті, біздің ата-бабаларымыз қолынан түк келмейтін, жалқау, жатып ішер жандарды ақсаусақ деп атайды.

Ежелгі қытай мәдениетінде қара түс (黑) қасиеттің, төзімшілдіктің белгісі. Бірақ қазіргі таңда қараның керісінше мағынасын көп қолданыста. Мысалы: 抹黑 - біреудің абыройын жерге төгу; 黑帮, 黑社会 - банда, мафия; 黑心 - қара ниетті; 黑手 - қарақшы; 黑名单 - қара тізім т.б. Қазір қара сөзі арқылы заманға сай сөздер жиі қолданылады. Мысалы: 黑社会 - қара қоғам, яғни заңға қайшы шыққан топтар мен ұйымдар; 黑户- тұрақты тіркеуі жоқ отбасылар; 黑车 - құжатсыз көлік; 黑人 - тіркеуі жоқ адам; 黑货 - салығы төленбеген заттар; 黑名单 - қара тізім деп тура және ауыспалы мағынада қолданылады [6., 90б].

Қазақ халқында да қара түс жағымсыз бейне көрінісі болып саналғанымен, оның киелі мағынада да қолданылатын тұстары көп. Қазақта қара шаңырақ, қара қазан, қара бала, қара көз, қара сөз, қара орман, қара жер, қара нар, қара от, қара шал деген қасиетті ұғымдар бар. Қара түстің жағымсыз бейнені көрсететін ұғымдары: қара бет (ұятсыз, арсыз), қара ниет, қара жүрек, қара жалау (өлім белгісі), қара орамал (жесір қалып, аза тұту). Халқымызда қаралады, ақты қара деді, қара басты, қара

тұтты, қыр басында бір қара көрінді, қара домалақ (бала) деген тәрізді де сөз тіркестері мен атаулар да бар.

Талқылау. Аудармашының кездесетін қиындықтары тілдің ерекшелігімен және сол тілдің әр түрлі жағдаяттарда кездесетіндігімен тығыз байланысты. Қытай тіліндегі кейбір туыстық атаулардың көп мағыналылығы мен көп нұсқалығы, диалектілерде қолданылуы аудармада қиындық туғызады. Мысалы, Шандұндықтар 伯父 (әкесінің ағасы) немесе 叔父 (әкесінің інісі) “爸” (әке) деп атайды. Бірақ оның өзінде әкесінің жанұядағы ретіне орнына қарай атайды, яғни 大爸 (үлкен әке), 二爸 (екінші әке) және 小爸 (кіші әкем) деп бөліп атайды. Ал пекиндіктер 伯父 (әкесінің ағасы) көбінесе 大爷 (ата) деп, ал 叔父 (әкесінің інісі) ауызекі тілдегі 叔叔 деп атайды [7.,766].

Туыстық атауларды өзге тілге аударудың басты қиыншылықтары тілдердегі грамматикалық, стилистикалық жүйедегі ерекшеліктермен, ондағы сөздерді берудің семантикалық ерекшеліктерімен сипатталады. Туыстық атаулардың құрамына енген сөздердің, компоненттердің өзара байланысы да әр тілде әрқилы болып келеді. Сондықтан бір тілден екінші тілге туыстық атауларды аударған кезде, әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері айрықша көрінеді.

Қытайдың туыстық жүйесінде атаның жолына қатты көңіл бөлетіндіктен, “排行” тәртібін қатаң сақтауды талап етеді. Ол бойынша, егер бір буындағы аға өкілдері бірнеше болса, оларды жас ерекшеліктеріне қарай, 大伯 – әкенің үлке ағасы, 二伯 – әкенің екінші ағасы және 大嫂 – үлкен жеңге, 二嫂 – екінші жеңге тағы сол сияқты рет-ретімен ат қойыла береді.

Әдетте туыстық қарым-қатынаста вокативтерді қолдану көбірек кездеседі. Себебі вокативтерді қолдану адамдардың бір-біріне деген жақындығы мен сый-құрметті ресми атаумен шектемей, одан да жақын етіп көрсету үшін керек. Мысалы: 父亲 – 爸爸 - әке ; 母亲 – 妈妈 - шеше ; 伯父 – 大爷 – үлкен әке (әкенің ағасы) ; 伯母 – 大娘 - үлкен шеше (әкенің ағасының әйелі) т.б. Ал 堂兄弟 – немере аға-іні, 堂姐妹 – немере апа-қарындас, 表兄弟 – нағашы аға-іні, 表姐妹 – нағашы апа-қарындас сияқты атаулардың вокативтеріне “堂”, “表” иероглифтері әдетте қосылмай тек 兄弟, 姐妹 деп атай береді. Ал келін сол түскен шаңырақтың бір мүшесі болып кеткендіктен, күйеуі қандай вокатив қолданса, сол атауларды ол да қолдана береді [8., 896].

Туыстық атаулардағы негізгі шекараларға бетпе-бет атау және сырттай атауды жатқызамыз. Туыстарды атауда бетіне және сырттай атауға болады. Бұл туыстық атаулардағы маңызды бөлігі. Кейбір атаулар тек сырттай атауда ғана қолданылады, қаратпа атауда сирек кездеседі. Мысалы: 祖父, 祖母, 外祖母, 外祖父, 父亲 [fuqin], 母亲, 继父, 继母, 伯父, 伯母, 堂兄, 表兄, 丈夫, 妻子, 爱人 т.б. Ал кейбір атаулар тек қаратпа атауда ғана қолданылады, мысалы, 妈咪 сияқты еркелетіп, жақын тартатын сөздер. 爷爷, 奶奶, 老爷, 姥姥, 爸爸, 妈妈, 大爷, 大妈, 叔叔, 婶子, 哥哥, 姐姐 атаулармен бетпе-бет те сырттай да атай беруге болады [9., 1326].

当下贾母——指 与黛玉：“这是你大舅母，这是你二舅母，这是你先珠大哥的媳妇珠大嫂子 [Dāngxià jiǎ mǔ yīzhǐ yǔ dàiyù: “Zhè shì nǐ dà jiùmǔ, zhè shì nǐ èr jiùmǔ, zhè shì nǐ xiān zhū dàgē de xífù zhū dà sāozǐ] - Аудармасы: Сол кезде Зя шешей Дай Үйге бірінен соң бірін көрсетіп: Мынау сенің үлкен нағашы жеңгең, мынау екінші нағашы жеңгең, мынау сенің Жу ағанның әйелі (келіні) Жу жеңгең. Бұл сөйлемде төрт туыстық атау кездеседі. 大舅母 - үлкен нағашы жеңге; 二舅母 - екінші нағашы жеңге; 大哥的媳妇 – үлкен ағанның келіні; 大嫂子 - үлкен келіні.

Туыстық қатынастағы қыздың орны қытай халқы үшін де қазақ халқы үшін де бірдей болғанымен, нақты қыз балаға қатысты әр халықтың өз ұстанымы бар. Мысалы ортағасырлық қытай

қоғамында “重男轻女” яғни, ұл баланы қыз баладан артық санау күшті болса, қазақ халқында “қыз – қонақ”, “қыздың жолы жіңішке” деп қыз баланы алақанға салып, аялап, ренжітпеген. Қыздан тараған ұрпақ пен оның нағашы жұрты арасында қолданылатын атаулардың өзінен-ақ қытай халқында қызды туыстықтан шеттеткенін байқауымызға болады. Мысалы, нағашы ата немесе нағашы апа атауларының референтивті формаларына 外 – шет, бөтен, жат деген мағынадағы иероглиф тіркесіп келсе, одан бөлек нағашы аға-інілеріне 表 – сырт, тыс мағынадағы сөздермен берілген. Осы атаулардың вокативті формалары ғана сол алыстықты біраз жақын қылып көрсетеді, мысалы, 外公, 老爷, 外婆, 老老 – нағашы ата, апа т.б. [10., 1556].

Туыстық атаулар нақты туыстық жүйені көрсетеді. Қазақ және қытай тілдерінің тілдік және мәдени ерекшеліктерінің алшақтығынан, тек тікелей қандас туыстықты ғана мысалы, әке, шеше, ұл, қыз т.б. негізгілерін салыстыра аламыз.

Қорытынды. Қазіргі таңда елімізде қытайтану ғылымының дамуына байланысты қытай тілі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Оның ішінде аударма саласының да қосатын үлесі зор. Қазіргі заманғы қытай тіліндегі мәдениетке қатысты сөздердің табиғатын тану үшін, оларды жүйелі түрде зерттеп қана қоймай, ана тілімізге аудару қажеттілігі туындап отыр. Қытай тіліндегі мәдениетке байланысты сөздердің қазақ тіліне аударылмауы, зерттелмеуі олардың күрделілігімен және аударуда туындайтын қиындықтармен тығыз байланысты. Бұл мақалада мәдениетке қатысты сөздерді зерттеу, аудару арқылы біз тіл мен мәдениеттің өзара байланысын анықтауда жақсы мүмкіндікке қол жеткізуге болатынын анықтадық.

Мәдени сөздер ұлттық ерекшеліктің айнасы, келешекте оны ары қарай тереңдеп зерттеудің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Швейцер А. Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. - М.: Наука, 1988. -215 с.
- 2 Швейцер А.Д., Никольский Л.Б. Введение в социоллингвистику. - М.: Высшая школа, 1978.- 216 с.
- 3 Вильгельм фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. - М.:ОАО ИГ «Прогресс», 2000.- 400 с.
- 4 Тер-Минасова. С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово/Slovo, 2000. — 624 с.
- 5 Миньяр-Белоручев Р.К. Теория и методы перевода. – М.: Московский Лицей, 1996. - 298 с.
- 6 杨德峰. 汉语与文化交际. -北京:北京大学出版社.1999.- 271 页.
- 7 扬存田. 中国风俗概观.-北京大学出版社.1994年.- 348 页.
- 8 杨德峰. 汉语与文化交际. 商务印书馆, 2012年.- 200 页.
- 9 马宏基. 称谓语.- 新华出版社.1998.- 154 页.
- 10 刘孝存. 姓名、属相、人生.- 中国文联出版公司.1998年.- 232 页.

МРНТИ 16.41.53

Қатбаева Г.¹

¹ *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ ағартушыларының ең ірі қайраткері, данышпан ақын әрі ойшылы Абай Құнанбаевтың моральдық-философиялық, қоғамдық-саяси және кейіптік-сатиралық ой толғауларының жемісі болып табылатын асыл қазынасы – Қара сөздеріндегі сөз тіркестерінің қытай тіліне аударылуы баяндалады. Абайдың қара сөздеріндегі фразеологизмдердің шет тілдеріне аударылуында қателіктер көп кездеседі. Олардың бірнеше түрлері бар. Біріншіден, аудармашы фразеологизмді тұрақты емес, тура мағынадағы лексикалық бірліктер ретінде қабылдап, оны сөзбе-сөз аударды. Екіншіден, түпнұсқадағы жекелеген фразеологизмдердің өзге тіліндегі бар баламасын таба алмайды. Үшіншіден, түпнұсқада ауыспалы мағынада қолданылған тілдік бірліктерді фразеологизм ретінде қабылдайды және солай аударды. Бұндай жағдайларда аудармада түпнұсқаның мазмұны, мәні, көркемдік ерекшеліктері дұрыс беріледі деп айтуға болмайды. Ең басты талап - аудармашы фразеологизмді фразеологизммен аударуға ұмтылуы керек.

Түйін сөздер: фразеологизм, аудармашы, Абай, қара сөздер

Katbayeva G. ¹

¹*Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

TRANSLATION OF SUSTAINABLE WORD COMBINATIONS IN THE BOOK OF WORDS BY ABAI KUNANBAEV INTO CHINESE LANGUAGE

Abstract

This article describes the translation into Chinese of phraseological units in «The book of words», which are the treasury of moral, philosophical, socio-political and intellectual-satirical thoughts of the greatest figure of Kazakh enlighteners, a brilliant poet and thinker, AbayKunanbaev. There are many mistakes when translating phraseological units in Abay's words of wisdom into foreign languages. There are several types. Firstly, when the translator perceives phraseological units as a lexical unit in the literal sense, and not as stable phrases, and translates them literally. Secondly, he is faced with the problem of selecting an equivalent in the target language. Thirdly, linguistic units used in a figurative sense are perceived as phraseological and are translated as so. In such cases, it we cannot say that the translation correctly conveys the content, meaning and artistic features of the original. The basic requirement is that the translator should strive to translate the phraseological units of the original text using the phraseological units of the target language.

Keywords: Phraseology, translator, Abai, words

Катбаева Г. ¹

¹Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
г.Алматы, Казахстан

ПЕРЕВОД УСТОЙЧИВЫХ СЛОВСОЧЕТАНИЙ В СЛОВАХ НАЗИДАНИЯ АБАЯ КУНАНБАЕВА НА КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация

В данной статье описан перевод на китайский язык фразеологизмов в словах назидания, которые являются - сокровищницей нравственных, философских, социально-политических и интеллектуально-сатирических мыслей величайшей фигуры казахских просветителей, гениального поэта и мыслителя, Абая Кунанбаева. Существует много ошибок при переводе фразеологизмов в словах назидания Абая на иностранные языки. Есть несколько типов. Во-первых, когда переводчик воспринимает фразеологизмы как лексическую единицу в буквальном смысле, а не как устойчивые словосочетания, и переводит их буквально. Во-вторых, он сталкивается с проблемой подбора эквивалента в языке перевода. В-третьих, языковые единицы, используемые в переносном смысле, воспринимаются как фразеологические и переводятся как таковые. В таких случаях нельзя сказать, что перевод правильно передает содержание, значение и художественные особенности оригинала. Основным требованием является то, что переводчик должен стремиться переводить фразеологизмы оригинального текста используя фразеологизмы языка перевода.

Ключевые слова: Абай, слова, фразеологизм, переводчик

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтың айтуынша, қазақ ағартушыларының бір ірі қайраткері, данышпан ақын әрі ойшылы Абай Құнанбаев «өз халқының рухани көзі» болып, онымен бірге ойлап, сезіне білді және оның жарқын болашағына риясыз сенді. [1]

Қазақтың классикалық поэзиясының асқар шыңы болып саналатын – Абайдың мұрасы мол. Соның ішінде моральдық-философиялық, қоғамдық-саяси және кейіптік-сатиралық ой толғаулары болып табылатын «Қара сөздері» маңызды орын алады. Бұл ақынның көп жылғы ой-толғанысының, мазасыз көңіл-күй кешуінің және азаматтық жанайқайының жемісі. Шығарманың стилистикалық мұқият өңделуі, бейнелі тілі, ақынның ағынан жарылуы, оның адамгершілігі, биікке талпынуы, кеменгерлігі «Қара сөзді» адамзат тарихындағы ғаламат әдеби ескерткіштерінің қатарына қойып отыр.

Абай өзінің қара сөздерінде адамдық ар-ожданға кір келтіретін кемшіліктерден арылып, ең алдымен рухани өркениетке ұмтылуға, білім арттыру жолына түсуге және өз халқының ғана емес, басқа халықтардың да өнері мен кәсібін үйренуге шақыра отырып, мұның бәрі тәуелсіздікке жетудің бірден-бір дұрыс жол екенін атап көрсетті.

Абайдың пайымдауынша, осылай ғана әлемнің ұлы халықтарының деңгейіне көтерілуге болады. Уақыт кеменгер ойының дұрыстығын дәлелдеді. Бүгінгі таңда Абай шығармалары әр қилы халықтар мен мәдениеттерді жақындастырып, барлық көзі ашық адамзаттың рухани игілігіне айналып отыр.

Кез-келген халықтың тілі тұрақты сөз тіркестеріне бай болады. Тұрақты сөз тіркесі, фразеологиялық тіркес – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмасалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді. [3]

Әдістеме. Фразеологизмдер – күрделі тілдік құбылыс. Фразеологизмдердің поэзиядағы көркемдік қызметін пайымдау, анықтау және өзге тілде беру оңай емес. Абай, Пушкин сияқты ұлы ақындардың поэзиясындағы фразеологизмдердің мәнін, көркемдік қызметін басқа тілдерде беру аудармашыдан терең білімді, ақындық талантты талап етеді. Мұндай жағдайда аудармашының алдында бірнеше міндеттер тұрады:

- фразеологизм теориясының негізгі мәселелерін білу;
- фразеологиялық бірліктердің мәнін екі тілде бірдей терең білу;
- аудармада олардың мәнін, семантикасын, экспрессивті-стилистикалық қызметін лайықты жеткізу.

Ал бұл міндеттерді ойдағыдай іс жүзіне асыру фразеологизмді аудармашының аудармаға дейінгі талдауының, пайымдауының деңгейімен байланысты.

Фразеологизмдерді аудармаға дейінгі талдау кезеңінің алғашқы қадамынан-ақ аудармашы көптеген қиындықтарға кездеседі. Олардың бастылары қатарында мыналарды атауға болады:

- фразеологизмдердің құрылымын, құрамдас бөліктерін анықтау;
- олардың текстегі, контекстегі және жасырынмағынасын, мазмұнын, мәнін түсіну;
- көркемдік-эстетикалық қызметін анықтау;
- фразеологиялық бірліктің аударма тіліндегі толық баламасын табу;
- фразеологиялық бірліктің аударма тіліндегі жақын баламасын табу;
- фразеологиялық бірліктің мағынасын аудармада сипаттау жолымен беру, т.б.

Бұлардың әрқайсысы фразеологизмдерді аудару процесінің белгілі сатыларына сәйкес келеді. [6]

Аталған сатылардың алғашқысында анықталатын мәселелердің маңызы зор. Бұл жерде екі тілді жете білмейтін аудармашының қателесуі оңай. Абайдың қара сөздеріндегі фразеологизмдердің шет тілдеріне аударылуында осындай қателіктер көп кездеседі. Олардың бірнеше түрлері бар. Біріншіден, аудармашы фразеологизмді тұрақты емес, тура мағынадағы лексикалық бірліктер ретінде қабылдап, оны сөзбе-сөз аударды. Екіншіден, түпнұсқадағы жекелеген фразеологизмдердің өзге тіліндегі бар баламасын таба алмайды. Үшіншіден, түпнұсқада ауыспалы мағынада қолданылған тілдік бірліктерді фразеологизм ретінде қабылдайды және солай аударды. Бұндай жағдайларда аудармада түпнұсқаның мазмұны, мәні, көркемдік ерекшеліктері дұрыс беріледі деп айтуға болмайды. Ең басты талап - аудармашы фразеологизмді фразеологизммен аударуға ұмтылуы керек. Дегенмен, көп жағдайда түпнұсқа мен аударма тілдерінде сәйкес фразеологизмдер табыла бермейді. Мұндай жағдайларда сипаттама беруге, калькалауға, лексикалық аударма жасауға, контекстуалды ауыстыруға, таңдап аударуға тура келеді. Фразеологизмдерді аударуда лексико-грамматикалық, семантикалық трансформациялардың қай-қайсысын да лайықты жерінде орнын тауып қолдануға болады [4]

Тұрақты сөз тіркесі дегеніміз екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалып, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді.

Нәтиже және талқылау. Абайдың қара сөздерінде кездесетін тұрақты сөз тіркестеріне талдау жасауға тоқталатын болсақ. Бірінші қара сөзінде Абай жазуға қалай кіріскені туралы сөйлейді. Бұнда өмірбаяндық дерек бар және өзінің жалпы шығармалық еңбегіне ойлы түсінік береді. Бірақ кейін осы тақырыпқа өзге қарасөздерде оралмайды. Бірінші қара сөзіндегі «Мұңдасып, *шер тарқатысар* кісі болмған соң» деген сөйлемі «没有知心人互相谈心» деп аударылған, «шер тарқату» тұрақты сөз тіркесі қытай тілінде «谈心», яғни шер тарқату деп берілген. Келесі бір тұрақты сөз тіркесі «ермек қылу» сөз тіркесі екі рет кездеседі және екі түрлі аударылады. «Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді білмей отырмын, не бол деп бағам? Оны да *ермек қыла алмадым*» қытай тілінде «不!不能拿教育儿童当儿戏» деп аударылған, яғни ермек қылу деген мағынаны беріп тұр. «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны *ермек қылайын...*» қытай тіліне «最后我想, 还是用笔墨纸张来消磨时间» уақытын өткізу тіркесімен берілген.

Екінші сөзінде — халықтарды салыстырады. Қазақ, ноғай (татар), сарт (өзбек), орыс сияқты көршілес елдерді оқушысы қазақ жұртшылығына әділетті достық көңілмен ұғындырып береді. Өңгімені жай бір тыңдаушылар тобында отырғандай, жеңіл әзіл тәрізді бастап, өз халқының дәлелсіз үстірт өзімшілдігін мысқыл ете келеді. Содан барып шын сыншыл ойларына ауысады. Еңбек сүйген ел атаулының бәрі де қазақтай еңбексіздікке мол салынған және сол еңбекті өнеркәсіпте, күндегі тірлікте көрші елдің бәрінен кейін қалып отырған халқына үлгі берерлік, артық елдер болып бағаланады. Екінші қара сөзінде «Орыс ойына келгенін қылады деген» қазіргі таңда тұрақты тіркеске айналған, осы тіркесті қытай тіліне былай аударған екен «俄罗斯人想起什么就干什么». «Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, *шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып*, зор болғандық әсері» қытай тіліне «他们所以能有今天, 是因为能互相团结, 管好经济, 学习技术, 发展生产的结果» деп берілген. Қытай

тіліндегі аудармасы қазақ тіліндегі баламаға онша келмейді. Автор бұл тұста ұқсас мағынаны өз сөзімен берген.[7]

Тақырып жағынан алғанда, үшінші сөз де өзінше бөлек бір алуан. Бұнда қазақ сахарасын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді. Сол күндегі ел тірлігінің қайшылық, ауыртпалықтарын молайтып отырған патшалық өкімет туралы да ой қозғайды. Болыс атаулының елге сор болатын тынымсыз сойқанды мінездерін әшкерелейді. «Уақытша себі бола ма» деп біреу ұсыныстар айтады. Сол ретте ендігі болыс орысша оқуы бар адамнан болса екен дейді. Және тергеу мен үкім шығаратын қазақтың биі, сот орны туралы пікір айтады. Ел ішіндегі дау оңай шешілу үшін, әділетпен аяқталу үшін патшалық өкімет сайлаумен қойып жүрген билер болмаса екен дейді. Абайдың ойында да билік, тергеу халықтың қамына жақын болсын. Жұртшылыққа залалды жаманшылық атаулы орынды жазасын алатын болсын деген қамқорлық талап бар. Бұл қарасөз Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді. Өлеңдік шығармаларында өз заманының шындықтарымен қолма-қол байланысты болып, оны сынау арқылы пайдалы іс етемін деген ақын жаңағы қарасөзінде сол әлеуметтік, әкімшілік қалпына нақтылап араласқысы келеді. Әсіресе халыққа күнделік іс-әрекеттерімен бейнет, дерт әкеліп отырған тергеушілік тәртіптің сорақылықтарымен алысуға кіріседі. Үшінші сөзінде «Осындай қастарға *сөзім өтімді* болсын деп....» сөз өту тіркесін«压倒对方.....» қарсыласқа қысым көрсету тіркесімен алмастырады.«Ел екі жар болған соң, кім *ант ішінақтап*, арамдығын жақтап.....» ант ішу тұрақты тіркесін «可是人们分成两派, 谁只要**昧着良心替他们说话**»昧良心 – ұятын жоғалту деген тіркеспен беріледі. «Ол адам *басын құтқармақ* үшін жамандарға жалынса, оның да *адамдығының кеткені*, егер жалынбаса, тергеуші, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, *басы қатерге түсіп* өткені» «如果他们为了**自身的安全**给坏人让步, **会丧失人格**; 如果不让步, 会给他们**强加上种种莫须有的罪名**, 使他们无法工作, **甚至遭到不幸**» басын құтқару – 自身的安全, адамдықтың кетуі –会丧失人格, басы қатерге түсу – 遭到不幸 қытай тіліндегі ұқсас тіркестермен берілген [2] [5]

Сегізінші сөзінде «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, *дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр*». «Басына дәулет қону» тіркесі қытай тіліне“至于巴依, **眼下他们是幸运者, 仿佛世界的半财富握在他们手里**”, «Көңілдері көкте, көздері аспанда»- “他们的心比天还高, 眼睛长在头顶上”деп аударылған, қытай тіліндегі аудармасында сөз тіркесі қолданбаған, мағынасына қарай аударған.

Тоғызыншы сөзінде Абай қазақ халқының болмысы туралысөз қозғайды, олардың теріс қылықтарын сынайды. Бұл қара сөзде бірнеше тұрақты тіркестер кездеседі «үміт үзу- 失望» қытай тілінде де осындай ұқсас тұрақты сөз тіркесі бар, ұқсас тұрақты тіркеспен алмастыру әдісін қолданған. «Көңілге тыянақ қылу- 使人感到安慰的某些东西» мағынасына қарай қытай тілінен аударылған, тұрақты сөз тіркесімен алмастырылмаған. «Көңілге қуат қылу» тұрақты тіркесі қытай тіліне «为了**安慰自己**» деп мағынасын сөйлем арқылы берген. «Сырты сау іші өлу» тұрақты сөз тіркесі қытай тіліне «人虽然活着, 心已经死了» – Тірі жүрсе де өлген адамдай деп сөйлем ретінде аударылған. «Қайраты, жалыны сөну»сөз тіркесі қазақ тілінен қытай тіліне «另立门庭了» басқа есік алдында тұрып қалу деген мағынамен аударылған. Қазақ тіліндегі «қуыс кеуде» тұрақты сөз тіркесі «**觉得自己是一副空架子**» қытай тілінде «空架子»-«бос орын» тұрақты сөз тіркесімен алмастырылған, яғни қытай тіліндегі баламасы берілген.

Оныншы сөзінде бала тәрбиесіне тоқталады. Қазақ халқының балаға деген көзқарасының дұрыс еместігін сын етеді. Кездесетін тұрақты тіркестер «орнын басу- 延续自己的香火», «қамын жеу- 去操心», «қорлық көру - 受折磨» сияқты тұрақты сөз тіркестері. Қазақ тіліндегі «орнын басу»тұрақты сөз

тіркесі қытай тіліне «延续自己的香火» деп аударылған, яғни қытай тіліндегі «отын сөндірмеу» тұрақты тіркесімен мағынасына қарай алмастырылған. [2]

Он екінші Абай дін мәселесіндегі иман туралы сөз қозғайды. Бұл сөзінде «Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны Құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмады» сөйлеміндегі «құдай ұрды» тұрақты тіркесі қытай тіліне аударылмаған. Қытай тіліндегі нұсқасы «无论是谁, 还没有学好便中断学习, 是不会有成效的» нәтижесіз қалады деген мағынамен берген. «Көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салды» сөйлеміндегі тұрақты тіркестері «正象男女婚事中沒有相亲就下聘礼是一样的», яғни адаптация әдісін қолданып, қазақтың салт-дәстүрін қытай оқырмандарына түсінікті болу мақсатында аударған.

Он үшінші сөзінде иман мәселесін жалғастырады. Оның екі түрін ажыратып береді. Қазақ тіліндегі «мойын ұсұну» тұрақты сөз тіркесі қытай тіліндегі баламасы «顺从» тұрақты сөз тіркесімен алмастыру әдісі арқылы аударылған. «Көңілі қозғалмастай берік болу» тұрақты тіркесі қытай тіліне «加以引诱也不为所动» деп аударылған.

Он төртінші қара сөзінде жүрек ұғымына түсініктеме береді, сонымен қатар жүректің қасиеттерін анықтайды. Бұл тұста кездесін «жүректі кісі - 有心人», «мақтауға сыймау- 并不值得夸奖», «айтқанға көну- 听教诲», «уәдеде тұру- 信守诺言», «бойын жаманшылықтан жию- 勇于改正错误» сияқты тіркестер аудармадағы баламамен алмастыру әдісін қолдану арқылы қытай тіліне сәтті аударылған. [2]

Он бесінші сөзінде Абай ақылды мен ақылсызды бөліп көрсетеді, оларға тән қасиеттерін санап береді. Бұл сөзде кездесетін тұрақты тіркестер «көңіл сүйсіну» қытай тіліне «思维» - жақсы ойлау сөзімен берілген. «Өмірінің қызықты шағын итқорлықпен өткізу- 最有价值的时间到未了» аудармасындағы «итқорлықпен өткізу» тіркесі қытай тіліндегі «уақытының соңына жету» сөз тіркесімен алмастырылады. Қазақ тіліндегі «жастығы тозу» тіркесі қытай тіліне «认为能永远保住青春» өте ұқсас тіркеспен берілген, яғни өмір бойы жастығын сақтап өтемін деп ойлау тіркесімен аударылған. «Буыны босау» тіркесі қытай тілінде «精力会衰退» тура мағынасында аударылған, яғни «күші кету» тіркесімен алмастырылады. «Ақылдың көзін байлау» тұрақты сөз тіркесі қытай тіліне «蒙住智慧的眼睛» тура мағынасында сөзбе-сөз аударылған. [2]

Он жетінші қара сөзінде Абай қайрат, ақыл және жүрек үшеуін бір-бірімен сөйлестіріп, қайсысының маңызды екенін үшеуінің арасында пайда болған дау арқылы көрсетеді. Бұл ретте «бойын қайта жию- 回心转意», «жүрекке билету- 让心来指挥», «табанының топырағын көзге сүрту - 他踩过的尘土都有助于恢复盲人的视力» тұрақты тіркестері қытай тіліне балама тіркестермен аударылған.

Он сегізінші қара сөзінде адам баласының киімді қалай кию керектігі, қазақ халқының кербездікке жақын болатындығын сөз етеді. Қазақ тілінің «ішін күйдіру» тіркесі қытай тілінде «赞赏» мақтану етістігімен аударылған. Тұрақты тіркесті мағынасы жағынан ұқсас сөзбен беру әдісі қолданылған.

Абайдың жиырма бесінші сөзінде адаммен тағдырлас болатын жалығу сезімінің қандай нәрсе болмасын жалығатын кезінің келетіні туралы айтады. Осы қара сөзде «көңілі суыды» тұрақты тіркесі «使人生产厌倦情绪» - адам бір істен жалықты деген мағынамен аударған.

Жиырма төртінші қара сөзінде автор қазақ халқына тән мақтаншақтық, бірін-бірі аңдуы, көре алмауы сияқты жат қылықтарға сын айтады. Осы тұста кездесетін «сұғын қадау» тұрақты тіркесі қытай тіліне «**打注意**» мағынасын тура беретін тұрақты тіркесімен берілген. [3]

Жиырма алтыншы сөзінде өз халқының құр нәрсеге қуануы жанына бататындығын сөз етеді. Жиырма алтыншы қара сөзінде «жер болу - **极大的侮辱**» қытай тіліндегі ұятты болу тіркесімен берілген, «жерге кіру тіркесі» қытай тіліне «**感到无地自容**» мағынасы бірдей тұрақты тіркесті ұтымды қолдану арқылы аударған, қазақ тіліндегі «көзі жету» тіркесі қытай тілінде «**看得很清楚**» - анық көру тіркесімен алмастырылған.

Абайдың отыз бірінші сөзінде адам баласы жадыны төрт түрлі әдіспен жаттықтыру туралы айтады. Мұнда кездесетін «көкірегі байлаулы берік болу» тұрақты тіркесі «**应该集中精力**» - күшін жинау тіркесімен берілген, «көңілге бекіту» тіркесі қытай тіліне тура мағынада аударылған «**巩固自己的记忆**» - жадына мықтап сақтау деген мағынада берілген.

Отыз екінші қара сөзінде Абай Құнанбаев білім-ғылымға үйрену үшін талаптану қажет екендігін айтады. Осында «қызыққа шайқалу» тіркесі қытай тіліне «**无法控制自己**» - өзін бақылай алмау деп берілген. «Көзі жету» тіркесі «**发现**»- етістігімен берілген. «Құрмет күту тіркесі қытай тіліне «**尊重**»- құрметтеу етістігімен берілген.

Отыз төртінші қара сөзде дін мәселесі туралы сөз қозғайды. Бұл дүниеде қонақ екенін, бұл дүниеде өзін қалай ұстаса, о дүниеге барғанда жауап тартатыны туралы айтып кетеді. Осы тұста «көз аларту- **羡慕, 嫉妒**» қызғану етістігімен аударылған, «еңбегін жандыру- **赏识劳动**», «екі сөздің басын қосу- **讲两句**» тұрақты тіркестері қытай тіліне аударылған.

Отыз бесінші қара сөзінде дін мәселесі әрі қарай жалғасады. Дінге жақынмын дегендердің өзін жауапқа тартатындығы туралы айтады. Бұл қара сөзде «құрмет алу- **得尊重**», «өмірін сарып қылу - **耗费精力**» тіркестері қытай тіліне баламасын беру әдісімен аударылған. [2]

Тұрақты тіркестердің қара сөздердің бірнешеуінде қайталану жағдайы кездеседі. Отыз алтыншы қара сөзінде «кіреге жер таба алмау- **感到无地自容**» мағынасы бірдей тұрақты тіркесті ұтымды қолдану арқылы аударған, «бойға теріс қылық - **身份不相称的行为**», «адамшылыққа кесел қылық- **玷污人格的事**», «тілге сөз түспеу, көңілге ой түспеу- **心烦意乱, 想讲话也无从讲起**» деп аударылған.

Отыз жетінші қара сөзінде Абайдың афоризмдері берілген. Түрлі құбылыстарға өз ойынан қысқаша сипаттама береді. Осы тұста кездесетін кейбір афоризмдер қазіргі қазақ тілінде мақал-мәтелдер ретінде кеңінен қолдануда. Бұл сөзде «көрікті ой- **美好愿望**», «өңі қашу - **并不悦耳动听**», «көңілі өшу- **使你失望**», «көңілі уану- **得到安慰**» тұрақты тіркестерінің аудармасын кездестіруге болады.

Отыз тоғызыншы қара сөзінде қазақ халқына тән теріс қылықтардың көптігін, олардың халық ретінде дамуына кері әсер тигізетіндігі туралы айтады. Қара сөзде «қара жұрт» тіркесін қытай тіліне «**其他人**»- өзгелер деп аударған.

Қырықыншы қара сөзінде қазақ халқының теріс қылықтарының бірі – жамандау туралы сөз қозғайды. Тірісін де, өлісін де жамандайтын халықтың барар жері алыс еместігін де ескереді. Осы тұста «құлақ қоймау» тіркесі «**不愿意听**» - тыңдағысы келмеді деп аударылса, «сүттей ұю - **全神贯注**» қытай тіліндегі жан-тәнімен берілу балама тіркеспен сәтті аударылған.

Қырық екінші сөзінде Абай қазақ халқының еріншек екенін айтады, жұмысы жоқ адамның жаман қасиеттерге жақын болатындығын сөз етеді. Осы орайда «тамақ асырау– 讨一顿便宜吃饭», «сөз анду - 专门探听自己无关的消息» тіркестері қытай тіліне мағынасына қарай аударылған.

Қырық үшінші сөзінде Абай адам баласының тән мен жаннан тұратындығын, екеуінің арасындағы туа біткен қасиет пен өмір барысында жинақталған қасиеттерден тұратыны туралы бірер сөз қозғайды. Бұл жерде «көңілге түсу - 使人生产感觉», «көңілде суреттеу- 在人的认识里留下不同的印象», «ақыл беру- 不赐给智慧», «жүректі кірлету- 心灵玷污», «жүректің айнасын бұзу- 心的明镜将遭到损坏» тіркестері қазақ тілінен қытай тіліне тура мағынасында аударылған. [2]

Қорытынды. Ұлтымыздың ұлы перзенті Абай – қазақтың шыңы. Абай ұлы ақын, халқымыздың маңдайына біткен жарық жұлдызы, композитор, аудармашы, философ, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Абайдың қара сөздері – ақынның тереңнен толғаған озық ойларының шынайы туындысы.

Абайдың қара сөздерін қытай тіліне аударған қытай тілінің аудармашысы Ха Хуан Жаң(哈拜译·阿克利亚 箴言集) қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың шығармашылығын әлем және қытай халқына паш етті. Ха Хуан Жаң бала кезінде алғаш рет Абайдың өлеңдерін оқығаннан-ақ Абай шығармашылығына ғашық болып , Абайды тану мақсатында ақынның шығармаларын аударуды ұйғарады. Өмірінің соңына дейін Абай шығармаларын аударумен болған Ха Хуан Жаң әрдайым: “Жібек мата табылмайтын жерде, қарапайым матаның өзі керемет болып көрінеді. Мен қарапайым аудармашымын, бар болғаны қолымнан келгенін істедім”, - деп кішіпейілдік танытып, Абай шығармаларын аудару өзі үшін үлкен мәртебе екенін айтып өткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Абай. Қара сөздері. А., 2010.
- 2 哈焕章. 阿拜 诗文全集. 新疆 1994.
- 3 Әуезов М. Абай Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Ғылым» баспасы 1967. 391 бет.
- 4 Байтұрсынов Ахмет. Қазақтың бас ақыны. – Алматы: «Қазақ газеті» 1913
- 5 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – Т.15. – 394 б.
- 6 Мырзахметұлы М. Абайтану: = Астана: «Interactiv Kazakhstan» баспасы 2014.
- 7 Ысмағұлов Ж. Абай дәстүрі және оның XX ғасыр басындағы әдебиетте дамытылуы // Қазақтың бас ақыны: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Дәуір, 2004. – 120 б.

МРПТИ 16.41.53

Abenova P.¹

¹Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan

LINGUOCULTURALASPECTSOFTTRANSLATION OF MODERNAMERICANGONZO- REPORTING

Abstract

This article discusses linguistic and cultural aspects of translation of modern American gonzo-reporting on the example of the book written by Thompson Hunter, who is father founder of genre “gonzo”. The genre “gonzo” appeared first in the USA within the new branch of journalism, which is called “New Journalism” and it developed there as well. Gonzo-reporting is a type of a text, where author uses subjective 1st person narration. He actively participates in the event that he describes. Gonzo-text has its specific stylistic and linguistic peculiarities, due to the fact that author speaks mind freely, uses humor, sarcasm, irony, jargons, slangs etc. Gonzo-texts contain deep descriptions of many details, explanations to author’s actions in reality. The translator’s main aim in translation of gonzo-reporting is to conduct adequate translation form linguistic and cultural aspects. The article provides a comparative and contrastive analysis of translations and the original; it discusses various approaches and criticism to the translation text.

Keywords: gonzo reporting, gonzo-text, new journalism, translation, translation skills, translation transformations

Әбенова П.¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар, және әлем тілдері Университеті,
Алматы, Қазақстан

ЗАМАНАУИ АМЕРИКАНДЫҚ ГОНЗО-РЕПОРТАЖ АУДАРУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ЛИНВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа

Мақалада гонзо жанрының негізін қалаушы Томпсон Хантердың кітаптарының негізінде заманауи американдық гонзо-репортажды аударудың лингвистикалық және мәдени аспектілері қарастылылады. Гонзо жанры алғаш рет АҚШ-та пайда болып, «жаңа журналистика» деп аталынатын журналистиканың бір түрі аясында дамыған. Гонзо-репортаж дегеніміз мәтіннің бір түрі, онда автор орын алып отырған жағдайдың тікелей қатысушысы ретінде сол жағдайға қатысты өзінің субъективті пікірін жазады. Гонзо-мәтіннің өзіндік стилистикалық және лингвистикалық ерекшеліктері бар, себебі онда автор ауыз-екі тілді, юморды, сарказмды, иронияны, жаргонды, сленгті және т.б. сөздерді жиі қолданады. Аталмыш мәтіндерде автор шынайы өмірде орын алып жатқан іс-әрекеттерге егжей-тегжейлі сипаттама береді. Гонзо-репортажды аударуда аудармашының басты мақсаты мәтінді лингвистикалық және мәдени тұрғыдан дұрыс аудару. Мақалада аударма мәтініне қатысты салыстырмалы, салғастырмалы талдау жасалып, түрлі сыни пікірлер талқыланады.

Түйін сөздер: гонзо-репортаж, гонзо-мәтін, жаңа журналистика, аударма, аударма шеберлігі, аударма трансформациялары

Әбенова П.¹

¹ *Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана, г. Алматы, Казахстан*

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПЕРЕВОДА СОВРЕМЕННОГО АМЕРИКАНСКОГО ГОНЗО-РЕПОРТАЖА

Аннотация

В данной статье рассматриваются лингвистические и культурологические аспекты перевода современного американского гонзо-репортажа на примере книг Томпсона Хантера, который является основателем жанра гонзо. Жанр гонзо появился и развивался в США под одним из направлений журналистики, которую называют «новой журналистикой». Гонзо-репортаж - это вид текста, в котором автор использует субъективный стиль повествования от первого лица, он вымывает ступает в качестве участника событий, которые он описывает. Гонзо-текст имеет свои стилистические и лингвистические особенности, так как автор часто использует свободную лексику, юмор, сарказм, иронию, жаргоны, сленги т.д. В подобном тексте присутствует огромное количество деталей, подробных описаний авторских действий в реальности. В переводе гонзо-репортажа лингвистические и культурные корректно переданное сообщение является главной задачей переводчика. В статье производится сравнительный и сопоставительный анализ переводов и оригинала, рассматриваются различные подходы и критика к переводному тексту.

Ключевые слова: гонзо-репортаж, гонзо-текст, новая журналистика, перевод, мастерство перевода, переводческая трансформация

Introduction. Gonzo-text is a type of a text, where author uses subjective 1st person narration. He actively participates in the event that he describes. Gonzo-text has its specific stylistic and linguistic peculiarities, due to the fact that author speaks mind freely, uses humor, sarcasm, irony, jargons, slangs etc. Gonzo-texts contain deep descriptions of many details, explanations to author's actions in reality, however these kind of descriptions and explanations are not valuable in presenting the main idea. Therefore, text covers events from the very beginning until the end. This approach allows the reader to be certain of information reliability.

Gonzo-text is mostly peculiar to American media. However, since the beginning of XXI century, it has become popular among post-soviet journalists. The term “gonzo” was used in journalism for the first time in the beginning of 1960s. The word “gonzo” stands for the meaning as “crazy”, “freaky”, “cracked” [1,1p]. Thus, we may say gonzo-journalism is “crazy journalism”, this is the most appropriate description for this genre. Gonzo-journalism – is a branch of journalism, known for the fact that all journalistic material is written in the genre of subjective and emotionally colored reporting. Author there presented not only as a participant of the event, but its' main hero [1,3p]. Author describes event as a reporting. Therefore, gonzo-text becomes visual, a phased description of the event makes it dynamic and specifications make it informative. Excellent gonzo-text should cause participation effect on reader. Because author does not only retell the event, but also he presents to the reader his attitude to this event and show his reaction.

Cinema industry and printed media supported further development and spread of gonzo-journalism in the USA and all over the world. “Thompson Hunter's article “Derby in Kentucky” is considered to be the first work in gonzo style, it was published in the magazine “Scanlan's Monthly” in 1970” [3,1p]. In this article journalist, Thompson Hunter used unusual and new writing style in his descriptions of certain event that readers used to see at the pages of newspapers. Thus, his writings were of interest. He described not an event directly, for what he was sent there for, he mostly described the crowd that gathered in that place to see the event and clearly expressed his attitude to each person of this crowd.

Thompson Hunter wrote variety of articles for the magazine “Rolling Stones”, those articles were popular enough among readers of that time. Later he wrote a book “Fear and Loathing in Las Vegas”, it was partly published in abovementioned magazine.

Methods. Many articles written in gonzo style were related and devoted to the politics, there gonzo-authors judged and criticized existing government and officials. There is an example from T.S. Hunter's book “Kingdom of fear”:

“- George Bush is far greater than Roosecelt, said my lawyer. I wish we could be with him now.

- *You fool, I snorted. If Teddy Roosevelt were alive today, he would be so ashamed of this country that he would slit own wrists*” [4,14p], it should be mentioned that gonzo-authors considered to be the enemy of political world.

Here is one more example,

“It would be easy to say that we owe it all to the Bush family from Texas, but that would be too simplistic. They are only errand boys for the vengeful, bloodthirsty cartel of raving Jesus-freaks and super-rich money mongers who have ruled this country for at least the last 20 years, and arguably for the past 200. They take orders well, and they don’t ask too many questions”[4,18p].

Saying “Buches” the author meant both USA presidents, father and son – George Bush. He publically announces that the president of the country is “errand boys” and a certain third power manages the government by controlling the president. In the majority of world countries, the government would impose severe punishment to the author of these words, but not in the USA, where freedom of expression is fundamental law. However, T.S. Hunter challenges this law,

“The real power in America is held by a fast-emerging new Oilgarchy of pimps and preachers who see no need for Democracy or fairness or even trees, except maybe the ones in their own yards, and they don’t mind admitting it. They worship money and power and death. Their ideal solution to all the nation’s problems would be another 100 Year War”[4,18p]. – there the author believes that money controls the government. It means the power is in hands of rich men. The author concludes, *“I like this book, and I especially like the title, which pretty well sums up the foul nature of life in the U.S.A. in these first few bloody years of the post-American century. Only a fool or a whore would call it anything else”* [4,19p]. This is how the author condemns and blames that the power is not in president’s hands, notions as “democracy” and “freedom” are not milestones of the state law, and people are not the only source of power. This is what T.S. Hunter calls gonzo style.

Gonzo-authors’ articles and stories are rarely translated in Russian language. There are some reasons of this tendency. Gonzo-journalism is cultural phenomenon in journalism, which is peculiar to certain countries and nation. Because gonzo-journalism describes events that took place in certain country, even city. These events are regional, so understandable only for people of that region, while others may get confused, misunderstood or even experience severe cultural shock while hearing it. This cultural aspect is one of translation challenges to the other languages. In this case, difficulty is not caused by language units, it is caused because of adequacy of translation of cultural aspect of the material to the other language as well as to its’culture. It is important to note, that gonzo style is new genre among CIS country authors, however since 2000, it has become popular and crucial within this region. Russian translators lately translated T.S. Hunter’s many works to Russian language from English. For example, one of the most popular books “Fear and loathing in Las Vegas”, which was published in 1971 in the USA, was translated in Russian language in 2019 by translator Alex Kervy. Another book called “Better that S*x”, which was published in 1994, was translated in Russian language in 2009 by translator A. Skobina. One of the latest T.S. Hunter’s book “Kingdom of Fear” published more recently in 2003, translation in Russian language appeared only in 2018 by Russian translator D. Veber.

There is a comparison of original English book and its’ translation in Russian language. We have analyzed the book “Generaltion of swine” written by T.S. Hunter in 1988 and its’ translation in Russian language by V.B. Skobin.

“- He is quitting the race,” he said. “We just got the word. He’s going on TV in Boston in 10 minutes to announce his final decision.

- You lying swine! I shouted. Why do you bother me with these cheap political rumors?

- This one’s true, he said. The man is pulling out. The whole campaign staff is terminated as of 10 o’clock this morning. People are weeping and clinging to each other. I just lost \$500 a day for the next two years.

- Never mind the money. What’s happening?

- Madness, hereplied” [5,57p].

Translation:

“- <http://loveread.ec/notes.php?id=34331>Кеннеди вышел из гонки, - сказал Скиннер. - Он только что сообщил нам об этом. Через десять минут он поедет в Бостон, чтобы зачитать свое окончательное решение в прямом эфире.

- Врешь, свинья! - закричал я. -Опять ты злишь меня своими дешевыми политическими сплетнями?

- На этот раз слухи соответствуют действительности, — сказал он. — Парень спрыгнул с поезда. Сегодня в десять утра уволили всю команду. Расставаясь, люди обнимают друг друга и плачут. Я только что потерял пятьсот долларов в день — зарплату, которую я рассчитывал получать следующие два года.

- Плевать на деньги! Что случилось?

- Безумие, -ответил он” [6,13p].

It is peculiar to gonzo-text to provide information in the format of dialogue. This approach is used to easily explain position of each person, their attitude to each other and character of participants. In this dialogue, two people discuss political changes in the country. One person tells the news, and persuades the other participant to believe in something.

The translator V.B. Skobin used several translation transformations. For example, in the sentence, “*He is quitting the race*” - pronoun “*He*” is replaced by proper names “*Кеннеди*” и “*Скиннер*” - this transformation is called modulation, it is used to let Russian reader easily understand who are participants of dialogue, and avoid confusion. Also the part “*This one’s true*” - is translated “*На этот раз слухи соответствуют действительности*”, and the part “*The man is pulling out*” sounds as “*Парень спрыгнул с поезда*” - there we may notice one more transformation – addition. In the original text words as “*слухи*” and “*поезд*” are not mentioned. Translator intentionally added this information to present completed and full idea in Russian language. English sentence “*Never mind the money*” translated as “*Плевать на деньги*” - there translator delivered not direct meaning of the word “*never mind*”, which in Russian has meaning as “*необращай внимания*”, “*забудь*”. Therefore, translator could save situational intention of speech author and translation is adequate.

Results. As we mentioned above author expresses his own personal point of view and describes the situation from 1st person narration. We will consider one more example from the book “*Generation of swine*” chapter “*Saturday night in The City*” as well as its translation:

“- *I dropped Maria off in front of the tattoo parlor just before midnight. There was no place to park on the street, so I sent her inside and found a place on the sidewalk, in front of a house with no lights*” [5,14p].

“- *Why not? I figured. Black car, dark sidewalk, nothing but cranked Chinese teen-agers on the street...and we did, in fact, need the story. The week had been too long and fast for wise and considered reflection. I had lectured for something like 166 straight hours on morals and manners and politics, in addition to drugs and violence. I had been awake for too long*” [5,15p].

V.B. Skobin’s translation:

“- *Я высадил Марию перед тату-салонем незадолго до полуночи. Места для парковки на улице не было, поэтому я отправил ее в салон, а сам припарковался на боковой дорожке, перед домом с темными окнами.*

- *Почему бы и нет. Прикинем. Черная машина, темная боковая дорожка, на улице никого, кроме психованных китайских подростков... а нам необходим сюжет. Слишком долгая и чумовая неделя не располагала к мудрым, спокойным размышлениям. Примерно 166 часов подряд я читал лекции о морали, нравах и политике — в дополнение к наркотикам и насилию. Я слишком долго не спал*” [6,2p].

In this part, the phrase “*found a place*” is translated as “*припарковался*”. Translator paraphrased English phrase, and used translation transformation exactly in this part “*There was no place to park on the street*”, main character was looking for a place for the specific purpose – parking.

These words “*cranked Chinese teen-agers*” - “*психованных китайских подростков*”, “*figured*” - “*Прикинем*”, “*fast*” - “*чумовая*” - translated in these ways to underline author’s way of speaking.

Gonzo-author’s frequently use descriptive sentences to explain whole situation. Through description author vividly presents characters and situation that occurred. Moreover, descriptive sentences emphasize author’s attitude to the object, therefore, help to express author’s personal point of view in extended way. There is an example:

“- *Huge brains, small necks, weak muscles and fat wallets – these are the dominant physical characteristics of the ‘80s . . . The generation of swine.*

- *We had barely settled in – with a flagon of iced Near Beer and a full dinner of Spicy Hot nuggets from the Kentucky Fried Chicken people in lower Daly City – when a series of horrible beatings climaxed abruptly in a frenzy of teen-age political blather from Sylvester Stallone, and then the movie was over*” [5, 27 p].

V. B. Skobin’s translation:

- *Большие головы, тонкие шеи, слабые мускулы и толстые бумажники — вот преобладающие физические признаки восьмидесятых... Поколение Свиней.*

- Только мы расположились с кувшином ледяного пива и хорошим ужином — а мы взяли по порции “острого цыпленка” от “Кентукки ФрайдЧикен” из Дэйли-Сити — как сцены жестоких избиений внезапно завершились оргазмом подростково-политической болтовни Сильвестра Сталлоне. На этом картина кончилась” [6,25p].

There author provides detailed description of representatives' appearance - Generation of swine. “Huge brains, small necks, weak muscles and fat wallets – these are the dominant physical characteristics of the '80s . . . The generation of swine” - through this sentence reader may imagine character of those representatives of generation of swine. The following part “with a flagon of iced Near Beer” is translated as “скувшиномледяногопива”, here we notice that beer producer company “Near” is omitted in translation. This translation transformation is used intentionally, because the company's name “Near” does not bear any important information to the Russian reader, this omission also helps translator to avoid confusion. This technique is called pragmatic translation adaptation. However, the name of fast food producer “Kentucky Fried chicken” sounds in translation.

In this part, the author used vulgar words as “series of horrible beatings climaxed abruptly in a frenzy of teen-age political blather from Sylvester Stallone” to describe the situation. Translation sounds as “как сцены жестоких избиений внезапно завершились оргазмом подростково-политической болтовни Сильвестра Сталлоне” - this translation is adequate and fully satisfies author's intention.

Vulgar words frequently used in gonzo-texts. This peculiarity adds expressiveness to the situation. It stimulates reader's emotions. There is an example:

“- How long, O Lord, how long? Are these TV preachers all degenerates? Are they wallowing and whooping with harlots whenever they're not on camera? Are they all thieves and charlatans and whoremongers?

- Their only “crimes”, after all, have involved low rumors and innuendo and being seen in public with sluts and half-naked bimbos”[5,21p].

Translation:

“- Доколе, о Господи, доколе? Неужели все телепроповедники — дегенераты? Неужели они барахтаются в грязи и развлекаются со шлюхами каждый раз, когда телекамеры смотрят не на них? Неужели они все — воры, шарлатаны и содержатели публичных домов?

- Ведь на самом деле их единственное «преступление» заключается в том, что они дали повод дурным слухам и инсинуациям, засветившись в общественных местах со шлюхами и голыми девками” [6,8p].

Author used vulgar words as “thieves and charlatans and whoremonger”, translation “воры, шарлатаны и содержатели публичных домов”, and “wallowing and whooping with harlots” – “барахтаются в грязи и развлекаются со шлюхами”. In this case, translator translated directly without any changes and additions.

Discussion. Evaluative statements are peculiar to gonzo-texts. Author to show his attitude to the object of research uses those evaluative statements. This writing method usually is subjective and written to explain only author's attitude and opinion. Here is an example from the book “Generation of swine” chapters “Gary Hart Talks Politics” and “The Geek from Coral Gables”:

“Gary is still the brightest and shrewdest of all the presidential candidates, and he will make a run at it.” © Gary Hart Talks Politics.

“That's ridiculous,” I said, you people like pigs in the wilderness. Get a grip on yourself The Geek from Coral Gables[5,26p].

Translation:

“Гэри - по-прежнему самый блестящий и самый умный из сегодняшних кандидатов в президенты. Сейчас он собирается заново начать предвыборную кампанию.”

“Это же смешно, - сказал я. - Вы, люди, ведете себя, как поросята в лесу. Возьмисебявруки” [6, 17 p].

In the first example author evaluates one of the candidates to the president of the USA from his point of view, he says “the brightest and shrewdest of all the presidential candidates”, and translation sounds as “самый блестящий и самый умный из сегодняшних кандидатов в президенты”. Thus, translator translated evaluative statement directly, without any additions and changes.

In the second example, author's words “That's ridiculous” is evaluative statement as well in this context. Then he explains the reason why he thinks so “you people like pigs in the wilderness”. Translator used directly evaluative statement, translation sounds as “Это жесмешно”, author's intention translated correctly.

Gonzo-authors frequently use idioms. Idioms are used in gonzo-texts not only to make it emotionally colored, but also to enrich and neat gonzo language. Here is an example,

“We had just watched Gorbachev on TV in the lounge at Lindbergh Field, and he was clearly on the roll...” [5,35p].

Translation:

“В холле “ЛиндбергФилд”, незадолго до нашего разговора, мы с Уиллисом видели Горбачева по телевизору; без сомнения, он находился на гребне успеха” [6,28p].

Translator correctly adapted idiom to the target language *“to be on the roll”* in Russian *“бытьнагребнеуспеха”*.

Conclusion. Gonzo-texts are mostly used in belles-letters style and in journalism. This is one of genres of new journalism. Gonzo-texts are rarely translated due to linguistic and cultural peculiarities of this genre. American realias should be taken into consideration to conduct successful translation. Gonzo-texts contain deep descriptions of many details, explanations to author’s actions in reality. The translator’s main aim in translation of gonzo-reporting is to conduct adequate translation from linguistic and cultural aspects. Comparative and contrastive analysis of translations and the original should be done where various approaches and criticism to the translation text is discussed.

References:

1 Удалова Н.А. Удалова Л.В., *Стиль “гонзо” в современной журналистике // Материалы VII Международной студенческой научной конференции “Студенческий научный форум” –Москва, 1999. – С. 1-8. – статья в журнале*

2 Маклюэн Г.М. *Понимание медиа: Внешние расширения человека; [Пер. с англ. В. Николаева] Закл. Ст. М. Вавилова. – 4-е изд. – Москва: Кучково поле, 2017. –С. 464. - книга*

3 *Журналистика “гонзо” - что такое, как возникло и почему нравится креативно настроенной молодежи? Характерные приемы стиля гонзо-журналистики // [Электрон. ресурс]. URL: <https://dp32.ru/ognezashchita/zhurnalistika-gonzo---chto-takoe-kak-vozniklo-i-pochemu-nravitsya-kreativno/> (дата обращения 3.03.2020)*

4 Хантер Т.С. *Царство страха. [Пер. на русский язык Вебер Д.]. - Москва: Издательство “Астрель”, 2012. – С. 380. - книга*

5 Hunter S.Thompson. *Generation of swine. Simon & Schuster paperbacks. New York, USA– 2003– P.312. –book*

6 Хантер Т.С. *Поколение свиней. [Пер. на русский язык Скобин В.Б.]; Москва: Издательство “Астрель”, 2012.–С.416.-книга*

7 Комиссаров В.Н. *Общая теория перевода. Учебное пособие. –Москва, 1999. – С. 136.*

8 Лорие М. *Уловки переводчиков//Мастерство перевода. – Москва: Советский писатель, 1970. – С. 334-358.– статья в журнале*

9 Руднев В. *Энциклопедический словарь культуры века. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2017. – С. 864.- словарь*

**ЖУРНАЛИСТИКА
ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALISM**

ГТАХР 19.01.11

Есенбекова Ұ.

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр- Сұлтан, Қазақстан*

**САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МАЗМҰНДАҒЫ
ТРАНСМЕДИАЛЫҚ ЖОБАЛАРДА ЫҚПАЛДАСУ ФОРМАЛАРЫ**

Аңдатпа

Қазіргі ақпаратқа қаныққан, талғамы биік қоғамдарда енжарлық феномені жиі байқалуда. Бұл – азаматтардың билікке де, оппозицияға да бейтараптық, бейжайлық көңіл-күйлердің басым болуы. Трансмедиалық технологиялардың көмегімен азаматтық бейтараптықты болдырмауға бола ма? Азаматтардың белсенділігін күшейту үшін не істеу керек?

Автор осы сұрақтарға трансмедиалық стратегияларды зерттеу арқылы жауап іздейді. Трансмедиалық жобалардың бір ерекшелігі – аудиторияны қызықтырып, өзінің ықпал ету шеңберінен шығармайды. Зерттеу гипотезасы бойынша – трансмедиалық жобаларға саяси және әлеуметтік мазмұн берілсе, онда азаматтық қоғамдағы белсенділік деңгейін де өсіруге болады.

Мақалада трансмедиалық формаларды қолданып жобаның аудиторияға әсерін анықтау мәселесі талданған. Автор трансмедиалық тәсілдерді дұрыс таңдау арқылы тележобаларды ұлттық мүддеге, қоғамның дамуына тигізер оң ықпалын күшейту жолдарын зерттеп, дәлелдермен тұжырымдаған.

Түйін сөздер: трансмедиа, трансмедиалық сторителлинг, интерпретативтік қауымдастық, партисипативтік демократия, краудфандинг, онлайн-фандрайзинг, нарративтер, дата-журналистика

Yessenbekova U.

*L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Nur-sultan, Kazakhstan*

**INTEGRATION FORMS IN TRANSMEDIA PROJECTS WITH
POLITICAL AND SOCIAL CONTENT**

Abstract

